**ҚР Білім және ғылым министрлігі**
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**
**А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты**
**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті**

**Министерство образования и науки РК**
**Казахский национальной педагогический университет им.Абая**
**Институт языкознания им. А.Байтурсынова**
**Казахский государственный женский педагогический университет**

ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері,филология ғылымдарының докторы,
профессор Нұржамал Оралбайдың 90 жылдық мерейтойына арналған
***«Қазақ тіл білімі саласындағы жаңа ғылыми бағыттар»*** атты
Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция

# МАТЕРИАЛДАРЫ

**15 мамыр, 2018 жыл**

# МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-методической конференции
***«Новые научные направления казахского языкознания»*** посвященной
90-летию заслуженного деятеля науки РК, доктора филологических наук,
профессора Нуржамал Оралбай

**15 мая, 2018 года**

**Алматы, 2018**

**УДК 80/81**
**ББК 81.2**
**Қ 17**

***Бас редактор:***

**Балықбаев Т.О. -** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры, п.ғ.д., профессор

***Редакция алқасы:***

**Қажыбек Е.З.-**А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, ҚР ҰҒА корр. мүшесі, ф.ғ.д., профессор, **Бектемесов М.А.-** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бірінші проректоры, физ-мат.ғ.д., профессор, **Құлсариева А.Т.-** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры, ҚР ҰҒА корр. мүшесі, философ.ғ.д., профессор, **Сахиев С.Қ.** - Ғылым департаментінің директоры, физ.-мат.ғ.д., **Баймбетова Г.А.** - ҒЗЖ, СҒЗЖ және жаңартпа бөлімінің бастығы, физ.-мат.ғ.к., **Әбдіғазиұлы Б.Ә.-** Филология және көптілді білім беру институтының директоры, ф.ғ.д., профессор, **Шаханова Р.Ә.-** Практикалық тілдер кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор **Дәулетбекова Ж.Т.-** Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д.,профессор, **Балтабаева Ж.Қ.-** Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры, п.ғ.д**.,Қабдыл А.Қ**.-филология ғылымдарының докторы, доцент, **Османова З.Ж**. - Практикалық тілдер кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к., **Шолтай С.-** Практикалық тілдер кафедрасының аға оқытушысы, магистр, **Арын Е. –** докторант.

**Қ 17** ***«Қазақ тіл білімі саласындағы жаңа ғылыми бағыттар» («Новые научные направления казахского языкознания»)***: *Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары:* – Алматы: ИП «Балауса». – 2018. – 420 б.

**ISBN 978-601-80744-4-8**

Бұл жинақта ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайдың мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары енген. Жинаққа енген материалдар ЖОО ұстаздары мен ҒЗИ қызметкерлеріне, PhD докторанттар мен магистранттарға арналып, филологиялық ғылым бағытындағы өзекті мәселелерді қамтиды.

**ISBN 978-601-80744-4-8**

**УДК 80/81**
**ББК 81.2**

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2018
© ИП «Балауса», 2018

## Пленарлық мәжіліс
## Пленарное заседание

### Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ректоры, п.ғ.д., профессор Такир Оспанұлы Балықбаевтың конференция қатысушыларына арналған құттықтау сөзі

## ҚАДІРМЕНДІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ! ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, ҰСТАЗДАР МЕН СТУДЕНТТЕР!

**«Қазақ тіл білімі саласындағы жаңа ғылыми бағыттар»** Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясына қош келдіңіздер!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «**Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «**Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын тілі - жаһандық экономикаға кірігу тілі... – дей келе, – қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді қазақ мемлекеті атайтын боламыз», – деп баса айтқан болатын. Бүгінде елімізде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруге бағытталған кең ауқымды бағдарламалық жұмыстар жүзеге асырылуда.

Ұлттық тіліміздің өсіп-өркендеуі мен оның мемлекеттік мәртебесін орнықтыру, тіл білімінің ғылыми негіздерін нығайту жолында еңбек етіп жүрген айтулы ғалымдарымыз аз емес. Осы қатарда бүгін мерейлі 90 жылдығын бүкіл зиялы қауым зор құрметпен атап өткелі отырған филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі Нұржамал Оралбайдың есімі ерекше аталады.

Ғалым Нұржамал Оралбайдың қазақ тіл білімінің әр алуан салаларын қамтитын ауқымы кең ғылыми еңбектері бүгінгі таңда ғылыми танымдық аямызды кеңейтіп, қоғамымыздың баға жетпес қазынасына айналып отыр. Ғалымның еңбектері бүгінде студенттердің, магистранттардың, докоранттардың және ғылыми көпшіліктің қолынан түспей келе жатқан бағалы дерек көздері болып саналады.

Ғылым мен білімді қатар алып жүрген Нұржамал Оралбайдың еліміз үшін сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Осыдан 69 жыл бұрын Абай атындағы Казақ мемлекеттік педагогика институтын үздік бітірген ол өзінің отыз жылдан астам еңбек жолын осы оқу орнымен тығыз байланыстыра қызмет атқарды. Қатардағы оқытушылықтан қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, университеттің оқу - әдістемелік жұмыс жөніндегі проректорына дейінгі ұлағатты өмір жолынан өтті.

Сондай-ақ ғылымның қара шаңырағы атанған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде Нұржамал Оралбайдың ұсынысымен және басшылығымен тұңғыш рет қазақ және орыс тілі мамандықтары бойынша докторлық және *кандидаттық* диссертациялар қорғайтын кеңес ашылды. Кеңестің өлшеусіз еңбегінің нәтижесінде қазақ тілінің салалары бойынша еліміздің жоғары оқу орындарына қажетті білікті педагог ғалымдар даярланды. Бір ғана профессор Нұржамал Оралбайдың жетекшілігімен 20 шақты ғылым докторы, 60-тан аса ғылым кандидаттары даярланды.

Нұржамал Оралбайдың есімін шәкірттері зор мақтанышпен атап, өздерінің алтын тұғыры деп санайды.

Аяулы Нұржамал Оралбайқызы! Сіз мағыналы өміріңіздің биік бір шыңы – 90 жасқа келе отырып, талай белестерден өтіп, бүгінде тамырын тереңге салған алып бәйтеректей болып отырсыз. Сіздің қазақ халқының рухани тағдырымен біте қайнасып келе жатқан саналы ғұмырыңыз бен шығармашылығыңызды өнегелі өмір мектебі деп танимыз.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Ұлтымыздың аяулы ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайдың тіл біліміне қосқан үлесі және мемлекеттік тілдің алдында тұрған міндеттер мен жеткен жетістіктері жайлы келелі ой қозғалатын бүгінгі Халықаралық ғылыми–әдістемелік конференцияны ашық деп жариялаймын.

Жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!

# ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ ТАНЫТҚАН ҒАЛЫМ

***Қажыбек Е.З.***
*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры,*
*ҚР ҰҒА корр. мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор*

Филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбай – қазіргі қазақ тілі грамматикасының дамуына өзіндік үлес қосқан зерттеушілеріміздің бірі. Ғалымның шығармашылық жолы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтымен тығыз байланысты болғанын біз әрдайым мақтан етеміз. 1949-52 жылдары Қазақ ССР Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында аспирантурада оқыса, 1975-1989 жылдары осы институтта аға, жетекші, бас ғылыми қызметкер болып еңбек етті, «түркі тілдері» мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғайтын кеңестің мүшесі болды, 1980-1985 жылдары осы кеңестің ғалым хатшысы қызметін атқарды.

Нұржамал Оралбай зерттеулері кең ауқымды: жазу тарихы, графика, орфография, қазақ тілінің морфологиясы, нөлдік морфема, сөзжасам мәселелері т.с.с. Ғалымның 1956 жылы профессор Сәрсен Аманжоловтың ғылыми жетекшілігімен қорғаған «Қазақ жазуының Қазан төңкерісінен кейінгі тарихы» атты кандидаттық диссертация әлі де өзектілігін жоя қоймады. Ғалымның «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары» деген тақырыптағы докторлық диссертациясы (1971 ж.) қазақ морфологиясы теориясына қосылған соны үлес болды.

Зерттеуші қазақ тілінде, түркі тілдерінде аналитикалық формаларды құрылымдақ, мағыналық жағынан талдап, іргелі теориялардың қалыптасуына негіз қалады. Мәселен, Н.Оралбаева **-ғы кел** формантының жалғыз қалау райдың ғана көрсеткіші емес екенін түсіндіре келіп, **-а ал** форманты субъектінің мүмкіндігін білдірсе, **-ғы кел** форманты субъектінің тілегін көрсететінін айтады. Алайда екеуінде де сөйлеуші тарапынан субъектінің қимылға, іс-әрекетке қатысы білінетінін сипаттай келіп: «...Аналитический формант **-ғы кел (-ғы келме)** по своему значению и по изменяемости по категориям глагола совпадает с формантом **-а ал (-ал алма).** Глагол с формантом **-ғы кел (-ғы келме**) так же, как **-а ал (-а алма),** не употребляется в повелительном наклонении и в определенном будущем времени с показателем **-мақ»**, – дейді [1, 40].Аналитикалық құрылымдарды талдай отырып, ғалым қазақ тілінде вид категориясы жоқ екенін дәлелдеп берді. Қазақ тіл білімінде орыс тілінің ықпалымен бірқатар ғалымдар көмекші етістіктердің видке қатысуына қарай топтастырып, сипаттағаны белгілі: Н.Сауранбаев «Семантика и функций деепричастии в казахском языке» (1944), «Русско-казахский словарь» (Под общей редакцией проф. Н.Т.Сауранбаева (1954), «Современный казахский язык» (1962), 1956 ж. координациялық кеңесте сөйлеген сөзі, И.Ұйықбаев «Қазіргі қазақ тіліндегі етістік көріністері» (1958), кеңесте сөйлеген сөзі, Н.Х.Демесинова «Сопоставительная грамматика русского и казахского языков (синтаксис)» (1966) т.с.с.

Қазақ тілінде вид категориясы бар деушілер оны түрліше топтастырды: Н.Сауранбаев аяқталған (законченный), аяқталмаған (продолжительный) және белгісіз (неопределенный) түрін көрсетсе, И.Ұйықбаев, Ы.Маманов созылыңқы (аяқталмаған) көрініс (сыпат), аяқталған көрініс (сыпат) деп екіге бөлді.

Н.Сауранбаев «Семантика и функции деепричастии в казахском языке» деген еңбегінде: «Казахские, а также тюркские глаголы сами по себе не выражают видовых оттенков. Поэтому образование категории сложных глаголов есть по сути дела оформление категории видов. Деепричастие в составе сложного глагола есть форма выражения вида», – деп түсіндіреді [2, 176]. Ы.Маманов «совершенный вид», «несовершенный вид» деген атаулардың орнына «созылыңқы сыпат», «аяқталған сыпат» деп қолданып, әрбір сыпатты жасауға қандай көмекші етістіктердің қатысатынын көрсетеді [3]. Атап айтқанда, қалып етістіктерінің созылыңқы сыпат жасайтынын, ал басқа мәнді көмекші етістіктер аяқталған сыпат жасауға қатысатынын

көрсетеді. Сонымен қатар ғалым 1956 жылы 24-27 қыргүйек аралығында Алматы қаласында өткен түркі тілдеріндегі етістік түрлері мен сабақтас сөйлем проблемаларына арналған координациялық кеңестегі «Глагольные виды и их выражение в казахском языке» деген баяндамасында, «Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) да көмекші етістіктерді сыпат (вид) түріне қарай жіктейді. Ы.Маманов көмекші етістіктерді а) көріністі білдіруіне қарай; ә) қимылдың бағытын білдіруі; б) модальдылықты білдіруі; в) райды білдіруі; г) синтаксистік қатынасты білдіруіне қарай топтастырды. Ы.Маманов е құрамында көмекші етістігі бар күрделі формалардың қимылдың фазасын (саты) жасауға қатысатынын айта келіп, оның 6 түрін көрсетеді. Олар: а) қимылға дайындық; ә) қимылды жасауға бейімделу; б) қимылдың басталуы; в) істің өтуі; г) бітер алдындағы іс; ғ) істің бітуі.

Н.Оралбаева Ы.Мамановтың жоғарыда келтірілген 6 фазасын 3 фазаға сыйғызуға болатынын айта келіп: «Фаза қимылдың басталуы мен аяқталуына дейінгі аралықты қамтуы керек», – деген тұжырым жасайды. Яғни, қимылды істеуге дайындалу, қимылды жасауға бейімделу сияқты сипаттамалар фаза шеңберінен тыс қалатынын, себебі мұнда қимылдың әлі бастала қоймағанын ескертеді. Сол сияқты бітер алдындағы іс пен біткен іс деп аталатын фаза түрлерін жинақтап, бір фаза ретінде беруге болатынын көрсетеді. Сөйтіп, қимылдың өту фазасын: а) қимылдың басталуы **(-а баста, -п қоя бер, -п сала бер, -п жүре бер)**; ә) қимылдың орындалып жатуы **(-п келе жат, -п бара жат, -п бар, -п кел, -п жат, -п тұр, -п отыр, - п жүр)**; б) қимылдың аяқталуы **(-п бол, -п біт, -п шық, -п қой, -п кет, - п қал, -п болып қал)** деп жіктейді.

Координациялық кеңесте сөйлеген сөзінде Х.Х.Махмудов көрініс категориясын жоққа шығара отырып, қазақ тілінде қимылдың өту сипаты категориясы бар екенін айтады: «Нужно считать, что грамматической категории вида в тюркских языках нет, но есть различные способы выражения протекания способа действия.... Назвать можно по разному. Есть видовые значения в русском языке, а в казахском – выражения способа, характера протекания действия» [4, 67].

Н.Оралбаева ғалымның тұжырымын одан әрі дамытып, аналитикалық форма, аналитикалық форманттарды жан-жақты сипаттап, талдап берді. «Аналитические формы глагола в современном казахском языке» деген докторлық диссертациясында [1] Н.Оралбаева түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіл біліміндегі көрініс категориясының зерттелуін сипаттай келіп, бұл категорияның қазақ тіліне тән емес екенін, аналитикалық формалардың білдіретін мағынасы қимылдың өту сипаты категориясына жататынын көрсетті. Ғалым: «Систему значений и средств, показывающих, каким образом совершается то или иное действие, мы называем способами действия», – деп анықтама бере келіп, қимылдың өту категориясының 12 түрін, кейінірек «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары» [5] деген еңбегінде 14 түрін көрсетеді.

Н.Оралбай көмекші етістіктерді көмекшілік қызметке көшудегі ерекшеліктеріне қарай: а) алғашқы (омонимі бар) көмекші етістіктер: *ал, бер, бол, бар, бақ, баста, бол, біт, қара* т.б.; ә) кейінгі (омонимі жоқ) көмекші етістіктер: *ет, еді, екен, емес* деп екі топқа бөледі [6]. Ғалым етістік білдіретін қимыл шындық өмірге қатысты болса (*оқыдым, оқып отырмын, оқимын*), *реалды қимыл* ретінде объективті модальдікті білдіретінін, етістік білдіретін қимыл шындық өмірге қатысты болмаса (*оқыса, оқы*), *неғайбіл қимыл* ретінде субъективті модальдік мағынаны білдіретінін айта келіп, осыған байланысты райларды екіге бөледі: 1) реалды қимылды, яғни объективті модальдікті білдіретін ашық рай; 2) неғайбіл қимылды яғни субъективті модальдікті білдіретін – бұйрық рай, қалау рай және шартты райлар [7, 271-б.]. Яғни объективті модальдікті білдіру мүмкіндігіне қарай ашық рай басқа райларға қарсы қойылады.

Н.Оралбай Түркия Республикасының Анкара, Кипр, Анталия қалаларында өткен конференция, симпозиум, құрылтайларында, елімізде өткен республикалық, халықаралық конференцияларда қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері туралы баяндама жасады, мақалалары «Со-

ветская тюркология» журналында, Новосибирск, Ташкент, Қазан т.б. қалаларда жарық көрді.

Институтымызда жұмыс істеген жылдары жарық көрген «Қазақ тілінің морфемалар жүйесі» (1986), «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» (1989) атты еңбектері тіл біліміндегі жаңа салаларды қалыптастырып, осы бағыттағы зерттеулерге негіз болды. Ғалымның мұрындық болуымен сөзжасам 1990 жылдан бастап жоғары оқу орындарында жеке пән ретінде оқытылып келеді.

Профессор Н.Оралбайдың еңбектері Қазақстан аумағында ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де танымал. Ғалым 1992-1994 жылдары Түркия Республикасының Анкара университетінде түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысы жайында дәріс оқыды.

Ғалымдық пен ұстаздықты қатар алып жүрген Н.Оралбай ұзақ жыл Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде, «Қайнар» университетінде дәріс оқыды, ғылыми жұмыстарға жетекшілік етіп, шәкірт тәрбиеледі, мектеп қалыптастырды.

Бүгінде ғылымның асқар шыңына жетіп, елдің құрметіне бөленіп отырған ғалым апамызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Бала-шағаңыздың қызығын көріп, жанұя шаттығына бөленіңіз. Қазақ тіл білімінің дамып, өркендеуі жолындағы берер еңбегіңіз әлі де көп болсын!

*Әдебиет:*

1. Оралбаева Н. Аналитические формы глагола в современном казахском языке. Дисс. … докт. филол. наук: 10.02.02. - Алматы, 1971. - С.40.
2. Сауранбаев Н.С. Семантика и функции деепричастии в казахском языке //Академик Нығмет Сауранбаевтың еңбектері. -Алматы, 2000. - I том. -179-250-б.
3. Маманов Ы. Глагольные виды и их выражение в казахском языке // Тюрік тілдері грамматикасының мәселелері. -Алматы, 1958. - С.53-61
4. Тюрік тілдері грамматикасының мәселелері. -Алматы, 1958. –238 б.
5. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. - Алматы: Мектеп, 1975.- 136 б.
6. Оралбаева Н. Көмекші етістік //Қазақ филологиясы. - Алматы, 1975. - I кітап. - 65-73 б.
7. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б.

## ТУҒАН ТІЛДІҢ ТҰҒЫРЫН БИІКТЕТКЕН

***Өмірзақ Айтбайұлы***
*«Халықаралық қазақ тілі» қоғамының президенті, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор*

Қойны-қонышы құтқа толған қасиетті қазақ даласы талай текті ұл-қыздарды өмірге әкелді. Олар Жаратқан сыйға тартқан жарық ғұмырларын туған халқының сан-салалы ғылымдарының өркендеуіне арнады. «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» дегендей, ата жолын, аға буындар салып кеткен тіл ғылымының жолын қуып, жоғын жоқтап, кемін түгендеп өткен асылдарымыз қаншама?! «Лингвистика» дейтін осынау ұшы-қиырсыз ілім дүниесіне ел жүгін арқалайтын ерлер ғана емес, аймандай аруларымыздың өлшеусіз еңбек етуі – халық болып алқауға тұрарлық іс. Олар зерттеу ісінің желісімен ғана жағалап жүрмей, тіл ғылымын тың арнаға бұруға талпынды. Ұзын да бұралаң тарихтың сынынан өткен қазақ халқы сондай

ұл-қыздарымен мақтанады. Академик Рабиға Сыздықовадан кейін бірегей білімімен көзге түскен көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайқызының елге қосқан елеулі еңбегін қара орман халқы қалай алқаса да татиды.

Алдымыздағы бір буын тоқсан деген толағай жасқа жетті. Қазақ жұртының ең киелі болмысының бірі саналатын тіл ғылымымен айналысып, соған бойдағы күш-қайратын арнап келе жатқан әріптестерімнің бүгінгі таңда тоқсанның биігіне шығып, құрмет төрінде отыруы – мен үшін де қуанышты жайт. Солардың қатарында биылғы мамыражай мамыр айында ел болып төбесіне көтеріп, еселі еңбегін бағалап жатқан Нұржамал Оралбайқызы да бар.

Біз атап отырған лингвистикадағы ілгерілеушіліктер мен жаңалықтар аспаннан түсе салған жоқ. Ол осы салада ізденген ғалымдардың салып кеткен сара жолынан жаңылмай келе жатқан кейінгі буындардың ғылым мен тілдің киесіне деген адалдығының арқасында біртіндеп пайда болады. Ғылымда жаңалық ашу дегеніңіз – теңдессіз іс. Ол – ұзақ уақытта жемісін беретін ұлы еңбек. А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Қ.Жұбанов, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Р.Сыздық, Ш. Сарыбаевтар – осындай талмай іздену, зерттеу нәтижесінде еңбегімен ел құрметіне бөленген тұлғалар. Ал бүгінге дейін осы ұстаздардың ұстанымын үлгі етіп, тіл зерттеу ісінде өзіндік ұстанымы, өзіндік тұжырымы бар, өнегелі ілімнің ақтаңдақ жағын толтырған тілші-ғалымдардың арамыздан көптеп табылуы – ел үшін де, ертеңіміз үшін де үлкен жетістік.

Киелі Баянауыл жерінде өмірге келген талантты ғалым қазақ тіл ғылымының өзге салаларында зиялы қауымға кесек еңбектер ұсынды. Атап айтар болсақ, «Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі қазақ жазуының тарихы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясы, «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары» деген тақырыпта докторлық диссертациясы, «Байтұрсынұлының әліппесінің әдістемелік негізі», «Жұбанов және қазақ тіл білімі» т.с.с. зерттеу жұмыстары мен баяндамалары арқылы өзіндік ойын, батыл ұстанымын жеткізе білді. Ол қазақ тіл теориясымен қатар қазақ тілін оқыту әдістемесін де зерттеп, елеулі табыстарға қол жеткізген. Осы қол жеткізген табыстарын жас ұрпақтың санасына сәуле құю жолына арнай білді.

Нұржамал Оралбай қазақ тіл білімінің жазу тарихы, графика, орфография мәселелерімен, қазақ тілінің морфология және сөзжасам салаларын зерттеумен шұғылданғаннын қатарлас ғалымдар жақсы біледі әрі жоғары бағалайды. Сол аталған салалар ішіндегі шоқтығы биік еңбегінің бірі сөзжасам ісіндегі жұмыстары деп қарауға боладын. Осыдан отыз жыл бұрын А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының грамматика бөлімі қызметкерлері М. Балақаев, А.Қалыбаева, Қ.Есенова, Е.Жанпейісов, С.Нұрқатов, Н.Оралбайдың қатысуымен «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монография жарыққа шықты. Бұл монография арқылы қазақ тілі сөзжасамының теориялық негізі қаланды. Осыған ілесе «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамы» атты Нұржамал Оралбайдың монографиясы қосылды. Қазақ тіл білімінде сөзжасам жайы сөз бола қалса-ақ, әр зерттеушінің ойына Н.Оралбайдың еңбектері оралады.

Тілімізге тиек болып отырған Н.Оралбайқызының еңбектерінің ішінде «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары» («Аналитические формы глагола в современном казахском языке») атты докторлық диссертациясының орны бөлек. Н.Оралбаева түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіл біліміндегі көрініс категориясының зерттелуін сипаттай келіп, бұл категорияның қазақ тіліне тән емес екенін, аналитикалық формалардың білдіретін мағынасы қимылдың өту сипаты категориясына жататынын көрсетті. Ғалым: «Систему значений и средств, показывающих, каким образом совершается то или иное действие, мы называем способами действия», – деп анықтама бере келіп, қимылдың өту категориясының 12 түрін, кейінірек «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары» деген еңбегінде 14 түрін көрсетеді. Н.Оралбаеваның көмекші етістіктерді көмекшілік қызметке көшудегі ерекшеліктеріне қарай: а) алғашқы (омонимі бар) көмекші етістіктер: *ал, бер, бол, бар, бақ,*

*баста, бол, бiт, қара* т.б.; ә) кейінгі (омонимі жоқ) көмекші етістіктер: *ет, еді, екен, емес* деп екі топқа бөлуі ғалымдар арасында әлі де негізгі ұстаным саналады.

Диссертациялық жұмысы арқылы ғалым қазақ тіл біліміне жаңалық әкеліп, жаңа саланың қалыптасуына мұрындық болды. Ғылыми зерттеуде ізденіс иесі грамматикалық даму нәтижесінде лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық қызметке көшкен көмекші етістіктерді жан-жақты талдайды. Ғалым: «Көмекші етістіктердің өте жоғары дәрежеде абстракциялануы, олардың грамматикалық мағыналарының кеңеюі, түрлі категория мағыналарының көрсеткіштеріне айналуы, тұрақталуы грамматикалық даму заңдылығының нәтижесі», – деп, көмекші етістіктердің грамматикалық категориялар көрсеткіштері қызметтеріндегі мағыналық ерекшеліктерін саралап береді.

Біздің лингвистердің бойында еңбектенумен қатар жазу бар, жазғаннан сырт айту да бар. Ғылым сөзі сөйленген ірі жиналыстарда салтанатты мінберлерде тұрып айтарын ірікпей, батыл айтып қалған ғалымдардың сол тамаша әдетттері бүгінгі кейіпкерімізге де жұғысты болған. Дегенмен баяндама жасаудың да қазақ ғылымындағы орны ерек дүние саналады.

Н.Оралбай республикалық, халықаралық конференцияларда түрлі ғылыми баяндамалар жасады. Нұржамал Оралбай 1992-1994 жылдары Түркия Республикасының Анкара университетінде түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысы жайында дәріс оқыды.

Морфология теориясын ғылыми жаңалықтармен байытып отырған ғалым қалыптастырған жаңа теория ғылымда танылып, оқулықтарға енді. Сондай-ақол көбірек айтып, көбірек жазып жүрген «сөздің аналитикалық формасы теориясы» бірнеше ғалымдардың еңбектерінде зерттеліп, әрі қарай дамытыла түсті. Оралбайқызы Нұржамал нөлдік морфема, нөлдік форма мәселесін ғылыми айналымға енгізді.

Сонымен бірге бұл кісінің ұзақ жыл ұстаз болғанын зиялы қауым жақсы біледі. Талай ақүрпек балапандардың қанаттарын қатайтып, тәриелеп ұшырды. Ғалым болған кісі ұлтына өзі үлес қосуы – бір бөлек әңгіме де, ұлтқа қызмет ететін ұл-қыздарды өсіріп жеткізуі – бөлек әңгіме. Ғалымның ұстаздық жолы туралы бұдан бұрын «Ұстаздық еткен жалықпас» (Ғалым, педагог Н.Оралбаева туралы бір сөз) атты мақаламыз да жарияланған болатын (Профессор Н.Оралбаева және тіл білімі мен әдістеме ілімі. Алматы. 2003 3-4- б.). Сондықтан Оралбайқызының екінші үлкен қыры саналатын педагогтік ұлы жолына қайтадан қалам тербеп отырмадық.

Әрі ғалым әрі ұстаз болған профессорлардың қашан да өзгелерден еңсесі биігірек тұрады. Бұл тұрғыдан алғанда, Нұржамал – осы санаттағы бақытты ұстаздардың бірі. Оның тәлімін алып ұядан қияға қанатын қаққандардың саны да аз емес. Ендеше, Оралбаеваның бұл саладағы ұлағатты істерін ізін басқан ізгі шәкірттері тіпті де кемелді етіп жеткізетініне сенеміз. Ұстазы жақсының ұстамы жақсы ғой.

Ал біз ғалымның өз көзімізге жылы ұшырап, жанымызға жақын келетін тұстарын сөз етеміз. Содан да болар, сарапшы жұртқа салмақты сөз ұсынған ғалымымыз жайлы есімізге ең әуелі оның тіл ғылымындағы атқарған жұмыстары орала береді. Бір ғана мысал айтар болсақ, профессор Н.Оралбайдың ғылыми шығармашылық еңбектерінен кесек орын алатын мәселе – қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оның 1996 жылы шығарған «Орыс тілі мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқулығы да бір қырынан қарағанда таза лингвстикалық еңбек деуге болады. Себебі бұған дейін ол салаға ат ізін салып, жемісті нәтиже берген – Н.Оралбайқызы деуге толық негіз бар.

Қазақ ғылымының кем-кетігі өзінің топырағында туған ғалымдардың табан ет, маңдай терімен толығып келеді. Қазақ лингвистикасы да солай. Реті келгенде, бір жағынан, өскен елі, енді бір жағынан, ғылым-білімге оң бағасын бере білетін қатысты орындар туған тілдің туын биікке қадаған ғалымдарын марапаттап жатады. Бұл жөнінен алғанда да әңгімеге арқау болып отырған қазақ қызы көп рет құрмет төрінен көрінді. Өз тарапымыздан да Нұржамалды

сондай марапаттарға лайық тұлға деп қараймыз. Біз бір ғылымның жолында бірге еңбектенген әріптес, замандас іні ретінде Нұржамалдың жеткен жетістіктері үшін қуанамыз, әрине.

Бәрінен де маңыздысы – Нұржамал ұлт алдындағы перзенттік борышын абыроймен атқарып, халықтан алғыс алып отыр. Профессор Н.Оралбайқызы – еселі еңбектерінің жемісін көруге қашан да лайық тұлға.

## ҒАЗИЗ ҒАЛЫМНЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ҒҰМЫРЫ

***Әбдікәрім Т.***
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, п.ғ.д.*

Профессор Нұржамал Оралбаеваның білімі, ғылымы жөнінде орағытып жан-жақты сөйлей беруге болады. Сондықтан қайталап сөйлегеннен гөрі нақтылыққа көшсек дейміз. Біз бұл мақаламызда Нұржамал Оралбаеваның адамгершілік сипатына тоқталғымыз келеді. Н. Оралбаеваның еңбек жолын алатын болсақ, өз саласында білімденіп қалыптасқандығы осы саладағы еңбектенушілердің баршасына белгілі тұлға. Бұл жерде жай еңбек адамын көріп тұрғандықтан емес, өзіне тиісті үлесін ерінбей, талмай үлкен жүректен, адал көңіл ниетпен ұмтылыс жасап, өзін-өзі біліммен қаруландырған үлкен білім иесі болғандығында...

Соған орай, бұл кісінің адамгершілік жеке басына келетін болсақ, бойында адамға қажетті қасиеттердің барлығы қалыптасқан. Қоғамда да өз тұстарының қатарында тұрған ғалымдардың бірі екендігі көрінуде, нақтырақ айтсақ: үлкенге кішіпейіл, кішіге қамқор, қатарына сыйлы, қоғамға еңбегі сіңген, өз тілін, өзінің қалаған мамандығын қатты сүйеді. Отанына, туған еліне, туған жеріне берілген, ұлттық намыста тәрбие алған. Тек ғылым жолымен жүрген таза адам. Өтірік сөйлемейді, өсекке ермейді. Өз шешімі, өздік көзқарасы бар, жан-жағын талдап алып, одан ой қорытындысын түйіп, өз шешімін дәл береді. Кемшілікті, қателікті, дұрыс-бұрысты көлгөрсітпей, жалтаққа салмай, дәл көздеріне айтады. Әрине, ол баршаға ұнай бермейді. Меніңше, бұл дұрыс қасиет. Бұл кісінің дәлдігі, бірбеткейлігі, айтып тастауы біраз өз ойларын айта алмай жүргендер үшін пайдалы да болуы мүмкін, ал ол кісінің өз басы үшін қиындықтар болуы да заңды. Бірақ көпшілік бәрібір іштей де, сырттай да апамызды түсінеді, адалдығын, дәлдігін, халық үшін жаралғандығын біледі, оған бәрібір сүйсінеді, тазалықты сүйетіндер ашық мойындайды дейміз.

Бұл кісінің тағы бір қасиеті, өзін ұнатпағандарға ренжіп налымайды, оған өзінің түсінігі сол шығар, бүкіл адамның көңілі бірдей болу мүмкін емес қой деп, ондайларға онша мән бермейді.

Өзіне қарсы дегендерге де жақсылық жасауды міндет етіп, көмек беруге ұмтылады. Басында қандай жағдай болса да жақсылық жасауға ұмтылып тұрады (мысалға, аспиранттарға, ізденушілерге, докаранттарға және оқытушыларға т.б).

Біреуді жақсы көрсе, там-тұтығы өалмай жақсы көреді, жек көрушілігі жоқ деуге де болады, болса да кешірімді, әділетсіздікке көзі жетіп, өз құлағымен естіп, өз көзімен көргенде ғана ренішін білдіреді.

Енді бұл кісінің ғалым мамандар дайындау ісіне келетін болсақ, яғни жас ғалымдарға беретін кеңесіне нақты тоқталғымыз келеді. Жоғарыда профессор Нұржамал Оралбаеваны ғылымды дәл түсінген адам дедік. Оны мына істерінен көруге болады.

Әркімнің жазған қол жазбасын бірден түсінеді, қатесін де, дұрысын да бірден көреді. Ол тақырыптың мазмұнымен ұштасып тұр ма, мазмұнын аша ма, ашпай ма, өз мәселесіне жақын ба, әлде басқаға ауытқып кетті ме оны бірден көреді де, кеңесін беруден шаршамай-

ды. Аспиранттар мен ізденушілер жазған тақырыбынан алшақтап кетсе, ол еңбекті де жоққа шығармайды, еңбегін далаға жібермей, соған толықтыру, жөндеу жолын нақты көрсетеді, әлі де іздендіре түседі, дұрыс жолға келтіреді, жазылған мазмұнына қарай тақырыпты нақтылатып, тәп-тәуір еңбек етіп шығартқызады. Оны өзіміз көрген мысалдардан көптеп алуға болады. Ол мысалдар бір ғана жеке адамның жұмысынан алынған қорытынды емес, бұл профессор Н. Оралбаевадан қорғадым дегендердің бәрінің жүректеріндегі ойы деп нақты сеніммен айтуға болады. Бұл – сол кезеңнің жұмыс барысындағы кафедрамыздың талқылауынан шыққан талай жұмыстардың мазмұнынан көріп-біліп түйген ойлар.

Ізденушілер жазған қолжазбаларды Н. Оралбаева уақытында тексеруге бергенді, көрсеткенді дұрыс көреді, «қорғасаң қорға, қорғамасаң өзің біл» деп немқұрайлы қараушылықты бұл кісіден іздестіреміз , адамына да, жұмысына да өте жаңашырлықпен қарайды. Ал жұмыс жазылмай, дайын болмаса қатты налиды.

Ізденушілерде жұмыс бабымен жайбарақаттылықпен жүре берушілік көптеп кездеседі. Бұл жағдайда олардың намысын оятып, өзін де аямай, жұмыс иесін де аямай талап қояды. Әрі өзі де кеңесін беріп бағады.

Ескеретін бір жағдай, бүкіл жұмысты жазып береді деген ойдан аулақпыз. Ізденушілердің өз қабілеттері болмаса, оны қалай сүйретсең де болмайды. Тек бұл кісінің бағыты, жүйесі, дұрыс-қатесін нақты көрсетуі, мынау артық, мынау толықтыруды қажет етеді, мынау тіптен керек емес, мынау өз орнында емес, адасып жүр, т.б. деген мәселерге сілтеп отырады. Керекті мәселелерді еске түсіреді, ғалымдардың еңбектеріне, әдебиеттеріне қарай сілтейді. Ізденушінің зерттеу жұмысының қате-дұрысын көрсету көрсету деген – жұмысты нақтылыққа тартты деген сөз. Бұл жағдай Н. Оралбаевадан қорғағандардың бәрінің де жүректеріндегі ойлары осындай деп айтуға болады. Тағы бір айтарымыз, Н. Оралбаеваның жоғары оқу орындарының (институттар мен университеттердің) оқулықтарын жасау бұрыннан қалыптасқандығы еңбектерінен белгілі, олар күні бүгінге дейін оқытылуда.

Оларды бұл жерде қайталмай-ақ, басқалар айтып жатар. Біз бұл жерде заманның талабына қарай жасалған инновациялық еңбектерін әңгіме еткеніміз жөн болар дейміз. Профессор Н. Оралбаева әр кезеңнен өзіне тиісті талаптарын дер кезінде ұғына отырып, сол талапқа сай өзіне де, өзгеге де талап қойып, еңбектендіруді бірінші бастайды және ол мәселенің тез арада керек екенін ұғып, қажеттілікті дер кезінде орындайды. Тілдің теориялық салалары атам заманнан зерттелуде, көп мәселелер зерттелді де, зерттеліп те жатыр.

Профессор Нұржамал Оралбаева соңғы, бүгінгі таңдағы «сөзжасам» саласында жазған оқулығына үңіле отырып, ризашылық көңілде қаласыз. Көптеген теоретик ғалымдар сол алған бағытталған саласынан ауытқымай, сол саланы терең зерттеп бір сарынды жүре беретіндіктерін де көріп жүрміз. Тіпті пәндер бір-бірімен ұқсастық мазмұндастық, сабақтастық болса да, содан сәл ауытқып кетсе, шатасатындай немесе бір бөлек керексіз ұсақ заттай, өздерінің алып жүргені ғана ғылым болып саналып, қазақ тілін оқыту, әдебиетін оқыту, жалпы оқыту әдістемесі пәніне мойындарын да бұрғылары келмей, бұны өздерінше педагогика деп қарап, бір менсінбеушілік көңіл де білдіргенсіп жүретіндер баршылық. Сол әр саладан жазылған теориялық білімдерді педагогиканың методика саласы арқылы оқытылып жүріп жатқанын, сол оқыту әдістемесі арқылы білім алатындығын неге білмеске. Ал Нұржамал Оралбаеважұмыс барысында осы мәселені әлде қайда дұрыс түсінді.

Өзінің бүкіл ғылымдағы теориясын, практика жүзінде ұштастырып, оны әдістемемен жалғастырып, бүгінгі тілді оқытудың әдістемесінің қажеттілігін ескеріп, жоғары мектепте басқа тілді аудиторияда «Қазақ тілін оқытудың әдістемесі» деген оқулық жазды. Тіл мен педагогиканың дидактикалық саласын біртұтастықта қарап, оқыту әдістемесінен кандидаттық, докторлық диссертациялады бірінен соң бірін қорғатты.

Сол сияқты профессор Н. Оралбаеваның бүгінгі таңдағы «Сөзжасам» (2003 жылы жазған) оқулығына үңіле отырып, ризашылық көңілде қаласыз. Бұл оқулық морфология

мазмұнының бір бөлігі екендігі баршамызға белгілі. Бірақ зерттеп, бұл саланы жеке пән етіп, типтік бағдарламалар, жұмыс бағдарламалары жасалып, оны жеке пән ретінде сабақ кестесіне енгізгеніне де біраз жылдар болды. Жұмыс бағдарламалары мен сабақ кестесіне қойылып жүргенімен оқытылатын оқулығы болмай, жалпы тіл саласының ішкі мазмұндарымен бірге әр әдебиеттерден теріліп оқытылып жүрді. Бүгінгі күнге дейін бұл саладағы ғалымдар да, оқытушылар да соның қажеттілігін біле тұрса да, ешкім қолға алып жаза қоймады. Ал профессор Н. Оралбаева апайымыз бұл саланың қыры мен сырларын зерттеп, оқырмандарына ғылыми маңыздылығын өз тұстастарына әбден жеткізіп, енді студенттер, магистранттар, ізденушілер, лицей, гимназия оқушылары, колледждер мен институттар және университеттердің оқытушылары, доценттері тіпті бұл саланың профессорлары үшін де қажет дүние екені дәлелденуде де, ол кісіге еңбегі жана берсін деген ризашылықта. Оқулықтың алғашқы негізі жазылды, бірінші идеялық бағыт берілді. Апайымыздың даңғыл сара жолы қаланып, оны жалғастырушылар ғылыми ізденіске түсіп, әрі қарай дамытуға зор мүмкіндік алды.

Ғалым Н. Оралбаеваның басқа елдермен достығы да аз емес, жолдастары да, достары да жеткілікті. Түрік елінің Анкара қаласының университетінде 2 жылдай қазақ тілінен дәріс оқыды. Бұл кісінің есімі Түрік әлеміне де белгілі және Қырғыз, Өзбек елімен де инновацияға бейімділігін мынадан көруге де болады. Республикамызда қазақ тілін оқытудағы әдіскерлердің жоғын біліп соны дайындауға ат салысты. 1953 жылға дейін жалпы ғылыми кеңес болатын. Ол кеңес осы жылы жабылып қалды. 1973 жылы қайтадан ашылмақшы еді, ғалымдардың жетіспеуінен ашылмай қалды. 1991 жылы Қазақстан халықтар тілін оқыту әдістемесі бойынша кеңес ашып, кейін докторлық диссертация қорғау кеңесіне айналды. Бұл ашылған кеңесте қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша кеңес ашып, кейін докторлық диссертация қорғау кеңесіне айналды. Бұл ашылған кеңесте қазақ тілін оқыту әдістемесінен докторлық диссертация қорғаған ғалымдар С. Рахметова (1994), М.Р.Қондыбаева (1995), Ф.Ш. Оразбаева (1996), Т. Жұмажанова (1994), А. Қыдырышаев(2001), Ж. Жақсылықова (2001), Р. Шаханова (2002), З.Бейсембаева (2003), Ж. Сүлейменова болды. Сол сияқты кандидаттық қорғағандар 50-60 шамасына жетті. Сонымен профессор Н. Оралбаеваны қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін салушы ғалым деуге болады. Бүгінгі күнге дейін сол докторлық кеңес жұмысын педагогика ғылымдарының докторы, профессор Оразбаева Фаузия Шамшияқызы жалғастырды.

Енді ғалым апайымыздың отбасын еске алмай кетуге болмайды. Жолдасы және әріптес досы Мусин Сыздық ағамыз екеуі үлгілі жанұя болып келе жатқанына 60 жылдан асып келеді. Ол кісі де биыл тоқсанға келіп отыр. С.Мусин педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор. Көптеген жылдар КазГУ-дің проректоры, Бүкілодақтық білім беру институты оқыту мазмұны және әдістемесі филиалының директоры, Ы. Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтында директордың орынбасары қызметтерін атқарып, Қазақстан ғылымына өз үлесін қосқан білікті азамат.

# НҰРЖАМАЛ ОРАЛБАЙДЫҢ СӨЗЖАСАМ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗАҚ ҮШТІЛДІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ КОНТРАСТИВТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ҚАЙНАР КӨЗІ

***Хасанұлы Б.***
*филология ғылымының докторы*
***Шаханова Р.***
*педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

Тіл тірегі – сөзстан, сөзстанның сыр дестесі – сөзжасам. Адамзаттың жалпы мәдениетімен сөйлеу мәдениетінің һәм парасатының бір көрсеткіші – сөйленім (речь).

Тіл туралы ғылым сөзді жан-жақты зерттейді: сөздік құрам мен фразеологияға мән беріп қана қоймай, лексика мен грамматиканың қалыптасқан жерінен сөзжасам мен морфемикаға (тілдің морфологиялық құрылысы мен сөз құрамында жіктелетін морфемалардың әрі қарай жіктелмейтін, ең кішкене белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірліктерінің бірі) мән беріліп, сөздердің жасалу типтері мен заңдылықтарын анықтап, сөздердің морфологиялық құрамын зерттеуге ден қойыла бастады. Тілдегі жаңа сөздердің жасалуы мен тілдің сөзжасам жүйесі ертеден зерттеле бастаған болатын, бірақ «сөзжасам» лингвистикада өткен ғасырдың екінші жартысында ғана жеке сала ретінде белгі бере бастады. Қазақ тілі сөзжасамы да ғалымдар аузына әр қырынан ерте іліне бастады. Бұл ретте алдымен айту керек, XX ғасырдың бірінші жартысында А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Ғ.Бегалиев, І.Кеңесбаев еңбектерінде сөз болды. Ал XX ғасырдың екінші жартысында бұл мәселеге назар аударғандар сапында Ғ.Ғ.Мұсабаев, Б.Нұртазина, Б.Каимова есімдерін атар едік. Әлемдік лингвистика мен қазақ тіл білімінде сөзжасам өткен ғасырдың 80-жылдары қарқынды даму жолына түсті. Е.Жанпейісов, С.Нұрханов, Ж.Манкеева, Е.З.Қажыбеков еңбектерінде сөзжасам бірліктері кешенді сипат ала бастады.

Тіл-тілде сөзжасам статусы жөніндегі пікірталас өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасында, атап айтқанда, орыс тіл білімінде А.Н.Тихоновтың екі томдық «Словообразовательный словарь русского языка» (М.,1985), қазақ тіл білімінде Н.Оралбай мен А.Қалыбаеваның авторлық бірлікте жариялаған «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» (1986), «Қазіргі қазақ тілінің жүйесі» (1989) атты тұжырымдық монографиялар жарияланған тұста ғана басыла бастады. Өткен ғасырдың 80-жылдары сөзжасам бойынша бірсыпыра ғылыми мақалалар мен кітап түріндегі монографиялар пайда болды.

Сөзжасам әлемдік лингвистикада өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап жеке сала ретінде танылды. Ал қазақ тіл білімінде сөзжасам Ғ.Қалиевтің «Сөз тудыру – жеке сала» атты мақаласында («Қазақстан мектебі», 1984, №6) нақтылана түсті.

Қазақы сөзжасам ширек ғасырға жуық уақыт ішінде жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша пән ретінде оқытылуда, Н.Оралбай тұңғыш бағдарламасын құрастырды, «Қазақ тілінің сөзжасамы» (Алматы, 2001.-213 бет) атты алғашқы оқулығын жазды.

Біріншіден, ғалым оқулықты ескі дәстүрмен емес, жаңа технология бойынша модульдік жүйеге құрған. Екіншіден, әр модульдің теориялық мағлұматтарға құрылғанын және теориялық деректерден соң мәселенің меңгерілу деңгейін тексеру үшін сұрақтар қойылған орынды болған. Сонымен қатар модуль соңында сөзжасам теорияларын іс жүзінде қолдануға бейімдейтін тапсырмалары берілгені әбден дұрыс болған. Өйткені бұл жағдай теориялық білімді анық тереңдетеді. Жаңа сөздердің қалай пайда болатынын және оларды тудыратын жағдайларды сипаттау негізінде сөзжасам теориясы түзіледі.

Н.Оралбайдың сөзжасамдық тұжырымдары әлемдік лингвистика аясындағы сөзжасам жүйесіндегі сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық парадигма, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық мағына сипаттаулардан, сөзжасамдық ережелерден теориялық ұғымдармен ұштасуда.

Н.Оралбайдың монографиялық зерттеулердегі пайымдаулары оқулықта жалпы қорытындылап,теориялық тұжырым сипатында көрініс береді.

Оқулық «сөзжасам теориясынан» (7-12 беттер) бастау алады. Ғалым сөзжасамды қазақ тіл білімінің жеке саласы ретінде таныта отырып, оның зерттеу нысаның нақтылайды, «сөзжасамның жалпы теориялық негізгі мәселелерінен жеткілікті дәрежеде мағлұмат береді» деген жөн.

1. Туынды сөз жасауға қатысатын *сөзжасамдық бірліктер* жан –
жақты сипатталған (28-33 беттер).

2. *Жаңа сөз* жасалуының тілдің сөзжасам жүйесінде қалыптасқан *сөзжасамдық тәсілдер* нақтыланған (33-39 беттер).

3. Сонымен қатар *сөзжасамдық мағына* кеңінен ашылған (39-43 беттер).

Ғалым «туынды сөздің жасалуына байланысты пайда болған мағына сөзжасамдық мағына де» дейді. Сондай-ақ «сөз тудырушы негіз бен сөз тудырушы жұрнақтың мағыналарының негізінде туған жаңа мағынаны» сөзжасамдық мағына деген анықтама берілсе, мұны да ескерген жөн.

4. Бір сөз табынан белгілі бір жұрнақ арқылы жасалған ұқсас мағыналы туынды сөздер сөзжасамдық тип ретінде сипатталады (сын-сынақ) (43-44 беттер).

5. Туынды сөздің нақты жасалу жолы *сөзжасамдық үлгі* ретінде түсіндіріледі (44-45 беттер).

Оқулықта 2-модуль «Туынды сөздерге» арналған. Мұнда туынды түбір *(үгіткі),* күрделі сөздер *(әнұран),* біріккен сөздер мен кіріккен сөздер *(адамзат, қолғанат),* қысқарған сөздер (ҚР) мән берілген.

3-модуль «Сөзжасамдық ұя» тіл құбылысына арналған. Бір сөзжасамдық ұяда түбірлес сөздердің алуан түрі болады. Мысалы, *жел* деген түп негіз сөз арқылы жасалған ұяның құрамы 105 туынды сөзден құралған. Бұл мәселе теориялық тұрғыдан жақсы дәлелденген. Ұядағы түбірлес туынды сөздер бір-біріне тікелей туындайды. Бұл сөзжасамдық саты ретінде сипатталады және әр ұяда саты саны түрлінше болады *(шыр-шырай-шырақ шырын).*

Кітапта есім сөздер сөзжасам (4-модуль) мен етістіктің сөзжасамы (5-модуль) жанжақты әрі ғылыми сипатталған.

Жалпы айтқанда, Н.Оралбайдың «Қазақ тілінің сөзжасам» атты филология факультеті студенттеріне арналған оқулығы оқу бағдарламасы мен әдістемесіне, дидактикалық мақсат, міндетке сай, білімнің жаңа үлгілері (парадигмалары) негізінде жазылған. Бұл оқулық сөзжасам статусы жөніндегі пікірталасқа нүкте қойды десе де болады. Әрине, ғылымның аты-ғылым, бір орында тұрмайды. Біздің ойымызша, қазақ тілінің сөзжасамын жеке сала ретінде зерттеу арқылы тіл теориясына өз үлесін қосқан ғалым –Нұржамал Оралбайқызы. Ғалым теориялық тұжырымдарға күллі түркі тілдері, орыс, ағылшын сөзжасамы бойынша жүргізген зерттеулерді саралау барысында қол жеткізген. Бұған сөзжасам жүйесінің ертеден тіл білімінде әңгімеге арқау болуы да себеп болған. Сондай –ақ Қазақстанда бұл мәселе қазақ тілі сөзжасамы бойынша ғана емес, қазақ және орыс тілі сөзжасамының салғастырыла жүргізілген зерттелуі (Жаналина Л.Қ.) де өзі ықпалын тигізсе керек. Айта кететіннің артығы болмас, «Основы номинативной деривации» (Минск, 1985) монографиясының авторы В.М. Никитевичтің жаңа сөздерге, күрделі сөздерге байланысты зерттеулерін Алматыда жүргізгені бізге белгілі.

Қазіргі заманның лингвистика саласында жаңа сипаттағы ғалымдар дайындау мәселесін алға тартып отырғаны белгілі. Бұл мәселені шешу ісіне Нұржамал Оралбайқызы өз үлесін қосуы тиіс. «Лингвистика», «Филология» мамандықтары бойынша магистранттар мен докторанттарды қазақ тіл білімімен қатар тіл білімі теориясының ғылыми аппаратымен қаруландырмақ керек. Осы ретте, мысалы, әлемдік лингвистика жетістіктерін жеке тіл білімімен ұштастырудың әдіснамасы –жаңа білім парадигмаларын игеру. Н.Оралбайдың

магистранттарға немесе докторанттарға арналған қазақ тілі сөзжасамы бойынша келесі дайындалар оқулықтарда қазақы сөзжасам теориялық тіл білімі жетістіктерімен ұштастырылса әбден дұрыс болары хақ.

Сөзжасам бойынша жаңа оқулық жазуға пайдасы тиер зерттеулер дүниеге келді. Осы ретте екі еңбекті атап өткен жөн: бірі -1989 жылы жарияланған А.Салқынбайдың «Тарихи сөзжасам» атты еңбегі, екіншісі -2011 жылы жарық көрген Л.Қ. Жаналинаның орыс тіліндегі сөзжасамды жүйелік және қолданымдық тұрғыдан тұтастыра сипаттаған «Интегративное словообразование» атты монографиясы.

Біздіңше, қазіргі сөзжасам теориясын қолданымдық ұстаным негізінде **социопсихолингвистикалық** тұрғыдан басым сипаттау тиімді –ау деймін.

Н.Оралбайдың аталған оқулығында сөзжасам мәселесінде **уақыт, кеңістік, әлеуметтік** факторларды жалпылай байланыстырылады. «Сөзжасамдық тәсілдердің бәрі қазір де тілде белсенді түрде қызмет атқарады. Олардың сөзжасамдық қызметі күрделенген, дамыған. Көне түркі жазбалар тіліндегі сөзжасамдық жұрнақтардың саны көбейген, сапасы да әлдеқайда артқан. Яғни сөзжасамдық тәсілдер тілде сақталып қалумен бірге, олар тілде қалыптасып, орнығып, қызметі де, саны да дамыған. Өйткені тілдің сөзжасам жүйесі тілдің даму үрдісінен тыс қала алмайды. Ал тіл кенеттен түбегейлі өзгеретін құбылыстарға жатпайды, тілдің дамуы бірте –бірте болатын сан өзгерістері жолымен болатындықтан, ол тілдің барлық құбылыстарына қатысты. Сондықтан тілдің сөзжасам жүйесі де бірте –бірте дамып отырады. Ол өзгерістер, сөзжасамдық бірліктердің мағынасының кеңеюіне, сөзжасамдық үлгілердің бірде белсенді, бірде бәсеңдеуіне, кейбіреулерінің қолданыстан шығып қалуы, кейбір бірліктердің қосылуы сияқты түрлі өзгерістер болып тұрады.

Мысалы, **-шы** жұрнағы – қазір тілдегі өте өнімді, белсенді жұрнақтардың бірі. Солай бола тұрса да, оның XIX ғасырдың бірінші жартысында сөзжасамдық қызметі сәл бәсең болғаны байқалады. X1X ғасырдың екінші жартысында оның қызметі көтеріле бастайды. Бұл кезде ол адамның әдеті, қабілеті сияқты (өтірікші, өсекші, қамқоршы, ақылшы, әңгімеші, ертегіші, қайыршы) мағынада көбірек кездессе, XX ғасырдың басында мамандық мағынасын білдіре бастайды, яғни оның мағынасы кеңейеді. Мысалы, *тарихшы, диханшы, сауыншы, соқашы, қырықтықшы, қайшы, балықшы, бұрғышы, емші, үйші, теміршіі* т.б. 1930 жылдардың бастап, -шы жұрнағының қызметі бұрынғыдан да артты. Ол басқа сөздермен қатар терминдердің жасалуына белсенді қатысады. Мысалы, айыптаушы, тергеуші, қорғаушы, шабуылшы, қақпашы, тарихшы, тілші, жазушы, бақылаушы, жазалаушы, аудармашы т.б.

1920 -1930 жылдар арасында **–шыл, -паз, -ма, -лық, -ды, ыс,** жұрнақтарының қызметі артты. Мұндағы **–ды** жұрнағы көне ескерткіштер тілінде өнімсіз жұрнақтарға жатқан. Ал кейінгі дәуірде **–лық** жұрнағының қызметі артқаны соншалық, оны аздап, тежеуге де тура келді.», -дейді ғалым.

Айта кетелік, бір кездерде аударма терминдерге –лық/ -лік, дық/ дік, жұрнағын орынды –орынсыз тықпалаушылар көп болған. Қазмемтерминком мәжілісіндегі орын алған осындай бір сәтте сондай адамға академик І.Кеңесбаев «осы бір жұрнақты тықпалай беруді қойсаңшы, әйтпесе сізді бұдан былай «Шәріптік Қасым дейміз» деген екен. Осыдан кейін аталған жұрнақты қолдану сәл тежеле бастапты, қазір шектеулі қолданылуда. Мұның өз әлеуметтік себебі бар.

Ретіне қарай, сөзжасамның ерекшелігін танытатын сөзжасам кешенді бірліктерін әлеуметтік лингвистикалық таразыға тартып, психолингвистикалық сүзгіден өткізген тиімді болса керек. Осы тұрғыдан тілдегі ағылған *жаңа сөздер* (деривация) мен соның нәтижесінде *туынды* не *күрделі сөздердің* (деривантар) пайда болуына байланысты, бұлардың мағынасы мен олардың құрамындағы *формалардың мағыналарының өзара* сематикалық байланысы (уәждеме), *уәждеме* тудырушы және *уәжделген тіл* бірліктерін, *сөзжасам уәжділігінің алуандығын сипаттау* барысында сөзжасамның жаңа теориясы жасақталады.

Елімізде «үштілділік» деп үш тілді өз бетінше оқытуды түсіну басым. Бұл дұрыс емес. Өйткені үштілділік деген – біртарапты тілдік құбылыс, ал үш тілді өз бетінше оқыту – әр тарапты тілдік құбылыс. Үштілділік құбылысы бір тілге негізделеді, мысалы, қазақ-орыс-ағылшын үштілділіктің негізгі сыңары – Қазақстан Республикасының мемлекеттік мәртебелі тілі. Егер қазақ-орыс-ағылшын үштілділігінің негізгі сыңары халықаралық тілдердің бірі болса, қазақ тілі қолданыстан шығып қалуы әбден мүмкін.

Қай тіл болмасын, негізге алынған тіл өзге екі тілмен туыс болса, салыстырмалы әдіс қолданылады, ал егер туыс болмаса (мысалы, ағылшын, орыс тілдері сияқты), ондай жағдайда контрастивтік лингвистикалық (яғни салғастырмалы лингвистикалық) әдіс-тәсілдер қолданылады.

Біздің елімізде қазақ-орыс-ағылшын үштілділігін сауатты түрде дамыту үшін қазақ тілі материалдары контрастивтік лингвистикалық тұрғыдан салғастыруға түсуі шарт. Міне, осы тұрғыдан келгенде біздің нақты тірегіміз – Н.Оралбай мен отандас әріптестерінің, шәкірттерінің зерттеу нәтижелері.

Әлбетте, қазақ-орыс-ағылшан үштілділігін жан-жақты дамыту шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінің нәтижелері де тиісті дәрежеде ескерілуі тиіс. Мысалы, қазақ тілі негізі модель болса, орыс ғалымдары А.А.Потебня, Ф.Е.Корж, Е.Д.Поливанов, В.А.Богородицкий, И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.В.Щерба, А.Н.Тихонов, П.А.Соболева еңбектері де салыстыруға түсуі тиіс.

Сондықтан шетелдік ғалымдар В.Дресслер, Х.Брекле, Л.Липки, Т.Репер, В.Мотила, М.Халле сияқты ғалымдардың тұжырымдары ескертілуі керек.

Айта кету керек, тілшілеріміз қазақтың соңғы жылдары пайда болған сөзжасамдарын жиып – теріп «Қазақ сөзжасамын» түзеуі тиіс. Бұл үшін алдымен Н.Уәли бастаған сөздіктер тобы шығарған «Қазақ сөздігі» мен Ғ.Қалиев шығарған сөздіктерін сүзіп шығу керек. Мұның үстіне жергілікті сөзжасамды Ш.Ш.Сарыбаев басшылығымен жарық көрген «Аймақтық сөздік» бойынша жинау керек.

Бұл ретте сөзжасам түрлерін, терминологиялық сөз тіркесін ажырата алу шарт.

Күллі қазақ сөзжасамының тарихи тегін анықтайтын кез жетті. Мұның да қайнар көзі бар, ол – Н.Оралбайқызының, оның әріптестері мен шәкірттерінің еңбектері.

Қазақ сөзжасамының сырбаз да сыралғы сыншысы Нұржамал Оралбайқызы – қазақ тілі сөзжасамының тамсандыра түйсіндірер тағылымды шежірешісі. Ғалымның басшылығымен жүзеге асқан «Қазақ тілінің сөзжасамы» қазақ-орыс-ағылшын үштілділігінің контрастивтік лингвистикалық тұрғыдан сомдалуымен жүзеге асуы тиіс.

Қорыта айтқанда, әзіз Нұржамал Оралбайдың сөзжасам туралы зерттеулері, мазмұны мен ішкі жүйесі жағынан маңызды да мәнді. Ғалымның зерттеулеріндегі сөзжасам танымдық пайымдаулары тіл білімі теориясы тұрғысынан тетігін тауып қалану үстінде, заманымыздың магистрант, докторанттарының іргелі зерттеулерінің сыр сандығының бірегей қозғаушы күшіне айналуда.

# ПРОФЕССОР Н. ОРАЛБАЕВА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ

*А.Б.* ***Салқынбай***
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,*
*филология ғылымдарының докторы*
*Алматы, Қазақстан*

Біздің ұлтымыздың тарихында бүкіл саналы ғұмырын ғылымға арнаған қазақ қыздары бар, олар көп емес. Бүгінгі Мәңгілік Ел болуға ұмтылып отырған қазақ елі өзінің ғалым қыздарын қалай аялап, қалай бағаласа даорынды.

Қасиетті Баянауылдың киесін бойына сіңірген баянды қызы Нұржамал Оралбаева қазақ тіл ғылымына өткен ғасырдың 50-жылдарының ортасында келген екен. Бұл уақыттарда Қазақстандық білімнің қара шаңырағы КазПИ-де қазақтың марғасқа ғалымдары қызмет істегені белгілі. Атақты Сәрсен Аманжоловтың өзіне шәкірт болу бақыты бұйырған Нұржамал апай 1956 жылы «Октябрьден кейінгі кезеңдегі қазақ жазуының тарихы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды [1]. Тақырыптың бұлайша берілуі де тегін емес, өйткені тарихтың аз ғана парағында қазақ жазуы үш рет өзгеріп, аумалы-төкпелі заманда халық жады бірнеше рет өшіріліп, қайта жазылып жатқан еді. Осы шындыққа ғылыми баға беру, қызмет істеп тұрған әліпби табиғатын ашып, ереже-емлелердің теориялық сипатын зерделеу оңай емес-тін. Ғалым еңбегінде қазақ жазуының кезеңдік тарихы сараланып, негізін С. Аманжолов қалаған кирилл таңбалары бойынша жасалған қазақ әліпбиінің өзекті мәселелері ғылыми тұрғыдан бағаланды. Бастысы, тілімізге кеңестік кезеңде енген атаулардың айтылу және жазылу ерекшеліктері туралы авторлық көзқарас болды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбаева есімі - қазақ тіл білімінде ғылыми-теориялық тұрғыдан тың мәселелерді көтерген, қазақ грамматикасының 50-90 жылдардағы дамуына іргелі еңбектерімен үлес қосқан ғалым ретінде белгілі. Олай деуіміздің мәнісі, ғалым қаламынан шыққан зерттеулер ғылыми тың тақырыпты қозғауымен де, теориялық тұғырлылығымен де құнды. Автор алғаш рет:

- қазақ жазуының тарихы туралы алғаш рет ғылыми пікір айтты;
- кирилл таңбасы негізінде жасалған қазақ графикасы мен орфографиясының теориялық тұғырын дамытты;
- етістіктің аналитикалық формасы туралы теорияны тұңғыш қазақ тіл біліміне енгізді;
- нөлдік морфема және нөлдік форма теориясының негізін қалады;
- қазақ сөзжасамы саласының теориялық негізін қалап, негізгі метатілін қалыптастырды;
- практикалық қазақ тілін оқытудың өзіндік әдістемелік үлгісін енгізді;

Профессор Н.Оралбаеваның 1971 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формасы» атты докторлық диссертациясында күрделі лексикалық бірліктердің сипаты жөнінде құнды теориялық пікірлер бар[2]. Саралап байқағанымызда, мұндай ғылым пікірлер мен ойлар бұған дейінгі К.Аханов пен А.Ысқақов еңбектерінде де кездеседі. Н.Оралбаева осы ғылыми тұжырымдарды күрделі сөздерге тиімді пайдалана отырып, жүйелі дәйектейді. Сондықтан, зерттеулердің түйіні ретінде біз осы пікірді толықтай келтіруді жөн деп санаймыз:

- сөз тіркесі кем дегенде екі сыңардан тұрып, соған сәйкес екі лексикалық мағына білдіреді;
- күрделі сөз тіркесінің сөйлемдегі жеке бір сыңары сөз ретінде қатысады;
- күрделі сөздің сыңарларының арасында синтаксистік байланыс болмайды;
- күрделі сөздің құрамындағы сыңарлары сөйлемдегі басқа сөздермен сөз тіркесін жасай алмайды, күрделі сөз тұтас күйінде басқа сөздермен синтаксистік қатынасқа түсіп, бір

ғана сөйлем мүшесі болады. ал сөз тіркесінің әрбір мүшесі жеке-жеке қызмет атқарады [2, 21].

Н.Оралбаеваның бұл талдап көрсетіп отырған факторлары – негізінен, күрделі сөздердің грамматикалық құрылымындағы басты белгілері. Сонымен бірге еркін тіркес негізінде жасалған күрделі сөздердің өзінің атау ретіндегі семантикалық құрылымын талдап, олардың өзіндік ерекшелігі мен белгілерін анықтау қажет болады. Мұндай зерттеудегі басты бағыт сөздің номинативтік сипатымен тікелей байланысты қарастырылуы керек. Яғни жеке атау ретінде сөздің туынды арнайы мағынасы болуын семантикалық бағытта зерделеу маңызды. Күрделі сөздердің, соның ішінде күрделі етістіктердің морфологиялық және сөзжасамдық табиғаты бүгінде де толық айқындалған дей алмаймыз. Қазіргі таңда күрделі сөздердің көпшілігінің реестр ретінде сөздікке ене алмай жүргендігін айту қажет. Әсіресе, соңғы уақытта шыққан түсіндірме сөздіктердегі көптеген кірме (шетел) сөздердің жапа-тармағайа-ударылып еніп кеткенін ескерсек, тіліміздегі күрделі сөздердің, әсіресе, күрделі етістіктердің тілдік табиғатын Нұржамал апай Оралбаева көрсеткен ізбен, ғылыми тұрғыдан зерделеп, олардың мағыналық құрылымына, атау жасау ерекшелігіне көңіл бөліп, сөздікке енгізудің өзектілігі бар демекпіз.

Н. Оралбай “Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы” атты оқулығында кейінгі кездегі жалпы тіл білімінде жазылған ғылыми-теориялық зерттеулерге сүйене отырып, сөздерді үш топқа: атауыш сөздер, көмекші сөздер және одағайлар деп бөлудің дұрыстығын атап көрсете келіп, атауыш сөздердің, көмекші сөздердің өзіне тән белгілерін кең саралайды [3, 49-59]. Сөздерді бұрынғы дәстүрлі бөліністегідей тоғыз сөз табына бөле отырып, модаль сөздердің жеке сөз табы бола алмайтындығына мынадай уәж айтады: “Модаль сөздер аналитикалық формант-тың құрамында модальдік көрсеткіш болғандықтан, олар қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қалпында қалады және олардың саны аз” [3, 63].

Қазақ тіл білімінде қосымшаларды іштей топтарға бөлу туралы да профессор Н. Орал-байдың өзіндік ғылыми пайымдауы бар. Бұл мәселеде бірнеше көзқарас орныққан: 1) А. Ысқақов қосымшаны – жалғаулар, жұрнақтар, қосалқы сөздер деп бөліп, жұрнақтарды іштей сөз тудырушы және сөз түрлендірушіге жіктейді; 2) Н. Оралбайдың ғылыми тұжырымы бой-ынша қосымша – грамматикалық мағыналы қосымшалар, сөзжасамдық қосымшалар болып екіге бөлініп, ал грамматикалық мағына беретін қосымшалар – жалғаулар және грамматикалық жұрнақтар болып жіктеледі; 3) Ы. Маманов, С. Исаев, Қ. Шаяхметовтердің пайымдауынша, қосымшалар сөз тудырушы және форма тудырушы деп бөлінеді де, форма тудырушы қосымшалар жалғаулар мен жұрнақтарға ажыратылып, өзіндік ерекшеліктері талданады.

Етіс тұлғасының қызметі мен мағынасы туралы да әртүрлі ғылыми пікір қалыптасқан. Профессорлар А. Ысқақов, А.Қалыбаева, Н.Оралбай етіс тұлғасын сөз тудырукатегориясының морфологиялық әдісіне жатады деп бағаласа [5], Ы. Маманов, С. Исаев етіс тұлғалары сөз-жасам қосымшасы емес, «етістіктің лексика-грамматикалық категориясы» деп есептеген. Бұл пікірлер бір-біріне қарама-қарсы емес, өйткені бұл ғылыми пікірлерде етіс тұлғаларының жаңа мән мен мағына туғызатыны жоққа шығарылмайды, тек мәселенің әртүрлі аспектіден бағала-нуы екі түрлі ғылыми пікір қалыптастырған. Етістің ішкі семантикалық және грамматикалық құрылымында мынадай ерекшеліктер бар: Біріншіден, етіс тұлғасы барлық етістіктерге түгел-дей талғамай жалғана бермейді. Тек мағыналық және тұлғалық валенттілік сақталғанда ғана жалғана алатын өнімді жұрнақ. Мәселен,*жүр+т, жүр+дір, отыр+ыт, отыр+дыр, отыр+ыл, отыр+ын, кел+т, кел+ін, кел+іл, кет+ін, кет+т т.б.* сияқты сөзтұлғалар кездеспейді. Екіншіден, етіс жұрнақтарының салт етістіктен сабақты, сабақты етістіктен салт етістік жасауының өзі де оның жаңа сөз жасауға бейімділігін айқындаса керек. Үшіншіден, етіс тұлғаларының бірінің үстіне екіншісінің жалғана алу қабілетінің болуы оның сөзжасамдық қасиетін көрсе-теді. Өйткені қазақ тіліндегі бірді-бір грамматикалық мағына беретін тұлға бір сөз ішінде қай-талануы, бірінің үстіне екіншісі жалғана алмайды. Ал етіс тұлғалары *бар-ғыз-дыр-т, бол-дыр-*

*т-қыз, кел-тір-т* сипатында жұмсала береді. Төртіншіден, етістер бір не бірнеше субъектінің (кейде нысанның да) қимыл-қозғалыстық, іс-әрекеттік қарым-қатынасын анықтап, жаңа номинативтік мән туғызады. Морфология ғылымындағы осындай іргелі, теориялық мәнді мәселелерде Нұржамал апайдың өзіндік ғылыми пайымдаулары мен тұжырымдары мол, әрі ғалым өз пікірін салмақты саралап, жаңаша ой қорытындысын жасайды.

Өткен ғасырдың 80 жылдарынан бастап, қазақ тілінің сөзжасам жүйесі жеке сала ретінде қалыптаса бастады дейміз. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты авторлық ұжым жариялаған монографиялық зерттеу бұл саланың қалыптасуының басты ғылыми-теориялық негізін қалап, негізгі метатілін, терминдер жүйесін жасады. Зерттеуде профессор Н. Оралбай сөзжасамның басты теориялық ұғымдарын зерделеп, көптеген терімсөздерді бірінші рет қолданысқа түсірді. Мәселен, қазіргі қазақ тіл білімінде белсенді қолданып жүрген сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тұлға сияқты терімсөздер профессор Н. Оралбай жасаған, ғылымға енгізген атаулар.

1988 жылы Ә.Ибатовтың «Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігі» мен Н. Оралбайдың «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» монографиясы жарыққа шықты. Бұл қазақ сөзжасамының жаңа ғылыми белеске шығуына үлес қосқан еңбектер еді. Апай бұл еңбегінде қазақ тіл білімінің сөзжасам жүйесіндегі кейбір теориялық қисындарды айқындап, алғаш рет әдеби тілдегі сан есімнің сөзжасамдық қалыбын көрсетті. Сан есім сөзжасамының аналитикалық және синтетикалық тәсілдері арқылы жүзеге асатынын нақтылы дәлелдермен жазды. Күрделі сандардың тірек сыңарын айқындау арқылы сөзжасамдағы сыңарлардың мағыналық шегінің арақатынасын анықтады.Біздіңше, ғалымның «тірек сыңар» туралы айтқан идеясы осы еңбекте ғылыми зерделеніп, сан есімдер дерегімен дәйектелген. Автор, «ондық пен бірлік араласқан сандарда тірек сыңар бірінші орында», ал «жүздік, мыңдық пен бірлік араласқан санда тірек сыңар екінші орында тұрады» деген қисын келтіреді [4, 96-97].

Қазақ тілінің грамматикасында, әдетте, сөздің мағыналық құрылымын талдауда оның екі мағынасы айқындалады: грамматикалық мағына және лексикалық мағына. Аксиомаға айналып кеткен бұл теорияның бастауында Қ. Жұбанов, К. Аханов сынды ғалымдар тұрғаны белгілі. Н. Оралбай сөздің мағыналық құрылымында лексикалық және грамматикалық мағынамен бірге, сөзжасамдық мағынаның болатындығын және сөзжасамдық мағынаның өзіндік басты ерекшеліктерін талдап, алғаш бөліп көрсеткен ғалым. Автор «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты зерттеуінде сөзжасамдық мағына мен оның сөзжасам саласындағы негізгі мәселе екені туралы айтады. Сөзжасамдық мағынаның лексикалық деривация және синтаксистік деривация болып бөлінетінін жазады.

Профессор «Туынды түбір сөзге қатысқан екінші сөзжасамдық бірлік яғни жұрнақтардың да өзіндік қызметі бар, ол туынды сөзге сөз табылық мағына қосады» деп жазады[7]. Бұл морфологиялық бағдармен айтылған дұрыс пікір.

Сөзжасам процесіндегі басты меже жаңа атау жасау, туынды сөз туғызу. Халық танымына сәйкес пайда болған ұғымды таңбалап, оған жаңа мән беріп, екіншілік мағыналы атау туғызу. Сөзжасамдық мағына – туынды сөздің семантикалық құрылымын құраушы тұлғалардың мағыналары нәтижесінде пайда болатын ерекше мағына. Жаңадан аталатын зат пен құбылысты таңбалауда, оның денотаттық және сигнификаттық мағынасы номинативтік белгілері арқылы көрініс табады. Ал бұл номинативтік белгілер туынды сөздің құрамындағы барлық сыңарлардың мағынасы негізінде туындайды.

Сөзжасамдық мағына – күрделі әрі ерекше сема. Оның күрделілігі құрамында тұлғалардың семалық құрамымен байланысты. Денотаттық және сигнификаттық мағынаның қалыптасуында сөзжасамдық тұлғаның барлық семалары қатысуы шарт емес. Белгіленетін зат не құбылыстың ерекше номинативтік белгілеріне байланысты түбір не негіз өздерінің ерекше семалары арқылы жаңа екіншілік сема қалыптастырады. Бұл қалыптасқан ерекше сема туынды сөздің жаңа сөзжасамдық мағынасын құрайды.

Демек, сөзжасамдық мағынаның тілдік табиғаты лексикалық және грамматикалық мағынадан ерекше екені анық, әрі сөз мағынасының семантикалық құрылымын құраушы тұлғалардың нәтижесінде жасалып, оның негізгі семалық сипатын танытады.

Баянауылдық ару, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбай бүгінде тоқсанның төрінде. Қазақ тілінің грамматикалық құрылымын зерттеуге бар ғұмырын арнаған қазақ қызының бүгінгі арманы да қазақ тілінің болашағының мәңгілік болуы. Апайға денсаулық, амандық тілейміз.

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/
2. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. –Алматы, 1975.
3. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. -Алматы, 2007.
4. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. Алматы: Мектеп, 1988.
5. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы. 1986. 130 б.
6. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы: Ғылым, 1989. 367 б.
7. Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002.

## ТІЛ БІЛІМІНІҢ БІЛГІРІ

***Құрманәлиев К.А.,***
*ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, Астана, Қазақстан.*

Қазақ тіл білімінің аға буын өкілдерінен бір керемет қасиетті көруге болады. Ол оқымыстыларымыздың сан қырлылығы, ғылыми зерттеулердегі жан-жақтылығы дер едік. Міне, сондай ғылыми шығармашылығының ауқымы кең, әралуан салаларға тармақталған, атап айтқанда, қазақ тілі білімінің тарихы, графика, орфография мәселелерін, сондай-ақ қазақ тілінің морфология және сөзжасам салаларын зерттеумен қатар, қазақ тілін оқыту әдістемесін де зерделеп, елеулі табыстарға қол жеткізген бүгінгі күні тоқсан жастың төріне шыққан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайқызының еңбегін ерекше айтуға болады.

Қазақ тіл білімін дамытуға үлкен үлес қосып, қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуде еңбек сіңген ғалым қаламнан сегіз монография, он бір оқулық, он бес оқу құралы, он бір оқу бағдарламасының, екі жүзге тарта ғылыми мақалалардың тууы тіл білімі білгірінің әралуандығын көрсетері анық. Соларға рет-ретімен қысқаша тоқталып өтейік.

Қазақ тіліндегі етістіктің грамматикалық құрылысында аналитикалық форманттардың кең орын алатындығын жоғары ғылыми-теориялық деңгейде зерделеп, 1971 жылы қорғаған «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары» атты докторлық диссертациясында ұсынған идеялары ғылыми жұртшылықтың ерекше назарын аударған еді. Тек қазақ тіл білімі емес, жалпы түркологияда да шешімі әр түрлі пікір қайшылықтарын тудырып жүрген мәселеде жаңа бағыт ұсынды. Оған ғалымның «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары», «Қазіргі қазақ тіліндегі аналитикалық форманттардың құрылысы мен мағынасы» атты монографияларындағы ғылыми зерттеулері дәлел болады. Сондай-ақ «Қазақ тілін-

дегі етістіктің категориялары», «Қазіргі қазақ тілінің морфемалары жүйесі» монографиялық еңбектері де грамматика теориясына қосылған ғылыми үлес деп бағаланды.

Нұржамал Оалбайқызының елеулі еңбектері қазақ тілінің сөзжасам мәселесімен тығыз байланысты. Сөзжасам мәселесін жаңа бағытта, жаңа ғылыми негізде жоғарғы дәрежеге көтерген және сөзжасамның кейінгі зерттелуіне соны бағыт сілтеуге, сөзжасамға көзқарасты өзгертуге, жаңа идеяларға бастауға профессор Н. Оралбайдың жауапты редакторлығымен 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиясының маңызы өте зор болғанын айтуымыз керек. [1]

Монографияда қазақ тіл білімінде тұңғыш рет сөзжасамның жалпы теориялық мәселелерінің ғылыми негізі жасалды. Бұған дейін сөзжасам жүйесі, оның жалпы заңдылықтары сөз болған емес, зерттеулердің бәрі негізінен жеке сөз таптарының жұрнақтар арқылы жасалуы туралы болып келді. 1988 жылы жарық көрген профессор Н.Оралбайдың «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамдық жүйесі» атты монографиясында ғалым қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне толық сипаттама берді. Бұл қазақ тіл білімінде тілдің сөзжасам жүйесіне берілген тұңғыш ғылыми сипаттама болатын. Бұған дейін ол мәселе ретінде қойылған емес. Онда қазақ тілінің қалыптасқан өзіндік жүйесі ұзақ уақыт ішінде талай өзгерістерді өткізіп, қалыптасқаны дәлелденген. Ұзақ уақыт ішінде сөзжасамдық бірліктер қалыптасып, олардың қолданылуы, туынды сөздердің жасалу заңдылықтары қалыптасқаны ғылыми тұрғыда дәлелденді, сан есімдердің сөзжасам жүйесі тұңғыш рет сипатталып, оның өзіндік ерекшеліктері көрсетілді. Сан есім сөзжасам жүйесінде негізінен аналитикалық тәсіл қолданылады деген тұжырым еңбекке өзек болып, дәлелденіп отырады. Сан есімнің сөзжасамдық бірліктері сан атаулары деп дәлелдеген ғалым сан атауларынан басқа сан атауларының жасалуы, қосылу және көбейту заңдылығы арқылы жасалатын нақты тілдік деректер негізінде дәлелдеп, оның түрлі моделдерін жасаған.[2]

Жоғарыда айтқанымыздай, сан есім сөзжасамы туралы монографияда қазақ тілінің сөзжасам жүйесі тұңғыш рет ғылыми мәселе ретінде сөз болса, 1989 жылғы монографияда «Сөзжасамның жалпы мәселелері» арнайы зерттеліп, онда тілдің сөзжасам жүйесі екінші рет толық сипаттамаға ие болды. Профессор Н. Оралбайдың еңбегінде сөзжасам жүйесі мәселесінің ішінде сөзжасамдық талдау, туынды сөздер, сөзжасам негізділігі (мотивация), сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тип мәселелері сөз болды. Бұл еңбекте осы мәселелер алғаш рет ғылыми айналымға түсіп, өз шешімін тапты.

2002 жылы Ғылым академиясының Тіл білімі институтының грамматика бөлімі дайындаған «Қазақ грамматикасы» деген өте маңызды, құнды еңбек жарық көрген болатын. Еңбектегі сөзжасам мәселесі профессор Н.Оралбайдың басшылығымен дайындалғанын атап өткеніміз абзал. Сөзжасам мәселесі ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделіп, өте жоғары дәрежеде жазылғанын және бай тілдік деректерге негізделіп берілгенін байқауға болады.[3]

Жаңа ғылыми туындылардың өмірге келуіне бағыт-бағдар беретін, профессор Н.Оралбайдың көп идеяларының жас ғалымдарға ой салып, оның әрі қарай дамуына жол ашқанын, яғни, жаңа ғылыми туындылардың өмірге келіп жатқанын қазіргі қазақ тіліндегі болымдылық-болымсыздық категория туралы, қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері, қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя проблемаларың ғылыми-теориялық негіздері, қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функциональдық және семантикалық аспектісі туралы ғана оннан астам докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалғаны ғалым идеяларының жалғасын тауып жатқанын көрсетеді.

Тағы бір ерекше айтып кететін нәрсе, 1989 жылы жарық көрген монографияда ғалым дәлелдеген көкейтесті мәселелер ғылымда танылып, одан әрі дамытылып келе жатқанын, профессор Н.Оралбайдың көтерген жаңа ғылыми мәселелері ғалымның «Қазақ тілі сөзжасамы» оқулығына (2002жыл) енгені дер едік. Сөзжасам оқулығы қазақ тіл білімінің сөзжасам саласынан қазақ тілінің келешек мамандарына толық білім беруді көздейді. Сөзжасам пәнінен

студеттерге жан-жақты толық білім беру – оқулықтың негізгі мақсаты болып айқындалған. Оқулықта сөзжасамның жалпы теориялық негізгі мәселелерінен жеткілікті дәрежеде мағлұмат берілген. Ол сөзжасам теориясының зерттелмеуімен байланысты болды. Осы жағдайлар ескеріліп, оқулықта сөзжасамның мәселелері толық қамтылған. Оқулықта сөз таптарының сөзжасамына да орын берілген. Өйткені морфология оқулығында сөз таптарының сөзжасамы толық ашылмаған болатын. Сондықтан ұсынылып отырған оқулықта сөз таптарының сөзжасамы ғылымның соңғы деректері деңгейінде беріліп, әдістеме ілімінің соңғы жетістіктеріне сай модульдік жүйе негізінде жазылған. [4]

Профессор Н. Оралбайқызының тіл білімі теориясымен қатар, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымына да сіңірген еңбегі ерекше. «Орыс тіліндегі мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» (1996) атты оқулықтың жарық көруі ұлттық мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесін дамытудың алғашқы бастауы болды деп толық айтуға болады. Ғалымның бұл саладағы ілімнің ғылыми-теориялық негізін жасаудағы еңбегінің жемісі ретінде қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуға арналған оқулықтардың, оқу, оқу әдістемелік құралдар мен оқу бағдарламаларының көптеп жарық көруіне себеп болғанын байқаймыз. Жоғарыда көрсетілгендей, әдіскер-ғалымның қырық шақты оқулық, оқу әдістемелік құралдары мен оқу бағдарламалары бұл саладағы қомақты ғылыми үлес екенін айқындайды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақ тілінің біртіндеп латын әліпбиіне көшірілетіні айтылған еді. Латын әліпбиіне көшкен алыс-жақын елдерегі тәжірибелерді зерделеп, саралап, оның саяси, әлеуметтік-экономикалық және психологиялық аспектілері терең зерттеліп, мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру жобасы бойынша жұмыс тобы үлкен талқылаудан кейін жобаның соңғы нұсқасын ұсынған болатын. Оның Елбасының Жарлығымен бекітілгені белгілі. Енді тілші-ғалымдардың алдында орфография мен орфоэпия мәселесін шешу міндеті тұр. Реті келгенде, профессор Н. Оралбайқызының «Қазақ графикасы мен орфографиясы» атты монографиялық еңбегінде айтылған тың ойлар мен идеялар осы мәселені шешуде өз септігін тигізер деп ойлаймыз.

Өнегелі ұстаз-ғалым ғылыми кадрлар дайындау ісіне де елеулі еңбек сіңірген қайраткер. Тіл білімі теориясы мен әдістеме ғылымы бойынша жиырмаға жуық ғылым докторлары мен алпысқа жуық ғылым кадидаттарын дайындаған ғалымның шәкірттері республикамыздың жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында еліміздің кемел келешегі үшін аянбай еңбек етуде.

Тіл білімінің білгірі, көрнекті ғалым өзі зерттеген салалары бойынша әрқашан да жаңа бағыт, тың идеялар ұсыну арқылы нағыз ғұламалыққа тән қасиеттерін паш етіп, ғылымдағы өз мектебін қалыптастырған ғалымның әлі де отандық ғылымды дамытуда қосар үлесі қомақты.

# А Ң Ы З  Ұ С Т А З

***А.С.Қыдыршаев,***
*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті*
*мәдениет және өнер факультетінің деканы,*
*педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

Шәкірт кезімізде лингвист ғалымдар сапынан күніне бір парақ қағаз жазбаса«күнім мағынасыз өтті» деп қынжылатын сирек адамдардың қатарынан профессор Нұржамал Оралбайқызын ұзын құлақтан естуші едік. Таңғалушы едік. Кейін тағдыр айдап сол ұстазымыздың шәкірті атандық, растығына көзіміз жетті. Мақтаныш еттік. Әрине, негізсіз ештеңе жоқ қой. Бұл секілді тынымсыз да құлашты еңбекқорлық ғалым апамызға ұстазынан, ғылыми жетекшісі Сәрсен Аманжолұлынан дарыған болар деп түйдік. Өз кезегінде тіл өнерінің майталман жүйрігі, қазақтың атақты лингвист ғалымы С.Аманжолұлы туралы «Орал өңірі» газетіне жазғанбыз *(1996 ж., 19 желтоқсан, №136).*

Қазақ тіл білімі ғылымында филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайқызының сіңірген еңбегі, өз алдына қалыптастырған тағылымдымектебінен қазіргі буын ғана емес, келешек ұрпақ та ғибрат алары даусыз. Бар ғұмырын қазақ тілінің грамматика, сөзжасам, қазақ тілін оқыту әдістемесі салаларын зерттеуге арнаған қазақтың біртуар қызы мерейлі 90 жаста. Осы тұста ғалымның ғылымдағы өзіндік қолтаңбасы мен қалыптастырған мектебі, тіл білімі ғылымын жетілдірудегі, жаңалық әкелудегі жетістіктеріне тоқталу орынды. Әрине, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, академик Нұржамал Оралбайқызы Оралбаеваның ғылыми шығармашылығының ауқымы аса кең. Белгілі лингвист ғалым Нұржамал Оралбайқызы 1971жылы «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, қазақ тіл біліміне мол жаңалық енгізген-ді. Аталған ғылымизерттеуде ғалым Нұржамал Оралбайқызы грамматикалық даму заңдылықтарының нәтижесінде етістіктің лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық қызметке көшкен көмекші етістіктер табиғаты, көмекші етістіктердің өте жоғары дәрежеде абстракциялануы, олардың грамматикалық мағыналарының кеңеюі, түрлі категория мағыналарының көрсеткіштеріне айналуы, тұрақталуы танылып, көмекші етістіктердің грамматикалық категориялар көрсеткіштері қызметтеріндегі мағыналық ерекшеліктері сараланды. Бұл орайда айтарымыз, *академик Н.Оралбайқызы – сөздердің аналитикалық формасы туралы теорияны қазақ тіл біліміне тұңғыш рет енгізіп, осы саланың іргетасын қалаушы.* Ал оның қазақ тілі грамматикасындағы аналитикалық құрылым мәселесіне арналған монографиялық еңбектері *(«Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары», 1975; «Қазіргі қазақ тіліндегі аналитикалық форманттардың құрылысы мен мағынасы», 1979)* түркология ғылымында кең танымал болып, тіл білімінің теориясына қосылған қомақты үлес ретінде жоғары бағалануы оған дәлел. Осы еңбектер негізінде Нұржамал Оралбайқызы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде осы уақытқа дейін дұрыс шешімін таппай келген тілдік құбылысты қимылдың өту сипаты категориясы тұрғысында танып, оны қимылдың жасалуы мен қимылдың даму сатысынан тұратындығы қалпында айқын дәлелдеп, олардың берілу жолдары мен көрсеткіштерін толық сипаттаған. Ал аталмыш еңбектер қазақ тілінің грамматикалық құрылысының синтетика-аналитикалық сипатын дәлелдеген ғылымда мүлдем жаңа бағыт болды. Демек, ғалым – қазақ тіл білімінде тұңғыш рет қимылдың өту сипаты категориясының ғылыми негізін қалап, оны ғылыми айналымға түсіруші. Н.Оралбайқызының зерделеуінің нәтижесінде бұл категория жоғары оқу орындарына арналған А.Ысқақовтың авторлығымен шыққан «Қазіргі қазақ тілі» (морфология) оқулығына 1974 жылы енгізіліп, кейінгі басылымдарда да орын алуда. Мәселен, Нұржамал Оралбайқызының аналитикалық форма идеясы, теориясы қазақ тілі морфологиясында

қалыптасқанына, орныққанына толық дәлел ретінде 2002 жылғы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» да берілуін айтуға болады. Ғылыми идеяның оқулықтар арқылы қолданысқа түскені, монографиялар арқылы жарыққа шығып, көпшілікке таныс болуы, таралуы – зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалық ретінде жоғары бағалануы. Нәтижеде Н.Оралбайқызы қазақ тіл білімін қазақ тілін орыс тілі заңдылықтары тұрғысынан зерттеу нәтижесінде қазақ тіл біліміне «вид» категориясы теориясын енгізуге тырысқан жалған ағымнан арылтты. Осы орайдағы зерттеу қорытындысында қазақ тілінде «қимылдың өту сипаты» категориясы бары дәлелденіп, оның мағыналық құрамы, категориялық мағыналарының берілу жолдары көрсетіліп, көрсеткіштері анықталды. Ғалымның осы мәселедегі зерттеуі морфологияның бұрын белгісіз жаңа грамматикалық категориясын ғылымға қосып, ол морфология оқулықтарында орнығып, әбден танылды. Бұл – ғалымның осы мәселедегі жанқиярлық еңбегінің, ғылымға қосқан үлесінің ауқымдылығының айқынайғағы.

Н.Оралбайқызының ғылымдағы ірі жаңалықтарының бірі – *нөлдік морфема мен нөлдік форма мәселесі.* Бұл ғылымдағы жаңа идеяны Н.Оралбайқызы алғаш 1975 жылы Халықаралық түркологиялық конференцияда баяндап, күллі түркологтардыңназарына ұсынып, олардың бұл теорияны қолдауына, қостауына ие болды. Ғалымның ғылымдағы тағы бір жаңалығы – *көмекші сөздер мәселесі.* Қазақ тіл білімінде қай заманнан көмекші сөздердің үш түрі *(көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар)* көрсетіліп келгені аян.Профессор Н.Оралбай бұларға күшейткіш көмекшілерді *(өте, тым, ең, аса, т.б.)* және күшейткіш буынды *(қып-қызыл, жап-жасыл, т.б.)* қосты. Күшейткіш көмекшілер сыңар жасағанның өзінде, күшейткіш үстеу ғана лексикалық мағыналы сөз деп аталып келген-ді. Ал күшейткіш буынды сөз грамматикалық категорияның формасындағы сөз екендігі ескерілмей, лексикалық мағыналы қос сөздер тобында қаралып жүрген-ді. Сондай-ақ, Н.Оралбайқызы ұзақ уақыт шырай жұрнағы тұрғысында танылып келген – *ғылт, – шіл, – шілтім, т.б.* сол сияқты жұрнақтардың сөзжасамдық жұрнақ екенін дәлелдеп, шырай көрсеткішінен шығарды. Әрине, олар шырай көрсеткіші болса, сапа, сын, түр-түс сын есімдеріне жалғанар еді. Өйткені ол – грамматикалық көрсеткіштердің негізгі белгісі. Дау жоқ, грамматика теориясына жоғарыда біз санамалаған мұншама жаңалық қосу – ғалымның ізденісі мен еңбегінің нәтижесі.

Ғалым Н.Оралбайқызының қазақ тіл білімінің зерттелуіне, дамуына қосқан қомақты үлесінің бірі – *қазақ тілі сөзжасамының дербес сала ретінде танылып дәлелденуімен байланысты.* 1989 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары М.Балақаев, А.Қалыбаева, Қ.Есенов, Е.Жанпейісов, С.Нұрхатов, Н.Оралбаевалардың қатысуымен «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монография жарыққа шықты. Аталған еңбекте алғаш рет қазақ тілі сөзжасамының теориялық негізі қаланды. Оған дейін сөзжасам мәселелері морфологияда сөз таптарының құрамында туынды зат есім, туынды сын есім, оларды жасаушы жұрнақтар аясында сипаттама түрінде ғана айтылып келген-ді. Монографияда сөзжасамның тіл білімінің басқа салаларымен байланысы көрсетіліп, оның өзіндік зерттеу нысаны, өзіндік даму жолы, заңдылықтары мен ерекшеліктері дәлелденді. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, сөзжасамдық талдау, сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасам бірліктері, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық ұя, тізбек, саты, тип, үлгі сияқтықазақ тілінде бұрын зерттелмеген мәселелер айтылды. 1988 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамы» атты Нұржамал Оралбайқызының монографиясыбасылым көрді. Осындай еңбектер негізінде қазақ тілінің сөзжасамы бүгінде қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде ғылыми-теориялық негізі қаланып, қағидат-қағидалары айқындалды. Қазақ тілінің сөзжасамы бойынша Нұржамал Оралбайқызының жетекшілігімен бірнеше ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылды. Демек, Н. Оралбайқызы – қазақ тіл білімінің сөзжасам саласының жеке сала ретінде танылуы мен қалыптасуының алғаш негізін қалаушы да. Ал «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда ғалым сөзжасамның жалпы теориялық мәселелерін тұңғыш рет жазып, осы саланың теориялық негізін белгілеген-ді. Академик Н.Оралбайқызы аталған еңбекте туынды сөз жасаудың аналитикалық тәсілі, күрделі

етістіктер мәселесін қозғап, осы тілдік категорияның жасалуы жөніндегі ғылымда қалыптасқан түрлі қате түйіндерден оны арылтып, күрделі етістік мәселесін жаңа бағытта саралаған. Ғалым сөзжасам мәселесін зерттеуді жалғастыра келе, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 1997-1999 жылдардағы жоспары бойынша «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» атты бір томдық еңбектің жетекшісі және негізгі орындаушыларының бірі болды. Сондай-ақ ғалым қазақ тіліндегі сан атауларының жасалу жолын, үлгілерін арнайы зерттеп, ол туралы жазылған алғашқы монографияавторы да. Нәтижеде мол тер төгу барысында академик Н.Оралбайқызы қазақ тіл білімінің грамматикалық теориялары мәселесі бойыншатүрлі зерттеулер жүргізе келіп, қазақ тіліндегі грамматикалық бірліктерді анықтау, оның жүйелік сипатын белгілеуде ірі табыстарға қол жеткізді. Бұл бағыттағы зерделеу жұмыстарының тұжырымы ретінде «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» (А. Қалыбаевамен авторлық бірлестікте) атты монографиясын ұсынды. Ал 1980 жылы баспа бетін көрген «Қазақ тіліндегі етістіктің категориялары» атты еңбегі де – грамматика теориясына қатысты зерттеу. Онда сөз құрамында грамматикалық көрсеткіштерінің сыйысу мәселесі көтерілген. Сондай-ақ ғалым Н. Оралбайқызы – тіл тарихы, графика, орфография мәселелері жөніндегі алғашқы еңбектердің бірегейі «Қазақ графикасы мен орфографиясы» (1968) зерттеуінің авторы.Ғалымның ғылыми тың табыстары, соны тұжырымдары дүниежүзілік түркологиялық конференцияларда баяндалып, ғылыми лингвистикалық мақалалары Анкарада, Новосибирскіде, Ташкентте, Бакуде, Қазанда басылым көрді. Әлем түркологтарына танымал лингвист ғалым Түркияның Анкара университетінің шақыруымен онда екі жыл қызмет етіп қайтты.

Профессор Н. Оралбайқызының ғылыми шығармашылығындағы ерекше орын алатын мәселе – *қазақ тілін оқыту әдістемесі* болса, ғалым-әдіскер – қазақ тілін оқыту әдістемесінің де шебер маманы. Ғалым қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі іліміінің мәселелерін жан-жақты қарастыра келіп, осы бағытта мамандар даярлайтын университет студенттеріне арналған «Орыс тіліндегі мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» (1996 ) атты тұңғыш оқулықты баспадан шығарып, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің негізін қалады.

Жоғары білімді мамандардың сапасын арттыру ісінде студенттерді оқулықтармен, оқу құралдарымен және оқу бағдарламаларымен қамтамасыз ету ісінің маңызы ерекше. Бұл ретте қазақ тілі мамандарын дайындау ісінде, қазақ тілінен білім беруде, өзге этнос өкілдеріне қазақ тілін оқыту ісінде орасан зор қызмет атқарған қаламы қарымды, көрнекті ғалымның 300-ден астам ғылыми мақалаларымен қатар, 60-қа жуық оқулықтар, оқу-әдістемелік құрал, бағдарлама мен монографиялық еңбектердің авторы екенін айтсақ та жеткілікті болар. Мемлекеттік тілдің өз қызметін толық атқаруы үшін Қазақстанда мекендейтін халықтардың ол тілді білуі парыз десек, өзге этнос өкілдерінің қазақ тілін меңгеруі үшін, қазақ тілінің арнайы мамандары қазақ тілін шебер оқытуы қажет. Бұл міндетті абыроймен орындау үшін, жоғары оқу орындарының мамандары, оқулықтары, оқу құралдары, техникалық құралдары жеткілікті болуы қажеттігін баса айтатын академик Н.Оралбайқызы осы пікірлерді айтып қана қоймай, осы мақсатта оқу бағдарламаларын әзірлеп, «Қазақ тілін үйренеміз»,«Практикалық қазақ тілі» оқулықтарын жазды.

Ғалым Н.Оралбайқызы теориялық ізденістерін, зерттеу ісінің қорытындыларын үнемі қазақ тілі мамандарының білімін кеңейту ісіне, тәжірибеге бағыттап отыруды өзіндік кредо тұрғысында таныды. Қазірде де талантты әдіскер ғалымның жоғары оқу орындарына арналған оқулықтары студенттердің аса қажетті, қолдан қолға түсірмейтін дүниелері тұрғысында танылуда. Мәселен, «Қазақ тілінің практикалық курсына» арналған «Қазақ тілі» оқулығы филология факультетінің студенттерін дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыруға, тілші мамандығына икемдеп бейімдеуге арналған оқу құралы бола алуда. Көп жылдар бойы бірнеше басылым көрсе де, қасқалдақтың қанындай студенттердің таптырмас оқулығы болуы еңбектің құндылығына дәлел.

Академик Н.Оралбайқызы – ғылыми жұмыс пен ұстаздықты үнемі қатар ұстап, қос саланы шебер байланыстыра білген құзіретті де білікті кәсіби маман. Сол себептен де ғылымдағы жаңалықты қазақ тілінен маман дайындау ісіне енгізудің түрлі жолдарын іздестіре білді. Қысқасы, «жаңа істің бастаушысы болу» ғалымның әдетіне айналды. Мәселен, жоғарыдағы айтылғандарға қоса «Сөзжасам» пәнінің, «Қазақ тілін оқытпайтын мектептердегі қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Ертедегі түрік жазулары» курстарының бағдарламаларын алғаш рет даярлаушы. Не болмаса, жалпы редакциясын Н. Оралбайқызы басқарған *«Қазіргі қазақ тілі» (зертханалық жұмыстар)* оқулығы – қазақ тілінен зертханалық жұмысты жүргізуге көмектесетін бірден-бір алғашқы еңбек. Егер білімді меңгеру студенттермен жүргізілетін тәжірибелік, зертханалық сабақтармен тығыз байланыстылығын ескерсек, аталмыш еңбек әр студенттің өзінше жұмыс жасауына бағыт-бағдар бере алады. Оқулық студенттің қабілетін ұштап, белгілі тақырыптардан тұңғиық терең теориялық білім алғызып, оны іс жүзінде қолдануға дағдыландырады, студенттің өзіндік қабілетін анық көрсетуіне септеседі. Ғалым Н.Оралбайқызы зертханалық жұмыс арқылы әр студенттің ұсынылған тақырыптарды қалай меңгергенін байқауға, тілге қабілетін анықтауға толық мүмкіндік туатындығын айта келіп, студенттің қай тақырыпта нені шала меңгергенін білу жолымен жеке жүргізілетін жұмысты белгілеудің сапалы маман даярлауда атқаратын қызметінің ерекшелігін баса көрсетеді. Сондай-ақ тіл сабағынан жүргізілер зертханалық жұмыстың ортақ әдістемелік иірімдеріне, қағидаларына сілтеме жасайды. Егер де жоғары оқу орындарында студенттердің семестр барысында сабаққа даярлану формаларын, білімін тексеру және жеке өзіндік дербес жұмыстар жүргізудің түрлері мен әдістерін жетілдіру сияқты мәселелердің жетіп артылатынын ескерсек, жоғарғыдай оқу құралының құны ерекше. Ендеше, ғалым Н.Оралбайқызының осы мақсатқа арналған оқу құралдарын шығару ісімен де шұғылдануы құптарлық тәжірибе.

Ана тілін құрметтеуді ұлтқа сын тұрғысында түсінетін ғалым тіліміздің қазіргі жай-күйі, келешегі туралы көкірегі қарс айырыла толғанады. Мәдениеті ертеден қалыптасқан, қазіргі дамыған елдер сапындағы мемлекеттердің бәрінде де ана тілін оқытуға ерекше мән беретіндігіне көпшілік назарын аудартады. Техникасы ерекше өрлеген осы ірі мемлекеттер неліктен ана тілін оқытуға көп көңіл аударып отыратындығына ой жүгіртуге шақырады. *«Тілді жақсы білу – халықтың бүкіл тарихы бойынша жиған бай рухани қазынасын меңгеру де. Тілді жақсы білмеген адам халықтың рухани байлығынан мақұрым қалады. Ондай адамда халқын құрметтеу, сүю, мақтаныш ету сезімінің болуы – күмәнді нәрсе», –* дейді ғалым. *«Ана тілін – оқу орындарының барлық сатысына кіргізу керек. Мектепте, лицейлерде, колледждерде, институт пен университеттерде ана тілі барлық курстарда оқытылуға тиіс. Оқытуды мамандықтарға байланыстыру қажет»,–* деген ұсыныс та білдіреді.

Ғалым Н. Оралбайқызының:*«Сапалы маман болмай, қазақ тілі өзінің мемлекеттік дәрежедегі қызметін жүзеге асыра алмайды. Оқу орындарында ана тілін оқыту дұрыс шешілсе ғана тіл мәртебесін көтере аламыз. Осы мақсатқа жету үшін, шетел тәжірибелерінің ұтымды жағын қабылдап, әр нәрсені бір сылтау етпей, нақты іске көшіп, өзіміздегі жетістіктермен ұштастырсақ құба-құп болар еді», –* деуі ортақ іске қозғау салар құнды түйін.

Академик Н. Оралбайқызы жас ғалымдарды даярлау ісінде ұланғайыр табыстарға қол жеткізді. Ғалым тікелей ғылыми жетекшілігімен тіл білімі теориясы, шешендіктану мен қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімі бойынша сандаған ғылым кандидаты, ғылым докторларын даярлады. Бұл орайда ғылымда академик Нұржамал Оралбайқызы мектебі қалыптасты. Сөзіміздің соңында қазақ тіл білімі, әдістеме ілімі саласында маңдай терін төге еңбек еткен, бүгінде адамның шер шағы тоқсанның төріне озып отырған ардақты да абзал анамыз, таңғажайып ғалым, аңызға айналған ұстазымызға төмендегідей өлең жолдарын ұсынбақпыз:

Қастер тұтып туған жерін, мекенін,
Бәйгелерде оздырып тек бекем үн.
Темірқазық қылып әркез ұстаған
«Тіл тағдыры – ел тағдыры» екенін.

Сіз – дарасыз, биік тұлға байсалды,
Қилы кездер көрмеген еш тайсалтып.
Хиуаз, Мәншүк батырлардың ізіндей
Өн бойына дарыған шын қайсарлық.

Шәкірттерің сүңгіп білім бұлаққа,
Қанат қақты талай алып мұратқа.
Тектіліктің үлгісіне айналдың
Дақ келтірмей ұстаз деген ұлы атқа.

Парызың бар шаңырақта өтелген,
Бағалауға сөз қуатым жетер ме?!
Жүрегіңіз жаңылмасын соғудан
Сан ғылымның жүгін ауыр көтерген.

Ғұмыр жолын нұрландырған жарықпен,
Талантыңның асқақтығын танылған ел.
Мерей жасың құтты болсын абзал жан
Тарихта аты қалар алтын әріппен!

## 1-СЕКЦИЯ. ПРОФЕССОР Н.ОРАЛБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ ҒЫЛЫМЫ ҒЫЛЫМҒА АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТКЕН...

***Бектемесов М.А. –***
*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бірінші проректоры,*
*Физика- математика ғылымдарының докторы,*
*профессор*

Құрметті зиялы қауым, әріптестер!

Бүгін Біз бар саналы өмірі мен білімін, ғылымын арнаған қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қайраткері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайдың 90 жасқа толуына арналған ***«Қазақ тіл білімі саласындағы жаңа ғылыми бағыттар»*** атты Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция ұйымдастырып отырмыз.

Тіл ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан профессор Нұржамал Оралбайдың еңбектерін ой елегінен өткізе отырып, бүгінгі таңдағы тіл ғылымының жаңа даму тенденцияларын анықтауды мақсат еткен конференция жұмысын ғалым мен ғылымның бірлігі деп білеміз.

Профессор Н. Оралбайдың ғылыми ізденістерінің ауқымы кең, әр алуан салаларға тармақталған. Ол қазақ тіл білімінің әртүрлі саласын зерттеумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесін де зерттеп, елеулі табыстарға қол жеткізген.

Нұржамал Оралбай қазақ тіл білімінің жазу тарихы, графика, орфография мәселелерімен, қазақ тілінің морфологиясы және сөзжасам салаларын зерттеумен шұғылданған. Ғалым Н.Оралбай сөзжасамдық мағынаны ғылымға қалай кірді, қай мәселемен кірді деген сияқты сауалдарға жауап беру арқылы тарихи шолу жасап, ғылымда бірінші рет дәлелдеген.

Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары теориясы қазақ тіл білімінде тұңғыш талданып, жан-жақты қарастырылуы, осы ілімнің негізінің жасалып, қалыптасуы және дамуы Н.Оралбайдың есімімен байланысты. Ол алғаш қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманты теориясын ашты.

Ғалымның 200-дей еңбегі-ғылыми мақалаларын, монографияларын, оқулықтарын, оқу құралдарын, пән бағдарламаларын еліміздің ЖОО-дағы студенттер пайдалануда.

Ортаға салынатын салиқалы ой, талас пікірлердің тіл ғылымының дамуына тамшыдай болса да үлес қосатынына сенім білдіремін. Осы конференцияда талқыланатын қазақ тілінің болашағына арналған ойлар, латын әліпбиіне қатысты мәселелер, сонымен қатар қазіргі заманда рухани жаңғыру аясында Елбасымыздың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет» – деп айтылған.

Құрметті Нұржамал апай! Сондай озық жүйелердің негізін салған Сіз сияқты ғалымдарымыз аман болсын!

Конференция жұмысына сәттілік пен шығармашылық табыс тілеймін!

## НҰРЖАМАЛ ОРАЛБАЙ – ЖАҢА БАСТАМАЛАРДЫҢ ҚОЗҒАУШЫСЫ

***Құлсариева Ақтолқын Тұрлыханқызы***
*Ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор*
*Философия ғылымдарының докторы, профессор,*
*ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі*

Құрметті әріптестер, ұлағатты ұстаздар!

Қазақ тілі саласында сүбелі ғылыми еңбектер жазып, оның жан-жақты зерттеліп, дамуына үлес қосқан, жоғары білікті қазақ тілі мамандарын даярлауда ерекше еңбек еткен ғалымдардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Оралбай. Ғалымның ғылыми шығармашылығы сан алуан. Соның ішінде қазақ тілі саласынан жарық көрген еңбектері өте көп. Атап айтсақ, «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форматтары» (1975), «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылымы мен мағынасы» (1979), «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» (1986), «Етістіктің грамматикалық категориясы» (1986), еңбектерін айтуға болады. Қазақ тілі ғылымында тұрақтанды-рған, практикалық қолданысқа енгізген ерен еңбек иесінің тілдік тұлғасы қай ғалымға болса да өнеге.

Нұржамал Оралбай еліне, жеріне, Отанына жасаған үлкен істерінің бірі – қазақ тілін үйрету, тілді үйретудің әдістемесі, тілді үйретін мамандарды тәрбиелеу, дайындау, тіл үйретін мектептерді қалыптастыру, тілді үйретуде қажет әдістемелік құралдар мен оқулықтар даярлаудағы еңбегін тілге тиек етпекпін.

«Ұлы адамның ойында ұлы іс жүреді, ұлы зергер бойында алтын, күміс жүреді» – демекші, Нұржамал Оралбай әрбір бастаған ісі жаңа бастамалардың қозғаушысы болып, жалғасын тауып жатады. Мәселен, Н.Оралбай тіл үйренушілерге арналған алғаш 1987 жылы бағдарлама жасауы, 1989 жылы әріптестерімен біріге шығарған алдыңғы оқулықтардан әдістемелік

тұрғыда айтарлықтай өзгешеліктері бар, жаңа бағыттағы қазақ тілін өздігінен үйренушілерге арналған «Қазақ тілін үйренеміз» атты еңбегі, орыс мектептеріндегі қазақ тілі мамандығына арнап, 1996 жылы жазған «Орыс тіліндегі мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқулық, қазақ тілі және қазақ тілінің әдістемесі мамандықтары бойынша Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғайтын арнайы диссертациялық кеңестің ашылуына ұйтқы болып, оның жұмысын ұйымдастырып басшылық жасауы, бүгінгі таңда жаңа талаптарға және жаңа білім мазмұнына сай жалғасын тауып қарқынды дамып отырған игі істердің бірі болып отыр.

Профессор Н.Оралбай еліміздегі және шет елдердегі басқа ұлт өкілдерінің ана тілімізді үйренуіне қыруар еңбектерімен белсене араласқан ұлтжанды ұстаз. Олай деуімізге 1987 жылы Алматы қаласында шыққан қазақ тілін үйрену курсының бағдарламасы, 1989 жылы жарық көрген «Қазақ тілін үйренеміз» атты кітабы, 1998 жылы Анкара қаласында жарық көрген «Қазақша үйренеміз» атты түрік студенттеріне арналған оқулығы дәлел. Қазіргі таңда бұл оқулықтарды шетелдердегі студенттер қолдануда. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудің маңыздылығы бүгінгі күні – заман талабынан туып отыр. Осы тараптан алғанда, ғалымның еңбектерінің берері мол деп нақ сеніммен айта аламыз.

Аса қадірлі Нұржамал Оралбай! Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, өмірдегі барлық жақсылықтарды тілейміз! Бала-шағаңыздың, шәкірттеріңіздің рахатын көріп, аман-есен жүре беріңіз!

## ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ІРІ МАМАНЫ

***Б.Әбдіғазиұлы –***
*Филология және көптілді білім беру институтының директоры, филол.ғ.д., профессор*

Құрметті әріптестер!

Еңбекқорлығы мен тума талантының арқасында халқының ардақты қыздарының біріне айналған, қазақ тілі ғылымының өсіп-өркендеуіне, бүгінгі кең айдынға құлаш ұруына жарғақ құлағы жастыққа тимей қызмет еткен апаларымыздың бірі – ардақты ана, ұлағатты ұстаз, Қазақстан республикасына еңбегі сіңген ғылым қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор Нұржамал Оралбай. Ғалым ананың өмір жолы, тындырған істері ұлтына өнеге, халқына мақтаныш.

Н.Оралбай 1949 жылы Абай атындағы КазПИ-ді қызыл дипломмен бітіріп, Ғылым Академиясының Тіл білімі институтына аспирантураға қалдырылды. 1952 жылы аспирантураны бітіргеннен кейін өзі оқып білім алған КазПИ-ге келіп 1975 жылға дейін ұстаздық қызмет атқарды. Осы кезең ішінде «Октябрьден кейінге қазақ жазуларының тарихы» тақырыбында кандидаттық диссертация (1956), «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары» тақырыбында докторлық диссертация (1971) қорғап, 1976 жылы Ғылым Академиясының Тіл білім институтына шақырылып, онда аға ғылыми қызметкер, бас ғылыми қызметкер қызметтерін атқарды. 1989 жылы туған институты Абай атындағы КазПИ-ге кафедра меңгерушілігіне шақырылып, проректор қызметін де атқарды.

Профессор Н.Оралбай – қазақ тіл білімінің ірі маманы. Оның ғылыми ізденістерінің бағытын бірнеше салаға жіктеп-саралауға болады. Солардың ішінде ең бір өнімді қазақ грамматикасының ірі-ірі салалары: морфология және сөзжасам.

Нұржамал Оралбайдың аналитикалық форма идеясы, теориясы қазақ тілі морфологиясында қалыптасқан. Н.Оралбайдың қазақ тіл білімінің зерттелуіне, дамуына қосқан үлесінің бірі – қазақ тілі сөзжасамының дербес сала ретінде танылуы дәлелденуімен байланысты.

Қазақ тілінің сөзжасамы бүгінде қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде ғылыми-теориялық негізі қаланған, ұстанымдары мен қағидалары айқындалған. Қазақ тілінің сөзжасамы бойынша Нұржамал Оралбайдың жетекшілігімен бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстары жазылды.

Тіл теориясы мен әдістемесі бойынша бүгінде Нұржамал Оралбайдың жетекшілігімен 20-ға жуық ғылым докторлары, 60-тай ғылым кандидаттары дайындалған. Нұржамал Оралбай өзінің мектебін қалыптастырған ұлағатты ғалым-ұстаз. Бүгінгі 90-жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, Нұржамал Оралбайға тек қана таусылмас бақыт тілейміз, аман-есен шәкірттеріне мақтаныш болып жүре беруіне тілектеспіз.

## ПРОФЕССОР НҰРЖАМАЛ ОРАЛБАЙҚЫЗЫ 90 ЖАСТА

***Р.Ә.Шаханова, п.ғ.д., профессор***
***Ж.Қ.Балтабаева, п,ғ.д., профессор***
***Ж.Н.Сүлейменова, п.ғ.д., профессор***

Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, профессор Нұржамал Оралбайқызы 1928 жылы мамыр айының 15-де Павлодар облысы Баянауыл аулында Оралбай Қощығұлұлының отбасында дүниеге келді. Павлодар қаласы мен Майқайың селосының мектебін бітірген соң, 1944 жылы Қыздар педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне қабылданып, 3-курста Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына ауысып, оны 1949 жылы үздік бітіріп, аспирантураға қабылданды.

1956 жылы профессор Сәрсен Аманжоловтың ғылыми жетекшілігімен «Қазақ жазуының Қазан төңкерісінен кейінгі тарихы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, 1962 жылы доцент атағын алады. 1952 жылдан 1975 жылға дейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарды.

1971 жылы «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формантты» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, 1972 жылы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін, ал 1973 жылы тіл білімі бойынша профессоры ғылыми атағын алды.

1975 жылдан 1989 жылға дейін ҚР Ғылым Академиясы Тіл білімі институтында, аға ғылыми қызметкер, жетекші, бас ғылыми қызметкер болып қызмет атқарды.

1989 жылдан педагогтік қызметке ауысып, 1997 жылға дейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1990-1991 жылдары осы университеттің проректоры қызметінде болды.

1992-1994 жылдары профессор Н.Оралбай Түркия Республикасының Анкара университетінде түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысы жайында дәріс оқыды.

Нұржамал Оралбайқызы қазақ тіл білімінің жазу тарихы, графика, орфография мәселелерімен, қазақ тілінің морфология және сөзжасам салаларын зерттеумен шұғылданған. Ғалым қазақ тіл білімінің теориялық мәселелерімен қатар, оқыту әдістемесі мәселелерімен де айналысты. Оның еңбектері тек ірі басылымдарда ғана емес, сонымен қатар, бұрынғы Кеңес Одағы көлеміндегі «Советская тюркология» журналында, Новосибирскіде, Ташкентте, Қазанда, Түркия т.б. мемлекеттерде жарық көрген.

Ғалым республикалық конференциялармен қатар, Анкара, Кипр, Анталия қалаларында өткізілген халықаралық конференция, симпозиум, құрылтайларда түркі тілдерінің өзекті мәселелеріне арналған баяндамалар жасады.

200-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік, көпшілікке арналған еңбектердің авторы, профессор Н.Оралбайдың ғылыми шығармашылығы сан алуан.

Ең алдымен қазақ тілі морфология саласынан жарық көрген еңбектерінен "Етістіктің грамматикалық категориялары" (1986), "Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары" (1975) "Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылымы мен мағынасы" (1979), "Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі" (1986, А.Қалыбаевамен бірге) , "Қазіргі қазақ тілінің морфологиясынан әдістемелік нұсқаулар" (1959,1961, 1971,1981) т.б. айтуға болады. Н.Оралбай 1971 жылы түркология, соның ішінде қазақ тілінің теориясына үлкен үлес қосқан "Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары" атты тіл құрылымындағы өзекті мәселе төңірегінде докторлық диссертация қорғады. Бұл қазақ тілі морфологиясындағы ең күрделі де көлемді сөз табы етістікке қатысты зор жаңалық болды. Сөздің аналитикалық формасы – тіл біліміндегі жаңа танылып жүрген теория еді. Н.Оралбайқызы қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары теориясының қазақ тіл білімінде тұңғыш жан-жақты қарастырып, осы ілімнің негізінің жасады, қалыптастырды. Ол алғаш қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманты теориясын ашты. Ғалым аналитикалық форма ілімінің тіл ғылымында жаңа сала болып танылатынын, аналитикалық формант түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне де тиесілі екенін дәлелдеді. Бұл сындарлы ғылыми тұжырым тіл ғылымында даусыз танылғаны рас. Н.Оралбай қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттарының тіл құрылымында алатын орны мен мән маңызына, өзіндік ерекшеліктеріне егжей-тегжейлі тоқтала отырып, мұралар тіліндегі фактілермен салыстырып-салғастыра отырып, жан-жақты талдап-таразылайды. Автор еңбегінде күрделі етістіктің өзіндік табиғатын ашып, оның екі тең мағыналы сыңардан тұрып, біртұтас мағына беріп, сөзжасам объектісіне айналатындығын да алғаш айтты. Осы тұрғыда ерекше атап өтетін бір жайт – ғалымның бұрын-соңды танылмай жүрген етістіктің аналитикалық форманттарының категорияларға қатысы мәселесінің кейінгі кездері талай ғылыми-зерттеу жұмыстарының нысанасына айналып, ос салада біраз шәкірт тәрбиеледі. Сондай-ақ аталған теория қазақ тіл білімінде даусыз қабылданып, термині қалыптасып, А.Ысқақовтың "Қазіргі қазақ тілі" (морфология) атты жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мамандығына арналған оқулығына енгізілді. Осы мәселені зерттеу барысында Н.Оралбайқызы қазақ тілінде қимылдың, амалдың қалай өткенін сипаттау категориясы барын ашты. Қазақ тіл ғылымының көрнекті өкілі Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алған күрделі сөз мәселесі, кейін орыс тіліндегі "вид" категориясымен, сондай-ақ аналитикалық формалы етістікке сырттай ұқсас күрделі етістікпен шатастырылып келген қимылдың өту сипаты категориясы алғаш рет осы еңбекте зерттеліп-зерделеніп, дәлелденеді. Зерттеу еңбегінде категорияны ғылыми тұрғыда қазақ тілінің бай материалдары арқылы жан-жақты қарастырып, оның ішкі бай мағыналық құрылымы мен берілу жолдарын, синтетикалық және аналитикалық формаларын, категориялардың бай көрсеткіштерін байыппен зерделеп, нақтылы анықтап, дәлелдеп, осы категорияның теориялық негізін жасады. Аталмыш категория 2002 жылғы "Қазақ грамматикасы" атты іргелі еңбектен де орын алған.

Осы еңбекте нөлдік морфема мен нөлдік форманы жүйелі түрде тілдің грамматикалық құрылысымен байланысты, жан-жақты дәлелдеген – Н.Оралбайқызы. Ғалым морфеманы тілдік таңба тұрғысынан, мағыналық оппозиция тұрғысынан, синтагма тұрғысынан жан-жақты дәлелдеген, оларды сөздің түрлену жүйесі бойынша зерттеген. Оны осы еңбектегі "Парадигмалар жүйесіндегі нөлдік морфема мен нөлдік форма" деген тақырыптан көруге болады. Көмекші морфемалар тобындағы нөлдік морфема мәселесін 1976 жылы алғаш С.Исаев пен Н.Оралбай көтерген еді. Профессор С.Исаев бұл мәселені "Грамматикалық мағына

мен форманың сәйкестігі және нөлдік тұлға” деген мақаласында көтерген еді. Осы идеяны ол “Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар” деген 1992 жылғы еңбегінде, “Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты” деген 1998 жылы шыққан еңбегінде жалғастырып, дамытып, дәлелдеген. Сөздің нөлдік формасын 2002 жылы жарық көрген іргелі еңбек “Қазақ грамматикасына” енгізді. Ғылымның соңғы жетістіктері негізінде жазылған бұл грамматикаға нөлдік форма мәселесінің кіргізілуін нөлдік морфема, нөлдік форма мәселесінің ғылымда танылуы деп бағалау керек.

Н.Оралбай “Проблемы нулевой формы и нулевого слова в грамматическом строе тюркских языков” (1976) деген мақаласында қазақ тілі ғана емес, жалпы түркі тілдеріндегі нөлдік форманы сөз етіп, оны тілдік фактілермен дәлелдеген. Н.Оралбай нөлдік морфема мәселесін әрі қарай зерттеп, 1986 жылы жарық көрген А.Қалыбаевамен бірге шығарған “Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі” атты монографияның нөлдік морфема мен нөлдік формаға бір тарауын арнады. Бұл еңбекте ғалым бұл мәселені жан-жақты зерттеп, оның теориялық негізін жасады. Аталған монографияда нөлдік морфема тілдегі морфемалар жүйесінің бір мүшесі деп саналған, оның тілдің сөзжасам жүйесінен де, грамматика жүйесінен де кең орын алатынын дәлелдеген. Қазақ тілінде нөлдік морфема мен ол арқылы жасалатын сөздің нөлдік тұлғасы барын монографияда жан-жақты дәлелдеген. Атап айтқанда, нөлдік морфеманы тілдік таңба теориясы тұрғысынан, нөлдік морфеманы мағыналық оппозиция тұрғысынан, нөлдік морфеманы синтагма тұрғысынан жан-жақты дәлелдеген. Сонымен бірге морфологиядағы сөз түрлендіретін парадигмалардан, яғни грамматикалық категориялар жүйесінде нөлдік морфема мен сөздің нөлдік тұлғасын нақтылы көрсетіп, оларды ғылыми негізде дәлелдеген. Айталық, септік жүйесіндегі атау септіктің, ілік, табыс, шығыс, көмектес септіктердің нөлдік морфемасы бары нақтылы тілдік деректермен дәлелденген. Сол сияқты тәуелдік категориясының, сандылық категориясының, бұйрық райдың нөлдік морфемалары, етістіктің болымдылық-болымсыздық категориясының болымдылық мағынасының нөлдік морфемасы, нақ осы шақтың нөлдік морфемасы және нөлдік тұлғалары бары теориялық тұрғыда, нақтылы тілдік деректермен дәлелденген. Бұл айтылғандардан тілдегі грамматикалық категориялардың бәрінде нөлдік морфема мен нөлдік тұлғаның бары ғылыми негізде дәлелденді.

Көмекші сөздер мәселесі – ғылымда көптен сөз болып келе жатқан мәселе. “Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі” атты монографияда Н.Оралбайқызы “Қазақ тіліндегі көмекшілер” тарауын жазып, онда қазақ тіліндегі көмекші сөздердің барлық түрін анықтаған. Еңбекте көмекші сөздердің мына түрлері көрсетілген: көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар, модаль сөздер, күшейткіш үстеулер. Осы көмекшілердің алғашқы үш түрі (көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар) аталып, танылып келгені белгілі. Ал модаль сөздер мен күшейткіш үстеулерді көмекшілер қатарына қосқан, олардың көмекшілік қызметін ғылыми тұрғыда дәлелдеген Н.Оралбайқызы екенін атау қажет. Бұған еңбекте көмекшілердің түрлерінің анықталғаны - дәлел.

Профессор Н.Оралбайдың өте маңызды ғылыми табыстары, жетістіктері сөзжасам мәселесімен байланысты. Сөзжасам грамматиканың морфология саласында қаралып, онда әр сөз табының сөзжасамы қысқаша қамтылып келгені - белгілі жағдай. Ал сөзжасамның тіл білімінің дербес саласы екені «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген 1989 жылғы монографияда жан-жақты ғылыми негізде дәлелденді. 1990 жылдан бастап сөзжасам қазақ тілі мамандарын дайындайтын барлық жоғары оқу орындарында жеке пән ретінде оқу жоспарына кіріп, оқытыла бастады. Бұл- қазақ тілі сөзжасамының дербес сала ретінде танылғанына дәлел. Ол осы мәселені ғылыми тұрғыда дәлелдеген Н.Оралбайдың ғылыми идеясының танылғандығын білдіреді.

Аталған монографияның «Сөзжасамның жалпы мәселелері» деген 100 беттен тұратын бөлімінде сөзжасамның өзіндік тілдік бірліктері, өзіндік сөзжасамдық тәсілдері, қалыптасу

жолы, ішкі заңдылықтары бары тілдің жеке саласы болуға лайықты екендігін дәлелдеген. Монографияның осы бөлімінде сөзжасамның бірсыпыра жаңа мәселелері көтеріліп, ғылыми айналымға қосылған. Олар: сөзжасамдық талдау, туынды сөздердің түрлері, сөзжасамның негізділігі (уәждемелік), сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық үлгі, сөзжасам тәсілдері жаңаша қарастырылған. Монографиядағы осы жаңа мәселелердің авторы профессор Н.Оралбай екенін ерекше атау керек.

Монографияда автор дәлелдеген мәселелер ғылымда танылып, одан ары дамытылып жүргендігіне мынадай дәлелдер келтіруге болады: 1) ғалым көтерген жаңа ғылыми мәселелер жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ тілі сөзжасамы» (2002) оқулығына енді; 2) «Қазақ грамматикасы» деген үлкен еңбектен Н.Оралбайдың сөзжасам мәселелері туралы ғылыми идеялары қомақты орын алды; 3) Ғалымның сөзжасам мәселесіндегі ғылыми жаңа идеялары ғылыми еңбектерінде дамытылды. Бұл әрбір ғалым арман еткен жағдай екенін ерекше атаған дұрыс. Ғалымның тағы бір ғылыми идеясы күрделі сөздерге байланысты. Н.Оралбайқызы күрделі сөздердің толық лексикалық мағыналы екі я одан да көп сөздерден жасалатынын ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Ғалым еңбегінде негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі күрделі сөз жасайды деген теориясының қателігін дәлелдейді.

Осы аталғандары қорыта келгенде, Н.Оралбайқызы қазақ тілінің сөзжасам саласының жаңаша ғылыми негізін қалаушы болды деп толық айта аламыз.

Ғалымның ғылыми-ұстаздық қызметі, ғылымдағы дамытудағы, ғалым мамандар дайындаудағы еңбектері Республика Үкіметі тарапынан бағаланып, оған 1960 жылы Қазақ ССР-нің Жоғары Советінің Грамотасы, 1968 жылы Қазақ ССР-нің оқу-ағарту ісінің үздігі атағы, 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалі берілді. 1989 жылы «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағымен марапатталды. 2003 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қайраткері», 2005 жылы Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі атағы берілді.

Н.Оралбай - қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының тарихи тұрғыдан шынайы ғылыми-зерттеу жұмысының нысанына айналып, жан-жақты дамып, өзекті мәселелерінің басын ашуда өлшеусіз үлес қосқан қайраткер ғалым.Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының бүгінгі тарихи тұрғыдан дамуы жолында қарама-қайшылықты қандай мәселелер болсын, ғалымның ізденістерінен елеусіз, шеткері қалған емес.

Нұржамал Оралбайқызы - жоғары білім беру жүйесінде қазақ тілі мамандарын дайындау сапасын арттыру, ғылыми кадрларды даярлау, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытып-үйрету мәселелері, оқу-әдістемелік кешен жасау т.б. ауқымды міндеттерді шешуде жіті көзқарас танытып, келелі ой қозғап, ғылыми тұжырымдар айтқан дана ғалым. Егемендігін еншілеп отырған еліміздің өркениетін дамытуда ұлтжанды ұрпақты тәрбиелеу жолында ұлттық кадр мамандарын даярлауда ғалымның еңбегі ұланғайыр.Ең алдымен ғалымнын жоғары білім беру жүйесінде қазақ тілі мен әдебиеті саласында білікті маман даярлаудағы кешенді зерттеулерінің маңызы ерекше.

Білім мазмұнының ғылыми негіздегі құрылымының айқындығы оның қарастыратын нысанын да нақтылай түспек, олай деуіміздің мәнісі білім мазмұны, оны анықтау – дидактикадағы өте күрделі көпжақты мәселе екендігі. Осы тұрғыдан, дидактиканың теориялық негіздерінің басты аспектілерінің бірі – білім мазмұнын айқындау.

Оқу бағдарламасы – оқу пәнінің мазмұнын анықтайтын пән бойынша игерілетін білім, іскерлік, дағдылар жүйесін белгілейтін нормативті мемлекеттік құжат. Н.Оралбай жаңаша сараланған, типтік оқу бағдарламалары ЖОО мамандарының түпқазығы етіп ұстанған басты бағдар болды. Осы тұрғысынан келгенде, Н.Оралбайдың мына еңбектерін ерекше атап өтуге болады: «Қазіргі қазақ тілі морфологиясының бағдарламасы» (1992, 1994, 2001), «Қазіргі қазақ тілі сөзжасам жүйесінен» типтік бағдарлама (2001), «Практикалық қазақ тілі бағдарламасы» (1997), магистранттарға арналған «Қазақ тілі жалпы курсының бағдарламасы» т.б.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің оқу-әдістемелік бірлестігі бекіткен аталған бағдарламалар тіл ғылымының жетістіктері негізінде түзілген жаңаша танымға негізделген бағдарламалар болды.

Жоғары мектеп оқулығы - пән бойынша ғылыми білім мазмұнын анықтайтын, бірізділік ұстанымы негізінде тақырыптарды орналастыруды ретімен қамтамасыз ететін, арнайы кәсіби біліктіліктің қалыптасуына негіз болатын оқу субьектілерінің әрекетін үйлестіретін кешенді, ақпараттық құрылымы күрделі, көп аспектілі дидактикалық жүйе. Осы тұрғыдан алғанда, ғалымның ЖОО-да студенттерге арналған *«Қазақ тілі морфологиясы», «Қазіргі қазақ тілі сөзжасам жүйесі»* оқулықтары қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлаудағы ғылыми білім мазмұнын анықтайтын дәстүрлі талдау ауқымынан шығып, ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйенген, жаңа ғылыми танымға негізделген бірегей оқулықтар.

Қазіргі заманғы білім беру үдерісі, үздіксіз білім беру саясаты бүгінгі стдент, ертеңгі маманның ЖОО-да өз бетімен білім алып, өзін-өзі жетілдіру қабілетін білуге даярлығын талап етеді.Өзгермелі заманда болашақ маманның өздігінен білім алып, өзін-өзі жетілдіруіне мүмкіндік беретін оқу құралдарын даярлау- қажеттіліктен туындаған өзекті мәселе. Жаңа адамды тәрбиелеу ісін жүзеге асыратын буын мектеп десек, мектепке білікті, өз мамандығын жетік меңгерген мұғалімді даярлау, әдістемелік шеберлігін қалыптастыру ЖОО-ның жаңа заман талаптарына жауап беретін маман даярлаудағы келелі ісі деп есептеуге болады. Осы келелі істі қажыр-қайратымен, табандылығымен атқарған профессор Н.Оралбай қаламынан маманның теориялық білімін өмірлік жүйесіне айналдыруда туындаған мына еңбектерін атап өтуге болады: «Практикалық қазақ тілі», «Қазіргі қазақ тіліне жаттығуылар жинағы», «Қазіргі қазақ тілінен бақылау жұмысы», (1959), «Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан методикалық нұсқаулар» (1963), «Қазіргі қазақ тілі курсы бойынша методикалық жұмыстар» (1991) т.б. Бұлар – маман даярлаудағы қуатын жоғалтпас құнды оқу құралдары.

Ғалымның ерекше еңбек еткен саласы – қазақ тілін орыс тілді мектептер мен орыс тілді дәрісханада оқыту мәселелері. 1987 жылы Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республикада қазақ тілін оқып-үйретуді жетілдіру» қаулысынан кейін, іле республикада қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алған соң, егемен еліміздің жаңа Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл болып заңдастырылып, қазақ тілін өркендетудің бағыт-бағдары анықталды. Міне, осы тарихи құжаттар республикада тұратын жергілікті ұлт өкілдері мен өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйрену қажеттілігін туғызды.

Осындай күрмеуі күрделі түйткілді мәселелерді шешудегі ғалымның ден қоя зерттеулерінен мыналарды атап өтеуге болады*:* «Қазақ тілін үйрену курсының бағдарламасы (1987), «Қазақ тілі» (Халық университеттерінде өтілетін қазақ тіліне арналған бағдарлама және әдістемелік нұсқаулар), «Қазақ тілін үйренеміз» оқу құралы (авт.бірл., 1989). Мұның басты ерекшелігі - тілді игерудегі жаңа теория- қатысым әдісіне, сөйлеуге негізделгендігінде.

Заман талабына сай маман даярлауға байланысты алғаш «Басқа ұлт мектептері үшін қазақ тілі мен әдебиеті» (қазіргі «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы) мамандығына арналған типтік оқу бағдарламасы мен «Орыс тілді мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты (1996) оқулығы - қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімін тарихындағы тұңғыш оқулық. Бұл - қазақ тілін оқыту әдістемесі дамуына қосылған үлкен жетістік.

Ғалымның XX ғасырдың 90 жылдары «Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын ашу туралы ұсыныстары, сондай-ақ қазақ тілі мұғалімдері жетіспегендіктен, екі жылдық қысқа курстармен жеделдете маман даярлау туралы ойлары және оның жүзеге асуы қоғам талаптарын қанағаттандыруға талпынысынан туған жаңалықтар еді. Аталған мамандықтың кейін себепсіз жабылып, бүгінде қайта жаңғырып, ашылуы- оның идеясының өміршеңдігін, дұрыстығын дәлелдейтін айғақтар.

Нұржамал Оралбайқызы 1992-1994 жылдары Түркияда іргелі жоғары оқу орны Анкара университетінде қазақ тілінің мәртебесін жоғары көтеріп, дәріс оқып, соның нәтижесінде бірқатар ғылыми мақалалар мен екі кітаптан құралған «Қазақша үйренеміз», «Қазақша сөйлесеміз» оқулықтарын жазды.

2007 жылы шыққан ЖОО орыс бөлімдерінің студенттеріне арналған «Қазақ тілі» оқулығы - құрылымдық-мазмұндық жағынан жаңаша сарында оқытудың жаңа технологиясы негізінде құрылған дидактикалық жүйе. Оқулықтың ерекшелігі, біріншіден, тиімді жаңа технологияға, модульге негізделген, екіншіден, мәтінмен кешенді жұмыстарға құрылған, үшіншіден, «оқулық ұлтты тәрбиелейді» демекші, елтану мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Басқа ұлт өкілдері болсын, жергілікті ұлт өкілдері болсын маңызды дәйек ретінде елін, жерін, халқын сүюге тәрбиелейтін оқу материалдарының енгізілуі оулықтың құндылығын арттыра түседі. Сөздіктің оқулық соңында берілуінің тіл үйренудегі тиімділігі автордың тілді меңгерудің психологиялық қырларын жетік білетінін аңғартады.

Егемендігін еншілеп отырған еліміздің тәуелдігін ту еткен Қазақстанның өркениетін дамытуда ұлттық кадр маман даярлауда ғалымның еңбегі ұланғайыр. Тоқырау заманында қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімі дамуы жағынан кенже қалды. Бұл кезеңдегі тілді оқыту саласы бойынша бірді-екілі ғалымдарды атап айтсақ, бүгінде ғалымдар әлеуетінің қанат жайып, оның өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан – Н.Оралбайқызы. Ғалымның бастауымен 1990 жылы Мәскеу арқылы алғашқы кандидаттық диссертация қорғау кеңесін ашу зор жетістік болды. Алғаш диссертацияларын қорғағандар да – профессор Н.Оралбайқызының шәкірттері.

1992 жылы Қазақстан Республикасында Жоғары Аттестациялық Комиссия (ЖАК) құрылған кезде, кандидаттық, докторлық диссертация қорғау жөніндегі алғаш мамандандырылған кеңестердің ашылуына үлкен еңбек сіңірген де ғалым ұстаздың өзі болатын. 1974 жылы арнайы кеңестер құрылған кезде тілді оқыту әдістемесі ілімінен мамандардың болмауына байланысты ғылымның бұл саласынан диссертация қорғайтын кеңес республикада ашылмады. Ол осы ғылым саласының мамандарының дайындалмауына, ғылымның бұл саласының дамымауына әкеп соқтырды. Осы жағдайды жақсы түсінген профессор Н.Оралбайқызы 1991 жылы Қазақстан халықтарының тілдерін оқыту әдістемесі бойынша диссертация қорғайтын кеңес ашып, оның төрайымы болды. Кейін ол кеңес докторлық диссертация қорғайтын кеңеске айналып, әдістеме ілімінен бірнеше докторлар, кандидаттар дайындалды. Ол мамандар тоқырауға ұшыраған осы ғылымды жандандырды, дамытты.

«Шәкіртсіз ұстаз-тұл» демекші, бүгінде Н.Оралбайқызы 60-тан астам ғылым докторы мен ғылым кандидаттарын даярлады. Олар қазір үлкен қызметтерде, жоғары оқу орындарында проректор, институттарда директор, декан, кафедра меңгерушілері, тіл орталықтарын басқарушылар, профессор, доцент қызметінде жүргендер. Бұл - ғұлама Н.Оралбайқызы мектебінің тұғырының берік, еңсесінің биік екендігінің айғағы.

Өнегелі өмірімен үлгі болған көрнекті ғалым, қажырлы қайраткер, ұлағатты ұстазымыз Нұржамал Оралбайқызына шәкірттері атынан 90 жылдық торқалы тойымен құттықтай отырып, даңқыңыз артып, ғылым жолындағы жұлдызыңыз жарқырай жанып, халқыңыздың мерейіне бөлене беріңіз деген тілек айтқымыз келеді.

# ҒЫЛЫМНЫҢ ҚИЯСЫНА ҰЯ САЛҒАН АНА-ҚЫРАН

***Әбдіғалиева Т.***
*Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*
*Астана қаласы*

Адамның өмір кезеңдерінде табиғат заңдылығына сай жалғаса беретін мерейтойларының орны ерекше және сипаты да әртүрлі. Олай дейтінім, қазіргі қазақ қоғамындағы әр жанның өз өмірінде еліне, халқына сіңірген еңбегі, кәсіби салада атқарған қызметі, өз әулетінің, ұрпағының өніп-өсуіне, туыстар арасындағы жарасымдылық пен сыйластықты қалыптастыруға қосқан өлшеусіз үлесі т.б жайттар – мерейтойлар мазмұнына арқау. Тоқсан жасқа толып отырған сүйікті ұстазымыз, талантты ғалым, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбай - елжандылықпен еліне еңбек еткен жан. Ол кісінің еңбек майданы – ұстаздық, ғылыми зерттеушілік. Мерейтой иесінің ұстаздық жолы ғылыми зерттеушілігімен біте қайнасып, тілші маман болуға, студенттерді даярлауға аянбай еңбек етті. Басылым беттерінде жарияланған мақалалар, конференция материалдары (1988, 1998, 2033, 2008, 2013) талантты ұстаз, ғалымды республика жұртшылығына таныстырды. Кейінгі буын тілшілер, ғалымдар, тіл мамандарының ойына оралатын ғалымның ұстаздық жолы, шығармашылық әлемі қандай еді, ғылыми мектебінің тыныс-тіршілігі қандай еді деген сұрақтардың жауабын жоғарыда көрсетілген дереккөздерден оқып ала алады деуімізге болады. Алайда біз шәкірті ретінде бірер сөз айтсақ деген оймен өз тұшынуымыздағы сәттерді ортаға салғымыз келеді. Бұл орайда айтарымыз Н.Оралбайқызы - ұлтымыздың рухани өркендеуіндегі туған тіліміздің орнын, маңызын терең ұғына біліп, оны үйретудің қыр-сырын ғылыми, терең зерттеудің, қажымай еңбек етудің үлгісін көрсеткен қайраткер жан. Қазіргі кемелденген қазақ тілінің қарқынды дамуында ғалым Н.Оралбайқызына тиесілі жаңа пікір-көзқарастар, анықталып тұрақталған ғылыми қағидаттар жеткілікті. Мысалы, қазақ тілінің құрылымындағы аналитизм мәселесі, грамматикалық форманың аналитикалық түрі, қазақ сөзінің морфемалық құрылымының ғылыми сипаты, қазақ тілінде жаңа сөз тудырудың заңдылықтары мен қағидаттары т.б сияқты тілдік құбылыстар ғалымның авторлық ізденістерінің нәтижесі деуге болады. Бұл пікірлері өміршеңдігімен ерекшеленіп, қазіргі уақытта тілші маман даярлайтын оқу жоспарлары маөмұнынан орын алды. Ғалымның қаламынан шыққан щерттеу еңбектері қазақ тіл білімінің ең өзекті мәселелеріне арналды десек болады. Мысалы, қазақ жазуының тарихы, көне түркі жазбалар орфографиясы, грамматика теориясының мәселелері, тілдегі жаңа туынды сөздердің пайда болуы, жасалу заңдылықтары, қазақ тілін оқыту әдістемесі, көрнекті тілші ғалымдар өмірі мен шығармашылығын насихаттау т.б сияқты тақырыптар мен бағыттарды атауға болады. Қарап отырсақ, ана тілімізді танып білу, оның тарихы мен бүгінгі жай-жапсарын бойлауға көмектесетін сәттерге қажет заңдылықтар мен ережелердің статикалық, динамикалық қалыпта зерделеуге қалай кірісеміз, нені білуіміз керек дегендерді өзінің ғылыми ізденістеріне, сондай-ақ, өзі тәрбиелеген ғылым жолындағы шәкірттерінің еңбектеріне арқау ете білді. Осындай ғылыми зерттеулердің нәтижелері жаңжаққа шашырамай, маман даярлауға қажетті оқулық, оқу құралдары монография т.б түрінде тілші қауымға, оқырмандарға ұсынылды. Осы атқарылған істерден апайдың тек қана зерттеуші емес, ғылым қайраткеріне тән елжандылықты көреміз.

Қазақ тіл білімінің сөзжасам теориясына негізделген жаңа сала – ғалым Н. Оралбайдың тікелей қатысуымен ғылымда орныққан сала. Жаңа идея, жаңа көзқарастың өмірге еніп, тұрақтауы қашан болса да оңай іс болмаған. Сөзжасам төңірегіндегі ізденістер морфологиямен бірге қарастырылған межені анықтаудан басталып, сөзжасам нысанын ғылыми сипат-

тап, зерттеуге ұласты. Ашып айтсақ, профессор Н. Оралбайдың Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі (1988) зерттеу еңбегі, «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиясы (1989), Қазақ грамматикасы атты еңбектегі «Қазақ тілінің сөзжасамы бөлімі (2002), Қазақ тілінің сөзжасамы оқулығы (2002) және ғалымның ғылыми жетекшілігімен қорғалған «Қазіргі қазақ тіліндегі дене мүшелері атаулары негізіндегі сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық сатыларындағы туынды сөздер» (Н.Қоқышева, 2001), «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тізбектер» (Б.Есімсейітов 2002), «Сөзжасамдық тарам, оның ұядағы басқа бірліктермен байланысы» (Н.Есенов 2006) сияқты кандидаттық диссертациялар мен «Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесінің теориялық негіздері» (К.Құрманалиев 2002), «Қазақ тіліндегі күрделі атаулардың теориялық негіздері» (Б. Қасым 2002) докторлық диссертациялары жаңа туынды сөз жасаудың толыққанды мазмұнын ашып берген ғылыми ізденістер болды. Өзі бастап ғылым қиясына жол салып, шәкірттерін де қанаттандырды. Профессор Н. Оралбай бұл істе үлкен ұйымдастырушылық жұмыс атқарып, тілші қауымды жаңа сала сөзжасамды танып, мойындауға бастайтын, дәлелдейтін қыруар жұмыс атқарды. Бұл еңбектердің мазмұны, ішкі заңдылықтарының қисындары мақала, конференция, семинар түрлерінде кеңінен талқыланды. Осылайша, ғалым апайымыз үлкен қайраткер ретінде сөзжасам саласын тұғырға қондырып, мәртебесін анықтап берді. Ұстазымыздың біз сезінген қайраткерлік ісінің бірі – қазақ тілінің теориясы мен оны оқыту әдістемесінен ғылыми кадрлар даярлайтын ғылыми кеңес ашуы. Дер кезінде қоғамға қажетті, зәрушілік тудырған қам-қарекетті сезіну ісі әркімге беріле бермейді. Мүмкін анасы Бакуа Қосшығұлқызының XX ғасырдың 20-30 жылдарында Баянауыл аймағында ауылдық советке сайланып, қазақ қыздарын, әйелдерін сауат ашу мектебіне тартып, үгіттеген кезіндегідей хал кешті ме білмеймін, еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдарында басқа елдердің ғалым мамандарын шақырып, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту бойынша мамандандырылған ғылыми кеңес ашты. Мерейтой иесінің ғылыми мектебі дегенде елдің аузынан қазақ тілі теориясы мен оқыту әдістемесі саласынан 15 ғылым докторын, 55 ғылым кандидатын даярлады деген қасаң цифрларды естиміз. Ал тереңірек үңілсек, бұл цифрлардың тасасында ғалым Нұржамал Оралбайдың қайраткер ретіндегі тұлғасы, болмысы бар. Республиканың түкпір-түкпірінен келген, ғылыми даярлықтары, мінездері бір-біріне ұқсамайтын маман, аспиранттарды бір тезге салып, ғылымға келудің қыр-сырын үйретуге қандай қажыр-қайрат керек десеңізші! Шәкірті ретінде (студент, аспирант, докторант болған) өзіміз осы іске куә болдық. Апайдың еңбекқорлығы, бастаған ісін аяқсыз қалдырмайтыны, сенім артатындығы кімге де болса үлгі тұтатын өнер деп айтсақ, артық кетпеспіз. Ғалымның ғылыми мектебінің түлектері – Т.Әбдіғалиева, Б.Қасым, К.Жақсылықова, Ж.Сүлейменова, Ф.Оразбаева, Р.Шаханова, К.Құрманәлиев, З.Бейсенбаева, Ж. Балтабаева, А.Омарова, А.Қыдыршаев, С.Рахметова, М.Қондыбаева т.б ғылым докторлары елімізге танымал, өз істерінің шеберлері, жас ғалымдар даярлауға үлес қосып жүрген жандар. Апай шәкірттерімен мақтанса, біз апайымызбен мақтанамыз. Нұржамал Оралбайқызының есімі түркі тіл біліміне белгілі. Ғылыми еңбектері арқылы және халықаралық деңгейдегі симпозиум, конференция, семинарлар (Анкара, Кипр, Қазан, Ташкент) мінберлерінен айтқан пікірлері, теориялық ұстаным-бағыттарды таныстыруы, ол туралы көзқарастары арқылы тілшілер, ғалымдар таниды. Біздің пайымдауымызша, Нұржамал Оралбайқызы ұстаздық пен ғылымды шеберлікпен байланыстыра білген, қайраткерлігімен жұртшылық есінде қалатын, ғылымның қиясына ұя салған Ана-қыран! Мерейтойыңыз құтты болсын!

# АҚЫЛ, ҚАЙРАТ, ЖҮРЕКТІ ҚАТАР ҰСТАҒАН ҒАЛЫМ

***Бейсенбайқызы Зәмзәмия,***
*педагогика ғылымдарының докторы, профессор*
*Алматы университеті.*

1964 жылдың тамыз айы. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика интитутының филология факультетіне оқуға түсуді армандап құжаттарымды тапсырдым. Дайындалып жатырмыз. Мектепте жүргенде өзімше өлең шығарып, әдеби үйірмелерге қатысып жүргендіктен, қазақ тілі мен әдебиет пәндері маған қиын емес сияқты көрінетін. Оның үстіне бұл пәндерден сабақ беретін мұғаліміміз де өте білімді еді. Ақындардың өлеңдерін жатқа айтқанда, шығармаларға талдау жасағанда сол оқиғаның ішінде жүргендей әсер алатын едік. Даусы қандай ашық, киім киісі, жүріс-тұрысы қандай келісті еді.Талап ететін, бірақ артында зіл болмайтын, үнемі қамқорлық көңілмен, жылы шыраймен қарым-қатынас жасаушы еді. Менің осы мамандықты таңдауыма сол ұстазым себепші болғаны анық. Емтихан күні де келіп жетті. Жүрегім дүрсілдеп, 11 жыл бойы жиған-терген білімімнің қайда кеткенін білмей, қорғана басып, дәрісханаға кірдім. Емтихан мүшелері сақадай сайланып, әрқайсымызға жылы шырай танытып отыр. Демек, біздің тағдырымызға олар да немқұрайлы емес деп ойладым. Тек шеткерек отырған апайдың жүзі қаталдау көрінді, көз тоқтатып қарауға дәтім бармады. Билет сұрақтары маған қиындық тудырмады, себебі әдеби шығармаға талдау жасауды біз мектепте жақсы меңгергенбіз. Қазақ тілінен (әлі есімде) «зат есімнің сөз тудыратын жұрнақтары» деген сұрақ келді. Жауаптарыма емтихан мүшелері «өте жақсы» деген баға қойды. Осы баға мені білім жолына, ғылым жолына, ұстаздық жолға жетеледі. Алғаш жолымды ашқан «жұрнақтар» менің кандидаттық дииссертацияма, докторлық диссертацияма негіз болды. Бұны жетім қызға алланың жіберген ерекше бір сыйы деп қабылдаймын, шүкіршілік етемін. Оқу басталып кетті. 2-курсқа өтіп, өзімізді білімді санап, есейе бастадық. Оқу жоспары бойынша қазақ тілінің морфология саласынан дәріс оқуға ашаң жүзді, орта бойлы, әдеміше келген апай келді. Оқытушы кіргеннен бастап дәрісханада ерекше бір тыныштық орнады. Себебі, мұғалімді бірінші көріп отырмыз және оның сенімді аяқ алысы, салиқалы сөзі, сабырлы қалпы, тартымды бейнесі, жағымды даусы біздерді бірден баурап алды. Тіл байланды, «азат басымыз құл болып», оқытушының ойымен үндесіп, морфология ғылымының тереңіне бойлап кете бардық. Ол білімнің құдыреті, педагогтің шеберлігі екенін енді түсіндік қой. Дәрісті оқымайтын, ауызша түсіндіретін, негізгі бағыты ғалым А.Ысқақовтың зерттеулері болатын. Сөйлеу техникасы айтайын деген ойымен қабысып, құлағымыздың құрышын қандыратын. Бір көргеннен адамды өзіне тарта сөйлейтін, ойын ашық айтатын, ұстанымына берік, ақылы мен қайратын қатар ұстайтын ұстазым, белгілі ғалым Нұржамал Оралбайқызы бүгінде мерекелі де берекелі жасқа келіп отыр. Әрине, ғалым еңбегімен, ұстаз шәкіртімен бағаланады десек, бұл орайда Нұржамал Оралбайқызының ауыз толтыра айтатын игі істері аз емес. Ғалымның бір ғана Сөзжасам ғылымының ғылым ретінде қалыптасуына қосқан үлесі қаншама! 1980 жылдардың соңына қарай алғаш рет Сөзжасамды тіл білімінің бр саласы ретінде жеке қарастыру туралы (ғалым Е.Жанпейісовпен бірге) мәселе көтергені, сол мақала бүгінгі Сөзжасам ғылымының теориялық негіздерінің сараланауына. өз алдына ғылым ретінде жанжақты зерделенуіне негіз болғаны аян. «Ана тіліміздің лексикалық құрамының баюында негізгі қызметті тілдің өзіндік сөзжасам жүйесі атқарады. Ал сөздердің жасалуының қалыптасқан күрделі жүйесі бар. Бұл жүйенің өзіне ғана тән жолдары мен тәсілдері, сөз жасауға қатысатын тілдік тұлғалары, олардың қолданылу заңдылықтары әбден қалыптасқан. Сөздік қорды байытып, оның икемділігін арттыратын, қандай күрделі ой болса да, оны нақтылы, дәл жеткізуге мүмкіншілігі мол құдыретті тіл болып қалыптасуы тілдің сөзжасамының тілде атқаратын қызметі мен оның маңызын анық байқатады»,- деп басталған ғалымның алғашқы

ізденісі бүгінде Сөзжасам ғылымның теориялық негізіне айналды. Ғылыми зерттеулердің негізінде сөзжасам тілдегі жаңа мағыналы (туынды) сөздерді, олардың құрылымын, жасалу жолдарын зерттейтін, өзіне тән тіл деңгейінде (аралық деңгей) орны, қалыптасу тарихы, жүйесі, тілдік бірліктері бар тіл білімінің бір саласына айналды.

1990 жылдардан бастап сөзжасам жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқу жоспарына еніп, жеке пән ретінде оқытыла бстағаны белгілі. Пәннің бағдарламасын құрастырып ғалым соған сай 2001 жылы «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты оқулығын жарыққа шығарды. Оқулық қазіргі замандағы ғылымның дамуына сай жаңа технология бойынша модульдік жүйемен жазылды. Атап айтқанда, сөзжасам пәнінің мазмұны 5 модульге бөлінді. 1-модуль-сөзжасамның жалпы мәселелері, 2-модуль –туынды сөздер, 3-модуль сөзжасамдық ұя, 4-модуль- есім сөздердің сөзжасамы, 5-модуль- етістіктің сөзжасамына арналған. Демек, ғалымның сөзжасам құбылысының ғылым ретінде де, оқу пәні ретінде де негізін салғандығын, яғни бұл салада өзіндік дара соқпағы бар ғалым екендігін ерекше атап айтуымыз керек. Ғалымдар серке секілді: қай жаққа бастаса да тура жолға бастайды (Ю.Баласағұни) дегендей, Сіздің жетекшілігіңізбен қаншама ғалым-шәкірт ғылымның көкжиегіне көтерілді, қаншама талапкерлердің қолына ғылымның шырағын ұстаттыңыз. «Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды»,-деген ұлы Абайдың: «Ақыл, қайрат, жүректі қатар ұстап, Сонда ғана боласың елден ерек»,- деген философиялық тұжырымы сіздер сияқты ғалым-ұстаз-ана-қоғам қайраткерлеріне арнап айтқан шығар деп ойлаймын. Ақылыңыз жаныңызға қуат берді, соның арқасында отбасының бірлігін, тірлігін, балаларыңыздың бақытын жасадыңыз. Қайратыңыз ғылым деген телегей-теңіздің суалмайтын арнасынан сусындатты. Мейірімді де жылы жүрегіңізбен қаншама шәкіртке жан жылуын сыйладыңыз. Ақыл, қайрат, жүректі қатар ұстап, елден ерек ғалым атандыңыз. Қазақта тәрбие көзі-тектен деген қағида бар. Сіздің кіндік қаныңыз тамған басынан бұлт кетпейтін Баянауыл талай ғұлама-ғалымдар мен ақын-жазушылардың ордасы болған киелі де қасиетті топырақ екені аян. Сол топырақтан нәр алған Сіздің ғылымда өз орны, өз қолтаңбасы бар парасатты да, өр кеуделі ғалым, ана тіліміздің нағыз жанашыры болғаныңыз үшін, 1964 жылдан бері қамқор-кеңесші болғаныңыз үшін тек қана жақсылық, амандық тілеп, ризашылық сезімімді білдіремін.

## Н. ОРАЛБАЕВАНЫҢ «ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНЕМІЗ» ОҚУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МАҢЫЗЫ

***Әбдікәрім Т.***
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, п.ғ.д.*

Қазақ тіл білімінің өрістеуіне, кеңінен қанат жайып, өркендеуіне сүбелі үлес қосқан бір топ ғалымдардың ішінде бітім-болмысы бөлек профессор Нұржамал Оралбайқызы ғылым көкжиегінде өзіндікдара өрнегімен, ерекше қолтаңбасымен терең із қалдырды. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы,ұлағатты ұстаз – Нұржамал Оралбайқызының қалам сілтеген тақырыптары қазақ тіл біліміне жаңа леп, тың серпіліс алып келіп, тынысын кеңейтті десе де болады. Көрнекті ұстаздың қазақ тілтану ғылымының алтын діңгегі болған «сөзжасам» саласының тұғырын көтеріп, оның биік белестерін айқындағаны – асқан білімпаздықтың, қажырлы еңбектің жемісі. Ғалымның бұл саладағы алғашқы ізашар еңбегі – «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» (Алматы, 1989) болатын [1]. Ғалым осы еңбекте сөзжасамның тұңғыш жалпы теориялық мәселелерін кө-

теріп, сөзжасамның қалыптасқан заңдылықтарын, ұстанымдарын, тәсілдерін, үлгілерін, сөзжасамдық ұяларын, т.б қырларын дәлелдеп, ол сөзжасамның мазмұнын,құрылысын жасайтынын көрсеткен болатын. Кейінен де бұл салада көптеген іргелі ізденістер жасап, бірқатар толымды еңбектер жазған ғалым апайымыз Қазақстанда жоғары оқу орындары үшін тұңғыш «Қазақ тілінің сөзжасамы»(Алматы, 2002) [2] оқулығын жазды. Бұл еңбек қазақ тілін даярлайтын мамандар үшін ең қажетті пәндердің қатарына жатады. Оның себебі осы кезеңге дейін студенттерге жалпы монографиялық еңбектерден мәлімет беріліп келсе, енді арнайы өзінің бағдарламасына сай оқулықпен оқылатын болды. Онда сөзжасам пәні ретінде тілдің сөзжасам саласының мәселелерімен бірге білім берудің мақсаты, оның міндеті көрсетілді.

Бүгінде апайымыз отырғызған мәуелі ағаш тамырын тереңге жайды. Сөзжасам саласын тіл білімінің дербес саласы деп дәлелдеп, оның ғылыми-теориялық негізін құраған ұстаз апайымыздың бұл ғылыми жаңалықтары соңынан ерген жас ізденушілерге жаңа бағыт берді. Бұл салада арнайы жүйелі зерттеулер жасалынып, оған өзіндік құнды пікірлер айтылып, сөзжасам саласын жаңа қырынан тануға жол сілтенді. Ғылымда іргетасы биік мықты ғылыми мектебін қалаған Нұржамал апайымыздың соңынан С. Рахметова, М.Р.Қондыбаева, Ф.Ш. Оразбаева, Т. Жұмажанова, А. Қыдырышаев, Ж. Жақсылықова, Р. Шаханова, З.Бейсембаева, Ж. Сүлейменова С. Маралбаева, Қ. Мухамади, Қ. Бибекова, А. Шарапиденова, К. Қарымбаева сынды ізбасар талантты шәкірттер еріп, көрнекті ұстаздың артқан сенімін ақтады.Бұдан Н. Оралбаеваның тек жоғарыда көрсетілгендей ғылымның тек теориялық тұғырнамасын қалаған білікті ғалым ғана емес, сонымен қатар, оның шебер әдіскерлік қырын да тануға болады. Оны дәлелдейтін ғылыми еңбектері де аз емес. Сондай еңбектердің ішінде қазіргі таңда мемлекеттік тілді өзге ұлтты аудиторияларға тиімді үйретудің тың жолдарын айқындаған – «Қазақ тілін үйренеміз» деп аталатын құнды оқулығы жөнінде сөз қозғамақпыз.

Нұржамал Оралбаеваның «Қазақ тілін үйренеміз»[3] оқулығының құрылысы, мазмұны және оқыту әдістері жайына тоқталатын болсақ, оқулық жалпы қазақ тілін үйренемін, қазақ тілін беруге тырысамын деушілердің бәріне арналып жазылған. Бұл оқулық мазмұны бағдарламадағы берілген сағат сандарына қарай жасалынған, 40 сабақтың үлгісінен тұрады, 80 сағатқа мөлшерленген.

Оқулықта грамматикалық және лексикалық сөздің нормасы әр сабақта қаншадан сөз үйренуге тиісті екендігі нақты анықталып берілген.

Жазба жұмыс түрлері жеке ауызша тіл дамыту жолдарына арналған материалдары да жеткілікті. Оқулықтың алғашқы түсініктемесінде қазақ алфавитінің ішінде 9 әріптің өзіндік ерекшелігі жайлы толық түсіндіріледі. Сонымен бірге жалпы қазақ әріптерінің жазылу, айтылу ерекшелігі жайын түсіндіре келіп, дыбыстарды классификацияға бөледі. Сол сияқты сөздердің айтылуы мен жазылуындағы өзіндік ерекшелігі мен айырмашылығы орысшаға аударылып отырылады. Бұндай түсінік сабақты түсіндіргенге дейінгі мұғалімдер үшін өте қажетті бағыт. Бұл айтылғандарды қажетінде мұғалімдер басқа жерде іздеп жатқаннан гөрі, қазақша үйренем деушілер бірден оқулықтың алғашқы беттеріндегі нұсқауды оқып танысады да, жалпы одан бағыт алады. Яғни оқулықта оқытылуға тиісті материалдармен не істеуге болады, қалай оқытылуға тиісті деген мәселелерді түсіндіріп береді.

Қазақ тілінің өзіндік спицификасы жайынан бағыт ала отырып, мұғалімдер немесе өздігімен оқып үйренушілер келесі жеке тақырыптар бойынша әр сабақты түсіндірудің мазмұнын меңгеріп ұғуына сөзсіз көптеп көмек етеді. Оқулық мазмұнынан басқа ұлттарға қазақ тілін жалпы оқытуға арналған оқулықтардан әлдеқайда ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар. Мысалға, кей оқулықтарда фонетикамен таныстыра келіп, мәтінмен немесе мазмұнды суретпен жұмыс түрлері беріледі. Ал, бұл оқулықта 2 дыбысты қатар оқытады да, жаттығу жұмыстары көптеп жүргізіледі, т.б.

Тіптен, кей оқулықтардың мазмұны осы оқулыққа сүйеніп жазылғандығы да көрінеді, бұл заңды да оны әлі де жазады, жазыла беріледі.

Оқулықта қазақ тілін үйренем деуші орыс аудиториясына қажетті мәселелердің барлығы айтылып ескертілген, бүкіл әдістеме орындалуға қажетті мәселелер мен тілдің тиісті спецификасы ерекшеленіп дәлелденіп отырылады. Оқулық жасаймын деушілерге осы оқулықты негізгі тірек етіп алып, аудиторияның ерекшелігіне қарай арнап түрлі варианты оқулықтар жасай беруге әбден мүмкіндік бағыт бар. Осы жүйе тірек ете отырып, бүгін келе жатқан методист ғалымдар оқулық мазмұнына сабақтастық жасап, оқыта берілуде, оқылып та жүр.

Келесі, қазақтың өзіндік төл алфавиті ретімен берілген. Алфавиттің берілуі де өте орынды. Мұндағы дыбыстарды рет-ретімен оқып оларды жатқа айтқызып, әрі әріп диктантын алып, т.б. бірнеше жұмыс түрлерін жүргізіп, алфавитті басқа тіл үйренушілерге әбден жаттауға да болатыны сөзсіз керек екендігі екскерілген. Одан алфавит ішінен қазақтың байырғы сөздеріне кездесетін 9 әріпті теріп алып, оның әрқайсысының айырмашылығы мен ерекшелігін салыстыра отырып оқытуға әблен тиімді. Берілген әріптердің айтылу артикуляциясына ерекше мән беріп сөйлеу мүшелерінің қатысына қазақ тілін үйренушілердің зейінін лабораториялық жұмыс жүргізуге тіптен болады.

Оқулықтың негізгі бетінде фонетика бөлімі бойынша сабақ жүргізу жоспарлары басталады. Әр дыбыстарды оқытуда біраз ғалымдар әр әріпке жеке тоқталып, сол әріптен өрбіген сөздерді талдап жатату жүргізсе, ал профессор Н. Оралбаева бір дауысты, бір дауыссыз дыбыстарды қатар оқытуға бейімделген. Мысалы, 11 беттегі 1-сабақ бойынша дауысты «ұ» дауыссыз «қ» дыбысын қатар жүргізу жолдары беріледі. Ол үшін дыбыс, дыбыстық сөздегі орны, дыбыстық артикуляциясынан тұратын таблица беріледі.Екі дыбысты қатар оқыту ересектер үшін дұрыс та, әрі салыстыру әдісі арқылы түсіндірілу тиімді болуы үшін дұрыс та, әрі салыстыру әдісі арқылы түсіндірілу тиімді болып келеді. Бұл бойынша мұғалімнің қайталап оқуы, тыңдатуы бойынша жұмыс жүргізіледі де, бұдан соң дыбыстық жазбаша жазу үлгізі үйретіледі. Дыбыстардан буын құрастырылады. Дыбыстарды салыстырып дұрыс айтуға жаттығатын дұрыс оқытуға арналған әртүрлі көптеген материалдар ұсынылады. Енді «ұ» дыбысы талданып болған соң, «қ» дыбысына арналған жұмыс түрлері жүргізіледі. Бұл дыбысқа да алдыңғы дыбысқа да жүргізілген жұмыс түрлері беріледі де, одан барып грамматикаға көшеді. Грамматикада қамтылған ережеден сілтеу есімдігі (бұл – ол, т.б.) сұрау есімдігі және жаттықтыру үшін бірнеше сөздер, сөйлемдер, мәтіндер беріліп отырылады.

Сонымен бірге оқулықтың бір ұтымды ерекшелігі 9 әріпті оқытумен шектеліп қалмай, тәрбие мәселесіне де ерекше мән беріледі.

Мәтіндердің берілу формалары түрліше болып келген. Қазақшадан орыс тіліне, оырыссшадан қазақ тіліне аудару, сұрақ-жауап түріне арналған мәтіндер, диалог түрде берілген мәтіндер диалогтың өзі түр-тұрлі құрылымда қамтылған. Өлең, проза түрде берілген мәтіндер де жетерлік.

Мәтіндерден кейін сөздік жұмысы үнемі жүргізіледі.

Жалпы оқулықтың мазмұны жан-жақты түрлі жұмыстар мен тапсырмалар түрленіп, әрі толықтырылып отырылады.

Оқулық шетелдік елдерде де тіл үйренем деушілерге үлкен көмек болып жатқаны баршаға мәлім. Өз елімізде де туысқан елдерде де оқулықпен жұмыс жүргізілуде. Оқулық кімге болса да қажет-ақ. Тағы да оқулық түрлері түрленіп шыға берілсін десе де болады. Бұл жөнінде әлі де айтарлықтай мәселелер көп, бұл конференция әлі де жалғастырыла беріледі дейміз.

Оқулықтың мазмұнында еліміздің ұлағатты әрі белгілі адамдар өмірінен шағын жинақы мәтіндер беріліп отырылған. Мысалы, Абай, Шоқан, Ыбырай, Жамбыл, Сәкен, Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ільяс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Күләш Байсейітова, Қаныш, Ғабит, Сәбит, т.б.

Бұл аталғандардың өмірінен деректер беру басқа ұлттар үшін де, өзіміздің де бұларды білмейтін азаматтарымыз үшін де өте қажет. Себебі, еліміздің осындай ұлағатты адамдарын

білгізіп, болашағымызды елін, халқын сүюге баулу, патриоттық сезімдерін ояту міндеттері қойылғандығы оқулықтан жан-жақты көрінеді.

Бұл жерде мәтіндер беріліп қана қоймай, сонымен бірге оны оқытудың жолдары, әдіс-тәсілдері де көрсетіліп отырылады. Бұл тіптен қажет мәселе.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Оралбай Н.Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі.Алматы, 1989
2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002.
3. Оралбай Н.Қазақ тілін үйренеміз. Алматы, 1989


## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ КЕЛБЕТІ


***К. Жақсылықова,***

*п.ғ.д., Ш. Бектұрғанова, аға оқытушы,*

*Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы қаласы*


Бүгінде 90 жасқа толуын қалың жұртшылық атап өтіп отырған белгілі ғалым, ұлағатты ұстазымыз, Қазақ ССР-нің оқу-ағарту ісінің үздігі, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Еңбек ардагері, Қазақстан Республикасының білім беру ісіне еңбегі сіңген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар Академиясының академигі Н. Оралбаева апамыз қазақ тіл біліміне, сондай-ақ педагогика ғылымының жеке бір саласы саналатын қазақ тілін оқыту әдістемесі іліміне, оның дамуына ұшан-теңіз үлес қосты.

Басқа атақ-дәрежелерін былай қойғанда, ұстазымыздың есімімен біртұтас айтылатын белгілі ғалым. Ұлағатты ұстаз тіркестерінің мән-мазмұны – оның жарты ғасырдан астам қажырлы еңбегі мен табиғат берген талантты ұтымды, маңызды да мәнді жұмсай білген парасатты азаматтық ғұмырының жемісі екенін көрсетеді.

300-ден астам ғылыми еңбектің авторы Нұржамал Оралбайқызы тіл теориясының күрделі мәселелерімен ғана айналысып, соны ғана зерттеуші емес. Ол педагогика ғылымының жеке бір саласы саналатын қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің де үлкен маманы. Профессор Н. Оралбаева 1996 жылы «Оқу орыс тіліндегі мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты тұңғыш оқулықты баспадан шығарды. Сөйтіп, орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің негізін қалады. Ол сонымен қатар, тұңғыш рет өзге ұлтқа қазақ тілі оқулығын жасау теориясының негізін қалап, жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарынан шығарды. Олар бүгінгі күні де өзінің өзектілігін жойған жоқ, еліміздің жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде, тәжірибеде кеңінен қолданылуда.

Елімізге, алыс-жақын шетелдерге аты мәлім ғалым апамыздың баршаға үлгі боларлық ұстаздық келбеті, адами қасиеттеріне тоқталатын болсақ, Нұржамал апайдың басты қасиеттерінің бірі – оның жаңа іске, жаналыққа жаны құмарлығы. Ғалым апа әрқашан ана тілімізге қатысты үлкен мемлекеттік дәрежедегі мәселелерді шешудің көш басында жүрді. Ол өз ойын жарқыратып айтып, соны жүзеге асырғанша тыным таппады.

Ұлттық Ғылым Академиясының Тіл білімі институтында Грамматика бөлімін басқарып жүрген ғалымды 1987 жылы Алматы мемлекеттік университеті басшылығы қазіргі қазақ тілі кафедрасын меңгеруге өтініш жасап, шақырады. Осылай жаңа қызметке ауысқан Нұржамал Оралбайқызы іске үлкен намыспен, білекті сыбанып кірісіп кетеді. Сол кезеңде ол өзі басқарған

кафедраны ғана емес, бүкіл факультетті кеңейтуде тыным таппай еңбектенді. Нұржамал Оралбайқызы кафедра меңгерушілігі мен оқу-әдістемелік ісі проректоры қызметтерін қатар атқара жүріп, қыруар жұмыс жасады. Ғалым-ұстаз екі жылдық қазақ тілі мұғалімдерін жеделдете дайындау бөлімі, орыс мектептеріне қазақ тілі мұғалімін дайындау, аударма, қазақ-әзірбайжан, қазақ-түрік бөлімдерін ашқызып, олардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өз қолымен жасаған болатын. Және де осы оқу жоспарларын аймақтық оқу орындарына таратып оларға бағыт-бағдар, кеңес беру, мамандарымен қамтамасыз ету ісімен де тынбай айналысты.

Профессор Н. Оралбайқызы университетте әуелі түркі тілдері, кейін қазақ және орыс тілдері және осы тілдерді оқыту әдістемесі мамандықтары бойынша докторлық, кандидаттық диссертация қорғайтын арнайы кеңестің ашылуын ұйымдастырып, сол кеңесті басқарды. Кейін осы диссертациялық кеңестің тізгінін өзінің сүйікті шәкірті, профессор Ф.Ш.Оразбаеваға тапсырған болатын.

Нұржамал апайдың тағы бір азаматтық қасиеті – ол ұжымда, қоғамда болып жатқан жетістіктерге, игі істерге балаша қуанып, сүйініп, жаман істерге күйініп, өз қарақан басының мұқтаждығынан гөрі өзгеге көңіл аударып, солардың мәселесін шешіп жүретіндігінде болатын. Мәселен, сол кезеңде ғылым кадрларын Аттестациялау Департаментінің соңғы шешімі бойынша, кандидаттық диссертацияны бекіту қорғаудың арнайы кеңесіне жүктелуі жайында мәселенің шешілуіне де үлкен үлес қосты. Бұл, әрине, жас ғалымдардың ғылыммен айналасуына жасалған үлкен жеңілдік, жақсы жағдай болған еді. Ана тіліміздің қоғамдағы қызметінің артуына ат салысатын мамандарды даярлап оларға әрдайым сүйеніш болуды өзінің міндеті деп есептейтін Нұржамал апай республикалық баспасөз беттерінде осы мәселені кезінде бірнеше дүркін көтерген болатын. Міне, сол ой-ұсыныстары жүзеге асып, дайындалған мамандар бүгін республикамыздың түкпір-түкпірінде қызмет етуде.

Ғалым-ұстаздың ерекше қасиеті оның әділ сөзінде, турашылдығында. Әділ сын айтылғанда ғана ғылым алға жылжиды. Жалған сөзбен ешқашан ештеңе тынбайды, ештеңе дамымайды. Нұржамал апай «тура сөйлеп туғанына жақпай қалатын» адамдардың бірі. Ал, бірақ, ғылымы алға дамыған өркениетті ел болу үшін осындай тура сөз, әділ сын өте қажет. Түсіне білген адамға – бұл шыңдау мектебі. «Ұстазы мықтының – ұстамы мықты» дегендей, Нұржамал апайдың шыңдау мектебінен өткен шәкірттері де оның осы қасиеттерін бойларына әбден сіңірген.

Нұржамал апайдың пайымдауынша, шынайы ұстаз жетер жеріне жеке дара жетпек емес. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген халық нақылы ол үшін өмір кредосы. Ғылыми жұмыс пен ұстаздықты өмір бойы қатар ұстаған Нұржамал Оралбайқызы осы екі саланы шеберлікпен ұштастырып, азаматтықпен «қара нардай» көтеріп келді. Ғалым-ұстаз 50-ден астам ғылым кандидатын, 20 астам ғылым докторын және көптеген ғылым магистрлерін дайындап шығарды. Қазір республиканың әр аймағында Нұржамал Оралбайқызының төл шәкірттерімен қатар, сол шәкірттерінің тәрбиесінен шыққан «немере шәкірттері» де ана тіліміздің мәртебесін көтеріп, дамыту бағытында қызмет жасап жүргені бәрімізге мәлім. Бұл өмірдегі жалғастық, сабақтастық заңдылығының шынайы көрінісі емес пе?! Кезінде ұлы ағартушы Жан-Жак Руссо: «Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық – ұлы нәрсе»,-деген екен. Ұстаздық ұлы нәрсе болса, осы мәртебелі істі абыроймен, жоғары жауапкершілікпен атқарушы ұстаз да ұлы. Ұстаз бен ұстаздық біртұтас ұғымға, құбылысқа айналған ерекше жоғары деңгейдегі азаматтық қасиет.

Олай болса, Нұржамал Оралбайқызы – бүгінде ана тілінің мәртебесін жоғары көтеріп жүрген ғалымдарды баптап тәрбиелеген, қанат бітіріп ұшырған қасиетті ғылыми мектептің ауыр жүгін, ар жүгін зор абыроймен арқалаған Ұлы Ұстаз, Ана Ұстаз, Асыл ұстаз ... .

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Оралбай Н. Биобиблиография./Р.Шаханова, т.б. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2013. – 72б.

# НҰРЖАМАЛ ОРАЛБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ҒЫЛЫМЫ

***Р.Ә.Шаханова***
*педагогика ғылымдарының докторы, профессор*
***А.Қабдыл***
*педагогика ғылымдарының докторы, доцент*
***А.Қ. Қарабаева***

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. Рухани жаңғырудың мән-маңызы да нақ осында... Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» - деген сөздер бар [1].

Шынында да адам өмірдің үлкен белесіне шыққан кезде артына қарап, өзі салған ізіне сүйсіне көз тастайтын кез болса, қазақ тіл білімінің грамматика, сөзжасам, қазақ тілін оқыту әдістемесі салаларының өркендеуіне сүбелі үлес қосқан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, филология ғылымдарының докторы профессор – Нұржамал Оралбай бүгінде сондай уақыт құшағындағы адам.

Бар өмірін қазақ тілінің грамматика, сөзжасам, қазақ тілін оқыту әдістемесі салаларын зерттеуге арнаған қазақтың біртуар қызы –Нұржамал Оралбай ерекше атап, жастарға үлгі тұтар тұлға екендігін мақтанышпен айтуға болады. Ғалымның қай еңбегін алсаң да – ғылымға қомақты үлес қосқан дүниелер.

Ғалымның 1971 жылғы «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары» атты докторлық диссертациясы қазақ тіл біліміне үлкен жаңалық болып қосылды. Аталған ғылыми зерттеуде профессор Нұржамал Оралбай грамматикалық дамудың нәтижесінде етістіктің лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық қызметке көшкен көмекші етістіктер табиғатын танып: «Көмекші етістіктердің өте жоғарғы дәрежеде абстарқцияланууы, олардың грамматикалық мағыналарының кеңеюі, түрлі категория мағыналарының көрсеткіштеріне айналуы, тұрақталуы –грамматикалық даму заңдылығының нәтижесі» деп, көмекші етістіктердің грамматикалық катеогориялар көрсеткіштері мағыналық ерекшеліктерін саралап береді. Көмекші етістіктер өздігінен грамматикалық мағыналары алдыңғы сөздегі қосымшамен байлаулы болғандықтан оларды аналитикалық форманттары қазақ тілінде негізінен қимылдың өту сипаты категориясының көрсеткіштері болып танылып отыр.

Сөздің аналитикалық формасы үндіевропа тілдеріне ғана тән, ал басқа типті тілдерде аталған тілдік құбылыс кездеспейді деген теория ғылымда ұзақ уақыт берік орын алып келген болатын. Ғалымдар славян тілдерінде қимылдың тек аяқталу мен аяқталмауын білдіретін көрініс (вид) категориясына сыймайтын түркі тілдеріндегі семантикасы өте бай қимылдың жасалуын екі түрлі түсіндіріліп келген еді.

Кейбір ғалымдар қимылдың аяқталуы мен аяқталмауына қатысты тілдік көрсеткіштерді үш, алты түрге бөліп қарастырды. Түркітануда көрініс категориясында арналған пікір қайшылығы туындап, олардың жасалу жолдары мен грамматикалық көрсеткіштері туралы да ғалымдар пікірі үйлеспеді. Яғни қазақ тіл білімі ғалымдары да бұл категорияның табиғаты туралы екі ұдайы пікірде болды. Кейін бұл теорияның негізсіз екендігі дәлелденіп, ғылымда жаңа бағыт қалыптаса бастады. Солардың қатарына жаңа бағыт өкілдерінің бірі болып қазақ тіліндегі етістіктердің грамматикалық құрылысында аналитикалық форманттардың кең орын алатындығын ғылыми –теориялық тұрғыда бай тілдік деректермен дәлелдеп Нұржамал Оралбай қосылды.

Нұржамал Оралбай 1971 жылы түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде осы уақытқа дейін дұрыс шешімін таппай келген тілдік құбылысты қимылдың өту сипаты категориясы деп, оның қимылдың жасалуы мен қимылдың даму сатысынан тұратындығын докторлық диссертациясында дәлелденген болатын. Олардың берілу жолдары мен көрсеткіштерін толық сипаттаған еді. Өмірде қимыл әрекеттің бірде кенеттен, бірде созылыңқы, бірде баяу, бірде немқұрайлы жасалуы, жасанды, мақсатты, ынтамен, жігермен, қысқа, шапшаң, батыл, ерекше қарқынмен, орындалатын қимылға дайындық т.б. толып жатқан жасалу түрлері кездеседі. Қазақ тілінде олар көсемшелі негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесі арқылы жасалады. Н.Оралбай зерттеуін тек қимылға қатысты құбылыстардың тілімізде берілу шеберлігіне, тілдің табиғи байлығына, бейнелілігіне, өмірдегі адам әрекетін дәл суреттеуіне сүйсінбеске болмайды. Ғалым оларды төмендегіше жіктеген: қимылдың жасандылығын білдіретін тілдік бірліктер –**ған бол**, мысалы, *ұйықтаған бол, қалжыңдаған бол, айтқан бол, көрген бол*; толық орындалмаған қимылдың берілуі –**а жазда**, *құлай жаздады, кетіп қала жаздады, айта жаздады, ұра жаздады*; қимылдың бағытталуын білдіретін форманттар –**п ал**, **-п бер**, мысалы, *тойып алдым, көшіріп алдым, жазып бердім, алып алдым, қайтіп бердім*. Қимылдың ерекше ынтамен жасалуының берілуі –**ып бақ**, *шыдап бақтым, айтып бақты, жылап бақты*; қимылдың немқұрайлы жасалуы **-а сал –а отыр**, **-е жүр**, мысалы, *айта сал, сөйлей отыр, жаза сал, байқай жүр, көре сал, тыңдай отыр*. Қимылдың күтпеген жерден жасалуына **–а қойып**, **-а кет**, **-а қал**, мысалы, *баса қойды, сезе қойды, келісе кетті, елеңдей қалды*. Қимылдың қысқа, батыл жасалынуы **–п таста**, **-п жібер**, **-п түс**, **-п қал**, мысалы, *айтып таста, айтып жібер, айтып қал, қойып жібер, күліп жібер, жазып таста, айқаса түсті.* Қимылдың ерекше қарқынмен жасалуы **–п кеп жібер**, **-п кеп қал**, мысалы, *айтып кеп жіберді, періп кеп қалды*. Қимылдың созылыңқы жасалуы, қайталануы **–е бер**, **-е түс**, мысалы, *айта түс, айта бер, оқи түс, оқи бер*. Қимылдың жасалуына шек қойылу – **е тұр**. *Күте тұр, оқи тұр, жата тұр, жаза тұр, санай тұр*. Қимылдың жасалуға бейімділігі **–ғалы отыр, -ғалы тұр, ғалы жатыр, -йын деп отыр**, мысалы **барғалы отыр, жазғалы жүр, барайын деп отыр**. Қимылдың динамикалық қалыптан статикалық қалыпқа көшуі **–ып қал**, мысалы отырып қалды, тыңдап қалды, жазып қалды, ойланып қалды, жатып қалды. Бір қимылдың соңынан ілесе екінші қимылдың жасалуы, **-е сала, -а сала, -а салып,** мысалы, *ала сала, бере сала, оқи сала, тыңдай сала, біле салып*.

Ғалым идеялары 1974 жылы шыққан А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» атты оқулығына енді. 1964 жылы шыққан басылымда ол болмаған еді. Оқулықтың 1991 жылғы басылымында да ол сақталған.

Нұржамал Оралбайдың аналитикалық форма идеясы, теориясы қазақ тілі морфологиясында қалыптасқан, орнықты деуге дәлел ретінде 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» да берілуін айтуға болады. Ғылыми идеяның оқулықтар арқылы қолданысқа түскені, монографиялар арқылы жарыққа шығып, көпшілікке таныс болуы, таралуы –еңбектің жоғарғы бағалануы деп те айтуға болады.

Н. Оралбайдың қазақ тіл білімінің зерттелуіне, дамуына қосқан үлесінің бірі – қазақ тілі сөзжасамының дербес сала ретінде танылуы дәлелдеуімен байланысты. 1989 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институтының бір топ ғалымдары , атап айтар болсақ, грамматика бөлімі қызметкерлері М.Балақаев,А.Қалыбаева, Қ.Есенов, Е.Жанпейісов, С.Нұрқатов, Н.Оралбайқызының қатысуымен «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам» жүйесі монография жарыққа шықты. Аталған еңбекте алғаш рет қазақ тілі сөзжасамының теориялық негізі қаланды. Оған дейін сөзжасам мәселелері морфологияда сөз таптарының құрамында туынды зат есім, туынды сын есім, оларды жасаушы жұрнақтар аясында сипаттама түрінде ғана айтылып келген еді. Монографияда сөзжасамның тіл білімінің басқа салаларымен байланысы көрсетіле отырып, оның өзіндік зерттеу нысаны бар екендігі, өзіндік даму жолы, заңдылықтары мен ерекшеліктері дәлелденді.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, сөзжасамдық талдау, сөзжасамдық талдау, сөзжасам бірліктері, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық мағына негізділігі, сөзжасамдық ұя, тізбек, саты, тип, үлгі т.б. қазақ тілінде бұрын зерттелмеген мәселелер айтылды.

Оның алдында 1988 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамы » атты Нұржамал Оралбайдың монографиясы шыққан болатын. Қазақ тілінің сөзжасамы бүгінде қазақ тіл білімінің бір саласы ретінде ғылыми-теориялық негізі қаланған, ұстанымдары мен қағидалары айқындалған. Қазақ тілінің сөзжасамы бойынша Нұржамал Оралбайдың жетекшілігімен бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстары жазылды.

Елімізде егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік тіл мәртедесіне ие болған соң, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету мәселелері күн тәртібінде тұрды. Іргетасы қаланбаған жерде үй салуға болмайтыны секілді аталған мәселелердің ең алдымен мәселелері жасалуы тиіс еді. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретететін маман –мұғалімдер дайындау, оның оқу бағдарламасын әзірлеу, яғни мамандықтың нормативтік базасын қалыптастыру. Сонымен бірге қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылыми –теориялық негіздемесін жасау мәселесі.Аталған мәселеде Нұржамал Оралбайдың бірнеше оқулықтары, оқу құралдары, бағдарламалары, жас маманға бағыт –бағдар беретін ғылыми мақалаларды, әдістемелік нұсқаулары жарық көрді.

Ғылымда пайда болған жаңа идеяның одан әрі жетілуіне, дамуына үлес қосатынн ғалымның ізбасар Шәкірттері бар. Нұржамал Оралбай – қазақ тіл білімінің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан ғалым. Тіл теориясы мен әдістемесі бойынша бүгінде 20-ға жуық ғылым докторларын, 60-тай ғылым кандидаттарын дайындаған, өзінің мектебін қалыптастырға ұлағатты ғалым -ұстаз.

Нұржамал Оралбай1928 жылы Повладар облысындағы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, Әлкей Хақынұлы Марғұлан сынды ұлы ғалымдардың кіндік қаны тамған қасиетті Баянауылда дүниеге келген. 1944 жылы арман жетелеп, алдына мақсат қойып, әсем Алматы қаласындағы қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне оқуға түскен, қазақтың қарапайым қызы өз өмірін қазақ тіл білімін дамытуға қызмет етумен, ғалым мамандар дайындаумен өткізген.

Ғалымның ғылыми –ұстаздық қызметі, ғылымды дамытудағы еңбектері Республика Үкіметі тарапынан бағаланып, оған 1960 жылы Қазақ ССР-нің Жоғарғы Советінің Грамотасы, 1968 жылы Қазақ ССР-нің оқу-ағарту ісінің үздігі атағы, 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалі берілді. Ал 1989 жылы «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағымен марапатталды. 2003 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қайраткері», 2005 жылы Қазақстан Педогогикалық ғылымдар академиясының академигі атағы берілді.

***Әдебиеттер:***

*Н.Ә.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы – Егемен Қазақстан, 10 қаңтар 2018 жыл.*

*«Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары» - Алматы, 1971 ж. Филология ғылымдары докторы дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат.*

*А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Монография» -Алматы, 1964, 1974, 1991.*

*«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» -Алматы, 2014. (авт. бірлестікте).*

*«Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасамы» -Алматы, 1988.*

# ИННОВАТОР ҒАЛЫМ-ПЕДАГОГ

***Бақбергенова Роза***
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*
*Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасы*

Зерттеуші ғалым Н.Л.Макаренконың *"инноватор"* терминіне: "Инноватор – это творческая личность, обладающая инновационным мышлением и с высокой инновационной культурой инноваций" – деп берген анықтама мазмұнын ой елегінен өткізіп зерделесек, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Оралбайқызы – инноватор ғалым-педагог.

Қазақ тіл біліміне өлшеусіз үлес қосқан ғалым Н.Оралбайқызының инноваторлығы сөзжасам саласының тұғырнамасын, заңдылығын алғашқылардың бірі болып зерттеуінде жатыр. 1989 жылы қазақ тіл білімі тарихында сөзжасам лингвистиканың дербес саласы ретінде зерттеліп, авторлық бірлестікте "Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы" монографиясы жазылды. Монографияда сөзжасам жүйесіне тән заңдылықтар, сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық мағына мен сөзжасамдық тәсіл мәселелерін теориялық тұрғыдан негіздеп берді. Ғалымның осы бағыттағы инновациялық ойлары Б.Қ.Қасым, З.Бейсембаева, Қ.Құрманәлиев, А.Омарованың докторлық диссертациялары мен сөзжасамдық ұя құрылымын зерттеген Б.Есімсейітов, Н.Қоқышева, З.Құрманәлиевалардың кандидаттық диссертацияларында ғылыми негізделді. Инновациялық технологияға, оның ішінде модульдік технология негізінде жазылған "Қазақ тілінің сөзжасамы" (2002) оқулығы, "Қазақ грамматикасы" академиялық еңбектегі (2002) сөзжасам бөлімі, "Қазақ тілінің сөзжасамы" (2014) авторлық бірлестікте шыққан оқулығында сөз таптарының сөзжасамы ғылымның соңғы деректері деңгейінде берілді.

Лингвистиканың жаңа да тың саласы "Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы" ғылыми курсын ЖОО-ның филология мамандықтарына инновациялық технология, оның ішінде модульдік технология негізінде оқытуды оқу жоспарына енгізіп, типтік оқу бағдарламасын жасады.

1990 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті Филология факультетінде "Басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығын ашты. Қазіргі уақытта 5В012100 – "Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығы елімізді мекендейтін өзге ұлт өкілдеріне және шетелдік азаматтарға мемлекеттік тілді меңгерту бағытында кадрлар даярлайтын ең негізгі мамандық. Осы мамандықта оқитын студенттерге арнайы авторлық бірлестікте "Практикалық қазақ тілі" (1993) оқулығын жазды.

Профессор Н.Оралбайқызының "Орыс тілді мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі" (1996) монографилық еңбегі жоғары оқу орындарында орыс тілді мектептерде қазақ тілінен мұғалімдерді даярлауда мәні зор тұңғыш оқулық. Аталған еңбекте қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту әдістемесінің методологиялық негізі айқындалып, дидактикалық ұстанымдар негізінде сұрыпталған әдістер жүйесі ұсынылады.

Ғалым оқу құралында лексика-грамматикалық минимумды сұрыптауда кезінде өзі ұсынған сөздің төмендегі қасиеттерін ұстанады: 1) сөздердің қолданылу жиілігі; 2) сөздердің жеңіл-қиындығы; 3) сөздің синонимдік қасиеті; 4) сөздің тақырып қажеттіне сәйкестігі; 5) екі тілге ортақ сөздерді санатқа енгізбеу; 6) сөздің сөзжасамдық қабілеті; 7) сөздің тілдің дыбыстық ерекшелігін қамтуы; 8) сөздің оқушының психофизиологиялық ерекшелігіне сәйкестігі; 9) сөздің оқулықта қайталану жиілігі. Орыс тіліндегі мектептерді қазақ тілін үйретушілердің лексикалық материалды жүйелі таңдап, сұрыптауда сөздің жоғарыда аталған қасиеттеріне ерекше мән беру қажеттігін ескертеді[1.30].

Профессор Н.Оралбайқызы жоғары оқу орындарында өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту, үйретудің теориялық-әдістемелік негізін жасауда тілді меңгертудің дидактикалық ұстанымдарын өте тиімді негізге алып отырған.

Түркітанушы ғалым Н.Оралбайқызы 1980 жылы Ташкентте өткен Бүкілодақтық III түркологиялық конференцияда, 1984 жылы Қазанда өткен Бүкілодақтық IV түркологиялық конференцияда жасаған баяндамаларының өзектілігін шетелдік тілші-ғалымдар жоғары бағалап, конференцияға қатысушы ғалымдардың зор ілтипатына бөленді.

1992-1994 жылдары Түркия мемлекетінің Анкара университетінде профессор қызметін атқара жүріп, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесінде өзінің тың ізденістерін жүргізді.

1994 жылы Анкара қаласында «Қазақ тілінің дыбыс үндестігі» деп аталатын мақаласын түрік тілінде "Түрік мәселелері" атты шетелдік басылымда жариялады. Мақалада шетелдік студенттерге қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарын тілдік, этикалық және коммуникативтік нормаларына сәйкес сөйлеу тілін игеретіндігіне назар аударды. Ғалым-педагог шетелдік тіл үйренушінің қазақ тілінің үндестік заңын терең меңгермейінше, орфоэпиялық нормаға сәйкес өз деңгейінде сөйлей алмайтындығына, сөз мәдениетінің қалыптаспайтындығына тоқталады. Шетелдік түрік азаматтарына қазақ тілін үйретуде тілдік бірліктерді коммуникативтік-танымдық тұрғыдан меңгерту қажеттілігіне тоқталады. Қазақ тілін меңгертуде нені, қалай, қайтіп үйрету қажет екендігін үнемі ой елегінен өткізіп, жай рефлексия жасап қана қоймай, интерспективті рефлексия жасағандығын аталған мақаладағы: "Анкара университетінде қазақ тілінен сабақ берген кезде студенттерге дыбыс үндестігі, әсіресе, буын үндестігі қиындық келтіргені байқалды. Студенттерде жуан, жіңішке сөз деген, жуан сөзге жуан қосымша, жіңішке сөзге жіңішке қосымша қосылады, олар жазуда түрлі әріптермен жазылады деген әдет жоқ. Бұл сабақта біраз қиындық туғызды, сондықтан бұл мәселелермен таныстыруды дұрыс көрдік" – деген үзіндіден байқаймыз [2.27].

Шетелдік тіл үйренушілерге қазақ тілінде коммуникативтік, лингвомәдениеттанымдық құзыреттіліктерін жетілдіруде ғалым Н.Оралбайқызы ерекше мән берген үндестік заңы ережелерін тілдік норма жаттығуларын жүйелі жүргізу басты ұстаным ретінде негізге алынады. Тілдік норма қалыптастыру жаттығулары студенттерді орфоэпиялық, орфографиялық, сөзжасамдық норма талаптарын орындап, туынды сөздерді дұрыс қолдану бағытын жетілдіреді. Қазақ фонетикасын эксперименттік әдіспен терең зерттеуші профессор Ә.Жүнісбек орфография мен орфоэпияның арасында толықтай сәйкестік болмайтынының әр түрлі себебі бар екендігіне тоқтала келіп: "Бір ғана дыбыстың сөйлеу барысындағы түрленген айтылым вариантарын жеке-жеке әріптермен белгілей беру, мысалы, сөйлеу үстіндегі қатаң дауыссыздың ұяңдануы, ұяңның қатаңдануы, тоғысыңқы дауыссыздың жуысыңқы дауыссызға айналуы тәрізді дыбыстық өзгерістерді естілуі бойынша таңбалап отыру мүмкін емес" [3] , – деген тұжырым жасайды. Мысалы, *басшы, қара құлақ* тәрізді сөздерді естілуінше *башшы, қарағұлақ* деп берудің тиімсіз екендігіне тоқталады. Сонымен бірге бір ғана з дыбысы бірде *с* (бергізсе – бергіссе, сызса – сысса т.б.), екіншіде *ш* (сызшы – сышшы, сөзшең – сөшшең) дыбысталуының заңды екендігін, ауызша сөз мәдениетін сақтау үшін маңызды екендігін атап көрсетеді [3.7-8].

Тіл үйретуші оқытушы қазақ тілін интерактивті оқытуда лексикалық минимумды сұрыптап, ұсынып қана қоймайды, сонымен бірге сөздердің дәл, анық және таза айтылуына ерекше мән береді. Орфоэпиялық норма қалыптастыру жаттығуларын дұрыс сұрыптап, жүйелі жүргізу тіл үйренушілердің тілдік коммуникацияда туынды сөздердің дұрыс айтылып, коммуниканттарға жағымды естілуін қамтамасыз етеді. Тіл үйренуші студенттерді тіліміздегі сөздерді дұрыс айтуға үйрету қазақ тіліндегі табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтауға дағдыландырады.

Қазақ тіліндегі бір ғана и әрпіне бірнеше дыбыс үлгілері сай болып шығады, сөзжасамдық жаттығуларды орындауда, профессор Ә.Жүнісбек еңбектеріндегі фонетикалық заңдылықтар негізге алынды. Мысалы:

- *ы – й: Ми – мый; милы – мыйлы; мисыз – мыйсыз; мишық – мыйшық.*
- *і – й: Киіз – кійіз; киіз үй – кійіз үй; киіз қалпақ – кійіз қалпақ.*
- *і – й: иіс – ійіс; иіс су – ійіс су.*

Тіл біліміндегі интерграциялық әдіс, яғни сөзжасамның фонетикамен байланысы әр сабақта жүргізіледі.

*Шетелдік тіл үйренушілерге қазақ тілін меңгерту – кешенді үдеріс.* Ғалым Н.Оралбайқызы шетелдік стуенттерге қазақ тілін меңгертуде қазақ тілін кешенді оқыту технологиясының қажеттілігіне де ерекше мән берді. Бұл салаға байланысты көп еңбек сіңіріп, өзге ұлтқа қазақ тілін үйрету мәселесін ғалымдарымыз профессор Н.Оралбаева мен Х.Есенов, С.Хайруллина авторлығымен шыққан “Қазақ тілін үйренеміз” – “Изучаем казахский язык” (1989) оқулығын ерекше атап айтуға тиіспіз. Аталған оқулықтың құндылығы – өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін сабақта кешенді қолдану тәсілін алғаш ұсынғандығында. Оқулықта берілген материалдар сөйлесім әрекетінің түрлерін кешенді қолдану арқылы тіл үйренушілердің коммуникативтік-танымдық құзыреттілігін қалыптастырып, дамытуға бағытталған. Еліміз егемендік алған жылдары университетімізге қазақ тілін үйренуге Америка, Корея, Қытай Халық Республикасы, Вьетнам, Түркия елдерінен арнайы келген студенттер осы оқулықпен қазақ тілінде тілдік коммуникация жасауды меңгерді.

Мемлекеттік тілді кешенді оқытудың мақсаты – қазақ тілін меңгертудің әр түрлі деңгейін жүзеге асыратын; тілді меңгертудің интербелсенді әдіс-тәсілдері мен инновациялық технологияның озық үлгілерін қамтитын; бір-бірімен сабақтас, жүйелі оқу құралдарын коммуникативтік тұрғыдан ұсыну; тіл үйренушілерге қазақша тілдік қатынасты еркін меңгерту арқылы коммуникативтік тілдік аяда қарым-қатынас жасауға үйрету. Осы бағытта

Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алып жүрген түрік студенттеріне арналған *«Қазақша үйренеміз», «Қазақша сөйлесеміз»* екі бөлімді оқу құралының тілді меңгертудегі тиімділігі түрік бөлімдерінде оқитын студенттерге жүргізілген тәжірибе барысында анықталды. *«Қазақша үйренеміз»* оқу құралында негізгі материалдар қазақ тілі грамматикасына, жаттығу жұмыстары мен диалогтарға негізделген болса[2.235], *«Қазақша сөйлесеміз»* оқу құралы «қазақ жерінің тарихы мен салт-дәстүрінен, ұлы адамдар өмірінен қысқаша мәліметтерге құрылған». Оқу құралында берілген мәтіндер, жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін жасауда тіл үйренуші шетелдік студенттердің лингвомәдениеттанымдық, коммуникативтік және когнитивтік құзыреттіліктерін дамыту ұстанымдары жалпы дидактикалық ұстанымдармен сабақтастырылған. Оқу құралының мазмұны шетелдік студенттердің қазақ тілінде интерактивті коммуникация жасай білуіне бағытталған. Түріктілді студенттерге қазақ тілін меңгертуде Н.Оралбайқызының түрік бөлімдеріне арналған оқу құралы қолданылды[4;5].

Жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдеріне арналған “Қазақ тілі” (2007) оқулығы оқытудың жаңа технологиясы негізінде жазылған оқулық. Оқулық 10 модуль 70 сабаққа бөлініп, өздік жұмыстары мен сөздік жұмыстары ұсынылған. Әр модуль соңында студенттің өзін-өзі тексеруі үшін тест тапсырмалары берілген. Әдістеме негізінде құрылған бұл оқулықта мәтінмен кешенді жұмыс, сөздік жұмыстар берілген. Мақал-мәтелдер, даналар сөзі, нақыл сөздерді де оқып-үйрену қамтылған. Тарихта аты қалған қазақ батырлары, ағартушылар, ардақты азаматтар мен қазақ өнерпаздарының тәрбиелік мәні бар өмір кезеңдерінен де мағлұмат берілген жаңа бағыттағы оқулық.

Аталған оқулықтың ең негізгі құндылығы – ғалым-педагог Н.Оралбайқызының тіл ғылымындағы *«ішкі лингвистика»* бағытын ұстанып, тілдің құрылымдық моделі тілдік тұлғаға берілетін білімнің негізгі мазмұны екендігіне ерекше мән бергендігінде. Лингвистика ғылы-

мындағы теориялық ақпараттар коммуникативтік бағытта, яғни тілдік қарым-қатынас *(коммуникативтік) құзыреттілік, лингвомәдениеттанымдық құзыреттілік* қалыптастыруға бағытталу қажеттігін дәйектейді[6].

Ұлағатты ұстазымыз профессор Нұржамал Оралбай апайымыздың қазақ тіл біліміне қатысты теориялық тұжырымдары мен әдістемелік тәжірибесі жаңа үлгідегі ұлттық мектеп моделін жасауда рухани азық болары сөзсіз. Инноватор педагог-ғалымның ғылыми-әдістемелік тұжырымдарын зерделеу, ғылыми ізденістерді жалғастыру ұлттық педагогика ғылымының қорын үздіксіз толықтырып, XXI ғасырдың терең білімді, бәсекелестік жағдайда рухани өресі биік, азаматтық бет-бейнесі қалыптасқан зияткер тұлғаны тәрбиелеуде үлгі боларлық тағылым деп зор құрметпен, ізгі ниетпен айта аламыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


☐ Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Алматы, 1996.

☐ Оралбай Н. Қазақ тілінің дыбыс үндестігі // Dil dergisi. Анкара университеті, Түркия, 1999. – 27 б.

3. Жүнісбек Ә. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінің алғы сөзі/Құраст. Н.Уәли, Қ.Күдеринова, А.Фазылжанова. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2004. – 784 б.

4. Оралбаева Н., Орынбаев А.Ә. – Қазақша үйренеміз. Оқу құралы. I бөлім. Ақтау, 2004. – Kazakca öğreniyoruz. Ders kitabi. Aktau, 2004.

5. Оралбаева Н., Орынбаев А.Ә. – Қазақша сөйлесеміз. Оқу құралы. II бөлім. Ақтау, 2004. – Kazakca konuşuyoruz. Ders kitabi. Aktau, 2004.

6. Оралбай Н., Құрманәлиев К.А. Қазақ тілі (жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімдерінің студенттеріне арналған оқулық). – Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. – 456 бет.


## Н.ОРАЛБАЙ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨМЕКШІЛЕР ТУРАЛЫ


***Сыздықова Г.О.***

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы*


Тілімізде дербес сөздермен қатар өзінің дербестік дәрежесінен қол үзіп, дербес сөздердің шылауында солармен тіркесіп қана жүретін белгілі бір сөздер тобы да бар. Ондай топтағы сөздер көмекшілік қызметімен, дербес сөздерге үстейтін қосымша грамматикалық мағынасы, өзіне тән белгілерімен ерекшеленіп, тіл жүйесінде көмекші сөздер ретінде қарастырылады.

Қазақ тіліндегі көмекші сөздер туралы алғашқы тұжырымдар Қ.Жұбановтың еңбегінде жасалады. Ғалым өзінің «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде» тіліміздегі күшейткіш көмекшілер мен шылауларды «қосалқы сөз» деген атаумен беріп, оны сөз тұлғасының бір түрі ретінде қарастырып, мынадай анықтама береді: «Қайсыбір сөздер түбірше, оңаша жұмсала алмай, басқа бір түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің біріне қосалқы болып қана жүре алады. Ондай сөздерге көбінесе жаңадан үстеу де, жалғау да жалғанбайды. Осындай сөздерді қосалқы сөз дейміз» [1,177]. Бұл тұжырымда қазіргі көмекші сөздерге тән белгілер, атап айтқанда, жеке жұмсала алмауы, түбір не үстеулі, жалғаулы сөздердің біріне қосалқы болып жұмсалу тәрізді қасиеттер толық көрініс тапқан.

Көмекші сөздердің тілдік болмысына қатысты маңызды тұжырымдар А.Ысқақовтың зерттеулерінде де айтылады. Ғалым қазақ тіліндегі семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай ерекшеленетін сөздердің бір тобын көмекші сөздер ретінде қарастырып,

мынадай анықтама береді: «Көмекші сөздер дегеніміз – өздеріне тән лексикалық мағыналары солғындаған, лексикалық мағыналарынан гөрі грамматикалық мағыналары басым болу себебінен көбінесе әр алуан грамматикалық қатынастарды білдіріп, әрқилы грамматикалық қызмет атқаратын жәрдемші сөздер» [2, 127]. Мұнымен қоса, көмекші сөздердің өз алдына дербес сөз ретінде қолданылмауы, сөйлемде тек атаушы сөз арқылы жасалған мүше құрамына енуі, жаңа сөз жасауға негіз бола алмайтындығы тәрізді белгілерін де атап көрсетеді.

Қазақ тіліндегі көмекші сөздердің зерттелуінде түрліше қарастырылып жүрген мәселелердің бірі – көмекші сөздердің түрлері.

Мәселен, Қ.Жұбанов көмекші (қосалқы) сөздерді тұратын орнына қарай *дәйек қосалқы* және *аяқ қосалқы* деп екіге бөледі. Ғалымның пайымдауынша, «дәйек қосалқылар «сөз түбірінің алдынан тұрады, аяқ қосалқылар түбір сөз, үстеулі сөз, жалғаулы сөздердің соңынан келеді. Дәйек қосалқылар: *тым* (ауыр), *әрең* (бітірдім), *бек* (жақсы), *қас* (батыр), *өте* (күшті), *ең* (оңайы), *тап* (осы) сияқтылар. Аяқ қосалқылар: (жазға) *шейін*, (ай) *сайын*, (қой) *мен* (сиыр), (оқу) *да*, (жазу) *да*, (сен) *ақ*, (көрдім) *ғой* сияқтылар»[1, 177]. Берілген мысалдарды сараласақ, ғалымның қосалқы сөздер деп отырғаны, негізінен, күшейткіш сөздер мен шылаулар.

Ал ғалым А.Ысқақов ерекшеліктеріне қарай көмекші сөздерді жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер деп бөледі [2, 128].

Қазақ тіліндегі көмекші сөздер және олардың түрлеріне қатысты пайымдаулар ғалым Н.Оралбайдың еңбектерінде де сараланып, жан-жақты қарастырылады. Зерттеуші ғалым өзінің «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» (2007) еңбегінде көмекші сөздерді «тілдің дамуында лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық мағынаға көшкен тілдік бірліктер» деп сипаттап[3, 28], көмекшілердің бірде: 1) шылаулар, 2) көмекші есімдер, 3) көмекші етістіктер, 4) модаль сөздер, 5) күшейткіш көмекшілер, 6) күшейткіш буындар [3, 28] тәрізді 6 түрін, енді бірде көмекші есім, көмекші етістік, шылау, күшейткіш көмекшілер, күшейткіш буындар [3, 55] деп 5 түрін бөліп көрсетеді.

Ал «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (2011) еңбегінде ғалым «көмекшілердің тілімізде бірнеше түрі бар. Олар: *көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар, модаль сөздер, күшейткіш көмекшілер*» [4, 239]деп, 5 түрге бөледі.

Көмекшілердің түрлеріне қатысты бұған дейін айтылған тұжырымдардан ерекшелігі: мұнда модаль сөздер мен күшейткіш көмекшілер көмекші сөздер ретінде қарастырылып, нәтижесінде көмекші сөздер сан жағынан толықтырылған.

Қазақ тіліндегі көмекші сөздердің зерттелуінде шешімін таппай жүрген мәселелердің бірі – осы, яғни күшейткіш көмекшілер мен модаль сөздердің бірде дербес сөз табы, бірде көмекші сөздің бір түрі ретінде қарастырылуы.

Қазіргі кезде күшейтпелі үстеу қатарында қарастырылып жүрген кейбір сөздер туралы Қ.Жұбанов өз кезінде мынадай пікір айтқан болатын: «нықтаулық үстеу деп аталып отырған *тым, ең, нақ* сияқтылар сөйлемде өз алдына мүше бола алмайтын, тек басқа бір түбір сөзге, онсыз да мүше болып тұрған сөзге қосылып қана жүре алатын нәрселер. Сөйлемге мүше бола алмайтын сөз мүшелерін сөйлемге мүше бола алатын сөз таптарымен теңестіруге болмайды. Бұлар басқа сөздерге қосақталып қана жүре алатын, «Тіл құралдың» өзінде де *қосалқы* деп аталған, тапқа тиісті нәрселер болып шығады. Сондықтан **үстеу** категориясынан бұлар да шығып қалады»[1, 235].

Қ.Жұбановтың бұл тұжырымын Н.Оралбай одан әрі дамытып, үстеу қатарында жүрген *өте, ең, аса, тіпті* сөздерін «сын есімнің күшейткіш шырайын жасаушы көмекшілер» [4, 239] ретінде қарастырады. Бұл орайда ғалым өз тарапынан мынадай дәйекті тұжырымын да келтіреді: «Күшейткіш үстеуі аталып жүрген *өте, аса, тым, ең* сияқты тілдік элементтердің мағынасы өте абстракты. Бұл элементтердің объективті өмірде атайтын нақтылы белгісі жоқ. Ол түс те емес, сапа да емес, мекен, мезгіл, зат, құбылыс, әрекет дегеннен олар

мүлдем алыс. Олар бір белгі мен екінші белгінің арасындағы салыстыру арқылы көрінетін айырмашылықты білдіреді. Бұның өзі зат белгілерінің қарым-қатынасына байланысты. Олай болса, бұлардың мағынасы үстеу сияқты жеке сөз табының нақтылы лексикалық мағынасы емес, нағыз грамматикалық мағына. Күшейткіш көмекшілер – грамматикалық категория көрсеткіші, сондықтан оның мағынасы – грамматикалық мағына, ол грамматикалық мағына бермесе, грамматикалық категорияның көрсеткіші болмас еді, ал олар шырай категориясының көрсеткіштеріне жатады, өте абстракты, грамматикалық категорияның мағынасын білдіретін көрсеткіштің мағынасы лексикалық мағынаға жатпайды» [4, 263]. Қазіргі кезде күшейту үстеулері қатарында жүрген мұндай сөздердің көмекші сөздің бір түрі – күшейткіш көмекшілер ретінде қарастырылуының ғылыми дәйектемесі осы тұжырымда толық көрініс тапқан деуге болады.

Ғалым Н.ОралбайҚ.Жұбановтыңкөмекшілердің орнына қатысты ұсынған «дәйек қосалқы» және «аяқ қосалқы» ұғымдарын да одан әрі дамытып, қазақ тіліндегі көмекшілерді дербес сөздерге тіркесуіндегі ерекшеліктеріне қарай «сөз соңы көмекшілері» және «сөз алды көмекшілері» деп бөлуге болатындығын атап көрсетеді [4, 269].Көмекшілердің бұлай бөлінуі олардың тіл жүйесіндегі қызметі мен қолданысы үшін аса маңызды.

Қазақ тіліндегі көмекшілерге қатысты нақты шешімін таппай жүрген екінші бір мәселе: модаль сөздердің бірде сөз табы, бірде көмекші сөз ретінде қарастырылуы. Модаль сөздердің «Қазақ грамматикасында» (2002) 10-шы сөз табы ретінде берілгендігі белгілі. Солай бола тұрғанымен, Н.Оралбай модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде қарастыруды құптамайды. Ғалымның пікірінше: «Модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында модальдық категорияның көрсеткіші болғандықтан, олар қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қатарында қалады және олардың саны өте аз. Сондықтан модаль сөздер жеке сөз таптарының қатарына қосылмайды» [3, 63]. Ал модаль сөздердің көмекші сөз ретінде қарастырылуын, біріншіден, оның басқа да көмекші сөздер сияқты грамматикалық қызмет атқаруымен, екіншіден, грамматикалық мағынасының белгілі бір грамматикалық категорияға (модаль категориясы) қатысты болуымен түсіндіреді [4, 258]. Ғылыми еңбектерде модаль сөздердің жеке сөз табы немесе көмекші сөздің бір түрі ретінде қарастырылуына қатысты пікірлерде әлі де бірізділік жоқ деуге болады.

Көмекші сөздер дербес сөздермен тіркесу мүмкіндігі тұрғысынан да ерекшеленеді. Осыған орай, жалпы көмекші сөздерге тән ортақ белгілер негізінде олар екі топқа бөлініп қарастырылады: 1) дербес сөздің формасын талғайтын көмекшілер; 2) дербес сөздің тұлғасын таңдамайтын көмекшілер [4, 269]. Бірінші топқа *көмекші есімдер, көмекші етістіктер* және *септеулік шылаулар*, екінші топқа *жалғаулық, демеулік шылаулар* және *күшейткіш көмекшілер* жатады [4, 272]. Бұл топтастыруда модаль сөздер назардан тыс қалған.

Қазақ тіліндегі көмекші сөз түрлерін сан жағынан толықтырумен қатар ғалым Н.Оралбай көмекші сөздерге қатысты шешілмеген, шешуді қажет ететін бірқатар маңызды мәселелерді де бөліп көрсетеді. Олар:

1. Қазақ тіл білімінде грамматикалық қызметтегі көмекшілер толық анықталмаған.

2. Қазақ тілі грамматикалық құрылысындағы көмекшілердің ортақ белгілері, жалпы қасиеттері ашылмаған.

3. Көмекші сөздердің мағынасы жалпы тіл білімінде де, түркологияда да, оның ішінде қазақ тіл білімінде де даулы мәселелер қатарына жатады. Ғалымдардың біразы көмекші сөздердің лексикалық мағынасын, енді бір тобы оның грамматикалық мағынасын таниды, кейбір ғалымдар көмекші сөздерді ешбір мағына бермейтін бос тұлға ретінде таниды.

4. Көпшілік тілдерде толық мағыналы сөз бен көмекші сөздердің тіркесінің грамматикалық термині де жоқ [4, 240].

Бұл мәселелердің алдағы уақытта нақты шешімін табуы қазақ тіліндегі көмекші сөздер теориясының қалыптасуының бірден-бір негізі болып табылады. Ғалымның өз сөзімен айт-

сақ: «тілдегі көмекші сөздер тұтас бір зерттеудің объектісі болуы қажет»[4, 240]. Ал көмекші сөздердің жоғарыда атап көрсетілген мәселелерінің әрқайсысы сол зерттеулердің нысанына айналуы қажет.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 2010. -608 б.
2 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. -384 б.
3 Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. –Алматы, 2007. -390 б.
4. Оралбай Н. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Павлодар, 2011. – 424 б.

# ПРОФЕССОР НҰРЖАМАЛ ОРАЛБАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Шоқабаева С.С.***
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан,*
*E-mail:shokabaeva@yandex.kz*

***Аннотация***

*В статьерассматриваютсявопросы словообразования казахского языкознания в трудах профессораН.Оралбай.*

***Annotation.***

*The article deals with the word formation of Kazakh linguistics in the works of Professor N. Oralbai.*

Қазақ тіл білімінің бір саласы – сөзжасам. Бұл салада тынбай жемісті еңбек етіп келе жатқан ғалымдарымыздың бірі –филология ғылымдарының докторы, профессор Оралбай-НұржамалОралбайқызы. Нұржамал Оралбайқызы бүгінде 90 жаста.

Ғалымның қазақстандық азаматтарға мектеп қабырғасында, жоғары оқу орындарында терең білім беріп, оларды шығармашылық белсенділікке жетелеу, оқу-ағартусаласында жазылған еңбектері де баршылық. Біз мақаламызда соның ішінде сөзжасам мәселелеріне арналған еңбектеріне тоқталмақпыз.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамның 80-жылдарға дейін дербес сала болып танылмай, тілдің бұл саласына тән белгілер мен өзіндік ерекшеліктері, сипаты сараланбай келді. 80-жылдардан кейін қазақ тілінің сөзжасам саласы жеке сала ретінде отау тігіп, бөлініп шыққаны белгілі. Әрине, бұл істің көшбасында танымал ғалымдарымыздың тұрғаны аян. Қазақ тілі сөзжасамының теориялық мәселелерінің тұжырымдалып, ғылыми терминдерінің айналымға еніп, тұрақталып, оның қалыптасып, одан әрі гүлденіп дамуында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбайқызы Оралбайдың еңбегін ерекше атаған орынды.

1989 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бір топ ғалымдары М.Балақаев, А.Қалыбаева, Қ.Есенова, Е.Жанпейісов, С.Нұрқатов, Н.Оралбайдың авторлық бірлестігімен «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монография жарық көрді [1].

Аталған еңбекте алғаш рет қазақ тілі сөзжасамының теориялық негізі қаланды. Оған дейін сөзжасам мәселелері морфологияның құрамында қарастырылып келген еді. Монографияда сөзжасамның зерттеу нысаны,мақсат-міндеті, жүйесі, сөзжасамдық талдау, сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасам бірліктері, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық мағына негізділігі, сөзжасамдық ұя, тізбек, саты, тип, үлгі, заңдылықтары мен ерекшеліктері т.с.с. қазақ тілінде бұрын зерттелмеген көптеген мәселелеріқамтылды. Ал 1988 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» атты монографиясы [2] жарық көрді. Бұл монографияда қазақ тіліндегі миллионға дейінгі есептік сандардың 57 модель бойынша жасалуы қарастырылған. Ол модельдер × көбейту, қосу + тәсілі арқылы белгіленіп, сандар б – бірлік, о–ондық, ж–жүздік, м–мыңдық болып белгіленген.

1 м. о+б=он бір, тоқсан тоғыз. Ондық атаулары тірек сыңарлар, дара сандар қосындысынан тұрады.

2 м. б×ж=бір жүз, екі жүз, сандар саны – тоғыз, тірек сыңар екінші орында.

3 м. б×ж+б =екі жүз бес, үш компонентті сан шығады, мұнда тоғыз тірек компонент бар, ауыспалы сыңарлар да тоғыз, бірлік аты екі сыңарда қайталанады. Екі жүз дегенде екі саны ауыспалы, жүз саны – тірек.

4 м. б×ж+о бес жүз жиырма, үш жүз қырық.

5 м. б×ж+о+б бес жүз жиырма тоғыз.

6 м. б×м бір мың, екі мың (2 модельден бастап қайталану). Жүздіктің орнына мыңдықты қоямыз. 10 модельден бастап о×м, одан кейін 2, 7 модельдер қайталанады, тек мыңдықтар деңгейінде. Осылайша 57 модельде б×ж+о+б×м+б×ж+о+б үлгісі тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз (999999) санымен аяқталып, тоғыз компонентті күрделі сан жасалып, 58 модель м×м=болады да мыңдық мыңдыққа көбейтіліп, дара сан жасалады. Осынша күрделі сан бар екені сөздіктерде аталмайды. Монографияда сан есімдер сөзжасамы алғаш рет көлемді зерттеу еңбегіндеарнайы, толық қарастырылды. Бұл сан есімдер сөзжасамын зерттеудегі жаңа бағыт, тың идея болды, өзінен кейінгі зерттеулерге жол ашты.

Сөзжасам пән ретінде жоғары оқу орындарындағы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының оқу жоспарына 1990 жылдан бастап енгізіле бастады, 1992 жылы алғашқы оқу бағдарламасы жасалды. Бағдарлама авторы– Н.Оралбай.

Бірақ «Қазақ тілінің сөзжасамы» пәнінің оқулығы жоқ еді. Сөзжасам пәні бойынша студенттерге арналған тұңғыш оқулық авторы профессор Н.Оралбай болды. Оқулық сөзжасамды заман талабына сай модуль негізінде оқытуға лайықтап жазылған болатын. Оқу материалдары 5 модульге бөлініп берілген, әр модульде қолданылатын тест үлгілері, тапсырмалар берілген[3].Сонымен қатар ғалымның әр жылдары жарық көрген көптеген оқулықтары, оқу құралдары, бағдарламалары, жас маманға бағыт-бағдар беретін ғылыми мақалалары, әдістемелік нұсқаулары бар.

2011 жылы жарық көрген «Сөзжасамның жалпы теориялық мәселелері» атты ғылыми еңбекте ғалымның қазіргі қазақ тілі сөзжасам жүйесінің көкейкесті мәселелері бойынша әр жылдар жарық көрген еңбектерінен іріктелген мақалалары қамтылған [4].

Қазақ тілі сөзжасамының жеке сала ретінде қалыптасып, танылып, дамуында профессор Н.Оралбайдың еңбегі зор. Ғалым сөзжасам терминдерінің, бірліктерінің негізін қалады деуге болады.Сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық тізбек мәселелерін профессор Н.Оралбаева бірінші рет «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда көтерген болатын. Онда ғалым сөзжасамдық ұяға, тізбекке анықтама беріп, олардың өзіндік белгілерін көрсеткен. Сөзжасамдық бірлік, сөзжасамдық тізбек терминдері де алғаш рет сол еңбекте қолданылып, ғылыми айналымға түсті. Ғалым 1999 жылы саты терминін де ғылыми айналымға қосты.

2002 жылы «Қазақ грамматикасы» жарық көрді. Ол грамматикада тіл білімінің фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис салалары қамтылған. Осы еңбекте деН.Оралбай сөз-

жасамның бұрын, сөз таптарының сөзжасамы зерттеліп жүрген кезде, зерттелмей жүрген теориялық мәселелерін жан-жақты зерттеп, сөзжасам теориясының негізін толықтырған, дамытқан. Сондай-ақ, ғалым осы маңызды еңбекте зат есім, сын есім, етістік сөзжасамның бірсыпыра мәселелерін, сан есім сөзжасамын жазған.

Ғалым «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты сөзжасамның тұңғыш оқулығында сөзжасамдық жұрнақтардың көп мағыналығын бір жұрнақты түрлі мағыналық топта көрсету арқылы аңғартқан. Мәселен, оқулықтағы етістіктен зат атауынжасайтын жұрнақтарды автор он мағыналықтопқа бөлген:

1) Тамаққа қатысты атауларды жасайтын жұрнақтар.

2)Құрал-сайман атауын жасайтын жұрнақтар.

3)Табиғат, мезгілге байланысты атау жасайтын жұрнақтар.

4) Дене мүше атауын жасайтын жұрнақтар.

5) Нақты зат атауын жасайтын жұрнақтар.

6) Дерексіз заттық ұғым атауларын жасайтын жұрнақтар.

7)Ауру атауларын жасайтын жұрнақтар.

8) Өмірге қатысты атауларды жасайтын жұрнақтар.

9) Ұлттық ойынға қатысты атауларды жасайтын жұрнақтар.

10) Тіл білімінің терминдерін жасаған жұрнақтар [3, 129-131].

Мұнда қазақ тіл біліміндегі сөзжасамдық жұрнақтарбірінші рет мағыналық топқа бөлінген. Бұл – бұрынқазақ тіл білімінде болмаған құбылыс. Бұрынғы оқулықтарда әр жұрнақ беріліп, оған мысал келтірілетін.

Демек, оқулық жұрнақ мағыналарын ашу қажеттілігін алға тартқаны зерттеушілердің назарларын аударған. Міне, осы мәселені шешуге де сөзжасамдық типтің қатысы бар. Өйткені сөзжасамдық типке сөзжасамдық жұрнақтың бір мағынасы ғана қатысады. Егер жұрнақ көп мағыналы болса, ол әр сөзжасамдық типке жатады. Оны профессор Н.Оралбаева 1989 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесі» ұжымдық монографияда көрсеткен. Монографияда айтыс, соғыс, керіс, жеңіс, кеміс, кеңіс туынды түбір сөздерін келтіріп олардың бір жұрнақ арқылы жасалса да, бір сөзжасамдық типке жатпайтынын, уәждеме сөздердің түрлі сөз табы болуымен бірге -ыс, -іс жұрнағының мағынасында айырма барын да ескеріп, олар түрлі сөзжасамдық типке жатады деп тұжырымдаған.

Сөзжасамның негізгі бірліктерінің бірі сөзжасамдық саты түсінігі Н.Оралбайдың «Сөзжасамдық саты» атты мақаласында сөз етілді.

Қазақ тілінің сөзжасам саласының сөзжасам, тұлғажасам, байлаулы түбір, кері сөзжасам, құрамды (күрделі) жұрнақ, қысқарған күрделі сөз, өнімді жұрнақтар, өнімсіз жұрнақтар, сөздің лексикалық мағынасы, сөздің негізі, сөзжасамдық негіз, сөзжасамдық талдау, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық уәждеме, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық үлгі, сөзжасам жүйесі, сөзжасам жүйелілігі, сөз негізі, туынды негіз, туынды сөз, түбірлес сөздер, түбір негіз, сөзжасамдық тұлға, сөзжасамдық қалып, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық саты, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық байланыс, сөзжасамдық парадигмалық шеп, себепші негіз, сөзжасамдық уәждеме, мағыналық сіңісу, түбір сөз, сөз тудырушы жұрнақ, сөз түрлендіруші жұрнақ, туынды түбір, негіз сөз, сөзжасам негізділігі, сөзжасамның мағына негізділігі, мағынаның негізділігі, мағынаның түрлендірілуі, мағынаның көшірілуі, негізгі түбір сөз, сөзжасам жүйесі, түпкі түбір, сөзтүрлем, сөзбайлам, сөз тудырушы, тұлға тудырушы, сөз өзгертуші, сөз байланыстырушы, сөзжасамдық жұрнақ, сөзжасамдық мағына т.с.с. терминдерінің қалыптасуында да ғалымның еңбегі зор деуге болады.

Сөзжасамның тілдің өзге салаларынан ерекшелігін айқындайтын да –оның бірліктері мен терминдері деген ұғымдар. Мәселенсөз мағынасы жайындағы түсінікті сөзжасамға тікелей қатыстылық деңгейінде қарастырып, айқындау – сөзжасамның өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені тілімізде мағына туралы сөздердің түсініктері кең: лексикалық, сөздің тура мағына-

сы, ауыспалы мағынасы (денотат, коннотат мағыналар), грамматикалық, сигнификаттық т.б. мағына түрлері мен типтері тіл деңгейлеріне қатысты орын алған. Сөзжасамдық мағына атаулының бәрі туынды лексикалық мағына түсінігімен байланысты. Мағына – сөзжасам саласындағы негізгі мәселе. Бірақ туынды сөздің қандай тәсілмен жасалғандығына байланысты сөзжасамдық мағынаның да өзіндік ерекшеліктері болады.Сөзжасам тәсілдерінің қатысуына қарай пайда болатын туынды лексикалық мағына да бірдей емес. Сондықтан сөзжасамдық мағына түрлерін мынадайтоптарға бөледі:

1. Өзгерген туынды мағына. Негіз сөздің мағынасының негізінде басқа мағынаның жасалуын негізден өзгерген мағына деп атайды. Өзгерген мағына негіз сөздің мағынасына байланысты жасалады... Мысалы, жасар, көгер, бөлме, әсерлі. Лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің жаңа мағынасы ол сөздердің негізгі мағынасына негізделе жасалады. Мысалы, буын...

2. Түрленген туынды мағына. Сөзжасамда туынды мағына негіз сөздің мағынасын өзгертпей, оның мағынасына үстеліп қосылуы мағынаның түрленуіне жатады. Мысалы, дөнен-дөнежін, бала-балапан, көл-көлшік, әкетай т.б.

3. Көшірілген туынды мағына.Мұнда негіз сөздің де туынды сөздің беретін лексикалық мағынасы бір ұғымды білдіреді. Мысалы, қатырма (етістік) – қатырма (зат есім), қатар (зат есім) – қатар (үстеу) т.б.

4. Теңбе-тең туынды мағына. Туынды сөздің лексикалық мағынасы негіз сөздің, не сөз тіркесінің мағынасымен тең түсуі мағынаның теңбе-теңдігі аталады.Мысалы, АлМУ, ҚазМҰУ[3, 41-42].

Қорытындылап айтқанда, қазақ тілі сөзжасамына арналған ғалым еңбектерінің маңызы зор.Профессор, ұлағатты ұстаз Н.Оралбай сөзжасам негізінің қалануына, оның одан әрі дамуына көшбасшылық жасап келеді, пән ретінде жоғарғы оқу орындарына енгізілуіне мұрындық болып, оқулықтарын, ғылыми еңбектерін арнауда. Сонымен қатар ғылыми орта, мектеп қалыптастырып, шәкірттер тәрбиелеуде. Сөйтіп, қазақ тілі сөзжасамының да тамырын тереңге жайып, мәуелі ағаштай гүлденуіне аянбай еңбек етуде. **Ғалымның ғылымдағы өзіндік қолтаңбасы мен қалыптастырған мектебі бар, тіл білімі ғылымын жетілдірудегі, жаңалық әкелудегі жетістіктері мол, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге, тағылым.**

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор ОралбайНұржамал Оралбайқызын90 жасқа толумерейтойымен құттықтай отырып, зор денсаулық, қажымас қайрат, жемісті еңбек, шығармашылық табыс тілеймін.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
2. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1988. – 104 б.
3. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқулық. – Алматы, 2001. – 213 б.

# 2-СЕКЦИЯ. ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ ЖӘНЕ ГРАММАТИКА МЕН СӨЗЖАСАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ
# ТУЫНДЫ СӨЗДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ МАҒЫНАСЫ

***Ажарбекова Э.Н.***
*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.*

*In article the problem motivation of word meanings is considered, the review of scientific research about word-formation value in the Kazakh linguistics becomes. The author of article defines types of word-formation values and analyzes their validity, motivation, change and transformation in language. Subjecting to the linguistic analysis the derivative words formed by a synthetic, lexico-semantic and analytical way of education comes to a conclusion about what values of derivative words depends on values of their bases therefore it is necessary to consider constant sign of derivative words validity value.*

Ұлттық өмірдің айнасы іспетті болып табылатын халықтың болмыс-тіршілігінің, мәдениетінің көп құпия қырлары мен сырлары тіл арқылы ашылатыны белгілі. Тіл - әрбір адамның өмір бойы қолданатын ең маңызды құралы. Тіл – ғылым. Әрбір ғылымның туу, қалыптасу, даму, өркендеу кезеңдері бар. Тіл ғылымы да бүгінгі күнге дейін осы кезеңдерді басынан өткізді. Тіл ғылымының дамуы тілге қатысты сан алуан сұрақтардың туындап, олардың заңды жауаптарының табылуымен байланысты. Тіл білімінің дамуы барысында тілге қатысты мәселелер түрлі деңгейде, түрлі тәсілдермен қарастырылып бүгінгі таңда сан алуан заңдылықтар қалыптасты.

Басқа да ғылым салаларындағы сияқты тіл білімінде әлі де толық шешімін таппаған кейбір мәселелер және олар жайында әртүрлі пайымдаулар бар. Қазақ тіл білімінде бүгінгі күнге дейін түпкілікті шешімін таппаған сондай мәселелер сөзжасам саласына қатысты. Қазіргі таңда сөзжасам саласына қатысты мәселелер бір жүйеге келтіріліп, зерттелген жоқ.

«Сөзжасам тілдің атау (номинация) жасау қызметін жүзеге асырады. Сөзжасам тіл білімінің басқа салаларының ешқайсысы атқара алмайтын қызметті жүзеге асырады. Ол – сөзжасамның туынды сөз, жаңа сөз жасау қызметі. Сондықтан сөзжасам жаңа сөз жасаудың барлық мәселелерін түгел қамтиды. Оған сөзжасамдық бірліктерден бастап, сөзжасамдық ұя сияқты ірі, күрделі сөзжасамдық бірліктерге дейін кіреді. Сөзжасамдық нұсқалардың сөзжасамда атқаратын қызметі, жаңа сөздердің жасалу үлгілері мен тәсілдері, сөзжасамдық нұсқалардың түрлері, қолданылу ерекшеліктері, сөзжасамдық ірі бірліктер болып саналатын сөзжасамдық ұялар, олардың құрылысы, оның мүшелері, сөзжасамдық ұяның құрамындағы мүшелердің қызметі, ерекшелігі сияқты т.б. тек сөзжасамға қатысты заңдылықтар сөзжасамды тілдің басқа салаларынан ерекшелендіреді. Бұл мәселелер тек сөзжасамға ғана қатысты. Олар тілдің басқа ешбір саласында шешілмейді, өйткені ол мәселелер тілдің басқа салаларында қойылмайды да. Өйткені олар тек сөзжасам саласының зерттеу нысанасына жатады». Ендеше сөзжасам тілдегі сөз жасау процесімен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейді.

Ғылыми зерттеулерде сөзжасам саласы бойынша туынды сөздердің мағыналық құрылымы зерттеу нысанына алынған. Сөзжасамдық мағына – сөзжасамдық тұлғалардың қатысынан туған туынды мағына. Сөзжасамдық мағына сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналарынан ерекшеленеді.

Ғалым Н.Оралбаева сөзжасамдық мағынаның сөзжасам саласындағы негізгі мәселе екендігін айтып, оның лексикалық деривация және синтаксистік деривация болып бөлінетіндігін айтады [1,59]. Ғалым А.Салқынбай: «Сөзжасамдық мағына – ең алдымен, туынды мағына.

Ол екі сөз тудырушы тұлғалардың бірігуі не қосарлануы немесе негізге сөз тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы пайда болатын екіншілік мағына. Жаңадан пайда болған екіншілік мағына оны жасаушы сыңарлар мағынасының негізінде жасалып, денотаттық мағына бірлігін белгілейді де, номинативті атауды анықтайды. Демек, екіншілік мағына – сөзжасамдық мағына» [2,320] деген пікір білдіріп, сөзжасамдық мағынаның лексикалық, грамматикалық мағыналардан айырмашылығын талдап, сөзжасамдық мағына туғызудағы сөзжасамдық тұлғалардың қызметіне сипаттама берген.

А.Салқынбай: «Сөзжасамдық мағына – күрделі әрі ерекше сема. Оның күрделілігі құрамында тұлғалардың семалық құрамымен байланысты. Денотаттық және сигнификаттық мағынанаң қалыптасуында сөзжасамдық тұлғаның барлық семалары қатысуы шарт емес. Белгіленетін зат не құбылыстың ерекше номинативтік белгілеріне байланысты түбір не негіз өздерінің ерекше семалары арқылы жаңа екіншілік арнайы сема қалыптастырады. Бұл қалыптасқан арнайы сема туынды сөздің жаңа сөзжасамдық мағынасын құрайды» [2,322] дей келе, сөзжасамдық мағынаның сөзжасамдық тұлғалардың негізгі және ауыспалы семалары арқылы, сөзжасамдық тұлғалардың метафоралануы арқылы жасалатындығын айтады.

Сөзжасам саласында сөзжасамдық мағына түрлері турасында пікірталас тудыратын жайттар кездеседі. «Қазақ грамматикасында» сөзжасамдық мағынаның негізділігі, түрлендірілуі, көшірілуі, теңбе-теңдігі мәселесі сөз етілген. Мұнда сұрақ туындататын мәселе – мағынаның негізділігі.

«Қазақ грамматикасында» туынды сөздің сөзжасамдық мағынасының негізділігі жөнінде: «Негіз сөз жасалатын туынды сөздің лексикалық мағынасына өзек болады. Осымен байланысты туынды мағына негіз сөздің мағынасымен байланысты болып шығады. Мысалы, *балтала, қарала, жақсыла, тазала* деген туынды етістіктер балта, қара, жақсы, таза деген есім сөздердің туынды сөзге негіз болуы арқылы жасалған. Осы туынды сөздердің бәрінің мағынасы негіз сөздердің мағынасымен байланысты: балтала – балта арқылы жасалатын қимылдың аты, қарала – қараға айналдыру қимылының аты, жақсыла - жақсыға айналдыру қимылының аты, тазала - тазаға айналдыру қимылының аты. Бұлар – бір сөзжасамдық тип арқылы жасалған туынды сөздер. Сондықтан мұндағы жұрнақ *-ла* есім сөздерге қимыл мағынасын қосып, есім сөздерден етістік жасаған, яғни, туынды сөздер негіз сөздерден басқа сөз табының сөзіне айналған, олардың сөз табы категориясы өзгерген» [3,210] деген тұжырым берілген. Яғни, мұнда туынды қимыл атаулары заттық, сындық, етістік мағыналы сөздердің негізіннен жасалған. Туынды сөздің лексикалық мағынасына негіз сөздің лексикалық мағынасының себеп болуы олардың мағыналық байланысын көрсететіні анық. Ал мағынаның түрлендірілуі жөнінде: «Негіз сөз бен туынды сөз арасындағы қарым-қатынасты салыстырғанда, сөзжасамда туынды сөздің лексикалық мағынасында негіз сөздің лексикалық мағынасы толық сақталып, оған тек үстеме мағына қосылады да, туынды сөз негізгі мағынаның түрленуінен жасалады» [3,211] деген түсінік берілген. Мұны мысалдар негізінде қарастырып көрейік. Мәселен, *көлшік, қалақша, ағай, ботақан* туынды сөздеріндегі *-шік, -ша, -й, -қан* жұрнақтары *көл, қалақ, аға, бота* деген негіздерге кішірейту, еркелету, сыйлау мағыналарын қосқан. Дегенмен, бұл туынды сөздердің мағыналарының түрленуіне негіздердің лексикалық мағынасы негіз болып тұр.

Ал мағынаның көшірілуіне: «...туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасын басқа сөз табына көшіру арқылы жасалады. Мұнда негіз сөздің де туынды сөздің де беретін лексикалық мағынасы бір ұғымды білдіреді. Мысалы, *гүрс-гүрсіл, тарс-тарсыл, қаңғырма* (етістік)-*қаңғырма* (сын есім), *қанық* (етістік)-*қанық* (сын есім), *қатар* (зат есім)-*қатар* (үстеу)» деп тұжырым жасалып, мұндағы негізгі сөздердің лексикалық мағыналарының сақталып, туынды сөздердің сөз табы ауысқандығы талданған. Келтірілген *гүрсіл, тарсыл* туынды сөздерінің сөз табы ауысқаны рас, бірақ бұл туынды сөздердің жасалуына *гүрс, тарс* дыбыстық еліктеу мағыналы сөздері негіз болып тұр. Мағынаның көшірілуінде де туынды сөздердің мағынасына негіздер арқау болып тұр.

Бұдан шығатын қорытында, сөзжасамдық мағынаның түрленуінде де, көшірілуінде де негіз сөздердің лексикалық мағыналары туынды сөзді жасауға өзек болады. Сондықтан біздің ойымызша, мағынаның негізділігін сөзжасамдық мағынаның түрі ретінде емес, туынды сөздердің тұрақты белгілерінің бірі ретінде қараған жөн.

Ғалым Н.Оралбаева: «Сөзжасамның мағына негізділігі – басқа тілдік құбылыстарда жоқ қасиет. Мысалға сөзформаларды алып қарайық. Сөзформалар да түбірге қосымша жалғану арқылы жасалады, бірақ онда түбір сөздің лексикалық мағынасы өзгермейді, сол лексикалық мағынаның үстіне грамматикалық мағына ғана қосылады. Мысалы: *үйге, үйді, үйде,үйден* сияқты сөзформалардағы қосымшалар *үй* деген түбірдің лексикалық мағынасының үстіне грамматикалық мағына қосып тұр. Түбірдің лексикалық мағынасы өзгермеген, басқа лексикалық мағына тумаған, сондықтан сөзформаларында сөзжасамдағыдай мағына негізділігі жоқ. Сөйтіп, сөзжасамның мағына негізділігі оның тұрақты белгілерінің бірі деп қаралу керек» [3,211] деп туынды сөздердің сөзжасамдық мағынасын сөзформаларының мағынасымен салыстырмалы тұрғыда қарап, аражігін көрсеткен. Бұл пікірге толық қосыламыз. Мысалы, *балалық, сұлулық, көркемдік, әдемілік, кербездік, достық, сандық* деген сөздерді алып қарасақ, олардың әрқайсысы екі морфемадан тұрады. Ол морфемалардың алғашқыларының лексикалық мағыналары бар: *бала, сұлу, көркем, әдемі, кербез, дос, сан.* Бұлар туынды сөздердің мағыналы бөлігі болғандықтан, олардың негіздері болып есептеледі. Енді осы негіздерге *-лық, -лік, -дық, -дік, -тық* сөзжасам жұрнақтарын жалғағанда олардың лексикалық мағыналары өзгеріп, жаңа мағыналы туынды сөз жасалады. Бұл негізді сөздер *бала, сұлу, көркем, әдемі, кербез, дос, сан* деген негіздердің лексикалық мағыналарының қатысы арқылы жасалған. Егер бұл негіздерді тәуелдік формада қолдансақ (*баласы, сұлуы, көркемі, әдемісі, кербезі, досы, саны*), негіздердің лексикалық мағынасына тек грамматикалық мағына ғана үстеліп тұр. Демек, сөзжасамдық мағынаның негізділігінде туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасынан туындайды, сөздің негізі тірек болады.

Сөзжасамдық мағынаның негізділігі тек синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерге қатысты деп шек қоя алмаймыз. Лексика-семантикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздерде де мағынаның негізділігі үлкен рөл атқарады. Мәселен, *Жетіқарақшы, қарақұрт, еңбекақы, Көкшетау, тілтаным, бал қаймақ, жиырма екі, екі мың он төрт, ізет ет, сәлем бер, ауыз әдебиеті, сары ала, қызыл күрең, ақ құба* деген сөздерді қарастырып көрейік. Мұнда *Жетіқарақшы, қарақұрт, еңбекақы, Көкшетау, тілтаным* деген тунынды сөздер екі негіздің бірігуі негізінде жасалған. Әр туынды сөздің жасалуына толық мағыналы екі сөз қатысқан: *Жеті+қарақшы, қара+құрт, еңбек+ақы, Көкше+тау, тіл+таным.* Біріккен туынды сөздің әр сыңары жаңа мағыналы туынды сөзге негіз болып тұр. Ал *бал қаймақ, жиырма екі, екі мың он төрт, ізет ет, сәлем бер, ауыз әдебиеті, сары ала, қызыл күрең, ақ құба* деген туынды сөздер толық мағыналы сөздердің тіркесуі арқылы жасалған. Күрделі туынды сөздердің әр сыңары (*бал* және *қаймақ, жиырма* және *екі, екі,-мың, он* және *төрт, ізет* және *ету, сәлем* және *беру, ауыз* және *әдебиет, сары* және *ала, қызыл* және *күрең, ақ* және *құба*) негіз болып, негізді сөз жасауға тірек болып тұр. Бұл – аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің сөзжасамдық мағыналарының негізділігі.

Сондай-ақ, тіліміздегі *көк* деген сөз түсті білдіретін сын есім екені белгілі. Осы *көк* сөзінің тілде қалыптасқан басқа да мағыналары бар: 1) *Көк* – түпсіз тұңғиық аспан әлемі. 2) *Көк* – көгеріп шыққан өсімдік, өскен шөп. 3) *Көк* – жеміс-жидек, көкөніс. Мұнда түс мағынасындағы *көк* сөзі негізгі мағынасы, осы мағынаның негізі басқа мағыналардың тууына себеп болып тұр.

Тағы бір мысал: *қоңыр* сөзі тілімізде қара мен қызыл аралығындағы қою күрең түс мағынасында жұмсалады. Енді осы мағынаның негізінде туындаған *қоңыр* сөзінің, біріншіден, жұтаң жадау, екіншіден, ықылассыз, көңілсіз, салқын деген мағыналары бар. Бұл мағыналар *қоңыр* сөзінің түстік мағынасы негізінде қалыптасқан. Яғни, бұл мысалдардан байқайтыны-

мыз, лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерде де сөздің негізі мағынасы туынды мағынаға себеп болады.

Сондықтан, туынды сөз лексика-семантикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл арқылы жасалса да, онда мағына негізділігі сақталады. Сөзжасамдық мағынаның көшірілуінде де, мағынаның түрлендірілуінде де мағынаның негізділігі айқын көрінеді.

Қорыта келгенде, сөзжасамдық мағынаның ішкі құрылымы түпкілікті зерттеліп бітпеген. Тілде сөзжасамдық мағынаның қанша түрі бары белгісіз. Сондықтан бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1989. -368 б.
2. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы: Қазақ университеті, 2008.-340 б.
3. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

## ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ

***Амангелді А.А.***
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,Ақтөбе қаласы*

Бүгінгі күн тұрғысынан жазу белгілі бір тілде жазылатын-оқылатын әріптік таңбалардың жиынтығы арқылы ойды жарыққа шығарудың, ақпарат алмасудың жүйесі болып табылады. Жазу – ауызша тілден кейін пайда болған адамзат ойлауының саналы жемісі болса да, бүгінде ауызша тілге қарағанда басымдық

сипат алған мемлекеттік құрылыстың күшеюімен байланысты қоғамдық функциясы артқан, коммуникация, ақпарат алмасу,ойжасам, эмоцияналдық, индикаторлық қызметтерінен бөтен дәлел, аргумент болатын “бекітушілік”, “растаушылық” сипаты маңызданған, ойды жарыққа шығарудың жүйесі. Сондықтан тілдің санаға, ойлауға қатынасын көрсеткендей, жазу мен ойлау, жазу мен сана қатынасын көрсетудің мәні бар. Қазір адамдар бір уақыт пен кеңістік шегінде өмір сүріп жатса да, бір-бірімен пікір алмасуына, бірінің ойын бірі толық білуіне (тыңдау арқылы ойын білуге) мүмкіндігі (уақыты) жоқ. Осыған орай адамдар тілді екі бағытта қолдануға қалыптанған сыңайлы. Бірі қауым болып өмір сүруіне қызмет етуші тілдің коммуникациялығы, екіншісі саналы ойын жарыққа шығару, ойын жүйелеу, бекітуге қызмет етуші тілдің ойжасамдық бағытында.

Екінші бағыттың ерекшелігі саналы ойдың “қағазға түсіп” реалдануында жатыр. Тілдің ойжасамдық қызметі жазу арқылы орындалатыны бірден бола қойған жоқ. Көркем сөз (көркем әдебиет), шешендік сөз (публицистика), даналық сөз (ғылым)

түрлері арқылы әсіресе монологтік, сосын диалогтік сипатта адам ойы ауызша түрде жүйеленіп, бекітіле берді. Бірақ жазу пайда болғалы тілдің ойды жасау қызметін жазу атқаратын болды. Айтылатын ой немесе айтылған ой қағазға түсіріліп жүйеленбесе, ол “жел сөз” болып қалатынды шығарды. Бұл әсіресе үлкен аудиторияға ақпарат таратуда (радио, теледидар хабарлары, шаршы топ алдындағы сөз, дәрістерде) жақсы көрінеді. А.Р.Лурияның “Жазу ауызша тілге қарағанда ойлаудың жаңа, жетілген, күшті құралына айналды” дегеніндей, жазу дербестігі күшейгенде ой-тіл-жазу қатынасы ой-жазу қатынасына көшеді.

Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. 5 – 4 ғ.) пайдаланған көне (“Есік жазуы”) жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған “руна” жазуы (5 – 12 ғ.), көне ұйғыр жазуы, 8 ғ-дан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, (Қытай қазақтары ағарту жүйесінде) бір кездерде (1929 – 40; Қытай 1960–1970) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі қазақ жазуының негізі болып саналады.

Қазақ тілінің жетілуі заман талабаны сай өзгеріп отырғаны бізге мәлім. Тарихқа жүгінетін болсақ, қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды.XX ғ. бірінші ширегінде Орта Азия халықтарының арасында латын әліпбиіне көшу үдерісі үдей түседі. Латын графикасының қазақ қоғамында орын алуы тек саяси идеологиялық жайтқа негізделді.

Әліпби, емле және оны реформалауға байланысты қазақ оқымыстыларының арасындағы пікірталас алғашқыда «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» газеттері беттерінен көрініс тапса, 1920 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттерінде де көрініс тауып, газет төңірегіне ұйыса бастайды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақтар арасында латын әліпбиіне көшу мәселесі жиырмасыншы жылдың орта тұсынан бастап сөз бола бастады. Алғашқыда осы жөнінде алдыңғы қатардағы қазақ оқымыстылары баспасөз беттерінде арнайы мақала, пікірталас ретінде өз ойларын білдіріп отырды. Н.Төреқұлов «Бізге қандай әліппе керек», Ә.Байдилдиннің «Жаңа әліппе тарихынан», Б.Байтоғайұлы, Қ.Басымов, М.Дулатов, Т.Шонанұлының «Бізге жаңа әліппе не үшін керек», О.Жандосұлы, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Н.Қаймекеұлы, Ж.Аймауытовтың, М.Мұхтарұлы «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» деген мақалалары оған дәлел бола алады. Соңында латын графикасы негізіндегі әліпби жүйесіне көшіру жұмысы басталады. Жалпы Шығыс елдеріне жақын орналасқан дамымаған мемлекеттердің алғашқы жазу графикасы ретінде латын әліпбиінің енуі 1924-32 жылдар аралығын қамтиды. Байқап қарасақ, сол кезде латын графикасын дүниежүзі болып қабылдау мақсатын жүзеге асыру сияқты жаһандық проблеманы алға тарту көзделген болуы керек. Осындай саяси идеологияның негізінде көптеген елдерде латын графикасы қабылданып, шама-шарқынша қызмет етті.

Қазақ халқы 1929 жылы латын графикасының негізіндегі жаңа алфавитті қабылдады. Латын графикасы негізіндегі алфавит сауатсыздықты жоюға негіз болды.Осындай жетістіктер жағы болса да, латын графикасы негізіндегі алфавит орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген көптеген сөздер мен терминдердің айтылуын бұрмалау сияқты қолайсыз жағдайларға ұшыратты. Бұд жерде географилық жағдайдың да өз әсереін тигізетіні байқалады. Қазақ жері Европа мен Азияны алтын көпірі десек те артық болмас, ендіосы орналасқан жеріміз, нақтырақ айтқанда көршілердің ықпалы тимей қоймады. Қазақ тіліне кірме сөздер жеткілікті, арасында орыс тілінен енген сөздер де а емес, осыған орай сол уақытта алфавитті ауыстыру пайдасы болғанын байқаймыз. Мысалы айтатын болсақ: араб тілінде «Б» «В» «Г» әріпі жоқ, алысқа кетпей, өзіміздің төл адам есімдерінің жоғарыда көрсетілген әріптерсіз айту кемшіліксіз бола алмайды.Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің қажеттілігі дау туғызбайтыны белгілі. Жоғарыда айтқанымыздай, латын қарпіне көшуге қатысты талқы өткен ғасырдың 90 жылдардан қазірге дейін толастаған емес. Бүгінгі күні бұл мәселе БАҚ құралдарында қызу пікірталас нысанына айналды. Латын әліппесін жақтайтындар мен оған қарсылардың әрқайсысының өз дәйектері бар. Қалай болғанмен де таразының латын қарпіне көшуді қолдайтындар жағы басым түсетіні айқын, себебі қарсы жақтың өзінде де көп пікір

иелері бұл қазір орындалмаса да,болашақта жүзеге асырылатын шара деп мойындайтыны байқалды. Бұл мәселеге саяси бояуды қоюлатпау жөн болады. Ең алдымен қандай пікір иесі болмасын бұны мемлекеттік тілдің тағдыры үшін жасалған шара деп қабылдауы керек. Яғни мәдени-әлеуметтік, лингвистикалық жағы басым түсуі шарт.Латын әліпбиіне көшу жайлы алғашқы пікір акад. Ә.Қайдардың 1993 жылдың 24 қазанындағы "Ана тілі" газетінде жарияланған "Латын әліпбиінің болашағы зор" атты мақаласынан бастау алды. Ғалым қазақ жазуының жедел түрде орыс графикасына көшуінің мынадай себебін келтірді: "Түркия елінің ғалымы, профессор Тимур Қожаоғлу "Жаңа түсінік" газетіне(09.08.1991) былай деп жазады: "Кеңес үкіметі 1927 жылы КСРО-дағы бүкіл түркі халықтары қолданып келген араб жазуын латын алфавитімен ауыстырды. Бірақ Түркияда да 1928ж. латын алфавиті түрік жазуы болып қабылданғандықтан кеңес басшылары Анатолия түріктері мен Кеңес Одағындағы түркітілдес халықтардың мәдени байланысының арта түсуінен қауіптеніп, 1939-1940жж. кейін оларға міндетті түрде кирилл алфавитініңбір-бірінен парқы бар алты түрін қабылдатқызды". Сол себепті ғалым ендігі әліпби ауыстыру саясаттың араласуынсыз еркін таңдауда болатынын және ол "ұлтаралық, халықаралық, жалпы дүниежүзілік таралу деңгейі жоғары", әрі "тілдік фактілерді" дәл таңбалаудың үлгісі ретінде ресми түрде халықаралық фонетикалық транскрипция болып қабылданған латын жазуы болу керектігін пайымдайды. Латын графикасына өтуді жақтаушылардың пікірінде, әсіресе программист, экономист мамандардың пікірінде латын жазуы дүниежүзілік аренаға шығу үшін, халықтың компьютерлік сауатын арттыру үшін, техникалық прогреске ілесу үшін қажет деген көзқарас басым болды. Мысалы, Н.А. Айтқожин: "Ендігі жазу алдыңғы қатарлы технология, күрделі баспахана құрылғыларыәртүрлі саладағы жоғарғы білікті мамандардың қатысуынсыз шешіле алмайды. Компьютердің стихиялы түрде таралып кетуі, ортақ стандарт шрифтің болмауы бұл мәселенің әлеуметтік-саяси мәні бар екенін байқатады, компьютердің басқыштетігі минутына 600-1000 таңбаға дейін салуға арналған, неге біз оны пайдаланбаймыз" деді. "Ни один из тюркоязычных алфавитов, основанных на кириллице не попал в перечень алфавитов, которое поддерживаются программным обеспечением современных компьютеров" деді тағы да автор (Айтхожин Н.А. Вопросы реформы казахского алфавита // Саясат. 1998. № 12).

Ал А. Мереке электронды пошта, пейджинг саласында қазақ әріптерінің жоқтығынан небір сорақы сөздер жазылады. Қазақ мәтіні үшін арнайы драйвер алып жүру керек. Интернетте Web-бет құру үшін, пейджермен хабарласуға, электронды сөздік, электронды тілмаш жасау үшін, сөзді автоматты түрде тасымалдау үшін, орфографиясын жасау үшін латын жазуы керек деді (Мереке А. Латиница объединит тюрков // Новое поколение 26.11.99).

Әліпби мен жазу – адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы қазақ жазуын латын қарпіне көшіру туралы ұстанымдары елдің болашағына, мемлекеттік тілдің келешегіне жасалған игі іс, маңызды тарихи оқиға ретінде халықтың зор ықыласына ие болды. Мұнда Елбасымыз: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадам жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернетті жетік игеруіне, ең бастысы, қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деген болатын. Осыған орай ғылыми қауым , жалпы жұртшылық арасында қазақ тіліне, оның жазуына сай келетін латын графикалы әліпби жобаларын талқылау жұмыстары ерекше белсенділікпен жүргізілді. Қазіргі кезде Елбасы жарлығымен бекітілген латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиін жұртшылық сұранысына орай ел арасында таныстыру жұмыстарына ерекше назар аударылып отыр.

Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінде 32 әріп бар. Оның ішінде қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонема ( 9 дауысты, 19 дауыссыз) және кірме сөздердегі 6 фонема

(и,в,ф,h,х,ч) барлығы 34 дыбыс таңбаланған. Сонымен бірге бір әріппен екі дыбысты таңбалап тұрған екі әріп бар, олар Н h – [х], [h] және l’[и], [й].Қорыта келе «Келісіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, енді жаңа әліпбиіміз арқылы ғылыми талапқа сай жаңа емле ережелерімізді де дайындауға барлық мүмкіншілігіміз бар. Сондықтан алдағы уақытта біз бұл мәселені ескеруіміз керек. Біз тар аядан шығып, дүниежүзілік үлкен, кең көлемдегі жағдайға көшіп жатырмыз.Сондықтан көштен қалмай ілгері жылжып отыруымыз керек. Осы латын графикасына байланысты жетекшім Садирова Күлзаттың тоқталған мәселелері жайлы айта кетсем. « Қазір жаңа әліпбиге байланысты жастар қарсылық білдіріп жатқан жоқ. Олар жазудың жеңіл екенін айтады. Тек кирилл жазуындағы қосар дыбыстарды таңбалаған әріптерді іздейді. Бірақ олардың іздеудің қажеті жоқ. Себебі олар – тіл бұзар болып тұрған әріптер. Біз осыны жастарға түсіндіріп жатырмыз. Сонымен қатар орфографиялық емле ережелері бекітілуі керек. Қазір біз қолымызды жаттықтырамыз,көзімізді үйретеміз деп жаздырып жатырмыз. Сол кезде әріптердің ішінде әртүрлі дыбыстарды таңбалағанда бір-біріне ұқсап кеткен әріптер бар.нақты мысал келтірейік. Инвестиция деген таза и дыбысынан басталатын сөзді жазсақ, былай көрініс табады:I’nvesti’tsi’I’a, бұл сөздегі і’– й дыбысының таңбасы , I’ мен і’ – [и] дауысты дыбысының таңбасы.Ал латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінде қандай ұстаным басшылыққа алынбақ, ол стандартта анықталуы керек». Айта кететін тағы бір мәселе - шетелдегі қандастарымыздың осы әліпбиге көшу мәселесі. Мәселен, Қытайдың Құлжа қаласындағы Іле педагогикалық университетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бар. Олардың кітапханасы толғанымен кітап. Солардың ішінде кирилл әрпімен жазылған біздің ғалымдардың еңбектері бар. Бірақ оны олар оқи алмайды. Себебі олар кирилл әрпін білмейді, төте жазумен жазады. Басқа елдерде қазақ диаспоралары латын әрпімен оқи алады. Біз латын әліпбиіне көшкенде ұлттық комиссия сол төте жазумен қалып қойған қазақтардың да осы латын әліпбиіне қатысын ескеру керек деп ойлаймын.

Жалпы әліпбиді таңдау – әрбір мемлекеттің өзінің құқығы, өзінің мүддесі.Сондықтан бұл жерде бізде бір ғана мақсат болу керек. Ол - өзіміздің қазақ тілін қалай сақтап қаламыз, оны қалай ұрпаққа жеткіземіз деген сауал. Осы тұрғыдан алғанда біз латын әліпбиіне көшуге бел байладық.

Қорыта келгенде,қазақ жазуы - қазақ тілінің әріп таңбаларынан тұратын жазу жүйесі. Көне заманнан бері қазақтар әртүрлі жазу жүйесін пайдаланып келген. Олардың алғашқысы қазақпен бірге басқа да түркі халықтарына ортақ болған руна жазуы. Осы жазу үлгісінде Күлтегін, Білге қаған ескерткіштері сияқты көне түркі мұралары сақталған. V-XII ғасырларды қамтитын руна жазуы Орхон, Енисей, Талас өзендері бойынан табылып отыр. Мұның өзі біздің ата-бабаларымыздың өмір сүрген географиялық орындарын көрсетеді. VIII-IX ғасырларда қазақ даласына мұсылман дінінің келуі - араб жазуын ала келді. Араб графикасына негізделген жазу үлгісі 1929 жылға дейін сақталып келді. Яғни осы тұсқа дейін жазылған еңбектер араб жазуы негізінде хатқа түсті. Оны Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім сияқты ұлы тұлғалар қолданды. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы араб жазуын қазақ тілінің заңдылықтарына орай бейімдеп, қазақ әліпбиін жасады. Осы әліпби негізінде кітаптар жарық көрді, шәкірттер білім алды. Мағжан, Абай, Мұхтар секілді алыптардың еңбектері осы әліпби негізінде жазылды. 1929-1940 жылдар аралығында халқымыз латын графикасы негізіндегі әліпбиді пайдаланды. 1940 жылдан бастап қазіргі қолданыстағы кирилицаға негізделген әліпби қолданылуда. Қазіргі кезде қоғамда латын әліпбиіне көшу мәселесі көтерілу үстінде. Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан сияқты мемлекеттілігі бар туысқан халықтар осы латын әліпбиін қолданады. Дүниежүзілік ақпаратта латын әліпбиінің орны үлкен. Сондықтан латын әліпбиіне көшу мәселесі өз кезегінде шешімін табуы мүмкін. Әлемдегі қазақтар өздерінің тұратын мемлекеттеріне қарай араб, латын, кирилица таңбаларына негізделген әліпбиді қолдануда. Осы тұрғыдан келгенде ортақ әліпбидің болуы халқымыздың бір-бірін түсінісуіне оң ықпал тигізетініне кәміл сенеміз. Қазақ тіліне

жанашыр ұрпақ ретінде өзімнің осы мақаламды аяқтар болсам, жаңадан қалыс қалмай, озық үлгімен әлемге танымал болсақ, бұдан асқан бақыт болар ма, сірә. Қандай әліпби болсада, ең бастысы еліміздің тыныштығын ұмытпайық. Себебі бірлік басты орында тұруы тиіс. Еліміздің атар таңы жаңашылдықпен, батар таңы татулықпен батса болғаны. Қазақтың тілі мен діні бір қазанда қайнап, ауызбіршілік деген отта лауласын. Ендеше,іске сәт!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Күдеринова Қ.Б. Қазақ жазуының онтоногездік дамуы: фил. ғыл. док. дис. Алматы, 2006.
2. Уәлиев Н. Қазақ грамматикасы орфографиясының фонологиялық негіздері: фил. ғыл. канд. ... автореф. Алматы, 1993. 162 б.
3. Аманжолов А. Графика таласских, енисейских и орхонских надписей // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1973, 3 шығ.
4. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971. – 170 б.
5. Әміржанова Н.С. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы. Канд. дисс. Алматы, 2009.

## ТҮРКІ ТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ ТӘЖРИБЕЛЕРІ

***С.С. Әубәкір***
*С. Торайғыров ат. ПМУ оқытушысы,*
***Ж.Б.Жұмабекова***
*С. Торайғыров ат. ПМУ доценті, ф.ғ.к.,*

*Аннотация.* Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде халыққа жолдаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек деген болатын. Осы тұста біз өзге түркі елдерінің латын қаріпіне көшу тәжрибесіне үніліп көрдік. Жалпы мақала түркі тілдес елдердің латын графикасына көшу тәжрибелері туралы.

*Annotation.* In the article “The Orientation to the Future: Ruhani Zhanyro”, which was sent by President Nursultan Nazarbayev to the people on April 12, 2017: He pointed out that it is necessary to gradually begin to work the Kazakh language in the Latin alphabet. Therefore, we have addressed the experience of transition to the Latin script of other Turkic countries. Generally, our article is about the experience of transition to the Latin script of the Turkic-speaking countries.

Жазу-сызу мәдениеті өркениеттіліктің негізгі өлшемі десек, бүгінгі күнге дейін адамзат баласы түрлі әліпби реформаларын бастан кешті. Өйткені, әр халықтың өзінің ұлттық тілі болуы керектігі сияқты, төл әліпбиі де болуы маңызды. Соған сәйкес әр халық төл әліпбиі арқылы өз мәдениетін өзгелерден ерекшелей алады. Әлем халықтарының тарихына үңілер болсақ, әліпби, жазу-сызу мәдениетін қалыптастырудың белгілі-бір мемлекеттер үшін ғасырлар бойы қиындық тудырғанын байқаймыз. Себебі, жазу-сызу – ол, біріншіден, әр ұлттың білім-ғылым деңгейін көрсететін және ғылыми құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа қалдырудың басты жолы болса, екіншіден, әліпби арқылы белгілі бір ұлт немесе ұлыс тілінің лексикалық, фонологиялық, жалпы грамматикалық ерекшелігін байқауға болады. Үшіншіден, әліпби арқылы ұлттың жан дүниесін, өткен тарихы мен тілін, мәдениеті мен әдебиетінің ке-

шегісі мен бүгінгісін, тіпті болашағын да болжауға болады. Төртіншіден, әліпбидің болуы – мемлекет тарихының көрсеткіші, соған қарап, ел мен елді өркениеттілік деңгейі тұрғысынан салыстыруға болады. Бесіншіден, ұлттық әліпби – әлемдік ақпарат кеңістігіндегі белгілі-бір ұлттың символикалық бейнесін көрсетеді, ұлттық идеологиясының әлеуетін аңғартып қана қоймай, саяси-экономикалық деңгейін де анықтауға мүмкіндік береді [1].

Латын әліпбиін қабылдау мәселесінің тарихына үңілер болсақ: XIX ғасырдың 60–70 жылдарында Әзербайжан ғалымы, драматург Ахундов-Мырза Фатали латын әліпбиін қолдану туралы идеясын ұсынады. Алайда, оның бұл ұсынысы өз елінде қолдау таппай, ол өз жобасын Түркия мен Персияға алып барады. Мұсылман діні кең тараған бұл елдерде қасиетті құран әрпінен бас тарту күнә болып саналып, бұл елдердің басшылары тарапынан бұл идеяға қатаң тыйым салынды. Бұл мәселе 1905 жылғы революциядан кейін Әзербайжан мен Татарстанда қайта жаңғырды. Түркі тілдес халықтар арасында латын әрпін алу жөнінде баспасөз бетінде зиялы қауымның әр түрлі пікірін туғызды, оның соңы айтысқа ұласты. Тек 1914–1918 жылдардағы империалистік соғыс пен революциялық қозғалыс бұл идеяның құлаш жаюына кедергі болды. Бұл идея содан 1922 жылға дейін қайта көтерілмеді [1].

1928 жылдың 28 маусымында Түркияның министрлер кеңесі «Алфавит жөніндегі комиссия» құрып, латын қаріпіне негізделген жаңа түрік әліпбиін қабылдайды. Бұл «Әріп революциясын» қазіргі Түркия Республикасының негізін қалаушы М.К. Ататүріктің жүзеге асырған маңызды реформаларының бірі болды деуге болады. Оның басты себебі Түркия Республикасының Еуропа мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынасты орнатуды көздеуінен шығады [2].

Түркияда латын әліпбиіне өту кезеңі 1 жылға ғана созылды. 1928 жылдың 1 қарашасында М.К. Ататүрік «Жаңа түрік әріптерінің қабылдануы мен қолдануы туралы» Заң шығарды. Бұл заң бойынша 1929 жылдан бастап мемлекеттік мекемелердің барлығы латын әліпбиіне өтеді.

Түрік ғалымдары қазіргі түрік тілінің латын әліпбиіне негізделген жазуының артықшылығын былай көрсетеді:

1) әрбір әріп бөлек-бөлек таңбаланады, ал араб жазуында бірге жазылады;

2) әлемнің көп бөлігіндегі дәстүрге сәйкес латын жазуы солдан оңға қарай жазылады, ал араб жазуында оңнан солға жазылатын;

3) латын графикасы түрік тілінің дыбыстық қорындағы негізгі дыбыстарды белгілейді, ал араб графикалы жазу түрік тілінде жоқ, бірақ араб-парсы сөздеріндегі бөтен дыбыстарды да таңбалайтын;

4) латын графикасына көшкен кезде түркі тілдес басқа халықтар да латын әліпбиін қабылдаған болатын, сондықтан түркі әлеміне ортақ жазу ортақ ақпарат алмасуға қолайлы болды;

5) экономикасының батыстық даму бағытына латын графикалы жазу тиімді болды;

6) латын графикалы жазу-сызу сауат ашушылар үшін әріп саны аз болуына байланысты ыңғайлы келді.

Латын графикасындағы әліпби азын-аулақ өзгерістермен қалпына келтірілген (1991) кезеңнен бастап латын қарпіне өтуге дайындық жүргізілді. Әзірбайжан ғалымдарының айтуынша, 1991 жылы Әзірбайжанда түрік тілінің нұсқасындағы әліпби қабылданды. Алғашқы заң қабылданғаннан кейін ел ішінде осы мәселеге қатысты әртүрлі көзқарастар болды. Осыны ұзаққа созып, аяғын ушықтырып жібермес үшін Үкімет қатаң қадағалау саясатын ұстанды, артық-ауыс пікір білдіруге теріс қарады, тіпті агрессиялық қатаңдықпен барлық қарсылықтарды тыйып отыруды ұстанды [3].

Өзбекстан үшін латын графикалы жазуға көшудің ең басты себебі саяси және экономикалық түркіжайттардан келіп туындады. 1993 жылы 2 қыркүйекте Өзбекстан Республикасы «Латын графикасы негізіндегі өзбек әліпбиін енгізу туралы» заң қабылдады. Бұл заңға сәйкес 26 әріп, үш әріптік тіркестен тұратын графемалар жүйесі қабылданды. 1994 жылдың 16

маусымында осы заңды жүзеге асырушы мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Осы бағдарлама бойынша орта және жоғары білім беретін мекемелерде өзбек тілі мен әдебиетінің оқулықтарын, өзбек тілінің сөздіктерін жасау жоспарланды.

«Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек». Н.Ә.Назарбаев

Араға 70 жылдан астам уақыт салып, түркітілдес елдер алдында латын графикасына қайта оралу мәселесі күн тәртібіне шықты. Нәтижесінде, тәуелсіздік алған кейбір түркітілдес елдер өздерінің мемлекеттік идеологиясы негізінде латын графикасына көшті. 1991 жылдан бастап күні бүгінге дейін Әзербайжан, Өзбекстан, Түркіменстан латын графикасын көшіп болды. Қырғызстан мен Татарстан дайындық үстінде болса, Қазақстанда да бұл мәселе мемлекеттік деңгейде қолға алынуда.

**Әдебиеттер тізімі:**

1.Майлықұтова М. «Ғасыр басындағы «арабшылдар» мен «латыншылдар» пікірталасы» // «Ақиқат» журналы. 2006 жылғы №2 саны, «Жедел басып шығару ЖШС» баспаханасы, 25 бет.

2.Байменше С. «Салақ қарауға болмайтын салмақты іс» // «Егемен Қазақстан» газеті, 2006 жылдың 12 маусымы.

3. Майлықұтова М. «Латын графикасына көшуге байланысты XX-ғасыр басындағы қазақ зиялыларының пікірталасы» // «Әлемдік мәдениет және білім кеңістігіндегі тілдер». Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы, «Қазақ университеті» баспасы, 2004 жыл. 134 бет.

4.Исхан Б.Ж. «Тілдің табиғи даму заңдылықтары – сөздік құрам баюының кең өрісі» // «Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру – әрбір азаматтың парызы». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Орал, 2005 жыл. 74–75 беттер.

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІ

***Қамбарқызы А., Үшкемпір Ж.Н., Қорғау А.М***
*«Амангелді» атындағы орта мектебі Алға ауылы*
*Шу ауданы Жамбыл облысы*

*Тіл-қатынас құралы ретінде ойлаудың тікелей шындығын, болмысын сөйлеу, жазу арқылы білдіреді. Тілдің ең кішкене бөлшегі – сөз болса, сөздердің өзара тіркесіп келуі арқылы ғана тілдік ұғым жасалады. «Сөздердің жасалуы» деген бөлім тілдік материалдың қарастыратын мәселелеріне қазақ лексикасындағы сөздердің қандай амал-тәсілдер арқылы жасалатынын анықтайды.*

Сөзжасам – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы. Зат не құбылыс туралыұғымтілдетаңбаланып, сөзжасамдық процесс негізіндеатауретіндетанылады. Сөзжасамныңзерттеуінысанынаатаудыңжасалуы, қалыптасуы, ұғымдақалыптасқанбейненіңтілдіктаңбасы, туындысөздіңжасалусипаты, әдіс-тәсілдері, жаңамағынаныңішкіқұрылымы, т.б. жатады. Қазақтілінің сөзжа-

самжүйесіатаудыңқалыптасуыменқатар, мағынаныңдамуын, ұғым-мағына - атаудыңкешендібірлігінқарастырады.

Қазақ тіл білімінде сөзжасам жеке сала ретінде XX ғасырдың соңында қалыптасып, ғылыми-теориялық мәселелері мен ұстанымдары айқындалған болатын. Ол 1989 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографияда дәлелденген еді. Аталған монографияда алғаш рет тілдің сөзжасам жүйесі зерттейтін мәселелер – сөзжасамдық жүйе, сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық заңдылықтар, сөзжасамның амал-тәсілдері, сөздердің жасалу жолдары, сөзжасамдық үлгілер және басқа да сөзжасамға қатысты тілдік құбылыстар алғаш рет ғылыми тұрғыда сараланып, айқындалды. Содан бері қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесінің табиғатын тануға арналған ғылыми еңбектердің саны артып, сөзжасамдық құбылыстар жан-жақты зерттелуде және әлі де зерттеу нысаны болуда[1].

Сөзжасам жүйесінде барлық сөзжасамдық бірліктер бір-бірімен тығыз байланысты, бірі бірін құрайтыны белгілі. Сондықтан да оларды бірнеше қырынан қарастыруға болады. Сөзжасамдық ұяны сөзжасамдық тізбектердің, я болмаса, сөзжасамдық тарамдардың немесе бірнеше сөзжасамдық жұптың жиынтығы ретінде сипаттауға болатыны белгілі. Олай болса, сөзжасамдық ұяны сөзжасамдық сатылардың жиынтығы ретінде де қарастыруға әбден болады. Өйткені сөзжасамдық ұяны бір түбірден тараған туынды сөздердің жиынтығы құрайды, ал оларды жүйелі ұйымдастырып, әрқайсысының сөзжасамдық тарихын көрсететін – сөзжасамдық ұяның құрамдас бөлшектерінің бірі – сөзжасамдық сатылар. Олар ұяда болатын барлық процестерге қатысты. Яғни, сөзжасамдық саты да сөзжасамдық тізбек, тарам, жұп сияқты, сөзжасамдық ұяның бөлінбес бір бөлшегі болып табылады.

Профессор Н.О.Оралбаева сатыны былай анықтайды: «Сөзжасамдық саты – сөзжасамдық ұяның бір мүшесі. Ол бір сөзден екінші туынды сөздің жасалу шегін білдіреді»[2]. Ал 2002 жылы шыққан «Қазақ грамматикасында»: «Жаңа сөздің жасалуына арқау, негіз болушы сөз бен сөз тудырушы жұрнақтан құралған туынды сөз сөзжасамдық сатыны құрайды. Басқаша айтқанда, сөзжасамдық саты туынды түбір сөзден тұрады», –делінеді.

Сөзжасамның өз алдына жеке сала ретінде өзіндік зерттеу нысаны мен оның басқа салалардан ерекшелігінің зерттелуі А.А.Юлдашевтің, Э.В.Севортянның, Ф.А.Ганиевтің, В.В.Виноградовтың, Г.О.Винокурдың, Е.С.Кубрякованың, Е.А.Земскаяның т.б. еңбектерінде көрініс тапты. Қазақ тілінің сөзжасамына қатысты мәселелер ең алдымен орыс зерттеушілері П.М.Мелиоранскийдің, В.В.Катаринскийдің, Н.И.Ильминскийдің еңбектерінде (XIX ғ.) қарастырылып, алғаш рет сөз таптарының жұрнақтарын анықтау, жұрнақтардың мағынасын ашу, олармен жасалған туынды түбірлерді айқындау сияқты сөзжасам мәселелері сөз болды. Ал ана тілімізде бұл мәселенің қарастырылуы Ахмет Байтұрсынұлының («Тіл – құрал»(1914 )), Қ.Жұбановтың («Қазақ тілінің грамматикасы» (1936 )) еңбектерімен тығыз байланысты. Осы қазақ тіл білімінің бастау көздерінің өзінде сөздердің тұлғасы, сөзжасамдық жұрнақтар, күрделі сөздер мәселесі көтерілгені белгілі. Бұдан кейінгі зерттеулерде (Қ.Басымов, С. Кеңесбаев, И.Ұйықбаев, И.Маманов, А.Ысқақов т.б.) сөз таптарының сөзжасам мәселелері, аффикстердің қызметі, мағыналары, қолданылу ерекшеліктері қарастырылып, сөзжасамның әр түрлі аспектілері диссерттациялардың зерттеу нысанына айналды. Белгілі ғалым Ә.Төлеуов есімдердің сөзжасам жүйесін, А.Қалыбаева (Хасенова) етістіктен сөз жасау жүйесін, Д.Түнғатаров омонимдік аффикстерді, Ж.Манкеева етістіктердің жасалуын, Н.Оралбаева сан есімнің сөзжасам жүйесін, Ө.Айтбаев терминдер сөзжасамын (терминдердің жасалуындағы негізгі амал- тәсілдер мен қалыптарды) қарастырса, сөз тудырушы қосымшаларды тарихи тұрғыдан зерттеуге Ғ.Айдаров, А.Есенқұлов, Т.Томанов, Т.Қордабаев, Ғ.Қалиев, Р.Сыздықова, С.Исаев, Ә.Ибатов т.б. ғалымдар өз үлестерін қосты. Сонымен, түркологияда, оның ішінде қазақ тіл білімінде ғалымдардың жан- жақты зерттеулеріне негіз болған сөзжасам жүйесі 1989 жылы алғаш рет өз алдына жеке сала ретінде қарастырылып, арнайы монография ретінде профессор Н.Оралбаеваның редакторлығымен жарық көрді.

«Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесі» деп аталып, онда қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесінің жалпы теориялық мәселелері, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық үлгі және сөзжасам тәсілдері мен сөзжасамның сөз таптарына қатысы ғылыми негізде сөз болып, әлі де ашылмаған зерттеуді қажет ететін мәселелерге нұсқау жасау бағытын анықтап берді деуге болады.

Сонымен, түркологияда және қазақ тіл білімінде өзіндік тарихы бар сөзжасамның зерттелуін мынадай кезеңдерге топтастырылуын көрсетуге болады:

1) XIX ғасырға дейінгі кезең. Сөзжасам қосымшалары туралы ілімнің негізі қалануы;

2) XIX ғасырдың басынан Қазан төңкерісіне дейінгі кезең. Сөзжасам тәсілдері туралы алғашқы зерттеулердің жарыққөруі;

3) XIX ғасырдың I жартысында көптеген ғылыми грамматиканың жарық көріп, сөзжасамның морфологияның бір элементі ретіндеқарастырылуы;

4) 1950 жылдардан кейінгі кезең. Негізінен морфологияда қарастырылғанымен, сөзжасамның өзіндік қасиеттерінің (өнімді, өнімсіз, құнарлы, құнарсыздығы) зерттелуі, дербес сала ретінде арнайы зерттеу нысанына айналуы, тарихи тұрғыдан зерттеле бастауы.

5) 1989 жылданбергікезең[3].

Сөзжасам өз алдына жеке сала ретінде танылған кезеңнен (1989) бастап, бүгінгі күнге дейін әр қырынан қарастырылып келеді. Оның әртүрлі теориялық мәселелерін және оны пән ретінде оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін айқындайтын қомақты ғылыми еңбектер дүниеге келді. Мәселен, З.Бейсембаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамның кейбір мәселелері» (1990) атты еңбегінде сөзжасамды зерттеудегі жаңа аспектілер, Ж.Отарбекованың «Сөзжасам мәселелері және оның түркология дазерттелуі» атты мақаласында түркологиядағы сөзжасамның зерттелу кезеңдері (1996), С.Исаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» (1998) деген еңбегінде сөзжасамның мағыналық қырларымен теориялық мәселелері, А.Салқынбайдың «Тарихи сөзжасам» (семантикалық аспект) (1999) атты монографиясында сөз жасаудың тарихи қалыптасқан кешенді жүйесі, Б.Қасымның «Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негізі» (2002) атты докторлық диссертациясында туынды лексикалық бірліктердің (аталымның) уәждеме және уәжділік мәселелері арнайы сөз болады. Сөзжасамның теориялық бірліктері де қазіргі кезде өз алдына жеке зерттеу нысанына айналды. Мысалы, Н.Қоқышеваның кандидаттық диссертациясы сөзжасамдық ұялардың сатыларындағы туынды сөздерге (2001), Б.Есімсейтовтың кандидаттық жұмысы сөзжасамдық тізбек мәселесіне (2002), К.Құрманәлиевтың докторлық диссертациясы қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя мәселесіне (2002), Д.Қуандықованың ғылыми жұмысы етістікті сөзжасамдық ұяның семантикалық сипатына (2005) т.б. ғалымдардың еңбектері арналады. Кейінгі кезде сөз тіркестерінің туынды мағыналы сөз жасауға қатысы туралы мәселеге арналған ғылыми еңбектер жарық көрді. Мәселен, Ж.Әуелбекованың зерттеу жұмысы қабыса байланысқан сөз тіркестерінің лексикалану семантикасына (2006) т.б. арналады. Диалектілердің сөзжасамға қатысы мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Диалектологтардың ішінде сөзжасамды арнайы зерттеген ғалымдардан Ғ.Қалиевтің «Қазақ говорларындағы сөзжасам» атты докторлық диссертациясын (1989), Г.Жексембаеваның «Кірме сөздердің қазақ тіліндегі сөз тудыру процесіне қатысы туралы» мақаласын (//Мақалалар жинағы, 1985) атау орынды. Сөзжасамды жоғары оқу орындарының студенттеріне оқыту мәселесіне арналған еңбектер де баршылық. Мысалы,Н.Оралбаеваның «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты оқулығы (2002), А.Салқынбайдың «Қазақ тілі сөзжасамы» атты оқу құралы (2003) т.б. Осы уақытқа дейін сөзжасам саласы бойынша біраз жұмыстар атқарылып келді. Десекте, бұл салада әлі де болса зерттеуді қажет ететін мәселелер баршылық. Мәселен, сөзжасам жүйесінің тілдік деңгейлерге қатысы, тілдік қабаттан алатын орны, тілдік бірліктері т.б.

Фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем ғылыми жұртшылыққа кеңінен таныс, тіл-тілдерде ұшырасатын тілдік бірліктер болып табылады. Қазақ тіл білімінде сөзжасамның тілдік

бірлігі және оның тілдік деңгейге қатысы туралы көзқарасын ғалым З.Бейсембаева былай деп білдіреді: «... сөзжасамның единицасы – туынды сөз. Туынды сөз дайын атау ретінде лексиканың, түбір және қосымша морфемадан құралатындықтан (синтетикалық тәсіл) морфологияның мазмұнына еніп кетеді. Сондықтан тек өзіне ғана тән единица болмағандықтан, сөзжасамды тілдік деңгейден көре алмаймыз. Осыған орай сөзжасамды лексика мен морфологияның арасынан орын алатын аралық деңгейге жатқызамыз» [4]. Э.В.Севортянның

«Грамматикалық типтегі сөзжасамның сөздікке бағынышты бола отырып, оған қызмет етуі, дегенмен, грамматикалық амал-тәсілдер арқылы іске асып отырады. Сөзжасамның мұндай өзгешелігі оның тілдің құрамды бөлімдері – грамматикалық құбылыс пен негізгі сөздік қордың арасында алатын орны ерекше екенін көрсетеді» /3,17/ деген пікірі де сөзжасамның өзіндік сипатын аңғартады. Ғалым А.Салқынбай: «Егер тарихи фонетикада олардың дыбыстық мәні, фонемалық сипаты, жіктелу жағдайы әңгімеленсе, лексикология сөзді даяр қалпында зерттейтіндіктен, сөзжасамдық жаңа мағыналы нәтиженің даму жолы мен жүйесін сипаттайды. Демек, фонетика мен лексикология арасында сөзжасам саласы аралық буын ретінде тіл дамуына қызмет етеді» [4]. - деп көрсетеді.

Сөзжасам жаңа сөз жасаушы, туынды тұлға туғызушы процесс болғандықтан, тілдің барлық деңгейлері мен байланысқа түседі.Өйткені

«Біріншіден, тілде бір-бірімен байланыспайтын, байланысты керек етпейтін ешбір тілдік құбылыс жоқ. Екіншіден, әр тілдің сөзтудырым жүйесі соңғы кезге дейін морфологияның, кейде лексикологияның құрамында қаралуы олардың байланысына негізделгенін естен шығаруға болмайды» /5,6/. Мәселен, сөзжасам мен морфологияның тығыз байланыста болатын себебі екеуі де сөздің құрамын зерттейді. Морфология сөздің құрамын түбір және қосымша морфемаларға, яғни сөз түрлендіруші тұлғаларға ажыратып, лексикалық және грамматикалық мағыналарын зерттесе, сөзжасам туынды сөздің құрамын негіз сөз және сөз тудырушы тұлғаға ажыратып, сөзжасамдық мағынасын қарастырады. Демек, морфология туынды сөзді сөз табына қатысына қарай қарастырса, сөзжасам туынды сөзді жасалу тәсіліне, типіне, үлгісіне, өнімді, өнімсіздігіне т.б. ерекшеліктеріне қарай зерттейді. Тілдің даму барысында сөз таптарының бір-біріне ауысуы, яғни конверсиялық тәсіл арқылы жаңа сөздердің жасалуы морфология мен сөзжасамның байланысын көрсетеді. Сөзжасам амал-тәсілдер арқылы жаңа (туынды) сөз жасап, тілдің сөздік құрамын байыту, толықтыру жағынан лексикологиямен байланысады. Яғни, туынды сөз жасалғаннан кейін, ол лексикологияның нысанына айналып, сөздік құрамға енеді. Лексикология – тілдің қазіргі кездегі сөздік құрамының жағдайын және тарихи қалыптасу аспектісін зерттейтін тілдің өз алдына жеке бір саласы. Сөзжасам морфология мен лексикологиядан басқа сондай-ақ, тіл білімінің фонетика, синтаксис, стилистика т.б. салаларымен де тығыз қарым-қатынаста болады. Сөзжасамның фонетикамен байланысын мынадан көруге болады: тілдің тарихи даму барысында дыбыстардың алмасуы мен сәйкестігі нәтижесінде сөздердің тұлғалық жағынан өзгерістерге түсіп, жаңа мағынаның жасалуы сөзжасам процесі негізінде болатын құбылыс. Мысалы, тон – тоң, өс - өш т.б. Сонымен қатар, негіз сөзге сөз тудырушы тұлғалардың фонетикалық заңдылықтар бойынша жалғануын морфонология саласы қарастырады. Яғни, сөзжасам өзінің сөз тудырушы жұрнақтарының қолданылуы арқылы тілдің фонетика, морфонология салаларымен байланысады. Ал, сөз тіркестерінің лексикалану процесі негізінде күрделі сөздерге ауысуы, тілдегі сөз таптары сияқты, сөйлем мүшелері де сөйлемде жұмсалу ыңғайына қарай бір-бірінің орнына ауысып қолданылуы немесе сөздердің тұрақталған позициясынан басқа функцияда жиі қолданылуы негізінде туынды сөздің қалыптасуы синтаксис пен сөзжасамның байланысын көрсетеді. Сөзжасам жаңа сөздің жасалуы – жаңа мағынаның тууы жағынан семасиологиямен, жаңасөздің тілдің стильдік жүйесіне қатысы жағынан стилистикамен байланысын көрсетеді. Сонымен, сөзжасам тілдік деңгейлердің барлығымен байланысып, өзара бірлікте өмір сүреді. Тілдік деңгейлер өзара байланыста, қарым- қатынаста бола тұра, олар өзінің зерттеу нысa-

насы арқылы бір-бірінен ерекшеленіп, дербестігін сақтайды. Сөзжасам тілдік деңгейлермен қарым- қатынаста болумен қатар, ол барлық тілдік деңгейлерді бір-бірімен байланыстырып, аралық процесс ретінде тілдің дамуына қызмет етеді. Өйткені, сөзжасамдық (фонетика-семантикалық, семантикалық, синтетика- семантикалық, аналитика-семантикалық) тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздердің сөз табына қатысы, атқаратын қызметі сөзжасам процесінен кейін айқындалып қалыптасады.

Тіл білімінің әртүрлі саласының құрамында қарастырылып келген сөзжасам мәселелерін ғылымда жеке сала деп тану, оның тіл қабатынан алатын орнын, өзіндік нысанын, өзіне тән әдіс-тәсілдерін, мақсатын айқындау, ғылыми айналымға түсіру, дәлелдеу барысында көптеген жұмыстар атқарылып келді. Сонымен қатар, сөзжасамның дербес сала ретінде танылуы кейбір тілдік құбылыстарды қайта қарап, жаңадан пайда болған көзқарастар мен теориялардың негізінде тағы да бір ғылыми зерттеуді қажет ететін мәселелердің бар екенінкөрсетеді.

Соңғы жылдардағы зерттеулерге қарағанда, көптеген сөзжасамдық ұяны зерттеушілер, ұяда туынды сөзді орналастыруда саты бойынша ұйымдастыру амалын кеңінен қолдануда. Мысал ретінде медицина терминологиясындағы сөзжасамдық ұяларды зерттеген А.Ю. Самохиннің, жоғарыда келтірілген Т.П. Адскованың және тағы басқа көптеген зерттеушілердің есімдерін атауға болады. Бұл жағдай сөзжасамдық ұя құрылымын зерттеудің сатылық амалы – сөзжасамдық жүйелі байланыстарды сипаттаудың тиімді тәсілі екенінкөрсетеді[5].

Тілдегі сөздік қор мен грамматикалық құрылыс – тілдің өзара бір-бірімен тығыз байланысты екі саласы. Тілдің дамуы барысында лексикалық құрамдағы сөздер үнемі қозғалыста болып, белгілі бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысып, өздерінің мән-мағынасын, қызметін өзгертіп отырады. Қазіргі тіл білімінде сөз құрамына байланысты сөзжасам, тұлғажасам және сөзөзгерім деген грамматикалық ұғымдар қалыптасты. Бұл ұғымдар сөз формасымен, әсіресе, қосымша морфемалармен тығыз байланысты екені анық.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1.Бұғыбаева Ж. Б. Қазақтопонимдерініңсөзжасамы. – Алматы,2015

2.Оралбай Н., Құрманәлиев К., Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы: Інжу-Маржан, 2014. – 290б.

3. http://www.docme.ru/doc/1126469/s%D3%A9zzhasam

4. Қазіргіқазақтілініңсөзжасамжүйесі.–А.,1989.

5. Қазақграмматикасы. – Астана, 2002.

# ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРДЫҢ МАҒЫНАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

***Қасым Б.***
*филология ғылымдарының докторы, профессор*
*Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы және грамматикалық құрылысында етістік ерекше орыны ерекше. Оның туынды сөз, бен сөз тіркестерінің жасалуына тікелей түрде ықпал етіп отыратыны белгілі. Сөз тудыру амалдарының синтетикалық және аналитикалық тәсілдері арқылы басқа сөз таптарының жасалуына да ұйытқы болып, ол сөз таптарынан жаңа етістіктер жасалуы сияқты диалектикалық процеске, қарым-қатынасқа түсетін етістік категориясының өзіндік жүйесі, тарихы, ішкі заңдылығы бар тұтас тілдік құбылыс

екені мәлім. ***Аналитикалық формант*** термині есімге де, етістікке де тән. *Аналитикалық формант* грамматикалық категориялары бар сөз таптарына қатысты. Олардың ішінде сапалық сын есімнің шырай категориясының аналитикалық формасы бар екенін кейбір ғапымдар көрсетіп жүр. *Өте үлкен, ең жақсы, тым әдемі, өте таза* т.б. қолданыстағы сөздер асырмалы шырайдың аналитикалық формаларына жатады. Мысалы, *ел үшін*, *сен сияқты, ауылдың маңы, мектепке шейін, үйге қарай* деген тіркестерді *септіктің аналитикалық формасы* дейтін пікірлер де кездеседі.

Грамматикалық категориясы бар зат есім мен сын есімдегі грамматикалық аналитизм мәселесі дәлелденбегендіктен, *аналитикалық формант* ұғымы тек етістікпен байланысты қаралып жүр. М.Оразов сөз мағынасы және оның құрылымы, тіл лексикасындағы жүйе мәселесіне байланысты проблема көтереді де, осы лексикалық жүйе құрылымындағы тіл бірліктерінің сөз байланысын талдайды. Парадигмалық, синтагмалық байланыс сипатына қарай сөздерді семантикалық топтарға бөледі, олардың семаларына талдау жасайды [Оразов,1991]. Түркі тілдерінде сөздің аналитикалық формасы туралы теорияның негізін салушы, түркі тілдеріндегі етістіктің аналитикалық формаларын зерттеуші А.А.Юлдашевті атауға болады [А.А.Юлдашев,1965]. Ал қазақ тіл білімінде профессор Н.Оралбай қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарын, форма теориясын негіздеген, АФ-тің етістіктің барлық категорияларына қатысты екенін дәлелдеген [Н.Оралбаева, 1975]. Әр категорияға қатысты негізгі аналитикалық форманттарды көрсеткен. Көпшілік түркологтар аналитикалық етістіктерді күрделі етістік санай отырып, олардың ***вид, рай, шақ*** категорияларының көрсеткіші екенін де көрсетеді. Осымен байланысты, күрделі етістікке тіркесетін грамматикалық категориялардың мағынасын білдіретін аналитикалық формантарды (көрсеткіштерді) әлі де болса ұқсас құбылыс ретінде тану түркітануда кең тараған құбылыс екендігін көрсетеді. Мәселен, Абай: – Біз ата-ана**ның алд**ында туысқан болысуға жарасақ, со да жетер. Мынадай ажал аузына, қыл көпір**дің үст**іне ел-жұртты өзі *айдап кел***ген соң**, менен *жөн сұра*масын!..-деген (М.Әуезов, Абай жолы). Тілдік деректегі: *айдап кел***ген соң** – *айдап кел* – күрделі етістік, одан кейінгі жалғандар *-ген соң* грамматикалық мағынаны білдіретін аналитикалық форманттар. Я болмаса, Сүйтіп аз күн ішінде Қаумен, Үркімбай, Базаралы, Қарақан сияқты айқын жаламен тізілген адамдар *ақталып қалды* дегендегі *ақталып қалды* аналитикалық формалар, яғни атауыш (ақтал-) сөз бен көмекші сөздің (*-ып қал-*) тіркесінен жасалған (М.Әуезов, Абай жолы).

Күрделі етістіктерді арнайы зерттеп, олардың сөз тіркестерімен, тұрақты сөз тіркестерімен, аналитикалық формалы етістіктермен өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажыратуда және ***күрделі қимыл аталымы,*** яғни ***лексикалық бірлік*** екенін дәлелдеген Б.Қасым еңбегінің [Б.Қасым, 1996] маңызы зор.

Ы.Маманов күрделі етістік ұғымына аналитикалық формалы етістіктерді де жатқызған. Күрделі етістік көсемше формаларымен көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады [Ы.Маманов, 2007, 51]. Негізінен ғалым етістіктердің тұлғалық жағын ғана ескерген сияқты. Сөз тіркесі мен аналитикалық формалы етістіктерді, күрделі етістіктерді нақты ажыратып көрсетпеген. Дегенмен тілші бұл тілдік құбылыстардың аражігін ашпағанымен, аналитикалық формалы етістіктердің табиғатын, мағыналық қырларын ашып көрсетуімен құнды.

Аналитикалық формант туралы айтпас бұрын ***аналитикалық форма*** ұғымына түсінік берген жөн. Аналитикалық сөз формасының өзіне тән бірнеше ***белгілері***:

❖ *Біріншіден*, сөздің *аналитикалық формасы* дербес сөз бен көмекші сөздің бірлігінен тұрады. Ә.Хасенов: «Аналитикалық форма дегеніміз – *атауыш* сөздер мен *көмекші сөздер* тіркесінен жасалған ***құранды форма»*** деп, аналитикалық формаға сипаттама береді Мәселен, *ауылдың жаны, саған бола келдім, сен туралы, елу шақты* т.б. аналитикалық формалы сөздер». Дербес (атауыш) сөз бен көмекші сөздің тіркесі дегенде міндетті түрде оның грамматикалық мән ескерілуі қажет. Тек қана грамматикалық сипаттағы дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесінің аналитикалық форма бола алатыны есте болуы керек. Мыса-

лы, *күліп жіберді, сайрай бастады, шулап кетті, өте үлкен, ең әдемі, тап-таза, қап-қара, қып-қызыл* т.б.

❖ *Екіншіден*, сөздің аналитикалық формасы грамматикалық категориясы бар сөз таптарына қатысты.

Қазақ тілінде грамматикалық категориялары бар сөз таптары деп зат есім, сын есім және етістік аталып жүр. Осы үш сөз табының ішінде *етістіктің аналитикалық формасы* (ЕАФ) дәлелденді. Ал зат есім мен сын есімнің аналитикапық формасы әлі ғылымда шешімін таппаған мәселелер қатарында қалып отыр. Зат есім мен сын есімнің грамматикалық категорияларының мағыналарын білдіретін көмекші сөздер бар. Аталған үш сөз табының ішінде зат есімнің септік категориясының аралас аналитикалық формасы және сапалық сын есім шырайының аналитикалық формасы бар.

❖ *Үшіншіден*, сөздің аналитикалық формасын жасайтын көрсеткіш – аналитикалық формант.

***Аналитикалық формант*** – сөздің аналитикалық формасын жасаушы көрсеткіш. Мысалы, келе жатыр, айта бастады, білсе екен, өте жақсы деген сөздердегі *=е жатыр, =а баста, =са екен, өте* – аналитикалық форманттар. ***Аналитикалық формант*** – қосымша мен көмекші сөздің бірлігінен тұратын, не көмекші сөздердің тіркесумен келетін категория мағынасын білдіретін *морфологиялық көрсеткіштер*, ол сөздің синтетикалық формасын жасайтын грамматикалық қосымшамен бірдей қызметтегі *тілдік бірліктер.*

❖ *Төртіншіден*, сөздің аналитикалық формасын жасаушы аналитикалық форманттың құрамы тұрақты, оны өзгертуге болмайды. Мәселен, қимылдың өту сипаты категориясының мағынасын білдіретін =а бер форманты түбір етістікке тіркесіп, қимылдың қайталануын, созылуын білдіреді: айта бер, жаза бер. Осы формант тек осы құрамда ғана осы мағынаны білдіреді, оның құрамын өзгертсек, бұл мағынаны білдірмейді. Мысалы, бұл форманттың құрамындағы *=а* жұрнағының орнына *=п* жұрнағын қойып *=п бер* түріне көшірсек, ол қимылдың созылуын, қайталануын білдірмейді: *айтып бер, жазып бер*. Бұл аналитикалық формант құрамының ***тұрақтылығын*** дәлелдейді.

❖ *Бесіншіден*, аналитикалық форманттар грамматикалық категориялардың мағынасын білдіретін көрсеткіштерге жататын болғандықтан, олар грамматикалық мағына береді.

Аналитикалық формалы сөз лексикалық мағынамен бірге грамматикалық мәнді де білдіреді. Мысалы, *өте үлкен* дегендегі *үлкен* сөзінің лексикалық мағынасы да *өте* сөзінің асыру мәні де яғни грамматикалық мағынасы да қоса қабат көрінеді. *Күліп жіберді, келе бастады* десек, *күлу* қимылы да және оның *тез, кенет жасалу* мағынасы берілсе, *келе бастады* дегенде *келу* қимылы да және оның *басталу* мағынасы да қоса беріліп тұр.

Етістіктің аналитикалық форманты деп қосымша мен көмекші етістіктен тұратын, белгілі бір категорияның мағынасын білдіретін біртұтас құрделі морфологиялық көрсеткішті айтамыз. Етістіктің аналитикалық форманты көп жағдайда бір қосымша мен бір көмекші етістіктен құралады.

Аналитикалық формант құрамында келетін қосымшалар – көсемше, есімше, шартты рай мен қалау рай жұрнақтары. Осы аталған қосымшалармен тіркесетін тілде отызға жуық көмекші етістіктер бар болса, олардың бірлігінен жасалған **аналитикалық форманттар:** Мысалы, *-а ал, -п ал, -а бер, -п бер, -а баста, -а бар, -п бар, -п біт, -п кел, -п шық, -а шық, -а жазда, -п жібер, -п қал, -а қал, -п кет, -е кет, -п қой, -п сал, -а сал, -п түс, -е түс, -п отыр, -п тұр, -п жүр, -п жат., -п жатыр, -а жатыр, -п таста, -п бақ, -п өт, -п біт, -п көр, -ған бол, -ғы кел, -а көр, -са екен, -са игі еді, -п еді, -ғай еді,-атын еді, -мақ еді, -са еді, -ар еді, -п келе жат, -а көрме, -п жүре бер, -п сала бер, -п кеп кет, -п кеп жібер, 0 еді, 0 емес, 0 жоқ* т.б.

Аналитикалық форманттар құрамы жағынан жалаң (дара) және күрделенген (күрделі) аналитикалық форманттар болып екіге бөлінеді. Бір, екі, үш морфемалы аналитикалық форманттар жалаң аналитикалық формантгар деп аталады. Мысалы, Қатты өзгеріп, жаны

толқынға түскен Абай әлі оңалған жоқ. Менің күлкім түрткі болды да, сахнада тұрған артистердің бәрі күліп жіберді. Толып жатқан үйді бір аралап шыққысы келеді. Мұнда *0 жоқ, -ып жібер, -қысы кел* аналитикалық форманттар қолданылған. Олар 0 жоқ форманты бір морфемадан, *-ып жібер* екі морфемадан, -қысы кел үш морфемадан құралған.

Бір морфемалы аналитикалық форманттарға *0 еді, 0 екен, 0 емес, 0 жоқ* форманттары жатады, олардың саны аз, бірақ тілде өте жиі қолданылады. *0 еді* аналитикалық форманты – қатыстық өткен шақтың көрсеткіші. Мысалы, Оның бұл жаңалығын алғаш естігендеүй ішіндегілер қуанарын да, мұңаярын да білмей үнсіз *отырып қалды еді* ( Д.Исабеков, Гауһар тас, 211б).

*0 екен* форманты да өткен шақтық мағына береді. Мөселен, Тәкежанның үйінен Абай аттанғанда, күн кешкіріп, екінтіге *тақап қалған екен.* Жоғарыда *0 еді мен 0 екен* аналитикалық форманттары өткен шақтық мағынаны білдіреді. Бірақ *0 еді* формантын субъекті өзі қатысқан өткен уақыттағы іс-қимылмен байланысты қолданса, екінші мысалдағы *0 екен* формантын субъектінің өзі қатыспаған, көрмеген еткен кездегі іс-қимыл туралы айтқан кезде ғана қолданады.

**Татар тілі.** Қазақ және татар тілдерінің лексикасындағы етістік сөздерді салыстыра отырып, олардың екі тілдегі мағыналық даму ерекшеліктеріне және құрылымдық ерекшеліктеріне назар аударайық. *Асау* сөзі түсіндірме сөздікте *ауызға толтыра тамақ салу, жеу* деп түсіндіріледі, екінші ауыс мағынасында *біреудің есесінен пайда табу, жем қылу*. Құрылысы жағынан дара сөз болып табылады. Ал бұл сөздің ***татар тіліндегі*** *қолданылу аясы* кеңірек. Татар тілінің түсіндірме сөздігінде бірінші мағынасы қазақ тіліндегі мағынасымен сәйкес келеді. Бірақ *ашап қарау* қазақ тіліндегі *ауыз тиюге* сәйкес және *ашап тую ~ тою* мағынасында. Қазақ тілінде мұндай тіркестер қолданылмайды. Татар тілінде *ашап тишү* күйенің жеуі (моль), *ашап бетерү* жәндіктердің шағуы мағынасы да бар. Ауыспалы мағынада кесірін тигізу *башын ашау*, біреудің аманат етіп берген затып ұстап қою, біреуге тиесілі нәрсені иелену, біреудің есебінен өмір сүру мағыналарында қолданылады. Бұл мысалдардан татар тіліндегі *-п тую, -тишү, -п қарау* сияқты аналитикалық форманттарды көруге болады. Бұл форманттар татар тілінде өнімді тәсілдердің бірі болып саналады. Сонымен қатар, *ашап ятучы* ~ арамтамақ, *кеше хакын ашау* ~ жатып ішер. Қазақ тіліндегі *құлақ етін жеу* тұрақты тіркесінің құрамындағы *жеу* сөзінің орнына татар тілінде *асау* сөзі қолданылады *колак итен ашау*. Көне түркі сөзіндегі қазақ тілінде де, татар тілінде де жойылған тағы бір мағынасы бар, ол құрметке бөлену *ol odun edgu ogli tegin jeti kun lu lar tapayin uduyin asadi* ~ ол уақытта мейірбан хан жеті күн құрметке бөленген еді.

***Баю*** сөзінің қазақ тіліндегі мағынасымен сәйкес мағынасынан басқа *бату* (аспан денелері) деген мағынасы бар. *Баемас кояли булмас* күн де батып барады. *Құрту* етістігінің қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде негізгі мағынасы *жазасын беру, сазайын тартқызу*, ал екінші мағынасы *иеленіп кету, жұмсап жіберу*. Татар тілінде де бұл етістіктің *жою, құрту* мағынасы сақталған. Сонымен қатар бұл етістіктің қазақ тілінде қолданылмайтын бірнеше мағынасы берілген:

•Кептіру – *қорыта төшү*.

• Сүрту, құрғатып сүрту. *Өстәлне қорытып алу* – үстелді құрғатып алу.

•Солу, *суык чечәклерне қорытты* – суықтан гүлдер солып қалды.

***Тілек модалділік:*** Қалау рай формасымен пайдаланылады ***әле, -чы, -че, инде*****;** одағай *әйде, әйдәгез*; модаль сөздері: Киңәшегез өчен рәхмәт! *Йөреп карыйм әле.* Авыл һавасын *сулыйм.* Кешеләрен *күрим* (Г. Бәширов)

**Етістіктің басқа формаларымен тілек білдіру**


Аффикстер мен формалардың екіліктерінен басқа *-гай* және *-гыр*, тілек қалауы болса, ал қалғандары аналитикалық болып табылады. Мысалы: Тырмаларга мөмкин дә бит... Икенче яктан, бу вакытта тырмалау үзе бик хәтәр нәрсә. Бодайның тамыры *өзелмәгәе, йолкынып чыкмагае*. ( Г.Бәширов).

*-гыры* формасы жамандықты, қорқынышты мәнінде қолданылып, одағай түріне кіреді. Зығырданы қайнау, ызалану түрінде (*дөмеккере, башы беткере, күзеі чыккыры, кәһәр суккыры, чәнчелеп киткере* т.б.), кейбір уақыттарда көңілі толу, қуаныш түрінде де келеді (*шайтан алгыры, рәхмәт төшкере)*: Эх, *жен алгыры!* Ничек тизрәк үтеп китәргә! (М. Жәлил).

***-асы кил*** формасы тілек түрін білдіріп, шақпен де, жақпен де байланыста болады. Мысалы: Житеп килә бит инде, егетләр карый торган чагы, кияүгә *барасы килер* (М. Маликова).

***-асы иде*** формасы грамматикалық тұрғыдан 1-ші жақ, жекеше түрінде беріледі. Көбіне сөйлеушінің өз тарапынан шығады. Мысалы: Кырларында, илем, юлларында Гизәсе дә *гизәсе иде,* Жырга салып жырдай тормышының Үзеңә *бүләк итәсе иде* (Х. Туфан).

***-рга иде*** формасы: Их, кайтып *аунарга иде* шул иаллар арасында! (Р. Фәйзуллин). Аннары бер туйганчы *еларга иде.* Кврвк беренче елдан бирле жыелган сагышны, моңны *чыгарырга иде* (М. Мәһдиев). *Сызба.1*




Сонымен қатар, қазақ тілінде морфологияға кіріп кететін - *атын* тұлғасы, татар тілінде аналитикалық форманттың қатарына жатқызылады. Мысалы, *бара тырған едим* (баратынмын), *бара тырған идең* (баратынсың) етістікті тіркес ретінде қолданылады.

Қорыта келе, қазақ және татар тілдеріндегі етістіктердің мағыналық және құрылымдық алшақтықтары тілдің даму барысындағы әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерін танытады. Татар және қазақ тілдері етістіктерін салыстыра отырып, бір тілдегі етістіктердің мағынасы, екінші бір тілдегі тарылған немесе керісінше кеңейген түрде қолданылса, кейде бірінде қолданылатын мағынасы екінші тілде өзгеріске түскенін байқауға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991.
2. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б.
3. Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. – М.: Наука, 1965. – С. 89-99.
4. Маманов Ы. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
5. Қасымова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. – Алматы,1996. –110 б.
6. Тумашева Д.Г. Татарский глагол (Опыт функционально-семантического исследования грамматических категорий) *Учебное пособие.* – Казань: Казанского ун-та, 1986. – 189 с.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10тт. – Алматы: Ғылым, 1974-1986.
8. Татарско-русский словарь. – Москва., 1969.

# ЗАТ ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ МАҒЫНАЛАРЫ

***Құрманәлиева З.А.***
*Қайнар академиясының профессоры,*
*филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Сөзжасамның шешілмей жүрген мәселелерінің бірсыпырасы зат есім сөзжасамына да қатысты. Әсіресе, сөзжасамдық мағынамен байланысты пікір алалықтар зат есімнің сөзжасамдық мағынасы мәселесінде ерекше байқалады.

Ал, сөзжасамның барлық сөз табының сөзжасамына қатысты жалпы теориялық мәселелерін зерттеу 1989 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиядан басталды. Ол монографияда көтерілген жалпы теориялық мәселелердің бірлі-жарымы болмаса, көбі арнайы зерттелген жоқ, әлі өзінің зерттелуін күтуде. Сөзжасам мәселесіндегі алалықтың көбі сөзжасамның көп мәселелерінің әлі арнайы зерттелмегеніне байланысты.

Сондай мәселелердің бірі – сөзжасамдық мағына мәселесі. 1989 жылға дейін сөзжасамдық мағына арнайы сөз болған емес дедік. 1989 жылы шыққан монографияда сөзжасамдық мағына бірінші рет көтеріліп, сөзжасамдық мағына туралы қысқа мәлімет берілген. Мұнда өте маңызды мәселелер сөз етілген. Әдетте, сөзжасамдық жұрнақтар лексикалық мағына жасайды деген жалпы пікір барлық еңбектерде дерлік қайталанып отырады. Бұл соңғы еңбектерден де орын алады.С. Исаев соңғы еңбектерінің бірінде: «... бірінші дәрежедегі тілдік құбылыс – белгілі тәсілдер арқылы жаңа лексикалық мағыналы сөздің тууы» - деді [1]. Жоғарыда көрсетілген 1989 жылғы монографияда сөзжасамдағы жаңа лексикалық мағынаның, яғни сөзжасамдық мағынаның әртүрлі болатыны дәлелденген. Оны мына үзінділерден байқауға болады:

1. «Сөзжасамдық мағынаның өзіндік ерекшеліктері бар»
2. «... *етей, дөңки, кемі, байы, күрек, бөлме, етікші, сыншы, қойшы* сияқты туындылардың мағынасында болған өзгеріс өте күшті, түп негіздегі мағынаның негізінде басқа лексикалық мағына жасалған».
3. «Ал, *сұра-сұрау, тара-тарау, жүр-жүріс, жел-желі* сияқты түп негіз бен туындыларды салыстыру олардың лексикалық мағынасында айырманың аздығын аңғартады».
4. «Бұл айтылғандардан сөзжасамдық мағына атауының бәрі туынды мағына болғанымен, сөздердің қандай тәсілмен жасалғанына қарай, әр туынды сөздің сөзжасамдық мағынасында ерекшелік бар» [2].

Бұл монографияның «Сөзжасамның жалпы мәселелері» бөлімін Н.Оралбаева жазған болатын.

Демек, сөзжасамның жеке сала болып танылуы бұрыннан да сөзжасамдағы пікір түрлілігіне байланысты мәселелердің шешімін табу жаңадан көтеріліп отырған тың мәселелердің арнайы зерттелуін қажет етеді.

«Қазақ тілінің сөзжасамы» атты оқулықта ғалым сөзжасамдық мағынаның төрт түрін көрсеткен: 1) өзгерген туынды мағына, 2) түрленген туынды мағына, 3) көшірілген туынды мағына, 4) теңбе-тең туынды мағына.

Автор өзгерген туынды мағынаға «Негіз сөздің мағынасының негізінде басқа мағынаның жасалуын негізден өзгерген мағына деп атайды» деген анықтама берген [3]. Оған *жасар, қарала, қартай*сияқты мысалдар келтірген.

Ал түрленген туынды мағынаға: «Сөзжасамда туынды мағына негіз сөздің мағынасын өзгертпей, оған үстеме мағынаның қосылуы мағынаның түрленуіне жатады. Мысалы, *дөнен-дөнежін, бала-балапан, көл-көлшік, әке-әкетай* т.б. Бұларда негіз сөздің лексикалық мағынасы туынды сөзде толық сақталған, бірақ оның үстіне туынды сөздерде түрлі мағына қосылған».

Оқулықта көшірілген туынды мағынаға мынадай сипаттама берілген: «Негіз сөз бен туынды сөздің арасындағы қатысты үшінші түрінде туынды сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасын басқа сөз табына көшіру арқылы жасалады. Мысалы, *қатырма* (етістік) - *қатырма* (зат есім), *қатар* (зат есім) – *қатар* (үстеу), *айтыс* (етістік) – *айтыс* (зат есім), *қорған* (етістік) – *қорған* (зат есім) т.б.».

Енді теңбе-тең туынды мағынаға: «Туынды сөздің лексикалық мағынасы негіз сөздің, не сөз тіркесінің мағынасымен тең түсуі мағынаның теңбе-теңдігі аталады. Бұл сөзжасамның қысқарту арқылы жасалған түрлеріне қатысты» деген түсінік берілген, қысқарған сөздерден мысал келтірілген.

Демек сөзжасамның туынды мағыналарының бәрі лексикалық мағынаға жататын болғандықтан, туынды лексикалық мағына деген өте жалпы мәнді сөз екені, оның сөзжасамда әр түрлі ерекшелігі бары анықталып отыр.

Олай болса, сөзжасамдық мағына деп нені атау керектігі анықталу қажет. Оған 2002 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында мынадай анықтама берілген: «Туынды сөздің жасалуына байланысты пайда болған мағына сөзжасамдық мағына деп аталады» [3,39]. Бұл анықтама негізінен дұрыс. Бірақ оны жеке жұрнақ жасаған, сөзжасамдық көрсеткіш жасаған деп те түсінуге болады. Сондықтан анықтаманы айқындай түсу керек деген ойға келдік. Осымен байланысты сөзжасамдық мағынаға мынадай анықтама ұсындық: сөзжасамдық мағына деп сөзжасамдық әрекеттің нәтижесінде барлық тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздерге ортақ мағынаны айтамыз. Бұл анықтама сөзжасамдық мағынаның барлық сөзжасамдық тәсілі арқылы жасалған туынды сөздерге қатысты екенін аңғартады.

Осы пікірді мысал арқылы анықтай түсейік. Айталық *тәрбиеші* деген туынды сөздің *тәрбие* деген негіз сөзге *–ші* жұрнағы жалғану арқылы жасалғанын көреміз. Мұнда *–ші* жұрнағы арқылы жасалған туынды сөзде мамандық мәні пайда болды дейміз. Бұл – жеке жұрнақтың мағынасы. Осы уақытқа дейін ол – ғылымда сөз болып келген мағына. Ал, ол *жұрнақ* сөзге қосқан мамандық мағынасы сөзжасамдық әрекеттің нәтижесінде пайда болды. Сондықтан ол – сөзжасамдық мағына. Сонда бұл мысалдан әр жұрнақтың негізгі мағынасымен бірге сөзжасамдық мағынасы болатыны анықталды.

Оны бұдан да гөрі анығырақ түсіну үшін, жалғаумен байланысты салыстыру жасайық. Мысалы, *үйде* деген сөзде жатыс септігінің *–де* жалғауы жалғанып, оған мекен мәнін қосып тұр. Ол мағына жатыс септік жалғаудың жеке мағынасы. Осы мағына ғылымда грамматикалық мағына деп аталады. Ол әбден танылған. Грамматикалық мағына барлық грамматикалық көрсеткіштерге ортақ.

Ал, сөзжасамда сөзжасамдық көрсеткіштердің әр қайсысына тән мағынасы болады да, сонымен бірге оның жалпы мағынасы яғни сөзжасамдық мағынасы болады.

Грамматикалық мағына грамматикалық көрсеткіштерге қандай ортақ болса, сөзжасамдық мағына да барлық сөзжасамдық көрсеткіштерге ортақ, өйткені олар туынды сөз жасайды, туынды сөз бар жерде сөзжасамдық мағына бар. Бұл грамматикалық форма бар жерде грамматикалық мағына болады дегенмен бірдей.

Қорыта келгенде,грамматикада грамматикалық мағына бар. Сөзжасамда сөзжасамдық мағына бар. Грамматикалық мағына грамматикалық форма атаулыға ортақұғым болса, сөзжасамдық мағына да барлық туынды сөздерге ортақұғым.

Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында сөзжасамдық мағынаны топтастыру да тілдік деректерге сай анықталған. Біз өз зерттеуімізде оны басшылыққа алдық.

Алайда, осы арада сөзжасамдық мағына, туынды мағына, лексикалық мағына жасалады деген сияқты сөз тіркестерінің, ұғымдардың бір-біріне қатысын анықтай түсу қажет деп ойлаймыз.

Лексикалқ мағына деген ұғымның мағынасы өте кең. Ол тілдегі сөз атаулыға қатысты. Негізгі түбір сөздің де, туынды түбір сөздің де, біріккен, кіріккен сөздердің де, қос сөз, қысқарған сөз, тіркесті күрделі сөздің де яғни күрделі сөз атаулының да лексикалық мағынасы болатыны белгілі. Сондықтан лексикалық мағына сөзжасамға ғана қатысты деп ойлаймыз. Негізгі түбір сөздің лексикалқ мағынасы болғанымен, оның сөзжасамдық мағынасы жоқ. Егер негізгі түбір тарихи тұрғыдан алғанда, бір замандарда туынды сөз болып, кейін ол туынды сөздің белгілерінен айрылып, қазіргі кезде негізгі түбір деп танылып жүрсе, оның сөзжасамдық мағынасы болмайды.

Туынды сөз деген терминді біз сөзжасамдықәрекет нәтижесінде жасалған сөз атаулының бәріне қолданамыз.Туынды сөз жасалса, оны сөзжасамдық мағынасы бар деп түсіну керек.

Сөзжасамдық еңбектерде, сөзжасамдық талдауларда жұрнақ арқылы басқа мағыналы сөз жасалады деген тіркестер жиі кездеседі.Ол, әрине, туынды сөз жасалады дегенді білдіреді. Біз оны туынды сөз жасалғанда қолданамыз.

Бірсыпыра жағдайда еңбектерде «*жаңа сөз жасалады*», деген тіркес қолданылады. Біз бұл терминді қолданбадық. Бізде сөзжасам әрекеті арқылы жасалған туынды сөздердің көбі ертеден қолданылып келе жатқан, әр кезеңдерде қолданылған сөздер, соңғы кезде жасалған жаңа туынды сөздер азырақ. Сондықтан бұл сөз тіркесін еңбекте қолданбадық.

Сөздасамдық мағына «Қазақ тілі сөзжасамы» оқулығында бірінші рет топтастырылып, оның түрлері көрсетілгені анықталды. Бұл жаңа ғылыми мәселе ,яғни, сөзжасамдықмағынаның түрлері жұртшылыққа таныс еместігін ескеріп және олардың зат есім сөзжасамына да қатысын көрсету үшін, зат есім сөзжасамынан алатын орнын аңғарту үшін, оларға қысқаша тоқтала кетейік.

Зат есім сөзжасамындағы өзгерген туынды мағына. Өзгерген туынды мағына зат есім сөзжасамының өзекті мағынасы деп санаймыз. Ол зат есім сөзжасамынан кең орын алады. Ол тек зат есім сөзжасамынан ғана емес барлық сөзтабының сөзжасамынан да кең орын алады. Сондықтанда сөзжасам мәселесі туралы сөз болғанда, кімнің болса да, ойына алдымен өзгерген туынды мағына және оның мысалдары оралады. Бұл соншалықты кең таралған құбылыс зат есім сөзжасамыныңбасқа да мағыналары барын ескертпей, оларды естен шығарады.

Ал «*өзгерген туынды мағына*» деп нені айтатынымызды анықтап алайық. Өзгерген туынды мағына деп уәждеме сөз негізінде сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы, түрлі сөзжасамдық бірліктер, көрсеткіштер арқылы жасалған, негіз сөзден туындаған уәждемелі сөздің өзгерген мағынасын айтамыз. Мысалы, *көрермен, шеберхана, оқулық, елтаңба, әнұран, құн*(-термин), *екпін*(термин) т.б. Бұл келтірілген мысалдардың бәрі – туынды сөздер. Олар әр түрлі сөзжасамды тәсіл арқылы жасалған. Айталық, *көрермен, шеберхана, оқулық* деген туынды түбір сөздер – *мен, - хана, - лық* сөзжасамдық жұрнақтары арқылы жасалған туынды түбір сөздерге жатады. Сөзжасамдық әрекеттердің нәтижесінде жасалғандықтан, олардың мағынасы туынды мағынаға жатады. Сонымен бірге, бұл сөздердің туынды мағынасы сөзжасамдық мағыналардыңішінде өзгерген туынды мағына болып саналады. Оның себебі:- *мен, -хана, -лық*жұрнақтары өздері жасалған негіз сөздің яғни уәждеме сөздің лексикалық мағынасын өзгертіп, одан басқа лексикалық мағыналы сөз жасаған. Сондықтан *көрермен,шеберхана, оқулық* деген туынды түбір сөздер өзгерген туынды мағыналы сөздер болып табылуға тиіс.

Енді *елтаңба* (герб), *әнұран* (гимн) сөздері де туынды сөздердің бір түріне яғни біріккен сөздерге жатады. Бұл типтес сөздер –аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер. Бұлар екі толық мағыналы сөздердің бірігуінен жасалған. Бұл туынды сөздердің сөзжасамдық бірліктері – толық мағыналы сөздер. Олар сөзжасам әрекетінен өтіп, біріккен сөздер жасаған.Сөзжасамдық әрекет нәтижесінде жасалған біріккен сөздердің (*елтаңба, әнұран*) мағынасы оның құрамындағы жеке сөздердің мағынасынан мүлдем бөлек. *Елтаңба* (герб), *әнұран* (гимн) сөздерінің мағыналары *ел,таңба, ән, ұран* сөздерінің жеке алғандағы мағыналарының бойында жоқ. Демек, *елтаңба, әнұран* сөздерінің мағынасыуәждеме сөздердің мағынасынан мүлдем басқа. Сөзжасамдық әрекеттен соң, елтаңба, әнұран сөздерінің туынды мағынасы уәждеме сөздердің мағынасынан өзгерген. Сондықтан мұндай сөздердің туынды мағынасы да өзгерген туынды мағынаға жатады.

Талданған мысалдар синтетикалық тәсіл де, аналитилалық тәсіл де, (түрлі тәсілдігіне қарамастан) өзгерген туынды мағына жасайтындығын көрсетеді. Бұл олар басқа сөзжасамдық мағына жасамайды деген сөз емес..

*Әдебиеттер тізімі:*

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, 1998. 303 б.
2. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы, 1989, 368 б.
3. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002, 189 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются характерные особенности латинского алфавита, который применялся в 1929–1940 гг. Рассматриваются историческая роль перехода на латинский алфавит, издательские работы 20–40 годов XX века, приведены архивные материалы по данной теме. Представлены основные данные по переходу на латинский алфавит в Республике Казахстан.

**Summary**

This article discusses the characteristics of the Latin alphabet, which was used in the years 1929-1940. We consider the historical role and its pluses transition to the Latin alphabet. In addition, the article examines the publishing of 20-40 years of XX century, and hello archival materials on the topic. Hello basic data on the transition to hark alphabet Republic of Kazakhstan.

# ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ РЕСМИ ХАТТАРДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

***Қыдырбаева У.Т.***
*докторант, Мугла Сыткы Кочман университеті, Түркия, Мугла*
*yay_79@mail.ru*
***Шуиншина Н.М.***
*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті*

**Резюме**

В данной статьи рассматриваетсяисследовании и типы фразеологии в казахской лингвистике. А также, анализ устойчивых выражений в официальных письмах Абулхайр-хана.

**Summary**

This article examines the research and types of phraseology in Kazakh linguistics. And also, the analysis of stable expressions in the official letters of Abulkhayr Khan.

Тіл - қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқарып, жалпыға ортақ жеке сөздерден тұратын сөйлем арқылы қолданысқа ие болады. Ал сөйлем- адамның жеке ой-пікірін айналасындағыларға жеткізуде маңызды орын алатынын ескерер болсақ, сөздердің өзара мағыналық және синтаксистік байланыста айтылуы арқылы сөйлеушінің ойын еркін жеткізу қабілетіне ие болады. Сонымен қатар, нақты ойды, көңіл-күйді, жағдайды жеткізу үшін сөйлем ішінде тұрақты сөз тіркестерінің алар орыны ерекше.

Жалпы қазақ тіл білімінде фразеологиялық зерттеулерXX-ғасырдың 40-жылдарынан-бастап, І.Кеңесбаевтің еңбектерінен бастау алған. Одан кейінгі жылдарда Х.Қожахметова, Р. Жайсақова, Ш.Қожахметова сынды ғалымдар тарапынан 1988 жылы «Орысша-қазақша фразеологиялық сөздік» атты еңбек басылымға шығып[1], артынша 1989 жылы М.Копыленко және М.Балақаевтың жетекшілігімен орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық сөздіктер жарық көрген. Сонымен қатар, Г.Смағұлова фразеологизмдердің мағыналас және жеке топтарын зерттеу арқылы үш мыңға жуық мағыналас фразеологизмдер сөздігін дайындап, осы еңбегінде фразеологизмдердің он төрт тобына жан-жақты талдау жасаған. Қазақ тіл білімінде түбегейлі шешімін толықтай таба қоймаған,әлі де болса ғылыми зерттеуді қажет ететін фразеологияға қатысты бірталай мәселе І.Кеңесбаевтің еңбегінде көрсетілген [2, 595-596].

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің шығу тегі түркі тілінің тарихи дәуірлерімен, атап айтар болсақ, көне түркі, орта түркі, қыпшақ және одан бергі жеке ұлт болып қалыптаса бастаған дәуірімен тікелей байланысты. Солардың ішінде қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасу кезеңі ретінде танылған хандық дәуірдегі ауызша және жазба мұралар, тіл тарихы үшін құнды деректердің бірі болып табылады. Жазба мұраларда, атап айтқанда қазақ хандары мен сұлтандары тарапынан көршілес мемлекеттердің басшыларына және өкілдеріне жазылған ресми хаттарда тұрақты сөз тіркестерінің қолданылуы жиі ұшырасады.

Тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде фразеология саласы зерттейді. Фразеологиялық тіркестер грамматикалық мағынаны емес, белгілі бір лексикалық мағынаны білдіре отырып, орны жағынан тұрақты болып келеді. Сонымен қатар, тек бір сұраққа жауап беріп, басқа

тілге сөзбе - сөз аударуға келмейтін тіркес болып табылатындығы жөніндегі анықтама Ә. Аблақовтың «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» атты еңбегінде көрсетілген [3, 14]. 1990 жылы жарық көрген «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздігінде» фразеологизмге қатысты мынандай сипаттама беріледі: «Формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олар сияқты жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестер мен сөйлемшелер» [4. 559].

Қазақ тіл білімінде осы салаға байланысты жоғарыда атап көрсетілгендей басқа да көптеген еңбектер жарық көрген. Солардың көпшілігінде фразеологизмнің негізгі үш белгісі болатындығы жиі айтылады. Олар: мағына тұтастығы, құрылымның тұрақтылығы және қолдану тиянақтылығы. Ғ.Қалиевтің еңбегінде бұлардың қатарында фразеологизмдердің бейнелік белгілері көрсетілмегендігін айта келе, фразеологизмдері басқа тілдік бірліктерден ажыратын белгілер қатарына тұрақты тіркестердің бейнелілігі мен мәнерлілігін де жатқызған [5, 185].

Мақалада кіші жүз ханы Әбілқайырдың билік құрған жылдары Орыс патшалығына жазылған ресми хаттарында ұшырасатын тұрақты сөз тіркестеріне талдау жасалынады.

Ресми хаттарда кездесетін тұрақты тіркестерді топтастырмас бұрын, алдымен фразеологизмдердің түрлеріне қарай топтастырылуы туралы айта кету қажет. Қазақ тіл білімінде тұрақты тіркестердің топтастырылуына байланысты екі түрлі пікір қалыптасқан. Олардың бірі І.Кеңесбевтың, екіншісі В.В.Виноградов пен Н.М.Шанскийдің үлгісі негізіндегі топтастыру. Осылардың ішінде екіншісі яғни, В.В.Виноградов пен Н.М.Шанскийдің үлгісі кең қолданысқа ие болған. Бұл үлгі бойынша фразеологизмдер төрт топқа бөлінген: 1. Фразеологиялық тұтастық; 2. Фразеологиялық бірлік; 3. Фразеологиялық тіркес; 4. Фразеологиялық сөйлемше [5, 192].

1. Фразеологиялық тұтастық – құрамындағы сөздер бір-бірімен жымдасып, лексикалық мағыналарын жоғалтып, семантикалық жағынан біртұтас болады.

Әбілқайырдың хаттарында осы топқа жататын *«ымыраласып, өзара сөз байласу», «арзан сөзге алдану», «сөзі жаман, тілі ащы», «бас ию, бағыну», «бетіне басу, жүзіне тура айту», «соңғы демім қалғанша»* мағынасында *«içli tışlı bol-», «śawdā sözüge...», «tili tintek», «baş sal-», «bitüme salıḳḳılalar», «bir tamçı ḳanım ḳalġunça»* сияқты тұрақты тіркестердің қолданылғандығын көреміз.

2. Фразеологиялық бірлік – фразеологизм түзетін сыңарлардың тұтастай ауыспалы мағынаға айналуынан туған, бірақ ішкі формасының айқындылығын сақтайды. Хаттарда бұл топқа жататын төмендегідей тұрақты тіркестердің орын алғандығын көреміз. Мысалы: *«тізе бүгу, бас ию», «іріткі салу, араларында алауыздық орнату», «қамқор болу, қамқорлығына алу», «жаман жолға түскен», «сөзі бір жерден шығу», «жаман жол көрсетті», «сыйладық, құрметтедік», «көшпенді ел», «бетін қайтару, қабылдамау»,«таныс, көріп жүрген»* мағынасында *«tiz çök-», «ala ḳıl-», «ata boldı bizlerge ana boldı», «bozuḳ yolġa tüş-», «bir awızlı», «bozuḳ yolġa baş-», «başımız üstüne köterdük», «kiyik yurt», «keri ḳaġ-», «yüz körüş-»* сияқты тіркестер кездеседі.

3. Фразеологиялық тіркес – құрамындағы ерікті мағынадағы сөз бен байлаулы мағынадағы сөздің тіркесуі арқылы жасалынып, дайын күйінде қолданылады. Мысалы: *«көңілімізді ауламай», «жолын ашқан», «кеңпейілділік таныту», «дүниеден өтті», «көңіліміз орнына түсті», «көңіліне жақын алу», «көңіліміз жай тапты»,«көңіліміз жай болды», «көңілі қалу», «көңілім қалған жоқ», «көңіліне ауыр алу», «көңілін аулау»,«көңіліміз жарым болды», «көңіл кірін айтса кетеді, көйлек кірін жуса кетеді»* мағынасында *«köñlimizni almay», «colnı açḳan», «kiñelik ḳıl-», «dünyādan öt-», «köñlümiz śāf tap-», «köñline avur al-», «köñlümiz cay tap-»,«köñülümiz cay bol-», «köñlüm ḳaytḳanı yoḳdur», «köñlüm ḳalġanı yoḳdur», «köñlüne yaman alalar», «köñlini awlay»,«köñlümiz yarım ir-», «köñil kirin eytse kiter kövmek kirin yusa kiter»* сияқты тіркестерді көреміз.

4. Фразеологиялық сөйлемше – құрамы мен қолданылуы тұрақты, бейнелі мағынасы ерікті сөздердің тіркесуі арқылы жасалынады және құрылысы жағынан сөйлемге ұқсас болып келеді [5, 195]. Бұл топқа қазіргі қазақ тілінде де жиі ұшырасатын төмендегідей тіркестерді жатқызуға болады. Мысалы: *«ақыр замандай заманда», «антымыз бір, құдай бір, сөзіміз бір», «алтынның үлкен, кішісі болмайды. Сол сияқтыбалаларымды да бөліп жармаймын. Мен үшін бәрі бірдей.», «жаны қиналу, қиынышылық көру», «дос-дұшпанның табасына қалдырмай», «дос-дұшпанның күлкісіне қалдырмай», «қараңғы кеште ай туғандай болды»,«көктен тілегенімізді жерден таптық», «жерден тілігеніміз көктен түскендей болды», «оғын атып қылышын шабамын», «сүттей ұйып тұрған, бейбіт жатқан»* мағынасында «*āħiri zamānday zamānda», «antımız bir,ħudāy bir söz bir», «balalarumnıñ ulusu kiçisi tıñdur altunnıñ ulusu kiçisi tıñdur», «cān tartıp imgek çekip», «dost düşmān tabasıġa ħudāy ḳoymaġay», «dost düşmān külküsine ḳoyıp», «ḳarunġu kiçi ay tuġanday bol-», «kökdin tilegenimizni yerdin yarluḳaptur», «yerden tilegenimiz kökden tüşkendey bol-», «oġun atıp ḳılıcın çabarman», «sütdey uyup turġan»*сияқты тұрақты тіркестер қолданылған.

Сонымен қатар, кейбір фразеологизмдердің шығуы халықтың әлеуметтік жағдайы және тұрмыс – тіршілігімен тікелей байланысты болған. Фразеологизмдердің пайда болу негіздеріне байланысты Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаевтың еңбегінде бірнеше топтарға бөліп қарастырылған тұрақты тіркестердің түрлері көрініс тапқан. Солардың арасында халықтың тұрмыс-тіршілігінде орын алған жағдайлар нәтижесінде туындаған не болмаса, басқа тілдерден енген тұрақты тіркестердің топтастырылуын зерделей отырып хаттарда қолданылған кейбір тұрақты тіркестердің сипатын анықтауға болады.

Халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне байланысты қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылатын жасы үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сияқты қалыптастып келе жатқан құндылықтарды білдеретін тұрақты тіркестер жиі ұшырасады. Мысалы *«ел ағалары, үлкендер, ағі жақсылар», «үлкенге құрмет, кішіге ізет»* мағынасында жұмсалған *«aġa kişiler», «ḳırġız ḳazaḳ bİleri yaħşıları..», «iñleygen ḳarınıŋ imgeklegen balanıŋ ġammını ḳıla körsünler»* түрінде қолданылған тұрақты тіркестерден қазақ халқының жасы үлкендерді сыйлауға деген құрметін және жасы кішіге деген ізетін көреміз. Хаттардың бірінде Әбілқайыр:*«осы уақытқа дейін інілерімнің қылығын айтпай келіп едім»* дей келе «*‘aḳlı kilse ‘ibret alurlar»*тіркесін қолданған.

Сонымен қатар, діни ұғымдарға байланысты тіркестердің де орын алғандығын көреміз. Әрине, діни ұғымдар көбіне араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздер арқылы жасалған. Мысалы: «*дұға қылу*», *«құдай бұйыртса», «қабылдаған антынан, берген сөзінен шықпау»* және *«ант ету»* мағынасында *«...fāti[h]a oḳuduḳ»*, *«allāh buyursa», «ħudāy bir ānt bir», «ħudāy bir söz birdür», «ḳur‘ān üzerine ‘ahd ḳılıp baş salduḳ»*сияқты кірме сөздер арқылы жасалған тұрақты тіркестер кездеседі.

Елдің амандығы немесе жаугершілік заманға байланысты да қолданылған тіркестерден *«қырық сан қазақ», «есен-аман», «оғын атып қылышын шабу»* сияқты мағынада жұмсалған *«ḳırıḳ san ḳazaḳ», «esen amān», «sizlerden dāżḳılsun bizlere atḳılsun», «yarlıḳaw sizden Ĥizmet bizden», «oġun atıp ḳılıcın çabarman»* түріндегі тұрақты тіркестер жиі қолданыс тапқан.

Қашықтықты білдіретін қазіргі қазақ тіліндегі *«екі күндік, екі күншілік», «он күндік, он күншілік» «үш айлық»* мағынасындағы тіркестер*«iki künçilik»,«on künçilük»,«üç ayçılıḳ»*түрінде сақталған.

Басқа тілдерден енген тұрақты тіркестер, хаттарда жиі қолданысқа енген. Хаттың кіріспе бөлімінде араб тіліндегі бастапқы қалпын сақтаған тіркестер қолданылып, бұлардың көбі Аллаға мадақ, патшаға деген құрметін көрсететін сөйлемдерде жиі ұшырасады. Мысалы: *«inşā’allāhu te‘ālā», «raĥmlu imperator-ı a‘žam», «el-ĥamdü li’llāh şükür», «Hüve’llāhu sübĥānu», «ĥażret-i haḳḳ cell ve ‘alāĥażretleriniŋ lātif ihsānı ile ‘avn ‘ināyetli el-kerem»* тб. тіркестер негіз тілден аударылмай сол қалпындаберілген. Осындай кірме сөздер арқылы жасалынған кейбір тұрақты тіркестер жартылай түркі негізді сөздермен тіркесіп келіп отырған.

Мысалы: *«пана болу», «бас ию», «дұға қылу», «үміт ету», «үміт үзбеу»*мағынасында жұмсалған*«penāh olup», «mutį‘ münķād olmaķ», «duā‘ ķılıp», «ümįd it-», «ümįd üz-»*сияқты тіркестерді көруге болады. Тіпті кейбір кірме сөздердің соңына түркі негіздес жалғаулар жалғану арқылы жасалған тұрақты тіркестердің түрі де жиі ұшырасады. Мысалы: *«мынандай ақыр заман орнаған шақта»*немесе *«өмір бойы»* мағынасында қолданылған*«bu āħiri zamānday zamānda», «‘ömr ‘ömrlikge»*түріндегі тіркестер бірнеше жерде орын алған.

Қорыта айтқанда жалпы ресми стильде эмоционалды-экспрессивті сөздер мен этикеттер, бейнелі сөз тіркестеріне шектеу қойылып, белгілі бір нормаға бағынады. Алайда Әбілқайырдың хаттарында тұрақты тіркестердің жиі қолданылуы, ішкі мазмұнды, айтылатын ойды еркін жеткізуі және шағатай дәуірі түркі тілі элементтерінің басым болуына қарамастан, күні бүгінге дейін күнделікті қолданыс тілінде жұмсалатын тұрақты тіркестердің орын алуы, сол кезеңдегі ресми құжаттар стилін тағы бір қырынан танытады.

## Қолданылған әдебиеттер


1. Қожахметова, Х., Жайсақова Р., Қожахметова Ш., (1988), Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік, Алматы.

2. Кеңесбаев, І., (1977), Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, Алматы.

3. Аблақов, Ә., Исаев, С., Ағманов Е., (1997), Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі, Санат, Алматы.

4. Лингвистический энциклопедический словарь, (1990), Москва.

5. Қалиев, Ғ., Болғанбаев, Ә., Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы, (2006), Сөздік-Словарь баспасы, Алматы.

6. Смағұлова, Г., (1998), Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері, Алматы.

7. Смағұлова, Г., (2001), Мағыналас фразеологизмдердің сөздігі, Алматы.

8. Виноградов, В., (1977), Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины // Избранные труды, т.3. Лексикология и лексикография, Москва.

9. Шанский, Н., (1972), Лексикология современного русского языка, Москва.

10. Аханов, К., (2003), Тіл білімінің негіздері, Санат, Алматы.

11. Тіл білімі институты, Қазақ тілінің грамматикасы (Синтаксис), (1967), 2.том, Шапағат-нұр, Алматы.

12. Мамырбекова, Г., (2012), Ескі қазақ тілінің жазба нұсқалары, Алматы.

13. Ерофеева, И.В., (2014), Эпистолярное наследие Казахской правящей элиты 1675-1821 годов, Том 1., Письма казахских правителей. 1675-1780., Абди, Алматы.

14. Әбділәшімұлы, Д., (2016), Ескі қазақ жазба тілі, Елтаным,Алматы.

15. Өзеткин, А.,(1996), Мелек, Altın Ordu, Kırım ve Kazan Sahasına Ait Yarlık ve Bitiklerin Dil ve Üslûp İncelemesi, Анкара.

# ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

***Сарсембаева С.***
*«Амангелді атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*
*Алға ауылы Шу ауданы Жамбыл облысы*

«Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпараттың тіліне айналдырады» ҚРПрезидентіН.НазарбаевтыңЖолдауынан.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөнінде қойған міндеттерге байланысты қазақ әліпбиіне көшудің тиімді жолдары талқыланып, ұсыныстар жинақтау қарқын алды. Осыған орай Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында еліміз үшін аса маңызды зор саяси шешім қабылдағаны баршаға белгілі. Тарихқа сәл шегініс жасасақ, латын әрпін қозғаған кезде қазақ тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы тұралы сөз болады. Ұлы ағартушымыз: «Біздің заманымыз – жазу заманы» - деп, латын әліпбиіне көшу қажеттілігін дәлелдеп берген [1.с 26].

Ахмет Байтұрсынов–ұлттық жазудың негізін қалаушы. Ғалымның араб графикасы негізінде тұңғыш құрастырып шыққан жазуы «төте жазу» деп аталады. А. Байтұрсынов 1910 жылдан бастап араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне ыңғайлап, графиканы жетілдірді. Қазақ зиялыларының арасында қызу қолдау тауып, ерекше ілтипатпен қабылданған[2, 40].

1929 жылға дейін Қазақстанда араб жазуы пайдаланылды. 1929-40 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіп, 1940 жылдан бері қарай кирилл графикасы әліпбиін қолданып келеді. Мысалы, айта кетсек, Қазақ тілі үшін әр кезеңдерде және әр аймақтарда келесі жүйелер Қазақстан Республикасында - кирилл жазуы негізінде, ресми түрде Қазақстанның бүкіл жерінде және Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында пайдаланылған. Тағы да көршілес Қырғызстан, Ресей, Түрікменстан және Өзбекстан елдерін бірыңғай мекендеген қазақ жұрты пайдаланады, сонымен бірге басқа ыдыраған КСРО республикаларында да пайдаланылады. Сонымен қатар Түркия, Германия, АҚШ т.б. батыс елдерінде қазақ диаспорасы әртүрлі қалыпты емес латын жазуын пайдаланады.

Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді. Латынға Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан КСРО ыдыраганнан кейін ауысты. Сол елдердің тәжірибесіне қарасақ, мысалы, Өзбекстан 1928 жылға дейін өзбек тілі араб әліпбиін қолданған. 1928-40 жылдар аралағында жазулары латын әліпбиі негізінде болған. 1940-1992 жж. кириллица қолданылып. 1993 жылы өзбек тілі қайта латын тіліне көшіп, қазіргі кезге дейін қолданып келеді. Өзбек латын тілінің ерекшелігі - арнайы символдар мен диакритикалық белгілердің жоқтығы (тек апострофтар бар). Классикалық латын кириллицамен салыстырғанда 7 әріпке кем, сондықтан арнайы белгілер мен символдардың жоқ болу есебінен кейбір әріптерді екі еселеуге тура келеді. Нәтижесінде апострофпен қосқанда 29 әріптен тұратын өзбек латын әліпбиі құрылған. Сол сияқты Әзірбайжанда 1925 жылдарға дейін ресми әліпби рөлін араб тілі атқарды. 1926-39 жылдары латын әліпбиін қолданса, 1940-2001 жылдары кириллица, одан кейін 2001 жылы қайта латын әліпбиіне көшті[3]. Мемлекеттік деңгейде латын графикасына жүйелі түрде толықтай көшу 2025 жылға жоспарланып отыр. Көрші жатқан түркі тілдес елдер: Әзербайжан, Түркіменстан, Өзбекстан бірнеше жыл бұрын латын графикасына өту қадамдарын пәрменді түрде жасағанын білеміз. Олар-

дың осындай іс-әрекеттеріне халықаралық деңгейде өзіндік үлгі болған XX ғасырдың басындағы Түркия елінің тілдік трансформациялану тәжірибесі болатын. Ғасырлар бойы араб әліпбиін қолданып келген Түркия мемлекеті 1929 жылы латын графикасына қалай ауысқаны тарихтан белгілі. Кемал Ататүріктің осындай батыл қадамдарды жасауына түрткі болған нәрсе – Түркияның Еуропалық мәдени, экономикалық, тіпті, тұтастай алғанда дүниетанымдық кеңістігіне барынша жақындай түсу ынтасы мен ықыласы болатын. Ал, енді дәстүрлі исламдық құндылықтарды өздерінің өмір сүру салтында, көзқарастарында басымдылық еткен жұртшылыққа осы қадамдардың басында ұнамағаны да анық. Кез келген инновациялық қадам әлеуметте алғашында толықтай қолдау таба қоймайтыны да белгілі. Дегенмен, әлеуметтік дүниедегі латын әліпбиіне деген сұраныс бір жағы Еуропа құрлығымен, Еуропа мемлекеттерімен шектесіп жатқан геокеңістік үшін қолайлы болғанын аңғарамыз. Түркілік зиялы қауым бірте-бірте мұсылмандық дәстүршілдіктен Еуропалық модернизацияның артықшылығын сезіне бастайды. Әрине, түрік халқы дүниетанымдық тұрғыда өзінің мұсылмандық құндылықтарын жойған жоқ, исламдық сенімнен айрылған жоқ. Тіпті, кейде қазіргі заманда қалалардағы батыстық құндылықтардың басымдық танытатын тұстарына сыни көзбен қарайтын кездері де болады. Тек өзінің ұлттық құндылықтарының жаңа заманда жаңа сапалық деңгейде өрбуіне өзіндік серпін қажет екенін сезінді. Міне, осындай тарихи дәуірде өзгерістерді жасауға тәуекел ете алатын мемлекет қайраткерінің билікті қолға алуының өзі керемет құбылыс болатын. Әрине, Кеңес Одағында кирилл әліпбиінде ондаған жылдар бойы өмір сүрген көрші елдер үшін өткен онжылдықтар жүзеге асырылған лингвистикалық өзгерістер оңайға түскен жоқ. Тіпті, Түркияның өзі латын әліпбиге көшуді қиындығын басынан өткізгенін естен шығармауымыз керек. Ал көрші жатқан Латын әліпбиіне көшудің мәдениеттанулық және білім берулік...

Ал енді Өзбекстан қазіргі тарихи кезеңде осы тілдік трансформацияның әлеуметтік, мәдени және лингвистикалық мәселелерін тиімді шешудің жолдарын іздеуде, кейде кирилл салтындағы әлеуметке өздерінің сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндіктер беріп қояды. Паралелді түрде Өзбекстан билігі кирилл әліпбиінің көмегімен қалыптасқан өткен тарихи кезеңдердегі рухани құндылықтарды ұмытпауға шақырып та қояды. Әрине, осындай өтпелі кезеңнің тәжірибесі тіл графикасын өзгертуге бет бұрған кез келген мемлекет үшін өте маңызды. Адамзаттың тарихында әліпбидің әртүрлі нұсқалары болғаны белгілі. Сонау руна жазуларынан бастап, иероглиф, пе-троглиф, арабтық нұсқадағы жазу түрлерімен қатар латын және кирилл әліпбилерінің адамзат тарихында орын алуының өзі кездейсоқтық емес. Себебі, таным саласындағы философиялық әр қилы толғаныстардың сипаты болғаны іспетті, мәдениеттің даму үдерісіндегі әртүрлілік те заңды құбылыс. Шын мәнінде құбылыстағы көптүрлілік бірлікке қызмет еткенде ғана адамның қызметі арқылы әлемді үйлесімдендіруге, гүлдендіруге өзінің қомақты үлесін қоса алады.

Латын қарпін таңдаған елдердің мәдениетін көбінесе өркениеттіліктің көрінісі, дамығандықтың белгісі ретінде қарастыру заманауи дүниетанымдық жүйелерде дәстүрлі ұстанымға айналғаны анық[4.с 120].

**-«**Біз латын әліпбиіне көшу барысында не ұтамыз, латын әліпбиі бізге не береді?»-деген сұрақтар туындалады. Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымызды былайша жіктеп көрсетуге болады:

Ең алдымен, тіл тазалығы мәселесі, қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі бодандық жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза казақ әліпбиін калыптастыру бағытындағы игілікті қадам деп түсінеміз. Сондықтанда тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңісті-

гіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефондарымыздың өзінде латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақшаны тере алмай қиналып жататынымыз бар. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан, әрі ауқымы кең.

Үшіншіден, бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен.Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі негізінен латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол-табиғи іс. Сондай-ақ бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақтар тұратынын ескерсек, солардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшер болсақ, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», – деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда. Ендігі кезекте, сол ғалымдарымыздың жанжақты еңбегі сараланып, түрлі әдістемелік жұмыстар жүргізілетінін түрлі ақпарат көздерінен оқып-біліп танысып жатырмыз[4].

Біз, Қазақ Елі, уақыт көшіне ілесіп, әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу үшін жалпы ұлт ретінде сақталып қаламыз десек, көп кешікпей, әліпбиімізді латын жазуына көшіруіміз керек. Бұл – бүгінгі күннің талабы[4].

**Әдебиеттер**

1. Қазақәліпбиінлатынграфикасынакөшірудіжүзегеасырудыңсаяси-әлеуметтікаспектілері /Социально-политические аспекты реализации перевода казахской графики на латиницу. Сборник материалов республиканской научно-практической конференции и круглого стола. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттанужәнедінтану Институты, 2017. – 191 б.

2.Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. –Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

3. http://e-history.kz/kz/contents/view/6807

4.Бизақов С. Емлені ескеруіміз керек// «Ана тілі» газеті, 2013. № 7. 14-20 ақпан, 4-б.

5. http://bilimainasy.kz/?p=19842

## 3-СЕКЦИЯ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАСҚА ТІЛДЕРДЕН ЕНГЕН ЖӘНДІК АТАУЛАРЫ

***Аққожина Б.Қ***
*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қаласы, Қазақстан*
*E-mail: bayan-kanatovna @ mail.ru*

*Аннотация. В статье рассмотрены заимствованные наименования насекомых казахского языка. Наименования в основном заимствованы из арабского и персидского языков. Заимствованные из русского языка наименования делятся на две группы: однокоренные и сложные.*

*Annotation. The adopted names of insects of Kazakh are considered inthe article. The names a re mainly adopted from the Arabic and Persianlanguages. The names adopted from Russian are di vided by two groups: paronymous and difficult.*

Кірме сөздердің бір тобын араб, парсы тілдерінен енген жәндік атаулары құрайды. Ә. Болғанбаев араб, парсы сөздері қазақ тіліне тікелей емес өзбек, татар, тәжік тілдері арқылы сіңіскен деген пікір айтады [1, 92б.]. Қазақ тіліне араб, парсы сөздері көбінесе орта ғасыр тұсында әсіресе араб тілі мен мәдениетінің, ислам дінінің енуіне және Орта Азия елдерінің атақты классиктерінің шығармаларымен дастандары арқылы енді. Өйткені XI ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Махмұт Қашқари сөздігінде араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздер мүлде жоқтың қасы болатын.

Н.Д.Оңдасыновтың пікірінше: «Әдетте бір тілден екінші тілге ондаған, жүздеген сөздер ауысып, тіл байлығын жетілдіре түсуі жиі кездеседі. Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамын, оның даму жолын қарастырсақ, тіпті басқаны қойып, сонау араб, парсы тілдерінен енген қайсібір сөздердің қазақ тіліне мүлдем сіңісіп, байырғы сөздік құрамына айналып жеткенін көреміз. Рас түркі тілдес халықтар ішінде араб-парсы сөздерін ең аз қабылдаған қазақтар екен. Сөйтсе де араб-парсы тілдерінен қазақ тіліне бірқатар сөз және сөз тұлғаларының енгендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген», – дейді [2, 3б.].

Араб, парсы сөздерінің қазақ тіліне, басқа түркі тілдерімен салыстырғанда барынша аз және кеш енуіне қазақ халқының ислам дінін анағұрлым кеш қабылдауы басты себеп болды. Бұл жағдай араб-парсы сөздерінің қазақ тіліне бойлап ене алмауына үлкен әсер етті.

Негізінен қазақ тіліне мынадай араб, парсы сөздері көбірек енді: 1) сауда-саттық арқылы келген бұйым, зат атаулары; 2) мәдени, ғылыми қатынастар арқылы келген атаулар, 3) ислам діні өкілдерінің діни кітаптар арқылы келген діни сөздер. Демек, араб-парсыдан енген сөздерге зер салып үңіле қарасақ, олардың етене енуіне халқымыздың басынан кешірген тарихи жағдайлар себеп болған сияқты.

Араб-парсы тілінен енген жәндік атауларының тілімізге сіңісіп, араласқаны сонша, тіпті оның басқа тілден енгендігін ажырату да қиын. Бұл ерекшелікті араб-парсы сөздігі арқылы немесе этимологиялық талдаулар арқылы анықтауға болады. Мысалы:

**Абжылан** – парсы тілінен енген сөз (аб+жилан, аб+жылан). «Су жылан» деген мағына береді. Ысқырып өрмелеген тау мен тастан, Мен көрдім *абжыланды* сұры қашқан (Жамбыл). Албасты Арқадағы *Абжылан* – Молда отыр ысқырып оқып құран: Атты арбап, атан жұтып жатыр молда, Құранмен жем түсіріп жуан-жуан (І.Жансүгіров).

**Әждәһа** – парсы тілінде: *аждаһа, аждаһар,тәннин, собан*. Бұл атау ауыз әдебиеті үлгілерінде мифтік бейнені білдіреді. Кейбір биологиялық әдебиеттерде «үлкен, улы жылан» мағынасында қолданылады. Ертегіде ажал нышаны ретінде көрсетілетін қорқынышты алып жылан. Кектенген Европаның ұл-қыздары, Күтіңдер, жетеміз біз құтқарғалы. Көмеміз қазып терең *аждаһаны*, Болса да бір басында мың бір жаны (Ә.Тәжібаев).

Әждәһа парсы сөзінің жалпы түркілік сипаты мынадай: қарқалпақ тілінде – *айдархa* /мифтік/; қырғыз – *ажыдаар*; түрікмен – *аждаха* /мифтік/, дракон; башқұрт – *аждаһа кәсәрткә* «дракон»; әзірбайжан - *әждәһә* /мифтік/, «дракон»; қарашай-балкар – *дракон/уллу джылан*.

**Пәруана** – парсы тілінен енген сөз (пәр+уанә, пәр+уана). 1. Көбелек, түн

көбелегі. 2. ауыс. Құрбан, садақа. Мысалы: Сонда тағы да бұған ұмтылып кеп *пәруана* боп Тоғжан аяғына оралды (М. Әуезов). Сансызбай жылап жөнелді Төлегенніңнің артынан. Қу бауырды қия алмай, Қайырылып келді қасына, Сансызбайдың Төлеген пәруана болды басына («Қыз Жібек»).

**Кене** – парсы тілінен енген сөз (кәнә). Өрмекші тектес қан сорғыш кішкентай жәндік. Мысалы: Көтердің көңіліңді мұнша неге, Тырбиған шәл бақадай сен аш *кене.* Басыңды маған әкеп теңдемейсің, қаңғыған қайыршыдай жаман неме (Нұрбола). Әкім емес, *кене* ме, Жылан ба әлде немене, Зәрлі тілді, улы азу, Аш бүйірден жабысты (Жамбыл).

**Маса** – парсы тілінен енген атау. Ол тілде масса – *пәшә* деп аталады. Қос қанатты қан сорғыш жәндік, шыбын-шіркейдің бір түрі. Меңіреудің ішінде бір *масаның* ызыңы естілмейді (С.Мұқанов). Тәжидің базарға келгендегі ең керекті нәрсесі қымыз бен насыбай. Кейде осы

екеуіне де ақшасы болмайды. Ақшасыз кімнің *маса* құрлы қауқары болады? (І.Жансүгіров).

Парсы тілінен енген құрт-құмырсқа, жәндік атауларының бір тобы формасын толық сақтап енсе (мысалы, аждаһа, пәруана), екінші бір тобы жартылай немесе түгелдей өзгеріске ұшырап барып енгені (мысалы, кене/кәнә, масса/пәшә) байқалады.

Қазақ тілінде орыс тілінен енген немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден ауысқан жәндік атаулары да біршама. Орыс тілі арқылы басқа тілдерден ауысқан жәндік атауларының жалпыхалықтық мәні әлсіз және актив қолданыла бермейді, олар тек зоологиялық термин ретінде арнайы сала аясында ғана көрініс табады.

Орыс тілі арқылы енген жәндік атауларын грамматикалық құрамына қарай: дара жәндік атаулары және күрделі жәндік атаулары деп бөлдік. Мысалы:

***1) Дара жәндік атаулары:***

**Дафния** (лат. Daphnia – шаянтәрізділер класының, жапырақаяқты шаяндар отрядының бір туысы). Тұрқы 1-8 мм бұл жәндік теңіз, мұхит бойында тіршілік етеді. Қазақстанда тек Каспий теңізі алқабындағы су қоймаларынан кездестіруге болады. Қазақ тіліндегі баламасы – су бүргелері.

**Паразит** (грек. Para – жанында, sitos - қоректену) – бір организмнің екінші бір организмде тіршілік етіп және сол иесін қорек ретінде және мекен ретінде де пайдаланатын жәндіктер. Паразиттер өз иесінен кіші болады.

**Гаттерия** (лат. Spheodon punctatus) – бауырымен жорғалаушылар класының тұқымбастылар отрядына жататын, өте ертеден тіршілік етіп келе жатқан бір ғана түрі. Гаттерияның сыртқы түрі кесірткеге ұқсас. Басы үлкен, аяқтары бес саусақты, жон арқасы мен үстіңгі жағында үшбұрышты қабыршақтан тұратын жалы болады. Төбесіндегі тері астында ерекше төбе көзі бар, сондықтан оны кейде үш көзді гаттерия деп те атайды. Төбе көзі арқылы жарықты сезеді.

**Гамаз** – көң қоңыздарының денесінде паразит болып тіршілік ететін кененің бір түрі.

**Трематодтар** – сорғыштар.

**Цестод** (лат. Cesoda) – таспа құрт.

**Тагуан** (pteromyidae) – ұшар (кеміргіштердің бір тұқымдасы).

**Анкилостома** (лат. ankyeostoma) – адамның денесінде паразиттік түрде тіршілік ететін жұмыр құрттың бір түрі.

**Мизида** – жоғарғы сатыдағы шаянтәрізділер класс тармағының бір отряды.

**Лигамент** (лат. Ligae - байланыстыру) – қосжақтаулы ұлулар бақалшағының екі жақтауларын қосатын майысқақ заттан түзілген кергі.

**Аргонавтар** (лат. argonauta) – бесаяқты былқылдақденелілер класының сегізаяқтылар отрядының туысы.

**Цеце** – кәдімгі шыбындар тұқымдасына жататын жәндік. Африканың субтропиктік аймақтарында, әсіресе орманды, ылғалды жерлерде мекендейді. Цеце адамды, жануарларды ауруға шалдықтыратын қан паразиттері.

**Цикада** тұқымдасы – тең қанатты ет тұмсықты насекомдар отрядының бір тобы. Басы қысқа, маңдайындағы күрделі екі көзі арасында үш бұрыш тәрізді орналасқан 3 қарапайым көздері болады, мұртшасы өте қысқа, қанаттары әдетте мөлдір, жүйкесі айқын көрінеді, кейде қаралау, ақ не айқын түсті. Цикада тұқымдасының кейбір түрі – ауыл шаруашылық дақылдарының зиянкестері.

**Акарапис** – баларасына ауру жұқтыратын өте ұсақ кененің бір түрі.

**Агама** – мұның құрамында 30-дан астам туысы, 290 жуық түрлері бар кесірткелердің бір тұқымдасы.

**Ангиостома** – айуандардың, адамдардың ішек-қарнында паразиттік тіршілік ететін ұсақ жұмыр құрт.

**Анаконда** – су айдаһары. Өмірінің көбі суда өтеді.

**Гадюка** – сұржылан.

**Гая** – қаражылан.

**Гидра** – ішекқуыстылар типінің омыртқасыз жануарлар отрядына жататын жыртқыштар. Дене тұрқы 1 см-ге дейін жететін, цилиндр пішінді, тұщы суда мекендейтін полип. Ол табанымен су астындағы өсімдіктерге, тасқа, т.б. заттарға жабысып, баяу қозғалып тіршілік етеді.

**Эфа** – атпа құмжылан.

**Кобра** – аспидтер тұқымдасына жататын улы жыландардың жалпы атауы. Кобра сөзі португал тілінен аударғанда жылан деген ұғымды білдіреді.

**Гельминттер** – адамның, жануарлардың, өсімдіктердің, ауруларын қоздыратын құрттар.

**Копрофагтар** – негізгі сүтқоректі жануарлардың қи, тезектерімен қоректенетін жәндіктер.

**Аскарида** – жұмырқұрт класының туысы. Адам аскаридасы, жылқы аскаридасы, шошқа аскаридасы, т.б.

**Аспид** – сарбас жыландардың бір тұқымдасы.

**Игуана** – Оңтүстік және Орталық Американы мекендейтін алып кесіртке. Олардың ұзындығы 1,5 метрге дейін жетеді.

***2) Күрделі жәндік атаулары:***

**Михайлов барылдауық қоңызы** – аз зерттелген, сирек кездесетін түр, бірнеше данасы ғана белгілі. Табиғатты әшекейлейтін түр, Оңтүстік Алтай жергілікті түрі. Оңтүстік Алтайдағы Сарымсақты жотасында таралған. Ол – онша үлкен емес қоңыз, ұзындығы 16-20 мм. Ол – сопақшалау, дөңестеу келген, мұртшалары мен аяқтары қысқа. Түсі ашық, жез тәрізді жылтыр немесе темір түстес жасыл реңді, төменгі жағы қою қара. Басы кіші, алдыңғы арқасының екі жаны бірдей дөңес.

**Семенов барылдауық қоңызы** – Іле Алатауы жергілікті түрі. Республика фаунасындағы ең әдемі қоңыздың бірі. Далалы өсімдіктер бар жерде тіршілік етеді. Теңіз бетінде мекендейді.

**Сольский барылдауық қоңызы** – саны мен таралу аймағы шағын, табиғатқа сән беретін ірі қоңыз. Қазақстанда Теріскей Алатау жотасында Іле мен Баянқол өзендерінің тоғайларында мекендейді.

**Алып сколия** – саны азайып бара жатқан ара түрі. Қазақстанда Солтүстүк Каспий маңында кездеседі. Ұзындығы шамамен 26-40 мм. Сары түктермен қапталған, денесі сары-қара өң беріп, кезекпе кезек сақинлы жолақ тәрізді қалыптасқан.

**Қысқанатты Боливария дәуіті** – Қырымда, Кавказда, Сирия, Иранда кең таралған. Сирек ксерофитті өсімдіктері бар құрғақ тау етегінде тіршілік етеді. Тұрқы қою сұр түсті, қанаттарының астары өткірленген қысқа.

**Дамалаканта вакка шегірткесі** – сирек кездесетін дараланып таралған шегіртке түрі. Тұрқы жуан денелі, сарғыш түсті, кеудесі мен құрсағында қоңыр қара суреттері бар қанатсыз ірі шегіртке.

**Жылантәрізді Аллолобофора (перелия)** – ТМД жеріндегі ең ірі жауын құрттардың бірі. Солтүстүк – батыс Алтайда таралған және Тарбағатай жотасының оңтүстүк беткейінен табылған. Топырақ бетінде жиналған, түскен жапырақтармен және шөптесін өсімдіктердің жасыл бөліктерін ін қуысына тасып қоректенеді. Сонымен қатар қарашірікті де пайдаланады.

**Теели гастрокоптасы** – Кавказда, Оңтүстік Алтай мен Оңтүстік Приморьеде таралған ұлу. Аралас және жалпақ жапырақты тау ормандарының беткейінде түскен жапырақ жабынының астында тіршілік етеді.

**Сол бұрандалы брадибена** – Іле және Жоңғар-Алатауында шеңбер шегінен шықпайтын ұлудың жергілікті түрі. Тау беткейлерінде, ағаш, бұта, далалы шабындық өсімдікерімен жабылған тау өзені жайылымдарында тіршілік етеді.

**Шнитников псеудонапеусы** – Іле Алатауы ұлуының жергілікті түрі. Негізінен орманды – шалғынды – далалы белдеуде, орман алаңқайында, шалғынды өсімдікі тау беткейлерінде тіршілік етеді.

**Цветков туркамилкасы** – негізінен теңіз деңгейінен 900-1600 м биіктікте тау етегі мен орман – шалғын – далалы белдеуде кездесетін ұлудың сирек түрі. Дала және қылқан жапырақты ормандардан тұратын тау баурайлары мен сайларында тіршілік етеді.

**Монахоидес акулеатасы** – Олигоценде Алтай тауында сақталған ежелгі ұлу өкілі. Балқарағай орманымен жабылған тау баурайларында тіршілік етеді. Шөптесін өсімдіктер мен өсімдіктер қиқымында болады.

**Комодо ешкіемері** (ең ірі кесіртке) – комодо аралын мекендейді.

**Гессен шыбыны** – қос қанаттылар отрядының галлица тұқымдасына жатады, бидай мен арпаның қауіпті зиянкесі. Оның үстіңгі жағы күңгірт сұр, немесе сарғылт қоңыр, бауыр жағы ақшыл, мұртшаларының түсі қоңырқай сары түсті болады.

**Колородо қоңызы** – кортоп қоңызы; жапырақ жегі тұқымдасына жататын жәндік. Сопақтау келген, қанатының үсті қызғылт сары, қара жолақты сызықтары бар.

**Иксод кенелер** – сүтқоректілер мен құс денесінде өмір сүретін, олардың қанын сорып қоректенетін паразиттер. Қазақстанда 50-дей түрі белгілі. Иксод кенелердің көптеген түрі адамға, малға, жануарларға әртүрлі ауруқоздырғыштарын таратады. Ең ірісінің дене тұрқы 22 мм.

**Чичерин летрус қоңызы** – саны азайып бара жатқан қоңыз түрі. Жаркент ауданынан Құлжа ауданына дейінгі жерде мекендейді. Тұрқы ірі, дөңес денелі, қара түсті және көк реңді, ұзындығы 21 мм болатын қоңыз. Басы үлкен, қанаттары онша дамымаған.

**Мамықты хаймоптена көбелегі** – Орта Азия мен Қазақстан шөлдерінің жергілікті көбелегі. Ақ сексеуіл өскен құмдарда тіршілік етеді. Ұзындығы 25 мм, алдыңғы қанаттары сұр түсті.

**Сары қанатты сфекс** – сирек кездесетін аз зерттелген қазғыш аралардың ежелгі туысы. Денесі ірі 32 мм. Басы мен кеудесі қара түсті. Көбіне жирен дақтары болады. Күмістей жылтыраған жатаған түктермен денесі жабылған.

**Ерекше эйзения** – Батыс Тянь-Шань құртының жергілікті түрі. Талас Алатауында таралған. Топырақ бетіне түскен жапырақтармен қоректенеді. Інде тіршілік етеді.

**Бұрандалы брадибена** – Іле және Жоңғар-Алатауында шеңбер шегінен шықпайтын ұлудың жергілікті түрі. Тау беткейлерінде, ағаш, бұта, далалы шабындық өсімдікерімен жабылған тау өзені жайылымдарында тіршілік етеді.

**Түркістан туркамилаксы** – Солтүстік және Орталық Тянь-Шань тау жүйесінде мекендейтін ұлудың жергілікті түрі. Тау өзені мен жығаларының жағасындағы шыршалы орманда өте көп кездеседі.

**Рикмерс бүйісі** – Памир және Гиндукуша тауларында таралған бүйі. Қазақстанның Батыс Тянь-Шаньнның 1200-1400 м биіктігіндегі тау етегі далаларында, сонымен қатар 250 метр биіктіктегі Арыс өзенінің ылғалды жайылымында кездеседі.

**Рикмерс сары шаяны** – Қазақстанда сирек кездесетін түр. Қазақстан мен Орта Азия жерінде: Оңтүстік Өзбекстан, Жетісу, Тұран ойпаты шөлдерінде кездеседі.

**Кириченко инелігі** – Азия, Ауғанстан және Қазақстанның оңтүстігінде таралған, өте сирек кездесетін түр. Бірлі-жарым данасынан ғана белгілі.

**Қысқақанатты Боливария дәуіті** – Батыс және Оңтүстік Қазақстанда, Орта Азияда, Иран, Сирия, Оңтүстік-Батыс Моңғолияға дейін таралған. Саны азайып бара жатқан дәуіт түрі.

**Түйіршікті деракантина** – Қазақстандағы Deracanthina B. –Bienko туысының жалғыз өкілі. Бұл ірі қанатсыз шегірткенің жуан денесі қоңыр түсті. Өте сирек кездеседі.

**Дамалаканта вакка шегірткесі** – ТМД мен Қазақстанда Damalacantha B. -Bienko туысының жалғыз өкілі. Бұл қанатсыз ірі шегірткенің мығым да жуан денесі сарғыш түсті, алдыңғы кеудесі мен құрсағында қоңыр және қара суреттері бар. Сирек кездесетін дараланып таралған түр.

**Сервилдің севчугі** – Қазақстан жеріндегі таралу аймағы шектеулі, саны азайып бара жатқан, сирек кездесетін шегіртке түрі. Мығым, ірі қанатсыз шегіртке қара қоңыр түсті, аталығының алдыңғы кеудесі мен құрсағында сары суреттері бар.

**Европа кнемизус қоңызы** – Европа мен Қазақстаннан табылған жалғыз түр. Аз зерттелген, сирек кездесетін тақтамұртты қоңыз түрі.

**Галузо отынкескіш қоңызы** – Азияның қуаң аймақтарына тән туыс өкілі. Таралу аймағы өте тар.

**Шестаков сцелифроны** – Оңтүстік Қазақстаннан, Өзбекстаннан табылған. Сирек кездесетін түр. Қазғыш аралардың ежелгі туысы өкілінің бірі.

**Жирен гоплит** – саны азайып бара жатқан, жеке тіршілік ететін жабайы аралардың бір түрі. Таралу аймағының орталығы – Қазақстан жері.

**Жіңішке аяқты клизодон** – Орта Азияда таралған. Жеке тіршілік ететін жабайы аралардың сирек кездесетін түрі.

**Дөңгеленген парарофитес** – Оңтүстік Қазақстан, Орта Азия, Иранда таралған. Сирек кездесетін араның түрі.

**Күреңтүсті проксилокопа** – Қазақстанның оңтүстік-батысында, Орта Азияда таралған. Араның сирек кездесетін түрі.

**Жетілмеген эфедромия** – Қазақстанның тек құмды шөлдерінен белгілі. Құмыты шыбынның жеке типті туысының өкілі.

**Торанғы филерема көбелегі** – Қазақстанда нақты бір жерден ғана – Қапшағай су қоймасындағы Іле өзенінің жайылмасынан белгілі. Саны азайып бара жатқан түр.

**Алексанор көбелегі** – Қазақстанда қазіргі кезде тек оңтүстікте, Қаратау тауында ғана белгілі. Сирек кездесетін желкенді көбелектің түрі.

**Бедромиус көбелегі** – Қазақстанда Іле Алатауы, Күнгей Алатау және Теріскей Алатауы жоталарынан нақты белгілі. Сирек кездесетін түр.

**Патриций көбелегі** – Қазақстанда Іле Алатауы, Күнгей Алатау жоталарынан нақты белгілі.

**Алау түсті микрозегрис** – Қазақстанда Оңтүстік Балқаш маңы мен Каспий маңынан нақты белгілі. Саны қысқарып бара жатқан ақ көбелектер түрі.

**Вискотт сары көбелегі** – Батыс Тянь-Шагьда тіршілік етеді. Ақ көбелектерге жатады.

**Ершов сары көбелегі** – Солтүстік Шығыс Тянь-Шань жергілікті түрі. Сары көбелектер ішіндегі ең ірі және нашар зерттелген түр.

**Энейс Мулла көбелегі** – Қазақстан жерінде тіршілік ететін туыстың бес түрінің ең сирек кездесетін түрі. Шығыс Қазақстанда таралған.

**Мирмекида көгілдір көбелегі** – Қазақстан мен Орта Азияда сирек,
дараланып кездеседі. Сирек кездесетін ерекше түр.

**Линдеман барылдауық қоңызы** – Іле Алатауының орталық бөлігі тау етегі, Шамалған мен Түрген өзендері аралығының жергілікті түрі.

**Арғали көгілдір көбелегі** – Алтай жергілікті түрі. Қазақстандп Күршім жотасынан табылған. Саны қысқарып бара жатқан түр.

**Бавия көгілдір көбелегі** – Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігінде, Еділ мен Жайық өзендерінің арасында тіршілік етеді. Саны азайып бара жатқан түр.

**Татьяна көгілдір көбелегі** – Іле Алатауынан, Жоңғар Алатауынан және Алтайдан табылған. Сирек кездесетін түр.

**Панопа көгілдір көбелегі** – Атырау облысынан ғана табылған. Бояуы мен құрсақ бөлігінің құрылысы жағынан туыстың ең ерекше түрі. Өте сирек кездесетін түр.

Орыс тілі арқылы енген жәндік атаулары термин ретінде зоология саласының негізгі ұғымдары деп есептеледі. Дегенмен, бүгінгі күні кірме атауларды қазақ тіліне аудару, қазақиландыру жүйесіне орай, жоғарыда көрсетілген атаулардың біршамасы қазақ тілінде бұрыннан бар балама атаулары ауыстырып, біршамасы жарыспалы түрде қатар қолданылып жүр. Мысалы: гельминттер – *ішекқұрт*, аскарида – *жұмырқұрт*, гадюка – *сұржылан*, аспид – *сарыбас жылан*, гая – *қаражылан*, глист – *ішекқұрт*, *жыланқұрт* т.б.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы, 1979. – 176 б.

2. Оңдасынов Н.Д. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы, 1974. – 384 б.

3. Болатов Ж. Қазақ диалектологиясының кейбір мәселелері // Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы, 1973. – 199 б.

4. Кубрякова Е.С. Номинативный аспект речевой деятельности. – М., 1986.

5. Гинатуллин Р.М. К исследованию мотивации лексических единиц (на материале наименований птиц). – Алматы, 1973. – 25 с.

# ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ҚЫТАЙ ТІЛІ МӘТІННІҢ КОММУНИКАТИВТІ СИПАТТАМАСЫ

***Алиханқызы Гулия***
*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Шетел филологиясы кафедрасы, п.ғ.к.,доценті*

Қытай тілі мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық мақсаты-қытай тілінің кәсіби-әдістемелік және лингвистикалық біліктілігін ары қарай қалыптастыру сөздік мәтіні, мазмұны аясында анықталады. Мазмұнсубъектілік және объектілік құрылымға негізделеді. Қытай тілі мәтіннің мазмұны адамзаттың болмысымен, салт-дәстүрімен, тыныс-тіршілігімен, мәдениетімен т.б. байланысты.Казіргі уақытта тілдік білім беру жүйесін жетілдіріп дамытуға септігін тигізетін обьективтік факторлар туралы ғылыми түсінік береді( 心 жүрек, 人 адам, 田 атыз ).Сондайак ана тілі бірінші және екінші щетел тілдеріне салыстырмалы талдау жасау іскерлігін қалыптастыру, осы талдауға сүйене отырып, шетел тіліндегі (бұнда қытай тілі) тілдік және сөйлеу тәжіребиелерін тиімді пайдалану, Қытай тілін оқу барысында тілді оқытудың мақсаттарын, мазмұнын және оны құру процессінің ең маңызды жақтары туралы түсіну, қытай тілін оқытудың әдістерін, құралдарын және формаларын екінші шетел тілін оқыту міндеттерімен байланыстыра білу,алдыңғы қатарлы технологияларды, оқу процесін ұйымдастырудың жаңа формаларын нақты оқу жағдайына сәйкес шығармашылықпен енгізіп, қолдана білу іскерлігін қалыптастыру және дамыту аясында болады. М.Балақаев атап кеткендей «Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздерді «мағыналық топқа иіру» яғни сөздерді өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты» екенін ескерсек, Қытай тілінің құрамындағы тілдік кодтар материалистік дүниенің мазмұнын айқындау құралы болып табылады.Айтатын ойы, беретін хабарды жеткізу үшін тілдік бірліктерді мәтіннің мазмұнына сай етіп және оларды талғап, таңдап қолданады.

Мазмұн диалог, фразеологиялық құрылымға, диалектизмдер мен қарапайым сөздерге, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдерге, кейіпкердің көңіл-күйі мен мінезі, келбеті көрсететін күрделі синтаксистік тұтастықтарға сәйкес құрылады. Мысалы: 我们在学习汉语。你怎样学习汉语？我很高兴学了很多汉语知识。太好了我学了很多汉 语知识! Аталған фразеологизмдер тіл әлеуетін адамның болмыс бітімі мен жан-дүниесі тұрғысында танытады да олар мәтіннің субъектілік мазмұнын айқындауға негіз болады. Диалектизмдер кейіпкердің тіл ерекшелігін таныта отырып, оның қай жерден, қай елден екенін білдірсе, қарапайым сөздердің қолданысы арқылы кейіпкердің әлеуметтік статусын анықтауға арқау болады. Сұраулысөйлемдер кейіпкерлердің жауап алу мақсатын айқындаса, бұйрықты сөйлемдер кейіпкерлердің біреуді іске қосу, жұмсау үшін айтқан пікірін білдіру қызметін атқарады. Субъектілік мазмұнадамдар мінез-құлқы, іс-әрекеті, қоршаған орта, адамдардың басынан өткен оқиға, адамдардың түр-түсі, ішкі қасиеті, ісі, ерекше кескін-кейіпі, сыртқы түрі туралы деректермен толыға түседі және өз бейнесін оның ішкі бітімін, күрделі көңіл-күйін, нәзік сырын, сезімін де айқындауға мүмкіндік береді. Мысалы: қытай тіліндегімына өлең шумағыжоғарда айтылған тұжырымның жанды мысалы болмақ. 相思

红豆生南国,
春来发几枝。
愿君多采撷,
此物最相思.
田

Сондай-ақ, өмірдегі кісі күлерлік құбылыстар, адамдардың ақиқатқа ұқсас армандары, надандық пен жауыздық арасындағы ымырасыз күрес, бітпес тартыс, қайшылық, адам жеңіп

болмас азапты ауыр жағдайлар сонымен қатар, сом тұлға, өз дәуірінің ең аяулы, асылмұраттарын арқалаған улы тулғалар дүниеге келтіредіМысалы:Қытай тілінде қазақ елінің көш басшы Нұрсұлтан Назарбаевті улы тулға ретінде былай деген:

在纳扎尔巴耶夫的领导下，哈萨克斯坦近年来在社会政治和经济发展方面取得了令人瞩目的成就.және де纳扎尔巴耶夫作风朴实、策略灵活、注重实际、以理服人，被描述为“精明、能干的政治家”。他平易近人，常常深入到群众当中去，并与他们谈笑风生。他强调“以现实主义态度”对待政治和经济问题，“从客观实际出发”解决国家面临的各种矛盾。

Бұл құбылыс көркем мәтінге тән мазмұнды танытатын ақпараттар болып табылады. мазмұн образдылық арқылы орындалынса, оқырманның танымдық деңгейін көтеріп, жетілдіреді. Олай болса, қытай тіліндегі көркем мәтіннің прагматикалық мақсаты –шындықболмыстың шынайы көрінісін суреттеуарқылы хабарлау.М.Әуезов әрбір сөзге ұқыптылықпен қарап, оны түсініп барып пайдалануды өзінің жазушылық талабына айналдырса, екіншіден, әр шығармасының мазмұны, жанрына орай сөз таңдау дегенді о бастан өзінің әдеби тілдік тәсілдерінің бірі етіп ұстанған екен.

Қытай тіліндегі көркем сөз мәтіндегі кейіпкердің бейнесі арқылы айқындауға болады. Бұл автордың танымдық деңгейін баяндау ретінде көрсетіледі. Көркем мәтін дүниетанымын айқындаудың құралы және тілді игеруге қажетті коммуникативтік әдісті жүзеге асырудың көрсеткіші. Себебі көркем мәтін біріншіден, тіліміздің сөздік қорын айқындайтын тіл құралы, яғни оқырман көркем мәтінді оқи отырып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік алады; екіншіден, оқырман өзіне таныс емес сөздердің мағынасын түсінеді.Мысалы Қытай тіліндегі сөз тіркесі -《守株待兔》дан мынандай шағын әңгіме өрбіді.

古时候，有一个农夫在天理种地。田里有一个树桩，一个兔子奔跑时撞到树桩上，一下子就撞死了。这个农夫把死兔子捡回家，美美的吃了一顿。从此以后，他再也不干活了。他每天守在那根树桩旁边，希望在有兔子跑过来撞死，自己能捡到到死兔子饱餐一顿。

Қытай тіліндегі әрбір өз оқырманына баяндап отырған оқиғаның тартымды, қызықты, әсерлі болуын ескере отырып, өз оқырманының дүние танымына күшеиітпелі түрде ықпал етуді көздейді.Сондықтан қытай тілінің сөздік қоры көп болып, мүмкіндігінің барынша кеңінен қолдануды мақсат етеді. Мысалы:感激-感谢;想念-思念;嘲笑- 讥笑-耻笑; 辛苦- 辛劳- 辛勤.

**Әдебиеттер**


1.Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. - Алматы: Қазақстан, 1965. – 187 б.

2. 初级汉语课本。听力练习，北京语言学院出版社，北京。2000。

3. 基础汉语课本第二册，华语教学出版社 1991年。

4.Алиханқызы Г.Қытай тілі оқу құралы/ -Алматы, 2013

5. 标准汉语教程（初级）// 1989年

6. 快乐汉语/第一册,中国国家汉办规划教材.

# SLANG IS A VIVID WORD

***Arystan Gulzhaina –***
*2 course masterof KazNPU, 6M020-Translation Studies*
*Scientific adviser:* ***Eshimbetova Z.B. –***
*PhD in Philological sciences*

Language is the instrument for human beings to communicate with each other, it has no class nature. But it doesn't mean that people use the same language in different class. The languages used in different class have their clear characters and color; they can represent the speaker's social background, status, artistic culture and research background. In English, slang is a lively and exciting word. But now, people can use slang in the conversation to make their language to be vivid, humorous and different from others. Especially, the youth keep trying to make new slangs in their conversations and producing powerful feelings. Meantime, slang can help the dialogue to be free and friendly. So slang is used widely in our daily life, for instance in the books, magazines and movies. As a widely used language, slang has its own definition, features and ways of translation.

Slang is the constant and ever-changing use and definition of words in informal conversation, often using references as a means of comparison or showing likeness. Sime modern slang has endured over the decades since its inception (i.e. cool) and some will only last a few years before being provided obsolete or outmoded (i.e. bling bling). Slang can be born from any number of situations or ideas (the word slang itself has come to represent selling, especially of illegal drugs), and can be blunt or riddled with metaphor, and often quite profound. Theuse of slang is regularly derided by culturally-ignorant people who feel it is the product of deficient education and believe it to be counter-evolutionary; of course, they couldn't be farther from the truth. Human language has been in a state of constant reinvention for centuries, and slang has been used and created by poets and writers of all sorts (William Shakespeare has been credited for the upbringing of at least a couple of words). it is the right and responsibility of the modern human to keep re-evaluating language, to give dead words innovative contemporary meanings or to simply invent new ones, in order to be more appealing and representative to the speaker/listener (which was essentially the basis behind language anyway, to understandably communicate thoughts or ideas verbally). Influenced by different languages, dialects, cultures, sayings, and on some occasions, tone or accent of a voice, the word slang caught on as a coined term during the late 80's in Atlanta, Georgia by MadameConstable Charlotte Hemingsworth VIII as she was famous for speaking in a Southern accent and was too lax to complete phrases during normal conversations. She claims that it was for the purpose of concealing topics amongst close friends from eavesdropping citizens or members of the small community.

Slang has many features by what we can use and understand it easily. Firstly, slang is convenient and concise. Generally speaking, short and attractive;to the contrary, Standard Usage is like rigid and wearisome. Most slangs are created by the public in the daily life, so it's more convenient, expressive and vivid than Standard Usage. For example, if you want to evaluate some food, you will use delicious to praise and terrible to complain in Standard Usage. "Delicious" and "terrible" are polysyllable, their pronunciations are longer. On the contrary, you can use two symmetric and easy words to express, "yummy" and "yukky". There is another example. "Beer party" can be expressed to "kegger" in slang which is very visual and clear; both "hop" and "dance" mean dance, but people make a connection between "hop" and "grasshopper crowhops happily in the grass". Secondly, slang is very humorous. As we all know, the American are humorous and creative, so most slang is expressed the American's wisdom and humor. "The Pentagon" is called "Target A" in the slang, which satirize that America plays Pacific police in the world to interpose the other countries' domestic affairs. Thirdly, slang is informal. For example, people always use "telly" to

express “television”, some think “telly” is too formal so that they use “goggle-box” or “the one-eye monster” instead. When something is wrong with the television, it can be expressed to “It’s on the blink.” Fourthly, slang is neofangled erratic and fast updated. “The idea what is thought of suddenly” can be expressed to “brain storm”; “firemen” is called “smoke eater”; “airplane” is called “flying coffin”; “people who waste the time” is called “clock watcher”. All these imaginative words are fresh so they are popular. In the modern society, students, servants and fans like to use slang in their daily life, meanwhile, they are not satisfied with the slang, so they always make new slang in their conversation. As time goes by, the new slang will make the old to lose their freshness and it will be replaced. Slang can be divided into two parts by the life, one is a flash in the pan, for instance, “skidoo, peach, skirt, etc.” and the other one can propagation widely to become the Standard Usage, for example, “baby-sitter, fire, boss, fan, yes-man, cop, etc.” Finally, slang has synonym. Slang has many vocabularies to describe the same thing, because every class will provide the new words for slang and it won’t be stopped by too many words which are the same meaning. Slang’s synonym is expressed on die, drink, money and body etc. For example, “die” can be expressed to “to kick the bucket, to turn it in, to turn one’s toes up, to turn one’s heels, to be agoner, to go up the flame”; “slightly drunk” can be called “fresh, lush, squiffy, tight”; “ very drunk” can be expressed to “soaked, sozzeld, stoned”; “confused with drink” can be called “blitzed, fuddled, woozy”. Besides, “money” can be expressed to “brass, lolly, tin, dash, bees, dough, bread, honey”. In a word, slang’s expressional color and extent are enriched by the plenty of synonyms.

When we find out the features of slang, we can translate and use slang better in our English study and daily conversation. Incontestably, there are some ways to translate slang. Firstly, transliteration is the fundamental way of translating slang. When there is no word to translate slang, we can translate slang based on its pronunciation. But not all slang can be translated by transliteration, if we can find the proper way to translate, we should avoid using transliteration. Secondly, literal translation is the common way to translate slang. It can keep the content and form of the text; meanwhile, it can help us to understand the culture. But literal translation is difficult, because we shouldn’t make the readers confused in our translation. Thirdly, free translation is more common and flexible than literal translation; it keeps the content of the text except the form. We must use free translation to instead of literal translation here, because we must pay attention on the meaning of the sentence instead of the form. Finally, replacement is the important way to solve the problem to translating English slang into another language. Different countries have different cultures and ways of thinking. We can replace the image to avoid missing the special meaning. For example, cat is the pet of the Europe and it means woman in their culture. So models’ walk is called “catwalk”. In a word, when we meet cat in English sentences, we should translate it into human first. Actually, there are many ways to translate slang into another language. We should keep learning their culture and languages so that we can translate slang better.

In a broad sense, idioms may include colloquialisms, catchphrases, slang expressions, proverbs, etc. Slang is very informal words and expressions that are more common in spoken language, especially used by a particular group of people, for example, children, criminals, soldiers, etc. In English, there are Standard Usage, Colloquialism and Jargon. Standard Usage is used by most people in every situation; Colloquialism is used in informal situation, especially in informal conversations. Jargon is the different language used in different professions, ages, etc. Slang seems to be between Colloquialism and Jargon, it is not only the commonly used language among the most people, but also belongs to a social group. Slang is a conversational word with some color which is understood by most people.

By and large, the argument of slang is still existed. Some argue that learning slang will destroy English, we should make it normative. Some support that slang is vivid and humorous so we should learn it. In my opinion, slang is an interesting part of the English learning. If we learn English, we should learn the culture, language and life. Meanwhile, we can learn slang better by learning the features and ways of translation of slang.

**Listofusedliterature**

1. Гуральник Т.А. Особенности молодежного сленга в американском варианте современного английского языка // Семантика и прагматика языка в диалоге культур. - Самара: СамГУ, 2011. - 391 с.
2. Леонтович О.А. Россия и США: введение в межкультурную коммуникацию. - Волгоград: Перемена, 2012. - 399 с.
3. Маковский М.М. Современный английский сленг: Онтология, структура, этимология. Изд. 2-е. - М.: ЛКИ, 2007. - 168 с.
4. Матюшенков В.С. Особенности употребления сленга в Северной Америке, Великобритании, Австралии. - М.: Наука, 2005. - 176 с.
5. Crystal, David Language and the Internet. Cambridge, Cambridge University Press, 2001.
6. Eble C. Slang and Sociability: in-group language among college students. - Chapel Hill, NC: University of North Carolina Press, 1996 - 240 p.
7. Oxford Dictionary of English. Oxford University Press, 2005.
8. Partridge E. Slang Today and Yesterday. London: Routledge and Kegan Paul, 1979. - 190 p.
9. The Oxford dictionariy of modern slang. - New York; Oxford:Oxford university press, 1992.- 299 p.
10. Williams, Robin, Cummings, Steve Jargon: An Informal Dictionary of Computer Terms. University of Michigan, 1993.
11. Сайтlanginfo.ru
12. Сайтenglish4u.dp.ua/ru

# ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ АРХАИЗМ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА - СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

***М.Р.Асылбекова***
*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,*

## КІРІСПЕ

Халқымыздың өзіндік болмысын тануда тіліміздегі мақал – мәтелдердің атқаратын рөлі ерекше. Өйткені мақал – мәтелдердің көпшілігі ғасырлар бойына ұрпақтан ұрпаққа ауысқан, екшелген, сұрыпталған халық даналығының баға жетпес асыл қоры, қазынасы. Ана тіліміздегі мақал – мәтелдердің мән – мағынасына зерделі көзбен қарап, ой елегінен өткізген адал халқымыздың өткен өмірін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет – ғұрпын, салт – санасын көзбен көріп, қолмен ұстағандай күй кешеді, бабалар рухына бас иеді.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тіліміздегі мақал – мәтелдерді тек зерделеп ғана қоймай, оны жан – жақты зерттеген көрнекті ғалым, академик Ә.Қайдар: « Мақал – мәтелдер халықтың атам заманғы өткен өмір тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын «алтын арқау»; « олар – рухани, мәдени салт – дәстүрді жалғастырудың адамдар санасында, қоғам жадында, тілінде, ділінде сақталуының бірден – бір кепілі. Бұл қазына байлықтан айырылған этникалық қауым - өзінің өткен өмірінен айырылды деген сөз, ондай қауымның болашағы да жоқ » [ 50, 94 – бет ]

Осы тұжырымды негізге ала отырып, тіліміздегі кейбір мақал – мәтелдерге лексика – семантикалық тұрғыдан сипаттама бергіміз келеді. Мақал – мәтелдердегі архаизм сөздерді

лексика – семантикалық жағынан мынадай түрлері бар: мата – кездеме, тамақ, киім – кешек, ыдыс – аяқ, лауазымына, кәсібіне, ай аттары, діни ұғымға, мінезіне т.б.

Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, ондағы болып жататын неше алуан өзгерістер сөздік құрамның дамуына да түрлі-түрлі әсер етіп отырады. Көп жағдайда тілдің лексикасы жаңа сөздердің есебінен кемелденіп үнемі толығып отырса, енді бір ретте кейбір сөздердің тозығы жетіп көнеруіне әкеп соғады. Көнеру процесі кенет бірден бола қалатын құбылыс емес, әуелі қолдану жиілігін бәсеңдетіп, пассив сөзге ауысады да, соңынан, жаңа ұрпақтың біреуіне жеткенмен кейінгілерге емін-еркін жете алмай, түсініксіз болып ұмытыла бастайды. Бара – бара қолданудан біржола ығысып, кейбіреулері тілден жоғалып та кетуі мүмкін. Көнеру сипаты мен тілдегі қолдану ерекшеліктеріне қарай көнерген сөздер **архаизмдер** және **историзмдер** болып екі салаға бөлінеді. **Архаизмдерге** әр халықтың күн көріс тіршілігіне, салт-сана тұрмысына, әдет – ғұрпына , дүние танымына қарай әр дәуірде өзгеріп, басқаша сөздермен ауысып отырған немесе ескіріп біржола қалып қойған сөздер жатады. Дәуірі өтіп, сол ескі заманның өзімен қоса жоғалған сөздер **тарихи сөздер** яғни **историзмдер** деп аталады. Тарихи сөздердің көнеруі тарихи атаулардың құрып бітуімен, біржола жоғалуымен байланысты болады.

**Мата – кездеме атауларына байланысты архаизмдер**

**1.** Тоқсан қабат **<u>торқадан,</u>**

Тотышағым терісі артық. **Торқа** – қымбат бағалы селдір, жібек мата. [4, 812-бет]

**Торқа кенеп**; бұл сөз бұрын жібек мағынасында қолданылатын. «Диван Луғат- и тюркте» де **торқа- жібек**. Осы сөз шаруашылық түрлерінің дамуына байланысты кейбір аудандарда (Жалағаш т.б.) **кенеп** мағынасында да қолданылады. [5, 113-бет]

**2. <u>Арқауын</u>** көріп **<u>бөзін</u>** ал, анасын көріп қызын ал.

**Арқау** – тоқыманың көлденең жібі, арқаулық. [1, 33 - бет]

**Бөз** – қолдан мақтадан тоқылатын мата. [4, 141 – бет]

**Тамақ атауларына байланысты архаизмдер**

**1.** Қырсыққанда **<u>қымыран</u>** іриді. **Қымыран** – түйе сүтінен жасалған тағам, әрі шипалық қасиеті күшті сусын, шұбат. [ 4, 559 – бет ] **Қымыран** – ашыған айранға піскен сүт қосып сұйытылған сусын. Кей жерлерде шұбатты қымыран дейді. [1, 275 - бет]

**2.** Сүтке сүт қосылса **<u>сүмесін</u>** болады,

Сөзге сөз қосылса демесін болады.

**Сүмесін** бұл күнде біршама түсінікті сияқты, сөздіктерде ол «сүт, ақ» дегенді білдіреді. Мұнда сөз түбірі **сүме** – 1) сауын малының желіні, 2) сүт өнімі деп көрсетілген. Демек, бұл түбірге **–сін** деген түркілік жұрнақ жалғанып, « сүт өнімінен жасалған сұйық тағам » дегенді білдіретін болған болар. Қостанай, Маңғыстау, Атырау тұрғындары **сүмесін** деп «шалапты» атайды деп тіркелген. Қазақ, қырғыз тілдерінде **сүмесін** – деп жалпы тағамды атайтын да болса керек. Қырғыздар **сүмесін** мен **сүмөлөк** дейді, ол 1) ұн араластырып жасаған быламық және 2) нан тағам деп көрсетіледі. Бұл мақалда « ас болады » дегенді айтқан болар. [ 18, 27 – бет ]

**Адамның лауазымына, кәсібіне байланысты архаизмдер**

**1.**Иттің жауы дуана,

Келіннің жауы **<u>кейуана.</u>**

**Кейуана** – Ақыл тоқтатқан, жасы ұлғайған ақ ниетті әйел. (2) Кемпір, енеке, кемпес. (3) Ауысп. Мейірлі, шапағатты, керқана. [1, 194 - бет]

**2.** Жарлы – жомарт,

Бай – **<u>нәмәрт.</u>**

**Нәмәрт** – тексіз, жетесіз, айтқан сөзінде тұрмайтын опасыз, сараң. [1, 310- бет]

**Киім – кешек атауларына қатысты архаизмдер**

**1.** Ерді **<u>кебенек</u>** ішінде таны.

**Кебенектің** екі түрі болуына байланысты бұл мақалдың да екі түрлі мағынасы бар деп жобаланады. Біреуі – отарда мал бағушы малшылардың жауын – шашында киетін жұқа қара, не ақ киізден арнайы тігілген, бүкіл денесін түгелдей жауып тұратын сырт киім. Кедей-кепшік болса да, малшының нағыз жігіт екенін бүкіл денесін жауып тұратын осы киім (бурка) ішінен де тануға болатыны айтылса, екіншісінде- темір сауытқа қолы жете бермейтін сарбаздар кез – келген сәтте сапқа тұруға дайын азаматтарды киізге құм, қылшық қосып басқан тас кебенек киіп, жауға қарсы күш-қайратын, өжеттігін, ерлігін көрсеткен сәтінде де тануға болатыны айтылып тұр. Қысқасы, бұл ердің ерлігін киген киімінен сауыт-сайманынан емес, өз басының батырлығы мен батырлығынан тануға болады деген сөз. [ 34, 267 – бет ]

**2.** Қолында өнері бардың белінде **кемері** бар.

**Кемер** – (парсы сөзі) әшекейлі жалпақ белбеу. [1, 195 - бет]

**Ыдыс – аяқ атауларына байланысты архаизмдер**

**1**.Асы жоқ алтын аяқтан,
Айраны бар **тостақ** артық,
Талдырмаш таза айғырдан
Жүк көтергіш қоспақ артық.

**Тостақ** – тостаған. [1, 385 - бет] **Тостаған** – ағаштан жасалған кішілеу дөңгелек ыдыс. Көне дәуір адамдары бұл сияқты ыдысты кез-келген ағаштан ойып жасауға еңбек құралдары тапшы болғаны тарихтан белгілі.

**2.** Мәжіліске қарай ғауғамыз.

Құдығымызға қарай **қауғамыз. Қауға** – құдықта су тартып алуға арналған көнтеріден жасалған шелек. [ 4, 496 – бет ]

**Ай аттары , діни ұғымға қатысты архаизмдер**

**1.**Өгіз қарын майыңды,
Өлгенде бастаймысың?
**Көкек** айы туған соң,
Итке тастаймысың? **Көкек** – ескіше жылдың төртінші айының аты. [4, 408 - бет]

**2.** Май – **әулие**, майсыз жарылқайтын
Қай **әулие.**

**Әулие** – құдай жолын қуып, дін уағыздаушы адам.Айтқаны келетін сәуегей адам. [ 4, 94 – бет ]

**Әскери атақ пен қару – жарақ қа қатысты тарихи сөздер**

**1.**Табақ тамағымен жарасты,
Батыр **жарағымен** жарасты.

**Жарақ** – әскери қару, соғыс жабдықтары, қару – жарақ. [4, 270 - бет]

Шын мәнісінде **«жарақ»** жалпы атау емес, белгілі бір құралға меншіктелген сөз екендігін ертедегі түркі жазба ескерткіштеріне назар аударғанда білеміз, **йарақ** немесе **йарық** – батырлар киетін сауыт. Кейбір деректеріне қарағанда **«қару»** сөзінің де жаугершілік кезінде қолданылатын белгілі бір құралға тән екендігін байқау қиын емес. Ертедегі жазба ескерткіште **қарвы йа** – иіліп жасалған садақ, жақ. Осы тұлғалас сөздің ауыс мағынасын монғол тілінен табамыз: **харвуул** – садақ оғы. [ 56, 107 – бет ]

**2**. **Бесатар** белдескенде де керек.
Алыстан жаумен тілдескенде де керек.

**Бесатар** – ұңғысы иір ойықты бес оқты мылтық. [ 4, 128 – бет ]

**Әкімшілік басқарумен байланысты туған тарихи сөздер**

**1.**Елдестірмек елшіден, жауластырмақ **жаушыдан.**

**Жаушы** – соғыс хабаршысы. [1, 154 - бет] **Жаушы** деп ертеректе құда түсетін адамды атаған. [ 11, 60 – бет ] Бұл мақалда екі елдің арасындағы дау-дамай, жоқ іздеу, құда түсу т.б.

қатынастың дұрыс шешілуі де, дұрыс шешілмей екі ел арасының өзара жауығуы да жаушының шеберлігіне, тапқырлығына байланысты; сондай-ақ екі елдің арасын бітістіру, жақындастыру сол елдер арасында жүрген елшінің ақыл-парасатына байланысты. [ 34, 334 – бет ]

**2**. Әр **ханның** тұсында,

Бір **сұрқылтай. Сұрқылтай** – ханның жағымпаз қол шоқпары, пәлелі жағымпаз. [1, 354-бет]

Осы мәтелдегі **сұрқылтай** сөзінің мән – мағынасын екінің бірі біле бермейді. **Сұрқылтай сөзінің мағынасы** « ханның кеңесшісі, ақылшысы, сөзін сөйлейтін ділмары, ақыны » дегенді білдірген. **Сұрқылтай** сөзінің шығу төркінін белгілі ғалым Р.Сыздықова былайша өрбітеді: «Бұл сөздің түбірі монғолдың 1) «оқыту», 2) «бір нәрсеге үйрету», 3) «тәрбиелеу» мағыналарындағы **сурга (х) сөзі** болу керек. **Сургаал сөзі** « ілім » мағынасын, **сургууль** сөзі 1) «мектеп, училище», 2) «оқу, үйрету, оқыту» дегенді білдіреді, ал **– тай** монғол тілінде сын есім тудыратын жұрнақ. Сонда сургаалтай (сургултай) қазақша сұрқылтай « үйретуші (ақыл – кеңес беруші ) » деген сөз болып шығады ». [10, 143 – бет ]

**3.** Аузында әзілі жоқтың, қолында **келтегі** бар.

**Келтек** – шоқпардың қысқа, шағын түрі.2. Жуан таяқ. [ 4, 380 – бет ]

Бұл сөздің «қару» мағынасы мәнмәтіннен де, сөз семантикасынан да аңғарылады: қолға ұстайтындай шағын **(келте)** етіп кесіп алған ағаш бұтағы. **Келте** (қысқа) сын есіміне зат есім тудыратын **- к** жұрнағы жалғанып келтек болып қолданылуы дұрысы болса керек. Өлең шартына қарай келте варианты да қолданыла берген. [ 18, 61 – бет ]

**4. Қанжар** шықты – қан шықты.

**Қанжар –** екі жүзді, ұшы үшкір, пышақ сияқты қысқа сапты қару. Көбінесе болаттан соғылады. [ 7, 265 – бет ]

**5.** Аузында әзілі жоқтың,

Қолында **қол шоқпары** бар. **Қол шоқпар** – қару ретінде пайдаланылатын басы жұдырықтай таяқ. **Ауысп.** біреудің сойылын соғатын адам.

Ұлттық мәдениет, болмыс, діл сияқты ұғымдарды тоғыстыратын ана тілі байлығынан мақал – мәтел адамзатқа ой-өрісін, пікір-көзқарасын, әлемді түсініп-түйсінуін мейлінше толық, барынша ұғынықты, әсерлі жеткізіп, қажетті сөздерді сұрыптап, таңдап көрсетеді. Сондықтан да лайықты пайдаланылған мақал-мәтел арқылы берілген информациясының адресатқа, оқырманға жетуі, сайып келгенде, оны ойландырып, оның көңілінде түрлі ассоциациялар туғызуы, оның рухани деңгейін көтеріп, интеллектуалдық әлеуетін арттыруға, жанжақты жарасымды дамуына қызмет етеді, сол арқылы қоғамды жақсартуға, жетілдіре беруге үлес қосады.

**ҚОРЫТЫНДЫ**

Халқымыздың ғасырлар бойы ширатып, шыңдап келе жатқан санасының шарықтау шегі, көркем сөздің сақадай сараланып, сай тұрған салмақтысы, ойымызға ұйытқы болған мәйегі мақал-мәтелдер десек, сол мақал-мәтелдердің біздің өмірімізде атқаратын игілікті істері де сан алуан. Мақал-мәтел о бастан елмен бірге жасап, жадында сақталып келе жатқан даналықтың қайнар бұлағы, сол даналықты атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа арқалап, шашыптөкпей, сыр шығармай, ширата-шынықтыра жеткізіп отырған халқымыздың асыл мұрасы, ата-бабаларымыздың бүгінгі болашақтағы мұрагерлеріне қалдырған, оның жазылмай келе жатқан тарихынан мол сыр шертер жәдігері, рухани-мәдени ғұмырымыз бен ұлттық салт-дәстүріміздің ел жадындағы шежіресі.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз еткен мақал-мәтелдер құрамындағы мән-мағыналары көмескі тартып, ұмыт бола бастаған көне сөздердің өн бойынан ата-бабаларымыздың өткен өмірін, тұрмыс-тіршілігін біліп қана қоймаймыз, халықтық болмысын, ұлттық танымын танимыз.

Көнерген сөздер көнеру сипаты мен тілдегі қолданылу ерекшеліктеріне қарай тарихи сөздер және архаизмдер деп іштей екіге жіктелетіні белгілі. Қазақ тілінде көнерген сөздер

мәселесі ертеректе А.Махмудов тарапынан арнайы зерттелді. Одан бері де жарты ғасырға жуық уақыт өтті. Бұл мәселені әлі де жан-жақты, әр түрлі аспектіде қарастырудың маңызы бар деп білеміз. Қазақ тіл білімінде көнерген сөздердің көмескіленген мағыналарын ашуға, көне атаулардың этимологиясын, этнолингвистикалық табиғатын тануға арналған жекелеген зерттеу еңбектері, ғылыми мақалалар бар. 1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігін», академик Ә.Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (А., 1986), Р.Сыздықтың 1980, 1994, 2004 жылдары үш мәрте басылған «Сөздер сөйлейді», филология ғылымдарының докторы Ә.Нұрмағамбетовтің «Бес жүз бес сөз» (А., 1994) еңбектері мен өзге де осы мәселеге тікелей және жанама қатысы бар ғылыми мақалаларды солардың қатарына қосуға болады.

**Әдебиеттер тізімі**

1.Кәкеш Қайыржан « Сөз – сандық », Алматы: «Өнер» баспасы, 2013ж, 480 – б.

2.Т.Жанұзақов «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», Алматы: Дайк-Пресс, 2008ж, 968 –б.

3. Ж.Досқараев «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері», Алматы: «Қазақ ССР Ғылым академиясының» баспасы, 1955ж, 155 –б.

4.Ә. Қайдар « Халық даналығы » (қазақ мақал – мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу ), Алматы, 2004, 7, 177, 91-94 бб.

5. Ә.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік II том, Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013ж, 728 – бет.

**Резюме**

Образовательная ценность статьи и эссе заключается в том, что это законный инструмент обучения языку, который учит и воспитывает взрослых, чтобы не отставать от этого слова.

**Summary**

The educational value of the article and the essay is that it is a legitimate tool for teaching a language that teaches and educates adults to keep up with this word.

# ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДА ТЕРМИНЖАСАМДЫ БІР АРНАҒА КЕЛТІРУДІҢ МҮМКІНДІГІ

***Аман Әбеуұлы***

*ҚХР Орталық ұлттар университеті*

*Аз санды ұлттардың тілі мен әдебиеті институты,*

*Қазақ тілі мен әдебиеті факультеті*

*Түркология мамандығының докторанты*

Қайсыбір халықты алып айтсақ та, оларда тумысынан тұп-тұнық тіл болмайды. Тілдің дамуы терминдердің толықтыруы арқылы жүзеге асып отыратын үрдіс. Ерте замандардағы ру-тайпалар тілі де жеке дара өмір сүрмей, төңірктегі өзге ру-ұлыстардың тілдерінен жаңаша атаулар қабылдап, уақыт өткен сайын толықтанып отырған. Ал, бүгінгі ұшқан құстай дамыған ғылым мен технолгия, ниформация дәуірі әр халықтың тіліне әр күн сайын жаңа атаулар қосуға түрткі болып отыр. Әлемде жасап жатқан халықтар өз тілдерінің дара қасиетін сақтай отырып, мүмкіндігінше ана тілдеріне бейімдеп терминдер қабылдап, тілдерін байытып отырады. Терминнің тілді дамытудағы рөлі төтенше маңызды екені әркімге аян. Енді осындай кезеңде тағдырдың орналастыруымен бірнеше мемлекеттерде өмір сүріп жатқан ұлттардың тілі өз елдеріндегі өзге тілдердің ықпалымен бір-біріне ұқсамаған терминдер қабылдайды. Бірнеше мемлекеттерде өмір сүріп жатқан қазақ халқының атау-термин жөніндегі мәселелері осыған дәлел болады. Дегенмен де, ежелден тату көрші болған Қазақстан мен Қытай елі ара-

сындағы мәдени қарым-қатынастан, сондай-ақ дамыған ғаламторлық ауыс-күйістен ұтымды пайдалана отырып, екі елдегі қазақ тіліне енген ұқсамаған терминдерді бірізділендірудің маңызы зор әрі оған белгілі деңгейде мүмкіндіктер де бар деп қараймыз.

Бұл жөнінде тіл ғалымдары неше мәрте ой қозғаған. Атап айтар болсақ, Қытйда өмір сүрген аударманың танымал майталманы, қазақ «сөз сандығын» болашақ ұрпаққа мұра ретінде ұсынған, тілгер ғалым Кәкеш Қайыржанұлы кезекті бір сұқпатында:« ... екі ел қазақтарының тілінде атау терминдегі ала-құлалық бар. Мұның да обьективтік жане субиьективтік себептері бар. Обьективтік жақтан алғанда, біз бір жаңа ұғымның қазақ елінде қалай қалыптанғаны жөнінде дершағында хабарлана бермейміз. Ол ұғымға ханзушасы (қытайшасы) негізінде өз алдымызға бір балама тағайындаймыз. Іргелес отырсақ та арада әдеби тіл нормасы тұрғысынан сәйкестіретін құрылымның болмауы екі ел қазағының арасын алшақтатып барады. Оның үстіне Қазақстандық ағайындарда орыс тілінің әсері тым ауыр. Біздің елімізде қазақ тілінде шығатын газеттер, мерзімді басылымдар, кітаптар қаншама?! бұлардың бүкіл ұлт болмысына ықпал жасамауы мүмкін емес. Өзге халықтар түрлі тарихи жағдайлармен бөлініп қалған ұлт өкілдерімен тіл бірлігін сақтаудың ұтымды шараларын қарастырып, нақты тәжірибелерін іске асырып жүр. Қазірше бізде ол жоқ. Ғылми термиіндегі ала-құлалықтың белең алуындағы үлкен себептің бірі міне осы. Атау-термин ісін өзара сәйкестіретін еларалық тетік керек-ақ»,-дейді.[1] Ал, Қытайдағы белгілі ғалым, жазушы, тарихшы профессор Солтан Жанболатов та кезекті бір сұқпатында былай деген еді:

«Екі түрлі идеологияда жүрген бір қазақ ұлтының екі бөлігінде мәдени деңгейдегі парықтың болуы таңырқарлық емес. Дегенмен жаңа заманғы тілдегі жаңа парық адамды қатты алаңдатады. Әсілі қазақ тілінде диалект ауыр деуге келмейді. Қай жерде тұрса да, қазақ бірбірін бұрын жақсы ұғынатын. Бырақ қазір қазақ тілінде диалект пайда болып қана қоймай, ұлғайып барады және ол өзге ұлт азаматтарының қазақ тілін үйренуіне қолайсыздық әкелуде. Осыдан барып біраз бой көтеруде.

Қазақстан мен қазақ диаспоралары арасында атау-терминдегі алшақтық ұлғаюда. Мысалы, Қазақстанда бір ғасыр бойы «дәрігер» сөзі қолданылып келді және ол Қытай қазақтарына да әбден сіңді. Ал соңғы жылдардан бері қытайдағы қазақтардың тілмен айналысып жүргендерінің бір тобы «шипагер» деген атауға қызыға қалды. Олар 500 жыл бұрынғы Өтейбойдақтың «Шипагерлік баян» деген кітабында «шипагер» деген сөз қолданылыпты. Міне, бұл нағыз қазақ сөзі дегенге негізделді. Бұл атауды ШҰАР тілком арқылы бекіттіріп те жіберді. «Шипагерлік баян» туралы айтпай-ақ қоялық. Ал мен бұл сөзді жатырқап тұрған жоқпын. Екеуі де парсы тілінен келген, қазаққа таныс және мағынасы бір атаулар. Қазақтың төл сөзі емес. Ендігіде, мына жақтағылар - «шипагер», сіздер «дәрігер» дей бересіздер. Бырақ бұл бір ауыз сөзден көрінген беталыс «дами» түссе, біраз уақыт өткеннен кейін екі елдің қазақтары бір обьектті әр қилы атап, сөз қолданыстарында айырмашылық туылады, ол көбейсе, диалект пайда болып қана қоймай, ұлғаяды. Мұндай мысал толып жатыр. Меніңше, бұл - диаспорадағы «шала молдалардың» қолдан диалект жасауы.

Қазақстан жақ тәуелсіздік алғалы бері қазақша әтау-терминдерді жетілдіруге қатты кірісіп кетті. Алайда бұл жұмысқа диаспорадағы тілгерлерді елеп-ескеріп шақырған жоқ, араластырған жоқ. Нәтижесінде диаспорадағылар Қазақстанда атау-терминнің жәй-күйінен хабарсыз қала берді. Қазір мұнда (ҚХР) Қазақстан телехабары көрілмейді, радиосы естілмейді, басылымдары келмейді. Интернетпен айналысатындардың дені кириллше жазуды танымайды. Демек, диаспорадағы қазақтар өз үкіметі бекіткен атаулармен немесе бұрыннан дағдыланған терминдерімен (мысалы, «информация» сықылдыларды қолданып) кетіп барады. Әрине, бұл да - диалектті ұлғайту. Сонымен, талай сөздер екі жақтағы қазақтарға өзара бейтаныс атау болып, қатары барған сайын молаюда».[2]

Көп деректер іздеп жатпай-ақ, жоғарыдағы екі ғалымның өзекжарды лебіздерінен біз өзге мемлекеттердегі қазақтардың, солардың ішінде Қытайдағы қазақтардың терминжасам

істерінде Қазақстанға әр уақыт елеңдеп отыратынын көруге болады. Бұл әрине солай болуға тиісті іс.

Екі ел арасындағы тығыз қарым-қатынастан құрылған көпір арқылы Қазақстан ғалымдары Қытайдағы бірнеше білім ордаларына ғылым сапарымен барып тұрады. Қытайдың Қазақ тілін зерттеп жүрген ғалымдары да Қазақ еліндені университеттерге жиі ат басын тірейді. Осындай елдің ертеңі көзделген рухани қарым-қатынастан қазақ тіл ғылымының ұтары мол. Шағын ғана мысал айтар болсақ, Бейжің, Үрімші қалаларында студенттерге лекция оқыған Қазақстандық ғалымдар ондағы қазақтар қабылдап қолданысқа енгізіп, күнделікті сөз ретінде жалпыластырып үлгірген:*балкүлше (торт), тінтіур (мишка), келтехат (совщиние), самалдық* сияқты бірмұнша терминдерді өте жылы қабылдап, қазақстанның терминқорына енгізіуге құлшыныс танытып жүр. Ал, Қытай қазақтары да Қазақстанда қолданысқа енген көптеген терминдерді пайдаланып келеді. Дегенмен, екі елдегі терммнжасам принциптерін саралап, талдап, қарастырып, мүмкіндігінше бір арнаға келтірмейінше, көптеген кірме сөздер бәз-баяғысындай екі елде екі түрлі атаумен қолданыла береді де, ұғым шатастығы туындап, түсінуге ауыр сөз-сөйлдемдер сол бетінше өмір сүре береді. Жоғарыдағы ғалымдар айтқанындай жоқ жерден диялект пайда болады.

Біздің қарауымызша, терминдерді бір арнаға түсіру үшін, екі елдегі терминжасамның жолдарын мүмкіндігінше жақындата түсу керек. Біз алдымен Қазақстанда қалыптаса бастаған осы принциптерге үңілейік.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Өмірзақ АЙТБАЙҰЛЫ термнжасамдағы принсиптер жайды сөз еткен еңбегінде, академик Әбдуали Қайдаров ұсынған он бір принципті қуаттай отырып, өз ойын былай деп жазады:«Біздің ойымызша, ең негізгілері деп үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, онбірінші принциптерді айтуға болатын сияқты. Басқалары күнделікті қажеттілікке орай қатар жүргізіліп отыруға тиісті шаралар. Солардың ішінде үнемі күнделікті назарда тұратыны – өз байлығымызды сарқа пайдалану, түркі тілдері тәжірибесін ескеру, интертерминдерді тіл заңдылығына сәйкестендіріп қабылдау, дәстүр мен шартталықты мойындау, атауларды қысқартып алу жайы жазу дәстүрімізді сақтау тәрізділері. Терминжасам процесінде болып жататын ала-құлалықтардың көбі осы шарттардың ескерілмеуіне, тіл заңдылығының аяқасты етілуінен деп білеміз. Заман талабына ескерілген бұл принциптер, сөз жоқ, қазақ тілінде термин реттеуге себебі тиер игі үлгі» [3, 64 б.].

Осы жерде түсінікті болу үшінқазақ тіл ғылымының ақсақалдары қуаттаған сол присиптерді де көрсете кетейік:

1. Байырғы лексикалық байлығымызды сарқа пайдалану;

2. Туысқан түркі тілдері тәжірибесін іске қосу;

3.Интернационалдық терминдерді қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу;

4. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау;

5. Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру;

6. Көп жылғы тәжірибе арқылы қалыптасқан дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау;

7. Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин атаулардың сандық сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру. [4.43]

Міне, мүмкіндігінше ана тілдің құнарлы байлығын кәдеге жаратуды көзлдеген ғалымдардың ойлары қаншалықты деңгейде жүзеге асып отырғанын уақыт өткен сайын нәтижесін көріп отырмыз. Жасырып-жабары жоқ, бүгінгі таңда екі елдегі қазақтардың да терминжа-

сам жұмысы көңіл көншітерліктей емес. Әсіресе, Қазақ тілінің құдіретін осы саллаға жұмыс істете алмай отырғанымыз рас. Қазақстан Елбасы Н.Әбішұлы Назарбаевтің бастамасымен латын әліпбиіне көшіп жатқан осы бір тарихи бұрылыс кезеңінде, тіл ғылымының әр саласының ішкі қуаттарын ашып, бабаларымыздан жалғасқан бай тіліміздің сүбелі қорынан пайдалана отырып, атау-терммндердегі Қазақ тілінен тіке балама алуға келетіндеріне балама алып, келмейтіндерін қазақ тілінің дыбыстық заңына келгенінше сындырып алып, жаңа заманның терминдерін жасап алуға жол ашылатын орай туды деп қарауға болады. Осы барыста ескерте кететін нәрсе, қалам ұстап отырған біз тек қана орыс тілі мен ағылшын тіліннің ықпалына ғана баса мән бермей, қытай тілі арқылы енген терминдерді қытайдағы қандастар қалай алғанын, Монғолия қазақтары монғол тілінен қалай терминдер қабылдап отырғанын да көзде ұсталса деген пікір қосамыз. Әрі осындай бір оңтайлы ұсыныстыортаға саламыз.

Академик Ө.Айтбайұлы жоғарыдағы көзқарастарынан кейін мына терминдерге тоқтала кетеді:

Бағдарлама, жарғы, құжат, айқындама, тұжырымдама, ұшақ, әуежай, жекешелендіру, қауымдастық, егемендік, бірлестік, құзыр, уағдаластық, кешен, кешенді, ғимарат, демеуші, ақпарат, елтаңба, жариялық, зейнетақы, мәртебе, өтем (компенсация), пікірсайыс (дискуссия), сыйақы (премия), тұғырнама (платформа), таралым (тираж), тапсырыс (заказ), шаруашылық есеп (хозрасчет), шығармашылық, шаруа қожалығы (крестянское хозяйство), ілеспе аударма т.т. Ана тіліміздің ғылыми өрісін айқындайтын айрықша белгісі оның терминологиялық жүйесінің, қаншалықты өріс алып, қалыптасуына тікелей қатысты.[5]

Ал, енді біз осы сөздерге дәйек болуы үшін Қытай қазақтарының терминжасамдағы принципін қолға алып, естір құлаққа жағымды, көкейге қонымды көптеген атау-термндер жасаған, белгілі аудармашы, профессор Болаш Шөкейевтің ұсыныстарына да назар салып өтейік:

Ол кісі А.байтұрсынұлы мен Ә.Қайдаровтың пікірлерін қолдай келіп, ары қарай Қытай қазақтарында термин жұмысы жайлы қысқаша баянлайды. Қытайда қазақ ұлтының терминжасам жұмысы 1980 нші жылдарда басталған болса, Ал, Қытайдың мемлекет бойынша терминжасамға ресим кірісуі өткен ғасырдың басында, атап айтқанда 1910 жылдары басталған.

Шөкеев сөзінде Қытай қазақтары көбінесе терминді қытай тілінен аударып жасап, ал, Қазақтанда терминдер орыс тілінен аударып жасалып немесе рыс тіліндегі кейбір атауларды сол күйінде алғандықтан екі ел қазақтары арасындағы тілдік алшақтықты тудыра бастағанын тілге тиек етеді. Мысалы, aids-ті қытай қазақтары «айдс ауруы» деп тікелей алса (қытайша 艾滋病 ai zi bing), Қазақстанда орысша спид деп алғанын, УЗИ (УЗД) ді _ қытай қазақтары Қытай тіліндегі термин «В 超 »-ға негізделіп, «В типті диягноз қойғыш» деп атайды. Осыларды мысалға келтірген ғалым ендігі кезекте ықшамдалған бес прицип ортаға қояды. Олар мыналар:

1. Жасампаздық

Бұл аударма тілінен балама табылмаған жағдайда, немесе баламасы болған күнде де мәндік жағынан ешқандай байланысы жоқ атау-терминдер үшін жаңаша атау-терминдер жасау қажет екендігін түсіндіреді. Яғни мұндайда терминді ойдан жасап шығу керек. Мысалы: Қытай тіліндегі 自拍干 (zi pai gan) деген жаңа атаудың қазақша мағынасы «өзін өзі фотосуретке түсіретін таяқша» (Селфи таяқшасы). Бұл ұзын сөз тізбегі қолдануға қолайсыз. Осындағы «өз» есімдігін пайдаланып, «өзтартым» деп ықшам термин жасауға болады. Қытай тіліндегі 流动人口 (liu dong ren kou) деген сөздің қазақ тіліндегі мағынасы жылжымалы халықтар яғни ағылып жүрген адамдар. Енді бұл сөзді «аққындар» деп алуға болады. Қашып жүргендерді «қашқын», ауып кеткендерді «ауғындар» дегеніміздей, ағылып жүрген адамдарды «аққын» деуге болады. Қытай тілінде 鬼剃头 (gui ti tou) деген сөз бар. Тікелей аударсақ «сайтан қырған бас» деген мағына береді. Ол таздың бір түрі. Бірақ, бірде жоғалып, қайтадан шығып отырады. Мұны біз «теңгетаз» деп алғанбыз. Бұл дұрыс емес. Себебі, ол тазға жатпайды. Біз мұны «шипагерлік баяннан» кездескен «ойдымшаш» деген атаумен алдық. Енді оның мағынасы сайма-сай келді.

2. дәлдік.

3. бірыңғайлық және бір мағыналық.

4. дағдылылық. Атау-терминдерді аударған кезде, батыстың, шығыстың, сондай-ақ өзіміздің басқада ұлыстардың мәдениеттік айырмашылығын, ерекшелігін ескеруге тура келеді.

5. жүйелілік. [6]

Б. Шөкеев ұсынып отырған өте маңызды әрі ақылға қонымды принциптердің бір бөлімі осылар. Әрине, біздің бұдан аларымыз мол. Енді біз Қазақстандық ғалымдар ортаға қойып отырған қортынды спеттес шарттарына көз жіберейік. Бұл жерде біз А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология бөлімінің бас ғылыми қызметкері, филол. ғ. д. Қ.Айдарбектің «қазіргі терминжасам ісіндегі терминологиялық норма мәселелеріа» атты мақаласында келтірген мына шарттарына жүгіндік. Онда ғалым былай түйіндейді:

«Біздің ойымызша, терминдер мен терминологияларға қойылатын нормативтік шарттарды былайша топтастыруға болады:

1. Жүйелілік;

2. Бірізділік;

3. Термин мен ұғымның бірмағыналылық сәйкес келуі;

4. Семантикалық дәлдік;

5. Қысқалық;

6.Терминдер жарыспалылығы мен варианттылығын айқындап, қажеттілерін енгізу;

7. Дефинициясының болуы;

8. Терминнің эстетикалық жағы» [7].

Қарап отырсақ, терминжасамдағы принциптердің бәрінің қуаттап, дәріптеп отырғандарында Қазақ ұлтының өз ана тілінің ішкі қуатынан еркін пайдалану идеясы жытыр. Бұл жөнінде ақыры айналып келіп, қазақ тіл ғылымының аса биік асқар тауы саналатын, ғалым А.Байтұрсынұлы ешкім де аттап өтуіне болмайтын жол ретінде жазып кеткен «баламаны өз ана тілімізден алу, туыстас ұлттар тілінен алу, шетел тілінен алған күннің өзінде қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімдеп, сындырып алу» дейтін принциптеріне аса зор құрметпен қарауға тиіспіз. Себебі, ілгерінді-кейінді терминология туралы көзқарас білдірген ғалымдардың бәрі осы бір ұлағатты айтылымға мұрагер болумен келеді.

Жоғарыда аталған бірмұнша пікірлерді жинақтай келе, біз ең соңында мынадай қортындыға келеміз. Қазақстанда терминологияға саятын барлық шарт-талаптрға, принциптерге «шетелдердегі қазақтардың терминдерінен қабылдау» деген бір тармақ қосылуы керек. Ал, шетелдегі қазақтар да «Қазақстаннан алу» принсипінен аттап өтпеуі керек. Осылай болғанда ғана, Қазақ тілінің заманауи қоры, болашаққа арналған тілдік байлығы нығая түсері анық.

**Әдебиеттер:**

1. Аударма алтын көпір- аға аудармашы Кәкеш Қайыржанұлымен сұхбат, Серік Рақымұлы, Қытай орталық хылық радио станциясының ресми сайты // http://www.kazakcnr.com/xw/tpxw

2. Сұлтан ЖАНБОЛАТ, профессор, жазушы: Ұлттың тілі мен жазуы ортақ болмай, біртұтас болуы қиын, http://abai.kz

3. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.

4. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.

5. Айтбайұлы Ө. Қазақ терминжасамы А.Байтұрсынұлының өнегесі мен Ә.Қайдар қағидасы: Егемен Қазақстан 25.09.2017ж

6. Болаш Шөкеев: Атау-терминдер аудармасындағы ұстанар жолдар: Қытай орталық тел-арнасы

7. http://termincom.kz/articles/

# СТЕРЕОТИПТЕР - ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ АРНАСЫ

***Ә.С.Әлметова .,***
*Абылай хан атындағы Қазақ ХҚ және ӘТУ-дің профессоры,*
*педагогика ғылымдарының докторы;*

**Ключевые слова:** стереотип, лингвокультурология, концепт, этнолингвистика, национально-культурные особенности, национально-культурная картина мира, этнический стереотип

**Резюме**

Человек познает мир при содействии культурного пространства, поэтому стереотипы в языке встречаются в виде лингвокультурорлогических концептов. А лингвокультурологическим концептом называют опыт поколений, которое сохранилось в сознании того или иного народа. Если подойти к проблеме с этой стороны, то стереотипы это такие структуры, которые рождаются в сознании носителя языка и появляются в его речи. А концептосферы это образцы жизненного опыта, которые являются показателем языковой картины мира. Этнокультурные стереотипы – это общие представления, которые характеризуют особенности того или иного народа.

**Stereotypes are an actual area of linguoculturology**

**Keywords:** stereotype, linguistics, concept, ethnolinguistics, national and cultural identity, national-cultural image of the world, ethnic stereotypes**Summary**

People learn the world through the assistance of cultural space, so stereotypes in the language are found in the form of linguistic and cultural concepts. A linguoculturological concept is the experience of generations, which is preserved in the minds of particular people. If we approach the problem from this side, the stereotypes are those structures that are born in the mind of a native speaker and appear in his speech. A concept-sphere is a model of life experience, which is an indicator of the language picture of the world. Ethnocultural stereotypes are general concepts that characterize the peculiarities of a particular ethnic group.

Стереотип тіл-тілде линвомәдениеттанулық концепт формасы түрінде беріледі. Ал лингвомәдениеттанулық концепт дегеніміз - белгілі бір тілдік қоғамның санасында ұзақ жылдар електен өткен, екшелген, сол қоғам өкілдерінің айрықша тәжірибесі. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде стереотиптерді тіл иесі халықтың санасында пайда болып, тілінде көрініс табатын білім құрылымының көрсеткіші деуге негіз бар. Этнолингвистикадағы «стереотип» ұғымына берілген интерпретацияға зер салсақ, стереотип белгілі бір зат туралы жинақталған топшылаулар мен пайым-түсініктердің, оларды талдаулардың кешенді жиынтығы ретінде түсініледі. Сол сияқты «әлемнің тілдік бейнесі» терминін де белгілі бір ұғым төңірегіндегі көптеген топшылаулар мен түсініктердің, жасалған талдаулар мен оларды сұрыптаулардың кешенді жиынтығы немесе сол жинақталған ойлардың қорытындысы деп түсінуге болады. Мысалы, әлем халықтары арасында кең тараған, неге екені белгісіз, ағылшындардың ұстамдылығы, немістердің тәртіп пен тазалықты жақсы көретіні, ұйымдастыру қабылеттерінің күштілігі, бірақ ойлау қабылеттерінің шектеулі болатыны туралы, француздардың жеңілтектіктері, виноны, әйелді және қыдыруды ұнататыны туралы, американдықтардың бай, жомарт, өздеріне сенімді келетіні туралы, жапондықтардың еңбексүйгіштігі, шотландықтардың үнемшілдігі кейде тіпті сараңдығы туралы қалыптасқан түсініктер бар. Бұлар әрбір этностың бойында кездесетін толып жатқан қасиеттердің ішіндегі ең көзге қатты шалынатын басымдыққа ие қасиетін танып байқаудан туындаса керек. Аталған қасиеттер сол халықты ұлт ретінде ерекшелейді. Өз халқының мінез-құлқы, жалпы адамдық қасиеті, басқалардан ерек-

шелігі туралы сол ұлттың өз өкілдері айтқан деректер де жетерлік. Мысалы, «Мы похожи, но мы разные» деген орыс мәдениеті мен орыс діліне арналған оқулықта ағылшындардың өздері туралы айтқан мына бір дерек келтіріліпті: «выносливость, умение все принимать с улыбкой, крепкие нервы и отсутствие фантазии» [1]. Міне, осындай ерекшелігіне қарап стереотиптер жөнінде - белгілі әлеуметтік құбылыс пен объектіге берілген стандартты образдар деп те анықтама беруге болады. Әдетте олар эмоциональды бояуға қанықкан, тұрақтылығымен ерекшеленеді. Белгілі бір құбылысқа адамның әлеуметтік шарттар мен өмірлік тәжірибесі нәтижесінде көз жеткізген қарым-қатынасын білдіреді. Мысалы, испандықтар дегенде *коррида*, *Гойя, Эль Греко, өгіз, күн, темперамент, Канар жағалаулары, Сальвадор Дали* еске түсетін болса, Италия немесе итальяндықтар дегенде *спагетти, пицца, Венеция, Рим, опера, макарон, каналдар, католицизм* сияқты сөздер мен ұғымдар ойға оралады. Демек, стереотиптер құбылыс пен объектіге берілген стандартты образдар деңгейіне көтеріле отырып, белгілі бір деңгейде адамның білімін де көрсете алады екен.

У. Липпман стереотиптерді шынайы немесе ішінара шынайы деп бөледі. Зерттеуші ғылыми айналымға «стереотип» терминін енгізіп қана қоймай, оған анықтама да берді, сонымен қатар бұл құбылыстың маңыздылығын да атап өтті. «Стереотиптер жүйесі, бәлкім, біздің жеке дәстүріміздің өзегі шығар, себебі ол біздің қоғамдағы орнымызды анықтайды ...» - деп жазды ол[2].

Стереотипке бұлайша анықтама беру ұғымның екі маңызды ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді:

1) стереотиптер белгілі бір этностың мәдениетіне тәуелді, сондықтан стереотиптердің шығу, пайда болу себебін белгілі бір этностың мәдениетінен іздеу қажет;

2) стереотиптер сөйлеу үшін, тілдесім үшін, ойды тиімді, дәл, анық жеткізу үшін қажет, сонымен бірге стереотиптер ойды жеткізуде сөзді үнемдеуге үйретететін сияқты.

Ғалым «Егер математикалық есептерді шешу алгоритмдері адамның ойлауын үнемдесе, стереотиптер жеке тұлғаның сөйлер сөзін «үнемдейді»,-деді [2]. Осылайша, У. Липпман стереотиптерді адамның ойлау деңгейі мен мінез-құлық мәдениетінің көрсеткіштері деп түсіндіреді. Әлеуметтанушы стереотипті – ойды жинақтау, оған жалпылама қорытынды жасау деп атады. Ғалымдардың айтуынша, стереотиптер мен олардың пайда болу, шығу себептерін түсіну қарапайым адамға тым күрделі, себебі оның мазмұны адамның қызмет аясынан тым алыс болып табылатын саяси жағдайлардан, әр түрлі басқа да мәселелерден тұруы да мүмкін. Демек, стереотипті дұрыс, қажетті деңгейде түсіну үшін әуелі адамның жан-жақты білімі болуы керек. Зерттеушілер стереотип түрлерін біршама деп көрсетеді. Ажыратып айтар болсақ, олар әлеуметтік стереотиптер, этникалық (этно-мәдени) стереотиптер, мәдени стереотиптер, тілдік стереотиптер, қарым-қатынас және мінез-құлық стереотиптері және ділдік стереотиптер делініп, бірнешеге түрге бөлінетін көрінеді. Мұның себебі «стереотип» ұғымының гуманитарлық ғылымдар арасында пәнаралық сипатқа ие екендігінде болса керек. Бастапқыда, 1920-шы жылдардан бастап, әлеуметтану және әлеуметтік психология негізінде дамыған стереотип ұғымы кейінірек қарым-қатынас теориясы, этнология, әдебиет және мәдениет тарихы, тіл философиясы тұрғысынан көптеген зерттеулер мен талдаулардың тақырыбына айналды.

Бір кездері шетелдік зерттеулерде, атап айтқанда антропологтар мен этнопсихологтардың талдап қорытуларында, этникалық стереотиптердің «ұлттық сипаты» ерекше көтерілген еді. Бұл зерттеулердің түрлі американдық және батыс еуропалық сипаттағы адамдарды кросс-мәдени салыстыру мақсаты үшін жүргізілген зерттеулер екені де байқалды. Мұндай көзқарастар Р. Бенедикт, Г. Деверо, А. Кардинер, Спингар, М. Р. сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектерінде бой көрсетті [3].

У. Липпман стереотиптерді зерттеудің теориялық негізін қаласа, 1933 жылы американдық ғалымдар кейіннен кеңінен таралған және көптеген жылдар бойы ұлттық стереотиптерді зерттеудің негізіне айналған әдістемені ойлап тапты [2]. Олар жүргізген тәжірибеге Прин-

стон университетінің жүз студенті қатысты. Студенттерге сексен төрт сипаттаманы қамтитын тізімнен, олардың пікірі бойынша, он этникалық топ (африка-американдықтар, немістер, еврейлер, итальяндықтар, британдықтар, ирландықтар, американдықтар, жапондар, қытайлар және түріктер) үшін маңыздыларын таңдау ұсынылды. Тәжірибе барысында алынған нәтижелер көп жағдайда студенттер осы немесе өзге де этникалық топқа тән сипаттамаларды анықтауда бір пікірде болып шыққанын көрсетті. Тәжірибе нәтижелерін талдай келіп, ғалымдар стереотипке мынадай анықтама береді: «Этникалық стереотип – бұл елестетуге тырысқанмен, табиғи өмір құбылыстарына сәйкес келе бермейтін және адамның алдымен құбылысты анықтап алып, содан кейін оны бақылау қасиетінен туындайтын тұрақты бейне» [2].

1940 жылдың аяғынан бастап этникалық стереотиптерді зерттеуге деген қызығушылықтың жаңа толқыны басталды. Сондықтан ЮНЕСКО-ның бастамасы бойынша бір елдің өкілдері өзге ел адамдарын қалай қабылдайды және қандай факторлар олардың қабылдауын анықтайтынын білу мақсатында кең ауқымды зерттеу өткізді. Этникалық стереотиптерді зерттеу мәселелеріне арналған, бұл жұмыстардың көпшілігі сауалнама материалдарына негізделген еді. Психолог Ю.А.Клейнердің айтуынша этникалық стереотип «... өз ұлты мен өзге ұлттық топтарға байланысты қалыптасқан халық санасындағы бейне. Әдетте мұндай суреттер немесе түсініктер қоғамда кең тарауға бейім, соған сәйкесінше, стереотиптер өте қарапайым және объективті шындыққа сенгіш келеді» [4].

Гуманитарлық ғылымда стереотип ұғымын анықтауға (әлеуметтану, мәдениеттану, психология, когнитивистика, лингвистика) және осы сияқты ғылым салаларындағы олардың дамуына қатысты стереотип түрлеріне сипаттама беруге тырысады. Кейбір ғалымдар өз ғылыми идеясының бағыты негізінде стереотип туралы жалпы ұғымнан (этникалық, әлеуметтік, мәдени) ауызша қарым-қатынас стереотиптеріне дейін жүріп өтуді мақсат етеді, осы бағытта стереотиптерді талдап-талқылайды. Өз кезегінде, «ауызша қарым-қатынас стереотипі» ұғымының құрылымы (сөйлеу, тілдік, ділдік және тілдік қарым-қатынас стереотиптері) тілдік қатынас және мінез-құлық үлгілерін қамтиды. Этникалық стереотиптер талдауын негізге ала отырып, стереотип тек тіл үшін ғана емес, сондай-ақ жалпы мәдениет үшін маңызды ұғым ретінде соңғы жылдары ұлттық мәдениет бейнесін қалыптастыратын және этномәдени сәйкестендіргіш рөліндегі сөйлеу және ділдік стереотиптерді зерттейтін мәдениеттану объектісіне айналып келе жатқаны байқалады.

Әдетте, этникалық (этномәдени) стереотиптер дәстүрлі мәдениет жүйесіндегі фольклор туындылары мен аңыздар негізінде қалыптасқан бейнелер негізінде жасалады. Этникалық стереотиптерді зерттеу ерекше зерттеу саласы ретінде анықталған әлеуметтік көзқарас аясында пайда болды. Қазіргі уақытта бұл саланы этнографтар, этнологтар, мәдениеттанушылар, фольклористер, этнолингвистер жақсы игерген. Этномәдени стереотиптер бағыты бойынша этноәлеуметтік стереотиптерге ұқсас, алайда оларға қарағанда неғұрлым жалпы сипатқа ие. Этникалық (этномәдени) стереотиптер – белгілі бір тілде өз орны бар, «әлдебіреудің» бағалауы арқылы емес, ол сол тілде сөйлеушінің өзінің ынтасымен оның тіліне оралып тұратын, өзіндік тілдік әлемінің, оның әлем бейнесі туралы түсінігінің құрамдас бөлігі. Этникалық стереотип ұғымы үшін тілдік құзыреттілік (сөздің «этникалық» мағынасы) қана емес, сонымен қатар прагматикалық (қарым-қатынас) құзыреттілік (әлем, сыртқы шындық туралы білім) те маңызды. Заманауи этнолингвистикалық және әлеуметтік-лингвистикалық зерттеулердің нәтижелерінің көрсетуі бойынша бұл стереотиптер тобы этностың өзіндік сана-сезімі және өзін-өзі тануы үшін маңызды құрылым түзуші және этно түрлендіруші рөлдерін («өзінің» және «бөтен» адамдар туралы, «өзінің» және «бөтен» ел құндылықтар жүйесі туралы ұғым) атқарады.

Этномәдени стереотиптер сипаттамалары туралы сөз қозғағанда,олардың кең таралуын және қайталануын, сондай-ақ жоғары тұрақтылық дәрежесін атап өтеміз. Мысалы,

әрбір мәдениет «өздерінің» нанымы мен құндылықтары жүйесі негізінде «бөтеннің» портретін жасайды. Осыған байланысты, этникалық стереотиптер «бөтенге» қатысты сенім-нанымдармен, салт-жоралғылармен және ырымшылдықпен байланысты көптеген қате түсініктерді жинақтауы мүмкін. Осы қате түсініктер негізінде әр мәдениеттегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың алуан түрлері жатады.

В.А.Маслованың пікірінше, этномәдени стереотиптер - бұл қандай да бір халықты сипаттайтын ерекшеліктер туралы жалпыланған көрініс болып табылады. Мысалы, әр ұлт өкіліне қатысты қолданылатын тұтас халық туралы стереотиптер бар: немістің мұқияттылығы, орыстың «мүмкіні», қытай рәсімдері, африкалық темперамент, итальяндықтардың қызбалығы, финдердің қырсықтығы, эстондардың асықпауы, поляктардың сыпайылығы [5.].

«Этникалық стереотип» ұғымының құрылымына автостереотип және гетереостереотип ұғымдары кіреді. Автостереотиптер адамдар өздері туралы не ойлайтынын көрсетеді, ал гетереостереотип басқа халық туралы көзқарасты білдіреді және ол сыншыл болып келеді. Мысалы, бір халықта ақша туралы оны дұрыс санай білу қажет, үнемдей білу керек, есептеп жұмсау қажет және ол отбасылық бюджет үшін өте маңызды болса, басқа халық үшін ол сараңдық көрінісі болып саналады. Адамдар этномәдени стереотиптерді «елден ерек» болмау үшін қажетті үлгілер ретінде қабылдайды. Сондықтан, стереотиптер адамдарға күшті әсер етеді және стереотипте жеке адамда, жалпы ұлт бойында көрініс табатын қасиеттар бой көрсетеді. Этномәдени стереотиптерді зерттеумен айналысатын этникалық психология бойынша мамандар мынадай қызық мәселені анықтаған: Мысалы, экономикалық дамуы жоғары деңгейдегі халықтар, адам бойындағы ақылдылық, жинақылық, іскерлік, ісінің өнімділігі сияқты қасиеттерді жоғары бағаласа, ал экономикасы төмен ұлт мейірімділік, ақпейілділік пен қонақжайлылықты жоғары санайтынын атап өтеді. Бұған С.Г. Тер-Минасованың зерттеуі дәлел бола алады: оның нәтижелері бойынша, ағылшын қоғамында кәсібилік, еңбекқорлық, жауапкершілік сияқты қасиеттер жоғары бағаланса, ал орыс ұлтында – қонақжайлылық, коммуникабельділік, әділдік жақсы қасиет ретінде бағаланады. [6].

Сонымен, қорыта келе біз бұл шағын мақалада стереотип және этностереотип деген мәселеге тоқталып, гуманитарлық ғылымда стереотип ұғымын анықтауға талпыныс жасадық. Тілдесім стереотиптерінің типологиясы мен ерекшеліктері, қазақ мәдениетіндегі қатысымдық стереотиптер - мәселесі тереңірек талдауды қажет ететін күрделі мәселе.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Маркина Н.А. Прохоров Ю.Е. Мы похожи, но мы разные...(учебное пособие по русской культуре и русскому менталитету).- Москва: Русский язык, 2004.- 125 с.
2. Липпман У. Общественное мнение /Пер. С англ. Т.В. Барчунова, под ред. К.А.Левинсон, К.В.Петренко. М.: Институт Фонда «Общественное мнение» 2004. – 412с
3. Спингар, М. Р. Изменения стереотипов в коммуникативной компетенции иностранца // Русский язык за рубежом. — 2009. — № 1.
4. Клейнер Ю. А. Формулы и клише // Речевые и ментальные стереотипы в синхронии и диахронии : материалы международной научной конференции, Уфа, Башкирия, 2008.-23-28 с-материалы конференции
5. Маслова В. А. Лингвокультурология . — Москва : Академия, 2001.-162с
6. Тер-Минасова, С. Г. Язык и межкультурная коммуникация : учебное пособие . — Москва : Слово, 2000. – 144с

# ЕТІС ФОРМАЛАРЫНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҚАБІЛЕТІ

***Берген Н.,***
*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,*
*филология факультеті, КФ-21 тобы, студент*
*(Ғылыми жетекші – филология магистрі, Ажарбекова Э.Н.)*

*The article deals with the work on suffixes, which one new in the formation of words, with scientific views on the types and actions of suffixes in the Kazakh language. The author analyzes the opinions expressed on the vocabulary possibilities of words and phrases, nothing that in the linguistic knowledge of the types and features of applications there one no definite conclusions. Based on the synthesis of the syntactic system of the words of the Kazakh language, linguistic date prove the verb form can`t create a new derivative, considering them only as a suffix of the suffix.*

Қазақ тілі – бай тіл. Тіліміз көркем де әуезді сөздерге бай. Сонау жылдары ата-бабаларымыз өлеңдетіп, астарлап сөйлеген. Сөздің киесін де, қадір-қасиетін де түсінетін елміз. Сөздік қорымыздың байлығымен мақтана аламыз. Сөздік қорымыз заман өткен сайын жаңарып, жасарып, толысып, онан сайын байи түсуде. Тіл үнемі даму үстінде болғандықтан, сөздік қордың да өзгеріске ұшырауы – заңды құбылыс. Сөздік қордағы сөздердің бірі қолданыстан шығып қалса, бірі әр түрлі амал-тәсілдер арқылы жаңа туынды мағынаға ие болып отырады.

Сөздік қордың толығуының бір жолы сөзжасам тәсілдері арқылы жаңа сөздердің жасалуымен байланысты. Бүгінгі таңда жаңа туынды атаулар тіл білімінің сөзжасам саласының зерттеу нысанына алынып отыр.

Сөзжасам – негізге қосымшалардың жалғануы, екі негіздің бірігуі, тіркесуі, қосарлануы, кейде қысқаруы немесе контексте негіз күйінде тұрып басқа сөз табына ауысуы арқылы жасалатын туынды сөздерді қарастыратын жеке сала. Жаңа сала болғандықтан сөзжасамның әлі де болса нақтыланбаған және сұрақ тудыратын мәселелері бар. Мәселен, сөзжасам терминдерінің нақтыланбауы (морфология саласындағы терминдер мен сөзжасам терминдерінің ара жігінің айқындалмауы), туынды сөздердің сөзжасамдық мағыналары ерекшеліктерінің сараланбауы, туынды сөздердің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуындағы қосымшалардың қызметі мен ерекшеліктері және т.б. мәселелер.

Қазақ тіл білімінде қосымшалардың ерекшеліктер мен қызметтері морфологиялық тұрғыдан қарастырылып келді. «Қазақ грамматикасында»: «Қосымша морфеманың ең бірінші және басты семантикалық-грамматикалық белгісі – мағыналық және тұлғалық дербестігінің жоқ болуы, яғни қосымша атаулының түбірге жалғанбай ешбір мән-мағына білдіре алмауы. Және осымен қатар, қосымшалар түбірге жалғануы арқылы, біріншіден, жаңа мағына білдіріп, жаңа сөз тудыру немесе, екіншіден, түбір білдіретін негізгі мағынаны өзгертпей, оған әртүрлі қосымша мағына үстеуі болып табылады. Соның нәтижесінде барып қосымшалар белгілі қызмет атқара алады немесе қызметі семантикалық сипатының шеңберінде қалып қояды. Сөйтіп, қосымшалардың білдіретін және беретін мағынасы оның ең бірінші басты қасиеті де, атқаратын қызметі сол мән-мағынасы арқылы жүзеге асатын екінші қасиеті болып саналады» [1,180] деген ой айтылып, қосымшалардың, біріншіден, сөз тудыратын, екіншіден, сөз түрлендіретін және үшіншіден, сөз байланыстыратын үш түрі қарастырылған.

Қосымшалардың түбірге жалғану арқылы ғана өмір сүріп, мағыналары мен қызметтеріне қарай жұрнақ және жалғау деп бөлінетіндігі мәлім. Осының ішіндегі жұрнақ сөз тудыратын жұрнақ және сөз түрлендіретін жұрнақ деп екіге бөлінеді. Ал жалғау көптік, септік, тәуелдік және жіктік деп төртке бөлінеді.

А.Ысқақов қосымшаларды құрамдық, мағыналық ерекшеліктеріне, тілде өмір сүру сипаттарына байланысты бірнеше түрге бөледі[2,38]. Мәселен,

| ***Түрі*** | ***Анықтама*** | ***Жұрнақ*** |
|---|---|---|
| *Жалаң жұрнақ* | мағына жағынан да, форма жағынан да бөлшектенбейтін бір бүтін жұрнақ | *-ім, -пе, -шы, -қыш, -шік, -лік,* т.б. |
| *Құранды жұрнақ* | мағына жағынан бір бүтін бола тұрса да, құрамы жағынан кемі екі я онан да көп жалаң жұрнақтардан құралып жасалған жұрнақтар | *-шылық (шы+лық), -ымды (ым+-ды), -малы (ма+лы), -нікі (ні+кі), -лаған (ла+ған),* т.б. |
| *Моносемиялық жұрнақ* | бір ғана мағынада қолданылатын жұрнақ | *-ы, -і, -лы, -лі, -лық, -лік* т.б. |
| *Полисемиялыжұрнақ* | бірнеше мағына білдіруші жұрнақ | есімше, көсемше жұрнақтарын полисемияға жатқызамыз. Себебі, олар біріншіден, шақтық мәнде жұмсалса, екіншіден, адъективтік мәнде жұмсалады. |
| *Синонимдес жұрнақтар* | Мағыналас мәнде жұмсалатын жұрнақтар | *-қыш, -ғыш, -кіш, -гіш; -шақ, -шек; -қақ, -ғақ, -кек, -гек; -қыр, -ғыр, -кір, -гір.* |
| *Омоним жұрнақтар* | дыбысталуы мен таңбалануы бірдей болғанымен, негізгі мағыналары да, туынды мағыналары да бір-бірімен байланыспайтын жұрнақтар | *-шы, -ші; -ық, -ік, -қ, -к, -ақ, -ек; -ын, -ін, -н; -ыт, -іт, -т; -ыл, -іл, -л; -ыс, -іс, -с; -лас, -лес, -дас, -дес, -тес, -тас; -ыр, -ір, -ар, -ер; -дық, -дік, -лық, -лік,*т.б. |
| *Антоним жұрнақтар* | бір-біріне қарама-қарсы мағына тудыратын жұрнақтар | *-лы, -лі* мен *-сыз, -сіз.* |
| *Төл жұрнақтар* | бір тілдің өзіне ғана тән жұрнақтар | *-шы, -ші; -ық, -ік, -қ, -к, -ақ, -ек; -лық, -лік, т.б.* |
| *Кірме жұрнақтар* | басқа тілден енген жұрнақтар | *-кер, -қой, -гер, -хана, -нама, -стан, -и, -қор, -ов, -ев,* т.б. |
| *Құнарлы жұрнақтар* | сөз тудыру жағынан өнімді қолданылатын жұрнақтар | *-шы, -ші; -ыл, -іл, -л; -лық, -лік; -ма, -ме; -м, -ым, -ім; -ыс, -іс, -с; -сыз, -сіз; -қы,-кі; -ла, -ле* т.б. |
| *Құнарсыз жұрнақтар* | сөз тудыру жағынан өнімсіз қолданылатын жұрнақтар | *-дақ, -дек; -сын, -сін, -ыт,-іт, -т; -ашақ, -ешек; -дар, -дер; -қыр, -кір; -ыр, -ір; -ын, -ін, -н; -алақ, -елек; -анақ, т.б.* |
| *Тірі жұрнақтар* | қазіргі кезде сөз тудыру қабілеттері бар жұрнақтар | *-шы, -ші;-ын, -ін, -н; -лық, -лік;* |
| *Өлі жұрнақтар* | қазіргі кезде сөз тудыру қабілеттері жоқ жұрнақтар | *-т; -ат; - іт; -айт; -ейт; -паң; -қал*т.б. |
| *Көне жұрнақтар* | ерте кезден қалыптасқан жұрнақтар | *-ай, -ей, -й; -ар, -ер, -р; -ал, -ел, -ыл, -іл, -л; -ық,-ік; -сыра, -сіре; -ан, -ен; -ти, -ди, -тый.* |
| *Жаңа жұрнақтар* | кейінгі кезде қалыптасқан жұрнақтар | *-нама, -неме; -уіш, -уыш; -кер, -гер; -ма, -ме* т.б. |

Қазақ тілінің сөзжасам саласының синтетикалық тәсілінде, яғни негізге қосымша жалғану арқылы жаңа сөздің жасалуында сұрақ тудырарлық мәселелер бар. Мәселен, әлі күнге шейін сөзжасамдық қосымшаға қандай қосымшаларды жатқызуға болады деген үлкен сұрақ ғалымдар арасында дау тудырып жүр. Ғалым Н.Оралбаева: «Тіліміздегі сөзжасам жүйесінің тағы бір негізгі элементіне қосымша, атап айтқанда, сөз тудырушы жұрнақтар жатады. Сөз тудырушы жұрнақтардың тілді жаңа сөзбен байытуда атқаратын қызметі өте зор. Ол сөзжасам жүйесіндегі синтетикалық тәсілдің шешуші элементіне жатады. Тілімізде сөз тудырушы жұрнақтар өте көп» [3,13] деп синтетикалық тәсілде сөз тудырушы жұрнақтардың негізгі қызмет атқаратынын айтады.

А.Ибатов: «Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігінде» былай деп жазады: «Қазақ тіліндегі аффикстер іштей күрделі үш салаға бөлінеді: а) жаңадан сөз тудырушы лексика-грамматикалық аффикстер, яғни сөзжасам аффикстер; ә) сөзді түрлендіруші функциональдық аффикстер, яғни сөзтүрленім аффикстер; б) сөз бен сөзді байланыстырушы таза грамматикалық аффикстер, яғни сөзбайлам аффикстер. Бұл аффикстердің біріншісі – түбір сөздерге қосылып, әр түрлі туынды сөздер жасайтын жұрнақтар да, екіншісі – сөйлем құрамында қолданған сөздердің синтаксистік қызметіне байланысты түрленіп өзгеруін білдіретін жұрнақтар, үшіншісі – сөйлемдегі сөздерді құрастырып байланыстыру үшін қызмет ететін жалғаулар» [4,129].

Ы.Маманов: «Қазақ тілінде негізгі етістіктер тұлғасын жасайтын жұрнақтар, қызметіне қарай екіге бөлінеді: 1) сөз тудырушы жұрнақтар. Бұл сөз тудырушы жұрнақтар лексика-морфологиялық қызмет атқарады. Өйткені олар сөздік мазмұны жағынан лексикаға жатады да, ал формасы жағынан морфологияға жатады. Яғни аффикс жалғану арқылы оның тұлғасы өзгеріп, жаңа формаға енеді; 2) форма тудырушы жұрнақтар. Бұған етіс, күшейтпелі етістік жұрнақтарын жатқызтуға болады. Олар етістіктің түбіріне жалғанып, етістікке тән грамматикалық форма тудырады, жалғанған сөздердің лексикалық мәнін өзгертпей, солармен коллерятивті өмір сүреді» [5,25] деген пікір айтады.

Осыған орай, тілдегі туынды сөз жасаудағы қосымша түрлерінің сипатын айқындалмағандығын ескере келе, етістіктің етіс формаларының сөз жасаудағы қабілетін талдамақшымыз.

Морфологияда етіс қосымшаларын сөз түрлендіретін жұрнақтардың қатарында қарастырып келдік. Ал сөзжасамда олар кейбір еңбектерде сөзжасам қосымшасы ретінде қарастырылса, кейбір еңбектерде сөзжасам қосымшаларының қатарында айтылмаған.

Етіс – етістікке тән грамматикалық категория. Грамматикалық етіс категориясы, біріншіден, іс-әрекетке субъектінің қатысын білдірсе, екіншіден, объектімен іс-әрекеттің қатысын білдіреді. Қазақ тіліндегі етіс түрлері:

Өздік етіс*: -н, -ын, -ін.*

Ырықсыз етіс: *-ыл, -іл, -л, -ын, -ін, -н.*

Ортақ етіс: *-ыс, -іс, -с.*

Өзгелік етіс: *-тыр, тір, -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз* [6,82].

Қазақ тіл білімінде етіс тұлғасының қызметі мен мағынасы туралы әртүрлі ғылыми тұжырым қалыптасқан. Профессорлар А.Ысқақов, А.Қалыбаева, Н.Оралбаева етіс тұлғасын сөз тудырудың морфологиялық тәсіліне жатады деп бағаласа, Ы.Маманов, С.Исаев етіс тұлғалары сөзжасам қосымшасы емес, «етістіктің лексика-грамматикалық категориясы» деп қарастырған.

Етіс тұлғасын сөзжасамдық тұлға ретінде зерттеген А.Салқынбай етісті анықтау үшін, ең алдымен, етістіктің грамматикалық категориясы бола ала ма, әлде бола алмай ма соны анықтауға ұмтылды. Ғалым оның мынадай шарттарын ұсынады:

Біріншіден, етіс тұлғасы барлық етістіктерге түгелдей талғамай жалғана бермейді. Тек мағыналық және тұлғалық валенттілік сақталғанда ғана жалғана алатын өнімді жұрнақ. Айталық, *жүр-т, жүр-дір, отыр-ыт, отыр-дыр, отыр-ыл, отыр-ын, кел-т, кел-ін, кел-іл, кет-т* т.б. сияқты сөзтұлғалар кездеспейді.

Екіншіден, етіс жұрнақтарының салт етістіктен сабақты, сабақты етістіктен салт етістік жасауының өзі де оның жаңа сөз жасауға бейімділігін айқындаса керек.

Үшіншіден, етіс тұлғаларының бірінің үстіне екіншісінің жалғана алу қабілетінің болуы оның сөзжасамдық қасиетін көрсетеді. Өйткені қазақ тілінде бірде-бір грамматикалық мағына беретін тұлға бір сөз ішінде қайталанып, бірінің үстіне екіншісі жалғана бермейді.

«Қазақ тіліндегі етістердің сөзжасамдық мағынасы бар деп есептейміз. Етістер өзі жалғанған етістіктің мағыналық құрылымын өзгертеді. Олай деуіміздің мәнісі іс-әрекетті орындаушы өзгереді, орындаушы өзгерген соң істелген істің сапасы да өзгеретіні ақиқат деп бағалаймыз», - деп баса айтады ғалым Д. Қуандықова [7,8].

Осы ретте біз өз ойымызды айта кетсек. Етіс категориясының өзіне тән жұрнақтары бар. Оларды бір-бірінің үстіне жалғай береміз. Сол үшін де болар ұяда жиі қолданылады. Бірақ оларды қалай қолданса да етістік етістік қалпында қалып қояды. Ол жұрнақтарды жалғағанымен іс-әрекеттің ортақ немесе ырықсыз істеліп жатқандығы, яки өзге біреу не өзі істеп жатқандығы ғана беріледі. Ол формалар жаңа мағыналы сөз жасамайды.

Бірақ сөзжасам жайлы еңбектерде етіс жұрнақтары сөзжасамдық қосымшалардың қатарында қарастырылады. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» еңбегінде «Етістерді арнайы зерттеудің нәтижесінде грамматикамен бірге лексикаға да үйлестіру жағы нақтыланып отыр. Соның нәтижесінде лексика-грамматикалық аспектіде тұтас танылады. Міне осыдан барып сөзжасамда өз орнын алады. Етіс аффикстері қосылғанға дейінгі етістіктер, мейлі олар негізгі немесе туынды түбірлер болсын, обьектіге қатысына қарай: 1) сабақты етістіктер, 2) салт етістіктер деп үлкен екі топқа бөлінеді»[8,279] деген ой айтылады. Осы сабақтыдан салтқа, салттан сабақтыға түрленгендігінен сөзжасамға жатқызылып отыр. Бірақ бұлжаңа атау тудырады дегенге дәлел бола алмайды. Жоғарыда ғалым А.Салқынбайдың да етісті сөзжасам жұрнақтарына жатқызатындығы жайында бірнеше пікірлері айтылды. Біріншіден, етіс тұлғасының барлық тұлғаға жалғана бермейтіндігі жайында айтылған. Бірақ кез келген қосымша барлық негізге талғаусыз жалғана бермейді. Кез келген қосымша, мейлі қандай болмасын, талғаммен, жүйемен жалғанады. Екіншіден, етістер салт етістіктен сабақты етістікті, сабақты етістіктен салт етістікті жасайды делінген. Бір етістіктің ішінде екі түрін жасағанымен ол сол сөз табында қалып тұр, аясы бір сөз табында ғана қалып қойды. Үшіншіден, етіс жұрнақтары бірінің үстіне бірі жалғана береді делінген. Әрине ол сөзжасам қосымшаларында бар қасиет. Бірақ жоғарыда көрсетілген сөзжасам қосымшалары бір-бірінің үстіне жалғану арқылы екінші, үшінші сөз таптарына ауысып, жаңа мағынлы сөз жасайды. Мысалы, *айқындаушы* сөзінде *айқын* – сын есім, негіз сөз, *-да* - етістік жасап тұрған жұрнақ, *-у* қимыл атауын тудырушы жұрнақ, *-шы* – етістіктен зат есім жасап тұрған жұрнақ. Міне, бір сөзге үш сөзжасамдық жұрнақ жалғану арқылы үш түрлі сөз табына ауысып, жаңа мағыналы туынды сөз жасалды. Ал *айтқыздырт* етістігінде үшөзгелік етіс формасы жалғанып тұр, бірақ сөз табы ауысқан жоқ, жаңа туынды жағына жасалған жоқ.. *Сөйлеткіз* сөзінде де солай. Мейлі, етіс жалғанған қай сөзді алсақ та ол етістік шеңберінде қалып қояды, басқа сөз табын жасай алмайды, жаңа мағына жасалмайды. Осы ретте ғалым Ы.Мамановтың мына сөзін айта кеткіміз келеді: «Өздік, ырықсыз етіс жұрнақтарының басты қызметі – сабақты етістікті салт етістікке айналдыру деп қараған жөн. Ал оның өздік, ырықсыздық мағынасы сол салт етістік формасынан шығатын логикалық мағынасы екінші орында қаралады» [5,44].

Ы.Маманов етіс жұрнақтарын сөзжасам қосымшаларының қатарында қарамайды. Ғалым: «Туынды түбір етістік пен етіс формалары бір емес, бұлар екеуі – екі категория. Жұрнақ арқылы жасалған туынды түбір етістіктер (ойна, ойла, қанық, көлік) түбір сөз дәрежесінде ғана қолданылады, оның жұрнақтары үстеме грамматикалық мағына білдірмейді, тек бір типтес сөздер тобын жасайды. Ал етіс жұрнақтары негізгі және туынды түбір етістіктерге жалғанып, жалғанған сөздің лексикалық мағынасын өзгертпей, оларға грамматикалық мағына үстейді, грамматикалық модель жасайды» [5,17] деген пікір білдіреді.

Сөз тудыратын жұрнақтар сөзжасамның морфологиядан бөлініп шығуына түрткі болды деуге болады. Ал сөз түрлендіретін жұрнақтар сөзжасам қосымшалары қатарына жатады ма, жоқ па деген сұрақ дау тудырып жүр. Әрине оны ғалымдардың басым көпшілігі әртүрлі дәлелмен жатқызып жүр. Бірақ сөзжасам қосымшаларына жатқызбайтын ғалымдар да кездеседі. Ал біздің ойымызша, тек сөз тудыратын қосымша ғана сөзжасамда қарастырылғаны дұрыс. Себебі, сөз түрлендіретін жұрнақтан жаңа форма тудырғанымен, жаңа мағына тудыра алмайды. Жаңа мағына – сөзжасамның басты мақсаты. Бірақ көп жағдайда сөз түрлендіруші жұрнақтар да сөзжасамдық қосымшалардың қатарында қарастырылады. Кейінгі еңбектерде, әсіресе ұя құру барысында сөз түрлердіруші жұрнақтар көп қолданылады.

Біздің ойымызша, етіс жұрнақтары сөзжасам қосымшаларының қатарына кіре алмайды.

Түйіндей келе, айтарымыз, сөзжасам – жаңа сөздердің ұясы. Сондықтан бұл салада түрленген емес, жаңа мағынаға ие сөздер ғана қаралуы орынды сияқты. Сөзжасамдық қосымшаларға сөз тудыратын жұрнақтар ғана жатқызылуы тиіс. Ал сөзтүрлендіруші жұрнақтар морфология саласында қарастырылса, себебі олардың қызметі – форма тудыру.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет.

2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 бет

3. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 104 бет.

4. Ибатов А. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі: – Алматы: Мектеп, 1988. – 136 бет.

5. Маманов Ы. Қазіргі тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 638 бет.

6. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 бет

7. Қуандықова Д. Етістікті сөзжасамдық ұяның семантикалық сипаты. – Алматы: КазНТУ, 2005. – 26 бет.

8. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 бет.

# РИТОРИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

***Жалалова А.М.,***
*PhD, аға оқытушы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

**Түйіндеме.** Мақалада американдық лингвистер Уильям Манн және Сандра Томпсон қолданысқа енгізген риторикалық құрылым теориясының негіздері қарастырылған. Аталмыш теория әртүрлі дискурс құрылымдарына талдау жасауға мүмкіндік береді.

**Abstract.** The article examines the theoretical basis of the Rhetorical structure theory developed by American linguists William Mann and Sandra Thompson. The description of the discourse within the framework of this theory makes it possible to carry out an analysis of different discourse structure.

Дискурсты белгілі бір уақыт шеңберінде өтетін динамикалық сипаттағы үдеріс, әрі құрылымдық нысан ретінде зерделеу мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарының арқауына айналып, нәтижесінде әртүрлі дискурс талдау үлгілері ұсынылды. Осы үлгілердің ішінде зерттеушілердің назарын өзіне аударып отырған *риторикалық құрылым теориясы* деуге болады.

ХХ ғасырдың 1980 жылдары АҚШ зерттеушілері У.Манн мен С.Томпсон ұсынысымен тілдік қолданысқа енген риторикалық құрылым теориясының модель-үлгісі қазіргі таңда дискурстың макроқұрылым (глобалды) мен микроқұрылым (локалды) деңгейлеріндегі өзара байланысын, табиғи тілдегі мәтіннің негізгі ұйымдастырылу аспектісін сипаттайтын әмбебап теория ретінде танылып отыр.

У.Манн, С.Томпсон, К.Матиссен құрылым теориясы бойынша мәтін және дискурс құрылымының негізгі үш түрлі деңгейі қарастырылатынын айтады:

***1. Суперқұрылым (holistic structure)*** дискурстың ең жоғарғы деңгейде ұйымдастырылуын жанрға байланысты қарастырады. Бұл деңгейде мәтінінің тарауларға бөлінуі, ресми қағаз үлгілерінің рәсімделуі сипатталады [1]. Мысалы, *Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердін бірсыпырасы 10 ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен. Ол күні жер сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген. Әрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ... - Қайсар болушы ең, жыламайтын едің, - деп шешем әр кезде айтып отыратын... Әке-шешеден күнде еститін көп жақсы тілектердің өзгесі келмесе де, «оқу оқисыңдар» дегендері екі жылдан кейін келіп еді. Жаз бір көлдің басында, қыс айларын әр ағаштың қойнаунда өткізетін бес-алты ауыл «балалардың тілін сындыру үшін»молда жалдапты* (Ғабит Мүсірепов «Автобиографиялық әнгіме»).

а. Үзінді әдеби жанр түріне**, көркем стилистика (әдебиет стилі)** жатады.

ә. Үзіндіні мағынасына қарай «Мен өмірге келген күн», «Мінездеме», «Ата-ана үміті» сияқты логика-семантикалық абзацтарға бөлуге болады:

*Бірінші абзац* кейіпкердің өмірге келуін сипаттайтын 5 сөйлемнен тұрады. 1. *Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. 2. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердін бірсыпырасы 10 ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.3. Ол күні жер сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. 4. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген. 5. Әрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ...*

*Екінші абзац* кейіпкердің мінез-құлқына берілген 1 сөйлемнен құралған сипаттамадан тұрады. 1. - *Қайсар болушы ең, жыламайтын едің, - деп шешем әр кезде айтып отыратын...;*

*Үшінші абзац* ата-ананың бала болашағының жақсы болуын тілеуі 1. *Әке-шешеден күнде еститін көп жақсы тілектердің өзгесі келмесе де, «оқу оқисыңдар» дегендері екі жылдан кейін келіп еді. 2. Жаз бір көлдің басында, қыс айларын әр ағаштың қойнауында өткізетін бес-алты ауыл «балалардың тілін сындыру үшін» молда жалдапты»* жолдарымен берілген 2 сөйлемнен тұрады.

Бұл 3 абзацта 3 түрлі ақпарат берілсе де, мәтін мазмұнын «Балалық шаққа саяхат» деген тақырыппен біртұтас мазмұнын беруге де болады.

***2. Қатысымдық құрылым (relational structure)*** жай сөйлемдердің бірізді иерархиялық тізбегінен тұратын біртұтас мәтін мазмұнының ұйымдастырылуын қарастырады. Мәтін ұйымдастырылуы оның өзара мәтінішілік байланыс аспектісінде қарастырылады. Риторикалық құрылым теориясы осы деңгейге жатады. Теорияның негізгі ұғымдары – дискурстық бірліктер мен олардың арасындағы қатынас түрін сипаттайтын риторикалық байланыстар.

***3. Дәстүрлі синтактикалық құрылым (syntactic structure).*** Авторлардың түсіндіруі бойынша теорияның қолданылу мақсаты:

1) риторикалық құрылым теориясы мәтінде клауздар (*ағылш. clause- сөйлем*) арасындағы риторикалық байланыстарды сипаттайды (Томпсон, Манн, 1986; Стюарт, 1987; Томпсон, Манн, 1987; Томпсон, Манн, Матиссен, 1992);

2) кең ауқымдағы мәтін түрлеріне (мысалы, жаңа хабарлар жүргізуде) аналитикалық талдау жасауда қолданылады (Ноэл, 1986; Фокс, 1987);

3) салыстырмалы-салғастырмалы риторикалық зерттеулер жүргізуге қолданылады (Гай, 1985, Конг, 1998);

4) нарративті дискурс түріне талдау жасауға ыңғайлы, мысалы, зерттеуші Камф (1986) жапон және испан тілдерінде сөйлейтіндердің әңгімелерінің тіларалық, грамматикалық және риторикалық ерекшеліктерін сипаттауға қолданған;

5) мәтін интерпретациясын жасау кезінде пропозициялар байланысын сипаттауда, мәтін когеренттілігін айқындауда қолданылады.

Теорияны жазбаша мәтін жанрларын (әкімшілік анықтамалар, ғылыми деректер, саяси эсселер, газет-журнал мақалаларын, жарнамалық кітапшаларды, аспаздық рецептер) сипаттауда қолдануға болады [2, 244].

Теория авторларының ұсынуымен риторикалық байланыстардың 24 түрі қарастырылып, оларға жекелеген анықтамалар берілген. Байланыс түрлері әр тілдің ерекшелігіне сай барлық мәтін түрлерін бір қалыпта сипаттауға жарамсыз болған жағдайда, оны зерттеушілердің өз қалауынша толықтыру мүмкіндігі бар екендігі ескеріліп, ашық күйінде қалдырылған.

1999 – 2001 жылдары риторикалық құрылым теориясын ресей ғалымы А.Л. Литвиненко орыс тілінің ерекшеліктеріне сай өңдеп, дискурс бірліктерін сипаттауда қолданып, дискурстың *ауызша* түріне қатысты диалог репликаларын ескере отырып, оны толықтырып, *коммуникативтік байланыстың* 20 жуық байланыс түрін қосады [3]. Қазіргі кезде бұл байланыс түрлері зерттеушілер еңбектерінде кеңінен қолданылып жүр. Көрнекілік ретінде төмендегі кестелерімізде дискурсты семантикалық тұрғыдан талдауда жиі кездесетін риторикалық байланыс түрлерінің қысқаша нұсқасы ағылшынша (У.Манн, С.Томпсон) - орысша (А.Л. Литвиненко) – қазақша (А.М. Жалалованың аудармасы) ұсынылып отыр.

*Кесте 1 – Себеп-салдарлы бір ядролы (mononuclear) симметриялық байланыс түрлері*

| № | *Ағылшын тілі* | *Орыс тілі* | *Қазақ тілі* |
|---|---|---|---|
| ***Объектілік/ пропозициялық (Subject – matter) байланыстар*** | | | |
| **1** | *Condition* | *Условие* | *Шарттастық, келісілген жағдай* |
| **2** | *Unconditional* | *Необусловленность* | *Келісімсіз, шартсыз* |
| **3** | *Volitional Cause* | *Волитивная причина(добровольно)* | *Ерікті жағдай (себепті)* |
| **4** | *Non - volitional Cause* | *Неволитивная причина* | *Еріксіз жағдай (себепті)* |
| **5** | *Volitional result* | *Волитивный результат* | *Ерікті нәтиже* |
| **6** | *Non – volitional result* | *Неволитивный результат* | *Еріксіз нәтиже* |
| **7** | *Otherwise (anti– conditional)* | *Альтернатива* | *Балама* |
| **8** | *Purpose* | *Цель* | *Мақсат* |
| **9** | *Solutionhood* | *Решение* | *Шешім* |
| **10** | *Unless* | *Отрицательное условие* | *Кері жағдай* |
| **11** | *Means* | *Средство* | *Әрекет құралы* |
| ***Презентациялық (Presentational) байланыста*** | | | |
| **12** | *Preparation* | *Подготовка сообщения* | *Кіріспе* |
| **13** | *Justify* | *Обоснование* | *Негіздеме; Аргумент* |
| **14** | *Enablement* | *Обеспечение возможности* | *Мүмкіндік беру* |
| **15** | *Motivation* | *Мотивация* | *Уәждеме* |
| **16** | *Background* | *Фон* | *Аялық фон* |
| **17** | *Concession* | *Уступка* | *Жол беру* |
| **18** | *Evidence* | *Свидетельство* | *Айғақ; Куәлік; Растау* |

*Кесте 2 – Себеп-салдарсыз бір ядролы (mononuclear) симметриялық (риторикалық) байланыс түрлері*

| № | *Ағылшын тілі* | *Орыс тілі* | *Қазақ тілі* |
|---|---|---|---|
| ***Объектілік/пропозициялық (Subject – matter) байланыстар*** | | | |
| **1** | *Circumstance* | *Обстоятельство* | *Жағдай* |
| **2** | *Interpretation* | *Интерпретация* | *Интерпретация* |
| **3** | *Comparison* | *Сравнение* | *Салыстыру* |
| **4** | *Evaluation* | *Оценка* | *Бағалау* |
| ***Презентациялық (Presentational) байланыстар*** | | | |
| **5** | *Elaboration* | *Развитие Детализация* | *Даму, өсу, өркендеу, егжей - тегжейлі түсіндірме* |
| **6** | *Summary* | *Резюме* | *Түйіндеме* |
| **7** | *Restatement* | *Переформулировка* | *Қайта тұжырымдау* |
| **8** | *Antithesis* | *Антитезис* | *Антитеза* |

Зерттеушілердің айтуынша, кестелерде берілген әрбір риторикалық байланыс дискурс/мәтін құрылымындағы маңызды семантикалық, прагматикалық байланыстарды айқындайды [1, 245]. Авторлардың мұндай байланысты риторикалық байланыс деп атағаны да дәстүрлі риторика ұғымына, шешендік сөзге қатысы жоқ, осындай байланыстық негізге сүйенгендігінен туған сияқты. Олардың пайымдауынша, дискурс бірліктерінің әрқайсысы өз алдына жеке дара қолданылмайды. Олар сол дискурстағы басқа да бірліктермен бірін-бірі толықтырып, иерархиялық жүйені ұстана отырып, дискурс мақсатына жетуге қызмет етеді.

Риторикалық теория тұрғысынан риторикалық байланысқа түсетін дискурс бірліктері негізгі *басыңқы элемент – ядро (Nucleus)* және *бағыныңқы элемент – сателлит (Satellite)* рөлін атқарады. Риторикалық байланыстардың көп түрлерінде кездесетін *ядро* дискурс құрылымындағы маңызды бірлік, ал сателлит ядроның маңызын нақтылайтындықтан, адресанттың коммуникативтік мақсатына байланысты оған бағынады.

Кей жағдайларда адресат тарапынан *ядро* сателлиттің көмегінсіз интерпретациялануы мүмкін, ал сателлит кей жағдайларда өздігінен маңызды ақпаратты жеткізуге қабілеті болмауы да мүмкін. Сондықтан оның жоқ болуы немесе түсіп қалуы риторикалық байланысқа көп әсерін тигізбейді. Ал, *ядроның* дискурс құрылымында түсіп қалуы немесе жоқ болуы мәтін мазмұнының немесе риторикалық байланыстың өзгерісіне әкеп соқтырады [1, 257]. Мысалы, *Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ, тек астымыздағы аттардың деміккен танау пырылы мен тағалы тұяқтың тасқа шақ-шұқ тиісі ғана осы жүрістің өсекшісіндей маңайға дабырлайды* (Оралхан Бөкей, «Қайдасың, қасқа құлыным», 115-б.).

Риторикалық құрылым теориясының заңдылығына сүйеніп, дискурсты 4 элементарлы дискурс бірлігіне бөлуге болады.

*1а Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ,*

*1ə* ***тек*** *астымыздағы аттардың деміккен танау пырылы* ***мен***

*1б тағалы тұяқтың тасқа шақ-шұқ тиісі* ***ғана***

*1в осы жүрістің өсекшісіндей маңайға дабырлайды.*

Мысалдағы дискурс бірліктерінің байланысына келетін болсақ: (*1а*) *Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ* – элементарлы дискурс бірлігі ядро ретінде өз алдына жеке тұрып, өзінен кейін тұрған сателлиттерге тәуелділігі шамалы болып, аяқталған ойды білдіріп тұр. Ал, сателлит рөліндегі элементарлы бірліктер (1ə, 1б, 1в) ядросыз өз алдына жеке-жеке аяқталған мағына бере алмайды. Тіпті, осы 3 сателлит бірігіп, бір аяқталған ойды білдіреді деп айтуға да болмайды. Себебі, дискурсқа нақтылық үстеп тұрған ***тек, ғана*** шектік (тежеу) демеуліктері және ***мен*** шылауының әсері олардың белгілі бір ядроға тәуелді екендігін аңғартады. Ал, ядро өз кезегінде кез-келген дискурстық бірліктермен байланысқа

түсе алады, мысалы: 1) ***1а+1б+1в –*** *Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ, тағалы тұяқтың тасқа шақ-шұқ тиісі ғана осы жүрістің өсекшісіндей маңайға дабырлайды* бірліктері – Объективті риторикалық байланыстар (пропозициялық) дискурстың қарапайым бірліктерінің бірізділігін сипаттай отырып, шынайы уақытта болып жатқан оқиғаның, іс-әрекеттің бір-біріне байланыстылығын, бірізділігін сипаттайды. Дискурста ядро мен сателлит бірізділігінің қатаң ережесі жоқ, дегенмен әр дискурстық байланыс үшін тұрақты комбинациялар кездесіп қалатынын авторлар жоққа шығармайды; 2) **1а -** *Үйден шыққалы ешқайсымыз тіс жарып үндегеніміз жоқ.* Дискурстық бірліктегі ***тіс жарып үндегеніміз жоқ*** әркімнің өз еркімен *орындалып отырғандықтан Себеп-салдарсыз бір ядролы симметриялық (риторикалық) байланыс, Ерікті жағдай-Волитивная причина-Volitional Cause* риторикалық байланысқа жатады; 3) **1б+1в** бірліктерінің *(тағалы тұяқтың тасқа шақ-шұқ тиісі ғана осы жүрістің* ***өсекшісіндей*** *маңайға дабырлайды)* арасында ат тұяғынан шыққан дыбысты ***өсекшіге*** теңеу риторикалық байланыс түрлерінің ішіндегі *Салыстыру-Сравнение-Comparison* түріне жатады. Дискурс талдауда риторикалық байланыс түрлері адресанттың интенциясына байланысты айқындалады.

Қорытындылай келе айтарымыз, риторикалық құрылым теориясын ғылым, білім, саяси, әлеуметтік, мәдение, өнер саласындағы дискурстардың әртүрлі контекстегі ауызша, жазбаша, монолог, диалог түрлеріне қолданылу тәжірибесінің вариативтілігі оның әмбебап теория екендігін тағы да дәлелдей түспек.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Mann W., Matthiessen Ch. and Thompson S. Rhetorical Structure Theory and Text Analysis. // Discourse Description. – Amsterdam, 1992. – P. 39–78.

2. William Mann, and Sandra A. Thompson. Rhetorical structure theory: A theory of text organization. Southern California University, 1987.

3. Литвиненко А.Л. Описание структуры дискурса в рамках Теории Риторической Структуры: Применение на русском материале. – (http://www.dialog-2001.ru).

## «ҚАЗАҚША-ОРЫСША ТІЛМАШТЫҢ» ҚАЗАҚ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫНДАҒЫ ОРНЫ

***Жұбаева О.А.***
*Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының докторы*
***Кегенбекова А.***
*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының магистранты*

Ғасыр басында қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңалықтарға сәйкес жаңа ұғымдар, түсініктер қалыптасты. Ғылым, өнер-білім салаларында қазақ ұғымына жат жаңа сөздер пайда болды. Осыған байланысты жаңа ұғымдардың мәнін ашып, түсіндіру, қазақ тілінен сол ұғымға сәйкес балама табу, қазақ сөздерін жинақтап, саралау, яғни сөздік түзу қажеттігі туындады.

Күннен-күнге көбейіп, тасқындап еніп жатқан термин сөздерді жүйелеп, оларға қазақ тілінен балама табу, саралап, сұрыптау ісінің жеңіл еместігі түсінікті. Ол туралы 1931 жылы оқу комиссариатының білім кеңесі былай деген еді: «… Жұрттың көбіне мәлім, ой еңбегіндегі ең қиын істің бірі - сөздік тізу, оның ішінде әсіресе кітап жазушыларға дайын сөз тауып

беру - өте қиын іс. Бұл айтқан ғылым тарауын көңілдегідей шығару үшін оның соңында бірнеше жыл отырып, бір пән сөзінің өзін бірнеше сүзгіден өткізу керек» [1, 3].

Осындай күрделі еңбектің нәтижесінде жарық көрген сөздіктердің бірі – «Қазақша-орысша тілмаш». Кітап 1925 жылы Мәскеуде 10000 дана болып басылып шығады. Сөздік жұмысын басқарған – Кемеңгерұлы Қошке, түзгендер – Кемеңгерұлы Қошке, Байтасұлы Абдолла, Бұралқыұлы Мұстапа, Байғаскин Есім, Дәулетбекұлы Ғаббас, Баймақанұлы Шәкір, Темірбекұлы Сұлтан, Сәрсенбайұлы Төлеутай болды. Құрастырушылардың ешқайсы да тіл маманы емес. Қ.Кемеңгерұлы бұл кезде тарихшы, әдебиетші ретінде танылған. Орталық мұрағат деректері 1925 жылы Есім Байғаскин мен Ғаббас Даулетбековтың Орта Азия Мемлекеттік университетінің (САГУ) аймақтық шаруашылық және заң факультетінде (факультет местного хозяйства и права) оқып жүргенін, Ақмола өңірінен келгенін көрсетеді [2, 58].

Р.Рүстембековаңың «Қошке (Қошмұхаммед) Кемеңгерұлы» атты мақаласында [3] сөздікті құрастырушылар туралы деректер келтірілген. Онда Дәулетбекұлы Ғаббастың Орта Азия университетінің заң факультетін бітіргені, кейін заң қызметіндегі әділетсіздіктерді көріп, 1933 жылы мемлекет банкісіне ауысқаны, 1937 жылы Қызылжарда ұсталып, атылғаны туралы, ал Есім (?) Байтасұлының ол кезде студент болғаны, Мұстафа Бұралқыұлының оқу-ағарту саласында қызмет еткені туралы мәлімет бар.

Сонымен қатар Т.Жұртбаевтың «Талқы» деген кітабында көптеген алаш азаматтарының қатарында Абдолла Байтасұлы, Мұстафа Бұралқыұлы мен Есім Байғаскиндердің түрмедегі азапты күндері туралы баяндалады [4].

Ғасыр басында қазақ білімпаздары аударма ісіне белсене араласқаны белгілі. Мұрағат деректеріне зер салсақ, Ә.Бөкейханұлы – география, Е.Омаров – алгебра, М.Жұмабаев – педагогика, Ж.Аймауытов – дидактика, Ф.Ғалымжанов – физика, Б.Сәрсенов – геометрия, И.Тұрғанбаев – арифметика, Қ.Кемеңгерұлы – жаратылыстану пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударғанынан [5] хабардар боламыз. Сонымен қатар мұрағат қорында Қ.Кемеңгерұлының 1925 жылдың 16 қарашасында «Ауыл шаруашылық ғылымы» атты кітапты аударуға келісім беретіні жайында хаты сақталған [6, 20].

Ғалым Пушкиннен «Пайғамбар», Никитиннен «Сәскелік көлдің жағасында» сияқты өлеңдерді тәржімалаған. Сонымен қатар Д.Қамзабекұлы Кемеңгерұлының химия оқулығын аударғаны туралы да мәлімет келтіреді. Сол сияқты «Құлақ шаруаларындағы батырақ пен батырақ әйелдерді заң қалай қорғайды» [7], «Ақы, кәсіп, дау айыратын комиссия» [8] деген Қ.Кемеңгерұлының аудармалары Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаулы.

Мұрағат деректері Бектасов пен Кемеңгерұлының «Орысша- қазақша сөздігінің» («Русско-казахский словарь») орыс топтарына қазақ тілін үйретуде жетекші құралдардың бірі болғанын көрсетеді [9]. Алайда бұл кітапты кітапхана қорларынан кездестіре алмадық. Бұл деректер Қ.Кемеңгерұлының сөздік түзу жұмысына тегіннен-тегін араласпағанын, оған үлкен дайындықпен келгенін танытады.

Сонымен қатар А.Байтасұлы да «Қазақша-орысша тілмаш» жұмысына араласқанға дейін-ақ аудармашылық шеберлігі ұшталған қайраткер ретінде танылған. Ол Уагнерден «Жануарлар туралы әңгімелер» (Ташкент, 1924, 126 бет), профессор Гейкіден «Физикалық география» (Ташкент, 1924, 204 бет) т.б. аударған. Осы кітаптарға жазған сынында «Қыр баласы» (Ә.Бөкейханов) аударма тілін сөз ете келіп: «Абдолла жолдас орыс кітабын қазақшылауға шебер. Кітаптың сөзі хат білетін қазаққа түсінікті»,- деп жоғары бағалайды [10].

Сөздік жұмысына аудармамен ертеден айналысып жүрген Қ.Кемеңгерұлы, А.Байтасұлдарының араласуы «Тілмаштың» дұрыс та сәтті болып шығуына әсер екені даусыз.

Қ.Кемеңгерұлы ана тілінің табиғатын, ерекшелігін терең білумен қатар көп тіл білетін полиглот ғалым болғанын байқаймыз. Зайыбы Гүлсімнің айтуынша, Қ.Кемеңгерұлы араб, парсы тілдерін де жақсы меңгерген. Сол сияқты Ә.Меңдеке, З.Нұрмағамбетовалардың мақалаларында ғалымның ағылшын, неміс, жапон тілдерін білгені туралы айтылады. Сонымен

қатар Қ.Кемеңгерұлының мақалаларынан оның әзірбайжан, түрік, монғол тілдерін де игергені байқалады. Бірнеше тіл білу сөздіктегі сөздердің мағынасын ашып, дұрыс балама табуда көп көмектесетіні айтпаса да түсінікті.

«Қазақша-орысша тілмашты» түзушілер екі түрлі қызмет атқарған. Яғни, бір жағынан, қазақ сөздерін саралап, сұрыптап, олардың баламасын дәл тауып, дұрыс түсіндіруді, сол арқылы қазақ халқының болмысын, тұрмысын, рухын басқа халыққа таныстыруды мақсат етсе (бұл этнографизмдер мен фразеологизмдердің т.б. мәнін түсіндіруде ерекше байқалады), екінші жағынан, ғылым мен техника, мәдениет т.б. саладағы жаңалықтар мен өзгерістерге байланысты жаңа сөздер орыс тілінің әсерімен еніп жатқандықтан әрі ондай ұғымдар мен түсініктерге балама ретінде қазақтың төл сөздері қалыптаса қоймағандықтан, құрастырушыдар орысша-қазақша сөздіктің міндетін де атқарған. Сол себепті «Қазақша-орысша тілмашты» түзушілер жеке реестрге қазақ тілінің дайын сөздерін ғана беріп қоймай, орыс сөздерінің (немесе орыс тілі арқылы басқа тілден енген сөздердің) қазақ тіліндегі баламасын ұсынып, шығармашылық та қызмет атқарған (бұл, негізінен, термин сөздерге байланысты).

Мәселен, ғасыр басында *аэроплан*, *акционерное общество*, *кинематограф*, *резолюция*, *инструкция*, *прогресс* т.б. сөздердің қазақ тілінде дайын баламасы болмады. Әрине, бұл орайда баспасөз бетінде бұл атаулардың түрліше қолданылып жүргенін ескеру керек. Әйтсе де ол атаулар әдеби тілде қалыптасып үлгермеген еді. «Қазақша-орысша тілмашта» осындай сөздердің қазақ тіліндегі баламасы беріледі де, оның орысша аудармасы көрсетіліп отырады. Мәселен, *сатсиалдық – социальный, социалистический; сома – сумма (капитал); қорытынды – 1) резолюция, 2) вывод; қосымша құн – прибавочная стоимость; нұсқа – 1) инструкция, 2) экземпляр, 3) копия; үдеу – прогресс; ұшқыш мәшине – аэроплан; жарналы серіктік – акционерное общество т.с.с.* Яғни сөздік құрастырушылар қазақ тілінің сөздік құрамын молынан қамтуға тырысқанын байқаймыз.

Сөздердің берілуі, сөз мағынасын түсіндіру, еуропа сөздерінің дәл баламасын табу, сөздердің жинақталуы, сұрыпталуы тұрғысынан алғанда, «Қазақша-орысша тілмаш» өзіне дейін шыққан сөздіктерден әлдеқайда озық. Еңбектің құндылығы туралы «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдеби тілі мәселелері» деген кітабында Ш.Мәжітаева былай дейді: «Әрбір әдеби тілдің сөздік қорының дамуы мен нормалануына сөздіктің тигізетін әсері үлкен. Қазақстанда бұл жұмыс 20-жылдардың ортасынан басталады. Қ.Кемеңгеровтың «Қазақша-орысша тілмашы» бұл саладағы алғашқы тәжірибе еді. Мұнда орыс сөздерін аударып алу принципі негізінен сақталған» [11, 57].

«Қазақша-орысша тілмаштың» алғысөзінде құрастырушылар сөздік түзу – өте күрделі де қиын міндет екенін, тіл білімі саласында еңбек ететін бірнеше автордың көп жылғы еңбегінің нәтижесі болуы керектігін айта келіп: «К сожалению, такой точки зрения мы не придерживались по следующим причинам: во-первых, с целью удовлетворить сильную потребность в казахско-русском словаре слушателей-европейцев, изучающих казахский язык на Высших Военных Курсах Востоковедения, мы приложили все усилия к его ускоренному выпуску; во-вторых, мы не имели на руках соответствующих полных руководств для исчерпания из них необходимых материалов. Однако, выражаем надежду, что данный словарь может послужить пособием не только слушателей Военных школ, но и для европейцев, служащих в Казреспублике, а также для лиц, изучающих непосредственно казахский быт», – дейді.

ХХ ғасыр басында өзге тілдік сөздерді қабылдауда мына принциптер көзделгені белгілі:

а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;

ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;

б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп еуропа сөзін алу.

«Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылардың да осы принциптерді ұстанғаны байқалады. Сондықтан «Тілмашта» *төбелік шеңбер – полярный круг; тетік – 1) механизм, 2)*

*прием; бедел – авторитет* сияқты сөздермен қатар *нөмір, көлексие, атлас, білиәрт* сияқты атаулар да кездеседі.

Қазақ тілінің өз мүмкіндігін пайдалана отырып, термин жасау үлгісі XIX ғасырда да көрініс тапқан. Белгілі ғалым Р.Сыздықова төңкеріске дейінгі сөздіктердің ерекшелігіне тоқтала келіп, былай дейді: «Қазақ қоғамы өміріне жаңадан еніп жатқан құбылыстар мен ұғымдардың атауын жасауда өткен ғасырдың өзінде-ақ қазақ тілі өз мүмкіндігіне иек артқаны осы сөздіктерден білінеді. Мысалы, *аренда – өсім; банкир – сүтхор, өсімші; работник – жұмыскер, малай; слуга – төлеңгіт; станция – қызыл үй, бекет; темница – қараңғы үй; хирург – сынықшы; художник – ұста, жамаушы; будка полицейского – қарауылшы үй; компания – ортақ; железная дорога, вагон, локомотив – от арба; пароход – от қайық; столетие – жүз жыл; подорожная – бедерлі қағаз; баллотировка – тас салу* т.б.» [12, 306].

Бұдан жоғарыда келтірілген принциптердің негізі XIX ғасырда қалана бастағанын байқаймыз. Сондықтан XX ғасыр басындағы сөздік түзушілер барлық сөзге жаңа атау беруге тырыспаған. Құрастырушылар өздеріне дейінгі, өз тұсындағы сөздіктерді байыпты зерделеп, сөздерді саралап сұрыптаған. Мұндай үрдісті «Қазақша-орысша тілмаштан» да байқауға болады.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 16 қазанындағы N662 санында «Оқушы» деген псевдоним иесінің «Қазақша-орысша тілмашты» өте жоғары бағалап, алайда кейбір сөздердің түсініксіз екенін айтқан сын-ескертпесіне жауап ретінде Қ.Кемеңгерұлы осы басылымның 24 қарашасында жарияланған «Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс» деген мақаласында: «Тілмашқа кірген сөздердің бірсыпырасы Радловтан, Будаговтан алынған. Қазақ тіліндегі ескі-жаңалы кітаптардан алынған», – дейді.

Бірақ «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылар Радлов, Будагов сөздіктерін сол күйінше қайталамай, өз мақсатына қарай сұрыптағаны, ықшамдағаны, мағынасын кеңейткені т.б. байқалады:

| | В.В.Радлов «Опыт словаря тюркских наречий», 1888, 1905 | «Қазақша-орысша тілмаш», 1925 |
|---|---|---|
| Айтыс | 1. разговаривать, беседовать, между собою говорить, спорить, ссориться;<br>2. вести тяжкую словесную перед судьею | 1) диспут;<br>2) дискуссия;<br>3) состязание в песнях;<br>4) прение |
| Айып | 1. вина, преступление, недастаток, порок;<br>2. неприличие, все, что нарушает обычай;<br>3. нечестность, подлость, дурное качество;<br>4. пеня за незначитеьлные поступки;<br>5. порок | 1) штраф;<br>2) вина |
| Айбар | наружность, возбуждающая страх, почтение | Демонстрация, угроза |
| Айғақ | свидетель, истец, доносчик | свидетель |
| Ермек | забава, утешение | 1) забава;<br>2) удовольствие;<br>3) развлечение;<br>4) спорт |
| Айнала | окружность | 1) окружность;<br>2) кругом (нар.);<br>3) среда |
| Емші | человек, который умеет лечит или заговаривать болезнь | лекар |
| Орамал | платок, пеленка | полотенце, платок |

Радлов сөздігінде түсіндірушілік сипат басым болса, «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылар орысша баламасының дәл де нақты болуына көп көңіл бөлген.

Екіншіден, Радлов сөздігінде сөз мағынасы қате түсіндірілген тұстар кездесіп отырса, ана тілінің сөз байлығын терең меңгерген «Тілмаш» құрастырушыларында мұндай олқылықтар байқалмайды. Мәселен, В.В.Радлов сөздігінде *айғыршық – маленький жеребец* түрінде берілсе, «Қазақша-орысша тілмашта»: *құлын* – жеребенок; *жабағы* – 1) джабага; шерсть снятая с овцы весною; 2) *жеребенок* (в первую осень и зиму по рождении); *тай* – стригун; *құнан* (құнажын) – двухлетняя кобыла или корова; *дөнен* – четырехлетка (о скоте); *бесті* – пятилетка (о скоте) деп көрсеткен. Яғни негізгі кәсібі – мал шаруашылығы болған қазақтың жылқы баласының жас ерекшелігіне байланысты қолданған атауларын «Тілмашта» толық қамтуға тырысқан. Осындай сипаттамаларынан сөздік түзушілердің туған халқының тұрмысымен етене таныс болып, басқа халыққа қазақы рухты, дүниетанымды жеткізбек болған ниетін байқауға болады.

Үшіншіден, Радлов сөздігінде түбірлес сөздердің мағынасы бөлек-бөлек түсіндірілсе (*ұят, ұятлық, ұятсыздық; ұшсыз, ұшсызлық; ауру, аурулық; аурсыздық, ақылды, ақылсыз, ақылсыздық* т.с.с), «Қазақша-орысша тілмашта» сөз тудырушы жұрнақтардың мағыналары арнайы сөз болады. Осыған байланысты кіріспесөзде: «В данное время, в связи с переводом научных книг, у нас сильно идет словообразование. Чтобы не оставить своих читателей в недоумении при встрече новых производных слов, имеющих основу в словаре, мы сочли неизлишним определить значение суффиксов, употребляемых в казахском языке» - деп, жұрнақтардың қандай сөз табына жалғануына байланысты негізге қандай мән үстейтінін көрсетіп отырады.

Қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, негіз сөзге қосылған жұрнақтардың мәніне сәйкес сөз мағынасы да жаңарып отыруына байланысты, бүгінгі таңдағы сөздік құрастырушылар да осы үрдісті ескергені жөн сияқты.

Төртіншіден, «Қазақша-орысша тілмашты» түзушілер жаңа ұғымдар мен түсініктерге балама ұсыну мақсатына сәйкес, сөздің негізгі мағынасын кеңейтіп, дамытып, қосымша мән үстеуге тырысқаны байқалады. Сол себепті *айбар* сөзін – *демонстрация, айтыс – диспут, дискуссия, ермек* сөзін – *спорт* сөзіне балама ретінде ұсынады.

Осындай ерекшеліктерді Л.З.Будагов сөздігін қолдануынан да байқауға болады:

| Сөздер | Л.Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречии с включением употребительнейших слов арабских и персидских ... СПь, 1869, 1871 | «Қазақша-орысша тілмаш» 1925 |
|---|---|---|
| Әкім | начальник | администратор |
| Алпауыт | Помещик, дворянин, барин, госпадин | помещик |
| Жар | Приказ, повеление, обнародование, клик, сбор | 1) супруга; 2) возлюбленный; 3) крутизна, берег; 4) обнародование |
| Себеп | причина, предлог, средство, случай | причина |
| Асау | Дикий, суровый, необразованный, лошадь, вовсе неезженная | дикий |
| Жосық | обычай, правило | правило, путь |
| Шапыраш | Недостаток глаз, зрачки сближенные, как будто смотрят на нос | недостаток глаза, зрачки как будто смотрят на нос |
| Ақын | Импровизатор, экспромтом говорящий стихи, поющий и рассказывающий повести о былом | 1) импровизатор;<br>2) поэт |

«Қазақша-орысша тілмашты» түзушілер Л.З.Будагов, В.В.Радлов сөздіктерін пайдаланғанда, бірқатар сөздерді өзгеріссіз, сол күйінше қолданса, енді бір сөздердің сөздікте көрсетілген мәнінен басқа да түрлі мағынаға ие болатынын көрсетіп, толықтырып отырған. Оның үстіне өзіне дейінгі сөздіктерде түсіндірме жолымен немесе бірнеше синонимдер арқылы берілген сипаттамалардың орнына нақты, ең басты, негізгі мағынасын көрсетуге тырысқан.

«Қазақша-орысша тілмашта» 10 мыңдай қазақ сөзінің мағынасы түсіндірілген. «Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс» деген мақаласында Қ.Кемеңгерұлы Мәскеудегі «Кіндік баспасөз» Мағжанға қаратып, біреуге көшіруге бергенде, сол көшірушінің біраз шатастырғанын, оның үстіне 400-дей сөз баспадан қате кеткенін, яғни кейбір сөздердің мағынасын жойып не ауыстырып жібергенін қынжыла айтады. «Оқушы»: «кей сөздерге берген мағаналары қазақша да емес, жатық та емес, түсінікті де емес, керексіз сөздер кездеседі», – деп *тауқымет, ғадауат, саранжам, шапағатшы, соламай, тоңғармақ, тазданбақ, ақыланбақ* сияқты сөздерді көрсетеді. Оған жауап ретінде Қ.Кемеңгерұлы: «Қазақша дегенде қазақтың төл сөзін іздейсіз ғой. Олай болғанда, қазақтың сөйлеп жүрген сөздерінің жартысы араб пен парсынікі деушілер бар. Оларға не дейсіз? *Орамалды* сіз қазақтың төл сөзі деп ойлайсыз ба? Қазақша емес деп дауласқаннан кейін, әрине, сізге түсінікті де, жатық та болмайды. Қазақ арасында айтылатын сөз бе? Сөз емес пе? Қазақ кітаптарында кездесе ме? – әңгіме сонда болу керек», – дей келіп, *тауқымет* сөзінің Жүсіпбек пен Мұхтардың жазғандарында, *ғадауат* сөзі Абайда, *саранжам* сөзі Наурызбай батырдың қызбен айтысатын қиссасында кездесетінін, жас бала қайтыс болса, қазақ *шапағатшы болсын* деп көңіл айтатынын т.с.с. деректерді келтіре отырып, жеке адамның білмеген сөзінің бәрін керексіз қылуға, қазақша емес, түсінікті емес деуге болмайтынын ескертеді. Ендеше, «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылар кез келген сөздің мәнін түсіндіруді мақсат етпей, оның қазақ арасында немесе ақын-жазушылар тілінде кездесуіне қарай сұрыптап, екшегені байқалады.

Оның үстіне басқарушы «Тілмаштың» еуропалықтарға арналуына байланысты, қазақ сөздерінің бас-басына мағына беріп, түсіндіруге тырысқанын айтады. Қ.Кемеңгерұлы егер сөздік қазақтарға арналса, *утонуть* сөзін – *батпақ, кетпек, ғарық болмақ* деп аударуға, яғни синонимдес сөздерді қолдануға болатынын, ал қазақша-орысша сөздікте әр сөздің жеке нысанға алынуы қажеттігін ескертеді. Бұдан Қ.Кемеңгерұлының сөздік түзу ісінің қыр-сырын толық меңгергені әрі оған үлкен жауапкершілікпен қарағаны байқалады.

«Қазақша-орысша тілмашта» барлық сөз табына қатысты сөздер кездеседі. Алайда соның ішінде ең көп ұшырасатыны – зат есім, сын есім, етістік. Зат есімдерді мағыналық топтарына қарай: діни сөздер, адамға қатысты атаулар, дене мүшелері, төрт түлік малға қатысты атаулар, жануарлар, жәндік-насекомдар, табиғат құбылыстары, ауа райына байланысты атаулар, жер бедері, өсімдік атаулары, тас, ыдыс-аяқ, құрал-сайман атаулары, киім, мата атаулары, үйге, оның жиһаздарына қатысты атаулар, тамақ-сусын атаулары, ойын атаулары, ауру атаулары т.с.с. жіктеуге болады. Сөздік мұсылманша діни сөздер мен қоғамдық өмірдегі өзгерістерге, жаңалықтарға байланысты жаңа атаулар (терминдер) көбірек кездесуі жағынан Е.Букиннің «Орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігіне» (1883) ұқсас.

Н.И.Ильминский, В.В.Катаринский еңбектерінде миссионерлік мақсатпен ислам дініне қатысты сөздер, тіпті араб-парсы тілдерінен енген сөздерде көп кездесетін болғандықтан, тұтастай **р, г, ғ, х** әріптері мүлде берілмеген болатын. Ал Е.Букин сөздігі мен «Қазақша-орысша тілмашта» мұсылманша діни сөздер көп. Мәселен, «Тілмашта»: *азан, әзірейіл, әзәзіл, әбсін, ақшам, ақырет, Алда, Алда акбар, аят, айт, бесін, бенде, патиқа, періште, пір, тарауық, тасаттық, таспық, тәкбір, тамық, тәубе* т.с.с. ислам дініне байланысты атаулардың мәні түсіндірілген. Алайда бұл орайда дін сөздерінің берілуі – еуропалықтарға ислам дінін насихаттау мақсатында емес, халық қолданысындағы басқа да сөздердің санатында келтірілген. Мұны «Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс» деген мақаласында Қ.Кемеңгерұлы да атап көрсетеді.

Р.Сыздықова XIX ғасырдың II жартысындағы екі тілді сөздіктердің ерекшелігін сөз ете келіп, қазақ халқының сол кездегі экономикалық, әлеуметтік, мәдени хал-жағдайына қатысты *пайда - барыш, прибыль; қарыз - заем, долг; сома - капитал; бексел – вексель; саудагер – торговец; баға - цена; залал – убыток; дүкен -магазин* т.б. сөздердің қолданылғанын айтады. Бұл атаулар «Қазақша –орысша тілмашта» да осы мәнде кездеседі. Ендеше, сөздікті құрастырушылар сол кезге дейінгі жарық көрген басқа сөздіктермен де жан-жақты таныс болған әрі сол атаулардың тұрақталуын көздеген деп ойлаймыз. Ал *сүтқор – банкир; кіреу – заклад, залог; задетка – задаток; мүлиеншік – миллионер; мұнанай - меновой двор; зымтемір - землемер* т.б. сөздер «Тілмашта» ұшыраспайды. Мұның себебі аталған сөздер XIX ғасырдың екінші жартысындағы сөздіктерде, оның ішінде Е.Букиннің сөздігінде де кездескенімен, кейін халық қолданысын таба алмай, қолданыстан шығып қалуының әсері болса керек.

Сонымен, «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылар қазақ тіліндегі бар сөздерді жиып, оның мәнін түсіндіруді ғана мақсат етпей, қоғамдағы түрлі өзгеріс, жаңалықтарға сәйкес жаңа атаулар ұсынуға тырысқан.

«Тілмаштан», бір жағынан, сол кезеңге дейін қалыптасқан сөздердің тұрақталу сипатын аңғарсақ, екінші жағынан, 20-жылдардағы сөздік қордың даму ерекшелігінен, жаңа атаулардың жасалу, қалыптасу деңгейінен хабардар боламыз.

Н.И.Ильминский сөздігі мен «Қазақша-орысша тілмаштың», Е.Букин сөздіктерінің айырмашылығы – Н.Ильминский, негізінен, түсіндірме жолымен аударса, кейінгі сөздіктерде балама ұсынуға тырысқан:

| | Н.Ильминский «Материялы к изучению киргизского наречие», 1860 | «Қазақша-орысша тілмаш», 1925 |
|---|---|---|
| Уыз | первое молоко после того, как корова отелилась | молозиво |
| Барымта Баранта | Задержание или захват скота или вещей самоуправно за долг или похищение чнго ими другую обиду. | угон скота за обиду |
| Ұрын | Тайно, *урун келеді*, тайно приходить (после того, как калым отдан за невесту, но пока еще не было свадьбы жених имеет право посещать свою невесту; он презжает с подарками тестью, и останавливается вдали от аула, в шатре. Днем он не может приходить в ауыл невесты, а ходить к ней ночью - *урун*) | 1) первое негласное знакомство с невестой<br>2) тайком |
| От | Огонь. *От орны* место, где огонь в кибитке. *От шығар* зажещь огонь в ауле, в роде маяка для запоздалых. *Отағасы* госпадин (самое употребит. слово, несколько ниже чем *қосағасы*). | 1) огон |
| | Трава (на корню) *ақ-от, қар-от* две ктегорий трав: луговые травы годные для лошадей и солончаковя, годные для верблюдов и баранов; впрочем – *ай айдың оты басқа* каждый месяц бывает пригодна разная трава. *Отта* пастись, кормиться травью (о скоте) | 2) трава<br>3) хорошее пастбище |
| Отар | Место, где скот пасется вдали от аула. *Малым отарда* у меня скот в отаре. Такая русская маленькая деревня. | Пастбище |
| Орта | Середина, *түн ортасы*, полночь | 1) средний<br>2) среда<br>3) середина |

Н.И.Ильминский сөздігі мен «Қазақша-орысша тілмаш» – екеуі де қазақша-орысша сөздік болғанмен, Ильминский қазақ халқының әрбір сөзін орыстарға нақтылап, егжей-тегжейлі сипаттауға тырысқан. Сол себепті Ильминский сөздігі түсіндірме сөздік болып шыққан. Ал «Қазақша-орысша тілмашта» орыс тілінде баламасы бар болса, орыс тіліндегі нұсқасын беріп, қазақ халқының болмысын, тұрмысын, дүниетанымын танытатын мәдени лексика атауларын, этнографизмдерді т.б. беруде түсіндірме жолын ұстанған.

«Қазақша-орысша тілмашта» сөз басына балама берілу себебі – сөздіктің жоғары әскери курс оқушыларына арналғандығынан болса керек. Құрастырушылар осылайша шәкірттерге сөздің нақты мағынасын айыртып, кейіннен тұтас сөйлем, әңгімелерді аудару барысында тезірек жаттығып, меңгеріп кету жағын ескерген деп ойлаймыз. Ал Ильминский қолданған түсіндірме тәсіл мәліметті көп қамтығанымен, осы сөздері бар сөйлемдерді, сөз тіркестерін аударуда елеулі қиындықтар туғызары сөзсіз. Сол себепті «Қазақша-орысша тілмашта» сөздер балама арқылы беріледі.

Ал қазақ халқына ғана тән, орыс тілінде баламасы жоқ этнографизмдерді беруде түсіндірме тәсілі кеңінен қолданылған. Мысалы: *Тоқым қағар* – угощение, устраиваемое матерью в честь своего дитяти, впервые отправившегося в путь.

*Биебау* –угощение, устраиваемое, когда в первый раз привязывают жеребят для доения кобыл.

*Базарлық* – гостинец, привезенный вернувшимся с базара.

*Бастаңғы* – вечеринка, устраиваемое дочерью уехавших куда- нибудь родителей.

Сонымен қатар Н.Ильминскийдің сөздерді ұялық тәсілмен беруін «Қазақша-орысша тілмашта» қолданбауы да осы еңбектің кімге арналғанына байланысты болса керек. Мәселен, Н.Ильминский *ай* сөзін *«луна»* және *«месяц»* мәндерінде қолданылатынын айтып, осы сөздердің қатысуымен жасалған тіркестерге талдау жасайды, әрбір ай атын, оның ерекшелігін көрсетеді. Ал «Қазақша-орысша тілмашта» *ай* сөзінің көп мағыналық және омонимдік мәндері түсіндіріледі де, әрбір ай аттары алғашқы әрпіне қарай жүйелі түрде жеке-жеке түсіндіріледі.

Н.Ильминский сөздігінде кейбір сөздердің мәнін түсіндіруде, сөздерді таңбалауда біраз қателіктер кездеседі. Мәселен, Н.Ильминский қазақ сөздерін орыс графикасымен таңбалағанда, *іні*//*ене, ісік*//*есік, мін*//*мең* т.с.с. сөздердің таңбалануы бірдей болып шыққан. Мұндай кемшіліктер, әрине, үйренушіні шатастырары сөзсіз.

«Қазақша-орысша тілмашта» ондай олқылықтарға орын бермеуге тырысқан. Алайда «Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс» деген мақалада сөз болғандай, көшіруші мен баспа тарапынан кеткен кейбір қателіктер де байқалады. Алайда бұл жүйелілік сипат алмаған.

Н.Ильминский *айқын* сөзінің мағынасын *обширный* деп түсіндіреді де, осы ұяда *обширная степь*, *обширное озеро* деп *айқын дала, айқын көл* сөздерін береді. Ал «Қазақша-орысша тілмашта» *айқын* сөзі *явный* деп беріледі. Әрине, *айқын* сөзіне *обширный* дегеннен гөрі *явный* деген балама әлдеқайда дәл де ұтымды екенін дәлелдеудің қажеті де жоқ. Бұл орайда Ильминский сөздік құрастыруда сөз мағынасын айқындауда қазақтардан кеңес алып отырса, «Тілмаш» құрастырушыларына ондай кеңесшінің қажеті болмады, олар ана тілінің бай сөздік қорын толық меңгеріп, оның нақты да дәл баламасын беруге тырысқанын ескеру керек.

«Қазақша-орысша тілмашта» реестр сөз алфавит тәртібімен, бірізділікпен берілген. Мәндес (синоним) сөздер үтірмен, ал омонимдер мен полисемиялы сөздер араб цифрларымен ажыратылып отырған. Мысалы: *ат – 1) лошадь, конь, 2) имя; ай – 1) луна, месяц 2) восклицание удивления; таба – 1) злорадство, 2) сковорода; табан – 1) подошва (ноги), 2) карась; шөп – 1) сено, 2) трава; шалшық – 1) лужа, 2) озерко; шығыс – 1) выход, 2) восток, 3) расход, 4) всход; несие – долг, кредит; шұңқыр – яма, впадина; жайпақ – плоский, гладкий; бала – мальчик, ребенок; көшірме – выписка, копия.*

«Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылар жақшаны да белгілі бір мақсатқа сәйкес қолданғанын көреміз:

а) реестрдегі сөздің аймақтық сипатын, яғни жергілікті сөз екенін білдіру үшін жақша ішінде қай жерлерде қолданылатыны көрсетіліп отырған. Мысалы: *әжеп-тәуір* – 1) изрядный, 2) плохой (в наречиях букеевских и уральских киргиз).

ә) сөздің тура мағынасымен қатар ауыспалы мәндері де беріліп, ол жақша арқылы көрсетіліп отырған: *ақ жаулық* –1) жена (обр); 2) женский головной убор, *ала тайдай бүлдірмек* – внести разложение в общество (обр. историческое выражение)

б) сөздің мәнін нақтылай түсу үшін жақша қолданылған: а) кімге, неге қатысты екені көрсетіліп отырған. Мысалы: *жарау – подморенный (о лошади); сапсимақ – торчать (о большой бороде); бұрамақ – 1) вертеть, винтить; 2) настроить (о музыкальном инструменте);* ә) қандай атау, қай саланың термині екені көрсетілген: *түйнеме – рожа (болезнь); жарнақ - дробь (математический термин); жармақ – 1) расколоть; 2) рассекать; 3) оперировать (медицинский термин);* б) омонимдес, көп мағыналы сөздерден айыру үшін жақша ішінде қай сөз табы екені көрсетіліп отырған: *әрі – 1) дальше; 2) после; 3) и (повторит. союз); аралас –смешанно (наречие).*

Етістіктер **-мақ/-мек** тұлғалы тұйық етістік (тұйық райдың толық түрі) түрінде берілген де, етіс түрлері етістіктің мәніне қарай түсіндірілген. Мысалы: *сөйлетпек – пон. зал. от гл. сөйлемек; бауланбақ – воз. зал. от гл. бауламақ; ауласпақ – взаимн. залог от гл. ауламақ; апарылмақ – страд. зал.от глагола апармақ.*

Осы үлгіні Қ.Кемеңгерұлы «Оқу құралдарының» соңындағы тілмаштарда да пайдаланған.

Ғалым өз заманында сөздік түзу шебері ретінде танылған. «Оқу құралында» автор әліппелі тілмаш және мақалалық тілмаш түрлерін көрсетеді. Әліппелі тілмашта Қ.Кемеңгерұлы сөздерді алфавит тәртібімен орналастырса, мақалалық тілмашта белгілі бір мақалаға байланысты сөздер мен сөз тіркестерін қамтыған. «Оқу құралының» I бөлімінің соңынан әліппелі тілмашты берсе, II бөлімінен кейін мақалалық тілмашты ұсынған. II бөлім оқушыларды кітап, газет-журнал оқуға жаттықтыру, сөздік қорын молайту, дағдыландыруға арналғандықтан, мұнда реестрге жеке сөзбен қатар тұтас тіркес, сөйлесімдер (выражение) де алынған. Мақалалық тілмашта кейбір тіркестердің аударылу (тәржімалану) жолдары да түсіндіріліп отырған.

«Еленбей келген оқулық» деген мақаласында Қ.Есенов «Оқу құралындағы» сөздіктерге тоқтала келіп, оларды өте жоғары бағалайды.

Сонымен, «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылардың қызметінен мынадай ерекшеліктер байқалады:

а) сөздік түзушілер өздеріне дейін жарық көрген түрлі сөздіктермен таныс болған. Ондағы сөздердің берілуін бірде қуаттап, оның тұрақтана түсуін көздесе, енді бірде сөзге жаңа мән үстеу арқылы жаңа атау да ұсынып отырған;

ә) «Тілмашта» қазақ тілінде бұрыннан қолданыста бар сөздер ғана қамтылмай, орыс тіліндегі ұғымдар мен атауларға балама ретінде жаңа сөз ұсынып отырған. Осы жағынан алғанда, «Қазақша-орысша тілмаш» орысша-қазақша сөздіктің қызметін де атқарған;

б) сөздікке өте жиі қолданылатын түсінікті сөздерден гөрі сирек кездесетін сөздерді көбірек беруге тырысқан;

в) сөздің халық арасында, ақын-жазушылар тілінде, бұрынғы сөздік-кітаптарда кездесуін ескерген;

г) «Тілмашта» синоним, омоним, көп мағыналы сөздермен қатар жергілікті тіл ерекшеліктері, сөздің ауыспалы мәнде қолданылуы т.с.с. да көрсетіліп отырған;

ғ) сөздікте бір түбірден (өлі түбірден) тараған сөздер жүйелілікпен орын алған, фразеологизм құрамында кездесетін, бүгінде мәні түсініксіздеу сөздерге сипаттама берілген;

д) «Қазақша-орысша тілмаш» қазақ тілін үйренушілерге, оқушыларға арналғандықтан, мұнда сөз басына балама беруге тырысқан.

Мұның бәрі құрастырушылардың сөздік түзу жұмысына үлкен дайындықпен келіп, жауапкершілікпен қарағанын танытса керек.

**Әдебиет:**


1. Атаулар сөздігі. –Алматы: Қазақстан, 1931. -116 б.
2. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1055-іс. –58 б.
3. Қошке (Қошмұхаммед) Кемеңгерұлы. Шығармалар. – Алматы, 1995. -184 б.
4. Жұртбаев Т. Талқы. –Алматы: Қазақстан, 1997. –364 б.
5. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 285-іс, 18-байлам. -11-12 б.
6. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1028-іс, -20 б.
7. Құлақ шаруашылығындағы батырақ пен батырақ әйелдерді заң қалай қорғайды? Аударған Кемеңгеров. -Ташкент, 1930. -52 б.
8. Ақы, кәсіп, дау айыратын комиссия. Аударған Кемеңгеров. -Ташкент, 1930. -26 б.
9. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 285-іс, 18-байлам. -73б.
10. Кітап сыны. Қыр баласы // Еңбекші қазақ. N320. 22.04.1925.; N325. 7.05.1925.
11. Мәжітаева Ш. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдеби тілі мәселелері. -Қарағанды, 1997. -130 б.
12. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1993. -320 б.


# XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДІҢ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ


***Жұбаева О.***

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымының докторы*

***Ахмет Ә.***

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері*

***Әлімақын Д.***

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері*


XX ғасыр басында қоғамдағы ірі өзгерістер, ғылым мен техниканың, мәдениеттің дамуы көптеген жаңа ұғымдар мен түсініктерді қалыптастырды. Ғылым, өнер-білім, экономика саласында қазақ ұғымына жат жаңа сөздер, атаулар пайда болды. Жаңа ұғымдардың мәнін ашып түсіндіруде, қазақ тілінен соған сәйкес балама табуда «Қазақша-орысша тілмаштың» маңызы өте зор болды.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын комиссия құрылады да, оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;

ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;

б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу [1].

«Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылар да осы принциптерді ұстанғаны байқалады. Сөздік тізушілер термин жасауда сөздің түсінікті болуына ерекше мән берген.

«Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі» деген мақаласында Р.Сыздық А.Байтұрсынұлының термин жасауда қазақ тілінің сөздік қорына иек артқанын айта келіп, оның бірнеше объективті себептерін көрсетеді. Атап айтқанда:

а) А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер – техника саласының терминдері емес, білімғылым саласына қатысты атаулар болғандықтан, ұғымға ерекше мән берілгендігін, ал ұғым атаулары әр тілдің өз сөздерінен жасалатындығын немесе калька жолымен басқа тілдерден аударылатынын;

ә) термин үшін қазақ тілінің өз сөздік қорын пайдалану қазаққа әлдеқайда түсініктірек болатынын ескергенін;

б) еңбектер ғылым салалары дүниеге келмеген, олардан бейхабар қазақ жұртшылығына, оның ішінде шәкірт балаларға арналғандықтан, оларға жеңіл де түсінікті болу жағын көздегенін нақты мысалдармен дәлелдейді [2, 250-262].

Ғалым ойларын «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушыларға қатысты да қолдануға болады. Өйткені, бір жағы, А.Байтұрсынұлы мен «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылар бір кезеңде өмір сүрсе, екінші жағынан, сөздік түзушілер А.Байтұрсынұлының термин жасаудағы принциптерін толық қуаттап, рухани ұстазының жолымен жүрген. Оны Қ.Кемеңгерұлының мына сөздерінен де байқауға болады: «… Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз жетсе, шамамыз жетсе, қазақшаландырып алуымыз керек. Мәселен, *геометрияны* қазаққа *геуметрие* десең, көзіне түк елестемейді. Ал *пішіндеме* десең, қазаққа таныс, көзіне елестейді. Сондықтан терминдерді қазақша алуға дауласуға мән жоқ» [3].

«Тілмаш» түзу барысында да құрастырушылар осы тұжырымды басшылыққа алған. Оған сөздіктегі терминдердің берілуі дәлел бола алады. Мысалы: *әдіс ғылымы – технология; ақының сапасы – реальная плата; әлем ғылымы – космография; әлеумет ғылымы – социология; айқасым – реакция (психологическая); білдіргіш – справочник; бекет – почтовая станция; тәжірибеқана –лаборатория; тән тіршілігі – физиология; тасу құралы (көлік) – транспорт; тетік ілімі – механика; тетік күш – механическая сила* т.б.

«Қазақша-орысша тілмашта» сол кездегі қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтарға сәйкес жаңа ұғымдар мен атаулар да көптеп кездеседі. Осы тұрғыдан алғанда, сөздік түзушілер шығармашылық та қызмет атқарған сияқты. Ондағы терминдердің қазақ тіліндегі баламасы бүгінгі таңдағы қолданысымен салыстырғанда, мағынасы әлдеқайда дәл де түсінікті болып келеді:

| Орыс тілінде | «Қазақша-орысша тілмашта» | Қазіргі кездегі қолданылуы |
|---|---|---|
| оптом (продавать или покупать) | топтау (топтап сату...) | көтерме сауда |
| акционерное общество | жарналы серіктік | акционерлік қоғам |
| демонстрация | айбар | демонстрация |
| бассейн | алап | бассейн |
| стилистика | тіл қисыны | стилистика |
| психология | жан жүйесі | психология |
| математика | шама тілі | математика |
| позитивная философия | деректі даналық | позитивті философия |
| мемуар | заманқат | мемуар |
| экономист | үнемші | экономист |
| сахарный диабет | сусамыр | қант диабеті |
| регресс | кер кету | регресс |

Сөздік түзушілер аударуға көнбеген сөздерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп алып отырған. Мысалы: *зауыт - завод, капыйтал - капитал, кіімійе - химия, кассы - касса, діидәктіике - дидактика, натарыс - нотариус* т.б. Бұл орайда тілмашты құрастырушылар Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы еңбектерін басшылыққа алғаны байқалады.

Жат сөздерді «өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» [4, 168] – деушілерге Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады… Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», -деп [5] жауап берсе, А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – деген еді [6] Бұдан сөздік түзушілер мен А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы сияқты тіл білімпаздарының ойлары, тұжырымдары үндес, сабақтас болғанын көреміз.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жазу, әліппе мәселелері, оқу, ғылым кітаптарын көбейту, бастауыш мектеп бағдарламаларын дайындау шараларымен қатар термин (пән сөзі) мәселесі де арнайы сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Тұрғанбайұлы т.б. қоштап сөз сөйлейді. Съезде, негізінен, терминдерді қазақтың өз тілінен алу, одан табылмаса, басқа түркі халықтарының тілінен іздеу, одан да табылмаса, еуропа халықтарының ортақ терминдерін қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына келтіріп алу керектігі айтылады. Съезде сөйлеген сөзінде де, «Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төреқұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура аурыпадан алуды» ұсынады да, *бибауырмал* дегеннің орнына *интернационал*, *тарих* сөзінің орнына *история*, *тарихшы* сөзінің орнына *историк* деп қолдану керектігін айтады.

«Қазақша-орысша тілмаштағы» терминдерді шартты түрде төмендегідей етіп топтастыруға болады:

а) тіл ғылымына қатысты терминдер: *одағай – междометие*; *мұқам - жаргон; лұғат қисыны - теория словесности; тіл қисыны - стилистика* т.б.

ә) әдебиет ғылымына байланысты терминдер: *шендестіру - антитеза; мысқыл - сарказм; нақыл - 1*) *афоризм,* 2) *предание; оқшау сөз - фельетон; меңзеу - олицетворение* т.б.

б) заң ғылымына қатысты терминдер: *мәміле - соглашение; мизам - закон; қосалқы би - запасной судья; мүпті - обер-прокурор* т.б.

в) экономика, қаржы, есепке байланысты терминдер: *нарық - рыночная цена; несие - долг, кредит; кіріс - 1) доход, 2) вход; кері салық - регрессивный налог; кесіп капиталы - промышленный капитал* т.б.

г) математика ғылымына қытысты терминдер: *қос белгінің өрнегі - формула двойных знаков; қос шаршы теңдеулер - биквадратные уравнения; қосынды - сумма* т.б.

ғ) физика ғылымына қатысты терминдер; *қуат - сила, энергия; магнет - магнит* т.б.

д) химия ғылымына қатысты терминдер: *күкірт - фосфор; көмірлі зат - органическое вещество; көкжар - медный купорос* т.б.

е) геология ғылымына қатысты терминдер: *мұнай - нефть; саржан - коралл, кен жұмысы - горное дело, менерал - минерал* т.б.

ж) география ғылымына қатысты терминдер: *көрікті жер - ландшафт; құм төбе - дюна;*

и) ботаника ғылымына қатысты терминдер: *нарын-гранатовое дерево; қонақ - 1)гость; 2)род кормового растения; қоға-корень камыша; куча; қоғажай - водяной камыш* т.б.

к) ауыл шаруашылығына байланысты терминдер: *марқа - ягненок несколько подросший и жирный; күзем - осенняя стрижка овец; көген - веревка, которой привязывают овец;*

қ) биология ғылымына қатысты атаулар: *оқбақ - род птицы; құрқылтай - ремез (птица); қорқау - гиена; күшеген - маленький орел* т.б.

л) медицина саласына байланысты терминдер: *өт - желчь; күс - мозоль, мерез - сифилис; май* – 1) *масло, жир, сало,* 2) *мазь; бөген –*

1) *трахома,* 2) *выпадение волос хвоста лошади (болезнь)* т.б.

м) дінге қатысты атаулар: *мақам - голос* (при чтении Корана); *мақбоз - предопределение бога*; *Мәуліт - день рождения Магомета*; *мәкіру - неодобренный шариатом* т.б.

Байқап отырғанымыздай, сөздік түзушілер ғылымның қай саласындағы термин болсын, мағынасы түсінікті де дәл болу жағына ерекше көңіл бөлген.

Әрине, мұндағы терминдердің бәрін де құрастырушылар ойлап шығарған деген ойдан аулақпыз. Сөздік түзушілер 1923-1924 жылдары «Қызыл Қазақстан» журналында «Білім ордасының қазақша ғылыми- әдебиет кеңесінде қабылдап алынған пән сөздері» деген айдармен жарық көрген терминдерді, жекелеген оқулықтар («Оқу құралы», «Тіл-құрал» т.с.с. А.Байтұрсынұлы еңбектері т.б.) арқылы әбден тұрақталған атауларды, мерзімді баспасөз бетінде жүйелі қолданылу нәтижесінде қалыптаса бастаған терминдерді де негізге алған. Бұдан, бір жағы, сөздік құрастырушылардың өзіне дейінгі жарық көрген еңбектермен жанжақты таныс болғанын, сөздік түзу жұмысына үлкен дайындықпен келіп, жауапкершілікпен қарағанын аңғарсақ, екінші жағынан, «жаңа тіл» ойлап таппай, бір заттың бірнеше атауын беруден гөрі осы уақытқа дейін қолданылып келген сөздерді тұрақтандыру мақсатын көздегенін байқаймыз.

Мәселен, бірқатар терминдердің «Қызыл Қазақстан» журналынан алынғаны байқалады:

| Орысшасы | «Қызыл Қазақстанда» 1923-1925 ж | «Қазақша-орысша тілмаш» 1925 |
|---|---|---|
| авторитет | бедел | бедел |
| анализ | талдау | талдау |
| атмосфера | ауа | ауа |
| демократия | бұқара | бұқара |
| Завод | зауыт | зауыт |
| Заем | қарыз | қарыз |
| инструкция | нұсқау | нұсқау |
| инструктор | нұсқаушы | нұсқаушы |
| история | тарих | тариқ |
| капиталист | капиталшы | капиталшы |
| коммунизм | ортақшылдық | ортақшылдық |
| Лава | жалқын | жалқын |
| материализм | затшылдық | затшылдық |
| математика | шама тілі | шама тілі |
| методика | әдістеме | әдістеме |
| Механическая сила | тетікті күш | тетікті күш |
| механика | тетік ілімі | тетік ілімі |
| позитивная философия | деректі даналық | деректі даналық |
| полярный круг | төбелік шеңбер | төбелік шеңбер |
| феодализм | бек дәуірі | бек дәуірі |
| формула двойных знаков | қос белгінің өрнегі | қос белгінің өрнегі |

Алайда «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылар басылым бетіндегі терминдердің бәрін сол күйінде беруді мақсат етпей, бірқатар тұстарында өз тарапынан өзгерістер мен толықтырулар енгізіп отырған. Бұл ерекшелік «Қазақстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері» атты Н.Қаратышқанұлының құрастыруымен жарық көрген кітапшамен [7] салыстырғанда айрықша көрінеді. Еңбектің атына сәйкес Н.Қаратышқанұлы, негізінен, «Қызыл Қазақстанда» жарияланған пән сөздерін еш өзгеріссіз жариялауды мақсат етсе, «Қазақша-орысша тілмашта» бірқатар терминдердің мәні толықтырылып, жаңартылып отырған:

| «Қазақша-орысша тілмаш», 1925 | Н.Қаратышқанұлы «...Пән сөздері», 1927 |
|---|---|
| айтыс – 1) диспут; 2) дискуссия; 3) состязание в песнях 4) прение | дискуссия-айтыс |
| азу – 1) клык; 2) деградация, вырождения жарна – акция | дегенерация-азу |
| жарналы серіктік-акционерное общество | акционерное общество-әксиелі серіктік |
| жорнал – журнал | журнал-кенеге |
| кітап – книга | книга-кенеге |
| баспахана-типография | типография-типограпие |
| Айбар – 1) демонстрация; 2) угроза | демонстрация-қыр көрсету |
| алап – 1) бассейін; 2) район | бассейн-алап |
| аластамақ – 1) делать дезинфекцию, вертеть подарок над головой, чтобы сделать счастливым | дезинфекция-аластау |
| ермек – 1) забава, 2) удовольствие, 3) развлечение, 4) спорт | спорт-ермек |
| жалақы – заработная плата | заработная плата-еңбек ақы |
| жарна - акция | акция-әксие |

Екі сөздікті салыстыра келе,

а) «Қазақша-орысша тілмашта» көбінесе сөзді аударуға, қазақ тілінен балама табуға тырысушылық байқалса, «Пән сөздерінде» шет тілдік нұсқасы берілген жерлері (*ыспырабкы, рамашкы, паралыш* т.б.) көбірек кездесетінін;

ә) «Тілмашта» сөздің омонимдік, көп мағыналы т.б. мәндері де қосымша көрсетіліп отырса, «Пән сөздерінде» олардың бір ғана мағынасы берілгенін аңғарамыз;

б) «Пән сөздерінде» сөздердің баламасы қате берілген тұстар да ұшырасады. Ал «Қазақша-орысша тілмашты» құрастырушылардың әр сөздің баламасын беруде өте көп ізденгені байқалады. Бұлар «Қазақша-орысша тілмаштың» ерекшелігін көрсетуімен қатар артықшылықтарын да танытса керек.

Халық ағарту Комиссариаты Білім кеңесінің термин комиссиясының құрастыруымен 1931 жылы «Атаулар сөздігі [8] жарық көргені белгілі. Сөздікте түрлі ғылым салаларына қатысты 8000 термин берілген. Мұнда Қазақстан оқу комиссариатының Білім ордасы қабылдаған пән сөздерін беру мақсат етілмеген, бірқатар сөздердің баламасын ұсынуда «Қазақша-орысша тілмашқа» иек артқаны да байқалады:

| «Қазақша-орысша тілмаш», 1925 | «Атаулар сөздігі», 1931 |
|---|---|
| бұқара-демократия | демократия-бұқара |
| Жарна қағаз-акция | акция-әксие (жарна қағаз) |
| жарналы серіктік-акционерное общество | акционерное общество-жарналы серіктік |
| айналмалы капитал-оборотный капитал | оборотный капитал-айналмалы капитал |
| Бедел-авторитет | авторитет-бедел |
| баспақана-типография | типогрфия-баспақана |
| ескішілік-консерватизм | консерватизм-ескішілік |
| жанталас-предсмертная агония | агония-жан таласу (өлім азабы) |
| жалақы-заработная плата | заработная плата-жалақы |

*Акция, акционерное общество, типография, заработная плата* т.с.с. сөздердің баламасы «Қызыл Қазақстан» журналы мен Н.Қаратышқанұлының «Пән сөздерінде» *әксие, әксиелі серіктік, типограпие, еңбек ақы* түрінде берілгенмен, «Атаулар сөздігінде» «Қазақша-орысша тілмаштағы» нұсқасын алған. Бұдан шығатын қорытынды:

а) «Атаулар сөздігін» құрастырушылар «Тілмашпен» таныс болған;

ә) «Қазақша-орысша тілмаштағы» атау сөздердің, терминдердің берілуін дұрыс тауып, жоғары бағалаған;

б) «Тілмаштағы» терминдерді тұрақтандыруға тырысқан.

Бұдан «Қазақша-орысша тілмаштың» әдеби тілдің дамуына қаншалықты үлес қосқанын да аңғаруға болады.

Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Ш.Біләлов, Ш.Құрманбайұлы, Г.Жұмашева т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде жаңа сөз жасаудағы жұрнақтардың қызметі жан-жақты сөз болады. Бұған ғасыр басында термин мәселесімен айналысқан ғалымдар да ерекше мән берген.

1924 жылғы білімпаздар съезінде Е.Омаров қазақша пән сөздер тақырыпты баяндамасында жұрнақтарды мағынасына қарай тұрлаулы **(-лық, -шы, -шыл, -лы, -сыз, -уыш)** және тұрлаусыз **(-ық/-ік, -ын/-ін, -ақ)** деп жіктейді де, жаңа сөз жасауда, негізінен, тұрлаулы жұрнақтарды пайдалану керектігін айтады. Қ.Кемеңгерұлы да бұған айрықша назар аударған. Ғалым А.Байтұрсынұлы топтастыруын басшылыққа ала отырып,жұрнақтарды мән-мағынасына қарай (қимылдың амалын, құралын, нәтижесін білдіру, адамның бір іске бейімділігін көрсету т.б.) жіктейді. Қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, бүгінгі сөздік түзушілер мен орыс топтарына қазақ тілі оқулықтарын құрастырушылар осы ерекшелікке баса назар аударғаны жөн сияқты.

Қазақ тілінің сырын, мәнін терең түсінген қазақ зиялыларының қажырлы еңбегінің нәтижесінде ана тіліміздің мүмкіндіктері ашылып, терминдерді ұлт тілінде жасауға болатыны белгілі болды.

Алайда бұл үрдіс ұзаққа созыла алмады. 1930 жылы Мәскеуде Бүкілодақтық партия мәжілісінде терминологияны ұлт тілдерінде дамыту мәселесі сөз болып, оның негізгі принциптері белгіленді [9].

Осы кезден бастап А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған принциптері теріске шығарылып «қазақ тілін өзге тілдердің бәрінен де оқшау ұстады, бөліп-жырып қарады», «пуристік бағыт ұстады» деп сынға алына бастады.

1933 жылы 22-маусымда Қазақстан Халық Комиссарлар Советінің Мемлекеттік терминология комиссиясын ұйымдастыру туралы қаулысы шықты. Осы кезден бастап қазақ тілінде баламасы болса да, басқа тілден енген халқаралық терминдер мен советизмдер аударылмай қабылдана бастады. Терминдерді ұлт тілі негізінде жасауға тырысқан қазақ зиялылары қуғындалды, репрессияға ұшырады. Соның нәтижесінде қазақ тілінің термин жасау мүмкіндігі шектеліп, қазақ тілі термин қабылдағыш тілге айналды. Мұндай үрдістің тілдің табиғи түрде дамуына кері әсер ететіні белгілі.

Осы мәселе төңірегінде Ә.Қайдаров былай дейді: «Бұл тығырықтан шығудың екі-ақ жолы бар. Оның біреуі жаңа терминдерді жасауда сонау 30 жылдары қабылданған принциптің алғышартын, яғни қазақ тілінің өз мүмкіншілігін сарқа пайдалану деген дұрыс талабын бірізділікпен, ерекше білгірлікпен іске асыру болса, екіншісі қабылданған совет-интернационалдық терминдерді (мұнда да мүмкін болғанынша) өз тіліміздің ішкі заңына бойсындыра алу». Ал мұндай маңызды да күрделі міндетті орындауда «Қазақша-орысша тілмаш» бірден-бір негізгі көздердің бірі болары сөзсіз.

Соңғы жылдары Мемлекеттік терминологиялық комиссия ресми түрде бекіткен терминдер мен атаулардың қатарында «Қазақша-орысша тілмашта» кездесетін бірқатар сөздер де бар:

| Қазақша-орысша тілмаш | Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдер мен атаулар |
|---|---|
| әкім-администратор, правитель | администратор-әкім |
| әдіс – 1) тактика, 2) метод, 3) техника | метод-әдіс |
| әдістеме-методика | методика-әдістеме |
| жанталас-предсмертная агония | агония-жанталас |
| Қолқа – 1) просьба; 2) аорта | аорта-қолқа |
| без-железа | железа-без |
| өт-желчь | желчь-өт |
| талмақ-падать в обморок | обморок-талу |
| алапес-проказа (болезнь) | проказа-алапес |
| тірек – 1) догмат, 2) опора | опора-тірек |
| нұсқау-инструкция | инструкция-нұсқау |
| көшірме-выписка, копия | выписка-көшірме |
| Несие-долг, кредит | кредит-несие |
| жерсінбек-акклиматизироваться | акклиматизация-жерсіндіру |

Қазіргі кезде *акционерное общество* тіркесіне балама ретінде *акционерлік қоғам* түрінде қолданылып жүрген атауды *жарналы серіктік* деп қолдануға әбден болатын сияқты. Сонымен қатар «оптом (продавать, покупать)» мәнінде қолданылып жүрген *көтерме сауда* тіркесінің орнына *топтау, топтап сату* немесе *топтау алу* түрінде қолдансақ, мағына әлдеқайда дәл берілер еді. *Көтерме* сөзін Н.Ильминский мен «Қазақша-орысша тілмашта» *комиссионерство* деп берсе, И.Букин сөздігінде *көтерме сауда – аукцион* деп түсіндіріледі. Бұл *көтерме сауда* сөзінің қазақ арасында бұрыннан қолданылғанымен, ол *оптом* сөзінің баламасы болмағанын көрсетеді.

«Қазақша-орысша тілмаштағы» бірқатар атауларды сол күйінде қолдануға әбден болады. Қалыптасқан терминдердің мәнін ашып, сырын түсінуде сөздік – түрлі мамандық иелері үшін таптырмас құрал.

**Әдебиет***:*


1. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.
2. Сыздық Р. Термин жасау – А.Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. –Алматы: Ғылым, 1999. -250-262-б.
3. Әріп мәселесі туралы айтыстағы Кемеңгерұлы Қошкенің сөзі // Еңбекші қазақ. 17,19.06.27.
4. Қайыпназарұлы М. Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін // 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1994. –166-172 б.
5. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. –Алматы: Ана тілі, 1998. -148б.
6. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 26.01.28.
7. Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері. Тізген Н.Қаратышқанұлы. -Қызылорда, 1927. -128 б.
8. Атаулар сөздігі. –Алматы: Қазақстан, 1931. -116 б.
9. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. –Алматы: Ғылым, 1998. -208 б.

# НЕЙРОЛИНГВИСТИКА: ТІЛДІК СИПАТ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ

***Жұбантаева Ж.Қ.***
*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің*
*аға оқытушысы,*
***Әбдіразақ А.А.***
*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті*
*ҚТОӘ-41 тобының студенті,*

*Annotation: In the article one of the new directions of linguistics, developed at the end of the XX century - scientific research on the direction of neurolinguistics. The views of scientists in the process of neurolinguistics formation are discussed chronologically and the importance of science in other related fields of science.*

Нейролингвистика неврология және лингвистика ғылымдарының тоғысында пайда болған. Оның негізгі қарастыратын мәселесі сөйлеу әрекетінің ми механизмдерімен қарым-қатынасындағы тіл жүйесі. Адам миының құрылысы мен қызметін зерттеу барысында бас миының қабығы бөлігінің адамның сөйлеу әрекетімен байланысты мәліметі алынған. Сөйлеу әрекетінің негізінен үлкен ми сыңарының сол жақ жартысында оқшауланғаны айқындалған. Адамның ауызша сөйлеу әрекетін басқаратын Брок аймағы бас миының сол жақ жартылай қабығының төменгі маңдай қатпарындағы артқы бөлігінде орналасқан. Ауызекі тілді түсінумен байланысты Вернике аймағы мидың сол жақ жартышарының бірінші (жоғары) самай қатпарларында орналасқан. Тілдің логика-грамматикалық байланыстарына сол жақ жартышардың төбе-шүйде бөлігі жауапты. Маңдай бөлімдері бас миының осы және басқа да аймақтарын басқарады. Бас миы сырттай қарағанда саңырауқұлаққа ұқсас болып келеді. Ең көне бөлігі «саңырауқұлақтың» аяғы болып табылады, ол ғалымдар «рептилия миы» деп атап кеткен ми бағанасы. Мидың бұл бөлімі адамның байырғы түйсіктеріне жауап береді. Ми бағанасы жұту, түшкіру, жөтелу және т.б. сияқты рефлекстерді басқарады. Мидың екінші бөлігі – жартышар қатпарына дейінгі жері – «ескі ми» деп аталып, жүйке жүйесінің эволюциясымен байланысты болып табылады. Мұнда иіскеу, дәм, эмоция және т.б. орталықтар орналасқан. Және жартышардың үшінші қатпарында сөйлеу әрекеті мен ауызша ойлау қабілетін қамтамасыз ететін сөйлеу орталықтары орналасқан. Нейролингвистика миды адамның сөйлеу әрекеті мен жады, зейін, эмоция және т.б. психикалық үрдістермен байланысты адамның ауызша ойлау әрекетін де қарастырады [1, 4].

Нейролингвистиканың мұндай кең ауқымды нысаны бір жағынан, оның пәнаралық қажеттілігімен, екінші жағынан, оның көптеген мәселелерімен байланыстылығында. Алғашқы және бастысы нейролингвистика қатаң парадигма емес, яғни оның ережелері айтарлықтай айқындалмаған. Аталған пән арқылы қарастырылатын мәселелер шеңбері жеткілікті түрде кең және өз ішіне әртекті теориялық пен эксперименталдық материалдарды қамтиды. Әдеттегідей, кез келген нейролингвистикалық зерттеулер үш бөлімді өз ішіне қамтиды. Олар: лингвистикалық, нейрофизиологиялық және психологиялық. Соңғы уақыттары бұл аспектілер биологиялық бөліммен де толықтырылып жүр. Нақты ғылыми-зерттеу жұмыстары көрсеткендей, әрбір бөлімнің «үлес салмағы» бәрінде бірдей емес. Алдыңғы қатарда шын мәнінде мәселен Р.О.Якобсонның [2] лингвистикалық бөлімі айтылады, екіншісінде – А.Р.Лурияның [3] нейрофизиологиялық бөлімі, ал үшіншісінде, Л.С.Выготскийдің [4] психологиялық бөлімі қарастырылады. Сонымен бірге нейролингвистикалық парадигмада оны жеке пән ретінде бөліп көрсететін өзіндік зерттеу нысаны мен оның құрастырылуының тәсілдері, жеке кілтті ұғымдары, зерттеудің әдістері мен әдістемесі бар.

Лингвистикалық энциклопедиялық еңбекте нейролингвистикаға ғылым ретінде мынадай анықтама берілген: «Нейролингвистика – неврология және лингвистика жігінде пайда

болып, тіл жүйесін тілдік мінез-құлықтың милық субстраты арақатынысымен қарастыратын ғылыми пән» [1, 5].

Қазіргі нейролингвистика үшін тіл ерекшелігін материалдық және идеалдық, биологиялық және психикалық, әлеуметтік және индивидуальдық күрделі үйлесім ретінде түсіну тән, бұл өз кезегінде нейролингвистиканың тек неврологиямен ғана емес, басқа да ғылым түрлерімен кеңінен байланысатынын айқындайды.

Нейролингвистиканың ең жақын және «табиғи одағы» ретінде **лингвистика** және **психолингвистика** ғылымдары алғашқы ғылымдар ретінде аталып, нейролингвистикалық зерттеулердің дерлік ешқайсысы бұл ғылымдарсыз жасалмайды. Әрине, сөйлеу әрекетінің механизмдері мен олардың бұзылушылықтарын тілдік материалдың өзіне, бірліктерге, тілдік модельдер мен конструкцияларға және олардың психологиялық корреляттарына сүйенбей жасауға болмайды.

**Неврологияның** өзі ғылым ретінде қалыпты және ауытқушылық жағдайларындағы жүйке жүйесінің қызметтері мен құрылымын қарастыратын медико-биологиялық пәндер тобын қамтиды. Мидың ошақтық зақымдалуындағы сөйлеу бұзылушылықтарын қарастыру мен емдеуде, сонымен қатар адамның сөйлеу әрекетінде неврологияның әртүрлі бөлімдерінің – невропатология, нерохирургия және нейропсихологияның бірлесе қарастырылуын талап етеді.

**Нейрофизиология** адамның сөйлеу әрекетіне жауапты ми және жүйке жүйесінің құрылымдары мен микроқұрылымдарын, тілдік жүйе қызметіндегі олардың ролін, бас ми қатпарындағы сөйлеу қызметінің оқшаулығын және жүйке жүйесін анықтауға мүмкіндік береді.

**Нейропсихология** психикалық үрдістердің заңдылықтарын, мидың тұтас, адамның жоғары психикалық қызметінің оқшаулығы ретіндегі қызмет етуіндегі жалпы принциптерін қарастырады. Невропотологиямен бірге нейропсихология сөйлеу айтылыстарының бұзылушылықтарының даму себептері мен механизмдерін (афазия, сөйлеудің қалыптасуының психикалық үдерістеріндегі өзгерістерді, диагностика әдістерін, сөйлеу әрекеті бұзылушылықтарын алдын-алуды және т.б.) қарастырады. Нейропсихология адамның қалыпты тілдік мінез-құлқын: ойды вербальды тұжырымдаудағы айтылыстың қалыптасуын, баланың сөйлеу әрекетінің үдерісін және т.б. зерттейді.

Нейролингвистика үшін ең маңыздысы оның **нейрохирургиямен** байланыстылығында. А.Р.Лурия нейрохирургиялық тәжірибенің нейролингвистикаға нейролингвистикалық болжамдарды тексерудің бірегей мүмкіндігін беретінін болжамдады. Қояншық ауруындағы ми кесіндісі бойынша тәжірибелердің мидың сол жақ жартышары мен сөйлеу әреектінің өзара тығыз байланыстылығын дәлелдеді [3, 10].

Нейролингвистика педагогикалық ғылымның тармағы болып табылатын, тілдік жүйе бұзылушылықтарының механизмдері мен табиғатын, олардың пайда болуын зерттейтін, олардан арылу мен ескерту құралдарының ғылыми негіздерін арнайы оқыту мен тәрбиенің ғылыми негіздері арқылы үйрететін **логопедиямен** де тығыз байланысты. Сөйлеу бұзылушылықтары науқасты әлеуметтік мүгедектіктің ауыр түріне апарады. Логопед сөйлеу бұзылушылықтарының семиотикасын біліп, оларды саралап, қалыптастыру сабақтарын жүргізуі тиіс.

Нейролингвистика адам ағзасында сөйлеу сигналдарының өту ерекшеліктерін, сөйлеу әрекетіне жауапты бөлімдердің, орталық және перифериялық жүйке жүйелерінің әртүрлі құрылымдарының биофизикалық және биохимиялық сараланuын қарастыратын **биофизика және биохимия** ғылымдарымен де байланысты.

Адамның таңбалық мінез-құлқын кешенді зерттеуде нейролингвистиканың **кибернетика және ақпараттық жүйе теориясымен** тығыз байланыстылығы маңызды роль ойнайды. Ол адамның миына тілдік рефлекторлық үдерістерді математикалық интегралдау негізінде кибернетикалық схема түрінде көрсетуге мүмкіндік береді, бұл адам табиғатын тануда, супер компьютерлерді жасау үшін үлкен мәнге ие.

Шамамен, XX ғасырдың 60 жылдарынан бастап **нейролингвистика мен молекулярлық биология** арасында байланыс қалыптастырылды. Оларды адамның генетикалық коды мен табиғи тілдің арасындағы құрылымдық изоморфизм байланыстырады. Тілге тірі ағза ретінде қарау көзқарасы сонау XIX ғасырда натуралистік тұжырымдама иесі болып табылған неміс ғалымы А.Шлейхерден [5, 77] бастау алады. Қазіргі биологтар мен лингвистер генитикалық және табиғи тілдің құрылымдық ұқсастық себептерін түсіндіруге талпынуда.

Нейролингвистикалық ілімдердің бастапқы алғышартты нысаны ретінде сөйлеу ауытқушылықтарының әртүрлі түрлері болып табылатын **афазия** алға тартылады. Афазия орта ғасырлардан бері байқалып қарастырылса да, бірақ жүйелі түрде XIX ғасырдың II жартысынан бері қарастырылған. Афазияның зерттелуінің классикалық кезеңі ауызекі сөйлеу тілі қабілетін жоғалтқан моторлық афазияға арналған Париж хирургі және анатомы П.Броктың 1861 жылы жариялаған еңбектерінен бастау алады. Ауызекі сөйлеу тілінің бұзылуында кінараты болған екі науқастың қайтыс болғаннан кейінгі денесін ашып қарағанда, олардың сөйлеуінің бұзылуы сол жақ құлақтан сәл жоғарыда орналасқан мидың алдыңғы бөлігінің зақымдалуымен байланыстырылған. Сөйтіп сөйлеу орталығы ашылып, оны **Брок алаңы** деп атаған [1, 5].

1874 жылы неміс ғалымы **К.Вернике** бірінші самай иірімдері аймағының зақымдалуы ауызекі сөйлеу тілін түсінуге қиындық тудыратынын, яғни науқас ауызекі сөйлеу тілі қабілетін жоғалтпаса да, өзіне қаратып айтылған сөйлеуді түсінбеуі мүмкін еместігін ашты. Сөйтіп Верниек алаңы деп аталатын сөйлеуді түсінуге жауапты орталық ашылды.

Ми және сөйлеу әрекетіне қатысты одан кейінгі зерттеулер 90% қалыпты адамдардың сөйлеуі мидың сол жақ жартышарында орналасқанын, тек 10% адамдардың сөйлеу орталықтарының адам миының екі жартысында орналасқанын дәлелдеп шықты [1, 5].

Шамамен осы уақыт аралығында сөйлеу патологиясы фактілеріне лингвистер де қызығушылық тудыра бастады. Славяндық тіл білімінде алғашқы қызығушылық тудырған белгілі тілші ғалым И.А.Бодуэн де Куртэне. Ол өзінің шағын көлемді «Из патологии и эмбриологии языка (1885)» еңбегінде нақтылы науқастарды байқай отырып, тілдің екі жағын – психикалық және физиологиялық жағын ажыратып, моторлық афазияны ішінара афатиканың сөйлеудегі физиологиялық үдерісінің бұзылуы ретінде қарастырды [5, 117].

Тұлғаның тілдік өмірін ғалым үш жақты құрылыммен: фонация (айтылыс), аудиция (қабылдау) және церебрация (жеке ми орталығында болып жатқан үдерістер) түсіндіреді. «Тілдік өзгерістердің жалпы себептері туралы» еңбегінде сөйлеу әрекетінің үш бағытын былайша сипаттайды:

1) Орталықтан сыртқарыға қарай бағыт – бұл қозғаушы моторлық жүйкелердің, сондай-ақ қозғалысты, сөйлеуді, фонацияны орындайтын бұлшықет жұмысы;

2) Сырттан орталыққа дейінгі бағыт – сезімтал жүйкелердің жұмысы: сезімтал әсерленгіштіктің кернеуі, естудің әсерлілігі, орталыққа өту барысында естілуге бағытталған зейіннің бағытиы мен кернеуі;

3) Тілдік жұмыстың орталығында зейін, жады, әртүрлі көріністердің сақталуы, қажет болған жағдайда олардың қорынан құрастырылуы. Бұл сонымен қатар ми субстанциясының орталық жүйкелерінің жұмысы да болып табылады.

Ғалым Бодуэн де Куртэне өз еңбектерінде тілдің табиғи, физиологиялық, психикалық, қоғамдық, жеке тұлғалық бірліктерден тұратын күрделі бірлік екеніне назар аудара отырып, тілдің ерекшелігіне заманауи көзқарас негізін салып береді [1, 8] .

Бодуэннің шәкірті, Қазан лингвистикалық мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі В.А.Богородицкий ұстазының ойын жалғастырып, «Орыс грамматикасының жалпы курсы» еңбегінде орыс тілі дыбыстарының физиологиясын терең жетілдіреді [1, 8].

Бодуэннің тағы бір шәкірті Л.В.Щерба «О трояком аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознании» мақаласында жеке тұлғаның психофизиологиялық сөйлеуінің ұй-

ымдастырылуын оның сөйлеу әрекетінің әлеуметтік өнім тұрғысымен шарттастырып қарастырады. «Тіл білімінің келесі мәселелері» еңбегінде керең-мылқауларды оқыту әдістемесін жетілдіру және сурдопедагогтар мен лингвистердің одағы туралы айтып, әртүрлі афатиктерді қалт етпей бақылаудың маңыздылығына ерекше мән береді [1, 9].

Нейролингвистиканың келесі идеяларының дамуы басқа да тілшілердің еңбектерінде өз жалғасын тапқан. Американдық тілші ғалым Л.Блумфилд «Тіл» еңбегінде психологияның негізгі нысаны сана емес, мінез-құлық дей келе, тілге бихевиоризм тұрғысынан жалпы сипаттама береді. Ол тілді ынталандыру мен оған әсер ету тізбегі ретінде адам мінез-құлқының ерекше түрі ретінде айқындайды. Сөйлеу әрекеті «биологиялық акт» ретінде қарастырылып, адамның қоршаған ортаға және сыртқы ынталандыруға әсерінің түрлері қарастырылады. Нейролингвистиканың нысаны ретінде сонымен тек афазия ғана емес, сондай-ақ адамның тұтастай алғандағы тілдік мінез-құлқы да алынады [1, 9].

Поляк ғалымы В.Дорошевский «Лексикология және семотика элементтері» еңбегінде жоғарыда аталған Л.Блумфильдке ұқсас көзқарастарды атап өтіп, адамды биопсихоәлеуметтік жаратылыс ретінде қарастырады. Жалпылама түрдегі тілдік механизмдердің қызмет етуін «ынталандыру-әсер ету» формуласының көмегімен айқындайды, қоздырға әсер ету өзі ішіне субъектінің оған елеңдеу жадысын жандандыратын ассоциацияны да алады [1, 9].

Афазияны кеңінен зерттеген келесі ғалым Р.О.Якобсон «Ми және тіл», «Афазияның лингвистикалық түрлері» еңбектерінде афазияларда тілдік құрылымдардың құрылуының кейбір жалпы принциптерінің байқалатынына назар аударады. Якобсонның афазиологиялық еңбектерінде тұтастай алғандағы тіл мен мидың арақатынасы мәселелері талқыланып, жалпы семиотикалық мәселелердің мәні түсіндіріледі [1, 10].

Нейролингвистиканың іргелі мәселелерімен И.П.Павловтың физиологиялық ілімдеріне, П.К.Анохиннің функционалдық жүйелер теориясына, Л.С.Выготскийдің психологиялық тұжырымдамаларына сүйене отырып, осы ғылымның іргесін қалаған көрнекті ғалым А.Р.Лурия. Олардың тарапынан нейролингвистика мен нейропсихология бас миының жергілікті зақымдалуы салдарынан пайда болатын сөйлеу әрекетінің, жоғары психикалық қызметтің бұзылуының талдауына әкелетін жалпыпсихологиялық және психофизиологиялық идеялардың қосымшасы ретінде қалыптасты. Ол афазияны жаңаша тұрғыда жіктеп, жады, ойлау, қабылдау бұзылушылықтарының әртүрлі түрлері бар екендігін дәлелдей білді. Өзінің «Нейролингвистика негіздері», «Нейролингвистиканың негізгі мәселелері», «Тіл және сана» және т.б. еңбектерінде адамның жоғары психикалық қызметін ұйымдастырудағы ми ұйымдастырылуының жалпы принциптерін айқындап, сөйлеу хабарламаларының қалыптасуы мен оқылуы ми қабығының күрделі фунционалдық жүйесі алаңы арқылы жүзеге асытынын көрсетті. Сол не басқа алаңның жергілікті ошақтық зақымдауы сөйлеу хабарламаларының кодталуы немесе декодталу үдерістерінің бұзылуына әкеледі және бұл үдеріс әртүрлі буындарында ауытқып, әртүрлі түрді қабылдауы мүмкін [3, 83].

**Әдебиеттер тізімі:**

1. А.А.Гируцкий, И.А.Гируцкий. Нейролингвистика. – Минск: «ТетраСистемс», 2010. – 192 с.
2. Якобсон Р.О. Избранные работы. – М., 1985
3. Лурия А.Р. Основные проблемы нейролингвистики. – М., 1975
4. Выготский Л.С. Психология. – М., 2000
5. Алпатов В.М. История лингвистических учений. – М., 2001. – 368 с.

# «АҚ» СӨЗІНІҢ ПОЭЗИЯ ТІЛІНДЕ ҚОЛДАНЫСЫ

***Әбдірахман Мөлдір***
*1-курс магистранты*
*Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., доцент М.Ә. Жүнісова*
*moldirka_9515@mail.ru*

***Андатпа***

*Мақалада А.Бақтыгереевaның пэзиясындағы «ақ» сөзінің қолданысын қарастырып, ндағы түрлі ұлттық танымға тән тұжырымдарды анықтайды.*

*«Ақ» сөзінің символ ретінде берілуі, қолданыс аясы және олардың үстейтін мән-мағыналарын қазақ тілінің ұлттық құндылықтарының басымдықтарын танытуға ұмтылс жасалған.*

***Кілт сөздер:****ақ –түс, ақ –символ, ақ – шынайылық, ақ –әке, аға, поэзия тілі, тілдік қолданыс, қолданыс жиілігі.*

Ақ Жайықтың ақ шағаласы атанған, өзінің тамаша өлең-жырларымен қазақ поэзиясының аспанын биіктетіп, көкжиегін кеңейткен талантты лирик ақын – Ақұштап Бақтыгереева.

Ақын өлеңдерінде көркемділікпен бірге толып жатқан асыл қасиеттер бар. Сол асылдардың асылы – шынайылық. Ақұштап жырларының қағидаға айналғандай тағы бір қасиеті – шынайы сезім мен әдемі де әсерлі ой бірімен бірі астасып, қатар өрбіп отырады. Туған елге деген сүйіспеншілік, ана тілі тағдыры тағы басқа мәселелер ақын поэзиясының арқауы. Ақұштап Бақтыгереевaның шығармалары поэтикалық шырайлылығымен қазақ поэзиясына жаңа өрнек алып келді.

«Ақ – Э.В.Севортян «аға» және «әке» деген туыстық атаулардағы екі сөздің де негізі ақ – оқ (қартаю) етістігінен өрбіген деген пікір айтады. Егер «ақ» түбірінің көне түрік тілінде шынымен «қартаю, жан ұлғаю» синкретикалық мағынасы болса, онда «қосағыңмен қоса ағар» деген тілек мәнді тіркестегі «ағар» сөзі жоғарыдағы «ақ» түбірімен төркіндес болуы ықтимал. Қазақ тіліндегі ақ найза, ақ сүңгі, ақ семсер, ақ алмас т.с.с. – кесу, өткіру, ақ тер-жану, қызу мағыналарымен мәндес. Түркі, басқа да көптеген халықтар дүниенің төрт бұрышына түстік геосимволикасын қолданғаны мәлім. Ақ түспен оңтүстік бағдар белгіленеді: а-ы «Ықюг(ық-ақ)»[1, 23]. Осыған байланысты «жылы» деген мағына қалыптасқан: ақ ниет – ниеті жылы, оң, ақ бата – жылы, жақсы бата, ақ жүрек – жүрегі жылы мағынасында жұмсалады.

Бұлайша дамудың шарықтау шегі, логикалық шеңбері кең екенін, мысалы «ақ» атауының: «таза, пәк, кіршіксіз, адал, әділ,жайдары, әдемі, сұлу, айқын, анық, асыл, ардақты» т.б. осы сияқты өзара сәйкес, мәндес ұғымдарды білдіруінен де анық көруге болады.

Киелілiктің келесі бір символына айналған – ақ сөзі.Қашанда қазақ ақ түсін киелі деп санап, діни морфологиялық ұғым бойынша да көруге болады. Ақын тіліндегі ақ сөзінің символдық мағынасы үлкен қарт-қария мәнінде, сондай-ақ, киелілігін көрсетіп тұр.

Сен жайлы **ақ бесікте** күй тыңдадым
Тыңдадым сандуғаштың сүйкімді әнін.
Сондайда дала пейіл адамдарда
Ақ ұлпа алақандар барын білгем.
«Дала жыры» [2, 123]

**Ақ бесік** анашым сен
Тербеткен менің.
Ағынмен таласумен
Ержеткен едім.
«Жайық» [2, 77]

Ұяңнан алыс ұшпаған мен бір балапан,
Өзіңнен басқа таппаған жылы алақан.
Думанды, шулы тірлікке мені әкелген
Ақ сүтін шығар жан апам.
«Анамен қайта сырласу» [2, 147]

Ұяңнан алыс ұшпаған мен бір балапан,
Өзіңнен басқа таппаған жылы алақан.
Думанды, шулы тірлікке мені әкелген
**Ақ сүтін** шығар жан апам.
Ой салып маған, есейтіп сәтте өтсе күн,
Асықтым алға, ертеңгі таңды көкседім.
Өмірге мені, өмірді маған сүйгізген
**Ақ сүтін** шығар тек сенің.

Арналған дара махаббат ыстық, зор сенім,
Кеудеде қанша айтуға қиын мөлшерін.
Туған жер деген сиқырлы ғажап топырақ –
Ақ сүтін шығар шағар ол сенің.

Досыма келем адалын сыйлап сезімнің,
Жалғаны болса кешірме менің сөзімнің.
Ақ деген ұғым ұраным менің тәрізді
Сүтіңмен сіңген өзіңнің.
[2, 154]

Ақын тіліндегі ақ бесік, ақ түтін, ақ түндер, ақ арман, ақ ұлпа, ақ нұр, ақ ұшқын, ақ қырау, ақ қар, ақ самал, ақ торғын, аппақ дүние, ақ үй т.б. қолданысындағы ақ сын есімінен өрілген сөз тіркестері өлең шумағында қайталанып келіп, әуезділікті, өлең құрылымына үйлесімділік береді.

**«Ақ»** атауының лексика-семантикалық тұрғыдан ұзақ дамуын тереңдете зерттеу, тілді қолданушы этностың өзіндік болмысына, дүниетанымына байланысты «ақ» түр-түс атауының семантикалық табиғаты, соның ішінде «ақ» атауының мағыналық шеңбері біршама айқындалған деп айтуға болады.

Сен жайлы ақ бесікте күй тыңдадым
Тыңдадым сандуғаштың сүйкімді әнін.
Сондайда дала пейіл адамдарда
**Ақ ұлпа** алақандар барын білгем.
Жер мен көктің арасын
**Ақ түтін** етіп барасың
Даланың тентек дауыл-ай,
Үнемі солай соғасың.
Ақ түндер барлық жарығын,
Аяусыз жерге төккендей.
Ақ ұлпа жапқан бақ үстін,
Ақ нұрға бояп шатқалды.
Алғашқы жауған ақ ұшқын,
Үлбіреп қана жатқан-ды.
Қар емес анау айнала,

Тұнып бір тұрған ақ арман.
Сәл-сәл жүрек аңсайды кең даланың
Ақ қырауын, ақ қарын, ақ самалын.
«Дала жыры» [2, 123].

А.Бақтыгереева өлеңдерін талдағанымызда байқағанымыз, сапалық сын есімдерді стильдік жағынан қажетіне жарата отырып, өздеріне тән, түр-түске байланысты таным-талғамына қарай қолданылғанына көз жеткіздік. Сондықтан түр-түс құбылыстарын белгілі бір сөздермен сөз тіркестері арқылы бейнелеу, әр ақынның өзіне ғана тән шығармашылық процесі екендігі анықталды. Ақын лирикасын талдағанымызда, өз өлеңдерінде сапалық сынды білдіретін ақ және көк сын есімдерін жиі қолданысқа түсіру арқылы айтайын деген ойын, құбылысты бейнелі сурет арқылы астарлы жеткізуге тырысқан. Негізінен барлық салада, сол сияқты поэзияда ең көп қолданылатын түс – қара, одан кейінгі – ақ, одан кейін – көк, төртінші – қызыл т.б. Бұл түр-түс атауларын қолдануда объективті фактор болса, оның субъективті көріністері де жоқ емес. Мәселен, біреуге ақ түстің, екінші біреуге көк түстің, ал үшіншісіне т.б. түстің ұнауы немесе сол түстерге боялған заттардың (киім-кешек, кілем т.б.) әр түрлі әсер етіп, ұнамды, ұнамсыз болып көрінуі өмірде кездесетін жағдай. Жеке адамның түр-түске деген «көзқарасы» тек оның физиологиялық, психологиялық, эстетикалық таным-талғамына ғана емес, сонымен қатар рухани дүниесіне, мәдени-білім дәрежесіне, мінез-құлқына, ұлттық ерекшелігіне, тіпті жасы мен жынысына да байланысты болады.

Ақын өлеңдеріндегі **ақ** және **көк** сапалық сын есімдердің жұмсалуына мысал келтіре отырып, біз оларды грамматикалық тар шеңбер түрінде емес, лексикалық байлығымыздағы өзіндік сыр-сипаты бар, күрделі және жүйелі категория ретінде қарастырдық. Сонымен қатар, ақынның өлең жолдарындағы бұл сын есімдерді ішкі дүниетанымындағы құбылысты қалай қабылдауын анықтауды жөн көрдік. Ақ. Ақ – қараға қарама-қарсы түс. Бұл – «ақ» түстің негізгі түстік, реңктік (номинативтік) мағынасы. Мәселен: *ақ жаулық, ақ көйлекг ақ аю, ақ қағаз, ақ қар* деген тіркестердегі «ақ» атауы өзінің негізгі түстік мағынасын аңғартып тұр.

Бұдан бірақ барлық жағдайда бірдей «ақ» атауы тек «ақ» түсті ғана білдіруге тиісті деген ұғым тумаса керек. Керісінше, «ақ» атауының «ақ» түске қатысты бола тұрса да, одан алшақтап кеткен, тіпті логика-семантикалық байланысын, қатыстығын мүлдем үзген (метафоралық, метонимиялық) ауыс мағыналары мен символикалық мәнде қолданыстары тіліміздe жиі кездесетін құбылыс. Оларды біз көбінесе «ақ» атауы қатысқан жай және фразеологиялық тіркестерден, мақал-мәтелдерден, қос сөз, біріккен сөз, әсіресе топонимдер мен антропонимдер, этнонимдер құрамынан кездестіреміз.

«Ақ» түс – қазақ халқының жанына жақын, көңіліне қалаулы түс. Себебі, қазақта «ақ» - пәктік пен ақтықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдердің символы. Өйткені бұл қазақтың ең қасиетті тағамы – сүттің түсі. Жалпы осы «ақ» түстің символикалық мәнін шығу тарихынан да көруге болады.

Ақын А.Бақтыгереева өлеңдеріне зер сала отырып, талдау жасағанымызда мынадай қорытындыға келдік. Бірде бір қаламгер түр-түсті алдын-ала сайлап, таңдап алмайды екен, қолданыстың барлығы жазу процесінде іске асатындығына көз жеткіздік. Демек, олар түр-түсті әдейілеп емес, жеке бастарының талғамына байланысты қолданады екен. Міне, осыған байланысты ақын өлеңдерінің стильдік мәнері, тілдік ерекшелігі байқалды. Ақын А.Бақтыгереева талғамына тән түсті қайталап, оны жиі қолдануы олардың белгілі бір түске құмарлығын, әуестігін аңғартады. Мұны статолингвистикада *қолданыс жиілігі* дейді[3, 15].

Қрыта келгенде, белгілі бір түсті ақынның әр алуан сөз тіркестерін жасап, орынды да образдылықпен қолдана білуі, олардың өзіне тән сөз саптау тәсілін, стильдік ерекшелігін аңғартады. Бұл ерекшеліктердің артында автордың өз басына тән психологиялық, эстети-

калық, творчестволық ерекшелігі, эстетикалық дүние танымы, ой толғанысы, мінез-құлқы (байсалдылық, биязылық, ойшылдық т.б.) көңіл-күйі реніш, қуаныш, сүйінуі т.б. қасиеттері тұрғандығы сөзсіз байқалады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Есіркепова К.Қ. 1960-80 жылдардағы әйел-ақындар поэзиясының тілі. Қостанай. ТОО «Центрум», 2010. -153 б.
2. Бақтыгереева А. Ақ Жайық айдыны. Өлеңдер жинағы. I том. Астана: Фолиант. 2014. -365 б.
3. Жүнісова М. Қазақ тіл біліміндегі антропоөзекті бағыттар /Оқу құралы. 2017. -15 б.

# «ТЕРМИН» ЖӘНЕ «ТЕРМИНТАНУ» АТАУЛАРЫ ТУРАЛЫ

***Әбілқазыұлы Әлімсейіт,***
*Шинжяң университеті гуманитарлық институты*
*Қазақ тілі-әдебиеті кафедрасының оқытушысы*

Ғылымның кез келген саласы туралы ізденіс, ең әуелі, сол ғылымның негізгі, тірек ұғымдары мен сол ұғымның терминдерін айқындаудан, анықтаудан басталады. Бірақ сол негізгі, тірек ұғымдарға анықтама беру, терминдерін қалыптастырып, тұрақтандыру көптеген қиындықтармен қоса, күрделі мәселелерді ала келеді. Осындай тірек ұғымдардың анықтамасы мен терминдеріне назар аударсақ, оқымыстылардың көзқарастары әркелкі екенін байқаймыз. Осы кезекте «термин» және «терминтану» анықтамасына емес, атауларына ғана тоқталамыз.

Жың Шупудың ( 郑**述普** еңбегіне сүйенсек [1], «термин» сөзінің арғы тегі латынның «terminus» сөзі, ол «шек, шегара» деген мағыналарды білдіреді. Оған ағылшын тіліндегі «term», француз тіліндегі «teme» сөздері сәйкес келіп, онан көптеген мағыналар (мысалы, логика немесе математика өңіріндегі «项», «词语» секілді мағыналар) туындайды. Бірақ « 术语» деген мағынасында жұмсалса, ағылшын, француз тілдерінде «technical term» немесе «term technique» деген тіркестермен беріледі. Мұндағы «technical» және «technique» ағылшын, француз тілдерінде жеке-жеке «**技**术» дегенді білдіреді.

Ал «Term» және «Teme» сөздерімен тіркесіп келгенде «**技**术» дегенді білдірмей, керісінше, «术语» деген мағынаны білдіреді. Орыс тілінде сөз тіркесімен емес, «Терм» және «Термин» түрінде, алдыңғысы «项» деген мағынаны, соңғысы «项» дегенмен бірге «术语» деген мағынаны білдіреді. Бұған қатысты ағылшын тілінде «terminology», орыс тілінде «терминология» деген сөздер бар. Ағылшын тіліндегі «terminology» сөзінің үш мағынасы бар [2]: бірінші мағынасы – салалық терминдер қызметінің теориясы мен әдістемесі; екінші мағынасы – салалық терминдер теориясы; үшінші мағынасы – салалық терминдердің жиынтығы. Жанзу тіліндегі « 术语**学**» ағылшын тіліндегі «terminology» тек бірінші және екінші мағынасында жұмсалады да үшінші мағынасында жұмсалмайды. Орыс тіліндегі «терминология» сөзінің өзі терминдерді реттеу, біріздендіру дегеннен дерек беріп тұрады [3].

Аталған термин кезінде «белгілі бір білім өңіріндегі терминдердің жиынтығы»; «белгілі бір жаратылыстық (**自然** ) тілдегі жалпы терминдер жиынтығы»; «терминдерді қарастыратын пән» деген үш ұғымды білдіретін. Мұндай көпмағыналықтан туындайтын жаңсақтықтан арылу үшін кей тіл мамандары соңынан «терминологическая лексика, терминолексика» ( 术语词汇) терминімен екінші мағынасын, яғни, «белгілі бір жаратылыстық тілдегі жалпы

терминдер жиынтығын», ал «терминоведение» ( 术语词汇) терминімен үшінші мағынасын, Яғни, «терминдерді қарастыратын пәнді» білдіруді ұсынады. Бұл ұсыныс қабылданып, «Терминология» термині «белгілі бір білім өңіріндегі терминдердің жиынтығы» дегенді меңзейтін болады.

Қазақ тіліне келсек, «термин» атауының өзі әр елде, әр кезеңде түрліше аударылып, оның бірнеше балама нұсқасы ұсынылыпты. Шерубай Құрманбайұлының еңбектеріне [4] сүйенсек, о баста қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңінде «пән сөзі» деп аталыпты. Оқымыстылардың өткен ғасырдың 20-жылдары жарық көрген еңбектерінен, сол жылдардың мерзімді басылымдарынан осы терминді жиі кездестіреміз [5]. Ақымет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Халел Досмұхаметұлдарының еңбектерінде «пән сөзі» деп қолданылған.

Е. Омарұлының 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жасаған баяндамасы «Қазақша пән сөзі» деп аталса, Ақымет Байтұрсынұлы 1926 жылы Бакуде өткен Бүкілодақтық конференцияда жасаған баяндамасында «Пән сөзі» терминін қолданады. Білім ордасы бекіткен терминдер сөздігі 1927 жылы Н.Қаратышқанұлының құрастыруымен «Пән сөзі» деген атпен жарық көреді. Бұл атау сол қалпымен бірізді қолданыла бергенде қазіргі күнге дейін қалыптасып, төл терминдеріміздің бірі болып та кеткен болар еді.

Алайда 30-жылдардың бас кезінен бастап терминологияны халықаралықтандыру, орыс тілінің терминологиясын үлгі етіп алу бағытына бет бұрғандықтан, «пән сөзі» «термин» атауымен алмастырылады. Дәлірек айтқанда, ұлттық терминқорды қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлдары ұстанған бағыттан өзге жолды таңдап, сол жолдың жаңашылдығына сенген оқымыстылар терминология тізгінін ұстаған мамандарды алмастырады. Сонымен, 30-жылдардан бастап 90-жылдарға дейін «термин» сөзі барлық әдебиеттерде баламасыз бірізді қолданылып келді. 30-жылдардан кейін оны ұлт тіліне аударуды, оған қазақша балама табуды мақсат етпеген тәрізді. Сол себепті бұл сөз аталған кезеңде (1930-1990 жылдар аралығы) білім алған екі-үш ұрпақтың құлағына құйылып, санасына сіңіп, үйреншікті атауға айналады

Десе де 30-жылдары «пән сөзі» терминінің «пән атауы» деген нұсқасын қолданған жекелеген зиялылар да болды. Мысалы, Әлкей Марғұлан 1930 жылғы «Еңбекші қазақ» газетінің наурыз, сәуір айларында жарық көрген бірнеше санында «Осы пән атауы дұрыс па?» деген атпен жұртшылық талқысына көптеген терминдерді ұсынды. Бірақ бұл атау жаппай қолданыла қоймайды. Сондай-ақ сол жылдары «пән атаулары» терминінің пәнге қатысы көрсетілмей-ақ «атау» түрінде де қолданылды. Мысалы, 1931 жылы халық ағарту комиссарияты білім кеңесінің терминология комиссиясы бекіткен терминдерін «Атаулар сөздігі» деген атпен шығарады. Осыдан былайғы уақытта, яғни 30-жылдардың басынан «термин» сөзі жаппай қолданысқа көше бастайды.

Сонау 20-30-жылдардан кейін «термин» сөзіне қазақша балама табу, оны қазақтың төл сөзімен атау мәселесі араға 60-70 жыл салып барып, 90-жылдары ғана қайта сөз бола бастайды. Соңғы он-он бес жыл көлемінде «термин» атауына байланысты түрлі ұсыныстар айтылды. Ұсыныс білдірушілердің арасында 30-жылдарға дейін қолданыста болған «пән сөзі» немесе «атау» терминін қайта жаңғыртып қолдануды ұсынушылар да, «термин» атауын қалдырған дұрыс деушілер де, «аталым», «атаусөз», «ұғымсөз» [6] сынды жаңа баламалар жасап ұсынғандар да болды. Сондай-ақ сөз болып отырған атауды 30-жылдары фонетикалық өзгеріске ұшыратып «термін» түрінде қолданғандар да болды, бүгін де осы нұсқаны қолдаушылар бар.

Сонымен, ғасырға жуық уақыт аралығында арнаулы лексиканың (专业词汇) бірлігі болып табылатын бір ғана ұғым атын *пән сөз, пән атаулары, атау, аталым, атаусөз, ұғымсөз, термин/термін/термен/телім* түрінде он түрлі нұсқада атау жөнінде ұсыныс жасалып, олардың бірнешеуі әр кезеңде қолданыс тауып келіпті. Бұлардың арасынан нақты қолданыс тапқандары – *пән сөз* бен *термин*. Қалғандары жеке авторлар қолданысы мен кейбір басылым

беттерінде ғана ұшырасқаны болмаса, жалпы қолданысқа көше алмады. Ал ұғым мазмұнын қамту жағынан да ретімен атар болсақ, *пәнсөз, термин, атау* сөздерін атауға болады. «Бүгінгі біздің тілдік қолданысымыздағы «термин» сөзінің ұсынылған баламаларының қайсысына басымдық берген жөн?» дегенге келер болсақ, әзірге бұл жөнінде мамандар тарапынан бір тоқтамға келген ортақ шешімнің жоқ екендігін айту керек. Жоғарыдағы көрсетілген нұсқаларға қатысты Шерубай Құрманбайұлы былай дейді:

*«Пән сөзі» атауы туралы*. Термин «пән» және «сөзі» деген екі сөздің тіркесуі арқылы жасалған. Ертеректе араб тілінен еніп, өз сөзімізге айналып кеткен «пән» (арабша – фн, орысша — предмет, қытайша – 科目，课程,, ә. ә. ) сөзі «Білімнің, ғылымның, өнердің жеке бір саласы» деген мағынаны білдіреді. Терминнің ғылым мен техниканың немесе өзге де арнаулы салалардың ұғымдарының атауы екені белгілі. Ендеше, ғасыр басында жасалған бұл сөз өзі білдіретін ұғымның негізгі белгілерін қамтыған. Терминнің белгілі бір пәнге тән, белгілі бір саланың сөзі екендігі оның басты ерекшелігі ретінде ұғым атауынан көрініс тапқан. Термин сәтті жасалған. Сондықтан да болса керек, жаңа жасалған атау екендігіне қарамастан, бұл сөз 20-жылдары зиялылар тарапынан қолдау тауып, жаппай қолданысқа көше бастаған еді. Бұл атаудың терминқорымыздан берік орын алмай, қолданыстан шеттетілуі оның сәтсіз жасалғандығынан емес, терминологияны халықаралықтандыру бағытының басталып кеткендігінен болды. Әрине, екі сөзді біріктіріп «Пәнсөз» түрінде жазғанда атаудың ықшамдылығы артып, қолданылу, сөз тудыру мүмкіндігі арта түсер еді.

*«Атау» туралы.* «Атау» – жаңа сөз емес, тілімізде бұрыннан қолданылады. Терминнің де атау екені рас. Оған таласудың еш реті жоқ. Бірақ «атау» сөзі өте кең ұғымды білдіреді. *Атау* тек термин сөзді емес, атауыштық ( 称名 ) қызмет атқаратын өзге сөздер түрлерін де қамтиды. Сондықтан да оларды іштей бір-бірінен ажырату үшін «термин» атауы пайдаланылады. Сонау XX ғасырдың басында-ақ Ақымет Байтұрсынұлы бастаған зиялылар «атау» сөзі тұрғанда, «пән сөзі» атауын бекерден-бекер ойлап тапқан жоқ. Олар ұғымдар арасын ажырату ( 区别，辩义 ) қажеттігін сол кезде-ақ жақсы түсінген. Мысалы, тілімізде мал атаулары, өсімдік атаулары, жер-су, елді мекен атаулары, аң-құс, жануарлар атаулары, балық атаулары, газет-журнал атаулары сияқты т. б. атаулар көп. Олардың бірі жалпы есімдер, екіншілері – жалқы есім сөздер. Бұлардың барлығы да атау сөздер. Осы секілді атау сөздердің бәрін терминдер қатарына қосуға болмайтыны да белгілі. Сондай-ақ терминге бір табан жақын номен (名称 номен) деп аталып жүрген сөздер де бар. Олар да атау сөздер қатарына кіреді. Термин «атау» деген жалпы ұғымның ішіне кіргенмен, оның өзге атау сөздерден өзіндік ерекшеліктері бар екендігі сөзсіз. Сол себептен де *терминді – атау, терминтануды – атаутану* деп атайық деген ұсыныс туралы ойланғанда, мәселенің осы қырын ескерген жөн болар. Тіліміздегі «Атау» сөзі орыс тіліндегі *Название, Наименование* ( 名称 ) сөзінің, ал «Атаутану» – *Номинация* ( 名称学 ) ұғымдарына дәлірек сәйкес келеді. Сондай-ақ атаутану тек терминдерді ғана емес, бүкіл атау сөздерді зерттейтін ғылым саласы деген ұғымды қамтып тұр.

*«Пән атауы» туралы*. Бұл «пән сөзі» терминінің үлгісімен жасалған. Алайда форма сәйкестігі болғанмен мұнда мағына дәлдігі, ұғым мазмұнын қамту жетісіңкірей бермейді. Бұл атау термин сөзінің баламасы емес, ғылым, техника, білім салаларының, яғни «пәннің өзінің атауы» деген ұғымды білдіріп тұр. Мысалы, *өсімдіктану (өсімдіктану), тәнтану (тәнтану), табиғаттану, тілтану (тілтану), әдебиеттану (әдебиеттану), елтану (елтану)* немесе *физика, химия* десек, пәннің, ғылым салаларының атаулары болады. Сондай-ақ мұнда атау сөзден гөрі сипаттау басым, шұбалаңқылығы және бар.

*«Аталым» туралы*. Бұл балама – 90-жылдардан кейін ұсынылған жаңа сөз. Ол осы кезеңде **-ым/-ім** жұрнағының көмегімен *туындаған айтылым, жазылым, тыңдалым, естілім* сияқты тіл білімі терминдерінің үлгісімен жасалған. Алғашқы ұсынылған кезде жекелеген авторлар тарапынан қолданылғанмен, қазір өте сирек аталып, ұмытыла бастады. Бұл үлгімен жасалған терминдер қазір біршама қолданыла бастады. Термин шығармашылығында

(术语创造) бір нәрсені ұмытпаған дұрыс. Ол – негізгі, тірек терминдердің мейлінше қысқа болуын ескеру. Кейін солардың негізінде сөз тудыру, ұялас терминдер жасау, жаңа атаулар өрбіту мүмкіндігі сақталады. Тірек терминдер қай саланың да басты, негізгі ұғымдарын білдіретіндіктен, олардан туындайтын, олармен байланысты болатын тектік (属概念), түрлік (种概念) ұғым атаулары көп болатыны анық.

Жалғамалы тіл үшін, сөз тудырушы жұрнақтар сөз соңына ғана жалғанатын тіліміз үшін бұл – маңызды мәселе. Мүмкіндігінше бір не екі буынды болғаны жөн. Үш буыннан асқаннан кейін сөз ықшамдығынан, сөз тудыру қабілетінін айырыла бастайтыны байқалады. Сөз шығармашылығымен айналысушылар мұны ескермеуіне болмайды. Бұл тұрғыдан келгенде *пәнсөз, атау, термин* сөздерінің мүмкіндіктері бірдей. Айталық *пәнсөзтану (пәнсөзтану), атаутану, терминтану* сынды атаулардың *аталымтану, атаусөзтану (атаусөзтану), ұғымсөзтану (ұғымсөзтану)* терминдеріне қарағанда айтуға, жазуға, қолдануға қолайлы екендігі сөзсіз.

Қазір терминологияда шұбалаңқы, көп сыңарлы терминдер өте мол. Салалық терминологиялардың бірқатарында 60-70 пайызға дейін, жекелеген салаларда одан да жоғары мөлшерді құрап жатады. Ал шұбалаңқы терминдердің атау ретінде қолдануға қолайлы бола алмайтыны белгілі.

*«Атаусөз», «ұғымсөз» баламалары туралы*. Бұл сөздерді ұсынған авторлардың өздерінен басқа көп ешкім қолдана қойған жоқ. «Атауды білдіретін, атау болатын сөз» деген мағынаны беретін «атау сөз» баламасының екі сөздің бірігуінен жасалған тұлғалық жаңалығы болмаса, тіліміздегі бұрыннан бар «атау» сөзінен мағыналық-семантикалық жағынан еш айырмасы жоқ. Дәлірек айтсақ, тілдегі терминнен өзге де атауыштық қызмет атқаратын сөздердің барлығы да «атау сөз» бола алады. Яғни, «бұл атау терминнің өзіне ғана тән басты ерекшелігін білдіріп тұр» деуге болмайды.

«Ұғымсөз» де осы үлгімен жасалған. «Ұғымды білдіретін сөз» деген бұл атаудың мағынасы терминге сәйкес келе алмайды. Терминнің заттық немесе абстракті ұғымдарды білдіретіні рас. Бірақ термин емес, өзге сөздер де ғылыми, техникалық болмаса да қарапайым ұғымдарды білдіре алады. Екінші сыңары «Сөз» де мағыналық тұрғыдан үйлесіп тұрған жоқ, бұл жерде оның орнына «ат», «атау» сөздері әлде қайда дәл келер еді. Қысқасы, бұл екі атауды да сәтті баламалар қатарына қоса болмайды.

*«Термин» атауы туралы*. Бұл атау латын тілінде «шек», «шегара» деген мағынаны білдіретіні белгілі. Тілімізде орыс тіліндегі таңбалануына сәйкес XIX ғасырда жарық көрген кейбір еңбектер мен басылымдарда кездесе бастаса, XX ғасырдың басында жұртшылыққа біршама жақсы таныс болды.

20-жылдары ұлт тілінде жасалған баламасына жарыспалы нұсқа ретінде сиректеу қолданылып жүрсе, 30-жылдардан бастап «термин» сөзі жаппай қолданылатын, тұрақтаған атауға айналды. 90-жылдарға дейін 60 жылдай уақыт бұл терминді ұлттық баламамен алмастыру туралы әңгіме қозғалған емес. Тек қоғам өмірінде елеулі өзгерістер болған сол 90-жылдардан бастап қана оны өз тілімізде бұрыннан бар сөзбен немесе жаңа жасалған баламамен алмастыру мәселесі көтеріле бастады. Тілімізде қазір *фонетика, фонема, лексика, лексема, морфология, морфема, синтаксис* сияқты ондаған өзге тілдерден қабылданған тіл білімі терминдері өзгеріссіз қолданылып жүргенде неге солардың ішінен «термин» атауына ерекше көңіл аударылып отыр?

Оның себебін мына мәселелермен байланысты деп түсінген жөн. Біріншіден, орыс тілін үлгі ете отырып жалпы кеңестік терминқор қалыптастыру бағытына деген көзқарас өзгеріп, ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамыту мәселесінің күн тәртібіне қойылып отыруы көпшілік санасына жалпы әсер етті. Екіншіден, бұл сұрақтың туындауына негізінен терминнің тілгерлердің қолданысымен, бір ғана лингвистиканың шеңберімен шектелмей, бүкіл сала мамандарының, көпшілік қауымның назарын аудартып отырған өзекті мәселе ретінде көрініс

беруі басты себеп болды. Жалпы термин, терминология мәселелерінің қоғам назарын айрықша аудартып, қалың қауымның әңгіме арқауына айналып отыруына байланысты ұғым атауының өзі де жұртшылық талқысына түсті. Әйтпесе бұл атау да 60 жылдан астам тілдік қолданысымызда болып келген өзге де кірме сөздер сияқты лингвистикалық әдебиеттерде өзгеріссіз қолданыла берер еді немесе тіл мамандарының өз арасында ғана талқыланар еді.

«Термин» атауын өзгертуді ұсынушылардың оған тағатын негізгі «міні» оның кірме сөз екендігі. Біз ұлт тіліндегі термин шығармашылығын толық жолға қоюымыз керек. Ұлттық терминқорымызды қалыптастыруда қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасалым (сөзжасалым 构词法) тәсілдерін барынша тійімді пайдалану қағидатын бірінші орынға қою қажет. Алайда тіліміздегі кірме сөздердің бәрін төл сөзімізбен алмастыру, алдағы уақытта шет тілдерінен сөз қабылдамау мүмкін емес екендігін түсінуге тиіспіз. Сондықтан да «термин» сөзінің қолданыла бергені жөн. Ал «термін» түрінде тіліміздің дыбыстық жүйесіне икемдеп алайық» деген ұсыныспен келісуге негіз бар.

20-, 30-жылдар аралығында жарық көрген кейбір басылымдарда бұл сөз «термін» түрінде қолданылған да болатын. Сол жылдары жарық көрген кейбір газет мақалаларында «термен» нұсқасы да қолданылды. Соңғы кезде *реліс (реліс), тәбіл (тәбіл), режім (режім), кәбіл (кәбіл), пошта (пошта), шабадан (шабадан)* сияқты терминдерді ресми бекіте басталғаны белгілі.

Сонымен, қорыта айтқанда, «термин» (немесе «термін» ) сөзінің терминқорымызда қала беруіне мынадай себептер бар:

Біріншіден, «термин» – тілімізде 80 жылдай уақыт қолданылып, тіл тұтынушылардың санасына сіңіп, көзі үйреніп, құлағы тосырқамайтын жағдайға жеткен сөз. Бұл – психолингвистикалық түрткіжайт. Мұнымен санаспауға болмайды.

Екіншіден, «термин» атауын халық жаппай қолданып келді. Соңғы үш ұрпақ қай әлеуметтік топқа жататындығына қарамастан, білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы осы сөзді тілдік норма ретінде қабылдады. Бұл – әлеуметтік лингвистикалық түрткіжайт (фактор). Онымен де санасуға тура келеді.

Үшіншіден, бұл атау терминтану саласының тірек термині болып табылады. Терминологияны зерттейтін ғылымның атынан бастап, ондаған, жүздеген терминдер осы атаудан туындаған немесе онымен тіркесу арқылы жасалған. Мысалы, *терминтану, терминология, терминография, терминжасам, терминжүйе, термин шығармашылығы, терминологиялық лексика, терминбөлшек* сияқты көптеген терминдерді өзгеріске ұшыратып, бүкіл саланың атауларын алмастыру – оңай жүзеге асатын іс емес.

Төртіншіден, жоғарыда ұсынылған баламалардың барлығы дерлік терминге қойылатын талаптарға сай жасалып, ұғым мазмұнын дәл қамтып тұрған сәтті атаулар деп айта алмаймыз. «Пәнсөз» бен «Атау» сөздерінен өзгелері ұғым мазмұнын қамту жағынан да, атау сөзге тән қасиеттері жағынан да сәтті жасалған сөздер қатарына қосылып тұрған жоқ.

Сонымен, қазақ тілінің дыбыс тіркесіміне, үндесіміне, сөздің буын жігіне, тасымал ретіне сәйкестіріп, «термін» деп алуды ұсынамыз.

**Әдебиет:**


1. 郑述普.关于术语及术语学[J].外语学刊，2001 (2).
2. 冯志伟.语言学中一个不容忽视的学科：术语学 [J].山东外语教学，2012(6).
3. 丁庆珠.俄语术语学的发展 [J].科技信息，2007 (29).
4. Құрманбайұлы Қ. Қазақ терминологиясы. - Алматы: Сардар, 2014.
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.
6. Қалиұлы Б. Қазақ терминтанымының өзекті мәселелері. - Алматы, 2008.

# ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ ТЕРМИНДІК АППАРАТЫ
## (Ә.Құрышжанұлы еңбегі туралы)

***Жүнісова М.Ә.***
*ф.ғ.к., доцент*
*Абай атындағы Қазақ ұлттық*
*педагогикалық университеті*

***Андатпа***

*Мақалада Ә.Құрышжанұлының ««Кодекс Куманикус» тіліндегі септік тұлғалары мен мағыналары» атты кандидаттық диссертациясында қолданылған септік жалғаулардың лингвистикалық атаулары сөз болады. Куман қыпшақтары тіліндегі септіктердің семантикасы мен жасалу жолдарын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастырған ғалымның кейбір тұжырымдары беріліп, әрі қарай қазіргі қазақ тілінің грамматикасы тұрғысынан талдау жасалған. Сонымен қатар еңбектің әлемдік лингвистика тарихында алатын өзіндік орны бар. Себебі, лингвистикалық терминдердің берілуі, қолданыс аясы және олардың үстейтін грамматикалық мән-мағыналарын қыпшақ тілі мен қазақ тілін салыстырмалы-тарихи әдіспен салыстырмалы зерттеу жасап, қазақ тіл білімінде алғашқы жазылған компаративистика ғылымының негізін қалаған. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қазақ тіліндегі ерекше үлгісін лингвистикалық терминдерді тірек ете отырып, өте түсінікті тілде мәселені барынша жан-жақты шешіп берген. Ғалымның ұсынған тірек сөздері, яғни лингвистикалық терминдері төмендегідей: номинатив – атау септік, генетив – ілік септік, датив – барыс септік, аккузатив – табыс септік, локатив – жатыс септік, аблатив – шығыс септік, инструментальный падеж – көмектес септік.*

***Кілт сөздер:*** *септік тұлғалары мен мағыналары, терминнің семантикасы, номинатив – атау септік, генетив – ілік септік, датив – барыс септік, аккузатив – табыс септік, локатив – жатыс септік, аблатив – шығыс септік, құралдық септік (инструментальный падеж) – көмектес септік.*

Ғылыми мақаламыздың мақсаты - профессор Ә.Құрышжанұлының 1956 жылы орыс тілінде жазылған жоғарыда аталған тақырыптағы кандидаттық диссертациясы[1] тілінде кездесетін лингвистикалық терминдерді қарастыру, септік категориясының «Кодекс Куманикус» ескерткішінің тіліндегі түрлерінің сол кезеңдегі ғылыми атауларымен таныстыру.

Қазақ тілінің ғана емес, түркі тілдерінің, соның ішінде қыпшақ тілінің тарихын зерттеген ғалымның ғылыми жұмыстарының алғашқыларының бірінен саналатын осы еңбектің тілінде қаншама ақпараттар мен қазақ тіл білімі тарихына қатысты зерттеулер мен танымдық мағлұматтар бар. Ғылыми жұмыстың авторы: жұмыстың үш бөлімнен тұратынын: алғашқы бөлім – сол кезеңдегі куман халқының тарихына, «Кодекс Куманикус» ескерткіші қай уақытта жазылғаны, Ю.Клапрот, Г.Кун, В.В.Радловжәне К.Грёнбекбасылымдары жөнінде мәліметтер беріледі дей келе, ескерткіш тілінен мысалдар келтіріп, куман тілі мен қазақ тілінің сөздік қорын салыстыратынын айтады[1, 5]. Еңбектің екінші бөлімінде автор:«септіктердің грамматика-морфологиялық сипатына арналып, әрбір септік түрлері жалғауларының дыбыстық нұсқалары берілгенін және солтүстік-батыс немесе қыпшақ тілдерінің ұқсас деректерімен салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастырылғанын» айтып өткен.Үшіншібөліміндесептіктердің үстейтін мағыналары мен олардың жалғанатын сөздермен сәйкес келуі табиғатын қарастырған.

Ғылыми мақаламызға арқау етіп отырған тілдік материал осы диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдерінде қолданылатын, әсіресе екінші бөліміндегі септіктің лингвисти-

калық атаулары мен оның мән-мағыналары, яғни осы еңбектегі *лингвистикалық терминдер, терминдердің семантикалық өрісі мен қолданыс аясы.* Мақаламыздың дереккөзі ретінде еңбектің 68-94 беттеріндегі терминдер және олардың тұжырымдалуы қарастырылды.

Жалпы, кез келген ғылыми жұмыстың ақпараттылығы оның ғылыми аппаратыны, тірек терминдеріне қатысты. Олай болса, аталған жұмыстағы қолданылған септік категориясының түрлері жеке-жеке қарастырылып, оның жасалу жолдары арқылы мазмұнды ғылыми тұжырым ұсынылады. Ә.Құрышжанұлының аталған еңбегі тұнып тұрған куман қыпшақтарының тіліндегі элементтер ғана емес, оны дәлелдеуі мен ұсынуы табиғи, әрі өте қарапайым түсінікті ғылыми стилде жазылған еңбек. Ғылыми жұмыстың 65-66 беттерінде ғалым былай дейді: «Нами куманские падежи обозначены *традиционными латинскими терминами* потому, что они имеют место и воригинале «Кодекса» и в различных его изданиях, в которых перечисляются 6 падежей: *номинатив, генетив, датив, аккузатив, аблатив и вокатив.* Мы со своей стороны, во-первых, придерживаемся мнения А.Самойловича[2], который пишет, что особого звательного падежа в тюркских языках вообще не существует, 2 потому, что он выражает обращение, а не отношение существительного к другим словам в предложении. Во-вторых, список падежей дополняем *локативом и инструментальным падежом»* [1, 65].

Лингвистикалық ұғымдардың қалыптасу тарихы Азия жерінде арабтың үш бірдей ірі лингвистикалық мектептерінен бастау алғаны мәлім. «Басты тілдік мектептер қазіргі Ирак территориясын арабтар рухани жаулап алғаннан кейінгі Басрий мектебі - барлық мектептердің ең көнесі, Куфий және Бағдат мектептері болған» [3, 20].

Лингвистикалық терминдердің қалыптасу тарихы қазақ топырағында, алдымен Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінен, әл-Фараби еңбектерінен бастау алатынын, ал салыстырмалы-тарихи тіл білімі, яғни компаративистика ғылымының негізін салушы,«Диуани лұғат-ат түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) еңбегінің авторы М.Қашқари екені белгілі.

Лингвистикалық терминдер теориясын қалыптастыруда 1930 жылдардағы Алаш зиялыларының да өзіндік үлесі бары терминтану саласы ғалымдарының ғылыми жұмыстарынан танылып келеді[4, 93].

Ә.Құрышжанұлының 1956 жылы ғылыми ортаға ұсынылған осы еңбегінің қазіргі лингвистикамыздағы терминдер жүйесіне қосар үлесі, алатын орны ерекше.

Ғалым *номинатив – атау септік*терминін былай түсіндіреді:«Интересно отметить, что Г.Кун на стр.75 и CIV своего издания CC для номинатива приводит примеры в нулевой форме слова, напр.: *at*(лошадь) и в форме множественного числа, напр.: *atlar*(лошади). Притяжательная форма слова тем не указывается, очевидно, Г.Кун ее считал не характерной для номинатива. Итак, отсутствие какого-нибудь падежного окончания в куманском языке, как и в других тюркских языках, означает номинативный падеж»[1, 67].

Қазіргі қазақ тіліндегі атау септік тұлғалы сөздерді зерттей келе, ғалымдар атау септігінің нөлдік формада келуінің өзі атаулық мағына беретіні туралы С.Исаевтың, Н.Оралбай еңбектерінен белгілі [5; 6].

Ә.Құрышжанов ілік септігінің жасалу жолында оның қосымшаларына тоқталады: «Второй падеж в Кодексе в простом и притяжательном склонении имеет окончание*ning/ning* и *ing/ing*. Они образуют закрытый слог. В нем узкий гласный *i* может быть переднего ряда при мягкой основы и заднего ряда при твердой основе. Последний звук окончания считается заднеязычным носовым согласным»[1, 68].В.А.Богородицкий: «в куманском языке новообразовавшееся именное окончание *ның/нің* вытеснило собой в именах основное *ың/ің* и стало в этом языке единственным для данного падежа» [7].

Адамтанымдық сипат алған қазақ тіл білімінде қазіргі кезде осы септік тұлғаларын тіл тұтынушының қалай, қандай әлеуметтік ортада қолданысы да мәселе болып отыр[8, 22].

Қазіргі ауызекі тілімізде сақталған*сіздің үйіңіз осы* деген сөйлемді, *сізің үй осы* деп айту кездеседі. Сіздің // сізің.

Ғалымның тұжырымдауынша: «Сравнительная таблица вариантов окончания генетива в некоторых тюркских языках:

Куманский - *ның/нің.*

Кашгарский - *ның/нің.*

Мищярский - *ның/нің.*

Узбекский - *ниң/ниң.*

Чагатайский - *ның/нің, -нуң/нӱң.*

Крымский - *ның/нің,-нуң/нӱң* /редко *ны,ы*/.

Караимски - *ның/нің, -нуң/нӱң.*

Татарский - *ның/нің, -ноң/нөң.*

Орхонский-*ның/нің,-ың/ің.*

Турецкий - *ның/нің,- ың/ің.*

Кипчакский-*ын/ін.*

Кумыкский-*ны/ни.*

Ногайский-*ның/нің,-дын/дин,-тын/тин.*

Каракалпакский - *ның/ниң,-дын/диң,-тың/тиң.*

Казахский - *ның/нің,- дың/дің,-тың/тің.*

Башкирский - *ның/нең, -дың/дең, -тың/тең, -ноң/нең, -доң/дең, -тоң/тең, -зың/зең,-зоң/зең*[1, 72-73].

*Датив*, яғни *барыс септігі* туралы Ә.Құрышжанұлы былай дейді: «Окончаниями датива считается *ка/кä*, *ga/gä* в простомсклонении, *ga/gä, a/ä* в притяжательном склонении» [1, 73].

Куман қыпшақтары тіліндегі *табыс септікті* ғалым былай сипаттаған: «Аккузатив в языке СС оканчивается на *ni* и *n*. *n* образует открытый слог, в котором узкий гласный в зависимости от характера основы может быть гласным переднего и заднего ряда»[1, 77].

Қарастырылып отырған ескерткіш тіліндегі *жатыс септікті* ғалым былай сипаттаған: «Локатив в куманском языке имеет окончания *ta/tä* и *da/dä»*[1, 80].

«Кодекс Куманикус» ескерткішінің тіліндегі *жатыс септікті* ғалым былай сипаттаған: «Окончание аблатива *dan/dän,tan/tän*подобно окончаниям генетива, образуют закрытыйслог» [1, 82].

Қашқаритану саласында жарық көрген «Қазақстандағы Қашқаритану (лингвистикалық аспект)» деген монографиямда ескерткіштің грамматикалық құрылымын зерттеушілермен салыстырғанда, кейінгі диссертациялық еңбектерден ең алғашқы айырмашылығы – осы еңбектің терминдік түзілісінде екені байқалады [9, 41].

Сонда ескерткіштің түпнұсқаларымен танысып, таныстырып қана қоймай, әрі қарай әрбір септік жалғауының жалғану ерекшеліктеріне арнайы тоқталған, мысалы: «Приведем сравнительную таблицу вариантов окончания аблатива в некоторых тюрских языках.

Кипчакский *-дан/дän*.

Узбекский *-дан/дän.*

Куманский *-дан/дän, -дан/тän.*

Орхонский *-дан/дän, -тан/тän, -дин/дін.*

Кумыкский *-дän/ден, -дин/дін, -тин/тін.*

Турецкий *-дан/ден, -тан/тен.*

Караимский *-дан/дän, -тан/тän.*

Мищярский *-дан/дän, -тан/тän, -нан/нän.*

Казахский *-дан/ден, -тан/тен, -нан/нен.*

Татарский *-дан/дән, -тан/тән, -нан/нен.*

Ногайский *-дан/ден, -тан/тен, -нан/нен.*

Каракалпакский *-дан/ден, -тан/тен, -нан/нен.*

Кашгарский *-дан/дан, -дын/дін.*

Чагатайский *-дын/дін, -тын/тін.*

Башкирский *-дан/дән, -тан/тән, -нан/нән, -зан/зән*[1, 87].

Көмектес септікті инструментальный падеж деп терминдік атау береді де, оның жеке сөзден пайда болғанын атайды.

«В куманском языке инструментальный падеж функционируется при помощи послелога *bile*, напр., *atasi bile* «атасымен» (с его отцом); *congulu bile* «көңлімен» (с его настроением); *cstus bile* (христосом); *azam bile* «азаматпен» (с человеком); *iazuk bile* «жазықпен» (с виной); *taz bile* «таспен» (с камнем); *kolim bile* «қолыммен» (с моей рукой); *ating bile* «атынмен» (с твоим именем); *balalarimiz bile* «балаларымызбен» (с нашими сновами)»[1, 87-88].

*Қорыта келгенде,*Ә.Құрышжанұлы аталған еңбегінде септік жалғаудың жіктелуіндегі түрлерін латын тіліндегі күйінде атап қоя салмай, оның мағыналарына, жасалуындағы ерекшеліктері мен қолданыс табиғатына терең мән беріп қарастырған. Ғалым қолданған лингвистикалық термин атаулары, ғылыми нысан еткен септік жалғауларының тұлғалары мен мағыналарының мәні әлемдік грамматикада да орны ерекше,ғылыми еңбектің терминдік аппараты дұрыс болғанда ғана ол ғылымда ойып орын алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Курышжанов А. Формы и значения падежей в языке *CodexCumanicus.* АКД. 1956 г. С.225.

2. А.Самойлович Опыт краткой крымско-татарской грамматики. Пг., 1916г., стр.95.

3. Жүнісова М.Ә. Әлемдік лингвистика. // Оқу құралы. Қарағанды:MedetGroup. 2016. -125 б.

4. Оразбаева Ф.Ш., Жиренов С.А., Кенжебаева Г.М., Мазибаева Ж.О. Лингвистикалық терминдер теориясы. // Оқу құралы. Алматы: Ұлағат. 2012. 96 б.

5.Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А.: Рауан. 1998. -304 б.

6. Оралбай Н. қазақ тіл білімінің мәселелері. Павлодар. 2011. -424 б.

7. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание. стр. -152.

8. Жүнісова Майра Қазақ тіл біліміндегі антропоөзекті бағыттар /Оқу құралы. 2017. -104 б.

9. Жүнісова Майра Қазақстандағы Қашқаритану (лингвистикалық аспект). /Монография. 2017. 216б.

## ИЛЛОКУТИВТІ АКТІЛЕРДІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ, АЙТЫЛЫМНЫҢ ПЕРЛОКУТИВТІ ӘСЕРІ

***Елшібаева Қалима Зәкірқызы***
*ҚызМемПУ 2-курс PhD докторанты*
*Қазақстан, Алматы қ.*

Сөйлеу қызметі – сөйлеуді немесе ойлауды жүзеге асыра алатын адамның әлемді тануы, білім игеруінің белгілі бір әдісі ретінде қарастырылады.

Коммуникативтік қызмет теориясының бірде-бірі коммуникативтік жағдайды ескермей зерттеу жүргізе алмайды. Сөйлеу актілері теориясында коммуникативтік жағдайдың өз үлгі-моделін қолданады. Бұл үлгі сөйлеуші, тыңдаушы, түрлі жағдайлар, сөйлемдермен қоса

сол сөйлеу актісінің мақсаты мен нәтижесін де қамтиды. Сол себепті көптеген лингвистер әлеуметтік іс-әрекетте қарым- қатынасқа түсу барысында туындайтын әр қилы мақсаттарға жету үшін тілді қолдану механизмі қандай деген сұраққа жауап іздеді.

Сөйлеу актілері теориясында сөйлеу актісі үш деңгейлі құрылым ретінде қарастырылады: локутивті акт, иллокутивті акт, перлокутивті акт. Локутивті акт – сөйлеу барысында қолданылатын тілдік құралдар, иллокутивті акт дегеніміз – сөйлеу актісінің мақсаты мен оны жүзеге асыру жағдайларына қатысы, перлокутивті акт – сол сөйлеу актісінің нәтижеге қатысы. Бұл үштаған айтылым мазмұнының бірлігін көрсетеді.

Сөйлеу акті дегеніміз – белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әрекеттерінің негізгі қағидаттары мен ережелеріне сәйкес пайда болатын мақсатты сөйлеу. Сөйлеу актілерінің негізгі белгілері ретінде зерттеушілер ниет (интенционалдылық), мақсаттылық және конвенционалдылықты атайды.

Сөйлеу актілеріне өздеріне тән, бір-бірімен байланысты әлеуметтік рөлдері бар, сөйлеу дағдылары, әлем туралы түсінік-ұғымдары ортақ сөйлеуші мен адресат қатысады. Сөйлеу актісінің құрамына сөйлеу жағдайы мен оның мазмұнына қатысты болмыстың үзігі кіреді. Дж.Остиннің айтуынша, сөйлеу актісін орындау деген жалпыға түсінікті тілдік таңбамен дыбыстау; сол тілдің сөздерінен сол тіл грамматикасының заңдылықтарына сәйкес сөйлем құрау; сөйлемдегі мағына мен референция (болмысқа қатысы) (локутив); сөйлеуге мақсат қою (иллокутивті акт), яғни сөйлеу барысында қандай да бір коммуникативтік мақсатты білдіру; белгілі бір нәтижеге итермелеу (перлокутив), яғни адресаттың санасына немесе іс-әрекетіне ықпал ету.

Тілді белгілі бір қоғамда адам әрекетінде жұмсалуын сипаттайтын және түсіндіретін прагматика тілдік бірліктердің жағдаятқа сай таңдалуын анықтау, олардың сөйлеу әрекетіне коммуникативті бағытталған әдеттегі жағдайларда қолданылу тәртібін орнату сияқты мәселелермен айналысады. Бұл тек лингвистикалық білімді ғана емес, сондай-ақ энциклопедиялық білімді де талап етеді. Өйткені кез-келген сөйлеуші өмір сүріп жатқан қоғамда белгіленген адамдардың өзара қарым-қатынасында қолданатын коммуникативті әдептің ережелері мен конвенцияларын білуі керек. Ч.Моррис айтып өткендей, прагматика қатынас кезінде коммуниканттарға әсер ету үшін тілдің қолдануын қарастырады. Прагматиканың пайда болуы сөйлеу әрекетін зерттеумен, сөйлеу механизмін талдаумен, сөйлеудің әлеуметтік актісіменбайланысты.Оның орталығында сөйлеуші тұлғасы мен қатынас процесіне әрбір сөйлеушінің енгізген субьективті бастамасы орын алады [1,55 б.].

Коммуниканттар арасындағы сөйлеу қатынасы әрқашан да қандай да бір мақсатқа жету үшін жүргізіледі. Мұндай мақсат мәлімет алу немесе хабарлауға, қандай да бір іс-шараны өткізу үшін келісуге, қандай да бір іс-әрекет жағдайы туралы пікір алмасу немесе уақытты тиімді өткізуге арналады. Егер мақст болса, оған қол жету үшін қажетті құралдар да болу керек. Мұндай құралдарға вербалды алмасу – ауызша түрдегі диалог немесе жазбаша қатынас формасында қолданылатын хаттар жатады. Вербалды алмасу белгілі бір деңгейде ұйымдастырылу керек. Бұл ұйымдастырулар әртүрлі ережелермен реттеліп отырады. Олардың ішіндегі ең маңызды төрт тобы бар, нақтылап айтар болсақ: 1) сөйлесімдік өзара әрекеттерді ұйымдастыру ережесі; 2) дискурсты ұйымдастыру ережесі; 3) ақпараттық алмасуды ұйымдастыру ережесі; 4) қатынастағы коммуниканттардың мәртебелік рөлдерін ескеру ережесі. Белгілі бір мақсатқа қатысты сөйлеушінің орындауы қажет СА-і оны жүзеге асыру шартымен қатар иллокутивтік акт ретінде қызмет етеді. Қолданыс барысында пайдаланылатын тілдік құралдарға қатысты СА-илокутивтік акті деп аталады. Ал нәтижеге қатысты СА-і перлокутивтік қызмет атқарады. Дж. Остин енгізген иллокуция түсінігі сөйлеу әрекетінің үш деңгейлі құрылымын айқындайтын ең басты жаңалық болды. Бұл түсінікті алғаш рет енгізе отырып Дж. Остин оның анықтамасын бермейді, тек иллокутивтік актілерге: сұрақ, жауап, ақпарат беру, ескерту, тағайындау, сын айту т.б. мысалдар келтіреді. Және де мұнда иллокутивтік акт

интенциямен (мақсат түсінігі) және конвенциямен реттеліп отырады [2]. Иллокутивтік актіні конвенциялық әрекет ретінде түсінікті Дж. Серльберген болатын [3].

Прагмалингвистика мен сөйлеу әрекеті теориясында иллокуция термині жетекші орынға ие болып отыр. Бұл тұтастай түсінік пен оның компоненттерінің, негізінен, әр түрлі зерттеушілердің анықтамаларынан көп айырмашылығы жоқ. Мысалы, Дж.Серль мен Д.Вандервекен иллокутивтік күшті анықтау үшін сөйлеушінің қандай иллокутивтік мақсатқа жетуге тырысатынын және осы мүмкін болатын әлемде оған қаншалықты қолы жеткенін, қандай тәсілмен және пропозиционалдық актінің қандай қарқындылықпен жасалғанын, сонымен бірге мұнда қандай пресуппозициялар жасалатынын, қандай психологиялық жағдайда, осы әлемде қандай қарқынмен берілетіндігін білу жеткілікті деп есептейді [4, 261- 262 бб.].

Дж. Серль «уәде беру» иллокутивтік актісі үшін ережелер жиынтығын жасайды, басқа актілерді талдау бағдарламасын белгілейді; сөйлесім – коммуниканттардың ойын беруші құралы және де сөйлеуде жүзеге асырылатын факторлар болып табылады дейді. Иллокутивтік актінің негізі СА-де оның иллокутивтік күші немесе иллокутивтік қызметі ретінде айқындалады. Бұған мына компоненттер: иллокутивтік мақсат, мақсатқа жету тәсілі, иллокутивтік күштің қарқындылығы, қосымша жағдайлар, пропозиционалдық мазмұн шарты, әлеуметтік әдеп ережелерімен анықталатын тиімділік пен нәтижелік шарттары, қалыпты басталу және аяқталу, сөйлеуші мен тыңдаушы үшін шынайылық шарттары жатады [3]. Мақсаттың әртүрлі сипаты сөйлесімнің мағыналық жағын түрлендіріп отырады. Бұл ниеттің әр түрлі реңкте айтылуы сөйлеу жағдаяты мен тыңдаушының мүмкіндіктеріне тікелей байланысты. Сондықтан мақсаттардың сыртқа шығу формасы, сөйлеушінің тілдік құралдарды таңдауы оның тілді меңгеру дәрежесіне ғана емес, сыртқы көптеген мәнбірлерге тәуелді болады. Осы тұста, Г.И.Иманғалиева өз зерттеу жұмысында, коммуникативтік ниеттің диалог түрлерінің ерекшелігін айқындаушы негізгі мәнбір екенін сипаттай отырып, негізінен кең қолданылатын мынадай коммуникативтік ниеттерді атап көрсетеді. Олар: 1) интеллектуалды ниет (мәлімет алу, көбіне: позицияны анықтау, пікірді қолдау, тақырыпты өрбіту); 2) Бұл диалогты қатысымда бірінші коммуниканттың қойған сұрағының негізгі интенциясы мәлімет алу ғана емес, сонымен қатар, өз тыңдаушысын қолдап оған деген жеке қатысын білдіру де; 3) қатынасты ниет (әңгімелесуші қолдау болмаса шеттету, әңгімені жалғастыру болмаса аяқтау);4) әрекетке итермелеу ниеті (белгілі бір әрекетке бағыттап, оны орындауға итермелеу) [4,43 б.].

Перлокутивті ықпал тікелей сөйлеу актісінен тыс болатындықтан, сөйлеу актілері теориясы иллокутивті күштерді талдауға бағытталған, ал «сөйлеу актісі» мен «иллокутивті акт» терминдері синонимдер ретінде қабылданады. Иллокутивті күштердің жалпыланған түрі сөйлемнің грамматикалық құрылымынан көрінеді (хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер). Иллокутивті мақсаттар біртұтас мазмұнды диалог құру барысында айрықша маңызға ие, өйткені сұрақ жауапты талап етсе, кінәлау не ақталуды, не кешірім өтінуді қажет етеді.

Сөйлеу актілерін жіктеуде иллокутивті мақсат, сөйлеушінің психологиялық жай-күйі, сөйлеу актісіндегі пропозиционалды мазмұнның нақты болмысқа қатынасы, адресант пен адресат мүдделері ескеріледі.

Сөйлемдер көмегімен сөйлеуші белгілі бір әрекет жасайды. Дж Р.Серль сөйлеушілердің коммуникативтік мақсатына қарай (нақты сөйлеу актілерінің қатысушыларының ерекшеліктері мен жағдайларын ескере отырып) сөйлемдердің прагматикалық типтерінің толық жіктемесін жасады. Негізгі прагматикалық типтер ретінде перформативтер мен констативтер (репрезентативтер хабарламалар) аталды. Перформативтер дегеніміз – сөйлеу нәтижесі белгілі бір әрекетке балама бола алатын сөйлемдер, мысалы, *Мен ант етемін; Мен уәде беремін; Конференцияны ашық деп жариялаймын*, яғни сөйлеуші сол айтып тұрған әрекетін орындайды. Перформативтер автореферентті, яғни перформативті, сөйлемде етістік I жақта, жекеше түрде, осы шақта болуы керек. Ал констативтернақтыбірнәрсетуралыхабарлайды. Констативтерөзішіненпромисив, экспрессив, менасив, директив, реквестивдепбөлінеді.

**Әдебиеттер:**

1. Речевое воздействие в сфере массовой коммуникации. –М., 1990. – 194 с.

2. Остин Дж. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. Вып.17. Теория речевых актов. М., 1986. – С.22-130.

3. Серль Дж. Р. Косвенные речевые акты. // Новое в зарубежной лингвистике. Выпуск XVII. Теория речевых актов. М.: Прогресс, 1986.–С. 195-222.

4. Серль Дж., Вандервекен Д. Основные понятия исчисления речевых актов // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, 1986. – Вып. 18. – С.242-263.

5. Имангалиева Г.С. Типология диалога: автореф. дисс. ... канд.филол.наук:.– Алматы, 1999. – 43 с.

# СӨЗ ТІРКЕСІНЕ ТӘН СИНТАКСИСТІК СИНТАГМА КАТЕГОРИЯЛАРЫ

***Ильясова Нағима Әбзелбекқызы***
*Филология ғылымдарының докторы, доцент*
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.*
*nagima68@mail.ru*

**Summary.** The article analyzes the categories of the linguistic communication and communicative grammar. The author defines the syntactic synthesis as a combination of the linguisticunits which is necessary for the speech. The syntax of the word synthesis is recognized as a semantic -grammatical interface. Synthesis of the words is determined by the specificity of semantics and grammar. They syntactically synthesized and have a semaciologic significance. As a result the following types of phrasesynthesis were determined as syntagmatics of variance,syntagmatics of evasion, the amplification of syntagmatic ( syntagmatics of amplification ),syntagmatic synonomy ( syntagmatic synonomy), the valence of syntagmatic (syntagmatic valency).

**Key words:** Syntagma, semaciology, semantics, communication, syntax, syntagmatics of variance, syntagmatics of evasion, syntagmatics of amplification, syntagmatic synonymy, syntagmatic valence.

Синтаксистік синтагма – тілдік қатынас теориясындағы грамматикалық категорияға жататын ілім. Қазақ тіл білімінде тілдік қатынас теориясының негізін салған профессор Ф.Оразбаеваның«Тілдік қатынас ойлау мен сөйлеудің қатысы арқылы тілдік бірліктердің таңбалық жүйесі мен дыбысталу қасиеті нәтижесінде жүзеге асатын, қатысымдық бірліктердің семантикалық бірлікпен байланысу заңдылықтары арқылы берілетін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ететін, тек адамзатқа ғана тән күрделі тілдік қоғамдық-әлеуметтік процесс»[1, 236 б.]деген пікірі коммуникативті грамматиканың бастауы болатын тұжырым. Ғалым атап көрсеткен «ойлау мен сөйлеудің қатысындағы тілдік бірліктер», «семантикалық бірлікпен байланысу заңдылықтары»деген тұжырымдардан сөйлеу лингвистикасына тән заңдылықтарды көруге болады. Ойлау мен сөйлеудің қатысы негізінде семантикалық байланысқа түскен тіл бірліктері ғана тілдік қатынас құралы бола алатыны сөзсіз. Солардың бірі синтаксистік синтагмалар болып табылады. Бұл мақалада сөз тіркесіне тән синтаксистік синтагма мәселесі сөз болады. Синтаксистік синтагма сөйлеу ағымына түскен сөздердің тіркесімділік қасиетін анықтайды. Сөйлеу ағымындағы сөздердің тіркесімділігін семантикалық жақтан және типологиялық жақтан жіктеуге болады. Семантикалық тіркесімділік семантика-грамматикалық байланысқа негізделіп, атауыштық мәндегі синтаксистік синтагма және семасиологиялық

мәндегі синтаксистік синтагма түрінде жіктеледі. Бұл мәселе ғылыми еңбектерде жарияланып жүргендіктен, бұл мақалада синтаксистік синтагманың типтерін айқындайтын категорияларға тоқталамыз. Олар: *вариантты лық синтагмасы, жылысу синтагмасы, күшейту синтагмасы, синтагмалық синонимия, синтагмалық валенттілік.*

**Вариантты лық синтагмасы.** Синтагманың бұл түрі –өмірде болып жатқан қатынасты әр қырынан көрсетіп, әртүрлі коммуникативтік мақсатта жұмсалатын синтагма. Мысалы:

*Су ақты – судың ағуы – аққан су – ағатын су, ағар су – ағытатын су;*

*Бала оқыды – баланың оқуы – оқыған бала – оқитын бала – оқытатын бала;*

*Хат жазу – хаттың жазылуы – жазылған хат – жазатын хат – жазылар хат – жазғызатын хат;Қонақ келді – қонақтың келуі – келген қонақ – келетін қонақ – келер қонақ; Бұлбұл сайрайды – бұлбұлдың сайрауы – сайраған бұлбұл – сайрайтын бұлбұл* т.б.;

**Жылысу синтагмасы.** Синтагманың бұл түрі жинақталған, тұтас, күрделі ұғымды білдіретін атаулардың үнемі бірқалыпта қолданылмай, олардың түрін, түсін, қимылын, сипатын, санын білдіретін атаулар арқылы түрленіп қолданылуын көрсетеді. Мысалы, *адам* сөзі үлкен, кіші, жақсы, жаман, арық, семіз, ақылды, ақылсыз, талапты, талапсыз, т.б. орыс, қазақ, ағылшын, неміс т.б. келу, кету, сөйлеу, жазу, сызу, айту, оқу, ойлау, т.б. сияқты ұғымдарды қамтып, күрделі ұғымды білдіреді. Бір сөздің мағынасы аясында бірлескен осындай ұғымдағы сөздер күрделі ұғымды білдіретін сөздердің орнына жұмсалып, синтагмалық жылысу құбылысына түседі. Мысалы:


*Адамдар амандасты – келгендер амандасты – оқығандар амандасты, үлкендер амандасты, қазақтар амандасты, сөйлегендер амандасты, жақсылар амандасты* т.б.

*үлкендерден сөйледі, талаптыға кездесті,ақылдыны тапты, жақсылармен сөйлесті* т.б.;

**Күшейту синтагмасы.** Белгі бір зат немесе құбылыс, сын-сапа, іс-әрекет т.б. туралы хабарға экспрессивті-эмоционалдық тұрғыда басымдық беріп ақпараттық мәнді күшейту мақсатында қолданылатын синтагма. Мысалы: *біле біл, жақынның жақыны, алыстан да алыс, күндердің күні, жақсының жақсысы, ақымақтың ақымағы* т.б.Күшейту синтагматикасына тән басты белгілер мыналар: *біріншіден,* құрамындағы сөздердің айтылуы да, жазылуы да, мәні де бір сөз болады; *екіншіден,* толық лексикалық мағынаға ие сөз болады; *үшіншіден,* грамматикалық жолмен байланысып, синтаксистік қатынаста тұрады.


**Синтагмалық синонимия.** Бұл **–** мағыналас сөздердің байланысуын көрсететін синтагма. Мағыналас сөздердің байланысуы 2 түрлі жолмен жүзеге асады. ***Біріншіден,***жинақталған, тұтас, күрделі ұғымды білдіретін әртүрлі атаулар (мыс: адам, ат, трактор) жаратылысына, болмысына тән ұғымды білдіретін белгі атауларымен емес, зат қалыптасып, жасалып болғаннан кейінгі көрсеткіштерді білдіретін мағыналас атаулармен байланысады. Мысалы: м*ықты, берік, күшті, қуатты, әлуетті, қарулы* сөздері *адам, ат, трактор*сөздерінің кез келгенімен емін-еркін байланысуға қабілетті.

Мысалы:





***Мықты, берік, күшті, қуатты, әлуетті, қарулы*** сөздері – заттар қалыптасып, жасалып болғаннан кейінгі сапалық көрсеткіштер болғандықтан мағыналас келіп, тең дәрежеде байланыс құруға қабілетті. Оларды ілік септігі мен тәуелдік жалғау арқылы түрлендіріп сапалық көрсеткішті даралаушы көрсеткіш ретінде жұмсауға да болады.

Мысалы:





***Екіншіден,*** жинақталған, тұтас, күрделі ұғымды білдіретін атаулар іс-әрекеттің объектісіне/субъектісіне айналған кездегі көрсеткішті білдіретін мағыналас атаулармен байланысады.


Мысалы:




Мысалы:




*Мысалы:*




*Радио, телефон, апа* сөздері барыс, шығыс, көмектес септік жалғаулары арқылы, *немере, ұшақ, кітап* сөздері табыс септік жалғауы арқылы, *үйде, досымда, мектепте, мемлекетте* сөздері жатыс септік жалғаулары арқылы түрленіп, іс-әрекеттің нысанына айналғандықтан әрекет атаулары олармен мағыналас келіп, тең дәрежеде байланыс құруға қабілетті.


Бұл категорияның ең басты белгісі мағыналас бірнеше атаулар жинақталған, тұтас, күрделі ұғымды білдіретін әртүрлі атаулармен емін-еркін байланысқа түсе алуы. Сондықтан синтагмалық синонимия – атауыштық мәндегі синтаксистік синтагмаға тән құбылыс.

**Синтагмалық валенттілік.** Семасиологиялық мәндегі синтаксистік синтагма заттар мен құбылыстардың атауы мен оның жаратылысына тән белгі атаулардың байланысынан

тұрады. Сондықтан синтагмалық синонимия құрай алмайды. Синтагманың құрамындағы белгі атаулардың әрқайсысы затты, құбылысты тануға, білуге қызмет атқаратын когнитивті семантикаға ие болғандықтан белгі атаулар мағыналас бола алмайды. Мысалы, *ақыл, ой, сана, сөйлеу* сөздері – жинақталған, тұтас, күрделі ұғымға ие *адам* сөзінің мәнін анықтайтын танымдық белгі атаулар. Бұлар *ат, трактор* сияқты атаулармен синтагма құрай алмайды. *Ақылды трактор, ойлы ат, сөйлейтін ат* түрінде синтагма жасалмайды. Өйткені мағыналық байланыс жоқ.

Семасиологиялық мәндегі синтагмалар валенттілік құбылысына түсе алады. ***Синтагмалық валенттілік дегеніміз*** – бір мағынаға тоғысатын бірнеше сөздердің өзара байланысуы.

Мысалы:




***Мысалы:***

ақылды
ойлы
саналы

Синтагмалық синонимияда мағыналас сөздер байланысса, синтагмалық валенттілікте бір мағынаға тоғысатын сөздер байланысады. Олардың бір бірінен айырмашылықтары мынадай: синтагмалық синонимияда өзара мәндес, мағыналас бірақ әр сөздің өз алдына қосымша мағыналық реңкі бар сөздер синтагмалық байланысқа түседі. Мағыналық реңкі, сәл де болса ерекшелігі бар болғандықтан әртүрлі атаулармен байланысуға қабілетті. Синтагмалық валенттілікте бір ұғымның аясына тоғысқан сөздер байланысады. *Елбасы, мұғалім, оқушы ата-ана* т.б. сөздері адамға қатысты ұғымға тоғысса, *айтты, сөйледі* сөздері де адамға қатысты ұғымды анықтауға қызмет атқарады. Сонымен қатар, *айту, сөйлеу* сөздерінің арасында сәл де болса ерекшелік, мағыналық реңк жоқ, олар бір ғана әрекеттің екі түрлі атауы ретінде жұмсалып, бір мағынаға тоғысқан сөздер. Сондықтан олар синонимдік қатар емес, валенттілік қатар түзеді.

Синтаксистік синтагманың семантика-грамматикалық байланысуы да, типологиялық ерекшелігі де құрамындағы сөздердің мағыналық жақтан байланысы бар екенін көрсетеді. Қазіргі қазақ тілі морфологиясындағы семантика мәселесіне ерекше назар аударған профессор Н.Оралбаеваның «Сөздердің грамматикалық мағынасы да, ол мағынаны білдіретін көрсеткіштері де сөздердің мағыналық топтарына байлаулы болады» деген тұжырымына назар аударсақ және грамматикалық мағынаның мәні сөздер сөйлеу объектісіне айналып, өзара

байланысқа түскеннен кейін айқындалатынын ескерсек, қазақ тіл ғылымында синтаксистік синтагманың теориялық негізін айқындайтын ғылыми тұжырымдар бар екеніне көз жеткіземіз[ 2,6 б.].

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынастың теориялық негізі // Тіл әлемі. – Алматы: Ан Арыс, 2009. - 368 б.
2. Оралбай Н.Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы.Алматы, 2007.- 390 б.

# ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ФИЛОСОФИЯСЫ

***Иманқұлова М.А.***
***PhD, аға оқытушы***
*Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласы*

Қазақ тіл біліміндегі таным теориясын меңгертудің философиялық негізі білім беру философиясымен тікелей байланысты. С.Ж.Еділбаева білім беру философиясын былай түсіндіреді: «Білім беру философиясы білім берудің онтологиясын, логикасын, аксиологиясын, мәдениетін, әдісін және идеологиясын қарастырады»[1;9]. Осыған сәйкес тіл біліміндегі таным ториясын меңгертудің бастапқы ұғымдары, логикалық үйлесімділігі, құндылықтары, әдістері, негізгі идеялары білім философиясының негізін құрайды. Бүгінгі таңда құндылық мәселесі әр түрлі мағынада қолданылады. Құндылықтың онтологиялық ерекшелігін білу үшін, алдымен болмыс түрлерін анықтап алуымыз керек. Ибн Синаның пікірінше болмыстың екі түрі бар: 1) түйсіктен тыс болмыс; 2) түйсікке негізделген болмыс[2;30]. Түйсіктен тыс болмыс сезімдермен түйсінетіндіктен ақиқат болмыс деп танылады. Ал түйсікке негізделген болмыс түйсіктен тыс бір нәрсенің бейнесі секілді, түйсіктен тыс баламасы жоқ ұғым да болуы мүмкін. Осыған орай құндылықтың онтологиялық ерекшелігін анықтау үшін Оңғаров Е.: «1) Құндылық шын болмыс па, әлде түйсікке негізделген болмыс па? 2) Құндылық іс-әрекетке негізделген болмыс па, әлде күшке негізделген болмыс па?»[3;132] -деген сұрақтар қоя отырып, құндылықтың мәнін айқындайды. Философ Нұрмұратов С.Е. «құндылық дегеніміз – рухтандыратын шындық»[4;83]-десе, С.Ф.Анисимовтың пайымдауынша: «Егер құндылықтарға маңыздысы қоғамның, таптың, тұлғаның жаратымды, саналы нақты қажеттіліктерін қанағаттандыратын қабілеті болса, онда ол өзінің мағынасы бойынша теріс бола алмайды»[5;41]. О.Г.Дробницкий «Адамгершілік» атты еңбегінде адамгершілік сапасы түсінігіне назар аударады: «бұл адам мінезінің ең тұрарлық қасиеттерінің бірі болып табылады»[6;50]-деп құндылық ұғымын кеңейте түседі. Сонымен тіл білімін танымдық тұрғыда оқыту адамды рухтандырады, шәкіртті адамгершілікке тәрбиелейді және ұлттық-мәдени құндылықтарды, оның ішінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды бағалауға жетелейді.

Білім философиясының зерттеу мәні – адам болғандықтан, қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың еңбектеріндегі таным теориясын оқыту да білім беру философиясының зерттеу мәнін құрайды. Себебі таным теориясын меңгерту тек білім мазмұнын ғана емес, сонымен қатар адамның рухани-мәдени құндылықтарын да қамтиды. Сондықтан тіл арқылы білім алушыға адамгершілік, ұлттық, мәдени, қоғамдық-әлеуметтік құндылықтарды сіңіру – таным теориясын оқытудың маңыздылығын арттырады.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде таным теориясын оқыту арқылы студентті ұлттық, мәдени, қоғамдық, адамгершілік құндылықтарды бағалау тәрбие-

лейді. Ғалымдар тіл біліміне қатысты еңбектерінде таным мәселесіне байланысты жан-жақты ғылыми тұжырымдар мен тілдің табиғатын ашу үшін философиялық пайымдаулар жасайды. Себебі, философия табиғаттың да, қоғамның да, ойлаудың да ең жалпы заңдылықтарын зерттейді, сондықтан таным мәселесінің тілдегі көрінісі философиялық пайымдауларды да қажет етеді. Себебі, «философия дегеніміз — мәңгі және үнемі өзгерістегі дүниені тану, бар заттар мен құбылыстардың себептері мен принциптерін айқындауға бағытталған ғылым. Ол дүние мен адамның тұтастығы, немесе өмірдің мәні туралы, адамның әлемдегі орны, оның парасаты мен биік қасиеті туралы ілім» [7;12]. Философия – адамның дүниедегі заттар мен құбылыстарды танып, игеріп, оның сырын ашуға жәрдемдесетін ғылым. А.Байтұрсынұлы адамның дүниені, ғаламды танудың биік ұғымы – даналық мәселесін: «Адам зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұлы ұғым жүйесі даналық деп аталады. Даналық мақсаты бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам аталған дүниенің жұмбағын (дүние мәселесін) шешпек»[8;133]-деп түсіндіреді. Ғалымның пайымдауынша, адам ғаламды танып, дүниенің сырларын шешіп, ол туралы үлкен ұғым қалыптастырып, оны сөз арқылы жарыққа шығарады. Себебі, «қара сөз нәрсені тиісті жағына сөйлейді... Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлаған ойымыз, ұғым түрлеріне қарай, бірнеше тарапқа бөлінеді» [8;133]. Сол тараптың бірі - «ғалам тарапы», яғни даналық. А.Байтұрсынұлы ғалам туралы адам пайымының тілге қатысын анық байқап, даналық адамның айналада қоршаған заттар, құбылыстар мен оның сырын, сипатын, заңдылықтарын санасына қабылдап, тіл мен ойлау бірлігі негізінде қайта жарыққа шығаратындығын көрсетеді.

Таным мәселесі адам болмысымен тығыз байланысты болғандықтан, адамның дүние туралы пайымдауымен (яғни философия ғылымымен), санасымен (психология ғылымымен), сөйлейтін тілімен (лингвистика ғылымымен) сабақтасып, жаңа ғылыми парадигманың бірнеше ғылымдар тоғысында пайда болуына ықпал етті. Т*аным мәселесі өте күрделі болғандықтан, жан-жақты анықтап, айқындап алуды қажет етеді. Танымның философиялық негізі адамның ақылымен, санасымен сабақтас. Ақыл-парасат, сана – сезім иесі ретінде адамның ең басты қасиеттерінің бірі — өзін қоршаған ортаны танып – білуге деген ерекше ұмтылыс. Адам айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білу барысында олардың ішкі құпиясына үңіледі, қасиеттерін анықтайды, даму заңдылықтарын біледі, өзінің орнын, басқа адамдармен қарым – қатынасын белгілейді. Дәлірек айтсақ, таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білімі кеңейіп, тереңдей түседі. Адам айналасын танып, білуге тырысып, ол туралы пайымдап, философиялық дүниетанымын кеңейтеді. Сонымен,* «философиялық дүниетаным деп әлемге, табиғатқа, қоғамға және олардың арақатынастары туралы қалыптасқан ең жоғарғы ғылыми көзқарастар жиынтығын айтамыз. Философия өзінің мазмұны, түрі және танымдық тәсілдері жағынан әрі дүниетаным, әрі ғылым болып табылады» [7;7]. Демек, философияда таным философиялық дүниетанымның қалыптасуына зор ықпал етіп, адамға ең жоғарғы ғылыми тұжырымдар жасауына әсер етуші әрекет ретінде түсіндіріледі. Қ.Жарықбаевтың пікірінше: «Дүниетаным – адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі. Нағыз дүниетаным мистика мен идеализмге жат, дәйекті ғылыми-материалистік дүниетаным. Оның басты ерекшелігі – ғылыми негізделетіндігі. Бірден бір ақиқат дүниенің даму заңдарын дұрыс түсіндіретін ғылымға негізделген дүниетаным ғана адам психологиясына дұрыс бағыт бере алады»[9;128]. Сондықтан, адам өмірінде маңызды орын алатын, оның рухани байлығын қамтамасыз ететін дүниетанымдық білімі таным арқылы қалыптасады.

Философия зерттеушілері: «таным – жеке тұлғадан оның барлық маңызды күштерін: ақылын, сезімдерін, еркін, түйсігін жұмылдыруды талап ететін аса күрделі үдеріс»[7;296]-деп танып, теориялық тұрғыда танымды екіге бөліп қарастырады. **Біріншісі** – сезімдік та-

ным, ол сезіну, қабылдау, көзге елестету әрекеттері арқылы өзін қоршаған әлемді таниды. **Екіншісі** – логикалық таным, яғни адам әлемді, өзін қоршаған заттар мен құбылыстарды ойлап, пайымдап, тұжырымдап таниды. Логикалық таным басымдылығымен танымның ең жоғарғы пішімі ғылыми таным қалыптасады. «Ғылыми танымның негізгі мақсаты –шындыққа жету, өйткені сол ғана ғылымның іс жүзінде қолданылуына, пайдаға асуына жол ашады»[10;298].

Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдарымыз сөз еткен таным теориясы – тіл біліміндегі таным. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов танымдық тіл білімінің негізгі ұғымдарын, қағидаларын, ұстанымдарын зерттеулеріне арқау етіп, XX ғасырдың басында-ақ тіл болмысын танытуда философия ілімінің қағидаларына ден қойғандарын байқаймыз. Тіл болмысын дүниетану құралы ретінде түсіндірген ғалымдар тілдің танымдық қызметін, тіл мен таным сабақтастығын, тіл арқылы халықтық танымды, тіл мен ұлт тұтастығын, тіл мен қоғам бірлігін философиялық пайымдаулары арқылы ұсынып, тілдегі таным теориясының басты ғылыми ұғымдарын қалыптастырды. Сезімдік таным мен логикалық танымды да тіл біліміне қатысты зерттеулеріне арқау етіп, таным теориясының тіл болмысымен сабақтастығын анықтауды көздеді. Сезімдік таным адамның бастапқы сатысы екендігін Қ.Жұбанов «кішкене дүние дәуірі» деп атап: «Адам баласының табиғатында әуелі басқаны біліп алып, өзін кейіннен білу қасиеті бар... Ежелгі дәуір адамдарының алдымен өзінен басқа заттарға ат қоятыны, өзін сол басқаларға ұқсата атайтыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге әсер еткен»[11;492]-деп, тілдің танымдық қырын дәл көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы адам баласында дүние туралы ұғым түрлерін бірнеше тарапқа бөліп: «Қара сөз нәрсені тиісті жағына сөйлейді... Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда ойымыз, ұғым түрлеріне қарай, бірнеше тарапқа бөлінеді: 1) ғалам тарапына, 2) Құдай тарапына, 3) ғылым тарапына, 4) әлеумет тарапына, 5) үгіт-тәрбие тарапына, 6) сын тарапына» [8;133] -деп жіктеп, ғалым адамның дүниені тануы ғылыммен сабақтасып, ғылым тілі арқылы адам өмірінде маңызды орын алатындығын түсіндіреді.

А.Байтұрсынұлы: «Ғылым дегеніміз – дүниені, яғни табиғатты дұрыс тану, ғылым жоқ болса дүниені тану дұрыс болмайды. Дүниені дұрыс танымаған соң, дүние турасындағы мағлұмат жиысатын сана-саңлауы дұрыс болмаған соң, табиғаттың күшін, ісін, қасиетін, бұрынғылар теріс танып, теріс әуезе қылған» [8;155]-деп пайымдап, ғылыми таным дұрыс болмаса ол туралы жарыққа шыққан сөз де дұрыс болмайтындығын айтады. Себебі, ғалым **адамда екі ғалам болады** деп түсіндіреді. Оның **бірі – тысқы ғалам, екіншісі – ішкі ғалам**. «**Ақыл, көңіл, қиял сияқты адамның рухына** қараған жағы **ішкі ғалам** болады да, онан басқалар – **басқа адамдар, мақұлықтар, нәрселер, бүтін дүние тысқы ғалам** болады. Әуезе тысқы ғалам турасындағы сөз» [8;156] - деп дүниенің философиялық негізін тілмен байланыстырады.

*Айнала қоршаған дүниені, оның қасиетін түйсік арқылы адам санасына қабылдап, сезімдік таным қалыптастырады. Сезімдік таным дамып, қабылданған ақпараттың тек сыр-сипаты ғана емес, оның ішкі мазмұнын ашып, пайымдап логикалық таным дәрежесіне көтереді. Адамның қоршаған дүние туралы ойлап, пайымдап, тұжырымдап, оның сырын ашуға ұмтылатын ой жүйесі, жинақтаған білімі күрделі үдеріс ретінде ғылыми танымға айналады. Қазақ тілінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тіл біліміне қатысты зерттеулерінің басты ерекшелігі – олар тіл болмысын құрылымдық сипатта ғана қарамай, оған философиялық пайымдаулар жасап, тіл табиғатын тұтас танып, және біртұтас үдеріс есебінде зерттеуге тырысқандығында.*

Сонымен А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов тіл мен ойлаудың тығыз байланыстылығын алға қойылып, зерттеулерінде адамның дүниені тануы, пайымдауы, тұжырымдауы тіл арқылы жүзеге асатындығын тілтанымдық пікірлері арқылы көрсетіп, тілдің танымдық

қызметін білім беру философиясымен ұштастырған. С.Аманжолов алдыңғы ғалымдардың көзқарастарын жалғастырып, тілтанымды тұжырымдай келе, тіл арқылы қоғамның философиялық ойлауын, түсінігін анықтауға тырысқан. Сонымен философия ғылымында таным теориясы тілдің танымдық қызметімен тығыз байланыста зерттелуде. Таным теориясының мазмұнын терең түсінген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов қазақ тіл білімінің негізін қалыптастыруда философия ілімінің басты бағыттарын зерттеулеріне арқау етіп, тілдің құрылымдық жүйесін, тіл тарихын, тілдің танымдық табиғатын тұтас қарастырады. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тілдің танымдық болмысын оқыту – адамның дүниетанымының кеңеюіне, санасының жетілуіне ықпал етіп, адамгершілік, ұлттық, мәдени-рухани құндылықтарды бағалауға жетелейді деп түсіндіреді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. С.Ж.Еділбаева. Білім беру философиясы. Алматы: Қазақ университеті. 2014-138 б.
2. Hayrani A. Ibn Sina metafizigi. – Ankara: Elis Yay, 2008. – s. 182
3. Оңғаров Е. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. Алматы: Көкжиек, 2013-272б.
4. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (Әлеуметтік-философиялық талдау): Философия ғыл.док.ғыл.дәр.алу үшін д.дисс.авт. 09.00.11.-Алматы, 2000.-23 б.
5. Анисимов С.Ф. Духовные ценности: производство и потребление. Алматы: 1986. – с. 165.
6. О.Г.Дробницкий. Проблемы нравственности. М., Наука, 1977-с. 351.
7. Қ. Ермеков. Философия негіздері. Алматы: «Ақыл кітабы», 2000-316 б.
8. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Қызылорда, 1926.-286 б.
9. Жарықбаев Қ. Психология негіздері. Алматы: «Эверо». 2005ж.
10. Артемьев А.И.,Мырзалы С.Қ. Ғылым тарихы және философиясы: оқу құралы. Алматы: Бастау 2013-432 б.
11. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010-608 б.


# О ТЕКСТЕ КАК КОНСТАНТЕ ВУЗОВСКОГО ЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ


***Кажигалиева Г.А.,***
*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, город Алматы, Казахстан. E-mail: Kazhigaliyevagu@mail.ru*



***Түйіндеме****. Мақалада тілдерді оқытудағы лингвомәдени көзқарастың үлгісін қолдана отырып, мәтіннің мүмкіндіктерін университеттік тілдік білім беру үшін константа деп қарастырылады. Автор лингвомәдени түсіндіруді, лингвомәдени транспозицияның және лингвомәдени интерференцияның дифференциалды жағдайларын қолдану тәжірибесімен бөліседі: мұндай саралау лингвәдістеме жағынан өте маңызды.*

***Annotation****. The article considers the possibilities of the text as a constant for university language education using the example of the use of the lingvocultural approach to teaching languages. The author shares experience of using lingvocultural commentary, differentiated cases of linguocultural transposition and linguocultural interference are cited: such differentiation is significant in the linguistic method.*

Издание статьи осуществлено в рамках научного проекта AP05130793 «Компетентностно-коммуникативная модель языковой подготовки будущих педагогов-предметников в полилингвальных образовательных условиях Казахстана» (*Протокол заседания Национального научного совета РК по приоритетному направлению «Научные основы «Мәңгілік ел» (образование XXI века, фундаментальные и прикладные исследования в области гуманитарных наук)» №1 от 17 января 2018 г.*)

Определяя текст в качестве константы современного языкового образования, мы имеем в виду то, что именно через текст (в глобальном его значении) к человеку обращается гуманитарное мышление XXI века. Человек живет в тексте вне своего физического бытия, в тексте он слушает другого, разговаривает с ним, осмысливает себя: через текст Я понимаю Другого, Я спорю с ним, следовательно, принимаю его в себя; в конце концов, Моя жизнь имеет смысл только ***в тексте***. И эта гуманитарная глобальность текста, на наш взгляд, не может не оказывать влияние на текст в лингвометодическом аспекте, особенно если предметом исследования является художественный текст (ХТ). В языковом обучении художественный текст характеризуется полифункциональностью, многоцелевым использованием. Тому способствуют сущностные характеристики ХТ как рече-языковой универсалии. ХТ интегрирует в себе языковые элементы всех функциональных стилей и сфер использования общенационального языка; общие текстовые категории в художественном тексте получают осложненное и специфическое выражение, которое обусловлено художественно-эстетической функцией ХТ, подчиняющей себе все другие функции; указанная специфика обусловливает роль художественного текста как речевой системы, в которой происходит развертывание и реализация системы языка. Наш многолетний практический опыт подтверждает, что художественный текст являет собой уникальный материал при обучении языку в силу того, что в языке художественной литературы находит отражение одновременно и живая речь, и литературная норма. Поэтому, к примеру, использование ХТ в практическом курсе русского языка (ПКРЯ) (и не только) позволяет успешно решать две наиболее существенные, коммуникативно-познавательные, задачи языкового обучения: 1) формирование и закрепление языковых знаний и навыков употребления языковых единиц; 2) обучение устной и письменной связной речи, обучение речевому общению.

Оптимальным для использования в учебном процессе художественным текстом, на наш взгляд, является ХТ, обладающий мотивационными возможностями (МВ), под которыми подразумеваются потенциально заложенные в художественном тексте условия, способные регулировать учебную активность обучаемого, определить его учебное поведение, позволяющие поддерживать проявления с его стороны положительных учебных мотивов. Соответственно художественный текст, наделенный мотивационными возможностями, мы определяем в качестве мотивационно ценного художественного текста (МЦХТ). Критерием рассмотрения художественных текстов как мотивационно ценных служит признак наличия или отсутствия одного из мотивационных признаков в содержании художественного текста: информативности, проблемности, дискуссионности, эмоциональности, лингвокультурологической выраженности. Безусловно, учитывается учебная сторона текстового материала, связанная с соответствующей темой предметного курса. В итоге в качестве основных критериев отбора мотивационно ценных художественных текстов нами выделены: 1) актуальность идейно-художественного и лингвокультурологического аспектов; 2) репрезентативность художественного текста (отбор произведений или отрывков из них, представляющих интерес в художественном отношении); 3) методическая целесообразность: соответствие языковых, структурно-композиционных, жанровых и стилевых особенностей художественного текста уровню владения студентами русским языком, этапу обучения; 4) отрывок из литературного произведения должен быть центральным в содержательном отношении и относительно законченным в композиционно-смысловом отношении.

Нами на занятиях по практическому курсу русского языка целенаправленно и системно не один год использовались отобранные по указанным выше критериям МЦХТ, представляющие собой произведения (или законченные отрывки из них) И. Тургенева и И. Гончарова, Л. Толстого и Ф. Достоевского, А. Чехова и М. Горького, В. Арсеньева и А. Куприна, М. Шолохова и Ф. Гладкова, Б. Лавренева и М. Пришвина, И. Бунина и Ю. Домбровского, Ф. Абрамова и В. Астафьева и др. и являющиеся лучшими образцами русского художественного слова, образцами яркого, красивого, выразительного русского языка.

Здесь мы хотели бы обратить внимание на один из критериев отбора МЦХТ: лингвокультурологическую актуальность. Использование лингвокультурологической методики в работе с МЦХТ - это многообещающая перспектива, позволяющая раскрыть тот потенциал в художественном тексте, который еще не раскрыт. И наша практика показывает эту перспективность лингвокультурологической методики в работе над художественным текстом в инонациональной аудитории, в основу которой положен принцип соизучения языка и культуры через выделение особой единицы исследования – лингвокультуремы: комплексной межуровневой единицы, воплощающей собой диалектическое единство языка (собственно языковое значение) и культуры (внеязыковой культурный смысл) [1].

Работу по выявлению лингвокультурологического актуальности языковых единиц МЦХТ мы проводим, придерживаясь в частности следующего алгоритмического предписания: 1) языковая единица наряду с лексическим значением обладает совокупностью внеязыковых культурных смыслов, обладающих специфическими характеристиками в конкретной языковой системе; 2) в рамках определенного языка лингвистическая единица имеет выраженные аксиологические характеристики; 3) в контексте национальной языковой картины мира лингвистическая единица представляет собой один из ее элементов; 4) лингвистическая единица может представлять любой из языковых уровней: фонетический, лексический, морфологический, синтаксический; 5) языковая единица является лингвокультуремой.

Лингвокультурологическая методика в работе над ХТ позволяет успешно поддерживать положительное отношение обучаемых к изучаемому языковому материалу, стимулировать их учебную активность и соответственно в целом актуализировать положительную учебную мотивацию студентов.

Предварительно на занятиях с использованием лингвокультурологической методики студенты получают в краткой и доступной форме (сообщение делает преподаватель) теоретические сведения о *лингвокультурологии, лингвокультуреме / лингвокультурологической единице, лингвокультурологическом смысле, особенностях лингвокультурологического комментария*. В рамках последнего используются такие виды заданий и упражнений, как: *1. Выделите (восстановите) устно и /или письменно языковое (лексическое) значение и культурно-понятийное содержание в лингвокультурологическом смысле данной лингвокультуремы. В случае затруднений пользуйтесь словарями. 2. Составьте несколько предложений с каждой из проанализированных лингвокультурем, в которых последовательно актуализируется тот или иной фрагмент лингвокультурологического смысла языковой единицы*. В качестве заданий для СРСП или СРС студенты получают, к примеру, следующие: *1. На основе привлечения различных лексикографических и других источников составьте (письменно) «лингвокультуремную» статью определенной языковой единицы. 2. (Задания с элементами занимательности). Составьте загадки, шарады, кроссворды, сказки с обыгрыванием различных сторон лингвокультурологического смысла изучаемых лингвокультурем*. В качестве опережающего домашнего задания сильные студенты выполняют, к примеру, такое задание: *1. Напишите сочинение на основе репродукции известной картины с актуализацией в создаваемом тексте лингвокультурологического смысла соответствующих языковых единиц и использованием различных типов речи (описание, повествование, размышление)*.

Лингвокультурологический комментарий, как правило, проводит преподаватель. Однако в рамках СРСП – СРС, получая задание на составление «лингвокультуремной» статьи определенной языковой единицы (см. выше), студенты, безусловно, выполняют уже свой лингвокультурологический комментарий.

На таких занятиях с использованием лингвокультурологического комментария настольными книгами являются как толковый словарь, так и словарь культурологических терминов и понятий, энциклопедии, справочники и др.

Таким образом, *лингвокультурологический комментарий* в контексте работы с художественным текстом представляет собой выявление и определение лингвокультурологического смысла (едино-раздельное представление собственно языкового значения и культурно-понятийного компонента в содержании актуализированной языковой единицы), транслируемого отдельными словами или оборотами, функционирующими в данном тексте и рассматриваемыми в качестве лингвокультурологических единиц.

Лингвокультурологическому комментарию подвергаются те языковые факты, без объяснения которых просто невозможно адекватное и полное понимание, к примеру, изучаемого учебного текста как определенной информации. В первую очередь это: 1) безэквивалентная лексика, паремиология и фразеология, содержащие специфически русский культурологический компонент; 2) неявные, сокрытые лингвокультуремы в силу того, что представляют языковые эквиваленты по отношению к своим аналогам в других языках, обладая одновременно при этом национально-культурным содержанием (например, зоонимы, фитонимы, цветообозначения и др.); 3) лингвокультуремы-константы русской национальной лингвокультурологической системы (например, *Москва, Пушкин* и т.д.) и др.

Представление лингвокультурологического смысла, в частности его культурно-понятийного компонента может сопровождаться наглядностью, к примеру, параллельной рассказу демонстрацией соответствующих слайдов. Помимо этого представление лингвокультурологического смысла лингвокультуремы можно дополнить проведением ассоциативного эксперимента, который будет заключаться в ответе обучающихся в данном случае на вопрос: Какие ассоциации рождает у вас лингвокультурема ...? (Для чистоты эксперимента можно задание с ассоциациями дать повторно уже после ознакомления студентов с лингвокультурологическим содержанием соответствующей лингвокультуремы).

После ввода лингвокультурологического смысла соответствующей лингвокультуремы в целях актуализации последней в словаре и речевой деятельности обучающихся им дается на выполнение ряд заданий, некоторые из которых представлены выше.

В практике преподавания мы, безусловно, стремимся использовать слова или обороты, обладающие лингвокультурологической актуальностью. В лингвокультурологической актуальности мы выделяем две ее разновидности: а) универсальная, «общечеловеческая» лингвокультурологическая актуальность и б) оригинальная, локальная лингвокультурологическая актуальность. Такое деление необходимо и востребовано в дидактическом плане: языковые единицы, транслирующие универсальную информацию, соответственно могут быть отнесены к случаям лингвокультурологической транспозиции, и они не требуют в работе с ними особых методических действий, тогда как оригинальные слова или обороты, свидетельствующие о специфике осмысления фрагментов мира народом-носителем данного языка и представляющие таким образом уже пример лингвокультурологической интерференции, требуют использования определенной методической тактики (метод лингвокультурологического комментария) в работе с ними.

К примеру, следующие русские паремии, отобранные из анализируемых художественных текстов: *доброта лучше красоты; не ищи красоты, а ищи доброты; красота лица – в красоте характера* имеют такие эквиваленты по значению среди казахских пословиц: *душевная красота скрасит неприглядность лица; не тот красотой обладает, кто телом кра-*

*сив бывает, а тот обладает красотой, кто красив своей душой*. Это случаи лингвокультурологической транспозиции.

Однако в случае с такими пословицами, как: *не красна изба углами — красна пирогами; не наряд девку красит, домостройство* и др., воплощающими собой уже пример лингвокультурологической интерференции, пришлось реализовать полный лингвокультурологический комментарий. К примеру, лингвокультурема *угол* (в избе) представляет собой часть избы, которая находится в месте, где сходятся две стены. Каждый из углов, имел своё назначение и название, в частности, был в избе и красный (передний) угол — парадный, лучший, самый убранный: там помещались иконы, и стоял стол, за который приглашали сесть почётных гостей. Красный угол всегда был обращен к юго-востоку — самой солнечной стороне (древний русский эпитет солнца — *красное солнышко*). Прилагательное *красный* (*красен, красна, красно*) в данных пословицах сохраняет древнеславянское значение – *красивый* (*красив, красива, красиво*).

Таким образом, оперирование мотивационно ценным художественным текстом в процессе языкового обучения цементирует всю работу по усвоению языковых и речевых тем курса, придает ей коммуникативную и комплексную направленность, углубляет и расширяет систему лингвокультурологических знаний и умений у обучающихся, создает у них личностно значимую учебную мотивацию в ходе освоения, в нашем случае, русского языка как неродного. Лингвокультурологическая методика, используемая нами в работе над МЦХТ, является оптимальной в силу того, что реализуется в контексте диалога культур, являющейся лозунгом образовательной парадигмы, лингводидактической науки XXI века.

**Список литературы:**

1. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). - М.: Изд-во РУДН, 1997. - 331 с.

## ТІЛ ТАРИХЫНДАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР

***Қалыбаева Қ.С.***
*Ф.ғ.д., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университетінің профессоры*

Қазіргі әлемдік жаппай жаһандану заманында қанат жайған геосаяси және экономикалық текетірестермен қатар, мәдениет пен тілдер арасында көзге көрінбес зор майдан жүріп жатыр. Бүгінде «мылтықсыз майдан» деп аталып жүрген осы бір жаһанданудың аранында тек рухы мықты, өз «Мені» бар халық қана жұтылып кетпей, елдігін мәңгі сақтап қалуы мүмкін. Тәуелсіздігіміздің 25 жылы артта қалса да қазақ халқының ана тілі мемлекеттік тіл дәрежесіндегі өз тұғырына қона алмай отыр. Оның себебі неде жатыр дегенде біз әдетте кеңестік тіл саясатының салдары дегеннен әрі аса алмаймыз. Алайда, тарих беттерін парақтай келгенде, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Лениндік саясат кіші ұлттардың мүдделеріне үлкен қамқарлық танытқандығының куәсі боламыз. Патшалы Ресей кезінде «бодан халық» кебінін киіп, жаншылған халқымыз үшін осы бір саясат құдды бір бүгінгі тәуелсіздік алған тұстағы халқымыздың бастан кешіп жатқан құбылыстарының бастамасы сияқты әсер береді.

Бұл жылдары Лениндік ұлт саясатының негізінде «үлкен ұлттың ұлтшылдығы» мен «кіші ұлттардың ұлтшылдығы» мәселесіне ерекше көңіл бөлініп, патшалы Ресей кезеңінде басқыншылық саясатының жемісімен сусындаудың нәтижесінде өзінің «ұлылығын» сезінген орыс халқының «шовинистігімен» аяусыз күрес жүргізгені еріксіз назар аудартады. Со-

ның негізінде «Ұлы орыстық шовинизм» деген ұғым саяси аренада жиі қолданысқа енгені жасырын емес. Әрине, Лениннің бұл саясаты қандай мақсатты көздеді, белгісіз. Мүмкін, Кеңестік саясатқа кіші ұлттардың сенімін қалыптастыруды уақытша мақсат етті ме, басқа ма, қалайда бүгінгі күннің тұрғысынан қарағанда, дәл осы Лениндік тіл саясаты сол кезең үшін өте дұрыс саясат еді деп ойлаймыз. Қалайда Ленин кіші ұлттардың тілін дамыту үшін орыс тіліне саналы түрде шектеу қоюды жолға қойғаны таңқалдырмай қоймас.

Алайда, Ленин өлген соң осы саясат ары қарай қалай жалғасты , бұл басқа мәселе. Әрине, Лениннің орнына келген Сталин де бас кезінде осы саясатты жалғастырды. Ол да Орыс ұлтшылдығына барынша шектеу қойып, славян нәсіліне ешбір артықшылық бермеуді барынша басты назарда ұстауға тырысып баққан секілді. 1930 жылы Ғылым Академиясының Славян комиссиясы «панславизм идеологиясымен» айналысуда деп айыпталып Славянтану бөлімі жабылды, славистика мәселесімен айналысатын бөлімдері мен кафедралар таратылды. Бірқатар А. Ф. Гильфердинга (1831–1872), В. И. Ламанского (1833–1914) А. И. Соболевский, А. С. Будилович, Т. Д. Флоринский. М. Н. Сперанский, В. В. Виноградов секілді орыс тілінің тарихын зерттеуші ғалымдар «панславизм идеологиясын» таратушылар ретінде айыпталып, түрмелерге тоғытылды. Міне, қарап отырсақ, кеңес өкіметінің бас кезеңінде Ресей құрамындағы басқа ұлттардың дамуына барынша жағдай жасауға тырысқанын көреміз.

Осы кезеңді еліміздің екі ғасырға жуық патшалық Ресей боданында болған Қазақ елінің зиялылары сәтті пайдалана білді. Қазақстан Автономиясы басшылығы тарапынан қазақ тілін дамытуға деген үлкен көзқарас қалыптасты. Соның нәтижесінде қазақ тілін дамытуға одан кейінгі, тіпті қазіргі кезде де қолға ала алмай отырған үлкен істер атқарылды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыратын жоғары деңгейдегі құжаттар бірінен соң бірі қабылданып жатты. Дегенмен, үкіметтік деңгейде қазақ тілінің ресми тіл ретінде танылуына барынша қолдау білдірілгенімен, шынайы өмірде қазақ тілінің мәртебесі күн сайын төмендей бастады. Осы құбылыс қоғамдағы қазақ ұлтының рухына үлкен зардабын тигізді. Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстандағы ұлт саясатының сипатын Смағұл Садуақасұлының мына пікірі анық көрсетеді: «... қазақ базарға сатуға сиырын алып келді. Распискасы қазақша жазылған. Оны қазақша білмейтін милиция дұрыс деп таппады. Анаған расписканы орысша жазып әкел деді. Жай қарағанда, бұл әрине ұсақ нәрсе. Ұлттық психология жағынан тексерсек, бұл – үлкен жұмыс. Қазақша жазылған расписка жарамағаннан кейін ана қазақтың жүрегінде өз ұлтының кім екендігі сезіледі. Оның көзінде қазақтың жұмысының бәрі орынсыз, осал секілді боп көрінетін болады. Ол өзінің күшіне өзі сенбеуге айналады. Оған басқа ұлттың алдында жасқаншақтық пайда болады, ол басқа жерде кеудесі көтеріліп, аяғын алшаң басып жүре алмайды. Өз ауылында жүргенде қазақтан көп айқайлайтын халық жоқ. Қалалы жерге келгенде қазақтың үні шықпай қалады. Қаланың көшесінде қазаққа арбамен жүру үлкен азап...» [1, б. 26-27].

Келтірілген тарихи дерек XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы тіл саясатының ұлт психологиясына, ұлт тәрбиесіне қаншалықты әсер еткендігінің нақты көрінісі болып табылады. Кейіннен Сталиннің бұл саладағы саясаты күрт өзгерді. Оған сол кезеңдегі ішкі және сыртқы саясат әсер етсе керек. Әсіресе Германия тарапынан соғыс қаупі төніп тұрған заманда айналадағы славян тектес халықтармен тізе қосу қажеттілігі, кеңестік ұлттарды орыс халқының айналасында топтастыруға алып келген болса керек. 1936 жылдың тамыз айындағы автономиялық республикалардың оқу-ағарту халық комиссариаттарының Бүкілресейлік жиналысында ұлттық тілдерді орыс алфавитіне көшірудің орыс тілін меңгеруді жеңілдететіндігі мәлімденеді. 1938 жылы 13 наурыздағы БК(б)П ОК мен ХКК «Ұлттық республикалар мен аймақтардағы мектептерде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» қаулысы тіл саясаты тарихында өзінің маңыздылығымен ерекшеленді. Аталған қаулы ұлттық тілдердің соның ішінде қазақ тілінің де тамырына балта шапты. Осы қаулының негізінде 1938-1939 жылдары РКФСР халықтарының тілдерін жаппай кириллицаға көшіру жүзеге асырылды.

Бастапқыда қабылданған тіл саясатында бұрмалаушылықтарға жол беріліп, оның орнына Сталиннің «біртұтас кеңес халқын жасау» саясаты орныға бастады. Бұл бағыттағы шараларды жүзеге асыру барысында әр түрлі ұлттардың өзіндік ерекшеліктері, мүдделері ескерілмей жүргізілді. Бір бағытта жүргізілген тіл саясаты көп ұлтты мәдениетке теріс ықпалын тигізді, ал осы мәселені шешудің дұрыс жолдарын ұсынған зиялы қауым өкілдері қуғын-сүргінге ұшырады.Сонымен, XX ғасырдың ортасында білім беру саласында орыстандыру үрдісі күшейе түсті. Ұлттық мектептердің саны өсудің орнына, төмендеу бағытын алды. Аталған мектептердің білім беру сапасы да нашарлады. Себебі, оған оқу құралдары мен педагогикалық кадрлар мәселесінің дұрыс шешім таппауы немесе қолға алынбауы теріс әсер етті.

Ұлттық интеллигенция өкілдерінің арасында да өзінің ана тіліне нәтижесінде ұлттық тілде кітап басу санының, радиохабарлар тарату көлемінің қарағанда, орыс тілін өте жақсы меңгерген және де қызмет бабында, шығармашылық жұмыста орыс тілін жоғары қоюшылардың саны артты. Соның, ұлттық театрлардағы репертуарлардың қысқару құбылыстары байқалды. Ал, осындай өзгерістер өз кезегінде ұлттық мәдениеттің беделін түсірді, одан әрі ұлттық тілде сөйлеуге, білім алуға деген қызығушылықты түсіріп, немқұрайлылықты қалыптастырды.

Сонымен, еліміздің тарихын қарап отырсақ, қазақ тілін жандандыруға қатысты мемлекеттік іс шаралардың 2 кезеңін бастан кешірген екенбіз.Аталған әр кезеңде де қазақ тілі мемелекеттік тіл сатысына көтеріле алмай келеді. Оның өзіндік те ортақ та себептері болып отыр. Айталық, кеңестік дәуірдің алғашқы кезеңінде қаладағы халық санының аздығы, оқу орындарының жоқтығы, оқу құралдарының жетіспеуі сияқты обьективті факторлар тіліміздің өркендеуіне барынша кері әсер етті.Отызыншы жылдардың соңғы жылдары қазақ зиялыларының қуғынға ұшырап, атылып, асылып кетуі халықтың арасында үрей туғызды. Сондықтан да Кеңес азаматтарына ортақ тіл – орыс тілін мойындамасқа амал қалмады. Қазақ тілі қалтарыста қалып, тұрмыс тілі дәрежесінен де төмендей бастады. Оның үстіне 1941 жылдың 1 тамызында қазақ тілін білетін мамандарға жасалатын жеңілдіктерді қайтып алу жөнінде қабылданған қаулы қазақ тілінің өрістеуіне кері әсерін тигізе түсті. 1955 жылғы 9 мамырдағы КСРО Министрлер Кеңесінің «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін міндетті түрде оқытудан босату» жөніндегі Жарлығы осы кезеңнен бастап-ақ қазақ тілінің басына қара бұлт үйірілгендігін анық байқатқан еді. Осыдан кейінгі кезеңде «өркениетке тек орыс тілі арқылы ғана жетеміз» деген өктем саясат тілге деген жанашырлық көзқарастарды тұншықтырып тастады.

Тіл тағдыры туралы қоғамдық сілкініс 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан басталды. Осыдан кейін бірінші болып 1987 жылы 3 наурызда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесі орыс тілі мен қазақ тілін оқытуды жақсарту жөнінде қаулы қабылдады.Ал 1989 жылы 21 қыркүйекте алғашқы қабылданған «ҚР тіл туралы» Заң сол кезеңдердегі қоғамдық-саяси өмірдегі үлкен жеңіс болды. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріліп, ол Заңның қамқорлығына алынды. Солақай саясатқа нүкте қойылып, Қазақстанда тұратын барлық халықтың тең дәрежеде дамуына бағытталған заң ретінде өмірге енді. Ол халықтың санасын оятып, қазақ тіліне көңіл аударуына тікелей әсер етті. Алғашқы сәттерде өзге ұлттар да балаларын қазақ мектептері мен балабақшаларына беріп, қазақша сөйлеуге ден қоя бастады. Алайда, уақыт өте келе, бұрынғы сарынға қайта оралдық. Бұған әрине, орыс тілінде оқыған қандастарымыздың өзі себепкер болды деуге болады. Өйткені, орыс тілінде білім алып, орысша жазуды, сөйлеуді әбден меңгерген олар, қазақ тілін қиын көріп, бұрынғы жеңіл іздерімен жүруді мақсат тұтты.Өркениетті елдердің Конституциялық құрылыс тәжірибесі әрбір тәуелсіз мемлекетте мемлекеттік және басқа да тілдердің құқықтық мәртебесін заңды түрде бекітуі қажет екенін көрсетіп отыр. Бұл мәселе 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциямызда айқындалды[2, б. 35].

Ата Заңмен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі нақтыланып, мемлекетіміздегі басқа тілдер қамқорлыққа алынды.Сегіз жылға жуық уақыт қызмет еткен алғашқы заңға түбегейлі

өзгерістер енгізіліп, 1997 жылы «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы екінші рет қайта қабылданды. Бұл заңда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі айқындалды. 2004, 2014 жылдары «ҚР тіл туралы» Заңға бірқатар өзгертулер мен түзетулер, толықтырулар енгізілді.Осылайша егемендік алған елімізде мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін дамытуға деген үлкен бетбұрыс кезеңі басталды.

Қабылданған заң да, бекітілген бағдарлама да қашан да іс жүзінде орындалуымен бағаланады. Мұның өзі халықтың асқақ рухымен тікелей байланысты. Рухы сынған халықтардың тілі де елдігі де жоғалып жатқанын тарих тағлымдарынан білеміз. Ендеше, Тіл мәселесі мемлекет тарапынан қолдау жасайтын заңдық қаулы-қаралармен ғана шешілмейді. Тіл мәселесі-халқымыздың осы жолдағы қажымас күш- жігерінің, рухының арқасында шешімін табатын, көппен бітетін іс.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жуманова А.З.. «Кеңес үкіметі жылдарындағы Қазақстандағы тіл саясаты(1917-1991 жж.)» тақырыбындағы 6D020300 – тарих мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация
2. Языковая политика в Казахстане (1921-1990 годы): Сб. документов /Сост. М.К. Айбасова, Р.К. Имажанова, Г.Т. Исахан, Б.Ж. Кабдушев; Пред. М.Ж. Хасанаева. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНДА

***Кайдарова Г.***
*ф.ғ.к.,проф.м.а ҚазМемҚызПУ*
*gulyaim.64@mail.ru*
*87011401049, 373-96-82*

**Резюме**

Состав казахского языка в статье звучит и предоставляется системой, можно разделить на несколько этапов. Каждый период имеет свои теоретические принципы и практические потребности, а также методы исследований.

Состав звуков казахского языка и исторические периоды анализа описания фонетики казахского языка объясняют особенности текущего состояния подхода для определения ценности звука персонажей, зрителей наглядных пособий и т.д. Теоретических и практические проблемы для решения, в первую очередь, ритмической необходимости знать результаты изучения фонетической характеристики каждой эпохи.

**Ключевые слова**: фонетика, артикуляция, звук, акустика, гласные, согласные

Дыбыс артикуляциясы мәтіннің құрамды бір бөлігі деп қарайтын болсақ, онда ол мәтінге тән артикуляциялық заңдылықтар болып шығады. Ендеше дыбыс артикуляциясы естілім (перцепция) және әуен (интонация) салаларының да зерттеу нысанына айналу керек. Мысалы, сөз құрамындағы дыбыс артикуляциясының жеке-жеке естілім талданымы жүргізіліп, естілім сипаттамасы алыну керек. Оған қазақ тілтанымында перцепциялық зерттеудің негізін қалаған проф. Ж.Әбуовтың еңбектері негіз болады . Ал интонация деңгейінде артикуляциялық талданым болса, интонацияны қазақ тілінің академиялық грамматикасының дербес саласы етіп қалыптастырған проф. З.Базарбаева мен ғалымның шәкірттері бар.

Қазақ фонетикасында дыбыс артикуляциясын үндесім (сингармонизм) және үйлесім ( ассимиляция) тұрғысынан зерттеудің жеткілікті тәжірибесі бар.

Ендеше қазақ тіліндегі дыбыс артикуляциясы бір ғана жасалым (артикуляциялық) талдаудың емес, естілім (перцепция), әуен (интонация), үндесім (сингармонизм), үйлесім (ассимиляция) т.б. зерттеу түрлерінің зерттелім нысаны болады.

Қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтаудың негізгі дәйегі дыбыс артикуляциясы болғанын ескерсек, әр кезеңге тән дыбыс құрамына қарап, қазақ тілінің артикуляциялық ерекшелігін (артикуляциялық базасын) сол кезеңнің зерттеушілері қалай танығанын көреміз. Ол үшін қазақ фонетикасының даму кезеңдеріне тән анықталған дыбыс құрамын көрнекі тізбелеп салыстырып шығамыз. Оның реті (жоғарыдан төмен қарай): ерте кезең – В.В.Радлов нұсқасы (XIX ғ.); алғашқы (бастау) кезең – А.Байтұрсынұлы нұсқасы; орта кезең – акад. І.Кеңесбаев нұсқасы; жаңа кезең – «Қазақ грамматикасының» нұсқасы:

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтағанда да дыбыс артикуляциясының үндесім варианттарына баса көңіл бөліп отырған. Ғалым қазақ тілінің негізгі әліпби үлгілерін түгендей келіп, «өзге 19 дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады» [1, 324 ]. Бірде жуан, бірде жіңішке дегенді дыбыс артикуляциясына жүгініп айтып отыр деп түсінеміз.

Х.Досмұхамедұлы жуан және жіңішке айтылымның артикуляциялық себебін де түсіндіріп өткен: «Дыбыс жуан айтылғанда тілдің түбімен айтылып, тамақтан (көмейден) шыққандай болып сезіледі; сол дыбыс жіңішке айтылғанда тілдің ұшымен сөйлегендей болып, ауыздың алдыңғы жағынан шыққандай болып сезіледі» [2, 83 ]. Қ.Кемеңгерұлы кейбір дыбыстардың артикуляциясының сипаттамасын берген.

Қазақ тілі дыбыстарының түрленім (вариант) құрамы негізінен *қ-к, ғ-г* дауыссыздарының артикуляциясына байланысты болды. І.Кеңесбаев «Қ мен к бір фонеманың екі түрлі айтылуы (немесе жуанды, жіңішкелі варианты) деп қарау дұрыс емес» деп, олардың арасындағы артикуляциялық айырмашылықты сөз мағынасын ажыратудың тәсілі ретінде қарастырады, ал қалған «дауыссыздардың әрқайсысының жуан-жіңішкелі болып келуінің фонематикалық мағынаға әсері жоқ» деген қорытындыға келеді.

Осы кезден бастап құралды (инструментал) фонетиканың әдістері кеңінен пайдалана бастады. Инструментал зерттеулер, негізінен, акустикалық талдаудың тиімді әдісі болды. Акустикалық зерттеулердің басында М.Исаев , М.Райымбекова , С.Татубаев , А.Қошқаров , З.Өтебаева , В. Шварцман т.б. болды. Акустикалық талдау мен қатар артикуляциялық талдау да қатар жүрді.

Рентген қондырғысы арқылы алынған дыбыс жасалымының көшірмесін Ә.Жүнісбеков [3,93] еңбектерінен көреміз. Бұлар қазақ тілі дыбыстарының нақты артикуляциясын көрсететін еңбектер болды. Сөйтіп қазақ тілінің сипаттама артикуляциясына инструментал артикуляция келіп қосылды. Қазақ тілі дыбыстарының жасалым жолдарын көрсететін нақты рентген сызбалар жасалды.

Фонетикалық зерттеулердің негізгі әдістерінің бірі ретінде қазақ тілі дыбыстарының артикуляциясының айырым-ортақ белгілерін пайдаланып модельдеу әдісі басталды. Мұндағы негізгі теориялық идея кез келген тіл дыбысының негізінде артикуляция жатады. Ендеше «фонетикалық зерттеулер дыбыс, дыбыс тіркесі, буын, сөз т.б. деңгейдегі бірліктердің артқуляциясын анықтаудан басталу керек» [4]. Бұл бағыттағы зерттеулерге негіз болып отырған «қазақ тілінің артикуляциялық базасы» болып отыр. Сондықтан кез келген зерттеуші кез келген фонетикалық тақырыпқа артикуляциялық сипаттама мен артикуляциялық үлгіні осы «мәлімет қорынан» таба алады. Әрі қарай зерттеуші өзінің зерттеу нысанына байланысты артикуляциялық үлгіні зерттеу амалы ретінде пайдаланып кете алады.

Қазақ тілінің артикуляциялық базасының үлгісін пайдаланып жүргізіліп жатқан зерттеулер молайып келеді. І.Оразалин, Ә.Бәйімбетова қазақ тілі дыбыстарын жасалу тәсіліне

қарай топтап, жуысыңқы және тоғысыңқы дауыссыздарды зерттеу нысаны етті, Ж.Исаева дауыс желбезегінің қатысын ескеріп, үнді дауыссыздарды, Г.Қайдарова буын артикуляциясына бағыттап, Қ.Зәуірбекова зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді.

Тіл біліміндегі, оның ішінде фонетика да бар, тілдік құбылыстарды модельдеу әдісі қазақ тіліне пайдаланыла бастады. Әрине бұл әдіс бүгін ғана пайда болып отырған жоқ. Түркі тілдеріне байланысты дауысты дыбыстардың моделін ертеректе М.Черкасский ұсынған. Түркі тілдеріне тән деп есептелетін сегіз дауыстының негізінде сингармонизмнің табиғатын түсіндіретін текше тектес пішіндемелер ұсынған. Соңғы кезде модельдеу әдісін дамытып, оның жаңа үлгілерін қазақ тіліне проф. А.Жұбанов енгізіп, дәріс оқулықтарын ұсынып отыр.

Ал қазақ тілінің дыбыстарының артикуляциялық моделін талдау амалы ретінде пайдаланып, оның зерттеу нәтижесін А.Жүнісбек еңбектерінен көреміз.

Қазақ тіліндегі дыбыстардың артикуляциялық түрлері дәстүрлі фонетикада арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, талданған сәттерін кездестіруге болады. Бірақ ол талдаулардың негізгі мақсаты үйлесім белгілердің құрамы мен жүйесін анықтау емес, сол үйлесім дыбыстар «фонема ма, фонема емес пе?» деген сұрақтың жауабын іздеу болып қалады. Мысалы, *қ-к, ғ-г* дауыссыз дыбыстарының сыңарларының фонологиялық мәртебесі «фонема деңгейінде ме», әлде, керісінше, «вариант деңгейінде ме» деген сұрақтың жауабында бір пікір жоқ. Бір топ ғалымдар [5; 73 ] артикуляциялық ерекшеліктерін ескеріп, фонема деп қарайды: «...*қ, к, ғ, г* дауыссыздарын әзірше қалыптасқан түсінік-түйсік тұрғысынан танып баяндау керек болады» , енді бір топ ғалымдар тілдегі фонологиялық қызметін ескеріп, варианттар деп қарайды. Соңғы пікірге орыс және қырғыз фонетистері де қосылады .

Қазақ тілінің дәстүрлі фонетикасында дыбыс үйлесімі арнайы зерттеу нысаны болмағандықтан, дыбыстардың артикуляциялық сипаттамасы дыбыстардың негізгі белгілерін анықтаумен аяқталып отырды. Мысалы, дауыстылар үшін олардың жасалу орны, жақ қатысы мен ерін қатысы жеткілікті болса, дауыссыздар үшін олардың жасалу орны, жасалу тәсілі мен дауыс қатысы жеткілікті болды. Алайда, бұл белгілер дыбыстарды жалпылама сипаттауға жеткенімен, олардың түрленім варианттарын сипаттауға жеткіліксіз еді. Сондықтан да қазіргі қазақ фонетикасында, жалпы лингвистикадағыдай, негізгі және үстеме артикуляциялық белгілер құрамы ендірілді. Оның қазіргі үлгісін «Қазақ фонетикасының» сингармонизмге арналған бөлімінен көруге болады. Онда қазақ дыбыстарының үндесім әуезінің артикуляциясына байланысты, мысалы, жуан-жіңішке әуезді ұғымды беру үшін ілгерінді-кейінді атауы ендірілді. Сонан соң дәстүрлі фонетикадағы басы ажыратылмай келген, сондықтан дыбыс анықтамасында араласып жүрген жасалым, айтылым және естілім атаулар жіктеліп берілетін болды. Мысалы, артикуляциялық «тіл арты» атауы мен естілім «жуан» атауы бір дыбыстың анықтамасында қатар кездесе береді. Кейде артикуляциялық атаудың орнына естілім атау қолданыла береді. Дыбыс сипаттамасының жүйеге түскен түрі артикуляциялық анықтама (тек артикуляциялық атаулар пайдаланылады), акустикалық анықтама (тек акустикалық атаулар пайдаланылады), естілім анықтама (тек естілім атаулар пайдаланылады) болып шығады.

Әзірге белгілі зерттелімдер дауыссыздардың жасалым жіктеліміне қарай сараланған. Ал дауыссыздардың үйлесім түрленімнің дауыс желбезегінің (дауыс шымылдығының немесе дауыс жарғағының) қатысына қарай жіктелімі енді қолға алынып отыр. Дәстүрлі фонетикада дауыс желбезегінің қатысын «дауыс қатысы» деп те атайды. Бірақ «дауыс қатысы» деген атау акустикалық фонетиканың термині болып табылады, ал біз бірінші кезекте зерттеу нысанын артикуляциялық фонетика тұрғысынан талдап отырмыз.

Қазақ тілі дыбыстарының зерттелім тарихы тілдің дыбыс құрамына деген пікірдің түрлі-түрлі екенін көрсетті. Зерттелім кезеңдерін төмендегідей ретпен дәуірлеуге болады: ерте кезең – В.В.Радлов нұсқасы (XIX ғ.); алғашқы (бастау) кезең – А.Байтұрсынұлы нұсқасы; орта кезең – акад. І.Кеңесбаев нұсқасы; жаңа кезең – «Қазақ грамматикасының» нұсқасы. Ерте кезеңгі (XIX ғ.) зерттеушілер қазақ тілін тікелей естіп/білу арқылы бақылағандықтан,

қазақ тілінің төл дыбыс құрамын негізінен қоспасыз дұрыс анықтаған. Қазақ сөзінің жуан/жіңішке әуезді болып айтылуына байланысты оның құрамындағы дыбыстардың да жуан/жіңішке болып айтылатынына көңіл бөлген. Сонымен қатар, қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық кейбір айтылымдарын өз алдына жеке дыбыс ретінде қабылдаған, мысалы, *ж* дауыссызының *дж* түрінде аффрикат болып айтылуын, *л* дауыссызының жуан сөздердің құрамындағы кейінді (жуан) артикуляциямен айтылымын өз алдына дербес дыбыстар деп қараған. Оның үстіне қазақ тілінің дыбыс құрамын дәл анықтағанымен, сөздердің жазылымындағы *ій, ұу* дыбыс тіркестерін бір таңбамен белгілеу жиі кездеседі. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциясы арнайы талданбай, олардың артикуляциялық анықтамасы дыбыстың естіліміне қарап, батыс тілдерінің ұқсас дыбыстарына балап беріледі.

Алғашқы (бастау) кезеңде қазақ тілінің төл дыбыс құрамы дұрыс анықталған. Жазуда белгіленбесе де, дыбыстардың жуан/жіңішке артикуляциясы жайлы толық мәлімет берілген. Жуан дауыстыларды негізгі дыбыстар қатарына қосып, олардың жіңішке айтылымын қосалқы дыбыстар ретінде арнайы таңбаламаған. Қазақ сөзінің өзіндік әуезімен айтылымын сақтап сөйлеу және жазу жайлы алғаш ұсыныстар жасалған. Қазақ тілінің артикуляциялық белгілеріне атау беріліп, жіктелім кестелерін құрастырған. Бірлі-жарым кірме дыбыстар (*х, h*) ескеріліп, оларға арнайы таңба берілген және жазуда да ескерілген. Жартылай дауысты деген атаумен кейде *й, у*, кейде *й, у, р, л* дауыссыздары өз алдына жіктелген. Қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтау мен оларды таңбалау сингармонизм заңына лайық жүргізілген. Қазақ тілі дыбыстарының әліпби құрамы мен олардың сөз құрамындағы жазылымы арасында қайшылық болған жоқ. Соның арқасында сөздің буын, тасымал, морфологиялық құрылымы бір-біріне сай шығып отырды.

Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық зерттелімі ұзақ тарихи жолдан өтті. Алғашқы дәуір қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтап, тіл дыбыстарының қарапайым артикуляциялық белгілерін табуға арналды. Пайдаланылған артикуляциялық белгілер де санаулы ғана және ол атаулар орыс тілінде болды. А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт зерттеушілері қазақ тілі дыбыстарының төл артикуляциялық белгілерін бекітуге кірісіп, 30-дан аса артикуляциялық атаулар ұсынды. Сол атаулар негізінде қазақ тілі дыбыстарының төл әліпбинің артикуляциялық жіктелім кестесін ұсынды. Қазақ тілінің артикуляциялық фонетикасы төл әліпби кестелерден бастау алды.

Орыс тілі мен орыс тілтанымының әсері қазақ тілінің әліпби құрамының көлемін ұлғайтып жіберді. Орыс тілі дыбыстарының артикуляциялық анықтамасы қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық анықтамасы ретінде көшіріліп отырды. Кірме және аударма артикуляциялық атаулар негізінде қазақ тілі дыбыстарының құрама әліпби жіктелім кестелері құрастырылды. Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің оқулықтары мен оқу-құралдарында кеңінен пайдаланылып келеді.Төл әліпби кестелерден бастау алған қазақ артикуляциялық фонетикасы бертін келе құрама әліпби кестесіне ұласты.

Соңғы кезде қазақ тілінің төл әліпби құрамы екшеліп алынып, артикуляциялық талдаудың өзіндік ғылыми аппараты негізінде талданып шықты. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциясын анықтайтын түгелге дерлік жаңа ұғым/атаулар ұсынылды. Соның негізінде әліпби, үндесім және үйлесім дыбыс үлгілерінің анықтамалары беріліп, жіктелім кестелері құрастырылды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.
2. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 174 б.
3. Джунисбеков А. Гласные казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 93 с.
4. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2008. – 75 б.
5. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 602 б.

# ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІ

***Қамбарқызы А., Өмірхан Т.Ғ., Өксікбай Ж.Ж***
*«Амангелді» атындағы орта мектебі*
*Алға ауылы Шу ауданы Жамбыл облысы*

**Резюме**

В данной статье рассматриваются особенности общих слов в тюркских языках Кроме того, слова которые даны в качестве общих слов в казахском и турецком языках так же сверяются в произношениях с другими тюркскими языками. Таким образом в статье систематический формируется мысль о родстве тюркских языков.

**Summary**

This article examines the features of common words in Turkic languages. As one of the semantic groups of common words in the Kazakh and Turkish languages common pronouns and common names of kinship are considered. In this article, both semantic and phonetic features of common words in Kazakh and Turkish are analyzed. In addition, the words that are given as general words in Kazakh and Turkish are also checked in pronunciation with other Turkic languages. Thus in the article the idea of the kinship of the Turk languages is formed systematically.

Түркі тілдері түбі бір тамыры бір халықтар болғанымен, олар әр түрлі ортада жеке тілдері дамыған. Олардың ішінде қазақ тілі мен түрік тілі тамыры балталанып, бір-бірінен ұзақта қалса да тілі, мәдениеті ортақ халықтар ретінде рухани байлықтарымен бөлісті. Бұған қазақ және түрік тілдеріндегі ортақ сөздер мысал бола алады. Осы ортақ сөздер мен түркі тілдері сөздері жайлы құнды деректерді түркітілдеріналғашзерттеушіғалымМахмұдҚашқари. Ұлы ғалымның «Диуани лұғат-ат Түрк» еңбегі XI ғасырдан бері келе жатқан алғаш түркі тілдерінің сөздігі, әрі құнды кітабіміз. Бұл кітап түркі халықтарының ортақ сөздерінен құралған сөздік, әрі энциклопедиялық байлық болып саналады. Сондай-ақ бұл сөздіктегі ортақ сөздер қазақ және түрік тілдерінің ұқсас екенін екенін көрсетеді. Оған мына пікір де дәлелболады:

«Түркі тілдеріне ортақ сөздерге бір кездегі жалпытүркілік көне лексикадан

сақталып қалған, осы күнгі түркі тілдерінің бәрінде кездесетін сөздер жатады. Сондықтан олар жалпытүркілік сөздер деп те аталады. Жалпытүркілік сөздерден түркі тілдерінің туыстастығын, біртектен шыққандығын көреміз. Түркі тілдерінің туыстығы, сол тілдерде сөйлейтін халықтардың шыққан тегінің бір екендігіне байланысты» [1;130].

Түркі халықтары мен қазақтарда туыстық және жақындық атауларының түрі мен мағынасы бір-біріне ұқсайды. Мәселен, ана, жеңге, балдыз, бажа тәрізді атауларды салыстырып қарағанда бұл атаулар әр халықта ұқсас келеді. Балалы болған әйел, туған шеше, жасы үлкен әйелдерге құрметтей айтылатын сөз мағыналарын білдіретін қазақжәнетүрік тіліндегі сөз **ана** – **ana**. Екі тілдегі бұл сөздің дыбысталуында ешбір айырмашылық таппаймыз. Сонымен қатар, негізгі мағынасы да екі тілде бір болып келеді. Қазақ тілінде де түрік тілінде де *ана тілі – ana dili* сияқты ортақ ұқсастықтар да бар.

Көне түркі сөздігінде *ана* мағынасында *aba, ana, apa, hana* сөздері кездеседі. Ғ.Айдаровтың «Күлтегін ескерткішінде» Орхон жазбаларынан топтастырған деректерде де туыстық атаулар қатарынан табылады.[2; 50] Махмұд Қашқаридың сөздігінде *аба* – оғыз тіліндегі «ана» сөзі, *ana* – түркмен-қарлұқтарда және *ама* – тубут диалектісінде деп көрсетіледі[3; 118].

В.Г.Егоровтың «Чуваш тілінің этимологиялық сөздігіне» келсек,онда

«ана» сөзінің бірнеше фонетикалық өзгеріске ұшыраған нұсқаларын байқаймыз. Мысалы: әзербайжан, ұйғыр, қазақ, ноғай, құмық, татар, қарақалпақтарда «ана» күйінде қолданылса, алтай, қырғыз, түркімен, шор, ойраттарда «эне» деп атайды. Туваларда бұл сөз «тәте», моңғолдарда «әйел» мағынасында қолданылады. Өзбектерде «она», Ыстамбұл түріктерінде «анне», башқұрт диалектісінде «инәй», хакастарда «ине» деп кездессе, чуваш диалектісінде «апай», құмық тілінде «ажай» деп те аталады[4; 29].

«Түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігінде» берілген қазіргі түркі тілдеріне тән *ана* сөзінің дыбысталуына тоқталсақ, мынадай салыстырмалы сөзтізбекті көреміз:

әзербайжан тілінде: *ана* башқұрт тілінде: *инәй, әсә* қырғыз тілінде: *ене, апа* өзбек тілінде: *анә*татар тілінде: *әни, ана, инә* [5; 20-21].

Екі тілде де бірдей аталатын туыстық атаулардың бірі – **жеңге**. Түрік тілінде де – **yenge**. *Yenge* сөзі түрік тілінде де жасы үлкен ағаның, туыстардың жұбайы, яғни, әйеліне айтылады. Махмұд Қашқари сөздігінде ағаның әйелі деп *йаңқа* сөзі беріледі[6; 256]. Ал В.Г.Егоровтың сөздігінде бұл сөздің бірнеше түркі тілдерінде бар екенін көрсетеді. Чуваш тілінде ағаның әйелі, жасы үлкен әйелді құрметпен атау *инке*, шағатай тілінде *йенге*,ал әзербайжан тілінде *еңкә* сөзінің тек бір ғана мағынасы бар: қалыңдықты күйеудің үйіне апаратын әйел, яғни бұл тілде туыстық мәнде қолданылмайды екен. *Жеңге* сөзі бірқатар түркі тілдерінде тек туысқанға емес, құрметтеу мәнінде жалпы жасы үлкен әйелдерге қарата айтылады. Сондай-ақ, алтай тілінде де *дьеңге* сөзі, біріншіден, үлкен ағаның әйелінемесе әкенің ағасының әйелі, келін, екіншіден, жасы үлкен әйелдерге құрметпен қарата айтылатын сөз деген мағыналарда жұмсалады;

башқұрт тілінде:*йингә* қырғыз тілінде: *жеңе* өзбек тілінде: *йәнгә* татар тілінде: *жингә* ұйғыр тілінде: *йәңгә* [4; 982-983].

Қазақ тіліндегі туыстық қатынасты білдіретін **бажа** сөзі де жалпытүркілік мәнге ие. Түрік тілінде – **bacanak** деп айтылады. Бұл сөз аударма сөздіктегі анықтама бойынша, екі тілде де бір кісінің қыздарына үйленген адамдар арасындағы жақындықты білдіретін сөз. Монғол тобына жататын тілдерде «бажа» мағынасын беретін сөздің тұлғасы дыбыстық құрамы жағынан сәйкес келіп жатады: монғол тілінде – *баз*, қалмақ тілінде – *баз*, бурятша – *база*. Түркі тілдерінің ішінде якут тілінің дерегі «база» тұлғасы «келін» мағынасын ұғындырады. Осы сөзарқылы«бажаның» түпкі төркініне жол табуға болады деп болжайды Ә.Нұрмағамбетов: «Манжұр тілінің дерегі сөз төркініне бір табан жақындата түседі: «баша» бұл тілде біздегі «балдыз» мағынасында қолданылады. Ол манжұр тілінде моңғол тілі әсерінен пайда болғанын байқаймыз. Жазба монғол тілінде – *бачаган*, қазіргі монғолша – *бацган*, бурят тілінде – *басган* тұлғалары «қыз», «қыз бала» мағыналарында көрінеді. «Бажа» сөзінің тууына себепші болған монғол тілінде «қыз» мағынасын беретін «бачаган» сөзі болса керек. Бұл тұлға басқа тілге өткен сайын өзінің мағынасына өзгеріс киргізіп отырғанын байқаймыз.Сөйтіп,«бажа» сөзінің төркіні монғол тілі екені де тұңғыш мағынасы«қыз»дегендібілдіріп,оданкейінгікездерде«балдыз»ұғымын,басқатілдергеауысқандабалдызға үйленген ер адамдарға «бажа» аты ауысқан деуге болады»[7;15].Қазіргі кездегі бірнеше түркі тілдеріне *бажа* сөзініңқандайдыбыстықтұлғада сақталғанын «Түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігінен» анықкөреалуымызға болады:

әзербайжан тілінде:*баджанаг*

башқұрт тілінде: *бажа*

қырғыз тілінде:*баджа*

өзбектілінде:*баджә* татартілінде:*баджа*

түркмен тілінде: *баджа*

ұйғыр тілінде: *баджа*[8; 42-43].

**Балдыз** сөзі қазақ тілінде әйелінің өзінен жасы кіші туыстарын білдірсе, түрік тілінде **baldız** сөзі әйелінің өзінен жасы кіші сіңлілері мағынасындақолданылатын туыстық атаулардың бірі. Дыбысталуында ешөзгешелік жоқ, мағыналарында сәл ерекшелік бар *балдыз* сөзі де екі тілге ортақ.«Якут тілінде *балдыз* сөзімен тұлғалас *балыс* та кездеседі. Мағынасы – біріншіден, жасы кіші адам; екіншіден, қарындас. Мұндағы екінші мағына туынды мағына екені анық. Ал монғол тілінде *балчир* – «кішкентай» (адамға қатысты) және «жас», «нөжік». Ертедегі түркі-жазба ескерткіштері тілінде әйелдің сіңлілері *балтыр* тұлғасында ұшырасады. Келтірілген тілдік деректерді саралар болсақ, сөздің *бал* түбірі о бастағы «кіші», «жас» дегенді білдіргенін аңғаруға болады.» [7; 13].

әзербайжан тілінде:*балдыз* башқұрт тілінде: *балдыз* қырғыз тілінде: *балдыз* өзбек тілінде:*балдиз*

татар тілінде:*балдыз*

ұйғыр тілінде: *кейин егича* [4;48-49].

Жоғарыда берілген қазақ және түрік тілдеріне тән ортақ туыстық атаулары мен екі тілде де қолданылатын ортақ есімдіктер салыстырылуынан бұл сөздердің таңбалануында немесе дыбысталуында көптеген өзгешеліктерді байқадық. Олар, әдетте, әрбір түркі тілінің өзіндік ерекшеліктері деп қаралады. Бірақ бұл сөздер түбірлерінің шығу тегі бір екендігіне еш дау келтіреалмаймыз.

Бүгінде дербес тіл санатына әрбір түркі тілдері бір-бірімен бірде тым алыстап кеткен, енді бірде өте жақын ортақ ерекшеліктері мен айырмашылықтары – бұл тілдердің әр бағытта үрдіс алған ішкі даму заңдылықтарының ғасырлар бойы өз тұрғысынан саралап, өзіндік норма етіп алған, тұрақталғанқалып-күйі.

Жалпытүркілік сөздердің семантикалық мән-мағынасы сақталып, түр- тұрпаты өзгермегенімен, дыбысталуындағы түрлі ауысулардың болуын сингармонизм, дауыссыздардың ассимиляциясы, дыбыстардың өзгерісі, дыбыстардың түсіп қалуы мен редукция құбылысы, дыбыстардың ұзаруы мен кірігуі, геминация және созылыңқы дыбыстардың жасалуы, метатеза, апакопа және элизия, протеза, эпитеза, эпентеза, парагота, флексия, фузия, дауыстының шағылысуы және ашық буын, гипераглютинация, аплология, вокализация, дифтонгизация, фонетикалық деформация сияқты өзге де түркі тілдеріне тән өзгерістермен түсіндіруге болады. Ортақ сөздердің дыбыстық құрамында орын алған түрлі фонетикалық өзгерістер тарихтың тезіне түсіп, жан-жаққа тарап, тарихы жақын болса да, қонысы бөлек болып кеткен туыстас халықтар тілінің өзінше дамығанының айғағы.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.

2.Байниязов А., Байниязова Ж. Түрікше-қазақша сөздік. Алматы, 2007 – 812 б.

3.Бангуоглы Т. Türküenin Grameri. – Ankara. 1990. – 120.

4.Karşılaştırmalı Türk lehçeleri sözlügü. Ankara: Kültür bakanlığı, 1991. – 1193.

5.Назарова А.Ж. Түркі тілдеріндегі сілтеу есімдіктерінің қалыптасу тарихы.// ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №3 (56). 2011.

6.Назарова А.Ж. Қазақ және түрік тілдеріндегі есімдіктердің ұқсастығы.
// ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №3 (24). 2003.

7.Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Зерттеунама. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 232 б.

**8**.Кашкари М. Диван луатит-турк. – Алматы: Дайк-Пресс, 20


## МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ҚҰРАМЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕР


***Кенжебекова Г.***



*Мақалада құрамында жалқы есімдері бар мақал-мәтелдер топтастырылды. Жалқы есімдер тарихтың бір көрінісі, сондықтан да мақал-мәтелдерде онимдер негізгі элементтердің бірі болып табылады.*


*Эксперимент:*[1], [2], [3], [4], [5], [6], [7], [8]осы кітаптардан құрамында жалқы есімдері бар 115 қазақтың мақал-мәтелдері теріп алынып, зерттелді. Олардың ішінде: топонимдер – 35 (соның ішінде 9 гидроним)кездесті.

Қазақ халқының көшпелі өмір сүргендігінің әсері болар мақал-мәтелдердегі ең көп кездесетін жалқы есімдер – топонимдер. Бұл мақалада осы жер-су атауларына байланысты жалқы есімдерге арнайы тоқталатын боламыз. *«Еділ»* топонимі (→ гидроним) - 4 рет кездессе, *«Жайық»* топонимі (→ гидроним) - 2 рет, *«Сыр(дария)»* топонимі (→ гидроним) - 2 рет кездеседі: «Ақ Еділдің өзі болмасақ та бұлағымыз, Ақылды бастың өзі болмасақ та құлағы-

мыз», «Еділ басынан лайланады, Сағасынан тұнады», «Еділ ел болып келгенге су, Едірейіп келгенге у», «Еділ қайтса кім өтпес, Едіге қайтса, кім кетпес», «Жайық басынан жел тұрса, Жаз да болса қыс болар», «Жайық бойындағы Жалаңбұтқа – Самарқандағы сарт дамыл тірегі», «Бидай – қырда, Күріш – Сырда, Жемістердің ғажабы Жетісуда», «Сараңға Сырдың суы да жетпейді».

Кейбір мақал-мәтелдерде мәселен, «Еділ қайтса кім өтпес, Едіге қайтса, кім кетпес», «Отманның басына шықсаң, Османның көп күмбезін көресің», «Меккеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – пір Бекет»*топоним-антропоним* екеуі де кездеседі.

«Отманның басына шықсаң,Османның көп күмбезін көресің». Осы мақалдағы *Отман(Отпан)* -таулы Маңғыстаудың Қаратауындағы биік шоқылардың бірі (биіктігі 532-556 метр), ертеде Отман әулие деген кісі жерленген деген болжам бар.

Сондай-ақ, су асты әлемімен байланысты төмендегідей гидронимдер кездесті: «Інжу іздеген тереңге сүңгиді», «Мекіре балықтың тұмсығы, Тасқа тимей қоймайды».

*Түркістан* өлкесімен байланысты мақал-мәтелдер: «Түркістанда азан шақырылса, Арқадағылар намазға үйиді», «Түркістанның түбін түйе шалады», Меккеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – пір Бекет, «Ташкенде едің күріш, Түркістанға кепсің дұрыс, Ал Созақта не ғып жүрсің кіспұрыш».

Қасиетті *Мекке* туралы: «Анаңды Меккеге үш арқалап барсаң да,

Қарызынан құтыла алмайсың», «Сұрай-сұрай Меккеге барады», «Қожа мен қожа Меккеде табысады, Ия, некеде табысады».

*Балқан тау* - Сарыарқаның шығысында, Қарқаралы ауданында, Батыстан шығысқа қарай 20 км-ге созылып жатыр, ені 15 км., ең биік жері 1366 метретр ол жайлы мақал-мәтелдер төмендегідей: «Балқан, Балқан, Балқан тау, О да біздің көрген тау», «Барар жерің Балқан тау, О да біздің көрген тау!», «Бас басыңа би болсаң, Балқан тауға сыймассың.Бір данаға жол берсең, жанған отқа күймессің».

«Әркімнің өз жері Мысыр шаһары» әркімге өз жері қымбат, қасиетті. Тіпті, «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деп қазақ халқының жырлағанын еске алсақ, *Мысыр* шаһарының сол кездегі адамдар үшір дәрежесі жоғары, туған қаласындай жақсы қала болғандығын көреміз.

Қазақ мақал-мәтелдерінде кездесетін және бір көне шаһарлар – *Ташкент, Хиуа, Қоқан, Самарқанд, Әндіжан, Бұхара, Сайрам, Аштархан, Астрахан.* Мәселен, «Тәшкенге тай мініп барсаң, Тұяқ ұстап қайтасың», «Тәшкенде едің күріш, Түркістанға кепсің дұрыс, Ал Созақта не ғып жүрсің кіспұрыш?», «Атбасарда тұсаған айғырың – Әндіжаннан кісінейді», «Аштарханда ақша ұтқызсаң, Хиуазы Хиуадан қайтады», «Астраханда атты кісі таң болар», «Құл қашса,Қоқаннан шығады», «Жайық бойындағы Жалаңбұтқа – Самарқандағы сарт дамыл тірегі», «Бұхарада буаз ешкі бошаласа, Тамнан тамға секіріп, Сайрамға жетіп лақтайды», «Сайрамда бар сансыз баб».

*Ташкент*шаһарының негізі түркі тектес халықтардың әрқайсысы өз алдарына ұлт болып қалыптаспай тұрғанда қаланған. Заманымыздың басында Сыр мен Шыршық алабын жайлаған қаңлылардың бір тармағы сол кезде суы мол Салар бұлағының бойында үйлері ылғи таспен қаланған қыстақ тұрғызған. Уақыт өте келе, ол қыстақ үлкейіп, Тастыкент (Тасты қала) атанған. Осы Тастыкент атауы алға озған заманның тілдік үйлесімділігіне орай – Таскент, кейін қарлұқ диалектісіне сай Ташкент боп қалыптасқан. Кейбір жазбагерлер Ташкенттің байырғы атауы Шаш болған деп шатасып жүр. Шаш – Ташкенттің іргесінде болған басқа көне қала. Ол Шыңғысхан шабуылы кезінде қиратылған. Шаш қиратылған соң, оның тұрғындарының көпшілігі одан он-он бес шақырым жерде орналасқан Ташкентке орныққан. Осы себепті Ташкентте халық көбейіп, көлемі кеңейеді. Ақсақ Темір дәуірінен кейін оның солтүстік бөлігі бұрынғы Шаш қаласының орнына дейін жетеді. Сөйтіп Шаш атауы бірте-бірте ұмытылып, Ташкенттің аты жаңғыра бастайды. [9]

«Атбасарда тұсаған айғырың – Әндіжаннан кісінейді»,бұл жердегі*Атбасар* – Ақмола облысы Атбасар ауданының орталығы (1928ж.) *Әндіжан* – Өзбекстан Республикасындағы қала, Андижан облысының орталығы (б.э.д. V-IV ғ.ғ. құрылған).

«Ташкенде едің күріш, Түркістанға кепсің дұрыс, Ал Созақта не ғып жүрсің кіспұрыш?», мұндағы *Созақ*– ОңтүстікҚазақстан облысының солтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік.

«Сайрамда бар сансыз баб», «Бұхарада буаз ешкі бошаласа, Тамнан тамға секіріп, Сайрамға жетіп лақтайды»*Сайрам* туралы алғашқы деректер біздің жыл санауымызға дейінгі IV ғасырда парсылардың шежіре кітабы «Авестада» кездеседі. Көне түрік тілінде «Сайрам» Тастақ сай деген ұғым береді. Ал, Исфиждаб «Екі дария аралығы» деген сөздің баламасы екен. Қаланың одан басқа да Орынкент, Аққала деген аттары болған. Бірақ, тарихи жазбаларда да, кейінгі замандарда да бұл атаулар сирек қолданылады. Ал, *Бұхара* деп отырғанымыз – Өзбекстан Республикасындағы қала, Бұхара облысының орталығы. Бұхара атауы алғаш жазба деректерде V ғасырдағы Қытай жылнамасында кездеседі. 709 жылы арабтар басып алған кезде, ол Орталық Азиядағы ірі сауда және мәдениет орталығы болған. Қазіргі Бұхара – ірі өнеркәсіп пен мәдени орталық. Қаракөл өңдеу, мақта тазалау, май зауыттары, жібек, трикотаж фабрикалары, ет, сүт, шарап, т.б. кәсіпорындары бар. Архитектуралық ескерткіштері 140-қа жуық.

«Астраханда атты кісі таң болар», *Астрахан* қаласының ежелгі аты – Қажы Тархан деп аталған. Қажы Тархан хандығы (1465-1556) Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған дербес мемлекеттердің бірі. Бұл – Астрахан хандығын Ресейдің жаулап алуы, яғни, Русьтің Шығыс елдеріне қарсы бағытталған алғашқы жорықтарының құрбанына айналған қала болатын. Қала – Еділ өзенінің екі жағалауын ала Каспий теңізінен 150 шақырым қашықтықта орналасқан.

«Ұлы ұғымға, қызы Қырымға», *Қырым (Қырым түбегі)*– еуропаның оңтүстігіндегі түбек. Ауданы 25,5 мың км(кв). Қара теңіз, теңіздерімен Перекоп мойнағы арқылы Шығыс Еуропа жазығымен ұштасады.

Сондай-ақ, қазақ мақал-мәтелдерінде кездесетін өлкелер – *Алатау, Әулиеата,Атбасар,-Созақ, Батпақ, Сахара, Гүлстан:* «Атаңды Алатауда бір жығып ем (деме)»,«Әулиеатаға таяқ ұстап барсаң, Тай мініп қайтасың», «Бақ адасса – Батпаққа қонады», «Сақтық Сахарадағы аңды да сақтайды», «Бұлбұл құс зымыстанды көрмей, Гүлістан қадірін білмес».

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдерінің құрамындағы жер-су атаулары көшпелі қазақ халқының өмірімен тығыз байланысты, олардың күнделікті тіршілігінен хабар беретін негізгі айғақтардың бірі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құраст.А.Т. Смайлова–Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2005. -400б.
2. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құраст. Ө.Тұрманжанов, К.Ахметбекұлы –Алматы:«Раритет» баспасы, 2004. -440б.
3. Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері/ жалпы ред. басқ. проф. С.Садырбайұлы. –Алматы: Қазақ университеті, 2012. -230 бет.
4. Мақалдар мен мәтелдер. – Алматы: «Білім» баспасы, 2004. -272 б
5. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі. –Алматы: «Өлке» баспасы,-2002. -448б.
6. Қазақ мақал-мәтелдері. –Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1993.-176 б.
7. Қазақ мақал-мәтелдері. –Алматы. 1990. 288б.
8. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құраст.А.Т. Смайлова–Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2002. -312б.
9. http://el.kz/ru/news/archive/content-28948

# СУБЪЕКТИВТІК МОДАЛЬДЫЛЫҚТЫҢ ГАЗЕТ БЕТТЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ

***Қондыбай К.Ә.,***
*аға оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты*
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

Модальдылық (лат modus – өлшем, тәсіл) – философия мен логикада объектілердің (пікірдің субъектісі мен объектісі) арасындағы байланыстың сипаты. Пікірлерді модальдығына қарай бөлуді алғаш Аристотель енгізген. Кант пікірлерді модальділік бойынша ассерторика (шындық пікірлері), аподиктика (қажеттілік пікірлері) және проблематика (мүмкіндік пікірлері) деп ажыратқан. Қазіргі модальдық логикада модальдылық бір жағынан, алетика (лебіздерге немесе предикаттарға қатынасында) және деонтика (іс-әрекеттерді білдіретін сөздерге қатынасында), екінші жағынан, абсолютті (шартсыз) және салыстырмалы (шартты) болып бөлінеді. Қазіргі логикалық семантикада модальділікке “ақиқат” және “жалған”, сондай-ақ “дәлелденеді” және “дәлелденбейді”, “терістеледі” деген ұғымдар да жатқызылады.

А.Салқынбай мен Е.Абақанның «Тіл әлемі» лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігінде модальдылыққа мынадай анықтама берілген: «Модальдылық (лат. modalis - мөлшер, тәсіл) – айтылған сөз бен болмыс арасындағы қатынас түрлері мен хабардың әртүрлі қабылдануын белгілейтін қызметтік – мағыналық категория. Модальдылық саласына әртүрлі мағынада қолданылатын, әртүрлі грамматикалық қасиеттері бар құбылыстар жатады. Модальдылық категориясын көптеген зерттеушілер жіктеп қарастырады, оның бір қыры: объектілі және субъектілі модальдылық.Объектілі модальдылық кез келген сөйлемнің нақтылығын не абстрактілігін білдіреді. Бұл жерде етістіктің рай категориясы негізгі рөл атқарады, мыс., «Адам бақытты», «Адам бақытты болған», «Адам бақытты болады». Сөйтіп, осы шақ, өткен шақ, келер шақта болады.Уақыт нақты белгіленбеген жағдайда (адам бақытты болар еді, адам бақытты болса екен, адам бақытты болғысы келеді т.б. ) – хабарды, арнайы тілекті, талапты не қажеттілікті білдіреді. Субъектілі модальдылық сөйлеушінің тыңдаушыға деген көзқарасын білдіреді. Объектілі модальдылыққа қарағанда, бұл хабардың қосымша реңі, белгісі болады. Субъектілі модальдылықтың семантикалық көлемі де кеңірек. Субъектілі модальдылық хабардың мағыналық негізін, логикалық (зиятты) дәрежесі мен эмоциялық (иррациональды) жағын да қамтиды (160 б.Авторлары. Тіл әлемі: Лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігі.-.Алматы: Қазақ университеті, 2009.-348б.).

Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің сөздігінде» субъективтік модальдылыққа былайша анықтама берілген. «Субъективтік модальдылық айтылған пікірге сөйлеушінің көзқарасын (көңіл хошын, көңіл күйін), қатысын білдіреді. Мысалы, хабардың анықтығы, күмәнділігі, ықтималдығы, аяныш, күйініш, реніш т.б. Бірақ сөйлеушінің айтылған пікірге қатысы субъективтік модальдылықтың міндетті белгісі болып табылмайды. Бұл - оның объективті модальдылықтан айырмасы.Объективтік модальдылыққа қарағанда субъективті модальдылықтың семантикалық аясы кең. Оның мағыналық негізіне айтылған пікір жайында баға берумен бірге, әртүрлі эмоционалдық реңктер жатады. Мыс.: Мүмкін, сен дұрыс айтып тұрған шығарсың (Ә. Әбішев). Мен барайыншы. Мен барсамшы т.б. – бәрінде де модальдылық мән бар. Сөйтіп, модальдылық сөйлеуші, сөйлесуші, айтылған пікірдің мазмұны және шындық болмыс сияқты қарым-қатынастың төрт түрлі факторының өзара күрделі байланысын білдіреді (А.М. Пешковский). А.Ысқақов модальдылық категориясын арай категориясы деп атайды (Қазіргі қазақ тілі.Морфология, 1974,322-б.) » (188б. ...-Алматы.-«Фирма «Орнак» ЖШС, 2012.-388б.).

Жалпы тіл білімінде модальдылық категориясына жатқызылатын мағыналар әртүрлі екенін аталып жүргенін атап кетеді. Тілдік модальдылықтың функционалдық мәнін зертте-

уде қалыптасқан екі түрлі бағыт бар екенін атап көрсетеді: 1) модальдылықты рай категориясымен сәйкес деп қарастыратын тар түрдегі бағыт; 2) сөйлемде не туралы баяндалатынын, қалай баяндалатынын, кім баяндайтынын, кімге баяндайтынын т.б. және сөйлеушінің жай қарапайым сенімінен бастап алуан түрлі эмоционалды-экспрессивтік мәндерді қамтитын көп аспектілі кең түрде қарастыратын бағыт. Кейбір ғалымдардың (Г.А.Золотова, В.З. Панфилов, В.Н. Бондаренко) модальдылықты тар мағынада түсінуі логикадағы реалдылық пен ирреалдылыққа негізделеді. Тілдік модальдылықты кең мағынада түсіндіруі В.В. Виноградовтың идеяларына сүйенеді: модальдылық сөйлеушінің ақиқат шындыққа қатысына, сөйлеушінің сөйлеу мазмұнына, әңгімелесушіге, өз-өзіне, сөйлеу жағдаяты мен оның формасына, сондай-ақ сөйлеушінің эмоционалды – экспрессивті бағасына да қатысты болады.

Ғалымдар пікірлерін топтастыра келе және жинаған тілдік материалдарды талдай келе, модальдылық категориясына төмендегі мағыналарды жатқызады: сөйлеушінің сөйленім мазмұнына бағасы, яғни оның айқындығы / айқын еместігі,сөйлеушініңіс-әрекеттің орындалуының қалаулығына, қажеттілігіне, міндеттілігіне, мүмкіндігіне бағасы, сөйлеушінің өз тыңдаушысына немесе өз-өзіне бұйыра, өтіне айтқан сөзі (Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкінділік модальдығының функционалды – семантикалық өрісі. Филол.ғыл.канд... дисс. – Алматы,2004.).

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан халқына Жолдауына қатысты сарапшылар пікірлерін салыстырайық.

Субъектілік модальдылыққа «Егемен Қазақстан» газетінің 5-желтоқсандағы №234 (28712) санында «Ең жақсы жоспар – уақыт талабына бейімделе алатын жоспар» тақырыбындағы Жолдауды талдауға арналған пікірлерді алып қарап көрелік:

Ғабит Тұрсынбайдың сөзі: «Бұл жерде айтайын дегенім, Елбасы: «Дағдарыстың бәрі келеді, кетеді. Қайта осындай өтпелі кезеңде ұтымды шешімдер қабылдап, қаракет ету қажет», деген құнды сөзін ұғындыра білуі бізді марқайта түсті. Олай дейтінім, 2015 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы болып жариялануына байланысты Жетісу жерінде 1,5 мыңнан астам түрлі деңгейде шаралар өткіздік..... Жолдауды тыңдай отырып, Мемлекет басшысының жариялылық пен ашықтықты ұстанып, әлем халықтарына бейбітшіліктің тың жолын ұсынғандығы **туралы ойым беки түсті.** Елбасының сөзін тыңдай отырып, өз ойына деген сенімі артқанын айтады.

Марат Жаманқұлов пікірінен үзінді:«Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» деген қағиданы ұстанып, еңбек етуге тиіспіз. Сәт сайын құбылған аласапыранға сай амал табуымыз керек.Ең жақсы жоспар уақыт талабына бейімделе алатын жоспар болып саналады. Біз де заманның беталысына қарай, межелерімізді белгілеп, жоспарларымызды жөндеп отыруымыз қажет.... Жалпы, мемлекеттің жағдайын жақсарту үшін, ең алдымен, онда өмір сүретін адамдардың әлеуметтік –материалдық мүмкіндігі дұрыс болуы тиіс. Елбасы қашан да қоғамды және оның басты байлығы – адамның жағдайын бірінші кезекке қойып келеді. Биылғы Жолдаудың **маңыздылығы да осы болса керек».** Жолдауды тыңдай не оқи отыра оны орындау ел игілігі үшін деген қағиданы жақтайды.

Нұрлан Қалқа**: «**Қазіргі уақытта елімізде идустриялық – инновациялық бағдарламаның екінші бесжылдығы табысты жүзеге асырылып келеді. Осыған байланысты алдағы кездерде техникалық мамандықтарға сұраныс болатыны анық. ... Бұл жоба осы жолғы Жолдаудағы жаңаша бастамалардың бірі әрі **маңыздысы деп санаймын.** «Үлгі алыңдар!Жылдар өтеді,бірақ, осы өмірлік тәжірибелерің, сендер қандай өмір жолын таңдап алсаңдар да міндетті түрде кәделеріңе жарайды» деген Мемлекет басшысының ұлағатты сөзі жастардың көкейінде әрдайым сайрап тұрса ғой деген игі тілектемін. Елбасының Жолдауын жастар әрқашан қолдап, оның өз керегін ала білсе құба –құп дегенді айтады.

Бақытбек Смағұл: «Шынын айту керек, біздің Президент тәуелсіз мемлекет дәрежесіндегі стратегиялық ойланыстардан ғаламдық ауқымдағы толғаныстарға көшкен жаһандық

деңгейдегі тұлға болып табылады. ... Шынында, ендігі барлық ісіміз, қимыл-әрекетіміз сан ғасыр ата-баба аңсаған Тәуелсіздікті әрі қарай аман сақтап, басымызға қонған бақыт құсын аялауға, экономиканы даму даңғылында сақтауға бағытталуы керек..... Ең бастысы, халқымыз Тұңғыш Президент айналасында топтасып, қандай жағдайда да ауызбіршілігін сақтауы керек. Ата – бабамыз бірлігі жоқ елдің берекесі қашатынын айтып кеткен.Ынтымағы ыдыраған елдердің соры қайнап, тірлігін қырсық шалуда. Бұл көзі ашық қоғамымызға сабақ болуға тиіс». Әр істі бастауда ауызбіршілік болса, онда алға қойған мақсатқа жетеміз деп ой қорытады.

Садуақасова Кабира**:** Судья қызметіне тағайындауға үміткерлердің кәсіби деңгейіне талап күшейтілмек, ол үшін сот жүйесінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі болуы тиіс. .... Мұның өзін түптеп келгенде, біздің қоғамның таза демократиялық жолды таңдағандығы деп түсінген жөн. ...Міне, межелеген осы мақсат-мұраттарға қол жеткізуде сот билігін жүйелі түрде жаңғыртудың маңызы зор. Елдің де, Елбасының да көксегені осы».

Гүлжаухар Жамбылқызының пікірінде әрине, рас, сөзсіз, айдай анық, қажет сөздері қолданылған: Әрине, әлемде дағдарыс дендеп тұрған кезеңде, халықтың алдағы уақытта жағдайы қалай болар екен?- деген сауал мені де мазалағаны рас. Өз ойын білдіру барысында күдік пен күман қатар тұрғаны контекстен аңғарылып тұрғанымен, Жолдауды тыңдау немесе оқу барысында сарапшы өз ойына нақты да дұрыс жауап таба білгендігіне мына сөйлеммнен жауапты дәл бере білген: «Бүгін сол сауалдардың жауабын елбасының өз аузынан естіп білдік. Мәселен, елбасының зейнетақы қаржысын бизнесті қаржыландыру үшін пайдалануды тоқтату керек,- деп айтқан ойын мен қолдаймын. Өйткені әр адам болашақта зейнетақымен қамтамасыз етілуіне алаңдайтыны сөзсіз". Елбасының нақты талабынан келтірілген сөйлемде керек модаль сөзінде талап айқын аңғарылса, естігеннен дәл өз сұрағына жауап алған автор өз сөзін сөзсіз модаль сөзімен аяқтап сенімділікті айғақтап тұр. Сарапшының соңғы сөйлемдері былайша өрілген:» Ең жақсы жоспар - заман талабына бейімделген жоспар. Біз де заманның беталысына қарай межелерімізді белгілеп, жоспарларымызды нақтылап отыруымыз қажет. Біздің мақсатымыз - елі бақытты, жері гүлденген, қасиетті Отанымыз - Қазақстанды мәңгілік ел ету», - деген Елбасы сөздері әр қазақстандықтың қаперінде жүрер ізгі сөздер деп ойлаймын».Алға мақсат қоюды, оны орындауға ұмтылысты қажет сөзі арқылы ұғындырса, деп ойлаймын тіркесі арқылы өз ойын нақтылайды.

Сыздықова Гүлбаршын Олжабайқызының пікірінде субъективті көзқарас көрінбейді, нақты объективті көзқарас берілген.Оған автордың өз пікірі дәлел: - Елбасының Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауында бүгінгі қоғамдағы аса маңызды мәселелерге баса назар аударылды. Елбасы өз сөзінде ұлттық теңгеміздің қазіргі дағдарыс кезеңіндегі маңызын арттыру мақсатында атқарылатын нақты іс-шараларды атап көрсетті. Сонымен қатар ел экономикасын одан әрі дамыту, халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту жолдары, білім, ғылым саласы қызметкерлерінің еңбекақысы мен білім алушылардың шәкіртақысын, зейнетақыны белгіленген пайыздық мөлшерде көбейту т.б. мәселелер де қамтылды. Елдің ішкі экономикасын дамытуда отандық өнімдерге деген сұранысты арттыру жолдары да атап көрсетілді. Ең бастысы, бұл Жолдауда Қазақстанның болашақ даму жолының бағыт-бағдарлары айқындалып, халықтың әл-ауқатын жақсартудың нақты жолдары көрсетілді. Бұл сарапшының пікірі жалпыға арналғаны, жалпы халықтың орындауына бағытталғаны, оның жақын арада орындалуы тиістілігі аңғарылады.

Егемен Қазақстанның 9 – желтоқсандағы санындағы «Бәріміз біріміз үшін дейтін кез келді» атты мақаланы алып қарасақ, мынадай пікірлерді көреміз: «Жауапты сәтте бірлігімізді сақтап, еліміздің игілігі үшін аянбай тер төгуіміз керек. Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін деген қағиданы ұстанып, еңбек етуге тиіспіз», деді. Енді бұрынғы жетістіктерімізге малданбай, бұрынғыдан да іскерірек, бұрынғыдан да ықшам, бұрынғыдан да заман талабына сай жұмыс жасауға үйренуіміз керек. Өз елінің құдығына түкіріп, дастарқанын тіліп отыра-

тын ондайлардың ойбайына иланбау керек. Енді ешқайсымыз ешқайда шашырамай, Елбасының төңірегіне топтасып, осы жұмыстарды бір кісідей жүзеге асыруымыз керек. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек.Нұрсұлтан Әбішұлы жұмыс таңдайтындар туралы айта келіп, бір жылдан соң кәсіптік-техникалық училищелерде тегін білім алуға болатындығын айтты. Қазақ жастары осы мүмкіндіктерді жібермеуі керек».

Аталған газеттің 11 – желтоқсандағы санында «Фабрикамыздың ұраны – сапалы, ыңғайлы, әдемі және арзан өнім» атты мақалада мынандай пікір келтірілген: «Сондықтан, осы дағдарыстың бұралаң – бұлтарыстарында да біз тек өзімізге сеніп, береке – бірлігімізге, қажыр –қайратымызға, іскерлігіміз бен алғырлығымызға арқа сүйеуіміз керек. Бұл ісіміз, меніңше, Қазақстан халқына Жолдауында айтылған Елбасы талабы мен баршамыздың алдымызға қойып отырған міндетке әбден сай келетін сияқты. Болашақта бұл көрсеткіш көбейе түсетіні шүбәсіз». Бұл сұхбатта да елбасының мына сөзі келтірілген: «Біз бәсекеге сай болу үшін Қазақстанда жасалған әрбір бұйымның төрт қасиеті болуы керек. Сапалы, ыңғайлы, әдемі және арзан.Сонда ғана ісіміз өнімді,затымыз өтімді болады. Өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек». Елбасының Жолдауында айтылған пікірлерінде керек сөзі өз орында және қажеттілікті, мәжбүрлік мағынада, осындай жұмыстың халыққа пайдалылығы, оны қолынан келетін жандар істеуі керектігі айтылған. Осы газеттегі «Кәсіпкерлер алғысы» атты мақалада да мынадай пікірлер бар: «Жолдаудағы экономиканың барлық салаларын дамыту үшін білікті мамандар қажет. Шындығында, өндірісті өрге сүйреу үшін мамандарға жол ашуымыз керек».

Бұл сөйлемдердің барлығы да ҚР Президентінің Қазақстан халқыныңа арнаған Жолдауында айтылған талап – тілектері.

Петров айтқандай, атауыш сөз қызметінде қолданылғанда да керек, қажет, сияқты сөздерінің мағынасында айтушының көзқарасын, көңіл-күйін білдіретін мағыналық реңк сақталынады. Бұл жерде Елбасының Қазақстан халқына дағдарысқа қарсы бағдарламасы, одан шығу үшін істелуі керек жұмыс түрлері, не істеулері керек, қалай істеу керектігі жөніндегі бағыт-бағдарлары айқын беріледі. Негізінде, ҚР Президентінің Жолдауынан алынған үзінділерде субъективті модальдылық көрініс тапқан. Сарапшылар пікірлерінде субъективті және объективті модальды көқарастар аралас келіп отырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Салқынбай А., Абақан Е. Тіл әлемі: Лингвистикалық терминдердің анықтамалық сөздігі.-.Алматы: Қазақ университеті, 2009.-348б.

2. Қалиев Ғ.Тіл білімі терминдерінің сөздігі. Алматы.-«Фирма «Орнак» ЖШС, 2012.-388б.

3.Егемен Қазақстан газеті, 2015ж.

# ДИСКУРС (САЯСИ ДИСКУРС): ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

***Косымова Г.С.***
*филол.ғ.докторы, профессор*
***Бурибаева Ж.Б.***
*6D021300 - Лингвистика*
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,*

*Аннотация*

*В статье рассматривается вопрос о понятий дискурс (политический дискурс). В настоящее время отмечается возросший интерес лингвистов к проблемам дискурса активных социальных групп, и прежде всего - политиков. Политический дискурс представляет собой явление, которое имеет частотное проявление и особое социальное значение в жизни общества. Вместе с тем феномен политического дискурса не поддается однозначному определению.*

*Annotation*

*The article deals with the concept of discourse (political discourse). Currently, there is an increased interest of linguists in the problems of discourse of active social groups, and especially politicians. Political discourse is a phenomenon that has a frequent manifestation and a special social significance in the life of society. However, the phenomenon of political discourse cannot be unambiguously defined.*

Қазіргі таңда лингвистика ғылымының дамуы тілдің құрылымын, тілдің стильдік тармақтарын, қолданылу қызметіне тән ерекшеліктерін жаңа ғылыми бағыттармен байланыстыра қарауды қажет етіп отыр. Соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан антропоцентрлік лингвистика, когнитивті лингвистика, мәтін лингвистикасы, дискурс проблемасы сияқты жаңа бағыттар тілдің жеке, өз бетінше, оқшау тұрған қалпын емес, адамның қабылдау, ойлау, түсіну, өзгеге жеткізу қабілеттерімен байланыстыра қарастырады.

Соңғы кезде «мәтін» ұғымы бар жерде *«дискурс»* ұғымын да қатар алып жүру байқалады. Дискурстың қамтитын аясы кең, кешенді ұғым.

*Дискурс* – көпдеңгейлі үдеріс, ол айтушының вербалды мінез-құлқы (дауыс ырғағы, интонация, паузаларға бөлуі), кинесикалық мінез-құлқы (ым-ишара) сияқты деңгейлерді қамтиды. Дискурста коммуникативтік ситуация мен интеракцияға қатысушылар және тілдік материалдар тоғысып жатады.

Дискурс ұғымы XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап философияда кеңінен қолданыла бастады. Тұңғыш болып «дискурс» ұғымын Ю. Хабермас өзінің «Коммуникативтік компетенция теориясына дайындық» атты еңбегінде қолданған болатын.

Философиялық сөздікте *«дискурс»* терминіне берілген анықтама да үлкен күдік туғызады: «Дискурс понятие, выдвинутое структуралистами для анализа социальной обусловленности речевых высказываний. Понятие дискурса особенно популярно в постструктурализме и деконструкции. Как правило, применяется в философии, социологии, когнитивных анализах, семиотике. Нередко используется просто как синоним «речи».

Лингвистикалық көзқарас тұрғысынан жоғарыда берілген анықтама дискурстың тілдік мәнін, оны талдаудың өзіндік ерекшелігін көрсетпейді. Лингвистикалық терминдер сөздігінде дискурс терминінің тілдік тұрғыдан бұдан гөрі толығырақ анықтамасы берілген: «Связный текст в совокупности с экстра-лингвистическими, прагматическими и другими факторами текст, взятый в событийном аспекте, речь, рассматриваемая как целенаправленное социальное действие, как компонент, участвующий во взаимодействии людей и механизмах

их сознания (когнитивных процессах). Дискурс это речь, погруженная в жизнь. По - этому термин дискурс, в отличие от термина текст, не применяется к древним и другим текстам, связи которых с живой речью не восстанавливаются непосредственно»[1, 36- 38].

Дискурс туралы ойлар қазақ тіл білімінде де, дәл сол терминмен аталмаса да қолданыста болған деуге болады. «*Дискурс*» сөзінің алғашқы мағынасы «ақылды ойлану» (разумные размышление) деген ұғымға да жақын.

Дискурс терминінің жан-жақты кеңеюіне, әр түрлі сипатқа ие болуына Д. Ван Дейк мектебі әсер етті. Мектеп өкілдері дискурс табиғатын толық ашуда когнитивті-прагматикалық әдіс-тәсілдерді пайдалануға болатынын айтқан. Бүгінде дискурс сөйлеуші---- мәтін----- тыңдаушы тұрғысында қарастырылып, тыңдаушының қабылдауына айрықша көңіл бөлініп отыр. Дискурс – тілдік әрекет, сөйлеудің жолы, тәсілі. Дискурс – іс-әрекет, сұхбаттасушылардың өзара қарым-қатынасы.

Дискурс XX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап лингвистикада алғашында «сөйлеу» мағынасында қолданылса, жалпылама түрде «коммуникативтік оқиға», «коммуникативтік жағдай» терминдерімен берілуде. Сондай-ақ, дискурс дәстүрлі стиль ұғымын ары қарай нақтылау үшін және жеке жазушы, ақынның мысалы, Абай тілі, Әуезов стилі дейтін бұрыннан қалыптасқан тіркес мағынасын жаңалап айтатындар. Мәселен, қазіргі орыс саяси дискурсы, ғылыми дискурс, педагогикалық дискурс, публицистикалық дискурс, көркем әдебиет дискурсы, әдеби сын дискурсы, *саяси дискурс* деп аталып жүр.

XXIғасырдыңбасынанбастапдискурс–тілдіккоммуникацияүдерісіменоның нәтижесіндетүзілетінмәтінұштастығындақарастырылыпжүр.

Дискурсбарысындаақпаратжелісіадресатқаәртүрліинтенциялармenжәнеолардыжалғастырушыбайланыстарарқылыжеткізілетінібелгілі.Тағыбіреskeретінжағдай,ауызшадискурстажазбашадискурсқақарағандадискурстықайрықшабелгілер(маркерлер)онесекөбіреккездеседі.Оның ішінде,ауызшасөйлеудіңресмитүрінеқарағандаоның бейресмитүріндеекіесекөпбайқаладыекен.Бұлауызба-ауызсөйлеутіліндегікоммуниканттардыңкөңіл-күйінің кейдеымдау,денемүшелерінің қимылысекілдібейвербалдыққұралдарменинтонацияарқылыберілуінедебайланыстыболыпкеледі.

Дискурсадамойының шындықөмірдегіболыпжатқанбелгілібірәрекеткебайланыстытілдіккөрінісіболғандықтан,осытілдікәрекеттісипаттаудатілдіңсинтаксистік,лексикалықжәнесемантикалықдеңгейлеріменбіргеинтонацияның дакөрінісберуітабиғиүрдіс.Олайболса,-дискурстыңинтонациялықкөрінісінайқындауоның құрылымдықзаңдылықтарынашуғажәнеберілгенақпараттыңдұрысжеткізілуінемүмкіндікберерісөзсіз.

Бүгінгі күні ситуацияға, адамның қызметіне, дискурсқа қатысушыларына, мәтінге, факторлардың мазмұнына қарай жіктелген дискурстың жүздеген типтері бар.

Т.И.Попованың ойынша, дискурс – белгілі бір объект аясына қатысты ойлаудың тілдік тәжірибесі. Ол екі бастаудан құралады:

1. қарым-қатынас аясы мен әрекет формасымен анықталатын мазмұн;
2. айтушының мазмұндық бастауға қатынасы.

Дискурс мазмұны функционалдық стильдердің негізінде жатқандықтан, олармен тығыз байланыста болады. Айтушының дискурс мазмұнына қатынасы сөйлеу субъектісінің қатынас классификациясында көрініс табады. Бұл қатынас бейтарап, экспрессивтік /эмоционалды боялған болады. Осы екі бастау (оқиғалы-мазмұнды және жекелік (личностный) негізінде Т.И.Попова диктумды және модустық дискурстардың классификациясын береді.

Диктумдық дискурсқа ғылыми дискурс, кәсіби қарым-қатынас дискурсымен күнделікті қарым-қатынас жағдайында ақпаратты сұрау (запрос) және алу дискурсын жатқызады. *Модустық дискурстарға* көркемдік дискурс, аксиологиялық дискурс *(саяси* және құқықтық *дискурс*, адамгершілік құндылықтарының дискурсы, діни дискурс, экзистенциалдық құн-

дылықтар дискурсы), күнделікті қарым-қатынас дискурсын (отбасылық дискурс, достық қарым-қатынас дискурсы) жатқызады [2, 641-643].

Біздің қарастыратынымыз саяси дискурс. *Саяси дискурстың алға қойған міндеттері:*

а) азаматтардың мәселені түсінуін анықтау;

ә) қанағаттанарлықтай нәтижелерге жету үшін мәселені қандай қадам жасау арқылы шешуге болатынына байланысты азаматтарға көмек көрсету;

б) азаматтардың саяси процесттерге белсенді қатысуын арттыру және

в) болашақ ұрпақпен қарым-қатынастың дұрыстығы, яғни олар келешекте белсенді азаматтар болуы тиіс.

Саясат пен тіл бір-бірімен тығыз байланысты. Саяси тілдің қарапайым тілден айырмашылығы:саяси лексика терминологияға бейім, ал күнделікті, саяси емес тілдік белгілер әрқашанда қарапайым тілдегідей қолданылмайды;

дискурстың ерекше құрылымы;кейде сөйлеу тәсілдерінің өте ерекше нәтижесі; дискурстың дыбыстық және жазбаша көркемделуі де ерекше [3, 50].

Саяси дискурс жаңа лингвистикалық технология, радио, теледидар және ғаламтор секілді дамулармен сипатталады. Осылайша саясаттың кеңеюіне, дамуына және өсуіне мүмкіндік беретін жаңа дәуір пайда болады. Бір жағынан, лингвистикалық технологияны қолдану саясаткерлерге кең ауқымды әлеуметке, екінші жағынан, саясаткер әр сөзіне абай болу керек, себебі ол ары қарайға дамуына өз септігін тигізеді. Әр саясаткердің өзіндік стилі және дискурстық шектеуі болады.

Саяси дискурстың анық емес жағы, белгісіз қауым алдында өте күшті және нақты сөз дайындау керек. Аудитория алдындағы сөз – бұл бір жақты дискурс.

Саяси дискурс – әлеуметтік мәселелерді шешу жолындағы жасалатын ресми қадамдар. Ол шешім қабылдау үшін бүкіл азаматтардың қатысуына, өзгелерді үгіттеуге (дәлелді ақпарат пен логика арқылы), сонымен қатар, әлеуметтік мәселелерді шешкенде қандай қадамдар тиімдірек екенін анықтауға арналған. Саяси дискурс тәуелсіздік жағдайда шешім қабылдайтын амал түрі. Қабылданған шешімдер дегеніміз- таңдау нұсқасының қай түрі көбірек мақұлданатынын байқауға негізделген [4, 51].

Заманауи саяси дискурстағы саясаткерлер өздерінің көздеген мақсаттарына жету үшін саяси имиджмейкерлер көмегімен түрлі лингвистикалық технологияларды қолданады, сендіру процестері немесе райынан қайтару секілді. Олар сөз сөйлеуге арналған түрлі мәтіндер дайындау барысында тек терең мағына мен әлеуметтік әлемді ғана қолданып қоймай (құндылық, сендіру). Олардың тіл білулері биліктегі құзыретін күшейте түседі. Дискурста билік атауы орын алатындықтан, саяси дискурсты – саяси күрес деп қарауға болады.

Мұхтар Шахановтың «Мемлекеттік тіл мәртебесі бүкілхалықтық қолдауға мұқтаж» деп аталатын мақаласынан мысал қарастыра кетсек:

*Егеменді еліміздің қайтсек көсегесін көгертеміз? Қазіргі заманның басты талаптарының бірі осы болса, оны жүзеге асыру үшін ең алдымен мемлекеттік тіл мәселесін біржолата шешуіміз қажет. Тілсіз егемендік – жартыкеш, бабасыз, анасыз егемендік. Қарнымызды тойдыруды кез келген елге барып шешуге болады. Ал қазақ тілі арқылы келетін рухани азықты ешбір елден таппайсың.*

*Еліміз егемендікке қол жеткізгенімен, тілдік егемендікке қол жеткізілді деп әлі толық айта алмаймыз. Егер тіліміз кетсе, онда қазақы түріміз, қарнымыз және сол қарнымыздың мүддесі ғана қалады* (Е.Қ. 07.01.2010.).

Мақала тақырыбының өзі саяси мазмұндағы мәтін екендігін көрсетіп, елдегі тіл мәселесі үлкен, әлі де шешімін таппаған мәселелердің бірі екендігін көрсетеді. Бұл мәтіндегі қарым-қатынас мазмұны саяси тақырыптағы күнделікті қарым-қатынасқа негізделген.

Алғыр саясаткерлер сөздің мәніне аса үлкен назар аударады. Сөз бен басқа да тілдік бірліктерді өзінің сөйлеу мәнерінде бақылауда ұстап, дұрыс қолдана білетін маман саяси дискурсты сенімдірек етіп, қыздыра түседі.

Қорыта келе, лингвистикадағы ауқымды орын алатын ұғымдардың бірі – «саяси дискурс». Саяси дискурстың қамтитын мәселесі өте көп, бірақ ең бастысы мәселені тыңдарманға дұрыс жеткізе білу жолын іздестіру. Сонымен қатар, саяси дискурсты жүргізу барысында туындайтын түрлі мәселелер: конструктивті дау, негативті сенімдер, деструктивті сенімдер, саяси әлеумет, идеологиямен байланысы, психологияның байланысы, дау мәселесі, келіспеушілік, бірін-бірі құрметтеулер. Мұның бәрі саяси дискурстың ерекшеліктері. Саяси дискурста «сенім» мәселесі мен «дәлел» маңызды орын алады, себебі бұқара халық осылардың арқасында өз таңдауларын жасайды.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Жусанбаева С. Көркем мәтін туралы. Абай институтының хабаршысы. № 2(8) 2011. 36 -38 б.
2. Попова Е. С. Текст и дискурс: дифференциация понятий // Молодой ученый. – 2014. – №6. – С. 641-643.
3. Бисималиева М.К. О понятиях «текст» и «дискурс» // Филологичесике науки. – 1999 - № 2 – 26-31 б.
4. Fiske S. (1980). Attention and weight in person perception: The impact of negative and extreme behavior. Journal of Personality and Social Psychology, 38, 889-906.

# М.ӘУЕЗОВТІҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫН АШУДАҒЫ ПОЭТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНІҢ ӨЛШЕМДЕРІ

***Кушкимбаева А.С.,***
*PhD.,аға оқытушысы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

*Annotation. In the article Auezov's speech as a linguistically gifted person is able to spell out the essence of heroes in dramatic drama "effectively expressing his thoughts", his ability to speak "deep, rich in color", his own world outlook, his ability to rise from the national boundaries to the human dimension, his great contribution to the development of language, the fact that the nation was able to succeed is, in fact, a phenomenon of linguistic personality*

Тілдік тұлға дегеніміз – ұлт тілі мен мәдениетінен толық ақпарат меңгерген тілдік – мәдени құзірет иесі. Ол ұлттық, аймақтық, әлемдік мәдениет ақпаратын меңгеруіне байланысты деңгейлерден тұрады. Тілдік мәдениет құзірет иесі (сатылы деңгейіне сәйкес) ұлттық реңктегі тілдік белгілер мағынасын арнайы сараптама көмегінсіз жалпы мағынасын түсінуге қабілетті» [1,7]. А. Исламның осы берген анықтамасын Г. Мұратова былайша толықтырады: «Өзі меңгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгеге таныта отырып, тілді тұтынушы ретінде әрі тілді жасаушы ретінде, тұтастай алғанда тіл тарихына (синхронды, диахронды күйіне), тілдің дамуына қандай үлес қосқанын айқындау мәселесі – Тілдік тұлға мәртебесін одан әрі бекіте түсетін немесе оның тағы бір қырын, яғни толыққанды Тілдік тұлға болмысын ашатын ұстаным болуға тиіс» [2]. Олай болса, М. Әуезовтің тілдік тұлға ретінде тыңдаушысына «*сөз қуаты арқылы ой қозғайтындай»* әсері мол драмалық шығармаларындағы кейіпкерлерінің аузына «*мәні терең, бояуы қанық*» сөз сала алуы, өзіндік дүниетанымы кең, ұлттық өреден адамзаттық ауқымға көтеріле білгені, тілдің дамуына орасан үлес қосуы, шығармалары күні

бүгінге дейін ұлт кәдесіне жарай алғаны оның шын мәнісінде Тілдік тұлға феноменіне айнала алғанын дәлелдейді.

Әуезовтің даралық стилі жан-жақты қарастырылуда. Бірақ жазушының драмалық туындылары таза тілдік бағытта әлі қарастырылмай келеді. Осы ретте, В.В.Виноградовтың: «Стилистика филология ғылымдарына қатысына қарай: әдеби стилистика және лингвистикалық стилистика деп бөлінуі тиіс» [4],-деген пікірін ұстану қажет. Себебі, көркем әдебиеттің зерттеу объектісі - адам, ал лингвистиканың зерттеу нысаны - көркем сөз мәдениеті. М. Әуезов ауыз әдебиетінің асыл нұсқаларын өңдеп, қазіргі өскелең өмір талабына сай әдебиеттің қажетіне пайдалану үлгісін өзінің жазушылық тәжірибесімен көрсетті. «Еңлік–Кебек», «Айман–Шолпан», «Қара қыпшақ Қобыланды» пьесалары соның куәсі. Қазақ топырағында драматургиялық дәстүрінің жоқтығына қарамай, басқа елдер әдебиетінен үйрене отырып, жанр шарттарына толық сай келетін «Еңлік - Кебек» трагедиясын жасай білді. Драма заңдылықтарын жете меңгергенін танытты, оның ірге тасын қалады.

М. Әуезовтің шығармашылығына шолу жасай отырып, оның өзіндік қолтаңбасының шығармашылық мәнмәтінін анықтаймыз:

- М.Әуезов драмаларының тіліне нақтылық пен түсініктілік тән;
- драмалық кейіпкерлер шындық өмірден алынған, қазақ халқы өмірінің сан алуан қырлары үлкен шеберлікпен көрсетілген;
- өмірдің терең қабаттарын қопарып, типтік жағдайлардағы характерлерді дәл тауып, олардың өзара қақтығысынан туған үлкен тартыстар шынайы көрсетілген;
- сан алуан образдар галереясының өздеріне ғана тән, айрықша сөздік сипаттамаларымен кейіптелген;
- қазақ тілінің негізгі сөздік қорын жеріне жеткізе пайдаланады. Мақал-мәтелдерді, айшықты сөздерді, фразаларды бағзы күйінде ала салмай, оларды өз мақсатына орай жаңғыртып, жайнатып, қайтадан құйып шығарады;
- қазақтың ежелгі әдебиетіндегі драматургияға жақын үлгілерді (айтыс, беташар, жаржар, шешендік дауды) жаңашылдықпен пайдалана біледі;
- таңдап алынған сөздер (концептосфера) арқылы дүниенің тілдік бейнесін, тілдік тұлғаның образды ойлауын білдірудің жолын (Ф. Де Соссюр) қарастырды.

Тілдік тұлғаның биологиялық тектік белгісіне келетін болсақ, Ахмет Әуезовтің естелігіне сүйенеміз: «Әбдіқожаның жалғыз ұлы Бердіқожа – ескіше көп оқыған, ата-баба жолын қуып, Қаратау атырабындағы елдің сыйлы адамы болған. Өзі тілді, шешен, өжет кісі болған екен... Атам Әуездің сөзін, айтқан ақылын Абай үнемі тыңдап, қоштап отыратын. «Үлкен қожа», «Әуке аға» деп, әр жерде-ақ өз ойын ашық айтып, атаммен сөйлесіп отыратын. Ақынның 1896 жылы жазған «Разаққа» деген өлеңін еске алайықшы.

«Мына үйде отыр Разақ,
Мәні – жайын айтар ма екен,
Шақырып алып сұрасақ,
Үлкен қожа – ортан қол,
Өзге қожа – шынашақ...» Міне, бұл өлеңнен Абайдың атам Әуезге деген құштар ойын білеміз» [3, 4]. Міне, осы естеліктен Мұхтардың биологиялық – тектік белгісі Тілдік тұлғаның құнарлы жерде өсіп – өнгенін дәлелдейді. Мұхтардың тілдік тұлғасының қалыптасуына оның сөз қадірін білетін ортада туып–өскені әсер етеді.

**Тілдік тұлғаның әлеуметтік –этникалық сипатына** өскен ортасы, ұлттық дүниетаным ерекшелігі; ұжымдық және сана көрінісі анықтауыш бола алады. Бұл этномәдени факторлар тілдік тұлғаның жалпыланған ұлттық түрін қалыптастыруға ықпал ете отырып, жеке (дара) тілдік тұлға болмысына да әсер етеді деген Г. Мұратованың пікіріне біз де қосыла отырып, М.Әуезовтің тілдік тұлғасын зерттеу арқылы ұлттық мәдениет пен дәстүрді танытатын дүниенің тілдік белгісі туралы ой түйеміз.

М. Әуезовтің драмалық шығармаларына зер сала отырып, оның қазақ халқына тән шешенді өнерді терең меңгергеніне куә боламыз. «Еңлік –Кебек», «Абай» трагедияларындағы шешенді дауда әр кейіпкерге ұтымды сөз бен ұшқыр ойды сала білуі тұлғаның ойлаудың жоғары мәдениетін терең меңгергенін көрсетеді. Тілдік тұлғаның әлеуметтік – этникалық белгісіне тағы да оның әр драмасында көрініс беріп отыратын әлеуметшілдігін келтіруге болады, оның ел бірлігі, бостандығы туралы ойлары үнемі драмаларының бойында көрініс тауып отырады.

Тілдік тұлға құрылымын анықтайтын жеке – даралық параметрі оның өзіне ғана тән авторлық қолтаңбасын анықтайтын идеялық көзқарасы, сөз саптауы арқылы ажыратылады.

Вербалды-семантикалық деңгейде тілдік тұлғаның күнделікті дәстүрлі тілді меңгеру деңгейі анықталады. Бұл деңгейге автордың өзіндік сөз қолданысы, әртүрлі образдар көрінісінің қолданылу дәрежесі, тілдік тәсілдердің сонылығы, түр жаңалығы, семалар ерекшеліктері енеді. Бұл тілдік тұлғаның бастапқы таным көрінісін ашатын деңгей болғандықтан, ол кейде *нөлдік деңгей* деп те аталып, тілдік тұлғаның тілді қолдану ерекшелігі басым түрде әңгіме болады. Қ.Жаманбаева «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» еңбегінде А.Байтұрсынұлы көрсеткен тіл толғау шарттарын осы деңгейге енгізеді: 1. Сөз дұрыстығы; 2. Сөйлемдерді орайластырып, құрмаластыру; 3.Тіл анықтығы; 4. Тіл дәлдігі; 5.Тіл көрнектігі [4,19]. Бұл деңгейде, әсіресе, жекелік метафора мен мақалдар, қанатты сөздер, фразеологизмдер ерекшелігін қарастырған жөн .

Тұлғаның белгілі бір лексикалық бірліктерді таңдауы оның рухани әлемінің бейнесін танытып, тілдік құзіретін білдіреді. Олай болса, біз үшін М. Әуезовтің тіліндегі кірме сөздерді, көп мағыналы сөздер құрылымынан өзіндік мағына таңдап қолдануын, жеке ассоциацияларының жүйесін қалыптастыруын, зерттеу оның вербалды-семантикалық деңгейдің өзінде-ақ оның тілдік тұлғасына тән ерекшеліктерді табуға көмектесіп, кейінгі деңгейлерді таразылауға негіз қалайды.

Бұл тарауда Ю.Н. Караулов тұжырымдаған «өзінде психологиялық та, әлеуметтік, этикалық құндылықтары арқылы, дискурсы арқылы сіңірген толыққанды тұлға» [5] мәселесін сөз етпекшіміз.

Тілдік тұлғаны зерттеуде тұлғаның дүниетаным мазмұны негізгі аспектінің бірі болып табылып, ауызша диалогта мінез шашыраңқы көрінгенімен, уақыт өте ол жинақталады. Бұл дискурстың нышаны. Дискурс – бұл хабарлама, оны қолданушы адамның көзқарасы мен сөйлеу әрекеті. Дискурс жазушының көркем танымы арқылы ішкі және сыртқы әлемін жасаған тұлға үлгісі ретінде сөйлейтін әдеби шығармадағы кейіпкердің айтқан сөздерінің жиынтығы. Шығарма мазмұнына, ондағы кейіпкерлердің мінездеріне берілген тілдік құрылымының, дүниетанымының, өмірлік мұраттарының мәтіндегі көрінісіне қарап, когнитивтік және прагматикалық деңгейінің нәтижесін, тұлға құндылығының жүйесін анықтауға болады [5]. Осылайша, әдеби кейіпкердің мінезі мен тілін көрсету арқылы шығарма авторы бізге тұтас тілдік тұлға ретінде көрінеді.

«Сөздің ерен ұстасы» деген баға алған М.О.Әуезов әрбір жазған шығармасының тіліне аса жоғары талап қойып, сол биіктерден өзін жарқырата көрсеткен суреткер. Академик З.Қабдолов М.О.Әуезов туралы, оның шығармаларының тілі туралы: «...бүтін бір мектеп боларлық шұрайлы тіл», - деп көрсетуі тегіннен тегін айтылмаса керек. Жазушы шығармасын зерттеген көптеген ғалымдар, мейлі олар әдебиетшілер болсын, я тілшілер болсын оның шығармаларының тіл байлығына, ойының байлығына соқпай кеткені жоқ.. М.О.Әуезов тіл өнерін жоғары бағалаған, сондықтан да өзі айтқандай «қиын жанр, ең жауапты жанр – драма жанрының» жазылуына ең жоғары талап қойып отырған. Міне, сол себепті «Пьеса ішінде сөз кеміп, іс молайсын» [6] деген басты шарт қояды.

М.О.Әуезовті тілдік тұлға ретінде танытатын қырының бірі – оның драмалық шығармаларындағы суреткерлік қыры. Қазақ сөзінің дариясында ерсілі – қарсылы еркін жүзген заңғар

жазушы пьесаларында поэтиканың басым болуы, іс –әрекеттердің мол болуы, ал сөздің аз да болса, саз болып, нақтылап беру шеберлігіне қатты назар аударғанына куә боласыз [7].

Осы орайда Ғ. Слановтың мына бір сөздерін келтіре кеткенді жөн көрдік «Көп оқып, көп тоқығанның арқасында ана тілінің түбірлерімен ұштасып жататын жаңа сөз, жаңа орамдар табатын озғын тілмарлар тап осындай бейнетқорлардан шығады. Ал өз аулының сөздігінен басқаға пысқырып, бұрын құлағына тимеген өзге өлкелер тілін ерсі көріп, осқырынып қарайтындар болса, оның сөздік қоры да тапшы, адымы да шау жатады.

Бір мысал. Сөз қорының молдығы жағынан да, тіл байлығын пайдаланудағы әр алуан орамы, жаңа қолданыстар жөнінде де Мұқтар ағайға тілші ғалымдарымыз бен жазушы, қалам қайраткерлері түгел ақ ден қоятын секілді. Орынды - ақ! Біздің ойымызша, осында екі түрлі сыр бар- ау дейміз. Біріншіден, Мұқан «ана өлке тілге кедей, мынау бай, кәделі бұйым онда көп те, мұнда жоқ» деп қарамастан, қай жерлің асылы болса да, іле жүріп, кәдеге жарайды ау дегенін жатсынбай қолдана біледі. Тегінде тілі кедейліктен өзге бір «бай» өлкеге барып, қарызға тіл сұраған аймақ қашаннан жоқ. Шаруашылығының түріне, өзге көрші халықтармен аралас құраластығына , тұрмыс күйіне қарай әр өлкенің тілінде де ерекшелік бола береді.

...Тілдің бояуы өте қажет нәрсе. Оқушыға ой салып, сипаттап отырған адамыңның қырларын ашуға да аса қажет бояуы бар, нәрлі сөздер әдебиет қайраткерлерінің мүддесіне көбірек жараса керек. Мұқаң тілдегі қасиеттер осындай қағидаға жүгінгеннен болып отыр-ау деймін. ...Ол кісі әр өлкенің байырға сөздерден жарасымды қолданып жүргенін мысалдардан айқын көреміз.

Мұқаңның лексиконында «сәт сапар», «сын сағат» тәріздес жаңа тіркестер көрінген сайын әдебиетшілеріміз іліп әкетіп қолданып жүр.

Мұқаңның әдеби тілімізді ұстарту, дамыту жөнінде сіңірген еңбегі мол. «Шынжыр қатар бір топ патшалар» дегенін алайық. «Шынжыр қатар» деген жаңа атау. Бұл Мұқаң тапқан көп игінің бірі. Тек «бір топ патшалар» деген көкейге қонымқырамайды. «Бір топ» болғасын ақ көптікті көрсепей ме? Ендеше «патшаға» тағы да көптік жалғаудың керегі бар ма? «Бір топ кісі», «бір топ жаңы», «бір топ құс» деп айтыла бермейтін бе еді? Әлде Мұқаң мұны әдейі солайша алып отыр ма?» [8]

Өзімізге дейінгі жазушы тілін зерттеген әдебиетші, тілші ғалымдардың салған сүрлеуімен тіліміздегі байырғы сөздердің қолданылуы, кірме сөздер, бұны орыс тілінен /орыс тілі арқылы үнді-еуропа тілдерінен енген, араб, парсы тілдерінен енген деп және жазушының тек өзінің ғана әрі стильдік, әрі жанрлық, әрі әдеби шеберлігін көрсететін сирек қолданылған сөздер тобы деп жіктегенді жөн деп таптық.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ислам А., Лингвомәдениеттану. Тіл әдебиет контексінде, А.,2004. -242 б.

2. Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы: фил.ғыл.док. ғылыми дәреж. Алу үшін дайынд. диссерт.т ҚР. Алматы, 2009.

3. Әуезов А. Бала Мұхтар. – Алматы. Жазушы, 1967. -52 б

4. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

5. Караулов, Ю.Н. Предисловие. Русская языковая личность и задачи ее изучения / Ю.Н. Караулов // Язык и личность. – М.: Наука, 1989. – С. 3-8.

6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.

7. Зекенова А. М.О. Әуезовтің драмалық шығармалары тілі лексикасының квантативтік стильдік сипаты дисс. жұмыс. ВАК 10.02.06.

8. Тіл ұстарту тақырыбы Сыланов Ғабдол. 18 апрель, 1958 ж. № 16)

# ТІЛ – ҰЛТ ТАМЫРЫ

***МәдиевС.Ш .,*** *ф.ғ.к.,*
***Игиликова С.И .*** *1 курс докторанты*

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен-ақ Қазақстан мемлекеті білім беру жүйесінің ескі моделін жойып, өзіндік моделін қалыптастыруды қолға алды. Жаңа заман, жаңа ғасыр талабы да осылай болатын. Бұл біздің тәуелсіздік алған күндерімізбен тұстас келді. Бірақ та, бірнеше жылдар бойы Кеңестік кеңістікте өмір сүрген қазақ елі үшін бұл шаруа бірден оңай болған жоқ. Еліміздің талантты талай азаматтары осы білім саласының басшылығына келіп, талабы таудай талай-талай реформалар жүргізді. Осы қиын жолда талай адастық та. Сол күндерден келе жатқан сын мен дау-дамайдың сарқыншағы әлі күнге қалмай келеді. Бұл заңды құбылыс. Әлемдік ақпарат пен тез дамып жатқан жаңа технология ағымында жаңа ғана шаңырақ көтерген біз секілді жас мемлекеттер түгілі, әлемге танылған алпауыт мемлекеттердің өзі XXI ғасырдағы жаһандану заманында бағыт-бағдарынан айырылып, шаң қауып қалып жатқандары бар.

Әлемдік білім кеңістігіне ерте араласқан, бұрыннан да аздап аралас-құраластары бар жоғары оқу орындары бұл үрдіске ерте кірісті. Республикамыздың түгелге жуық жоғарығы оқу орындары әддеқашан шетелдік модельге көшіп, оны жетілдіру үстінде, кешеуілдегендері нарықтан шығып, не болмаса ірі оқу орындарына бірігуде.

Ал негізінен мектеп моделі төрт жылдық бастауыш сыныпты, бес жылдық негізгі кезеңді және екі жылдық толық орта білімді қамтитын бұрынғы кеңестік білім жүйесінің стандартында қалды. Оның сыртында Қазақстан жалпы білім беру моделінен және жоғары сыныптарды қамтитын элиталық мектеп моделінен тұратын батыстық мектептер нұсқасындағы білім берудің екі моделін таңдап, енгізді. Бұл бүгінгі Назарбаев зияткерлік мектептері, дарынға балаларға арналған және кейбір жекеменшік мектептер. Білімге, жаңашылдыққа деген самарқаулығымыздың бар екені рас. Міне осы шымылдықты түріп, алғаш осы модельдердің батыл түрде білім жүйесіне енуі шынын айту керек елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының арқасы. Біздің артық қыламыз деп тыртық қылатын әдетіміз де бар. Кейде орынсыз мақтаулар елді мезі қылып, шын мәніндегі шындықтан алшақтатып жібереді. Бұл тәуелсіздік алысымен-ақ XXI ғасырдағы әлемдік білім саласының дүлдүлдерінің жалына жармаса шауып, көптен қалмау жолындағы Елбасымыздың шын мәніндегі ерлігі, халқына деген қамқорлығы еді. Тек бастаманы қазір біз білім, ғылым саласының қызметкерлері қалай дамытып жатырмыз, қандай бағытқа бұрдық, міне, әңгіме осында. Әйтпеген жағдайдауақыт биігінен бүгін артымызға қарасақ, осыдан 25 жыл бұрын қирап қалған кеңес өкіметінің білім беру жүйесінің орнында құрған моделінің құжаттарын құшақтап, жұртта қалған елдей ошақ басында біздің қазақ жұрты отырушы еді.

Міне, осы жаңа ізденіс, жаңа жол табу жолында Білім және Ғылым министрлігі бірнеше реформалар жасап, қайтсек әлемдік білім кеңістігіне қосыламыз, еліміз сауатты жаңа заманға, нарыққа сай мамандар даярлай алады деген жолда талмай ізденіс жасап, бұл ретте сынға да ұшырап, бірақ мұз жарған кемедей орасан зор жұмыстар атқарып келеді.

2001 жылдан жалпы білім беретін орталау білім беретін мектептерді реформалау бағытында халықаралық тәжірибелер зерттеліп, жаңа баламалы оқулықтар енгізілді. Мектепте білім берудің құрылымы бірте-бірте 12 жылдық білім берге көшу бағытын ұстанды. Төрт жыл бастауыш бұрынғыша қалып, алты жыл негізгі мектеп, ал екі жыл жолғары мектеп моделіне негізделді. Шынын айту керек, бірақ бұл өзгеріс бүгінде өте ауыр жүруде. Мұның басты себептерінің бірі ретінде ғалымдар, ұстаздар қауымының өзгеріске баяу бейімделетінін айтады. Екіншіден, жаңа тұрпаттағы білім моделі, әсіресе техникалық ғылымдар саласынан тіптен бөлек, бұрын соңды елімізде болмаған білім сапасын талап етуде. Міне бұл уақыт шындығы.

ҒалымЛюдмилаЗуева«ҚазақстанРеспубликасыныңмектептерібілімберужүйесініңдамукезеңдері»аттыеңбегіндереформаларғадайындықтыбескезеңгебөліпқарастырады[1]. Бұл кезеңдерді талдау әрине, ұзақ әңгіме, қысқарта айтсам бұл кезеңдерден байқағанымыз мектеп реформасына дайындық жұмыстары бірден жүргізілмей бұрынғы кеңестік білім жүйесінен бірте-бірте бас тартқандығын көрсетеді. Жалпы осы кезеңдерде жүргіхілген реформалардың негізгі көздеген мақсаты әлемдік білім жүйесіне бірте-бірте көше отырып, орта мектептерде 12 жылдық білім беруге ауыстыруға бағытталған. Елбасы мен үкіметіміздің мұндағы алдында тұрған негізгі мақсаты өзін-өзі жүзеге асыра алатын әлемдік деңгейдегі жедел өзгеріс үстінде дұрыс, әділетті, адамшершілікті шешім қабылдау мүмкіндігі жеке тұлға қалыптастыру. Міне бұл діттеген мақсатқа қол жеткізіп келеміз.

Заман өзгерген сайын соған сай идея мен мақсат та өзгереді. Ал мақсатқа қол жеткізудің әдістері мен тәсілдері де өзгеріске ұшырайды. Қарап отырсақ тәуелсіздік алған осы 25 жылдың ішінде ересек адамдардың өзінің мінез-құлқы, психологиясы нарық заңдылықтарына сай біраз өзгерістерге ұшырады. Ал бүгінгі мектеп баласын, бұрынғы мектеп баласымен тіптен салыстыруға келмейтіні айтпасақ та түсінікті. Міне мұның өзі бұрынғы кеңестік жүйеменен бұгінгі таңдағы бізге қажет білім жүйесінің арақатынасын салмақтайды.

Дүниежүзінде білім беру саласы бірінші кезекте экономикаға, ондағы еңбек нарыңын дамытуға қызмет етуі керек. Жаңа заманның талабы осылай, мұны мойындамаймыз деген әлемдік елдердің өзі де бүгінде бірауыздан мақұлдап отыр. Әлемдік тәжірибеде осыған қол жеткізу үшін екі түрлі амалды қарастырады екен. Сол себепті де бүгіндегі озық білім беру салалары екі топқа жіктелуде. Бір топтағылар элиталы мектептердің дамуына көбірекқам жасайды. Яғни экономиканы дамытуға негізінен алғанда белгілі бір топ білікті мамандар, менеджерлер, жеке тұлғалар ақыл-ойы мен қабілет-қарымына сүйенеді.

Ал екінші топтағы елдер сапалы білімге барша халықтың қолы жетуін мансұқ етеді. Олр осы арқылы ел ішіндегі әлеуметтік қажеттілік қағидаларын бекітіп, білім алудағы теңдікті қарастырады. Алдыңғысына АҚШ бастаған бұрынғы капиталистік ірі алпауыт мемлекеттерді жатқызсақ, соңғысына Қытай бастаған және соңғы кезде қарыштап дамып келе жатқан Азия елдерін кіргізуге болады. Міне, біз осындай жол айрықтарының түйіскен жерінде тұрмыз. Дүниежүзілік ғалымдардың айтуынша, соңғы топтағы елдердің таңдаған бағыттарының дұрыс екендігін көрсетіп отыр. Ел тағдырын белгілі бір топ емес, саналы, білімді, бәсекелестікке қабілетті жаңа заман адамы ғана шешетінін, оны қоғамның дамуына өте ықпалды екендігін өмірдің өзі дәлелдеп беруде.

Осы тұрғыдан алғанда Азиядағы дамушы елдердің қатарынан көрініп келе жатқан қазақстан Республикасы білім саласындағы мектептердің бір ғана типті болуын көздей отырып, ұлтымыздың келешек ұрпағы мемлекет арқылы білім алсын деген мақсат көздеп отыр. Осы тұрғыдан алғанда байдың да, кедейдің де балалары тең дәрежеде білім алып, ертеңгі жаңа заман талабына сай болып, өсуі үшін, үш тұғырлы тіл саясатының мәні зор. Бірақ біз саясатты дұрыс түсіндіре алмай, жеткізе алмай келеміз. Қазір ауылдық жерлерде басқа да шалғай аудандарда балаларын ағылшынша, тіпті кейде орысша оқытуға зәру болып отырған адамдар бар. Мұны біз біржақты қарамай, ұлтымыздың білімді, жан-жақты бірнеше тіл біліп өсетін ұрпақ болу тұрғысындағы білім деңгейінен қарастырғанымыз жөн. Тек біз оқытудың методикасын жетілдіруіміз, оның педагогикалық, психологиялық ерекшеліктерін қатаң ескеруіміз қажет. Баланың жас ерекшелігін ескере отырып жүзеге асыруымыз керек.

«Сөз сөзден туады, сөйлемесең неден туады», - деп отырушы еді марқұм әжем. Шыннда да сөзден сөйлем туып, алғашқы сәбидің қалт-құлт етіп, тәй-тәй басқан шағында «ата-апа» деп басталатын алғашқы сөзінің төңірегіне топтасқан сөздік қор мың, миллиондаған сөздік қор, мыңдаған миллиондаған жылдар бойы дамудың нәтижесінде белгілі бір ұлттың қарым-қатынас құралы – тіліне айналады. Сондықтан да халықтық мәдениет пен мен құндылықтарды бойына сіңірген, ұлт тілі – ол ағып жатқан арналы кәусар бұлақ, баға жетпес

рухани қазына. Тау-тасты жарып аққан небір керемет арынды өзендердің өзі әртүрлі табиғи өзгерістерге түсіп жатады, жолындағы құмды шөлден өте алмай, сіңіп жоқ болып немесе арнасы шөп шалаңмен бұлғанып, соңы лайға айналып жатқаны қаншама, сол секілді тіл де жанды құбылыс. Бұлақтың көзін ашсаң одан әрі ағады, ал қоқыспен бітесеңіз немесе басқа арнаға бұрып жіберсеңіз, бір өзен екіншісіне қосылып, жоғалып тынады. Міне сол секілді әлемде күн сайын, тіпті сағат сайын екінші тілдің жетегінде кеткен кейбір тілдер біржола жер бетінен жоғалып кетіп жатыр. Қазақ тілі сөйлейтін адамдар саны жағынан әлемдегі тілдер арасында жетпісінші, ал тіл байлығы жағынан екінші, үшінші орындарда. Ең бай тіл саналатын араб парсы тілінің 12,5 миллионнан астам сөздік қоры болса, қазақ тілінің сөздік қоры бүгінгі таңда жеті жүз мыңдай. Оның үстіне, сапалық деңгейі жағынан өзге тілдерден анағұрлым жоғары тұрады. Ал жаһанданудың ұйтқысы болып саналатын ағылшын тілі жыл сайын жиырма бес мыңдай жаңа сөздермен толығып отырса, оқшауланған отыздай тілді жер бетінен жұтып отырады екен. Тіліміздің шұбарланбай күні бүгінге дейін таза қалпында сақталып келуінің негізгі құпиясы – бұл көшпелі халық мәдениетінің көпке дейін басқа ұлт мәдениетінен оқшау дамуында. Көшпенділер өз мәдениетін дамыта отырып, ұлттың рухани қазынасы тіл байлығын да молайтты, өмірде көрген білгендерін ой-санасында қорыта отырып, тілі арқылы кейінгі ұрпағына мұра етіп қалдырды. Тіл – ұлттың дәстүрімен, тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты. Мәселен бір кездерде мал шаруашылығымен айналысатын «қазақ жұрты баласын ботақаным» - деп мейірленіп, айналып толғанса, ал бүгінде «ботақан» сөзінің не екенін білмейтін орыс тілді қандастарымыз қаншама. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына кіреді. Бізге бір табан жақыны татар, башқұр қарашай балқар, құмық, қарақалпақ, ноғай тілдері.

Қазақ тілінің сонау ежелгі заманнан бастау алатындығына тастағы түркі жазбалары куә. Талас-Орхон-Енисей жазулары (5-8ғ.ғ.), Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі, Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғатат түрік» еңбегі, Ахмет Йүгінекидің «Һибат Ұл һақайық» еңбегі, Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметі» (10-12 ғ.ғ.), Алтын Орда, Шағатай және қыпшақ (13-14 ғ.ғ.) жазулары бұл – біздің тіл қазынамыздағы жауһарлар. Әлі де толық зерттелмеген тарих қойнауында жатқан жәдігерлер жетерлік. Ол бүгінгі жас буынның еншісі. Ата-бабаларымыз бірнеше том болатын жыр, қисса-дастандарды таңды таңға ұрып, жатқа айтқан. Соның арқасында тіл ұстарып, сөздік қор ұлт арасында кеңінен пайдаланылған. Бүгінде ғалымдарымыз, жазушыларымыз жазудай-ақ жазып жатыр. Бірнеше томдаған кітаптар да шығаруда. Бірақ оны бірен-саран адам ғана болмаса, жалпы жұрт пайдаланбайды. Сөздік қор қолданыста болмағандықтан да, қолданылу аясы тарылып, жылдан-жылға ортая түсуде. Қазақ тілі тарихы қилы кезеңдерді басынан өткерді. Біріншіден, қазақ халқы 300 жылдай араб, жоңғар, шапқыншылығынан зардап шегіп, тақымын жаза алмаса, кейінгі 300 жылда Орыс империясының бодандығында болып, жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Соған қарамастан басқа түркітілдерімен салыстырғанда сөздік қоры жөнінен қазақ тілі ежелгі таза қалпын сақтап келе жатқан тілдердің бірі. Бүгінгі зерттеулердің негізіне сүйенсек, тілдің осынша құнарлы болуы, бейнелі болуы, таза қалпын сақтауының негізгі қайнар көзі – бұған дейінгі ауыздан ауызға тарап кележатқан қазақтың жыраулық өнері яғни ауыз әдебиеті. Алғашқы заң 1989 жылдың 22 - і қыркүйегінде осыдан тура жиырма бес жыл бұрын Қазақ ССР-нің Тіл Туралы заңында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі ресми түрде атап көрсетілген болатын. Ғасыр басында қазақ түркілер әлемінде бүгінгі түріктерден кейін екінші орында тұрса, бүгінде түріктердің өзі 80 миллионнан асып, әлемнің барлық елдеріне аттары мәшһүр бола бастады. Әзірбайжандар 40 миллион, өзбектер 35 миллионнан асып барады, ал біз болсақ 10 миллионға да жете алмай келеміз. Тіл дамуының негізгі қозғауыш күші де ертеңгі болашағы да бүгінгі жас бүлдіршіндер. Белгілі тіл жанашыры ұлт көсемі М. Әуезовтің «ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөзі тектен-тек болмаса керек. Сондықтан біз ең әуелі басты назарға бала тәрбиесіне аударуымыз керек. Бүгін сәбидің тілін қалай шығарсақ, ертең ол дәл

солай сөйлейді. Бүгінгі таңңда балабақша, мектеп тіпті жоғары оқу орындарының өзінде де тіл мәселісінің ақсап тұрғаны баршамызға аян. Балабақша әр баланың отбасынан кейінгң тіл дамыту орталығы. Сондықтан балабақшадағы тәрбиеге, ондағы оқу құралдарының мазмұнды болуына бәріміз де салғырт қарамауымыз тиіс. Қазақ отбасында дүниеге келген әр баланың тілі қазақша шығады деу қиын. Өйткені барлығының бірдей ата-анасы тілге жетік, сөзге бай, бейнелі жандар болмауы мүмкін. Өзі қазақша жақсы сөйлей алмаған ата-анадан қазақ ұрпақ күту де қиын. Әсіресе орыс балабақшаларында тәрбиеленген қазақ балаларының тілі сол күйі «ң» мен «ә»-ге келмей қалыптасып өседі. Ал кейбір отбасыларда баланың тілі қос тілде де шығады. Көптеген қазақ отбасыларындағы жас балалардың көбісі болашақ қостілділер. Қостілділіктің әрине жақсы тұсы, артықшылығы бар, алайда қазақ өз баласының тілін алдымен қазақша сындыруы керек. Әйтпегенде не өз ана тілінде дұрыс сөйлей алмайтын, өз тіліне немқұрайлылықпен қарайтын буырларымыздың саны өкіншіке орай тағы біреуге қосылады. Бұл бара бара үлкен қасіретке айналмасына кім кепіл. Сол себепті де әр ата-ана өз баласының тілінің шығу процессіне немқұрайлы қарамау, отбасында орынсыз орыс тілдерінде сөйлеспеу, баланың қабылдауына ауырлық, салмақ салмауға тырысу керек.

Балаға шет тілін балабақша түгіл бастауыш сыныптың өзінде оқыту асығыстық. Бұл қазақ ұлты үшін берік қағида болуы керек. Кезінде қазақ тілінің алғашқы ғалымдары, тілді ғылыми негіздеп жазба мәдениетін енгізген А. Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытов, Т.Тәжібаев сынды жанашыр ғалымдар қазақ мектебінде оқып, ұлттық тәрбие алмаған баладан ұлттық мүддені күтуге болмайтынын қадап айтқан болатын. Ал Т.Тәжібаев, М. Мырзахметов сынды ғалымдар аралас мектептердің қазақ балалары үшін зиянын дәлелдеген бір-бір кітап жазып қалдырды. Бірақ оған құлақ асып жатқан біз жоқ. Бір айта кететін жай бұл жерде тіл үйрену мен ұлттық тілде ұрпақ тәрбиелеу мәселесінің ара жігін айыра білгеніміз жөн. Өзге тілді білгеннен адамдардың өресімен бірге өрісі өсіп, ел-жұрттытанитыны сөзсіз. Бірақ өзге дүниені ұлт көзімен қарау, ұлттық психологияда тану әркімнің қолынан келе бермейді. Мәселен бүгінгі таңда орыс халқының көзімен дүние есігін ашқан, білімін орыс дүниетанымымен жетілдірген орыс рухымен сусындап философиясынан нәр алған кейбір мемлекет басындағы мықты деген қазақ азаматтарының өзі ұлттық мүддеге келгенде тайсақтап, бойкүйездік танытады. Оның себебі тілдік рухтың жоқтығында. Тіл қашанда ұлт рухымен қуатты. Ол шорланып қатқан темірдей берік болады. Тамыры тереңге кеткен бәйтеректі құлату қандай қиын болса, ана сүтімен бойына дарыған, қанына тараған, сүйтіп бүткіл сана-түйсігінің барлығын тілдік рух жаулаған ұлт жанашырын ешқашан шайқалту мүмкін емес. Бүгінде біздің мемлекеттегі билікте отырғандардың тоқсан пайыздайын орыс тілділер құрайды. Сондай-ақ Қазақстанда шығатын басылымдардың да 90%-ға жуығы орысша. Хабар таратын телеарналардан берілетін хабарлардың 10%-ы, ал фильмдердің 3%-ы ғана қазақша. Пайдасынан зияны көп аралас мектептер де жыл санап өсіп отыр. Онда оқитын орыс топтарының 70-80%-ы тағы да қазақтар. Міне бүгінгі тіл саясатындағы дамудың тежеуші күштері де осы айтылғандар. Қазір Қазақстан жаһануға бет алды. Бұл дүниежүзілік үрдіс. Біз бұдан қала алмаймыз. Ағылшын, орыс, қазақ тілдерін білу, үш тұғырлы саясат ұстану дұрыс-ақ. Дейтұрғанмен бала санасын ерте улап, бастауыш сыныптарда басқа тілдерді үйрету артықтау. Педагогика саласының білгір маманы, ұлттық педагогика мен психолгияның негізін қалаушы, бір кездерде өзі дипломат болған әрі Мәскеуде тәрбиеленіп өскен атақты ғалым Т. Тәжібаев өзінің ғылыми пайымдауында баланы он жасқа дейін өз тілінде тәрбиелеу керек десе, соңғы кезде дүниежүзінің педагог зерттеушілері баланы он үшке дейін өз тілінде сусындатып өсіру керегін анық айтады. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Бала бір мүшелге толғанша яғни он үшке келгенше жеті атасынан берілетін қан арқылы және ұлтының сөйлеу тілі арқылы толықтай ойлау жүйесі қалыптасады екен. Қазақта «жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай қоймас негізге» деген қанатты сөз бар. Қазекең бір мақал түгілі, бір сөзін босқа айтпаған. Мүшел жасына дейін қалыпасатын жас баланың бойындағы ген арқылы тұқым қу-

алаушылық яғни ойлау жүйесі тәрбиені сол өзінің арғы ата-бабаларының тілі арқылы жалғастырса ғана баланың ойлау қабілеті тез жетіледі екен. Ал ойлау жүйесі қалыптаса қоймаған жас буынға ген арқылы келген ойлау жүйесіне сәйкес келмейтін тілді оқытсаңыз, ол баланың бұрыннан бойында тұқымынан келе жатқан ойлау қабілеті бұзылып, жаңа тілге негізделген жаңа пайым пайда болады. Міне осыдан келіп, екі тілде оқыған, қатар сөйлеген кейбір талантты жас балалардың ойлау жүйесінде кібіртіктеу пайда болады. Өздеріңіз білетіндей көп оқитын, көп білетін, дарынды балалар арамызда аз емес, бірақ ұлттық мүддеге келгенде олардың қай-қайсысы да самарқаулау. Кезінде ұлы ойшыл Әл-Фарабидің «тәрбиесіз берілген білім – зиянның зияны», - деп айтқаны босқа болмаса керек. Қазірде шетелде оқып шетелге аты мәшһүр болып жатырған қазақбалалары аз емес, тілін білмесе де оның қазақ екендігіне қуанып, сырттай мәз болып біз отырамыз. Шынын айту керек сол қазақ балалары ұлттық мүддемізге қызмет ете ме, ұлт үшін қаншалықты пайдасы бар. Міне осы тұрғыдан келгенде, әлі ойланатын мәселелер көп-ақ. Мемлекеттік дамудың көшбасында жүргендер руханияттың негізгі алыптары ұлттық рухтың асыл қасиеттерін бойына сіңірген, ұлттық мектептерде оқып, халықтың арасында тәрбиеленгендер. Бір ғана Павлодар өңірінің Баянауылынан он академик шықса, оның тоғызы бір ауыз орысша білмей өскен, сіңірі шыққан қазақтың қара домалақтары. Ал дүниежүзінің Нобель сыйлығын алған ғалымдардың да 90%-ын сол ұлттық мектептер мен ұлттық тәрбиеде білім алғандар құрайды. Ұлт көсемдері қай елде де бар. Дүниежүзілік ойшылардың бірі Гетенің бір кезде айтқан «Ұлы дүниелер ұлт тілінде ғана жасалады» - деген сөзі босқа айтылмаса керек. Біз өзге ұлттың тілінде сөйлеу арқылы экономикалық жетістіктерге жетіп, материалдық тоқшылыққа жетуіміз мүмкін, бірақ тәуелсіз елдің негізгі айқындауышы тілді дамытпай жұрт санасатын ел болуымыз екіталай. Тілдің астарында ұлттың рухы жатыр. Ертеңгі елін қорғайтын батырлар да елінің зары мен мұңын жоқтайтын ақындар да сол тіл рухынан нәр алып, өсіп жетіледі. Ұлттық тұтастық пен ұлттық бірлікке айналып келгенде мемлекеттік мүддеге де қызмет ететін – ұлттық рух, ұлттық таным. Ол көзге көрінбейді, қолға ұсталмайды. Бірақ сарқылмас қазына ретінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады. Тіл туралы айтқанда тіл біліміне қатысты да бірер сөз айтып кеткенді жөн санаймын. Бүгінгі таңда еріккенің ермегі ретінде, не өз мамандығын игере алмаған, не болмаса күні кешеге дейін орыс тілін зерттеумен нанын тауып жеп жүргендердің аяқ астынан қазақ тіл білімінің жанашыры бола қалатындар арамызда көбейіп барады. Төтесінен айтсақ жалған ғалымсымақтар тіл заңдылықтарын бұра тартып, тілді біресе орысқа, біресе қытайға тартып, жұлмалап жүр. Қалыптасқан ұлттық тіліміз бар. Оған біреудің ана сөзі кірді, біреудің мына сөзі кірді, сөйтіп сол арқылы тіліміз байып, сөздік қорымыз жаңарды деген жаңсақ пікір. Егерде біз сонау біздің эрамызға дейінгі тарихымызды дәлелді терең қозғай алсақ, кімнің тілінен кім үйренгендігін тарих өзі айқындап берер еді. Мәселен қамыт, самауыр т.б. кейбір сөздерді орыс тілінен кірген деп жүрміз. Ал қазақтың қамыт сөзі сонау түркі жазбаларының өзінде кездеседі. Сол себепті де бұрынғы империяның нұсқауымен жазылған ғылыми еңбектер бүгінгі таңда жаңадан басқаша көзқараста қарастырылуы керек. Ал кейбір тіптен батысшыл болып кеткен ғалымдар тілдің мәнін, ұлтқа қызмет ету аясын шетелдік еңбектерден іздейді. Рухани күшін сол мәдениетке апарып телиді. Сондықтан да болар ол ғалымдардың еңбектері аяғы «изм-мен» бітетін сөздерден көз тұнады. Тілді дамытып сөз қорын жаңартудың орнына қазақ тілінің тамырын басқа жұрттан іздеу көпшілікті қателікке апарып ұрындыратындығын да сезбейді. Қазақта: «пайдаң тимесе тимесін, ең болмаса зиянынды тигізбе» деген қанатты сөз бар. Тым құрығанда бүгінгі ғалымдар осы сөзді берік ұстанса деймін.

Белгілі тіл ғалымы академик Р. Сыздықтың: «Тіл – мемлекеттің ең соңғы қамалы» деген қанатты сөзі бар[2]. Міне тіл біздің соңғы қамалымыз. Бүгінде шұбарлап сөйлеп, қазақтың төл сөзін екінші елге таңып жүрген ғалым ағайындар осы соңғы қамалымызды құлатып алмаса екен деймін. Кейбір орыс тілді ғалымдар ойлау қабілеті де орысша болғандықтан, қазақ

тілінің барлық астарын орыстардың фонетикасы мен грамматикасынан іздейді. Әлі күнге дейін септелу, жіктелулеріміз орыс тіл білімінің негізінде. Тіпті қазақша ойладық, жаздық деген бүгінгі біздің өзіміз Кеңестік дәуірдегі саясат салдарынан көп нәрседен айрылып қалғанымызды байқамай қалыппыз. Бір ғана қарапайым мысал. Осыдан 500 жыл өмір сүрген Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» кітабын оқып, таң қаласыз. Ішінде қаншама қазақтың сөздері бар. Қарапайым шөп, өсімдік атауларының өзін бүгінде білгір деген тіл мамандарының сөздік қорларынан таба алмайсыз. Тек кітаптың өзінің аты ғана көп қазаққа серпіліс береді. Шипагерлік баян – нағыз қазақ ұғымына сәйкес қазақша айтылған сөз[3]. Осы сөзді естігенде жүрегіңе біртүрлі жылулық ұялап, бойыңды рух билейді. Өйткені бұл сөз санаңа бір табан жақын әрі ұғымды. Бұл сөздің орысшадан аударған баламасы да жоқ емес, бүгінгі тілмен айтқанда «медициналық анықтамалық» болып саналады. Бірақ соңғыға қарағанда алғашқы атауды ұлттық рухта тәрбиеленген кез келген қазақ баласының жылы қабылдайтыны сөзсіз. Ғасырлар бойы орысша ойлап, орысша қабылдауымыздың нәтижесінде осындай деңгейге көтерілдік. Бүгінгі таңда мұндай қазақ сөздерінің өзін нағыз қазақшалауды керек ететін сөздер толып жатыр. Жалпы саналы азаматтың қалыптасуына, оның тәуелсіз ойлау жүйесінің пайда болуына ұлттық дәстүрі мен тілдің әсері өте көп. Көбіне мұның дені қабылдайтын ақпаратқа байланысты. Егерде қазақ жұртының шын тәуелсіз ойлау жүйесіне қол жеткізгіміз келсе, Қазақстан аумағына тарайтын ақпараттың тек тіліне ғана емес, оның мән-мазмұнына да, тіл арқылы берілетін ұлттық сипатына да көңіл аударғанымыз жөн. Тілдің адамдар арасындағы қарым-қатынас құралымен болуымен қатар, оның ақпараттық, мұрағаттық қасиеттерін де терең ескергеніміз абзал. Ежелгі бабаларымыздың тарихы, шежіресі не болмаса ауыз әдеби мұралары бүгінгі ұрпаққа сол ана тілі арқылы жетсе, бүгінгі ғылым мен техниканың дамыған заманында теледидар, радио арқылы түрлі ақпараттар тасқыны өтіп жатады. Көптеген елдердің өзі қарулы соғыс емес, ақпаратты соғыстың басымдылығын түсінуде. Бұл ұлттығымызға, мемлекеттік тілімізге төнетін үлкен қатерлердің бірі. Осы кезде тіл тұтастығымен қатар мәдениетіміздің берік қазығы сыртқы күшке төтеп бере алса ғана, тәуелсіздігіміздің баянды болғаны. Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазақтың болашағы –тілінде» деуі осыдан болса керек [4]. Қоғамда интернеттің рөлі күн санап артып келеді. Бұрынғы газет, журнал, кітап оқу бір жола қалып барады. Бұрын қисса-дастандарды жатқа білмейді деп өкпелесек, енді кітап оқымайтын жастардың заманына тап болдық. Ал сырттан келіп жатқан газет журналдардың 90%-ы басқа тілде. Бұрын тәулігіне төрт кітап шығатын болса, бүгінде оның үлес салмағыбіреуге де жетер жетпес. Кішкентай жас жеткіншектер ата-анасыз үйде қалғанда теледидардан көретіндері орыс бағдарламалары. Бұл әсіресе тілі енді ғана шығып келе жатқан балаға жасалынып отырған қиянат. Ғалымдардың зерттеуінде бір ай теледидарды үзбей көрген екі-үш жастағы бала өзге тілдің 70% сөздік қорын бойына сіңіреді екен. Сондықтан бүгінде жұмыс бастылықпенен балаларына қарауға шамалары жоқ ата-аналардан ертең ұрпағы өзін түсінбей жатса, оған өзгені кіналаудың жөні жоқ. Барлық тәрбие отбасынан басталады. Тіл мәртебесінің бекіп, қазақ деген елдің тілі бар екендігін айқындаған алғашқы заңның пайда болғанына міне бүгін жиырма бес жыл. Азды көпті жетістіктерге жеттік. Дейтұрғанмен қазақ тілінің қолданылу аясы біз ойлаған деңгейде емес. Балабақша, мектеп, жоғары лауазымдық қызметтер, іс-қағаз жүргізу бәрі-бәрі қазақ тіліне ауысуы шарт. Біз ешкімді тілге қатысты кемсітпейміз, бірақ құрметтеуге шақыруға міндеттіміз. Кей жерлерде қазақ сөзін бұрмалау жиі ұшырасады. Әсіресе ата-бабаларымыздың атын атауда, ұлы тұлғаларды құрметтеуде кемшіл тұстарымыз көп-ақ. Намысымызға тиетін сөздер айтылса да төзімділік танытып келеміз. Меніңше бұл асқан бір төзімділіктен емес, ата-бабаға деген ізет-құрметтің аздығынан, рухымыздың жоқтығынан ба деймін. Батыр бабамыз Б. Момышұлы соғыс кезінде «Момышев» деп фамилиясын атағанда да, орнынан тұрмай отыра берген[5]. Әйтпесе қылышынан қан тамған Кеңестік заманда, Қорықса сол кісілер-ақ қорқуы керек еді. Міне рухтың жоғарылығы. Атаға деген құрмет, еліне деген сүйіспеншіліктің үлгісі бұл.

Сый мен мансап болса болғаны мінбелерден кейбір орысша оқыған қандастарымыз өзі түгіл, жеті атасын түгелімен келеке қылып айтса да, қол шапалақтап басын изей береді. Барлығына дайын. Ол өз алдына, төлқұжатымызда «Джолдасбеков, Умиралиев» деп жазылғаны бойынша неге көрсетпедіңдер деп ренжитіндері де бар. Ал, аты-жөнін тегін жазудағы орыстың «ов-нан» құтыла алмай келе жатқанымыз өз алдына бөлек те ұзақ сонар әңгіме. Шынтуайтына келгенде, тіл саясаты деген мәселенің болуы миллиондап ақша аудару арқылы оны дамыту, былайғы жұртшылық үшін күлерлік жағдай. Тіл мәселесінің осы күнге дейін дұрыс түзетілмеуі билікте отырғандарға ғана емес, әр бір қазаққа сын. Бүгінде әлемге үлгі болып жатқан қызтекенің де не болмаса бірнеше адамды өлтіруші қаніпезердің де тыңдай қалсаңыз өзіндік философиясы бар. Біз мұның бәрін ой жүйесі қалыптаспаған жастардан аулақ ұстауымыз керек. Тілдік мүдде, ұлттық психология, ұлттық тәрбие деңгейінен қарағанда кейбір шектеулер де қажет секілді. Бұл дүниежүзінде қолданылып жүрген тәжірибе. Қазақтың тілі мен мәдениеті қазақтан басқа бірде-бір елге керек емес. Сондықтан мектептегі сәбиден бастап елдің атқамінерлеріне дейін құлдық сананың құрсауында қалмай, тілдің ертеңін ойлағанымыз абзал. Құдайға шүкір, бүгінде қазақ тілінде білім алып, қазақы дәстүрде тәрбиеленіп өсіп келе жатқан жастарымыз аз емес, бірақ бойындағы ұлттық рухтың азайып, сөздік қорының таязадығы аға буынды елеңдетеді.

Бір кезде марксизм мен ленинизмді жақсылап оқыған бүгінгі орта буын манифестің алғашқы бетін ашып, «Европаны бір елес кезіп жүр, ол – коммунизм елесі» деп бастаушы еді. Сол секілді бүгін де дөңгеленген дүниені жаһандану елесі кезуде. Алпауыт мемлекеттер аз халықтарды тілімен бірге дінін де жойып жібере ме деген қауіп жоқ емес. Сондай-ақ қазақ зиялыларының арасында ертеңгі ұрпақ тілінен айрылып, соңғы қамалы құлай ма деген үрей бар. Егерде тіл мәртебесіне қатысты заң бүгінгі күн талабына сай, нақты жұмыс істей бастаса, бүгінгі салтанатты жиынға қатысып отырған білім саласының жанашырлары сіздер мықтап қолға алсаңыздар деген тілек бар.

**Әдебиеттер:**

[1]ЗуеваН. Функционально-стилистическое строение языка. КазНУ им.аль-Фараби. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2011. – 118 с.

[2]Сыздық Р.Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. Жауап.ред.: О.Жұбаева; ҚР БҒМ ҒК А. Байұрсынұлы атынд.Тіл білімі ин-ты. - Алматы : Дайк-Пресс, 2014. – 242б.

[3] Тілеуқабылұлы Ө.Шипагерлік баян. Араб харпінен көшіргендер:К.Елемес, Д.Мәсімхан. - Алматы : Жалын, 1996. – 464б.

[4] НазарбаевН. Көші-қон және қазақ әлемі : Баяндамалар, мақалалар және сыр-сұхбаттар. Құраст. Махмұт Касымбеков, Дүкен Мәсімханұлы. - Астана, 2017. – 360б.

[5] Қазақ халқының қаһарман ұлы-батыры –Бауыржан Момышұлы. Құраст.:Н.Қ.Қосаева;Ред.алқа:Ә.Нысанбаев(төраға),К.Серікбаев(бас ред.),К.К.Әбуғалиева(жауап.ред.),Л.Д.Әбенова,Г.И.Белгібаева т.б.;ҚР БҒМ,ОҒК. - Алматы : ОҒК, 2011. - 380 б.

# МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ МЕН ГРАММАТИКАСЫ

***Б.Қ.Мұратбек,***
*филология ғылымдарының кандидаты,доцент*
*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

Мәтін-лингвистикалық тұрғыдан сипатталуы өте қиын,күрделі нысан,мазмұны оны құрайтын абзац немесе күрделі синтаксистік құрылым.Оның мән-мағынасы тек лингвистикалық нақты бірліктер ғана емес,сол кездегі (кезеңдегі) экстралингвистикалық факторлармен де байланысты болады. Белгілі бір геосаяси,әлеуметтік-мәдени қауымдастық мүшелерінің әр сипаттағы коммуникациясын жеңілдету,жеделдету және түсінікті ету үшін бәріне бірдей ортақ мәтіндер түзіледі. Бұл мәтіндерді функционалды сипатына қарай ресми,ғылыми,публицистикалық, және көркем мәтін деп бөлуге болады. Бұлардың әрқайсының түзілу формасы, қолданылатын тілдік құралдары, қалыптасқан құрылымы, мақсаты болғандықтан,мәтін нормасы пайда болды.

Адамзат дамуының әр кезеңі ғылым мен мәдениеттің,әдебиеттің қалыптасуы,өркендеуі,зерттелуі туралы өзіндік пікірлермен ерекшеленіп,жаңа бағыттар,жаңа танымдық аппарат пен жаңа терминология тудырып отыратыны белгілі.Сол себептен де болар, XX ғасырдың соңғы ширегі мен XXI ғасырдың басында көптеген ғылым салаларында қолданып жүрген және терминдік дефинициясы сан алуан сөздің бірі-*мәтін* және оның дериваттары. Мәтін сөзінің алғаш қолданылуы XVIII ғасырдың аяғына қарай ағылшын тіліндегі деректерде байқалады.Содан бері *мәтін* сөзінің қамтитын ұғымы біресе кеңейіп, біресе тарылып, көлемдері әр түрлі дефинияларымен ғылыми айналымнан түспей келеді. Әу баста көркем әдебиет мәтіні сөз тіркесінің құрамында филология саласының зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, танылған мәтін лексемасы және оның дериваттары *қазір лингвистика, әдебиеттану, терминтану,терминография, философия, информатика, психология,феноменалды психиатрия, мәдениеттану,информациология, сөйлеу актілерінің теориясы* сияқты ғылымдарда қолданылып жүр.Әлемдік зерттеу тәжірбиесінде мәтін сөзінің 300 – ге жуық анықтамасы барлығына қарамастан,оның барлық ғылымдарды ұстанатын бірізді дефициясы әлі күнге дейін жоқ. Ғалымдар арасында мәтіннің не екендігі,оның тіл жүйесінде әлде сөйлеу тіліне қатысты туралы пікірлер плюрализмі бар. XX ғасырдың 60-жылдарының аяғынан бастап мәтін сөзі антропоцентристік ғылымдарда ең жиі қолданылатын терминге айналды. Мәтін кез келген әлеуметтік, лингвомәдени кеңістікте ақпараттық, коммуникативтік, кумулятивтік, эстетикалық, генерациялық қызмет атқарады. Соған байланысты мәтіндер функционалды тұрғыда төрт түрге бөлінеді: *ресми, публицистикалық, ғылыми және көркем мәтіндер*. Бұл мәтіндердің әрқайсысының шартты түрде қалыптасқан тілдік, құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері бар. Қазіргі ғылыми айналымда мәтін терминінің 300-дей дефициясы болса да, оның ғалым-зерттеушілер ұстанған бірыңғай анықтамасы жоқ. «Мәтін» қолданысын түрліше түсінуден, ұстанған зерттеу методологиясынан туындап отыр. Түзілу заңдылықтары, типологиялық ерекшеліктері, вербалды-құрылымдық айырмашылықтары мен нормалары тұрғысынан мәтіннің қандай түрі болса да, ғалымдар қызығушылығын тудырғанмен, көркем мәтіндер айрықша назар аударады. Көркем мәтінді зерттеуші ғалымдар оның негізгі санаттары ретінде концептуалдылықты, мағыналық байланыстылықты, ақпараттылықты, біртұтастықты, бірігушілікті, бөлшектенушілікті, континуум мен дисконтинуумды, интегративтілікті, аяқталғандықты, интертекстуалдылықты атайды. Бұлардың кейбірі міндетті, кейбірі факультативті болуы мүмкін және оларды формалды немесе мазмұндық деп ара жігін ажыратып, бөлек-бөлек сипаттаудың қисыны жоқ, себебі олар бір-бірімен тығыз бірлікте, байланыста [1,107].

Көркем мәтін түрлі эксплицитті және имплицитті санаттар арқылы түзілетін күрделі семантикалы коммуникативті-прагматикалық жүйе. Мәтін санаттары бірімен бірі лексикалық, логикалық, грамматикалық, синтаксистік байланыста келіп, мәтіннің біртұтас мағынасын қамтамасыз етіп, тиянақталған бітімін танытады. Көркем мәтіндегі мазмұндық-нақты ақпар бір тақырыптық өріске қатысты сөздермен түзіліп, мағыналық ұйытқы сөздер парадигматикасы және синтагматикасы арқылы вербалданады. Көркем мәтінді талдау, түсіну, қабылдау автор интенциясына және оқырмандардың мәтінді қабылдауына байланысты. Сондықтан көркем мәтінді стилистикалық талдау автор және оқырман түлғасына қатысты қарастырылуы тиіс. Автор стилистикасын көбіне дәстүрлі стилистика зерттесе, оқырман стилистикасын*қабылдау стилистикасы* деуге болады. Қабылдау стилистикасын негіздеушілердің қатарында Л.В. Щербаны, М. Риффатерді, Ю.С. Степановты, И.В. Арнольд және қазақ тіл білімі саласында Р.Сыздық,Б.Шалабай, К,Ахмедьяров, З.Ерназарованы,т.б. атау керек [1,108].

Оқырман үшін көркем мәтіндегі ұсыну қағидатының үлкен маңызы бар. Бұл қағидат бойынша көркем шығармадағы негізгі, маңызды ақпарды өзектеңдіретін арнайы тәсілдер болады, олар тіл жүйесінің барлық деңгейлеріндегі бірліктермен көріне алады. Ұсыну қағидатының типтері ретінде конвергенция, контраст, қайталама, бірігу, алдамшы сенім әсерін, мәтіннің күшті позицияларын қарастырған жөн. Белгілі бір көркем шығармада олардың әркайсысы жеке-жеке де, конвергенциямен де қолданылуы мүмкін.

Ұсыну қызметін атқаратын құралдардың бірі ретінде көркем мәтіндегі түрлі келтіріңді құрылымдарды атауға болады. Мұндай келтірінді құрылымдар оқырман оқып отырған мәтінге басқа функционалды және *семиотикалық жүйе мәтіндерін, әлеуметтік саяси, тарихи-мәдени деректерді еске салатын, олармен ассоциация тудыруға мүмкіндік жасайтын бір белгіні өзектендіретін үзінді, фрагмент түрінде енгізіледі. Олар өздері кіргізіліп отырған мәтінде ойды дамьггу, бағалау, айшықтау т.б. қызмет атқарып, екі мәтін семантикасын қатар алу, қарсы қою, салыстыру* нәтижесінде оқырман ойында барынша толық, жанжақты, әсерлі ақпар қалыптастырады.

Алғашында цитацияны жиі қолданатын модернизм және постмодернизм бағытындағы көркем әдебиет өкілдерінің шығармалары арқылы қарастырыла бастаған интертекстуалды байланыстар барлық бағыггағы туындыларда кездеседі. Әлемдік мәдени үдерістің бір саласы ретінде қазақ әдебиетінде де постмодернизмнің жекелеген элементгері байқалғанмен, цитациямен жазу толық орныға қойған жоқ. Алайда қазақ қаламгерлерінің туындыларында цитация қағидатымен енгізіліп, мәтінаралық байланыстарды көрсететін келтірінді құрылымдар кездесетіні және олардың назардан тыс қалып келе жатқаны ақиқат. Мәтін-лингвистикалық тұрғыдан сипатталуы өте қиын, күрделі нысан, өйткені оның мазмұны оны құрайтын абзац немесе күрделі синтаксистік тұтастықтардың жай ғана қосындысы емес.Оның мән-мағынасы тек лингвистикалық нақты бірліктер ғана емес,сол кезеңдегі түрлі экстралингвистикалық факторлармен де байланысты болады.Ол белгілі бір мақсатты көздейтін,белгілі бір адресатқа арналған ақпардан тұрады,сондықтан да оның қалыптасқан формасы,қабылдап,түсінуге лайықталған тілдік құрылымы болуында. Мәтінді құрайтын немесе түзетін кез келген элемент қалай болса солай орналаспайды, олардың арасында белгілі бір байланыс болады да, әрқайсысы мәтіннің тұтастығын қамтасыз етуде арнаулы қызмет атқарады. Сайып келгенде,мәтіннің барлық элементттері автордың ниетіне сай іріктеліп,таңдалып алынады да,адресатқа сол ниетке сәйкес,дәл,толық ақпар жететіндей түзіледі. Мәтіннің авторы қашанда өз туындысын білім деңгейі, ой-өрісі, ақыл-парасаты өзімен шамалас адресатқа арнайды. Әрбір мәтін қоғам мүшелері үшін түрлі қызмет атқарады, оның ақпараттық,коммуникативтік,эстетикалық,комулятивтік мүмкіндіктері адам, уақыт және кеңістік сияқты әмбебап санаттарымен тығыз байланысты.

Белгілі бір геосаяси, әлеуметтік-мәдени қауымдастық мүшелелерінің әр сипаттағы коммуникациясын жеңілдету,жеделдету және түсінікті ету үшін бәріне бірдей ортақ мәтіндер

түзіледі. Бұл мәтіндерді функционалды сипатына қарай ресми, ғылыми, публицистикалық және көркем мәтін деп бөлуге болады. Олардың әрқайсысының түзілу формасы, қолданылатын тілдік құралдары,қалыптасқан құрылымы, мақсаты болғандықтан, мәтін нормасы пайда болды. Ал мұның өзі функционалдық сипатына қарамастан мәтіндердің ортақ заңдылықтары негізінде туындайтынын көрсетеді. Дегенмен, мәтіндердің бәрі ортақ бірдей санат-өлшемге ие бола алмайтынын да айтуға тиіспіз.

Функционалды стильдердің өздері әр типтегі мәтіндерден құралатынынын ескерсек,олардың қай-қайсысын да өз ерекшелігі болады. Ол ерекшелік –лексика-фразеологиялық, синтаксистік, құрылымдық, моно-немесе полисемантикалық тұрғыда танылады. Әр функционалдық стилдің міндетті, жетекші және факультативті белгілерін сипаттаудың өзі олардың семантикалық-құрылымдық өлшемдерін көрсете алмайды.

Ғылыми стиль мәтіндері дискурс сипатына,прагматикасына қарай үшке бөлінеді: *ғылыми, оқу, ғылыми-көпшілік.* Ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар тек бір саланың мамандарына ғана арналып, зерттеліп отырған мәселе арнайы лексика мен терминология арқылы баяндалуы мүмкін. Ал оқу материалдары сол ғылыми жетістіктерің жалпыхалықтық тіл мен терминологияны ұштастыра отырып жеткізеді,олар да ғылыми күрделі ұғымдар оқырман мен студенттің қабылдауына сай жеңілдетіліп,нормативтиік түсінік ретінде беріледі. Ғылыми- көпшілік әдебиеттің мақсаты бұқара халықты ғылымның әр саласындағы жаңалықтармен, жаңа теориялармен таныстыру болғандықтан,терминдер аз, көбіне сипаттама құрылымды ұғымдармен беріледі. Соның өзінде ғылыми-көпшілік әдебиеттің түсінілуі біркелкі болмайды, мәселен,гуманитарлық ғылымдар материалдарын барлық әлеуметтік топтардың өкілдері түсінсе, жаратылстану ғылымдарының хабарламалары туралы олай айта алмайыз. «Сингертика» терминін неміс физигі Г.Хакен ғылыми айналымға енгізген. «Синергетика» өзара ықпалдасу және өзді-өзі ұйымдасу туралы ғылым деп ұғынылады. Оның заңдылықтарыы бойынша кез келген күрделі жүйені құрайтын элементтер тұрақты емес,олар кез келген уақытта алмасып келіп,бір-бірімен ықпалдасу,әрекетесу негізінде үнемі өзгеріп отырады және олардың өзектенуі рет-ретімен,бір бағытта бола бермейді,бірақ бұл элементер әр жүйеде түрліше өзектеніп отыруына байланысты күрделі жүйенің қабылдануын да өзгертіп отырады. Синергетика заңдылықтары кең мағынада адамның қоғамдағы лингвомәдени болмыспен немесе кеңістікпен байланысырын көрсетеді. Ғылыми стиль мәтіндері жанрлық тұрғыдан үшке бөліп қарастырылады:академиялық жанр мәтіндері (белгілі бір ғылым саласына арналған мақала,баяндама, оқу құралы, оқулық, диссертация, автореферат,монографиялар); ғылыми-ақпараттық жанр мәтіндері (энциклопедия,сөздік, түрлі анықтамалықтар, техникалық сипаттама); ғылыми-бақылау жанры мәтіндері (рецензия,пікір,саяси қайраткердің талдамалы баяндамасы,сараптама қорытындысы). Ғылыми стиль мәтіндерінің белгілі бір құрылымы болады: (зерттеудің мақсат-міндеттері; авторлық бағалау, яғни өзектілігі, жаңалығы, ғылыми құндылығы), негізгі мәтін, қорытынды бөлім, пайдаланылған әдебиет, қосымша.

Ғылыми стильге тән ең негізгі ерекшелік-баяндау, яғни ойды түсінікті,толық, жүйелі, дәл,обьекивті жеткізу. Ғалымдар өзі зерттеп отырған мәселені белгілі бір әдіснаманы басшылыққа ала отырып,жан-жақты, диахронды және синхронды тұрғыда, басқа да ғылым не құбылыстармен салыстыра қарастырып,өзінің дәлелді,негізделген тұжырымын,қорытындысын ұсынды. Ал пікір,көзқарас дұрыстығын дәлелдеу үшін ойлау заңына, яғни логикаға сүйену қажет. Кез келген жаңалық,ескі түсініктердің күйреуі және жаңа тұжырымдардың пайда болуы интуиция мен ойлаудың белсенді қызметімен,бір нәрсені бағалау, сынау,дәлелдеу,сендіру арқылы ғылымға жаңа теорияны қосу қажеттілігмен байланысты,сондықтан ғылыми стильдегі эмоционалдық пен экспрессивтілік қатаң сұрыпталған тілдік бірліктерден байқалды [2,24].

Ғылыми мәтіндерге тән белгілер:сөйлемдер толық құрылымды,жалпылама мағыналы сөздер,бір мағыналы сөздер, қатаң логика,терминология,эмоционалды бояудың жоқтығы,күр-

делі сөздер, қысқарған сөздер, символдық белгілер, неологизмдер, сілтемелер, нақтылау, түсіндіру мақсатындағы қыстырынды құрылымдар,концептуалды метафоралар. Ғылыми мәтін лексикасын шартты түрде үш топқа бөлуге болады: жалпыхалықтық қолданыстағы лексика,барлық ғылым саласына ортақ терминдер және белгілі бір ғылым саласына ғана тән терминдер.Құрылымдық белгілеріне сәйкес әр түрлі функционалды стильдегі мәтіндердің өздерін қарапайым,күрделі және кешенді деп бөлу қалыптасқан.Қарапайым немесе примитив мәтіндерге түрлі ұрандар,жарнамалар ,тақырып атаулары,түрлі атаулар жатса,екенішісіне құрылымы да,семантикасы да күрделі,көп қатпарлы және көлемді көркем мәтіндер мен ғылыми мәтіндер жатқызылады,ал кешенді мәтіндер қатарына мәтін ішіндегі мәтін құрылымды әдеби шығармаларды кіргізеді.Әрине,соңғы пікір даусыз емес.

Қорытындылай келе,мәтін лингвистикасы-мәтін түзуші құралдар мен санаттар.Лингвистикалық тұрғыдан,мәтін-коммуникативтік мақсаттарына қарай біріктірілген сөйлемдердің белгілі бір тәртіппен ұйымдастырылған жиынтығы. Когнитивтік бағыт бойынша,әлемді танып-білудің негізгі құралы-тіл,сол себепті мәтін автордың болмысты танып, түйсінуінің жеке дербес тілдік бейнесі ретінде қарастырылады да, концепт арқылы танылады.

Мәтін лингвистикасы мен грамматикасы мәтіннің жалпы түзілк заңдылықтарын,формальды құрылымы мен механизмдерін, сөйлем,абзац,күрделі синтаксистік тұтастықтар арасындағы байланыстарын қарастырады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1.Адилова А.С. Қабылдау стилистикасы: оқу құралы.-Алматы: «Эпиграф» баспасы,2016.-128 б.

2.Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы.-Алматы: Қазақ университеті,2002.-170б.

# О СБОРЕ МАТЕРИАЛА ДЛЯ КОРПУСА БАШКИРСКОЙ ДИАЛЕКТНОЙ РЕЧИ

***З.А.Сиразитдинов, Л.А.Бускунбаева, А.Ш.Ишмухаметова, Г.Г.Шамсутдинова,***
*г. Уфа, Республика Башкортостан, Российская Федерация*

*В данной статье рассматривается проблема разработки диалектного корпуса башкирского языка, принципы сбора и обработки экспедиционных материалов по восточному диалекту.*

*В корпусе полевой материал, записанный в виде аудиозаписи на диктофон, транскрибируется, представляется в литературной форме и переводится на русский язык. Оснащенный экстралингвистической разметкой корпус предоставляет сведения о диалекте (диалект, говор), информанте (ФИО, пол, возраст, национальность, образование и др.), тематике беседы, записи (время записи). Разнообразие диалектных текстов с точки зрения половозрастного, социального, профессионального состава информантов позволит проводить наблюдения над современным состоянием речи того или иного говора или диалекта башкирского языка.*

**Ключевые слова:** *башкирский язык, тюркские языки, диалектология, диалект, лингвистический корпус, корпусная лингвистика.*

**PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF THE DIALECT CORPUS OF THE BASHKIR LANGUAGE**

*This article deals with the problem of developing the dialect corpus of the Bashkir language, the principles of collecting and processing expedition materials in the eastern dialect.*

*In the case, the field material recorded as an audio recording on the recorder will be transcribed, presented in a literary form and translated into Russian. Equipped with extralinguistic marking, the corps will provide information on dialect (dialect, govor), informant (name, sex, age, nationality, education, etc.), topics of conversation, recording (recording time). The variety of dialect texts from the point of view of the age, social, professional composition of informants will allow us to observe the modern state of speech of a dialect or dialect of the Bashkir language.*

*Каждый говор, каждый диалект является важнейшей частью башкирского языка. Однако сегодня влияние литературного языка на диалекты очень сильное, что проявляется, прежде всего, в активизации процесса исчезновения диалектных особенностей языка. Следовательно, одной из основных задач языковедов является не только сбор диалектных материалов, но и сохранение данного пласта языка.*

**Keywords:** *the Bashkir language, Turkic languages, dialectology, dialect, linguistic corpus, corpus linguistics.*

Изучение языковых особенностей диалектов и говоров на материале полевых записей, представляет большую ценность не только для диалектологических исследований, но и для смежных дисциплин, изучающих историю развития диалектов, историю взаимоотношений с соседними народами, этнографию башкирского народа, географию и т. д.

Масштабное исследование башкирских диалектов началось в 20–30-е годы XX века. Большой вклад в изучение диалектов внесли видные башкирские ученые Г. С. Амантаев, Т. Г. Баишев, Г. Я. Давлетшин, З. Ш. Шакиров и др., которые в ходе многочисленных экспедиций выявили основные границы и черты говоров и диалектов языка.

В 50-е годы башкирская диалектология приступила к системному изучению фонетики, лексики и морфологии говоров. Появление монографических трудов Т. Г. Баишева [1], Дж. Г. Киекбаева [2] вывело башкирскую диалектологическую науку на всесоюзную тюркологическую арену.

С 1960 года началось систематическое изучение диалектов, полевые материалы, собранные во время экспедиций 60–70-х годов, заложили начало диалектной лексикографии [3-5], легли в основу диссертационных и монографических исследований [6-9].

В 1973 г. башкирскими диалектологами была начата работа над Атласом диалектов башкирского языка, который был завершен и издан в 2005 г. Материалы Атласа введены сотрудниками лабораториилингвистики и информационных технология ИИЯЛ в базу данных Машинного фонда башкирского языка [10].

К сожалению, с 80-х годов XX в. и по настоящее время башкирские говоры и диалекты остаются в стороне от фронтальных полевых исследований. Количество экспедиций с единой программой сбора полевого материала резко уменьшилось. Полевых материалов с охватом широкого круга информантов по поло-возрастным и другим социальным группам отсутствует. Большинство материалов прежних экспедиций не были оцифрованы, большая часть утрачена.

За более чем 30 лет в говорах и диалектах, несомненно, произошли сдвиги и изменения, которые требуют фиксации и научного анализа. Современная лингвистика выдвигает новые подходы к исследованию говоров языка, способствующие более быстрой и объективной обработке языковых данных. Все это актуализирует задачу сбора и анализа полевых материалов сегодняшнего дня на новых методологиях и подходах по говорам башкирского языка.

Одним из ведущих направлений современной лингвистики является корпусное исследование, объектом которого являются речевые материалы, реализованные в виде как письменных текстов, так и устных (фонетических) массивов данных. На сегодняшний день в мире

насчитывается более тысячи корпусов, их количество растет с каждым годом экспоненциально. Успешно работают в этом направлении исследователи и в тюркологии, в частности, заслуживающие внимания теоретические работы ведутся в казахском языкознании [11-13].

Сформированные идеи и подходы корпусной лингвистики применяются и к диалектологическим материалам, при составлении корпусов диалектов. Часть таких корпусов включена в состав национальных корпусов, часть функционирует как самостоятельный корпус. К примеру, корпусы диалектов немецкого языка (подкорпусы Мангеймского проекта) охватывают 4 группы корпусов, посвященных разновидностям немецкого языка (Sprachvarietaten) на территории Германии и за ее пределами [14].

В России известны корпусы ижимского говора коми языка [15], Саратовский корпус русских говоров [16], Мультимедийный корпус диалектных текстов Устьянского района Архангельской области [17], диалектный подкорпус Национального корпуса русского языка [18] и др.

Задача создания корпуса башкирских диалектов впервые поднимается в башкирской лингвистической науке. В то же время у коллектива имеется большой научный задел по разработке лингвистических корпусов башкирского языка. На сегодняшний день в сети Интернет функционируют корпусы прозы, публицистики и фольклора, снабженные экстралингвистической и лингвистической (морфологической и семантической) системой разметок [19-21].

Для получения объективных результатов по диалектам и говорам башкирского языка необходимо создание репрезентативного корпуса диалектных текстов, максимально охватывающий все говоры диалектов и содержащий богатую металигвистическую разметку представленного текста, как возраст, гендерная принадлежность, уровень образования, возраст, язык общения, национальность информантов, разнообразие тем для беседы и т.д. В корпусе будет представлена расшифровка звуковых файлов в виде траскрибированных текстов, их литературный вариант и русский перевод диалектного текста.

На данном этапе работы сотрудники Лаборатории лингвистики и информационных технологий начали сбор и обработку речевого материала по восточному диалекту башкирского языка. Рассматриваемый диалект включает 5 говоров: айский, сальютский, аргаяшский, миасский, кизильский.

1) Для сбора полевых материалов выбрано 28 населенных пунктов Республики Башкортостан, Челябинской, Свердловской и Курганской областей Российской Федерации. Выбраны те населенные пункты, которые были в свое время определены в качестве опорных пунктов для диалектологического атласа башкирского зыка.

2) По каждому населенному пункту производится запись минимум 12 информантов: 2 записи по половому признаку, 6 записей по возрастным группам. Выделяются следующие возрастные группы:

– дошкольный и начальный класс (до 11 лет),
– средний школьный (от 11–15 лет),
– старший и студенческий возраст (16–25 лет),
– средний возраст (25–45 лет),
– старший возраст (45–65 лет),
– пожилой возраст (от 65 лет).

Учитывается образование информанта: начальное, среднее, высшее.

3) Аудиозапись сопровождается информацией, которая составляет экстралингвистическую разметку аудиофайла:

– пол: мужской, женский;
– образование: начальное, среднее (среднее школьное или суз), высшее;
– возраст;
– язык обучения: башкирский, русский, татарский, чувашский;

– язык общения в семье: башкирский, русский, татарский;
– национальность информанта;
– имя, отчество, фамилия;
– место последнего долгого проживания до переезда в данное место (в случае переезда);
– время проживания до последнего места проживания (в случае переезда);
– время записи.

4) Выделяется тип общения: монолог, диалог, полилог.

5) Для записи информантов определены следующие 15 тем:
– свадьба, свадебные обычаи;
– обычные блюда (что любят готовить на каждый день, что на праздниках);
– какой скот и как содержат;
– дети и близкие родственники (система родства);
– приусадебное хозяйство (огород, сад);
– о доме (когда построен, кто строил, крыша, рамы);
– топонимия в окрестностях поселения;
– история села, школы, рода;
– работа, школа, друзья;
– времена года, погода;
– частушки, пословицы, поговорки, сказки (какие знают);
– поездка в райцентр (по каким делам, каким транспортом пользуются);
– игры детей (какие игры и как играют);
– друзья детей (какие у детей друзья, где они живут);
– животный мир около поселения (какие птицы и звери обитают).

6) Запись осуществляется на цифровой диктофон в несжатом формате (.WAV, 16бит/22kHz – 16бит/48kHz), при отсутствии посторонних звуков, хотя отдельными исследователями и отмечается, что записи в потенциально шумных местах также представляют интерес, поскольку «они отражают разные коммуникативные ситуации» [22, с. 57]. Первичная обработка аудиозаписей (очистка от посторонних шумов и длительных пауз), паспортизация производится в программе Sound Forige.

7) Паспортизация файлов и экстралингвистическая разметка частично включается в имена аудиофайлов:

1. v – восточный диалект, aj – айский говор, ar – аргаяшский говор, sl – сальютский говор, mi – миасский говор, kz – кизильский говор;

2. m – мужчина, w – женщина;

3. образование: n – начальное образование, s – среднее образование, v – высшее образование;

4. номер возрастной группы: 1 – дошкольный и начальный класс (до 11 лет), 2 – средний школьный (от 11–15 лет), 3 – старший и студенческий возраст (16–25 лет), 4 – средний возраст (25–45 лет), 5 – старший возраст (45–65 лет), 6 – пожилой возраст (от 65 лет);

5. t1 – t15 – темы;

Например, файл varwvt84d003 – означает принадлежность звукового файла восточному диалекту, аргаяшскому говору, в котором осуществлена запись на тему “история села, школы, рода” женщиной среднего возраста с высшим образованием.

Дополнительные коды информанта: от d001 до d999. Этот код является именем текстового файла, в котором указывается имя, фамилия, отчество, язык обучения, язык общения в семье, национальность информанта, место последнего долгого проживания до переезда в данное место (в случае переезда), время проживания до последнего места проживания (в случае переезда), время проживания в данном месте, дата записи. Все данные разделяются знаком @. Например: Зилда Ахмадиевна Мавлетова@б@б@б @Мишкино Учалинский район РБ@10@25@12.08.2017 – имя этого файла d005.txt

Следует отметить, что многие проблемы башкирской диалектологии до сих пор остаются вне поля зрения языковедов, например, относительно слабо изучен диалектный синтаксис, процесс взаимовлияния и взаимообогащения диалектов, требуют более детального изучения говоры северо-западного диалекта. Ждут своей очереди проблемы исследования в сопоставительном аспекте диалектных данных башкирского языка с тюркскими, финно-угорскими и другими языками. Таким образом, создаваемый корпус будет включать в себя богатый диалектный материал, что станет бесценным источником для последующих изысканий в области фонетики, лексики и грамматики башкирских говоров и диалектов башкирского языка.

**Литература**


1. Баишев Т.Г. Башкирские диалекты в их отношении к литературному языку. Уфа, 1953. 132 с.
2. Киекбаев Дж.Г. Башкирские диалекты и краткое введение в их историю. Уфа, 1958. 126 с.
3. Словарь башкирских говоров. Т. 1. Восточный диалект / Н.Х.Максютова и др. Уфа, 1967. 300 с.
4. Словарь башкирских говоров. Т. 2. Южный диалект / Н.Х.Максютова и др. Уфа, 1970. 327 с.
5. Словарь башкирских говоров. Т. 3. Западный диалект / Н.Х. Максютова и др. Уфа, 1987. 231 с.
6. Ишбулатов Н.Х. Диалектная система башкирского языка в сравнительно-историческом освещении: Автореф. дисс. … д-ра филол. наук. Уфа, 1974.
7. Максютова Н. Х. Восточный диалект башкирского языка в сравнительно-историческом освещении. М.: Наука, 1976.
8. Миржанова С. Ф. Южный диалект башкирского языка. М.: Наука, 1979.
9. Миржанова С.Ф. Северо-западный диалект башкирского языка. Уфа, 1991.
10. Машинный фонд башкирского языка. URL:http://mfbl2.ru (дата обращения: 25.04.2018).
11. Жубанов А.К. Казахское языкознание: прикладная лингвистика. Алматы, 201. 696 с.
12. Карбозова Б. О разграничении слов-омонимов и полисемии в свете разработки корпуса казахского языка// Актуальные проблемы диалектологии языков народов России. Материалы XIV Всероссийской конференции. Уфа, 2014. С.272-276.
13. Жаңабекова А.К., Кулманов С.К. Қазақ тілі мәтіндеріне морфологиялық белгіленім қоюдың ғылыми-тәжірибелік негіздері// Актуальные проблемы диалектологии языков народов России. Материалы XIII международной конференции. Уфа, 2013. С.196-200.
14. Фонетический немецкого разговорного языка URL:http://dsav-wiss.ids-mannheim.de/korpora/pf/pf _doku.htm (дата обращения: 25.01.2017).Корпус ижемского диалекта коми языка URL:http://videocorpora.ru/ru/allmedia (дата обращения: 25.04.2018).
15. Саратовский мультимедийный диалектный корпус. ruscorpora.ru/ sbornik2005/13letuchy.pdf. (дата обращения: 25.04.2018).
16. Мультимедийный корпус диалектных текстов Устьянского района Архангельской области URL: http:http://www.slavist.de/Pushkino/ (дата обращения: 25.04.2018).
17. Национальный корпус русского языка. URL:http://www.ruscorpora.ru (дата обращения: 25.04.2018).
18. Сиразитдинов З.А., Бускунбаева Л.А., Бардыбаева А.Д., Ишмухаметова А.Ш., Рафикова Л.Н О разработке национального корпуса башкирского языка// Роль и место национальной библиотеки в социокультурном пространстве: материалы Международной научно-практической конференции. Уфа, 2012. С. 118-126.
19. Сиразитдинов З.А., Бускунбаева Л.А., Ишмухаметова А.Ш., Ибрагимова А.Д., Мигранова Л.Г. Корпус текстов периодической печати на башкирском языке // Актуальные про-

блемы диалектологии языков народов России: Материалы XII региональной конференции. Уфа, 2012. С. 139–141.

20 Сиразитдинов З.А., Бускунбаева Л.А., Ишмухаметова А.Ш., Ибрагимова А.Д. О создании корпуса башкирского фольклора // Урал-Алтай: через века в будущее: материалы VI Всероссийской тюркологической конференции (с международным участием). Уфа, 2014. С. 86–89.

21. Сиразитдинов З.А., Полянин А.И. Об опыте разработки интегрированной корпусной системы на базе СУДБ ОРАКЛ//Труды Казанской школы по компьютерной и когнитивной лингвистике. TEL-2014. Казань, 2014. С. 85-88.

22. Куканова В. В., Бембеев Е. В., Убушаев Н. Н., Манджиев Б. Б. Устные тексты на калмыцком языке: запись и расшифровка //Вестник Калмыцкого университета. 2013. №3(19). С. 56–64.

# КОНЦЕПТ «ВРЕМЯ» В ЗАПАДНОЙ И ВОСТОЧНОЙ КУЛЬТУРАХ

***Саметова Ф.Т.***
*к.филол.н.,профессор кафедры языков и журналистики*
*Академия Кайнар, Алматы, Казахстан*
*e-mail: 180710@mail.ru*

*Түйіндеме. Мақалада «уақыт» концептісінің мазмұны байырғы заманнан бастап қазірге дейін қаншалықты өзгергені қарастырылады. Уақыт категориясы батыс және шығыс мәдениетіндегі көрінісі салыстырылады.*

*Annotation. The article deals with the content of the concept of "time" from ancient authors to our time. There is a comparison of the perception of the category of time in Western and Eastern cultures.*

*В статье рассматривается содержание и восприятие концепта «время» от древних авторов до нашего времени. Идет сравнение восприятия категории времени в западной и восточной культурах.*

Категория времени как объект научного анализа рассматривается различными науками: философией, лингвистикой, культурологией. Она представляет собой форму существования материи, с помощью которой человек постигает мир, эта фундаментальная категория философии, поэтому вполне объясним интерес различных исследователей к ее изучению.

Основные характеристики концепта времени в разных языках достаточно хорошо описаны. В частности, концепт времени в русском языке охарактеризован в работах Т.Н. Березиной, В.Г. Щукина, Е.С. Яковлевой и других исследователей [1; 2; 3]; европейские образцы пространства и времени частично рассматриваются Г.Д. Гачевым [4; 5].

Истоком концепта времени принято считать мифологическое время. Сознание первобытного человека воспринимало прошедшее, настоящее и будущее время, протекающими в одной оси. Таинственные силы природы олицетворяли мифологическое время. «Оно могло быть добрым и злым, – приятным для одних видов деятельности, опасным и враждебным для других», – писал о мифологическом времени неокантианец Э. Кассирер [5, с.29].

Традиция видеть гармонию во всем окружающем мире обусловлена представлением человека о времени, как о соразмерном процессе. А.Ф.Лосев писал по этому поводу: «Человек содержит гармонический космос, как пластически сцепленное целое, как бы некую большую фигуру или статую или даже тончайшим образом настроенный и издающий определенного рода звуки инструмент» [6, с.50). В античности истинным временем считалось время вечности, повседневное время – это зыбкое, кажущееся время.

В осмыслении категории времени в философии существуют различные подходы, динамика взглядов зарубежных и отечественных исследователей демонстрирует живой интерес к этой проблеме.

Аристотель, Аврелий, Исаак Ньютон, Иммануил Кант, Эдмунд Гуссерль стояли у истоков философского понимания времени.

Первым философом, систематически разрабатывавшим категорию времени, традиционно считается Аристотель. Аристотель определил время как «число движения по отношению к предыдущему и последующему». Вопрос о существовании времени, согласно Аристотелю, парадоксален, поскольку прошлого уже нет, будущее еще не наступило, а «теперь» является не частью времени, а скорее границей между прошлым и будущим. Концепция Аристотеля характеризуется как реляционная (время задано через последовательность событий, связь предыдущего и последующего) и динамическая (поскольку прошлые и будущие события не существуют, а происходит непрерывное становление). Аристотель первый задал связь понятия времени с понятиями существования и движения.

На труды Аристотеля при трактовке времени опирается в значительной степени Аврелий Августин (354-430 гг. н.э.) [7]. Он осмысливал процесс категории времени в контексте классической античной философии. Один из основателей церкви, он для существования Бога принимает статическую концепцию времени, а для существования человека – динамическую. Августин, обсуждая вопрос о «начале времен», сотворении мира, утверждает о существовании времени и в мире вещей: время есть отношение порядка между вещами, выражающееся в их следовании друг за другом через момент настоящего. Время представлено совокупностью событий, первое из которых – сотворение мира, последнее – страшный суд. Время связано с движением, но не совпадает ни с ним, ни с движущимся. С другой стороны, Августин приходит к выводу, что прошлое и будущее всё же существуют, но существуют они только для души, в сознании человека, и пишет, что в собственном смысле надо было бы вести речь о трех временах: настоящее прошлого, настоящее настоящего, настоящее будущего.

Кант рассматривал время и пространство как несомненные формы чувственного созерцания, изначально присущие человеческому восприятию. Пространство – априорная форма внешнего чувства, время – априорная форма внутреннего чувства. Время – общее условие возможности всех явлений, необходимое представление, лежащее в основе всех созерцаний. Время выступает и как средство описания сознания, так как понимается как средство структурирования познания [7].

Краткий обзор истории рассмотрения времени демонстрирует, что большинство философов рассматривают время как субъективный феномен и сходятся во мнении о том, что, сущность времени можно раскрыть лишь в отношении его к человеку и поэтому время является формой «интуиции», соответствующей нашему внутреннему чувству.

В.И. Филлипов в своей книге «Философия и методология науки» утверждает, что философия и методология науки в представлениях о времени стали исходить из предположения, что, время есть некоторая функция изменений, происходящих в физических объектах [8].

Количественные и качественные свойства времени – это две стороны одного объекта. Количественные свойства времени – это метрические свойства, измеряемые при помощи часов, не имеют фундаментального характера, так как зависят от способа измерения. Качественные свойства времени более объективны, они не зависят от способа измерения и остаются неиз-

менными. К основным качественным свойствам времени относятся локальность: время всегда соотнесено с определенным моментом; связь с причинностью: процессу развития присуща связь времен; равномерность: время течет в реальности, не ускоряясь и не замедляясь; необратимость: время необратимо; однонаправленность: время течет из прошлого в будущее; неизменность прошлого и возможность корректировки будущего; линейность: течение времени не пересекается с самим собой; связь с движением: время не статично, движение есть форма существования материи [9, с.160].

Несмотря на указанные универсальные качественные свойства времени, отношение к этой категории различно у представителей разных культур.

Различные культуры обнаруживают различную временную ориентацию, которая хранится в ментальности представителей этих культур. Как справедливо считает Холл, культурология традиционно разделяет монохронные и полихронные культуры, и в основе такого разделения лежит наблюдение за тем, как жители разных стран относятся ко времени [10].

Представители монохронных культур планируют время заранее. Принято считать, что к монохронным культурам относятся жители Запада, Европы и США. Религиозная трудовая этика представителей этих регионов предполагает рассмотрение труда, как части религиозного служения, а деловой успех – знаком глубокой личной связи с Богом, призвания. Было распространено представление о том, что время – это капитал, предоставленный Богом человеку для того, чтобы тот правильно его «вложил».

В отличие от монохронных культур представителями полихронных культур (страны Южной Европы, Латинской Америки, Африки и арабского востока) дела планируются как набор определенных возможностей и никогда не выполняются в строгой последовательности.

Общение с людьми, ориентация на семью – это основные ценности представителей монохронных культур, тогда как полихронные культуры нацелены на задачу, работу с формальными данными, на индивидуальные достижения. Моноактивные культуры очень чувствительны ко времени. Распространение западных стандартов по миру привело к тому, что монохронное (линейно-активное) отношение к времени стало своего рода идеалом для менеджеров в традиционно полихронных культурах. Любой лозунг, манифест, дефиниция, термин имеет внутри себя определенную временную перспективу; выражая систему мышления, связанную с позицией данного мыслящего субъекта, любая дефиниция скрывает (но не всегда явно) находящуюся за этой системой мышления временную ориентацию.

В концепции времени воплощается рефлексия эпохи и деятельности, интерпретация сложившейся культуры, ритм социального времени. Все эти моменты находят свое отражение в языке.

Время в языке – это грамматическая категория, значения которой характеризуют временную соотнесенность ситуации. Грамматическая категория времени, как правило, соотносится в лингвистике с общенаучным понятием времени, в котором дихотомически противопоставлены прошлое и настоящее. В естественных языках обычно присутствуют три времени (не считая аспектных характеристик действия – настоящее, прошедшее, будущее. Категория времени в лингвистике обнаруживает разнообразные связи с другими категориями.

Лингвистическое время имеет синхронный и диахронный аспекты в соответствии с синхронным и диахронным аспектами представления языка и объективными физическими категориями одновременности и последовательности событий. Оно включает в себя грамматическое (морфологическое, синтаксическое), лексическое и контекстуальное время [11].

Одно из средств выражения темпоральности – дейксис. Дейксис – использование языковых выражений и других знаков, которые могут быть проинтегрированы лишь при помощи обращения к физическим координатам коммуникативного акта – его участникам, его месту и времени. Дейктические значения и дейктические элементы представляют собой один из фундаментальных и универсальных элементов человеческого языка.

Моделирование времени в языке непосредственно связано со множественностью моделей времени, присутствующих в обыденном сознании людей и отраженных в языке времени. Такие модели можно подразделить на те, в которых главной фигурой является человек, и такие, которые ориентированы на само время [11]. Категория времени первоначально оформляется в «наивной» картине мира, так как не существует объективной научной теории о времени. «Наивное» представление о времени отражается часто в образной системе языка.

Обзор лексикографических источников и соответствующей литературы подтверждает мысль, что для русского языкового времени характерно качественное определение времени – время тождественно слову *жизнь*, а жизнь описывается в категориях времени (*эра, эпоха, столетие, мгновение, момент, день, час*).

В русском языке временная протяженность в образных единицах заключается в словах, которые в прямом значении содержат указание на время. В казахском же языке время определяется опосредованно. При определении времени в этом языке немаловажную роль играет образ месяца. В русском языке часто встречается такая единица измерения, как *час* (*час пробил, час настал* и так далее) [3].

Обратимся к исследованию Е.С. Яковлевой, которая детально рассматривала это понятие при определении времени в русском языке. Ученая указывает на тот факт, что когда русские говорят час, то подразумевают такие характеристики, как неизбежность, судьбоносность, духовность. Это дает право предположить, что русский час в существенной степени наследует специфику часа Нового Завета, являясь манифестантом того типа трудного пути, который связан с искуплением [3, с. 62].

В Библии промежуток времени день – это и часть времени от восхода до захода солнца, и время вообще. Это понятие является синонимом человеческой жизни: дни человека. В слове день для русского языкового сознания присутствуют космологические ассоциации – это жизнь, которая движется от восхода до заката. Этот отрезок времени олицетворяет собой внешнее пространство бытия, он соотносится с определенным жизненным целым.

*Час* отличается некоторыми особенностями. С точки зрения Е.С. Яковлевой, *час* «движется» поступками людей и задает перспективу личностную: наступление или не наступление «часа» определяется духовными человеческими проявлениями: вот приблизился час. Это время испытаний.

Интересна сама этимология слов *день* и *час*. М. Фасмер объясняет этимологию слова *день* как произошедшего от др.-инд. dinam, лат. *Nundinae*, означавшее «базарный день, устраиваемые каждые десять дней», слово *час* связывается в словаре, с одной стороны, со значениями «иногда», «время, погода» (укр., болг.), «мгновение» (сербохорв., словенское); с другой стороны, указывает на связь с праславянским, который означал «бежать». Сравним со значениями слов *kasati* (словен.) «бежать», *hasten* (нем) «торопиться», *Hast* (нем.) «поспешность» [12, с.498, с.318]. Е.С. Яковлева в своем исследовании отмечает и другие корни этих слов: «…исходно день связан со зрительным образом (многие этимологи возводят день к *di* – «сиять, излучать свет»), *день* описывает некое пространственно-временное единство; *час* же, обозначающий время активное, свободен от какой-либо пространственности и поэтому способен описывать внутреннее созерцание» [3].

Если обратиться к Этимологическому словарю русского языка М.Фасмера, то можно найти следующие предполагаемые корни этого слова: «заимствовано из церковно-славянского веремя. Родственно древне-индийскому *vartma* - «колея, рытвина, дорога, желоб», сюда же вертеть». То есть, слово *время* в русском языке в древности имело значение ‘нечто вращающееся’.

По данным Оксфордского словаря английского языка *time* – староангл. *tima*; старонемецкое – *timon*, где общим корнем является *ti* – «простирать, протягивать».

*Уақыт* (время) в казахском языке – заимствованное слово из арабского. В самом концепте времени универсальным является такая его характеристика, как текучесть, постоянство дви-

жения [13]. Однако в тюркском языковом сознании время как бы функционирует в горизонтальной плоскости, тогда как в славянских культурах движение времени ассоциируется с вращением колеса. Вспомним саму этимологию этого слова в русском языке – от слова *вертеть*. И казахское слово *уақыт* имеет эквиваленты, которые обозначают временные промежутки, начиная от философского временно-пространственного понятия, как *заман-дәурен* и более короткие отрезки – *кезең, сәт*. *Дәурен* заимствовано из арабского языка и фарси, где имело значения «оборот», «период», «круг», «очередь», «цикл», «стадия». Сейчас в казахском языке оно имеет значения «пора, время», «счастливое время; счастливая пора». Обозначение *сәт* пришло с арабского языка, где оно обозначало «час», «часы». В современном казахском языке это слово соотносится со значениями «момент, время» и «удача, удобный момент» [14, с. 256].

Если обратиться к этимологии слова *заман* (арабск.) [*зәман*: время, пора, эпоха], то мы увидим, что оно обозначало «эпоху, эру, времена»; сравним также его вариант *«замана»* (ар. – парсы = *заман+а*: суфф.: 1. век, эпоха). Интересно отметить, что в арабском языке в доисламский период *заман* означало ‘бесконечное время, судьба’, которое состоит из бесконечно чередующихся дней и ночей.

Философскую суть этого концепта хорошо раскрыл Абай, который указал на неукротимость *замана,* на его безграничную власть над человеком:

Әркімді *заман* сүйремек,
*Заманды* қай жан билемек?
*Заманға* жаман күйлемек,
*Замана* оны илемек [14, 110 б.]

*Заман* не вечен, он имеет конец в соответствии с учением ислама. Конец *замана* обусловлен поведением людей, недостойные их поступки ускоряют приближение конца света – таков смысл одной из мусульманской морали. В казахском языке есть выражение *ақыр заман*, что означает «последние дни для всего живого в этом мире; гибель мира; тяжелое время» [15, 29 б.]. Исследуя образные единицы казахского языка с присутствием этого слова, можно говорить о наличии элемента «өмір» в семантическом поле «заман», это свидетельствует о текучести жизни, которую нельзя остановить и повернуть вспять.

Номинативные единицы, обозначающие время, можно разделить на две группы, – слова, называющие единицы измерения времени, и слова, обозначающие отрезки времени. В русском языке это – *секунда, минута, час*, *день, неделя, месяц, год*. Отрезки времени – это *мгновенье, вечность* и тому подобные.

В разных языках время ассоциируется с разными явлениями, объектами. Однако во многих оно связано с процессом повторяемости, цикличности – в русском языке слово время родственно слову вертеть. С приливом и отливом ассоциируется время в некоторых германских языках.

Вечное настоящее в истории человечества сменяется цикличностью. Такому переходу в понимании времени способствует ритуальное повторение событий, календарные обряды и развитие представлений об умирающих и воскрешающих богах и героях, о вечном обновлении природы.

Общеизвестной характеристикой времени является его движение вперед. Для древних античных цивилизаций характерно время вечного настоящего, мир воспринимается человеком не в изменении и развитии, а как пребывание в покое и вращении, в кругу. В основе древневосточных и западных культур лежит идея вечно длящегося настоящего, неразрывно связанного с прошлым. Так, символом древнеиндийского понимания времени является колесо как олицетворение извечного движения космического порядка, постоянно возобновляющегося круговорота рождения и смерти.

Циклические представления о времени присущи были и номадам, у которых единицу времени составляло поколение. Так, у казахов сохранился обычай определять родословную

человека до седьмого колена. Зная принадлежность человека к тому или иному поколению, исследовав родословную, можно было составить достаточно конкретное представление об истории данной семейно-родовой группы, человека. «Прошлое повторялось в настоящем, прошлое жило с настоящим. Могильники и захоронения строились более тщательно, чем жилища живых» [16, с. 35].

Позже в тюркских языках время нашло отражение в линейном образе – оно тянется. Этот же образ присутствует и в немецком языке: *Zeit* от глагола *zeihen* – тянуть. Цикличность в понимании времени, обусловленная циклическим характером производства и господством традиций, со становлением иных связей и зависимостей в сфере производственной деятельности, стало перерастать в постоянное, в линейное историческое время.

Как видно, в языке отражены два подхода понимания времени – согласно одному, время движется циклично, по кругу. В другом направлении время виделось однонаправленным, линейным. Н.Д. Арутюнова отмечает особое восприятие мира – восприятие через сознание человека, формирование так называемого чувства времени: «Если чувство времени основано на восприятии природных циклов, то психические структуры связали себя с линейным временем, расчлененным «точкою присутствия» на прошлое, будущее и соединяющее их в единый поток настоящее» [11, с.688]. С точки зрения В.А. Масловой, абстрактная модель времени – это прямая линия, ориентированная по обе стороны от точки отсчета.

Три аспекта времени (прошедшее, настоящее и будущее) в разных культурах воспринимаются неоднозначно. Например, в рамках русского сознания с точки зрения философов, настоящее время рассматривается как переходящая условность: ««Время распадается на прошлое, настоящее и будущее. Но прошлого уже нет, будущего еще нет, а настоящее распадается на прошлое и будущее и неуловимо… Человеческая Судьба ощущается в этой распавшейся вечности, в этой страшной реальности времени и вместе с тем призрачности прошлого, настоящего и будущего» [17, с. 235].

Широко известна особенность психологии американцев, заключающаяся в стремлении использовать каждое мгновенье настоящего времени. Известный исследователь французского языка В.Г. Гак, рассматривая влияние психологии носителей языка на язык, указывал на «приверженность» французов настоящему времени. В.А. Маслова отмечает, что «русские … больше думают о прошлом или будущем. Даже язык среагировал на эту особенность психики: глаголы совершенного вида не имеют формы для настоящего времени, оно заменяется будущим» [17, с.184].

Современная философия рассматривает время как «форму бытия, смену вещей друг другом, как длительность, сменяемость объектов, их стадий и состояний» [18, с.90], иначе говоря, время определяется как универсальная внешняя и внутренняя связь всех вещей и явлений, как их развитие и изменение. Не претендуя на полноту философского освещения понятия времени, мы хотим лишь подчеркнуть, что сложная эволюция времени в истории, культуре, миропонимании человека имеет в языке глубинную интерпретацию – интерпретацию смысловую, называемую функционально-семантическим полем темпоральности.

Для реалии сегодняшнего дня в целостной концептуализации времени особо важно отражение в языке понятий прошедшего/настоящего. В реальном физическом времени связь прошедшего с настоящим не расторжима: прошедшее живет в настоящем, настоящее видится через прошедшее или время трактуется как «связь существующего с прошедшим, прошедшим переставшим и прошедшим становящимся» [16, с.20].

**Список использованной литературы:**

1 Березина Т.Н. Многомерная психика. Внутренний мир личности. – М.: ПЕР СЭ, 2001. – 319 с.

2 Щукин В.Г. О филологическом образе мира (философские заметки) // Вопросы философии. – 2004. – № 10. – С.47-64.

3 Яковлева Е.С. О понятии «культурная память» в применении к семантике слова // ВЯ. – 1998. – № 3. – С. 43-73.

4 Гачев Г.Д. Содержательность художественных форм (Эпос, лирика, театр). – М.: Просвещение, 1968. – 304 с.

5 Гачев Г.Д. О национальных картинах мира // Народы Азии и Африки. – 1967. – № 1. – С. 77-92.

6 Лосев А. Ф. Страсть к диалектике: литратурные размышления философа. – М., 1090. – 320 с.

7 Сократ. Платон. Аристотель. Юм. Шопенгауэр: Биографические повествования / сост. Н.Ф. Болдырева. – Челябинск: Урал, 1995. – 400 с.

8 Филлипов В. Н. Философия и методология науки / В. Н. Филлипов, К.Г. Колтаков. – Бийск: НИЦ БГПУ им. В.М. Шукшина, 2003. – 180 с.

9 Кравченко А. В. Язык и восприятие // Когнитивные аспекты языковой категоризации. – М., 1996. – 286 с.

10 Hall Ch. J. Morphology and mind: A unified approach to explanation in linguistics. – L.; N.Y.,1992. – 224 p.

11 Арутюнова Н. Д. Язык и мир человека – 2-е изд., испр. – М.: Яз. рус. культуры, 1999. – 895 с.

12 Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. – М, 1986.

13 Рустемов А.З. Казахско-русский толковый словарь Арабско-иранских заимствованных слов. – Алма-Ата, 1989. – 320 с.

1. **14 Байгунисова Г.И. Основы образной парадигмы в системе языка Кокшетау, 2010 – 240 С.**

2. 15 Ғабитов Т.Х. Кеңістік пен уақыт аясындағы өркениет: диссерт. ... докт. филол. наук. – Алматы, 1997. – 225 б.

3. 16 Причепий Е. Н., Сатыбалдина К. М. Трактовка категорий пространства и времени в философии средневековой Европы и Арабского Востока // Пространство и время. – Киев, 1984. – С. 18-22.

4. 17 Гуревич А. Я. Категории средневековой культуры. – М., 1972. – 176 с.

5. 18 Успенский Б.А. Семиотика искусства. – М.: Школа «Языки русской культуры», 1995. – 360 с

# Ф.ОҢҒАРСЫНОВА ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҚҰБЫЛТУЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

***Сұлтанова Б.М.,***
*ф.ғ.к., қауым.проф. м.а.*
***Айтжанова С.,***
*ф.ғ.к. Абылай хан ат.ҚХҚжӘТУ*

Қандай да болмасын ақын-жазушының шығармаларына тілдік тұрғыдан қойылар негізгі талап - олардың көркемдік деңгейі. Әдеби туындыны көркем дүние деп атау, ал оның авторын шынайы қаламгер деп тану үшін шығарма белгілі бір көркемдік талаптарға жауап беруге тиісті. Ал көркемдіктің өлшемі - қолданылған сөздің ойды бере алатындай орынды һәм бейнелі қолданыстарға ие болуымен тығыз әрі тікелей байланысты. Проза мен драмаға қарағанда, поэзия тіліне қойылар көркемдік талап жоғары. Өйткені, «Поэзия өмір шындығын айшықпен, ерекше сезімталдықпен ашып көрсетеді, бейн елеп суреттейді десек, тіл, сөз әлгі ақындық, көркем ой жеткізудің құралы» [1, 11-б.]. Көркем ойды жеткізудің соған сай поэтикалық жүйесі қалыптасады. Мұндай көркем жүйенің әр авторға тән өзіндік сипаты болады. Мәселен, кейбір қаламгерлер шығармаларында теңеу мен эпитеттер, кейбір ақын-жазушыларда ауыспалы мағынадағы поэтикалық құралдар, үшіншілерінде синтаксистік айшықтаулар көбірек кездеседі. Ф.Оңғарсынова мен К. Ахметова шығармаларының тілінде эпитет, теңеу, метафора, инверсия, қайталау сияқты поэтикалық құралдар мейлінше көбірек қолданыс тапқан.

«Сөздің ауыспалы мағынасын жасаудың негізгі үш жолы бар десек, соның бірі - метонимия арқылы ауыс мағына тудыру» [2, 34-б]. «Метонимия -белгілі бір топтағы нысанның (объектінің) атын бүкіл бір топқа немесе бір топтың атын басқа топтағы бір нысанаға ауыстыратын, қолданатын троп немесе тіл механизмі» - дейді профессор М.Серғалиев. Сонымен бірге, ғалым метонимия жасаудың тоғыз түрін [3, 275-б.] көрсетеді. Осылардың едәуір бөлігі Фариза Оңғарсынова шығармаларының тілінде ұшырасады. Мәселен, ақын «Әлде батып кетті ме сөзім менің» өлеңінде ауыстырып қолданады:

Жалған күлсең, жағынсаң , балар *жанға*
Сен де ұқпадың, жаныма үңілмедің
Тіл табудың таба алмай жүрмін бе ебін...

Бұл үзіндіде жанғасөзі метонимия болып, стильдік реңк тудырып, әрі ұйқас жасауға қатысып тұр. Метонимия жасауда белгілі тіркестің негізгі объекті сөзі түсіп қалады да, оны айқындап тұрған сөздің өзі қалып, ауыс мағына жасайды:

*Мазақтайды тағдырдың түні, желі,*
*Көкірегім ызадан тілінеді.*
*Шыр еткендей қоңырау –*
*сонда есікке*
*жүрегім жүгіреді*

*Суық сорып, жақ соған...*
*Қиял – жазғы бір күнің*
*Сүр иісіне мас болған*
*түске енеді тірлігің.*

деген жолдарда «жүрегім» - «мені», «*сүр» – «сүр етті»* алмастырған. Егер тіркес толық берілсе, эпитетке айналар еді. Бұл тұста метонимияның қысқарған эпитет сияқты әсер қалдыратынын да аңғаруға болады. Жоғарыда метафораны кейбір зерттеушілер қысқарған теңеу деп атағанын айтқан болатынбыз. Екеуінің айырмашылығы метафора мен метонимияның

басты ерекшеліктерінен өрістейді. «Метафора, негізінен, ұқсас екі зат немесе құбылысты бір-ақ атаумен (сөзбен) атаса, метонимия ойда сақталынып тұрған бірер сөзді айтпай-ақ, ол сөзді екінші бір сөз мағынасына сыйыстырып жібереді» - дейді Б.Хасанов [4, 146-б.]. Поэзиядағы троп, соның ішінде, метонимия да көркем әдебиетке тән ықшамдау тәсілдерінің бірі болып саналады.

Көркем әдебиет тілінде, әсіресе, поэзиялық шығармаларында метафора сияқты ең көп қолданылатын троптың түрі - кейіптеу. Табиғат құбылыстарын, жан-жануарларды, өсімдіктерді, заттарды адам кейпінде бейнелеу болып табылатын троптың бұл түріне «кейіптеу» деген терминдік атауды берген Ахмет Байтұрсынов болатын [5, 160-б.]. Кейіптеу грамматикалық жағынан алғанда етістіктен болып, қимыл-әрекетті көрсетіп тұрады:

*Құлазып жатыр құм дала,*
Құба жондардан көш өтпей.
Жусаны солған жылға да
Қызуы кеткен төсектей.
Төсінде гүл де жоқ бүгін,
*Даланы басқан қыш қайғы*.
Өткізген барлық от күнін
Баласыз әйелге ұқсайды («Құлазып жатыр құм дала», 65-б.).

деген шумақтағы «*құлазып жатқан құм дала», «даланы басқан қайғы»* сөздері *даланы* жанды адамға тән әрекет үстінде беріп тұр. Ақын шығармаларында кейіптеу етістіктің бірнеше категориялары арқылы берілген.

1. -қан, -кен, -ған, -ген жұрнақтары арқылы есімшенің өткен шақ формасы негізінде жасалған кейіптеулер: Қабағын тастай түйіп қарағанда; Өсек айтып сумаңдаған желі бар;

2. Түбір етістіктерге -ер жұрнағы жалғануы арқылы есімшенің потенциалды әрекетті білдіретін түрінен болған кейіптеулер: Күн нұры көктен түсіп жерді сүйер... Жер жүзі көктен киім киер;

*3* Көсемшенің - іп аффикстері арқылы жасалған кейіптеулер: Күн көрінер керіліп;

4. Ауыспалы осы шақтағы -е жұрнақты көсемшенің жіктелуі арқылы жасалған кейіптеулер;

5. Етістіктің жедел өткен шақ формасында тұрған кейіптеулер;

6. Көсемшенің -п аффиксі арқылы жасалған кейіптеулер: Күн күлімдеп, жаңа жаздай туып.

жара түспеген жанына әлі
түсінгендей жанымды табынады;
менің асқақ әм мұңды жырларымды
іздеуі хақ солардың, сағынары...
Мен кешпеген дүние жоқ екенін
сезеді олар, сезеді бәрі-бәрі («Жастар», 69-б.).

Ақын шығармаларындағы теңеу сөздер, эпитеттер және троптың алуан түрлерінің жасалу жолдары әртүрлі болғанымен де, олар көркемдік-бейнелілік тудыру мақсатында орайлы жұмсалған.

Поэтикалық құралдар Фариза Оңғарсынова мен К. Ахметова шығармаларында аса өнімді қолданылған. Ақын халық тілінің байлығын еркін меңгере отырып, бұл салада өзінің тілдік-көркемдік жүйесін қалыптастырған деуге әбден болады.

Шығарма стилін қалыптастыру жолында сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің де өзіндік орны бар. «Бірыңғай мүшелердің, әсіресе, көркем әдебиет стилінде қолданылу аясы кең. Өйткені, ол - көріктегіш құрал, сөйлемге эмоциялы өң беретін амал. Олар арқылы іс-әрекеттің динамикасы, жалпы және тұтас күйдің тетіктері, эксперссивті, эмоциялы және бейнелі эпитеттер, жеңіл әжуа, өткір мысқыл жасалады» [6, 7-б.]. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің стильдік қызметін Фариза Оңғарсынова шығармаларынан да көруге болады. Ақын көркем туындыларында кездесетін бірыңғай мүшелердің стильдік қолданыстары, әрине, бірдей

емес. Біздің топшылауымыз бойынша, оларды бірнеше түрге жіктеп көрсетуге болады. Айталық, шығармаларында, лирикаларында қолданыс тапқан кейбір бірыңғай мүшелер автордың көңіл-күйін, тебіренісі мен толғаныстарын көрсетсе, келесі біреулері заттар мен құбылыстардың атауларын білдірсе, үшіншілері кейіпкердің күйін, сыртқы келбетін (портретін) суреттеу үшін қолданылса, төртіншілері әрекет пен қимылды, істің барысын аңғартады, бесіншілері кейіпкерлердің жасын, әлеуметтік-қоғамдық мәртебесін таңбалайды, алтыншылары табиғаттағы заттар мен құбылыстардың атауларын белгілейді.

Фариза Оңғарсынова мен Күләш Ахметова шығармаларының лексикалық құрамында қаламгердің көңіл-күйін, әр түрлі эмоциясын, көзқарасын, ішкі әлемін білдіретін сөздер мол ұшырасады. Әдетте, мұндай бірыңғай мүшелер баяндауыш қызметінде тұрады. Мұндай бірыңғай етістік баяндауыштар шығарманың баяндау стиліне динамикалық, қозғалмалы сипат үстемелеп, экспрессивті мәнге ие болады. Осындай бірыңғай баяндауыштардың синтаксистік құрылысы, әдетте, көркем шығарма тілі - поэтикалық тілде айрықша стилистикалық, көркемдік, бейнелілік қызмет атқарады.

Фариза Оңғарсынова және Күләш Ахметова шығармаларында, оның ішінде, әсіресе, лирикалық шығармаларында өзінің ойын бейнелеп беруі үшін, айтпақ идеясын жан-жақты терең суреттеу мақсатында бірыңғай бастауыштарды да жиі қолданылғанын көреміз. Фариза Оңғарсынова шығармаларында әдетте бұлар жер-су аттары, аң, құс атаулары, кісі аттары болып келеді. Автор оларды үдемелі түрде беріп отырады, соның негізінде мұндай бірыңғай мүшелерінде экспрессия байқалады. Мысалы:

***Тағдыр жайлы,***
***ел жайлы,***
***қаза жайлы,***
***өмір жайлы,***
***дос жайлы*** *жаз арайлы,*
***жақсы, жаман*** *ойлар кеп оңашада*
*маған* ***тыным бермейдейді, мазалайды****.*

*Бірі тартып, әлемге бұлт үрейлі,*
*Бірі айтады:*
***қайғы*** *мен* ***күлкі*** *мейлі*
*алмасса да*
*әйтеуір тірлік артық –*
*деп, барлығы жанымды сілкілейді.*
*(«Достар – айдын, ел – кеме» циклі 117-б.)*

Бірыңғай мүшелердің стильдік қызметінде синоним сөздердің өзіндік орны бар. Бірыңғай мүшелер ретінде синонимдердің қолданылуы туралы А.Н.Гвоздев: «Бірыңғай мүшелер бір ұғымды, құбылысты немесе белгіні сипаттай алатын синонимдер қатары арқылы да беріледі, олар оны мүмкіндігінше толығырақ, әрқайсысы дәлірек көрсету үшін жұмсалады» дейді. Бірыңғай мүшелердің синонимдік қатар түзуінен екі ерекшелік байқалады. Біріншіден, ондай бірыңғай синонимдер сөйлемде анықтауыш қызметінде тұрады, екіншіден олар эпитет сөздер болады. жасап отыр. Бұл үзіндідегі сөздер зат есімнен болып, сөйлемде бір бастауыш қызметінде тұрса, ақынның табиғат лирикасында етістіктен жасалған баяндауыштық бірыңғай мүшелердің стилистикалық функциясы айырықша. Қимыл-қозғалыс, жанды әрекет, динамикалық күй тудыратын мұндай бірыңғай мүшелер Фариза Оңғарсынова туындалырының көркемдік кестесін кемелдендіре, бейнелелік қасиетін арттыра түседі. Бірыңғай мүшелер әдеби туындылар тілінде көркемдік, поэтикалық құралдарды да жасап, шығарма тіліне өң береді. Мұндай жағдайларда поэтикалық құралдар қызметіндегі сөздер экспрессивті мәнге ие болады. Мысалы:

***Махаббатсыз, сезімсіз*** *көңіл жетім,*
*Мұндай күйде түсіңде, өңің де – түн.*
*Жомарт жастық жылыстап, жас ұлғайса,*
*Жалғыздығың сезілер со күнде тым. («Үйім – менің отаным» циклі, 136-б.)*деген үзінділердегі бірыңғай мүшелердің қолданылуы, синонимге қарағанда көп емес. Дегенмен, бірыңғай антонимдерде стилистикалық реңк айқынырақ көрінеді. Өйткені антонимдердің қолданылуы тілдің айрықша белгілерін ерекше бөліп көрсетуді мақсат етеді.

Бірыңғай мүшелердің стильдік ерекшеліктері, экспрессивті-эмоционалды мағына берудегі орны Фариза Оңғарсынова шығармаларында айрықша байқалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 63-б.
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ.Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы А., Санат. 1997.
3. Серғалиев М. Стилистика негіздері. — Алматы, 2006. — 141-б.
4. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралы қолданылуы. — Алматы, 1966. — 205 б.
5. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003.- 208 б.
6. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. Астана: Елорда, 2001 ж.
7. Оңғарсынова Ф.Дауа: өлеңдер /Ф. Оңғарсынова. - Алматы: Атамұра, 2002.
8. Оңғарсынова Ф. Мен саған ғашық емес ем: өлеңдер /Ф. Оңғарсынова; Ред. Е. Дүйсенбайұлы. - Ақкөл: Жазушы, 2009. - 248 б. - (Қазіргі қазақ поэзясы).
9. Ахметова К. Сен меніңбақытымсың. - Алматы: Жалын. 1977. 80-бет.
10. Ахметова К. Күншыққандакүліпоян. Алматы: Анатілі, 1999 ж.

# ТӨРТ ТҮЛІК МАЛҒА ҚАТЫСТЫ МИФОНИМДІКАТАУЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

***Тлегенова Г.Б.***
*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері, PhD докторант, gulden_20.88@list.ru, Алматы қ.*

***Түйін***

*Халқымыз төрт түлікті аса қадірлеп, қасиет тұтып, оларды барынша дәріптеп, бүкіл өмір тіршілігінің қуанышы мен ренішін, өзіндік дүниетанымын, рухани-мәдени өмірін, әдет-ғұрпын солармен байланыстырады. Қазақ әлеуметтік дәреженің толықтығын, бүтіндігін дұрыс көрсету үшін түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі малын қосып, «төрт түлік мал» деп атап, олар дүниенің төрт бұрышын, төрт стихияны, төрт бағытты, адамның төрт түрлі мінезін білдіреді деп сенген. Сонымен қатар, бұларды сақтаушы иесі бар деп ұғынып, оларды Ойсылқара, Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Шекшек ата деп атаған. Осымен байланысты мақалада төрт түлікке қатысты қолданылатын мифонимдік атаулардың лингвомәдени сипаты берілген.*

***Тірексөздер:****мифоним, төрт түлік, жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі, т.б.*

***Резюме***

*Жизнь казаха-кочевника была немыслима без животных, она составляла нечто единое, неразрывно-связанное. Согласно представлениям казахов, «жылқы, түйе, қой, сиыр» (ло-*

*шадь, верблюд, баран, корова) составляют четыре угла мира, четыре стихии, четыре направления. Эти четыре вида домашнего скота являлись основным и главным источником существования и проживания казахского народа. Каждый вид животного имел свое происхождение и сверхестественные способности. Издревле известно, что казахи давали имена четырем видам животных-прородителей, которых назвали: Қамбар Ата (покровитель Лошадей), Зенги Баба (покровитель Коров), Ойсыл Қара (покровитель Верблюдов) и Шопан Ата (покровитель Овец). Связано с этим в статье дается характеристика термина «төрт түлік» и рассматриваются мифонимы на примере фольклорных текстов. Особое внимание уделяется сопоставлению некоторых мифонимов в казахских легендах, анализируются особенности их функционирования, а также устанавливаются элементы лингвокультурных особенностей личных имен.*

***Ключевыеслова:*** *мифоним, лошадь, верблюд, баран, корова, и т.д.*

***Summary***

*The life of the nomadic Kazakh was unthinkable without animals, it was something united, inextricably linked. According to the Kazakhs' ideas, horse, camel, sheep, cow make up four corners of the world, four elements, four directions. These four types of livestock were the main and main source of existence and residence of the Kazakh people. Each kind of animal had its origin and supernatural abilities. Since ancient times, it is known that Kazakhs gave names to four kinds of animal-progenitors, who were called: Khambar Ata (patron of Horses), Zengi Baba (patron of Cows), Oisyl Kara (patron of Camels) and Chopan Ata (patron of Sheep). It is connected with this in the article the characteristic of the term "төрт түлік" is given and myths are considered on the example of folklore texts. Particular attention is paid to the comparison of some myths in Kazakh legends, the features of their functioning are analyzed, and elements of linguocultural features of personal names are established.*

***Keywords:*** *myth, horse, camel, ram, cow, etc.*

Тілді ұлттық-психологиялық танымменсабақтастыра қарастыруда сөз мағыналарының мифологиялық төркініне зер салу – тіл тарихындағы басты мәселелердің бірі. Өйткені адам өмірімен бірге жасасып келе жатқан тілдің түпсаналық қабаттарында сан түрлі мифтік дүниетаным қазыналары жасырынып жатыр. Олар белгілі бір қоғамдағы адамдардың даму дәрежесіне сай наным-сенімдер негізінде пайда болып, белгілі дәрежеде сол қоғамға қызмет етеді.

Соңғы жылдары қазақ тіл білімі ғылымында мифонимдерді тақырыптық топтарға бөліп, оларды әртүрлі бағытта қарастыру кең үрдіс алып келеді. Сол тақырыптардың ішіндегі төрт түлікке қатысты қолданылатын мифонимдік атаулардыңлингвомәдени сипатына тоқталсақ.

Сан ғасырлар бойы қазақ халқының ең негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандығы баршаға белгілі. Мал шаруашылығымен шұғылдану арқылы халықтың материалдық байлығы қалыптасып, дүниетанымының, рухани мәдениетінің басты қағидалары мен ұстанымдары өркендей түсті. Осы негізгі кәсіптің әсерімен, ықпалымен қазақ тілінің лексикасында мыңдаған сөздер туындап өрбіді, тілдік айналымға енгізілді.

Жан-жануарларға соның ішінде, төрт түлікке қатысты мифонимдік атауларға үңілмес бұрын *төрт түлік* ұғымына көңіл бөлсек, түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі малын қосып, *«төрт түлік мал»* деп ата-бабаларымыз атап кеткен. Бұларды сақтаушы иесі бар деп ұғынып, оларды Ойсылқара, Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Шекшек ата деп атаған. Атаулардың ертедегі қалыптасқан ұғымдық мағынасы өте кең.

Қазақтың төрт түлігіне байланысты дүниетанымдық сипаты бар ғалам бейнесін суреттейтін төмендегідей түсінік-кодтар бар. Мысалы, Ж.К.Каракузова мен М.Ш.Хасанов көрсеткендей, «Қазақ әлеуметтік дәреженің толықтығын, бүтіндігіндұрыс көрсету үшін төрт түлік

малды атайды: жылқы, түйе, қой, сиыр. Олар дүниенің төрт бұрышын, төрт стихияны, төрт бағытты, адамның төрт түрлі мінезін білдіреді. Осылардан басқа әр жануардың жалпы өзіндік мінезі, басқалардан өзгешелік нысаны бар. Жылқы – жоғары әлем, қой – материалдық әлем, яғни жер, сиыр – о дүние, өлілер әлемін білдіреді. Ал, түйе бұлардың барлығын жинақтап байланыстырып тұратын төртінші бірлік – ғарыштың символы» [1, 32б.].

Халқымыз төрт түлікті аса қадірлеп, қасиет тұтып, оларды барынша дәріптеп, бүкіл өмір тіршілігінің қуанышы мен ренішін, өзіндік дүниетанымын, рухани-мәдени өмірін, әдет-ғұрпын солармен байланыстырады. Төрт түлік мал туралы «Жылқы – желден, түйе – сордан, сиыр – судан, ешкі – тастан, қой – оттан жаралыпты» деген мифтік нанымдар ауыз әдебиеті үлгілерінде, ел арасында ежелден бар көрінеді. Мұнымен қоса ел ішінде кейде «түйе – күннен, ешкі атасы шығыпты шырмауықтан» деп сипатталады. Мысалы, «қой – бейіштен, қой – көктен, қой атасы жантақтан өсіпті, қой – меккеден шығыпты» деген де сөз бар. Бұл аталғандардан ата-бабаларымыздың қой түлігінің шығу тегін тек отпен ғана емес, аталған тұтас төрт тектің бәрімен байланыстыратынын көреміз.Төрт түлік малдың пірлері, иелері туралы Н.Мыңжанұлы: «Қазақ қауымы өзі баққан төрт түлік малды бағып-қағып өсіріп, қорғап-қолдап жүретін иелері бар деп білген. Бұл ұғымның ұйғарымынша төрт түліктің иелері – олардың атам заманда жаралған ең алғашқы ата-бабалары. Қазіргі төрт түлік мал – солардың ұрпақтары. Бұлар Шопан ата, Жылқышы ата, Қамбар, Ойсыл қара, Зеңгі баба, Шекшек ата деп аталады» [2].

Этнолог-ғалым Халел Арғынбаев төрт түліктің пайда болуы, шығуы туралы ойын былай таратады: «Халық арасына кең тараған аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптап, бүкіл адамзат, жан-жануар апатқа ұшырағанда Нұх пайғамбар әрбір жәндік иесінен бір-бірден тұқым сақтау мақсатымен оларды кемесіне отырғызып басын су шалмаған Қазығұрт тауына келіп тұрақтапты-мыс. Міне, сол Қазығұрт тауына әкелінген «қатпа тайдан», «жетім ботадан», «жалғыз танадан», «жұрын тоқтыдан» төрт түлік өсіп-өніпті-міс. Мұнымен бірге әр түліктің өзіне тән ерекшеліктеріне қарай оларды қиялмен «табиғаттың әртүрлі құбылыстарынан жаралды» деп гиперболалық түрге айналдырған»[3]. Мұның барлығы адамдардың мифологиясының жемісі, жануарлар культтерінің пайда болған уақытындағы, төрт-түлікке, яғни жануарларға, олардың тылсым күштеріне, сөз киесіне сенуден шыққан бас июдің көрінісі.

Мифологиялық лексика негізінен ертегілерде, аңыздарда, мифтерде, эпостық жырларда, т.б. фольклорлық жанрларда қолданылады. Солардың негізінде төрт түлік малға қатысты мифонимдердің этимологиясына тоқталып өтсек.

*Ойсылқара* – 1) түйе малы; 2) зат., миф.*Ертедегі қазақтардың сенім-наным бойынша түйе малының сақтаушысы, пірі*[4, 639б.]. Түйе малы туралы арнайы зерттеу жүргізген Ә.Жақыпов ел аузынан естіген аңыздар бойынша, ертеде түйе атасы саналған – *Уайсхарра* немесе түйе бағушы – *Қаусылқазы* тәрізді адам аттарынан *ойсылқара* пайда болғандығын айтады [5, 205б.].Ойсылқара сөзінің этимологиясына талдау жасаған Ә.Жақыпов: «Ойсыл» – көне түрік заманынан кейінгі кезеңдердің бірінде түйе ұғымына ауысқан «ойыс-ылди» деген екі сөздің айтыла келе кірігіп алып-бар-апар, қара-ала-күш-қарлығаш, т.б. сияқты кіріккен сөз. Қазақ тілінде «ойсыл» сөзінің түйеден өзгеге айтылмайтындығын жаза келе, «Ойсылқара» атауындағы «қара» мал ұғымын білдіреді» [5]дейді.

Мал шаруашылығына қатысты лексиканы зерттеген Б.Тілепиннің пікірінше, парсы тіліндегі «көлік», «көшуге керекті дүние» мағынасындағы *вәсайел* және *оусаэл* дыбыстық құрамдағы сөздер қазақ, қырғыз тілдеріне ойсыл қалпында жеткен[6, 129б.].

Ә.Диваевтың мәлімдеуінше, «Ойсылқара – Уваис иль-Карани Арабиядағы Йемен өлкесіндегі Каран атты елді мекеннің тұрғыны Мұхамед пайғамбардың замандасы, өте діндар кедей адам болған, керуендерге қосылып түйелерді жетектеп кәсіп еткен» [7].

Түйенің көшпелі тұрмыстағы орны жөнінде Ә.Х.Марғұлан: «Ойсылқара пірі қола дәуірінің ғұн обаларынан табылған жартылай адам, жартылай хайуан бейнесіндегі қола

құймаларға негіз болып, мифтік сюжет арқауына айналуы оның көшпелілер болмысындағы маңыздылығынан туындаса керек», – деп ой түйеді [8].

Төрт түлік пірлерінің этимологиясын зерттеген Ж.Сейітқұлова «Созақ ауданындағылар түйе пірін *Бүзірік ата* деп аталуының бірінші себебін өзге түліктерге қарағанда дене-пішінінің үлкендігіне байланысты, екінші себебі түйені төрт түлік ішінен (қасиетті) ұлыққа балауының, әспеттелуінің түп-төркініне, пірі атауына қосылған атрибут секілді» деп көрсетеді [9].

Түйенің киелігі жерлеу рәсімімен де байланысты болып келеді. Қазақ халқының жерлеу рәсімінде түйеге өлік артқан, қабірін сол түйе шөккен жерге тапсырған. «Түйеге өлікті артудың өзіндік дәстүрі бар, қазақтар ер кісі өлсе атан түйеге, яғни түйенің аталығына, ал әйел кісі өлсе, сүйегін інгенге артқан. Өлік артқан түйенің екі құлағын мықтап бекітіп қоятын болған, себебі Х.Арғынбаевтың түсіндіруінше: «Түйе – төрт түлік ішінде тез еститін жануар. Қазақ ұғымында, өлікті жерлеп, қабіршілер 40 қадам ұзасымен, әзірейіл келіп, марқұмнан жауап алады, сол кезде қиналған өліктің жан даусы шығып бақырады. Осы дауысты, егер құлағы ашық болса, өлікті артқан бірінші түйе естиді екен. Сондықтан да өлік даусын естімесін, түйенің қасиеті қашпасын деген ырым-әдетпен оның құлағын бекітеді» [3].

Қазақ арасында түйеге артып жерлеу рәсіміне байланысты көптеген аңыздар кездеседі. Мәселен, ұлы ана Домалақ ене қайтыс болар алдында мынадай сөздер айтқан деген аңыз бар: «Мен өлген соң батырдың жанына қоямыз деп әуре болмаңдар. Ақбоз атан келіп үй іргесіне шөгер, сол атанға сүйегімді артып, соңынан ілесе беріңдер. Сол атан қайда шөксе, бұйырғаны сол жердің топырағы болар» [10, 13-14б.].

Біздің ойымызша, *Ойсылқара* атауы ұғымдық жақтан «түйе» деген мағынаны білдіреді, яғни парсының «көлік» мағыналы *оусаэл* сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшырауынан тіліміздеде көшуге қажетті түйе малының пірін атайтын сөз пайда болған. Ал,*қара* «қасиетті» деген ұғымды білдіреді.

*Зеңгі баба.*миф. а) *Қазақ халқының мифологиялық танымындағы төрт түлік малдың бірі – сиырдың иесі, пірі.* б) *Сиыр малы, қара мал*[11, 130б.].Ә.Марғұлан өз еңбегінде «Айхожа Азияда ислам дінін таратушы, түсі қара болған соң оны көбіне *Зеңгі ата, Зеңгі баба* деп атаған. (Зеңгі баба Айхожаның лақап аты, Сүлеймен Бақырғанидың шәкірті) Бақырғани қайтыс болған соң Зеңгі баба оның әйелі Қамбар бибіні алған»деседі [8].

Ә.Нұрмағамбетұлы өз еңбегінде Зеңгі баба атауының тарихы туралы былай дейді: «Қазіргі түркі тілдері ішінен сиыр малының Зеңгі баба деп аталған пірін қырғыз тілінен ғана көре аламыз»[12]. Ал, К.К.Юдахиннің құрастырған «Киргизско-русскийсловарь»-дан мыналарды оқимыз: 1) Зеңгі баба айтылуда *Үзеңгү баба* жиірек кездеседі; Мүйізді ірі қара малының иесі; 2) мүйізді ірі қара мал (ауыспалы мағынасы); 3) зеңгилер – мүйізді ірі қара мал[12].

Зеңгі баба атауының ертеректегі жазба ескерткіштерінің бірінде *«Зәңгі һәвәни»* тіркесі негізінде беріліп, оның аудармасын *«эфиоп, қара өңді»* деп түсіндіреді. Зеңгі парсы тіліндегі қазақша қара түсті адам мағынасын береді және бұл тұжырым В.В.Радловтың да еңбегінде «зангі» – эфиоп, негр деп берілген[13].

Ғалым С.Қондыбай бұл мифтік бейне туралы: «Зеңгі» – «қара түсті» дегенді білдіреді, яғни әлгі пірдің денесі қара болғандығынан осылай атаныпты-мыс».

Зеңгі атаның әулиелігі жөнінде Ә.Диваев: «Зеңгі деген атқа ажарсыз болғандықтан, лақап атқа ие болған деген. Зеңгі ата Шаш мекенінде туған. Ол Тәжі қожаның баласы және Әзірет Арыстанбаптың немересі. Зеңгі ата әулие Қожа Ахмет Яссауидің (1166 жыл) 5-ші мүриді (ізбасары) болған. Яссауи Түркістан қаласында жерленіп, қабірінің үстіне Темір зор ғимарат салғызған. Зеңгі ата Ташкенттен онша қашық емес, Шаш мекенінде жерленген. Қазіргі уақытта ол мекенді әулиенің атымен атап айтқанда, Зеңгі ата атымен атайды. Онда көптеген далалықтар тәуап етуге барады»[7].

Жылқының пірі – *Қамбар ата.* Кейде *Жылқышы ата* деп те айтады.*Қамбар:* 1) көл иесі;

2) көне. миф. киеліге табыну ретінде айтылады. 3) қазақтың наным-сенімінде жылқы малының пірі, иесі[14]. Аңыз бойынша Қамбар ата хазіреті Ғалидың дүлдүлін баққан кісі деседі. Арғықазақ мифологиясын зерттеген С.Қондыбайдың пікірінше, Түрікпендік *Гамбарбаба* – қазақтың Қорқыты сияқты сазгерлер мен әншілердің, ақындардың пірі болып саналады. Ол *дутар*дейтін саз аспабын ойлап тапқан деседі. Қамбардың тағы бір мифтік функциясы – оның су стихиясымен байланыстылығы. «Көл иесі Қамбар-ау, Шөл иесі Қамбар-ау, қарағыма көз сал-ау» – осының нышаны. Міне, Қамбарға берілген үш мифологиялық функция: а) сумен байланысты, ә) жылқымен байланысты, б) музыкамен байланысты.

Жылқы пірін қазақтан өзге мал баққан қырғыздар да *Қамбар ата* десе, сондай-ақ жылқы ішіндегі ең тәуірі, жақсысы, тамашасы да *Қамбар ата* атауын меншіктейді екен. Өзбектер мен түрікмендерде жылқы пірін *Дүлдүл баба* деп атау кең тараған.

*Қамбар*сөзінің түпкі мағынасының төркіні туралы Е.М.Абақан «Тілдің мәдени философиясы» еңбегінде: *«...қам* сөзінің негізгі мағынасы – қозғалыс, шеңбер, ел, қауым, орта, қасиетті, күшті, батыр, қазына, молшылық, қала, т.б. көптеген ұғымдарды білдіреді. Көне түркі тіліндегі *қамұқ* сөзі «весь, целый, полный». Қазақта жылқы пірі – Қамбар ата. Қазақтың «кемпірқосағы» – Қомбор қосағы, яғни қасиетті көктің беліндегі кісе, мұнда «қам» түбірінің мағынасы дөңгелек, көк, бүтін», – дейді [15, 167-168б.]. Ал, халқымыздың тұрмыс-салт жырларының типологиясын зерттеген Б.Уахатов: «Қазақта қарақұрт, жылан, шаян, бүйінің уын қайтаратын арбаушының сөздерін былай: «Бүйі, бүйі, бүйі, шық! Бүйі иесі Қамбар шық» деп келтіре отырып, мұндағы Қамбар ескіліктегі бақсылардың иесі, атасы, құдайы, пірі», – деген [16].

Сонымен, авторлардың мәліметі бойынша, *«қам»* сөзі бақсы, бақсының ойыны, ал философиялық мағынасы – «қозғалыс», «шеңбер», «қасиетті», «молшылық», т.б. және *Қамбар* «бақсылардың пірі» дегендерді келтіре отырып, мынадай тұжырым пайда болады: көне мифологияға сүйене отырып, жылқы, ең бірінші, Тәңірінің сүйген түлігіне айналып, пір *Қамбарды* дүниеге әкеліп, жылқы пірі *Қамбар*жаратушының бірінші өкіліне айналып, негізгі рөлді атқарған.

*Шопан ата* семантикасы жалпы қазаққа тән қой түлігінің пірі.*Шопан* сөзінің түп-төркіні парсының «чупан» сөзі, ол екі мағынада қолданылып келеді: 1) қойшы, шабан болса; 2) Чупан – ер адамға берілетін есім.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Шопан» – қой бағатын кісі, қойшы мағынасында айтылады. Ал, С.Кляшторный мен Т.Сұлтановтың еңбектерінде бұл жайлы былай жазылған: «Дляобозначенияпастухововецмусульманские авторы средневековьяобычноупотребляютперсидско-тюркскоесловочупаниличабан (у казаховболееупотребительноеслово қойшы» [17]. Сонымен, *Шопан ата* сөзі осы еңбекте келтірілгендей парсы-түрік сөзі.

Қойдың пірін қырғыз, өзбек, қарақалпақ тілдерінде *Чопан ата* десе, түрікмендерде *Мұса* деп атайды. Сонымен қоса, Маңғыстау аймағының қазақтары да қой пірін *Мұса* деп атауды Х.Арғынбаев пен С.Әжіғалидың еңбектерінен кездестіреміз.

*Шекшек ата*. этн. *Сексек ата*: ешкінің пірі, иесі. Ешкі түлігінің төрт түлік малдан қойға қосылып қой-ешкі аталып, өз алдына бөлек түлік санатына қосылмауынан ешкі пірінің этимологиясын тіл мамандарына өзге түліктердей аса көңіл бөлмегендігі байқалады.

Ешкі пірінің этимологиясын ешкі түлігін қайтаруда айтылатын одағай сөзден – *«Шек! Шек!»* дегеннен шыққан болуы ықтимал деп жоримыз.

Ешкі пірінің Оңтүстік Қазақстан аймағында тілдік диалектологияға байланысты мынадай атаулары бар. Этнографиялық экспедиция барысында Жамбыл облысы, Жуалы ауданындағы Дихан, Қайрат ауылындағы хабаршылар ешкі пірін *«Қалақ ата»* деп атайды екен. Қазақтың тұрмыс-салт жырларында айтылғандай:

*«Шібегелер шігесі,*
*Қатпа келер шекесі.*

*Сойса – саны қалақтай,*
*Сауса – сүті бұлақтай», –*

деп етінің қой түлігіне қарағанда аздығына, сойса саны қалақтай дегендей *«Қалақ»* аталуының себебі осында болса керек деп ойлаймыз.

Ешкі пірінің келесі аймақтық ерекшеліктегі диалектологияға байланысты атауы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданындағы қазақтар ешкі пірін *«Бәуеддин әулие»* деп атауы (III, IV ғ.). Деректер бойынша Бәуеддин әулиенің шығу төркінін арабтардан кездестіреміз. Олар ешкі пірін Бәуеддин әулие деп атайды. Тегінде Бәуеддин көне түркілердің біразына мағлұм болған ұғым. Бұл қарақалпақ, түрікмен арасында да жиі кездеседі дей келе, Б.Уақатов қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясын зерттей отырып, былай деп жазады: «Қазақ ішінде біреудің аты жоғалса, Бәуеддин айтамыз» деп ешкіні аулаққа апарып, құйрығын бұрап бақыртатын болған. Міне, сонда айтатын тілек-бата жыры:

Ел иесі Бәуеддин,
Мал иесі Бәуеддин,
Керең құлақ саңырау Бәуеддин.
Өне бойы қоңырау Бәуеддин.
Атымды тауып бер Бәуеддин
Жоғымның жөнін көр Бәуеддин» [16].

Оңтүстік Қазақстан облысында ешкі пірін арабтардікіне ұқсастырып Бәуеддин атауының себебі, өзге Оңтүстік Қазақстанда исламның ерте үстемдік құрғандығының тереңдеп енуінің айғағы еді.

Қазақ тілінде төрт түлік төңірегінде қалыптасқан идиомалық бірліктердің енді бір тобы оларда болатын түрлі ауру-індетпен байланысты болып келеді. Жылқыда мысалы, *жамандат, жамандатқыр* деген сияқты, кейде оны *ойсылкелгір* деп те қарғап жатады. *Қойтекенің астында желқом, оның асты торы шолақ, қолында шығыршықты кендір қамшы.«Ой, жамандат Ойсылкелгір! Құлағыңды... Иттің малы!» деп тістеніп шапқа да, басқа да, мойынға да ұрады. Торы шолақ міз бақпайды.* (Ж.Аймауытов) Қарғыста қолданылғанына қарағанда *Ойсылкелгір* дегендегі *ойсыл* да шамасы індетпен байланысты сөз болып шығады. Ендеше бұл тіл дерегі белгілі дәрежеде әдетте түйе түлігінің иесі, пірі, бақташысы саналатын *Ойсылқара* композициясының семантикалық құрылымымен астастықта қаралуы тиіс. Белгілі этнолог Х.Арғынбаев жылқыға тән бұл *жамандат* лексемасының қазақ тілінде сондай-ақ түйеге қаратыла айтылатынын атап көрсетеді. Әдетте бұл түйе түлігімен байланысты *ақ шелек, шелеккелгір, шелегің түскір, қарабез* формалары жиірек қолданылады. Ал, қой мен ешкіде кездесетін мұндай жұқпалы індет *топалаң, шекшек* деп аталады. Ал, «*қарасаң келгір»*– сиырға айтылатын қарғыс. Қарасан – сиыр малында болатын өте қауіпті жұқпалы ауру. *Өк, құрып кеткір! Қарасан келгір, қышынба! Сәйгелді ме алып тұрған қысымға? Дәл басып тұр тұяғыңды аудармай, Балығыңның төбесінің тұсына* (І.Жансүгіров).

Қорыта келе, төрт түлік пірлеріне байланысты аңыздардың түп-төркінінен ондағы қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінен төрт түлік пірлерінің құдіретті күшінен рахым күту, жалбарыну, жалыну сипатын байқаймыз. Бата сөздерінде де төрт түлік пен оның пірлері негізгі рөл атқарып, солар арқылы жақсылықтың әкелінуі негізге алынған. Бұл туралы А.Васильевтің «Торғай» газетіне жазған «Қырғыз (қазақ) бата сөзі» атты мақаласы мен Ә.Диваевтың еңбегінен толық мәліметтер ала аламыз.А.Васильев мақаласындағы батаның бірінде:

*«Жылқышы ата – Қамбар,*
*Жарылқайтын өзіңнен басқа кім бар?*
*Шірендіріп жатқыз, көсілдіріп тұрғыз.*
*Жаз жайлауын жаусыз ет,*
*Қыс қыстауын қарсыз ет.*
*Дүниеде мұңсыз ет.*

*Толғаотқанын ұл ет,*
*Татырғанын май ет.*
*Бәледен сақта, жаладан сақта,*
*Қауіптен сақта, қатерден сақта», -*

деп келтірген [18].

Мал пірлерінің даму сатыларында әр дәуірде тарихи циклизациядан өткенін, бүгінге жеткен қазақтың мал пірлеріне қатысты аңыз-әңгімелері мен тұрмыс-салт жырларындағы мал пірлеріне арналған туындылардан, Ә.Қоңыратбаевтың келтіргеніндей, «бір ғана елдің шетінде тумай, халықаралық сюжет болуымен және полисациялық, синкреттік, параллельдік, реконструкциялық сияқты көріністердің басым келетіндігін» анық көреміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


*1. Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: «Наука», 1989. –126б.*

*2. Мыңжанұлы Н. Қазақтың мифтік аңыздары. –Үрімжі, 1996. –61б.*

*3. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. –Алматы, 1969. –160-161бб.*

*4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. –Алматы, 2011. –752б.*

*5. Жақыпов Ә. Ойсылқара ма, Қаусылқазы ма? // Төрт түлік төресі кім? –Алматы: «Ғылым», 1990. –352б.*

*6. Тілепин Б. Қой-ешкі атаулары мен тіркесімдерінің этнолингвистикалық сипаты: ф.ғ.к....дисс.: 10.02.02. –Алматы, 1997. –138б.*

*7. Диваев Ә.Тарту. –Алматы: «Ана тілі», 1992. –256б.*

*8. Марғұлан Ә. Ойсылқара // «Жұлдыз»,1984. –№4. –172-177б.*

*9. Сейітқұлова Ж. Төрт түлік пірлерінің этимологиясы // «Қазақ тарихы», 2005. –№1, қаңтар-ақпан.*

*10. Тұрысов Е. Бәйдібек. –Шымкент: «Домалақ-ана», 1992. – 83б.*

*11. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. –Ж-К. –Алматы, 2011. –752б.*

*12. Нұрмағамбетұлы Ә. Қазақ тіліндегі атаулар тарихы. Алматы: «Ғылым», 1998. 200б.*

*13. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т.4. Ч.2. СПб., 1911. –2229с.*

*14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том. –К-Қ. –Алматы, 2011. –744б.*

*15. Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. Монография.–Алматы: «Айкос», 2000. –184б.*

*16. Уақатов Б.Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. –Алматы: «Ғылым», 1983. –160б.*

*17. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трехтысячелетий. –Алматы: «Рауан», 1992. –374с.*

*18. Васильев А. Киргизские молитвенные пожелания «Бата соз» // ТГ. – 1904. –№48.*

# ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ МИФОЛОГИЯСЫНДАҒЫ АТА/АНА КОНЦЕПТІСІНІҢ РЕПРЕЗЕНТТЕЛУІ

***Тымболова А.О.***
*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің*
*профессор м.а., ф.ғ.д.*
*Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы e-mail: tymbolova@mail.ru*
***Қалиева Н.Ш.***
*аға оқытушы, PhD докторант.*
*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*
*Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы e-mail: nurgulkalieva@mail.ru*

*Мақалада адамзат баласы дүниетанымның тарихы зерделеніп, миф арқылы табиғатты жанды тіршілік ретінде қабылдау тұрғысындағы көзқарастар талданады. Жалпы миф ұғымына анықтама беріле отырып, түркі халықтары мифологиясындағы Ата/Ана концептісінің Тәңір, жан-жануарлар, рухтар, өсімдік т.б бейнесінде репрезенттелуі жіктеліп қарастырылады.*
***Түйін сөздер:*** *Ата, ана, концепт, дүниетаным, миф, Тәңір, Көкбөрі, Түркілер.*

*The article analyzes the views of the human race on the history of worldview and the perception of nature as a living being. By definition of general myth, the concept of Father / Mother concept in the mythology of the Turkic peoples is classified and interpreted in the image of God, animals, spirits, vegetal.*
***Key words:*** *Father, Mother, Concept, Worldview, Myth, God, Kokbori, Turkic people.*

Ерте заманнан-ақ адам өзін коршаған дүниенің заңдылықтарын және өзін-өзі, өзінің табиғатқа және басқа адамдарға қатынасын танып білуге тырысты. Адамнан тыс таным үдерісінің болуы мүмкін емес. Сондықтан адам танымы белгілі бір қоғамда, қоғамның практикалық қажеттіліктеріне сәйкес жүріп жатады. Адам баласының дүниені тануы ғажайып құбылыс. Дүниетанымның тарихына көз жүгіртер болсақ, адамның дүниені тануы ең алдымен мифологиямен байланысты болса, кейін дін және философиялық көзқарастармен дәйектеліп жатты. Яғни, қоғам санасының сатылануы деп айта аламыз.

Ежелгі адамзат баласы осы миф арқылы табиғатты жанды тіршілік ретінде қабылдап, Тәңір-Құдайға сенді. Ал, дінге келетін болсақ, ол да сенім, бірақ бүкіл әлемді басқарушы жалғыз күштің бар екеніне адамзат баласын иландыруға бағытталған дүниетаным. Ғылымның атасы ретінде мойындалған философия дүниетанымның ғылыми теориялық түрі екендігіне дау жоқ.

Жалпы мифті адам баласының санасымен, дүниетанымымен байланысты ертегі іспетті оқиға ретінде қабылдау жанымызға жақын. Бірақ ғалымдар арасында миф туралы ғылыми негізделген әртүрлі пікірталастар кездесіп жатады. Шын мәнінде миф дегеніміз не?

С. Қондыбай: «Миф ғалам мен адам туралы, құдайлар мен құбыжықтар туралы, рухтар мен әруақтар, алғашқы адамдар мен адам сипатты батыр пенделер туралы түсінік. Ертедегі адам мифті ойдан шығарылған ертегі деп емес, керісінше, бүткіл дүниенің жалғыз ақиқаты деп білген, олай болса, миф - ертедегі адамдардың адамтану, дүниетану көзқарасы, ақиқат танымы» - деп топшыласа [1,7б], Ф. Ницше, А. Бергсон, Ф.В. Шеллинг мифті адам ойлауының негізін салушы бір форма ретінде қарастырады.

Ата/Ана концептісінің «Өмірге әкелуші» микроөрісінің тамыры сонау мифтен басталатыны хақ. Өйткені Ата/Әкенің де, Ананың да ең алдымен физиологиялық ерекшелік тұрғысынан қызметі «өмірге ұрпақ әкелу».

Ата/Ана концептісін бинарлы жұп ретінде қарастыруымызға ең алдымен Атаның – еркек, Ананың – ұрғашы сияқты биологиялық жыныстық ерекшелігі негіз болып отыр. Жанды құбылыстың, тіршіліктің бастауы - өмірге келу немесе пайда болудан басталатыны анық. Ал, басқа қосымша қызметтер мен даму өмірге келгеннен кейін, пайда болғаннан кейін туындаған қажеттіліктерге сәйкес іске асады.

Әдеби тілі толықтай қалыптасып дамыған қазіргі түркі халықтарының тілінде айырмашылық болғанымен, миф бәрімізге ортақ. Түркі халықтары мифологиясында Ата/Ана концептісінің әртүрлі бейнеде репрезенттелуін төмендегідей жіктеп қарастырдық:

1. Тәңір бейнесіндегі Ата/Ана (Аспан-әке мен Жер-ана, Ұмай);

2. Рухтар бейнесіндегі (Албасты, Айызыт, Ақ ене - Майгыл ана, Кубей ана, От ана, Ұмай т.б.);

3. Жан-жануарлар мен құстар бейнесіндегі (Көкбөрі – қасқыр Ата/Ана, Арғымақ ана, Бүркіт ана, Самұрық ана, Киік ана, т.б);

4. Өсімдік бейнесіндегі Ата/Ана (Ағаштан тарау);

5. Ата/Әкесіз жарық дүниеге келу (айдан жүкті болу - Ай ата мен Күн ана, құстан жүкті болу);

6. Топырақтан жаратылу (Адам Ата мен Хауа Ана) т.б репрезенттеледі.

Түркі халықтарының мифтерінде Тәңір образындағы Аспан-әке мен Жер – ананың да жаратушысы бар. О.Жанайдаров Аспан мен Жердің жаратушысы туралы «Ұлы дала мифтері» атты мақаласында « ... Когда – то не было ни земли, ни неба, а был только один необъятный океан. Однажды внутри океана возник Белый Свет – Ак Жарык, из которого образовалось сияющее золотое яйцо. Внутри него спал бог Тенгри, будущий прародитель всего мира. Тенгри разбил скорлупу яйца и вышел наружу. Из верхней части яйца Тенгри сотворил Небо, а из нижней сделал землю... » - деген ғаламдық жұмыртқа туралы мифті келтіреді [2,82б].

С.Қондыбай да Аспан - әке, Жер – ананы ғаламдық жұмыртқамен байланыстыра отырып, мифтік ойтолғамдарын мифтегі ғаламдық жұмыртқа әлі ажырамаған, Аспан мен Жер болса, онда Аспан - еркек пен Жер- ұрғашының әлі ажырамай, аймаласқан сәті «жұмарласу», сол сәттегі сыртқы пішіні жұмыртқа болатыны түсінікті деп өрбітеді [1.41 бет].

Қазақтың, тіпті біраз түркі тілдес халықтар мифінде кездесетін Тәңір образына Е.М.Мелетинскийдің мына бір пікірі тікелей қатысты: «Ерлі-зайыпты баба-құдайлардың ең көне әрі универсалды тараған түрі *Аспан-әке* мен *Жер-ана*. Бұл образдардан бір жағынан, рулардың бабалары болып саналатын ілкі адамдардың космостанғанын, ал екінші жағынан, неке мен отбасылық қатынастардың табиғат дүниелеріне көшірілгенін көруге болады», - деп жазады ғалым. Шамасы қоршаған ортаны, ғаламды қабылдаудағы мұндай бинарлық қарама-қайшылық оның «үздіксіздігін» дискретті түрде мөлшерлеп отырады [3].

Ал, Ұмай ананы кейбір мифтерде Көк тәңірінің жұбайы ретінде, яғни ұрғашы Тәңір деп қабылдаса, кейде балалар мен аналарды қорғаушы рух деп есептеген.

Түркілер жоғары құдірет иесі Ұмай арқылы алғашқы әйелді, ананы, отбасының ұйытқысын, зерттеушілер кейде оны Тәңірдің әйелі деп те бейнелейді. Ұмай – түркілердің дәстүрлі дүниетанымында әйел бастауының бейнесі. Жан жағына нұрын шашып тұратын Ұмайдың басты қызметі жаңа туылған нәрестелер мен аналарға, отбасыларға қамқор болу еді, осыған байланысты түркі халықтарында баласы жоқ отбасылар Ұмайға табынып, бала сұраған. Барлық дерлік түркі халықтары Ұмайды Жақсылық Тәңірі, Ана Тәңір, Өмір сыйлаушы, Құт дарытушы Тәңір, молшылық пен берекені, төрт түлікті көбейтуші рух иесі ретінде қабылдайды [4,159 б].

Ұмай ананы Тәңір ретінде қабылдаудың бірден-бір негізі «Құт» сөзімен байланысты болуы мүмкін деп жорамалдаймыз. Профессор Зия Авшар матриархаттық-рулық қауымнан патриархалды қауымға біртіндеп өту барысында Тәңір ең басты саналып, оған жаратушылық қасиет тән болды, ал Ұмай мен жер-су соңғы орынға ығыстырылды. Құдай мен Ұмай бір-

бірімен жұптасқан Тәңірлер, жалғыз Тәңірге сенушілік кезінде Ұмай Жер мен Судың Тәңірі саналған»,-дейді. Құдай сөзінің «Құт» және «Ай» (kut+ay = Ülgen) тұлғаларының бірігуінен жасалып, Үлгенді білдіретіндігін көрсетеді [5.359б.].

Тәңір - Ұмай қосағы көктүрік дәуірінің туындысы. Осындай еркек-аспан мен ұрғашы – жер қосағы деген трафарет- модель одан кейін де, оларға дейінгі көшпелілер мифологиясында болғанымен, аталмыш есімдер – тұрақты трафареттің «ұясына» ие болған әр уақыттың, әр ортаның жеке есім – образдары болып табылады. Ұмай ежелгі күнтекті Майқы - Жұмайдың ұрғашылық бейнесі болса, Тәңір ежелгі су-от дуализмі мен оттекті космогониядағы күнтекті алтын тумақ қалқып жүрген алғашқы ғаламдық сулардың атауы. Яғни космостық сулар бейнесінен тәңір тек аспанға айналса, алғашқы еркек пен ұрғашы қосақтағы ұрғашы Ұмай енді бүкіл жер мен су, төменгі дүние тұлғасына айналған [6,253б]. Жоғарыда көрсетілген жіктелімде Ұмайды Тәңір ретінде де, рух ретінде ле қарастыруымыздың себебі сондықтан.

Түркі халықтарының мифтерінде Ұмай анамен қатар айтылатын Ұмай ананың қызметін атқаратын, аналар мен балалардың қорғаушысы, өмірге нәр беруші Айызыт ана, қазақ қоғамында жиі қолданылып жүрген, отбасын зиянды, сыртқы күштерден сақтайтын әйел құдайымен байланысты халық жадына ұялаған От ана, Үлген Тәңірге жаратушы шабыт беруші Ақ ене, бүкіл халықтың анасы саналған Майгыл ана сияқты жағымды күш иелерімен қатар, жын немесе пері сияқты жағымсыз күш иесі Албасты орын алған. Айызыт ана, ана құрсағындағы балаға үрлеу арқылы жан берсе, Албасты керісінше жаңа туылған нәрестенің бауырын немесе жүрегін ала қашып, өзі мекендейтін суға қашатын болған. Қазақ танымында жиі айтылатын От ананы телеуіттер От ене ретінде таныса, чуваштар оны еркек және ұрғашы рух деп сеніп От әке және От ана деп атаған.

Қасқыр-әке, қасқыр-шеше түркі, сондай-ақ моңғол шежірелік аңыздарында мол кездесетін образ, олар ежелгі ит культінен шыққан. [6, 242б]. Көне түркі мифологиясында Көкбөрі – киелі саналған.

Түркілер Көкбөріні көктегі Тәңірдің жердегі бейнесі деп қабылдаған. Сондықтан да көк түсті болуы осы сеніммен байланысты болса керек.

Көк бөрі туралы аңыздардың ішіндегі ең кең таралғаны және шындыққа жанасатын түрі қытай тіліндегі жылнамаларда сақталған.

Жаугершілік заманда бетпақ дала ішінде аяқ-қолы шабылып жараланған он жасар бала ғана тірі қалған екен. Жаралы балаға бір қаншық қасқыр жолығып, емізіп, қанын тоқтатып, жарасын жалап жазып алады. Бала есейгенше сол қасқырмен бірге тұрған деседі. Кейін жаулар бала жігітті тауып алып, өлтіргенше буаз қасқыр Гауачан тауының терістігіндегі бір үңгірге барып жасырынып, үңгірде 10 бала босанады. Он ұл есейіп, үйленіп, көбейіп үлкен елге айналған екен. Солардың ішіндегі ең күштісі Ашинаның есімі түркілердің жалпы атауына айналған деседі. Сол үңгірден тараған Түркілер Алтайды қоныс еткен.

Тағы бір қытай жылнамаларында сақталған аңызда қасқырды Ата/Әке ретінде таныған. Көктүрк және Үйғыр мемлекеттерін құрған Каочы қағанның (қаған – терминін Б. Өгел қолданған) бір-бірінен өткен екі ай десе аузы, күн десе көзі бар сұлу қыздары бар екен. Ол қыздарын адамзат баласына емес, тек Тәңірге тең көріп, Тәңірмен жарасуын қалаған екен. Тәңірге үйлендіру мақсатында қыздарын бір жотаның төбесіне қалдырып кетеді, бірақ қанша уақыт өтсе де Тәңір келіп қыздарына үйленбейді. Күндердің бір күнінде жотаны айналып, кәрі қасқыр жүреді, қыздардың біреуі Тәңірді қасқыр бейнесінде келді деп қабылдап, қасқырға үйленіп Каочының ұрпақтарын таратқан екен-мыс. [7,17б]. Бұл аңыздағы қасқыр, Оғыз дастанындағы қасқыр еркек болса, басқа Көктүрк мифтеріндегі қасқырлар ұрғашы. Күні бүгінге дейін кейбір түркі халықтары өздерін қасқырдың ұрпағы сенімімен өмір сүруде, әлі де өздерін Көкбөрінің ұрпағы санап, өлең-жырларда, көркемдік туындыларда тілге тиек етіп отырады.

Ескі мифке негізделген «Ағаштан жаратылу» пайымы бар. Ескі түркі халықтары өздерінің қайың ағашынан жаратылғандығына сенеді, сондай-ақ аталмыш ағаштың қасиетін

дәріптеп өткен. Шамандардың лауылпаздарының бетінде ай және жұлдыз мүсінімен қатар қайың ағашының да мүсіні бейнеленетін болған. Ағаштардың да көктен түскендігіне сенген. Оғыздар мен Үйғырлардан бастап аталарымыздың ағаштан туылғандығы айтылып жүрген. Сондықтан да Өтікен орманы өте қасиетті саналған.

«Қатын» яғни, «Әйел» сөзінің де қайың ағашынан туғандығына сенген. Қайың ағашы да адамзаттың анасы, әйел де адамзат анасы деп түсінген. Әйел, ана, ұрғашы – өмір сүруге қажетті нәр болып табылатын сүтпен өзі қамтамасыз етуші. Ана ақ сүтімен қоректендіретін болса, қайың ағашының да сүт сияқты сұйық шырын бөлетіндігі қайың ағашын да ана ретінде қабылдауға негіз болғандығына сенген [8,105 б].

Арғы қазақ мифологиясында Арғымақ ана түсінігі бар. Бұл жөнінде С. Қондыбай «арғы» сөзінің «бастапқы» деген ұғымды қамтитындығын алға тарта отырып, «арғы, түпкі ана», «арғы Има ана» түсініктеріне тоқталады. Ол «Аруғ Имақ» - «Ұлы баба» бейнесінің бір варианты деп есептейді.

«Арғымақ» есімі қазақтың жетіру бірлестігінің шежіресінде сақталған. Яғни осы топқа кіретін телеу, табын, жағалбайлы, керейіт, кердері, тама руларының түпкі анасының (кейінгі шежірелік дәстүрде «түп ата» делінгеніне ұарамастан) есімі – Арғымақ [9,50б.] – деп жазады.

Қыпшақтардың шығуына байланысты миф те ағашпен байланысты. Оғызхан Ит-Барақ тайпасымен соғыста бас сауғалау үшін өзеннің ортасындағы ағаштың қуысына жасырынуға бел буады. Дәл осы уақытта Оғыз ханның көз алдында шайқаста өлген жауынгерінің әйелі ағаштың қуысына босанған екен. Ол балаға «Қыпшақ» есімін береді. «Оғызнаме» дастанын жазушылар «Қыпшақ» сөзінің «ағаш қуысы» мағынасын беретіндігін алға тартады [7, 88б].

Осыған ұқсас мифті С. Қондыбай да өз еңбегінде атап өтеді. Оғыз қаған бір күні көл ортасындағы ағашты көреді. Ағаш астында, қабығында (қуысында) отырған бір қызды көріп, өзіне әйел етеді. Осы сұлудан «Көк», «Тау», «Теңіз» деген үш ұл көреді. Яғни, біз бұл жерде де «ағаш қуысындағы әйел» мотивін көреміз деп топшылай келе, тұрпайыланған қазақы аналогын береді. Мерген аң аулап жүріп, көл жағасындағы бір әйелді көреді. Бара салып сол әйелге асылады, біраздан соң қараса көзіне әйел көрінген құстар саңғыған томар екен. Қарабайыр мәтінді түсіндірер болсақ, «мергеннің әйелге асылуы» дегені – «еркектің әйелмен жыныстық қатынасқа түсуі» дегенді білдіреді. Міне, бала берген «Ақшеңгел», бала дүниеге келген Тобылғылы сай, есік алдындағы түбі бір, басы екі бәйтерек, - осының барлығы да жинақтала келе «Оғызнамадағы» Қыпшақ туған ағаш қуысы, одан да басқа әйел-ағаштардың мифтік бейнесінің қазақ фольклорында да сақталғандығынан хабардар ете алады [10, 506б].

Яғни мифтік деректерге сүйене отырып, ағашты – жаратушы құрсақ, адамның арғы бабасы ретінде тану қалыптасқандығын көре аламыз.

Жалпы алғанда Түркі халықтарында «Күнді-Ана, Айды-Ата» деп сенген. Сондықтан да барлық аныз, ертегілерден Күннің-ұрғашы, ал Айдың еркек рөлінде көрінгендігі түсінікті. Түркі – моңғол аңыздарында «Айды бала тудыратын –әке» ретінде қабылдаған. Мысалы, Шыңғыс ханның аталарының бірі Алан Коанның анасы ай сәулесінен жүкті болған. Кейбір деректерге сүйенсек, ай сәулесінің шатыр арқылы өтіп, әйелдерді жүкті еткендігі мәлім. Айдан жүкті болған әйелдерге Ай сары адам ретінде келіп, ит ретінде қайтқан деген тұжырымдар бар. Алайда, Күнді-әке, Айды – ана ретінде немесе Күнді аға, Айды – қарындас ретінде тану қазақ фольклорында кездеседі.

Адамзат мәдениеті мен қоғамда ең алдымен мифология басты орында болған болса, одан кейін дін алдыңғы қатарға шыққандығы туралы жоғарыда атап өттік. Түркілер Ислам дінін қабылдамастан бұрын 10 ғасырға шаманизмді дәріптегендігі тарихтан белгілі. Діни наным-сенімдерге сүйенетін болсақ, жарық дүниеге келген алғашқы адамдар Адам пайғамбар мен Хауа ана. Тәңір Адам пайғамбарды топырақтан жаратып, Хауа ананы оның қабырға сүйегінен жаратады. Яғни, діни тұрғыдан адамзаттың алғашқы Атасы және Анасы – Адам ата мен Хауа ана.

Қорыта айтқанда, мифті мәдениеттің бастапқы түрі ретінде қабылдауға негіз бар екендігіне көз жеткіздік. Өйткені миф арқылы белгілі бір құндылықтық бағдарлар қалыптасатындығы анықталды. Адамзаттың мифтік санасы оған дүниені игеруге жәрдемдеседі, сондай-ақ өмір мен тіршілікке тұрақтылық береді. Ұлттық өзіндік сананы қалыптастырады. Ата/Ана концептісінің түркілердің мифтік санасында әртүрлі деңгейде бейнеленуі осының айғағы. Ал, жоғарыда айтылып өткен мифтердегі бір бейненің еркек және ұрғашы кейпінде қайталануы, жыныстық ауысулар (Қасқыр ана-Қасқыр әке, Ай ата – Ай ана, Күн ана – Күн әке) [11, 50-51б.] мифтерде кездесетін тұрақты құбылыс екендігіне көз жеткіздік.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. -Алматы, 1999.
2. Жанайдаров О. Мифы великой степи. Казахстанский литературно – художественный и общественно-политический журнал. Нива. №1,

-Астана, 2006.

Тілеубердиев Б.М., Елібаева Қ. Тәңір, алла, құдай» фразеологизмдеріндегі дүниетаным көрінісі. http://www.rusnauka.com.

Тымболова А., Калиева Н. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Хабаршы. Филология сериясы, №4 (168). -Алматы, 2017.

Авшар З. І Халықаралық Түркі әлемі зерттеулері симпозиумы материалдары. Түркия, -Нийде, 2014.

Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. 1 том. Алматы, 2008.

Өгел Б.Түркі мифологиясы. І том. -Анкара, 1993.

Сары Е. Түрік мифологиясы. Анталия/Түркия, 2016.

Қондыбай С. Арғықазақ мифоогиясы. Төртінші кітап. -Алматы, 2008.

Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы Екінші кітап. -Алматы, 2008.

Қодар З. Гендерные аспекты мифологии и религии. Известия Национальной академии наук республики Казахстан. №5 (267),

-Алматы НАН РК.


# ПСИХОЛИНГВИСТИКАНЫҢ ТІЛДІК СИПАТЫ


***Хавдраш Ж.***

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің 4-курс студенті, Павлодар қ., Қазақстан, E-mail: havdrash.zh@mail.ru*

***Жұбантаева Ж.Қ.***

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Павлодар қ., Қазақстан, E-mail: jajyka@mail.ru*



*Annotation: The article deals with the issues of the origin, development and periods of the formation of psycholinguistics. The history of the formation of new directions in psycholinguistics is also presented in article.*


XX ғасырдың ортасынан бастап, XXI ғасырдың басында қалыптасқан тіл біліміндегі жаңа бағыттардың пайда болуы тілді жаһандық қарым-қатынас құралы ретінде түсіндіруге, тілдің адамзатқа жан-жақты қызмет ететіндігін дәлелдеуге бағытталған. Бүгінгі күні тіл

білімінде дәстүрлі емес 30-дан астам жаңа бағыттар түрі тілдің жан-жақты қызметін ашуда, тілдің адамзатқа қызмет етуіндегі ролі мен маңызы туралы сөз етеді.

Жалпы тіл білімінде жаңадан қалыптасқан дәстүрлі емес тілдік бағыттардың бірі – психолингвистика саласы. Психолингвистика XX ғасырдың 50 жылдары пайда болған салыстырмалы түрдегі ғылым. Тіл білімінің осы бағытының, кейінірек жеке ғылымның дүниеге келуі жайлы айтқанда, психолингвистиканың пайда болуы мен кезеңдеріне қатысты ғалымдар арасында бірегей пікірдің осы уақытқа дейін жоқ екендігін айта кету керек. Бүгінде ғылымда көптеген әртүрлі топтастырулар бар, сондықтан талдау барысында белгілі бір ғалымның қандай ғылыми және мәдени дәстүрге жататындығын міндетті түрде көрсету қажет болады. Психолингвистиканың қалыптасуы мен дамуын дәл кезеңдерге бөлу мүмкін емес, себебі, ғалым А.А.Залевская орынды атап кеткендей, хронологиялық тұрғыда көптеген бағыттар бірге өмір сүреді, қоса дамып келеді, «кейбір жаңа идеялар қандайда бір іргелі (немесе кездейсоқ пікірталастық) жүйе пайда болғаннан кейін ғана белгілі болып жатады...» [1, 14]. Бұған қарамастан, қазіргі ғылым психолингвистика кезеңдерін топтастыруды және оның жетекші ғылыми бағыттарын қатар қояды. Ресей психолингвистика мектебінің негізін қалаушы А.А.Леонтьевтің шетелдік және отандық ғылымдағы психолингвистикалық ойды дамытуға жасалған терең ғылыми талдауын ескере отырып, негізгі кезеңдерін бөліп көрсетуге болады [1, 15].

«Психолингвистика» термині алғаш рет Н.Пронконың (N.Pronko) 1946 жылғы АҚШ-та шыққан «Тіл және психолингвистика» мақаласында айтылған. «Психолингвистика» термині ғылыми тіл үшін жемісті болып табылатын модельге негізделген, интеграцияға ғылымның талпынысын көрсетеді және осы пәннің күрделілігіне баса назар аударады. Термин екі бөліктен тұрады: «психо» – психология сөзінің жалпы бөлігі болып табылады (psyche – грек тілінен «жан») және «лингвистика» (латын тілінен lingua – «тіл») [2]. Психолингвистика – бұл сөйлеуді қалыптастыру үдерістерін, сондай-ақ тілдік жүйемен қарым-қатынаста сөйлеуді қабылдау мен қалыптастыруды зерттейтін ғылым. Британика энциклопедиясында психолингвистика – бұл психологиялық аспектілерді оқыту делінген. Осы пәннің бөлігі қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді естеліктерді, лингвистикалық модельдерге негізделген сөйлеуді қабылдау стратегияларын тәжірибелік зерттеу болып табылады [3]. Үлкен энциклопедиялық сөздікте аталған ұғымға өте қысқа анықтама берілген: «Психолингвистика – бұл сөйлеу сөздерін қабылдау мен қабылдау заңдылықтарының ғылымы» [4]. 50 жылдарды психолингвистика дәуірінің пайда болуы деп санауға болады. Яғни 1951 жылы АҚШ-тың Корнель университетінде лингвистер мен психологтардың қатысуымен университетаралық конференцияда лингвистика және психология комитетінің құрылуы туралы жарияланған.

Психолингвистиканың дамуында Дж.Кесс төрт негізгі кезеңді бөліп көрсетеді: 1) қалыптасу кезеңі; 2) лингвистикалық кезең; 3) когнитивтік кезең; 4) когнитивтік ғылымның ағымдық кезеңі. Бірінші кезең структурализм мен бихевиоризм идеяларының ерекше ықпал етуі; екінші кезең тіл білімі мен психолингвистикада трансформациялық туғызушы грамматиканың басымдық етуі; үшінші кезең Н.Хомскийдің орталық грамматиканың идеяларынын бас тартып, грамматика мен семантиканың, ал тілді тілді қолдану мен игеру үдерістеріне тартылған когнитивтік және құлықтық жүйелермен байланыстылығы; төртінші кезең психолингвистиканың зерттеудің анағұрлым кең шеңберінде ментальдық репрезентация құрылымымен байланыстылығы [1, 16].

Психолингвистикада бұқаралық ақпараттық коммуникацияның мәселелерін зерттейтін де сала бар. Бұқаралық қарым-қатынас теориясы радиомәтіндерді қабылдау, теледидар тиімділігі, газет мәтіндерінің ықпалдылығы, саяси плакат, ұран, жарнамалардың адам санасына әсер етуі т.с.с. мәселелерді қамтиды. Демек, бұл тұста психика мен сөйлеу (тіл) көмекке келеді. Ғалымдар психолингвистиканың осы аспектісінде бұқаралық коммуникацияға арналған мәтінді қабылдау сәтінде әрекет ететін *сатиация* деп аталатын механизмнің ег-

жей-тегжейлі зерттелгенін айтады. *Сатиация* дегеніміз — қайта-қайта қайталау я жағдаятқа сәйкестірмей қолдану салдарынан сөз мәнінің жоғалуы. Бұл механизм жеке инсан басынан да өтетінін ділдік лексиконды зерттеуде назарда ұстаған жөн делінген [2]. Психолингвистика, әрине, лингвистикалық талдауға да сүйенеді, бірақ лингвистикалық талдауды көбінесе аралық, өткел, өткінші мәлімет ретінде қолданады. А.А.Леонтьевтің пікірінше, сөйлеу әрекетін зерттеуде тілтану мен жантанушының еңбегінің үлестік мөлшері мына сипатта: тілтанушы меңгерілетінді, меңгерілгенді зерттейді. Ал психолог лингвистикалық модельді игеру, қабылдау барысында адам санасында болып жататын психикалық байланыстар мен үдерістерді зерттейді, қарапайым айтқанда, сөйлеушілер шын болмыста, өмірде сөйлемді (сөйлеуді) қалай құратынын және түсінетінін тексереді. Ділдік лексиконды зерттеуде осыны тұғырлы әдіс ретінде қарау керек [5, 22].

Психолингвистика – психология мен лингвистиканың аралығындағы ғылым саласы; «адам-тіл» қатынастарын (адамның зейінін, жігерін, ниетін т.б.) зерттейді, яғни сөйлеу үрдістерін зерттейтін ғылым. Ол сөйлеу үрдісін, оның мазмұны, коммуникативті рөлі, сөздің ойға қатысы тұрғысынан зерттейді. Осы бағыттың негізін салушы неміс ғалымы Г. Штейнталь (1823-1899) тілді жеке адаммен қатар, этнос психологиясының көрінісі ретінде қарастырды. Оның пікірінше, тіл білімі адамның жеке психологиясын ғана емес, халық психологиясына да сүйенуі қажет. Психолингвистика психологиялық эксперимент арқылы сөйлеу қызметінің үлгісін жасап тексереді. Бірқатар практикалық мәселелердің теориялық мәнін түсіндіру үшін таза лингвистикалық тәсілдер жеткіліксіз. Ол үшін психолингвистиканың тәсілдерін қолдану қажет. Психолингвистика мынадай мәселелерді шешеді: шет тілдерін үйрену, логопедия мәселелері, ми қызметіне байланысты сөйлеудің бұзылуы, бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөйлеудің рөлі, авиция мен космостық психология, криминалистика мен машина аудармасы мәселелері және т.б. [6, 19].

Қазіргі заманғы психолингвистика бойынша жүргізілген бірқатар зерттеулердің теориялық негіздерін XIX ғасыр лингвистерінің еңбектерінен де табуға болады. Соның ішінде – Вильгельм Гумбольдт (1767 – 1835), Август Шлейхер (1821 – 1868), Хейман Штейнталь (1823 – 1899), Герман Пауль (1846 – 1921), Александр Афанасьевич Потебня (1835 – 1891), Иван Александрович Бодуэн де Куртенэ (1845 – 1929) және басқа да ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Дегенмен, көптеген ғылымдар сияқты, психолингвистика теориялық пән ретінде емес, тәжірибеге бағдарланған көзқарас жүйесі ретінде пайда болды. Атап айтқанда, халықтың соғыстан кейінгі қоныс аудару жағдайында шет тілдерін үйрету қажеттілігі туындады. Мұғалімдер алдында бірқатар сұрақтар пайда болды:

- оқушының жасына және оқу кезеңіне байланысты шет тіліндегі оқулықта тілдік материалды оңтайлы ұйымдастыру қандай?
- балаларды қай жастан бастап шет тіліне үйретуге болады?
- оқушыларды қысқа уақыт ішінде оқуға қалай дағдыландыруға болады?
- жаңа тілді екінші тіл ретінде оқыту барысында тіл үйренушіде жаңа ойлау құрылымы пайда бола ма? [7, 82-85].

Шетел тілі пәні мұғалімдері бұл сұраққа жауап бере алмағандықтан, психологиялық білімге жүгінуге тура келген. Ана тілін үйрену кезінде ересектер балалар үшін оларды қалыптастырмаса, тілдің пайдалану ережелерін қалай меңгергендігі де түсініксіз болды. Ерекше білімді қажет ететін балалар, зағип, естімейтін балаларды оқытуда да аталған мәселелер туындады. Бұл мәселеде де лингвистикамен таныс, психологтің көмегі қажет болды.

Сонымен қатар, психолингвистиканың пайда болуы сөйлеу тіл бұзылыстарын қайта қалпына келтіру болып табылады. Жарақат алған кезде (әсіресе, соғыста) адамдар көбінесе қоршаған ортамен жүру қабілетін сақтап қалғанымен (сөздерді дұрыс жеткізу), сөйлеген сөздерін түсінбеді. Бұл ретте нейрохирургтің көмегі ғана емес, сонымен қатар тіл бұзылыстарын қайта қалпына келтіру мақсатында лингвистің де көмегі қажет еді.

Хабарларды шифрлеуге арналған психолингвистикалық жоспарды зерттеу қарастырылды. Сонымен қатар, сот психологиясы үшін маңызды болатын адамның сөйлеуі арқылы анықтау қажеттігі туындады (мысалы, жасырын мәтіннің авторын, оның жас ерекшелігін және білімін анықтауға жиі талап етілді) [8, 13].

Орыс психолингвистикасының негізін қалаушы А.А.Леонтьевтің бірнеше анықтамасы бар. 1968 жылы ол психолингвистиканың тақырыбы – тілдік жүйе мен тілдік қабілеттілік арасындағы қарым-қатынас деп топшалаған. А.А.Леонтьев психолингвистиканың тақырыбы – сөйлеуді және сөйлеуді қабылдау үрдістерінің құрылымы және олардың тіл құрылымына қатынасы деп санайды (кез келген немесе белгілі бір). Кейінірек А.А.Леонтьев психолингвистиканың тақырыбын бір жағынан адамның сөйлеу функциясының құрылымы мен адамдық әлемнің негізгі «қалыптастырушы» имиджі ретінде тілге сәйкестігі тұрғысынан анықтады [5, 30].

Психолингвистиканың бұл анықтамасымен кеңес ғалымдарының көпшілігі бөліседі. Жоғарыда айтылған анықтамалар бойынша психолингвистика эволюциясын байқауға болады. Тек тілдік қабілет пен сөйлеу әрекетін түсіндіру ғана емес, сонымен қатар, тілдің тұжырымдамасын түсіндіру де біршама өзгерді. Егер бұрын тіл жүйесі ретінде ғана түсіндірілсе, уақыт өте келе психолингвистика ретінде бағдарлар, адам іс-әрекетіне қажетті екендігі айқындалды. Тіл белгілері арқылы оның белгілерін алған адамның «әлем бейнесі» туралы мәселе маңызды болып табылды. Иә, психолингвистика – бұл әртүрлі теориялар мен лингвистика саласында арнайы эксперименталды зерттеулер үшін ыңғайлы «ярлык» болып табылады. Бұл тәртіпке қатысты мәселелердің ауқымы өте кең және кейде әртүрлі материалдарды камтиды. Психолингвистика аясында лингвистика мен психологияның философиялық аспектілері бойынша зерттеулер жүргізілуде. Олардың ішінде тіл мен ой, тіл мен жаратылыстың өзара әрекеттесуі, онтогенездегі және филогенездегі адам сана-сезімін қалыптастыру мәселелері кіреді. Психолингвистикалық жоспардың көптеген жұмыстары тұтастай ойлау белгісінің мәселелеріне арналған. Психолингвистикада мәдениеттану және ұлттық психология мәселелерін қозғайтын проблемалар қатары бар. Жалпы лингвистикалық әлемдегі суреттердегі сәйкессіздік тек тіл құрылымына ғана емес, сондай-ақ осы тілдік тарапынан әлемнің көріністеріне байланысты екендігі туралы бекіту болып табылады. Көптеген зерттеу жұмыстары кезіндегі әдіс-тәсілдердің нәтижесінде психолингвистика ғылымы лингвистиканың бөлшегі емес, көбінде психологияға жақын болып табылады [8, 19]. Көптеген ғылыми кітапханаларда психолингвистика тақырыбына қатысты мәселелерді іздестіргенде, лингвистика ғылымына ғана емес, психология ғылымына да қатысты мәселелерді қатар қарастырамыз. Психолингвистика эксперименталды ғылым болғанымен, бұл эксперимент психолингвистикалық зерттеудің жалғыз әдісі емес. Психолингвистика бұл материалды пайдаланғанымен, бірақ ақпарат пен әдістерде біршама өзгеше тұрғыда қолданылады. Негізгі қолданылатын әдістердің ішінен белгілеп алуға болатындары: ассоциативті эксперимент, сематитвті дифференциал әдісі, қосымша методикасы, сөйлемді аяқтау методикасы, бағалау, сауалнама, т.б.

Отандық психолингвистикада көлемді коммуникациялық байланысқа қатысты бөлім бар. Коммуникация теориясы радио мәтіндерін қабылдау, телевизияның тиімділігі, газет мәтіндерінің әсері, адамның саяси қабырға газеттеріне және жарнама әсері, т.б. оқытады. Психолингвистика лингвистикалық талдаудан алынған мәліметтерге негізделгенін атап өту керек, бірақ оларды аралық (одан әрі талдауды қажет етеді) бойынша қарастырады [9].

Басқа да дереккөздер бойынша бұл терминді американдық психологтар Ч.Осгуд, Дж.Кэррол және Т.Себеок 1953-1954 жылдары психология, лингвистика және ақпарат теориясы мамандарының университетаралық біріккен семинарында ұсынғандығын атап кетеді. Семинарға қатысушылар лингвистикалық тұрғыдан дискриптивтік лингвистикаға, кейіннен Н.Хомскийдің трансформациялық моделіне содан кейін ғана когнитивтік лингвистикаға сүй-

енуге талпыныс жасағаны белгілі. «Психолингвистика» кітабы лингвист, психолог педагогтардың және т.б көптеген пәнаралық зерттеулердің дамуына өзіндік ықпал етті.

Психолингвистика кең арналы бағыт тұрғысында бүгінгі күні тіл білімі мен психология ғылымдарының ұштасуында қарастырылатын өзекті мәселелерді шешуде үлкен роль атқарады.

**Әдебиеттер тізімі:**


1. Залевская А.А. Введение в психолингвистику. – М., 2000. – 382 с.
2. Психолингвистика //http://www.gpedia.com
3. Psycholinguistics // https://www.britannica.com/
4.Психолингвистика // https://gufo.me/dict/zaliznyak
5. Леонтьев А. А. Основы психолингвистики. – М, 1999. – 288 с.
6. Слобин Д., ДЖ. Грин. Психолингвистика. – М., 1976. – 350 с.
7. Мельник О.В Что такое психолингвистика? – М., 2004. – 82-85 с.
8.Сорокин Ю. А Психолингвистические аспекты в изучений текста. – М, 1985
9.Ибраева Ж.К. Психолингвистика негіздері. – Алматы, 2010. – 125 б.


# ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТІЛДІК БАҒЫТ ТҮРЛЕРІ: ЭТНОЛИНГВИСТИКА МЕН СОЦИОЛИНГВИСТИКА


***Хамит А***

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан, E-mail: beautyboti@mail.ru*



*Summary*

*This article summarizes a common language. Types of language directions in Kazakh linguistics: ethnolinguistics and sociollingueistiks are widely studied.*


Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс. Кез келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады, халық даналығы, дүниетаным көзқарасы тілінде түйінделеді. Әлемдегі тіршіліктің бар саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдарын – рухани мәдениеттің барлық элементтерін молынан табуға болады.

Қай халықтың болса да қоғамдық өсу, өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтана, молыға келіп, ана тілдің алтын қорына қосыла, ажарлана береді.

Қазақстандық тіл білімінің тарихының кезеңдік бағыттарын арқау еткен еңбектер тіл білімінде көп емес.

Кеңес дәуіріндегі қазақ лингвистикасы ірі ғалымдардың еңбектерімен қалыптасты, тілдік тірліктерді зерттеу мен қазіргі ғылыми бағыттардың негіздерін арқау еткен еңбектер тілге деген жүйелі қарым-қатынасты байқатты. Бұл еңбектер А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, С. Кеңесбаев, Х. Махмудова, Г. Мұсабаева, М. Копыленко, Е. Седельникова еңбектерінен көрініс алды.

Тіл біліміндегі бағыттардың пайда болуы туралы әр қилы пікірлер баршылық. Е. М. Панина: «Лингвистикалық универсалийді зерттеудегі рационализм мен эмпиризм» атты мақаласында универсалий табиғатын зерделеу бүгінгі күні екі бағыттың жүзеге асуы арқылы дамып отыр дегенді көрсетеді. Олар: 1) рационалистік; 2) эмпирикалық бағыт[1,18.].

Кейінгі онжылдықтар белесіндегі зерттеулер этносты, ұлт мәдениетін тіл арқылы анықтауды негізгі қағида етеді (Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Қ. Жаманбаева т.б.). Нақты айтар болсақ, тілді тұтынушы ұлтты алғашқы орынға қоятын лингвистикадағы антропоцентристік парадигма өз аясында жаңа бағыттарға жол ашуда.

Қазақ тіл білімінің сан салалы теориялық ұстанымдары, бағыттары бүгінгі күні тілдік зерттеулердің бағыт-бағдарын анықтауға, маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Қазақ тіл біліміндегі өркендеп келе жатқан бағыттың бірі – этнолингвистика. Этнолингвистикалық бағыттың аясындағы ғылыми зерттеулер М. Копыленко тарапынан жүйеленіп, 1000-ға тарты еңбек көздерін тартқан.

Тіл білімінің дербес бір саласы этнолингвистиканың өзіндік мәселелері, проблемалары туралы көрнекті тіл мамандары В.Гумбольдт, А.А.Потебня, Э.Сепир, О.Ахманова, Н.И.Толстой, Ә.Қайдаров, М.М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Ж.А.Манкеевалардың зерттеу еңбектерінде аз айтылып жүрген жоқ. Қазақ тіл білімінде этнолингвистика мәселесін зерттеу XX ғасырдың 80-жылдары қолға алынып, түрлі аспектіде, әр түрлі деңгейде қарастырылуда. Қазіргі кезде оның ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр.

Қазақ тіл білімінде жеке-жеке қырлары жан-жақты қарастырылып өріс алып келе жатқан этнолингвистика саласының дамуында профессор М.М.Копыленконың осы мәселенің жалпы теориялық негіздерін түсіндіруге арналған «Основы этнолингвистики» (1995) атты монографиясы елеулі жаңалық болды. Бұл жұмыс - тікелей этнолингвистика негіздерін анықтауға арналған жалпы тіл біліміндегі тұңғыш зерттеу.

Бүгінгі таңда ғылыми негізі жан-жақты қалыптаса бастаған этнолингвистика өзіндік ерекшелігімен, алдына қойған мақсатымен таныла, нақтылана бастаған саланың бірі екендігі сөзсіз. Қазақ топырағында этнолингвистиканың негізін салушы көрнекті ғалым, академик Ә.Қайдар «этнос», «тіл» деген ауқымды, кең ұғымдарды нақтылап, «этнос болмысы», «тіл әлемі» деген термин-ұғымдарды қолдана отырып, этнос пен тіл сабақтастығын тендестіре қарау арқылы үлкен идеографиялық классификация жасады. Академик Ә.Қайдар: «Қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның байлығы – «тіл әлемі» арқылы ғана танып-білуге болады» [2, 304] - дейді. Осы мәселеге қатысты М.М.Копыленко қазақ тіл біліміндегі академик Ә.Т. Қайдаров бастаған этнолингвистикалық мектепті «қазіргі этнолингвистикадағы жаңа бағыт» деп бағалап, оның негізгі ерекшелігін былай атап көрсетті: «Это направление изучает этнос в зеркале языка. В нем нет симбиоза дисциплин, поскольку язык представляется главным и непосредственным предметом анализа, этнология, история, культурология и прочие нелингвистические дисциплины привлекаются как вспомогательные» [2,17].Ғалым С.Е.Жанпейісова осы мәселеге қатысты ойларын былайша өрбітеді: «Этнолингвистика әдетте тілді дағдылы қарым-қатынас құралынан гөрі таным құралы, таным көзі ыңғайында көбірек зерттейді. Бұдан да дәл айтсақ: тілді этносты танудың, әсіресе, интеллектуалды ерекшелігі жағынан танып-білудің құралы ретінде қарастырады»[4,68]. Этнолингвистиканың зерттеу объектісіне, әдісіне, оның шектес ғылым салаларымен қарым-қатынасына байланысты нәзік қыр-сырлары толық ашылып болды деп айтуға болмайды. Ж.А.Манкееваның мына пікіріне назар аударайық: «Халықтың материалдық, өндірістік деңгейі мен рухани өрісін бейнелейтін ана тілінің байлығын, асылын барынша толық жиып көрсетіп, қыр-сырын анықтау - этнолингвистиканың міндеті. Этнолингвистика – халық туралы шынайы хабар беретін «ақпарат көзі» [5,5].

Материалдық және рухани мәдениеттің мәселелеріне зертелулер жазған ғалымдардың қатарына Е. Жанпейісов, Н. Уәли, Р. Шойбеков, Ж. Манкеева, С. Жансеитова, Г. Рысбаеваларды қосамыз. Қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестер мен қазақ тіліндегі паремия-

лардың семантикасының мәселелерін Ә.Қайдар, С. Кеңесбаев, Т. Қоңыров, С. Сатенова, А. Болғанбаев, Б. Уызбаева, А. Етешова, С. Түлековалар қарастырды.

Этнолингвистикалық ізденістердің нысаны табу мен эвфемизмдерді қазақ тілінде А. Ахметов еңбектеріне арқау етсе, ономастика мәселелері Т. Жанұзақов, Е. Керімбаев еңбектерінен көрініс алды. Дыбыстық символизмге этнолингвистикалық талдауды К. Құсайынов жүргізді.

О.С.Ахманова енбегінде: «Этнолингвистика – тілдің өмір сүруі мен даму барысында тіл мен халықтың арақатынасы мен лингвистикалық, этникалық факторлардың әсерін зерттейтін макролингвистиканың саласы»,– деп пайымдайды [5, 539]. Осы сарындас пікірді А.Салқынбай мен Е.Абақан құрастырған «Лингвистикалық түсіндірме сөздіктен» де көруге болады: «Этнолингвистика – тілді мәдениетпен, тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлармен байланыстыра қарастыратын тіл білімінің бағыты. Кең мағынада, этнолингвистика – мәдениетті, халық психологиясын, мифологияны лингвистика (тіл) арқылы зерттейтін кешенді пән» [6, 275].

Этнолингвистикалық аспектіде зерттеу жұмысын жүргізу бүгінгі таңда өзекті мәселелер қатарына жатады және ол кең құлаш жайып сарапануда. Мәселен, Ш.Жанабілев , Б.С.Тоқтағұл, К.Жидебаев, Б.Тілепин жануарларға байланысты атауларды, Б.Әбдіғалиева тұрмыстық, үй-шаруашылығындағы заттарды , А.Ш.Жылқыбаева тағам және тағам өнімдерінің атауларын , Ә.Т.Қайдаров, Ұ.Б.Серікбаева түр-түс лексикасын, Р.Н.Шойбеков зергерлік өнер терминдерін, Ә.Жақыпов мал шаруашылығының терминдерін, С.С.Жансейітова музыка терминдерін, Т.Б.Жаубасова ұлттық музыка аспаптарын, Қ.Т.Қайырбаева этномәдени атаулардың символдық мәнін , Е.Г.Аронов космонимдердің этнолингвистикалық табиғатын , Б.Қалиев пен С.Сәрсенова аспан денелері атауларының этнолингвистикалық сипатын, Қ.Ғабитханұлы наным-сенімге байланысты тұрақты тіркестерді, А.Е.Керімбаев сакральды атауларды, А.А.Айтмұқашева ғұрыптық фольклор лексикасын жан-жақты зерттеді.

Сонымен, қазақ этнолингвистикасының қалыптасу, даму үрдісінен кейбір өзіндік ерекшеліктер де байқалады. Ол жалпы этнолингвистикалық идеясында туындап, қазақ этносын оның тілі арқылы танып білу мақсатымен бұдан 15-20 жыл бұрынғы өзінің бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін айқындай түскен, зерттеу объктілерін саралап, тәсіл-әдістерін күн санап шырата түскен ғылым саласына жатады.

Қазақстандық тіл білімінде социолингвистика бағыты кеңес дәуірінде қалыптасты. Отандық социолингвистердің еңбектері жарық көріп, 1970 – 80-ші жылдары Б. Хасанов еңбектеріне арқау болды. Әрі қарай 2007 жылдары Б. Хасановпен бірге оның ізбасарлары К. Әбішева, Б. Аяпбергенов, С. Баяндина, Б. Исмагулова, Б. Құрманова, Қ. Рахымжановтар қазақ тілінің әлеуметтік қызметінің сұрақтарын қарастыруды жалғастырды.

Тағы бір маңызды бағыт, яғни лингвистикалық мәнге ғана ие емес, қоғамдық-саяси мәні зор, қос тілділік мәселесі. Бұл кеңес дәуірінің тілдік саясаты. М. Копыленко және оның аталмыш бағыттағы жақтастары қазақтардың орысша сөйлеу тіліндегі фонетикалық, лексикалық және морфологиялық ерекшеліктерін жан-жақты қарастырып, қазақ халқының арасындағы орыс тілінің кең қанат жаюына ықпал еткен демографиялық, мәдени және әлеуметтік факторларды зерттейді.

Қазақстандық социолингвистиканың мектебінің ең негізін қалаушы Э. Сүлейменова, шәкірттері Ж. Смағұлова, Н. Шаймерденова, Д. Ақанова, О. Алтынбекова, Е. Хасенова және басқалары көптеген жылдар көлемінде Қазақстандағы тілдік жағдай мен тілдік саясатқа бөлшектік кешенді талдауды түрлі бағыттарда жүргізіп келді: лингвистикалық және экстралингвистикалық негізде. Зерттеулердің нәтижелері Э. Д. Сүлейменованың басшылығымен монографиялық және лексикографиялық еңбектерде жарияланды.

Социолингвистика бағытындағы қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне шолу арқасында соңғы уақытта әлеуметтік, жеке билингвизм мен полилингвизм мәселе-

лерінің кең ауқымда қолға алынып зерттелгендігін аңғаруға болады. Бұл бағытта зерттеулері жарық көріп, еңбектеніп жүрген ғалымдардың қатарына А. Шаяхметов, Г. Сүйінова, Г. Алдабергенова, Г. Досмұхаметова, Р. Туксаитоваларды айта аламыз.

Осылайша социолингвистикалық зерттеулердің бағыты да өзгеріп, кең ауқымда қарастырыла бастағаны мәлім. Социолингвистикалық зерттеулердің нәтижелері қазақстандық қоғамның қазіргі дамуының кезеңінде де үлкен өзектілік мәнге ие болуда, яғни қазіргі уақытта үш тілділікке (қазақ, орыс, ағылшын) басымдық танытылып отырғаны мәлім. Өмірдің барлық салаларына, оның ішінде білім беру үдерісіне енуде.

Социолингвистика ( әлеуметтік лингвистика) – тілдің қоғамдық мәнін, дамуы мен қызмет етуін, қоғамның тілге және тілдің қоғамға әсер етуін зерттейтін тіл білімінің жеке бағыттарының бірі деп Аман Абасилов анықтама береді.[7, 3]

Тіл білімінде әлеуметтік лингвистика бағытының пайда болуынан бастап, бүгінге дейін терминдер жүйесі қалыптасып, дамып келеді. Жалпы әлеуметтік лингвистиканың терминдер жүйесі лингвистиканың өзге салаларына қарағанда өзгеріске өте бейімділігімен сипатталады.

Сонымен бірге қазіргі таңда әлеуметтік лингвистиканың пәндік анықтамасы мен танымдық аппаратының өзі де әлі күнге кеңестік кезеңнің «сығымынан» арылып, жаңадан қалыптасу сатысын бастан кешіріп келеді. Социолингвистика бағыты аса жауаптылықты, сыни көзқарасты қажет етеді.

Қазақ тіл білімінің бағыттарын қарастыру әлемдік лингвистика аясында дамиды. Оның зерттелуі мен бірізділікке түсуіне әлі талай еңбек пен уақыт керек.

## САН ЕСІМ НЕГІЗДІ СӨЗДЕРДІҢ КОНТЕКСТЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ


***Шаһарман Г.П.***

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы*

Сөздің мағынасы, сыр-сипаты мен ойды жарыққа шығарудағы қызметі, алдымен, оның қолдануына байланысты танылады. Ал бұл үшін оған лайықты өріс-орта қажет. Сонда ғана ол әлеуетті мүмкіндігіне сай қызмет ете алады. Мұндай өріс ауқымы тек контекстік ортада айқын аңғарылады. Контекст – латынның “қосылу, байланысу” деген мағынадағы сөзі, тілдік тұлғалардың мағынасын айқындайтын сөздік орта[1]. Лингвистикалық терминдер сөздігінде бұл тұрмыстық,метафоралық, топонимдік,т.б.түрлерге жіктеліп қарастырылады. Ал ғалым Х.Нұрмұқановтың айтуынша: “Контекст – мағынаны, мазмұнды дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін сөз жұбынан бастап, бір немесе бірнеше сөйлем не тұтас абзац, период, шығарма мәтініне байланысты да қолданылатын термин” болып табылады [2]. Мысалы «бес күн», «бес асу», т.б.

Сөжасамдық түрлі тәсілдер арқылы жасалған сан есім негізді сөздермен сөз тіркестерінің контекстегі жұмсалу мүмкіндігі де мол. Сөз мағыналарының ауысуы, келтірінді мағынада жұмсалуы метонимия, метафора, синекдоха, т.б. амалдар арқылы іске асатыны белгілі. Сан есімді сөздердің контексте ауыспалы, келтірінді мағынада жұмсалуы, көбінесе, метонимия, метафора амалдары арқылы берілетіндігі аңғарылады. Енді осы тәсілдерге жеке-жеке тоқталайық.Бұдан біз тіліміздегі жаңа қолданымдардың үнемі даму үстінде болатынына тағы да көз жеткіземіз. Енді осы айтылғандарды негізге ала отырып, жаңа қолданымдардың әлеуетті тобынан орын алатын сан есім негізді сөздердің контекстегі қолданысына тоқталайық. Олар-

ды тарихи қалыптасу кезеңдеріне қарай не грамматикалық тұрғыдан, жасалу тәсілдеріне қарай жүйелеп көрсетуге болады. Біз соның соңғысы бойынша қарастыруды жөн көрдік. Синтетикалық тәсілде сөзжасам амалының негізгі ұйтқысы- негізгі түбірлер[3]. Біз қарастырып отырған мәселеде – сан есімдер. Мәселен, сан есімнен синтетикалық тәсіл арқылы жасалған әлеуетті сөздер:




Берілген топтама атаулардан тұратын әлеуетті сөздерден басқа басқа мағына беретін жекелеген атаулар да бар және олардан омонимдік сипатты да байқауға болады[4]. Олар:

бірлік – татулық , тұтастық;


үштік – жүлделі үш орын атауы;

тоғыздық – футбол қақпасының үстіңгі бұрышы (оң және сол);

жетіген – музыкалық аспап;

бесті – жылқы атауы / бес жасар /.

Бүкіл сан есімдердің ішінен жаңа сөздер тудыруға негіз болатын топ-есептік сан есімдер екеніне толық көз жеткізуге болады [5]. Бұған тәуелдік жалғауының үшінші жақ көрсеткіштері арқылы есептік сан есім негізінде жасалатын салт атауына қатысты сөздерді де жатқызуға болады.




Бұлардың ішіндегі «жүзі» сөзінің потенциалдық өрісі тар, ол сөз еліміздің кейбір аймақтарында ғана қолданылады.

Ал үшкіл, төрткүл, бескүл сөздерін нақты әлеуеті зор, жиі қолданылатын сөздер қатарына жатқыза алмаймыз. Өйткені, олардың қолданыс өрісі тар. Стильдік ыңғайына қарай көркем шығармаларда және этнографиялық терминдер қатарынан ғана кездестіреміз. Бұл сөздердің орнына тілімізде сәйкесінше үшбұрыш, төртбұрыш, бесбұрыш варианттары қолданылады. Дегенмен, біздің ойымызша “бұрыш”- тық топтамаға қарағанда , “кіл”-дік топта-

мамен берілетін түрінен ұлттық тін /менталитеттік/ сипат айқын аңғарылатын сияқты. Үш, төрт, бес “бұрыштары” арнай термин ретінде қолданып, ал үш, төрт, бес “кілдерді” жалпы тілдік қолданыста пайдалану орынды болар еді. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған әлеуетті сөздер де біршама. Атап айтқанда:




төрттаған – төрт жол өлең атауы / рубаят /
сегізкөз – анатомиялық атау
жетіқарақшы – астрономиялық атау
бесбармақ – ұлттық тағам атауы
бірқақпай – қысқа, өткір қалжың атауы

Осы аталған лексикалық единицаларды айқын әлеуетті сөздер деп тануға болады. Аталған сөздердің салалық терминдер ретінде де , жалпы тілдік қолданыста да атқаратын қызметтері / фунциялары/ белгілі, мағыналары айқын. Оның себебі – бұл сөздерді алмастыра қоятындай басқа синонимдес варианттардың жоқтығынан болса керек. Бұлардың ішінде, негізгі сөздік қордан басқа орыс тілінің әсерінен де кіргендері бар. Мәселен, бессайыс / пятиборье / , бескүндік / пятидневка / , үшбұрыш / треугольник / т.б. Сондықтан бұл сөздердің контекстік қолданысы айқын.

**Айқын қабілетті** әлеуетті сөздерді “бір” сан есімімен біріккен сөздердің қатарынан да кездестіруге болады. Олар іс-әрекет, құбылыстардың атауларын білдіретін сөздер. Атап айтатын болсақ: біраз, бірізді, бірқалыпты, бірауық, біртегіс, біртұтас, бірегей, бірнеше, біржақты, бірқатар, бірсыпыра, бірталай, біртектес, біршама, бірыңғай, бірсыдырғы.

Мұндай сөздер құрамына кіретін осындай сан есімді біріккен сөдер тілімізде жиі кездесетін болғандықтан, қолданыс ауқымы кең Ең бастысы кез келген контекстік қолданыста икемді қолданыла береді.

Енді бірқатар сан есімді біріккен сөздердің қолданылу аясы тарлау, яғни, сөйлеу тілінде сирек кездесетіндері де бар. Осы жағынан алып қарағанда, оларды **солғын қабілетті** әлеуетті сөздер деп айтуға болады. Мәселен, бірқауым, бірқырын, бірқилы, бірқыдыру, бірөңкей, екіұдай, екібастан және т.б. Аталған сөздердің сирек жұмсалу себебі: бұлардың әрқайсысының орнына контекстегі ыңғайына қарай қолдануға болатын синонимдес сөздер бар. Айталық, "бірқауым жұрт жиналды" дегендегі "бірқауым" сөзін бірсыпыра, біраз және т.б. сөздермен алмастырып, "бірсыпыра жұрт жиналды" деп те айтуға әбден болады.

Сондай-ақ, жалпы тілдік құрамда бар болғанмен, белсенді қолданыстан шығып қалған сөздер де бар. Мәселен, онбасы, жүзбасы, мыңбасы / әскери құрамалар атауы / , бесжылдық онжылдық / жоспар / және т.б. Бесжылдық / жоспар / социализм тұсындағы бес жылдық мерзімге жасалған мемлекеттік жоспар болатын. Қазір, әрине КСРО-ның ыдырауына байланысты, идеологияның өзгеруіне орай, бұл сөз осы мағынасында қолданылудан қалды. Ал онбасы, жүзбасы, мыңбасы деген әскери құрама атаулары бір кездері көнерген сөздер / архаизмдер / тобына жатқызылған. Сондықтан бұларды да тілімізде жиі қолданбайтындықтан, солғын қабілетті сөздер деуге болады. Солғын қабілетті болса да, әлеуетті сөздер қатарынан шығармай тұрғанымыз, еліміздің тәуелсіздігіне орай, қарулы күштерімізге қатысты терминдерді де қазақша атау барысында батальон, взвод, эскадрон басшысы (командирлері) сөздерінің орнына жұмсалып іске асуы мүмкін. Ондық, елулік, жүздіктер деп әскери құрамаларды атау үшін белсенді сөздерге айналуы әбден мүмкін.

Тіркескен сан есімді сөздердің қатарындағы айқын потенциалды сөздер: үш жүз/ұлы, орта, кіші жүздер/ , төрт түлік, дүниенің төрт бұрышы, екі жүзді, алты алаш, алты қанат, ондық шам, ондық бөлшек, т.б. Солғын потенциалды сан есімді тіркескен сөздер: үш жылдық, төрт жылдық, бес жылдық /бастауыш мектептер атауы/, жеті жылдық, сегіз жылдық, тоғыз жылдық/ орталар мектептер атауы/, он жылдық/орта мектеп/. Бір кездері жалпы білім беретін мектептер осылай аталған, ал қазір бұл сөздер осы жүйедегі өзгерістерге байланысты, тілдік құрамда да белсенді қолданыстан шығып қалып отыр.

Диалектілерді реестрлік сөз дәрежесіне жете қоймаған, жергілікті сөйлеу тілінде шектелген сөздер деп жүрміз. Әйтсе де, бұлардың ішінен әлдеқайда потенциалды сөздерді де кездестіруге болады. Егер бұл сөздерге сәйкес келетін әдеби тілдік эквивалент немесе, жарыспалы синонимдер болмаған жағдайда олардың өздері жергілікті ерекшелік деңгейінен көтеріліп, нағыз потенциалды сөздер болып кетуі әбден мүмкін. Мәселен, бірқатар/басқа тартатын бір байланатын кішірек орамал/, үшаяқ/ темірден жасалған үш аяқты ошақ/, үшем, төртем, бесем/ егізден екеуден артық туатын төлдер/, үшақа, бесақа / айыр түрлері/ , т.б.

Лексика-семантикалық тәсілмен жасалып, басқа мағына беретін қанша сан есім сөз болса, солардың бәрін дерлік жоғары әлеуетті сөздер қатарына жатқызамыз. Өйткені, олардың бәрі белсенді қолданыстағы сөздер. Меселен, бір, екі, үш, төрт, бес /бағалар атауы/, жеті/ жұма, апта/, тоқсан/оқу жылының төрттен бір бөлігі/ т.б.

Сонымен, сан есімдер негіз болып, сөзжасамдық түрлі тәсілдер арқылы жасалған сөздердің ішіндегі реестрлік дәрежеге жеткен, тілдік құрамда тек белсенді қолданыстар қатарынан көрінетін топтарын әлеуетті сан есім сөздер деп танимыз. Олардың айқын және солғын қабілетті әлеуеттеріне қарамастан контекстік қызметтеріне қарай түрлі мағынада жұмсалатындарына көз жеткізуге болады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ Совет Энциклопедиясы, 5-том, 73-бет.
2. Нұрмұқанов Х., Сөз және оның контекстегі қолданысы , А., 1994. II-б.
3. Оралбаева Н., Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі, Алматы:Ғылым,1989.-368 б.
4. Виноградов В., 0б омонимии и смежных явлениях слова, « Вопросы языкознания», 1953., №5;
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі /морф./ А., 1974, 209 б.

# ОСОБЕННОСТИ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ИМЕНИ ЧИСЛИТЕЛЬНОГО В КОНТЕКСТЕ

***Шаһарман Г.П.***
*Казахский национальный педагогический университет им. Абая*

В статье рассматриваются основные словообразовательные процессы имени числительного в рамках определенного контекста. Всесторонне проанализирован словообразовательный потенциал имени числительного в зависимости от контекста. Определена сфера использования контекстуально обусловленных значений имен числительных, причины возникновения их переносных значений, которые реализуются также посредством метонимизации, метафоризации новых значений, что обусловлено требованиями того или иного контекста. Выявлены особенности функционирования имен числительных такими способами, как: синтетический, морфологический и лексико-семантический. Теоретические разработки подкреплены рядом примеров.

**Ключевые слова:** словообразование, имена числительные, контекс, потенциальные слова, синтетический способ, морфологический способ, функциональные особенности.

**Abstract**

# THE USAGE OF NUMERAL-BASED WORDS WITHIN THE CONTEXT

***Shaharman G.P.***
*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

In this paper, the issues of contextual usage of numeral-based words, which made through methods of word formation, were considered. The fact that the contextual usage of them might be various, due to their meanings, was comprehensively studied as well. It was concluded that the potential of usage of numeral-based words is mainly recognized according to its contextual environment. Moreover, it was detected that the numeral-based words can be utilized in variable, differentiable meanings within the context as well as the other words, and mostly they are delivered through methods of metonymy and metaphors. Thus, in the paper features of usage of numeral-based words were analyzed through semantic methods, such as synthetic, morphological, and lexical methods. Observations were proved with significant thoughts and examples.

**Key words:** word formation, numeral-based words, context, potential words, synthetic method, morphological method, metonymy, metaphor, features of usage.

# ЗНАЧЕНИЕ МОТИВИРУЮЩЕЙ ЧАСТИ В СЕМАНТИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ МОТИВИРОВАННЫХ АГЕНТИВНЫХ СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ

***З.А. Умирзакова***
*К.ф.н., доц. кафедры практических языков,*
*Казахский национальный педагогический университет им. Абая,*
*Казахстан, г. Алматы*

Мақалада уәжді сөздердің семантикасын қалыптастырудағы уәждеуіш негіздің рөлі туралы жұмыстар талданады. Зерттеудің негізгі тұжырымдамасы ретінде «уәждеуіш негіз» термині қолданылады. Автор уәждеуіш негіздің мағынасы негізінде уәжді агентивті зат есімдердің топтарын анықтайды, олардың сөздіктегі мағыналарын келтіреді.

The article analyzes the work on the role of motivating foundations in the formation of the semantics of motivated words. As the basic concept in the study, the term “motivating basis” is used. The author distinguishes groups of motivated agent nouns on the basis of the values of motivating foundations, and their meanings in dictionaries.

О необходимости изучения мотивированных слов в тесной связи с мотивирующими в свое время писал М.М. Покровский. По его словам, «история производного слова должна быть изучаема с историей того слова, от которого она произведена» [1, 90].

Ведущую роль мотивирующих основ в формировании семантики мотивированных слов отмечали многие исследователи. Так, Г.О. Винокур пишет: «...значение слов с производной основой всегда определимо посредством ссылки на значение соответствующей первичной основы, причем именно такое разъяснение значений производных слов... и составляет собственно лингвистическую задачу в изучении значений слов» [2, 421]. Л.М. Новикова считает, что «мотивирующая основа является семантической базой для мотивированной, она составляет основную часть ее содержания» [3, 9]. По мнению Н.А. Янко-Триницкой, «лексические значения производящих слов служат фундаментом для лексического значения производных слов. Мотивированность производных слов объясняется именно этим обстоятельством» [4, 84]. По определению Р.З. Мурясова, совокупность грамматических и лексических значений производящей основы выступает в качестве одного из конструктивных факторов, определяющих смысловую структуру производной единицы» [75, 24].

В казахском словообразовании роль мотивирующих основ в семантике мотивированных слов отмечались Н.О. Оралбаевой, А. Толеуовым. Так, Н.О. Оралбаева пишет: «Сөзжасам процесіндегі түбірдің негізгі тұлға болып саналатын себебі түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің лексикалық мағынасына арқау болады, өйткені тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. Сөздің мағынасының негізінде туынды сөздің жаңа мағынасы жасалады» [6, 11]. По мнению А. Толеуова, «негізгі түбір мен туынды түбірдің семантикалық байланысы үзілмейді. Ондай туынды түбір мағынасы негізгі түбір сөздің мағынасына ыңғайлас, екеуінің өзара лексика-семантикалық желісі үзілмейді» [7, 15]. Роль мотивирующей основы в формировании семантики мотивированного слова на материале азербайджанского языка отмечается Э.В. Севортяном: «...значение производного слова создается от одного значения основы. Следовательно, если основа однозначна, то однозначно и производное слово. Когда же исходная основа многозначна, то формирование значения производного слова зависит от того, какое значение необходимо получить в производном слове» [8, 9]. Таким образом, мотивированные слова включают в свою семантику не все зна-

чения мотивирующей основы, поскольку «каждое производное слово возникает на базе строго определенного значения производящей основы» [9, 179].

Так, на основе значений мотивирующих основ: (1) по количеству используемых значений мотивирующих основ и мотивированных слов; 2) по количеству мотивированных слов; 3) по признаку: однозначность – многозначность мотивирующего слова нами выделены III группы мотивированных агентивных существительных.

Первая группа включает лексико-семантические варианты (ЛСВ) мотивированных агентивных слов, образованных от разных ЛСВ мотивирующих основ. Внутри этой группы можно выделить следующие подгруппы:

1.1 Мотивированные, обозначающие как лицо по профессии, так и другие признаки. Так, многозначное слово водить, имеющее в русском языке шесть значений: 1) «Направлять движение идущего, показывать ему путь, помогать, заставлять идти с собой»; 2) «Идти во главе, быть предводителем»; 3) «Управлять движущимся предметом»; 4) «Двигать что- или чем-либо, плавно перемещая из стороны в сторону»; 5) «В выражениях. Водить круги, хоровод - ходить с песнями кругом, взявшись за руки»; 6) «Заниматься выращиванием домашней птицы, скота» [БАС, т.2, с. 500-505], реализует в суффиксальном наименовании лица только два значения в составе мотивированных с разным ЛСВ; в первом мотивированном слове водитель - «лицо, получившее специальную подготовку и управляющее автобусом, трактором, кораблем» актуализируется третий ЛСВ мотивирующего слова водить; во втором – водитель – «человек, указывающий путь кому-либо; руководитель» актуализируется первый ЛСВ; слово ақта, имеющее в казахском языке пять значений: 1) «Үйді әктеу»; 2) «Бидай, арпа, күріш, тары сияқты, дәнді дақылдарды қауызынан тазарту»; 3) «Жаладан құтқару, ара түсу, кінәсіз деп санау»; 4) «Ауысп. Өтеу, есесін қайтару»; 5) «Ауысп. Лайық болу, атын адалдау, өз дәрежесінен шығу» [ҚҚТС, т. 1, 147-148, 151 б.], реализует в суффиксальном наименовании лица четыре значения в составе мотивированных с разным ЛСВ; первый ЛСВ мотивированного ақтаушы - «бидай, тары, арпа, күріш сияқты дақылдарды қауызынан, қабығынан тазартушы» актуализирован вторым ЛСВ; второй ЛСВ ақтаушы – «үйді ағартушы» актуализирован первым ЛСВ; третий ЛСВ данного мотивированного – «адвокат, жақтаушы» актуализирован третьим ЛСВ; четвертый ЛСВ ақтаушы – «сенімін, ойын, үмітін орындаушы, іске асырушы» актуализирован четвертым ЛСВ.

1.2 Мотивированные, обозначающие только лицо по профессии. Например, от слова регулировать, имеющего два значения: 1) «Вносить известный порядок, систему, упорядочивать»; 2) «приводить в необходимое для работы состояние, добиваясь правильного взаимодействия, слаженности отдельных частей» [БАС, т.12, с.1111-1112], мотивируются две мотивированные: регулировщик – «тот, кто регулирует движение транспорта на повороте, на перекрестке дорог, улиц», актуализируемый первым ЛСВ мотивирующего слова регулировать и регулировщик – «лицо, регулирующее действие каких-либо механизмов», актуализируемый вторым ЛСВ. Вышесказанное можно проиллюстрировать примерами. Так, слово регулировщик в первом значении иллюстрируется отрывком из Э.Г. Казакевича: «Регулировщики, стоя на перекрестках, управляли движением» (Казакев. Весна на Одере). Второе значение данного слова представлено следующей иллюстрацией из отрывка Э. Офин: «Ночной регулировщик, потный, с перепачканным лицом, возился около мотора» (Офин. Проф. гордость). В казахском языке слово пеш также содержит два ЛСВ мотивированных: 1) «Тамақ пісіруге, үй жылытуға арналған, кірпіштен, темірден, шойыннан жасалған зат»; 2) «ерітінділерді буландыруға, материалдарды қыздыруға, балқытуға, металл қорытуға пайдаланылатын өнеркәсіптік орын» [ҚҚТС, т. 7, 667-668 б.], от которых образованы два ЛСВ пешші: «пеш салатын адам»; 2) «өндіріс орнындағы пеш жұмысшысы». Иллюстративный материал данной словарной статьи, полностью раскрывая семантику словарного слова, подтверждает наличие ЛСВ в мотивированном пешші. Слово пешші в первом значении иллюстрирует-

ся отрывком из С. Саргаскаева: «Ауылда қазір негізгі мамандық – механизатор, сауыншы, шопан. Күні кешегі темір ұстасы, пешші, етікші секілді мамандықтар жойылып барады». Мотивированное пешші во втором значении – отрывком из С. Тажигулова: «Үлкен жеңіске қолы жеткен комбинат өнерлерінің ішінде апаратшылармен бірге пешшілер де бар» [ҚҚТС, т. 7, 669 б.]

Во вторую группу входят ЛСВ мотивированных агентивных существительных по профессии, образованные от одного мотивирующего слова. Например, агентивное существительное по профессии котелщик, содержащее два ЛСВ: 1) «мастер по изготовлению котлов»; 2) «специалист по обслуживанию и эксплуатации паровых котлов», мотивирован словом котел: «Металлический сосуд округлой формы, служащий для варки пищи, нагревания воды» [БАС, т. 5, с. 1533-1535]. Слово домбырашы, содержащее два ЛСВ: 1) «домбыраны жақсы шертетін адам»; 2) «домбыра жасайтын шебер», также мотивировано одной мотивирующей основой домбыра: Қазақ халқының екі шекті музыкалық аспап [ҚҚТС, т.3, 154 б.].

В третью группу нами объединены мотивированные агентивные существительные по профессии:

а) восходящие к моносемантическому мотивирующему слову. Так, слово вышивать, имеющее следующее значение: «Делать на чем-либо узоры, изображения посредством шитья специальными шелками и нитками, особыми иголками или крючком», образует мотивированное существительное со значением лица по профессии вышивальщик – «человек, занимающийся вышиванием как ремеслом, профессией» [БАС, т. 2, с. 1331-1332]. Слово кесте также имеет одно значение: «Мата бетіне түрлі-түсті жіппен тоқыған, тіккен әшекейлі өрнек», которое и актуализирует мотивированное слово кестеші – «кестені шебер тоқитын, ісмер адам» [ҚҚТС, т. 4, 665-656 б.];

б) восходящие к полисемантическому мотивирующему слову. Так, многозначное слово аппарат в русском языке включает следующие значения: 1) «Органы управления»; 2) «Работники, штат какого-либо учреждения, организации»; 3) «техн. Прибор или приспособление для выполнения какой-либо определенной работы» [БАС, т. 1, с. 168-169]. В казахском языке имеются два омонима слова аппарат, где I аппарат содержит следующие значения: 1) «техн. Механикалық құрал-жабдық, аспап»; 2) «физиол. Организмнің өмір сүруі үшін қажетті жұмыс атқаратын органдар жиынтығы» [ҚҚТС, т.1, 296 б.]. Русское аппаратчик мотивировано третьим ЛСВ мотивирующего аппарат, аппаратшы в казахском языке – первым ЛСВ. В имени деятеля гелиотропист (от многозначного слова гелиотроп) в русском языке актуализируется третий ЛСВ мотивирующего слова гелиотроп: «Геодезический прибор для подачи сигналов на большие расстояния путем отражения солнечных лучей» [БАС, т. 3, с. 63]; в мотивированном бояушы в казахском языке актуализируется первый ЛСВ мотивирующего слова бояу: «Бояу арқылы бір заттың түсін екінші түрге келтіру, бояу жағу, сіңіру» [ҚҚТС, т. 2, 389, 391-392 б.].

Таким образом, мотивированные агентивные существительные включают не все значения мотивирующей основы, при этом данные мотивированные мотивируются как различными ЛСВ полисемантического мотивирующего слова, так и моносемантическими мотивирующими словами.

**Список литературы**

1. Покровский М.М. Избранные работы по языкознанию. – М.: Изд-во АН СССР, 1959. –382 с.

2. Винокур Г.О. Заметки по русскому словообразованию. - В кн. Избранные работы по русскому языку. - М.: Учпедгиз, 1959. - С. 419-442

3. Новикова Л.М. Семантическая соотносительность словообразовательно связанных имен и глаголов (на мат-ле имен сущ. конкр. значения). -Автореф. на соиск. уч. степ. канд. филол, наук. - Воронеж, 1980.

4. Янко-Триницкая Н.А. Закономерность связей словообразовательного и лексического значений в производных словах. - В кн.: Развитие современного русского языка. - М.: Изд-во АН СССР, 1963. - С. 83-97

5. Мурясов Р.З. Грамматика производного слова // Вопросы языкознания. – 1987. - №5. –С. 18-30

6. Оралбаева Н.О. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. - Алматы: Ғылым, 1988. - 104 б.

7. Төлеуов А. Қазақ тіліндегі есім сөздердің жасалуы. — Алматы: Мектеп, 1973. - 100 б.

8. Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке-М.: Паука, 1966г- 437 с. 9.

9. Тихонов А.Н. О семантической соотносительности производящтх и производных основ.// Вопросы языкознания. - 1967. - № 1. - С. 112-120.

# «АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ» РОМАНЫ

***Жұмабаева Г.С., Мерсадикова А.Ж.***

**Әзілхан Нұршайықов еңбектері ішіндегі ең танымал шығармаларының бірі – «Ақиқат пен аңыз» роман – диалогі. Бұл шығарма бірнеше тілдерде аударылып, шет елдерде оқылып жүр. Оған дәлел, украин («Дніпро», 1984) және чех (1985) тілдеріне аударылып жарияланды. Осы шығарма негізінде Ә.Нұршайықовқа 1980 жылы Қазақ КСР – інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.**

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романының басты тақырыбы – Ұлы Отан соғысы. Ұлы Отан соғысы туралы жазылған шығармалар легі аз емес. Бұл шығарманың айырмашылығы – Ұлы Отан соғысымен қатар романда Бауыржан Момышұлының өмірі де бейнеленеді. Сонымен қатар, біздің зерттеу нысанымызға айналған жазушының аталмыш туындысында қазақ жауынгерлерінің жанқиярлық еңбегі суреттеледі.

Шығарма негізі диалог түрінде жазылған. Автор мен бастыкейіпкерБауыржанМомышұлыарасындағыәңгіме.

Қандай шығарма болсын, белгілі бір идеяны үндейді дедік. Тақырып, оқиға және оның-құрылысы, шығармада қатысушылардың араларындағы тартыс, оларды суреттеу әдістері, түптеп келгенде – жазушының сол шығармадағы айтайын деген идеясына бағыныңқы.

Ал қандай идеяны үндеуі жазушының өмірге көзқарасына, дүние танушылығына негізделінеді. Шығармада суреттелетін өмір құбылысын, күрес – тартыстарды образ арқылы оқырман қауымның көз алдына елестете, ой – сезіміне әсер ете отырып, жазушы оларды өзі меңзеген бағытқа жетектейді [43-б].

Шығарма идеясы – жас ұрпақты отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеу. Шындық пен өтірік, әділет пен зұлымдықтың аражігін ажырату, туған жерді жан – тәнімен сүюді уағыздау.

Шығарманың көтеріп тұрған идеялық жүгі Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен, қаламгерлік қызметі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған халық батыры, халық жазушысы Бауыржан Момышұлы арқылы баяндалады. Оның қысылтаяңда жол табуы, жанқиярлықпен күресуі, жеке басының ерлігі арқылы қол астындағы солдаттарға үлгі көрсетуі арқылы Ұлы Отан соғысы батырларының тұтастай бір галериясын жасайды.

Роман негізі он бірдиалогтанқұралған. Әрдиалогтаәртүрліоқиғаларменөрбиді.

Әңгіме адамдар туралы болғандықтан, олардың сыртқы пішіні, кескіні, мінез – құлқы, іс – әрекеті, күйініш, сүйеніщі, сөйлеген сөзі, қысқасы, өмірдегі адам қандай болса, көр-

кем шығармада да біз тап сондай адамдарды кездестіреміз. Сөйтіп, шығармада кездесетін оқиғаның осылар тәрізді, әр алуан бөлшектердің қалауын тауып жазушы асқан шеберлікпен қиюластырып, бір бүтін нәрсе етіп шығарады. Міне, осыны шығарманың композициясы – құрылысы – деп атайды [55-б].

Романның экспозициясы,яғни, кіріспе бөлімі Панфилов дивизиясы батырлары туралы болды. «...1943 жылдың жазында біздің құрамамыз – 100 – Дербес атқыштар бригадасы 2 – Балтық майданының бір шетінен екінші шетіне ауыстырылды. Атап айтқанда Великие Луки қаласының түбінен Ловать өзенінің жағасына барып жайғастық. Жорықпен жолда кетіп бара жатқанымда менің қолыма «Знамя» журналының сол жылғы 5 – номері тиді. Сол журналда, Александр Бек деген автордың «Панфиловшылар алғы шепте» атты повесінің басы жарияланған екен. Мен она Бектің кім екенін білмейтінмін, ондай жазушы барын да естімеген болатынмын. Бірақ Панфилов дивизиясын, одан шыққан 28 батыр есімдерін, Мәлік Ғабдуллин мен Төлеген Тоқтаров сол дивизияның түлектері екенін жақсы білетінмін. Сондықтан болар, мен бұл повестен бас алмадым. Күндіз тоқтай қалғанда күннің жарығымен, түнде қонған жерде ай сәулесімен оқыдым. Оқыған тарауларды жол – жөнекей жауынгер серіктеріме баяндап та отырдым. Содан соң, алғы шепке сол журналдың 6 – номері және келді. Панфиловшылар туралы повестің жалғасын түнде, ай қараңғы болғандықтан, зеңбірек қасына келіп отырып, аккумулятордың жарығымен оқыдым. Повесть те бітті, аккумулятордың да жарығы бітті», - деген жолдарынан соғыс алаңында жүрсе де қандас бауырларының ерліктерін журналдың әр шыққан санынан асыға оқитынын білуге болады. Бұл жазбалар басқа солдаттарға күш – жігер беретіні суреттелген [7-б].

Роман Бауыржан Момышұлымен сұхбат түрінде жазылғанмен арасында оның еңбек жолы, естеліктері туралы да айтылып отырды.

Басты кейіпкер Бауыржан Момышұлы соғыс кезінде екі рет ауыр жарақаттанған екен. Бірақ та жарақаты қанша жерден ауыр болса да госпитальға жатуға еш ниеттенбеген. Өзінің қол астындағы сарбаздары мен соғыс алаңындағы достарының қасынан кетпеген. «1942 жылы полк командирі кезімде омыртқама оқ тиді. Сагбатқа жеткізгенше ес – түсімді білген жоқпын. Есімді жисам, етпетімнен жатыр екенмін. Басжағымда дәрігер бірдеңе деп баж – бұж етіп тұр. Бақсам сөзі мен туралы екен. «Бұл кісіні дереу госпитальға жіберу керек» деп безек қағады....Тістеніп, әреңң дегенде қолымды жеткізіп, арқамды сипасам, расында да оқ бар екен. Ұстараның жүзін спиртпен шай да, оқ тұрған жердің етін кес! деп бұйырдым. Дәрігер дереу айтқанымды істеуге кірісті. Ол арқамды кескілей бастағанда пистолеттің сабын сындырардай қысып, тісім шықырлап мен жаттым» [14-б]. Қанша ауыр болса да бәріне төзіп, шыдай білген Бауыржан нағыз батыр.

Екінші рет жарақаттанған кезі жаяу келе жатып болған еді. «Жаяу келе жатып оңбай құладым және жаным шығып кете жаздады. Біразға дейін жығылған орнымда қозғала алмай қалдым. Есімді жиғансоң орнымнан тұрсам, жерден шошайып шығып тұрған темір қазыққа тура құйымшағыммен құлаппынғой. Содан кейін бірнеше күн атқа отыра алмай, шалқамнан жата алмай жүрдім» [19-б]. Соғыстың қызуымен Бауыржан тағы да госпитальға соқпастан ұрыс алаңына кетеді. Аталған екі жарақаттар жүйкеге тікелей байланысты аса ауыреді. Оның үстіне Бауыржан 207 рет ұрысқа кіріп, 5 рет қоршауда қалған екен.

Романда Бауыржанның барлық өмірі жазылды деуге болады. Қойылған сұрақтардың барлығы да жауапсыз қалмады. Батырлардың қандай кітап оқитыны оқырмандарға да қызық туғызары анық. Сонымен әскерде, соғыста жүргенде қандай кітаптар оқитынын да осы роман арқылы оқырман қауым біле алды. «...Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілігі» мен «Севастополь әңгімелерін», Пушкин мен Лермонтовтың әскери прозасын, адмирал Нахимовтың, адмирал Макаровтың, ағылшын адмиралы Нельсонның кітаптарын, қазақ кітаптарынан мен Абайды ешқашан да жанымнан тастаған емеспін. Мен Абайды ақын деп қана емес, ойшыл, философқа балап оқыдым. Барлап қараған және әскери көзбен қараған кісіге Абайдың өзіқып - қызылсоғыс» [27-б].

Романның экспозициялық назар аударатын оқиға – батареямен қар көркінінде қалып қоя жаздаулары. Бауыржан батареяны бастап, тактика сабағын өткізу үшін орманға жол тартады. Айналасы аппақ қар, аяз сықырлап тұр. Кенеттен күн күркірегендей бірдеңе шатыр ете қалды. Қысты күні күн күркіремейді. Дыбыстың қаттылығы соншалық аты да жарқ берді, өзі де шошып кетті. Бомба жарылысын ешкім естмеген. Содан барлығы жер жарылды деп айналарына қарай бастайды.

Сатыр – сұтыр бірдеңелер жандарына тақау келіп, ақ қарға сүңгіп жатты. «Ананы біреуін алып кел» деп атқосшымды жұмсап едім, ағаштың бармақтай екі – үш сынығын алып келді... Сөйтсек, ол аяздың қысымынан біт – шыт боп жарылып кеткен үлкен қарағай екен» [178,179-б].

Оқиға өрбуі – 8- ші гвардиялық дивизияға жаңа жас солдаттың келуі болды. Соғыс дегенді естулері болса да көзбен көрмеген ауыл жігіттері Отан үшін жан аямай шайқасамыз деп клуб ішіне кіріп келді. Жастардың ішінен 8 – ші гвардиялық дивизия қатарын толықтыруға келген балалардың көпшілігі өз еріктерімен алдыға шықты.

Жастарды жігерлендіру үшін Бауыржан қысқаша сөз сөйледі.

«-Сендер 8 – ші гвардиялық дивизияға келдіңдер, - деді ол. – Қазақстанда құралған бұл дивизия қазақ халқының арының алатын туы екенін әрқашан да естеріңде сақтаңдар. Сенде сол атақты дивизияның 1075 – ші полкінің қатарын толықтырыңдар. Бұл полктың командирі полковник Капров жолдас, комиссары Ахметан Мұхамедияров деген кісі. Мен полк командирінің орынбасарымын. Фамилиям Момышұлы» [153-б]. Осылай командир, комиссармен таныстырып болғаннан соң , Бауыржан қайта сөзін жалғастырды.

«-Онда өздеріңнің бөлінген бөлімдеріңе барыңдар. Сендерді қазір әр батальоннан келген байланысшылар бастап әкетеді. Енді алғышепте, жаумен жағалас үстінде кезедесейік. Жаудан қорықпаңдар. Оған жеңілемін деп емес, жеңемін, құримын деп емес, құртамын деп ұмтылыңдар. Әрқашанда осындай ойдаболып, қаруларыңды жақсы біліңдер. Тәртіп жағына берік болыңдар. Өйткені тәртіп жауынгердің бірінші қаруы. Онсыз ешбір қарудың қуаты жоқ. Жағаларың жыртылмасын! Жолдарың болсын! Направо! Старшинам – вести людей в свои подразделениям! На выход, шагом марш!», - деп өзінің жігерлендіру сөзін айтқан болатын [153,154-б]. Қазақша бастаған сөзін Бауыржан осылай деп командамен, орысша аяқтады. Жігіттердің жігерлене соққан табаны клубтың еден тақтайын дірілдетіп жіберді.

Романда ерекше сомдалған образдардың бірі – Василий Константинович Блюхер бейнесі. Блюхер – талантты, қатал қолбасшылығының үстіне ойшыл, шешен, сондай бір сүйкімді жан еді.

«Ол шаруа семьясынан шыққан, өзі жұмысшы болып өскен кісі еді. Дүниежүзілік бірінші соғысқа солдат боп қатысып, ауыр жараланған. Жарасының ауырлығы сонша, оны екі рет өлді деп есептеп лазареттен шығарып, мәйітханаға апарып тастаған. Бірақ ол екі ретте де есі кіргеннен кейін моргтағы өліктердің арасынан шығып, қайтадан лазаретке барған» [166-б]. Өмірде темірден қатты, болаттан берік адамдар болады. Василий Константинович сондай жандардың бірі болатын.

Роман сюжетін ширықтыра түсуі – ұйықтап, жаудың келгенін сезбеген Бауыржанның жау астында қалуымен суреттеледі. Соғыста солдатты құтқармайтын тағы бір жау бар. Ол – ұйқы. Бала күнімізде бәріміз де ауыл ақсақалдарынан «ұйқы – дұшпан» дегенді көп еститін едік. Соның мәнін соғыста жүрген солдаттар жақсы түсінген.

Олай дейтін себебім: «Колоннаны аралап шығып, бір үлкен ақ қайыңның асына келіп, соның оқ тиген қабығын алақанымен сипап, иығыммен сүйене бергенім есімде. Қайыңның әппақ қабығын әйелімнің иығы деп ойлап қалдым ба, қайдан білейін, әйтеуір соған сүйене сала қор етіп ұйықтап кетіппін. Әйелді ойласаң – ақ қырсыққа қамалдың емес пе, ақ қайың мені құшағына алып, әлдилей жөнелді...» [201-б].

Ұйқыда жатқан Бауыржанның құлағына неше түрлі дыбыстар естілуде. Бірде «автомат болар», кейде «пулемет пе» деп іште й ойлап жатады. Кейіннен дүбірлеп, дүркіреген

аяқ дыбыстары құлағына келеді. «Ат шапшаң», «аш көзіңді» деген таныс дауыстар естіледі. Көзін ашып, айналасында не болып жатқанын көрейін десе көзін аша алмай біраз тұрады.

«Көзімді ашыпалып, жан дәрмен орнымнан атып тұрдым. Жан – жағыма қарасам, табаль оным быт – шыт болып қашып барады. Үстеріне ақ халат киген бір взводтай неміс оларғаоқатып, маған қарай қаптап келеді. Таяу жерде тұрған кухнялардың жегулі турған аттарының біріне оқ тиіп, қлаптүсіпті. Ол жанталаса артқы аяғын сермеп жатыр. Айналамнан оқ зу-зу үшкіріп өтеді. Төбе құйқам шымырлап, денем ағаш боп сіресіп қалған сияқтанды. Пистолетімді суырайын десем қолымда жан жоқ, дыбыстайын десем аузым икемге келмейді. Біткен, құрығандеген осы екедепойлап, қададайқақшиып, мелшидім де қалдым» [202-б].

Ұйқылары қанбаса да Отанды қорғау ниетіндегі солдаттар әр кезде де бір – біріне қол ұшын беріп демеп күреседі. Соғыс алаңында туыс емес азаматтар бір – бірімен бауыр, жан дос аталып кетеді.

Трошкованы құртуы оқиғаны шиелініcтіре түсті. Аз ғана әскерді Бауыржан жоғарыдан келген бұйрық бойынша алты топқа бөлуге мәжбүр болады. Қоршауда қалса көмекке келер еш полк жоқ. Сағат түңгі екіде полк топ – топқа бөлініп, қаруларын сер ұстап, орай соққан ақ боранды арқаларына жамылып, әр топ өзіне тиісті қыстаққа қарай тартып берді.

«Жолдарың болсын, батырларым, бауырларым. Сегізінші фебральдің бұл түні сендердің атақ, абыройларыңды арттырсын. Бірақ сендердің өмірлеріңнің ақтық түні болмасын. Бұл түнде ақ қардың үстіне қызыл қандарың төгіліп, қаза жетер азамат болса, қандарыңды қарыз ғып менің мойныма жүктемеңдер, қарақтарым. Сүйегім шашылып қалғанша мен сендердің қасыңдамын. Осы қараңғы түнде сендерге сілтелер найзаға кеудемді қоса тостым, мінеки!», - деп іштей тебіреніп тұрып, дыбысын сыртқа шығармай тістеніп, алтыншы топты бастап Трошковоға қарай өзі кетті [217-б].

Отан соғысы кезінде қаншама қандас бауырларымыз қаза тапты. Бір дивизияда, полкте болған барлық солдаттар, командирлердің барлығы Бауыржанның есінде.

# 4-СЕКЦИЯ ӘДІСТЕМЕ ІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

## СТУДЕНТТЕРГЕ М.ӘУЕЗОВТІҢ ӘҢГІМЕЛЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

***Абдимомынов Е.Б.***
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы қ.*

**Summary**

M.Auezov has a peculiar and special evolutionary way of the writer as a classic of national literature. His work began with small stories and grew to the epic novel “The Way of Abai” reached unprecedented artistic heights. The philosophical essence and artistic features of his work are a high index of Kazakh literature.

The classic of the Kazakh literature M.Auezov in this article differentiated learning in higher education, psychological characteristics, which are the stories about the thoughts expressed. In addition, the students developed through stories of the great writer, the moral qualities of learning the ways of increase of interest to the specialty.

Ұлы жазушы М.Әуезовтің қаламынан туған көркем әңгімелерінің қай-қайсысы болса да көркемдік деңгейі жоғары ғажайып шығармалар, олардың бәрі де әлі күнге дейін өз құндылығын жойған жоқ, қайта керісінше уақыт өткен сайын ұлттық сөз өнеріміздің асыл жауһарлары болып туған еліне қалтқысыз қызмет етіп келеді. Әсіресе тәуелсіз еліміздің болашақ жастарын отансүйгіштік рухта тәрбиелеп, туған елі мен жерін сүйетін патриот етіп тәрбиелеуде ерекше мәнге ие. Сондықтан оның шығармаларын негізгі орта мектептен бастап, жоғары оқу орындарында кеңінен оқыту, тереңінен талдау ісі жыл өткен сайын қанатын кеңге жайып жаңаша бағытта дамып келеді. Соның бірі жоғары оқу орнындарында білім алушы студенттерге М.Әуезовтің әңгімелерін оқытуда орын алатын психологиялық ерекшеліктер болып отыр. Ұлы жазушының әңгімелерін оқып, танып-білгенде студенттер бойында ерекше өзгерістер байқалып өз мамандықтарына деген сүйіспеншіліктері оянып, сөйлеу мәдениеті дұрыс дамып, интеллектуалдық қабілеттерінің шыңдалуы секілді маңызды факторлар орын алады. Мұның барлығы М.Әуезов әңгімелерін студенттерге түрлі әдіс-тәсілдер арқылы психологиялық жағдайларын ескеріп, соған сәйкес оқытқанда ғана толықтай іске асатын болады. Қазіргі жоғары оқу орындарында оқып жатқан студенттердің басты психологиялық даму ерекшеліктері өздерінің шығармашылық қабілеттерін үздіксіз дамытып, адамгершілік ұстанымдарын жетілдіру, оны өмірде қолдануымен айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда адамгершілік, ізгілік секілді гуманистік иделар басшылаққа алынған М.Әуезов әңгімері студенттердің оқу іс-әрекетінің субъектісі ретінде қалыптасып алған білімдерін өмірде ізгілендіру жолында қолдануға үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Қазіргі психология ғылымының жеткен жетістіктеріне сүйенсек студенттік жас (18-25 жас) аралығы адам өміріндегі ерекше кезең болып табылады, себебі «жалпы мәні бойынша және негізгі заңдылықтары бойынша 1-ден 25-ке дейінгі жас, балалық даму кезеңдері қатарындағы ақырғыдан гөрі, кемелді жас кезеңдерінің қатарында бастапқы буын болып табылады [1, 255 б.]. Студенттер мәселесін ерекше әлеуметтік-психологиялық және жас ерекшелік категориялары ретінде қою ісі белгілі ғалым Б.Ананьевтің психологиялық мектебінде кеңінен қарастырылды. Осы мектептің зерттеушілері жүргізген жұмыстарының қорытындысы бойынша студенттік жас – бұл интеллектуалдық құрылымданудың күрделі шағы, ол өте ерекше және әртүрлі болып келеді. Студенттік кез – бұл ерекше әлеуметтік категория, жоғарғы білім беру институтымен ұйымдастырыла біріктірілген адамдардың ерекше қауымдастығын құрайды. Бұл әлеуметтік кәсіби категория XI-XII ғасырларда алғашқы тарихи негізі қалыптасып университеттер пайда болғаннан бері құрылған. Ал қазіргі таңда студенттік кезді әлеуметтік-психологиялық сипаттау үшін адам дамуының осы кезеңінің қалыпты экономикалық тұрақтылықтың қалыптасуы мен ата-аналық үйден кетіп, өзінің отбасын құрумен байланысты болуымен сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда студенттік кез – адамның, жалпы жеке тұлға ретінде қалыптасуының маңызды кезеңі болып келеді [2, 205 б.]. Ал психология ғылымының анықтауы бойынша жеке тұлға ұғымы аса күрделі және жан-жақты мәселе. Демек, адам өмірінің осы кезеңінде олардың болашақта қандай тұлға болып қалыптасуының аса маңызды процесі жүріп жатады. Сондықтан, жоғары оқу орындарының студенттерін болашақта адамгершілігі мол, туған халқының тілі мен ділін, мәдениеті мен әдебиетін құрметтеп, ондағы құндылықтарды өмірде қолдануларына ықпал ету үшін терең психологиялық танымға жетелейтін шығармаларды оқыту қажет. Бұл орайда, ұлы жазушының қаламгерлік жолындағы алғашқы әңгімесі «Қорғансыздың күнінен» бастап «Абай жолы» роман-эпопеясына дейін ұласқан адамдардың ішкі жан тебіреністерін өмірдің түрлі факторлары арқылы суреттеп, ізгілік идеясын насихаттайтын шығармаларын оқытудың маңызы зор.

Жоғары оқу орындары студенттерінің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың психикасына оңды ықпал ету үшін М.Әуезов шығармашылығын оқытуды көркем әңгімелерінен бастаған орынды. Себебі, ұлы жазушының шығармаларындағы алғашқы психологизм мәселесі мен оның көркемдік бейнелену құралдары – монолог, ішкі монолог, ой

ағысы, пейзаж, портрет, көзқарас, (мимика) ымдау, (жест) ишара т.б. жан құбылыстар негізінен әңгімелерінде кеңінен көрініс берген. «Қорғансыздың күні», «Қаралы Сұлу», «Кінәмшіл бойжеткен», «Ескілік көлеңкесінде», «Қасеннің құбылыстары» секілді әңгімелерінде психологизмнің бейнелеуіш құралдары шебер суреттелген. Мәселен, «Ескілік көлеңкесінде» атты әңгімесінен адамдардың іс-әрекеттеріндегі түрлі психологиялық құбылыстар дәлелдемелер арқылы кеңінен бейнеленген. Бәйбіше әкесінің ескішіл тәрбиесінде болған бай қызы Жәміш өлген апасы Қадишаның орнына тоқалдыққа баруға ықылас білдіреді. Өзін сүйген, оқыған жас жігіт Қабыштан елудегі шал жездесі Кенжеханды артық көреді. Мұнысын білген Қабыш Жәмішті сүюін қоймайды, сонымен бірге шалды қалағаны үшін оны жек көреді. Әрі сүйген, әрі жек көрген қызын бір көріп қалуға бара жатқан Қабыштың қарама-қарсы қос қыртыс сезімін жазушы психологиялық нәзіктікпен өте шебер суреттейді. Мұнда жек көру сезімі қаншама қисынды болғанмен, сүйіспендік сезімі оған еш жеңгізбейді. Жәміштен үміті үзіліп алыстаған сайын «оған деген арманы асқындай түскендей». Әңгімеде осындай екі сезімнің түйісу шиеленісін көрсетумен қатар, табиғат көрінісін басты кейіпкердің немесе автордың өз көңіл-күйіне еріп суреттеу шеберлігі де көз тартады [3, 6 б.]. Бұл әңгіменің түпкі мазмұнын оқу арқылы студенттер өмірде түрлі кертартпа психологиялық сезімдерді жеңетін басты күш сүйіспеншілік сезімі екендігін жете түсінеді. Оны өз өмірлеріне қолдануға бағыт алады. Ал, «Қорғансыздың» күні әңгімесінде суреттелетін басты мәселе әлдінің әлсізге көрсеткен озбырлығы. Бұл көркем әдебиеттегі мәңгілік тақырыптың бірі. Бір қараған кісіге бай мен кедейдің таптық күресі секілді көрінгенімен, әңгімедегі көтерілетін көкейкесті мәселе өмір қайшылығы, ақ пен қараның, әлді мен әлсіздің, жақсылық пен қиянаттың қырқысқан қақтығысы, екі ұдай сезім сергелдеңі [4, 299 б.]. Әңгімедегі арамза Ақан болыс пен оның алаяқ ат қосшысы Қалтай қудың қорғансыз жандарға істеген қорлық-зорлығы, уыздай жас, кінәсіз жетім қыз Ғазизаға істеген жан түршігерлік айуандығы қатты ыза, жиренішпен әшкереленуі, ал нәзік жанды Ғазиза мен оның қайсар кемпір әжесіне деген әрі сүйініш, әрі аяныш сезімінің автор жүрегінен жалын атуы – міне, бұлар да сол кезеңде ұлы жазушы қолданған шығармашылық тәсілдің екі жақты қырын танытатын сипаттар еді. Адамдар бойындағы бір-біріне қарама-қарсы ақ пен қарадан тұратын екі ұдай күштің бір ғана әңгімеде молынан орын алуы оқырманды түрлі көңіл күйге ұшыратындығы анық. Бұл әңгімені оқығанда жас студенттер жүректеріне әлсіздерге озбырлықпен күш көрсету адамдарға қандай қасірет алып келетіндігін және оны адамдар өз қолдарымен іске асыратындығын түсініп, мұндай әрекеттен жиіркеніп өзгелерге қиянат жасаудан бас тарту сезімдерін ұялатады.

М.Әуезов әңгімелеріне тән тағы бір ерекшелік оқиғаның басты кейіпкерінің ішкі жан дүниесіндегі психологиялық тебіреністерді нәзік лиризм мен табиғат құбылыстарының көріністерін адам көңіліне сәйкес суреттелу тәсілінің жиі қолданылуында. Оған «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі сұмдық қорлық көрген Ғазизаның дүниеден түңіліп, молаға кетуі алдындағы жан тебіренісі мен ызғырық боранның сұрапыл суреті айғақ бола алады. Сонымен қатар, «Жетім» әңгімесіндегі ата-анасы өлгеннен кейін байшыкеш туысы Иса мен оның әйелі Қадишаның қолында қалып, құлдыққа, қорлыққа төзбей, қашып кеткен жетім бала Қасымның өлгендегі желдің қатаңдап, жаңбыр бұлтының тауға таман келіп күннің күркіреуі адам тағдыры мен табиғат құбылыстарының қатар суреттелуі еді. Ал, ұлы жазушының арнайы психологиялық очерг ретінде жазған «Қасеннің құбылыстары» атты әңгімесіндегі Қасеннің аға-жеңгесін әйелі Жәмила түрлі сылтаулар арқылы айқаймен үйіне сыйғызбастан шығарып жіберген кездегі басты кейіпкердің ішкі жан күйзелістері Үлкен Алматы биігінің сұрланып, сұп-суық болуымен қатар суреттелуі адам психологиясының табиғатпен қатар бейнеленуінің жарқын көрінісі. Бұл аталғандар адам мен табиғаттың арасындағы байланыстың психикалық сезім иірімдері арқылы көрініс беруінің қазақ прозасындағы алғашқы нұсқалары еді. Бұған дейінгі қазақ әдебиетінде табиғатты адам тағдырымен, тіпті сол кейіпте бейнелеу поэзияда кеңінен орын алып келген. Мысалы, ұлы Абайдың «Қыс» деп аталатын өлеңінде табиғат

мезгілі адам кейпінде суреттеліп бейнеленген болатын. Қазақ әдебиеті сабақтарында студенттерге М.Әуезовтің әңгімелеріндегі адамдардың психологиялық толғаныстарын табиғат құбылыстарымен қатар суреттелуін ұғындыру олардың ойлау мен танымдық қабілеттерін дамытып, түрлі психологиялық күйлердің ерекшеліктерін ажырата алуларына көмектеседі. Мұның өзі студенттердің интелектілерін дамытуда үлкен рөл атқарады. Себебі, студенттік шақтағы жастардың психологиялық сипаты басқа топтармен салыстырғанда, танымдық мотивацияның жоғары деңгейімен, әлеуметтік белсенділік пен интелектуалдық кемелділіктің дамуымен ерекшеленеді. Студенттік кездің осы өзгешелігін есепке алу – оқытушының әр студентке педагогикалық қарым-қатынасындағы партнері мен қызықты тұлға ретіндегі қатынастарының негізінде жатыр. Тұлғалық, іс-әрекеттік тұрғыдан студент белсенді, өз іс-әрекетін өз бетінше ұйымдастыратын педагогикалық өзара әрекеттесу субъектісі ретінде қарастырылады. Оған танымдық және коммуникативтік белсенділіктің нақты, кәсіби бағдарланған міндеттерін орындау деген ерекше бағыттылық тән. Белгілі ғалым А.А.Вербицкийдің пікірі бойынша студенттік кез үшін оқытудың негізгі формасы таңбалық-контекстік оқыту болып табылады. Зерттеуші ғалым педагогика әдістемесінде осы контекстік оқытуды жан-жақты қарастырған арнайы «белсенді» немесе «контекстік» деп аталатын технология қалыптастырды. Қазіргі таңда осы технологияның әдістері мен тәсілдері жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде кеңінен қолданылуда. Ол технология негізінен оқыту саласы, ғылыми сала, және тәжірибелік сала деп бөлінген үлкен үш саладан тұрады. Контекстік оқыту осы үш сфераға бірдей қарайды. Онда әсіресе тәжірибеге көп көңіл бөлінеді. Яғни студенттер алған білімін іс жүзінде өмір тәжірибесінде қолдануларына баса назар аударылады. Осыған орай қазіргі таңда тек білімді адам ғана жақсы маман емес, сол білімін іс жүзінде жан-жақты қолдана алатын адамдар ғана құзыретті мамандарға айналуда. Сондықтан, М.Әуезов әңгімелерін терең теориялық талдаулар арқылы студенттерге психологиялық қабілеттеріне сәйкес оқытқанда олардың алған білімдерін өмірлерінде қолдана алуларына жете көңіл бөлген жөн. Бұл олардың өз мамандықтары бойынша құзыреттіліктерін одан әрі дамытуға септігін тигізетін болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Выготский Л.С. Детская психология // Собр. соч.: В 6 т. М., 1984. Т.4. - 325 ст.
2. Зимняя И.А. Педагогикалық психология: Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Екінші., толықт., түзет.және қайта өңд. бас. / Орыс тілінен аударған М.А.Құсаинова. – М.: Логос; Алматы: TST-company, 2005. - 368 бет.
3. Әуезов М. Көксерек повесі мен Бүркітші және басқа әңгімелері. Құрастырған О.Асқар. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2006. - 512 бет.
4. Пірәлі Г.Ж. Қазіргі Мұхтартану: 1-кітап. - Алматы: «Елтаным» баспасы, 2014. - 320 бет.

# МОДЕРНИЗАЦИЯ СОЗНАНИЯ В ОБУЧЕНИИ РУССКОМУ ЯЗЫКУ В УСЛОВИЯХ ЧЕТВЕРТОЙ ПРОМЫШЛЕННОЙ РЕВОЛЮЦИИ (НА ПРИМЕРЕ ТЕХНИЧЕСКОГО ВУЗА)

***С.С.Акашева***
*кандидат филологических наук, доцент,*
*профессор Казахского университета путей сообщения*

***Ключевые слова***: модернизация, языковое сознание, образование, русский язык, речь, профессиональная терминология.

***Аннотация:*** *В статье рассмотрены вопросы развития языкового сознания в аспектах технического образования. Внимание акцентируется на преподавании русского языка в эпоху глобализации и новых информационных технологий.*

Переход общества на путь развития в условиях Четвертой промышленной революции требует от высших и средних учебных заведений инновационных направлений в обучении. Определяющая роль в реализации задач, поставленных Президентом Республики Казахстан, придается модернизации образования и сознания, главными ценностями которых являются знания, компетенции и навыки людей, составляющих достоинство и достижения единой нации [1].

Подготовка функционально грамотной языковой личности, «адаптированной к глобальной конкуренции» в сфере знания, неразрывна от качества образования, ориентированного на формирование профессиональных компетенций. Развитие лингвистической науки на новом историческом этапе актуализирует проблему места того или иного языка в современном мире и призывает, говоря словами замечательного русского языковеда Л.В.Щербы, «любить, наблюдать и изучать человека как единственного истинного носителя языка».

Языковая политика в республике отражает изменения соотношений языков, всестороннее понимание как закономерностей динамики наций, эволюции мировых языков, так и общественной, научной, культурной жизненности и значимости того или иного языка в новом языковом порядке. Вопросы единого европейского пространства высшего образования, соответствующие положениям Болонской декларации, связаны с ролью английского языка в учебном процессе, с формированием межкультурной коммуникации, с эффективностью и результативностью научной коммуникации, с глобализацией и языковой компетенцией и др.

Латинизация казахского алфавита, связанная с модернизацией образования, с объективной потребностью общества в социально активной, конкурентноспособной личности, призвана повысить престиж государственного языка, усилить его распространение в различных сферах межкультурной коммуникации (политической, научной, экономической).

В условиях триединой языковой политики в стране, расширения изучения и фунционирования английского языка, русский язык продолжает оставаться языком, эффективно используемым в различных сферах общения. Он продолжает выполнять функции мирового языка и языка межнационального общения в республике, активно распространен в научной сфере, в культуре, в промышленности, там, где широко применяются инновационные технологии и конструируются понятия терминологии технических специальностей.

Образовательный процесс в Казахском университете путей сообщения направлен на знание и укрепление государственного языка, усвоение студентами казахской группы нового алфавита–латиницы, на расширение позиций английского языка в соответствии с коммуникативными и прагматическими потребностями общества, на интегрирование страны в мировое образовательное пространство. В области преподавания русского языка выдвигаются новые теории:

- взаимозависимость языка и речи,
- межкультурная коммуникация,
- осознание собственной национальной культуры и родного языка, культурно-языковой идентичности, языковой интерференции,
- возникновение и изменение значения терминов.

Русский язык активно включен в образовательный процесс технического вуза. Новые знания и новая парадигма в теории и методике преподавания русского языка связаны с техническими и технологическими изменениями, с промышленными технологическими исследованиями, новыми вопросами и задачами транспортной отрасли, включающей в себя сотни различных предприятий. Русский язык востребован наряду с казахским в преподавании учебных дисциплин, в том числе и специальных, как транспорт, транспортная техника и технология, включающих вагоны, локомотивы, автомобили и автомобильное хозяйство, подъемно-транспортные, строительные, дорожные машины и оборудование и т.д. Изучение русского языка и методов его преподавания в контексте образовательных и других общественно-исторических транформаций чрезвычайно важно для подготовки технических кадров: организаторов движения, вагонников, локомотивщиков, путейцев, связистов, автомобилистов, специалистов в области информационных систем и связи, энергетиков.

Обучение русскому языку значимо в соответствии с историей языка, со знакомством обучающихся с традициями и культурой русского народа. Русский язык, чужой, иностранный для казахской группы, раскрывает многообразие его стилистических возможностей, широкий спектр познавательной и коммуникативной функций. Русская речь формирует у студентов целостное представление о языке как феномене культуры, отражающего образ мира,. Следует также учитывать, по замечанию Н.А.Назарбаева, «глубокое родство–историческое, языковое, хозяйственное, не говоря уже об общем энерго-информационном поле, сложившемся за века соседства между казахами и русскими», кроме того, «евразийскую идею позволительно сформулировать как идею генетической и духовной связи Казахстана и России» [2].

Требования к знанию русского языка, специальной терминологии проявляются в изданиях университета, как: журнал «Промышленный транспорт Казахстана», газета «Экспресс ТЖ», учебная литература (пособия, монографии, словари и т.д.) [3]. Они свидетельствуют о знании, глубоком освоении и широком использовании лексики техники и технологий наземного транспорта (солнечная энергетика и фотовольтаика, фотоэнергетика, тонкопленочные технологии, емкостные чувствительные элементы, детектирование, перегоны, линейный пункт, стрелочная улица, стопа, остряк, пакгауз, распор, эпюра стрелочного перевода, оборотное локомотивное депо, захватка, скрепер, статор и др.). Овладение специальной терминологией является важным условием развития профессионализма и культуры.

Материалы изданий (Г.М.Шахунянца, В.И.Тихомирова, А.Я.Когана, З.Л.Крейниса, М.В.Поповича, В.М.Бугаенко, Г.В.Завгороднего, А.Д.Омарова, И.С.Карабасова, А.М.Муратова, Р.С.Закирова, К.С.Каспакбаева. А.ВА.Шалкарова, А.К.Кайнарбекова и других специалистов) дают представление о современных железных дорогах, применении для ремонта и содержания земляного полотна, о тягово-энергетических, погрузочно-транспортных машинах и специализированном подвижном составе для путевых дорог, о строительных дорожных машинах и технологии машиностроения.

Разрабатываемые проблемы (безопасности движения путевых машин; машин и комплексов для электрификации железных дорог; поездов специального назначения: восстановительных, пожарных, для подавления растительности; энергетического оборудования для путевых работ) отражают вопросы развития, функционирования и специфики русского языка, частотное употребление слов и терминов профессиональной лексики (путь, путевая машина, путевые работы, земляное полотно, железнодорожный путь, выправочно-подбивочно-рихтовочные машины, конструкция скреплений, путеремонтные мастерские, рельсы, управление железнодорожными перевозками, логистическая система и т.п.)

Новая концепция развития языкового образования повышает значение культурологии, психолингвистики, социолингвистики, коммуникативистики, риторики, профессиональной этики, формирующих личностные и профессиональные качества будущих специалистов. Вопросы этих курсов рассматриваются на занятиях русского языка, например, в изучении внутренних законов развития языка, словарного состава слов и их многозначности, нормативного литературного русского произношения, стилей речи…

Языковое обучение в эпоху Интернета и электронных справочников представляет собой синтез разнообразных инновационных и традиционных методов, форм и средств обучения, результатов филологических исследований, широких информационных ресурсов.

В преподавании обращается внимание на различные педагогические концепции, выбор которых связан с учебным процессом и с содержанием учебных программ и планов по специальностям: транспорт, транспортная техника и технологии; организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта; автоматизация и управление; электроэнергетика; радиотехника, электроника и телекоммуникации; логистика и другие.

Применяются основополагающие модели различных педагогических технологий: тестовые задания, иллюстративный материал, таблицы, словари, карточки с заданиями по грамматической теме, опорные схемы, таблицы, сочинения, диктанты, дидактические слайды, научно-технические тексты. Современные методы обучения русскому языку (деловые игры, тренинг, кейс, майевтика, мозговой штурм, беседа, дискуссии, деловые переговоры, чтение и обсуждение текстов различных стилей (стихотворений, афоризмов, пословиц и т.п.) способствуют развитию личностных качеств студентов, восприятию менталитета, традиций, духовности, культурного фона народа. Они улучшают фонетику, артикуляцию произносительных звуков, закрепляют знания грамматики и синтаксиса, культуры речевого общения.

На занятиях внимание сосредоточивается на объяснении произношения, интонирования, паузации, семантической структуры содержания слова. Учебные задачи сводятся также к изучению частей речи и их синтаксических функций, порядка слов в предложении, частиц *не* и *ни* по значению и употреблению, их отличия от смысловой роли предлогов и союзов. Практический материал текстов нацелен на умение определять их смысловую структуру, находить основную и дополнительную информацию, употреблять многочленные предложения в речи, отличающиеся наибольшей экспрессивностью и смысловой емкостью. Студенты воспринимают чужую речь в объеме своих языковых возможностей, в зависимости от лексико-грамматического оформления мысли звучащей речи в той или иной ситуации общения.

При обучении русской речи важно включать в речевую деятельность специальные слова, наиболее употребительные в транспортно-коммуникативном комплексе: грунт, дизель, дежурный, грузопоток, линия, локомотив, посты безопасности, стрелочные улицы и съезды, тяга и др. Обсуждение различных учебных вопросов способствует активности студентов, развитию лексики, т.е. значительно расширяет их языковое сознание, формирует культуру устного и письменного речевого общения. В применяемых формах обучения уясняется разносторонняя реальность, отраженная в языке и сознании [4].

Повышение качества образования в условиях технологического прогресса неразрывно от профессиональной компетенции преподавателя, понимания исторических закономерностей развития общества, умения ориентироваться в информационных потоках, способного совершенствовать методы преподавания.

Исходя из сказанного, целесообразно сделать предложения.

1. Обучать русскому языку с точки зрения синхронии и диахронии, с доминированием исторического аспекта в раскрытии культуры русского народа, «картины мира» и межкультурных коммуникаций.

2. Освещать историю культуры как средства речевого развития.

3. Развивать внутреннюю мотивацию к изучению русского языка, необходимую в буду-

щей профессиональной деятельности. Усилить изучение специальных терминов, формирующих профессиональное мышление и обеспечивающих сотрудничество Казахстана с государствами Содружества в сфере транспорта и коммуникаций.

4. Приобщать к диалогу разных культур через информационные ресурсы, а также объяснять основные речевые понятия для продуцирования собственных текстов (высказываний) разных стилей в соответствии с заданной темой.

5. Формировать коммуникативную компетенцию, включающую понятия межкультурной коммуникации, этнолингвистики и этнопсихологии, а также эстетические представления.

6. Практиковать работу со словарями, развивающими лексику, морфемику и словообразование.

**Литература**

1 Послание Президента РК народу. 10 января 2018 г.; Закон Республики Казахстан «Об образовании» //Казахстанская правда. 2007. 15 августа. С.9-11; См. Программу «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»; книгу «Эра независимости» и другие труды Н.А.Назарбаева.

Президентом страны намечены основы дальнейшей работы в укреплении и развитии Казахстана в условиях глобализации: рост качества жизни народа; конкурентоспособность как ключ к успешной интеграции Казахстана в мировую экономику и сообщество; ускорение всесторонней модернизации; построение нового Казахстана и т.д.

2.Евразийская доктрина Нурсултана Назарбаева /Сост.: А.Н.Нысанбаев, В.Ю.Дудин.– Алматы: Ин-т философии и политологии, 2010. – С.301.

3. На 1У Международном конкурсе изданий для вузов «Университетская книга-2017» по направлению «Техника и технология наземного транспорта», проходившего 8 сентября 2017 года в рамках XXX-й Московской книжной выставки-ярмарки на Выставке достижений народного хозяйства, высокую оцкнку получил журнал «Промышленный транспорт Казахстана» (в состав редколлегии входят специалисты транспортного дела Казахстана и стран ближнего зарубежья (А.О.Омаров, А.К.Кайнарбеков, Т.С.Саржанов (г.Алматы, РК), В.И.Апатцев (г.Москва, РФ), Н.И.Карпущенко (г.Новосибирск, РФ), Гоголь А.А. (г.Санкт-Петербург, РФ), В.И.Матвецов (г.Гомель, Республика Беларусь), Чеховська М.М. (г.Киев, Украина) и другие). Журнал подтвердил свой авторитет среди 178 наименований изданий, представленных 24 организациями. Он был отмечен Дипломом 2-ой степени в номинации «Лучшее периодическое издание».

4. См. работы о когнитивной лингвистике, теории коммуникации В. фон Гумбольдта, Э.Хирш, О.Рёш, А.А.Шахматова, В.В.Виноградова, Л.В.Щербы, А.А.Потебни, А.В.Добиаша, А.Н.Леонтьева, А.А.Залевской, В.П.Зинченко, Н.И.Курганова, Н.И. Формановской, Р.М.Фрумкиной и других. В монографии «Таможенная политика Казахстана: проблемы и перспективы» (Т.2. Алматы: Гылым, 2016, с. 212) А.И.Шалтыкова рассматривается проблема интеграции транспортных систем государств СНГ и возрождения Шелкового пути, обеспечивающих транспортное сотрудничество и формирующих общее транспортное пространство.

***Тірек сөздер:*** Жаңарту, тілдік сана, білім, орыс тілі, кәсіби терминология.

***Аннотация*** *Бұл мақалада техникалық білім беру аспектісінен алғанда тілдік сананың дамуы қарастырылады. Орыс тілін жаһандану дәуірінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқыту мәселелеріне назар аударылады.*

***Keywords*** modernization of consciousness, the Russian language, education speech, professional epminology.

***Annotation*** *The article deals with the development of linguistic consciousness in the aspects of technical edication. The attention is focused on teaching the Russian language in the era of globalization and new information technologies.*

# ОБУЧЕНИЕРЕЧИ КАК ПРОДУКТУ РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

***Акбембетова А.Е.***
*Казахский национальный педагогический*
*университет имени Абая,*

***Аннотация****.Речь самостоятельна и индивидуальна какпо своим формам, и объему, смыслу и содержанию, так и задачам и результатам, языковым средствам и стилю, поэтому необходимо говорить не об обучении языку или речи, а об обучении речевой деятельности - источника результатазнаний языковой системы, продукта языка. Речь у каждого человека индивидуальна и неповторима, и понимается в двух значениях:**речь** как всякое использование языка в целях общения,реализации языковой системы, т.е. данное значении относится к собственно речи, и **речь** как деятельность человека, когда она относится к коммуникативной деятельности, поскольку связана с мотивами, ситуациями и целями общения и основана на умственной, психической деятельности человека на речи, как реализации языковой системы.Врассмотрении ученых первое значение относится к собственно речи, второе – к речевой, или коммуникативной деятельности.*

*Речь и речевая деятельность - тесно связанные между собой взаимодействующие субстанции, ноне идентичные понятия. Особым свойством речевой деятельности является ее ситуативность, которая проявляется в том, что речевые единицы в смысловом и временном параметрах всегда соотносятся с ситуацией. Общение всегда имеет определенные мотивы, потребность, немотивированной речи не бывает.Интерес к речи собеседника зависит от содержательности информации. К продукту речи на уровне речевой деятельности относится любое речевое произведение, имеющее коммуникативную задачу, представленные в виде различных речевых актов: монолог, диалог, беседа, изложение, сочинение, эссе, репортаж, интервью, статья, доклад, выступления, монтаж, инсценировка, очерк, рассказ, реплики, примечания, записки и др.*

Одним из основополагающих средств обучения в процессе преподавания русского языка как иностранного является учебный текст, который может быть описан в терминах и категориях речевой деятельности, о важности которой все чаще говорят в современной лингводидактике.

Российские и казахстанские ученые считают, что достижение эффективности в обучении иностранному языку можно в том случае, если весь учебный процесс преподавания неродного (русского) языка рассматривать как создание условий для обучения общению, коммуникации (Н.М. Шанский, А.А.Леонтьева, И.А.Зимняя, Г.Г.Городиловой, Г.А. Кажигалиева, У.А. Жанпеисова и др.).

При этом все чаще говорится не об обучении языку или речи, а об обучении речевой деятельности, которая является источником и результатом языковой системы, продуктом языка, использованием языка в общении. В то же время в каждом отдельном случае общения, у каждого учащегося речь индивидуальна. Речь самостоятельна и индивидуальна по своим формам и объему, смыслу и содержанию, задачам и результатам, языковым средствам и стилю.

В этой ситуации термин «речь» выступают в двух значениях:

1) речь как всякое использование языка в целях общения, реализация языковой системы в коммуникации;

2) речь как деятельность человека.

Во втором случае просматривается не только и не просто речь, но и определенная деятельность человека, которая в любом отдельно взятом случае связана с мотивами, ситуациями и целями общения и основана на умственной, психической деятельности человека на

речи, как реализации языковой системы. В рассмотрении ученых первое значение относится к собственно речи, второе – к речевой, или коммуникативной деятельности.

Необходимо отметить, чтохотя речь и речевая деятельность есть тесно связанные между собой взаимодействующие субстанции, но это не идентичные понятия, поскольку эти два понятия имеют свои собственные цели и задачи, свои результаты и критерии оценки. Как отмечает И.А. Зимняя: «…Речь как способ формирования и формулирования мысли посредством языка и речевая деятельность как реализация взаимодействия людей в процессе вербального общения тесно взаимообусловлены, но не тождественны» (1, с.29).

Особым свойством речевой деятельности является ее ситуативность, которая проявляется в том, что речевые единицы в смысловом и временном параметрах всегда соотносятся с ситуацией и создают потенциальный контекст определенного диапазона. Ни одно конкретное речевое действие не может быть порождено без необходимости, которую определяет для себя человек, вступая в коммуникацию, и первым звеном в этом случае является ситуация.

Общение на любом уровне должно иметь определенные мотивы, потребность. Мотивы выступают как основа побуждения не только речевого, но всякого другого вида человеческой деятельности, посредством которых человек может быть побужден совершить конкретное действие.

Это означает, что немотивированной речи не бывает, как не бывает немотивированного выполнения любой задачи, поставленной человеком перед собой, а цель мотивов любого действия заключается в потребности к выполнению этого действия. Общение начинается с того, что человек испытывает какую-либо потребность, обычно лежащую за пределами собственного общения, в сфере той деятельности, которую это общение обслуживает. Потребность и мотивы деятельности в этом случае предметны. Потребность в действии есть потребность в совершении его по отношению к объекту действия. Мотивы высказывания многообразны и в каждом отдельном случае конкретны. В то же время исходной точкой любого мотива является вопрос: почему я это делаю? Например, при обсуждении того или иного поступка героя произведения учащийся попросил слово для выступления. В данном случае этот его поступок мотивирован согласием или несогласием с аргументами героя или с точкой зрения ранее выступавшего и потребностью в высказывании своего личного мнения. Но данный вопрос при выполнении речевого действия зачастую не задается коммуникатором самому себе. Хотя мотивы – обязательный компонент, они могут и не осознаваться, выступать как бессознательная часть зарождения действия. Человек, часто не задумываясь над причинами, мотивами действия переходит к цели, задаче этого действия и планированию результата.

Речевая деятельность, как и всякая деятельность человека, имеет цель, как необходимая субстанция деятельности человека вообще и, в частности, его речевой деятельности. Без конкретной цели не может быть и самой деятельности и результата. Таким образом, цель есть предполагаемый и намечаемый человеком результат действия, а значит, постановка цели и достижение намеченного результата является, в отличие от мотивов, сознательным актом человеческого поведения. В процессе общения собеседник сознательно намечает цель действия, подводит ее под рамки объективно возможного результата, сознательно планирует достижение этой цели. Как отмечает И.И. Симеонова: на «…первый план в естественной речи выступает содержание акта речи, достижение намеченной цели, а формальная организация передачи этого содержания осуществляется на подсознательном уровне» (2, с.15)

В соответствии с целью в речевой деятельности формулируется взаимодействие между собеседниками: составляется план сообщения, планируется результат, предполагается ответная речевая реакция. В зависимости от цели, как в плане смыслового содержания, так и в плане оформления, строятся все высказывания. Кроме того, цель определяет атмосфера разговора, мимика, жесты, настрой коммуниканта. Достижение цели может быть выражено в ответном речевом или неречевом действии собеседника, его поведении.

В методической литературе имеющаяся в процессе речевого взаимодействия цель сообщения есть коммуникативная задача, или внеязыковая (экстралингвистическая) целевая установка. Речевая деятельность представляет собой процесс решения коммуникативной задачи, или самостоятельной, или подчиненной более общей задаче. Характеристика цели речевого действия, его коммуникативной задачи определяется тем, чего один собеседник стремится добиться от другого в процессе общения. Так же, как ситуации и мотивы, коммуникативные задачи всегда конкретны и многообразны: убедить, доказать, выяснить, побудить, выразить мнение, сообщить, согласиться/несогласиться и т.д.

Присутствие коммуникативной задачи в речевой деятельности человека как обязательного компонента, указывает на проблемность любого процесса общения: человек оказывается перед проблемой как решить эту цель. Проблемность цели заключается в подборе средств и форм речевого воздействия: говорящий ищет эти формы и средства, находит альтернативные варианты выражения своих мыслей, комбинирует их, отказывается от ненужных или неуместных, по его мнению, средств, единиц и вариантов, утверждается на одном варианте и формулирует свою речь, то есть занимается творчеством своей речи.

Речевая деятельность имеет конкретную направленность, она всегда адресована конкретному собеседнику, или собеседникам. Поддерживая устный или письменный разговор о чем-либо, мы ведем его обязательно с кем-либо, то есть с реальным, конкретным лицом, а не с несуществующей личностью. Решая поставленную коммуникативную задачу, говорящий сопоставляет ее с предполагаемым результатом по отношению именно к этому, а не к другому собеседнику. Следовательно, речь строится при учете адресата, она зависит от социального статуса собеседника, то есть его возраста, профессии, когда один и тот же текст можно продуцировать в речи по-разному: обращенной к ребенку или к взрослому, знакомому или незнакомому, школьнику или студенту. Например, знакомство с новым учеником, с новыми друзьями будет отличаться по способу ее организации, средств и форм подачи материала.

Выбор средств, форм и единиц выражения зависит, таким образом, от цели и наличия адресата коммуникативной деятельности человека и от того, к кому обращено высказывание, все это определяет форму высказывания. Наличие адресата и решение связанных с ним задач общения также указывают на проблемный и творческий характер речевой деятельности человека.

Речевая деятельность человека в каждом отдельном случае нацелена к определенному результату. Поскольку речевая деятельность призвана обслуживать другие виды деятельности человека, то коммуникативная задача является частью общей задачи, поставленной перед собой человеком, а общий конечный результат может часто относиться не к речевой, а к другому виду нашей деятельности. В этом случае конечный результат речевого действия является промежуточным результатом по отношению к общей деятельности человека и общему конечному результату

Результатом достигаемой цели в процессе общения являются ответные речевые или неречевые реакции партнеров по коммуникации. Сама же цель, то есть коммуникативная задача решается в речевом произведении или, как его иногда называют в лингводидактике, в продукте речи. Имеющаяся при общении у коммуникатора коммуникативная задача ставит перед ним не только вопрос «что и кому сказать?», но и «как, где, когда сказать?» Поэтому для конечного результата - речи характерны не только предмет речи и направленность на адресат, но и важно заинтересованность коммуниканта в более полном и точном выполнении задачи. Стремление добиться максимального результата естественным образом ведет к качественному переоформлению речи. Для того, чтобы партнер по коммуникации правильно, быстро, и положительным образом для коммуниканта реагировал на сообщение, оно должно отвечать условиям новизны информации.

Интерес к речи собеседника от сообщения им нового (или старого в новой интерпретации, в понимаемой говорящим ситуативной сфере: учебы, быта, работы и др.) зависит от:

1) содержательности информации (в речи должно быть конкретно указано на содержание поднятой проблемы),

2) личного построения сообщения (успех речевого действия достигается путем последовательного ввода в действие и развития смысловых элементов сообщения),

3) приведения убедительных, доказательных фактов, средств и форм (коммуникатор должен найти такие средства и формы, чтобы убедить партнера в чем-либо, привести такие факты, чтобы доказать свою мысль),

4) выразительной и эмоциональной речи (тон, дикция, мимика и жесты играют немаловажную роль в осуществлении намеченной цели).

К продукту речи на уровне речевой деятельности относится любое речевое произведение, имеющее коммуникативную задачу, представленные в виде различных речевых актов, как: монолог, диалог, беседа, изложение, сочинение, эссе, репортаж, интервью, статья, доклад, выступления, монтаж, инсценировка, очерк, рассказ, а также средние и малые по объему отрезки речи: реплики, примечания, записки и др. Необходимо отметить, что в диалоге, беседе продуктом речи может быть как отдельный, нерасчлененный отрезок речи, так и несколько отрезков вместе взятых и объединенных одной коммуникативной задачей (ср. интервью на различные темы и интервью по одной теме, вопросу).

Совокупность конкретных ситуаций, мотивов, коммуникативной задачи, адресата делает речевое действие, речевую деятельность, продукт речи не только конкретным, но и строго индивидуальным. Речевая деятельность человека индивидуальна потому, что в различных ситуациях, по разным поводам, причинам, потребностям, по отношению к разным объектам речи он намечает, планирует и решает различные коммуникативные задачи в разных продуктах речи. Достаточно изменения любого компонента коммуникации, чтобы речь приняла другой характер по задачам, содержанию, оформлению и др.

Таким образом, речевая деятельность и ее продукт сугубо самостоятельные явления. Человек всегда по-своему, исходя из особенностей своего мышления, жизненного опыта, привычек, взгляда на данную проблему, знания языка и навыков речи и др., строит и продуцирует речь. В том случае речь человека в конкретном ее проявлении независима как по содержанию, так и по форме высказывания и может рассматриваться только как субъективное, самостоятельное и независимое действие. Даже если все компоненты коммуникации при продуцировании двумя людьми одного и того же речевого продукта будут одинаковым, их речевая деятельность будет разной и самостоятельной (ср. ответы двух учащихся на одном и том же экзамене, по одному и тому же билету).

Сам процесс общения происходит непосредственно по определенной схеме взаимодействия участников коммуникации. Все эти схемы связаны и основываются на формах общения: устный диалог, устный монолог и письменный монолог.

Выделяются следующие схемы речевого взаимодействия:

1) *автор письменного текста – читатель этого текста* (форма общения – письменный монолог);

2) *автор устного текста –сам горящий;*

3) *сам говорящий – аудитория* ( форма общения – устный монолог),

4) *собеседник – я* (слушающий) *собеседника* (форма общения – диалог) (1, 230). Процесс реального общения может проходить по одной из этих форм общения и схем речевого взаимодействия.

Использование текста в основном осуществляется при обучении продуктивным видам речевой деятельности, когда для этого имеются определенные языковые умения и когда произведение «воспринимается на фоне определенной традиции и в отношении к ней» (3, с.16). Именно на этом уровне «речевая способность формируется под влиянием речевого общения». (1, с.9). Само понятие «текст» широко охарактеризовано в лингвистической и методи-

ческой литературе, в частности, в работах И.И. Жинкина, А.А. Липаева, И.А. Новикова, А.В. Текучева, Л.П. Доблаева, Н.М. Шанского и др., которые считают, что всякий законченный текст, или его часть, выделенная автором как самостоятельное подразделение, состоит, прежде всего, из двух элементов, которые одновременно являются и его формальными признаками: заглавия и содержания текста. Заглавие текста направлено на раскрытие содержащейся мысли. Другими словами, заглавие выражает предмет мысли, а сам текст - то, что характеризует этот предмет (его признаки), т.е. содержит высказывание о нем.

Работа с текстом должна быть нацелена на интерпретацию или построение нескольких вариантов основного текста. Следовательно, текст есть речевое произведение, на материале которого может быть создан новый вариант текста. Эта подготовка должна начинаться с постановки конкретных проблем и целей, и с конкретного планирования работы, которая проходит по планируемым этапам.

Следовательно, текст есть речевое произведение, на материале которого может быть создан новый продукт. В подготовке к работе над текстом необходимо исходить, прежде всего, из этого тезиса. Эта подготовка должна начинаться с постановки конкретных проблем и целей, и с конкретного планирования работы, которая проходит по нескольким этапам.

Список использованной литературы:

1. Зимняя И.А. Психология слушания и говорения. Автореф. дисс. докт. психол. наук. – М., 1973. – 32 с.

2. Симеонова И.И. Создание коммуникативной обстановки на уровне иностранного языка как один из способов интенсификации учебно-речевой деятельности учащихся. – М., 1998.

3. Лотман Ю.Н. Структура художественного текста. – М., 1980. – 284 с.

## О ПРОБЛЕМАХ ОБУЧЕНИЯ ОБРАЗНЫМ СРЕДСТВАМ В ИНОЯЗЫЧНОЙ АУДИТОРИИ

***Акбембетова А.Е.***
*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

*Аннотация.Основная особенность и трудность понимания значения крылатых слов и выражений иностранными учащимися состоит в неумении адекватно передать элементы образности, которые в некоторых случаях не поддаются переводу на другой язык. Чаще всего при переводе фразеологизмовопределенного языка используется прием подбора аналогичных фразеологических единиц с другого языка.*

*При переводе фразеологизмов необходимо учесть их экспрессивные свойства, помнить, что это фигуры речи, то есть слова, использующиеся не в обычных, а в особых, переносных значениях.*

*Фразеологическим единицам свойственна принадлежность к определенному языковому уровню, и, следовательно, переводчик должен стремиться сохранить стилевую окраску фразеологизма, а также учитывать общую информацию предложения или более крупного отрезка текста, которая проливает дополнительный свет на характер фразеологизма. Решающую роль в переводе играет контекст и фактор сочетаемости слов.*

*Фразеологизмы любого языка являются достоянием устного народного творчества. В них хорошо прослеживаются история, самобытная культура народа, отражается сред-*

*ствами языка реальная действительность разных народов и стран. Проблемы перевода таких фразеологических сочетаний решаются в том случае, если изучить и найти существующие соответствия в родном языке, так как общечеловеческие аналогичные названия имеют место у многих народов мира.*

В переводоведении роль образных средств языка – крылатых слов, пословиц, изречений и сравнений – в целом изучена достаточно глубоко. Одной из фундаментальных работ, в которой дается глубокая научная трактовка данной проблемы, а также энциклопедически богатый иллюстративный материал по употреблению пословиц и других образных средств в народном языке является труд В. Даля. Помимо пословиц, крылатых слов, изречений и сравнений В. Даль выделяет также образные средства, часто используемые в народном языке, как загадки, прибаутки, пустоговорки. В настоящем разделе мы не будем касаться этих последних, а кратко остановимся лишь на наиболее известных вышеуказанных образных средствах.

Крылатые слова – это популярные в народной речи, образные, меткие выражение и афоризмы. Переводчику художественных и публицистических текстов нередко приходится встречаться с крылатыми словами и выражениями типа: *Ахиллесова пята*.

Основная особенность и трудность понимания значения крылатых слов и выражений иностранными учащимися состоит в умениидекватно передать элементы образности, которые в некоторых случаях не поддаются переводу на другой язык. Например, русский фразеологизм: «У черта на куличках». Как лучше его перевести? «К черту на пироги?» – это буквализм, от которого, как подсказывает чувство языка, сразу же приходится отказаться. Литературный перевод – «очень далеко» в целом, верно передает смысл, но при этом теряется образная форма..

Пословицы и поговорки – это иносказательные выражения. По определению В. Даля, пословица – «коротенькая притча …Это суждение, приговор, поучение, высказанное обиняком», а поговорка – «окольное выражение…, но без притчи, без суждений, заключения, применения». В.Даль предлагал в пословице различать «одежду внутреннюю и внешнею; первая относится к критике, вторая – до грамматики и просодии. Грамматика не только могла бы и должна бы многому научиться у пословиц, но должна быть по ним, во многих частях своих, вновь переверстана. Частное непонимание нами пословицы основано именно языка, тех простых, сильных и кратких оборотов речи, которые утрачиваются и вытесняются из письменного языка, чтобы сблизить его, для большей сподручности переводов, с языками западными».

Что касается элемента образности, любая пословица – яркий тому пример. Именно на этом и акцентировал свое внимание величайший знаток русской народной речи В.Даль, который отмечал, что «во внутренней одежде» наших пословиц можно найти образцы риторики, все способы окольного выражения.

Указанные В.Далем характернейшие признаки пословиц подводят нас к мысли о том, что толкование пословиц может быть достаточно широким.

Для перевода пословиц переводчику часто приходится прибегать к экспрессивно-стилистической адаптации, то есть к некоторому изменению образной структуры высказывания, изменению, которое вызывается заменой образа, лежащего в основе одного из компонентов высказывания.

Следовательно, переводчики могут в известной степени выбирать именно тот фразеологизм или пословицу для передачи мысли оригинала, который, по их мнению, наиболее удачно вписывается в контекст. Проверка этого тезиса по словарям получает подтверждение. Например: русск. *Биться как рыба об лед* – на казахский язык можно перевести как «*Торға түскен балықтай», «Сбиться с ног» (от усталости) –«Аяғынанжығылды», «Сбить спесь» - «Шайтанынқағу», «Нести вздор» (околесицу, небылицы) –«Босқа сандырақтау», «В чужой*

*монастырь со своим уставом не ходят» - «Әр ауылдыңөз қожасы бар»* и т.д.

Как показывает практика перевода, некоторые расхождения в понимании и истолковании фразеологизмов, отмеченные выше, значительно затрудняют работу переводчика, но не настолько, чтобы сделать ее невозможной.

Иллюстрацией переводимости пословиц с одного языка на другие может служить работа В.Гинзбурга «Мудрость и разум Объединенных Наций». В этой работе собраны несколько тысяч наиболее известных пословиц и изречений на разных языках мира. В тех случаях, когда в других языках нет равноценных эквивалентов, переводчику приходится прибегать ко всякого рода трансформациям, с тем чтобы все же передать образные средства, такой метод, как показывает практика перевода пословиц и крылатых изречений, позволяет добиться должной выразительности в языке перевода.

Помимо пословицширокоиспользуются в народной речи изречения, то есть высказывания и выражения, в которых заключена определенная мудрость. Широко известны крылатые изречения Шекспира, Л.Толстого, А.Пушкина и других классиков мировой литературы.

Так же как и пословиц, в изречениях и афоризмах образно передаются различные человеческие отношения, народная мудрость, мироощущения человека той или иной эпохи. По мнению М.Шолохова, народные изречения есть «сгустки разума и знания жизни».Он пишет: «Различны эпохи, породившие пословицы. Необходимо многообразие человеческих отношений, которые запечатлились в чеканных народных изречениях и афоризмах. Из бездны времен дошли до нас в этих сгустках разума и знания жизни радость и страдания людские, смех и слезы, любовь и гнев, вера и безверие, правда и кривда».

Что касается способов перевода, то как следует из приведенных выше примеров, основным является поиск подходящего изречения (сравнения) в родном языке или самостоятельное создание аналогичного оборота, или использование метода описательного перевода.

Создатели большинства исконно английских фразеологических единиц (ФЕ) остаются неизвестными. В целом фразеологизмы в английском языке, так же как и в других языках, - это создание народа, проявление его мудрости и лингвистического чутья. Во многих фразеологизмах отражаются традиции, обычаи и поверья английского народа, различные реалии, факты английской истории. Многие ФЕ уходят корнями в профессиональную речь.

В английском языке слова-названия животных часто даются с фразеологическими единицами и идиомами, с которыми они используются. Если определить сам термин фразеологическая единица или идиома, то они представляют собой раздельную единицу языка с полностью или частично переосмысленными значениями.

В переводе значение английских, казахских или русских фразеологических единиц, как мы знаем, не всегда совпадает. Для достижения максимальной адекватности в словарях используются различные виды перевода.Но, тем не менее, при переводе необходимо сохранить образ в основе фразеологизма. Существуют несколько видов перевода фразеологизмов.

*1.Полный адекватный перевод.*При тщательном подборе фразеологического эквивалента, имеющегося как в русском, так и в казахском языках можно сохранить и смысл, и передаваемый образ, лежащий в его основе, например:

русс.*«Делить шкуру неубитого медведя»* - каз.*«Аузымен орақ ору».*

русс.*«Тени своей бояться»* - каз. *«Қоян көлеңкесінен қорқады».*

*Русс. «Сколько волка не корми, он все в лес смотрит» - каз. «Бөлтірікті қанша асырасаң да, тоғайға қарап ұлығанын қоймайды».* русс. *«Как кошка с собакой»* – каз. *«Ит пен мысықтай».*

Русс.*«Как собаке пятая нога»* – каз. *«Есеккеүкітаққандай».*

*2. Описательный перевод,*т.е.путем передачи смысла казахского оборота свободным словосочетанием. Описательный перевод применяется, когда в русском языке отсутствуют эквиваленты и аналоги, например:

*3. Антонимический перевод,* т.е. передача негативного значения с помощью утвердительной конструкции или, наоборот.

Don't count your chickens before they are hatched -русс. Цыплятпоосенисчитают.

Catch the bear before you sell his skin – русс. **Не** продавай шкуру неубитого медведя.

In less than a pig's whisper – русс.Иахнуть**не**успел.

"If you don't mind what I say, my boy" - said father" you will find yourself in bed in something less than a pig's whisper".

Hold your horses - **Не**волнуйтесь.

Martin was furious... declaring that he would resign - would denounce - would expose "Wait a minute! Holdyourhorses!»

*4. Калькирование.* Метод калькирования применяется в тех случаях, когда автор хотел выделить образную основу фразеологизма или когда английский оборот не мог быть переведен при помощи других видов перевода:

Throwsomebodytothelions - «бросить кого-либо на съедение львам» (в древнем Риме христиан бросали на съедение львам).

I wanted so much to go dancing with Alice that I was quite happy to throw my poor nephew to any lions.

I have not permitted myself, gentlemen, to conclude that I am the best man in the country but I am reminded in this connection of an old Dutch farmer who remarked...that" it was not best to swap horses when crossing a stream".

A darkhorse - Темная лошадка: американцы так называют политика или малоизвестного кандидата на выборах.

... the choice lay between David Benett hill and Grover Cleveland with a third man, Senator Me Entee as a dark horse.

*5. Комбинированный перевод*. В тех случаях, когда русский аналог не полностью передаёт значение английского фразеологизма или же имеет иной специфический колорит места и времени, дается калькированный перевод, а затем идет описательный перевод и русский аналог для сравнения, например:

«A goodhorsecannotbeof a badcolour» Хорошая лошадь не может быть плохой масти т.е. отдельные недостатки не умаляют достоинства.

A shorthorseissooncurried - Маленькую лошадь легко чистить т.е. легкая работа быстро делается.

The page shrugged his shoulders while he replied. "A short tale is soon told-and a short horse soon curried".

You can take a horse to the water, but you cannot make him drink.

If he is very strongly set against the work, perhaps it is better that he should take the opportunity there is now to break his articles. I am very disappointed, but as you know you can take a horse to the water, but you cannot make him drink.

Допуская полное или частичное калькирование в отдельных случаях, необходимо исключать всякую возможность использования буквализмов, т.е. неоправданных дословных переводов, искажающих смысл английских фразеологизмов или не соответствующих по смыслу.

Словарь английского языка «Oxford» после описания определенного названия животного дает несколько фразеологических единиц, которые встречаются с этим словом. Например:

A dog's life - an unhappy and oppressed existence.

A dog in the manger - a person who prevents others from having things that they do not need themselves.

Dog's age - a very long time.

Like a bear with a sore head- very irritable.

Loaded for bear - fully prepared for challenge.

See which way the cat jumps - see what direction events are taking before committing oneself.

Not have a cat in hell's chance - have no chance at all.

Have a cow - become angry or excited.

Make a monkey of - make (someone) appear ridiculous.

A monkey on one's back - a burdensome problem.

Not give a monkey's - not care at all.

Donkey's years - a very long time.

Talk the kind leg off a donkey - talk incessantly (непрестанно).

From the horse's mouth - from an authoritative source.

To horse - mount your horses! Make sheep's eyes to look at - look at someone in foolishly amorous way.

Cry wolf - raise repeated false alarms, so that a real cry help is ignored.

Hold a wolf by the ears - be in a precarious position.

Keep the wolf from the door - have enough money to avert hunger or destitution.

Throw someone to the wolves - sacrifice somebody so as to avert trouble for oneself.

A wolf in sheep's clothing - a person who appears friendly but is really hostile.

Некоторые из этих фразеологических единиц не имеют русского эквивалента в русском языке. И в русском, и в английском языках слово, обозначающее название животного служит основой для образного употребления, то есть передачи внешних или внутренних качеств человека. К примеру, взять следующие описания:

Goat - informal, alecherousman. (Br. inf.) A stupid person. A fool.

Lion - a brave, strong, or fierce person.

Fox - a cunning or sly person. (N. Amer. inf.) A sexually attractive woman.

Pig - a greedy, dirty, or unpleasant person.

Dog - 1) a contemptible man; 2) a person of a specified kind: you lucky dog.

Donkey - a foolish person.

Rabbit - chatter.

Cat - a malicious or spiteful woman.

Cow - austi. / NZ - an unpleasant person or thing.

Bull - a person who buys shares hoping to sell them at a higher price later.

Wolf - rapacious or ferocious person, (inf.) A man who habitually seduces women.

Sheep - a person who is too easily influenced or led.

Bear - a brutish or ill - mannered person.

Обобщая сказанное, можно сделать определенные выводы в отношении перевода фразеологизмов. Одним из ключевых моментов является передача элементов образности фразеологической единицы.

Свободное словосочетание необходимо отличать от фразеологического оборота, опираясь на контекст и общую логику высказывания. Например, при переводе предложения "Я не читаю желтые газеты" ясно, что речьздесь идетоб особом политическом термине, являющимся синонимом слова *сплетни*. Таким образом, даже миниконтекст в рамках предложения уже оказывается достаточно ясным, чтобы не перепутать политический фразеологизм «желтые издания» со свободным словосочетанием «желтый лист.

Из проанализированных нами примеров видно, что чаще всего при переводе фразеологии используется прием подбора аналогичных фразеологических единиц на русском языке.

При переводе фразеологизмов необходимо учесть их экспрессивные свойства, поскольку это фигуры речи, то есть слова, использующиеся не в обычных, а в особых, переносных значениях.

Фразеологическим единицам свойственна принадлежность к определенному языковому уровню, и, следовательно, переводчик должен стремиться сохранить стилевую окраску фра-

зеологизма, а также учитывать общую информацию предложения или более крупного отрезка текста, которая проливает дополнительный свет на характер фразеологизма. Решающую роль в переводе играет контекст и фактор сочетаемости слов.

Фразеологизмы любого языка являются достоянием устного народного творчества. В них хорошо прослеживаются история, самобытная культура народа, отражается средствами языка реальная действительность разных народов и стран. Проблемы перевода таких фразеологических сочетаний решаются в том случае, если изучить и найти существующие соответствия в родном языке, так как общечеловеческие аналогичные названия имеют место у многих народов мира.

**Список использованной литературы:**


1. Федоров А.В. Основы общей теории перевода.М,1998.
2. Талжанов С. Көркемаударма. Алматы. – Көркембаспа,1962.
3. Сатыбалдиев А.Руханиказына. Алматы, 1965.
4. Канафиева К. Из истории художественного перевода в Казахстане. Сборник трудов кафедры русской и зарубежной литературы Каз.ГУ,1961. Вып.3 – С.105-119, Алматы.
5. Бахтин ММ. Эстетика словесного творчества. - М., 1986. - С. 227-232.
6. Гальскова Н.Д. Языковой портфель как инструмент оценки и самооценки учащихся в области изучения иностранного языка. - ИЯВШ, №5, 2004. –

С. 6-11.


# СТУДЕНТТЕРДІ СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНЫП ОҚЫТУ


***Анесова А. Ж.***
***Огузбаев А. Е.***
*С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*



*Аннотация*

*Критическое мышление является одной из базовых учебных дисциплин в высшем образовании многих англоязычных стран. Студентов учат внимательно читать тексты, проявлять методическое сомнение (то есть, согласно Декарту, обнаруживать то, «в чём логически возможно сомневаться»), находить слабые места как в чужих, так и в собственных аргументах, работать с понятиями, чётко и обоснованно выражать свои мысли.Важным компонентом такого обучения является умение задавать правильные вопросы. Вопросам может уделяться гораздо больше внимания, чем это привычно для отечественной системы образования.*

*Annotation*

*Critical thinking is one of the basic academic disciplines in higher education in many English-speaking countries. Students are taught to read texts carefully, to show methodical doubt (that is, according to Descartes, to find out what is "logically possible to doubt"), find weaknesses in both others' and their own arguments, work with concepts, clearly and reasonably express their thoughts. An important component of such training is the ability to ask the right questions. Issues can be given much more attention than is customary for the domestic education system.*


Қазіргі білім кеңістігіндегі рухани жаңғырудың ел тұғырлы тұсы – бұл оқушыларды, студенттерді жаңа әдістемелерді қолдана отырып оқыту болып табылады. Жаңа технологияны

сабаққа пайдалана отырып білім сапасын арттыруды көздейміз.Әр ұлттың ұлттық болмысы өзгермеуі керек дегенді көреміз, өзгеріске түспейтін нысан – дәстүрдің ең киелісі, салттың, заңдылықтың ғасырлар бойы өзін жоғалтпай келе жатқан түрлері деп білеміз.

Бұл орайда, білімденудің инновациялық технологияларын модульдік- рейтингі жүйесімен оқулық құрастыру әлі де болсын толыққанды дәрежеге жетпей отыр. Егер, мектептерде, жоғары оқу орнында белгілі бір білімденудің инновациялық технологияларына бағдарланса, онда сол үлгінің құрылым-жүйесін толықтай меңгеру мәселелері қамтылай келеді. Оқушының құрылым жүйесін қайтадан құрастыруды қажет етеді.

Қазіргі кезде заман талабына сай білім берудің дамуы мен тенденцияларын қамтитын көптеген педагогикалық технологиялар қолданып жүр. Олардың бірі Қазақстанда 1997 жылдан бастап қолданып жүрген сыни тұрғысынан ойлау.Сыни тұрғысынан ойлау көптеген ағылшын тілді елдердің жоғары білім берудің орнындарында негізгі пәндердің бірі болып табылады. Студенттерді мәтіндерді дұрыс, мұқият және әдістемелік күмәнді келтіріп оқытуға үйретеді (яғни, Декарт бойынша, бұл логикалық түрде күмән келтіріп оқыту). Өзінің және басқалардың пікірлерінде әлсіз жерлерін тауып, ұғымдармен дұрыс жұмыс жасап, өз ойларын нақты және дәлелдей алатындай білдіру.Осы әдістеменің маңызды компоненті дұрыс сұрақтарды қою мүмкіндігі болып табылады. Кейбір студенттер механикалық түрде жаңа материалды жаттайды, оның негізгісін дұрыс түсіне алмай, ал кейбір студенттер жай оқымай, сұрақтарды қойып, жаңа материалды осылай меңгереді. Дұрысы, ойланып, сұрақ қою арқылы материалды меңгеру, ал механикалық түрде жаттаса, онда алған білімдерін тәжірибеде қолдана алмайды.

Оқу пәні ретінде сыни ойлау формальды логиканың, аргументтің теориясы мен практикасы, риториканың және ғылыми эпистемологияның (когнитивтік қызметтің құралдары мен шектеулері бар философия бөлімі) ережелеріне негізделеді. Осы саладағы көрнекті теоретиктердің бірі Карл Поппер болды, ол сыни ойлауды барлық ұтымдылықтың негізі деп санайды. Поппердің пікірі бойынша, білім, гипотезаларды, олардың негіздеуін немесе жоққа шығару тәжірибесінсіз өмір сүрмейді. Мұндағы дерек туралы мәселе мүлде маңызды емес: бастапқы деректерге деген маңызды әдіс.

Ұлттық білім беру жүйесі бойынша сұрақтарды қоюға әдеттегіден әлдеқайда көп көңіл берілуі мүмкін.Сыни тұрғысынан ойлау әдістемесінің негізгі оқушыларға, студенттерге беретіні: білімді терең ұғыну;теория мен практиканы біріктіру; бір-біріне құрметпен қарау, мәдениетті қарым-қатынаста болу; өз пікірін жақтай, дәлелдей білу; ізденіс, еркін таңдау, жеке пікір, топпен талқылау; қажет жағдайда көзқарасын өзгерту т.б.Техниканың мұғалімге, оқытушыға беретіні: сыныпта ашықтық пен жауапты ынтымақтастық атмосферасын құру мүмкіндігі; оқу үрдісінде сыни ойлау мен тәуелсіздікті дамытуға ықпал ететін оқыту моделін және тиімді әдістер жүйесін қолдану мүмкіндігі;өз іс-әрекетін сауатты талдау жасайтын тәжірибелі маман болуға мүмкіндік; басқа мұғалімдер үшін құнды кәсіби ақпарат көзі болу.

Өйткені сын тұрғысынан ойлау – ең алдымен шығармашылық ойлау. Л.С.Выготский айтуы бойынша:«Шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді».Кез келген мәтін - жазбаша немесе ауызша - кейбір негізгі элементтері болуы тиіс, онсыз автор өз адресатқа өз хабарламасын жеткізбеу қаупі бар.

Кез-келген мәтіндісын тұрғысынан оқыту тиімділігін көрейік - жазбаша немесе ауызша мәтін болса - кейбір негізгі элементтерден тұруы тиіс, онсыз автор адресатқа өз хабарламасын дұрыс жеткізбеу қаупі бар.Әрине, бұқаралық ақпарат құралдарында немесе күнделікті әңгімелерде біз онсыз оңай сөйлесе аламыз. Бірақ егер біз белгілі бір тұжырымдар жасалатын мағыналы әңгімелесуді жүргізгіміз келсе, кем дегенде, ой, сөз қозғаудың қалай салынғанына назар аударуымыз керек. Төменде осы элементтердің барлығын тізбектеп көрсетеміз. Бұл тізімді кез-келген егжей-тегжейлі негізде қолдануға болады. Бұл шынымен де өмірді әлдеқайда жеңілдетеді:

1. Мақсат. Кез келген мәтін белгілі бір мақсатпен жазылған немесе айтылған. Автор кімге айтып жатыр және оқырмандарды ол неге сендіруге тырысады? Егер сіз мәтінді өзіңіз жазсаңыз, көрсетілген мақсаттан ауытқып кеткеніңізді тексеріңіз. Алдымен, сіз үшін шын мәнінде мағынасы бар-жоғын білу керек және осының барлығы жұмсалған күш-жігердің кеткені дұрыс па?

2. Мәселе. Мәселе – бұл автордың ол жауап беруге тырысатын мәселелер. Әртүрлі көзқарастармен қаралуы керек шешімдерден нақты шешім қабылдаған мәселелерді бөліп алу қажет. Сонымен қатар, үлкен, негізгі мәселелерді кішігірім бөліктерге бөлінуі керек, себебі босабстракцияға түсіп кетпеу үшін.

3. Болжам. Бұл - автордың талап етілетін алғышарттары. Түсініксіз жорамалдар авторға немесе аудиторияға ыңғайсыз жағдайға әкелуі мүмкін, ол белгілі бір анекдотпен суреттеледі, онда адамға таңертең брендті ішуді қойғынын сұрайды. Бір нәрсені жазғанда немесе оқып жатқанда, біз бұл жорамалдардың не екенін және олар қаншалықты әділ екендігін ойластыруымыз керек.

4. Көзқарас. Біз барлық нәрселерді шектеулі және жеке тұрғыдан қараймыз. Абсолютті объективтілікке қол жеткізуге болады, бірақ біз өз ерекшеліктері бар адамдармыз, сонымен қатар кез келген нәрсені әр түрлі тараптан түсіндіре алатын мүмкіндіктеріміз бар. «Құдайдың тақуасы», яғни толық және объективті білімді талап ету, дәл осы әділетсіз трюк болып қалады: ешкімде осы деңгей мен білімді жетік меңгеру үшін жеткілікті ресурстар болмайды.

5. Деректер. Кез-келген мәлімдеме тиісті тақырыппен, яғни тақырыпқа қатысты деректермен негізделу керек. Мысалы, ГМО-ның зияны туралы айтқан кезде, көршілердің пікіріне емес, ғылыми зерттеулерге немесе олардың танымал ғылыми транскрипциясына сілтеме жасау керек. Сондай-ақ, біз келтірілген мәліметтердің біз қарайтын мәселеге қатысы бар-жоғын тексеріп алуымыз керек және біз тақырыптан алшақтап кеткен жоқпыз ба, бастысы осыны тексеру қажет.

6. Тұжырымдамалар мен идеялар. Тұжырымдамалар ойлау құралдары болып табылады, бізсіз дұрыс сұрақ, пікір жасай алмаймыз. «Нақты нәрселер» туралы қалай сөйлескіміз келетінімізге қарамастан, бізге бұл үшін жасанды модельдер мен жалған түсініктер қажет. Жалғыз мәселе - олар дұрыс және нақты анықталуы керек - бұл объективті білім мен пікір, субъективті байқау арасындағы негізгі айырмашылық болып табылады.

7. Қорытындылар мен түсініктемелер. Бұл деректерден мағынаны алудың тәсілдері. Бірдей мәліметтерді түсіне алудың тағы бір жолы бар екенін ескеріңіз. Егер солай болса, деректердің мағыналы қорытынды жасауға жеткілікті болмауы мүмкін. Бұл жағдайда негізсіз болжамдар жасаудан гөрі бұл туралы тура айта кету керек.

8. Салдары. Автордың негізгі ойлары мен тұжырымдарын елеулі түрде алсақ, не болады? Олардың оң және теріс салдары қандай? Бір қарағанда, ақылға қонымды дәлелдер қайшы немесе мағынасыз салдарға әкеп соқтырады - бұл риторикалық «абсурдтық нүктеге жету» үшін негіз болып табылады.

Қазіргі қолданып жүрген сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. Мақсатқа жету студенттердің өзі арқылы жүзеге асады. Оқытушы -ұйымдастырушы, бағыт беруші, сыныпта шешім жасаушы және үкім кесуші оқытушы емес, студент екендігі туралы пікір қалыптастырады, яғни студент-басты тұлғаға айналады, «студент оқу әрекеті-оқытушы» жүйесі қажет болады. Бұдан оқытушы рөлі төмендемейді, тіпті 2-3 есе жоғарылайды, енді ол білімді беруші ғана емес, танымдық іс-әрекеттерді әр тұлғаға лайықтап ұйымдастырушы, оқырманның қабілет көзін ашушы тұлға. Сөйтіп өз тәжірибемізде осы жаңа бағыттардың ортақ нүктесі қиылысар жерінде бір-бірімен ұштастыруға, өзара байытуға үлкен мүмкіндік барын көріп отырмыз. Дәл осы тоғысудан ізденгіш оқытушы өзі үшін көп нәрсе алары сөзсіз.

Осы тұрғыда сын тұрғысынан ойлауды дамыту бүгінгі күні көкейкесті мәселесін шешу-

ге бағытталған технология деуге әбден болады. Студенттің шығармашылығын шыңдайтын, оны ойы оқшау азамат етуге ықпалы мол әдістер жүйесі деп танығаң жөн.

**Әдебиеттер:**

1.ҚР жалпыға міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттары; жоба, // 12 жылдық білім беру, 2006.

2.Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын сабаққа тиімді пайдалану // бастауыш мектеп, 2005, №4.

3.Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы // Педагогикалық кеңес, 2009, №5.

4.Заир-Бек С.И. Развитие критического мышления через чтение и письмо: стадии и методические приемы//Директор школы. 2005. № 4. С.66-72.

5.Critical Thinking http://www.criticalthinking.org/

# ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – ӘЛЕМДІК БІЛІМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЖАҢА БЕЛЕС

***С.А.Асанбаева***
*Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.*
*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*
***Г.Ж.Сүлейменова***
*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*

**Summary:** The article deals with the program of trilingual education in higher educational institutions

Қазіргі кездегі ғылым, білім саласындағы заманауи өзгерістер Қазақстанға батыл түрде дүниежүзілік білім кеңістігіне ену талабын қойып отыр. Ол үшін отандық жоғары оқу орындарымыз әлемнің ең озық білім беру технологиясы мен жүйесін басшылыққа алып, оқытудың сапасын көтеруді басты мақсат етіп қоюы керек. Уақыт отандық білім беру жүйесінің әлемдік білім үдерісіне интеграциялануын талап етеді. Бұл – тек біздің қалауымыз емес, бүгінгі күннің шындығы. Сондықтан, дүние жүзіндегі жоғары білім жүйесінің даму тәжірибесін зерттей отырып, ұлттық білім беру жүйесін халықаралық сапа стандарттарының талаптарына сәйкестендіру бүгінгі күннің күрделі мәселесі.

Білім беру «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді даму Стратегиясының маңызды басым бағыттарының бірі болып саналады. Қазақстандағы білім беруді жаңғыртудың негізгі мақсаттарының бірі- білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу. 2007 жылы мемлекеттік деңгейде «Тілдердің үштұғырлылығы» Ұлттық мәдени жобасы қабылданды, оның негізгі мақсаты - қазақ тілін әлемдік деңгейге көтеру, елде үш тілдің: мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінің толыққанды және терең үйрену мен қолдануына барлық жағдайлар жасау. Бұл құжатта Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев: «Мен қазіргі қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс. Қазақстан бүкіл әлемде халқы **үш тілді** пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп атап көрсетті.

Еңбек ресурстарының бәсекелестігі тікелей білімге қатысты. Әсіресе, қазіргі әлемдік жаһандану кезеңінде жастарға берілер білімнің мазмұнының ұлттық құндылықтарға, мәде-

ниетаралық түсінік-пайымға, ақпараттық жетістіктерге, сонымен бірге, әрине, халықаралық тілдерді меңгеру үрдісіне де қатысы орасан. Жаңа технология мен қаржы-экономиканың тілі болып есептелетін **халықаралық тілдерді меңгерген** адамның жұмысты да қиналмай, тез табуға мүмкіндігі болады. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміздің өзі осыдан шығады. Елбасы көтерген «тілдердің үштұғырлығы» дегенде біз, ең алдымен, осы мәселені түсініп алғанымыз жөн. Сосын осыған айрықша мән бергеніміз абзал. Өйткені, қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып, «ақылды» экономиканы енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Ал бұл бағыттағы толайым табыстарға, ілім-білімге алып барар жол – ғаламшардағы үстемдік құрған тілдерді үйрену. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырған.

Қазақстанның білім беру жүйесінде полилингвизмнің қалыптасуы интеграция мен жаһандану жағдайында дамып, халықаралық талаптарға сай білім берудің өзектілігіне айналуда. Үштілді білім беру отандық білім беруде, соның ішінде педагог мамандардың біліктілігін арттыруда негізгі бағыттар бойынша жүйелі іске асырылуда.

Елбасы Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында білім беру саласына Назарбаев университеті мен НЗМ-інің білім мазмұнын жаңарту бағытындағы технологиясын өңірлерге тарату және орта мектептердің жоғары сыныптарында жаратылыстану бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқыту, 12 жылдық білім беру жүйесіне біртіндеп көшу жөнінде нақты тапсырмалар берілгені мәлім.

Ұлт жоспарының 89-қадамына сәйкес қазіргі уақытта бәсекеге қабілеттілікті арттыру және адами капиталды дамыту үшін Қазақстан Республикасында білім берудің барлық деңгейлерінде үштілділікті оқытуды кезең-кезеңмен енгізу және жоғары сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы (физика, биология, химия, ақпараттық-коммуникативтік технология) пәндерді ағылшын тілінде оқыту мақсаты тұр.

Көптілді тұлғаны қалыптастыру көпұлтты еліміздің бірлігінің шарты ғана емес, сонымен қатар өркениет көшінде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың алғышарты десек, көптілді ортада ұстаздық етіп жүрген педагогтердің біліктілігін арттыру, түптеп келгенде Елбасы назарындағы «Қазақстан – 2050» Мәңгілік ел стратегиясының іс жүзіне асуындағы іргелі факторларының бірі екені сөзсіз.

Экономиканың әлемдік жаһануы, отандық білімнің әлемдік білім үдерісіне кірігуі, кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі, олардың академиялық ұтқырлығы көбіне көптілде сөйлеу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Бұл мәселе елдің индустриалды-инновациялық даму жағдайында айрықша өзектілікке ие болмақ.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2015жылғы 23сәуірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында берген тапсырмасын және «100 нақты қадам: баршаға арналған заманауи мемлекет» Ұлт жоспарының 89-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет және спорт министрлігі, Инвестициялар және даму министрліктерінің 2015жылғы 13қарашадағы №1066 бірлескен бұйрығына сәйкес бекітілген Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасын бағдарламасы бекітілді. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасының білім саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асырудың ұйымдастырушылық негізін құрай алады және болашақта әлемдік еңбек нарқының талаптарына сәйкес келетін кәсіби мамандарды мақсатты түрде дайындауды қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Тәуелсіз аккридиттеу және рейтинг комиссиясы жүргізген мамандырылған аккредитациядан, Германияның ACQUIN халықаралық эксперттік комиссиясы жүргізген аккредиттеуден өткен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті бүгінде бакалаврда – 43, магистратурада – 23, PhD доктарантурада 4 мамандық бойынша білім береді. Қазіргі таңда әлемнің 40-қа жуық жоғары оқу орындарымен келісім-шарт жасалған. Бұл академиялық

ұтқырлық негізінде студенттер мен оқытушылардың халықаралық тағлымнамадан өтуіне септігін тигізеді.

Қос диплом бағдарламалары халықаралық ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бір мезгілде екі диплом алу арқылы студенттердің өз академиялық білімін тереңдетіп, мәдениетаралық алмасуға қатысып, кәсіби мансап жолында кең мүмкіндіктер ашылады.

Әлемдік білім беру үдерісіне бірігу Қазақстанның жоғары оқу орындары үшін шетелде білім алуға мүмкіндіктің кеңеюіне, оның сапасы мен тартымдылығының артуына, жоғары білім сатыларының салыстырмалы жүйелерін қабылдау және оқу кредиттерін сынақтың еуропалық жүйесін қолдану арқылы студенттер мен оқытушылардың академиялық икемділігінің кеңеюіне, жоғары оқу орындарының түлектеріне шетел үлгісі бойынша (транскрипт) Дипломға қосымша (Diploma Supplement) беру, жоғары оқу орындарының түлектерінің академиялық дәрежелері мен біліктіліктерінің халықаралық еңбек нарығына және сәйкесінше олардың кепілді жұмысқа орналасуына әкеледі.

**Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде академиялық ұ**тқырлық бағдарламасы арқасында шет елдің озық оқу орындарынан тағлымнамадан өтетін педагогтар, студенттер мен магистранттар қатары жыл санап артып келеді. Сондай-ақ, АҚШ, Польша, Ұлыбритания, Болгария, Франция, Түркия, Қытай, Ресей елдерінің ғалымдары Қыздар университетінде дәріс оқып, шеберлік сыныптарын өткізуде.

Академиялық ұтқырлықты дамыту бойынша біздің студенттерімізге отандық және шетелдік ғалымдар шақыртылып, арнайы дәрістер мен шеберлік сыныптары өткізіледі. Бұл олардың таңдаған мамандықтарын толық игеруге жасалып жатқан күш.

Университетте өз мамандықтары бойынша ағылшын тілінде дәріс тыңдай алатын топтар да бар. Қазірдің өзінде «Информатика», «Математика», «Биология», «Химия», «Физика» мамандықтарының студенттері негізгі пәндерді ағылшын тілінде оқып жатыр. Ағылшын тілінде дәріс оқи алатын ұстаздардың біліктілігін арттыру мақсатында белсенді жұмыстарда сапалы жүргізілуде. Осындай жаңалықтар бүгінгі Қыздар университетінің қалыптасқан игі дәстүрлер мен инновацияларды тиімді біріктіре білген жаңашыл оқу ордасына айналғанын білдіреді.

Біз, білім беру саласының өзекті мәселелерін қайта қарастыруды талап ететін, адам қызметінің барлық салалары жаһандану үдерісін кешіп жатқан дәуірде өмір сүріп жұмыс істейміз. Сондықтан, бүгінгі таңда ақпараттық және коммуникативтік құзыретілікпен қатар көпмәдениеттілік те жаһандық білім беру қауымдастығының тануынша білім беру саласының негізгі құзыреттілігі және жаһандық білім кеңістігін қалыптастырудағы басты бағыттардың бірі болып саналады. Көпмәдени және көптілді білім беру мәселесінің өзектілігі бүкіл әлемнің экономикалық, мәдени және саяси салаларының интеграциясына бет алуымен тығыз байланысты. Біздің тануымызша, көптілді білім беру бірнеше тілді қатар оқу арқылы арнайы білім алу және әр түрлі елдер мен ұлттардың тарихи-мәдени және әлеуметтік тәжірибелерін меңгеру және соның көмегімен әлемдік мәдениетке мақсатты түрде қосылу үдерісі. Жоғары білім беру үдерісіне қазақстандық қоғамда болып жатқан барлық өзгерістер (саяси, әлеуметтік, экономикалық) белгілі бір дәрежеде ықпал етіп отыратыны сөзсіз.

Экономиканың әлемдік жаһануы, отандық білімнің әлемдік білім үдерісіне кірігуі, кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі, олардың академиялық ұтқырлығы көбіне көптілде сөйлеу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі. Бұл мәселе елдің индустриалды-инновациялық даму жағдайында айрықша өзектілікке ие болмақ.

Егемен еліміздің болашақ бағдарының ұштұғырлы тілдер саясатын негізге алып отырғаны – бүгінгі ақпараттық қоғамның және қашанда өз өктемдігін жүргізетін уақыт пен заманның талабы. Себебі тарих бір орында тұрмайды, әлем жұртшылығының алдында тарихи қажеттіліктен туындаған, айналып өтіп кетуге болмайтын үлкен бір сын тұр. Ол - «жаһанда-

ну», «жаһандасу», «ғаламдастыру» деп түрліше аталып жүрген «глобализация» атты бүкіл әлемде бастау алып жатқан санаспауға болмайтын ғаламдық қозғалыс.

Жаһандану жағдайында мемлекеттік тіл, орыс, ағылшын тілдерінен тұратын үштілділікті дамытудың қажеттілігі айдан анық. Үштілді білім берудің **құқықтық-нормативтік базасын** жетілдіру арқылы қазақ тілінің – мемлекеттік тіл ретіндегі конститутциялық статусын қамтамасыз етіп, орыс тілінің әлеуметтік-лингвистикалық белсенділігін сақтап, дамыған әлемдік тілдер ішінде ел мен халықтың коммуникациялық және интеграциялық қабілеттерін кеңейтетін ағылшын тілін үйретудің озық технологияларын тиімді пайдалану қажет. Олай болса, үштілді білім беруді іске асыруда оқу үдерісін ұйымдастырғанда, осы саладағы отандық және шетелдік білім беру жүйесіндегі зерттеулерге лингвадидактикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, педагогикалық ғылыми сараптама жасап, оқытудың мазмұны мен принциптері ерекше іріктелгенде әлемдік еңбек нарқының талаптарына сәйкес келетін кәсіби мамандарды дайындауға қол жеткізуге болады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы үштілді білім беру жоғары білім беру саласының негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Көптілді тұлғаны қалыптастыру жолында жоғары оқу орнының рөлі зор, себебі негізгі құндылықтар мен өмірлік қағидалар осы уақытта қалыптасады. Жоғары оқу орнында студент өзінің мәдени-ұлттық, этникалық қажеттіліктерін жүзеге асырып, оның бойында гуманистік, жалпы адамзаттық қасиеттердің қалыптасуына қолайлы жағдай мен орта жасалады. Еліміздің индустриалды-инновациялық даму жағдайында оқыту үдерісіне көптілді мәдениет пен көптілді білім беруді ендіру мен оны дамыту қажеттілігі өзекті болып табылады.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1. 2012 жылдың 14 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен қабылданған Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

***М.Әлібаева –***
*педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы*
***С.Нұрғали –***
*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент*
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

Қазіргі кезеңде еліміздің экономикалық-әлеуметтік саласында жүргізіліп жатқан реформалар білім беру салаларын да кең қамтып отыр. Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді жастардың қолында. Сондықтан отандық білім жүйесінде мемлекеттің ұстанған саясатының

ауқымы кеңейіп, білім беруді жаңғырту, жаңарту талабына сай оқыту үрдісін технологияландыру жұмыстары жедел қарқынмен жүргізілуде. Бұл отанымыздың әлемнің алдыңғы елдер қатарына қосылу мақсатынан туындауда. Елбасы Н.Назарбаевтың: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» [4] - деп, тұжырымдауы білім беруді технологияландыру жұмыстарына мемлекет тарапынан қаншалықты маңыз беріліп отырғанын көрсетеді.

Мемлекеттік тілде саналы және ұғынықты қарым-қатынасты жүзеге асыру – еліміздің басты мәселелерінің бірі. Осыған орай кәсіптік мектептерде мемлекеттік тілді жаңа инновациялық технологиялар арқылы оқыту жолдары қарастырылуда. Сондықтан бүгінгі күні қазақ тілін басқа тілді аудиторияларда оқыту әдістемесі жаңа инновациялық технологиялармен, жаңа әдіс-тәсілдермен толығып жатыр.

Ғалым Ж.Қараев: «Мектептерге дәстүрлі әдістер мен тәсілдерден гөрі тиімділігі жоғары жаңа сападағы дидактикалық құрал қажет. Дүние жүзі педагог ғалымдарының пайымдауынша, мұндай құрал болып оқытудың педагогикалық технологиясы табылады. Сол себепті қазіргі кезде білім жүйелерін технологиялық негізде құру – педагогикалық ғылым мен практиканың жаңа, болашағы мол бағыты болып отыр», -дейді [5, 1 б.]. Демек, қоғам талабына сай білім берудің сапасын көтерудің негізгі жолы педагогикалық технология екендігін ғылыми тұрғыдан да, практикалық жағынан да дүние жүзінің педагог-ғалымдары дәлелдеп отыр.

Педагогикалық технология – оқу-тәрбие үдерісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі және оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі.

Бір технологияның өзі оны қолданушылардың шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін. Қазіргі кезде көптеген әдебиеттерден қазіргі заманғы білім берудің даму бағыты мен үрдістерін қамтитын 50-ден астам педагогикалық технология қолданылып жүргені мәлім. Білім беру бағытындағы қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологияның басты міндетіне мыналар жатады:

– білім алушыны ынталандыру, өзіне деген сенім ұялата білу;
– әрбір оқушының жеке бас ерекшелігі мен дара қабілеттерін ескеру;
– оқушымен теңдік дәрежедегі қарым-қатынас жасау;
– оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;
– оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру;
– баланың болашағын бағыт бере отырып дамыту;
– білімді құзіреттілік тұрғысынан меңгерту.

Жаңа педагогикалық технология ұғымы тың, жаңа оқыту амалдары, іс-әрекеттері арқылы ізденуді, яғни, білім мен тәрбие берудегі белгілі бір нәтижеге қол жеткізуі, жаңа ізденістерді оңтайлы пайдалана отырып, сол арқылы жоғары көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік беруді білдіреді. Әр технология белгілі бір, яғни тарихи-әлеуметтік, мәдени-әлеуметтік, когнитивтік, экономикалық, т.б. алғышарттар аясында қызмет етеді, дамиды және олардың әрқайсысының өзіне тән даму бағыты мен кезеңін анықтайтын заңдылықтардың болуы – табиғи құбылыс. Сондықтан қазақ тілін оқыту әдістемесінде де соңғы жылдары жаңа технологияларды тиімді пайдалану мәселесі кең зерттеле бастады. Олардың түпкі мақсаттары мен нәтижелері ортақ болғанмен, әрқайсысының өзіндік дара жүйесі бар. Олардың жекелік сипаты мен білім берудегі маңызын білу қажет.

Модульдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген. Модульдік оқытудағы негізгі мақсат – оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеудің тиімді тәсілдері арқылы жұмыс істеуге үйрету. Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу модулі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру бойынша берілген мұғалімнің нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Бұл технология оқушының білімді бірізділіпкен, өзара сабақтастықта меңгере отырып, шағын мақсаттан түпкі мақсатқа біртіндеп жетуіне мүмкіндік береді.

Сатылай кешенді талдау технологиясы – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оқушыны ұлттық құндылықтарды бағалауға, қолдана білуге машықтандыратын оқыту жүйесі. Сатылай кешенді талдау оқушыларға қазақ тіл білімінің мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастыруда маңызды болып саналады. Ол оқушылардың тіл туралы біртұтас ұғым алуына бағытталады [6, 12 б.].

Қарқынды оқыту технологиясы – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған технология. Бұл оқыту технологиясы тілдерді үйретуде алға қойған мақсатқа өзіндік ізденіс арқылы жетудің тиімділігін, нәтижелілігін қамтамасыз етуді көздейді. Яғни қарқынды оқыту технологиясы берілген уақыт мөлшерінде үлкен табыстарға қол жеткізе отырып, білім алушылардың шығармашылық қабілетін жетілдіруге, кәсіби шеберлігін шыңдауға ықпал етеді [7, 9 б.].

Проблемалық оқыту технологиясы шығармашылық жұмыстарды орындау барысында оқушылардың тың проблеманы өздігінен шешуге дағдыландыру, кез келген өмір жағдаяттарынан жол тауып шығу машықтарын жетілдіруді көздейді. Проблемалық оқытуда мұғалім оқушылардың танымдық белсенділігі мен практикалық іскерліктерін өзара тығыз бірлікте жетілдіруге мүмкіндік алады. Оқушының даралық қасиеттері мен таным қабілеттері сол проблеманы өзгелермен бірлесе шешуде ұштала түседі.

Ізгілендіру технологиясының ерекшелігі – ынтымақтастық педагогикасын жүзеге асыру; баланың еркіндікке құмарлығын арттыру; әдемілікті, әсемдікті сезіну, оны қабылдау; ата-анамен бірлесіп жұмыс істеу, оқыту арқылы тәрбиелеу. Демек, ізгілендіру технологиясы дегеніміз – жаңа заманға бейімделген интеллектуалды және рухани бағытта өзін-өзі жетілдіре алатын тұлға дайындаудың біртұтас жүйесі [8, 7 б.]

Сонымен, оқытудың инновациялық технологиясы – оқу-тәрбие үдерісінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігін және оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін; адамның жеке қабілеті мен ұсынылатын материалдың танымдық міндетін өзара бірлікте жүзеге асыратын; оқушының шығармашылық мүмкіндігін дамытуға бағытталған; жүйелі білім беруге негізделген сапалы оқыту тәсілдерінің жиынтығы.

Кәсіптік мектеп оқушыларының қатысымдық-танымдық белсенділігін арттыруда, айналасындағы жолдастарымен араласу жағдайында олардың коммуникативтік құзіреттілігінің мәні зор. Тілдік қарым-қатынаста оқушылар бірде тыңдаушы болса, бірде сөйлеуші болады. Сондықтан оқушылардың мемлекеттік тілде ұғынықты сөйлесуде ойын толық, еркін жеткізу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру қажет. Осыған орай қазақ тілін оқытуда технологияны қолданудағы басты мақсат – студенттерге тек қазақ тілінің заңдылықтарын меңгерту ғана емес, оқушыны сөйлеуге, өз ойын анық та жүйелі жеткізуге дағдыландыру.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. –Алматы: АнАрыс, 2009. - 368 б.
2. Лисовский В.Т. Диспуты на морально-этические темы. – М.: Знание, 1988. – 64 с.
3. Нечаева В.В. Применение технологии витагенного обучения с голографическим методом проекций на уроках русского языка // Материалы межрегиональной НПК «Профессионализм педагога в условиях инновационного развития системы образования». - Астрахань, 2009. – С.121-124.
4. Сыздық Р. Мәдениетті тіл ғана мәртебелі //Кітап: Ғылыми таным үзіктері.- Алматы: «КИЕ» лингвоелтануинновациялық орталығы, 2009.- 2-т . – Б. 514-518
5. Қараев Ж. Шығармашылық пен жасампаздықтың жаңа моделі // «Ақтоты» газеті. – 2 ақпан 2004. - №2. – Б. 1-2.

# ОСНОВА ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ - ВЛАДЕНИЕ КОМПЕТЕНЦИЯМИ

***Бекқожанова Г.***
*кандидат филологических наук, доцент;*
***Рысбаева А.Қ.***
*магистрант*

**В Послании Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции говорится: «В основе социально-экономических успехов страны – гражданский мир, межнациональное и межконфессиональное согласие, которые продолжают оставаться нашей главной ценностью» [1]. А в основе этой главной ценности находится индивидуум – личность, которая должна владеть в современное время тремя языками.**

Введение в широкий научный обиход категории языковой личности позволяет раздвинуть рамки исследований речевого онтогенеза. Все больше мы обращаем внимание не на формирование языковой структуры, а на становление человека в его *коммуникативной компетенции, которая предстает как проявление языкового сознания в выборе средств общения.*

И в педагогической, и в лингвистической литературе термины «компетенция», «компетентность» встречаются все чаще в таком контексте, как «ключевые компетенции», «компетентный носитель языка», «коммуникативная компетенция обучающегося», «межкультурная коммуникативная компетенция».

В модели психологического развития человека понятие «компетентность» применяется к ситуациям, в которых возникает необходимость решать проблемы, минимизировав затраты своих ресурсов на «единицу» полезного результата.

Речевое поведение составляет сущностную характеристику личности. Попытки выделить особенности речевой деятельности привели к возникновению в науке нового объекта изучения - языковой личности (ЯЛ). С позиции антропоцентрической парадигмы, человек познает мир через осознание себя, своей теоретической и предметной деятельности в нем, определяя иерархию ценностей, которая проявляется в его речи, а центром внимания становится носитель языка - языковая личность (Григорьева-Голубева 2002: 280).

Когнитивные аспекты функционирования личности, интеллект проявляются в языке, поэтому, как считает О.М. Осиянова, говорить о человеке можно только как о языковой личности воплощенной в языке. Языковая личность, по ее мнению складывается из способностей человека осуществлять различные виды речемыслительной деятельности и использовать разного рода коммуникативные роли в условиях социального взаимодействия с окружающим миром. Эта универсальная категория имеет выход на такие человеческие качества, как раскрепощенность, творчество, самостоятельность, способность строить диалог с партнером по общению, включаться в современные мировые процессы развития цивилизации и совершенствовать человеческое общество (Осиянова 2002: 191).

Проблема развития ЯЛ, речевого поведения человека волнует и лингвистов, и педагогов, которые понимают, что в отрыве от теории ЯЛ, от ее многоуровневой организации, без обращения к принципам ее формирования и ее структуры создать эффективную модель обучения языкам невозможно. Однако приходится констатировать, что пока ученые не предложили четких требований к формированию ЯЛ.

В логике антропоцентрической парадигмы языковая личность, как считает В.А.Григорьева–Голубева, представлена несколькими составляющими: Я - физическое, Я - социальное, Я — интеллектуальное, Я – эмоциональное, Я — речемыслительное. И мы согласны с

ней, так как действительно можно оказывать влияние на все остальные стороны адресата. Языковая личность вступает в коммуникацию как многоаспектный феномен, и это соотносится со стратегиями и тактиками речевого общения, с социальными и психологическими ролями коммуникантов, культурным смыслом информации, включенной в коммуникацию. Изучение ЯЛ затрагивает одну из граней личности индивида, ту, что показывает его отношение к языку и речи (Григорьева – Голубева 2002: 8). Под языковой личностью в лингвистике понимается «совокупность способностей и характеристик человека, обусловливающих создание и восприятие им речевых произведений (текстов), которые различаются: а) степенью структурно-языковой сложности; б) глубиной и точностью отражения действительности; в) определенной целевой направленностью. В этом определении соединены способности человека с особенностями порождаемых им текстов» (Караулов 1987: 3). Ю.Н. Караулову принадлежит идея разработки модели ЯЛ с опорой на художественный текст. По его мнению, языковая личность имеет три структурных уровня: вербально – семантический, когнитивный и прагматический. В своем исследовании «Языковой круг: личность, концепты, дискурс» В.И. Карасик выделяет пять аспектов в речевой организации человека: 1) **языковая способность** как органическая возможность научиться вести речевое общение (сюда входят психические и соматические особенности человека); 2) **коммуникативная потребность,** т.е. адресатность, направленность на коммуникативные условия, на участников общения, языковой коллектив, носителей культуры; 3) **коммуникативная компетенция** как выработанное умение осуществлять общение в его различных регистрах для оптимального достижения цели, компетенцией человек овладевает, в то время как способности можно лишь развить; 4) **языковое сознание** как активное вербальное «отражение во внутреннем мире внешнего мира» (Лурия 1998: 24); 5) **речевое поведение** как осознанная и неосознанная система поступков, раскрывающих характер и образ жизни человека (Карасик 2002: 8). В своих лекциях в г.Алматы В.А.Карасик обращал особое внимание на эти составляющие аспекты. И мы видим, как применительно к коммуникативной личности будущего специалиста В.И. Карасик выделяет ценностный, познавательный и поведенческий планы этого понятия, что заслуживает большого внимания и представляется весьма перспективным для дальнейшего развития эффективных моделей языкового обучения [2].

Г.И. Богин интересно представляет теорию ЯЛ в ее отношении к разновидностям текстов. «Человек обладает родовой способностью быть языковой личностью, но каждый индивид еще должен стать ею» **(**Богин 1984). Именно Г.И. Богину принадлежит опыт типологии уровней языковой личности. Критерием развитости ЯЛ автор рассматривает степень развития у личности дискурсивного мышления.

Лингводидактическая модель ЯЛ Г.И. Богина представляет собой значительный вклад в исследование становления языковой личности на основе ее дискурсивной деятельности. Существенным в этом смысле является утверждение лингвиста о том, что речь как человеческая функция и способность формируется в специфической форме в форме усвоения, овладения. Поэтому язык рассматривается не абстрагировано от развивающегося человека, а как сторона личности. «Владение языком - институирующая черта языковой личности - есть единственное средство переноса действия в умственный план, гарантия продвижения человека по пути само регуляции поведения, форма организации психической жизни человека. Человек не может быть личностью, не будучи, в частности, и языковой личностью» (Богин 1980).

Понятие «языковая личность» тесно связано с рядом других, таких как «языковая картина мира», «ценностная картина мира», «ценности», «культурные концепты», «коммуникативная компетенция» и др. Таким образом, это понятие становится одним из основных в рамках социокультурного подхода в обучении иностранному языку.

Целью обучения ИЯ, как считает Н.Д. Гальскова, выступает формирование личности, способной и, что не менее важно, желающей участвовать в общении (опосредованном и не-

посредственном) на межкультурном уровне и самосовершенствоваться в овладеваемой им деятельности.

Обучение ИЯ должно быть направлено на приобщение обучающихся к концептуальной системе чужого лингвосоциума. В целом, соглашаясь с последним тезисом и не отвергая существование в современной лингводидактике концепта «вторичная языковая личность», тем не менее, считается, что это понятие несколько вырвано из контекста теории личности, и не следует вести речь о разделении ее на первичную или вторичную. Это тем более актуально в условиях реального билингвизма, когда стать эффективным участником межкультурной профильно-ориентированной коммуникации непосредственно или опосредованно, и есть цель обучения старшеклассников иностранному языку в профильной школе. *Таким образом, языковая личность старшеклассника, изучающего иностранный язык в рамках профильно-ориентированного курса, предстает в виде сложного, многоаспектного объекта исследования, уникальность и неповторимость которого определяется сформированностью его языкового сознания, уровнем развития языковых способностей и коммуникативных потребностей для осуществления особого профильно-ориентированного общения и взаимообусловленностью личностных диспозиций, проявляющихся как личностные функции* Центральным системообразующим элементом данного исследования выступает идея о возможности формирования языковой личности в рамках особого педагогического где ребенок использует для социализации родной и официальный (государственный) языки и приступает к изучению в школе одного или нескольких иностранных.

**Личность целостна, она представляет собой систему ценностей и обладает разными способами своего самовыражения.**

Подтверждение этой идеи многие исследователи находят в трудах В.П. Фурмановой, которая предлагает придерживаться термина «аутентичная культурно-языковая личность», когда речь идет о носителях изучаемого языка и культуры, и «культурноязыковая личность», имея в виду будущего учителя ИЯ/филолога, поскольку введение дополнительных атрибутивных характеристик «первичная» и «вторичная» представляется нелогичным по причине того, что речь идет о диалоге культур и языков (Фурманова 1994).

Поэтому сейчас используются термины **«аутентичная языковая личность»** для носителей языка и **«неаутентичная языковая личность» -** для изучающих иностранные языки.

Таким образом, можно сказать, что своеобразие коммуникативных проявлений в условиях общения сейчас рассматривается как коммуникативная личность-обобщенный образ носителя культурно-языковых и коммуникативно-деятельностных ценностей, знаний, установок и поведенческих реакций пространства профильного обучения иностранному языку, способствующего полноценному проявлению и развитию личностных функций участников межкультурного взаимодействия.

**Список использованной литературы:**

**1.** Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана – Казахстанская правда, 10 января 2018 год., стр.1

**2.** Монография. — Волгоград: Перемена, 2002. — 477 с.

# ДРАМАТУРГИЯНЫҢ КӨРКЕМДІК БОЛМЫСЫН ТАНЫТУ

***Бораш Рыскүл Байділдақызы***
*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті*

Әдеби шығармаларды оқытуда оқушылардың ақыл-ойын ғана емес, сезімдерін де биік рухани идеалдарға бағыт бере тәрбиелеу маңызды орын алады. Оқушылардың эмоционалдық күй кешіп, математикалық немесе физикалық қабілеті ғана емес, адамтану қабілетінің де өркен жаюына әдебиет сабақтарының тигізетін ықпалы зор. Осы мақсат әдебиетті, оның ішкі салаларын оқыту әдістемесі жоғары талаптарға сай жасалуы керектігін дәлелдей түседі.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің негізгі міндеттері- оқушылардың әдеби тілін жетілдіру, оқырмандық мәдениетін дамыту, шығармалардың көркемдік болмысын түсініп қабылдауға жол салу. Мұндай мақсаттар әдебиетті оқыту барысында оқушылардың жан-дүниесіне әсер ете алатын әдістерді қолдану нәтижесінде ғана орындалады. Проза, поэзия, драматургия қайсысы болсын ең бастысы туындының көркемдік болмысын оқушыға таныта алатын жақсы әдістер жүйесін қолдану арқылы ғана оқушының дамуы туралы айта аламыз.

Бағдарламада берілген драматургиялық шығармаларды оқи отырып, оқушылар тарихи-әдеби үдерістер туралы біліп, әдебиет теориясынан білім алады. Осы арада бағдарламада берілген драмалық туындының оқытылуы құрғақ, формалдық жолмен оқытылып кетпеуін қатаң қадағалау арқылы ғана әдістеменің тиімділігі танылады. Сондықтан драмалық шығармаларды оқыту әдістемесінің міндеті- оқушыларға теориялық тарихи-әдеби білім беру және сол білімді өз бетімен ала алатындай әдістер арқылы үйрету.

Драмалық шығарма - драматургияның заңдылықтарына бағына отырып шығармада кейіпкердің өмірінің белгілі бір уақыт кесіндісі немесе тұтас өмірі таңбалануы. Бұл жерде драмалық шығарманың семиотикамен байланыстылығы туады. Өйткені, таңбалардың табиғатын зерттейтін ғылым - семиотика деп аталса, драмалық шығармада тіл арқылы таңбаланған мазмұнның ерекшелігін тануда оның да қатыстылығыанық байқалады. Драмалық шығармада тілдің эмоционалдық функциясы аса үлкен қызмет атқаратыны белгілі. Танымдық, кумулятивтік, коммуникативтік қызметтері де ерекше түрде келіп, бірақ эмоционалдық аспектісі ерекше зор болады. Драмалық шығарма - ерекше семантикалық жүгі бар тіл құралдарының қызметін танытатын мәтін түрі десек, драмалық шығарманың мәтін теориясымен байланысы көрінеді. Драмалық шығармада тіл құралдарының синтездік қызметі басым болады. Ондағы әрбір дыбысқа, сөзге, сөз тіркесіне, сөйлемге, мәтінге ерекше күш түсіп тұрады. Онда ақпараттың берілуі, ерекше тығыздықпен барынша нығыздалып келген тіл таңбалары қызметі негізінде жүзеге асады.

Драмалық шығарманы оқытудағы басты мәселе - драмалық шығарманың өзіне тән «тілін» таныту, ол үшін тілін тану жолын үйрету. Бұл екеуі қосыла келе, оқушыларға драманы талдауға, оқып-игеруге қажетті ғылыми ұғымдар жүйесін үйрету керектігін көрсетеді. Оқушы драмалық шығарманы өнер туындысы, әдеби туынды ретінде қабылдай алуы үшін, оны прозамен, поэзиямен салыстырып тани білуі, олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерді айқын көре алуы шарт.

Драмалық шығарманың әдеби туынды ретінде танылуы - оның тіл арқылы жасалған өнер шығармасы болуында. Сондықтан да, сабақта драмалық шығарманы талдау барысында оны мынадай аспектілерде қарастыру жөн болады.

Өнер туындысы ретінде жасалған драмалық шығарма - таным.

Образ теориясы.

Драмалық шығарманың “тіл” мен “сөйлеу” жүйелеріндегі ерекшеліктері.

Драмалық шығарманың шығармашылық туындысы ретіндегі ерекшеліктері.

Драмалық шығарманың мазмұны, пішіні (формасы), материалы. Оқушы (оқырман) мен драмалық шығарманың “ішкі әлемі” мәселесі

Драмалық шығармадағы “автор бейнесі”.

Сюжетологияның негізгі мәселелері

Әдеби кейіпкер болмысы. Драмалық шығармадағы персонаждар жүйесі мен авторлық позиция.

Драмалық шығарманы оқу барысында оқушы үшін дүниенің қандай маңызды бейнесі танылады? Бұл сұраққа жауапты профессор Н.Ғабдуллиннің пікірінен табуға болады: «Пьеса- драма,комедия - әдебиеттің ең қиын формасы,- дейді Горький. Қиын болатын себебі бар. Проза мен лирикада автор кейіпкерлердің әрекеттерін, олардың жан-дүниесіндегі құбылыстарды, жүректегі сезімдерін өз тарапынан еркін түсіндіріп отыра алады. Ал, драматургияда авторға мұндай мүмкіншілік жоқ және кейіпкерлердің іс-әрекетіне де, шығарманың көлеміне де қатаң шек қойылады. Пьесада бүкіл іс-әрекет, бар оқиға біздің көз алдымызда өтіп жатқандай боп көрінуге керек. Сол оқиғалар сипатынан кейіпкерлердің өткен өмірін де, келешегін де білеміз. Автор пьесада драматургияның қатаң талабына оқиғаны бағындырады, бірақ геройлардың іс-әрекетінің даму заңдылығын берік ұстауы тиіс»- драма шарттарын толық көрсетіп береді.[1,13б].

Сонымен бірге, Н.Ғабдуллин адам өмірінің кез келген жағдайы драмалық шығармаға өзек бола алмайтынын айта келіп, драмада адам өміріндегі ең маңызды, өнегелі, дүйім жұртқа қызықты жағдай ғана бейнеленуі керектігін атап көрсетеді [1,14].

Драматургияның мазмұны күнделікті күйкі тіршілікті натуралистікпен тілдік таңбамен суреттей салудан құралмайды, есесіне, өмірдегі күрмеуі тым қиындаған, шешімі тым көмескіленіп, адамдардың жан-дүниесінде алапат құбылулар мен сезімдер туғызған жағдайларды суреттеп, соларға шешім іздеуінен құралады.

Драматургиядағы образ ұғымы мен драмалық шығарманың мәнінің тығыз байланыстылығы негізгі орында болады. Образ ұғымына түрліше аспектіден берілген анықтамалар бар: психологиялық түсініктеме, таза мазмұндық түсініктеме, философия-әдебиеттанушылық түсініктеме. Психологиялоық тұрғыдан түсініктеме беру В.М.Жирмунский, М.Столяров еңбектерінде негізгі орында болса, таза материалдық немесе таза мазмұндық түсініктеме беру А.Мясников, Г.фон Гильперт еңбектерінде орын алады. Олар образ ұғымын форма немесе көркемдік әлем деген ұғымдармен алмастырады. Философиялық-әдебиеттану тұрғысынан берілетін түсініктеме В.Кожинов, И.Роднянская, М.Эпштейн еңбектерінде беріледі.

Бұл жердегі образ ұғымы - шығарманың идеясы, автордың жан-дүниесінен толғанып шығатын дүниенің жинақы бейнесі. М.Әуезов драматургияны театрмен байланысты қарастыра келе, театр өнерінің қазіргі кезеңде дамығанына қуанышты екендігін айта отырып, оның жауапкершілігі туралы баса назар аударады: «… Бірақ сол қуанышпен бірге, бұл сияқты ірі өнердің келешегі үшін жауапты екенімізді де ұмытпауымыз керек. Сондықтан бұл мәселеге үлкен сақтықпен кірісіп, көп ойланып, ептеп басу керек»,- дейді [2,28б]. Бұл жердегі сақтық, жауапкершілік дегендерді автордың драмалық шығарма арқылы берілетін мазмұнға деген сақтығы, образдар арқылы оқырманның жан-дүниесінен орын алатын идея үшін жауапкершілігі деп түсіну керек.

Драмалық шығарманың маңызы сонда суреттелген негізгі мазмұнмен, ішіндегі кейіпкерлермен танылып қоя салмайды. Драманың түпкі мәнісін түсіну үшін, онда суреттелген адамдар бейнесіне философиялық заңдылықтар тұрғысынан көз сала алу керек. Драмалық шығармада суреттелген образ - өмір-күрестің сан-саласының ішіндегі белгілі бір ситуацияларда өзінің шын мәнінде кім екендігін көрсетуі арқылы сомдалатын болмыс. Мысалы, 8 сыныпта оқуға берілген Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасындағы образдар галлереясын мысалға алуға болады.

Драмалық шығарманың өнер туындысы ретінде «тіл» мен «сөйлеу» жүйелеріндегі ерекшеліктерін таныту әдістеме үшін маңызды мәселе. Ең алдымен, өнер - адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір формасы екендігіне назар аудару керек. Өнер - дүниені таңбалаудың

бір формасы десек, өнердің де семиотикалық яғни таңбалар теориясы тұрғысынан қарастырылу жолы болатынына ден қоямыз. Виктор Гюго ғылымды баспалдаққа теңейді, ал өнер болса, баспалдаққа ұқсамайды, өнер - өзінің ішкі салаларымен ерекшеленіп, әрқайсысы, үлкен, алып таудың бірін екіншісі жалғап жатқан тамаша тізбегін бейнелейді. Сонда, ғылымда даму бар да (себебі ол - жоғарыға ұмтылған баспалдақ сияқты), өнерде даму болмай ма? деген сұрақ та тууы заңды. Өнердің дамуы туралы айтқанда қоғамның, әрбір халықтың, ұлттың даму тарихын қоса айту керек, себебі өнер - қай кезеңнің болса да таңбаланып қалған бейнесі болып табылады. Ендеше, жалпы өнер табиғатына тән ерекшеліктер мен заңдылықтар драмалық шығарманың табиғатына да тән болатыны сөзсіз.

Драмалық шығарманың да таңбалар жүйесінде өз орны болады, өйткені ол - тіл арқылы, сөйлеу арқылы таңбаланған туынды. Драмалық шығарманы адам баласының тамаша мүмкіндіктерінің бір формасы ретінде тану - осы өнер түрінің терең тынысын, әсемдігін түсіну, осындай дүниені туғызушы авторлардың табиғатындағы танымдық потенциалдың ерекшелігі мен қызметін білу мен бағалауға жетелейді. Шекспир таңбалаған орта ғасырдағы Ромео мен Джульеттаның тарихы мен Ғабит Мүсірепов таңбалаған Қозы-Көрпеш пен Баян сұлудың тарихындағы ортақтық - адамға тән керемет қасиеттің, махаббаттың, түрлі кезең мен түрлі қоғамдағы орны мен бағасы. Махаббаттың барлық адамзат ұрпағына тән болуына сүйсіну мен оның болмысындағы керемет әсемділікті суреттеуге ұмтылу - екі кезеңдегі екі драматургтің түпкі мақсаты. Екі драмалық шығарманың да төрешісі - уақыт. Уақыттың сынына төзіп, барлық талаптарының үдесінен шығып жатқан бұл шығармалардың ерекшелігі - тілдік құралдардың тамаша үйлесімділігі арқылы сомдалу құпиясында жатқанын барлық оқушы бірдей түсіне де бермейді. Оны арнайы тілдік талдау жүргізу арқылы ғана түсіндіре аламыз. Тілдің таңбалық сипаты осындай терең түсінікпен келгенде ғана айқындалады. Драмалық шығарманың әдебиеттің ерекше жанры ретінде, өзіндік тіл құрылысы, өзіндік сөйлем жүйесі, ішкі тілдік заңдылықтары болады. Драмалық шығармадағы әрбір сөз, сөз тіркесі, сөйлем, абзац, мәтін - интонациямен, ырғақпен, ұйқаспен, әуезбен байланысты болады. Автор шығарма жазу барысында мұның барлығын жіті қадағалап отырып жазады. Драмалық шығарманың сахналық өнермен байланыстылығы ондағы құрмалас сөйлемдердің аз болуын, шұбалаңқылықтың болмауын талап етеді.

Драманың шығармашылық жұмыс туындысы ретіндегі ерекшелігін қарастыру үшін алдымен, шығармашылық туралы қарастырып өтеміз.

Сөздікте шығармашылыққа мынадай анықтама берілген: «Шығармашылық психологиясы (психология творчества) - суреткердің өмірді танудағы, мәдени қазынаны жасаушы ретіндегі жеке психологиясы, жаңа бір туындының қиялда туғанынан бастап, оның аяқталуына дейінгі динамика, яғни көркем шығарма жасаудағы жалпы және жекелеген заңдылық процесі, шығармашылық психологияның ерекшелігін зерттейтін әдеби, ғылыми көзқарас. Шығармашылық психологиясының жалпы психологиядан өзгешелігі жазушының шындықты бейнелеу процесін жете үйренуі және оларды ерекше бір көркемдік түрде жүзеге асыра білуі, сондай-ақ, жазу тәсілінде, психологиялық үдерісте тек психологиялық тұрғыдан ғана келмей, әдебиеттану, эстетикалық және басқа да іргелес қажетті пәндерді де тиімді пайдалана білуінде» [3,369].

Драмалық шығарма - драматургтің шығармашылық еңбегінің нәтижесі ретінде дүниеге келген туынды. Драматургтің құндылық жасауға ұмтылған қызметінің нәтижесінде көптеген дүниетанымдық көзқарастарының бір арнаға тоғысып, жаңа дүние, яғни драмалық шығарма жасауға кеткен күш-қабілетінің, уақытының барлығы - шығармашылық еңбек болып саналады. Тау мен жер, су мен жел, жан-жануарлар мен құстар болып әсер ету нәтижесінде туындайтын, сондай-ақ адам мен адам арасындағы қатынастардың санаға, жеке адамның болмысына, танымына әсер етуінен туындаған дүниелер болады. Бірақ кез келген адамға, кез келген уақытта, кез келген нәрсе әсер етіп, нәтижесінде рухани құндылықтар туа бермейді.

Ол үшін шығармашылық қабілет пен шығармашылық қасиет болуы керек.

«Гамлетте» таңбаланып қалған Шекспирдің қабілеті, таным күші, құндылықтарының әлемі, интеллектуалдық білімі мен интеллектуалдық актілердің барысы - осы драмалық шығарма жасалғаннан бері барлық оқырманын да, көрерменін де өзімен бірге алапат сезімдерге алып кететін әлі де құпиясы, сыры шешілмеген шығармашылық деп аталатын қасиет. Осындай қасиеттің ең дегенде үштен бірі болса да, ол шығарма - тамаша шығармалар қатарында жүр. Ал оқырманы мен көрерменін ондай сезімдерге бөлей алмаса, ол драмалық шығарма - көркем шығармашылық үдеріс нәтижесінде тумаған дүние деп танылуы хақ.

Біздің ойымызша, драмалық шығарманы терең тани түскен сайын шығармашылықтың өзін тану әдістерін де анықтауға болады.

Драмалық шығарманың мазмұнын, формасын тану да оқушы үшін маңызды болып саналады. З.Ахметов мазмұнға мынадай анықтама береді: «Әдеби шығарманы талдағанда, оның мазмұны мен түрі деп, ішкі сипат-қасиетін және сыртқы көрінісін бөліп қараймыз. Сонда мазмұн дегеніміз - шығарманың өмір шындығын, құбылыстарын бейнелі түрде көрсетіп, ой-сезімге әсер беретін мағыналылығы деуге болады. Әдетте, шығармадағы мазмұн көркем ой көрігінен түрленіп шыққан өмір шындығы делінеді. Былай деуге, әрине, негіз бар. Алайда мазмұн деп суреттелген өмір құбылыстарын айту қисынды болмас еді. Өйткені, шығарманың мазмұны - баяндалған, көрсетілген уақиға, жағдай, өмірлік құбылыстардың тікелей өзі емес, соның көркемдік көрінісі, сөзбен мүсіндеп берілген суреті» [3,221].

Мазмұн мен форманың болмысы драмалық шығармаға қатысты танылған кезде, драмалық шығарманың өзіндік табиғаты айқындала түсетіні сөзсіз. Өйткені драмалық шығарманың проза мен поэзиядан ерекшеленетін қырлары мол. Олар:

- театрмен байланыстылығы
- көлемінің шектеулілігі
- оқиғаның қызу тартысқа құрылуы
- кейіпкер бейнесі диалог, монолог арқылы танылуы
- терең сезімді танытатын лирикалық тәсіл мен шиеленіскен оқиғаны баян ететін эпикалық жанрға тән көркемдік тәсілдің қабысуы.

Р.Нұрғалиев мазмұн белгілі бір форма арқылы өмір сүре алатынын айта келіп, форма бұзылса, мазмұн да бұзылатынына назар аударады. Ғалымның айтуынша, негізгі мәселе, шығармадағы мазмұн мен форманы жалпы теориялық тұрғыдан қарастыру аз болатындығына, сондықтан мәселені нақты, дәлді деректерге сүйене отырып зерттеу қажеттілігінде [4,146].

Драмалық шығарманың мазмұны мен формасы оның құрылымын туғызады. Бұдан драманың өзге жанрдан ерекшелігі аңғарылады. Әрине, драмалық шығарманы талдау, тану мүлде мүмкін емес деген пікір тумайды, қайта, драмалық шығарманың өз заңдылықтары ерекшелене түседі. Драмалық шығарманы қарастыруда екі аспекті бары белгілі, олар: театртану мен әдебиеттану салалары. Поэтика мен философиялық эстетикада драманы зерттеуге үш жолмен келеді, олар:

1. Драмалық іс-әрекеттер теориясы тұрғысынан келу;
2. Драмалық сөз теориясы тұрғысынан келу;
3. Катастрофа мен катарсис тұрғысынан келу

Әрбір жекелеген драматургтің шығармашылық ерекшелігін айрықша етіп тұратын концептуалдық түрдегі тақырыптар мен идеялар болатын сияқты, драмалық шығарманың құрылымындағы кейбір компоненттердің орнын ауыстырып көрсе, комедия мен трагедияның мазмұндары да өзгерер ме еді? Міне, сондықтан да драмалық шығарманы мектепте оқытуда оқушыларға үйретететін әдістің бірі салыстыра талдау болуы керек. Өйткені, драмалық шығарманың мазмұны мен формасы көп жағдайда, оның құрылымына, құрылымының бөлшектері мен олардың орналасу жайына да көп байланысты болады. Осылардың ізімен жүріп

отыратын болсақ, драмалық шығарманың мазмұны мен формасы - оқушыларға үйретілетін негізгі ұғымдар екендігі танылады.

Драматургияны оқыту әдістемесінің іргелі тұсы- драмалық шығарманың теориясына, әебиеттану ғылымының әдісіне негізделеді. Теориялық ұғымдар арқылы оқушы драмалық шығарманың мазмұнындағы психологиялық-көркем тетіктерді нәзіктікпен ажыратып тани алады.

Драматургияны оқыту әдістемесі өзіндік күрделі құрылымға ие, бұл күрделілік мектеп бағдарламасында драмалық шығармалардың санаулы болып келуінде. Өйткені, күні бүгінге дейін мектеп бағдарламасында драматургиялық шығармаларды оқытуға жете көңіл бөлінбей келеді. Жаңартылған білім бағдарламасы да бір-екі драматургиялық туындымен шектелген. Бірақ, қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерін зерттеуші ғалымдардың бұған қатысты еңбектері мол. Бұл мәселе мектепте драматургияны оқытуға теориялық база жасалғанын дәлелдей алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.Ғабдуллин. Ғабит Мүсірепов - драматург.-Алматы: Өнер, 1982
2. М.Әуезов. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962
3. Әдебиеттану терминдері сөздігі.- Алматы: Ана тілі, 1998, 130 б
4. Р.Нұрғалиев. Телағыс.- Алматы: Жазушы, 1986

# ОҚУШЫҒА СӨЗ САПТАУ ТӘСІЛДЕРІН ҮЙРЕТУ

***Ж.Дәулетбекова –***
*Абай атындағы ҚазҰПУ*
*қазақ тілі теориясы және әдістемесі*
*кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д.*
***Г.Қожахметова -***
*Ясауи атындағы ҚХТУ 3-курс докторанты*

Заманауи білім берудің басты талабы – оқушыға құрғақ ережелерді жаттатудан бас тартып, А.Байтұрсынұлы айтқандай, «нәрсенің атын алмай, затын алып, баланың меңгерген білімі өзіне де, мемлекетке де пайдалы болатынын көздей отырып оқыту»[1, 301-б.]. Олай болса, ана тілі ретінде оқытылатын «Қазақ тілі» сабақтарында балаға пайдалы білімнің бірі – оларға сөз саптау тәсілдері туралы нақты білім беріп, оны практикалық тұрғыдан саналы үйрету. Сөз саптау тәсілдерін меңгерген білім алушы кез келген жағдаятта жол табуға, өздігінен шешім жасауға, өз әрекетінің түпкі мән-мазмұнын түсіндіре алуға қабілетті болмақ. Сол себепті мектеп қабырғасында сөйлесімге баулитын, оның түрлері мен типтері туралы ұғым қалыптастыратын білім мазмұнын құру тиімді болатыны сөзсіз.

Сөйлесім типтерінің ауызша және жазбаша түрге бөлінуіне, монологтік сөз, диалогтік сөз, полилогтік сөз деп ажыратылуына, сөйлеудің функционалдық стильдері мен функционалдық-қатысымдық типтері деп топтастырылуына бірнеше фактор негіз болады. Олардың қатарында субъективтік, әлеуметтік, қоғамдық және т.б. бар.

Адамдардың тіл арқылы қатынасқа түсуі әртүрлі формада жүзеге асады. Мысалы, ойын-сауық орындарында достармен кездесіп әңгімелесу, қызмет орнындағы әріптестермен сұқбат жасау, ресми немесе бейресми жағдайларда телефон арқылы сөйлесу, жоғары оқу орындарында дәріс оқу – ауызша түрде жүзеге асатын тікелей қарым-қатынастың түрі бо-

лып саналады. Кітапты, ресми немесе бейресми қатынасқа байланысты жазылған хаттарды, әртүрлі құжаттарды оқу да тілдік қатынасқа жатады, бірақ ол жазылған мәтін арқылы жүзеге асады. Ауызша тілдесімде ой тіл дыбыстары арқылы айтылса, жазбаша тілдік қатынаста ой тілдік таңбалар арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен, «тілдік қатынастың жүзеге асуының екі формасы – ауызша және жазбаша тілдің ортақ жақтары да бар, бірі-бірінен айырмашылықтары да жетерлік. Ортақ жағы – олардың екеуі де әдеби тілге негізделеді; екеуі де адамның ойын жеткізу қызметін атқарады. Ауызша тіл мен жазбаша тілдің айырмашылықтары олардың ойды жеткізу құралдарына байланысты болады. Ауызша тілде әңгімелесушілер (Баяншы мен Қабылдаушы) бетпе-бет сөйлесетіндіктен, ауызекі сөйлеу стиліне тән белгілер: сөйлемдердің толық болмауы, сөз қысқалығы, тілдік емес құралдардың (бет-жүз құбылыстары мен қол-дене қимылдарының) қатысы басым болады» [2, 123 б.]. Онда сөздердің, сөйлемдердің орнын интонация, дауыс ырғағы мен мәнері, сөз кідірістері алмастырып отырады. А. Чехов айтқандай, ауызша тілде «интонация сөзден де артық» қызмет атқара алады.

Жазбаша тілде ойды жеткізудің құралы болып тілдік таңбалар саналады. Қарым-қатынас жүзбе-жүз іске асырылмайтындықтан, Баяншы өз сөзінің Қабылдаушыға барынша анық, түсінікті болу үшін ойын жүйелі, сөйлемдерін толық, кітаби тілдің барлық стильдік нормаларына тән ерекшеліктерге сай етіп құрады. Мұнда тек сөздер мен сөйлемдер ғана емес, әрбір тыныс белгісінің де атқаратын рөлі үлкен.

«Тілдік қатынастағы сөйлесім мәні жағынан әлеуметтік, ал орындалуы жағынан даралық сипатқа ие болады. Адамдардың өзара әлеуметтік қатынасында тіл ерекше рөл атқарады»[3, 65 б.]. Бала өмірге келгеннен бастап өзін қоршаған ортамен үздіксіз қарым-қатынаста болады, ортаға бейімделеді. Оның субъективтік болмысының қалай болуы өскен ортасында естіген сөздеріне тікелей байланысты. Бұл адамның қалыптасуындағы сөздіңәлеуметтік мәнін танытады. Сөз арқылы ой дамитын болса, ақыл-ой әр адамның өмірде алар орнының қандай болмағын белгілейді. Өйткені ата-анасы мен қоршаған ортасы балаға сөз арқылы тәрбие береді. Сондықтан да М. Қашқари «Тәрбие басы – тіл, әдеп басы – тіл» дейді. Сөйлесімнің даралық сипаты адамның сөзге мән беруі мен қай сөзді қай жерде қалай қолдануынан көрінеді. Сөзді талғап, таңдап жұмсай білу мәдениеті сол адамның қоғамдағы, ортадағы мәртебесін де анықтайды.

Тілдік қатынасқа түсетін адамдардың саны да, олардың арасындағы байланыс дәрежесі мен белсенділігі де әр түрлі болып келеді. Тілдік қатынасқа түсушілердің санына қарай адамдар арасын жалғайтын сөздің түрлері *монологтік сөз* (бір адамның сөзі), *диалогтік сөз* (екі адамның өзара сөйлесуі), *полилогтік сөз* (бірнеше адамның өзара пікірлесуі) болып ажыратылады.

«Монологтік сөз көздеген мақсатына, сөз саптау тәсілдеріне жәнефункционалдық-мазмұндық сипатына қарай: сипаттау, баяндау, пайымдау болып үшке бөлінеді. Бұлардың алғашқы екеуінен сөйлеушінің қоршаған ортадағы заттарға қатынасыкөрінсе, соңғысында оның табиғаттағы заттар мен құбылыстардың мәнін, орнын тануы мен бағалауы, өзіндік көзқарасы мен түсінігі баяндалады» [4, 15-16- б.].

***Сипаттау***– қоршаған ортадағы белгілі бір құбылысқа тән белгілерді санамалай отырып, сөзбен бейнелеп көрсетудің тілдік тәсіл. Монологтік сөздің бұл түрінде сол құбылыстың, заттың түрлі қасиеттерін бөлектеп сипаттау көзделетіндіктен, Баяншы өзінің әр сөзіне жете мән береді.

Сипаттаудың мақсаты – оқырманның я тыңдарманның көз алдына бір нәрсені тұтас қалпында елестету үшін сол нәрсеге қатысты белгілерді жан-жақты ашып беру. Сипаттау сөздің формуласы: *Сипаттау = белгі + белгі + белгі.* Сипаттама сөзде көзделген нәрсенің нақты белгілерін дәл беретін сөздер мен сөз тіркестері таңдалады.

Сипаттама сөз нысанаға алынған нәрсенің ерекшелігіне қарай: тұрмыстық, портреттік, интерьерлік, пейзаждық, ғылыми-техникалық және істің жайына қатысты сипаттау болып іштей бөлінеді.

Сипаттау мәтінінің баяндауыштары не есім сөзден жасалады немесе өткен және ауыспалы осы шақ формаларындағы етістіктер қолданылады. Оның өзіне тән ерекшелігі сол, онда сипатталып отырған нәрсенің барлық белгілері сол сәттегі қалпында бір-біріне байланыссыз бөлек күйінде көрсетіледі. Мысалы: «*Бөлменің іші терезеден түскен күн сәулесінің жарығымен ап-анық көрініп тұр. Төбеде алтын шынжырмен бекітілген, хрусталь тастары жалтыраған сәнді аспалышам. Еденде қалың, ашық түсті қалы кілем. Терзеге сол кілемнің түсіне үйлесімді етіп қымбат торғын перде ілініпті. Бөлменің оң жақ шетіне үлкен пианино қойылған. Пианинонын жанындағы журнал үстелінің үсті толған нота қағаздары*».Бұл мысалда бір бөлменің ішіндегі заттар (шам, кілем, перде, журнал үстелі) жеке-жеке қалыпта сипатталған.

***Баяндау*** – нақты бір оқиғалар туралы хабарлай отырып, түрлі оқиғалардың, құбылыстардың, әрекеттердің даму ретін көрсететін сөз саптау тәсілі. Мұнда оқиғаның сол сәттегі қалпы осыған дейінгі басқа да оқиғалармен, әрекеттермен сабақтастықта, өзара бірлікте ашылады. Баяндаудың формуласы: *Баяндау = 1-оқиға + 2-оқиға + 3-оқиға.... .*

Баяндау сөздегі оқиғалардың жүйесі, өзара сабақтастығы сол оқиғалардың өту кезеңдерін ретімен көрсетуге сәйкес қолданылатын етістіктердің көмегімен ашылып отырады, түсіндіріледі. Оқиғалар бірінен-кейін бірі баяндалып отырады. Мұнда сөйлемдердің құрылысы жай да, күрделі де формада құрыла береді. Ол, әдетте, баяндаушы адамның таңдаған сөз стиліне, тіл байлығына, ойды жеткізу шеберлігіне байланысты болады. Сөйлемдер бірбірімен байланысып, алдыңғы ой кейінгі сөйлемдерде жалғасын тауып отырады.

Баяндама сөзде етістіктер жиі қолданылады. Олардың шақ формалары оқиғаның баяндалу сәтіне байланысты өткен шақта, осы шақта, келер шақта қолданылып, нақты әрекеттерді білдіреді. Мысалы: «*Ғалымның мерейтойын атап өту мәселесі өткен жылы қыркүйек айында жоспарланған болатын. Бүгін сол шешімге сай іс-шаралардың нақты жобасы бекітілді. Орындаушыларға да тиісті жұмыстар тапсырылып отыр. Үстіміздегі жылдың мамыр айында республикалық деңгейде «Дөңгелек үстел» өтетін болды*».

***Пайымдау*** – белгілі бір ойды таратып түсіндіру, талдау, бекіту сипатында айтылатын сөз. Пайымдаудың мақсаты – автордың қоршаған ортадағы оқиғалар, құбылыстар туралы өзіндік көзқарасын талдап түсіндіру, дәйектеп жеткізу. Сондықтан оған зат, құбылыс, оқиға туралы білім беріп, ұғым қалыптастыратын ойлар мен идеялардың дамуы тән. Пайымдау сөздің формуласы: *Пайымдау = мәселе (тезис) – 1-талдама – 2-талдама – 3-талдама...+ қорытынды сөз .*

«Пайымдау сөзде нақты бір затқа емес, соған қатысты ой-пікірлерге байланысты абстрактілі ұғымдар мол кездеседі, әртүрлі логикалық қатынастарды білдіретін күрделі оралымдар мен құрмалас сөйлемдер жиі қолданылады.

Пайымдау сөз құрылымының негізгі ережесі бойынша кіріспе бөлімде басты ой нақты айтылады, негізгі бөлімде соған қатысты жаңа ойлардың тууына әкелетін тұжырымдар ұсынылады, қорытынды бөлімде сол ой-тұжырымдар түйінделеді. Немесе нақыл, қанатты сөздерде кіріспе мен негізгі ой беріледі де, қорытынды тұжырым жасау Қабылдаушының үлесіне қалдырылады» [4, 17- б.].Мысалы: Дегдар азаматтың тоғыз тарау пайымы бар:

қарағанда – анық көріп тұрмын ба деп ойлайды;
тыңдағанда – дұрыс естідім бе деп ойлайды;
өңім – мейірбан ба,
қимылым – ізетті ме,
сөзім – риясыз ба,
ісім – орынды ма деп ойлайды;
көңілін күмән жайласа – кеңеспекке ойлайды;
бойын ашу кернесе – ақырғы зардабын ойлайды;
несібе, олжакөрсе– обалынойлайды(*Конфуций*).

Мұғалім сөз саптау тәсілдерін қолдануға үйрету үшін, әрине, алдымен дайын мәтіндермен жұмыс жасауға, оны талдай отырып, ой түюге үйретуі заңды. Сондықтан оқушыға ұсынылатын мәтіндерді таңдауда оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оларға әрі ақпарат, әрі тәрбие берілетіндей, әрі тілдік нысана нақты көрініп тұратындай оқу материалдарын іріктей білудің маңызы зор. Мысалы, төмендегі мәтін мен оны талдауға арналған тапсырмалар жүйесі былай құрылды:

*Мәтін мазмұнын түсініп оқыңыздар.*

***Адам қалай ойлайды?***

Адам баласы өзінің айналасындағыларға, басқаларға деген көзқарасын, ниетін өзгертсе, олардың да бұған деген көзқарасы өзгереді. Адам өзінің ой-пікірін, ниетін өзгертсе, оның өмірінің материалдық жағы да өзгереді Яғни тағдырымыз өз қолымызда. Адамның қол жеткізген жетістіктері – оның өзінің ойы мен ниеті арқылы жоғары көтеріліп жеткен жеңістері. Ал ойы мен ниетін жақсылыққа бағыттай алмайтын адамдар бақытсыз болады. Сондықтан да өз бақытымыз үшін өзіміз күресейік. Алдымен, өзімізбен күресуді оптимистік ойдың негізінде жүзеге асырайық. Ол үшін мен сіздерге өзім орындайтын бағдарлама ұсынамын. Оның аты «Дәл бүгінгі күннен бастап» деп аталады. Бұл бағдарлама бойынша:

- *дәл бүгіннен бастап* «Мен бақыттымын» деген сөзді басшылыққа аламын;

- *дәл бүгіннен бастап* мен өзімді қоршаған ортадан тек жақсылық іздеймін, ойым мен ниетімді жақсылыққа бағыттаймын;

- *дәл бүгіннен бастап* мен өзімнің денсаулығым туралы ойлана бастаймын. Дене шынықтыру жаттығуларын жасап, үсті-басыма күтім жасаймын;

- *дәл бүгіннен бастап*дұрыс тамақтанамын, өз денсаулығыма зиян келтірмеуге тырысамын;

- *дәл бүгіннен бастап* мен өзімнің ой-өрісімді кеңейте бастаймын. Білімімді толықтырамын. Миымды жаттықтырамын, ой қозғауға күш беретін кітаптар оқимын;

- *дәл бүгіннен бастап* мен өзімді-өзім жетілдіруді қолға аламын. Ол үшін мен үш нәрсе жасауым керек: мен бір адамға өзі білмейтіндей етіп пайдалы іс жасаймын; одан басқа жаттығу ретінде өзіме пайдалы екі іс жасаймын;

- *дәл бүгіннен бастап* барлық адамдарға достық ниетпен қараймын. Мүмкіндігінше, өзіме жарасатын киім киіп, адамдармен дауыс көтермей сөйлесем, ешкімді сынамауға, ешкімге жөнсіз тиіспеуге, ешкімді басынбауға тырысамын;

- *дәл бүгіннен бастап* бүгінгі күнмен өмір сүремін, өз өмірімдегі барлық проблемаларды бірден шешуім мүмкін еместігін есте сақтаймын;

- *дәл бүгіннен бастап* мен өз істерімді жоспарлап, әр күн сайын не істейтінімді жазып отырамын. Мен дәл осы жоспарым бойынша жазылғандарды жүзеге асыра алмауым мүмкін, бірақ мен оны жасап қоямын. Бұл маған екі жаман істен - асығыстық пен шешімсіздіктен арылуға мүмкіндік береді;

- *дәл бүгіннен бастап* мен жарты сағат жалғыздықта, тыныш жерде отырып тынығамын, ойларымды қалыпқа келтіруге тырысамын;

- *дәл бүгіннен бастап* мен бақытты болудан, әдемілікке сүйсінуден және сүйікті болудан қорықпаймын. Мен жақсы көретін адамдардың мені де жақсы көретініне сенетін боламын.

Егер сіз бен біз осы бағдарламаны бетке ұстансақ, өміріміз тынышталып, өзімізбен және айналадағы адамдармен қарым-қатынасымыз ізгілікке, сүйіспеншілікке құрылатыны сөзсіз(*Джеймс Лейн Аллен*).

Оқушыларға осы мәтін бойынша мынадай тапсырмалар беріледі:

1. Мәтінге сөз саптау тәсілдері бойынша талдау жасаңыз.

2. Автордың ұсынысына қатысты пікіріңізді айтыңыз. Өз тәжірибеңізде мұндай тәсілді қолданып көрдіңіз бе?

3. Автордың бағдарламасы бойынша өз ойыңызбен үндесетін пікірлерді жазып алыңыз.

Оны ары қарай жалғастырыңыз. Неге дәл осы бағдарларды таңдағаныңызды дәйектеп айтыңыз. Жазғаныңызды ең ыңғайлы көрінетін жерге іліп қойыңыз да, күн сайын оқып жүріңіз.

4. Өзіңіздің көңіліңіз толған істеріңізді күнделігіңізге жазып, осы тәсілдің нәтижесін бақылаңыз. Қол жеткізген нәтижелерге сүйеніп, өз ойыңызды шағын мәтін етіп құраңыз.

5. Досыңызға хат жазыңыз. Хатта мәтінге сүйеніп, уақытты тиімді пайдалану туралы өз ойыңызды жеткізіңіз. Хатыңызда сөз саптау тәсілінің қай түрін қолдандыңыз? Неге?

Қорыта айтқанда, оқушыға сөз саптау тәсілін игерту оның өз ойын анық, нақты, дәл, дұрыс, сауатты жеткізуге ықпал етеді. Себебі сөз саптай білуге машықтану тек мұғалімнің үстірт ескертуімен жүзеге аспайды. Сондықтан оқу бағдарламалары мен оқулықтарда бұл мәселені теориялық материал ретінде ұсыну қажет. Баланың сөз саптау тәсілдері туралы білімді теориялық тұрғыдан түсініп меңгеруі мен оған практикалық жағынан жүйелі түрде жаттығып отыруы маңызды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынұлы. Тіл тағылым.- Алматы: Санат, 1990. -448 б.

2. Оразбаева Ф. Тіл әлемі.Мақалалар, зерттеулер.-Алматы: «Ан-Арыс», 2009.- 368 б.

3. Пахнова Т.М. Развивающая речевая среда как средства приобщения к культуре // Русский язык в школе.- 2003 - №5. -С. 63-68.

4. Дәулетбекова Ж.Т., Рай Қ.М.Сөйлей білу –өнері. Көмекші құрал.- Алматы: Ғылым ордасы, 2013. - 98 б.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

***Дыбысалы Б.,***
*Абай атындағы ҚазҰПУдың магистранты,*
***Арын Е.,***
*Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия*

Білім берудің қай саласы болса да, оның оқыту әдістемесі психологиялық негізделуі шарт. Білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне негізделген әдістеме ғана нәтижеге жеткізеді. Осы тұрғыдан оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастырудағы бағалаудың критериалды бағалау технологиясының психологиялық негіздерін анықтап алу керек болады. Онсыз әдістеменің теориялық іргетасы толымдылыққа жетпейді.

Оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастырудағы бағалаудың критериалды бағалау технологиясын қолданудағы мақсат – оны оқушы күнделікті өмірінде қолдануға дағдыландыру. Бұл мақсатқа жету үшін, оқушыда білімді меңгере отырып, өзін де, өзгенің де білімін бағалау дағдысын қалыптастыру қажет. Бұл дағды бойынша сабақта мұғалім мен оқушы, оқушылар өзара білімдерін қадағалап, жауапкершілікпен бағалауға жаттығуы керек. Бұл жағдай сабақта мұғалім мен оқушы, оқушылар қарым-қатынасының психологиялық жағына көңіл аударуды қажет етеді.

Мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын мұғалім дұрыс басқаруы керек. Мұндай өзара қарым-қатынасты мұғалім дұрыс басқара отырып, оны басқарудың тиісті жолдарын, әдіс-тәсілдерін меңгеруі қажет. Мұғалімнің өз басын оқушыға жеке тұлға ретінде танытумен бірге, оқушының да жеке тұлға екенін танып, сыйлап, қарым-қатынасты осы негізге құруы қажет.

Мектепте қазақ тілі пәнін оқу арқылы оқушы біртіндеп білім, білік, дағдыларды, тиісті ғылыми ұғымдарды меңгереді, мұның нәтижесінде оның жан қуаттары (ес, ойлау, қиял), эмоция, ерік-жігер, т.б. үдерістері дами түседі. Қандай да болмасын тілді үйретуде ғалымдар психологиялық ерекшеліктерге сүйенеді.

Қазақ тілін оқушының табысты меңгеруі оның сол тілдік әлемге ұмтылуына, ынталануына, енуіне байланысты. Бұны психология әлеміндегі тұлғаның мәдениетке бағдарлануы аясында қарауға болады. Психологтар жеке тұлғаның мәдениет пен қоғамға екі түрлі бағдарлануы болатынын көрсеткен. Бірінші бағдар - әлеуметтену, екінші бағдар - әлеуметтік кемелдену. Әлеуметтену бағдарындағы адам қазіргі уақыттағы және осы жердегі қолданыстағы әлеуметтік нормаларды ұстануға тырысады. Ал әлеуметтік кемелдікке ұмтылған адам өмірдің жеке өзіндік ізгі мәнін іздеуге және оны жүзеге асыруға бағыт ұстайды[1,17].

Бұл қағидатты 7-сынып оқушыларының ана тілінің байлығын, оның заңдылығын үйренудегі ұмтылысының сатысы деп алуға болады. Оқушы қазақ тілін меңгеруді қажеттілік деп қабылдайды. Яғни қазақ тілін бағдарламалық талап деңгейінде оқып үйренеді. Екінші әлеуметтік кемелдікке ұмтылу сатысында оқушы өзінің жас ерекшелігіне сай қазақ тілін меңгеруге жеке өз өмірінің ізгі мәні деп біліп, оны жүзеге асыруға ұмтылады. Бұл сатыда оның қазақ тілін үйренуге өз мүддесі басым болады. Әрине, оқушылардың барлығы осы екі сатыдағы мақсат үдесінен шығады деп айту қиын, солай болса да, психологтардың бұл көзқарастарын ұстанымдық дәрежеде ескеру артық болмайды.

Оқушылардың қазақ тілін үйренудегі табыстылығы сондай-ақ оның ниеттілігінің күшіне де қатысты. Ю.Козелецкий ниеттіліктің деңгейі оқушының табысқа жетуінің маңызын аңғара білуіне байланысты [2,293], - деп көрсетеді. Оқушының қазақ тілі пәнін меңгеру ниеттілігі күшті болса, ол жеке өзіндік мүдделерімен тілді үйренуге кемелденеді.

Мектеп оқушыларының қазақ тілін үйренуде ниеттенген болуы үшін оның керектігін ұғынуы шарт. Бұл жөнінде ғалымдардың «оқушының табысқа жетуге мотивтелген болуының дамығандығы ... маңызын аңғара білуіне байланысты» деген анықтамасынан аңғаруға болады[3,55].

Оқушылардың ниеттілігіне негізделген әдістеменің тиімді болуы - тұлғалық дамудың негізгі жолдарының бірі болып табылатын психикалық құбылыс. Өйткені ниеттілік – білім алушыда табыс үшін шаттық, қуаныш сезімін арттыра түседі. Уәжге негізделген әрекет шаттық туындатады. Сондықтан психолог-ғалым А.А.Леонтьев мұндай әрекетті «қозғаушы күш және сол әрекетте көрінетін қажеттілік», - деп таниды.[4,147].

Ал мұндай белсенді оқу әрекеті, Ю.С.Мануйловтың айтуынша, қызығушылықты қалыптастыру міндетін көздейді [5,21]. Міне, осылайша ниеттеніп уәжделген, шаттық сезімін күшейткен оқу белсенділігі - әдістемені оқушылар бойында пайда болған осы психологиялық құбылыстарды сақтауға және бекіте түсуге бағыттап тұрады. Ал ондай жағымды психологиялық құбылыстарды сақтап бекіте түсу үшін, мұғалім мен оқушы арасындағы, оқушылардың арасындағы қарым-қатынас та маңызды рөл атқарады. Мұғалімнің оқушыларды өзінің субъект-субъект қатынас әлеміне енгізе білуі шарт. Сондай-ақ оқушылардың өзара ынтымақтастығын орнатуға болатын оқушы-оқушы қатынасын құру да маңызды. Бұл сабақта оң қарым-қатынас ұйымдастыруға және оқыту әдістерінің табысты болуына алғышарт болып табылады. Осы ретте А.С.Выготскийдің: «Барлық ең жоғарғы функциялардың, олардың қатынастарының ізінде әлеуметтік қатынастар, адамдардың нақты қатынастары тұрады» [6,315], - деген пікірі өте орынды деп есептейміз.

Ғылыми-әдістемелік еңбектерден қарым-қатынас - бірлесіп істеуді керек ететін әрекеттер талаптарының қажеттілігінен туындайтын адамдар арасындағы тілдесімдіктің, әрекеттестіктің сан-қырлы үлгісі екендігі белгілі. Бұл қазақ тілі сабақтарында оқудың топтық формасын ұйымдастыруда негізге алынатын шарттың бірі деуге болады. Өйткені сыныптағы топ ішіндегі және топтар арасындағы қарым-қатынастың оң қалыптасуы жағдайында оқу әлеуметтік рөлге ие болып, білім алушылардың оқу белсенділігі артатын болады.

Шын мәнінде, қарым-қатынастың сапасы, көбінесе, оған қатысушылардың ақыл-ой сапасына да қатысты болады. «Ақыл-ой - көп қырлы, көп өлшемді, көп құрылымды айрықша құбылыс, ол әрекеттің де көп қырлылығы арқылы көрінеді»,[7,6-9] - деп АҚШ ғалымы Г.Гарднердің айтқанындай, оқу топтарындағы жұмыс еркіндігі мен еріктігі олардың өз ақыл-ойларын дұрыс қолдануға, танытуға, көркем мінез-құлық арқылы өзара қатынасты жүйелі құруға, біздің жағдайымызда өзінің және өзгенің білімін бағалауда да әділ болуға мүмкіндік береді. Мұның сабақта пайдаланылатын әдіс-тәсілдердің мақсатқа жеткізуіне қолайлылық жасайды.

Бұл үдерістің сапасын арттыруда негізгі мақсат білімнің мәнділігін түсіне отырып, сол мәнділікке жету жолдарын ақыл-ой әрекеті арқылы меңгеру екенін білу де мұғалім үшін де, оқушы үшін де қажеттілік деп есептейміз. Осы ретте «Білім қалыптастыру ешбір пәннің міндеті емес, ол оқытуда кез-келген білік пен дағдыларға үйретудің бөлінбес сатысы болып табылады»[8, 67], - деген П.Я.Гальпериннің сөзін келтірген орынды. Өйткені оқушы саналы түрде осы мәнділікті қабылдап, түсінігіне айналдырса, кез-келген оқу әдістері үрдісінде ол жетекші түрде белсенділік танытатын болады. Олай болса, мектептегі оқу процесінде оқу-танымдық құзыреттілікті қалыптастыруда және оны критериалды бағалау технологиясын орынды пайдалану арқылы арттыруда психикалық құбылыстарды ескерудің түпкі мәнін аша түседі.

Оқу әрекетінің мазмұнына жаңа білім алу үдерісі және әрекеттің тәсілі жатады. Оқу әрекетінің амалына: интеллектуалды әрекет (анализ, синтез, жинақтау, жалпылау, жіктеу); тілдік, вербалдық амалдар; индивидтің игерген білімі, қоғамдық тәжірибе жатады. Ал оқу әрекетінің нәтижесі – игерілген білім, дағды, іскерліктер жүйесі, шығармашылық тәжірибе, әлемге мәдени-құнды қарым-қатынастан көрінеді. Оқушылардың оқу әрекетін қалыптастыру – психология-педагогикалық теорияның маңызды мәселесі. Оқытудың психологиялық заңдылығын айқындау оқушының жасына қарай психологиялық ерекшелігін білумен байланысты. Ол белгілі бір жастағы адам және жеке тұлға ретінде: психологиялық, әлеуметтік және биологиялық жақтан сипатталады. Оқушының өмірдегі негізгі бағыты, мақсаты – білім алу, білімін толықтыру, интеллектісін дамыту, рухани жағынан өсу, белгілі бір мамандықтың иесі болу.

Оқушыларды оқытуда, олардың бойында білім мен тәрбиенің мықты дағдыларын қалыптастыруда олардың оқу мазмұндарын ұғынып, әртүрлі тапсырмаларды қалайша орындай алу мүмкіндіктерін бақылауда психологиялық заңдылықтар ескерілуі қажет. Оқушының оқуға талпынысы мен ынтасының қалыптасу жолдарын, оның түрлі білім, дағдыларды қалайша меңгеріп отырғандығын, әртүрлі мазмұндағы материалды ұғыну ерекшеліктерін байқауда және оларды критериалды бағалауға төселдіруде оқушылардың өзіне тән қайталанбас даралық сипаты, қабілетіне де назар аударылуы тиіс.

Әрине, әр адамның даралық ерекшелігінен басқа жалпыға ортақ қасиеті де болады. Жалпы оқушыларға тән тілді оқып үйрену әрекетінің мынадай психологиялық сипаттары бар:

- тілді үйренуге деген қызығушылықтары;
- тілді оқып үйрену мақсаттары мен нәтижелерін анықтай алуы;
-өзінің және сыныптастарының жұмыстарының нәтижесін бағалай білулері.

Сонда осы бағытта олар өз білімдерінің жетістігі мен кемшіліктерін білуге дағдыланады. Тек осындай саналы ұйымдастырылған іс-әрекет, еңбек негізінде ғана оқушылардың қазақ тілін білу және білімін бағалау әрекетінің психологиясы мақсатты түрде қалыптасады.

Қазақ тілі сабағында тақырыпқа сай өзінің және сыныптастарының жұмыстарын тексергенде, оқушылардың топтық зейінін ұйымдастыруға болады. Мұндай жұмыс түріне оқушылардың жұппен бірін-бірі және топтық жұмысты тексерулері жатады. Бұл қазақ тілі сабағында зейінді ұйымдастырудың ең күрделі, әрі қызықты түрі болып табылады.

Оқушыға жеке тапсырма беру, бақылау жұмысын орындату, өзін-өзі тексеру барысында даралық зейінді ұйымдастыру жүзеге асады. Сонымен қатар зейін қасиеттері әртүрлі таным-

дық процестермен, яғни ес, ойлау және сенсомотористиканың жекелеген көрсеткіштерімен өзара тығыз байланысты болады.

Қазақ тілінен берілген материалды есте жақсы сақтау үшін мағыналы есте сақтау тәсілдерін пайдаланған жөн. Мысалы, 7-сыныпта шылаулардың жазылу емлесін меңгертуде олардың түрлері және жазылуындағы ерекшеліктері жайында оқушыларға үйрете отырып, осы тақырыптарға қатысты қандай тәсілдерді қолданған тиімді екенін көрсету керек. Сондай-ақ оқушыларға өзін-өзі бағалаудың жолдарын түсіндіру қажет. Өйткені, мәнге ие болатын тақырыптың өзі емес, оны құрастыру кезіндегі ой жұмысы. Жаттағанды есте ұстау түсіну тереңдігіне байланысты. Жақсы ұғынылған материал есте жақсы сақталатындығы белгілі жайт. Есте ұстау сол сияқты жеке адамның бағдарына да тәуелді. Сабақта оқу материалын мағынасына қарай түсініп, есте қалдыру үлкен орын алғанымен, оларды көпке дейін ұмытпайтындай ету үшін, қайталап отырудың мәні зор. Сондықтан қайталау жаңа материалды игеру кілті болуы қажет. Оқушы өткен материалды қайталай отырып, оны жаңа тануы, ұғынуы керек.

Мектептегі қазақ тілі сабағында оқушылардың сөздік қорын байытып, сөйлеу дағдыларын жетілдіруде психолог Қ.Жарықбаевтың «Ұжымдағы ортақ істің табысты болуына, психологиялық үйлесімнің орнауына мүмкіндік беретін психологиялық жағдай»[9,73]- деген пікірін келтіруге болады. Ұжымдық жұмыстың сапалы болуы сабақты мұғалімнің дұрыс, жүйелі жоспарлауына байланысты. Қазіргі білім жүйесінде реперсонализациялау деген термин жиі қолданылады, Яғни мұғалім өзін материал мазмұнын меңгеретін оқушы ретінде ұстануы керек деген сөз.

Өйткені мұғалім мен оқушылар және оқушылардың арасындағы түсіністік, қарым-қатынас та тілдік материалдарды меңгеруде, өз білімдерін және бір-бірінің білімдерін бағалауда басты рөл атқарады.

Сол сияқты субъектінің психологиялық мүмкіншілігін ескеру қажет. Өйткені мектепте білім алу кезеңінде баланың білімі мен дағдысы, мінез-құлқы да қалыптасады. Сондықтан «оқыту үдерісінің міндеті – тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және қалыптастыру»[9,35] болып табылады. Оқыту әрекеті оқушыны білім, дағды, іскерлікпен қаруландыру, тілін дамыту, сол арқылы оның ішкі дүниесінің кеңеюіне әсер ету, тұлға ретінде дамуына мүмкіндік жасау мақсатын көздейді.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда оқытудың сыни тұрғыда ойлай білу сипатта болуы ерекше әсер етеді. Өйткені, оқушыға беретін білімнің бәрін мұғалімнің өзі баяндап бермей, олардың алдына сұрау салып, мәселе қойып, соны өздерінше шешуге бағыттау немесе білетін мен білмейтіннің арасындағы қайшылықты іздеу, оны шешуге қажетті жетіспей тұрған тәсілді табуға дағдыландыру - басты мәселе. Бұлай оқытудың мәні оқушыны дұрыс ойлай білуге баулу болып табылады. Ойлауда қарама-қайшылықтың пайда болуы – проблеманың тууына жағдай жасайды, тілдік құбылысты талдай білуге мүмкіндік береді.

Мектепте қазақ тілі сабағында оқушының теориялық білім негіздерін меңгеріп қоймай, ана тілінде шебер сөйлеуге төселуі де ең қажетті жағдай. Сондықтан оқушылардың жеке басының мүмкіншіліктерін ескере отырып, танымдық ерекшеліктеріне көңіл бөлінуі тиіс. Олай болса, мектептегі сабақ процесіндегі басты міндет – оқушыларға тіліміздің грамматикалық құрылысын меңгертумен қатар, оларды өзбеттерімен сыни тұрғыда ойланып, сабақта қол жеткізілетін нәтижеге сай өз білімін бағалай білуге дағдыландыру.

Сөйтіп, оқушының оу-танымдық құзыреттілігін психологиялық тұрғыда талдағанда, оның қабылдауы, қызығушылығы, есте сақтауы, ойлауы секілді үрдістер басты рөл атқаратындығы байқалады. Ал қажетті білім, дағдыны меңгеру оқушылардың сөйлеу әрекетін белсендіруді керек етеді.

Оқушылардың оқу-танымдық құзыреттіліктерін критериалды бағалау технологиясы арқылы қалыптастыруда зейін, қабылдау, ес, ақыл-ой, интеллектін дамыту жағы ескерілуі қажет.

Психологиялық еңбектерде көрсетіліп жүргендей, қазақ тіл білімінің қай саласы бойынша да оқушылардың оқуға деген ынтасын қалыптастыру үшін бағдарламаға сәйкес әрбір тақырыпты өтуде оқыту мақсаттары мен табыстылық критерииі дұрыс құрастырылуы керек.

Мұғалім мен оқушының оқу процесіндегі қарым-қатынасының ерекшелігі – бұл ортақ әрекет, бұл процесте білім ғана беріліп қоймай, әрі тәрбие мен қызығушылық та жүзеге асырылады. Оқушыға мұғалім ғана емес, сол әрекетке қатысып отырған ұжым да әсер етеді. Сол оқу тобының іске қатынасы, белсенділігі, жанашырлығы да ықпал етеді. Бұл жерде оқытушының шын жүрегімен берілгендігі, жылылық қатынасы, нәтижеге сенімі, оқушылармен дұрыс қатынаста болуының рөлі өте күшті. Осының нәтижесінде әр оқушының өзіне деген сенімі артады, сөйтіп өз күшіне баға беруге, өз әрекетін басқара білуге дағдыланады.

Оқушыларға білім беруде оқу әрекеті жетекші рөл атқаратындығы белгілі. Ғылыми зерттеулерде «оқу», «оқу әрекеті», «білім алу» терминдері кейде синоним ретінде де қолданылады. Оқу әрекетінің психологиялық негіздерін кең көлемде қарастырған Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдов оқуды адамның түрлі әрекетінің түрі мен қарым-қатынасының формасына қарай игерілетін білім мен іскерлік үдерісі деп есептейді. Жалпы алғанда оқу – белгілі бір мақсат көздеп, арнайы ұйымдастырылып, теориялық білім беретін және соның негізінде білім алушының теориялық ойлау, шығармашылық қабілетін дамытуға құрылған оқыту үдерісі.

Мұғалім әрекет үстінде сөйлеу дағды-әдеттерін қалыптастыруға ерекше мән беруі қажет. Мұндай жағдайда мұғалімнің сөйлеген сөзі нақты, дәл, түсінікті және дауыс ырғағы аса шеберлікпен шығуы тиіс. Бұл ретте психолог ғалым М.Мұқановтың «Сабақта оқушылармен байланыс жасаудың негізгі тәсілінің бірі – мұғалім сөзінің нақты және оқушыларды сендіретіндей болып келуінде. Мұғалім сөзінің сендірімділігі деп, айтылған сөздердің айқын бірінен соң бірі жүйемен келуін айтады»[10,3],- деген пікірін келтіруге болады.

Сонымен қатар мұғалім оқушылардың әрқайсысының қызығуын, сенімін, дара ерекшелігін ескере білсе, олармен қарым-қатынас оңай жасай алады. Мұнда оқушының ұсынысы, талабы, ынтасы ескеріліп, оған бірден назар аударылады. Сонда оқушының белсенділігі күшейе түседі.

Қорыта айтқанда, оқушылардың оқу-танымдық құзыреттіліктерін критериалды бағалау технологиясы арқылы қалыптастыруда психология ғылымының заңдылықтары басты рөл атқарады, өйткені оқушылардың оқу-танымдық құзыреттіліктерін дамытуда олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру басты назарда болғанда ғана оқу үдерісі нәтижелі болады деп есептейміз. Сонымен, оқушының оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастыру дегеніміз – оның оқуға саналы көзқарасын қалыптастыру, өздігінен білім ала білу іскерлігі мен ойлау қабілетін, өзіндік бақылау, бағалау қасиеттерін қалыптастыру немесе әрекет субъектісінің өзгеруі, оның білмейтінінен білім, іскерлік дағдыны игерушіге айналуы, сондықтан оқу әрекеті – тұлғаның өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі сапалық өзгертуге негіз болады.

**Әдебиеттер:**

1 Немцов А.А. Целопологание как творчество некоторые традиционные психологические подходы к изучению творческой личности // Педагогика, 2002, №4, стр. 15-20.

2 Козелецкий Ю. Технологические теории решений. - Прогресс, 1979.

3 Симановский А.Э. Формирование учебной мотивации у младших школьников // В сб. Вестник ИПК работников образования. - Ярославль, 1999, №1, стр. 55-65.

4 Леонтьев А.А. «А.С.Выготский» Москва, 1990.

5 Мауйлов Ю.С. Средовой подход в воспитании. М. - Н - Новгород, 2002.

6 Выготский Л.С. История пазвития высших психических функций. Собр.соч. Т.3.

7 Gardner H. Frames of Mind. -NY,1985.

8 Гальперин П.Я. Управление процессом учения. - В КН: Новые исследования в педагогических науках. М.,1965.

9 Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы: Кітап баспа үйі, 2002.

10 Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. -Алматы, 1991. -246 б.

# О РАЗВИТИИ ОБРАЗОВАНИЯ НА ОСНОВЕ КОМПЕТЕНТНОСТНОЙ МОДЕЛИ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

***Добаев Кыргызбай Душенбекович***
*доктор педагогических наук профессор*
***Супатаева Эльвира Акиновна***
*кандидат педагогических наук старший научный сотрудник*
*Кыргызская академия образования*
***Добаева Асель Кыргызбаевна***
*преподаватель Жетысуский государственный университет*
*им. И.Жансугуроваг.Талдыкорган*

**Аннотация:** В статье на основе последних научных публикаций определено понятие «глобализация», его тенденции развития. Обобщеныособенности развития образования в условиях глобализации.
**Ключевые слова:** глобализация, эпоха, глобальность, развитие, образование.

**Abstract:** Based on the latest scientific publications, the article defines the concept of globalization and its development trends. The features of the development of education in the context of globalization are summarized.
**Key words:** globalization, the era of globality, growth, education.

Динамика мирового развития *в эпоху глобализации* требует от обновленной системы образования генерации востребованных на рынке труда знаний. *Эпоха глобализации* характеризуется резким расширением торгово-финансовых и культурных отношений, их значимостью в государственной жизни, ростом взаимозависимости между странами и народами, что предполагает усиление роли отдельного индивида в экономической и политической деятельности не только своей страны, но и региона, и мира.

Теория глобального образования оформилась во многих странах мира, где-то с 70-годов прошлого столетия. Глобализационные процессы резко усилили взаимозависимость мира. Когда мы говорим о глобализации образования, прежде всего, имеем ввиду, изменения образования в соответствии с тенденциями глобализационных вызовов.

В отчете ЮНЕСКО «Образование – скрытое сокровище» (Делор Ж., 1996) указывается на значение и роль образования в процессе преодоления противоречий XXI в., среди которых называются:

- противоречия между глобальным и локальным (между необходимостью быть гражданином мира и необходимостью сохранить свою национальную самобытность);
- противоречие между универсальным и индивидуальным (между принятием глобализации и сохранением личной самобытности);
- противоречие между традицией и современностью (между потребностью приспособится к новому времени, к отношениям в глобализированном обществе и необходимости сохранить связь с собственными корнями, с историческим развитием своего народа).

В современном образовании Кыргызстана происходят значительные преобразования, которые ориентированы на глубокое переосмысление роли и значения образовательной сферы.

Кыргызстан согласно Стратегии развития образования на 2012-2020 годы основанной на видении и целях развития страны направлен на достижение целей глобальных программ «Развитие Тысячелетия» и «Образование для Всех» и выстроил свою траекторию развития образования направленной на владение общими и специализированными знаниями и навыками, которые позволят им быть успешными в жизни и на рынке труда. Образовательная

система 2020 года должна стать главным инструментом продвижения социального и политического развития Кыргызстана и обеспечит его конкурентоспособность в региональных и международных процессах.

В Кыргызской Республике в целях реализации программы КР «Жаңыдоорго 40 кадам (40 шагов к новой эпохе) и интеграции с мировой системой образования» (2018-2023 гг.) в пункте *«Бел болчубилим. Из калтырычуилим»* Видение 2040: указано, что будут созданы условия, при которых учащиеся получат знания, навыки, способность для вхождения во взрослую жизнь. При этом система науки будет действовать в строгом соответствии с приоритетами развития страны и в полной мере обеспечивает потребности экономики и общества Кыргызстана.

Данные стратегические документы системы образования подчеркивают необходимость опережающего темпа развития образования по сравнению с другими сферами жизни, поскольку именно образование связано с развитием человеческого потенциала страны и готовит лидеров и кадры для обеспечения реформ в других сферах.

Образование Кыргызстана переживает сегодня глубокую и существенную системную трансформацию. Меняются целевые и методологические основы ее функционирования на основе компетентностного подхода (Постановление Правительства Кыргызской Республики от 21 июля 2014 года № 403 о Государственном образовательном стандарте среднего общего образования Кыргызской Республики). Это Постановление является новым этапом перехода образования от знаниевой парадигмы к компетентностной парадигме.

Переход на компетентностную модель образования в Кыргызстане имеет огромное историческое значение. Она послужит платформой для становления новой системы образования. Это новая парадигма образования, по большому счету это новая философия, новая культура образования. За последние восемьдесят лет это первая коренная перестройка все системы образования.

Для Кыргызстана это новая страница в истории образования. Почему? Мы, наконец-то, отказываемся от гербертиянского «воспитывающего обучения» унаследованной от классической немецкой гимназии образца первой половины 19 века. А между тем от этой модели немцы еще в конце 19 века отказались, а у нас до сих пор эта модель сохраняется как основа современного образования.

Лучшую, наиболее точную и яркую характеристику этой модели нашей современной школы могут быть слова К.Д. Ушинского, который писал: «…Ни одно воспитание не нарушает так страшно равновесие в детском организме, ни одно так не раздражает нервную систему детей, как наше… У нас покуда все внимание обращено единственно на учение, и лучшие дети проводят все свое время только в том, что читаю да учатся, учатся да читают, не пробуя и не упражняя своих сил и своей воли ни в какой самодеятельной деятельности, даже в том, чтобы ясно и отчетливо передать, хоть в словах, то, что они выучили или прочитали; они рано делаются какими-то только мечтающими пассивными существами, все собирающимися жить и никогда не живущими, все готовящимися к деятельности и остающимися навсегда мечтателями… Развитие головы и совершенное бессилие характеров, способность все понимать и обо всем мечтать (я не могу даже сказать – думать) и неспособность что–нибудь делать – вот плоды такого воспитания» [1].

И далее слова И.А. Герцена написанные про царскую школу, очень точно характеризует нашу современную школу: «Одно из ужаснейших посягательств прошлого царствования, - писал Герцен, - состояло в его настойчивом стремлении сломать отроческую душу. Правительство подстерегало ребенка при первом шаге в жизнь… Беспощадно, систематически вытравляло оно в них человеческие зародыши, отучало их, как от порока, от всех людских чувств, кроме покорности» [2].

В период советской цивилизации и в годы независимости в республике проводились реформы, и реформ было много, в целом они не изменили ситуацию в системе образования,

а во многих случаях усугубили ситуацию. Почему так происходила в Кыргызстане? Здесь подходят слова сказанные профессором В.П. Беспалько, относительно российского образования к нашему: «До сих пор, к сожалению, педагогика волевым образом навязывает образованию и воспитанию человека искусственные схемы образовательного процесса в виде привлекательных, но никогда никем не доказанных гипотез, которые в их первородном виде, под давлением хорошо организованной образовательной бюрократии, внедряются и разрушают практику работы школ разного уровня и проявляются в виде перманентного образовательного кризиса, с которым бюрократией ведется нескончаемая борьба методами, которые только усиливают кризис и тем оправдывают существование и укрепление бюрократии и ее скептицизм к научной педагогике. К сожалению, и сама традиционная педагогика пока не блещет особыми открытиями и идеями, способными существенно продвинуть современное образование, застрявшее в его перманентном средневековом кризисе» [3].

Все реформы проводились без изменения главного, а именно предметно центрированного подхода в обучении, которая не учитывала индивидуальные особенности детей. Всех обучать одинаково и требовать одинаково без учета природных способностей. Кроме того, поклонение утопическому догмату цели общего среднего образования «всестороннем развитии и воспитании» учащегося, ведущего к многопредметности, которая была непосильной и избыточной.

А между тем все знают, что если человек рождается, то обязательно природа наделяет его какими-то способностями или недостатками, которые генетически передаются от родителей. У кыргызов есть такое выражение *«ата теги»*. Как бы там не было говорят *«ататегинекетет»*, т.е. как бы мы его не воспитывали он будет таким каким его природа наделила, а именно, то что передано генетически от родителей остается в ребенке всегда на всю жизнь. Да и в русском языке много народных выражений подтверждающее эту аксиому, например, «яблока от яблони далеко не падает», «то, что сделано в гузне не переделаешь в кузне» и т.д. Одних природа наделяет математическими способностями, другие, например, имеют способности к рисованию, у других способности к технике, а у некоторых к гуманитарным предметам способности, а некоторые, вообще, очень трудно поддаются обучению и т.д. А мы всех обучали одинаково по одним программам и учебникам без учета особенностей учащихся.

Еще в XIX веке А. Дистерверг писал: «Никакое земное искусство не может из розы сделать гвоздику, из дуба сосну… Из желудя при благоприятных обстоятельствах вырастает дуб и ничто другое…Искусство может в этом отношении лишь изуродовать, исказить Природу… Точно также обстоит дело с человеком. И он может и должен стать только тем, к чему предназначила его Природа, а это предназначение можно узнать только по задаткам. Если у него нет к чему-либо задатков, ты будешь напрасно стараться его развивать в этом направлении… И каждый индивидуум опять-таки станет только тем, к чему у него имеются задатки. Из лишенного музыкального слуха … ты можешь попытаться сделать Моцарта, но каков будет плод всех стараний» [4].

В итоге «За первые три года сидяче–обездвиженной «безрукой» школы способность к духовному переживанию устремленности в будущее на основе творческого воображения у детей снижалось в 2 – 4 раза. При этом во столько же раз возрастали проявления формально-рассудочного «механического» интеллекта, опирающегося на алгоритмы, инструкции мышления и механически заученные слова! Отличительная особенность такого интеллекта – отсутствие способности к собственному духовному видению мира (через свободное воображение), к прогнозу развиваемых причинно следственных отношений, происходящих в мире, а также подчиненность интеллекта импульсивной (чаще инстинктивной) стратегии поведения. С одной стороны, мы лишили себя «краеугольного камня», на основе которого выстраивается и может держаться видовая духовно-разумная жизнь и эволюция людей. Речь идет о том, что, воспитывая на седалищах одно поколение за другим, мы, в конце концов

запустили эволюционно-значимые механизмы видовой психобиологической деградации народов. С другой стороны, школа стала формировать инструктивно-программируемый зомби-интеллект» [5].

И поэтому первая и главная задача педагогической науки описать и научно обосновать компетентностную модель образования в условиях Кыргызстана. Когда мы говорим о компетентностной модели образования, мы, прежде всего говорим о личностно ориентированном образовании. Значит, содержание учебного плана, организация учебного процесса, управление образованием должно измениться согласно компетентностной модели образования.

На сегодняшний день в Кыргызстане уже появились исследования по проблемам компетенции и компетентностного подхода в образовании. Эти исследования, проведенные на уровне отдельных аспектов компетентностного подхода, в основном, для программпрофессионального образования, недостаточны для разработки концептуальных предложений по перестройки все системы образования. Прежде всего, мы должны научно обосновать о неизбежности перехода на компетентносную модель образования.

Мы должны окончательно утвердиться в мысли, что это единственное на сегодняшний день условие коренного переустройства всей системы образования в республике. Нам не должно казаться, что это очередной спущенное сверху директивное или навязанное международными проектами модное кампания. Изменение всей парадигмы образования в Кыргызстане – это веление времени или как говорил английский историк А. Тойнби «вызов истории», т.е. необходимость перемен, с которой рано или поздно сталкивается каждое общество. Если мы скорейше перейдем на компетентностную модель образования, то это будет переломным моментом в обновлении всей системы образования, а образование, как мы знаем - это становой хребет общества.

Сциентическая (знаниеваемая) модель образования, которая основана на принципах стандартизации и подчинения, где в пределах одной образовательной системы учащимся фактически преподают одни и те же предметы; их оценивают на основании единых критериев успеваемости и, которые практически лишают детей возможности выбора изжила себя давно, еще в начале XX столетия. Эта система была хороша для индустриальной эпохи, где все было поставлено на конвейер. Для этой системы нужны были люди, работающие на монотонной, однообразной работе, строго по инструкции, дисциплинированные. Поэтому мы должны сейчас думать о трансформации образовательных систем в новую форму, более соответствующую подлинным потребностям XXI века [6].

Уже стало очевидным, что настоящая проблема заключается в том, что сами основы, на которых держатся современная система образования, уходит из-под ног. Ибо устарело и исчерпала себя образование, сформированное в индустриальную эпоху, которая удовлетворяла потребности и возможности прежнего общества. Поэтому никакие отдельные поправки, отдельные даже действительно важные нововведения в образовательный процесс, не могут реально решить проблемы современного образования в Кыргызстане.

В последние годы система образования Кыргызстана претерпела большие изменения. Эти изменения в основном коснулись содержания образования и технологии образования. Были разработаны новые стандарты общего среднего образования, а также стандарты среднего и высшего профессионального образования. Составлены новые Базисные учебные планы для общеобразовательных школ. Разработаны стандарты предшкольной подготовки. Высшее профессиональное образование подстраивается под Болонский процесс с активным внедрением кредитных технологий и уровней образования и т.д. Изменения идут по всему фронту системы образования Кыргызской Республики.

**Литература**

1. Ушинский К.Д.Избранные педагогические сочинения - М. : АПН, 1945.
2. Герцен И.А. Избранные педагогические.высказывания. М., 1951.
3. Беспалько В.П. Наполним педагогикой закон, друзья! // Народное образование. – 2014.- №1.- С.23-24.
4. Дистерверг А. Избранные педагогические сочинения – М.: Учпедгиз, 1956.
5. Базарный В. Ф. Дитя человеческое. Психофизиология развития и регресса. – М., 2009.
6. Добаев К.Д., Супатаева Э.А. Основные направления педагогической науки в эпоху глобализации. – НИР. – КАО, Бишкек. – 2017. – С. 4.

# О ПРОФИЛЬНОМ ОБУЧЕНИИ В ШКОЛАХ КЫРГЫЗСТАНА В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

***Добаев Кыргызбай Душенбекович***
*доктор педагогических наук профессор*
***Супатаева Эльвира Акиновна***
*кандидат педагогических наук старшийнаучныйсотрудник*
*Кыргызскаяакадемияобразования*

**Аннотация:** В данной публикациипредставлено понятие «глобализация», его тенденции развития. Обобщеныособенности развития профильного образования в условиях глобализации.

**Ключевые слова:** профильное обучение,глобализация, эпоха, глобальность, развитие, образование.

**Abstract:**This publication presents the concept of globalization and its development trends. Features of development of profile education in the conditions of globalization are generalized.

**Key words:**profile training,globalization, the era of globality, growth, education.

*Эпоха глобализации* характеризуется резким расширением торгово-финансовых и культурных отношений, их значимостью в государственной жизни, ростом взаимозависимости между странами и народами, что предполагает усиление роли отдельного индивида в экономической и политической деятельности не только своей страны, но и региона, и мира. Глобализационные процессы резко усилили взаимозависимость мира.

Исследователь О.Б. Иванов [1] пишет, что в докладе о глобальных рисках текущего года (GlobalRisksReport, 2017, Всемирный экономический форум в Давосе) эксперты форума (а это почти 700 специалистов различных профилей и уровней), которые оценивали итоги ушедшего года и попытались спрогнозировать главные угрозы наступающего периода) определили:

- три глобальных риска из сферы экологии (экстремальные погодные условия, масштабные стихийные бедствия и возможность антропогенных экологических катастроф),
- три геополитических риска (крупные террористические акты, межгосударственные конфликты и неэффективное государственное управление),
- две технологические угрозы (хищение личных и служебных баз данных, крупные мошенничества, связанные с их использованием, достигшие беспрецедентных масштабов, а также риски масштабных кибер атак),

- два глобальных риска из социально-экономической сферы (масштабная вынужденная миграция и незаконная торговля, включающая контрабанду, производство и распространение контрафактной продукции, незаконное движение финансовых средств, уклонение от уплаты налогов, отмывание денег, формирование картелей и синдикатов международной организованной преступности).

Современные исследователи (Ч. Фейдл, М. Бялик, Б. Триллинг) [2] отмечают, что мы живём в мире состоящей из VUCA — это акроним (вид аббревиатуры, образованной начальными звуками, слово, являющееся сокращением, которое можно произнести слитно) из английских слов Volatility (нестабильность), Uncertainty (неопределённость), Complexity (сложность) и Ambiguity (неоднозначность).

Какие VUCA-ответы можно определить? Мы разделяем мнение германского исследователя Е.Л. Кудрявцевой [3]: Vision - видение (коммуникация); Understanding - понимание (любопытство + открытый ум); Clarity - ясность (системное мышление); Agility - ловкость, хватка, прыть (решительность + инновационность + сотрудничество).

Ч. Фейдл, М. Бялик, Б. Триллинг пишут: «Этот акроним стали использовать в поздние 1990-е в военной среде. Впоследствии эта идея повлияла на сложившиеся представления о стратегическом руководстве в широком диапазоне организаций, от коммерческих корпораций до образовательных учреждений и правительственных систем. В общих чертах, это предупреждение о том, что наш мир становится всё сложнее прогнозировать и регулировать.

Чтобы описать это состояние VUCA, приведем несколько цифр:

- 90 % информации в мире появились за последние 2 года;
- стоимость хранения 1 Гб информации с 1980 года снизилась в 1 миллиард раз;
- стоимость секвенирования генома 1 человека снизилась в 100 тысяч раз;
- 75 % населения планеты имеет доступ к мобильной связи, но не все из них имеют доступ *к чистой воде*.

Исследователи [4] отмечают, что глобализацияпроявляет себя далеко не во всех странах и регионах одинаково и не по всем аспектам сразу. В одних странах и на одних территориях глобализация в большей мере охватывает, скажем, экономическую сферу, в других более быстрыми темпами идет внедрение новых технологий. Многие страны вообще, в силу тех или иных причин (например, политической изоляции или самоизоляции, технологических и экономических возможностей и т.п.), оказываются на периферии глобальных процессов.

В 90–годах возникла *теория поколений*, авторами и создателями которой являются ученые Нейл Хоув и Вильям Штраус [5]. Они параллельно, не связано друг с другом, стали активными исследователями различных поколений. Их заинтересовал конфликт между людьми, при котором отсутствуют возрастные разногласия.

Поколение — это группа людей, рожденных в определенный возрастной период, испытавших влияние одних и тех же событий и особенностей воспитания, с похожими ценностями.

Самый важный момент данной теории — цикличность поколений, т.е. каждое пятое поколение имеет сходные ценности, и это позволяет делать долгосрочные прогнозы. Длительность каждого такого цикла составляет около 80 лет. А затем начинается новый виток.

В исследовании группой специалистов была осуществлена попытка внедрения данной теории применительно и для российского общества, которая состоит:

1) *выжившие*, родившиеся в период «осени» 1901—1922 годов и получившие условное название «поколение Gl» или *«поколение победителей»*;

2) *тихие,* родившееся в период с 1923 по 1942 год («зима», «художники»), получило название *«молчаливое поколение»*;

3) *победившие*, *поколение бэби-бумеров* («весна» 1943-1964 годов, «пророки») названо так в честь произошедшего после войны бума рождаемости;

4) *поколение X, самостоятельные* («неизвестное поколение», «дети с ключом на шее»), родились в 1965—1982 годах («лето», «кочевники»);

5) *поколение Y*, поколение «Миллениум», *выжившие*, родившееся в период «осени» 1983—2000 годов («герои»);

6) *поколение Z* (2001-2010 — «зима», «художники»). *Поколение «альфа»* (с 2010 года)

Ч. Фейдл, М. Бялик, Б. Триллинг утверждают: «**Наше будущее зависит, в том числе, и от наших ценностей**. Некоторые разрушительные в долгосрочной перспективе тенденции социально предопределены сложившейся культурой консьюмеризма и материализма, а следовательно, могут поменяться вместе со сдвигом культурных ценностей. Социальные ценности также обуславливают, где именно находится определённая культура в многомерном пространстве, определённом такими параметрами, как антагонизм и толерантность, индивидуализм и социальная сплочённость, материализм и поиск глубоких смыслов. Многие люди выражают беспокойство относительно направления, куда ведут нас нынешние ценности, некоторые предлагают рассмотреть другие системы социального устройства, основанные на других ценностях. Только если мы начнём совместно обсуждать возможные альтернативы, которые были бы глобально более устойчивыми, мы сможем учесть мнение этих людей» [2, с. 34].

С точки зрения научного осмысления французский исследователь Б. Бади, выделяет явление глобализация *на трех измерениях (аспектах):* постоянно идущий исторический процесс; гомогенизация и универсализация мира; «размывание» национальных границ.

Мировое сообщество стоит перед необходимостью выработки эффективных коллективных мер защиты *национальных культур* от унифицирующих тенденций. Требуется формирование глобальных условий *для предотвращения* сползания мира к монокультурной модели, разрушительной для сложившегося культурного многообразия. На сегодняшний день важно придать глобализации цивилизованный и управляемый характер - «гуманизировать» ее, поставив на первое место *интересы человека.*

Особое место в образовании занимает проблема профильной дифференциации обучения. В «Концепции развития образования в Кыргызской Республике до 2020 года» [6]указано, что быстро меняющийся (глобальный) мир требует ускоренной адаптации и навыков решения проблем и сознание людей, уровень их профессиональных знаний и навыков, а также степень развития общей культуры общества, начинают все больше отставать от темпов развития научно-технического прогресса и уже не соответствуют новым условиям существования человечества в изменяющемся мире. Отсутствие взаимосвязи между экономической и образовательной политикой в стране, рассогласование деятельности системы с запросами рынка труда и современными требованиями к будущим специалистам приводит к необходимости постановки новых целей перед системой, а также выстраивания такой системы, которая способна обновлять и корректировать цели и способы их достижения.

В пункте «Видение системы образования в Кыргызской Республике к 2020 году» отмечено, что главным критерием продуктивности системы образования будет являться **выпускник**, способный адекватно реагировать на вызовы, которые стоят перед ним, и обладающий компетентностями, соответствующими экономическим, социокультурным и политическим потребностям страны.Среднее школьное образование усиливает дифференциацию обучения за счет введения профильного образования, обеспечивающего личностную и социальную адаптацию выпускников, и дает возможность продолжения обучения в средних или высших профессиональных учебных заведениях или выхода на рынок труда.

В документе «Стратегия развития образования в Кыргызской Республике на 2012-2020 годы» [7] в разделе система образования к 2020 году третьей задачей является **переход к профильной** старшей ступени средней школы (10 и 11 классы) и возможность выбора области специализации для каждого учащегося, получившего основное общее образование.

Для нашего исследования особое значение имеет история становления профильного обучения в эпоху советской цивилизации.

Исследователи Т.А. Капитонова, С.В. Лебедева и др. [8] отмечают, что в 1918 году на первом Всероссийском съезде работников просвещения было разработано «Положение о единой трудовой школе», предусматривающее профилизацию содержания обучения на старшей ступени средней школы по трем направлениям: *гуманитарное, естественно-математическое и техническое*.

В 1934 году ЦК ВКП(б) и Совет Народных комиссаров СССР утверждает Постановление «О структуре начальной и средней школы в СССР», предусматривающее единый учебный план и единые учебные программы. Реализация данного Постановления показала проблему отсутствия преемственности между единой средней школой и глубоко специализированными высшими учебными заведениями и выявила значимость профильной дифференциации на старших ступенях обучения.

В 1957 г. Академией педагогических наук была предложена дифференциация средней общеобразовательной школы*по трем направлениям:* физико-математическому и техническому; биолого-агрономическому; социально-экономическому и гуманитарному.

В 1966 г. были введены *две формы дифференциации* содержания образования по интересам школьников: факультативные занятия в 8-10-х классах и школы (классы) *с углубленным изучением* предметов, которые, постоянно развиваясь, сохранились вплоть до настоящего времени.

В конце 80-х - начале 90-х годов в России, а также в Кыргызстане появились новые виды общеобразовательных учреждений (лицеи, гимназии), ориентированные на углубленное обучение школьников по избираемым ими образовательным областям с целью дальнейшего обучения в вузе. Наряду параллельно многие годы успешно существовали и развивались специализированные (в известной мере, профильные) художественные, спортивные, музыкальные и др. школы.

Как известно «Коллегией Министерства образования и науки КР по итогам 2005 года одним из основных направлений модернизации общеобразовательных школ было определено создание системы специализированной подготовки (профильного обучения) в старших классах общеобразовательной школы, ориентированной на индивидуализацию обучения и социализацию учащихся, в том числе с учетом реальных потребностей рынка труда и отработки гибкой системы профилей» [9, с. 16].

К.Калдыбаев отмечает, что для реализации профильного обучения по заданию Министерства образованиябыла разработанаКыргызской академией образования **«Концепция профильного обучения на старшей ступени общего образования Кыргызской Республики»**согласно ст. 16 закона «Об образованииКР» - «*Среднее общее образование обеспечивает фундаментальную теоретическую подготовку, формирование общей культуры личности и профильную углубленную подготовку по интересам и способностям обучающихся, необходимые для продолжения обучения по программам среднего профессионального или высшего профессионального образования*».

Концепция была подготовлена после изучения и обобщения опыта профильной подготовки в стране и за рубежом и предполагает наличие четырех направлений: *естественно-научного, социально-гуманитарного, художественно-эстетического, технологического*.

Каждый профиль включает в себя ряд направлений, которые могут быть предложены школой в качестве специализации исходя из своих возможностей. И любой профиль включает в себя наличие трех видов программ: базовые общеобразовательные предметы согласно ГОС (50%), профильные общеобразовательные предметы (30%) и элективные курсы (20%) [10, с. 6-10].

Получается на старшей ступени учащийся имеет возможность выбора направления профилизации в соответствии с принятой Министерством образования и науки Кыргызской Ре-

спублики «Концепцией профильного образования в Кыргызской Республике» (Решение коллегии № 3-2 от 29 мая 2009 г., Приказ МоиНКР№ 713/1 от 22 июня 2009 г.) [11].

К сожалению, в Кыргызстане сеть общеобразовательных учреждений с углубленным изучением предметов (гимназии, лицеи и др.)до сих пор развита недостаточно и часто наблюдаются негативные явления: массовое репетиторство, платные подготовительные курсы при вузах и т.п. Профилизация обучения в старших классах школы должна внести позитивный вклад в разрешение подобных проблем.

Достижение выпускниками уровня требований государственного образовательного стандарта по базовым общеобразовательным и профильным предметам в Кыргызстане определяется по результатамНационального центра тестирования (НЦТ) и Общереспубликанского теста(ОРТ).

НЦТ проводит республиканское тестирование учащихся общеобразовательных школ на добровольной основе, т.е. **альтернативный государственный выпускной экзамен**. Республиканское добровольное тестирование представляет форму объективной оценки качества подготовки лиц, освоивших образовательные программы среднего общего образования**. Пробное тестирование** проводится ежегодно с октября по март во всех регионах республики для учащихся 9, 10 и 11 классов на выбор по трем из 14 предметов.**Основное тестирование** проводится ежегодно в апреле-мае во всех регионах республики для учащихся 9, 10 и 11 классов.

*Предметы на выбор*: геометрия, физика, химия, биология, география, экономика, история, человек и общество, кыргызский язык, русский язык, узбекский язык, английский язык, немецкий язык, французский язык.Тестирование осуществляется на кыргызском и русском языках. Результаты тестирования выдаются в течение 10 дней с момента прохождения тестирования.

Основная цель ОРТ - определить абитуриентов, наиболее способных к дальнейшему обучению в вузах страны. ОРТ также включает в себя предметные тесты по *химии, биологии, физике, математике, истории и английскому языку*. Их сдают абитуриенты, которые планируют поступить на специальности, требующие прохождения того или иного предметного теста. ОРТ обязательная процедура для поступления в вузы Кыргызстана.

Как известно,профильное образование может осуществить выбор учащимися будущей профессии и с учетом создавшихся условий кыргызстанские школы внедряют свои модели организации профильного обучения и чаще всего, в статусных школах.

Однако интересна позиция Н.К.Кудак [12], российского учителя математики: «Трудно в жизни сделать что-то великое, имея познания только в одной узкой области. Психологи считают, что человек может успешно работать творчески в том случае, когда его психика обеспечивает баланс между способностями и восприятием, как знаково-цифровой, так и образной информации. В современном мире человечество регулярно увеличивает свое информационное богатство, которое в основном знаковое (общественно-политическая, техническая, учебная литература, таблицы, справочники и т.д.). Непомерный рост знаковой информации, которую необходимо усвоить для успешной учебы и работы, создает угрозу для баланса человеческого восприятия.

Психологи настаивают на необходимости сочетать серьезное естественнонаучное и техническое образование с гуманитарным. Все большую популярность приобретает такая парадоксальная мысль: для улучшения усвоения знаковой информации, которую несут такие предметы, как математика, физика, химия и т. д. нужно учить детей лучше усваивать образную информацию – музыку, живопись, пластику. Интересно, что некоторые вузы обязывают своих студентов включать в индивидуальные планы один из курсов гуманитарного цикла. Среди которых есть такие: “Архитектура поздней готики и раннего Возрождения”, “Музыка Вивальди, Баха, Генделя”, “Пушкин и его последователи”.

Дарвин писал: “Если бы мне пришлось вновь прожить жизнь, я установил бы для себя правило; читать какое-то количество стихов и слушать музыку по крайней мере раз в неделю, может быть путем таких упражнений мне удалось бы сохранить активность тех частей мозга, которые теперь атрофировались”.

Мир знает множество великих людей, которые проявили свои диаметрально-противоположные способности на практике:

- художник А.Б.Дюрер написал первый учебник геометрии на немецком языке,
- М.Ю.Лермонтов являлся автором задач,
- С.В.Ковалевской принадлежит несколько художественных произведений, в том числе и драма “Борьба за счастье”,
- профессор математики Латуидж Доджсон (1832 – 1898) являлся в тоже время Льюисом Кэрроллом – первоклассным детским писателем (“Алиса в Стране чудес”, “Алиса в Зазеркалье”). Королева Виктория потребовала к себе все его сочинения и была удивлена, когда ей принесли целую охапку учебников по геометрии,
- А.М.Волков – доцент кафедры высшей математики Московского института – детский писатель, автор книги “Волшебник Изумрудного города”.
- А.Эйнштейн отмечал влияние художественных образов на научное творчество.

Многие деятели искусства и литературы питали глубокий интерес к математике, а математики проявляли себя как художники, писатели».

Патрик Гриффин [13], профессор Мельбурнского университета, руководитель международного научного проекта по оценке и преподаванию навыков и компетенций XXI века считает, что ключевыми навыками, определявшими грамотность в индустриальную эпоху, были чтение, письмо и арифметика. В XXI же веке акценты смещаются в сторону умения критически мыслить, способности к взаимодействию и коммуникации, творческого подхода к делу. До сих пор система образования в большинстве стран мира поощряла учащихся за то, как много они знают, и, соответственно, обучение было нацелено на накопление знаний. Сейчас происходит уход из эпохи индустриализации. Теперь все эти рутинные операции способны выполняться автоматически благодаря роботизации и цифровым технологиям. А значит и людей сейчас необходимо обучать не тому, чему учили раньше; нужно учить их умению мыслить, самостоятельно добывать информацию и критически её оценивать, а не просто накапливать и запоминать.

Исследователи отмечают, что в целом можно сказать, что современная цивилизация вступила в принципиально новую стадию развития — *информационную*. Информатизацию общества принято связывать с тремя основными аспектами развития — ускоренное накопление информации, создание новых технологий и развитие средств информации и вычислительной техники, инновации на уровне общества и личности. Анализ этих составляющих информатизации показывает, что эффективно развивающееся государство вкладывает средства в образование, стремится к максимальному развитию и использованию человеческого потенциала.

*Какими навыками должен обладать человек, чтобы преуспеть в XXI веке?*

**Базовые навыки**, помогающие решать повседневные задачи: навыки чтения и письма; математическая грамотность; финансовая грамотность; естественно-научные знания; ИКТ-граммотность; культурная и гражданская грамотность.

**Компетенции**, помогающие решать более сложные задачи: критическое мышление; творческое мышление; умение общаться; умение работать в коллективе.

**Черты характера**, помогающие справляться с изменениями окружающей среды: любознательность; инициативность; настойчивость; способность адаптироваться; лидерские качества; социальная и культурная осведомленность.

Ф. Фукуяма [14] справедливо замечал, что классовые различия будут вызваны прежде всего различиями в образовании. Современное общество нуждается в человеке, обладающем

знаниями, подготовленном к жизни, ориентирующемся в социокультурном пространстве и способном понять и определить свое место в мире. Антропологические основания образования в современном мире состоят в том, что акцент смещается с «человека знающего» *на «человека, подготовленного к жизни»*.

Глобализация – это непреодолимый процесс и эпоха глобализации предполагает усиление роли отдельного индивида в экономической и политической деятельности не только своей страны, но и региона, и мира. Мир, сохраняя всю гамму красок национального, становится все более единым и взаимозависимым. Мы уже не сможем стоять в стороне, *Кыргызстан* в процессе этих изменений.

**Литература**


Иванов О.Б. Глобальные риски и тенденции современного мира // Этап: экономическая теория, анализ, практика. – М., 2017. - № 1. – С. 7-20.

Фейдл Ч., Бялик М., Триллинг Б. Четырёхмерное образование. – 2015. – 212 с.

Кудрявцева Е.Л. Инновации в образовании / Вебинар. – 2018.

Добаев К.Д., Супатаева Э.А. Основные направления педагогической науки в эпоху глобализации. – НИР. – КАО, Бишкек. – 2017. – 90 с.

Теория поколений в России // https://dramtezi.ru/prochie/teoriya-pokolenijj.html

Концепции развития образования в Кыргызской Республике до 2020 года.

Стратегия развития образования в Кыргызской Республике на 2012-2020 годы.

Капитонова Т.А., Лебедева С.В. Дифференцированный подход в обучении математике: учебно-методическое пособие– Саратов: ООО «Издательский центр «Наука», 2008. – 124 с.

Добаев К.Д. Психолого-педагогические проблемы профильного обучения // Материалы республиканской научной конференции «Профильное обучение в старших классах общеобразовательных школ Кыргызской Республики». - Бишкек, 21-22 декабря 2007. – С. 15-20.

Калдыбаев К. Концепция профильного обучения на старшей ступени школьного образования Кыргызской Республики // Материалы республиканской научной конференции «Профильное обучение в старших классах общеобразовательных школ Кыргызской Республики». - 21-22 декабря 2007. – Бишкек, 2007. - С. 5-14.

Приказ Министерства образования и науки Кыргызской Республики от 22 июня 2009 года № 713/1«Об утверждении Концепции профильного образования на старшей ступени школьного образования КР». - http://continent-online.com/Document/?doc_id=30468510

Кудак Н.К. Специализация и взаимодействие полушарий головного мозга в познавательной деятельности на уроках математики. http://xn--i1abbnckbmcl9fb.xn--p1ai/%D1%81%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D0%B8/211254/

Гриффин П. «Навыки XXI века»: новая реальность в образовании // http://hr-portal.ru/article/navyki-xxi-veka-novaya-realnost-v-obrazovanii

Фукуяма Ф. Конец истории и последний человек. – М., 2004. – 588 с.

# ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

***Ләззат Ермағамбетова***
*педагогика ғылымдарының кандидаты*
*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті ,*

**Аңдатпа**.

Мақалада қалыптастырылатын дағдыларға тұлға сапасын дамытудың мынадай бағыттары: интеллектуалдық, тұлғалық, физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық аспектілері қарастырылады. Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде мұғалім дидактикалық принциптер мен әдістемелік заңдылықтарға сүйенетіні сөз етіледі. Сондықтан жай сөйлемді меңгертуде, ізгі жақсы қасиеттерді қалыптастыруда педагог-әдіскерлердің еңбектеріне сүйене отырып, педагогиканың негізгі ұстанымдары басшылыққа алынады. Оқытудың дамытушылық, жан-жақты тәрбие берушілік ұстанымы; оқытудың мақсаттылық ұстанымы; оқыту үрдісі мазмұнының ғылымилық ұстанымы; оқытудың саналылық пен белсенділік ұстанымы; оқытудың көрнекілік ұстанымы; оқытудың түсініктілігі ұстанымы; оқытудың жүйелілігі мен бірізділігі ұстанымы; жас шамаға лайықтылығы ұстанымы; теория мен практика арасындағы байланыс ұстанымы; оқытудың саралау ұстанымы талданады. Осы ұстанымдардың барлығы оқыту процесінде мақсат пен міндетті шешу, оқу мен оқытуды басқару және реттеу, нәтиже, бағалау сияқты элементтерге тұтастық, сабақтастық беретіні айтылады.

**Summary**

Skills that is described in the article develop qualities of personality in next directions: intellectual, physical, social. At transmissions of theoretically knowledge and practical skills in Kazakh language, a teacher leans against didactics principles and on methodical conformities to law. In order that it is better to master understanding and improve quality simple sentences it is necessary to lean against knowledge of teacher-methodist. Consequently, taken as a guide teacher thing. It discusses principles: education, targeted training, education research trends, consciousness and activity, visual learning, understanding, training, system and uniformity of training suitable for a young society, the relationship between theory and practice, the choice of training. All these principles are interrelated in the process of learning objectives and responsibilities in the management of teaching and learning in the evaluation results. Key words: didactic principles; intellectual, social and personal aspects; emotional aspect; methodical regularity.

Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыту оның когнитивті және сезімдік, рационалды және практикалық, адамзаттық және жеке дара ерекшеліктерінің диалектикалық бірлігін ескеруді талап етеді. Жалпы адамзаттық құндылықтарды оқыту негізін өзара байланысты үш аспект құрайды: білім, дағдылар және құндылықтар жүйесі. Олардың қатысуы және өзара іс-әрекеті білім беру әдіснамасында бір жіп ұшына байланған. Осы әдіснама – білім, дағды, құндылықтар жүйесін дамытудың ең тиімді әрі сенімді тәсілі. Сондай-ақ, оқу үрдісінің тиімділігі де үш жақты іс-әрекет: мұғалім, оқушы, ата-аналарға тәуелді болады және адами құндылықтар үш негізгі орган: бас, жүрек, қол жұмысы нәтижесінде қалыптастырылады.

Қалыптастырылатын дағдыларға тұлға сапасын дамытудың мынадай бағыттары кіреді: интеллектуалдық, тұлғалық, физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық аспектілері.

Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде мұғалім дидактикалық принциптер мен әдістемелік заңдылықтарға сүйенеді.

Сондықтан жай сөйлемді меңгертуде, ізгі жақсы қасиеттерді қалыптастыруда, жеке тұлғаның өнегелі өмірдің үлгісін сезінуіне баса көңіл бөле отырып педагогиканың негізгі ұстанымдары басшылыққа алынды. Осыған байланысты педагог ғалымдардың: М.Жұмабаев [1], Ж.Аймауытов [2], Р.М.Қоянбаев [3], Б.П.Есипов [4], Р.К.Төлеубекова [5],т.б. әдіскерлердің еңбектеріне сүйенуге болады.

Классикалық дидактикада жалпыға танылған оқыту ұстанымдары төмендегідей көрсетіліп жүр: оқытудың дамытушылық, жан-жақты тәрбие берушілік ұстанымы; оқытудың мақсаттылық ұстанымы; оқыту үрдісі мазмұнының ғылымилық ұстанымы; оқытудың саналылық пен белсенділік ұстанымы; оқытудың көрнекілік ұстанымы; оқытудың түсініктілігі ұстанымы; оқытудың жүйелілігі мен бірізділігі ұстанымы; жас шамаға лайықтылығы ұстанымы; теория мен практика арасындағы байланыс ұстанымы; оқытудың саралау ұстанымы. Осы ұстанымдардың барлығы оқыту процесінде мақсат пен міндетті шешу, оқу мен оқытуды басқару және реттеу, нәтиже, бағалау сияқты элементтерге тұтастық, сабақтастық берді.

К.Д.Ушинский оқыту ұстанымының жүйесіне негіздеп, әрқайсысының дидактикалық орнын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп берді. Мысалы: көрнекілік принципі туралы: "... егер де педагог баланың ісінде бірдемені берік қалдыруды көздейтін болса, ол көз, құлақ, дауыс бұлшық ет сияқты сезім органдарын тіпті мүмкін болса, иіс және дәм сезімдерін де есте сақтап қалу аспектісіне көбірек қатыстыруға тырысуы керек", – десе [6, 29], жүйелілік ұстанымы туралы: "Ғылымдар қалай болса, солай мектепте өндіріле салмайды. Оның өзіндік дидактикалық жүйесі бар. Ол арқылы оқыту процесінде белгіленген белгісізге, жайдан күрделіге, жақыннан алысқа, жеңілден қиынға көшу сияқты оқытудың аса қажетті дидактикалық тәртібі іске асады", – деп жазды [6, 31].

Сонымен білім саласындағы кейінгі кездері оқыту барысында көп айтылып жүрген ізгілендіру ұстанымы негізінде оқу процесінде адамның, яғни оқушының жеке ерекшелігін ескеру, олардың ынта-жігерін қолдау, білімге құштарлығын ояту, мақтау-мадақтау, шәкірттің бір пәнді ұнатуы және ұстаздың өз пәніне деген сүйіспеншілігі негізге алынуы керек. Оқу процесінде мұны жүзеге асырудың жолдары: оқытудың (шәкірттің) жеке-дара ерекшелігін ескеру; оқушының ынта-жігерін қолдап, мадақтап отыру; оның жеке басына деген құрмет көрсету; оқу материалын мектеп оқушысы өз бетінше, өзіне лайықтысын таңдап алатындай жағдайда болуы сөзсіз.

Оқытуда жүйелілік, бірізділікті ұстанымын жүзеге асыруда оқушылардың мектеп табалдырығын аттаған кезден бастап алған білімін тексеріп жүйелі түрде бағалап отырудың маңызы зор. Я.А.Коменскийдің "Бүгінгі меңгерілген білім өткенді бекітуге, жаңа жол ашуға негіз болуы керек" [7,157] деген дидактикалық тұжырымы білімнің үздіксіз бірізділікпен берілуін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге оқу-тәрбие үрдісінде мұғалім баланың дарынын, талабын, қабілетін ескере отырып, бірізді, жүйелі бағдарламамен жұмыс атқарса, оның бойындағы қасиеттерді аша түседі. Және жүйелілік ұстанымы жеке тұлғаның ізгілікті рухани-адамгершілігін қалыптастыруға, оқыту процесінде баланы үнемі өз бетімен жұмыс істеуге, күнделікті сабақтарға жауапкершілікпен қарауға үйретеді және тәрбиелейді. Бұл ұстаным оқушы меңгеретін білім мен біліктердің жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай дамытылып отыруын қажет етеді.

Көрнекілік ұстанымы – дидактикада ертеден келе жатқан ұстанымдардың бірі. Мұның негізін де Я.А.Коменский қалаған. Оқыту процесінде көрнекі құралды пайдалану сабақтың тиімділігін арттырады. Көрнекілікті қолданудың негізгі мақсаты – игерілетін материалдың мазмұнын айқындай түсу, оны оқушының санасында берік қалдыруға мүмкіндік жасау. Көрнекілік құрал оқытушының оны орынды қолдана білгенінде ғана тиімді болатыны сөзсіз. Көрнекі оқу құралдары кескінделген және экранды-дыбыстық болып екіге бөлінеді. Кескінделетін оқу құралдарына кесте, сызба, сұлба, өрнек, фото-сурет, сурет, оқиғалы картиналар, т.б. үлестірме дидактикалық карточкалар жатады. Экранды-дыбыстық құралдарға кино-

фильм, диапозитив, таспа жазулары, күйтабақтар, кодоскопқа (жазылған) арналған транспаранттар, үлестірме қағазы, схема, компьютер жатады.

Көрнекі құралдың жаңа жанрларының бірі – мультимедиалық энциклопедия, электронды оқулықтар, сондай-ақ дыбыстық бейнежазба материалдарын қолдану. Көрнекіліктердің сабақ мақсатына сай таңдалып, эстетикалық сапасының жоғары болуы, білімдік, танымдық мазмұнының мұғалім сөзімен ыңғайлас келуі ескеріледі. Көрнекіліктің мәні оқушының білімі мен біліктілігін жетілдіруге тигізетін үлесімен өлшенеді.

Біріншіден, қазақ тілінің жай сөйлем және оның түрлерін оқытуда түрлі персонаждардың көмегімен оқушының өзін ситуацияға толық енгізу арқылы оның тілін дамытып, ой-өрісін кеңейтуге, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға, қоршаған ортасына ізгілік қатынасын орнатуға болады.

Екіншіден, оқушылардың өз шығармаларын талдату арқылы өзін өзі тануына, өзіндік қабілетін ашуына мүмкіндік туғызып, сондай-ақ өзгелердің еңбегін бағалауға үйретуге болады.

Үшіншіден, пайдаланылатын көрнекіліктің педагогикалық, психологиялық және әдістемелік талаптарға сай болуымен қатар, оқушының қызығушылығын төмендетіп, жалықтырмас үшін түрлендіріліп отырылуы тиіс. Ендеше, көрнекіліктің жай сөйлем және оның түрлерін меңгертуде маңызы мен тиімділігін былай тұжырымдауға болады:

- көрнекілік мазмұнын байыта түседі;
- есту арқылы алған білімін көру арқылы бекіте түседі;
- көрнекіліктер оқушының ойлау, таным белсенділіктерін, көркем
тілін дамытады
- баланың эмоциясына әсер етеді;
- алған білімдерін тілдік қарым-қатынаста жүзеге асыруға жетелейді.

Оқытудың саналылық және белсенділік ұстанымын жүзеге асыруға мынадай жағдайда қол жеткізуге болады: сабақта жағымды уәж туғызу, оқу материалының оқушының тілек-мақсаттарына сай болуы (танымдық қызығушылығы), мәселелік жағдаяттар туғызып, өз бетімен орындауға үйрету, оқытудың тиімді әдістерін қолдану (дидактикалық ойындар, пікірсайыс, т.б.). Мұндай жағдайда оқушының оқу белсенділігін былайша арттыруға болады: оқу іс-әрекетінің мақсат, міндеттерін анық білу; маңыздылығын түсіндіру; танымдық әрекеттің барлық түрлерін қолдану қажет, яғни талдау мен жинақтау, индукция мен дедукция, байланыстыру, салыстыру т.б. оқушылардың бір-бірімен өзара байланыс әрекетін пайдалану, оқытудың ұжымдық, топтық, жұптық, жеке формаларын өзара әрекетте қолдану; шығармашылық, өнімді тапсырмаларды жиі орындау.

Оқыту үрдісінде білімді шәкірттердің саналы игеруі, олардың әрбір сабақта белсенділік көрсетуі – оқушылардың шеберлігін шыңдай түсетін алғы шарттардың бірі. Мектеп оқушыларының оқу пәндерін игеру барысында оның мақсат-міндеттерін білуі, өзі алдына мақсат қойып, оны шешудің амал-тәсілдерін таба білуі оның таным шегінің кеңеюіне жағдай жасайды. Осы тұрғыда Л.В.Занков оқыту процесінде білімді саналы түрде игеруде алдымен теориялық білім берудің басым болуы ұстанымдарын жүзеге асырудың маңызы зор екендігін айтады. Мұғалім қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жағымды мотивация туғызу, оқушының ынта-ықыласы, танымдық сұранысын ескеру, проблемды жағдаяттар жасай отырып, жаттығу- тапсырмаларды өз бетімен орындай білуге үйрету, оқытудың адам психологиясына негізделген ұжымдық түрі “интерактив әдістерді (дебат, пікірсайыс, ойтолғау, “дөңгелек үстел”, рөльдік ойындар, симуляция, релаксация, мультимедиалық бағдарламалар) қолдану барысында үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Баланың ізгілікті рухани-адамгершілігін дамыта оқытуда басқа ұстанымдармен бірге, түсініктілік ұстанымы басты назарда болды. Түсініктілік ұстанымы білім мазмұнына мәні толық анықталған материалды ендіруді, мектеп оқушылары меңгере алатындай ғылыми ұғымдар мен терминдерді (яғни жай сөйлемге қатысты) дұрыс, ұтымды пайдалануды көз-

дейді. Бұл ұстаным баланың ізгілікті адмгершілігін қалыптастыруда оқушының дайындық деңгейіне сай, олардың өзіндік пікірін туғызатындай жағдайда ұйымдастыруды талап етеді.

Түсініктілік ұстанымында жай сөйлем синтаксисіне қатысты оқу материалының оқушы даярлығына үйлесімді келуі талап етіледі. Сабақты ұйымдастырудың өн бойында бұл жағдайлар ескеріліп, оқушылардың әрі дұрыс, әрі жеңіл түсінік алуы үшін тиімді әдістер қолданылады. Бірақ жай сөйлем синтаксисіне қатысты материалды жеңіл-желпі, оны не ықшамдауға, не үстірт өтуге болмайды. Себебі жай сөйлем синтаксисі өте күрделі материал жай сөйлемнің теориялық материалын бақылау, жаттығу жұмыстары арқылы практикалық тұрғыда меңгереді. Сонымен бірге қазақ тілі жай сөйлем синтаксисін жаңа технология арқылы оқытуда бұл ұстанымның алатын орны ерекше. Бұл ұстаным арқылы оқушыларда өзара сыйластық, түсініктік қасиеттері қалыптасады .

Ал оқытудың берік, тиянақты болу ұстанымы – оқушылардың өрелі ой-санасын ғылыми негізде дамыту үшін, олардың меңгерген білім дағдылары тиянақты болуы қажет. Оқушының дүние тану жөніндегі көзқарасын қалыптастыруда білімді тиянақты, берік меңгертудің маңызы зор. Оқылған материалды жан-жақты меңгерту, есінде берік сақтату, құрғақ жаттауға жол бермеу, білгенді ұмытпау үшін қайталау, білімін бағалап отыру сияқты жұмыстарды жүргізу қажет.

Білімнің беріктік, тиянақтылық принципін жүзеге асыруда жаттығу жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру да шешуші рөл атқарады. Түрлі жаттығу жұмыстары оқушының іскерлігі мен дағдысын жетілдіре түседі.

Ал оқытудың ғылымилық ұстанымы баланың таным қабілетінің дамуына, дүниеге көзқарасы мен ізгілік, адамгершлік қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді. Жай сөйлем және оның түрлерін ізгілендіру технологиясы арқылы оқытуда ғылыми ұстанымды іске асыру үшін мынадай талаптардың орындалуы көзделеді. Біріншіден, кешенді жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінің мазмұнының танымдық жағына көп көңіл аударылуы тиіс. Екіншіден, орындалатын жұмыстарды талдау барысында оқытушы тілдік заңдылықтар мен ұғымдарды мысалдар арқылы дәлелдеп отыруы тиіс. Үшіншіден, ұйымдастырылған кешенді жұмыстарды оқушыларға игертуде ескеріліп отыру қажет. Төртіншіден, жай сөйлем, оның түрлеріне байланысты айтылған түсініктемелер ғалымдардың ой-пікір, тұжырымдарымен дәлелденіп, салыстырылып отырғаны дұрыс.

Ендігі тоқталуды қажет ететін ұстанымдарының бірі – оқушылардың бойында ізгілік қасиеттерді қалыптастыруда жай сөйлем және оның түрлерін оқытуда білімді өмірмен байланыстыру ұстанымы маңызды орын алады. Өйткені өз бетімен өмір сүруге икемді, өзіндік көзқарасы қалыптасқан, жан-жақты жетілген азаматты тәрбиелеп өсіру – бүгінгі қоғам талабы. Айтулы педагогтардың (М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов) еңбектерінен орын алған оқытудың мазмұнын өмірмен байланыстыру мәселесінің бүгінгі күні маңызы арта түсуде. Күнделікті сабақтың мектеп оқушыларының айналасындағы өмірмен тікелей байланыста өтуі оның өмірге қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ынтасын туғызады және шығармашылық шабытын оятады.

Жоғарыда аталған ұстанымдардың қай-қайсысы да қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисін жаңа технология арқылы оқытуда маңызы зор деп айтуға болады. Сонымен аталған дидактикалық ұстанымдарды мектеп қабырғасындағы оқушыларға қазақ тілін оқыту үрдісінде пайдалану олардың ынтасын, қызығушылығын тудырғанда, шығармашылық негізде жұмыс істеуге қабілетінің болуы секілді талаптар орындалғанда ғана жүзеге асады.

**Әдебиеттер:**


1. М.Жұмабаев. Шығармалары. –Алматы:Жазушы, 1989.- 448б
2. Ж.Аймауытов. Психология.-Алматы: Анатілі, 1995.- 312б
3. Р.М.Қоянбаев. Педагогика.-Алматы:Ғылым, 1998.- 378б

4. Б.П.Есипов. Основы дидактики. -Москва: Педагогика, 1967.- 472б
5. Р.К.Төлеубекова. Қоғам дамуының жаңа кезеңінде адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздері.-Алматы: Мектеп, 2001.-295б
6. К.Д.Ушинский. Толық шығармалар жинағы,8-том. –Алматы: Ана тілі, 1950.-371б
7. Я.А.Коменский. Избранные педагогические сочинение. –Москва: Педагогика, 1982.-656б

# СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

***Есенбаева А.М.***
*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.*

*Аннотация.Мақалада сұраулы сөйлемдердің адам санасына, танымына әсерін зерттеу қарастырылған. Осы мақсатқа сәйкес қазіргі заманғы лингвист, психолог ғалымдардың сөйлемдердің адам санасына әсері туралы еңбектерін қарастыру. Сұраулы сөйлемдердің тілдік қатысымды тудырудың басты түрткісі, компоненті екені көрсетілді. Сұраулы сөйлемдердің психологиялық ерекшеліктері мен оның студент психологиясына әсері, әсіресе, сөйлеушінің ниеті мен мақсаттарына қатысты болатын жағдайдағы прагматикалық сипаттамаларын, дискурс кесінділерінің өрістеуіне, олардың іске асырылған қағидаттары мен тілдік қарым-қатынас нормаларына баса назар аудару арқылы сұраулы сөйлемдердің адам санасындағы пресуппозициялары жіктеліп, олар мысалдар арқылы көрсетілді.*

*Annotation.The article deals with the influence of interrogative sentences on the consciousness of a person and his cognition. To this end, we consider the work of modern linguists, psychologists, and scientists on the impact of proposals on human consciousness. It was shown that the interrogative sentence is the main motivation for creating a language interaction. The psychological features of the sentences in the question and its impact on the student's psychology, especially regarding the intentions and goals of expanding the speaker with pragmatic, discursive characteristics, focusing on the principles and norms of the language of the relationship of sentences and presuppositions of the human mind of interrogative sentences have been classified and represented by examples.*

Сұраулы сөйлемдердің психологиялық негіздерін зерттеуде оларды қатысым барысында тар ауқымда қарауға болмайды: біріншіден, директивтер кең мағынада адамның тілдік қатысымының алғышартының бір түрі ретінде,оның негізгі шарты деп айтуға болады. Сұраулы сөйлемдер қоғамдағы болмыстың қасиеті ретінде, тілдік қатынастағы сұраудың табиғаты жөнінде жазғанда: "Өмір өз табиғаты бойынша сұраудан тұрады. Өмір сүру дегеніміз - диалогқа қатысу: сұрау беру, жауап беру, келісу және т. б. Әрбір ой мен әрбір өмір аяқталмаған диалогқа келіп тіреледі",-деген М. Бахтиннің пікірі орынды [1,318].

Екіншіден, сұраулы сөйлемдер тілдік қатынастың неғұрлым ерекше сипатты болып табылады. Кез - келген сұраулы сөйлемдер диалог тудырады. Бұл туралы М. Бахтиннің жұмысынан көрінеді, атап айтқанда, ол былай деп жазады: «Диалог қарапайым және анық түрде — тілдік қарым-қатынас классикалық түрі. Әр реплика сөйлеушінің жауап беруге болатын кейбір ұстанымдарын білдіре отырып ерекше аяқталымға ие болады» [1,250].

Үшіншіден, сұрау табиғаты ойлау және дүниені танудың негізгі құралы болып табылады. Қазіргі заманғы философтар сұрау табиғатын түсіндіруде, теориялық ойлау сұраудан туындаған ретінде түсіндіріледі, ал ойлау сол сұраққа жауап беру деп түсіндіңреді [2]. Тілдік қатынас тек сұраулық сөйлемдер арқылы жүзеге асады. Себебі, сұраулар адам санасында ойлау процесін туындатады. Әрбір сұрақ және оған жауап беру адам санасында ұғымдар туғызады. Тілдік қатынаста сұраулы сөйлемдердің адам санасына әсері, оның қатысымның жүзеге асуының негізгі құралы екендігін, сұраулы сөйлемдердің студенттердің ойлау қабілеті мен танымына қатысының ара-жігін ажыратып, талдап жатудың маңызы жоғары.Сұраулы сөйлемдердің психологиялық ерекшеліктері мен оның студент психологиясына әсері, әсіресе, сөйлеушінің ниеті мен мақсаттарына қатысты болатын жағдайдағы прагматикалық сипаттамаларын, дискурс кесінділерінің өрістеуіне, олардың іске асырылған қағидаттары мен тілдік қарым-қатынас нормаларына баса назар аудару керек.

Тілдік қатынастын туындауына әлеумет қажет екені белгілі. Бірақ, тіл мен сөйлеу өзара байланысты болса да, сөйлеудің даралығын адамның психикалық қабілеттері мен қасиеттері айқындайды. Қазіргі кезеңде тіл білімі жаңа қырынан танылып, өз бағытын антропоцентристік арнаға бұруына байланысты сөйлеушінің қолданысындағы сұраулы сөйлемдер арқылы оның ақыл-ойын, дүниетанымын, ұлттық мәдениетін аңғаруға болады. Бұл туралы М.Жұмабаев: «ойдың тілі – сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз», - десе [3, 72б], ф.ғ.д. Б.К.Елікбаев: «... тіл білімінің дамуының бүгінгі сатысында адам факторы өзіне ерекше көңіл аудартып отыр. Коммуникативтік, прагматикалық, когнитивтік бағыттарға негізделген қазіргі лингвистика коммуникацияның екі антропоцентрі: *хабарды жеткізуші* (адресант – сөйлеу субъектісі) пен *хабарды қабылдаушы* (адресат) арасында өрбиді. Тілдік құралдар арқылы берілетін хабарда адресанттың сөйлеу әрекетін құрудағы саналылығы мен мақсаттылығы, коммуникативтік емеуріні (интенциясы) көрінеді» -деп қорытады [4, 4б].

Сұраулы сөйлемдер ең алдымен адамның танымдық қызығушылықтары арқылы қалыптасады, жүзеге асады. Адамның дүниені тану процесінде біріншіден сұрақ беріп, сол сұраққа жауап алғанда ғана танымы кеңейеді. Осы арқылы адам санасында қоршаған ортасы туралы пікірі, ой қорытуы, ұғымы қалыптасады. Шын мәнінде ұғымдарды, дүниені тануы адамды өз мүмкіндіктерін дұрыс қолдануға үйретеді. Сондықтан адамдар қоршаған ортадағы «заттар мен құбылыстардың өзара қатынастарын, байланыстары мен жалпы қасиеттерін көзбен көріп, қолмен ұстауға болмайтындықтан, тек ақыл қуатымен тұщыну, пайымдау арқылы ғана танып білуге болады. Жалпы ұғымдар жүйесінің қатары неғұрлым көбейіп, олардың таным ауқымдылығының барынша кеңеюі, табиғат сырларынан адамды алшақтата беретін сияқты пікір туғызады» [5,185 б.].

Психолог ғалымдар таным адамның санасын жетілдіретінін, дамытатынын айтады. А.Е.Әбілқасымова: «Таным–әрекет түрлерінің бірі болғандықтан, таным барысындағы қиындықтарды жеңу жөніндегі ерік күші таным әрекетінің мақсатын кімнің алға қоятынына елеулі дәрежеде ықпалды деп жорамалдауға болады» [6,30]. «Таным – бұл қоршаған болмыстың, оның элементтерінің белсенді ақыл-ой және көңіл күй іс-әрекеттері мен олардың нәтижесі, яғни білім, жалпыланған теория, заңдар мен ғылыми ұйымдардың санада бейнеленуі» [7,149] «Таным – адам санасын дамытудың негізі» [7,226]. Адамның санасы жоғары нерв жүйесінің қызметі, оның қоршаған ортадағы сыртқы болмысты түйсіктер, ақыл, ойлау қабілеттері арқылы қабылдауы және осы қабылдаған ақпараттарды қабылдау, қортыу, өзіндік пікір білдіруі. Қазақ халқында «оның санасына берсін» тіркес қалыптасқан. Бұл халықтың сананың мәні, маңызы жоғары екенін білгенін көрсетеді. Сондықтан жоғары оқу орындарында сұраулы сөйлемдерді оқытуда алдымен, студенттердің жоғары психикалық функцияларын, яғни конвергентті (салыстыру, талдау, жинақтау, абстракциялау, жалпылау, нақтылау, қорытындылау, шешім шығару) ойлау қабілеттерін дамыту қажет. Мұның барлығы студент-

тердің санасын дамытады. Сонымен қатар, студенттердің инвергентті (интуиция, рефлекция, инсайт) секілді продуктивті есте сақтау, зейін, ойлау қабілеттері мен қиялдарын дамытуда сұраулы сөйлемдерден тұрған тапсырмаларды арнайы іріктеуден өткізу керек. Студенттердің санасында кез-келген ақпараттар салыстыру, талдау, жинақтау, абстракциялау, жалпылау, нақтылау, қорытындылау, шешім шығару актілерінен өткенде ғана жатталып қалады.

Кез-келген сұраққа жауап беру процесі төмендегідей әрекеттерді қамтиды:

- ауызша немесе жазбаша формада алынған сұрақ, студенттің түйсіктері арқылы санада кодталады;
- сұрақтың мазмұны мен сұраушының мақсатын айқындау;
- жауаптың жоспарын құру;
- жауаптың сұраққа дәл болуын айқындау;
- жауап беруге арналған грамматикалық формалар мен кодтарды таңдау;
- жауап беру үшін өзіндік ой-пікірлерді жинақтау, оны сыртқа шығару;

Сұраққа жауап беру екі деңгейде жүзеге асады. Бірінші деңгейде қабылдаушының сұрақты қабылдауға ықыласы мен түйсігі болуы міндетті. Сұрақтағы анық және жасырын ақпараттарды (айтушының мақсатын, уәжін, ықыласы және т.б.) түсіну, оны ой елегінен өткізу арқылы толық не жартылай жауап беру екінші деңгейге жатады. Мұның барлығы жауап берушінің санасының дәрежесіне байланысты болады. Сондықтан адамның санасының « қалыптасуы мен оның тілдік бірліктер арқылы берілуі, яғни сырқа шығуы бір құбылыс емес. Тілдік қолданыс барысында сана жеке дара күйінде байқалмайды, ол адамның бүкіл танымдық түсінігін қатысым барысында тілдік бірліктердің мазмұнына жинақтап береді. Сананың тіл арқылы сыртқы ортада көрініс табуы, қатысым барысында тіл арқылы қоғамда ақпарат алмасуға ықпал етіп, сана мазмұнының табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Алайда сананың коммуникациялық мақсатта тіл арқылы сыртқы көрінісі, ерекше тілдік сананың бар екендігін жоққа шығармайды, мұнда когнитивті сана сыртқа шығаруда айрықша тілдік құбылыс ретінде көрініс таппайды[8,101].

Ф. Абдулжанова сананы екі түрге ажыратып көрсетеді:

«Тілдік сана мен коммуникативтік сананы шартты түрде төмендегідей ажыратуға болады: - тілдік сана сәлемдесу немесе амандасу ережелері туралы ақпарат (яғни белгілі бір концептіні анықтайтын тілдік бірліктер): сәлеметсіз бе, қайырла таң, сәлем және т.б. Тілдік бірліктердің өзара ажыратын мағыналары – таңертең немесе кешке амандасуды білдіре келіп, ауызекі сөйлеу тіліндегі сыпайылықты аңғартады. Аталған бірліктердің мағынасы сөйлеушінің тілдік санасына тиесілі ақпарат болып табылады.

Коммуникативтік санаға сәлемдесу мен амандасуды қалай жүргізу керектігі туралы түсінікті жатқызуға болады. Бұл тұлғаның қарым-қатынас барысындағы әрекеттерінің жиынтығы арқылы байқалады. Мәселен, қандай қашықтықта, ауызша немесе жазбаша, қашан және кіммен амандасты, кімге сыпайы амандасу немесе «сіз» деп сөйлеу керектігі, қарапайым түрде амандасу, қайталап амандасу сияқты мағлұматтар жатады. Осылайша, коммуникативтік сана өзінің құрамдас бөлігі ретінде тілдік сананы қамти отырып, тілдік бірліктердің нақты қатысым барысындағы қолданыс ерекшеліктерін айқындап береді [8,102-103]. Ғалымның пікірі сананы тілдік және коммуникативтік деп ажыратуы қызықты. Біздің ойымызша сана адамның бүкіл өмір тәжірибесі, оның танымы мен ой- түйсігінің көрінісі. Адамның мәдени, тарихи, діни, ділдік білімдерінің жиынтығы мен жеке тұлғалық қасиеті мен қабілетін анықтайтын айнасы.

Тілдік қатынастағы сұраулы сөйлемдердің тілдік құбылыстарын жан-жақты оқыту студенттердің санасының дамуына оң әсер етеді. Бұл студенттердің рефлекцияларын дамытып, олардың өзін-өзі тануына, ой-пікірін нақты жеткізуге, өзіндік санасының жетілуіне алып келеді. Сұраулы сөйлемдердің моделдерін үйрету студенттердің сұрақты дұрыс қоюы мен оған жауапты дәл беруіне, сұрақ қойған адамның презуппозиялық (санасындағы сұрақтың мазмұнын) ниетін түсінуге көмектеседі.

Сұрақ беру мен оған жауап алу мынадай моделдер арқылы жүзеге асады. Мұнда сұраққа толық не жартылай жауап беруі сәтті тұрғысында алынып отыр. Сұраққа жауап алу табысты болды тұрғысында қарастырамыз — адресат (А2) сұрақты түсінді және оған дұрыс жауап берді — адресант (А1) , сұрақ беруші жауап берушінің жауабына көңілі толды. Сонымен, сұрақ беру мен жауап алудың негізгі жағдаяттарының негізгі пресуппозициясы (р) келесілерге жинақталады:

а) А1 қажетті ақпаратты иеленбейді р;

б) А1 ақпаратты қажет етеді р;

в) А1-А2-ге ақпарат ие деп болжайды р;

г) А2- А1-ақпарат беру жағдайында р;

д) А2-А1-ге ақпарат беруге келіседі р.

Осы пресуппозициялар негізінде логикалық жоспарда дедуктивті-индуктивті тәсілді пайдалана отырып талдауда біздің мысалдарға сүйене отырып, ұсынылған келесі модельдегі сұраулы сөйлемдер квеситивтер орнатылды .

1) **А1 білмейді** — **презуппозия:** «Мен вокзалға қалай өтуді білмеймін». **Сұрақ:** «Вокзалға қалай өтуге болады?»

2) **А1 ақпарат керек** — **презуппозия** : “Маған қажет”.

**Сұрақ:** Маған вокзалға қалай өтуге болатынын айта аласыз ба?

3) **А1 ақпаратқа ие болды, бірақ күші жойылды** — **презуппозия:** «Маған тағы қайталап жіберу керек...»

**Сұрақ:** «Мен вокзалға қалай өтетінін ұмыттым?»

4) Егер А1 және А2 арасында бұрын қандай да бір қарым-қатынас болған болса, осы қарым-қатынастардың тіркелуі модельдің туындауына мүмкіндік етеді: А1- А2- ге бұрын хабарлама беруге уәде етті — **презуппозия:** «Сіз маған хабарлауға уәде бердіңіз, бұл дұрыс емес пе?» немесе «Біреу маған хабарлауға уәде берді, бұл ісі болмады?»

**Сұрақ:** «Сөзіңізде тұрмайсыз ба?»

5) А1 жағдаятта өзі күтпеген өзгерістерді анықтайды, немесе ондағы кейбір «өзгешеліктерді» бұл факті тұжырымы сұрақтың қойылуына тең — **презуппозия** : «Біртүрлі, екен... ?» «Қызық, неге ...?»

**Сұрақ:** «Сөзіңіз біртүрлі екен?»

6) А1 А2 оған бір нәрсені хабарлауды қалайды деп санайды — **презуппозия**: “Меніңше, Сіз де, маған бір нәрсені хабарлағыңыз келеді ме?...”. Мұнда А1 А2-нің соңғысының бұрынғы пікірлері немесе паралингвистикалық құралдары негізіндегі ниеті туралы айтуы мүмкін.

**Сұрақ:** «Бұл туралы Сіз айтыңызшы?»

7) Адресант өз-өзіне сыртқы сөйлеудегі сұрақты енгізеді, әлеуетті адресаттарды оларға жауап беруге көмектесуге шақырады **презуппозия** — «Меніңше, бұл ... ?» «Мен өзіме сұрақ қоямын, не... ?» «Ойлану керек ... ?»

**Сұрақ:** Меніңше мұның жауабы қол емес пе?»

Қорыта айтқанда, келтірілген варианттар тізбесі квеситивті сұраулы сөйлемдердің базалық моделі толық болып табылмайды. Бұл моделдерде сұраулы сөйлемдердің иллокуциясы құрылымды өрнектеледі және адресаттың ақпараттық тапшылығын толықтыру үшін перлокутивті акт бірқатар толық болып табылады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1.Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. — М.: Искусство, 1979. — 424 с.

2.Библер В.С. Мышление как творчество. — М.: Политиздат, 1975. — 399 с. 3.Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. -112 бет.

4.Елікбаев Б. Қазіргі қазақ тіліндегі есімдер синтаксисі: филол. ғыл. д. ... дис. – Алматы, 2010. – 298 б.

5.Қасабек А, Қасабек С. Искание истины. Алматы: Ғылым, 1998. -144 с.
6.Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру.- Алматы: Білім, 1994.- 192 бет.
7.Педагогика. Дәріс курсы Алматы: Нұрлы Әлем, 2003.- 368 бет.
8.Абдулжанова З.А. Ауызша тілдегі тілдік бірліктердің қатысымдық сипаты: философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы: 2014- 150 б.

# ДИАЛИНГВИАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ И ЕГО ПРИМЕНЕНИЕ В ОБУЧЕНИИ ВТОРОМУ ЯЗЫКУ

***Есимбек Сауле Ізімуханқызы,***
*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті*

Явление речевой интерференции при двуязычии уже давно привлекает внимание психологов, лингвистов и методистов. И хотя в этой области за последнее время достигнуты значительные успехи, приходиться все же констатировать, что учение об интерференции пока еще не оказало существенного влияния на практику обучения второму языку, оно еще не пробило себе путь в массовую аудиторию, в стабильные учебники и пособия [1].

В чем причина такого состояния? Причин вероятно, много, как объективных, так и субъективных.

Прежде всего – это неразработанность методов и конкретных приемов изучения речевой интерференции. Используемый обычно для этой цели индуктивный подход, связанный с учетом типичных ошибок обучаемых и их классификацией, оказался, в конечном счете, малополезным и с практической точки зрения, ибо полученные таким способом данные не позволяли сделать необходимые обобщения из-за невысокой их достоверности и исчерпываемости: наблюдаемые ошибки всегда касались только одного класса информантов, имелись трудности в отграничении интерференции от ошибок, возникающих по другим причинам.

Дедуктивный подход, связанный с успехами конфронтативного анализа и основанный на чисто лингвистических данных(не учитывающих специфики людей, изучающих второй язык), оказался слишком теоретичным, мало пригодным для использования в аудиторных условиях. Как правило, он носит фрагментарный характер, касается только отдельных микросистем или даже отдельных элементов контактирующих языков, и возможность его практического применения все еще остается проблематичной. Именно в силу этих причин наблюдается переоценка, так и недооценка этого метода и его роли в деле совершенствования методики обучения второму языку. Одни(главным образом, лингвисты) ждали от конфронтативного анализа больше, чем он может дать в действительности, другие(главным образом, методисты) не возлагали на него больших надежд, хотя в нем заложены определенные прикладные потенции, полезные для методики.

Все это мешает установлению необходимого взаимопонимания между лингвистами-теоретиками и методистами-практиками: первые рассматривают интерференцию как чисто речевое явление, связанное с различиями между системами контактирующих языков, но игнорируют «человеческий фактор» (способность к усвоению второго языка, глубина памяти, мотивация в изучении второго языка), вторые видят перед собой прежде всего обучаемого, т.е. конкретной личности, а не «абстрактные схемы» и манипуляции с ними за письменным столом.

Таким образом, можно сказать, что отсутствие четко разработанной исследовательской процедуры, обеспечивающей надежное и исчерпывающее описание интерференции в прикладных целях, которая обеспечивала бы учет как лингвистических, так и психолингвистических факторов языкового контактирования на всех уровнях, является основным препятствием к внедрению достижений лингвистики в практику обучения второму языку.

В статье рассматривается попытка разработки такой лингвистической процедуры, которая обеспечивала бы получение методической типологии, изучаемого материала второго языка в виде списка этих явлений, расположенных по степени убывающей трудности для усвоения относительно определенного уровня обучаемых. Назовем эту процедуру диалингвальным анализом контактирующих языков.

Целью диалингвального анализа является, следовательно, моделирование речи билингвиста путем прогнозирования и экспериментальной поверки речевой речевой интерференции, возникающей при контактировании определенной пары языков. Его специфика определяется следующими признаками: синхронность, системность, надежность, исчерпываемость, соединение чисто лингвистических и психо лингвистических приемов исследования, учет сходств и различий между языками, перспективность и прагматичность, т.е. возможность использования полученных данных для решения ряда прикладных задач. В том числе для повышения эффективности обучения второму языку в условиях средней и высшей школы. Таким образом, своей целью и спецификой диалингвальный анализ существенным образом отличается от других номографических методов лингвистического исследования (ср. сравнительно-исторический, контрастивно-сопоставительный, конфронтативно-типологический методы), хотя и имеет с ними много общего.

Диалингвальный анализ контактирующих языков представляет собой сложную многоступенчатую процедуру, состоящую из четырех последовательных стадий исследования.

Первая стадия: описание двух языков в одинаковых терминах и с единых теоретических позиций. Это описание должно охватывать все три уровня языковой системы ( фонологический, лексический и грамматический), причем каждый отдельно взятый уровень необходимо рассмотреть в трех планах: парадигматическом ( система единиц данного уровня), синтагматическом ( совокупность правил линейной сочетаемости этих единиц) и трансформационном ( совокупность правил материальной реализации языковых единиц данного уровня в речи).

Трансформационная правила отличается от того, которое используется в работах по порождающей грамматике. Трансформационные отношения, с точки зрения присущи языковым единицам всех уровней, а не только грамматического; их суть сводится к правилам перехода от инвариантов к вариантам, т..е. от идеальных языковых объектов ( виртуальная область) к материальным речевым объектам ( область реализации). Любую фонему можно, например, рассматривать как инвариант, а соответствующие звуки речи – как варианты (аллафоны) данной фонемы. Оба эти явления свзаны трансформационными правилами.

Вторая стадия: наложение систем или подсистем языков, находящихся в контакте, и определение сферы потенциальной интерференции. Это достигается путем установления тождеств, сходств и различий между единицами и правилами данного уровня и/ или плана. Именно на данной стадии заканчиваются обычно все сравнительно-сопоставительные или конфронтативные исследования. Получаемые таким образом параллельные данные о фактах двух языков являются все еще малопригодными для практики, так как носят чисто теоретический ( структурно-типологический) характер и не содержит гипотез относительно качественной специфики речи двуязычного человека.

Третья стадия: предсказание конкретных типов речевой интерференции путем установления бинарных отношений между отдельными единицами и правилами их функционирования в обеих языковых системах или подсистемах на основе универсальных законов переноса навыка и межъязыковой идентификации[2]. Установленные таким образом типы интерфе-

ренции могут быть заданы в виде списка и подвергнуты классификации. На этом заканчивается собственно лингвистическая часть диалингвиального анализа.

Четвертая стадия: экспериментальная проверка данных, полученных на предыдущей стадии анализа, с привлечением информантов. В результате такого психолингвистического эксперимента не только проверяются и уточняются данные теоретического прогноза, но и устанавливается вероятность появления конкретных типов интерференции в речи определенного контингента двуязычных информантов [3].

Полученные в результате диалингвиального анализа статистико-вероятностные данные относительно типов интерференции позволяют разместить все факты второго языка, подлежащие усвоению, по степени убывающей трудности, что может быть использовано при создании учебников и учебных пособий, а также непосредственно в процессе практической работы преподавателя в аудитории.

Диалингвиальный анализ с высокой степенью надежности обеспечивает получение следующих данных, релевантных методике обучения второму языку.

1. Разграничение случаев фацилитации (при тождестве единиц и правил двух языков) и интерференции ( при различии языковых систем или подсистем). В первом случае речь идет о явлениях второго языка, не представляющих трудностей ля усвоения, во втором – о явлениях, связанных с определенными трудностями.

2. Получение списка интерференции по степени убывающей частности, на основе которого может быть создана методическая типология явлений второго языка при данном типе билингвизма.

3. Эта типология позволяет сделать несколько чисто практических выводов:

1) обучение одному и тому же второму языку представителей различных национальностей должно строиться по-разному, так как интерференция, ее качество, количество и вероятность появления в речи является функцией двух контактирующих языков; для представителей родственных и близкоструктурных языков могут быть сделаны определенные обобщения[4].

2) она обеспечивает рационализацию учебного процесса, направленную на предупреждение ошибок в речи билингва, а не на борьбу с ними, как это имеет место вплоть до последнего времени;

3) чем больше вероятность появления интерференции в речи, тем труднее для усвоения данное явление второго языка, а следовательно, тем многочисленнее и разнообразнее должны быть упражнения по нейтрализации интерферирующего влияния родного языка обучаемого; однако проблема количества, качества и последовательности упражнений в каждом конкретном случае не может быть решена лингвистическими методами.

Знание трудностей, с которыми сталкивается обучаемый в процессе усвоения второго языка? Еще не означает знание того? Каким образом эти трудности могут быть окончательны преодолены? Поскольку на качество обучения влияют не только структурные особенности контатирующих языков, но и целый ряд, других экстралингвистических факторов: способность к языкам, владение другими языками, степень владения вторым языком в данный момент, мотивы его изучения; наполняемость классов, профессиональная подготовка преподавателя, качество учебников и учебных пособий, время, отводимое на изучение второго языка.

Очевидно, что учение об интерференции и методах ее исследования может наиболее благоприятно воздействовать именно на улучшение качества учебников и учебных пособий, время, отводимое на изучение второго языка и т.п.

Таким образом, для научного обоснования методики обучения второму языку необходимо точно знать, что можно дать ей то или лингвистическое учение ( в случае - учение об интерференции), и чего оно дать не может. Это позволит избежать на практике как переоценки этого учения, так и недооценки.

**Түйіндеме**

Мақалада екінші тілді меңгертуде қолданылатын әдістемені ғылыми тұрғыда негіздеу үшін лингвистикалық оқу материалына нақты талдау жасау керектігі қарастырылған.

**Summary**

In the article a dialylic analysis is educating to the second language.

**Использованная литература**

1. Абдигалиев С.А. Опыт экспериментального исследования казахско-немецкой лексической интерференции в речи студентов первого курса // Иностранная филологи, вып.4, Алма-Ата, 1974.

2. . Газиева С.У. К вопросу о диалингвистическом описании семантической структуры многоязычных слов // Иностранная филология, вып.6. Алма-Ата, 1975.

3. Карлинский А.Е. Принципы исследования лексичекой интерференции в методических целях // Зарубежное языкознание и литература, вып.1. Алма-Ата, 1971.

4. Ковылина Л.И. Об одном способе исследования лексико-грамматической интерференции // Иностранная филология, вып.6. Алма-Ата, 1975.

# РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ РЕЧИ СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ

***Б.С. Жумагулова, Р.И.Бекишева***

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

*Ключевые слова:* профессиональное обучение, учебный процесс, инновационные методы, проблемное обучение.

**Аннотация**

В данной статье представлены основные моменты организации работы с учебным материалом на занятиях по дисциплине «Профессиональный русский язык». Подбор языкового материала с учетом специальности студентов позволяет им не только овладеть навыками работы с научным текстом, но и приобрести навыки, способствующие формированию специальных знаний будущих специалистов. С другой стороны, развивается поисково-исследовательская работа студентов, так как для подготовки к занятию они обращаются в библиотеку, а также к интернет-ресурсам. Работа с научной литературой по специальности способствует развитию устной научной речи, расширению словаря-минимума по специальности для активизации терминологической лексики. Профессионально-ориентированная направленность содержания учебного материала является приоритетной в современной системе образования.

# DEVELOPMENT OF THE PROFESSIONAL SPEECH OF STUDENTS OF UNLIKE SPECIALTIES

Keywords: professional education, the learning process, innovative methods, problem-based learning.

**Summary**

In this article in the form of main moments presented highlights of the organization of work with the material in the classroom for discipline “Russian language”. Selection of language material

in view of the specialty of students allows them to not only learn the skills of working with scientific texts, but also to acquire the skills that contribute to the formation of specialized knowledge for future specialists. On the other hand, developing search and research work of students, as for preparation for classes they turn to the library and Internet resources. Working with the scientific literature on the specialty promotes oral scientific language, vocabulary expansion, to activate special terminology. Professionally-oriented content of teaching material is a priority in the modern education system.

Общей целью образовательных реформ в Казахстане является адаптация системы образования к новой социально-экономической среде [1].

Дисциплина «Профессиональный русский язык» изучается студентами казахских отделений всех специальностей, что сопряжено с реализацией культурного проекта «Триединство языков»: «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это: казахский – государственный язык, русский – язык межнационального общения и английский – язык успешной интеграции в глобальную экономику» [2].

В настоящее времястуденты владеют языком специальности на русском языке весьма ограничено, что сопряжено с различными экстралингвистическими факторами. Поэтому обучению языку специальности, развитию профессиональной языковой компетентности должно уделяться большое внимание.

Русский язык в Казахстане является дополнительным по отношению к родному языку студентов средством получения профессионального знания и образования. Поэтому занятия имеют практическую направленность: анализ характеристик научных текстов в области лексики, грамматики, стилистики способствует развитию устной и письменной речи студентов. Цель занятий – на специально отобранном материале сформировать у студентов языковую и коммуникативную компетенции в области научного общения, необходимые им для более глубокого овладения языком специальности.

Формирование умений работы с научным текстом имеет большое значение, так как обусловлено постоянно увеличивающимся потоком научной информации. Поэтому совершенствование навыков анализа научного текста, развитие умений грамотного написания вторичного научного текста весьма актуально. Под вторичным научным текстом понимается речевое произведение, созданное на базе оригинального научного источника, с использованием языковых клише. К вторичным научным текстам относятся аннотация, реферат, рецензия и др. виды речевых произведений, созданных при помощи компрессии (сжатие).

Базой для наблюдения и осмысления изучаемых грамматических явлений служат учебные тексты, которые выступают основой для формирования тех или иных речевых навыков. Предпочтение отдается оригинальным научным текстам по специальности.

Словарной работе уделяется большое внимание. Целью данного этапа работы с текстом является правильное понимание значения терминов, усвоение их сочетаемостных возможностей, особенностей употребления, введение в активный запас. На данном этапе актуальны следующие задания:

- Выписать ключевые слова (термины), найти определение в терминологическом словаре;
- Составить с терминами словосочетания, предложения.

Работа с содержанием научного текста.

- Разделить текст на части, к каждой из которых поставить вопросы;
- Составить план текста, представить его в виде тезисов;
- Подготовить один из видов вторичного текста (например, аннотацию/ рецензию/ реферат).

В зависимости от темы занятия предлагаются речевые клише для создания того или иного вторичного речевого произведения.

Задания нацелены на определение уровня сформированности речевых умений по составлению связных текстов с учетом особенностей речевого поведения и на развитие речи в профессиональной сфере, этики делового общения.

Привлечение информационных и коммуникационных технологий повышает усвоение теории, способствует активизации мыслительной деятельности студентов.

В качестве критерия оценивания навыков работы с научным текстом можно использовать следующую таблицу:

Таблица 1

| Критерии | Показатели | Баллы |
|---|---|---|
| 1 Умение работать с текстом научного стиля | 1. Самостоятельный анализ текста, выделение научной информации.<br>2. Выделение информации с помощью наводящих вопросов преподавателя.<br>3. Непонимание текста. | 5<br>3<br>0 |
| 2 Умение выделять термины, понимание их значения | 1. Определение терминов, знание их сочетаемостных возможностей, оперирование терминами.<br>2. Выявление терминов, затруднение при составлении словосочетаний.<br>3. Затруднение при выделении терминов. | 5<br>3<br>0 |
| 3. Умение составлять вторичный научный текст | 1. Самостоятельное преобразование текстовой информации, создание логичного вторичного научного текста.<br>2. Составление вторичного научного текста только по образцу.<br>3. Неумение использовать языковые клише для преобразования первичного текста. | 5<br>3<br>0 |

Также используются тренировочные упражнения, тестовые задания уровневого характера.

Материалы для практических занятий нацелены на формирование профессиональной речи студентов и даются с учетом принципов научной достоверности, репрезентативности, вариативности содержания, системности и сбалансированности знаний. Задания тестового контроля должны быть представлены по принципу «от простого к сложному».

На современном этапе развития общества есть необходимость внедрения инновационных методик развития профессиональной речи на фоне ограниченного количества аудиторных часов, отводимых учебной программой. С данной позиции немаловажным является внедрение современных цифровых технологий для обучения языку специальности, например, в рамках СРСПсоздание презентации в MSPowerPoint, составление интерактивных тестов при помощи FreeQuizMaker, конвертация во flash с помощью iSpringFree, вставка в презентацию аудио- и видеофрагментов, обработанных с помощью FreemakeVideoConverter, создание скринкастов с помощью HyperCam.Результатом данного видаработыявляется формирование портфолио с разработкой тестового контроля для закрепления пройденного материала, запись видеоуроков для дистанционного обученияbудущих специалистов.Также можно использовать case-study (PROBLEM-BASEDLEARNING (PBL) (ПРОБЛЕМНОЕ ОБУЧЕНИЕ) PBL – метод обучения. Преимущества: работа в малых группах; решение проблемы).

Особенности кейса: продолжительность; малые группы; постановка проблемы; пути разрешения проблемы; определение методов; студенты сами определяют вопросы, связанные с проблемой.

Кейс. К практическому занятию необходимо подготовиться к обсуждению актуальной темы по специальности. Этапы работы: Постановка проблемы. Выделение ключевых вопросов. Представление результатов по вопросам. Представление тьютором новой (дополнительной) информации (обсуждение формата для предъявления результатов работы). Обсуждение темы. Представление отчета в виде презентации.

Отметим и набирающую в последнее время популярность проектную технологию обучения, которая является оптимальной для ее применения в организации самостоятельной работы студентов. Например, Круглый стол на определенную тему по специальности. Цель проекта: в рамках СРС студенты перерабатывают учебную литературу по теме исследования, овладевают языковыми клише для составления вторичных текстов, готовят презентацию для выступления.

Учебно-воспитательная ценность проекта:

- понимание и применение учащимися знаний, умений и навыков, приобретенных при изучении различных предметов;
- повышение мотивации студентов при выполнении заданий;
- развитие творческих способностей;
- формирование чувства ответственности;
- развитие коммуникативных способностей в групповой работе;
- создание условий для сотрудничества между преподавателем и студентами.

Задачи проекта. Формирование у студентов базовых компетенций, в том числе и проектной (компетенции решения проблем), включает реализацию следующих задач:

- выработать у обучающихся самостоятельное, критическое мышление, умение работать с информацией;
- научить размышлять, опираясь на знание фактов, закономерностей науки, делать обоснованные выводы;
- принимать самостоятельные аргументированные решения;
- научить работать в команде, выполняя разные социальные роли.

Время работы над проектом (например, 1 учебная неделя).

Обеспечение проекта:

- Материально-техническое и учебно-методическое оснащение, информационное обеспечение;
- Общеучебные навыки, необходимые учащимся для самостоятельной работы;
- Специфические умения и навыки, необходимые студентам для работы в проекте (владение оргтехникой).

Результат проекта. Проведение круглого стола, организация выставки (учебная и научная литература по обсуждаемой теме).

Критерии оценок: сотрудничество в группе; грамотность, четкость изложения, ориентирование в обсуждаемой теме, умение выступать перед аудиторией; участие в дискуссии (например, 1 балл).

Рефлексия как способ совершенствования учебного процесса, умение адекватно оценить полученные знания.

В процессе изучения основ интерактивных и инновационных методов обучения было выявлено большое количество познавательных критериев: в какой последовательности и как можно использовать такие методы, как: презентации с использованием различных вспомогательных средств с последующим обсуждением, обратная связь, дискуссия, кейс-стади, метод проекта, использование программ «Mooviemarker» и «EclipseCrossword» на разных этапах СРС и т.д.

На занятиях по профессиональному русскому языку решаются не только задачи, обозначенные рамками учебной программы. С одной стороны, обучение студентов с позиции раз-

вития профессиональной русской речиявляется одним из способов формирования навыков работы студентов с научной литературой по специальности. Умение работать с научной информацией, отделять ключевые моменты от второстепенных способствует развитию исследовательских навыков студентов. С другой стороны, темы, поднимаемые на занятии, подбор учебных текстов, научной литературы по специальной проблематике, позволяют расширить научный кругозор будущих специалистов.

**Библиографический список**

1 Государственные услуги и информация онлайн - Самые востребованные специальности //WWW. E-gov.kz.

2 Триединство языков // эл. ресурс: https://strategy2050.kz

# ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

***Заурбекова З.А.,***
*М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті,*
*Тараз қ., Қазақстан, z.zinfira_76@mail.ru*

*Аннотация*

*Мақалада қазақ тілі сабақтарында оқытудың жаңа технологияларын –іскерлік ойындарды, витагендік оқыту технологиясын, интерактивтік тақта мен мультимедиялық пакеттерді пайдаланудың тиімді жолдары қарастырылған.*

*Annotation*

*The article provides the effective ways in using the new technologies of teaching Kazakh language, such as business games, training technologies, interactive whiteboards and multimedia packages.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететінін»,– атап көрсеткен болатын [1].

Соңғы жылдары білім беру жүйесінде оқытудың құрылымы, мақсаты мен мазмұны, технологиясы түбегейлі өзгерді. Қазіргі таңда батыл іскерлік қадамдарға барып, жылдам шешім қабылдай алатын адамдарға, маманның шығармашылық белсенділігіне қажеттілік жылдан-жылға артып келеді. Елбасы Н.Назарбаевтың жоғарыда аталған мақаласында «Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет»,– екенін ескертуі [1] – жаһандық бәсекеге қабілетті маманға жүктелер үлкен міндет. Білім, білік дағдысы механикалық түрде емес, танымдық қабілеті дамыған, жаңа технологиялық қалыпқа дайындалған және өзін-өзі көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыруда заманауи оқыту технологияларының орны зор болмақ. Жоғары білім берудегі инновациялық технологиялар оқыту құралдарына басты орын алады және ақпараттық-коммуникациялық білім беру технологиялары сабақ барысында кеңінен пайдаланылады. Бұл – білімнің мазмұны мен сапасын арттырудың маңызды құралы. Білім беру тәжірибесінде интеллектуалды ресурстар барынша жоғары дәрежеде қолданылуда.

Білім беру жүйесіне мемлекет тарапынан әрдайым ерекше назар аударылып отыруы, оқыту стандарттарына жаңа мазмұнберді.Еліміздің дамуының стратегиялық мақсат-міндеттерін шешу жолында қоғамының әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани жетілу мәселелері адам факторына жасалатын жағдайлармен өлшенетіні белгілі. Білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұшқырлықты, жаңашыл шығармашыл қызмет пен ерекше біліктілікті талап етеді. Білім беру жүйесіндегі бұл өзгерістер педагог мамандардың біліктілігін арттыруға тың міндеттер қойып отыр. Елбасы Н.Назарбаев жақында ғана жариялаған **«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Адами капитал – жаңғыру негізі» екенін көрсете отырып, адами капиталды қалыптастыруда сапалы білімнің жоғары орын алатынына ерекше тоқталып, келешекте осы бағытта атқарылар міндеттерді белгілеп берді:** «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын **білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді** құруды жеделдету қажет.

Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы **өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін** дамыту болуға тиіс.

...Оқытудың мазмұндылығы заманауи **техникалық тұрғыдан қолдау көрсету** арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс.

**Цифрлық білім беру ресурстарын** дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видеоқұрылғылармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажет» [2].

Жеке тұлғаның танымдық болмысы мен шығармашылық қабілетін дамыту – ұстаздар қауымының басты міндеттерінің бірі екені даусыз. Бұл ұстаздың заманауи талаптарға сай, өзін-өзі жетілдіретін, рухани құндылықтарды меңгерген, толысқан шығармашыл, ізденімпаз тұлға құзіретін қалыптастыруын талап етеді.

Қазіргі таңдағы қазақ тілін оқыту жаңа көзқарастар мен жаңа әдіс-тәсілдерді қажет ететіні белгілі. Бұл ретте грамматиканы игеруге, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйретіп, мәнерлеп оқуға машықтандыруға байланысты алға қойылған бағдарламалық талаптарды бір-бірінен бөліп қарауға мүлдем болмайды. Түпкі мақсат, тәрбиелік міндеттерге қоса, білім алушылардың өз ойларын тұжырымды да тұщымды етіп айтуға, сауатты да сындарлы етіп жазып жеткізе алатын болуына қол жеткізу десек, мұның, ең алдымен, олардың сөздік қорын үнемі молайтып, тілдік түйсік-талғамын жетілдіруге байланысты екенін бір сәтте естен шығармаған жөн. Өйткені жас маман сөзінің жұртқа әсерлілігі ойын дұрыс тұжырымдау, өз пікірін қорғай алу, айтқан ұсыныстарының дұрыстығын дәлелдей алуы біліктілігіне байланысты. Шешендік дағды мен біліктілікті меңгерген адам әлеуметтік, іскерлік-кәсіби қатынастардың барлық жағдаяттарында өзін еркін сезінеді.

Бүгінгі өркениетке жеткізетін құрал – тек қана білім. Ал қоғамның болашақ иесі – білімді ұрпақ. Олай болса, білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар білім алушылардың шығармашылық ізденімпаздығын, әлеуметтік-қоғамдық белсенділігін дамытып, білімі мен біліктілігін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету қажеттілін тудырып отыр.

Білім беру тұжырымдамасының негізгі бағыты – ізгілікті, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»– деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [3,9].

Жоғары оқу орындарында қазақ тілінің ұлттық бояуы мен болмысын таныта отырып, студенттерге ұлттық тілдің қасиет-сапасын меңгертудің маңызы зор. Тәуелсіз мемлекетіміздің экономикасын жан-жақты дамыту үшін жаһандық бәсекеге қабілетті, сапалы мамандар дайындауда қазақ тілін ұлттық тіл мәдениетінің жоғары көрсеткіші ретінде оқытып, іскерлік қарым-қатынасты меңгертудің де орны зор.

Қазақ тілі сабағында оқытудың жаңа технологияларын пайдалану арқылы студенттердің іскерлік қарым-қатынас тілін дамыту – өзекті мәселе. Жалпы білім алушылардың университет қабырғасында осы іскерлік қарым-қатынастың тілін білуге, үйренуге тәрбиелеудің мәні ерекше. Өйткені, бүгінгі студент – ертеңгі іскер азамат, еліміздің болашағы. Демек, студенттерге қазақ тілі арқылы іскерлік қатынас ерекшеліктерін инновациялық технологияға сүйене отырып оқыту қажет. Жаңа заманның талаптарына орай, интеллектуалдық қабілеті жоғары білікті де сапалы маманды қалыптастыру міндеті – бүгінгі жоғары мектептің басты мақсаты екені даусыз.

Іскерлік қарым-қатынасты жаңа технологиямен оқыту кезінде ең жиі қолданылатын әдістің бірі – іскерлік ойындар. Бұл әдіс ойынға қатысушы тұлғалардың сан қилы мүдделерін тоғыстырып, ойын аяқталғаннан кейін олардың барлығын қанағаттандыратын шешім қабылдауды қажет етеді. Іскерлік қатынас – «бұл белгілі мәселені шешуге арналған көзқарастарды, пікірлерді, ақпараттарды алмасу түрінде өтетін адамдар арасындағы сөздік қатынастардың бір түрі» [4,271].

Іскерлік ойындар негізгі мақсаты – студенттердің ойлау қабілетін арттыру, танымдық белсенділігін жоғарылату, шығармашылық потенциалын дамыту және ситуациялық жағдаяттарға байланысты кәсіби машықтығын қалыптастыру болса, сабақ барысында қолданылу арқылы студенттерді күрделі шешімдерді қабылдай білуге үйретіп, ұжымдағы өзара іскерлік қарым-қатынасқа бейімдейді. Іскерлік ойындар білім алушылардың мақсаткерлік, белсенділік, жауапкершілік, іскерлік, шыншылдық, тез әрі дұрыс шешім қабылдауға икемділік сияқты жеке қасиеттерін дамытады.

Қазіргі жаңа оқыту технологиясында қолданылып, білім сапасын жоғарылату мүмкіндігінің кеңдігімен танылған әдістің бірі – витагендік оқыту технологиясы. *Vita* сөзі латынша *өмір* деген мағынаны, *gen* сөзі грекше *тәжірибе* дегенді мағынаны, ал *витаген* деген сөз «адамның өмірлік тәжірибесі» деген мағынаны білдіреді.

Бұл технологияның басты мақсаты – оқушылардың интеллектуалдық-психологиялық мүмкіндігін кеңейту, оны өмірлік дағдыға ұластыру. Соған орай, ол үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра отырып, тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгертуге және оны тәжірибеде қолдана білуге баулуға бағытталады. Ғалым М.Әлібаева витагендік оқыту технологиясының тілді үйретудегі төмендегідей міндеттерін ұсынады:

-оқушының өзіндік тәжірибесін анықтау, мүмкіндігін пайымдау, оны өздігінен дамытуға жетелеу;

-оқушының танымдық және қатысымдық өабілеттерін өзара бірлікте дамыту;

-өзін-өзі тануға, танытуға, бойындағы мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға жағдай туғызу [5,10].

Витагендік оқыту технологиясының негізінде ұйымдастырылатын жаттығу жұмыстары өзінің мазмұндық-құрылымдық сипатына қарай бірнеше топқа бөлінеді.

Аналитикалық жаттығулар студенттердің сөздің мәнін түсінуіне, толық ұғынуына, сөйлемдердің орын тәртібінің сақталуына дағдыландырады. Проблемалық жаттығулар студенттерді қойылған нақты проблемалардың шешімін табуға үйретеді. Шеберлік жаттығулар студенттердің сабақ барысында игерген материалдарын тілдік қатынаста, сөйлеу жағдаяттарында еркін қолдана білу дағдыларын қалыптастырады. Шығармашылық жаттығулар арқылы студенттер әлеуметтік, кәсіби, дербестік тілдесім дағдыларын шыңдайды.

Оқытудың жаңа технологиясы ретінде белсенді қолданылып жүрген әдістердің тағы бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық пакеттер. Оқыту процесін цифрландыру мақсатында интерактивті тақтамен жұмыс жасау өте тиімді. Оқытудың жаңа технологияларының басым бөлігі осы интерактивті әдістерді қолданумен тығыз байланысты. Бұл әдіс таным іс-әрекетін ұйымдастырып, өзара түсінікті, өзара әрекеттестікті, өзара қатынасты қамтамасыз етеді. Интерактивті оқыту әдісі студенттердің пәнге қызығушылығын туғызып, оқу процесіне қатысу

белсенділігін арттырады, студент пен оқытушы арасындағы байланысты жүзеге асырып, оқу материалдарын тиімді меңгеруді жеңілдетеді.

Болашақ мамандарды инновациялық іс-әрекеттерге даярлау белгіленген сатылар негізінде жүзеге асырылып, студенттің жоғары оқу орнының табалдырығын аттаған сәттен басталуы тиіс. Олардың инновациялық іс-әрекеттерге даярлығын қалыптастырудың қажетті шарты – студенттердің шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыру, өз мамандығы саласындағы жаңалықтарды толық түсіну дағдыларын қалыптастыру. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі оқытудың жаңа технологиялары студенттерді сапалы, жан-жақты әрі ғылым мен тәжірибе талаптарына сай келетін біліммен қамтамасыз етуді, олардың сауаттылығын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда еркін әрекет ете білуге баулуды көздейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. –Астана: «РЕГИСТ-СТ Полиграфия», 2017. -56 б.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар // www.akorda.kz/.../kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-n...

3. Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама. –Алматы: Юрист, 2003. -180 б.

4. Әбдіхалықов М.Н., Күнтуарова Б.С., Парфенова Л.А. Сөздік қатынас негіздері. –Астана: Фолиант, 2007. -376 б.

5. Әлібаева М.С. Кәсіби қазақ тілін витагендік технология арқылы оқыту әдістемесі (экономика мамандығы бойынша). Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты. –Алматы, 2010. -32 б.

# ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

***Имаш А***

Елімізде орын алып отырған инновациялық ахуал, білім мазмұнын жалпылама сипат беру негізінде байыту, оқыту түрлері мен құралдарын, әдістер мен әдістемесін қайта жасақтауды қажет етеді. Ғылыми-техникалық прогрестің тез өсу қарқыны жоғары деңгейлі мамандар даярлауда жаңаша оқыту әдістерінің қажеттілігін алға қоюда.

Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, тәжірибелік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген іскер мұғалім қажет екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Қазіргі уақыттағы білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат-еліміздегі білім беруде халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ. Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр- ақпараттандыру ғасыры» деп аталады.

Бүгінгі басты мәселеміз – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы – білім беру жүйесінде түрлі ақпараттық –коммуникативтік технологияларды қолдану. Ал осы ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілін үйрету өте тиімді. Келешек қоғамымыздың мүшелері – жастардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру қоғамның алдында тұрған ең басты міндет.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз– білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып

табылады, сол себепті қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан, жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білетін мұғалім қажет.

Жаңа ақпараттық технологияларды сабақта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
2. Тіл байлығын дамытады;
3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады [1,16б.].

Ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктерін, оның болашағы мен дамуы, тиімділігі жайында сөз қозғай келе, білім беруде компьютерлік және ақпараттық технологияларды пайдалану жолдарын қарастырып, әр оқытушы өз пәні бойынша инновациялық технологиялар қолданысы арқылы сапалы білімді ұйымдастыру қажет [2,13 б.].

Қазіргі уақытта қазақ тілін компьютерлер арқылы оқыту, яғни, оқытудың дистанциялық, электрондық түрлері – Қазақстан Республикасы білім жүйесіне енгізіле бастады. Ғылыми және оқу ақпараттарының өте жылдам өсіп отырғаны, оларды жинақтау, жүйелеу мен тиімді пайдалану құралдарының жылдам жетілуі – оқу үрдісін ақпараттандыру мен компьютерлендіруге әкеліп отыр. Бұл бағыт жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы өзге тілді оқушыларды оқытуда оқушылар озық технологиялар арқылы үйренеді,оқыту үрдісін өзгертуге, жеке тұлғаға бағыттап оқыту моделін жүзеге асыруға, сабақты қарқынды өткізуге, білім алушылардың дайындығын жетілдіріп үйренудегіпсихологиялық кедергілерді жоютын мүмкіндікке ие болады және тілді үйренуде жетістікке жете алады.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгертуге тиісті, білім іскерлік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Арнайы орта оқу орындарында білім беру саласында ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін жетілдіру мен жаңалаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелігілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді.

Электронды материалдармен оқыту озық әдістемесіге негізделе құрастырылып жасалады. Әрі сабақ барысында орындалатын тапсырмалар мен түсініктемелер, әдістемелер нұсқаулар бірнеше тілде беріледі.

Ақпараттық-коммуникативтіктехнология құралдарына: аудио-видео құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, компьютер – мультимедаялық құрал, электрондық оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен инновациялық сайт және тағы басқалары жатады бұны бір сөзбен айтқанда оқу үрдісінде немесе сабақтарда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану деп атауға болады.

АКТ-ны оқу-тәрбие үрдісінде қолдану оқушының қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Өз сабақтарымда АКТ пайдалану арқылы оқушылардың жаңа ойларын, әсерлі идеяларын тартымды етіп көрсететіндігін аңғардым. Жаңа материалдарды бірігіп талдауда да маңызы зор болды. Бұл оқушы және оқытушы жаңа ақпараттарды жеңіл түрлендіреді, жаңа нысандарды жасауға және жылжыту тиімділігіне жетеді. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы

арта түсері анық, әсіресе өзге тілді аудиторияда маңызы зор.Ақпараттық технологияларды педогогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, сабаққа деген ынтасы оянады, өз бетімен жұмыс істеуге, дебат ұйымдатыруға, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, өмірмен байланыстыруға еркін де кең мүмкіндік береді.

Ал, оқытушы үшін де маңызы өте зор, ол мына жетістіктермен ерекшеленді: мұғалім үздіксіз ізденіс үстінде жүреді, жеке тұлғаны қалыптастырудағы жауапкершілігі артады, инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі, әдіс- тәсілі артады, жас мамандардың қызығушылығын туындатады, интернетке кіру жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс — тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс тәсілдерін игеруге қолы жетеді, оқытушының сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады.

Сабақ үстінде қолданылатын АКТ компьютерлік презентация, жауаптарды таңдаумен жүргізілген тест, электронды оқулық болса, сабақтан тыс уақытта ақпарат көздері арқылы білімдерін жетілдіреді. Өзге тілді аудитория болғандықтан, уақыт үнемдеуге, сөз сөйлеуді дамыту мен қолдануда тиімді. Ал мұғалімдер үшін тиімді: білім алушының білімін қысқа уақытта бағалай алады. Білім сапасын арттыра алады. Білім алушылар көрнекті түрде тапсырмалар орындай алады, уақытты үнемдейді, қайталау мүмкіндігін кеңейтеді. Орындаған жұмыстарының қателігін бірден көре алады.

Мысалы үшін, синтаксисті оқытуда АКТ модельдерін қалай қолданатымызға тоқталып өтсек. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы оқушылар синтаксистің кез келген тақырыбын оңай түсінеді. Сөйлем түрлерін талдауда, әсіресе құрмалас сөйлемдерді талдауды үйреткен қолайлы. Тест жүргізу арқылы теорияны жылдап түсіндіріп, өз білмегендерін қайталап отыруға мүмкіндік берілгенімен қатар, әр оқушымен жеке жұмыс істеуге мүмкіндік тудырады. Электронды оқулық арқылы синтаксисті оқытуда ең бірінші тыңдау арқылы түсінік қалыптасып, дұрыс сөйлеуге үйренеді. Дәстүрлі жүйедегідей емес, бір сабақтың өзінде бірнеше мәліметтер қамтуға, жан-жақты талдауға мүмкіндік туады.

Синтаксисті компьютер арқылы оқыту бағдарламасының ең басты белгілері мен ерекшеліктері төмендегідей болып келеді:

1. Оқытудың техникалық құралдары санатында өзіндік орны бар жүйе болып табылады.
2. Дидактикалық нысандарға сәйкес келеді. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыру қабілеті дамиды.
3. Теория мен практиканы қатар ескеріп, қамтып отырады, соның нәтижесінде тілдік және сөйлеу қабілеттерінің қалыптасуына негіз салынады, қарым-қатынас жасауда сөйлемдердің маңыздылығын ескерсек, оқушы практика мен теорияны қатар алу арқылы дұрыс сөйлем құрап үйренеді.
4. Тілдің барлық негіздері қамтылады: есту, сөйлеу, оқу, грамматикалық, лексикалық, бөлімдер;
5. Барлық қабылдау жолдары толық қамтылады;
6. Тіл үйрету және бақылау, қадағалау қызметтері қолданылады;

Оқушыларға ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы сөйлем интонациясына, айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін оқытқанда өте тиімді.Сөйлем интонациясына, айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлем болып төртке бөлінеді.

Белгілі бір оқиға, құбылыс, іс-әрекет туралы хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылған сөйлем хабарлы сөйлем деп аталады.

Хабарлы сөйлемге тән негізгі белгілер:

1) хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылады;
2) белгілі бір шаққа қатысты болады (өткен шақ, осы шақ, келер шақ);
3) айтушының іс-әрекетке көзқарасын, ой-пікірін білдіреді;
4) хабарлы сөйлемде дауыс ырғағы бірте-бірте көтеріліп, соңына қарай бәсеңдейді;
5) хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойылады.

Бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылған сөйлем сұраулы сөйлем деп аталады.

Сұраулы сөйлемге тән негізгі белгілер:

1) бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылады;

2) сұрау есімдіктерінен және ма, ме, ба, бе, па, пе, ше сұраулық демеулік шылауларының қатысуымен жасалады;

3) сұраулы сөйлемнің өзіне тән интонациясы болады: бас жағы көтеріңкі айтылып, соңғы жағы бәсеңдемей, көтеріңкі қалыппен аяқталады;

4) сұраулы сөйлемнен соң сұрау белгісі қойылады.

Сұраулы сөйлемдер негізгі сұрақты, жетек сұрақты, анықтауыш сұрақты болып бөлінеді.

Негізгі сұрақты сұраулы сөйлем – бір нәрсе, оқиға, іс туралы мәлімет алу үшін қойылған бастапқы сұрақты сөйлем. Мысалы: *Бізбен бірге саяхатқа барасың ба? Қазақтың қандай ұлттық аспаптарын білесің? Балаңыз мектепті қашан бітірген? Бұл сөзбен не айтпақсыз?*

Негізгі сұрақ сұрау есімдіктерінен және ма, ме, ба, бе, па, пе, ше шылауларының қатысуымен жасалады.

Жетек сұрақты сұраулы сөйлем– негізгі сұраққа жауап алу үстінде қосымша туған ойға байланысты сөйлем.Мысалы,

*– Іссапарға кімдер барады?*

*– Жас қызметкерлер барады.*

*– Біздер ше?*

Жетек сұрақты сөйлем толымсыз болып құралады, көбіне тек сұрақ мағыналы сөзден ғана тұрады. Жетек сұрақ *ше* шылауының қатысуымен жасалады.

Анықтауыш сұрақты сөйлем– екінші жақтың сөзін анықтап алу үшін қойылған сұрақты сөйлем. Мысалы,

*– Бұл ойды кім айтты?*

*– Тілек айтты.*

*– Тілек?*

*– Иә, Тілек.*

Айтушының түрлі көңіл күйін білдіру мақсатында айтылған сөйлем лепті сөйлем деп аталады.

Лепті сөйлемге тән негізгі белгілер:

1) айтушының түрлі көңіл күйін білдіру мақсатында айтылады: күйіну, таңдану, өкіну, сұқтану, сүйсіну, қорқу, қуану, қапалану, наразылық білдіргенде, т.б.

2) лепті сөйлем ерекше эмоциямен, сезіммен айтылады.

Лепті сөйлемнің жасалу жолдары:

1) сөйлемнің етістік формалары арқылы. Мысалы, *Көзі мұндай өткір болар ма!*

2) сөйлем -ақ, -ау, ғой, -ай шылауларының қатысуымен жасалады. Мысалы, *Балам, қонақтарға бір күй тартып бере ғой!Қарағым-ай, қатты тоңып қалыпсың-ау!*

3) көңіл күйді білдіретін одағай сөздердің қатысуымен жасалады. Мысалы, *Пай-пай, дауысдепосыныайт! Уһ,жеттімғойақыры!*

4) Лептісөйлемдерденсоңлепбелгісіқойылады.

Біреуге бұйыру не талап ету мақсатында айтылған сөйлем бұйрықты сөйлем деп аталады.

Бұйрықты сөйлемге тән негізгі белгілер:

1) біреугебұйыру, талапетумақсатындаайтылады;

2) бұйрықты сөйлем етістіктің бұйрық райының 2, 3-жағында айтылады;

3) бұйрық не шартты райға -шы, -ші жұрнағының жалғануы арқылы жасалады;

4) бұйрықты сөйлемнен соң нүкте немесе леп белгісі қойылады.

Мультимедиалық тақта арқылы оқытсақ, берілген мәліметті әсерлі жеткізуге және оны топтағы оқушылар арасында талқылауға үлкен мүмкіндіктер туғызады: әр оқушы әр сөй-

лемді өз бетінше талқылап, өзіндік мәнер арқылы оқып, түрлерін еркін ажырата алады. Оқытушының, оқушының да шабытын, қызығушылығын арттырып, сабақты тартымды өткізуге ынталандырады. Оқушы алдына жаңа материалды «жанды» түрде көрсете отырып, танымдық қабілетін арттыруға мүмкіндік алады: сөйлем түрлерін оқушылар өздері ережесін айтатындай бейнебаяндар көрсету.

Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық жұмыстар орындайды. Әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша жаттығулар мен тапсырмаларды орындап, тестілер шешіп, семантикалық карталар және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Сөйлем түрлерін оқытудағы электронды оқулықтың ең қажет мүмкіндігі аудиохабарлар. Ережесін түсіндіргеннен қарағанда, аудиохабарлар арқылы тыңдату сөйлем түрлері мен тыныс белгісін дұрыс ажыратуға септігі мол.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытуда инновациялық әдістерді қолдану;ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 2011, №3(133), 25-бет
2. Омарханова Ж. Синтаксис бірліктерін оқытудың инновациялық әдістері. Қазақ тілі:әдістеме №7,2014;16-бет
3. Хамитова Ғ.Ж. Қазақ тілі сабағында жаңа технологияны қолдану. Педагогика мәселелері, 2014, №4 (34), 13-бет
4. Абыханова Б. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымын қалыптастыру. – Алматы, 2005.
5. Роберт И.В. Современнные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования. –М.,-1994. –С.205
6. Баймұханов Б.Б. Использование персональных компьютеров при обучении учащихсы 5-6 классов решению математических задач. –РБАО. –Алматы. -2006. Б.281-283
7. Бидайбеков Е.Ы. Развитие методической системы обучение информатике специалистов совмещенных с информатикой пофилей в университетах Республики Казахстан: -автореф. Док.пед.наук. – М., -1998. –С.48


# «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ


***Кенжебаева Гүлдариға Мерекебайқызы,***
*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, қазақ тілі теориясы және әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы;*
***Абілдаев Бауыржан Сулейманұлы,***
*6М011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс магистранты*



**РЕЗЮМЕ.**

В статье под названием «Эффективность обучения с помощью комплексного технологического анализа» рассматриваются следующие вопросы. Впервые многие из этих образовательных технологий были внедрены в новую систему. Было много людей, которые ждали конца: «Что теперь будет?» Однако сегодня эта технология, которая оказалась наилучшим

из сегодняшних требований, постепенно использовалась в республике. Как один из выпускников технологии «Комплексное обучение», я не сомневаюсь в превосходстве этого метода обучения. Поскольку узнавая об этой технологии, мы узнали о казахском языке, его свойстве и его силе. Когда думала, какую профессию надо выбрать, моя учительница Нурша Алжанбаевна сказал: «Если я научу, по крайней мере, пять среди ваших тридцати человек, как провести комплексный анализ, то, это значит, что мой труд был не зря. Завтра вы научите других тридцати. Это технологическая нить была основой статьи.

**SUMMARY.**

In the article titled "Efficiency of teaching with the help of complex technological analysis" the following questions are considered. For the first time, many of these educational technologies were introduced into the new system. There were many people who were waiting for the end: "What will happen now?" However, today this technology, which turned out to be the best of today's requirements, was gradually used in the republic. As one of the graduates of the technology "Complex training", I do not have any doubt the superiority of this method of teaching. Since learning about this technology, we learned about the Kazakh language, its property and its power. When I thought which profession to choose, my teacher Nursha Alzhanbaevna said: "If I teach at least five of your thirty people how to conduct a comprehensive analysis, then it means that my work was not in vain. Tomorrow you will teach the other thirty. This technological thread was the basis of the article.

Қазіргі жағдайда еліміздің білім беру жүйесінде жаңа адамды қалыптастыру бағытында сан алуан жұмыстар жүргізіліп келеді. Оның бастыларының бірі әрі бірегейі – білім мазмұнын ұлттық негізде жетілдіре түсіп, білім мен тәрбиені ұлттық рухта әлемдік жүйеге жақындастыру. Сол себепті оқу-ағарту саласының оқу үрдісіне жаңа технологиялар кең көлемде енгізілді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында оқушыларды қазіргі заманға сай жаңа технологиямен оқыту маңызды екенін атап көрсетті [1]. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті–оқудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткендей-ақ, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылуда.

Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу үрдісін ұйымдастыру және жүргізу болып табылады.

Ғалым зерттеуші Ф.Ш.Оразбаева өзінің «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» еңбегінде: «Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интелектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, адамзаттық және басқа да көптеген келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді дамытуына көмектеседі. Оқыту технологиясын таңдап, іріктеу – оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудың негізгі бір буыны», – деп нақтылап айтқан [2].

Осыған орай «Сатылай кешенді оқыту» оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыра отырып, тілдік талдауды жасауға көп көмегін тигізеді, оқушылардың жылдам әрі жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыруда, дыбыстарды математикалық тәсілмен мінездеме беру кезінде оқушылар өз ойын жинақтап айтуға, математикалық бөлшек тәсілін дұрыс пайдалануға, дәл, нақты жауап беруге, қандай орта болсын өзін еркін сезінуге мүмкіндік береді.

Бұл технология дидактиканың табиғилық, түсініктілік, ғылымилық, жүйелілік, бірізділік, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, жас ерекшеліктерін есепке алу, теорияның практикамен байланысы ұстанымдарын басшылыққа алады.

Қазақ тілін ғылыми негізде терең меңгермейінше, тілдің күрделі де қиын пән екендігін жете сезіну қиын. Өз ұрпақтарымыздың оған жүрдім – бардым, ат үсті қарауға болмайтындығын сезініп, тілімізді қоғамымыздың барлық салаларында батыл енгізуге атсалысқанда ғана бүгінгі тіл мәселесі жайлы дау – дамайларға нүкте қойылатындығына нақты көздерін жеткізу. Ол үшін көп жылғы нәтиже көрсетіп отырғанындай, қазақ тілін бүгінгі таңда жаңа технологиялармен оқыту оң нәтиже бермек.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясын – технология деп танумыздың себебі төмендегідей:

1. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының теориялық негізі ретінде А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Т.Шонанов т.б. ғалымдардың ғылыми-әдістемелік тұжырымдары басшылыққа алынады;

2. ЫБырай, Абай, Шоқан т.б ағартушылардың ұстанымдарын негіз етеді;

3.Теорияны практикаға ұштастыруда ғалым-әдіскер Ф.Ш.Оразбаеваның тілдік қатынас (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) теориясына негізделеді;

4. Ұрпақтың тілін дамытуда ұлттық құндылықтарды бағалай білуге, құрметтеуге үйрету үшін ауыз әдебиетінің бай мұрасынан бастап бүгінгі күнгі сөз зергерлерінің әдеби ой-толғамдарын жаттату, мәтін, тіл дамыту, тіл ұстарту жаттығуларына материал етіп пайдаланады;

**5.** Педагог-ғалым Г.К. Селевко ұсынған педагогикалық технологиялардың талаптарына сүйенеді. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының авторы –әдіскер-ғалым Н.А.Оразақынованың пікірінше: «С**атылай кешенді оқыту» технологиясы дегеніміз** — оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыра оқыту» [3].

«Сатылай кешенді оқыту» оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының басты қағидаларының бірі - жоғары қиындықта оқыту.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының басты ерекшелігі төмендегілей болып сараланады: оқу материалының жүйелігі, бірізділігі; табиғилығы; білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі; оқушыға өз деңгейін таңдауға ерік беру; оқушыларға берілетін білімнің сараланауы; оқушылардың өз мүмкіндігіне қарай тек міндетті деңгейден кем емес білім алуға еріктілігі; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; ұлттық құндылыққа ерекше орын берілуі.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының мақсаты: тілдік материалдарды оқушының жас ерекшелігін ескере отырып ғылыми негізде меңгерту; әр сөйлемнің, сөздің, дыбыстың табиғатын таныту арқылы сөзді таңдап-талдап қолдана білуге дағдыландыру; қазақ тілінің сөз байлығын терең игерту арқылы, әр сөздің ішкі мағынасы мен қолданыстағы ерекшелігін сөз сырына бойлатумен оқушының танымдық дүниесін қалыптастыру; кез келген шаршы топта өз ойын шешен де шебер жеткізе білуге машықтандыру. Сол арқылы әр оқушының өз ана тілінің құдіретін басқаларға таныта, бағалай білуге баулу; жазба жұмыстарын сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орындай білуге төселдіру; өз ана тілінің грамматикалық ерекшелігін өзге тілді үйренуде тірек етіп алуымен қатар, салыстыруға, ерекшелігін сауатты түрде ажырата білуге үйрету; қазақ тілі өзге пәндердің негізін түсініп; терең меңгеруге басты құрал екенін саналы түрде түсінуге бағыт-бағдар беру; түрлі шығармашылық жұмыстар жүргізу арқылы оқушыларды іскерлікке, тапқырлыққа баулу; талдау деңгейін рет-ретімен жүргізе отырып, сатылай кешенді талдаудың түрлі амал-тәсілдерін меңгерту; компьютерлік талдау арқылы оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық сауаттылығын жетілдіру.

Ғалым Н.А.Оразақынова «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының төмендегідей ерекшеліктерін атап өтеді: Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру. Білімді жүйелеу. Жекелеп оқыту. Ынтымақтастық қарым-қатынас. Жаңа тақырып бойынша. Талдаудың түрлерін, ерекшелігін білуге ұмтылады, талдаудың қызықтығы, еркіндігі, аясының кеңдігі оқушының білім алуға деген ұмтылысын ұлғайтады. Тіл байлығы, ғылыми ойлау қабілеті артады. Тілдің көркемдегіш құралдарын орынды пайдалана білуге үйренеді. Оқушылардың жазуға деген қызығушылығын арттыру. Пәнаралық байланыс орын алады. Көрнекілік және техникалық құралдарды пайдалану. Сатылай кешенді талдаудың өзегі – тірек- сызбалар. Тіл білімінің барлық салаларынан өтілетін материалдардың негізгілері, ең басты теориялық мағлұматтар сызбаға жүйелеп орналастырылған. Әр саты бір-бірімен үндесіп, бір-біріне сілтеме жасап, бірін - бірі толықтырып, тұтас кешенді береді. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар, баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты басқа да танымдық қасиеттерінің жан- жақты дамуына бағытталатын оқытудың түрі. Оқушы білім алуда негізгі психологиялық үдерістерді басынын кешуші субъект. Қазіргі кезеңде педагогика, психологияның өзекті мәселелері қатарында оқу - танымдық қызмет жүйесінің маңызды екі компоненті – мұғалім мен оқушының «субъект – субъектілік » қарым- қатынасы мәселесі қойылып отыр. Оқу үдерісінде оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру мен дамытуға ерекше орын беріледі.

Жалпы технология ұғымы ғылым мен өндірістің түрлі саласында: білім беру мен оқытудың және барлық өндіріс пен шаруашылық салаларында кеңінен қолданылып келе жатқаны баршаға мәлім. Әдіскер-ғалым, аталған технологияның авторы Н. А. Оразахынова былайша тұжырым жасайды: «Сатылай кешенді оқыту – ұлттық құндылықтарымызды бағалай білуге, оның білім көкжиегінде кең таралуына ықпал етіп, күнделікті өмірде қолдану аясын жақсартуға бағыттайтын оқыту. Сатылай кешенді талдау – тек қана білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен ғана шектелмейтін, сонымен қатар баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты танымдық – психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесімді дамуына бағытталған оқытудың түрі» [3]. «Сатылай кешенді оқыту» – қазақ елінің төл технологиясы, себебі өзінің өзегін, негізін алаш зиялыларының еңбектерінен алады. Сатылай кешенді талдауда баланың ізденушілік, зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып,оның оқуға деген ынта – ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын қолдануда мұғалім мен оқушы арасындағы қарым - қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар: ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік, әріптестік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі – оқушыларды жақсы, жаман, орташа деп бөлмей, тек материалды өте жылдам, баяу қабылдауына қарай тапсырманы он деңгейге икемдеп, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызуды мақсат тұтады. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының басты ерекшелігі төмендегідей: оқу материалдарының жүйелілігі, бірізділігі; табиғилығы; дағдыға басым бағыт беруі; білімнің базалық деңгейінің барлық оқушылар үшін міндеттілігі; оқушыға өз деңгейін таңдауға ерік беру; оқушыларға берілетін білімнің сараланууы; оқушылардың өз мүмкіндігіне қарай тек міндетті деңгейден кем емес білім алуға еріктілігі; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; ұлттық құндылыққа ерекше орын берілуі.

Осы технологияны әдебиет сабағында қолданып жүрген ұстаз пікіріне зер салсақ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Е.Құсайынова былайша өз пікірін білдірген: «Қазақ әдебиетін «Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен оқыту – заман талабына сай жаңа әдістемелік жүйе, бұл технологияның теориялық негізі А.Байтұрсынов пен Ж. Аймауытов, Ыбырай, Абай, Шоқан сынды ағартушылардың ағартушылық ұстанымдарын негіз етеді.

Н.Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту- төл технологиясы» өз бетімен ізденіп оқып, осы технология бойынша озық тәжірибелерін ұсынған ұстаздардың сабақтарын баспасөз беттерінен оқып, сабағымда қолданып жүрмін».

Көптеген әдістемелік конференциялар мен әдістемеге қатысты журналдардағы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінін пікірлерін оқып, талдау нәтижесінде мынадай тұжырымға келдік: «Бұл технологияның шығарманы талдай отырып, оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту, олардың көркем сөйлеу мен жазу мәдениетін, шығармашылығын арттыру, әдеби шығарма идеясын тануға үйрету, сөздік қорын молайтуда маңызы зор. Сонымен бірге баланың байқағыштық, тапқырлық, сөз астарын түсіну, өз ойын жазбаша да, ауызша да жүйелі жеткізе білу қабілеттерін дамытады». Демек, «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы оқушылардың тіл мен әдебиет салалары бойынша меңгерген теориялық білімдерін практикада терең талдап меңгерте алатын, жете меңгере алмаған теориялық білімдерін талдау сызбасы негізінде меңгере алатын тиімді де ұтымды технология деп білеміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

2.Ф.Ш.Оразбаева., Р.С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2005 ж.

3. Оразахынова Н.А. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. (монография). Алматы, 2007. –287 б.

4. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық/ Тұрсынова Г.Т – Астана: «Арман-ПВ», 2013 жыл.

# ҚАЖЫМ БАСЫМОВТЫҢ ГРАММАТИКАНЫ ОҚЫТУҒА ҚАТЫСТЫ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КҮНМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

***Карабаев А.Т.***

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты,*

**Resume**

Views of scientific methodist K. Basymova on grammar teaching are widely considered in this article, from the point of view of modern scientific methodic.

Қазіргі қазақ тілінің әдістемесі туралы сөз қозғалғанда даму тарихында сан жылдар бойы тәжірибе жинақтаған әдістеме ілімінің алғашқы қарлығаштарын, сара жол салушы көшбасшыларын тілге тиек етпеу мүмкін емес. Себебі аталмыш ғылым саласының өсіп-өркендеуі, дамуы, ғылымға айналуы, жетістіктері мен табыстары тарихи фактілермен қоса, әрине, ғылымды жасаушы, халықтың игілігіне жаратушы жеке азаматтардың, тұлғалардың еңбектерімен тығыз байланысты. Мысалы, әдістемені ғылымға айналдырушы ғалымдарымыздың қатарынан Ахмет Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ш.Х.Сарыбаев, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгеров, Қ. Басымов, С.Жиенбаев, Е.Омаров, Ғ.Бегалиев, Н.Т.Сауранбаев, І.Кеңесбаев сынды көптеген тұлғаларды айта кетуге болады.

Сөз жоқ, бұлар қазақ тіл білімі мен әдістемесінің іргетасын қалаушылар, әрқайсысының тарих алдындағы орны ерекше. Олардың әдістемелік мұралары әлі күнге дейін өз мәнін жой-

май келеді. Сондықтан да студенттер, оқытушылар, ұстаздар, ғалымдар әдістеменің белгілі бір мәселесімен шұғылданғанда осы әдістемелік мұралардан аттап өте алмайды, себебі қазақ тілін оқыту ілімінің тарихына көз салмайынша немесе зерттемейінше, әдістеменің әлеміне қалам тарту мүмкін емес екені баршаға аян. Бұл тұрғыдан алғанда Қажым Басымовтың ғылыми-әдістемелік мұрасы өте бай. Тек қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған еңбектерінің өзі жеке, терең ғылыми зерттеуді қажет етеді. Әдістеме іліміне қатысты көзқарастары мен ой-пікірлері ана тілі әдістемеміз үшін құнды. Солардың бірі – 1938 жылы «Ауыл мұғалімі» журналының №14 санында жарияланған «Грамматиканы оқыту жөнінде» атты ғылыми-әдістемелік мақаласы.

ХХ ғасырдың басында әлемдік әдістемеде кең жайылған идея – орфографияны грамматикамен тығыз байланыста оқыту болды. Осы идеяны басшылыққа ала отырып Қ.Басымовтың да негізгі көңіл бөлген мәселесі - грамматиканы оқыту әдістемесі. Өйткені грамматика – тіл оқыту әдістемесіндегі ең күрделілердің бірі, грамматика – тіл теориясы.

Әдіскер-ғалымның пікірінше, «Грамматика құрғақ, қисын жаттау үшін оқылмайды. Схемалық жолды қуалап, түрлі форманың жалаң артына түсумен ешнәрсе шықпайды. Осы сияқты бір қыңыр мағынасын қуалап, түрден қол үзіп қалуға да болмайды. Екі жағын тең ұстау керек болады» [1,79].

Яғни ғалым грамматика жалаң мағынасы мен түрі үшін ғана оқылмайды, тұрмысқа керектігі үшін, грамматикадан алған білімін қоғамымыздың қай саласына болса да қару етіп жұмсауға күші жету үшін оқылуын көздейді. Әдіскер тіл салаларынан тұратын күрделі грамматиканы оқыту үшін ұстаздар қауымына мынадай әдістемелік талап-тілегі мен шартын қояды:

«Грамматиканы оқыту үстінде қоғамның тарихи өсуі, тап тартысы тексеріледі. Тілдегі түрлі сөз элементтерін зерттете отыра, әр кезеңдегі қоғамның өзара қатысы да ашыла барылады. Бұлардың шаруашылық, мәдениет жағдайлары да, өндіріс күші де көзден таса қалмайды. Грамматиканың осы жақтарымен байланыстырмаса, тілді қатпа түрде бөліп алып, оқушылардың дүниетануына шек қойған болар едік. Бұл – бір».

«Екінші, грамматиканы оқыту үстінде оқушылардың шығармалық талантына да көмек беріліп, баулып отырылады. Оқушылардың сөйлеу тілі де қабаттасып, грамматиканың әр тарауына ілесе, өз уақытында жаттықтырылып отырылады. Орта, орталау (жеті жылдық) мектепті бітірген кейбір оқушылардың осы күнге дейін не өз ойын түсінікті етіп сөйлей алмауы, не ойын дөңгелетіп қағаз бетіне түсіре алмауы, грамматика оқытушысының кемшілігінен деп білуіміз керек».

«Үшінші, грамматика көркем әдебиетпен байланыспай тұрмайды. Грамматиканың әр тараулы білімін жаттықтыруда өзіне сай мөлшерде көркем әдебиеттен көніктіру үзінділері алынып отырылады. Бұл үшін әрі дұрыс, әрі анық оқу, жете түсініп талқылау керек болады. Бұл жөнінде грамматика мен көркем шығармалар бірігіп, бір-біріне көмек етеді. Оқушылардың жан-жақты білім дамуы күшейеді.

Осы айтылғандардың бәрін бір бүтін етіп, бір жерге түйіп оқытқанда, грамматикадан көздеген мақсат толық орындалуы мүмкін. Әдеби тіліміздің өркендетуге грамматика мұрындық болуы мүмкін» [1,79].

Мұндағы ғалымның үш шарт, үш мақсат жайында айтқан әдістемелік көзқарасынан қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымынан, әдіскер ғалымдарымыздың еңбектерінен өзара сабақтастықты аңғаруға болады. Мысалы, көрнекті методист-ғалым Асхат Әбілқаевтың 1995 жылы лингвистика, педагогика, психология және әдістеме ғылымдарының жетістіктеріне, озық тәжірибесіне негізделіп жарыққа шыққан «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» еңбегінде де қазақ тілін оқыту мақсаттары да үш топқа біріктірілген.

Қажым Басымовтың алғашқы шартында оқушыларға ана тілі туралы ғылымның негіздерін беру, тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам

өмірінде аса қажетті екендігін түсіндіруін баса айтады. «Грамматиканың осы жақтарымен байланыстырмаса, оқушылардың дүние тануына шек қойылатынын» ескертеді.

Екінші шарты – грамматиканы оқыту үстінде оқушылардың шығармашылығына көңіл бөліп, үнемі баулып отыру. Ғалымның пікірі қазіргі заман қазақ тілі пәнінің міндеттері болып отырған заман ағымына сай біліммен қаруланған толыққанды тұлға дайындау мен оқушылардың шығармашылық күштерін, танымдық қабілетін, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға саяды. Грамматикалық заңдылықтарды меңгерту, оқушының тілін дамыту үрдісі, орфографиялық тұрғыдан өз ойын дұрыс сауатты жаза білу, сонымен қатар әр тақырыпты жан-жақты талдау Қажым Басымовтың көздеген мақсат-тілегі деуге болады.

Грамматика көркем әдебиетпен байланыспай тұрмайды. Тіл әдебиетке қызмет ете отырып, әдебиеттің де өзіне қызмет атқаруын қажет етеді. Бұндай байланыс көбінесе тіл мен әдебиет пәндеріне ортақ. Бұл ортақтық мектепте бүкіл оқу мерзімі уақытында тіл ұстарту, дамыту жұмысының жүйесін жасауға, оқушылардың сөздік қорын байытуға, олардың сөйлеуіндегі қателерді түзетуге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мәнерлеп оқу кезінде оқушылар жіберген қателерді үнемі түзетіп отыруға (дауыс ырғағын дұрыс қоя білу т.б.) жол ашылады. Қажымның үшінші шарты да осы тұрғыдан қойылған.

Бұл жоғарыда аталған нұсқау-тілекпен қатар, ғалым грамматиканы сабақ үстінде қалай өткізу тәртібін де ұсынады. Олар:

1 «Грамматикадан оқылатын күнделікті сабақтың материалдары сатылы, жүйелі жолмен өтіледі. Берілетін сағат мөлшеріне қарай өтілетін білім көлемі дәл пішіледі».

2. «Грамматиканың өтілетін материалдары бір-біріне жалғасып, бірін-бірі толтырып, дами барылады. Сабақтың мазмұны күрделене жеңілден ауырға көшіле барылады».

3. «Жоспар бойынша өтілетін әр тақырыптың мақсаты түсіндіріліп, айқындалады. Өтілетін тақырыптың беретін пайдасына оқушылардың көздері жеткізіледі».

4. «Грамматиканың әрбір өтілетін материалы тек түсінікпен болмаса қисындарын білумен шектелмейді. Сол білімі қолма-қол іс жүзінде, практикада жаттықтырылады. Өтілген материалға қарай оқушылардың өздеріне жұмыс істеттіріледі».

5. «Грамматиканың өтілген материалдарынан бірте-бірте тілдің заңды құбылыс екендігі ашыла барылады. Қоғамның экономика, мәдениетіне, өнеркәсібіне, өзара қатысына қарай тілдің өсіп жетілгендігі бақылата барылады».

6. «Грамматиканың қандай бөлімі, қандай элементтері оқылса да, түрі, мазмұны бірдей байланыстырыла жүргізіледі. Бұлардың бір-біріне байланыста өсіп дамуы, бір түрге бір неше мағына, бір мағынаға бір неше түр келіп тіркесуінің себебі ашыла барылады».

7. «Тілдің мағынасы да, түрі де қоғам тұрмысына байланысты, әр кезеңдегі қоғамға, өндіріске қарай құбылып отыратындығы зерттеледі. Мысалы, бұрынғы «жарыс, ақсақалдың» қазіргі мағынасы және біріккен, тұжырымды сөз түрлерінің шығуын айту сияқты».

8. «Грамматикалық атауларға жетілдіру. Осы күнге дейін ала-құла болып келген атаулардың бір ізге түскендеріне жаттықтыру және бұл атаулардың не үшін олай аталатындық мәнісін, ол атаулардың неге қарап қойылғандығын тани бару».

9. «Грамматиканың бөлімдерін бір-бірінен бөліп алып кетпей (фонетика, морфология, синтаксис, пунктуация) байланыстырып, араларындағы жақын қатыстарын аша отыру. Бірінен-бірі таралып, бірінен-бірі құралып, белгілі мағыналы түрге келетіндігін әбден мұқият-тау».

10. «Грамматика мен көркем шығарманы бірін-бірі пысықтауға көмекші ете бару. Көркем шығарма арқылы оқуды, сөйлеуді өркендету. Дұрыс, таза жазуға, ойын еркін түрде қағаз бетіне түсіріп бере аларлық халге жеткізу» [1, 80].

Әдіскер-ғалым Қажым Басымовтың грамматиканы өткізу тәртібі жөніндегі бұл пікірлерінің мазмұны мынаған саяды:

- оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамыту. Бұл міндет балаларды оқуға, жазуға үйрету, грамматикалық материалдарды үйрету, түрлі бақылау және жаттықтыру жұмыстары арқылы жүзеге асырылады;

- тілдің әдеби нормаларына жаттықтыру, демек, оқушыларға орфографиялық, пунктуациялық тұрғыдан сауатты жазу, орфоэпиялық нормада дұрыс сөйлеу дағдыларын меңгерту;

- оқушылардың тіл жөніндегі ғылыми ұғым жүйесін қалыптастыру. Бұл талап грамматиканың, фонетиканың, лексикологияның, морфология мен синтаксистің теориялық материалдарын үйрену жұмысы арқылы орындалады;

- оқушыларды грамматика сабақтарында көркем шығарма, танымдық, көпшілік әдебиет үлгілерімен таныстыру (бұл міндет қазір де орындалып жатыр);

- керсетілген міндеттер қазақ тілі сабағы үстінде кешенді түрде бір-бірімен сабақтастырыла, байланыстыра отырып жүзеге асырылады;

- оқу мен тіл дамыту процесінде оқушылар оқу дағдысында мәтінмен жұмыс істеуге машықтанады.

Қорыта келе, ғалымның «Грамматиканы оқыту жөнінде» атты әдістемелік мақаласынан қазіргі педагогиканың дидактикалық принциптерін ана тілі грамматикасын оқытуда өте шебер қолдана білгендігін аңғаруға болады. Сондай-ақ Қ.Басымовтың грамматикадан өзге тіл білімінің түрлі салаларын қамтитын өзге әдістемелік мұралары қашанда өз оқырманын тарта отырып, қазіргі көзқараспен пайымдауды қажет етеді. Себебі Қ.Басымов – артына қалдырған бай әдістемелік мұрасымен, құнды педагогикалық, әдістемелік көзқарасымен басқа замандастарынан ерекшеленген тұлға. Ғалымды басқа замандастарынан ерекшелендірген, бірінші ден, әдістеме тарихында азамат, тұлға ретіндегі орны болса, екіншіден, еңбектері, яғни әдістемелік мұралары деуге болады. Әдіскердің еңбектері өз дәуірінің талаптарына жауап беррлік мақсатта жазлыған дүниелер. Біздің мақсатымыз – сол дүниелерінен қазіргі сабақтастықты, қазіргі жалғастықты аша білу.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Басымов Қ. Грамматиканы оқыту жөнінде. //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1958. – № 5. – 79-80 б.

2. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы: Санат, 1995. – 120 бет.

3. Қазақ тілі грамматикасы және лингводидактика мәселелері. Алматы, 1997 – 116 бет. (жинақ).

4. Қазақ тілін оқыту методикасы. Жалпы редак. басқар. Құлмағамбетова Б. Алматы: Мектеп, 1988. – 139 бет.

5. Қазақ тілі методикасының библиографиялық көрсеткіші. Құраст.: Ұйықбаев И. Алматы, 1961.

# КӨРКЕМ МӘТІНДІ ҰҒЫНУДА ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫН ҚОЛДАНУ

***Қабатай Б.Т.,***
*п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, ҚР*

**Түйіндеме**

Тіл мен таным арасындағы байланысты қарастыратын когнитивті психология заңдылықтарын тиімді қолдану-көркем мәтінді қабылдаудың шарты. Танымдық процестердің мәтінді ұғынудағы ролін когнитивті психологиядағы гештальт, бихевиоризм т.б. бағыттар арқылы түсіндіруге болады. Психологтар көркем мәтінді қабылдауда перцептивті, синтаксистік талдау, қолдану кезеңдері болатынын атай отырып, бұл сатылардың бір-бірімен байланысын, бірінен екіншісіне өту басқыштарының сипаттамасын білудің мәнді екендігін атап көрсетеді. Психологтар дәлелдеген 8-10 жастағы балалардың тілді меңгеруге деген қабілеттілігін әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың көркем сөзді меңгеру үрдісіндегі табыстың кілті деп бағалауға болады. Көркем мәтінді түсінуге оның тұтастығы ерекше рөл атқарады: оқушыларға ұсынылатын көркем мәтіндердің тұтастығы, белгілі бір ойға құралғандығы, ол ойдың басталуы, жалғасуы, аяқталуының болуы – оқушылардың мәтінді қабылдауының шарты.

***Тірек сөздер:*** таным теориясы, когнитивті психология, мәтінді қабылдау, мәтінді игеру үрдісі, когнитивті эмпатия.

**Аннотация**

Связь языка и когнитивной психологии познания закономерностей предусматривает применение приема художественного текста. Роль познавательных процессов в когнитивной психологии можно объяснить путем направления гештальтом текста, бихевиоризмом и т.д.. Психологи отмечают, что при создании художественного текста используется перцептивный и синтаксический анализ, выделяют, что это уровни взаимосвязаны между собой, это значение указывает на переход в другой уровень знания. Психологи доказали, что способности к языку, на уроках литературного чтения в процессе изучения художественной речи у детей 8-10 лет, можно оценить, как ключ успеха. Особо важную роль играет его целостность в понимании художественного текста: целостность художественных текстов, предлагаемые учащимся.

***Ключевые слова:*** теория познания, когнитивная психология, процесс освоения текста, когнитивная эмпатия.

**Abstract**

The knowledge of the language and the effective application of the laws of cognitive psychology and art are providing the link between the conditions of the adoption of the text. The role of cognitive processes text can be explained by cognitive psychology such as gestalt, behaviorism, etc. Parsing the text of art-making perceptual psychologists, noting that the periods of use, these steps go from one relationship to one another and show the value of knowledge. Psychologists have proven that children aged 8-10 years have reading ability of pupils to learn the language of art can be regarded as the key to success in the process of studying the word. Artistic integrity plays a special role in the understanding of the text: the integrity of literary texts for students, form the same conclusion, which is thought to be the beginning of the end of last condition for the acceptance of the text of the students.
***Key words:*** theory of knowledge, cognitive psychology, the adoption of the text, the text in the process of development of cognitive empathy.

«Тіл ойлаумен тығыз байланысты. Осыған орай, тіл білімінің ойлау категориялары мен ойлаудың заңдары туралы ғылым – логикамен, ойлау процестері және олардың тілде көрінуі туралы ғылым – психологиямен байланысы келіп туады»[1]. Көркем мәтінді ұғынуда таным теориясын ұтымды пайдалану тиісті нәтиже беретіні хақ.

Психология ғылымындағы танымдық процестердің – түйсіктен қабылдауға дейінгі бейнелерді тану, зейін, ес ұғымының қалыптасуы, ойлау, қиял, есте сақтау, тіл, эмоция, яғни даму процестеріне дейінгі психологиялық ерекшеліктердің бүкіл ауқымын, мінез-құлықтың барлық мүмкін болатын салаларын қамтитын бөлімі когнитивтік психология деп аталады.

Когнитивтік психология, психикалық процестердің ішкі ұйымдасуының ролін жоққа шығарған бихевиоризмге балама ретінде 20-ғасырдың 50-жылдарының соңы – 60-жылдарының бас кезінде пайда болды.

Бихевиоризм жалпы психологияда оның сана жөніндегі ғылым емес екендігін, бұл тұжырымдаманы толықтыру немесе ауыстыру мақсатын орындау негізінде пайда болды. Бихевиоризм теориясын қалаушы Э.Торндайк бала мен хайуанаттар психикасын зерттей отырып, олардың әрекет қылығы – сыртқы орта әсеріне (стимул) болған организмнің кері (сөз, эмоция арқылы) жауаптарының жиынтығы деген түсінік қалыптастырды. Психология ғылымына *бихевиоризм* терминін енгізген Д.Ж.Уотсон (1878-1958) былай деп жазды: «Сізде көру елестері, есту елестері немесе психиккалық (денесіз) процестердің басқа қадай да бір түрлері бар екендігін маған дәлелдеп беруге тырысыңызшы. Әлі күнге дейін менде тек Сіздің осылардың барлығы менде бар деген адам сенгісіз және ештеңемен бекітілмеген хабарламаларыңыз ғана бар. Ғылымға оның теориясы үшін тек сенімді негіз бола алатын обьективті дәлелдер қажет» [2].

Бихевиоризм мен гештальт психологияны табиғи ғылыми пән ретінде құруға тәуелсіз қадамдар жасады.

Гештальтпсихология уотсондық формадағы бихевиоризмге қарағанда психологиялық ойдың біршама радикалды бағыты болды. Бұл бағыт 20-ғасырдың бас кезінде Германияда пайда болған. Басты өкілдері: М.Вертхаймер, В.Келлер, К.Кофман, К.Левин. Гештальтпсихология механикалық жаратылыстану ғылымының жалпы дағдарысқа ұшырауына байланысты ассоциативті психологияға қарсылық білдіру рухында туды. Гештальттылар «элементтер психолгиясына» қарсы әрбір психологиялық процестің біртұтастығы мен өзіндік сапасын жақтады. Олар тұтастықты (гештальт) элементтерден тіпті өзгеше жаңа, өзінің ішкі заңдылығынан туып, өзгеріп отыратын, түсіндіріп болмайтын, тек баяндауға ғана келетін құбылыс деп пайымдайды. Гештальт психологияның тұтастық идеясы динамикалық ситуация мен оның формальді құрылымының бір бүтіндігі негізінде іс жүзіне асырылды. «Гештальт» ұғымын алғашқы ендірген Эренфельд. Оның айтуынша, бұл ұғым мынадай мазмұнды қамтиды: айталық, бірнеше дыбыс тітіркендіргіштері іркес-тіркес берілді дейік. Сонда бұл дыбыстар бір-бірімен байланыссыз әсерлер ретінде қабылданбай, белгілі құрылымы бар, сол дыбыстардың «гештальты» болып табылатын «әуен» ретінде қабылданады.

Гештальпсихология бағытының осал тарапы – психологиялық құбылыс – бейне мен оны туындататын нақты әрекет арасындағы байланысты жоққа шығарғандығы. «Гештальттылар ұғымы бойынша бейне (образ) тек өз заңдылықтарына бағынатын ерекше мәнді құбылыс саналды, оның нақты заттық дүниемен байланысы сыр күйінде қала берді. Осы екі маңызды категориялардың (бейне мен нақты дүние) басын қосып, психологиялық болмысты талдаудың ортақ жүйесін бере алмағандықтан, гештальтпсихология ғылыми мектебі тарап кетті» [3,66].

Сонымен қатар психология ғылымында фридизм, генетикалық психология бағыттары болды.

Фрейдизм негізін австриялық психолог З.Фрейд қалаған. Басында есі ауысу сырқатына тап болғандарды емдеу мен олардың сырқатының табиғатын түсіндіруге бағышталған бұл

ілім адам табиғаты қоғамдық дамиу заңдарына бағынбай, иррационал психикалық күштердің ықпалында болады деп дәріптеді, адам әрекетінің бәрі агрессив, оны тәрбиемен өзгерту мүмкін емес деп тұжырымдады. «Фрейдизм жеке адамның жан төркіні, дамуын иррационализм (саналы дәлелі жоқ) мен мистика (тылсым құпия) сияқты психикалық факторларды саналы әрекетке тікелей қарсы қоюмен дәлелдеуге тырысқан психикалық бағыт [3,67]. Генетикалық психологияның негізін салған швецария ғалымы Ж. Пиаже болды. Өз зерттеулерін негізге ала отырып, Ж.Пиаже генетикалық әдісті психологиялық болмысты тануда жетекші әдіснамалық ұстаным дәрежесіне көтерді. «Пиаже тұжырымының ең үлкен қатесі – баланың біртұтас дамуын ескерместен, ақыл-естің өрістеу тұғырын интеллекттің өзінен іздеді, ал сананы дамытушы факторлар арасында ол қоғамдық тарихи әрекет болмысына ешқандай орын қалдырмады. Интеллект даму деңгейінің бірінен екіншісіне өтуде оқудың маңызды орны бағаланбай, әлеуметтік-қоғамдық фактордың жеке адам қалыптасуындағы мәні жоққа шығарылды» [3,67].

Қазіргі заман психологиясының аса маңызды артықшылығын танытқан ғылыми ағым когнитивтік психология болды. 60-жылдардың аяғында АҚШ-та бұл бағыт бихевиористердің әрекет-қылық талдауында психологиялық элементтерді елемеуі мен танымдық дамуды ескермеуіне қарсылық білдірумен ғылым сахнасында келген еді. Когнитивтік психология необихевиористер зерттеулерінің нәтижесінде пайда болып, белсенді мағлұмат жинау мен ақпарат өңдеуші адам организмі жүйелі құрылым деген танымды әрі қарай жалғастырды, яғни адам әр қилы ақпараттарды ықпалды етуге қабілетті: бөтен таңбалар (код) формасына келтіре алады, одан әрі өңдеу үшін өз қажетіне керек ақпаратты бөліп алады немесе керексіз мәліметті жүйеден бүтіндей аластайды. Когнитивтік психологиясының көрнекті өкілдері – Дж.Брунер, Д.Норман, Л.Фестингер, Ф.Хайдер, У.Найсер, П.Линдсей, Г.Саймон.

Біздің зерттеу жұмысымызда американдық психологтар Р.Солсоның «Когнитивтік психология», Джон Роберт Андерсонның «Когнитивті психология» еңбектері талданып зерттей мәселесіне байланысты «Тілдің құрылымы» және «Тілді түсіну» ұстанымдары басшылыққа алынды. Ғалымдардың пайымдауынша, «Тілді ұғынудың үш кезеңі бар: қабылдау, синтаксистік талдау және қолдану. Ұғынудың өзі есту, оқу процестерінде қарастырылады» [1,19]. Р.Солсонның когнитивті саладағы есте сақтаудың орны тұжырымдары зерттеу жұмысымыздың психологиялық негіздерін құрайды. Ғалымның зерттеу жұмысында келтірген есте сақтау механизмінде қолданылатын Аткинсон және Шифрин моделі тілдік таңбалардың табиғатын толық сипаттайды [1,208]. Аткинсон мен Шифрин моделі ақпараттың үш сақтау орнын қарастырады: сенсорлы регистр, қысқа мезрзімді есте сақтау (ҚМЕ), ұзақ мерзімді есте сақтау (ҰМЕ) орны. Олардың түсіндіруінде *ес* ұғымымен сақталуы тиіс мәліметтер белгіленді, ал *сақтау орны* ұғымымен сол мәліметтер сақталатын құрылымдық элементтер белгіленді. Элементтің қаншалықты ұзақ сақталатындығын жай ғана көрсету – бұл оның ес құрылымының дәл қай жерінде орналасқанын анықтау дегенді білдірмейді. Сонымен, олардың жүйесіне сәйкес, ақпарат ұсынылғаннан кейін бірден ҰМЕ-ке жіберіле алады, бірнеше минут ҚМЕ-те тұруы, бірақ сол бетімен ҰМЕ-ке кірмеуі де мүмкін. Қысқа мерзімді сақтау орнын олар кіретін ақпарат сөнетін және тез жоғалатын (сенсорлы регистр сияқты өте тез емес) жұмыс жүйесі ретінде қарастырды. Бастапқы жүйеде қысқа мерзімді сақтау орнындағы ақпапарттың сөнуін дәл анықтау қияын болды, бірақ Аткинсон мен Шифрин оның 15-ден 30 секунд арасында өтеді деп есептеді. Осы тұста орыс психологі П.И.Зинченконың ұсынған негізгі идеясын келтіре кеткен жөн: «Басқа біршама үстіртін құралдар мен кодталған сөздерге қарағанда біршама мәнді құралдар мен кодталған сөздердің тура есте жақсы сақталатындығында» [1,210-211]. Сонымен, сөздердің есте қалуы материалды ұсынған кездегі зерттелушілердің алдында тұрған мақсатқа өте тәуелді. Әртүрлі мақсаттар түрлі байланыс жүйелерін белсендендіреді деп болжанады, себебі адамдарда материалға деген түрлі қатынастар болады.

Психолог М.Мұқанов *когнитивті эмпатия* терминін қолданып оның мағынасын бір

адамның басқаның ұстанымын түсінуі, оның ойының барысын алдын ала болжау қабілеті рефлексия деп аталуы тиіс нәрседен ажырату үшін негіздік дей келіп оны басқаның сезімдері мен күйіне енуі мағынасында анықтайды. Әрине осылайша ажырату эмпатиядан оның құндылық, жеке тұлғалық компонентін бөліп алуды талап ететіні сөзсіз [1,426]. Осы ұғым Ж.Пиаженің эгоцентризм деп атағанымен салыстырылуы мүмкін . Эгоцентризм (көбінесе мектепке дейінгілерге) индивидтің басқаның ұстанымын қабылдай алмау қабілеті, оның көзқарасын түсінбеуі ретіндегі когнитивті эмпатияның кері қыры ретінде қарастырылады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың әдіснамалық негізін М.Мұқановтың заттардың түсін ажырату тұжырымы да құрайды. Бұл тұжырымның мағынасы мынандай: түстердің аты әр ұлттың тілінде әр басқа. Сондықтан түстерді қаншалықты дәрежеде ажырату әр ұлттың өзіне тән қасиеті болып саналады.

Әдетте ажыратуда оның абстракті , яғни категориялық аттары және нақты бейнелік аттары кездеседі. Абстракті яғни категориялық түстерге қызыл, жасыл, көк, сары, қоңыр, сұр, күлгін, көкшіл және т.б. түстер жатады. Түстердің бұл түрін категориялық дейтін себебі күнделікті өмірде бұл түстерді нақты заттардан ойша бөліп алып, солардың бәріне бір ат береміз. Мысалы, жасыл түстер жапырақтарда, ағаштарда кездеседі. Бірақ біз осы жеке заттардан **жасыл** түсті бөліп алып, оны абстракті түрде **жасыл** дейміз. Ал нақты бейне түстерін алсақ, бұған түйенің жүніндей түс, аспан түсі, теңіз түсі т.б. жатады. Осы түстерді нақты ой бейнесіне жатады дейтін себебі: олар жеке заттар мен бірлесе отырып айтылады. Тобылғы түсті дегенге бұған тек нақты тобылғылардың түстерін ғана емес соған ұқсас өзге заттардың түсетрін де айтамыз. Кейбір оқымыстылардың (В.Гумбольдт, Э.Сепир, Б.Уоров) айтуына қарағанда, адам белгілі бір затты қабылдағанда сол заттың аты оның тілінде бар болса ғана қабылдайды да, жоқ болса – ажырата алмайды. Қабылдау дегеніміз затты не құбылысты алғаш рет көргенде ойша бейнелеу деген сөз. Ал алғашқы рет бейнеленетін заттар мен құбылстарды адам қайта көріп, алғаш көргенін екінші рет таниды. Тану кезінде ол сол заттың не құбылыстың атын атайды. Ал адамның заттың атын атауы алғашқы көргенін еске түсіріп, жанғыртуға мүмкіндік береді. Демек, кейбір түстердің қайсыбір ұлт тілінде аталмауы оларды көрмейтіндігінде емес. Бұлар қабылдау мен тану процесі арасындағы ерекшеліктер «халық қазақ тіліндегі көк түсті неге көкшіл түстен ажыратпады? Өйткені көкшіл деген атау қазақ тілінде болған жоқ, бұл орыс тіліндегі голубой деген түсті қазақшаға аударудан келіп шықты.

Мұның мәнісі мынада: егер біз бір құбылысты көзімізбен көріп, бірақ оны айта алмасақ, онда сол құбылысты есте сақтап, обьективті түрде ажырата алмаған болар едік. Өйткені біздің көзімізге көрінген құбылыс тек субьективті түрде ған болып, тез ұмтылып кетеді де, оны белгі арқылы есте қалдыруға мүмкіндік болмас еді. Демек, бұл жерде түстерді белгілі категорияға жатқызып, сөзбен атау сол түсті қабылдап, ұғым арқылы бейнелеуге мүмкіндік береді.

Д.Р.Адерсон «Тілдік универсалийлер» деген зерттеу еңбегінде жас мөлшерінің тілді игеруге әсері туралы теориясын жасаған[1,326].*Бұл теорияның тұжырымы бала тілді 8-10 жасқа дейін жақсы игереді.* Бұл тұжырымның екінші тілді игеруге қатысты айтылғанына қарамастан, осы еңбегінде ғалым Ньюпорт пен Супалла жүргізген ана тілін меңгеруге байланысты зерттеулердің де нәтижесі осы қорытындыға келіп тірелгенін айтады. Олар жүргізген зерттеу барысында жест тілін ересек кезде меңгерген үлкендер оны бала кезінде үйренгендерге қарағанда нашар меңгерген.

Осы еңбегінде Д.Р. Адерсон тілді меңгерудің негізінде ерекше тума механизмдер жатқанын дәлелдеген Хомскийдің пікірлерін келтіреді [1,326]. Ол табиғи тілдің формальді мүмкіндіктері соншалық күшті болғандықтан, оны үйрену адам тілінің формалары туралы туғаннан пайда болған нақты бір ақпаратты білмей тұрып мүмкін болмайтынын атап айтқан. Хомскийдің ойынша, табиғи тіл мен табиғи грамматиканың мүмкін болатын сипаттамасын шектейтін *тілдік универсалийлер* бар. Балалардың табиғи тілдің тез үйренуінің себебі олар осы

тілдік универсалийлермен туғаннан бастап таныс. Үйренуге болатын тілдерді табиғи тілдер деп атайды. Мұны американдық психолог Б.Уорф ағылшын, неміс, француз тілдерін бөліп мұны орташа еуропалық стандарт деп атайды, ал түркі тілдес халықтардың тіл ерекшеліктері басқаша деген қорытындыға келіп ойды тіл билейді деп тұжырымдайды. Психолог М.Мұқанов Уорфтың бұл пікірімен келіспейтіндігін білдіреді. Осы тұста Р.Адерсонның табиғи тілдің мүмкін болатын формаларына қандай да бір шектеулердің тілге тән нәрсе екендігі рас болса, бұл шектеулер неге қатысты – табиғи тілдердің универсалийлік пішіндеріне ме әлде танымның универсалийлік пішініне ме? деген сұрағын орынды қойылған өзекті мәселе деп ұғамыз. әртүрлі тілдерде үлкен айырмашылықтар бар болса да қандай да бір ұқсастықтары да болады. Мысалы, бірде бір тілде толықтауыш бастауыштың алдында тұрмайды. Дегенмен, мұндай шектеуді психологтар (Р.Адерсон, М.Мұқанов) когнитивті түрде түсіндіреді.

Адерсонның аталған еңбегіндегі тілді түсінудің үш кезеңін бөліп көрсетуі – біздің зерттеу жұмысымыздың нысаны - көркем мәтінді қабылдаудың психологиялық негізін құрайды: бірінші кезең – *перцептивті кезең* - қабылдау процесі жатады, оның көмегімен ең алдымен акустикалық немесе жазбаша хабар кодталады; екінщі кезең синтаксистік талдау кезеңі деп аталады. *Синтаксистік талдау* - хабарламадағы сөздердің біріккен мағынасының менталды репрезентациясы болып қайта құрылуы; үшінші кезең – бұл *қолдану* кезеңі. Мұнда қабылдаушы сөз мағынасының менталды репрезентациясын іс жүзінде пайдаланады[1,329].

Көркем мәтінді игеру үрдісінде Торндайктің мәтіннің тұтастығы теориясын да қолдану маңызды. Бұл теорияның мәні – егер құрылым жалпыға бірдей «табиғи» құрылымға қайшы келсе, әңгіме есте нашар сақталатынын көрсетеді. Торндайк зерттеушілердің бір тобына түпнұсқа әңгіме беріп, енді бір тобына құрамындағы сөйлемдері шатасқан тәртіппен берілген әңгіме тындатқан. Зерттеушілер негізгі түп нұсқа әңгімеден фактілердің 85%-ын еске түсірсе, ретісіз әңгімеден фактілердің 32%-ын айтып бере алған[1,353].

Мандлер мен Джонсонның зерттеулері де балаларға әңгіменің себептік құрылымын есте сақтау қиын екенін байқатады. Ересектер оқиға мен оның нәтижелерін еске түсіре алады, ал балалар тек нәтижені ғана еске түсіріп, оның қалай іске асқанын ұмытады. Мысалы, бала әңгімедегі майдың еріп кеткенін еске түсіреді, ал майдың күнде қалғанын ұмытып қалуы мүмкін [1,353].

Сонымен, тіл мен таным арасындағы байланыс туралы психологиялық теорияларға сүйене отырып, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

-психологтар дәлелдеген 8-10 жастағы балалардың тілді меңгеруге деген қабілеттілігін әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың көркем сөзді меңгеру үрдісіндегі табыстың кілті деп бағалауға болады;

-көркем мәтінді түсінуге оның тұтастығы ерекше рөл атқарады: оқушыларға ұсынылатын көркем мәтіндердің тұтастығы, белгілі бір ойға құралғандығы, ол ойдың басталуы, жалғасуы, аяқталуының болуы – оқушылардың мәтінді қабылдауының шарты.

**Пайдаланылған әдебиет:**

1. Жұбанов Қ. Тіл ғылымы жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 221 б.
2. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10томдық. том 7. Когнитивтік психология. – Алматы: Таймас, 2006. – 479 б.
3. Бап-Баба С. Жантану негіздері. – Алматы: Заң әдебиеті, 2004. - 302 б.

# ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ӨЗГЕ ҰЛТТЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Құлабаева Р.Т. Рыскелдиева Г.Д.***
*Қазақстан-Ресей медицина университеті*
*Қазақстан, Алматы қ.*

Қазақ тілін оқыту үдерісін жандандыру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Осы мақсатта мейлінше нәтижеге бағытталған, мейлінше өнімді деген технологиялар мен әдіс-тәсілдердің бәрі тілді игертуге қызмет етпек. Дұрыс таңдалған технология үйретуге ғана қызмет етпейді, шығармашылық пен танымдық белсенділікті арттырады, өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады.

Тіл үйрету жұмысы – өте күрделі үдеріс. Студенттер қазақ тілі сабағында тек тіл үйреніп қоймайды, олардың сабақ үдерісінде қазақша ойлау дағдылары қалыптасып, өмірге өзіндік көзқарасы айқындалып, ұғым-түсінігі кеңейеді. Сондықтан да оқытушы әр студенттің қабілетін, қазақ тіліне деген көзқарасын білуі керек.

Орыс топтарында білім алушыларға оқытылатын қазақ тілі пәнінің түпкі мақсаты – оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын тануға талаптандыру, тілін құрметтеуге тәрбиелеу, сонымен қатар Отанды, табиғатты, айналадағы құбылысты, тыныс–тіршілігімен жан-жақты терең таныстыру және ең бастысы өз мамандығы бойынша кәсіби деңгейде сөйлеу тілін меңгерту.

Үйренушінің сөйлеу тілін жетілдіруге бағытталған технологиялардың ішінде қатысымдық түрінің маңызы зор. Аталмыш технология алғаш рет ағылшын тілін оқыту үдерісінде Британияда қолданысқа енді. Уақыт елегінен өткен әдіс бүгінде қазақ тілін үйретуге барысында да өз жемісін беруде. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф.Оразбаева оның мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін саралай келіп: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – тіл үйренуші мен тіл үйретушінің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі», - деген, анықтама береді [1,59 б.]

Қатысымдық технология Е.И.Пассов, А.А.Леонтьев, В.Г.Костомаров, А.Н.Щукин, М.Н.Вятютнев, В.А.Скалкин тәрізді әдіскерлер тарапынан жан-жақты қарастырылып, тиімділігі дәлелденді.

Қатысымдық тенологияның ең негізгі мақсаты – тіл үйренушілердің сөйлесім әрекетіне баулу. Аталмыш әдіс бойынша оқыту үрдісі тіл үйренушілердің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылады. Практикалық сабақтарда жемісін беріп келе жатқан әдістің басты ұстанымы – тілдік жағдай жасау арқылы пікірлесімнің жоғары дәреже – қарым-қатынас қол жеткізу. Қатысымдылық оқыту әр тыңдаушының жеке басының ерекшелігін ескертуді қажет етеді, тек осылай болған жағдайда ғана қарым-қатынас іске асады, сөйлеудің мақсаты асырылады.

Ғылымдағы кәсіби құзыреттілік мәселесін зерттеуге деген қызығушылық бір өшіп немесе бір жаңа күшпен қайта жандана түседі. Құзыреттілікті теориялық қамту және оларды тәжірибе жүзінде қалыптастыру сияқты сұрақтарға зерттеушілердің назарын аудару әдетте экономикамызда, мәдениет пен білім беру саласында болып жатқан дағдарыстық жағдайларға сай келеді. Осы кезеңдері зерттеушілер жеке тұлға құрылысындағы ерекше компоненттерді шығаруға көп көңіл аударды. Бұл компоненттер жеке тұлғаға әлеуметтік өзгерістерге бейімделуге, білімін толықтыру үшін ішкі ресурстарды табу, кәсіби іскерліктерін қазіргі жағдайға сәйкес өзгертуге, жаңартуға мүмкіндік беруі тиіс.

XX ғасырдың 70–90-жылдары шетелдік және отандық ғалымдардың басқалардың зерттеулерінде *құзыреттілік* педагогикалық үрдісті басқару мен педагогтың кәсіби іс-әрекетін қамтитын білім берудің жаңа мақсаты, маңызды компоненті ретінде қарастырылды. Кәсіби-педагогикалық құзыреттілік пен оның жеке түрлері В.А.Адольфтың, Е.В.Бондарев- скаяның, Н.В.Кузьминаның және тағы басқалардың ғылыми жұмыстарында, сонымен бірге педагогтың кәсіби құзыреттілігінің басқа ба аспектілерін К.А.Абульханова, Н.В.Кузьмина, Л.М.Митина, Л.И.Мищенко, М.В.Прохорова, Е.И.Рогов, Д.С.Савельев, В.А.Сластенин, Н.Ф.Талызина, А.И.Щербаков және тағы басқалар зерттеген.

К.С.Құдайбергенова «құзырлылық», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік пен дағдыдан айырмасын былай ажыратады:

а) білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады;

ә) дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып, өзгерте алатын саналы қызмет;

б) біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше, бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Сондықтан да құзырды әр түрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті білім мен өмірлік ситуация арасында байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты, тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» [2,127б.].

«Құзірет» білім беру үрдісі нәтижесінде білім алушының мінез-құлқына, әрекетіне қойылатын талап ретінде оның өз тіліндегі, өз деңгейіндегі жатық сөздер, жатық іс-әрекетіне арқылы анықталатын ұғым, ал құзіретті адам нақты бір аймақта негізді шешім шығару, тиімді әрекет жасауға мүмкіндік туғызатын білім мен қабілеттерді қамтиды.

Қатысымдық құзіреттілік лингводидактикада кейінгі жылдарда ғана сөз болып жатқан мәселе. Әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде бұл терминді екінші тілде үйренуші оқушыларға тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік қатынаста, өмірде, кәсіпорындарда тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстырады.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің қазақша қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру мәселе тілдің қатысымдық және когнитивтік салаларының өзара ортақ бағыттары мен ұстанымдарынан туындаған жаңа бағыт. Бұл бағыт бойынша студенттердің қазақ тілін меңгеруде сөз мағынасын қабылдауда, пайымдауда, түсінуде танымдық ерекшеліктерін ескеру, олардың түрлі өмірлік жағдаяттарда өз ойын, пікірін жеткізу, коммуникативтік міндеттерді шешу, қатысымдық мақсатты іске асыруда тілдің заңдылықтары мен нормаларын орынды пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері алдыңғы орынға шығады.

Д.Т.Қаңлыбаеваның пікірінше, коммуникативті құзыреттер адамның қарым-қатынас жасау мәдениетіндегі практикалық іске асыру болып табылады. Ол жеке тұлғаның өз бетімен іске асыруға, өзін анықтауға дайындығын қамтамасыз етеді, қоршаған орта мен өзінің арасындағы үндестікке жету шарты, адамның ішкі әлемін құру мен оны байыту құралы болып саналады. Автор коммуникативті құзыреттер деп құрылысы бойынша күрделі, жеке тұлғаның өздігінен жүзеге асуы мен қарым- қатынастың негізгі міндеттерін табысты іске асыруын қамтамасыз етеді және лингвистикалық іскерлікті меңгерумен, тіл мәдениетінің ерекше әлеуметтік-мәдени нормаларын сақтаумен, қарым- қатынас жасаушылар арасында психологиялық заңдылықтарды орнатумен, жағымды атмосфераны ұстаумен, жеке тұлғаның эмоционалды-сезім аймағының дамуымен анықталады дейді [3].

*Қатысымдық құзіреттілігі* жоғары оқу орындары студенттерінің қазақ тілінде тілдік қатынас жасауы, ұғынысуы, түсінісуі, өмірлік түрлі ситуацияларда сөйлесім әрекеті арқылы өз ойын жеткізуі жатқызылады.

*Қатысымдық құзіреттілік* арқылы студенттер сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін меңгеруі тиіс. Студенттер тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім үдрістері бойынша айтылған ақпараттардың мазмұнын, кез-келген ортада өзінің пікірін еркін айтуға дағдыланып; мәтіндегі ақпараттарды толық түсініп оқи алуы тиіс.

Қатысымдық құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі.Сондықтан оқу орны алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне және түсіндіре білетін білікті маманды еңбекке аттандырады.Білім алушының қатысымдық құзіреттілігін дамыту үшін сұрақ – жауап, диалог, қатысым жүзеге асырылады.

Сөйлеу жаттығулары қабылдауға, ойлауға, еліктеуге және сөйлеу үлгілерін есте сақтауға бағытталып, тіл үйренушілерді белсенді сөйлеу әрекетіне жетелейді. Қатысымдық жаттығулар дайындық жаттығуларынан бірсыпыра күрделі, оларды шығармашылық жаттығулар деп те атауға болады. Шет тілін жеделдете үйрету кезінде сөйлеу жаттығулары өте жиі қолданылады, өйткені бұл жаттығуды орындау үшін тіл үйренушінің белгілі тілдік білімі, сөздік қоры, пікірлесу тәжірибесі болуы керек. Қатысымдық жаттығулар арқылы олардың бәрі де әрі қарай дамытылады, сондықтан мұнда да жаттықтыру әрекеті жалғастырады, бірақ ол күрделену, дамыту, қалыптастыру бағытында жүргізіледі. Ауызша жаттығу студенттің оқу материалын ауызекі баяндауға дағдылану мақсатын көздейді Қазіргі кезде шет тілін коммуникативті функционалды бағытта оқытылуы тиіс. Сондықтан тілдің қатысымдық маханизмінмашу қажет. Яғни , оның сөйлеу процесіндегі, сөйлем құрудағы, мәтін бойынша әнгіме құрастырудағы рөлі амал – құралдар арқылы меңгертіледі. Шет тілін білу қазіргі таңның басты мәселесі. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі-әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу. Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл оқытушы үшін, сыни тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды, әрі бағалы. Бұл стратегия қызығушылын арттыра отырып, оқытушының тығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, білемін, үйренгім келеді,білгім келеді, Венн диаграммасы, пікірталас, болжау, Автор орындығы, топтастыру, т.б, стратегиялық қолдану студенттердің мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз.

**Әдебиеттер**

1. *Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас*: теория және әдістемесі : оқу құралы.– Алматы: РБК, 2000. – 208 б.

2. ҚұдайбергеновК.С. Құзырлылық тұлға дамуының сапалық критерийі // Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі. Халықаралық ғыл.-практ. конф. материалдары. – Алматы: ББЖ КБАРИ, 2008. 30-36 б.

3. Қаңлыбаева Д.Т. Оқушыларға коммуникативтік құзыреттілік білім берудің негіздері // Білім әлемінде. № 4(4). 57-60б.

# ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

***Ж.М.Қырықбаева***
*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті*

*Бұл мақалада қазақ тілін проблемалық әдіс арқылы оқытудың кейбір ерекшелігі қарастырылады. Проблемалық әдісті қолдану арқылы оқытушы студенттің ойлау қабілетін, шығармашылығын, интеллектуалдық танымын дамытудың тиімді жолдарына тоқталады.Проблемалық әдістің шығармашылық ерекшелігі- оқытушы білімді даяр күйінде баяндай бермей, студенттердің алдына белгілі бір проблемалық міндет қойып, оны өздеріне шештіруге бағыттауы болып табылады. Жас ұрпақтың шығарымпаздық ізденістерін арттырудағы проблемалық оқыту әдісінің маңызы туралы сөз етіледі.*

**Тірек сөздер:***проблема,проблемалық жағдаят, проблемалық оқыту, проблемалық оқыту технологиясы проблеманы шешу, проблемалық сұрақтар жүйесі, интеллектуалдық таным, шығармашылық тұрғыдан, педагогикалық үрдіс, білім мен дағды, студент тұлғасын қалыптастыру, танымдық тапсырмалар жүйесі*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағида атап көрсетілген. Бұл білім беру мекемелерінің оқытушыларына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануына, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен құра беруіне мүмкіндік береді.Қазіргі уақыттағы оқу-тәрбие үдерісінің ерекшелігі оқушының,студенттің тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқу технологияларын ұтымды қолданысқа алуы.

Бүгінгі заманғы білім берудің басты мақсаты- мамандарды әлемді шығармашылық тұрғыдан өзгертудің әдістемесімен қаруландыру. Осы тұрғыда ғылыми міндеттерді дәстүрлі емес әдістермен шешудің жолы ретінде проблемалық оқыту жүйесін қолдануға болады. Проблемалап оқыту жүйесі – студенттердің ой – өрісін,логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық әрекетін дамытуға негізделген. Проблемалық оқыту - оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып,білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген дидактикалық жүйе.Осы проблемалық оқытудың негізін салушылар мен зерттеушілер: американдық Джон Дьюи мен оның шәкірті В.Клипатрик, орыс ғалымы

М. Махмутов. Олардың негізгі идеясы: Проблема қойып, оны шешу арқылы оқып үйрену;

Қазақ тілі пәнін проблемалық оқыту мәселесін сөз етпестен бұрын «проблема» ұғымына анықтама беретін болсақ,қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде былай деп көрсеткен: «Проблема –зерттеуді,шешуді керек ететін күрделі мәселе,міндет».Проблема деп шешілуін студенттерден білім алу үшін белгілі әрекеттерді талап ететін тапсырмалардың, теориялық немесе тәжірибелік мәселелердің әртүрлілігін түсінуге болады.

Мұндағы басты міндет – студенттердің ойлау жүйесін өздерінің шығармашылық қабілеттері арқылы және игерген білім қорын одан әрі тереңдетуге қажетті зейін – зердесін тәрбиелеу болып табылады.

Проблемалық оқытудың мақсаты: -Студенттердің теориялық ойлау қабілеттері мен дағдыларын дамыту; -Студенттердің белсенді ізденіс нәтижесінде игерген білімдері мен дағдыларын есте берік сақтату; -Түрлі проблемаларды шеше білетін білімді студент тұлғасын қалыптастыру; - Кез-келген нақты қызмет саласында өз ерекшелігі болатын кәсіби проблемалық ойлау жүйесін қалыптастыру және дамыту; - Берілген материалды студент интеллектуалды-танымды түрде қабылдап,саналы,шығармашылық түрде құрылған шешім шығара білу;

Әдістемелік жүйе ретінде оқытушының танымдық тапсырмалары мен көрнекі құралдардан проблемалық оқытудың мәні құрылады.Проблемалық оқытудың мәні-проблемалық

жағдаят туғызу мен студенттердің оқу проблемасын дербес шешулері бойынша іс-әрекеттерін басқару, яғни оқыту түрі.Проблемалық оқыту кезінде оқытушы ізденіс жұмыстарын ұйымдастырады, оның барысында жаңа білім, іскерліктерді меңгеріп, жалпы қабілетін, зерттеу белсенділігін дамытады, шығармашылыққа үйренеді, оқу мен оқыту сипаты өзгереді.

М.И.Махмутов: «Білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс студент өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады,өйткені ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді»,-деп көрсетеді [4]. Мұндай жағдайдан шығу білімді меңгерудің жолын құрастыру кезінде туындаған проблеманы шешу үшін ойлану қабілетін дамытқанда ғана іске асады. Демек, проблемалық оқыту ғана білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытады деген сөз.Студенттершағын зерттеу, шығармашылық-тәжірбиелік жұмыстармен айналысады.Сонда,проблемалық оқыту процесі былай жүреді: • Проблемалық жағдай жасау және мәселе қою. • Мәселені шешу жолдарын ұсыну. • Мәселелердің дұрыстығын деректер арқылы тексеру. • Нәтижелерді қорыту: жаңа білім, іскерліктерді студенттердіңбұрынғы білім, іскерліктеріне қосу және оларды теория мен тәжірибе арқылы бекіту.

Проблемалық оқытудың негізгі ерекшелігі – мұнда оқытушы білімді дайын түрде баяндап бермейді,студенттердің алдына проблемалық міндет қояды.Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі іздестіруі тиіс.Проблемалық оқытуды ойдағыдай іске асыру үшін студенттерге ұсынатын проблемалық сұрақтар жүйесін жасап шығу қажет. Онда кез келген сұрақ проблемалы бола бермейді әрі проблемалы сұрақтың жауабы дайын болмайды.Сондықтан оныстудент міндетті түрде өзі іздеуі шарт. Ол сұрақ баланың сана-сезімінде қиындық туғызуы қажет. Студент іштей түйсінген ойлау қиыншылығы проблемалық жағдаят деп аталады.Проблемалық жағдаятты құру үшін жаңа білім мен әрекетті таныстыратын теориялық және практикалық тапсырмалар беру қажет. Әр түрлі жағдаяттарды құру іс-әрекеттің артуына,шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.Жағдаятты құруда төмендегі басты қағидалар басшылыққа алынады: - тапсырма студент білетін білімге негізделуі тиіс,яғни тапсырманың жас ерекшеліктерге,білім деңгейге байланысты болуы; - проблемалық оқытудың негізі мәселелі сұрақ болғандықтан, студенттің ізденісін тудыратын түрлі сұрақтардың тізбегі керек; -студенттің ізденімпаздық қабілеті мен саналы түрде дамуына әсерін тигізетін -танымдық тапсырмалар жүйесін қолдану; - логикалық ой тудыратын суреттер,көрнекі құралдарды пайдалану.

Проблемалық жағдайларға қойылатын негізгі талаптар: - Студенттердің танымдық әрекеті мен дербестікті дамытуға бағытталуы; - Оқу ақпаратының сәйкестілігі; - Проблеманың күрделі болуы; - Талдауда қайшылықтардың кездесуі.

Проблемалық оқыту технологиясын дұрыс іздене білгенде, ол - студенттердің тілін дамытуға; -ойлау – таным қызметін дамытуға; -өздігінше жұмыс істеу біліктерін қалыптастыруға; -қоршаған ортада болып жатқан қоғамдық – саяси өзгерістерге өздігінше баға беруге мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту басқа да технологиялар сияқты өзінің жағымды және жағымсыз тараптарға ие.Оның тиімділігі: - Студенттердің логикалық ойлау қабілетін арттырады; - Оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады; - Оларды өздігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді; - Берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді; - Қорытынды жасауға және өзіне-өзі баға беруді қамтамасыз етеді.

Кемшілігі: -жоспарланған нәтижеге жету көп уақытты талап етеді; - студенттердің танымдық іс-әрекеттерін жүйелі басқару қиынға соқтырады.

Проблемалық оқытудағы студенттің шығармашылық іс-әрекетін былай тұжырымдауға болады: - Оқу материалының мазмұнын талдау, саралау; - Проблеманы ашу арқылы шығармашылық еңбекке қол жеткізу; - Қорытынды жасау және өзіне-өзі баға беру;

Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда проблемалық оқытудың мынадай өзіндік ерекшеліктері байқалады: - жаңа ұғымды түсінуде,оқу мәселесін шешу жолымен студенттің интел-

лектуалды мүмкіндігі күшейеді; - қиын жағдайдан,оқиғадан шығу жолы ретінде ,студенттің саналы ойлау қабілеті дағдыланады; - Студенттің эмоционалдық,ізденімпаздық белсенділігі артады; - Интеллектуалды іс-әрекет үрдісінде студентте танымдық қабілет пайда болады;

- Ойлау,есте ақтау,елестету,іздену сияқты психологиялық категориялар белсенді түрде қалыптасып, студенттің дамуына өзіндік әсерін тигізеді; - Жағдаятты баяндау барысында тілдік қоры да дамиды.

Бүгінгі оқу ісіне қойылатын заман талабы - өзіндік ой-тұжырымы бар, логикалық ойлау қабілеті дамыған, өз көзқарасы мен пікірін ашық айта алатын, ақпараттар ағымынан қажетін іріктеп ала білетін, қоғамдық ортаға икемді, өз жолын дұрыс таңдай алатын жас ұрпақты тәрбиелеу.Бұл міндетті жүзеге асыруда барлық пәндер өз үлесін қосады.Соның бірі өзім сабақ беретін Қазақ тілі пәні студенттердің білімін арттырып, ынталандырып, зейінін тұрақтандыратындай жаттығулар жүргізуге негізделген пән болғандықтан, студенттердің дүние танымын жетілдіру мақсатында сабақта «проблемалық оқытутехнологиясын» қолданамын. Мақсатым – студенттерді белсенділікке,өз бетімен білім алуға,ізденуге,өздерін тұлға ретінде сезіне білуге үйрету. Оқытушы сабаққа дайындық барысында алдымен, пәнге арналған типтік оқу бағдарламасымен танысуы керек және қажетті көрнекіліктер- кестелер, сызбалар, үлестірме,деректемелер, дидактикалық материалдарға, білім беру әдіс-тәсілдеріне көңіл бөледі.Проблемалық оқыту кезінде оқытушы ізденіс жұмыстарын ұйымдастырады.Оның барысында студенттер жаңа білімді меңгеріп, жалпы қабілетін, зерттеу белсенділігін дамытады, шығармашылыққа үйренеді.Оқытушы сабақ тақырыбына байланысты конспект,проблемалық сұрақтар мен шешімдерді де қарастырады**.** Өйткені қазақ тілі пәні бойынша алға қойған негізгі мақсатым- студенттердің өздері өтіп жатқан тақырыптарынан алған білімдерін жинақтай білуге,оны есте сақтауға,ізденуге,өзіндік талдауға және өзіндік тұжырымдай білуге дағдыландыру болып табылады.

Проблемалық оқытуды дұрыс ұйымдастыру үшін проблемалық жағдаят туғызу керек. Осы әдісте оқытушы кейбір теориялық материалды баяндай отырып, тақырыпқа байланысты мәселелерді студенттердің өздерінің шешуіне жағдай жасайды,яғни проблемалық жағдаят туғызады. Оқытушы осындай проблемалы жағдай туғызып, оның шешімін іздеуге студенттерді бағыттайды. Сөйтіп, студент өз оқуының субьектісіне айналады, соның нәтижесінде ол жаңа білім игеріп,жаңа әрекет әдістерін меңгереді. Студенттер сабақ барысында салыстырмалы түрде проблемалық жағдайлардың себебін, ұқсастығы мен салдарын анықтау және қажетті сұрақтардың шешімдерін табуға бағыт алады. Жалпы, проблемалық оқытуға негізделген тапсырмалардың қай түрі болмасын, студенттердің шығармашылық қабілетін, дарынын дамытуға бағытталады. Дәріс беру іскерлікті, ізденімпаздықты, оқушылардың байқау қабілетін жетілдіруге, сонымен бірге сөздік қорын молайтуға мүмкіндіктер береді. Айталық,проблемалы жағдайларды оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде , яғни жаңа тақырыпты түсіндіру, жаңа сабақты бекіту, тексеру кезінде ойластыруға болады. Ал, студенттер оқытушының дәрісін тыңдайды, тапсырмаларды орындайды, және қажетті әдебиеттермен танысады.Проблемалық оқытуда оқытушы студент білуге тиісті таным- түсінікті өзі айтып бермейді, қайта шәкіртке іздетеді. Кезінде грек данасы Сократтың алдына қойған мақсаты білімнің өзі емес, адамдардың білім алуға деген ықыласын ояту, білімге ынтықтыру болған екен.Сондықтан тиісті тақырып бойынша проблемалық сұрақтарды шешудің нұсқаларын қарастырып, оны шешу шәкірттің үлесіне тиісті болмақ.Жаңа білімді игеру барысында білім алушы өздігінен ізденіп және оны практикада қолдана алуына мүмкіндік алады.Сонда бұл проблеманы шешу, түрлі проблемалық жағдаятты талдау, күрделі мәселенің түйінін тарқату, тәжірибеде сынау нәтижесінде қол жеткен таным- түсінікті менгеруді білім алушының алған білімі деп танитын боламыз. Проблемалық оқытудың алғы шарттарын С.Л Рубенштейн, Н.А Мечинская, Г.С Костюк, А.М Матюшин т.б. өз еңбектерінде: «Жаңа ұрпақ жастары білім қорын қабылдап, өзінің танымдық қабілеттерін тек өздерінің белсенділігімен, өзіндік іздену-

лерімен ғана дамыта алады» деген болатын.Олай болса, студенттердің ынтасы мен дүниетанымдық шығармашылық қабілеттерін арттыру және ақыл-ойды қалыптастыру мақсатында проблемалық оқыту әдістерін қолданудың өзіндік ролі бар деп айтуға болады.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы.Алматы,1961ж

2.Орысша-қазақша түсіндірме сөздік:Педагогика.-Павлодар.,2006ж 3.Давыдов В.А. Педагогика. – М., 2005ж 4.Махмутов И.М. «Проблемное обучение»М,Педагогика,1975г 5. Нағымжанова Қ.М. Инновациялы-креативті технологиялар. - Өскемен, , 2005ж

**Резюме**

В статье рассматриваются особенности изучения казахского языка с использованием проблемно –поисковых методов.

**Summary**

The peculiarities of the Kazakh language study using problem-search methods

# ҚАЛАМГЕР ЖӘНЕ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ
## (Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы автор бейнесі)

***Сманов Б.Ө.***
*Абай атындағы ҚазҰПУ Серік Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі*
***Құттыбаев Ш.Д.***
*Абай атындағы ҚазҰПУ 1 курс PhD докторанты*

**Abstract**

This article analyzes the theoretical and practical aspects of the creation the author`s image in the novel “Ai and Aisha” of the national writer of Kazakhstan, the holder of the State Prize - Sherkhan Murtaza, in particular, the heroism of the main character Baryskhan in the difficult times of the 1930 years of the 20th century was revealed through the hard destiny of the family, which called “Public Enemy”. The character of the hero, his dreams and his actions are defined within social and public contradictions.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің 2017 жылғы 12 сәуірде жарық көрген «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық еңбегінде: «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда қалуы тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана», [1] – деген еді. шындығында да рухани мәдениетіміздің бір бөлігі әдебиет екені сөзсіз. Біз әдеби шығармалар арқылы елдің – елдігін, халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, ұлттық ерекшеліктерін танимыз. Олай болса, әдебиет – өмір айнасы, өткеніміз бен бүгініміздің шежіресі десек, оның аса зор ұлттық рухани құндылық екенін ешқашан ұмытпа-

уымыз керек. Ол үшін көркем шығарманың мазмұн-маңызын ғана біліп қоймай, әдеби туындының көркемдік құрылымдарынан да хабардар болғанымыз абзал.

Көркем әдебиеттің негізгі нысаны – өмір мен адам тағдыры. Яғни, көркем шығарма өмірде болған оқиғалар желісі мен образдар жүйесі арқылы жасалады. Көркем образ дегеніміз жазушының сөзімен сомдалған кейіпкер-адам тұлғасы. Жазушы өз шығармасында көркем бейнені алуан түрлі тәсілдермен суреттейді. Мысалы, Абай Құнанбаевтың «Қыс» өлеңінде ақын табиғаттың құбылыстарын, үскірік аяз бен бұрқасын қарды суреттеу арқылы көз алдыңызға түсі суық, қатал да сұсты адам бейнесін елестері сөзсіз. Мұнда ақын жансыз табиғатқа жан бітіре суреттей отырып, образды көркем сөз арқылы жеткізгенін аңғаруға болады. Табиғаттың тылсым күштерін, жансыз нәрсені жандылардың іс-әрекеттері мен қимыл-амалдарына ұқсатып суреттеп беруін әдебиеттану ғылымында кейіптеу деп атайды. Ал көркем шығармаларда адам образын сомдауда, адам мінезі мен портретін ашуда табиғаттың да құбылыстары қатар қат-қабат байланыста, астастыра суреттеліп жатады. Бұл да жазушының өзіндік шеберлігіне орай өрілетін әдеби құбылыс.

Образды қай тұрғыдан алсақ та өмір шындығын көзге елестету, жинақы, жанды, тұжырымды түрде суреттеу арқылы жазушы өз ой-пікірін оқырманға ұсынады. Сондықтан да атақты орыс сыншысы В.Г.Белинский: «Ақын образбен ойлайды, ол шындықты дәлелдемейді, көзге елестетеді»,[2]– дейді. Шынында да жазушы өз шығармасында көркем образдар арқылы тарихта өткен оқиғаны, болмаса тарихи бір тұлғаның бейнесін негізге ала отырып оқиғаны дамытады. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» монографиясында: «Суреткер өзі жасаған көркем бейненің құны мен қасиетін қасаң қағидаларға қарап белгілемейді, оның өмірдегі жанды дерегіне қарап бағалайды. Жазушыға тип жасау әрекетінің үстінде керегі – типтік туралы «қисын» емес, тірі мүсін – прототип», [3]– деп тұжырымдайды. Осы орайда жазушы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы Барысхан бейнесіне назар аударалық:

Көрнекті жазушы Барысхан бейнесі арқылы тек қана өзінің жастық шағын ғана жіпке тізіп бермей, сол кездегі қатал тағдырды барынша шынайы бейнелейді. Барысханның жастық шағы сонау 30-шы жылдардағы қазақ ауылының қиын-қыстау кезеңдерімен тұспа-тұс келеді. Барысхан әкеден ерте айырылып, жастайынан анасы Айшамен бірге колхоз жұмысына араласып ерте есейген жан.

Жалпы, сол уақытта қазақ балаларының барлығы қазіргі уақыттағыдай балалық бал дәуреннің қызығына толы шақтарын басынан өткеріп, түрлі-түрлі тәттілерді жеп, өмірдің сан-алуан қызықтарын тамашалап өсті деп айта алмаймыз. Әрине, мұндайда қазіргі балалардың шаттық өмірі еліміз тәуелсіздігінің, бейбіт өмірдің арқасында болып отырғанын ескерген жөн. 1931-33 жылдардағы болған ашаршылық, 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін, одан соң 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы – мұның бәрі қазақ даласын, қазақ отбасыларын айналып өтпеді. Олай дейтініміз, мұның бәрі романда Барысханның 5 жасқа толар-толмас шағында әкесінің «Халық жауы» деген жаламен атылып кетуі бүтін бір отбасының шаңырағын шайқалтып жібергенінен көрініс табады. Қаламгердің (Барысханның) әкесі Мұртазаны атып қана қоймай, анасын да, өзімен тете естері әлі кірмеген сары ауыз балапандай бауырларын да қатал тағдыр өз талқысына салып қояды.

Жасы алтыға толар-толмас шағында кішкентай інісі Батырханға қарайлап қалуының өзі Барысханның қанаты қатаймай жатып ерте есейгенін аңғартады. Ол ана тәрбиесі мен ата-бабасының қанымен берілген өр мінезімен батыл болып өседі, өзі қатарлас балалардың мазағына ешқашан төзбейді, ешкімге есесін жібермейді. Барысханның намысшылдығы 6-7 жасында-ақ ауыл балаларымен көлде «демалыс» ойынын ойнағанда байқалады. Өзі жас болса да ересек балалардан сескенбей жарыс ойнауы, сонымен қатар үнемі жеңіп шығуға тырысуының өзі Барысханның өр мінезділігін көрсетеді. Бірақ ол ешкімге өзінше соқтықпайтын, керісінше өзін кішкентай санап, қулыққа басқан қулардың іс-әрекеттеріне төзбейтін

еді. Кейіннен буыны қатаймай жатып анасы Айшамен бірге колхоздың қара жұмысына ерте араласқан бас кейіпкер сол жерде де бригадир Тасбет пен Жуанқыл сияқтылардан қатігездік пен қиянатты көп көреді. Бұлар таңның атқанынан қара кешке дейін жұмысқа жегілген ойын баласының назары басқаға ауып астындағы өгізі немесе есегі дұрыс жүрмей тоқтай қалса, «контра», «банда», «халық жауының баласы» деп боқтап, қамшының астына алатын. Сондайда анасы Айша баласын тек жұбатып қана қомай, орнықты сөздерімен баласының жігерін қайраттандырып та қоятын. Бұл анасы Айшаның онсыз да қатігез қоғамның зардабын көп татқан баласы Барысханның от жігері мүжіліп кетпесін деген ізгі ниеті болатын.

Шерхан Мұртаза романда Барысханның анасы Айшамен қатар айды да параллель қат-қабат алып отырады. Мәселен: «...Айша үндемей қалды. Жөтелгісі келгендей түйіліп-түйіліп денесі сел-селк етіп, бір уақытта дауыстап жылап жіберді.

Үрпиісіп қалдық.

–Қой, апа, қой, жылама, – деп, Құрмаш қайта естиярлық танытты.

Ай сәулесі көрінбей кетті»... [4]– деген үзіндіден жазушы Айшаның балаларына өзінің жастық шағы мен осы ауылға қалай келін болып түскен уақытын әңгімелеп жатып, кешегі қаймағы бұзылмаған заманда өмір сүріп, мына заманда қайда қалғаны белгісіз болған туыстарын еске алған сәтінде көзіне жас алуынан байқатады. Ал мына бір жолдарда: «Кешке Айша үрпиген үш балаға уыз пісіріп беріп отырып:

–Е, Жаратқан, мұныңа да тәуба-тәуба!– деді.

Терезеден Жартыкеш Ай сығалайды, бізді көріп жаны жай тапқандай, бұлтқа кіріп кетеді» [4]. Бұл жолдарда Барысхан анасы Айшаның ашуланатын немесе қамығатын жерлерінде ай көрінбей кететінін, керісінше, Айша көңілденіп, балаларын айналып-толғанған сәтінде ай бұлт арасынан сәулесін шашып, бұрынғыдан да әдемі болып нұрланып кететінін автор әдемі шендестіреді. Ал Барысханның ауылдан кетіп, ана мейірімін сағынған уақытында аспандағы аймен мұңдасуы да жазушының ана мейірімі мен ай нұрының жылылығын шебер үндестіргенін көрестеді.

Барысханға адамгершілік, ізгілік қасиеттер ана сүтімен, ана тәрбиесімен дарыған. Ақ жаулықты ананың тәрбиесін алған Барысхан әрі қайсар, әрі батыл болып өсті. Арқа сүйер әкесі жоқ жетім өскен баланың жігерлі, қайсар жан болмаса өмірден өз орнын табуы екі талай еді. Жалғыз анасынан басқа оны демеп, жол көрсететін, дұшпанның тырнағынан қорғаштайтын жанашыры да жоқ. Барысхан есейіп, ең алғаш рет елден кетіп, қаладағы мектеп-интернатқа барғанда, тиіскен балаларға, сондай-ақ, анасы Айшаның нағашылары Сәли мен Қали аталарының ауылына барғанда өзіне келіп соқтығысқан шешен баласына есе жібермеген қайсарлығы да ана сүтімен берілген тәрбиеден қалыптасқан қасиет. Бәлкім, ол шын мәнінде қайсар боламын деп ойламаған болар. Арқа сүйері болмаған соң өзінше қорғанғаны да шығар. Осындайда дана халқымыздың «Бөрі арығын білдірмес, сыртқа жүнін қампайтар» деген нақылы бекерге айтылмағанын аңғарамыз. Жазушы романда Барысханның қайсарлығы мен өжеттігін суреттегенде оның өзін ешкімнің нақақтан-нақақ қорлауына жастайынан көнбейтін бірбеткей жан екендігін көрсетеді. Алғашында әкесі ұсталып кеткен соң анасы Айшаға Тасбеттің көрсеткен қорлығына іштей ашуланып, наразы болса, жасы он екіге толар шақта ең алғаш рет ол анасын тағы да себепсізден-себепсіз қорлаған Тасбетпен бетпе-бет келеді. Романда оның Тасбетпен алысуы былай суреттеледі: «...Жүгіріп барып, Молдарайымның бес ақалы айырын ала салып, маяның түбінде шалжиып, басы қисайып, ұйқылы-ояу мүлгіп отырған Тасбетке тура жүгіріппін.

– Тасбет! – деп ақырып жіберіппін. Сөйтсем, дауысым ақыруға жарап қапты, қанша дегенмен он екіге толайын дедім ғой» [4]. Бұл Барысханның ұзақ жылғы іште сақталған Тасбетке деген ашу-ызасы мен төзімнің шегі болатын. Халқымыздың «Мың асқанға – бір тоскан» деген даналығы осындай қиянатшыл адамдардың іс-әрекеттеріне байланысты туындаған деп ойлаймыз.

Осы ретте Барысханның бұл мінезі классик жазушы Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін есімізге түсіргендей. Анасынан жаңа туған дала тағысын көзін ашпай жатып ауыл адамдары асыраушыларынан айырып, өзін адамдар арасына әкеліп тастайды. Бұрын-соңды мұндай «шақырылмаған қонақты» көрмеген ауыл итттері оны жабыла талап күн көрсетпейді. Ұзақ уақыт көрген қорлығы мен төзген азабы жанына батқан Көксерек ең алғаш рет ауылдың қара ала төбетін талап, қорғанады. Бұл жерде кешегі әлсіз бөлтіріктің ендігі жерде арлан болғанын, енді өзінің өр кеудесін ит-құсқа бастыртпайтынын аңғартса, Барысханның қайсарлығы да оның жігіт бола бастағанын, ендігі жерде Тасбетке анасы Айшаны да, өзін де қорлатып қарап отырмайтынын байқатады. Барысханға мұндай намыс пен қажыр-қайрат, тектілік ана сүтімен дарыған тәрбие ғана емес, даңқты батыр Бауыржан Момышұлын тудырған қасиетті Жуалы жерінің табиғатынан да болар, бәлкім?!

«Тәрбие басы – тал бесік» дегендей, жалпы, кейіпкердің анасы Айшаның да көргенді жердің ұрпағы екенін аңғаруға болады. «Малым –жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» деген дархан пейіл, өрелі сөзге тоқтаған ата-бабаларымыздың сара жолын берік ұстанған Айша баласын кісі ақысын жемейтін, оңай олжаны пайда тұтпайтын азамат етіп тәрбиелейді. Олай дейтініміз, сол соғыс жылдары, қыстың қытымыр аязында, қызылшадан басқа талғажау ететін ішерге асы жоқ күндердің бірінде, Барысханның қарыны қатты ашып, ұйқысы келмеген соң көлде жүзіп жүрген Жұбантайдың үйрегінің біреуін алып келмекке бекінеді. Үйінен шығып сол үйректі ұстап алып келеді. Сонда алдынан шыққан анасы:

«– А, жақсыдан жаман туған құлбарақ! Тура қазір жаныңның барында апарып таста! Кешегі ер Мұртазаның баласы жаман Жұбантайдың үйрегін ұрлапты, ұры деген атқа қаласың сорлы!» [4] деп баласының жасаған ісіне наразылық білдіреді. «Ұрлық, ұрлық түбі – қорлық» деп ұрпағын кісінің ала жібін аттамауға, біреудің мүлкіне қол сұқпауға тәрбиелеген, қашанда әділдікті жоғары бағалаған ата-бабаларымыздың жолын ұстанып, Барысханның сол жолғы әрекетіне тосқауыл жасайды. Бәлкім, сонда анасы ақыры аш отырмыз ғой, мейлі біржолға Құдай кешірер десе, өсіп келе жатқан бозбала бұдан кейін ізгілік жолдан аттап кетуі де мүмкін еді. Себебі, « Қыран ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі» демекші, дұрыс тәрбие берсең бағбанның қолынан өскен жас шыбықтай биікке, көкке ұмтылары сөзсіз.

Романда Барысханның бойынан көрінетін намысшылдығы оны сүндетке отырғызардағы әрекетінен де көрініс табады. Ол молдадан қорқып қашпақ болғанымен анасынан бата алмай, амалсыз еріп үйге келгенде, үйде отырған ақсақалдардың:

«– Ой, Барысхан батыр ғой.

– Ой, ол жазда элеваторға бидай тасығанда Евгеньевканың бұзық балаларымен қорықпай төбелескен!

– Ой, ол Салбидің қабаған итінің жағын опырып тастаған!– деп мені мақтайды шетінен. Қашып кетуге бет қалмады. Амал жоқ, қаздай тізілгендердің қатарына мен де барып жаттым» [4] – дегеніне қарап молдадан қанша қорықса да үлкен кісілердің мақтауынан кейін, сол мақтауға лайық болуға тырысып, әдеп сақтау керектігін байқатады. Тағы бірде қыстың қақаған бет қарауға шыдатпайтын боранында от алып келуге шығып, сол отты көршіден алғанымен, қолындағы шелегін жел ұшырып кеткен Барысхан әлгі үйге қайта барып от сұрауға беті шыдамай, үйге бос қайтуды тағы да намыс көріп, үйінен алысырақ тұратын Сәрсенбай шалдың үйінен барып шақпақтас алып келуінің өзі жас та болса оның көзсіз батырлығы мен намысшылдығының көрінісі. Бала түгілі ересек адамның өзі адасып кететін бет қаратпас боранда сондай тәуекелге баруы Барысханның қайсарлығын аңғартқандай. Осындай тәуекелшілдік адам баласының қайсар мінезінен туындайтын құбылыс.

Жазушы адам образын сомдағанда немесе типтік бейненің болмыс-бітімін, тұлғасын қалыптастырғанда міндетті түрде басқа тұлғалардан ерекшелігін айқындау арқылы кейіпкер мінезін даралайды. Көрнекті ғалым Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» еңбегінде: «Мінез – адамның ішкі болмысын, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы, барлық

технологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы» [3] дейді. Демек, кейіпкер тұлғасын даралап, ерекшелейтін оның мінез-құлқы мен іс-әрекеттері. Жазушы образ сомдауда кейіпкердің толып жатқан мінездерінің барлығын түгел дерлік суреттеп келеді де, солардың ішінен біреуін бірінші орынға қояды. Шерхан Мұртаза бұл романда Барысханның барлық қырлары мен іс-әрекеттерін барынша дамыта суреттегенімен, оның туған жерге деген сүйіспеншілігі мен білім алуға деген құштарлығын айрықша даралап көрсеткен. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деп дана халқымыз айтқандай, жазушы Барысханның туған жерге, елге деген ықыласы мен махаббатын бірінші кезекке қояды.

Жалпы, Барысханның образын сомдауда жазушы оның сан қырлы ерекешеліктеріне тоқталған. Барысханның өмірдегі көрген қиыншылықтары мен басынан өткерген сан түрлі оқиғалар желісі арқылы оның типтік бейнесі шебер өрнектелген. Біз жас Барысханның сан түрлі қырлары арқылы көз алдымызға осындай «тар жол тайғақ кешулерден», «соқтықпалы соқпақсыз жолдардан» өткен, есейе келе өскен елін, туған жерін сүйген, ата дәстүр мен ана тілін қастерлеген заңғар жазушының тұлғасын аңғарамыз. Шын мәнінде елін, жерін сүйіп, ақ пен қараның ара жігін ажыратар азаматтың тау тұлғасы жастайынан-ақ ана сүті мен отбасындағы тәрбие арқылы берілері айдан анық. Шерхан Мұртаза Барысхан бейнесі арқылы өзінің шынайы келбетін, әке мен шешенің үмітін ақтаған, елі мен жерін құрмет тұтқан өзінің азаматтық бейнесін таныта алды. Қазақтың «Сөнгенім жанды, өлгенім тірілді» деген сөздері осындай азаматтарға арналғаны даусыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1. Н.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». «Егемен Қазақстан». 12 сәуір, 2017 ж.
2. Қ. Жұмалиев. «Әдебиет теориясы». – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1969 ж.
3. З. Қабдолов. «Сөз өнері». Алматы, 2006 ж.
4. Ш.Мұртаза. «Алты томдық шығармалар жинағы». – Алматы: «Қазығұрт». –2002 ж. Бесінші том. «Ай мен Айша»: Роман. Бірінші. Екінші кітап
5. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: «Көшпенділер». –2008 ж.


# УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ КАК ОСНОВНОЕ СРЕДСТВО ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ-ОРАЛМАНОВ


***Маймакова А.Д., Кадырова Г.Р.***

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*



*Түйіндеме. Бұл мақалада орыс тілін жалпыға міндетті пән ретінде оқитын оралман студенттерге арналған авторлар дайындаған оқу құралы ұсынылады. Аталған оқу құралының құрылымы мен мазмұны, концептуалды ерекшеліктері және олардын шешу жолдары сипатталады.*

*Annotation. In this paper the author's manual for students repatriates studying Russian as a general mandatory discipline is presented. Structure and content of this manual, likewise pecularities and ways of solving these tasks are described.*


Внедрение полиязычного образования в языковой стратегии «Триединство языков», предложенной главой государства Н.А. Назарбаевым, становится одним из важнейших направлений на современном этапе развития Республики Казахстан. Казахско-русское двуязычие,

казахско-русские лингвокультурные параллели являются обязательным условием языковой подготовки студентов казахских отделений как будущих специалистов в различных отраслях науки, позволяющим направлять процесс языкового образования на приобщение обучающихся к новому (неродному) для них средству общения, на познание ими чужой культуры и осмысление собственных лингвокультурных истоков, привитие им готовности к диалогу и одновременно толерантности по отношению к иным языкам и культурам.

В связи с чем значительно возрастает роль общеобязательной дисциплины «Русский язык» на неязыковых и гуманитарных факультетах вузов. Русский язык в данном случае выступает средством повышения коммуникативной компетенции и личностно-профессионального развития студентов и является необходимым условием успешной профессиональной деятельности специалиста-выпускника современной высшей школы.

В этом контексте языковой подготовки студентов неязыковых и гуманитарных факультетов вузов Республики Казахстан особое направление на сегодня представляет работа со студентами-оралманами.

Следует отметить, что в работе с ними мы избираем методику русского языка как иностранного, которая, впрочем, имеет свои выраженные особенности в нашем случае. Своеобразие ситуации заключается в том, что студенты-оралманы свободно владеют государственным (казахским) языком страны, хорошо знают исконные казахские обычаи и традиции, вместе с тем им незнакомо современное социо- и лингвокультурное состояние Казахстана, в котором свое определенное место занимает и русский язык. Поэтому обучение русскому языку студентов-оралманов в разработанном авторами учебном пособии [1] построено на *социокультурном подходе*. Такой подход позволяет совместить две задачи: с одной стороны, изучить русский язык, с другой – через язык поближе познакомиться с социокультурными особенностями современного Казахстана, с сегодняшней лингвокультурной ситуацией в казахстанском обществе, что в свою очередь будет служить студентам-оралманам эффективной помощью в адаптации к социокультурным реалиям Казахстана начала XXI века и успешной их интеграции в современную казахстанскую действительность.

Структура и содержание настоящего учебного пособия представляет в практическом преломлении концепцию языкового образования студентов-оралманов, отвечающую запросам современного образовательного процесса, условиям кредитной системы обучения в Республике Казахстан.

Созданная концепция языкового образования направлена на рост познавательной мотивации обучающихся, формирование у них функциональной грамотности, а также умений и навыков осуществлять тематическую (социокультурную) коммуникацию-рефлексию.

В предлагаемом учебном пособии каждая лексическая тема начинается с фонетической разминки, направленной на отработку навыков произношения трудных звуков русского языка. Данный вид работы основан на сопоставлении двух языков (русского и казахского). Такая форма работы способствует снятию трудностей овладения русским языком и преодолению интерференции, особенно ощутимой на начальном этапе обучения. Например, русские звуки изучаются со следующих позиций: а) похожие на казахские звуки; б) отличающиеся от казахских звуков; в) таких звуков в казахском языке нет.

Следует отметить, что отбор текстового материала для данного учебного пособия проводился с учетом языковой подготовленности студентов, их социально-психологических и национальных особенностей, интересов и индивидуальных возможностей. В пособии реализуется мысль о том, что современный текст – это не только источник информации, а прежде всего, содержательный материал всего учебного процесса по русскому языку в казахской аудитории. Поэтому система текстов, предложенная нами, охватывает темы с учетом их лингвокультурологической ценности, определяемыми их познавательной ценностью и национально-культурной значимостью *(«Я сделаю все, чтобы люди узнали Казахстан», «На-*

*урыз», «Масленица», «Статус русского языка в Республике Казахстан»* и др.). Кроме того, такая подборка текстов способствует формированию духовного мира обучающихся, развивает мыслительную деятельность и расширяет их кругозор.

Задания для закрепления лексических тем и развития коммуникативных умений строятся в предлагаемом учебном пособии на основе интерактивных методов и приемов: различные *коммуникативные тренинги, работа в группах, диалоги, ситуативные реплики, рефлексия* и др. Ср.:

*1) Объединившись в группу из 3-5 человек, выберите тему, обсудите ее в группе и коллективно защитите выбранную тему (предварительно распределив между членами группы фрагменты-подтемы общего выступления).*

Темы для обсуждения:

1. Что объединяет праздники Наурыз и Масленица?

2. Какие различия существуют между праздниками Наурыз и Масленица?

Готовя своё выступление, используйте формы речевого этикета «Выражение своей точки зрения».

• Объективно оцените свою работу в группе.

*2) Прочитайте диалог. Составьте аналогичный диалог, заменяя выделенные слова другими, подходящими по смыслу. Употребите их в той же форме.*

– Кто вы по национальности?

– Я *казашка*.

– Откуда вы приехали?

– Я приехала *из Монголии*.

– Какой ваш родной язык?

– Мой родной язык – *казахский*.

– Вы говорите по-русски?

– Немного. Я *хорошо* читаю и понимаю по-русски. Говорю ещё *плохо*.

– Вы давно изучаете русский язык?

– Нет, я изучаю русский язык *недавно*.

*3) Дополните реплики.*

– Когда вы приехали в Казахстан, давно или недавно?

– … .

– Как вы говорите по-русски, хорошо или плохо?

– … .

– В вашем ауле холодно зимой? Часто идёт снег?

– …

*4) Составьте ситуативные реплики.*

*Ситуация 1.* Не согласитесь. Выскажите своё предположение.

*Образец*:

– Думаю, что изучить быстро русский язык невозможно.

– Нет, при большом желании и усердии возможно изучить русский язык. (Варианты ответов: *по-моему; я думаю, что; мне кажется; на мой взгляд,* и др.)

*Ситуация 2.* Ваш друг плохо владеет русским языком. Чтобы вы ему посоветовали?

*Ситуация 3.* Докажите, что язык – важнейшее средство человеческого общения.

Указанные формы работы направлены на совершенствование у студентов языковой, речевой и коммуникативной компетенций, которые позволят им полноценно участвовать во всех сферах и ситуациях коммуникации, владея нормами русского литературного языка и системными представлениями о мире, зафиксированными в языке. Такой подход к языковому обучению способствует воспитанию целостной личности, способной строить новые коммуникативные отношения на межкультурном уровне.

Кроме того, данные интерактивные формы обучения значительно увеличивают время речевой практики обучаемого, речемыслительной деятельности, позволяющие акцентировать внимание обучаемого на самостоятельном добывании информации, ее критическом осмыслении и усвоении.

Разработанные авторами предлагаемого пособия интерактивные задания способствуют успешному формированию таких умений, как: ориентировочные, информационно-аналитические, прогностические, полемические, визуально-презентативные, креативные и рефлексивные. Ср.:

*1) Составьте кластер на тему «Профессия».*

*2) Разыграйте ситуацию.*

Вы приехали из разных стран: Китая, Монголии, Турции,Узбекистана. Вам нужно познакомиться. На каком языке вы будете общаться? Какие вопросы вы зададите другу другу? Предложите свой диалог.

*3) Представьте, что вы корреспондент. Вам поручено взять интервью у известного политического деятеля. Какие вопросы вы зададите?*

В своём диалоге используйте слова и словосочетания: *давно, в настоящее время, в прошлом, редко, часто, постоянно, иногда, регулярно, дружно, весело* и др.

*4. Согласитесь или возразите. Обоснуйте своё мнение.*

1. Студентам не всегда хватает свободного времени.
2. Для человека, у которого есть увлечения, нет проблем, как провести свободное время.
3. Отдых должен быть не только весёлым, но и полезным.
4. Отдыхать одному скучно и неинтересно.

*5. Найдите выход из проблемной ситуации. Составьте диалог.*

Два студента живут в общежитии в одной комнате. Один всё время занимается, читает, готовится к занятиям. Другой считает, что нельзя лучшие молодые годы тратить только на учёбу. Он включает музыку и предлагает товарищу пригласить девушек, чтобы потанцевать. Согласится ли на это его товарищ?

*6. Рефлексия.* Работа по группам.

*1 группа.* Ответьте на вопрос: В чём состоит творческая работа учителя? Мотивируйте свой ответ.

*2 группа.* Наличие каких качеств вы считаете обязательным, желательным (нежелательным) для своей профессиональной деятельности? Мотивируйте своё отношение к отдельным качествам характера.

*3 группа.* Подготовьте презентацию об известном педагоге-новаторе. Отразите его основные новаторские идеи.

Также такого рода задания повышают ответственность каждого студента, распространяемую не только на результат его индивидуальной работы, но и на результат работы всей группы.

Например, при проведении *ролевой игры на тему: «Казахстан – моя Родина, моя родная земля»* студенты делятся на две группы и готовят вопросы, ответы на которые показывают знания ими своей родины, своего края, его природы, природных богатств, достопримечательностей и т.д. Предлагаются вопросы:

1. Какую часть суши занимает Республика Казахстан?
2. С какими государствами граничит Казахстан?
3. Какова численность населения нашей страны?
4. Представители каких народов живут на территории Республики Казахстан? и т.д.

Такие ролевые игры влияют на развитие культуры мышления, помогают более глубоко осваивать изучаемый материал, вырабатывать свою точку зрения по тому или иному вопросу и др.; а также дают возможность творческой самореализации личности, познавать новое как получение дополнительных знаний.

Особое место в предлагаемом пособии отводится заданиям, связанным с работой над формами речевого этикета. Ср., например:

*Прочитайте слова и выражения речевого этикета, которые используются при встрече. Проанализируйте эти конструкции. Обратите внимание на то, как они употребляются в речевых ситуациях.*

Такие задания включены с целью формирования речевой культуры будущих учителей-предметников в профессиональной деятельности, а также умения использовать языковые средства речевого общения в речевой практике в соответствии с конкретными коммуникативными задачами.

Авторами данного пособия также предлагаются задания творческого характера с использованием наглядно-иллюстративного материала. *Ср.:*

*1. Посмотрите на фотографии. О каких традициях Наурыза говорится в них?*

*2. Рассмотрите картинки. Найдите соответствие казахских слов на русском языке и назовите, что изображено на этих картинках.*

*3. Посетите нашу фотовыставку. Найдите в тексте, о чём рассказывают эти фотографии.*

Наглядный материал способствует мобилизации психической активности студентов, увеличению возможности непроизвольного запоминания учебного материала, расширению объема усваиваемого материала, выделению главного в материале и его систематизации. При помощи наглядности у студентов развивается эмоционально-оценочное отношение к приобретаемым знаниям, к изучаемому языку.

Использование же традиционных средств наглядности в сочетании с интерактивными средствами обучения позволяет реализовать основные принципы активизации познавательной деятельности студентов на занятиях русского языка.

Таким образом, данное учебное пособие – попытка совмещения обучения русскому языку с социокультурной адаптацией студентов-оралманов к современным казахстанским реалиям, к его лингвокультурным особенностям и через обучение русскому языку оказание помощи молодым репатриантам в интеграции в казахстанское общество.

Изучение русского языка как иностранного в таком аспекте позволит успешно решить проблему формирования поликультурной и полиязычной личности – личности, способной выражать себя, национальный дух своего народа в гармоничном согласии с другими национальными культурами в рамках языковых союзов и в контексте всех человеческих языков.

**Список литературы:**

1. Кадырова Г.Р., Маймакова А.Д. Учимся говорить по-русски: учебное пособие для неязыковых и гуманитарных специальностей бакалавриата. – Алматы: КазНПУ имени Абая, 2013. – 215 с.

# ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ПРИ ИЗУЧЕНИИ КАТЕГОРИИ ВРЕМЕНИ

***Меркибаев Т.А., Жанмуратов А.***
*Преп. КазАТК им. М.Тынышпаева*

**Түйіндеме.** Мақала кәсіби қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру мәселелеріне және университет студенттерінің құндылық бағыттарын «Тілдің үш тұғыры» атты мәдени жобаны іске асыруға арналған. Үш тілді білім беру жүйесінде шет тілдерін үйретуге, әсіресе ағылшын тілін жаңа технологиямен үйретуге көңіл бөлінеді.

Коммуникативті аксиологиялық амал пәнді оқуда оқу процесінің жаңа қырларын қарастырады, тіл мен мәдениеттің қатар оқу кезінде, тек ой мен іс әрекеттің формаларын түсіне алуға мүмкіндігі бар адам ғана емес, және ол ойладың ең бастысын қайта құрастыра алатын, әртүрлі мәдени мағыналарын ұштастыра алатын тұлғаны оқыту болып табылады.

**Abstract.** The article is devoted to problems of formation of professional and communicative competence and valuable orientations of students of the university in the conditions of implementation of the cultural project “Trinity of Languages”. In the system of trilingual education much attention is paid to foreign languages, especially English.

Communicative and axiological approach in subject training assumes new judgment of process of training when there is a study of language and culture when there is a training “the person capable not only to join in necessary forms of activity and thinking, but also able to reformulate their bases, to interface various cultural meanings.

Статья посвящена проблемам формирования профессионально-коммуникативной компетенции и ценностных ориентаций студентов университета в условиях реализации культурного проекта «Триединство языков»[1]. По данным проведенного исследования часть современных студентов и магистров не связывают свою будущую деятельность с работой по получаемой специальности, что свидетельствует об их недостаточной мотивации к учению, к знаниям, к ответственному отношению к работе, к выбору профессии. Многие магистранты, а теперь уже и некоторые студенты сочетают учёбу с работой, поэтому получают поверхностные знания, и педагогу сложно добиться планируемых результатов. Из практики и из теории управления знаниями (Джон Дьюи) известно, процесс формирования компетенций требует усилий как преподавателя, так и студента, поэтому назрела необходимость в разработке новой методики для самостоятельного усвоения знаний, повышения мотивации к получению качественных знаний и формированию ценностных ориентаций.

Факт знания и владения двумя языками, а в некоторых регионах Казахстана отдельными социальными и этническими группами несколькими языками для нашей республики - явление типичное, поэтому трёхъязычие, провозглашённое в нашей стране одним из значимых компонентов государственной языковой политики, было встречено казахстанским сообществом с пониманием.

Полиязычное, поликультурное, ценностно ориентирование образование, как отмечает А.Д.Брагина, способствует развитию у студентов способности и готовности «осознавать себя в качестве поликультурных субъектов в родной среде, ощущать изменения в групповой принадлежности в зависимости от контекста коммуникации. Оно помогает выявлять культурные сходства между представителями различных этнических групп, определять свое место, роль, значимость и ответственность в глобальных общечеловеческих процессах, инициировать и

принимать активное участие в действиях против культурной агрессии, расовой дискриминации и культурного вандализма»[1].

Коммуникативно-аксиологический подход в предметном обучении предполагает новое осмысление процесса обучения, когда происходит соизучение языка и культуры, когда происходит обучение «человека, способного не только включаться в необходимые формы деятельности и мышления, но и умеющего переформулировать самые их основы, сопрягать различные культурные смыслы. Такой подход требует изменения как форм организации учебного процесса и методов преподавания, так и самого содержания образования» [1].

Поэтому в обществе есть понимание того, что в повышении интеллектуального потенциала государства, мобильности и конкурентоспособности специалистов особую роль играет знание языков тех партнёров, с которыми реализуются совместные проекты, создаются совместные фирмы. Подготовка специалистов по казахскому, русскому языкам в вузах в соответствии с ГОСО и культурным проектом о триединстве языков[2,3] предполагает изучение их для углубления специальной подготовки. Во всех неязыковых вузах преподаётся «Русский язык: научный стиль» для студентов, окончившим общеобразовательную школу на казахском языке. «Казахский язык: научный стиль»преподаётся студентам, окончившим общеобразовательную школу на русском языке, «Английский язык: научный стиль» изучают все группы и при изучении всех трёх языков требуется усвоение соответствующего будущей профессии терминологического минимума.

В системе трёхъязычного образования большое внимание уделяется иностранным языкам, особенно английскому языку. Теория и технология обучения филологическим дисциплинам выводит свои закономерности и принципы обучения из данных философии языка, лингвистики, психологии, теории информатики и информационно-коммуникацищнных технологий. Так, при исследовании проблемы **«Действие принципа бинарности в грамматической категории времени: теоретические и методологические аспекты»** были учтены целесообразность знания, и понимания функций категории времени в изучаемых трёх языках. Функционально-когнитивная методология предполагает выработанное в русле функциональной грамматики понятие категориальной ситуации (аспектуальной, таксисной, темпоральной и др.), что оказалось надежным инструментом в описании закономерностей употребления видо-временных форм, в формулировке определенных правил выбора видов, владение которыми одинаково важно для успешного (и выразительного) пользования русским и английским языками, как родным, так и неродным. Это значит, что данная наука призвана разрабатывать основы методологии обучения иностранным языкам применительно к различным ситуациям контактирования, взаимовлияния и взаимодействия иностранного языка с изучаемыми в школе и вузе языками. Это позволит выявить объективные закономерности, согласно которым должна строиться модель обучения иностранным языкам, в центре которой находится билингвальная (полилингвальная) и бикультурная (поликультурная) языковая личность обучающегося. Лингводидактика как наука призвана осмыслить и описать лингвокогнитивную структуру языковой личности, обосновать условия и закономерности ее развития как желаемого результата в процессе преподавания и изучения иностранного языка.

В своих попытках определить время с научной точки зрения человек как бы отстраняется от него, отделяет его от себя, рассматривая его в виде объективного физического явления, или же пытается постичь его в ходе рассуждений и умозаключений, в особенностях отражения этого понятия в языке. В лингвистике все обозначения времени и временных отношений принято обобщать термином темпоральность, а направление лингвистики, изучающее их – темпорологией. А.В.Бондарко понимает под темпоральностью «семантическую категорию, отражающую восприятие и осмысление человеком времени обозначаемых ситуаций и их элементов по отношению к моменту речи или иной точке отчета». Вместе с тем темпоральность – базирующееся на данной семантической категории функционально-семантическое

поле, охватывающее группировку грамматических, лексических, а также комбинированных средств, используемых для выражения данной семантической категории.

Весь когнитивный опыт человека вообще и восприятие им временных отношений находят отношение в системе языка. Согласно Э. Бенвенисту, различают три типа времени: физическое время, которое представлено однообразной бесконечной линейной непрерывностью, хронологическое время, представлено временем событий, и лингвистическое время, выраженное формальными языковыми средствами.А.В.Кравченко справедливо полагает, что «всякий раз когда речь заходит о представлении временных отношений в языке, возникает ряд взаимосвязанных вопросов, ответы на которые в общем и целом определяют концептуальную парадигму рассмотрения данной проблемы. К числу таких вопросов относятся следующие: 1) соотношение так называемого физического (объективного) времени и времени грамматического (субъективного), 2) языковая функция грамматического времени, 3) соотношение грамматического времени и грамматического вида».

Сообщить о действии, которое имеет определенные координаты; его можно обозначить точкой на условной линии времени:

Вчера весь вечер писал сочинение

Я пишу сочинение (в момент сообщения)

Завтра вечером буду писать сочинение

Функционально-коммуникативная модель грамматической категории времени

прошедшее настоящее будущее

Говорящий действует по логической схеме:

Как показали результаты исследования, весьма ограниченную сочетаемость с временными формами глаголов имеют такие наречия времени, выражающие последовательность событий, как: «вчера, завтра, тогда, всё ещё, до сих пор, сию минуту, до сегодняшнего дня». В «плане речи», т.е. в реальной дискурсивной практике адвербиалия времени «вчера» употребляется лишь с формой прошедшего времени, в «историческом плане», т.е. в процессе развертывания нарратива это наречие употребимо с формами прошедшего и настоящего времени.

**Использованная литература:**

1.Государственная программа функционирования и развития языков 2011-2020. - Астана, 2010. – 41 с.

2.Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 г.

3.Закон Республики Казахстан « Об образовании»

4.Нарайкин О.С. «От новой науки к новой инженерии» // В мире науки, 2011, 12, с.29

5. ..Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987

6 Гальперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка. М., 1985.

7.Дьюи Д. Психология и педагогика мышления. М., 1999.

8.Кондубаева М.Р. Научно-методические основы формирования культуры речи двуязычного учтеля-словесника.// Дисс.соиск.д.п.н.- Алматы,1995,-339с.

9.Кондубаева М.Р.Интегральная технология обучения филологическим курсам.- Алматы, 2012,-26с.

# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ПӘНІНДЕ ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

***Мұхтарова Ә.С.***
*Қайнар университеті Тілдер және журналистика кафедрасының профессоры*

**Түйіндеме**. *Бұл мақалада дәріс беру барысындағы дамыта оқытудың әр түрлі амал-тәсілдері қарастырылады. Жұмыста білімгердің білім мазмұнын ақыл-ой әрекеттерін өз бетімен орындай отырып меңгертуге, пәнді оқуға деген қызығушылығын оятуға және оқу материалын саналы түрде игертуге бағыттайтын ізденушілік-зерттеушілік қабілеттерін дамыту басты назарда ұсталу керектігі айтылады.*

**Annotation.** In this article the different ways of developmental learning in the process of lecture are considered. It is said that the development of research and exploration skills of the student directing to learn the content of the education through self-fulfillment of his mental activity, arouse interest for the subject and consciously study the educational material are important matter.

Оқытудың мақсаты мен міндеттері, әдіс-тәсілдері білімгердің даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқыту түрі – «Дамыта оқыту» технологиясы. Дамыта оқытудағы негізгі мақсат - білім мазмұнын жаттандылықпен үйрету емес, білім мазмұнын білім алушы өз бетімен жасалатын көптеген ақыл-ой әрекеттерін орындау арқылы меңгеру және оқушыларды теориялық топтастырылған ұғым жасауға үйрету.

Дамыта оқытуда білімгердің ізденушілік - зерттеушілік әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Студент өзінің бұған дейінгі білетін білігінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезінетіндей жағдайға тірелуі керек. Сонда ғана ол білуге ықыластанады, әрекеттенеді. Дамыта оқыту дегеніміз – студентті субъект ретінде оқу ісіне қызықтыратын, соған сай қабілетін арттыратын жағдайлар тудыру болып табылады. Оны қызықтыру, сезіміне әсер беру оқытушының басты мақсаты болуы тиіс. Сабақ процесінде мұғалім ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде болуы керек. Сабақ барысында әр студентке өз ойын, пікірін айтуға мүмкіндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Білімгер өз тұжырымын дәлелдеуге талпыныс жасайды.

Дамыта оқыту технологиясындағы сабақтың құрылымы негізінен үш үлкен кезеңге бөлінеді.

### І кезең. Бағдарлау – мотивациялық кезең

Бұл кезеңде оқу міндеттері жаңа тақырыпқа байланысты жоспарланады.Оқытушы алдын-ала еске түсіру, толықтыру үшін кілт сұрақтар дайындайды. Бұл кезеңде оқытушы студенттерді белсенді әрекетке бағыттауы керек. Бұл орайда оқу міндеттері проблемалық сұрақтар арқылы шешіледі. Проблемалық жағдайды туындату – сабақтың ең қиын, ең қажетті бөлігі десе де болады.

Кейіпкер келбетін ашу үшін әдеби туынды бойынша логикалық сауалдар қойылып, жауап алынады.(Көркем туынды бойынша проблемалық сұрақтар қойылады) Мысалы,

- автордың «Тортай мінер ақ боз ат менің тақымымда кеткендей еді, иесіне қайтаруға кеш еді...» деген тұспалды ойының мәнін қалай ашар едіңіз?
- соғыс кезіндегі балалар мен қазіргі балалар арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар қандай ?
- сіз бұл шығарманы қалай аяқтаған болар едіңіз? Жазушы бағытына көзқарасыңды білдіріңіз.

Сабақ барысында ұйымдастырылған проблемалық жағдай білімгердің ойлау қабілетін дамытып, оқу міндеттерінің дұрыс шешілуіне ұйытқы болады.

**II кезең. Операциялық – орындаушылық кезең**

Бұл кезеңде оқу міндеттері шешіліп, дәстүрлі оқытудағыдай жаңа сабақ түсіндірілмейді. Бұл кезеңде барлық тапсырма – сабақ проблемасы шешіледі.

**III кезең. Рефлексиялық – бағалау кезең**

Бұл кезеңде студенттер тарапынан «Бүгін мен не үйрендім?» деген сұрақтың түйіні ізделеді. Бұл кезеңде оларға сабақ тақырыбына байланысты жалпылама сұрақтар беріледі. Бұл құбылыс өз-өзіне есеп беру, кезеңдерді меңгергенін түсіну, ережелерді түйіндей білуімен айқындалады. Өзін-өзі қорытынды бағалау жүргізіледі. Оқыту технологиясында студенттің өзін-өзі бағалауы міндетті түрде керек. Олардың өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі түзетуі – бір-бірімен тығыз байланысты үрдістер. Мұндай өзіндік әрекеттерге үйретуде қарапайым сатыдан жоғарыға, одан күрделі сатыға қарай дамиды. Осылайша студенттің белсенді таным әрекетіне байланысты өздігінен жұмыс істеуі оның қажетіне айналады. (өздігінен білім алу, өзін-өзі басқару, бағалау сияқты әрекет дәрежесіне көтеріледі.)

Үйге тапсырма беру үш деңгейден тұрады.

Репродуктивті (бағдарламалық материалды білу және орындай білу.)

Шығармашылық білімді меңгеру, модельдеу тапсырмасы.

Алған білім бойынша шығармашылық тапсырма.

Дамыта оқыту – оқытушы мен студент арасындағы ерекше қарым-қатынас. Бұл орайда оқытушы – дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана студент интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

**Оқытушы- сабақ - білім - студент** деген ұғымдардың іс-әрекеті білімгердің жан-жақты дамуына бағытталуы керек.

Дамыта оқыту жүйесінде студент пен оқытушы арасындағы ынтымақтастық өзара сыйластық, түсіністік ерекше орын алады. Бұл технологияның бір ерекшелігі –топ студенттерін үлгерімі жақсы, үлгерімі төмен деп бөлмей, барлық білімгердің дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу. Үлгерімі төмен студенттің де қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылады.

Дамыта оқыту технологиясының элементтерін қолданған сабақтардың кейбір үлгілерін ұсынуды жөн көрдік.Соның бірі-«Қыпшақ Сейітқұл».

**Сабақтың тақырыбы: Ы.Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл»**

**Сабақтың мақсаты:**

**білімдік:** Әңгіменің тақырыбы мен жазушының идеялық мұратын мәтінге сүйене отырып ашу;

**тәрбиелік:** Ұлы ағартушының өмірлік ұстанған принциптері мен биік мұраттары – болашақтың қамы екендігіне тоқтала келіп, ел, Отан, болашақ алдындағы борышын сезінуге, елін, жұртын сүюге тәрбиелеу;

**дамытушылық:** Шығарманың эстетикалық, идеялық мәнін түсіне білуге, өзіндік талдау, жинақтау жасап, түйінді ой айта білуге дағдыландыру, жеке, топтық жұмыста шапшаңдық, тапқырлық танытуға, ойын әдеби тілмен өрнектей білуге төселдіру және өзін-өзі дамытуға, пікірін білдіріп, оны еркін жеткізуге, қажетті деректермен дәйектей білуге, сонымен бірге кәсіби құзіреттілігін жетілдіруге , бәсекеге қабілеттілігін дамытуғабағыттау;

**Сабақтың типі:** Дәстүрлі сабақ.

**Сабақтың түрі:** Жаңа білімді бекіту сабағы.

**Оқыту технологиясы:** Дамыта оқыту технологиясы.

**Сабақтың әдіс - тәсілдері:** сұрақ-жауап, талдау (анализ), жинақтау (синтез), шығармашылық, топтық, жеке жұмыстар.
Венн диаграммасы.

**Көрнекіліктер:** 1. «Ыбырай - тұңғыш кемеңгер»
2. Шығармалар жинағы.
3. Сюжетті сурет.
4. Қазақстан картасы.
5. Хронологиялық таблица-плакат.
6. Үлестірмелі парақша.

**Пәнаралық байланыс:** Жағырафия, бейнелеу өнері, қазақ тілі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:** 1. Х.Сүйіншалиев «Қазақ әдебиетінің тарихы».
2. Т.Ақшолақов «Аса көрнекті ағартушы».
3. Оқу процесін технологияландыру. (жинақ)
4. К.О.Өмірбаева «Деңгейлік тапсырмалар»

**Сабақтың барысы:**
1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Жаңа сабақ

**Сабақтың құрылымы**

**І. Бағдарлау – мотивациялық кезең**

«Сұрақ бізден, жауап сізден» сұрақтар топтамасы.

І топқа:
1. Ыбырай Алтынсариннің өмірдегіұстанымы қандай болды?
2. Жазушының еңбек тақырыбында қандай әңгімелері бар?
3. Ыбырайдың тұңғыш оқулығы қалай аталады?
4. Ұстаздың арман еткен мектебі қай жылы, қай қалада ашылды?
5. Ағартушы кімдерден аударма жасады?

ІІ топқа:
1. Ыбырайдың жас кезінде білім алуы кімнің, қай өлеңінде суреттелді?
2. Ақынның қандай өлеңдерін білесің?
3. Ыбырай ашқан тұңғыш мұғалімдер мектебі қай жылы, қай қалада ашылды?
4. 1887 жылы Ырғызда қандай мектеп ашты?
5. Ыбырайша «дүние қалай етсең табылады?»

**ІІ. Операциялық – орындаушылық кезең**

Мәтінмен жұмыс

Әңгіме мәтіні дауыстап оқылады. Студенттер түсініксіз сөздерді белгілейді.

3. Сөздік жұмысы.

Барымта – өзге біреулердің малын ұрлау, айдап кетіп пайдалану.

Тобыр – халық, көпшілік мағынасында.

Шығыр – арықтан егістікке су шығаратын құрал.

Қарауыл, шыңдауыл – күзетші, сақшы.

Кент – қала, шаһар.

Сөздік жұмысын жүргізіп болғаннан кейін, тақтаға әңгімедегі оқиғалар жүйесі бойынша салынған сюжетті сурет ілінеді.Студенттер назары сюжетті суретке аударылады. Әңгіменің мазмұнын студенттердің өздері баяндап, сурет мазмұнын ашатын тірек сөйлемді өздері ойлап табады.

1 - сурет - (Ат үстіндегі Сейітқұл алысқа ойлана көз тастап тұр).
Отыз үйлі кедейді қалайша халық қатарына қосамын?

2 - сурет - (Қабырға өзенінің бойына келген отыз үйлі кедей қызу жұмысқа жұмылып жатыр).
Отыз үйлі кедей жер тегістеп, егін егуге кірісті.

3 - сурет - (Көңілі жайланған Сейітқұл. Халқы күйленген).
Егіншілікпен және саудамен айналысқан Сейітқұлдың елі жұрттан асқан бай болды.


Мәтіннің тақырыптық-идеялық мазмұнын аша түсу мақсатында берілетін жетекші сұрақтар:

1. Әңгімедегі басты кейіпкер кім? Ол қандай адам?
2. Сейітқұл соңына ерген кедейлерді қайда бастап апарды? Онда олар қандай пайдалы тірлікпен айналысты?
3. Сейітқұл кедейлерді мал бағудан басқа қандай кәсіппен шұғылдануға үйретті?
4. Адал еңбек Сейітқұлды қандай дәрежеге жеткізді?
5. Әлімқұл қандай адам? Арам еңбектің ақыры оны қандай жағдайға апарды?
6. Қалай ойлайсыңдар, осы әңгіме арқылы Ы.Алтынсарин не айтпақшы болды?
7. Отырықшылық не үшін керек болды?

Осы сұрақтарға жауап ала отырып, оның арғы түбінде қазақтың жерінен айрылып қалу қаупінен сақтандырған Ыбырайдың көрегендігі жөнінде сөз болады.

3. Венн диаграммасы

Сейітқұл мен Әлімқұлды салыстыра отырып , арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу.




Блум жүйесі бойынша мәтінге талдау жасап, әр азат жолдағы түйінді ойды тауып, бөліп алу.

а) Анализ

* Ел болу, авторлық идея.
* Қолайлы жер іздеу.
* Еңбек күйі. (егін егуі, мол өнім алу, бай елге айналуы, артығын сатуы)
* Ел қауіпсіздігі (елге қарауыл, малға бақташы қоюы)

ә) Синтез

* Осы айтылған негізгі ойды тұжырымдай келіп, ел болудың үлгісін көз алдарына елестеттіру. (Студенттердің пікірі тыңдалады).

Топтық жұмыс

I топ: Кейіпкерлердің іс-әрекетін мақалмен түйіндеу.

II топ: Қазақстанның қолайлы жерін Астанаға таңдаған Елбасшысының , үкімет саясатының сындарлылығы, Ыбырай идеяларының өміршеңдігі жайында ой толғау.

**III. Рефлексиялық – бағалау кезеңі**

Ыбырай әңгімелерін оқи отырып, бойымызға қандай қасиеттерді жинақтадық, нені ұқтық?




Қазақ тілімен байланыс

Тапсырма: Сөйлемге фонетикалық талдау жасау.

Ағартушы – ғалым Ыбырай Алтынсариннің ұрпағына қалдырған мұрасы ұлан - ғайыр.

Тапсырма: Сөйлемге грамматикалық талдау жасау.

2. Ыбырай барлық саналы ғұмырын бала оқыту ісіне арнады.

**Үйге тапсырма:**

I топқа: Әңгімені тарихпен, қазіргі өмірмен байланыстырып ой толғау.

II топқа: Ыбырай әңгімелері бойынша шағын эссе жазу.

Дарындар тобына тапсырма:

Жергілікті өңірдегі жеке шаруашылық қожалықтары жайында, «Жол картасы» бағдарламасы, жекелеген кәсіпкерлер туралы мәліметтер жинақтап, қалалық, республикалық басылымдарға материал жіберу.

Студенттер білімін бағалау.

**Өзін - өзі бағалау парағы**

| аты-жөні | Сұрақтарға жауап беру | Өз бетінше жұмыс | Топпен жұмыс | Шығармашылық тапсырма | Қорытынды баға |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**Әдебиет:**

1.Құнанбаев А.Таңдамалы шығармалар.2 томдық.1-том.-Алматы,1988.

2.Әбдірәсілова Л.Ә.Әр түрлі жанрдағы мәтіндерді оқыту.-Астана, 2003.-37-бет.

3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», 2007ж.

4.Ш.Таубаева. «Оқытудың қазіргі технологиялары», Бастауыш мектеп.- 2005ж №7

# ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАМЕН ГРАММАТИКАНЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Ниятова Ш.С., Молдажанова А.Е.***
*Каспий қоғамдық университеті, Алматы қ.*
*a_moldazhanova@mail.ru*

***Аннотация***

*В современном мире обновление содержания образования- является пересмотром методов обучения, содержания и структура образовательной программы. Автор отмечает в качестве главной цели образования модернизацию образовательных стандартов и формирование образованной личности. А также, авторы опираются на Послание президента РК 2018 года .*

***Ключевые слова:***

*Образование, образовательная программа, образовательная система, обучать, изучать.*

***Abstract***

*In the modern world updating of content of education - is revision of methods of training, contents and structure of the educational program. The authors note modernization of educational standards and formation of the educated personality as a main goal of education. And also, the authors are guided by the Message of the President of Kazakhstan of 2018.*

***Key Words:***

*Education, the educational program, educational system, to teach, to study.*

“Құрметті қазақстандықтар! Бүгінгі әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді”[1] - деп бастады елбасымыз кезекті 2018 жылғы жолдауын. Жолдаудың жетінші тармағында білім алудың жаңа сапасы туралы айтылған. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Меніңше, білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Бұған дәлел, бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені, қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Бұл орайда, жаңартылған білім беру бағдарламасына назар аударсақ.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады және озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді. Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

1. Пәннің маңыздылығы;
2. Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
3. Үштілділік саясатты іске асыру;
4. Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
5. Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдер;
6. Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
7. Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану құзіреттілігі;
8. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
9. Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
10. Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі[2]

Бағдарламаның маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру орта-

сын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір –бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Біздің жоғары білім берудегі стратегиялық міндет – ол өзіміздің ұлттық білім беру жүйемізді сақтай отырып, оны әлемдік білім беру кеңістігіне сәйкес келтіру болып табылады. Осыған байланысты білім беру технологиясын дамытудың стратегиялық басымдықтарын анықтау мақсатында, оқу үрдісін ұйымдастыруды түбегейлі өзгерту қажет. Білім беруді дамытудың негізгі бағыттары мен инновациялық дамуын қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу жұмыстарының ықпалдастығы, ғылыми зерттеулерді қоғам сұранысымен тығыз байланыстыру, білім беру және ақпараттық жүйелерді жетілдіруді көрсетеді.

Білікті маман – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгей жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық әлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігінің бірі ретінде есептелінеді.

Кез-келген тілді оқыту грамматика арқылы жүзеге асады. Грамматиканы оқыту ерекше әдіс-тәсілді талап етеді.

Грамматика ауызша және жазбаша сөйлеудің құрылыс материалы функциясын орындайды. Мемлекет басшысы 2011 жылы Қазақстан халқына Жолдауында 2020 жылы 12 жылдық мектеп толықтай қызмет етуі қажеттігін атап өтсе, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сәйкес 2016-2017 оқу жылынан бастап елімізде жаңартылған білім мазмұнына көшу жұмыстары қолға алынды. 12 жылдық білім беруге көшудің негізгі мақсаты - 5-6 жастағы балаларды 0-інші сыныпта оқыту және мектепалды даярлықтың бірыңғай үлгі бағдарламасын енгізу. 12 жылдық білімнің сызбасы 0 сынып + 11 сынып қағидасына сәйкес құрылды[3].

Әдістемеде грамматикалық дағды продуктивті сөйлеу қызметінде грамматикалық материалдарды автоматты түрде қолданылуы деп анықталады. Шетел тілінің грамматикасын оқыту – бұл сол тіл үшін арнайы механизмді қалыптастыру дегенді білдіреді. Студент белгілі грамматикалық білімді меңгеріп, жұмыс істей алу жағдайында тұруы керек. «Грамматика» сөзінің (грек. grammatike) бастапқы мәні «оқу және жазу өнері» болған. Ал орта ғасырларда «еркін өнер» grammatika (лат.) кез келген білімнің бір компоненті болып есептелген.

XIX ғасырдың басынан «грамматика» түсінігі тіл білімінде де, тілді оқытуда да жаңа мазмұнға ие болды. Лингвисттердің пайымдауымен XIX ғасырда грамматика мынадай мағынаға ие бола бастады:

- тілдің грамматикалық қатары;
- грамматикалық қатарды зерттейтін тіл білімінің бір бөлігі;
- сөздердің өзгеру ережелерінің жиынтығы; олардың сөз тіркесіне, сөйлемге, кейде мәтінге бірігуі;
- ережелердің сипаттамаларынан тұратын оқулық.

Жаңартылған бағдарлама арқылы грамматиканы оқытуға құндылық бағдар қалыптастыру, нәтижеге бағдарлану, оқытуды білім алушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдей аламыз. Демек, оқушы білімді дайын күйінде алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, танымдық «жаңалық» ашуы, шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі нәтижеге жетуі тиіс. Сондықтан бүгінгі қоғамда

еліміздің білім беру жүйесін жетілдіру, оқуды өмірмен байланыстыру, оқушылардың білімге қызығушылығын арттыру, бір сөзбен айтқанда білімге құндылық ретінде көзқарас қалыптастыру талап етілуде. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз Жалпы ұлттық идеямыз - Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы» деп атап өтті. Мәңгілік ел идеясының негізі сапалы білім беруде жатыр[4].

XXI ғасыр – әлемдегі өзгерістерге негізделген білімнің дәуірлеу ғасыры, өйткені, 2011жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен конференцияда да осы мәселе талқыланып, интеллектуалды ұлт құрудың үш базалық аспектісі атап көрсетілген болатын. Олар: білім, ғылым және инновация[5]. Жастарды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Қазір білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Ендеше, еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда екені түсінікті.

Сонымен грамматиканы өзге ұлт өкілдеріне оқыту барысында грамматиканы жақтайтын да, қарсы келетін де топтармен кездесіп мынадай кесте құруды жөн көрдік:

| Өзге ұлт өкілдеріне грамматиканы жүйелі түрде оқуды жақтаушылардың аргументтері | Өзге ұлт өкілдеріне грамматиканы жүйелі түрде оқуға қарсылардың аргументтері |
|---|---|
| 1)Кішкентай кезінен бастап адамдарда категориялық ойлау басым бола бастайды. Грамматиканы, грамматикалық категорияны игеру арқылы жүйеде оқу тілде жүйелік байланыстарды орнатуға мұрсат береді және сөйлеуді грамматикалық жағынан көп күш жұмсамай-ақ таза етеді<br>2)Грамматиканы оқу өте қызықты және тартымды, адамдарды жаңа ұғымдар әлеміне еңдіреді.<br>3)Грамматиканы жүйелеп оқу сол тілде сөйлеушілердің дінін, ділін, мәдени ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі.<br>4)Өзге тілдің грамматикасын оқу өзіңнің ана тіліңнің жүйелік ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі.<br>5)Грамматиканы оқу логикамен жадының дамуына, ойлауды тәртіпке шақырады.<br>6)Жақсы қалыптасқан грамматикалық дағды ауызша және жазбаша сөйлеудің өзара іс-қимылы үрдісін жеңілдетеді. | 1)Көптеген ана тілді спикерлер грамматикалық қателіктер жібереді, бірақ оны жарамсыз деп ойламайды. Грамматикалық жағынан дұрыс сөйлеу білімді шетелдіктерді білдіріп қояды.<br>2) Грамматикалық анықтамалардағы грамматика түсініктемелері көп грамматикалық терминдермен құрылғандықтан оны бір дегенде түсіне салу өте қиын. Мұндай түсініктемелер дайындықсыз оқырманға көмек бермек түгіл, қайта оларды шатастырады.<br>3)Ережелерді механикалық түрде жазып және оны шынайы коммуникативтік жағдаяттардан алшақ еш мағынасыз абстракты мысалдар негізіндегі аударма мен жасанды жүйедегі жаттығуларды жасаумен шынайы грамматикалық сауаттылық келмейді.<br>4)Тіпті халықаралық емтихандар жүйесінде грамматикалық дағдының қалыптасу деңгейіне деген талап соншалықты үлкен орын алмайды және қатты бақыланбайды. |

Грамматиканы оқытуда грамматикалық материалдардың атқарар рөлі ерекше. Негізінен грамматикамен жұмыстың негізгі төрт этапы болады.

I. Грамматикалық құбылысты ұсыну және келесі дағдыны қалыптастыру үшін бағыттау негіздерін құру этапы. Бұл этаптың мақсаты келесі шеберлікті қалыптастыру үшін бағыттау негіздерін құру болып табылады.

1. оның коммуникативтік функциясын көрсету мақсатында оны ауызша және жазбаша сөйлеуде презентациялау (ұсыну);

2. оның құрылым тәсілдерімен, мән-мағынасымен және оның қолданыс аясымен таныстыру;

3. ереже бойынша немесе ережесіз осы құбылыстан тұратын іс-әрекеттің алғашқы орындалуы.

**Пайдаланылған әдебиеттер**:

1.Елбасы жолдауы 2018 ж.
2.www.bilimall.kz
3. www.bilimall.kz
4.Ақпараттық технология. Мұғалімдерге арналған ақпараттар
5. “Егемен Қазақстан тарихы: 20 жыл” 2011жыл, 11-бет

# КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫ

***Нұрмышева Ш.А.***
*Абылай хан атындағы ХҚ және ӘТУ филол.ғ.к.*

**Annotation.** In this article we consider the methods of formation of competence by the professional language with the help of role and game technologies. It reveals the effective aspects of the use and development of the state language as an interactive method at the level of the professional language.

Бүгінгі таңда жоғарғы оқу орындарында болашақ мамандарға үздіксіз сапалы білім беру мен қатар өз мамандықтарына сай кәсіби коммуникацияны меңгерту маңызды талаптардың бірі. Өйткені, қазақ тілі тек ауызекі сөйлеу тілі ғана емес, сонымен бірге еліміздің болашағы саналатын білімді жастардың кәсіби сөйлеу тіліне де айналуға тиісті. Сонымен қатар мемлекеттік тіл қызметін өрістетудің бір арнасы - студенттерге қазақ тілін мамандықтарына қатысты меңгерту болып табылады.

Ал кәсіби тіл дегеніміз белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы.Сонымен қатар «кәсіби тіл - өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл» болып табылады. Бүгінгі студент –ертеңгі болашақ маман болғандықтан өзінің кәсіби тілінде, яғни мемлекеттік тілде қарым-мамандығына қатысты термин сөздерді меңгеріп, белсенді қолдана білуі тиіс. Осы себепті де ЖОО кәсіби қазақ тілі пәнінің атқарар қызметі зор.

Жалпы кәсіби қазақ тілі пәнінің мақсаты – «студенттерді кәсіби мамандығы бойынша тілдесуге үйрету; мамандыққа байланысты тілдік қатынасқа түсу үшін әр түрлі жағдаяттар құру арқылы тілдік қатынастың қажеттілігін түсіндіру; дұрыс сөйлеу қатысымның түрлерін үйрету. Сонымен қатар мамандыққа байланысты мәтіндерді меңгерту арқылы студентті болашақ мамандығымен кеңірек таныстыруға мүмкіндік туады». [1, 17].

Әрине, әр мамандықтың, кәсіптің өзіне тән метатілдік бірліктері мыңдап саналады. Оның бәрін университет қабырғасында толық меңгеріп кету мүмкін емес. Бірақ күнделікті өздері оқып-тыңдап жүрген дәріс барысында өз мамандықтарына тікелей сәйкес келетін метатілдік біріліктердің мағынасын дендеп ұғынып, мемлекеттік тілде кәсіби сөйлеу-жазу құзіреттілігін қалыптастыра алуы тиіс. Осы тұста «мамандыққа қатысты тілді меңгертуде: студенттерді кәсіби мамандығы бойынша тілдесуге үйрету; мамандыққа байланысты тілдік қатынасқа түсу үшін әр түрлі жағдаяттар құру арқылы тілдік қатынастың қажеттілігін түсіндіру; дұрыс сөйлеу қатысымның түрлерін үйрету» секілді талаптар қойылатыны анық.

Кәсіби қазақ тілі - практикалық пән. «Кәсіби тілді меңгертуде сөз тіркестерімен оңтайландырып алынған мамандыққа қатысты мәтіндермен, кәсіби терминдермен, сөздіктермен жұмыс түрлері жүргізіледі. Мамандықтарына байланысты шағын мәтіндер, сұхбаттар құрастыруға болады. Әр тақырыпқа сай сөздік және лексикалық минимум, сұрақтар беріледі. Әр сабақтан соң мазмұнына сай сұрақтар мен тапсырмалар беріліп, қорытындылау мақсатында түрлі рөлдік ойындар мен жағдаяттық тапсырмалар беріледі» [2]. Демек, қалай болғанда да болашақ мамандарының тілдік кешенді құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында оқытылатын тақырыпқа байланысты мәтін беріледі. Мәтін ішінде кездесетін термндерді кәсіби прагматикада қолдана білу дағдыларын дамытып, еркін қолдана білу үшін кәсіби терминдер түсіндірме сөздік арқылы түсіндіріледі.

Дегенмен әр салаға қатысты кәсіби қазақ тілі пәнін оқыту күрделілігі әрқалай. Айталық, педагог, филолог мамандардың мамандығына ғана тән кәсіби терминдері бірден аңғарылады, өйткені бұл пәндерге нақтылық пен ғылымилық, теория тән.

Ал журналистика мамандығы практикаға негізделген, қызмет ауқымы кең, тақырыпқа қатысты ақпараттар өте шапшаң өзгереді. Сондықтан да әртүрлі тақырыпта, экономика, саясат, әлеуметтік аяға қатысты терминдердің молынан ұшырасуы пәнді күрделендіре түседі. Осы себепті де кәсіби дискурсты қалыптастыра түсу үшін пікірталастар мен сөзжарыстар, шағын мақалалар мен жарнамалық мәтіндермен шектеліп қана қалмау керек. БАҚ деректеріне сүйене отырып апта сайын елімізде және әлемде болған ірі оқиғалар мен жағдайларға сараптама жасатып, себеп-салдарға өзіндік қорытынды түйдіріп отырған жөн секілді. Осылайша болашақ журналист тақырып аясында қолданылатын терминдерді практика барысында түйсінумен қатар танымдық деңгейін көтеретін қосымша білім де алады.

Бұл тұрғыдан алғанда оқытушы кәсіби тілді меңгертудің әртүрлі технологиясы мен әдістерін молынан пайдалану міндеттеледі.Негізгі мақсатымыз –қалай болғанда да білім алушыларды еркін, жақсы әрі жатық сөйлеуге, сауатты жазуға ойын дәл жеткізуге баулу. Ойын – сондай технологиялардың бірі.Әрине, біз бұл жерде белгілі бір мамандық бойынша білім алып жатқан студенттерді мектеп оқушыларымен тең қоя алмаймыз.Студенттер үшін қолданылатын ойын технологияларының мақсаты әлдеқайда күрделірек, кәсіби-прагматикалық тілдік құзіреттіліктерді терең меңгерумен қатар кәсіби дисурсқа еркін түсе алу құзіреттілігін қалыптастыру болмақ.

Жоғарғы оқу орындарындаға сабақ барысында ойын технологгиясының рөлі қаншалықты маңызды? Негізінде кез-келген дидактикалық ойындар білім алушының ақыл-ой, қисын белсенділігін қалыптастырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді әрі пысықтауды көздейді. Әрі сабақ барысында жасалатын жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта – ықылас қоюға жетелейді. Ойын – дербес дидактикалық категория ретінде оқу үрдісінде атқарар қызметі зор. Кәсіби қазақ тілі сабағында ойын формаларын қолдану барысында интерактивті тақтаны да пайдалану да маңызды.

Әдетте тіл үйретудегі ойын түрлерін фонетикалық, орфографиялық, лексика-грамматикалық, психо-техникалық, рөлдік, іскерлік ойындар деп қарастырамыз. Осы ойындардың ішіндегі кәсіби қазақ тілі пәні үшін өте тиімділерінің бірі – рөлдік және іскерлік ойын.

Рөлдік ойынның мәні: а) тіл үйренушінің сол тіл арқылы қатынас жасауына деген қызығушылықтарын арттырады; ә) қажетті сөздерді неғұрлым көп меңгерсем, дұрыс жауап берсем деген ойды туғызады; б) ойын барысында тілдік қатынастар ерекше маңызға ие болады; в) тіл үйренушінің шет тілі пәні бойынша біліктілігі мен белсенділігін арттырады. Рөлдік ойындар студенттердің болашақ мамандығының ерекшелігімен толығырақ танысуға да септігін тигізеді. Зерттеушілердің пікірінше, «рөлдік ойын, оның табысы көп жағдайда оқытушыға байланысты. Ол мұғалімнің ұйымдастыру және өткізу қабілеттеріне қатысты».

Іскерлік ойын дегеніміз – болашақ маманның кәсіби қызметін пәндік және әлеуметтік мазмұнын, сол қызметте қарым-қатынас жүйесін моделдеу, елестету. Іскерлік ойындарының негізгі педагогикалық мәні мынада: білім алушылардың ойын дамыту, танымдық белсенділігін қалыптастыру, жағдаятты тереңірек түсініп, қисынды жауап беру, сауатты кәсіби сөйлеуге дағдыландыру.

Ендігі жерде рөлдік және іскерлік ойынның журналист мамандығы бойынша кәсіби қазақ тілі пәнінде қолданысына назар аударып көрейік.

1.«Қайырлы таң, Университет!» рөлдік-іскерлік ойыны.

Бұл ойын өзіміз күнделікті теларналардан көріп жүрген ақпараттық көңіл көтеру бағдарламаларына ұқсайды. Бірақ қалай болғанда да студент өзі ізденіп, сөйлеуге, ойын жеткізуге ұмтылады

Ойын тәртібі бойынша 2 жүргізуші студент ақпараттық, ойын-сауық хабарын жүргізеді. Хабар барысында әрбір жұп студент өздеріне тиесілі тапсырмаларды орындап шығуы тиіс. Жүргізушілер әртүрлі қызықты ақпараттар дайындап, арасында өзге студенттер орындайтын нөмірлерге сәтті жалғастырып отыруы тиіс. 1-жұп 3минуттық университет өмірінен бейнелі репортаж; 2-жұп «Пайдалы кеңес» айдарына 2 минуттық кеңес; 3-жұп шоу бизнес өкілдерінің өмірінен ақпарат; 4-жұп: спорт жаңалықтары; 5-жұп ауа айы; 6-жұп әлем және республика өмірінен жаңалықтар; 7-жұп жарнамалық нөмір дайындайды.

Ойын шарты: Студенттер сөйлеу барысында нағыз журналистерше сөз мәдениетін қатаң сақтап, айтылатын тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді қолдана білуі тиіс.

Ойын мақсаты: Студентердің сауатты сөйлеу дағдылары мен ұйымдастырушылық қабілеттерін жетілдіру.

2. Рөлдік ойындар. а) Студенттер журналист,редактор, оқырман, блогерлер рөліне кіріп ойнайды. Журналист берілген тақырып бойынша әрқайсына әртүрлі сұрақ қоя отырып сұхбаттасады. Қалған кейіпкерлер өзара пікіралмасады, ой жарыстырады.

ә) «Өз ойым». Студент телеарнаның бас директоры, редакторы рөлінде әртүрлі типтік жағдайда, әртүрлі дискурста сөйлеп ойнайды: 1. Сіз - жастар телеарнасының бас директорысыз. Арнаңыздың хабарлары төменгі рейтнгке түскені сізді қатты алаңдатады. Қол астыңыздағы редакторлардан рейтингті қандай жолмен болса да, көтеру керектігін талап етесіз. 2.Сіз - үлкен шығынды талап ететін жаңа тележоба ұсынушы тәуелсіз студия редакторысыз. Өзіңіз ұсынған жобаның үлкен сұранысқа ие болып, еселеп пайда әкелетінін бас директорға дәлелдеңіз.

3. «Шұғыл репортаж» ойыны. Сізді редакция басшылығы белгілі бір жағдайға байланысты репортаж түсіруге жіберді. Бірақ сіз жолда ойламаған жерден кездейсоқ төтенше оқиғаға (алапат өрт, қарулы тонау, көп көлік қатысқан, адам шығыны орын алған жол-көлік оқиғасы, митинг, топтық төбелес, билік өкілімен келісімге келе алмай жанжалдасу, т.б.) куәгер болдыңыз. Журналист ретінде сізде суыт оқиға туралы бірінші болып ақпарат беру мүмкіндігі бар. Бірақ сізде дайындалып жатуға уақыт жоқ. Бірден қызу оқиға орнынан хабар түсіруіңіз керек. Аяқ астынан болған оқиға жөнінде тікелей эфирде бірден репортаж жүргізіңіз.

Ойын мақсаты: Студенттерге ойын шапшаң жинақтап, ой жинақтау дағдысын қалыптастыру. Кәсіби сөйлеу құзіреттілігін дамыту.

Негізінде рольдік ойындардың басты қызметі –шынайы, дайындықсыз сөйлеуге қажетті ахуалды туғызады. Тіл үйренушілер сөйлеу жағдаятына ене отырып, тілді қатынас құралы ретінде пайдалануға ұмтылады.

Кәсіби қазақ тілі сабағында пайдалануға болатын ойындардың бір түрі – лексика-грамматикалық ойындар. Бұл ойын барысында студент кәсіби тілдік бірліктерді есте сақтау дағдысын күшейтіп,, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, сауаттылығын арттырады. Мысалы «Ретімен жеткіз» ойыны.

а) Бүкіл топқа үй тапсырмасы ретінде тақырыпқа қатысты ақпараты мол 2-3 беттік мәтін бересіз. Мәтінді мұқият оқып келуді тапсырыңыз. Келер сабақта студенттер қолындағы мәтінді толық жинап аласыз да бірінші отырған студенттен бастап берілген мәтін бойынша бір-бір сөйлем айтуды талап етесіз. Айту барысында сөйлемдер бір-бірімен байланыс түзіп, тұтас мәтін құрауы тиіс.

ә) Егер топтың қазақ тілін білу деңгейі әртүрлі болса, сөздерді тіркестіру арқылы толыққанды сөйлем құратуға болады

Ойын мақсаты: Студенттердің үйге берілген мәтінді толық оқығандығын бақылау.Есте сақтау қабілетін дамыту. Кәсіби сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

«Тұспалымды түсін» ойыны.

Студенттерді екі топқа бөлеміз.Оқытушы өткен тақырыптар бойынша кездескен, сөздік жасалған, түсіндірме берілген терминдерді мысалдар келтіру арқылы тұспалдап жеткізеді. Мысалы: «Оқиға болған жерден тікелей жасалатын ақпарат жанры» немесе «Өздеріңіз көріп отырғандай, дәл осы сәтте өтіп жатқан оқиға деп басталатын сөйлем журналистиканың қай жанрына тән?» деген секілді. Қай топ бұрын айтылған мысалдардың қай терминге сәйкес келетінін анықтаса, сол топ 5 ұпайдан иеленіп отырады.

Ойын мақсаты: Студенттің кәсіби тілдік құзіреттілігін арттырумен бірге логикалық қимындастыру қабілетін жетілдіруге ықпал ету.Кәсіби терминдерді есте сақтауға, сөйлеу барысында қолдануға дағдыландыру.

«Жасырын термин» ойыны. Ойын ережесі бойынша тақырыпқа қатысты терминдік атаулар шаршыларға салынған әріптер арасына белгілі бір жүйемен салынады. Шаршылар жанына сол терминдерге қатысты нақты әрі студентке түсінікті сұрақтар жазылады. Сол сұрақтарға сүйене отырып, студент жасырынған атауларды табуы тиіс.

Ойының мақсаты: студенттің қисын және есте сақтау қабілеттерін дамытады, өткен сабақты пысықтап және нақтылауға дағдыландырады.

**«Тақырыптық сөздер»** оқыта үйрету ойыны. Өткен тақырыптарды пысықтау кезінде қолдануға қолайлы ойын түрі. Студенттер шеңбер жасап, дөңгелене тұрады. Оқытушы басты тақырыпты айтады. Мысалы, «Медиалық ақпарат» деген тақырыпты айтады. Студентер осы тақырып бойынша берілген мәтіндегі өздері есте сақтап қалған метабірліктерді бір-бірден айтады. Осылайша шеңбер аяқталғанға дейін сөздер айтыла береді.

«Сөздер тізімі» ойыны. Топты екі топшаға бөліп, белгілі уақыт ішінде тақтаға өтілген немесе жаңа тақырып төңірегінде сөздерді жаздырту. Қай топ белгілі уақытта көп сөз жазады, сол топ жеңіске жетеді.

Қортындылай келе, біз бұл мақалада кәсіби қазақ тілі сабақтарын қызықты етіп өткізудегі ойын технологияларының қолдану арқылы студенттке кәсіби тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыру жолдарын сөз еттік. Мемлекеттік тілді жоғары оқу орындарында қолдану мен дамытудың тиімді интербелсенді әдісі ретінде ойын технологияларының тиімді тұстарын практикалық түрде көрсетуге тырыстық.

**Әдебиет**

1. Қасым Б., Османова З. т.б. Кәсіби қазақ тілі. –Алматы, 2010. –112 б;

Суатай С.Қ., Тәттібаева А.Е. Медициналық оқу орындарында кәсіби қазақ тілін оқытудың тәсілдері https://kaznmu.kz/

Буланова М.В. «Педагогические технологии», Ростов, 2002.

# СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ШКОЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

***Нурман К, Джабарова Х.У***
*СШ №5 им. С.Исмаилова г. Сарыагаш, ЮКО, Республика Казахстан*

**Аннотация**

*In this article has told the meaning of new technologies in education.*

*В статье рассматривается значение инновационных технологий в обучении.*

Бұл мақалада оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды қолданудың тиімділігіне жан-жақты тоқталынған.

***Легко следовать правильно за тем,***
***кто правильно идет впереди.***
***Ян Амос Коменский***.

Современная жизнь требует от человека компетентности во всех сферах, умения практически использовать свои теоретические знания, свой интеллектуальный потенциал. Педагогика очень тонкая материя, связанная с детьми, с их очень тонким внутренним миром. Ребенок только тогда откроется учителю, когда он будет ему доверять. Знания психологии детей может стать гарантом успехов не только в воспитании, но и образовании в целом. Компетентный учитель – это не только предметник, но и психолог, и воспитатель одновременно. Личность может быть воспитана только личностью. Чем ярче как личность учитель, тем значимее для общества будут его ученики. Он сможет воспитать всесторонне развитую личность, востребованную в очень сложное современное время.

Весь мир мобилен, технически «упакован», как говорят молодые. Сейчас работать по – старому нельзя. Школа не исключение. Нужно идти в ногу со временем. Современные школы имеют неплохое техническое оснащение: мультимедийные кабинеты, интерактивные доски, подключение к Интернету. Ещё недавно мы об этом и не мечтали. А сейчас это возможно и реально. Чуть ли не в каждой школе Казахстана по полностью оснащенному мультимедийному кабинету. С этого года в нашей школе, как и в других школах, по пять интерактивных досок. Учителю необходимо уметь работать на новейших технических средствах обучения, пользоваться электронными учебниками, хорошо в них ориентироваться.

Электронные учебники представлены очень широко, есть и наши отечественные и российского производства. Желательно, чтобы учитель был в курсе новейших разработок. Ученик должен получать необходимую информацию от своего наставника. Это веление времени. Очень много преимуществ новейших ТСО: ярко, интересно, удобно, мобильно, экономит время учителя и разгружает от проверок тестов. Любая информация может быть использована на уроке. Если учителя не устраивают готовые электронные учебники, он может создать свой, в который он внесет любую информацию, рисунок, фотографию, записать свой голос или любое другое звуковое сопровождение. Использование электронных тренажеров, кроссвордов вносят в урок элементы игры. Что может быть лучше, чем учиться играючи. Это оживляет любой урок, повышая интерес к предмету в целом. Современных детей мало чем можно удивить, заинтересовать, но это надо сделать.

Мы должны стремиться к компетентности, не быть случайными людьми в школе. Педагогические задатки, несомненно, могут играть большую роль в профессии учителя. Но всё же педагогами не рождаются, педагогами становятся. И в этом становлении рука об руку

идут любовь к детям, любовь к знаниям, любовь к самой гуманной профессии на свете. От того, какие мы, зависит будущее наших детей. Всего общества и государства.

Цель системы образования РК - способствовать становлению компетентной, интеллектуально и духовно развитой личности, готовой решать главные социально – экономические проблемы на благо и во имя человека. В настоящее время казахстанское образование находится на этапе перехода к новой модели образования, ориентированного на результат, на практическое применение полученных знаний. Слишком большая ответственность лежит на плечах учителя. Мы просто обязаны соответствовать своему социальному предназначению. Чтобы стать успешными в информационном пространстве, дети и молодые люди должны быть вовлечены в более эффективные формы активного, конструктивного обучения, обеспечивающего понимание и обретение независимости. В этой связи перед учителями стоит ряд задач для достижения эффективности обучения. Учителя должны:

- уметь обеспечивать персональную обратную связь учащихся.
- хорошо знать, как происходит обучение, иметь представление об уровне мотивации отдельных учащихся, о переживаемых ими эмоциях и об их жизни за пределами школы.
- обладать прочными навыками в области информационных технологий и методики их использования как эффективного инструмента преподавания.
- совершенствовать свои профессиональные способности, участвуя в коучингах и менторингах в рамках своей школы, а также в рамках сетевых профессиональных сообществ.

Прежде, чем говорить о повышении компетенции учителя в современной школе, необходимо обратиться к определению слова «компетентность». В словаре иностранных слов есть следующее определение: «Компетенция (с латинского «соответствие, соразмерность») – круг полномочий какого – либо учреждениями, опытом». Компетентный, по Ожегову, - это знающий, осведомленный, авторитетный в какой – нибудь области человек.

Школа, как никакое другое учреждение, нуждается в компетентных кадрах. Видный педагог – практик Ш.А. Амонашвили компетентного учителя называл «мастером педагогического дела». В его книге «Единство цели» есть такие строки: «Быть мастером педагогического труда - значит владеть методикой, технологией реализации исходной позиции в педагогическом процессе, постоянно искать пути разрешения проблем обучения и воспитания». Учителю необходимо жить своей профессией, познавать свои педагогические обществу. Какой учитель, такое и общество. Постоянная работа над собой, стремление к самосовершенствованию является обязательным в данной профессии. «Тот, кто мало знает, малому может и учить». Эти слова принадлежат великому дидактику Коменскому, и они не теряет своей актуальности. В современных условиях знания являются гарантом успеха и процветания общества. Современный учитель - постоянно ищущий, штудирующий «вечный студент». При подготовке к уроку он пользуется не только учебником, но и объёмной дополнительной литературой. Сейчас источников информации очень много. Дети, что – либо услышав, в силу ещё неразвитого мировоззрения могут недопонимать. За разъяснениями дети очень редко обращаются к родителям, скорее они спросят это у учителя и , скорее всего на уроке. Учитель должен быть в курсе новых открытий, новых гипотез, должен быть готов дать разъяснения на возникающие у детей вопросы.

В повышении компетенции учителя большую роль играют специальные научно – методические журналы. В современном мире недостатка в периодической печати нет. Для казахстанских учителей доступно около восьмидесяти методических изданий и ещё больше научно – популярных. Они являются для учителей и советником и помощником. В них можно найти разъяснения по новейшим технологиям, информацию о научных достижениях современности, исторические справки. А также через эти журналы каждый учитель может поделиться мыслями и педагогическими идеями. Компетентный учитель – личность открытая как для учеников, так и для своих коллег. Чем больше общение, тем богаче педагогические

секреты, пусть и небольшие, но проверенные опытом. Учитель должен делиться этим опытом и самому быть восприимчивым к новшествам. Сейчас век информации. Компетентному учителю интересны новшества педагогики, новые педагогические технологии не только отечественных новаторов, но и зарубежных. Учитель первоиспытатель теоретических рекомендаций, он может доказать их правильность и жизнеспособность, либо опровергнуть их. Но как эти знания преподать? Дать их в готовом виде, либо направить учеников на собственной поиск? Современная педагогика все более останавливается на втором варианте, считая его более результативным. Готовые знания, которые требуют только усвоения, быстро забываются. Развивающее обучение дает больше положительных результатов. Учитель должен владеть методикой логических приёмов, научить анализировать, синтезировать, обобщать и делать выводы. Такие знания необходимы детям в их дальнейшей жизни, может даже больше, чем их конкретные познания в различных науках.

И вновь я хочу процитировать слова Амонашвили: «Учитель должен выбирать себе большие цели, несоразмеримые с его усилиями, и это потому, что только так сможет он возвысить своих учеников и возвыситься сам. Цели, которые превыше его самого, сделают его оптимистом, ищущим романтиком, и он сможет тогда сотворить невозможное».

В работе с учащимся по формированию речевой деятельности необходимо придерживаться определенных требований:

- работать над его целеполаганием, совершенствованием речевых умений;
- пристальное внимание оказывать вопросам, задаваемых учащимися, их характеру, побуждать школьников к вопросам – размышлениям;
- всесторонне изучать, направлять и корректировать речевую деятельность учащихся, при её помощи определять степень развития их знаний, познавательных процессов, коллективных отношений.

Учитель должен работать над активизацией речевых навыков учащихся. Наиболее эффективными являются постановка вопросов и заданий проблемного характера, решение познавательных задач, создание вербальных ситуаций и ролевых игр, комментирование упражнений, рецензирование и другие речевые средства. Стимулировать речевую деятельность можно путем частого обращения учителя с вопросами на использование приобретенных знаний, на решение проблемных вопросов, выявляющие суждения школьников, их отношения. В развитии речевой деятельности учащихся, опираясь на их речевую активность, самостоятельность творческих возможностей сможет добиться больших успехов в формировании коммуникативных компетенцией учащихся.

Усиление принципа развивающего обучения в школе предъявляет определенные требования и к учителям русской речи в национальных школах. Поэтому одной из задач развития речи является формирование у учащихся познания речевой деятельности, на которое может опереться учитель.

Сегодня невозможно достичь цели, решать задачи обучения школьников без создания условий для самостоятельной работы, приобретения и осмысления знаний. А задача учителя создать мотивацию и сформировать комплекс умений учить самого себя. Понятно, что всякое умение не приходит к ученику без помощи учителя.

Разумное сотрудничество учителя и ученика предполагает знание умение педагога дозировать и направлять самостоятельность предоставленную ученику, которая в конечном итоге ведет к целеполаганию, активизации его познавательной деятельности.

Современное обучение сегодня – это использование интерактивных методов. Использование игровых форм способствует формированию внутренних и внешних мотиваций к учению.

Таким образом, в компетентности включают умения и способности быть компетентными, учиться самостоятельно искать информацию, уметь решать проблемы, отвечать за вве-

ренную работу, иметь волю к успеху во всех начинаниях. Но и отличительной способностью компетенции состоит в том, что они не только отражают способность личности использовать полученные знания, имеющиеся умения, известные способы деятельности, но и свидетельствуют о её способности создавать новые мысли, информацию, объекты действительности в процессе непрерывного личностного самосовершенствования. Как писал Э. Шорт: «Компетенция – это владение ситуацией в условиях изменяющейся среды, это способность реагировать на воздействие среды или изменять её».

**Литература:**

1. Кусаинов А. Образование в Казахстане и в мире.
2. Руководство для учителя (учебное пособие для слушателей I уровня курсов НИШ по Кембриджской программе).
3. Краснобаров. Формы оценивания.
4. Методические предметные журналы.

# ӨЗГЕТІЛДІ АУДИТОРИЯДА ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Османова Зейнеп Жалалықызы***
*Абай атындағы ҚазҰПУ*

***Аннотация***

В статье рассматривается наиболее эффективные методы обучения и некоторые вопросы становления и развития запаса словарного на стыке наук с другими профильными направлениями языкознания.

**Ключевые слова:** компетентность, компетентностный подход, коммуникативная компетентность, средства коммуникации, ситуационная задача, творческий поиск, познавательный интерес.

***Аңдатпа***

Мақалада тіл білімінің басқа да арнайы ғылыми байланысындағы бағыттарын оқытудың ең тиімді әдісі және сөздік қорлардың қалыптасуы мен дамуының кейбір мәселелері қарастырылады.

**Кілт сөздер:** құзыреттілік, құзыреттілік тәсілі, қатысымдық құзыреттілік, қарым-қатынас құралы, жағдаяттық тапсырма, шығармашылық ізденіс, танымдық қызығушылық.

Қоғамдық өмір жағдайында тілдің дамуына әсер ететін факторлардың бірі қоғамдық-әлеуметтік өзгерістер десек, Қазақстандағы қоғамдық-әлеуметтік басты мәселелердің бірі – еліміздегі өзге тілді ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілде сөйлей білуі, тілді қатынас құралы ретінде пайдалана білуі болып табылады.

Еліміз егемендік алып, тіліміздің мәртебесі жоғарылады, ана тіліміздің еркін дамуына кең жол ашылды, қазақ тілі - мемлекеттік тіл мәртебесіне қол жеткізді. Тіл мәртебесі – ел мәртебесі. Жан-жақты білімділігімен қатар, мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, ойлай алатын, оны терең меңгерген азаматтар ғана өз елінің еңсесін тіктеп, мәртебесін көтермек. Оның қоғамдық аясының кеңеюі оқыту мен үйрету әдістемелерін жақсартуды, оқытудың жаңа технологияларын қолдануды қажет етеді. Мемлекеттер мен халықтар арасындағы ұлтаралық және халықаралық қарым-қатынастарға байланысты жоғары ақпараттық-қатысымдық

технологиялардың қарқынды дамуы арқасында қазақ тілі жаңа толықтыруларға ие болуда. Сондықтан ұстаздар мен оқытушылар қазақ тілін жетік меңгертуде дидактикалық әдістердің тиімділерін пайдаланып, олардың тілді меңгеру құзыреттілігін дамытуы тиіс.

Қазіргі кезде әдістеме ғылымының бір ерекшелігі – тілді оқып үйретудің жаңа технологияларын шығаруға, оның ұтымды үлгілерін тәжірибеде қолдануға ұмтылуы. Сондықтан білім берудің нәтижесі негізінде педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуына, тілді үйретудің жаңаша әдіс-тәсілдерін дайындауға, оны тәжірибеде қолданып, ұтымды жолдарын жасап шығаруға әдістеме ғылымында көптеген мүмкіндіктер пайда болуда. Өйткені білім беру, оқыту үрдісінің жалпы мақсаттарының бірі – мемлекеттік тілді меңгеру, үйрену барысында құзыреттілікті қалыптастыру десек, қазіргі оқу үдерісін ұйымдастыру жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде студенттердің құзыреттіліктерінің қалыптасуын қамтамасыз ете алады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі ережелерінде: «Құзырет – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық, жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындық, білім беру жүйесіне әлеуметтік тапсырысты құрайды». «Құзыреттілік – студенттердің іс-әрекетін әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі» деген түсініктеме берілген [1, 68].

Қазақ тілін қатысымдық бағдарлай оқытуда қатысымдық құзыреттілікке жету үшін жаттығу жұмыстарының түрлерін ұтымды таңдаудың маңызы аса зор. Тіл үйренушілер бірбірімен қарым-қатынасқа түсіп, пікір алмасулары үшін тапсырмалардың қатысымдылығы үлкен роль атқарады. Қатысымдық тапсырмаларды зерттеу ісімен Е.И.Пассов, Б.Л.Скалкин, В.С.Коростылев, Н.И.Гришина, Л.М.Войтюк, Г.А.Китайгородская, М.Берман, А.В.Бухбиндер, А.Н.Леонтьев т.б. айналысты.

Жалпы қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізудің бірден-бір жолы -сабақ барысында құрғақ жаттығулардан гөрі қатысымдық тапсырмаларды қолдану болып табылады. Соның бірі – оқушылардың күнделікті оқу материалын қабылдауын қызықты да, тартымды ететін, олардың шығармашылық ізденісін шыңдай түсетін, оқу үрдісінің бірден-бір тиімді тәсілі – қатысымдық ойын түрлері болып табылады. Ойында шындықтың көрінісі, оның образды сәулесі қылаң береді. Балалар ойын барысында өзін еркін сезінеді, ізденімпаздық,тапқырлық әрекет байқатады, сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау секілді түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді. Балалар ойын арқылы тез табысып, жақсы қарым-қатынас жасайды, сол қарым-қатынас барысында адамдар іс-әрекеттің жақсы жақтарын аңғарады, жағымды ойлауды үйренеді, жанындағы адамдарды ұнатып, жақсы көре біледі, оларды қуантуға асығады, кешірімді болуға, өзгені ренжітпеуге тырысады. Белгілі ғалым психолог Д.Б.Элконинның айтқанын еске алсақ: «Ойын – баланы ешкім, ешқашан үйрете алмайтын нәрсеге үйретеді. Бұл нақты өмірге, кеңістікке, құбылыстарға, адамның іс-әрекетіне бағдар беретін зерттеу тәсілі. Ойын үрдісі кезінде балалар зерттеу, сараптама жасау, оқу арқылы өмірге, әлемді танып-білуге бағалауға үйретеді» деп көрсетеді.

***Қатысымдық ойындар*** аудиторияда жағымды көңіл-күй тудырып, жайлы тілдік қарым-қатынастың қалыптасуына ықпал жасайды.

***Топтық ойындар*** қатысымдық оқытудың қарапайым деңгейінде жиі қолданылады. Топтық ойындардың негізгі ерекшелігі, тіл үйренушілердің сабаққа түгел қатысуы қамтамасыз етіледі, белсенділіктері арта түседі, сөйлесім дағдылары қалыптасады.

***Іскерлік ойын*** – қазақша кәсіби сөйлеуді үйрету барысында маманның сөйлесім дағдысын қалыптастыру үшін жүргізілетін пайдалы әдістің бірі. Рөлдік ойындар оқытудың жоғары деңгейінде іскерлік ойындарға ұласады. Іскерлік ойындар тарихи жағынан алғанда шарушылық, басқару, имитациялық түрінде пайда болды. Іскерлік ойындар - кәсіби бағытталған іс-әрекеттің жоспарына жатқызылатын, білімді меңгеру мен білік, дағдыны қалыптастырудың кейбір модельдік формаларын ұсынатын оқытудың түрі.

Қазіргі кездегі білім беру сапасын қамтамасыз ету негізінде қалыптасқан негізгі құзыреттілік түріндегі білім мазмұнының жаңа тәсілдері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарына сәйкес 2006 жылы әзірленген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі ережелерінде қамтылған. Оқыту процесін ұйымдастыру негізінде мынадай тәсілдер:

- тұлғаға бағытталған;
- іс-әрекеттілік;
- құзыреттілік;
- денсаулық сақтау мәселелері қарастырылады.

Оның ішінде «Құзыреттілік тәсілі оқушылардың тұлғалық сапалар кешенін дамытуға, білім беруден күтілетін нәтижелер ретінде негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған», - деп көрсетілген [2, 6].

«Құзырет» термині соңғы кездерде ғылымның әртүрлі саласында қолданыс тауып, қолдану мүмкіндігіне қарай «құзырет», «құзыреттілік», «құзыретті» ұғымдары әр түрлі мәнде сарапануда.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «құзыр» сөзі «әмір», «билік» дегенді және «белгілі бір адамның жетік білетін мәселесі, хабардарлық» дегенді білдірсе,«құзырет» сөзіне «қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындық» деген анықтама беріледі [3, 536].

Қазіргі таңда «білім сапасы» категориясының мазмұнын ашуда құзырет ұғымы ерекше орын алады. Зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша құзырет тек білімге ғана емес, біліктілікке жақынырақ және адамның әртүрлі қажетті салалардан хабардар болуын сипаттайды. Яғни құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» сияқты ұғымдардан тұрады. Бірақ құзыреттілік жай ғана бұл ұғымдардың жиынтығы емес, сонымен бірге ол студенттердің шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп мектеп бітірушінің қазіргі көп факторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қанықкан кеңістік жағдайында тіршілік ету әлеуетін, қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игертуге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді [4, 11б.].

Мәселен, «бұл жаңа сөздерге еліктеушілік, оларды қолданбауға да болады, өйткені «мектеп бітірушінің дайындық деңгейі» және «оқу біліктіліктері» деген дәстүрлі қолданылып жүрген баламалары бар» дейтін, немесе «құзырет» және «құзыреттілік» адамның тіршілік қызметінің басқа салаларында да кеңінен қолданылып жүр. Олар кәсіби іс-әрекеттің жоғары сапасын көрсетеді» дейтін де пікірлер бар. Дегенмен, «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдары студенттердің мәдениеттанымдық іс-әрекетінің күрделі құрылымын бейнелеп, білім беру мазмұнының өзін дамытуға жаңаша сипат беруде. Құзырет пен құзыреттілік – бір-бірімен тығыз байланысты екі ұғым. «Құзырет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, іскерлік, дағды, әрекет тәсілі) жиынтығы болса, құзыреттілік – адамның сол әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын қамтитын сәйкес құрауыштарды меңгеруі» болып табылады. Сондықтан да құзыреттілік ұғымына тек танымдық және әрекеттік-технологиялық құраушылар ғана емес, сондай-ақ мотивациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтық компоненттер де кіреді [5,53б.].

Құзыреттілік қатынас студенттерге қатысым мақсатын анықтай білуге, жағдаятқа байланысты тілдік қатысымды түрлі жағдайларда қолдана білуге ықпалын тигізеді. Сондықтан қатысымдық дегеннің өзі қарым-қатынас деген ұғымды білдіреді. Оны «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігіндегі» мына анықтамадан көруге болады: «Коммуникация – (лат. байланысамын, қатынасамын), (қатысым) – адамдардың танымдық-еңбек процесінде қаты-

нас жасау, пікір алысу, ой бөлісу – олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы болып табылады. Пікір алушылар, оны түсіндірушілер сияқты коммуникативтік актілер коммуниканттар деп аталады. Коммуникативтік қызметте тіл танымдық-белгілік мәнге ие болып, адамды әлеуметтік тұлға дәрежесіне көтерудің маңызды тірегіне айналады».

Сонымен қатар қатысымдық бағыт оқыту жүйесінің аясында қалыптасып дамиды. Қатысымдық бағыттағы сабақтардың тәжірибелік тұрғыдан тиімділігі студенттің екінші тілде сөйлеуге үйретудің маңыздылығында.

Осы анықтамаға сүйенсек, қатысымдық екі немесе одан да көп адамдар арасында болған жағдайда, яғни басқа адамдармен өзара қарым-қатынасқа түскенде ғана болады. Ал студент бойындағы қарым-қатынас қабілеті өз ортасымен қарым-қатынастың, қоғаммен қарым-қатынастың, өзін және өзгені танып білудің құралына айнала отырып, негізгі нәтижені шығармашылықпен меңгеру, қолдану деңгейлерінде қол жеткізілетін функционалдық сауаттылық арқылы меңгеріледі. Мұнда әңгімелесудің мақсатты түрдегі бағыттылығы қамтамасыз етіледі, сөйтіп өзара қарым-қатынас қалыптасады.

«Қазақ тілі» сабақтарында студенттердің катысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі – тілдің қатысымдық және когнитивтік салаларының өзара ортақ бағыттары мен ұстанымдарынан туындаған жаңа бағыт. Бұл бағыт бойынша студенттердің тілді оқуда сөз мағынасын қабылдауда, пайымдауда, түсінуде танымдық ерекшеліктерін ескеру, олардың түрлі өмірлік жағдаяттарда, сабақта өз ойын, пікірін жеткізу, қатысымдық міндеттерді шешу, қатысымдық мақсатты іске асыруда тілдің заңдылықтары мен нормаларын орынды пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері алдыңғы орынға шығады.

Қатысымдық құзыреттілік – лингводидактикада кейінгі жылдарда ғана сөз болып жатқан мәселе. Әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде бұл терминді тілді оқытуда студенттерге тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік қатынаста, өмірде тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстырады.

Демек көптеген ғалымдар қатысымдық құзыреттілікке студенттердің түрлі жағдаяттарда өз ойын екінші адамға жеткізу, екінші адаммен немесе қоршаған ортамен еркін тілдік қатынасқа түсу, қатысымдық қажеттіліктер мен міндеттерді орындау секілді қабілеттерді жатқызады.

Әдістеме ғылымында бүгінгі күнге дейін бір ізге түспей жүрген мәселе: студенттердің қатысымдық құзіреттілігіне не жатады, оның қандай өзіндік ерекшеліктері бар дегенде ғалымдардың пікірлерінде қайшылықтар кездеседі.

Сондықтан да бұл терминнің мән-мағынасына түсініктеме бергенде, ең алдымен қатысымдық құзыреттілік өз пікірін дәлелдейтін, тілдік қарым-қатынаста айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым және тілдесім үдерістерін жүзеге асыратын, өзіндік пікірі бар жеке тұлғаның бойында қалыптасатын қабілет екендігіне назар аударған жөн.

Сонымен жоғарыда аталған мәселелер нәтижесінде студенттің қатысымдық құзыреттілігі қалыптасады. Мысалы, ұсынылатын тапсырмалар мен жаттығуларды сабақ арасында кішкене қиындатып, күрделендіріп отыру жұмысы екінші тілді үйрету барысында да кездеседі. Құзыреттіліктер белгілі бір білім мен біліктіліктермен айқындамайды, ол әр түрлі жағдайларға байланысты айқындалады. Құзыреттілік – өзінің кәсіпқойлық рөліне дайындық және шешім қабылдай білу қабілеттілігі болып есептеледі.Қолданған әр түрлі әдіс-тәсіл тіл үйренушінің белсенділігін арттырып, дербестігін қалыптастырады, танымдық қызығушылығын арттырады. Жас ұрпақты жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты талабы, осы талап тұрғысынан алғанда оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру және оны тиімді пайдаланудың маңызы зор.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ережелер. – Астана, 2006. – 68 б.

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: 2008. «Дак – Пресс», 967 б.
2. С.Қалығұлова.«Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» пәнін оқытуда студенттердің ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.
3. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. Жалпы ред.басқарған Қалиев Ғ. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 11б.
4. Ф.Оразбаева, Г.Қосымова, Ж.Дәулетбекова. "Қазақ тілі" оқу пәнінің білім беру бағдарламасы (6-12-сыныптар). –Астана: 2007, -68 б.

# ПРИНЦИП САМОАКТУАЛИЗАЦИИ И ОТВЕТСТВЕННОСТИ

***Онгарбаева А.Т.***
*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*
*aliyaong@mail.ru*

***Annotation***.

*The article is devoted to such an urgent problem as the principle of responsibility, self-actualization, self-realization and maturity of personality.*

*The work presents a point of view, both known foreign authors, and opinions of domestic scientists dealing with this problem. The author reveals the essence of "self-realization" and comes to the conclusion that one of the necessary conditions for the formation of these qualities is the presence of responsibility.*

***Key words:*** *personality, maturity, responsibility, self-actualization, self-realization, success.*

***Аннотация.***

*Мақала жауапкершілік принципі, өзін-өзі тану, өзін-өзі тану және тұлғаның жетілу сияқты маңызды мәселеге арналған.*

*Бұл мақалада белгілі шетелдік авторлар мен қоса осы мәселемен айналысатын отандық ғалымдардың пікірлері де бар. Автор «өзін-өзі танудың» мәнін ашып, осы қасиеттерді қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың бірі жауапкершілік болуы деген қорытындыға келеді.*

***Түйінді сөздер:*** *тұлға, кемелдік, жауапкершілік, өзін-өзі тану, өзін-өзі жүзеге асыру, табысқа жету.*

Статья посвящена такой актуальной проблеме, как принцип ответственности, самоактуализации, самореализации и зрелости личности.

В работе представлена точка зрения, как известных зарубежных авторов, так и мнения отечественных ученых, занимающихся данной проблемой. Автор открывает сущность «самореализации» и приходит к выводу, что одним из необходимых условий для формирования этих качеств является присутствие ответственности.

***Ключевые слова:*** личность, зрелость, ответственность, самоактуализация, самореализация, успех.

В настоящее время в отечественномобразовании все более актуальными становятся проблемы личностного роста, самореализации, самоактуализации. Как известно, это связано с социальными изменениями, произошедшими за последние десятилетия в нашей стране. Если раньше интересы государства иобщества ставились на первое место в ущерб человеческой индивидуальности, то сейчас со стороны политиков, ученых, общественных деятелей все большее внимание уделяется вопросам нравственности, свободы и ответственности.

Следует отметить, что определенные изменения наметились и в подходе к проблеме здоровья. Если раньше приоритет отдавался здоровью физическому, то сейчас уже ни для кого не является секретом важность психологического самочувствия человека, его образ мыслей и удовлетворенность собой и своей жизнью.

Термины «самоактуализация», «самореализация», «личностное развитие», которые употребляютсяне только в психологии, но и в лингвистике берут свое начало в рамках гуманистической психологии. В основе лежат потребности роста, развития и самосовершенствования. Изучением этих вопросов занимались с начала XX века и опубликованы в трудах Бахтина, Роджерса, Маслоу, а в Республике Казахстан Жаксыбаевой Б, и др., которые в рамках теории личности определили подход к категориям «личность», «структура личности», «развитие личности».

В современной науке наиболее распространенным является определение самоактуализации, предложенное А. Маслоу: «Самоактуализация... может быть определена как полное использование и реализация способностей, таланта, потенциала личности. Самоактуализирующиеся личности полностью реализуют все, на что они способны.»[1]. Также им был выделен ряд характеристик самоактуализирующихся людей: «более эффективное восприятие реальности и более комфортабельные отношения с ней; принятие (себя, других, природы); спонтанность, простота и естественность; центрированность на задаче; некоторая объединенность и потребность в уединении, автономия, независимость от культуры и среды; постоянная свежесть оценки; мистичность и опыт высших состояний; чувства сопричастности, единения с другими; более глубокие межличностные отношения; демократическая структура характера; различение средств и целей, добра и зла; философское, невраждебное чувство юмора; самоактуализирующееся творчество; сопротивление аккультурации» [1]. Кроме того, он выделяет также восемь типов поведения, ведущих к самоактуализации: «переживание полное, живое, беззаветное, с полной концентрацией и полным впитыванием; в каждом выборе решать в пользу роста; способность становиться реальным, существовать фактически, а не только в потенциальности; независимость от мнений и точек зрения других; честность и принятие ответственности за свои действия; способность верить своим суждениям и инстинктам и действовать в соответствии с ними; постоянное развитие своих потенциальностей; «пик-переживания»; обнаружение своих защит и работа отказа от них» [1].

Идея самоактуализации занимает одно из центральных мест во взглядах К. Рождерса. Тенденция к самоактуализации, по его мнению, свойственна не только людям, но и всему живому вообще. «Это стремление расширяться, распространяться, становиться зрелым, - стремление выражать и задействовать все способности организма, в той мере, в которой это действие усиливает организм или самость» [1]. По К. Роджерсу, одним из показателей того, что личности присуща тенденция к самоактуализации, является конгруэнтность как соответствие между тем, что человек чувствует, тем, что реально происходит в действительности, и тем, что он сознает. Способность осознавать, что выбор - это его личное дело, чувствовать, что локус (источник) оценки лежит внутри него, по мнению К. Роджерса, является одной из важных характеристик самоактуализирующейся личности.

В современных исследованиях также наблюдается интерес к проблемам зрелости личности, самоактуализации, самореализации.

По мнению И.А. Акиндиновой, «человек никогда не бывает, статичен, он всегда находится в процессе становления. Как свободное существо человек ответственен за реализацию как

можно большего числа возможностей, он живет по-настоящему подлинной жизнью, только если выполняет это условие» [2].

Таким образом, многие исследователи выделяют следующие характеристики личности:

1) развитое чувство ответственности;

2) способности:

- к активному участию в жизни общества и к эффективному использованию своих знаний и способностей;

- к конструктивному решению различных жизненных проблем на пути к полноте самореализации.

Итак, ответственность является одним из необходимых условий для развития самоактуализации и самореализации личности.

Свое начало проблема ответственности берет в экзистенциализме, направлении в философии, которое в своей основе рассматривает проблему смысла, стремления к ценностям, к свободе и ответственности. Эти вопросы волновали таких известных философов, как С. Кьеркегор, М. Хайдеггер и др. Ж.-П. Сартр «высоко оценивает личность, которая принимает на себя полную ответственность» [3]. Впервые о важности личной ответственности заговорил З. Фрейд [3]. Роджерс утверждает, что человек «перемещается от того состояния, где его мышление, чувства и поведение управляются суждениями и ожиданиями других, по направлению к тому состоянию, в котором он полагается на свои собственные переживания относительно своих ценностей и стандартов» [4]. Эта точка зрения тесно переплетается с концепцией внутреннего и внешнего контроля Дж. Роттера. Понятие внешнего и внутреннего контроля является составной частью личностной теории социального научения и «обозначает генерализованное ожидание, связанное с детерминантами наград и наказаний в жизни человека» [5]. Одни люди имеют внутренний локус контроля и верят в свою способность контролировать события жизни; другие, имеющие внешний локус контроля, убеждены, что жизненные награды и наказания являются результатом внешних обстоятельств, таких, как судьба, случай или везение.

По данным, приводимым В.Г. Сахаровой, «ответственность положительно коррелирует с самостоятельностью, самодостаточностью и самоактуализацией, альтруизмом, социальной зрелостью, надежностью, общительностью, уравновешенностью. Такие личности в то же время более независимы. Им не свойственныробость, психология жертвы, обидчивость» [6,7].

Таким образом, на сегодняшний день вопрос самоактуализации, личностного развития, самореализации является актуальным в современном обществе. Реализация своих способностей, использование потенциала является необходимым условием для этого. Большинство как зарубежных, так и отечественных исследователей полагают, что необходимым условием для этого является наличие ответственности. Существенное влияние на развитие ответственности оказывает локус контроля. Считается, что люди, имеющие внутренний локус контроля, более ответственны, зрелы и адаптированы к изменяющимся условиям жизни.

**Использованная литература:**

1. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. М., 1994.

2. Акиндинова И.А. Особенности самоактуализации личности в профессиях различного уровня социального престижа. СПб., 2000.

3.Яковлева О.П. Атрибутивные тенденции личностной ответственности у людей с различным уровнем успешности. Омск, 2004.

4. Райгородский Д.Я. Психология личности: Хрестоматия. Т. 1. Самара, 2008.

5.Первин Л., Джон О. Психология личности: теория и исследования. М., 2001.

6. Сахарова В.Г. Ответственность как личностный фактор и возможности ее диагностики. Хабаровск, 2003.

7. Жаксыбаева Б.Б.Самоактуализация личности как основа ответственности в философии образования. - Алматы: Арыс, 2000.

# ӨЗГЕТІЛДІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ СИПАТЫ

***Калкаева Алтынай,***
*2-курс магистранты Абай атындағы ҚазҰПУ*

***Түйіндеме***

*Мақалада өзгетілді мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту үрдісінің қазіргі білім мазмұнына талдау жасалған. Қоғам сұранысы мен соған сай жасалған мемлекеттік құжаттардағы пәнге қойылып отырған талаптар сипатталған.*

2017 жылдан бастап өзгетілді мектептердегі «Қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұны жаңартылып ұсынылып отыр. Бұл жаңарту мен жаңалықтар неден байқалады?-деген сұраққа жаңа оқу бағдарламасына[1] сүйене отырып жауап береміз:

- Оқу мақсаттарының жүйесі «құндылық-бағдарлық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, коммуникативтік тәсілдемелер» негізінде оқушының дербестігін дамытуға қызмет жасайтындай етіп үйлестірілген;
- Оқу үдерісіне қойылатын негізгі талап – оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру басты назарда болады;
- Педагогикалық үрдісті гуманизациялау. Мұның мәнісі – мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын қамтамасыз ететін интербелсенді әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылады;
- «Оқу мақсаттарының жүйесі түрінде күтілетін нәтижелер» түзіледі және орындалады;
- Оқулық тек пәндік білім мен білікті ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталады;
- функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен, жұппен және жеке-дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешім қабылдай алу, алған білімін өмірде қолдана алу (өмірге бейімдей алу) сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады. Міне, жаңадан құрастырылған қазақ тілінде оқытпайтын мектептерге арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығының басты ұстанымдары – осы жоғарыда аталған талаптар.

Өзге тілде оқытатын мектеп баласына қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқыту арқылы ұлттың әдеби мұрасы туралы белгілі ұғым қалыптастырумен қатар, көркем мәтіндерді қазақша оқу арқылы ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, оқушылардың әдеби шығармаларды өз бетінше оқып, түсіне алуын қамтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру.

«2015 - 2016 оқу жылында ҚР - ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта:

«Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі «Қазақ әдебиеті» пәнінің білім мазмұнын іріктеудің өзіндік ерекшелігі бар екені белгілі. Мұнда көркем шығармалар жүйелі, ықшамдалып берілуі қарастырылды. Әдебиеттің теориялық мәселелері, көркем шығармаларды тұтас талдау жүйесі, көркем туындының стильдік ерекшеліктері тұтастай емес, әр тақырыптың өзіндік ерекшелігіне қарай талданады», - деп көрсеткен[2]. Бұдан кейінгі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен оқу бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оқыту қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті бір пән ретінде есептеліп, тілдік және әдеби білімді бір мезгілде меңгерту көзделді. Құжатта: «Бағдарламаның білім мазмұнын іріктеуде Қатысымдық-әрекеттік, Қатысымдық-функционалдық, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру,

ұлттық ерекшеліктерді ескеру, оқу материалдары мазмұнының аутенттілігі, шындық өмірге сәйкестігі, оқушының тілді білу деңгейіне сай келуі, білім мазмұнының жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқыту ұстанымдары басшылыққа алынды» [3]. Мектепте оқытылатын «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні интеллектуалдық деңгейі, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, өмірге бейім, жаңашыл ұрпақ тәрбиелеуге негіз қалайды. Бүгінгі қоғам еліміздің білім беру жүйесінен көп тілді меңгерген дара тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Әрбір қазақстандықтың үш тілді қатар білуіне арналған тіл саясатына сәйкес, сол үдерістің өзегі болып табылатын мемлекеттік тілді оқыту үдерісін жетілдіруді қажет етеді. Сондықтан үштілді білім беру саясаты негізінде қазақ тілін үйретудегі инновациялық тәсілдерді тиімді қолдана отырып, мемлекеттік тілді қажетті деңгейде оқыту және үйрету маңызды мәселе.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәніне арналған бағдарламаны «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясы білім беру мазмұнын жаңарту мақсатында жаңа үлгіде ұсынды. Бағдарлама бірқатар маңызды мәселелерді қарастырған. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәніне арналған бағдарлама білім берудің ұлттық жүйесін халықаралық стандарттарға негіздей отырып, еліміздің алға қойып отырған іргелі міндеттеріне сай және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық үдерістерді, ұлттардың бейбітшілік пен келісім өмір салтын қалыптастыру саясатын ұстану қағидаларын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әрі сапалы жүйелерін қалыптастыруды көздейді. Бағдарламада нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады делінген.

Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс деп бағдарламада басымдылық берілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, білім беру процесіне қатысушылардың білім мазмұнына, оқу жүктемесінің көлеміне және оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды дәл түсінуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарының бастауыш ,негізгі,жоғарғы сатыларындағы отыз төрт оқу пәні бойынша жаңа бағдарлама жасалды. Оқыту қазақ тілінде емес мектептер үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінң негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған оқу бағдарламасында оқу материалдары арнайы лексикалық тақырыптарға бөлініп берілген. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген. Бағдарламада негізгі орта білім беру деңгейіне арналған ««Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мақсаты– оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету» деп белгіленген[4].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының негізгі міндеттері:

1) шығармашылық тұрғыда жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағ-дыландыру;
2) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлға қалыптастыру;
3) туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу;

4) оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;

5) оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;

6) оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-дәс-түрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу[4].

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» деңгейлерін (В1, В2,) негізге ала отырып, айқындалған. Бағдарлама әр деңгейдің соңындағы күтілетін нәтижелер түрінде берілген.

Сөз өнерінде тек сыртқы обьективті шындық қана емес адамның ішкі жан дүниесі суреттеледі. Адам факторы, оны зерттеп- зерделеу - әдебиеттің айнымас мақсаты,негізгі тақырыбы ғана емес, жалпы көркемдік дамудың басты бағытын айқындайтын адастырмас темірқазығы. Осы тұрғыдан алып қарағанда әдебиеттік оқу қоғамдық, тәрбиелік, эстетикалық категориялар тұрғысынан табиғат әлемін, қоғамдық құбылыстарды, жеке адамның рухани-психологиялық болмысын негізгі нысана етеді. Адам жаны диалектикасының ашылу дәрежесі сөз өнерінің интеллектуалдық және эстетикалық байлығының өлшемі болып қала береді.

Сондықтан әсіресе оқушылардың дұрыс,түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқуын жетілдіруге, әдеби сауатын ашуға басты көңіл бөлінеді. Сауаттылықтың түпкі негізгі оқу сабақтарында қаланатын болғандықтан, оқушылар сөйлеу әрекетінің түрлеріне (оқылым мен жазылым, айтылым мен тыңдалым) де осы сыныптарда үйрене бастайды.

Сауатты оқушы – кітап оқуға әдеттенген, кітапты өзін қоршаған әлемді білуге және оның өзін - өзі танудағы құрал ретінде пайдалануға дағдыланған адам; ол оқу техникасын меңгерген, оқығанын түсіне алатын деңгейге жетеді.

Балаларға арналған әдебиет туындыларының ерекшеліктері қандай болуы керектігі жөнінде нақты қалыпқа салынған форма жоқ. Қазақ балалар әдебиетін ғылыми тұрғыда алғаш зерттеген Ш.Ахметов балалар шығармаларының ересектер туындыларынан өзгешеліктері ретінде мынандай алты түрін көрсетеді. Олар: 1) көркем образдың нақтылығы;

2) лиризм болуы шарт. «Баланың ішкі дүниесіне, ой-санасына бірден әсер ететін күшті де мағыналы сөздер айтылуы қажетті;

3) міндетті шарттардың бірі – адам характерін суреттеуде динамиканың қажеттілігі. Бұл да балдырған табиғатынан шығатын қажеттілік. Балалар үшін өсу, дамудағы басты керекті процесс – қимыл, динамика – баланың өз әрекетін суреттеп, бейнелеуші ретінде көркем шығарманың құрамды бөлшектерінің бірі болады.

4) көркем пейзаждардың көп болуы. Пейзаждық суреттеу кез келген әдеби шығармада шебер қолданыла білгенде ғана әсерлі. Табиғат суреттері арқылы балалар әдебиетінде кейіпкердің психологиясын көрсетіп, егіздей бейнелеу бар да, балдырған тәрбиесіне қажетті эстетикалық қуат дарытумен бірге танымын қалыптастыру бар.

5) мазмұн мен идеяның бала өміріндегі белсенді ролі. Мазмұнның өзі тақырып пен идеядан құрылса, тың тақырып таба білу, қызықты оқиғаны есте қалатындай суреттей білу – қаламгер шеберлігі.

6) тілінің ойнақы қысқа, түсінікті, айқын, әсерлі болуы балалардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден – бір құрал болып табылады[5,10].

Қазіргі уақыт талабына сай өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілі пәнімен бірге қазақ әдебиетін де оқыту үлкен жолға қойылып отыр. Бұл пәнді оқытудың бағдарламасы, әдісі бар. Өзге тілді мектептерде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудағы басты назар Республика халқын құрап отырған негізгі ұлттың, яғни қазақ халқы әдеби мұрасының озық үлгілерімен басқа тілді оқушыны етене таныстыруға аударылып, ұстаздар ізденісі осы бағытта көрініс табады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Әдебиеттік оқу» пәнінің типтік бағдарламасы, 2017 ж.
2. 2015 - 2016 оқу жылында ҚР - ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығы
4. ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің типтік бағдарламасы, 2017 ж.
5. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі.-Алматы, «Мектеп», 1965 ж.

# НРАВСТВЕННО-ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ШКОЛЬНИКОВ КАК СИСТЕМА

***Карибжанова В.П***
*доктор педагогических наук, профессор;*
***Абжаппар М.***
*студентка 1 курса ИЕГ КазНПу имени Абая;*
***Шаханова А.Р.***
*студентка КазНИТУ им. К.Сатпаева*

Раскрытие понятия «системы» воспитания связано с рассмотрением ее структуры, функций, состава.

Философы по-разному определяют понятие «система». Одни считают, что основными признаками системы являются следующие: целостность, структура (организация), наличие двух или более типов связей (пространственных, функциональных, генетических и др.), наличие уровней, управление, цель, самоорганизация, функционирование и развитие. Другие говорят о меньшем числе признаков данного понятия. По их мнению, «система представляет собой структурно-организованный комплекс объектов, имеющих данные свойства и определенный набор связей. Система- это не просто совокупность множества единиц, в которой каждая единица подчиняется законам причинно-следственных связей, а единство отношений и связей отдельных частей, обусловливающих выполнение определенной сложной функции, которая и возможна лишь благодаря структуре из большого числа взаимосвязанных и взаимодействующих друг с другом элементов. Таким образом, основное внимание они сосредоточивают на двух признаках системы - наличии структуры и сложной функции, являющейся продуктом этой структуры.

Несколько другие признаки в системе отмечает ряд авторов: система – это целостное множество объектов (элементов), связанных между собой взаимными отношениями. Целостность означает, что система относительно окружающей среды выступает и соответственно воспринимается как нечто единое. Системы могут иметь различную степень взаимосвязи их элементов. Как видно из этого определения, основными признаками рассматриваемого понятия являются целостность, наличие множества элементов, связей, их относительная самостоятельность.

Таким образом, несмотря на такое многообразие определений понятия «система», исследователи едины в том, что для нее характерны такие признаки, как наличие множества элементов, взаимосвязей между элементами образования целостности нового качества.

Всестороннее изучение системы, в том числе и системы нравственно-экологического воспитания, возможно на основе системного подхода, выступающего как способ познания. Системный подход осуществляется субъектом (педагогом) с целью изучения системы и ее изменения в желаемом направлении. Данный подход выступает как способ мышления иссле-

дователя, помогающий изучить или строить объект, как множество взаимосвязанных элементов, органично включенную в окружающую среду.

Системный подход представляет собой более высокий уровень познании и характеризует переход от познания отдельного к общему, от абстрактного к конкретному.

Исследования философов подтверждают, что нравственно-экологическое воспитание выступает как система, компоненты которой органично связаны между собой.

Для того, что бы показать, как нравственно-экологическое воспитание является управляемой системой, важно раскрыть ее внутреннее строение, т.е. выявить, из каких компонентов образована эта система, какова ее структура, функции, связи. Мы считаем, что внутренние свойства системы характеризуются системно-компонентным, системно-структурным, системно- функциональным и системно-интегративным аспектами.

Для всестороннего рассмотрения особенностей системы, кроме таких аналитических подходов как компонентный, функциональный, необходим атрибутный, который связан с выяснением неотъемлемых свойств системы воспитания.

Атрибутный анализ предполагает выявление сущности, свойств системы и представляет собой процесс взаимодействия учителей с учащимися, школьников с членами семьи, природой и т.д. это взаимодействие может осуществляться на различных уровнях: содержательном, эмоциональном, практически организационном и т.п. Так, в семье взаимодействие реализуется, главным образом, на организационно-содержательном, а в природной среде – эмоционально-практическом уровнях.

Нравственная воспитанность человека в зависимости от социальных условий, в которых она формируется, может проявляться, по крайней мере, в трех качественных состояниях. Во- первых, в виде противоречия морального сознания человека и его реальных нравственных отношений.

Во-вторых, нравственная воспитанность может проявляться в моральных способах поведения, хотя и недостаточно осознанных в отношении норм и требований общественной морали.

В-третьих, нравственная воспитанность может выступать как единство морального сознания, чувства и поведения. Такое состояние достигается при условии целеустремленной педагогической организации всей детской жизни: учения, труда, отдыха, общения и нравственного просвещения.

В психологии знания характеризуются как «образы предметов и явлений внешнего мира, образы различных действий человека», как термин обозначающий «абстракцию, обобщение и понятие в их единстве», как система «понятий, усвоенных человеком». Овладение нравственно-экологическими знаниями означает усвоение учащимися представлений и понятий, осмысление содержания о объема понятий, соотнесение (субординация) понятий и идей.

Формируя у школьников знания, учитель должен ориентироваться на «зону ближайшего развития» ребенка, т.к. только то обучение в данном возрасте хорошо, - отмечал Л.С.Выготский – которое забегает вперед развития и ведет развитие за собой /1/.

В этом случае обучение обеспечивает эффективное развитие таких психических образований, как память, внимание, мышление и т.д., что в свою очередь способствует более прочному усвоению нравственно-экологических знаний.

Однако, наш анализ показал, что зачастую молодые учителя не владеют в достаточной степени всей полнотой знаний по проблеме охраны и преобразования природы. Многие из них отождествляют охрану природы и рациональное природопользование с сохранением отдельных природных комплексов и редких видов растений и животных, не глубоко понимают роль природоохранительной деятельности как средства охраны генофонда биосферы. У большинства выпускников биолого-географических факультетов и факультетов педагогики и методики начального обучения нет ясного представления о биосфере как планетарном явлений; они не могут дать полного определения понятия «природа», четко от дифференцировать это понятие от понятия «окружающая среда», не знают, что такое ноосфера. Молодые учителя испытывают затруднения в раскрытии такого фундаментального экологического понятия, как антропогенный фактор и его роль в поддержании равновесия природной среды, обеспечивающий нормальный ход планетарных процессов и жизнедеятельности организмов, включая человека /2,3/.

Мы полагаем, что взаимодействие учителей и учащихся на организационном уровне будет эффективнее, если учителя в совершенстве владеют методикой управления процессом, обладают организаторскими способностями по включению детей в природоохранную деятельность. При этом все действия учителя должны быть направлены на достижения цели, поскольку цель есть конечный результат, ради получения которого система создается /4,5/.

Формирование у школьников ответственного отношения к природе как одной из высшей ценности человека выступает целью нравстенно-экологического воспитания. Достижение цели осуществляется на основе решения определенных задач. К задачам нравственно-экологического воспитания относятся:

-усвоение ведущих идей, основных понятий и научных фактов о природе, на базе которых определяется оптимальное воздействие человека на природу сообразно с ее законами;

-понимание многосторонней ценности природы как источника материальных и духовных сил общества и каждого человека;

-овладение прикладными знаниями и практическими умениями изучения и оценки состояния окружающий среды, принятие правильных решений по ее улучшению, способности предвидеть возможные последствия своих действий и не допускать негативных воздействий на природу во всех видах трудовой деятельности;

-развитие потребности общения с природой, восприятия ее облагораживающего воздействия в соответсвии с моральными ценностями общества, стремления к позанию реального мира в единстве с нравственно-эстетическими переживаниями;

-сознательное соблюдение норм поведения в природе,исключающее нанесение ей вреда или ущерба, загрязхнение или разрушение окружающей природной среды;

-активизация деятельности по улучшению окружающей природной среды,участие в пропаганде современных идей охраны природы.

При решении данных задач происходит воздействие не только сознание, чувства и волю школьников, но и накопление у них определенного социально значимого личного опыта поведения.Формируемые нравственно-экологические знания о взаимодействии человека,общества и природы в условиях целенаправленного педагогического процесса органически связываются с чувственным восприятием его результатов и нравственными переживаниями зо состояние природной среды .

Причем, это чувственное восприятие особенно характерно для учащихся младшего школьног возраста, когда отсутствие необходимых знаний обязательно должно компенсироваться чувственным отношением к тем или иным природным явлениям окружающей природы.

Конечно, со временем это почти интуитивное чувственное восприятие будет дополняться осознанным, предметным отношениям детей к экологии.

Комплексное решение задач воспитания создает условия для приобретения учащимися опыта принятия экологических решений в соответвии со сформированными подходами и ориентирами.

Цель может быть достигнута лишь тогда, когда для ее реализация есть определенные средства. Следовательно, средства выступают третьим элементом атрибутного анализа. В педагогике к средствам нравственно-экологического воспитания относят, прежде всего, различные формы воспитательной работы, литературные источники,слово учителя, а также виды деятельности (учебную,общественно-полезную, трудовую,игровую и д.р). Ведущей деятельностью для младших школьников является учебная.Учебная деятельность, как и любая другая, накладывает свой отпечаток на изменения в психическом развитии учеников. Ею обьясняются те психологические новообразования, которые проявляются у ребенка с приходом в школу.

Учебная деятельность предпологает определенные цели обучения, содержания ,способов,средств достижения цели, контроль, корректировку.Деятельность протекает более успешно если у школьников сформирована мотивация учения- система мотивов, побуждающая детей к учебной деятельности /6/.

Исследуя учебную мотивацию, С.Л.Рубинштейн подчеркивает, что для того чтобы учащийся действительно эффективно включился в работу, нужно, чтобы стоящие перед ним в ходе учебной деятельности задачи были не только понятны, но и внутренные приняты им т.е.

чтобы они приобрели значимость для учащегося и нашли, таким образом, отклики и опорную точку в его переживаниях /7/.

В системе мотивов, побуждающих учебную деятельность младших школьников, важную роль играют социальные мотивы, которые способны определить положительные отношение учащихся к деятельности, для них не интересной. Исследования Л.И.Божович, П.М.Якобсона показывают6 что к мотивам социального характера относятся чувства долга6 взаимопомощь, товарищество, осознание ребенком своей социальной значимости /8/.

Ведущая деятельность тесно связана с игровой.Подчеркивая огромную роль игры в жизни детей. А.С.Макаренко писал «Каков ребенок в игре-таков во многом он будет в работе, когда вырастет.Поэтому воспитание будущего деятеля происходит, прежде всего, в игре» .

Педагогически грамотное руководство игровой деятельностью позволяет расширить кругозор младших школьников, вовлечь в природоохранительную работу большое число школьников, помогает воспитывать в ребятах чувство ответственности за состояние родной природы /9/.

Таким образом,элементами атрибутного анализа системы выступают учителя и учащиеся,цель и задачи, средства и этапы процесса нравственно-экологического воспитания.

Одним из важных средств нравственно-экологического воспитания выступает природа. С помощью нее происходит формирование не только нравственного поведения, отношенийй, но и сознания . По мнению педагогов, сознание есть совокупность взглядов, теорий,эмоций, отражающих проблемы соотношений общества и природы в плане оптимального их решения соответственно конкретным социальным и природным возможностям. Поэтому формирование сознания должно быть напоавлено на понимание школьникам общественной необходимости охраны природы, ее универсальной ценности (эстетической,нравственной, практической, познавательной).

Другим важным компонентам системы нравственно-экологического воспитания являются педагогические условия. Под условиями в науке понимается определенная необходимая совокупность объектов, обусловливающая возникновение, существование или изменение данного объекта , явления. Основными условиями являются готовность учителей к проведению нравственно-экологической работе, направленность учебного процесса, направленность внеклассной воспитательной работы, учет внутренней структуры личности: потребностей, интересов, мотивов, ценностных ориентаций.

**Литература:**


1. Выготский Л.С. Проблемы общей психологии. Собрание сочинений. – Т. 2. –М.: Педагогика, 1982. –С. 167-211
2. Мезенцева Т.Х. Воспитание бережного отношения к природе как фактор нравственного развития личности младшего школьника: Автореф. дис. –М., 1985.
3. Проблемы экологического образования и воспитания в средней школе // Пед.доклады Всесоюз. конференции. – Часть II. – Талин, 1980. – 155 с.
4. Калюжный А.А. Нравственные аспекты в обучении учащихся общеобразовательных школ. – Алматы: Галым, 1994- С. 4-19; Его же. Роль учителя в нравственном воспитании школьников // Учебное пособие. – Алматы: РИК, 1994. – С. 12-37; Его же. Теория и практика профессиональной подготовки учителя к нравственному воспитанию учащихся в целостном педагогическом процессе: Автореферат дис. – Алматы, 1995; Его же. Методика изучения готовности учителя к нравственному воспитанию школьников. – Алматы: АГУ, 1996.
5. Калюжный А.А. Методика изучения готовности учителя к нравственному воспитанию школьников. - Алматы: АГУ, 1996.
6. Линней К. Философия ботаники. – М.: Наука, 1989.
7. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М.: Учпедгиз, 1946. – С. 32-78.
8. Якобсон П.М. Психология чувств. – М.: Изд-во Академии пед. наук РСФСР, 1961. – С. 83-113.
9. Барытко Н.М. Педагогика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Н.М. Борытко, И.А. Соловцова, А.М. Байбаков, под ред. Н.М. Борытко. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 496 с.

# ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН КЕШЕНДІ СӨЗЖАСАМДЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ

***Ж.К. Отарбекова**, ф.ғ.к, профессор м.а.*
*Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті*

***Аннотация.***

*В статье рассматривается пути ведения комплексного словообразовательного анализа по современному казахскому языку.*

***Annotation.***

*The article considers ways of conducting complex word-formation analysis in the modern Kazakh language.*

Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам саласы «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарының оқу жоспарына жеке пән ретінде 1990 жылдан бастап енгізіліп, оқытылып келеді. Оның алғашқы бағдарламасы 1992 жылы Н. Оралбаеваның құрастыруымен жарық көрді. Бұл пәнді оқытуда 1989 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты баспадан шығарған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монография негізге алынып келді. Аталған сала бойынша қазақ тіл білімінде зерттеулер 1990 жылдардан беріде кеңінен жүргізіліп, көптеген мақалалар, зерттеулер, монографиялар жазылып, алғаш рет 2002 жылы оқулық түрінде жарық көрді. Ол – профессор Н. Оралбайдың «Қазақ тілінің сөзжасамы» атты оқулығы. Бұл оқулықтың үлкен бір ерекшелігі – модульдік жүйемен жазылуында. Оқулық соңғы жылдардағы сөзжасамға қатысты зерттеу нәтижелерін қамтыған, сөзжасамдық бірліктер туралы толық мәлімет беретін еңбек ретінде жоғары оқу орындарында оқытылып келеді.

Сөзжасам ғылымында қандай зерттеулер бар, соңғы нәтижелері қандай дегенге тоқталсақ, соңғы жылдары сөзжасам бірліктеріне қатысты көптеген диссертациялық жұмыстар жазылды, бірнеше ғылыми еңбектер мен оқу құралдары шықты. «Қазақ грамматикасында» да сөзжасам ғылымының мазмұны ғылымдағы соңғы жаңалықтармен толықтырылды.

Сөзжасамдағы көкейкесті мәселелер – сөзжасамдық бірліктер, сөзжасамдық мағына, мағынаның түрлері, туынды сөздің мағыналық дамуы, аталым және уәждеме, сөзжасам тәсілдері мен жолдары туралы бірқатар мақалалар, еңбектер жарық көрді.

Уақыт өткен сайын ғылым да дамып, мазмұны саралана түсетіні заңды құбылыс. Бұл заңдылық сөзжасамға тікелей қатысты. Өйткені сөзжасамның негізгі қарастыратыны жаңа мағыналы сөздер болғандықтан, ондай сөздер тілдік қолданысқа әр түрлі себептермен еніп, тіліміздің лексикалық қабатын толықтырып отыратыны белгілі. Осыған орай ондай сөздерді зерттейтін ғылымның да мәселелері сараланып, ғылыми негізі айқындала түсері анық. Ғылымдағы мұндай бетбұрыстарға ілесу, студенттерді онымен қаруландырып отыру – жоғары оқу орындарының тікелей міндеті. Осы мақсатта сөзжасам пәнінің бағдарламасын ғылымның соңғы жаңалықтарына сай толықтырып, жүйелеп, қайта құрастыру қажеттігі туындайды. Соған орай осы саланы терең игерту мақсатында кешенді сөзжасамдық талдау жүйесін ұсынғанды жөн көріп отырмыз. Төмендегі талдау үлгісінде сөзжасамның негізгі бірліктері түгелдей қамтылған. Мәселен, сөз тудырушы қосымша арқылы жасалған туынды сөзді төмендегідей үлгімен талдауға болады:

1. ***Туынды сөздің мағынасы.***

Бұл жерде туынды сөздің сөзжасамдық мағынасын көрсету үшін оның лексикалық және грамматикалық мағынадан айырмасын көрсету керек. Лексикалық мағына жекелеген сөзге тән ұғымдық мағына болса, грамматикалық мағына белгілі бір топтағы (сөз табындағы) сөздерге тән жалпылама, ортақ мағына. Ал сөзжасамдық мағына тек туынды сөздерге тән.

Сөзжасамдық тұрғыдан алғанда, туынды сөз семантикасындағы басты нәрсе – оның лексикалық мағынасы емес, белгілі бір сөзжасамдық типті құрайтын туынды сөздер қатарына тән жалпылама ортақ мағына. Сөзжасамдық тип семантикалық ортақтық қасиеті бар, ортақ тұлғалық көрсеткішке ие сөздерді анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, *әнші, күйші, малшы, егінші* сөздерінің ортақ семантикасы – белгілі бір іс, кәсіп иесін білдіру болса, ортақ тұлғалық көрсеткіші – -ші.

2. ***Туынды сөздің сөзжасамдық негізі, форманты.***

Түбір және негіз терминдерінің ара жігін ажырата білу керек. Туынды сөздің негізі кейде сөздің түбірімен сәйкес келеді. Мысалы, *күйші* сөзінің түбірі мен негізі бір, ол – *күй* сөзі. Ал *күйшілік* сөзінің негізі *күй* емес, *күйші*, себебі *күйшілік* сөзі *күйден* туындамайды. Сол себепті мұнда түбір мен негіз сай келмейді. Формант деп сөз жасауға ықпал ететін қосымшаны айтамыз. *Күйші* сөзінің форманты *-ші* болса, *күйшілік* сөзінің форманты *–лік*.

Сөзжасамға байланысты зерттеулерде ішінара сөзжасам қосымшаларының қатарында қарастырылып жүрген модификациялық жұрнақтар, атап айтқанда зат есімнің реңк мәнді жұрнақтары, сын есімнің шырай жұрнақтары, етіс пен күшейтпелі етістік жұрнақтары, реттік сан есім жұрнақтары сөзжасамдық формант бола алмайтынын атап өткен жөн.

Орыс тілінде сөзжасамдық ерекшелігіне орай «модификациялық сөзжасам» ұғымы қалыптасқан. Ондағы модификациялық сөзжасамның негізгі қызметі – бағалауыштық, эмотивтік мағыналарды білдіру. Осы үлгімен қазақ тіл білімінде де модификациялық жұрнақтар (зат есімнің реңдік мәнді жұрнақтары, сын есімнің шырай жұрнақтары, сан есім жұрнақтары, етістіктің етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік жұрнақтары) жалғанған сөздердің барлығын туындылар қатарына жатқызуға бола ма? Модификациялық терминін қазақ тілінде тұңғыш рет Ы. Маманов грамматикалық тұлғаға байланысты қолданған болатын [1.33]. Олар түбірге грамматикалық мағына үстеумен бірге түбір сөздің лексикалық мағынасына семантикалық реңк қосады. Ол туралы С.М. Исаев былай дейді: «Модификациялық жұрнақтардың кейбірінің түбірге жалғану шеңбері шектеліп қалған. Олар грамматикалық сипаты жағынан категориялық түрлену жүйесінің көрсеткіші болу қасиетінен айрылып, сөзжасам қосымшаларына ауыса бастағанмен, сөздің лексикалық мағынасын бүтіндей өзгертіп жібермейді. Сондықтан ондай жұрнақтарды сөз тудырушы қосымшалар қатарында қарамай, тілдің даму барысында жұрнақтар мен сөзжасам қосымшалары арасындағы тұлғалар деп қараған жөн [2.228]. Мұндағы модификациялық жұрнақтар сөз жасауға емес, грамматикалық мағына білдіруге қызмет етіп тұр. Негіз сөздің лексикалық мағынасы толық сақталды деген сөз жаңа сөз жасалды дегенді білдірмесе керек.

3. ***Туынды сөздің сөзжасамдық тәсілі, жолы.***

Қазақ тілінде сөзжасам тәсілдері үшеу: синтетикалық, аналитикалық және лексика-семантикалық. Алайда әр тәсілдің жолдарын көрсетуде пікір қайшылықтары жоқ емес. Мәселен, *зорға, босқа, текке, күнімен, түнімен, етпетінен* секілді үстеулердің, *айтыс, тартыс, бояу, егеу* секілді зат атауларының жасалуы таза синтетикалық тәсілдің нәтижесі емес, мұнда семантикалық процесс те орын алған, сондықтан бұндай мысалдарды семантика-синтетикалық жолмен жасалған деп түсіндіруіміз керек. Аналитикалық тәсілдің жолдары: бірігу, қосарлау, тіркесу, қысқару түрінде көрсетіледі. Бірақ қайталама қос сөздердің грамматикалық мағына беретінін, қысқарудың барлығы сөзжасамға негіз бола алмайтынын ескерген жөн. Мысалы, зат есімдер қайталанса (*мая-мая, тау-тау*), көптік мағына, етістіктер қайталанса (*сөйлей-сөйлей, айта-айта*), қимылдың дүркінділігі секілді грамматикалық мағыналар беріледі.

Қысқарған сөздер қазақ тілінің төл табиғатынан туындаған сөздер емес, себебі бұрын тілімізде қысқарған сөздер болмаған. Ол жазуда, айтуда ықшамдап қолданудан туындаған. Заттың толық атауы мен қысқартылып айтылған не жазылған атауы (мысалы, АлМУ – Алматы мемлекеттік университеті) арасында мағыналық айырмашылық, саралану болмаса, оны

жаңа сөз деуге болмайды. Бастапқы мағынасынан алшақтап, жаңа атау ретінде қалыптасқан КамАЗ, ЗИЛ секілді қысқарымдар ғана аналитикалық тәсілдің бір жолы бола алады.

4. **Сөзжасамдық қосымшаның мағынасы, қызметі, шығу тегі, сандық сипаты, сапалық сипаты**.

Сөзжасам қосымшаларының *мағыналарын* көрсету барысында көбінесе зат атауын немесе қимыл мәнін білдіретін сөз жасалған деген секілді түсініктемелер беріледі. Қосымша семантикасын негізден тыс алып көрсету қиын, дегенмен сөзжасамдық қосымшаның бір типтес сөздер тудыру барысында көрінетін ортақ мағынасын көрсеткен жөн. Мысалы, *-шы, -ші* кәсіп, мамандық, іс иесін білдіру, *-хана* - орын, мекен мәнін беру, т.с.с.

Сөзжасам қосымшасының негізгі *қызметі* сөз тудыру, алайда функциялық қосымшаның мағынасында толыққанды сөз тудырушы қосымшалардан өзгешелік болатынын ескерген жөн.

*Шығу тегіне* қарай қосымшалар төл және кірме қосымшалар болып бөлінеді. Кірме сөзжасамдық жұрнақтар көп емес: -хана, -стан, -паз, -хор, -нама, т.с.с.

*Сандық сипаты* жағынан қосымшалар өнімді не өнімсіз (немесе өнімділігі жоғары, орташа, төмен және өлі) болып жіктеледі. Бұл қосымшаның жасаған сөзінің санына байланысты. Негізі, сөзжасамда сөз саны қанша болуы керектігі нақтыланбаған. Жалпы алғанда жиырмадан астам сөз жасаса, өнімді, одан төмен болса, өнімділігі орташа, ал оннан аз сөз тудырса, өнімділігі төмен, бірлі-жарым ғана сөз тудыра алса, өнімсіз деп танылып жүр.

*Сапалық сипатына* қарай сөзжасамдық жұрнақтар құнарлы не құнарсыз болады. Бұл қосымшаның белгілі бір кезеңде сөз жасауға белсене қатыса алу-алмауы. Егер қосымша белгілі бір уақыт аралығында сөз жасауға актив қатысса, құнарлы болғаны, ал ондай белсенділігі байқалмаса, құнарсыз болғаны.

5. ***Туындының сөзжасамдық жұбы (қосағы).***

Сөзжасамдық жұпты негіз сөз бен туынды сөз құрайды. Мысалы: *күй – күйші.*

6. ***Сөзжасамдық ұя.***

Сөзжасамдық ұяны бір түбірден тараған түбірлес сөздер құрайды. Мысалы, *біл* негізінен өрбіген *білім, білік, білгір, білгіш* сөздері бір ұя болады.

7. ***Сөзжасамдық тізбек.***

Сөзжасамдық тізбекте бір негізден екінші сөз, екінші сөзден үшінші сөз, т.с.с. тізбектеле туындап жатады.

8. ***Сөзжасамдық сатысы (нешеу).***

Бір негізден тараған көлденең қатардағы ұядағы сөздердің жиынтығы. Сөзжасамдық сатыға негіз сөз кірмейді. Бірінші ұя құрамындағы сөздер 1-сатыны, екінші ұя құрамындағы сөздер 2-сатыны, т.с.с. құрайды. Жалпы алғанда қазақ тіліндегі туынды сөздер төрт сатыдан аспайды. Мысалы:

| *Негіз* | *1-саты* | *2-саты* | *3-саты* | *4-саты* |
|---|---|---|---|---|
| ***БІЛ*** | *білім* | *білімді* | *білімділік* | |
| | | *білімдар* | *білімдарлық* | |
| | | *білімпаз* | *білімпаздық* | |
| | | *білімсіз* | *білімсіздік* | |
| | *білгір* | *білгірлік* | | |
| | *білгіш* | *білгіштік* | | |
| | *білік* | *білікті* | *біліктілік* | |
| | | *біліксіз* | *біліксіздік* | |
| | *4 тарам* | *4 тарам* | *6 тарам* | |

9. ***Сөзжасамдық тарамы (нешеу).***

«Сөзжасамдық тарам (парадигма) деп тік қатардағы бір сатыда бір негіз сөзден өрбіген туынды сөздердің жиынтығы аталады» [3, 97]. Осы ережені негізге алатын болсақ, тарамды анықтау үшін негіз сөз санын есепке алуымыз керек. Алайда, тарамға байланысты зерттеулерде бір саты ішіндегі сөздің әрқайсы бір тарам деп көрсетіледі. Жоғарыдағы кестеде тарам саны мынадай: *1-сатыда 4 сөз бір тарам құрайды (себебі негіз сөзі біреу); 2-сатыда 8 сөз 4 тарамды құрайды (негіз сөз төртеу), 3-сатыда 6 сөз 6 тарамды құрайды (негіз сөз алтау).*

10. ***Сөзжасамдық тип.***

Сөзжасамдық тип –туынды сөздердің бәрі бір сөз табына жатуы, бір тәсіл арқылы жасалуы, сөзжасамдық мағынасы бірдей болуы. Мысалы, *күйші, егінші, күзетші.*

11. ***Сөзжасамдық үлгі.***

Үлгінің екі түрі бар: біртектес, әртектес. *Біртектес үлгі* бір форманттың әр түрлі сөз табына жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: *күйші (күй – з.е.), жазушы (жазу – ет.). Әртектес үлгіде* мәндес туынды сөздер әр түрлі формантпен жасалады (суретші – суреткер) немесе негізі әр түрлі болады (суретші – қылқалам шебері).

12. ***Сөзжасамдық перифраз.***

Туынды сөздің мағынасын басқа сөзбен түсіндіру. Мысалы, суретші – сурет салатын адам.

«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы» бойынша ұсынылып отырған кешенді талдау үлгісі жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандығы студенттерін кешенді талдау жүргізуге, сол арқылы теориялық білімін жүйелеуге дағдыландырады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1.Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Лекциялардың тексте рі. А., 1973.

2.Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан,1998.

3.Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. А.,2002.

# МЕЖКУЛЬТУРНОЕ ОБЩЕНИЕ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

***Садырмекова Индира Макеевна***

*Старший преподаватель английского языка кафедры профориентированных иностранных языков института филологии и полиязычного образования*

***Аннотация***

В настоящее время появились большие возможности для изучения иностранных языков и культур тех стран, где говорят на этих языках. Используя принципы, рассмотренные в статье, формируются различные компетенции межкультурного общения. В процессе обучения иностранному языку обучающиеся могут узнать культуру страны изучаемого языка, ее историю, традиции.

***Abstract***

Nowadays we have a great possibility to learn foreign languages and cultures of the countries. Using principles given in the article we can form different competences of intercultural communication. Students can learn the culture of the country, its history and traditions

Ключевые слова: культуроведческий подход, межкультурное общение, принцип, подход, активизация, речемыслительная деятельность, функция.

В связи с экономической и социальной модернизацией в нашей стране одним из главных аспектов выступает политика в области полиязычного образования. Знание иностранных языков предполагает не только владение коммуникативными навыками, но и формирование межкультурного общения. Межкультурная коммуникация – это общение между представителями различных культур, что предполагает как непосредственные контакты между людьми и их общностями, так и опосредованные формы коммуникации: язык, речь, письменность, в последнее время и электронная коммуникация. [1]

Для осуществления межкультурной коммуникаций, обучающийся иностранному языку должен обладать межкультурной компетенцией. Межкультурная компетенция – это способность, которая позволяет выйти за пределы собственной культуры и приобрести знания о культуре страны изучаемого языка. Для успешной коммуникации с носителями других языков необходимо владеть не только иностранным языком, но и фоновыми знаниями, т.е. аккультурация существенных фактов, норм и ценностей другой культуры.

В настоящее время изменился социокультурный контекст изучения иностранных языков: появились условия для соизучения языков и культур тех стран, где говорят на этих языках. Это соизучение возможно благодаря использованию культуроведческого подхода к обучению, который разрабатывается к методике на основе данных этнопсихологии, культурологи, психолингвистики и других наук. Названный подход может основываться на специфических принципах.

Чтобы сформулировать эти принципы, необходимо решить, какие идеи базисных наук должны быть учтены. Если говорить об этнопсихологии, то ее данные позволяют определить закономерности проявления национально-психологических особенностей людей как представителей конкретных этнических общностей в процессе общения в устной и письменной формах. В связи с этим принцип ориентации на личность обучаемого, на его способность воспринимать партнера по общению как другую личность со своими национально-психологическими особенностями становится наиважнейшим.

Следующим принципом является принцип кросскультурного изучения языковых и речевых средств, выражающих этнопсихологические особенности различных личностей, вступающих в межкультурное общение. Реализация этого принципа обеспечит восприятие, усвоение и использование полученных знаний в процессе формирования у обучаемых различных компетенций.

На формирование культуроведческого подхода к обучению иностранному языку повлияла культурология, которая изучает культуру как модель человеческого бытия, определяет закономерности развития культуры, способы ее сохранения, передачи, освоения, изменения. Данные этой науки позволяют сформулировать такой принцип соизучения языков и культур, как принцип необходимости использования в процессе обучения «текстов культуры», в качестве которых могут выступать не только художественные, научные, публицистические, поэтические и другие тексты, но и произведения изобразительного искусства: картины, фотографии и т.д.; а также принцип необходимости выявления единства содержания и формы текстов культуры, их пространственно-временной взаимосвязи, принцип необходимости исследования их культурного контекста, описывающего различные исторические явления, особенности развития социальных систем и т.д.

Кроме этих принципов обучения могут быть названы и другие, а именно: принцип «диалога культур» и принцип дидактической культуросообразности. Последний определяет отбор культуроведческого материала. В процессе постижения смысла и значимости отобранного материала можно формировать у обучаемых преставления о культуре народов, языки которых они изучают, о возможностях взаимовлияния и взаимообогащения культур. Принцип «диалога культур» реализуется в процессе анализа и усвоения культуроведческого аутентичного материала, используемого для моделирования на занятии «культурного пространства»,

в которые погружаются обучаемые. При этом важно, чтобы условия общения позволяли формировать поликультурную языковую личность, способную осознавать себя носителем и выразительным не одной, а ряда взаимосвязанных культур, что помогло бы ей в дальнейшим быть культурным посредником в различных ситуациях межкультурного общения.

Рассмотрение основных идей психолингвистики, которая ориентирована на изучение речевой деятельности человека, механизмов речепорождения, восприятия и понимания порожденного высказывания, т.е на описание кодирования в декодирования речи в процессе общения, позволяет методистам выделить неразрывности перцептивного (рецептивного), когнитивного (осознаваемого), регулятивного (планомерно конструируемого), мотивационно- побудительного и эмоционально-оценочного аспектов речевой деятельности в общений людей, включенных в систему различных социальных связей. Реализация этого принципа показывает, что порожденное высказывание в процессе общения обучаемых может характеризоваться различной степенью продуктивности: учащиеся могут воспринимать «чужую» мысль и ее воспроизводить, они могут пользоваться мыслями других для порождения собственного высказывания или на основе усвоенных языковых и речевых средств, а также знаний культуроведческого характера обучаемые могут порождать и продуцировать собственную речь в условиях естественного реального общения. [2]

Таким образом, в процессе обучения межкультурному общению необходимо учитывать тот факт, что текст высказывания порождается, и это зависит от культуры говорящего, социальной среды, в которой он живет, условий и формы общения, ситуаций общения, индивидуальных особенностей общающихся людей.

Чтобы все то, о чем сказано выше, имело место, необходимо реализовать и такой принцип коммуникативной направленности процессе соизучения языков и культур с его основополагающими аспектами функциональности и ситуативности. В соответствии с этим принципом в процессе обучения учащиеся овладевают не просто речевыми средствами, а функциями, которые эти средства выполняют. К ним относятся функции приветствия, извинения, сомнения, согласия / отказа, жалобы, сочувствия, одобрения / неодобрения, совета, предложения и т.д.

Презентация речевых средств, выражающих ту или иную интенцию, может осуществляться в различных ситуациях, где проявляются социально-статусные, ролевые, деятельностно – поведенческие взаимоотношения, взаимодействия субъектов общения. Эти взаимодействия определяют речевые поведение обучающихся, т.е. соблюдение речевых норм в тех или иных ситуациях общения. Кроме того, важно обеспечить овладение не только речевым, но и неречевым поведением, характерным для носителей языка (мимикой, жестами и проч.). Именно речевая ситуация в этих условиях становится единицей обучения, моделирующей реальное общение. В ней выделяется несколько параметров межкультурного общения, важных для осуществления рецепций и продукции речевой деятельности, а также речевого и неречевого взаимодействия общающихся. Такими параметрами являются: ценностные установки участников общения, коммуникативные намерения и коммуникативные ожидания, статусно - ролевые положение общающихся, их фоновые знания и знания друг о друге, временные и пространственные условия общения, наглядность (включая видео).

Описываемый принцип реализуется, если участники общения владеют определенными знаниями реальной действительности и определенным социальным опытом. При этом общность социального опыта говорящих – одна их характеристик интерактивного межличностного общения, и от того, насколько совпадает социальный опыт участников общения, зависит степень их взаимопонимания.

Следующий принцип соизучения иностранного языка и культуры, который может быть выделен с позиций психолингвистики, это принцип активизации речемыслительной деятельности учащихся. Суть данного принципа может быть раскрыта в процессе рассмотрения

проблем взаимосвязи языка и мышления, кодирования и декодирования речи, проблем активизации речевых действий учащихся на мотивационном, процессуальным, результативным и рефлексивном уровнях.

Национальные особенности мышления и поведения находят свое проявление в языке; в свою очередь язык влияет на понимание мира, на мышление людей, их мировоззрение, поведение. В результате складывается определенная «яыковая картина мира», проявляющаяся в межкультурном общении, где сопоставляются «образы» культур. Здесь могут возникнуть трудности в понимании и порождении высказывания, и возможен «культурный шок», т.е. состояние удивление или даже неприятия фактов культуры носителей другого языка. В связи с этим можно выделить еще один принцип обучения принцип «аккультурации» т.е. использования различных средств, приемов, способов и форм усвоения личностью новой культуры. Иногда бывает, что люди, владеющие одним и тем же языком ( на разном уровне), не всегда могут понят друг друга, и причиной здесь является именно расхождение культур: у них разные культурные ценности, другие поведенческие модели и т.д.

Реализации принципа «аккультурации» возможна при условии использования в обучении аутентичных материалов, представляющих современную действительность страны изучаемого языка, а также обязательные сведения, известные всем носителем иностранного языка и каждому культурному человеку, при условии изучения лингвострановедческого материала, овладения устойчивыми выражениями иностранного языка, речевым этикетом, жестовым языком, характерными знаками и символами, безэквивалентной лексикой и фоновыми знаниями.

**Список литературы:**

1.Википедия

2.Колкова М.К. Культуроведческий подход к обучению межкультурному иноязычному общению. 2011

# КОММУНИКАТИВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

***Садырмекова Индира Макеевна,***
*старший преподаватель английского языка, КазНПУ им.Абая*

Развитие и активизация коммуникативных навыков требуют особого, креативного подхода со стороны преподавателя иностранного языка, так как коммуникативные навыки являются одними из важных критериев в знании иностранного языка.

Работая со студентами и обучая их иностранному языку, при планировании урока всегда стоит вопрос о выборе того или иного вида деятельности, который соответствовал бы уровню знаний студентов и заданной теме. И на мой взгляд, именно правильный выбор вида деятельности (ролевые игры, песни, кросворды, головоломки, диспуты, интервью и т.д.) активизирует коммуникативные навыки. Данная статья содержит вопросы о роли учителя, атмосферы на уроках, способы организации групп обсуждения, выбор мероприятий, использование видов деятельности.

Преподаватели иностранных языков на уроках используют различные виды деятельности, чтобы достигнуть определенных целей. Виды деятельности уже разработаны и даны в учебниках как отечественных, так и иностранных изданий, которые можно использовать

на уроках иностранного языка. Задачей преподавателей является правильный выбор видов деятельности для определенной группы студентов, учитывая уровень их знаний. Эффективность и достигнутый результат в обучении иностранному языку зависит от множества факторов: правильность выбора целей и задач, рабочей атмосферы в группе, роли преподавателя, способов организации обсуждений, в том числе и выбор обсуждаемых тем.

В дополнение к традиционным урокам иностранного языка предоставляется большое количество видов упражнений, чтобы сделать их более интересными и продуктивными.

Такой подход преподавания иностранными языками должен помочь студентам достичь коммуникативных умений в ситуациях, имеющие реальное общение.

Рассмотрим два способа организации коммуникативной деятельности: информационный пробел и пробел мнений. Упражнения на информационный пробел (в виде ролевых игр, головоломок) направлены на то, чтобы студенты обменялись информацией для нахождения решений. Например: восстановить текст, решить загадку, написать краткое изложение.

Упражнения, касающиеся пробелов мнения, включают спорные тексты или идеи, которые требуют от участников описать, либо защищать свои взгляды, основываясь на этих идеях. Используя такие виды деятельности студенты могут поделиться своим мнением, опытом и возможные разногласия могут стать центром обсуждения. Для студентов которые изучают иностранный язык очень важна настройка, чтобы испытать реальные коммуникативные ситуации, в которых они участвуют, и чтобы выразить свои собственные взгляды и отношения. Что касается традиционных упражнений учебника? Они необходимы и полезны и могут быть использованы для предварительной коммуникативной грамматики и практики и станут связующим звенов в других видах деятельности. Виды деятельности могут повысить активность и вызвать интерес к изучаемому языку. И конечно, ситуации, касающиеся их лично являются в высшей степени мотивацией для студентов.

Кроме того, изучение иностранного языка не только вопрос запоминания различных вещей вокруг нас, это еще и образовательный опыт. Так как наш язык тесно связан с нашей личностью и культурой, почему бы не использовать процесс коммуникативной деятельности, чтобы научиться говорить о своих симпатиях и антипатиях которые могут привести к осознанию ценностей и целей жизни. Обучение является более эффективным, если студенты принимают активное участие в этом процессе. Степень активности студентов зависит, среди прочего, от типа материала над которым они работают. Интерес студентов можно повысить текстом, содержащим неточности и ошибки, сотсутствующей или запутанной информацией, что приводит к любопытству, исправлению или дополенению информации. Другие способы для активизации деятельности студентов являются головоломки, ролевые игры, веселые и с элементами воображения.

Довольно важным фактором в активизации деятельности студентов является отношение учителя. Атмосфера в классе или группе в значительной степени определяется учителем, который – довольно часто даже не подозревая об этом – задает тон, выбрав определенные типы упражнений и тем, не смотря на обязательное структурное и лексическое обучение, где коммуникативные цели занимают центральное место в этих мероприятиях, для того, чтобы студенты выполняли упражнения и использовали полученные навыки и знания.

Немаловажную роль в проведении урока имеет атмосфера, созданная преподавателем, для той или иной деятельности.Многие виды деятельности направлены на конкретного участника. Студентов просят рассказать другим о своих чувствах, мнениях, мыслях. Их также просят оценить свои чувства и дать интервью другим. Не все делают это с легкостью. Это становится невозможно для человека – экстраверта, если атмосфера в группе враждебна, а участник боится быть осмеянным. Первым необходимым требованием для использованияличностно-ориентированной деятельности является непринужденная и дружественная атмосфера в группе. Только в этом случае цель этих мероприятий будет достигнута: сотрудничество и рост взаимопонимания.

В группах или классах, которые только что были сформированы или обучаются новым преподавателем следует избегать деятельности, связанные с очень личными темами. Даже в классе, где студенты хорошо знают друг-друга, определенные виды деятельности могут принять угрожающие возможности для отдельных студентов. Для того, чтобы избежать каких-либо неприятных ситуаций преподаватель должен сказать, что любой может отказаться отвечать на личные вопросы без оснований или объяснений и группа должна принять этот отказ без обсуждений или комментариев. В любом случае преподаватель должен иметь возможность выбрать деятельность, в которой студенты будут чувствовать себя свободно.

Многие виды деятельности могут выйти из под контроля без руководства преподавателя. Преподаватель должен решить, принять участие в деятельности в качестве равноправного члена (это иногда может быть неизбежным в парной работе в группе с нечетным числом студентов) или оставаться в тени, чтобы наблюдать и при необходимости, помочь. Первый вариант имеет ряд преимуществ: например, психологическая дистанция между преподавателем и студентами может быть сокращена, тогда студенты узнают своих преподавателей лучше. Конечно, преподаватель должен воздерживаться от постоянного исправления студентов, а дать больше взможности для самостоятельной работы. Еще одно преимущество неучастия в том, что преподаватель должен ненавязчиво наблюдать за выполнением работы нескольких студентов на иностранном языке и обратить внимание на распостраненные ошибки для того, чтобы доработать на более позднем этапе. Некоторые виды деятельности, в основном решение головоломок, требуют от преподавателя полностью уйти в тень.

Независимо от выбранного метода, преподаватель должен быть осторожным, чтобы не исправлять ошибки студентов слишком часто. Прерывание и исправление делает студентов нерешительными в их речи, когда они должны действительно практиковать свою коммуникативность. Кажется, гораздо лучше использовать способ наблюдения и помочь только тогда, когда помощь востребована самими студентами, поощрять, чтобы преодолеть трудности, найдя альтернативные способы выразить то, что они хотят сказать.

Преподавателю следует умело организовать группы обсуждения,чтобы все участники могли активно работать в корпоративе.Существует ряд различных способов создания коммуникативных групп.

Дискуссионные группы: проблема обсуждается в малых группах в течение нескольких минут, прежде чем мнение или решение выносится на общее обсуждение.

Круглый стол: все студенты садятся за круглый стол. Предлагается спорный вопрос. Каждый участник выражает свои взгляды.

Звезда: создаются небольшие группы, где принимаются общее мнение или решение. Каждая группа избирает спикера, который вступает в обсуждение с преподавателями других группа.

Существует несколько возможностей для выбора правильного вида деятельности, начиная от беглого просмотра и выбора первого попавшего.

Просмотрите все виды деятельности и какие критерии выбора относятся к вашей теме больше всего. После того как вы нашли ряд вероятных вариантов, прочитайте подробное описание и затем принимайте решение. Можно сделать выбор вида деятельности для определенного уровня или практики определенной грамаматической структуры. Можно выбрать тот, который является, на ваш взгляд более интересным.

Использование видов деятельности:

Как только вы нашли подходящий вид деятельности для вашей группы вы должны выполнить следующие действия:

подготовить материалы в достаточном количестве;

прочитайте раздел «процедура» и при необходимости запишите основные этапы.

Руководствуясь этими принципами при разработке и выборе видов деятельности можно активизировать коммуникативную работу студентов и сделать урок интересным и познавательным.

**Список литературы:**

1. Friederike Klippel “Keep talking”. Cambridge University Press 2002.
2. Adrienne Herrell, Michael Jordan “Fifty strategies for teaching English language” 2004.

Резюме

В этой статье говорится об активизации коммуникативности студентов в процессе учебной деятельности, роли преподавателя в организации и проведения видов деятельности, направленные на развитие коммуникативных навыков и умений.

Summary

This article deals with activation students communicative fluency activities, teacher’s role in organization activity to develop communicative skills.

# ҚАЗАҚ ТІЛІН САПАЛЫ ОҚЫП-МЕҢГЕРУІ ҮДЕРІСІН ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

***Сатбекова А.А.***
*педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚазМемҚызПУ*
***Джасталапова А.,***
*2-курс магистранттары, ҚазМемҚызПУ*

**Annotation**

*Besides, modern educational paradigm defines teaching as a managing academic-cognitive activity that leads not only and not so much to increasing the baggage of knowledge, abilities and skills but to more important changes in the trainee’s personality: to increasing the intellect, to upbringing definite characteristics of the personality, psychological changes in the personality directed to more comprehensive self-realization. Especially it concerns teaching at higher educational institutions where the trainee gradually with his/her professional and social significance self-consciousness develops from the object into the subject who can manage other people and himself. At higher professional school, the result of the process of teaching comes forth as one forming professionally relevant qualities of the student’s personality – the qualities which identify his professional competence and mastership.*

*The qualification of methodological and scientific-theoretical bases of the project teaching technology is a pledge for increasing the quality of education in the process of mastering the state language in an alien auditorium at higher educational institutions. For only under of reliance conditions on singular regularities and provisions, teaching technologies guarantee definite results.*

***Keywords****: the Kazakh language, technology projective teaching, development of mental actions, intelligence, individuals.*

Қазақ тілін сапалы оқып-меңгеруі үдерісін жобалай оқыту технологиясы арқылы ұйымдастыру үшін осы мақсатқа лайықталған *әдістеме жүйесінің* кешенділігі ұстанымы маңызды орын алады. Тіл үйренушінің қазақ тілінің теориясынан білім минимумын меңгеруі, практикада, әсіресе, өз бетімен ғылыми ізденістер жүргізуде орындайтын жұмыстары кешенділікпен бір жүйеге орталықтандырылса ғана студенттің жеке тұлға дәрежесіне көтерілу мүмкіндігі артады, осы жүйе арқылы оның болашақ маман ретіндегі іс-әрекеттерінің қалай, қандай жолмен қалыптаса бастағанын айқындауға болады. Ал жобалай оқыту технология-

сы осы кешенді жұмысты ұйымдастырудың ең тиімді жолы болып саналады. Өйткені бұл технология білімді өздігінен игеру жолының нақты кезеңдерге бөліне жүргізілетін жүйесін құрайды. Ондағы тақырыпты анықтаудан соңғы тұсаукесерге дейінгі аралықтағы әр кезең өздік жұмыстарға қойылатын талаптарға орай апта сайын талданып, бекітіліп, жүйеленіп отырады.

Қазақ тілін сапалы оқып-меңгеруі үдерісін жобалай оқыту технологиясы арқылы ұйымдастыратын әдістемелік жүйеде қазақ тілінен сапалы білім берудің түпкі мәні студентке қазақ тілі бірліктерімен (дыбыс, буын, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін) тікелей жұмыс жасаумен шектелуге немесе студенттің өз бетімен білім алу мәселелерін өз бетімен ғана шешуі сияқты біржақтылыққа орын берілмейді. Бұл жерде *саналылық ұстанымы* берік орын алады, яғни студент пен оқытушының біріккен оқу-танымдық іс-әрекетінің үйлесімділігі қажет болады. Жоба дайындаудың басты мәні, түпкі мақсаты – студенттің саналы білім алуы. Өйткені студент оған енетін әрекеттің барлығын оймен бағамдап, жоспарлап, саналы түрде жүзеге асырады.

Тіл үйренушінің қазақ тілін сапалы оқып-меңгеруі үдерісін жобалай оқыту технологиясы арқылы ұйымдастыруда студенттерге ұсынылатын білім мазмұны маңызды орын алатыны белгілі. Білім мазмұнын анықтауда оқу курстарын ұйымдастыруға тірек етіп алынатын оқу жоспарлары, оқу бағдарламаларының мәні зор. Сондықтан білім беру басталғаннан бергі педагогика тарихында пайда болған білім мазмұны туралы пікірлер қазіргі кездегі ерекшеліктердің аясына тоғыса келе, *білімніңжан-жақтылығы мен толықтығы ұстанымына жүгінуді қажет* деп санайды. Жан-жақтылық бір мәселені әр қырынан тану, білу, орындау арқылы жүргізілсе, онда бұл жерде де жобалай оқыту технологиясының өзіндік артықшылықтары бар. Жобалай оқыту студенттің интеллектуалдық жағынан да, психологиялық жағынан да, әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамыту жағынан да саналы әрекет етуге мүдделі етеді. Жоба – студенттің проблеманы өздігінен жол тауып шешуін талап етеді, яғни ол бар ақыл-ойын соны шешуге жұмсайды. Ақылмен өлшеп білген мәселесін көпшіліктің алдында өз деңгейінде қорғау үшін ол іштей психологиялық дайындықтар жасайды. Өзгелердің жағымды қатынасын тудыруға қажетті түрлі амал-тәсілдерді ойластырады. Соңында ол дұрыс жоба жасау үшін сөйлесім әрекетінің компоненттерін толық қамти отырып дайындаған тұсаукесерін шеберлікпен жеткізуге ұмтылады. Міне, мұның бәрі студенттің білімінің жан-жақтылығын қажет етеді.

Жобалай оқыту технологиясы арқылы мемлекеттік тілді меңгертудің арнайы ұстанымдары ретінде:

- проблеманы қою және уәждеме тудыру (іздену белсенділігі) ұстанымы;
- грамматиканы танымдық тұрғыда (алгоритмдер, кестелер, диаграммалар арқылы) меңгерту ұстанымы;
- қайталау (түрлі жаттығу – тапсырмалар арқылы қайталау) ұстанымы;
- субъектінің өз әрекетін жоспарлау (ойын түрлерінде тапсырманы орындау) ұстанымы;
- интеграциялау (басқа пәндер бойынша алған білімін пайдаланып, өз бетінше жаңа білім жинақтау) ұстанымы белгіленді.

Осы айтылғандарға сабақтастыра отырып, өзгетілді дәрісханалардағы қазақ тілін меңгерту үдерісінде әдіскер-ғалым Қ.Қадашева айқындаған *когнитивті, аффективті және лингвистикалық ұстанымдар жүйесі* де басшылыққа алынды. Осыған орай мынадай қағидалар айқындалады:

- когнитивтік ұстаным
- контекске үйрету
- қошеметтеу
- стратегиялық қуаттылық
- ішкі сезімдерге байланысты ұстаным

- тілдік «мен» ұстанымы
- өзіне-өзі сенімділік ұстанымы
- мәдениет пен тілді байланыстырып оқыту ұстанымы
- тіл аралығы ұстанымы
- коммуникативтік құзырет.

Қ.Қадашева қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту барысында қолданылатын оқыту құралдарын былайша жүйелейді:

1. Оқытушы үшін оқу құралдары:
- мемлекеттік білім беру стандарты;
- оқу бағдарламасы;
- оқытушыға арналған кітап;
- әдістемелік әдебиет.
2. Тіл үйренуші үшін оқу құралдары:
- оқулық; - оқу кітабы;
- тіл дамытуға арналған оқу құралы;
- сөздік; - жаттығулар жинағы.
3. Аудиовизуалды оқу құралдары:
- видео; - аудио;
- компакт-дискіге жазылған электронды құрал [1].

Қазақ тілін сапалы оқып-меңгеруі үдерісін жобалай оқыту технологиясы арқылы ұйымдастыратын әдістемелік жүйеде осы бағыт ұсталынды.

Дидактикада «әдіс» және «амал», «тәсіл» деген ұғымдар белгілі. Ғалымдар Ф.Оразбаева мен Қ.Қадашева осы ұғымдарды айырып танып қана қоймайды, жаттығулар мен тапсырмалар жүйесінде студенттердің орындайтын амал-тәсіл жолдарын да айқын береді. Ф.Оразбаева осы ұғымдардың аражігін айқындап, әрқайсысының орны мен рөлін ғылыми негіздеп берсе[2], Қ.Қадашева ғылыми монографиясында 22 амал-тәсілдің түрін көрсетіп, студенттің қазақ тілін сапалы меңгеруіне қажетті әдістерді былайша топтастырады:

- үйретудегі мотивацияны тудыру әдістері;
- кешенді түрде оқу-танымдық әрекетін ұйымдастыру әдісі;
- үйретудің тиімділігін арттыратын бақылау әдісі [1].

Негізінде, әдістердің қолданылуы жаңа әдістердің жасалуын емес, олардың өзара түрлі позицияларда орын ауыстыра келуімен байланысты түрлі нәтижеге жетуге болатынын Н.Құрманова да атап көрсетеді. Әдістердің комбинаторлық қолданысы деп атай отырып, Н.Құрманова «олардың барлығы, жинақтала келе, теориялық таным әдістері деп аталады»,- дейді. Оның қатарына:

- анализ;
- синтез;
- индукция;
- дедукция;
- эксперимент;
- модельдеу;
- бақылау;
- салыстыру;
- жіктеу;
- практикалық;
- сауалнама жүргізу;
- тестілеу әдістерін жатқызады [3].

Осылардың қатарына мынадай әдістерді іріктеп қосып, соның негізінде қазақ тілін сапалы оқып-меңгеруі үдерісін жобалау технологиясы арқылы ұйымдастыруға оң ықпал еткен

әдістер жүйесін саралауға ұмтылыс жасадық. Атап айтқанда:

- қазақ тілін сапалы меңгеру ұстанымы негізіндегі әдістер;
- жазба сауаттылықты қалыптастыру әдістері;
- студенттердің ғылыми ізденістерін ұйымдастырудағы тарихи проблемалық әдіс;
- әдістерді кешенді қолдану ұстанымы негізіндегі әдістер комбинациясы;
- компьютерді ішінара қолдану әдісі;
- жеңіске жету жағдаятын қолдану әдісі;
- эвристикалық әдіс.

Жобалай оқыту технологиясын қолдана отырып қазақ тілін сапалы меңгерту жолының арнаулы әдістері бойынша ұйымдастырылған жұмыс кезеңдері деп мыналарды атап көрсетуге болады:

- студенттің алға қойылған зерттеу жұмысынан туындайтын проблеманы дұрыс айқындауы;
- проблеманы шешуде аса маңызды болатын болжам қоюы;
- зерттеу әдістерін талқылауы;
- зерттеу жүргізу логикасын тануы;
- нәтижелерді көрнекілеуі;
- алынған мәліметтерді талдауы;
- қорытынды жасауы;
- түзетулер жасауы;
- тұжырымдар жасауы;
- «ойға шабуыл», «дөңгелек үстел» өткізуі;
- нәтижелер бойынша статистикалық есептер жасауы;
- түпкі нәтижені толығымен тексеріп, ортаға салуы.

Бір жағынан қарағанда, осы көрсетілген алгоритмдер іс-әрекет жүйесіне сай келеді де, осы жүйемен жүрудің өзі студенттердің осы әдістерді меңгеру нәтижесін танытады.

Жобалай оқыту технологиясы тілді оқыту үдерісінде тіл үйренуші мен оқытушының өзара бірлесе атқаратын жұмыстарының нәтижесінде белгілі бір межеге мақсатты түрде жетеді. Осы үрдісте оның тірек ететін нәрсесі қазақ тілінен жинақталған қор болады. Сол қорды пайдалана алу мүмкіндіктері студенттің соңғы нәтижеге жету деңгейін өлшеуге тірек етіп алынады. Осы жердегі «субъект-субъектілік» қатынас білім сапасын арттырудың жолы болып танылады. Ынтымақтастық педагогикасының қағидалары басшылыққа алынып, екі жақтың да көздеген межеге жетуіне кепіл болады.

Қазақ тілін гуманитарлық бөлімде оқытудың тиімді нәтижеге жетуі негізінен оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Оның үстіне қазақ тілін оқытудың басты әдісі ретінде жобалай оқыту технологиясы қолданылатын болса, онда бұл жерде оқытушы мен студенттің қарым-қатынасындағы түрлі байланыстар, қатынастар мен эмоционалдық сезімдері айқын байқалып, оның жағымды қырдан танылуына екі жақтан да ықылас болуы және бақыланып отырылуы аса маңызды шарт болмақ.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы «оқытушы — әрдайым талап етуші», ал «студент — әрдайым бағынышты, талапты орындаушы» моделінде келетін болса, жобалай оқыту технологиясы жүйесінде оқытушы мен студент көбінесе серіктестік қатынаста бірігетіндей болып ұйымдастырылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қадашева Қ. Қазақ тілі:оқытудың тиімді әдістемелері.– Алматы,2000.–166 б.

2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі.– Алматы, 2000. – 208 б.

3. Құрманова Н.Ж. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері. – Ақтөбе, 2001.– 300 б.

# ТАРИХИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

***Асипбек М.К***
*Абай атындағы ҚазҰПУ 6М012100 – «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс магистранты,*
***Сатемирова Д.А***
*Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы*

***Аннотация.***
*Бұл мақалада, әдебиет сабағындағы ең басты мәселе бұл балаға тарихи шығармаларды оқыту болып табылады. Яғни, тарихи шығармаларды балаларға қалай оқытқан дұрыс, қандай әдіс арқылы оқытамыз осы мәселе қарастырылады.*

Еліміздің өз тәуелділігіне қол жеткізіп, саяси - әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытта терең білім, сауатты ұрпақ тәрбиелеу - негізгі міндеттердің бірі.Әлемдік саяси аренада Қазақстан Республикасының өзіндік салмағын пайымдау оның ұлттық білім жүйесінің жоғары дәрежеде дамуымен байланысты.
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ел халқына Жолдауында «Қазақтың ел болуы, ұлт тағдыры – оның келешек мектебінің қалай болып құрылуына тіреледі»[1, 22] - деп атап көрсетті.Егемендіктің тұғыры тұрақталып, мемлекеттің іргесін нығайту және қазіргі уақыттағы жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін мектеп қабырғасында елжандылық тәрбие идеяларының санасына дарытуда әдебиеттің алатын орны ерекше.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың тарихи шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, тарихи туындыны бүкіл бітім – болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс – тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануы керек. Оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы керек.

Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық тұрақты ынта – ықыласты, биік талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру. Бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады.

- тарихи шығарманы оқуға деген қызығушылығын, ынтазарлығын ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;
- сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем – дағдылар қалыптастыру;
- ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой – пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу.

Тарихи шығармаларды оқыту әдістемесін зерделеуде, ең алдымен, бұл үдерістің жалпыпедагогикалық және жеке әдістемелік негіздерін жаңа инновациялық оқыту талаптары негізінде жүйелеп қалыптастыру керек.

Тарихи шығармаларды оқытудың дидактикалық негіздерін анықтауда жалпыдидактикалық мына ұстанымдар басшылыққа алынады:

- ☐ Тарихи шығармаларды оқытудың ғылымилылық ұстанымы;
- ☐ Тарихи шығармаларды оқытудың жүйелілігі және жоспарлылығы ұстанымы;
- ☐ Тарихи шығармаларды оқытудың оқушылардың саналылығы мен белсенділігі ұстанымы;

- Тарихи шығармаларды оқытудың қолжетімділік ұстанымы;
- Тарихи шығармаларды оқытудың пәнаралық байланысы ұстанымы;
- Тарихи шығармаларды оқытудың көрнекілілік ұстанымы;
- Тарихи шығармаларды оқытудың инновациялылық ұстанымы;
- Тарихи шығармаларды оқытудың тәрбиелік ұстанымы.

Бұл жалпыдидактикалық ұстанымдар – тарихи шығармаларды мектепте, жоғары оқу орындарында т.б. оқу орындарында оқыту үдерісінің басты қағидалары ретінде танылады.

«Әдіс» – әдебиет сабақтарындағы мұғалім мен оқушының бірігіп атқаратын оқу-танымдық іс-әрекеті. Сабақ тақырыбына лайық дұрыс таңдалған әдіс арқылы оқушы жаңа білім мазмұнын игереді, жаңа білік-дағдыларға ие болады, қабілеті жетілдіріліп, белгілі бір дүниетанымдық көзқарасы қалптасады.

Тарихи шығармаларды оқыту әдістерінің жіктемесін тануда сюжеттік-композициялық талдау, бейне, стильдік талдау, шығарманың тарихи талдануы, шығарманы жазушының шығармашылық қызметі аясында және басқа жазушылар шығармашылығымен салыстыра қарастыру сияқты тағы басқа әдіс-тәсілдер алдынғы орында тұратыны белгілі.

Тарихи шығармаларды оқытуда қолданылатын сапалы әдістер осы әдістің кішкене құраушы элементтері болып табылатын амал-тәсілдердің алгоритмдік қолданысы арқылы жүзеге асырылып қолданылады. Тарихи шығармаларды оқытуда қолданылатын әдістерді былайша жіктеуге болады:

- эвристикалық әдіс;
- ізденіс әдісі;
- репродуктивтік әдіс;
- продуктивтік әдіс;

Эвристикалық әдіс – орта мектеп оқушыларына тарихи романдарды танытуда бірден-бір дұрыс әдістің бірі болады. Өйткені бұл тақырыптағы қазақ әдебиеті – оқушылардың осыған дейінгі меңгерген әдеби білімінің кеңейтілген, жоғарылаған, ғасырлар бойғы ата-бабаның мұрат етіп аңсаған арманының жүзеге асырылған кезеңінің бейнесін сомдаған әдебиет.[2-86 б] Эвристикалық әдіс арқылы көркем әдеби шығармаларды танып-талдау барысында оқушылардың сезімдік көркемдік қабылдауы санада терең иірімдерге бойлай түседі-дағы, олардың интеллектуалдық дамуы қарқындай түседі.

Ізденіс әдісі – білім беру үдерісінде ерекше мақсатты көздейтін әдіс түрі. Ізденіс әдісін қолданушы мұғалім тарихи романдар болмысындағы өзіндік белгілер мен жаңа қырларын ашатын және осы кезеңге дейінгі қазақ әдебиетінде болмаған жаңаша құбылыстар мен өзгешеліктерді танытатын амал-тәсілдерді қолдану екендігін жақсы түсінуі керек. Қазақ әдебиеті тарихының осы кезеңге дейінгі даму барысындағы көркем туындылардағы еркіндік пен тәуелсіздік деген идеяның қолға бақыт құсындай қонғандығы оқушыларға ашық та еркін әңгіме барысында түсіндіріледі.

Репродуктивтік әдістер – тарихи романдарды оқытудың тиімді әдістерінің бірі болмақ. Репродуктивтік немесе көшірмелік әдіс арқылы мұғалім оқушыларға даяр білім мазмұнын жеткізеді. Негізінде, әдебиет сабақтарында репродуктивтік әдіс үлкен орын алады. Өйткені дайын көркем шығарма мәтінін оқу, түрлі талдаулар жасап, тапсырмалар орындау жұмыстары репродуктивтік әдіс арқылы жүзеге асырылады.

Продуктивтік әдіс – оқушының әдеби шығармаларды оқып-меңгеруі барысындағы жаңашылдыққа ұмтылысын ынталандыратын, өзгеріске толы заманның ағымында тез бағдар таба алатын, проблеманы көре алатын және оны шешуге қорықпай, шешім жолын іздеп таба алатын, ереше/оригиналды және шығармашылыққа толы идеяларды табуына ықпалын тигізетін әдіс.

Тарихи шығарманы, соның ішінде Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын талдағанда, репродуктивті әдістің тиімділігі көп.

Романнан үзінділер оқып танысу.

1. Шыңғысханның балаларына өсиеті

2.Абылай мен Бұқар жырау

4. Уали сұлтанның баласы Абылай

3. Батыр Баян мен Ноян

4. Абылайдың ақ бурасы

5. Абылайдың түсі

6. Абылайдың өлер алдындағы өкініші

7. Абылай хан мен сұрша қыз хикаясы

Венн диаграммасы

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1.І.Есенберлиннің шығармашылық жолы қалай басталды?

2.Жазушының қандай кітаптары бар?

3.«Көшпенділер» трилогиясының идеялық мазмұны, үш кітапта суреттелген кесек кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен көздеген мақсаттары

4. Қай шығармасы үшін жазушы Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты алды?

Репродуктивтік әдістің тиімді болып табылатын құраушы элементтері яғни мынадай амал-тәсілдерін атап кету орынды: мұғалім сөзі, баяндау, әңгімелеу, мазмұндау, шолу дәрістері, хрестоматиядағы көркем шығарма мәтіні, әдеби шығарманың түпнұсқасы, сұрақтар тізбесі, викториналар т.б. Сонымен қатар, интерактивтік тақтадан көрсетілетін көрнекіліктер молынан қолданылған дұрыс.

Бүгінде оқытудың жаңа технологиялары кеңінен қолданылуда. Жаңа стратегиялар мен оқытудың жаңа технологияларының көбі Қазақстанға «Сорос-Қазақстан» қоры тарапынан ұйымдастырылған «Оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту» бағдарламасының жобасы арқылы жетті.

СТО жобасының инновациялық мүмкіндіктері негізінде оқушыларды шығармашылыққа баули оқытудың мақсаты – ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, жаңашыл көзқарастағы шығармашылыққа бейім ортаны қалыптастыру.[3-55б]

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін жырлайтын, оқырманын еркін елдің азаматы дәрежесін көтере отырып, жан-дүниесін рухани қазынамен байытатын тарихи романдарды мектептерде оқыту әдістемесі жаңа даму сатысына көтеріліп келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Ұлт жоспары – 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты Елбасының бес институционалдық реформасы. 21 мамыр 2015ж

2. Н.Құрман. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. – Астана, 20058.

3. Қ.Байтанасова. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. -Астана, 2011.

# СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ

***Сейталиева Қарлығаш***
*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*
*Қазақ тілі теориясы мен әдістемесі кафедрасы*

Әлемдік білім беру кеңістігіндегі озат тәжірибелерді жинақтап, заман талабына сай білімді, жан-жақты, дарынды, талантты ұрпақ тәрбиелеу біздің міндетіміз. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер әрбір мұғалімнен, мейлі ол көп жылдық өтілі бар тәжірибелі маман болсын, болмаса жас кадр болсын жауапкершілікті талап етеді. Қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектептерде де, жоғары білім беретін оқу орындарында да жан-жақты білім беретін, ізденетін, талпынатын интеллектуалды тұлға тәрбиелеу – кәсіби құзыреттілігі жоғары маманның қолында.

Қазіргі уақытта Қазақстанның білім беру жүйесін жетілдіруде білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау мәселесіне педагогика ғылымында ерекше мән беріліп отыр. Сыни тұрғыдан оқыту моделіне білім алушы, оқытушы саналы түрде мән беріп, оқудағы іс-әрекеттерін саналы жоспарлайды.

Елімізде білім беру жүйесін жақсартып, болашақта зияткер тұлға тәрбиелеуде педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша тренерлерді оқыту курсының маңызы зор деп есептейміз. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты мен міндеттеріне үйлеседі, ал мемлекеттік бағдарламаның басымдықтары, өз кезегінде білім беру саласында көш басында Финляндия, Сингапур және Ұлыбритания секілді прогресшіл елдерге тән заманауи мақсаттармен және құндылықтармен барабар[1].

Деңгейлік курста таңдап алынған негізгі 7 модульді болашақ педагогтерге оқытуда тәжірибе алмасу үстінде детальды талдап, алдағы уақытта нақты қандай бағытта жұмыс істейтіндігімізді меңгердік деген ойдамыз.

Сын тұрғысынан ойлау – білім алушылардың қызығушылығын арттырып, тыңдаушыға өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасай білуге дағдыландырады. Белгілі бір тақырып бойынша ой қозғау жасай отырып, білім алушының өз ойы мен өзге әріптестерінің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттап, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға машықтандырады.

*Мұғалім – әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Білім алушы – студент, оқушы – ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Сын тұрғысынан ойлау модулі – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Білім алушының мұғаліммен, сыныптас достарымен тілдік коммуникация, кез келген тақырыпта дискурс жасай білуін, бір-біріне құрметепен, сыйластықпен, түсінушілікпен жұмыс істеп, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.*

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан негізгі ерекшелігі – *білім алушыларға білімнің дайын күйінде берілмеуі.*

Студенттерге аталған бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 жылдың қазан айынан бастап жүргізіліп келеді.

“Сын тұрғысынан ойлау” модулі бойынша білім алушыларды сыни ойлауға үйрету үшін төмендегі ұстанымдарға сақталды:

- Практика уақытында білім алушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету тез арада іске аспайтындығы, ол үшін *уақыт* қажет екендігі анықталды;
- Білім алушылардың терең ойлануына, ой қорытындысын жасауына және өз ойын ашық айта білге дағдыландыру, үнемі рұқсат беру мүмкіндіктері жасалынды;

□ Достарының пікірлері мен идеяларын дұрыс қабылдау, өзінің өзқарасын білдіру арқылы ортақ бір пікірге келу, белсенді іс-әрекетін қолдау іске асырылды;

□ Семинар сабақтарда студенттердің бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуы талап етілді. Білім алушылардың сын тұрғысынан ойлауын бағалау жолдары үйретілді.

*Сыни тұрғыдан ойлау* – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Сыни тұрғыдан ойлау модулінің негізгі мақсаты – білім алушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, теориялық білімдерін практикада, яғни күнделікті тұрмыстық аяда қолдана білуін қамтамасыз ету. Білім алушылардың қазақ тілінен грамматикалық тақырыптарды толық меңгеріп, білім деңгейін көрсете білуі қажет. Дайын білімді беретін дәстүрлі білім беретін оқытушылар сын тұрғысынан ойлана білетін студенттерді қалыптастырғылары келсе, оқытушының өзі де сын тұрғысынан ойланып, зерттеу іс-әрекеттерін жоспарлы ұйымдастыруы қажет.

*Сыни тұрғыдан ойлау модулі бойынша оқытушының негізгі қызметі* – студенттердің теориялық білімді қабылдау ерекшеліктерін, түсінігі мен біліктілігін жетілдіру мақсатында білім алушылармен арнайы жұмыс жасау қажеттілігін толық ұғыну.

Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану»деп сипатталған. Олар қолданатын кез келген нысанның артында обьективті немесе жеткілікті дәрежеде обьективті емес нормалармен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады[1.32] деген сөзді басшылыққа ала отырып, мұғалімдерге арналған нұсқаулықпен таратпа материалдардан осы модульді өз іс-тәжірибеме қолдануды көздеп сыни тұрғыдан ойлау түрлеріне мән бердім. Себебі студенттерге сыни ойлау тұрғысынан семинар сабақтарымның қызықты және тартымды өткенін қаладым. Ғылыми зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, сыни тұрғыдан ойлау студенттердің қызығушылықтарын арттырумен қатар олардың білім деңгейлерінің көтерілуіне әсер етеді. 3 апталық практика кезінде тәжірибелік сабақтарымды өткізу барысында курстың алғашқы «бетпе-бет» кезеңінде осы модульдің әдіс-тәсілдерін жиі қолдандым. Бұл әдісті қолданғандағы мақсатым барлық студенттерді тақырып бойынша өз ойларын толық жеткізуге, сыни ойлауын дамытуға, сабаққа деген ынтасын арттыруға ықпал етеді деп ойлаймын.

Студенттеріне оқу үрдісіндегі мұғалім мен оқушының арасындағы субъектілік қатынастың дұрыс ұйымдастырылуы, «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» арасындағы іс-әрекеттердің жоспарлы ұйымдастырылғанда ғана жұмыстың нәтижелі болатындығы түсіндірілді.

«Сыни тұрғыдан ойлау» модулін тәжірибеме енгізуде деңгейлік курс бойынша меңгерген теориялық білімнің іс-жүзіндегі студент назарын оқыту мақсаты мен жетістікке жету критерийлеріне аударуға жетелейтіндігін, әр студенттің дамуына мүмкіндік беретінін, студентті мақсат қоя отырып жұмыс жасауға үйретететінін, студенттерге өз жұмысының сапасы туралы, оқу жетістіктері туралы ақпарат беретіндігі белгілі.

Студенттер “Практикалық қазақ тілі” пәнінен аралық және ағымдық бақылауларда жүргізілетін тест жауаптарын жаттап алып, теориялық материалды жаттанды айтатындығы байқалды. Өз тәжірибемде сыни ойлауды сабақ жоспарында да, іс жүзінде де, сабақты қорытынылау барысында да жүзеге асыратынымды, сыни ойлаудың сабақ барысында үздіксіз жүретін үдеріс екенін, нәтижесінде сол тақырыпты өтуде белгілеген мақсаттары студенттің жетістікке, білім нәтижесіне жететіндігі анықталды.

Сыни тұрғыдан оқытудың тәсілдерін қолдану барысында топтық жұмыс барысында студенттер берілген тапсырмаларды орындап, олардың сыни тұрғыдан ойлауы дамыды. Сту-

денттерге сыни тұрғыдан ойлауын жетілдіру модулі бойынша жұмыс атқаруда қазақ тілі сабақтарында лингвистикалық құзыреттілігі жоғары болатындығы дәйектелді.

Білім беруде біз тек студенттің сыни тұрғыдан ойлауын жетілдірмейміз. Сыни тұрғыдын ойлау екі жақты іске асырылады:

- *студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту;*
- *мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту.*

*Студенттердің сыни ойлауын жетілдіру үшін қандай стратегия тимімді?*

Студенттерге теориялық материалды меңгерту үшін ең ұтымды стратегия қайсысы деген ой тақырыптық жоспарды өте тиянақты жасау қажеттілігін түсіндім. Мен жоспарлаған тапсырмалар студенттерге тиімді ме? Оқу тобындағы студенттердің білім деңгейіне сәйкес келеді ме? деген сұрақтарға жауап бере отырып ойландым. Сыни ойлауда студенттер қандай да бір мәселеге терең оймен қарайды, салыстыра отырып талдау жасайды, өз көзқарасын білдіреді, өз ойын тұжырымды жеткізе алады.

«Практикалық қазақ тілі» пәнінен өтілетін тақырыптар аясында студент не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету үшін осы кезеңге қызмет ететін *"Топтау", "Түртіп алу", "Ойлану", "Жұпта талқылау", "Болжау" т.б.* интерактивті әдістер қолданылды. Күнделікті оқыту процесінде студенттің толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Студенттер өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда студенттер бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді.

I курс студенттері «Практикалық қазақ тілі» пәнінен жинақталған білімдерін *«Білемін»* деген бағанға стикерге жазып дәлелдеді. *«Білгім келеді»* бағанға өз ойларын еркін жеткізе алды. Оқу тобындағы студенттер бір-бірімен жұмыс істегенде өздерін жайлы сезіне алды. Түсініксіз жерлерін сұраудан қысылған жоқ. *Инсерт (Insert) стратегиясын* пайдаланудың тиімділігі сабақ беруде анықтылды. Инсерт – түртіп алу деген ұғымды білдіреді. Студенттерге оқу материалы дайын түрде ұсынылады. Мәтінді оқып, кестені толтырады: «V» – *білемін;* «+» – *мен үшін жаңа*; «–» – *басқаша ойлаймын;* «?» – *түсінбедім, тереңірек білгім келеді.* Кестені мәтіннің фрагменттері немесе толық абзац түрінде толтырады. Сонан соң студенттер жұп болып немесе топпен өзара пікір алмасады.

«Практикалық қазақ тілі» пәні – теориялық жағынан күрделі, әрі қызықты пән. Бұл стратегияны қолданудағы студенттердің қызығушылығын арттыру және ой толғау кезеңдерін тиімді жүргізуге көмектеседі. Бұл стратегияның түрі сыни тұрғыдан ойлау модулінде ғана емес, сонымен бірге бағалау моделінде де қолданылады. Кластер топтастыру деген ұғымды білдіреді. Бұл әдістің авторы – американдық Гудлат. *Кластер стратегиясының мақсаты* - оқу материалын график түрінде жүйелеу, мәтіннің, яғни тақырыптың орналастыру.

Ойымызды қорытындылай келгенде, сыни тұрғыдан ойлауға негізделген сабақтар студенттердің тіл білімі ғылымы жөнінде жинақталған білім қоры мен ұстанымдары туралы ойлануына, білім деңгейін тексере отырып толықтыруына, сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Болашақ педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі, пәндік құзыреттілігі, коммуникативтік-когнитивтік құзыреттілігінің жоғары деңгейде болуы олардың сыни тұрғыдан ойлай білу қабілетімен байланысты.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы.

2. Alexander R.J. Towards Dialogic Teaching. Rethinking classroom talk. [Диалогты оқыту жолында: сыныпта талқылаудағы жаңа тәсілдер], 2008.

# ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРНЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

***Татиева Светлана Серікқызы***
*магистр, лектор,*
***Омурзакова Альфия Кеңесқызы***
*ф.ғ.к., сениор-лектор, Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ*

***Аннотация.***

*В статье рассматриваются об эффективности применение новых инновационных методов на уроках казахского языка.*

***Annotation.***

*The article discusses about the effectiveness of the use of new innovative methods on the lessons of the Kazakh language.*

Қазіргі заманның талаптарына сай жаңа міндеттерді шешу туындап отыр. Қоғамда орын алып жатқан өзгерістер оқытылатын пәндерге де ықпалын тигізеді. Бұл орайда қазақ тілі пәні де басқа пәндер секілді едәуір өзгерістерге ұшырайды. Зерттелетін ақпараттың көлемі ұлғайып, деректану базасы кеңейтіле түсті. Қоғамда, баспасөз беттерінде, телевидениеде, оқулықтарда бір мәселелер мен оқиғаларға түрлі көзқарастар пайда болды. Осыған байланысты студент ақпараттың мұндай көлемін меңгере ала ма, деген сауал туындап отыр. Бүгінгі таңда көптеген оқытушылар оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін амалдарды іздестіруде. Педагогты қашанда сабақта барлық студенттерге қызық болғанын, оқу үрдісіне барлығының қатысқанын, ең бастысы бірде-бір студент сабаққа немқұрайлы қарамағанын қалайды.

Қазақ тілі пәні бойынша заман талабына сай сабағы – тек «білім, білік, дағдыларды» қалыптастырудың ұстанымдарынан тыс жеке тұлғаға бағытталған сабақ, мұнда тәлім алушы және мұғалім тұлғасы субъект болып табылады, өйткені оқытудың мақсаты – студенттің жеке тұлға ретінде қалыптастырып, оның жекелілігі мен мүмкіндіктерін дамыту.

Қазіргі таңда білім беру үрдісін толықтай немесе жартылай өзгертетін көптеген технологиялардың түрлері бар. Білім беру тәсілін ақпараттандыру және компьютерлендіру үрдістері постиндустриалдық қоғамға тән құбылыс және оқушы мен студенттердің интернет телекоммуникациялық желісінің жаңа құралдарын, ақпараттық масивтермен жұмыс істеудің әдіс пен технологияларын меңгеруін талап етеді. Оқытушының негізгі міндеті оқып жүрген жастарға ғылым ретінде қазақ тілі пәніне қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Бұл міндетті шешуде оқытудың инновациялық әдістері басты рөлді атқарады. Жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың (Көкебаева Г., Қайыпбаева А., Байпақов К., Лебедев О.Е., Семенов А.Л., Равен Дж., Краевский В.В., Кузнецов А.А.) пікірлерінше, қазіргі заманғы ЖОО-ның білім беру кеңістігіне ақпараттық және коммуникативтік технологиялар құралдарын кеңінен ендіру жағдайында өз кәсіби қызметін жүзеге асыратын мектеп пен ЖОО мұғалімдері мен оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктің маңыздылығы арта түседі. Қаншалықты педагогикалық кадрлар сапалы дайындалып, олар оқу үдерісінде ақпаратты жинақтау, өңдеу, сақтау, жіберу бойынша операцияларды және локалдық және жаһандық желілерге ақпараттық ресурстардың қосылу мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін микропроцессорлық, есептеу техникасы, сонымен қатар ақпаратты, ақпараттық алмасуды жеткізудің қазіргі құралдары мен жүйелері негізінде қызмет ететін бағдарламалық, бағдарламалық-аппараттық және техникалық құралдар мен құрылғылар болып табылатын ақпараттық технологиялардың құралдарын «ерікті» түрде қандай дәрежеде қолданатындығына бүкіл әлемдік әлеуметтің болашағы байланысты болады. Оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық технологиялар құралдарының қолданылуы оқу үдерісінің

интенсификациясына, дамытатын оқыту идеяларының жүзеге асырылуына, білім алушылардың деректанушылық білімдерді механикалық тұрғыдан меңгерілуінен олардың жаңа білімдерді өз бетімен үйрену дағдыларына ауысуды қамтамасыз ететін оқу үдерісін ұйымдастырудың түрлері мен әдістерінің жетілдірілуіне бағытталған. Инновациялық әдістер құралдары негізінде жүзеге асырылатын мүмкіндіктердің кең аясын тиімді пайдаланылуы бүгінгі таңда білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының жалпы интеллектуалдық ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігінің маңызды құрамды бөлігі болып табылатын ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптастырылуымен байланыстырылады. Мектеп және кейіннен ЖОО түлегі түрлі дереккөздерден ақпаратты қабылдап алып, оны логикалық операциялар көмегімен өңдеп, өмірдегі түрлі жағдайларында оны қолдана білуі тиіс. Ақпаратты қабылдап, оны сыни тұрғыдан талдау үшін әдіснамалық құралды меңгеру ретінде түсіндірілетін ақпараттық білімділік оқушылардың әлеуметтендірілу құралы болып табылып, оқу курстарының мазмұнында көрініс табуы тиіс [1].

Қазақ тілін оқытуда электронды оқу құралын қолданудың маңызы зор. Оқытудың құралы мен нәтижесін тексеру тиімді болу үшін мынаған баса назар аударған дұрыс:

- әр түрлі грамматикалық кесте, сызба, сұлбалар мен дыбыстық (анимациялық) нұсқалардың мол қамтылуы;
- репродуктивтік және шығармашылық деңгейдегі жаттығу тапсырмаларының (жеңіл, орта, шығармашылық деңгейлерге құрылған) оқушының танымдық әрекетін белсендіруді қамтамасыз етуі;
- компьютерлік оқытудың «кері байланыс» ұстанымына сәйкес гипермәтіндердің қайталауға арналған нұсқаларының болуы;
- дидактикалық оқу ойындарының орын алуы;
- оқушының білім-біліктілігін бақылау, бағалау жүйесінің қамтамасыз етілуі;
- қазақ тіліндегі ұғымдардың (терминнің) қосымшада түсіндірме сөздігінің берілуі;
- тапсырмаларды орындау барысында өз бетінше оқуға арналған қосымша ғылыми мақалалар мен пайдаланатын ғылыми-әдістемелік еңбектер тізімінің ұсынылуы;

Электронды оқулықты қолданудағы басты ұстанымдар:

- оқу материалының ғылыми жүйелілігі, бірізділігі;
- ғылыми ақпараттың молдығы, басымдығы;
- жаттығу-тапсырмаларының білім, білік, дағды қалыптастыруға мүмкіндігі;
- бақылаудың үздіксіздігі;
- білімнің нәтижелігі;
- интерактивтілігі;
- икемділігі;
- жеке және ұжымдық әрекеттесу бірлігі;
- белсенділік, сапалылық; ізгілік; [2]

Электронды оқу құралындағы бөліктерді жасаудағы маңызды да жауапты кезеңдердің бірі – оқу материалын іріктеу және оның көрнекі анимацияларымен (кесте, сызба, диаграмма, сурет, т.б.) берілуі. Бұл міндеттердің шешілуі бірқатар дидактикалық талаптардың орындалуы арқылы жүзеге асырылады. Олар:

- меңгеріліп, шешімін табуға тиісті мәселелердің оқушының жас, дара, білім ерекшелігіне сәйкестілігі;
- оқу материалының ғылыми негізінде құрылуы, әрбір жасалған қадам, оқу әрекетінің дұрыстығы тексеріліп, түзетіліп, бағаланып отырылуы;
- бағдарламаның қызықты, мазмұнды болуы, танымдық деңгейінің жоғары болуы;
- гипермәтіндерге құрылған тапсырма – жаттығулар жүйесінің репродуктивті сипаттан ізденушілік – шығармашылық деңгейге біртіндеп көшу тәсілінің жүзеге асуы; (тест, тірек сөздерді табу т.б.).

Электрондық оқулықтың мазмұндық – амалдық компоненті гипермәтін арқылы жүзеге асырылады.

Гипермәтін дегеніміз - әр модульге қатысты негізгі бағдарламада бекітілген ақпараттарды қамтиды. Егер үлкен мәлімет қажет болса, мектеп оқулығына сәйкес тарауларды көруге болады. Гипермәтін бойынша ауызша бейнеқойылымдар, немесе жазбаша сызбалар, мәтіндерді оқуға, немесе қайталап айтып отыруға мүмкіндік береді. Гипермәтін кез - келген мәлімет көздері сияқты жұмыс істейді. Бұл оқылып жатқан материалға жалпы шолу да болу мүмкін, кейбір қиын мәтіндерге жоспар құруға, керекті жерлерді көшіріп алуға да болады. Есте жақсылап сақтау үшін және мәтінді меңгеру үшін, құрылған жоспар бойынша түсінік, қысқаша қорытынды, түйіндеме жасауға болады. Гипермәтін мазмұнына түсінгеніңе көзіңіз жету үшін сізге ауызша жауаптар мен жазбаша тапсырмалар жәрдем береді.

Электрондық оқулықтың бағалық нәтижелік компоненті тестер арқылы жүзеге асады. Оқыту бағдарламасының 2- буыны – бөліктеге сәйкес білім – біліктер қалыптастыруға арналған әр түрлі деңгейдегі жаттығу – тапсырмалар, жаттығу тапсырмалардың түрлері: 1) теориялық білімді бекітуге арналған тапсырмалар (тест,сызба толтыру т.б.); 2) ішінара іздену жаттығулары (ұяға жауаптарын жазу, астын сызу, тілдік құбылысты табу, толтыру, топтау, оқу ойындары т.б.);

Тапсырмаларды орындау барысында студенттің әрбір қадамы, әрекеті тексеріліп отырады. Қателерді жөндеуге негізделген кері байланыс жүзеге асатын буын да – осы кезең. Жаттығумен тапсырмаларды орындау барысында әрбір дұрыс орындалмаған, қате жіберілген оқу материалдарына қосымша сілтемелер жасалып, түсініктемелер беріліп отырады. Бұл әрекетті бағдарламаның кері байланыс жасау тәсілі жүзеге асырады. Осы орайда кері байланыстың өте жиі қолданылуы білім алуға кері әсерін тигізетіні, бұл үдерістің студенттің жұмыс істеу ырғағын бұзатыны туралы көптеген пікірлер бар. Әр блок соңында жаттығу, тапсырмалармен қатар, тестілік сұрақтар қамтылады. Олардың мазмұндық құрылымы әр түрлі, яғни жауаптың бір түрін таңдау, тірек сөздерімен толықтыру, қате пікірді жөндеу, сызба тестілер т.б.

Электронды оқу құралы мазмұндық, әрекеттік, бақылау, бағалау және қосымша бөліктерден тұрады. Мазмұндық бөлігі білім, операциялық - әрекеттік бөлігі білік, дағдылар, кәсіби біліктілік, бақылау бөлігі білімді игеру сапасының анықтауға бағытталады. Сонымен, электронды оқу құралындағы басты бөліктер өзіндік мазмұндық сипаттармен ерекшеленеді. Гипермәтіндерде оқушы ұғымына түсінікті болуы үшін кесте, сызбалар жүйесі жиі қамтылуы керек. Мәтінді оқи отырып, оқушы ерекше белгіленген тірек сөздер арқылы оның терминдік мәнін жедел түрде ашып танысуына болады. Тест түрлерінің жабық түрлерінен басқа ашық түрлерін де жиі қолдануға болады. Олар: қысқа жауапты(дұрыс, қате немесе бар, жоқ) қажет ететін тест, қажетті тірек сөзді қою, сызба тестілері, жазбаша жауап жазу тесті топтау т.б тестің түрлері көп. Екінші бөлікте білімді бекітіп, жалпылауға, білік, дағды қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындау барысы, оның қорытынды нәтижесін «оқушы күнделігінен» көруге болады. Үшінші бөлікке қосымша материалдар, яғни қызықты жаттығулар, кейбір тақырыпқа байланысты сілтеме жасалған мақалалар, түсініксіз ұғымдардың түсіндірме сөздігі т.б қамтуға болады.

Білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналған тұсаукесер сабақтарын құру оқытушы үшін шығармашылық тұрғыдан ынталандыру болып табылады. Тұсаукесерлер оқытушылардың шығармашылық амбицияларын қанағаттануына және сабақтардың әдістемелік әзірлемелер базасын толықтыруға мүмкіндік береді [3].

Қазіргі қоғамның даму кезеңінде білім ортасының ақпараттар дереккөздерінің құрамы білім беру саласында компьютерлік ақпараттық желінің қалыптасуы мен қарқынды даму арқасында толықтырылып келеді. Виртуалдық ақпараттық ортаның арнайы материалы бар. Оның құрамды бөлігі оқу материалын ұсынудың аппараты, бағыт-бағдар беру аппараты, оқу материалын меңгеру аппараты болып табылады. Дәстүрлі дереккөздермен салыстырғанда,

олардың артықшылықтары бар екендігі сөзсіз, атап айтқанда, ақпаратты өңдеу және жіберу жылдамдығы, түрлі тасымалдардағы ақпаратты сақтау мүмкіндігінің пайда болуы, компьютердің ақпараттық сыйымдылығы және т.б. Бұл жағдай педагогикалық қоғамды ақпараттың түрлі дереккөздер құрамында білім беру үдерісіне ықпал етудің масштабы мен тиімділігі бойнша виртуалдық ортаны адекватты түрде бағалауға міндеттейді. Виртуалдық білім беру кеңістігін пайдалануы пәндік мәні мазмұнының концептуалдық бөлігін жаңа әдіс арқылы ұсынуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, оқу материалын баяндаудың желілік емес архитектурасының құралы ретіндегі гипермәтін, анимация – динамикалық суреттер, графиктер, кестелер, сұлбалар, диаграммалар, нысандар мен үрдістердің демонстрациялық және манипуляциялық динамикалық модельдері, аудиоақпарат, бейнесюжеттер, «виртуалдық шынайылылықтың» элементтері арқылы. Сабақта ақпараттық-коммуникациялық құралдарының пайдаланылуы білім алушыға пәнді өркениет мәдениетінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде меңгеруге, оның адам қызметінің басқа жағдайларымен қарым-қатынастар аясында көруге және зерттеуге мүмкіндік беретінін атап өткен жөн [3].

Бағдарламалық-педагогикалық құралдар пәндік электрондық басылымдардың түрлі типтерін құрайды. Қазіргі кезде олардың белгілі бір жүйесі қалыптасты. Электрондық мультимедиялық басылымдардың кейбір типтері: электрондық оқулықтар, электрондық энциклопедиялар, электрондық анықтамалықтар, суреттер, фото, модельдер, бейнематериалдар, кестелер, сұлбалар, тақырыптық тұсаукесерлер және т.б. электрондық каталогтары, электрондық кітапханалар. Алайда кез келген педагогтың еңбегінде жеке шығармашылықпен айналысу мүмкіндігі ең басты мәселе. Сондықтан едәуір терең білім үшін оқытушы білім алушылармен бірге оқытудың электрондық құралдарын құру қажет.

Қорыта айтқанда, оқыту үдерісінде электронды оқулықты, интербелсенді тақтаны қолдану, студенттердің білім сапасын арттыруға, олардың пәнге деген қызығушылығын тудыруға, әр түрлі жаңаша идеаялар негізінде ойын бөлісуге толық мүмкіндік береді. Ал бұл сабақты практикалық жағынан маңызды, қызықты үрдіске айналдыруға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 24 желтоқсанда № 590 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінен 2007 жылы 24 желтоқсанда №5054 тіркеуден өткен Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың Ережесі.

2. Сүлейменова Ж.Н. Қазіргі қазақ тілі морфологиясын жоғары мектепте оқыту әдістемесі. Алматы, 2005.

3. Қазақстан Республикасы ақпараттық теңсіздікті төмендету бағдарламасы бойынша халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту жөніндегі оқу-әдістемелік құрал.

# О ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ РЕЧИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ СРЕДСТВАМИ РУССКОГО ЯЗЫКА.

***Тохтамова Р.К.***
*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

***Аннотация***

*В статье анализируются формы и методы работы по формированию профессиональной речи будущих специалистов средствами русского языка.*

*Мақалада болашақ мамандардың орыс тілі құралдарымен кәсіби сөйлеуін қалыптастыру жөніндегі формалары мен әдістері талданады*.

*The article analyzes the forms and methods on the professional speech formation work of future specialists by means of Russian.*

Целью обучения студентов казахского отделения научному стилю русской речи является формирование, а затем и развитие навыков владения профессиональной речевой компетенции студентов. Данная компетенция представляет собой целый комплекс навыков и умений (как сугубо языковых, так и коммуникативных): владение общенаучной и терминологической лексикой, сознательное восприятие учебной и научной литературы, знание основных синтаксических конструкций и лексико-грамматических особенностей построения научного текста, умение вести научно-деловые записи и т.д.

Традиционно текст является логико-композиционным центром всего занятия, тем установочным, направляющим материалом, который определяет всю тему, служит лексико-грамматическим источником различных заданий и упражнений; а также является лексическим материалом для обучения составлению и ведению научных записей: планов, тезисов, выписок, конспектов. В связи с этим трудно переоценить значение текста, тем более профессионального текста, как единицы обучения. Неудивительно, что к обучающему тексту предъявляется целый ряд требований. Только соответствуя им, такой текст в состоянии выполнить возложенные на него задачи.

В первую очередь профессиональный текст должен быть адаптирован преподавателем, т.е. подготовлен для восприятия студентами первого курса казахского отделения.

Профессиональная информация, заложенная в тексте, не должна быть излишне объемной, громоздкой.

Объем текста должен быть оптимальным для изучения на одном занятии. Обычно преподаватель выбирает нужный размер текста, опираясь на свой опыт.

Вместе с тем текст, используемый на занятии, должен быть типичным представителем научного стиля речи: а) построен с использованием лексико-синтаксических конструкций, характерных для научного стиля речи; б) содержать общенаучную и терминологическую лексику; в) иметь характерные для научного стиля средства связи между абзацами; г) иметь достаточно четко сформулированные основные композиционные элементы научного текста: тезис, аргументы и примеры, вывод; д) лексической, морфологической и синтаксической характеристикой, типичной для научного стиля речи.

Понятно, что работая с текстом, имеющим ярко выраженные черты, особенности научного стиля студенты лучше поймут и усвоят научный стиль. Т.е., исходя из дидактического назначения, научный текст должен дать студентам полное представление об особенностях (композиционных, логических, лексических, морфологических, синтаксических) научного стиля речи.

Таким образом, правильно подобранный и составленный обучающий текст позволит студентам понять структурную композицию научного текста как такового, его лексическую, морфологическую, синтаксическую системы, общую характеристику, его направленность и тональность. Это, в свою очередь, позволит студентам самостоятельно строить устные или письменные научные тексты, развивая тем самым навыки владения устной и письменной профессиональной речью.

Изучение профессиональных научных текстов на занятиях по русскому языку способствует развитию профессиональной грамотности студентов, расширению их кругозора.

Организация занятий по обучению языку специальности способствует формированию универсальных умений и навыков, таких, как аннотирование, тезирование, конспектирование, реферирование, рецензирование, подготовка сообщений о научных конференциях и т.д.

Приведем примеры обучения реферированию научных текстов студентов казахских отделений неязыковых специальностей.

Реферирование один из сложных видов работы по развитию речи, который предполагает компрессию и трансформацию содержания научных источников. Данная тема изучается на 12-13 неделе второго семестра, на продвинутом этапе обучения и знакомства с письменными формами и жанрами научного стиля речи.

При изучении темы «Реферат» студенты знакомятся с понятием реферат, его структурой и содержанием, видами рефератов и синтаксическими конструкциями (клише) для реферирования.

Знакомство с теоретическими сведениями по изучаемой теме «Реферат» предполагает составление опорного конспекта (блок-схемы) и вопросно-ответную беседу для закрепления материала.

Внимание студентов акцентируется на стилевых особенностях научной речи: объективности, точности, логичности изложения, связности текста, использовании терминов и терминосочетаний.

Грамматическая работа предполагает запись однокоренных слов к существительному реферат, определение их частеречной принадлежности, составление словосочетаний с ними, синтаксический разбор (определение вида и типа словосочетаний), составление предложений.

Студентам предлагаются для знакомства образцы рефератов-конспектов и рефератов-резюме по специальности с заданиями для выполнения: выделите структурные элементы реферата и вычлените клише, характерные для данного жанра, укажите вид реферата, аргументируйте свой ответ.

Затем учащимся дается комплекс заданий к тексту для самостоятельной работы в микрогруппах.

Каждой группе предлагается один текст. Работа над текстом начинается с чтения, после которого выполняются задания, направленные на выделение информации:

1. Выпишите незнакомые слова, термины и терминосочетания, запишите их значения, пользуясь толковыми и терминологическими словарями.

2.Сформулируйте и запишите основную мысль текста.

3.Выделите микротемы текста, запишите их.

4.Составьте вопросный план к тексту.

5.Выделите вступительную, основную и заключительные части текста.

6.Ответьте на вопросы плана, выделяя главную информацию. Аргументируйте свой ответ.

7.Оформите ответы на пункты плана в виде тезисов номинативного или глагольного строя.

8.Составьте реферат текста с опорой на план, тезисы, обоснование ключевых положений и языковые конструкции- клише.

Таким образом, поскольку профессиональная речевая компетенция представляет собой ряд навыков и умений, как сугубо языковых, так и коммуникативных, то и работа по формированию профессиональной речи будущих специалистов средствами русского языка представляет собой комплекс логически связанных заданий с содержанием текстов для изучения, системой упражнений, продолжающих работу над формированием и развитием навыков профессиональной речевой компетенции студентов неязыковых групп казахских отделений.

**Список литературы**

1. Митрофанова О.Д. Научный стиль речи: проблемы обучения.-М.: Русский язык,1985.-231с.

2. Пособие по научному стилю речи:для вузов технического профиля/под ред. И.Г. Проскуряковой М.: Флинта:Наука, 2004. - 320с.

3.Михайлова С.Ю., Нефедова Р.М. Учимся писать конспекты, рефераты, изложения: Пособие с тестами и ключами. – М.: Юнвес, 1998. – 256с.

# БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ПЕДАГОГ ӘРІ ӘДІСКЕР

***Еркінбек Тұрғынов,***
*Қазақстан, Алматы қ.,Абай атындағы ҚазҰПУ*
*6D00117 II курс докторанты*

Бейімбет Майлинді жазушы, драматург, аудармашы, және публицист ретінде танып келдік. Оның«Сауаттылығы төмендерге арналған оқу кітабы (1929ж.), «Күш» сауаттылығы төмендерге арналған оқулық (1930ж.), «Жаңаша оқы және жаз» оқу құралын (1931ж.), және Ғабит Мүсірепов А.Ситдықовпен бірлесіп «Сауатсыздарға арналған әліппе» (1935-36жж.) еңбектерінің әдіснамалық негіздері атты төрт оқулық жазғаны мүлдем назардан тыс қалып келген-ді. [5, 334-347 бб] Осыған қарап-ақ Б.Майлинді жазушы әрі публицист ретінде дәріптеумен қатар оны ұстаз әрі мықты әдіскер-ғалым ретінде де алға шығаратын уақыт жетті.

Ғалым С.Ордалиев Қостанай өңірін аралаған бір жылы төмендегідей деректерді жазып алған екен: «Бейімбет 1920 жылдың басында біраз уақыт сол кездегі губерниялық оқу бөлімінің Дамбар болысы бойынша инспекторы қызметін атқарған. 1920 жылдың жазында Дамбар болысынның сайлауы жүргізіледі. Болыстыққа жастардан Сапар Баймұқамбетов сайланады да, Бейімбет оқу бөлімінің меңгерушісі болады.» [3, 21б]. Міне, осы кезден бастап Б.Майлиннің оқу-ағарту ісіне шындап кіріскені байқалады.

Әрбір әңгімесінде сауатсыздықтың кесірінен өз орнын таба алмай, малы мен байлығына сеніп, адамшылықтан айырылған байлардың есігінде ғұмырын өткізген адамның қорлығын жеткізеді. Бұл болмысты Майлыұлы Жармұхамедтің баласы өз басынан кешіргеннен кейін кереметтей суреттеп отыр. Бір уақ Бейімбет (Бимұхамед) Жармұхамедұлының өмірдерегіне зер салалық: «Сонымен, Б.Майлин көршілес ауылдағы Арғынбай қажының медресесінде 1911-1912 жылдары оқиды. Онда 15-16 жас шамасында, ересек болып қалған. Медреседе басқалардан озық оқыса да, тастап кетуге тура келеді. Оған себеп – Арғынбай қажын, басқа да байларды жер-көкке сыйғызбай мақтайтын Әржікей деген ақынсымақ молдамен айтысып, оны өлтіре сынап, жеңіп шығуы. Сонда Бейімбет он алтыда екен. Бейімбеттің осы қылығын ұнатпаған қажы мен оның баласы Әбдірахман оқудың бітуіне бір ай қалғанда, оны медреседен шығарып жібереді.» [3, 11б]. Осыдан-ақ, Бейімбеттің білім алу жолында бала жасынан қиындықпен бетпе-бет келгенін аңғарамыз.

Әдеби шығармаларының көпшілігінде Б.Майлин қазақ жастарының оқуға құмар, қоғамдағы өзгерістер үдерісі барысындағы кең етек алған надандықты жеңудің, әділеттікке жетудің жалғыз жолы білім үйрену екенін көрсетіп отырады.

«Алғашқы сабақ» әңгімесінде: «Мінайдар жатқан күйі терезеге қол созып, көк тысты бір кітапты қолына алды. Бұл – «Бірінші кластың оқу құралы» еді. Сауатсыздарды оқыту үшін ауданнан мұғалім келіп, мектепті осы ауылдан ашқан. Хат танымайтындар жазылғанда, соның бірі болып Мінайдар да кірген. Жасы отыз төртте. Күрек тісінің екеуі қатарынан түсіп, сөйлегенде тілі жылмаңдап көрініп тұрады. Мінайдар оқуға жазылғанда заман құрбылары қалжыңдап:

– Нағыз оқитын кезің, тісің жаңа түсіп жүр ғой, – деп тәлкектеп еді.

Мінайдар олардың тәлкегін елеген жоқ. Маржангүлдің қарсылығын да

жойып келеді.» [1, 302б].

Түннің едәуір уақыты өткен. Ауылдың бәрі де шамдарын сөндіріп, қалың ұйқыға кіріп жатыр. Жалғыз-ақ Мінайдардың үйінің шамы сөнген жоқ. Маржангүл екеуі көк кітап пен қарындашты кезек ұстап, бір әріп болса да танығанша құмар болып жатыр. Көк кітаптың ішіндегі баданадай әріптер қазақ елінің қараңғы түкпірінен оқушы тапқанына мәз болып жымыңдап күліп тұрған секілді... [1, 304 б].

Міне, қазақ даласындағы оқу, білім үйрену осылай болғаны қызық. Жазушының көркем тілді суреттеуі тіптен керемет.

Бейімбет (Бимұхамед) Жармұхамедұлының шоқтығы биік шығармаларының бірі «Шұғаның белгісі» әңгімесінде «Әбдірахман» атты кедей шаруа баласының қалай ел қатарына қосылуы білімнің, ізденістің, талаптың керек екені туралы айтылады. Әңгімеден үзінді келтірелік: «...Әбдірахман деген болды. Жасында болыстың үйінде бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай учитель болатын. Балалармен араласып жүріп учительден оқып, төрт жылдан соң, мектепті бітіріп шығыпты. Әбдірахман өзі айтатын: күндіз қозы мен бұзау бағам, кешке келгенімде, учитель бір шын мұсылман жігіт еді, «байлардың балаларынан да маған сенің оқығаның керек қой» деп түннің бірталайына дейін оқытушы еді. Ақырында сол учительдің тырысуының арқасында мектепті бітірдім...

Әбдірахманның әкесі өте кедей болған адам. Ауылнай школынан шыққан соң да, Әбдірахман малайлықтын құтыла алмады. Ақырында, он екі – он үштегі шамасы болса керек, тұрған байынан қашып дуанға барып, бір ноғайға жаз қызметке тұрып, қыс оқуға кірді. Берірек келген соң жаз байларда орысша бала оқытты. Ақырында әйтеуір мектепті бітіріп шықты.

Әбдірахман мектепті бітіргенде дабысы (дауысы, атағы – Е.Т.) жер жарды.» [1, 9б].

Бұл әңгіме кедей болса да білімімен өзіне шын сенімді Әбдірахман деген жігіттің байдың Шұға есімді қызына ғашықтығы әңгіме болады. Қыз әкесінің Әбдірахманның әлеуметтік-тұрмыстың жағдайын жақсы білгендіктен менсінбей, қызын бермей, екі жастың бір болуына кедергі келтіреді. Әңгімеде Шұға арнайы мектеп тауыспаса да қазақтың қызына тән қарапайымдылық пен зеректік, тәрбие мен инабаттылықтың бар екені айтылады. Осыған қатысты әңгімеде былай дейді: «Осы күнгілердің бір тапқаны қызды оқыту керек» дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда құдай сана берсін десейші...» деп қыздың білім алуын ерсі көрген қоғамның бір қырын айтып өтеді. Сондай-ақ, тек қыз баласын емес жалпы оқыту, ағартуды шоқыну ретінде қабылдауы жатыр.

Медреседегі оқуы сәтсіз аяқталғанмен, Бейімбет қол үзгісі келмейді. Шамалы уақыт орыс мектебінде оқиды. Оған көңілі толмайды.

– Егер шама болса, ішкі қалаларға барып оқыса ғой, шіркін! – дейді.

Бейімбет бір реті келгенде әжесіне, ағаларына көз тастап.

– Е...е, құлыным-ау, сенен немізді аяймыз, күйзеп отырған менде не

бар дейсің, ағаларың, тартынған жоқ, әлі де сені оқытуға шама-шарқын салар, – деді әжесі Амандарға барлап қарап.

– Оқимын деген талабыңды кеспейміз, тапқан-таянғанымызды аузымыздан жырып берсек те, оқытайық сені, – деді Аман. [3, 11б].

Бейімбет Майлиннің қарапайым кедей отбасындағы ізеттілік пен ағаларының қамқорлығының арқасында Бейімбет алғашында Троицкідегі «Уазифа» кейіннен Уфадағы «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Бейімбеттің бойындағы білімге деген құштарлық пен ізденімпаздық оны ауылда қалдырмады. Қалаға барып білімін жетілдірді, өзін-өзі жан-жақты жетілдірді.

Кез-келген ата-ана ұрпағының сауатты жақсы адам, азамат болғанын қалайды. Ауылда қалып қоймай, әке-шешесінің қолдауымен қалаға үлкен білім ошағына барып, терең білім алуының арқасында ел ісіне араласуға жарайтын адам болып қалыптасуды өзіне міндет етеді.

Бейімбет Байлиннің «Азамат Азаматыч» деп аталатын повестінде: Онда аты-жөні «Азамат Азаматыч» емес, «Қожалақ Күркілдеков» еді. Қожалақ оқуға аттанарды әкесі Күркілдектің ашамай белді шолақ торысы, бір мүйізі сынық қара сиыры, торғай қамасаң тұрмайтын қырық жасау қараша үйі бар еді... Көрінгеннің кірін жуып жүретін қатпар бетті қара кемпір – Өлімсек дейтін шешесі бар еді. Қожалақ оқуға жүрерде шешесі мойнына асылып, бетінен иіскеп сүйіп тұрып:

– Қалқам, ұмытпа! – деп еді Қожалаққа.

Әкесі Күркілдек торы атқа төрт аяқ арбаны жегіп, Қожалақты станцияға әкеліп салып, баласының бетіне бажырая қарап тұрып еді.

– Оқы, қарағым, адам бол! – деп, бір күрсініп, ышқырынан түйіншек

шүберекті шығарып, термен жабысып мылжаланған ескі червон ақшаны ұстатып тұрып:

– Ел іші ғой, өлмеспіз. Мынаны жолыңа ал, тағы да жіберіп тұрамын,

– деп еді.

Қожалақ осылай оқуға аттанып еді...» ауылдан қожалақ болып кеткен

ұл мектеп оқып, азамат болуы ел ісіне араласуы, ата-ана үмітін ақтауына білімнің тікелей септігі болғаны баяндалады. Сондай-ақ, повестте үнемі кітап оқуға құмартқан Азаматтың ойын-сауыққа аса құлықты еместігі де суреттеледі.

Осындай шығармалар арқылы оқырманды сол кездегі білімге құштарлықтың қалай болғанын жеткізген. Келешек жастардың білімге деген ынтасы мен жігерін жани түседі. Оқыған адам қай кезде де көзі ашық, көкірегі ояу жан-жағына сәуле шашып тұрады.

Бейімбет Майлиннің өмір жолына тағы бір үңілсек оның «Ғалия» медресесін де бітіре алмағанына көз жеткіземіз. «...Өкініштісі сол, ол бала кезінен көрген көп бейнеттің салдарынан, қаржы-қаражаттың жетіспеушілігінен аш құрсақ оқып жүргенде, денсаулығы төмендегендіктен, оқуын үзіп, «Ғалияны» бітірмей кетуге мәжбүр болды. Үш жылдық жоғары сыныптың жартысын бітіріп, мол білім алып, татар, орыс жазушыларының тәжірибесінен үйреніп, қаламын ұштаңқырап алған ол, 1916 жылдың ақпан-наурыз айлары шамасында кетеді. Троицк қаласындағы Бәкір Алдияров деген дәрігерден ем алып жүреді». [3, 18-19б].

Дегенмен, Бейімбет Майлин әрдайым халық өмірін әдеби шығармалар арқылы суреттеп, оқу-ағарту жұмысынан еш қол үзбеген. Заман тепершігі мен тұрмыс тауқыметін тартқан халықтың болашаққа деген үмітін оятумен үздіксіз айналысқан-ды. Келе-келе халық есесі кеткен еңбегінің ақысы мен жан жылуын оқыған азаматтар арқылы қайтарып отырғандығын жеткізеді. Осындай жағдайды арқау еткен «Шапайдың хаты» әңгімесінде: «Көрші ауылда мектеп бар еді, сондағы комсомолдар малайларға болысады-мыс деген хабарды есіткен соң бір күні салып ұрып соған бардым. Сүйесін деген мұғалім бар екен. Жас баланың оңдысын да соны көрдім. «Атекелеп» іш-бауырымнан өтті. Мұңымды бастан-аяқ айтқызып отырып, жазып алды.

– Сіз, жүре беріңіз, сотқа да берем, газетке де берем, – деп өз үстіне

алды. Бірер айдан кейін мен туралы газет шықты деп естідім, бірақ сот жағынан әлі билік алған емеспін.» [1, 298б]. Жоғарыдағы әңгімеде шолақ белсенділердің озбыр әрекеті-

нен құтылған ауыл адамының да жарқырайтыны күні болатынына сендіреді. Ол үшін білімді болу керектігін насихаттайды.

Халық арасында ортақ іске ұйытқы болатын, өз мүддесінен ел игілігін жоғары қоятын азаматтарды қашанда үлгі тұту дәстүрі бар. «Бекберген мектебі» аталатын әңгімесінде: «Ауылдың қотанындағы дөңеске ұзыншалау салынған ағаш үй бірден көзге түседі. Ағашы жаңа. Төрт терезесі бар. Маңында қоқсыған қора-қопсы жоқ, сайдың... Бірақ, бала көп: бықып жатыр, қайнап жатыр; біреу кіріп, біреу шығап жатыр. Мәз-майрам боп ойнап жатыр; өздерінше қуанышты, шаттық тойын тойлап жатыр...

– Бұл не қылған үй? – деп сұрасаң сельвосет мүшесі Қали, желбейін көтере түсіп, көкірегін жоғары көтеріп:

– Бұл «Бекберген мектебі!» – дейді.

Қалиды жаныңа ертіп, қатарласа отырып мектепке барсаң жас балалар ойынын тоқтатып, алдыңнан шығады.

... – Жаса, балалар, жаса! – дейсің.

Мектепке кіріп келсең алдында қатарлаған парта тұр. Мұғалімнің столы тұр. Үйдің керегесін қарап қара тақта тұр. [1. 323б].

– Мектептің тұрған жері дұрыс. Басқа жерден аша алмаймыз, мектепке беретін үйіміз жоқ, – деді.

Бекбергеннің мүлде күйіп кеткені ғой:

– Оңбайсың, кедей, осыны сөздеп айтып тұрсыңдар ма? Бізді адам қылып жүрген бай ма екен? Байсыз біз өле ме екеміз?.. Сөз емес. Үй керек болса, өз үйімді тегін берем, әйда, қаулыңды істе, көшір мектепті! – деді...

Мектеп жайы, артель-коллектив жайы, партия, кеңес комсомол жұмысы бірінен соң, бірі айтылып, еске салынып жатыр. Отырғандардың көбі партия мүшесі. Өздерінше айтса, Бекбергеннің шәкірті! Бекберген өлген. Бекбергенге ескерткіш қылып, мектепті соның атына атапты. [1, 229-330бб]. Мектеп үшін үйін берген адамдар аз болмаған. Оны жазушының «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» әңгімесінен де аңғарамыз: «Жұрт жиналды. Мектептің кішкене бөлмесіне сығылыса толды. Орын таба алмағандар балалар оқитын партаның үстіне шығып кетті. Мектепке үйін жалдаған кісі:

– Партаның үстіне отыра көрмеңіздер, сындырасыңдар, – деп безілдеп жүр.

– Сынса сен төлемейсің ғой, айына алатын ақшаңды білсейші, – дейді біреулер.

– Олай деме, мектеп көптің мүлкі, сынбасын! – дейді екінші біреуі.»

[2, 192б]. – деп мектептің халық игілігі үшін алқалы жиын өткізетін, ауыл тұрғындарының жиналыс өткізетін зиялы орын, болашақ тағдырларын талқылайтын мәдени жер екенін көрсетеді. Осы мәтіннен аңғарғанымыз табиғатынан дарынды халық мектептің мәні мен қасиеті толық маңызын иеленгенін байқаймыз. «Мектеп көптің мүлкі, сынбасын!» – деген сөз қай заманда болсын оқырманды бей-жай қалдырмай қоймайды.

Қорыты айтқанда, Бейімбет Майлин тек әдеби шығармашылықпен айналысып қана қоймай, педагогикалық оқытудың үздік үлгілерін жинақтап, арнайы оқулық шығарып, халықты сауаттардырумен айналысқан ұстаз. Публицистикалық мақалалары мен оқшаулары арқылы қоғамдағы озбырлық пен келеңсіздіктерді түйреп, халықты надандықтан арашалау жолында қайраткерлік көрсетеді. Халқының сауатын ашу үшін әдеби шығармалар терең ой салып, білімді болуға үндейді. Б.Майлин оқыған-тоқығаны мен бойына жиған білімін өзінің жеке басының жақсылығына, тұрмысын жақсартуға жұмсамай, бүкіл елдің игілігіне қызмет еткен нағыз ағартушы тұлға!

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Бейімбет Майлин. Шығармалар. Үшінші том. Қазақтың мемлекеттік Көркем әдебиет Баспасы. Алматы 1962ж.
2. Бейімбет Майлин. Шығармалар. Төртінші том. Қазақтың мемлекеттік Көркем әдебиет Баспасы. Алматы 1962ж.
3. Т.Бейісқұлов «Бейімбетті атқан кім?» Деректі эссе-толғау «Толғанай Т» баспасы Алматы 2000.
4. 4.Т.Бейісқұлов *Бейімбет Майлин публицистикасындағы сын белгілері*Жұлдыз. - 2011. - №11 169б.

Е.Тұрғынов. Абай ат. ҚазҰПУ 90 жылдық мерейтойына арналған «Алаш зиялыларының ғылыми-әдістемелік мұралары: Дәстүр мен жаңашылдық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалда

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА СӨЗДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

***Шадман Люлифар Хажиматқызы,***
*1-курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

*Түйіндеме*

*Мақалада білім алушылардың тілін дамытуда сөздік жұмысының маңызы мен оны жүргізудің әдіс-тәсілдері сипатталған.Сөздік жұмысына қойылатын талаптар мен дидактикалық шарттар әдіскер ғалымдардың пікірлерімен дәйектелген.*

Сөздік жұмысы –тіл дамытудың іргетасы, оқушыны жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөзердің мағынасын анықтауда мыңызы зор.Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі[1,1].

Әдіскер ғалымдар М.Т.Баранов, А.Р.Прудникова жаттығу әдісінің маңыздылығына тоқтала келіп, «Сөздік және лексикалық жаттығуларды бір-бірімен айыру қиыншылық тудырады, олар тығыз байланысты.Өйткені екеуінің де негізі – сөзбен жұмыс жасау» — дей келіп, сөздік жұмыстарға тілді сезіну мен сөзді дұрыс түсінуі, орынды қолдана білуі, сөз тіркестерін жасау, сөйлем құрау, мазмұндама, шығарма жазуды жатқызады.

Сөздік жұмысының ерекшелігі : тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі.Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер т.б білу арқылы баланың тілі дамиды.Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады.Ал, сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты.Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді[2,156].

Сонымен бірге сөздік жұмысы сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға үйретеді, оның творчестваллық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. «Сөз байлығы – қоғамның байлығы және сол сияқты әр адамның байлығы.Сондықтан мектепте оқушыларға сөздік жұмысын жүргізудің маңызы зор.

Сөз байлығының аздығы оқушылардың өз ойын ауызша, әрі жазбаша, дәл, жүйелі жеткізуіне қиындық келтіреді.Сондықтан сабақта сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор.

Біріншіден, ол оқушының сөз байлығын молайтып кеңітсе, екіншіден үйренген сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді де, ал үшіншіден сөзді үйрену арқылы бала тіл норма-

сымен сөйлеп үйренеді. Сөздік жұмысын жүргізуге мынадай негізгі методикалық талаптар қойылады:

Мазмұнды сөйлеу  Жүйелі сөйлеу

Ойдыайқын,сендіре, оқушысына немесе таңдаушысына әсер етебілушеберлігі.Мұнда тиісті сөздер таңдау, фразалар құрастыру, жалпы әңгімедегі көңіл-күйді білдіре алушылық үлкен роль атқарады. Оқушы өз ойын белгілі бір ретпен, жүйелі түрде баяндап беретін болуы шарт.Бала өзі жақсы білетін материалын алдын-ала талдап, жинақтап,әуелі не жөнінде т.б. жобалап алуға тиіс.Сөз, сөйлемді дұрыс құрмау, ойдың күрт үзіліп, байланыссыз қалуынан, бір ойдың қайталануынан сақ болған жөн, белгілі бір жүйемен баяндауға үйренген жөн.

Мәнерлі сөйлеу  Дәл сөйлеу барысында әр сөздің стилистикасына, сөздің әсеріне, көркемдік жағына көңіл бөлу керек.Бастауыш сынып оқушылары сөзге мән, мағына  беріп үйренсе, үлкен жетістік, өйткені сөз арқылы  ғана ойды жеткізуге болады.Мәнерлі сөйлеу тілге деген талғамды, сөзге деген сезімді тәрбиелейді.  баланың  сөйлеу тілінде дәлділік қажет. Әрбір сөз дұрыс айтылуы, дыбысталуды керек етеді.Онсыз сөз мағынасы, әсері болмақ емес [3,46].

Сөздік жұмысы оқу сабағында мынадай міндеттерді орындауды қажет етеді:

1.Балалардың  сөздігін байыту, яғни белгілі бір сөздердің мағынасын түсіндіру, жаңа сөздер үйрету.

2.Белгілі және жаңа сөздерді қолдану, пайдалану аумағын, көлемін көбейту, үйренген сөздермен салыстыру арқылы жаңа контекске пайдалану.

3.Сөздің стилистикалық рөлін және лексикалық категориясын бақылау арқылы үйрету.

4.Байланыстырып сөйлеуге  көркем сөздерді пайдалану, оның грамматикалық тұлғаларын аңғарту, өмірмен байланысты жүргізу.

5.Синоним, антоним, көп мағыналы сөздерге талдау жасау, астарлы сөздердің мағынасын нақтылау.

6.бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу қорына әдеби тілге жатпайтын сөздерді ендірмеу, артық сөздерді қолданбауға үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қол жеткізу.

7.Сөз байланыстарын қолдануға мүмкіндік жасау, яғни әрбір оқушы сөйлегенде, сөйлем құрағанда мүмкіндігінше жаңа сөз қосып отыру.

Сөздікті байытудың негізгі көзі – оқулықтағы мәтін, жаттығулар, тапсырмалар  және мұғалімнің  сөзі.сондықтан оқулықтардағы ұлы классик сөз маржаны ауыз әдебиет үлгілірінен мақал–мәтел, жұмбақ, жаңылпаштарды оқып, сусындап отырғандары жөн.Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын дұрыс қабылдау үшін, сөздік жұмыстарының мұқият жүргізілуі қадағаланады, яғни балаға түсініксіз бірде-бір сөз болмауы керек[4, 96].

Шығармада кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру 3 кезеңде жүргізіледі:

I. Шығарманы оқуға дайындық кезеңінде.

II.  Шығарманыоқу барысында.

III.  Шығарманыоқып шыққаннан кейін

Өлең оқу барысында сөздік жұмысы өлеңді оқымас бұрын немесе оқып болғаннан соң ғана жүргізіледі.

Осы кезеңдерге тоқталар болсақ, мәтіннің мазмұнын түсіндіруге кедергі жасайтын сөздер дайындық кезінде түсіндіріледі. Ал, тіркестері  синоним, антоним, көп мағыналы сөздерді түсіндіру мәтін оқылғаннан кейін, шығарманың мазмұнын талдау барысында жүргізіледі. Сөйтіп, мұғалім мәтінді оқуға дайындалу кезінде, біріншіден мәтінді дұрыс қабылдауға қажетті сөздерді, екіншіден оқу барысында мағынасы ұғындырылатын сөздерді, ал, үшіншіден оқушылардың сөздігіне енгізілетін сөздерді іріктеп алады.

Психологтардың айтуынша сөздік жұмысының әдістемесіндегі басты талап – сөз бен балалар санасындағы бейнені түрлі жолдармен үнемі ұштастырып отыру (өйткені сөз бейнесі санадағы нақты елес жеткіліксіз болса, туа қоймайды)

Сөздердің мағынасын ашып түсіндіру тәсілдері алуан түрлі. Оның ішіндегі бастылары:

1. Затты табиғи жағдайда бақылау немесе көрсету, экскурсия ұйымдастыру.

2. Заттың өзін немесе суретін көрсету арқылы сөздің мағынасын ашып көрсету.

3. Синоним сөздер қолдану: «қандай сөздермен ауыстыруға болар еді? Басқаша қалай айтар едік?» деген сияқты сұраулар қою арқылы синоним табуға оқушылардың өздерін қатыстыру.

4. Сөзді кейде морфологиялық құрамына қарай талдау арқылы да түсіндірген пайдалы. Мысалы: тетелестері сөзінің түбірі қайсы? т.б

5. Сөздерге анықтама беру арқылы түсіндіруге болады. Мысалы:

Аэродром – ұшақ ұшып, қонатын алаң т.с.с

1. Абстракциялы ұғымдарды түсіндіру үшін тұрмыстан мысалдар, фактілер келтіріп, әңгіме айтылады. Мысалы: батырлық, адамгершілік т.с.с. сөздердің мағынасы осы әдіспен түсіндіріледі.

2. Сөздердің мағынасын түсіндіруге техникалық құралдардың біраз пайдасы бар.

Сөздік жұмысы шығармада кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндірумен ғана бітпейді. Ол жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу, жаңа көріністерді байқау сияқты жұмыстармен тығыз байланысты. Мұндай жұмыстар оқушылардың ойын, тілін дамытады, эстетикалық талғамын арттырады[2, 59].

Тіл дамытуда көркем шығармалар тілінің бейнелік құралдарын үйретудің алатын орны ерекше.

Көркем шығармадаауыспалы мағыналы бейнелі сөздер көптеп кездеседі. Оларды таныту да оқушылармен істелетін жұмыстың бастылары:

1. шығармадан сөздерді табу.

2. Бейнелі сөздердің, сөз тіркестерінің мән-мағынасын түсіндіру.

3. Мұғалімдердің сұрағы бойынша сөз арқылы бейнелеу, көз алдына елестету.

4. Осы сөздерді өздері құрастырған әңгімелерінде пайдалануын қамтамасыз ету.

5. Дауыс ырғағын келтіру, мәнерлеп оқу.

6. Теңеу, эпитеттер табуға жаттығулар жасау .

Қандай тіл болмасын оның лексикалық байлығы мен оралымдылығы синонимдер арқылы көрінеді. Ал, қазақ тілі синоним сөздерге ең бай тілдің бірі болып табылады. Бастауыш сыныптарда синонимдер туралы ешқандай теориялық мәліметтер берілмейді, бірақ олармен жұмыс жүреді.

Сөздік жұмыстарының ең маңызды бөліктерінің бірі – оқушылардың үйренген сөздерінің белсенділігін арттыру. Ол үшін сабақ сайын жүйелі түрде арнаулы тапсырмалар ойластырылып отыруы керек.

- Үйренген сөздерін кірістіріп сөз тіркестерін құрау;
- Үйренген сөздерін қатыстырып сөйлем құрау;
- Осы сөздерді қатыстырып мәтінге жақын әңгімелеу т.б.

Оқушы өзінің үйренген сөздерін ауызекі сөйлеу тілінде қолдана білсе, оның ақыл ойын дамытуға әсер етеді. Бұл жөнінде Л.Н.Толстой: «Балаға үйренген сөзін қолдана білуіне жағдай жасау керек, үйренген сөзін сөйлеу тілін өзінің ауызекі сөйлеуінде бір рет қолданса, ол өзінің жеке меншігіне айналады» — деп айтқан еді. Демек, сөзді орынды қолданып, оның мағынасын жетік білетін бала өз бетімен сөйлем құрап, оның мағынасын түсініп, сөйлеу тілінде шебер қолданатыны сөзсіз. Оқушыны өз ойын айта білумен бірге жаза білуге де дағдыландырукерек. Мұғалім сөз тіркесін және сөйлемді құрату арқылы оқушыны тілдік фактілерді орынды қолдана білуге,әсіресе синонимдік қатарларды, сөзді талғап, таңдап қолдануға үйретеді. Сонда ғана баланың жазған мазмұндама, не шығармасы талапқа сай болады, жазба тілі дамиды. Ауызша тіл кітап оқу, әңгімелеу арқылы көрінсе, жазбаша тіл дамыту мазмұндама, шығарма т.с. жазу жұмыстары арқылы іске асады. Бұл жұмыстардың қайсысы

болсын, сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға, үйретуге, оның творчестволық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. Ауызша және жазбаша (мазмұндама, шығарма) жұмыстарын дидактикалық принципке сүйене отырып оқушылардың ойы мен тілін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талабы қазақ әдебиетін жас ұрпаққа үйретудің тиімді әдістемесі жасалуын қажет етіп отырғаны белгілі.

Өйткені, халқымыздың тарихи асыл мұрасы тілді болашақ ұрпаққа жеткізе, олардың сана – сезімдерін, дүниетанымын кеңейтіп, ой дәлдігіне сөз жүйелігіне, тіл тазалығына төсілдіру – аса игі іс. Мектептегі білім беру жүйесіне көз жіберсек, ана тілін оқытудағы басты мақсат – баланың ой-өрісіне, сөйлеу мәдениетіне үйретіп, шешен де шебер сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Сондықтан шығарманы талдауға байланысты жүргізілетін жұмыс түрлерін бір жақты ұйымдастырмай, оқушылардың сөйлеу, пікір алысу дағдыларын ұштай түсу мақсатын көздеп отырған жөн. Сөйлеу – физиологиялық та процесс. Бала мектепке дейін – ақ едәуір дәрежеде ана тілінде сөйлеу дағдыларын алады. Ал мектепте әдеби тілдің нормасы, грамматикалық синтаксистік заңдарымен танысады. Дұрыс жаза, сөйлей біле дағдыларын жетілдіріп тіл байлығын молайта түседі. Баланың ойлауын жетілдіріп, тілін байыту жолдарының бірі – сөздік жұмысын жүргізу.

Сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндірумен ғана бітпейді. Ол жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу т.с.с жұмыстармен тығыз байланысты. Мұндай жұмыстар оқушының ойын, тілін дамытады, эстетикалық талғамын арттырады.

Тіл дамыту жұмыстары мынадай принциптерге негізделе жүргізіледі:

1. Сөйлеумен ойлаудың бірлігі принципі

2. Ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір – бірімен байланыстылық принципі.

3. Грамматика, орфография, пунктуация және әдебиетпен байланыстыра жүргізу принципі[5, 87].

Сөздік жұмысын үнемі бір қалыпта жүргізуден оқушы жалығады. Сол себепті оны мүмкін болғанынша, түрлендіріп отырған жөн. Осы мақсат тұрғысынан жүргізілген жаттығу жұмысының бірінде көркем мәтінде кездескен мағынасы түсініксіз сөздерді оқушыларға бірде олардың синонимдері арқылы түсіндірсек, енді бірде қарсы мәнді сөздерді ойластырамыз. Мұндай жаттығу жұмыстары түрленіп қана қоймайды, бұл тапсырманы орындау нәтижесінде тіліміздегі сөздердің жақын мағыналы және қарама-қарсы мәнді болып келетінін таниды. Сөйтіп, олар білімнің жаңа бір басқышына көтеріледі. Сондай-ақ затты табиғи жағдайда бақылау, экскурсия, суреттерді және анықтама беру арқылы, морфологиялық құрамына қарай талдау арқылы сөздердің мағынасын түсіндіруге болады. Сонымен бірге тіліміздегі архаизм, неологизм, жергілікті сөздерге де арнайы жаттығулар жүргізуге болады.

Мұндай жұмыстар оқушының ойлауын дамытып, орынды сөйлей білуге үйретеді, сөздігін жаңа ұғымдармен молайтып, логикалық ойлауын жетілдіре түседі. Оқу сабағында мәтінді дұрыс қабылдау үшін сөздік жұмысын жүргізбейінше, мақсатқа жету мүмкін емес. Сондықтан сөздік жұмысы сабақтың өн бойынан орын алғаны абзал.

**Әдебиеттер тізімі:**

*1.Абылқасова З.А. Сөздік жұмысын ұйымдастыру. Павлодар 2013*

2. Әбілқаев А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы, 1995.

3. Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. Алматы, 1985. 4.Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы 2005.

5. Бектуров Ш.Қ. Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы Атамұра 2006.

# ПРОЕКТИРОВАНИЕ УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА ПО ИННОВАЦИОННОЙ МОДУЛЬНОЙ ТЕХНОЛОГИИ

***Шаханова Р.А.,***
*д-р педаг.наук, профессор, Академик МАНПО,*
*заведующая кафедрой методики преподавания филологических дисциплин,*
*Казахский Национальный университет имени Абая*
***Утегенова А.А.,***
*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,*
*Казахский университет экономики,финансов и международной торговли*
***Шоканова Р.Д.,***
*Автор Модульной инновационной технологии преподавания языков*

**Где нет развития, там – смерть**
Даниэль Дефо

**Делись своими знаниями.**
**Это путь к бессмертию**
Далай Лама

**Дети изменились, а инструменты**
**меняются крайне медленно;**
**инновации практически не внедряются.**
Шоканова Р.Д. авторская
технология преподавания языков

Само собой разумеющееся, что учебно-воспитательный процесс должен быть не только интересный, результативный, продуктивный, он должен быть креативным и самое главное - компетентностным. Для того, чтобы достичь такого уровня знаний, необходимо в учебно-воспитательном процессе применять инновационные модульные технологии. Давайте кратко рассмотрим, что такое инновационные технологии и инновационные модульные технологии.

## Инновационные образовательные (педагогические) технологии и для чего они нужны?

Программные документы ЮНЕСКО и многие другие источники позволяют сделать вывод о том, что нет страны, правительства, педагогического сообщества, которые были бы удовлетворены системой образования. О кризисе образования говорят во всех цивилизованных странах – США, Англии, Франции, России и др., причем расскрытие признаков кризиса всюду более или меннее сходно: снижение престижности знаний, уровня успеваемости, значительный процент функциональной неграмотности, невысокая квалификация учителей (преподавателей) и т.д.» (И.Я.Лернер, И.К. Журавлев)

В настоящее время многие политические и государственные деятели видят в образовании гарант сохранения и развития человеческой цивилизации, признают примат образования к другим государственным процессам. Однако в начале нового тысячелетия, стало очевидным один из признаков кризиса образования – низкие показатели качества обучения. В Го-

сударственной программе развития образования в Республике Казахстан на 2010-2015 годы отмечается резкая тенденция к снижению качества образования, указывается на то, что в течение 5 лет 30-35 % абитуриентов показывают по результатам комплексного тестирования неудовлетворительные результаты.

Гордон Драйден, Джанет Вос в своей книге «Революция в обучении» отмечают, какой должна стать школа, в том числе высшая школа, чтобы соответствовать требованиям нашего стремительно меняющегося общества. Как использовать мозг для освоения бесконечных изменений в области техничесих наук и новых информационных технологий в процессе обучения. И как научить мир учиться по-новому. Они отмечают, что «Во всем мире, в любом бизнесе, 25 % уровень брака рассматривался бы как финансовое бедствие. Учебные заведения – единственные организации, который считают такой результат вполне допустимым». Критичность ситуации в образовании обусловлена не только результатами, не соответствующие ожиданиям общества, но и отрицательным влиянием на многие сферы разития экономики, экологии, литературы, нравственного и духовного развития и др. Жесткая рыночная конкуренция требует хорошо образованных конкурентноспособных, умеющих мобильных реагировать, анализировать, творческих специалистов разных уровней. Чем в большей степени учтены эти компоненты, тем более личностно-ориентированным должен быть учебно-воспитательный процесс. Личностно-ориентированный образовательный процесс предполагает организацию педагогического процесса на основе охраны личности от стереотипа одинаковости, отказ от унифицированных программ и методик, уважения к уникальности и своеобразию каждого студента, отношения к воспитаннику как к субъекту собственного развития, с опорой на естественные процессы саморазвития. Как достигается отказ от унифицированных программ и проявление уважение к уникальности и своеобразию каждого студента? Это достигается за счет создания разноуровнего процесса обучения, который включает в себя компоненты целеполаганий, диагностик, коррекций и целой системы контроля знаний. Весь этот механизм, называемый технологией, создает условия для самообразования, самореализации, самоутверждения, самостоятельности, самоменеджмента, самодостижения, самовыражения, самоуважения, самовоспитания, саморазвития, самоактуализации и многих других «само».

Как же решить проблему качественного образования при массовом обучении? Проблема обостряется тем, что современая вузовская система образования работает в условиях неопределенности. Поэтому одна из главных парадигм современной системы образования -– **измениться институционально и революционно.**

Поскольку качество преподавания и успеваемость студентов нуждаются в коренном улучшении, это значит, что высшей школе надо коренным образом поменять образовательную сущность, иначе говоря, реформировать учебный процесс.

Новая высшая школа должна:

☐ научить учиться, т.е. студента необходимо обучить, что необходимо для строительства его собственной образовательной траектории;

☐ обучить развивать когнитивные возможности, необходимые для для синтеза-анилиза и других мыслительных операций.

☐ научить высказывать прочитанное, максимально выражать свои мысли, и в идеале, научить рассуждать и т.п..

**Инновационные технологии**

Поиском ответов «чему учить?», «как учить?», «когда учить?» занимается дидактика. Но на вопрос, «как гарантировать достаточно высокие образовательные результаты для всех» на это традиционная дидактиктическая наука ответа не дает. В образовании решающее значение имеет как достигнутая цель, так и способы ее достижения. Таким образом, традиционная учебно-воспитательная система в принципе исчерпала себя, но можно прогнозировать

ее «второе пришествие» в новом качестве – в виде супердисциплины, которая интегрирует многие научные понятия: системный анализ информационные технологии методику дидактику; логику психологию креативность, как высокий уровень творческой одаренности и его элемент – инсайт развитие интеллекта инициатива и др. Эта супердисциплина – технология обучения и проектирование новых образовательных систем и процессов т.е. внедрение «инновационных образовательных технологий». Что самое главное в обучении? – это результат. «Как получить результат?», «Как сделать, чтобы обучение было качественным?», «Как выполнить требования Государственного стандарта образования, нестандартно организуя образовательный процесс?», «Как сделать, чтобы получение знаний было в удовольствие и при этом именно получить знания, а еще лучше систему знаний?», «Как построить занятие так, чтобы студенты оказались в «стране чудес», т.е. в стране чудесно преподаваемых знаний?», «Как учить осмысленно?», «Как учить, чтобы студент сам осознал необходимость в получении качественных знаний?» поиски ответов на эти вопросы привели нас профессионалов-практиков к попытке внедрения технологии в учебно-воспитательный процесс, т.е. «технологизировать» процесс**.** [1, с.7] Слово «технология» ворвалось в российское образовательное пространство 40 лет тому назад, вытеснив привычное нашему уху слово «методика преподавания». И столь же стремительно потеряло какое-либо определенное значение, превратившись в многоликий бесформенный образ, подменивший привычную дидактическую терминологию. Что только не понимается под технологией! Кстатати, теоретические аспекты образовательных технологий разрабатываются учеными под эгидой ЮНЕСКО. ЮНЕСКО, вплотную занимаясь образовательными технологиями, уделяет этому акпекту огромное внимание, держа этот вопрос на контроле. На решение проблем эффективности учебного процесса и направлен поиск альтернативных способов его организации, способов, основанных на технологическом подходе Давайте разберемся насколько термин «технология» соответствует сущности образовательного процесса.

Технология, в широком понимании этого слова, – это наука о мастерстве (techne – искусство, мастерство; logos – наука, закон). **Технология** – совокупность методов обработки, изготовления, изменения состояния, свойств, формы, сырья, материала в процессе производства продукции. **[**2, с.79] Внедрение технологий в учебо-воспитательный процесс является «технологизацией**»,** называемая образовательной или педагогической или обучающей (термины могут быть различными). Если проектируются, лучше сказать «технологизируются» процессы обучения и воспитания и описываются, то соответственно, технология называется **образовательной**.Образовательная (педагогическая) технология, по определению ЮНЕСКО, – это в общем смысле «системный метод создания, применения и определения всего процесса преподавания и усвоения знаний с учетом технических и человеческих ресурсов и их взаимодействия, ставящий своей задачей оптимизацию форм образования». **[**3, с.349]

«Технологизированный» учебно-воспитательный процесс, превращает обучение в производственно-технологический процесс **с гарантированным результатом,** способствовавший появлению в педагогике направления – **инновационные образовательные (педагогические) технологии**

Что такое инновационные образовательные (педагогические) технологии? Инновации (от лат. in – в, nove - новый) нововведение, ввод нового, введение новизны. Инновации – это процесс освоения и внедрения нового. Новшество – явление несущее в себе сущность, способы, методики, технологии, содержание нового. Инновационный процесс – комплексная деятельность по формированию и развитию содержания образования, организации нового. Инновационные образовательные (педагогические) технологии – это нововведение, целенаправленное изменение, вносящее в образовательную среду новые стабильные элементы (новшества), содержащее в себе новшество и улучшаюшие характеристики отдельных частей, компонентов или самой образовательной системы как целого. Инновационная образовательная (педагогиче-

ская) технология – это поиск идеальных программ, новых средств, приемов, методов, форм их внедрение в образовательный процесс и их творческое переосмысление.[4, с.14]

Инновационные методы обучения – это методы обучения, которые несут в себе новые способы взаимодействия «преподаватель-студент», определенное новшество в практической деятельности, в процессе овладения учебным материалом. Главным показателем инновации является то прогрессивное начало в развитии вуза по сравнению со сложившимися традициями и массовой практикой. Под «образовательной технологией» мы предпочитаем исследовать сам алгоритм построения структуры, логику учебного процесса, концепцию всей образовательной системы, «механиз управления», т.е. это и есть технология учебного процесса. Она, на наш взгляд, должна описывать организацию процесса обучения, развития и воспитания как целостной структуры.

Более того современные инновационные технологии обучения могут обеспечить высокий уровень качества образования, за счет **повышения управляемости учебного процесса.** [5, с.14]

Давайте рассмотрим основную концепцию образовательной технологии. Что есть концепция инновационных образовательных (педагогических) технологий?»

**Концепция инновационной образовательной технологии – это система новых взглядов на содержание образовательной деятельности, способ понимания и трактовки учебно-воспитательных процессов по-новому, определенная точка зрения, содержащая в себе новшество, ведущая к конечному результату – качеству знаний.**

**Целью инновационных образовательных** (педагогических) технологий является превращение человека из объекта управления (обучения, воспитания) в субъект управления, формирование у него самостоятельности и способности к самоменеджменту. Для этого необходим **инструктивный стиль** отношений между преподавателем и студентом, предполагающий апеллирование к личности студента.

Инновационная образовательная (педагогическая) технология высшей школы в настоящее время понимается как направление в дидактике, а потому определяем технологию **как управление качеством процесса обучения на основе проекта с жестко определенными и запрограммированными процедурами и правилами, обеспечивающими взаимосвязь основных дидактических процессов и гарантирующими результат.** Как известно, педагогическая система состоит из дидактической и методической составляющих. Таким образом, чтобы добиться результатов, **они должны быть запланированы**, такова суть инновационной образовательной (педагогической) технологии.

**Для чего нужны инновационные образовательные (педагогические) технологии?**

При овладении студентами определённой областью знаний по технологии умственные способности наилучшим образом расскрываются, гибкость мышления усиливается, способность студентов к усвоению физических знаний проявляется в умении отойти от образца, найти новые нестандартные способы решения, применить полученные знания в разнообразных практических ситуациях и в дальнейшем применить в будущей профессиональной деятельности. Все внутренние законы, которые предусмотрены и продуманы в технологии, основаны на логике учебного **процесса**. Эти законы тесно взаимосвязаны между собой и находятся в органическом единстве.

Это единство определяется тем, что они обеспечивают соответствие мышления действительности, а предпосылкой, следовательно, служит усвоение «на результат». Одно из главных в технологии – это:

1. развить мысль, вызвать движение мысли вслед за мыслью преподавателя, добиться мыслительной реакции;

2.выработать логические действия, в результате которых из нескольких связанных суждений получается новое суждение, в результате которого получаются новые знания.

3.способствовать развитию таких мыслительных операций как **синтез-анализ, умозаключение, обобщение, осмысление, абстрагирование, логические выводы, сравнение**, правильное понимание и формирование не только знаний, но и системы знаний;

4.добиться подъема интеллектуальной энергии студентов, повышения компетентности со стилем и стратегией в решении данной проблемы, с эффективностью личностно-ориентированного подхода, требующего познавательной активности с когнитивным стилем. **[**6, с.442]

Помимо основной концепции инновационной технологии имеются частные концепции, без которых технология немыслима

**Концепция креативности**. Креативность – высокий уровень творческой одаренности. Поскольку технология предусматривает от студента различных творческих мыслительных операций, то в самой технологии предусмотрены тренинги креативности. Креативность – неотъемлемая часть инновационной технологии. Инсайт- (от лат.insight-постижение, озарение) –внезапное, логически выводимое понимание сущности явления, ситуации в целом.Выступает одним из элементов педагогической импровизации и любого творческого процесса. **[**8, с.9].

**Концепция полного усвоения** материала, заложенная в технологии, построена на процессе такого психического отражения как Познание, обеспечивающее приобретение и максимально полное усвоение знаний.

**Концепция гарантированного результата.** Весь механизм технологии предусмотрен на формирование компетентности. Компетентность предусматривает гарантированный результат.

**Преимущества технологии обучения:** [9, с.26]

☐ в технологии цель (конечная и промежуточная) определена очень точно (диагностично), что позволяет «видеть» и разработать конкретные методы контроля ее достижения.

☐ технология предлагает проект учебного процесса, определяющего структуру и содержание учебно-познавательной деятельности.

☐ ключевой элемент образовательного результата – потребность обучающегося в самореализации;

☐ технология действенно формирует у студентов понятийный словарь, а формирование понятийного словаря, свидетельствует о достаточно высоком уровне овладения учебным материалом.

**Таким образом, изменение парадигмы образования – переход от «знаниевой» модели к «проектно-компетентеностной».**

Инновационная технология – это система справедливого оценивания знаний, более того в технологии предусмотрен механизм («рычаг»), где студенты имеют возможность оценивать свои знания сами (но с помощью преподавателя). При таком мудром механизме оценивания, отпадает такое социальное явление как – обида и несправедливость.

Таким образом, инновационные образовательные (педагогические) технологии называют «совокупностью установок, приемов, методов и воздействий», «содержательной техникой», «системным методом», «областью исследования», «творческой деятельностью», «правилами организации деятельности», «механизмами управления», «способом реализации», «научным проектированием», «метод проектов», «логикой учебного процесса», «организационным и дидактическим комплексом», «неординарной техникой преподавания». [10, с.18] Таким образом, инновационная образовательная технология, являясь составной частью педагогической инноватики, решит многочисленные проблемы педагогического менеджмента.

## Инновационное модульное обучения.

Одна из самых уникальных образовательных технологий – Модульное обучение, которое позволяет практически решать все вышеперечисленные задачи. Модульное обучение возникло как альтернатива традиционному обучению.

## Преимущества модульного обучения.

Технология Модульного обучения создает надежную основу для индивидуальной и групповой самостоятельной работы обучающихся и приносят до 30% экономии учебного времени без ущерба для полноты и глубины изучаемого материала. Кроме того, достигается гибкость и мобильность в формировании знаний и умений обучающихся. Модульное обучение очень хорошо развивает уровень творческой одаренности – креативность, и его явление – инсайт.

Таким образом, кратко рассмотрим основные критерии проектирования учебно-воспитательного процесса по образовательной (педагогическая) инновацонной модульной технологии:

☐ образовательная (педагогическая) технология– это специфическая организация учебного процесса, с заранее запрограммированным результатом, образующий качественную систему знаний и формирующий компетентность;

☐ образовательная (педагогическая) технология – научно обоснованное управление образовательным процессом.

☐ разработана под конкретный педагогический замысел и отражает определенную методологическую и филосовскую позицию автора;

☐ предусматривается взаимосвязанная деятельность преподавателя и студента с учетом принципов индивидуализации и дифференциации, т.е. личностно – ориентированный подход;

☐ технология должна быть воспроизводимой и гарантирует достижение планируемых результатов ГОСТа;

☐ мониторинг в технологии- отслеживание результатов, постоянно наблюдение за всем учебным процессом с целю выявления его соответствия желаемому результату;организационная система отслеживания результатов;

☐ органической частью образовательной (педагогической) технологии являются: целеполагание, входной тест; организация обучения; диагностические процедуры; коррекция; диагностические процедуры2; самостоятельная работа; компетенция (результат)

☐ образовательная технология ориентируется на гарантированное достижение целей и идею полного усвоения заданного материала;

☐ использование данной технологии как возможность реорганизации традиционной высшей школы в компетентностную.

**Проектирование логической структуры и процедур учебного курса (темы)**

☐ Цель+микроцели= целеполагание ( вводно-разьяснительный и целеполагающий этап; имеется общая цель темы, но при разработке обучающей системы по предмету подлежат конкретизации, поэтому имеются микроцели для достижения лучших результатов; по каждой теме формулируется по 2—3 микроцелей.Микроцель в проекте представляем как заранее осознанный и планируемый результат. Цели формируются так, чтобы их можно было диагносцировать.

☐ Входной тест (контролирующая часть, текущий контроль);

☐ Организация обучения (обучающе-развивающий этап)

☐ Диагностические процедуры (проверочно-диагностируемый этап; инструментарий и показатель измерения результатов содержания образования) Диагностика понимается и реализуется как констатация степени достижения или не достижения студентом микроцели. Задания равноуровневые. Составляет не менее 4-х заданий.Задание первого уровня- не менее двух.Единые требования к содержанию заданий.Единые правила оценивания.

☐ Коррекция с организацией обучения (закрепительно-коррекционный этап). Коррекционные упражнения должны быть трехуровневыми.Содержание коррекционных упражнений направлено на формирование ЗУН и подготовку к вторичной диагностике

☐ Диагностические процедуры2 (проверочно-диагностируемый этап; инструментарий и повторный показатель измерения результатов содержания образования).Единые правила пересдачи диагностики.

☐ Самостоятельная работа или контрольно-тренировочные упражнения (текущий контрольно-оценивающий этап);

☐ Тесты (оценивающая часть, текущий контроль) дополнительные тесты «для продвинутых».

☐ Экспертный контроль. Компетенция[1] трехуровневая (аналитико-умозаключительный этап, итоговая контрольно-оценивающая часть, результат, формирование деятельной компетенции) При формировании деятельной компетенции необходимо учитывать степень усваеомости студентом знаний, исходя из этого технология предусматривает следующие уровни:

☐ уровень **A-** соответствует минимальному уровню усвоения учебного содержания, рассчитан на студента с низкой обучаемостью, низким уровнем учебных умений, имеющего пробелы в знании пройденного материала;

☐ уровень **B-** для студентов, которые при относительно невысокой обучаемости достигают хороших результатов в обучении, компенсируя недостаточное развитие способностей к отдельным мыслительным операциям прилежанием; организованностью, использованием рациональных приёмов в учении.

☐ уровень **C-** представляет собой углублённый вариант содержания материала, который рассчитан на студента с высокой обучаемостью, положительным отношением к учению и высоким уровнем знаний;

Таким образом, модульная технология помогает выстраивать педагогическую систему в соответствии с ключевым вектором развития образования: переход от знаниевой модели к компетентностной, когда принципиальное значение уделяется формированию «креативности, высокого качества знаний и самоуправления человека как важнейшего ресурса экономического и социального развития общества».

[1.] В целом же компетентность/компетенция еще не устоявшиеся термины. В связи с тем, что в современной педагогической науке и практике понятиями-категориями «компетенция» и «компетентность» стали оперировать лишь в конце 90-х годов XX века, в толковании дефиниций существует разнобой, встречающийся и в научно-педагогической литературе, и в диссертационных исследованиях.

Несколько по-другому разделяет эти понятия А.В. Хуторской: «Компетенция в переводе с латинского competentia означает круг вопросов, в которых человек хорошо осведомлен, обладает познаниями и опытом. Компетентный в определенной области человек обладает соответствующими знаниями и способностями, позволяющими ему судить об этой области и эффективно действовать в ней. А.В. Хуторской пытается разделить данные понятия, имея в виду «под компетенцией некоторое отчужденное, наперед заданное требование к образовательной подготовке студента, а под компетентностью – уже состоявшееся его личностное качество (характеристику)».Б.И. Хасан считает, что «компетенция – это то, на что претендуют или то, что назначается, как должное быть достигнутым», а «компетентность – это то, чего достиг человек из желаемого».

Трудность здесь видится в том, что компетентность нельзя трактовать как сумму предметных знаний и умений. Это - приобретаемое в результате обучения новое качество, увязывающее знания и умения со спектром интегральных характеристик качества подготовки, в том числе и со способностью применять полученные знания и умения на практике. Главным направлением инновационной деятельности является проектирование и реализация компетентностной модели в профессиональной подготовке будущих специалистов.Компетент-

ностный подход предполагает не простое воспроизведение знаний, а развитие способности актуализировать знания, необходимые для решения возникающих профессиональных и жизненных проблем.

**Список литературы:**

1. С.К. Исламгулова, Как технологизировать процесс обучения, Алматы, 2009

2. Шоканова Р.Д., Модульная технология обучения казахскому языку как результативная. Международная конференция «Язык, перевод и современные технологии обучения зыкам», Алматы, 2002 г., 5 стр.

3. Проектирование учебного процесса по модульной технологии в школе. Журнал «Творческая педагогика» № 4, Алматы, 2002 год, 3 стр.

А) Модульная технология обучения казахскому языку. Журнал «Әдіскер» Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал №1, 2003, 7 стр.

Б) Модульная технология обучения казахскому языку. Журнал «Әдіскер» Республикалық ғылыми-педагогикалық

журнал «Әдіскер» №3,2003, 2стр.

В) Модульная технология обучения казахскому языку. Журнал «Әдіскер» Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал №4, 2003, 2стр.

4.С.И.Ожегов и Н.Ю.Шведова, Толковый словарь русского языка, Москва, 2006 г.

5. Г.М. Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров, Словарь по педагогике (междисциплинарный) Москва - Ростов- на- Дону, Издательский центр «МарТ», 2005

6. А.К. Мынбаева, З.М.Садвакасова, Инновационные методы обучения или как интересно преподавать, Алматы, 2010

7. С.К. Исламгулова, Как технологизировать процесс обучения, Алматы, 2009

8. Педагогика.Большая современная энциклопедия, Минск «Современное слово», 2005

9. Г.М. Коджаспирова, А.Ю.Коджаспиров, Словарь по педагогике (междисциплинарный) Москва-Ростов-на-Дону, Издательский центр «МарТ», 2005

10. А.Грецов, Тренинг креативности для старшеклассиков и студентов, изд.ПИТЕР, 2007

## ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ БАСҚА ТІЛДІК ТҰЛҒАЛАРДАН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

***Бөлекбаева Ж.***
*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың*
*магистранты*

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші - көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ал осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі – фразеологизмдер болып табылады.

Фразеологизм – өзінің бейнелілік, әсерлілік, экспрессивті-эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түсетін тілдің сөздік қорының айшықты да, мәнерлі саласының бірі. Фразеологизмдер – жазу, сөйлеу тілінің ажарын кіргізіп, құдіретін арттыра түсетін, көңілдегі көрікті ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік бояу-нақышымен жеткізетін, көркем сөз қазынасында қорланып, қолдануға дайын тұратын, қалыптасқан сөз тіркестері.Фразеологизмдер – тіл қазына-

сының байырғы да құнарлы қабатына, көркем сөз қорының сүбелі саласына жататын сыры мол, мазмұны терең, қолданыс аясы кең құбылыс. Фразеологизмдердің тіл білімінен ерекше орын алып, көптеген ғылыми зерттеулердің объектісі болуының себебі, біріншіден, олардың сан жағынан көптігі, екіншіден, тілдегі қолданыс аясының кеңдігі, үшіншіден, мазмұн-тақырып жағынан ауқымдылығы және, төртіншіден, тіл практикасында жиі кездесуі. Фразеологизмдер сонымен қатар барша рухани өмірдің байлығын жан-жақты сипаттауда да ерекше қызмет атқарады.Фразеология термині тіл білімінде екі түрлі мағынада – біріншіден, тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін ғылым деген мағынада, екіншіден, белгілі бір тілдегі тұрақты сөз тіркестерінің жиынтығы деген мағынада қолданылады. Фразеологизмдер ұзақ тілдік қолданыстан кейін ғана тұрақтылыққа ие болады. Фразеологизмдерді басқа тілдік бірліктерден ажыратудың айырма-белгілері деп зерттеушілер мынадай үш негізге сүйенеді:1) мағына тұтастығы

2) тіркес тиянақтылығы

3) қолдану тиянақтылығы

Сөз тіркестері аталған белгілерге бірден ие болмайды, фразеологиялық мағынаға ауысу үшін бірнеше шарттарды қажет етеді. Олар:

1) тура мағыналы сөз тіркестерінің қоғамдық қатынастардың ауысуына, түрлі әдет-ғұрып, ой-сананың өзгеруіне байланысты алғашқы мағынасының көнеленуі нәтижесінде идиомалық оралымдар жасалады;

2) еркін сөз тіркестерінің мағыналық жағынан толығуы нәтижесінде фразеологиялық мағынаға ие болады;

3) жиі қолданылу нәтижесінде тілдік оралымдар нақтылығын жоғалтып, алғашқы құрылымдары өзгеріске түседі де, тұтас тіркеске ауысады.

4) сөз тіркестерінің алғашқы грамматикалық құрылымының өзгеруімен бірге, ғасырлар бойы айтылған тұлғалары сақталып, тиянақты құрылымға айналады.

Тіл білімінде фразеологизмдерге беріліп жүрген анықтамаларда бейнелілік — фразеологизмдердің басты қасиеттерінің бірі ретінде жиі көрсетіледі. Фразеологизмдердің экспрессиясын тудырудың бірден-бір жолы образдылық болып табылады. Еркін сөз тіркестерінің образға ие болуы — фразеологизмге өтудің бірінші сатысы болып табылады.

Тура мағыналы еркін сөз тіркестері бір затты, құбылысты, басқа затқа, құбылысқа ассоциациялау (теңдестіру, ұқсату) нәтижесінде ауыспалы мағынаға ие болады. Еркін сөз тіркестерінің ауыспалы мағынаға өтуі - фразеологизмдердің алғашқы шарты. Ауыспалы мағынада жұмсалатын тіркестің белгілі бір нәрсеге теңелетін, баланатын түрлері адам санасында образ жасайды. Бейнеліліктің негізінде тура және ауыспалы мағынаның қарама-қайшылығы болады. Тілдік қолданыста ауыспалы мағынаға ие болған тіркестер дәл сол құрамында да тұрып, тура мағынада жұмсала береді. Кейбір тіркестердің алғашқы өз мағынасы әлсіреп, қолданыстан шығып қалады да, екінші ауыспалы мағынасы ғана тілдік айналымда қалады. Олардың ассоциацияланған негізгі құбылысы ұмытылады. Бұл — фразеологизм құбылысының бір белгісі болып табылады.

Фразеологизмдердің бейнелілігіне диахрониялық тұрғыдан келгенде мынадай факторлар әсер етеді:

1) экстралингвистикалық факторлар: фразеологизм образының уақытқа, қоғамға, әлеуметтік жағдайға, ұлттың тұрмысына, таным түсінігіне қатыстылығы;

2) лингвистикалық факторлар: бейнелілікті жасау тәсілдері, троп түрлері, теңеу, эпитет, метафора, гипербола, литота.

Фразеологизмдердің бейнелілігі экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлар араласа қатар жүруімен жасалады .

Орыс тіл білімінде бұл салада көп еңбек жасаған ғалым-академик В.В.Виноградов фразеологиялық орамдарды фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық

тіркес деп үшке бөлген. Фразеологиялық оралымдардың түрлері бір-бірінен әрқашан айқын ажыратыла бермейді, осыған орай, оларды классификациялау тіл білімінде өте-мөте күрделі мәселе болып саналады. Тіл білімінде фразеологиялық оралымдар әр түрлі жағынан қарастырылып, осыған сәйкес, олар түрліше топтастырылған. Фразеологиялық оралымдар лингвистикалық әдебиеттерде бүтіндей тұрақты тіркестің тұтас мағынасы мен оның сыңарлары мағыналарының арақатысы жағынан топтастырылса, екіншілерінде – құрылымы жағынан, үшіншілерінде қызметі немесе эмоционалды-экспрессивті жағынан топтастырылады.

Тіл білімінде фразеологизмдер негізінен үш топқа жіктеледі.

Фразеологиялық тұтастық. Бұл топқа фразеологизмнің құрамындағы сөздер бір-бірімен тұтасып, әбден жымдасып кеткен, олардың мағыналық жігін ешқандай ажыратуға болмайтын тұрақты тіркестер жатады. Фразеологиялық тұтастық жеке сөздердің тұтас жиынтығынан пайда болғанымен, олар іштей түрлі бөлшектерге бөлінбей, іс-әрекетті, сапа мен белгіні, зат пен құбылысты бір бүтін атау ретінде көрсетіп бере алады.

Фразеологиялық бірлік. Бұлар орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Алайда құрамындағы сөздердің мағынасының қаншалықты тасалануы, я болмаса тасаланбауы жағынан елеулі өзгешеліктер болады. Бұлар ең алғашқы еркін тіркесті ауыс мағынада қолданудан келіп шығады.

Фразеологиялық тізбек. Бұлар еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шығады. Мұнда ерікті мағынасындағы сөз бен фразеологиялық қалпындағы сөздің тіркесуінен жасалып, сол тізбек күйінде қолданылады.

Профессор М.Балақаев пен профессор Т.Қордабаев тұрақты тіркестерді идиомалық тіркестер, фразалық тіркестер деп екіге бөлген. Профессор А.Ысқақов та күрделі сөздерді топтастыру мәселесіне қатысты айтқандарында тұрақты тіркесті идиомалық тіркес, фразалық тіркес деп екіге бөледі. Профессрр К.Аханов: «...мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді фразеологиялық единицалардың қай тобына жатқызу – өте күрделі мәселе», - дейді.Сонымен қазақ тіл білімінде де фразеологиялық орам тұлғалары идиома мен фраза болатыны күмән тудырмайды. Проблема фразеологиялық тұлғаларды басқа тілдік құбылыстардан ажыратуда нені межелік белгі етіп алу керек екендігіне байланысты туады.Орыс тіл білімінде фразеологиялық тұлғалар жайында сөз қозғаған тіл мамандары оны басқа тілдік құбылыстардан ажыратарлық белгі ретінде, негізінен, компоненттерінің тұрақтылығын, бүкіл тіркестің беретін жалпы мағынасы бөліп-жаруға келмейтін, тұлғасының күрделі, құрылымы жағынан вариаттары болатын, сөйлеу кезінде құрастырылып жатпай даяр, жаттанды қалпында ойдан шығарып айтқандай қолданылатынын, басқа тілге сөзбе-сөз аударуға көне бермейтінін айтады. Ал қазақ тілінде тіл мамандары пікірлері де негізінен осы бағыттас болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1962.

2.К.Аханов. Тіл біліміне кіріспе. Алматы, 1965.

# ДАСТАРҚАН» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

***Сейтбекова А.А.***
*Санкт-Петербор Гуманитарлық Кәсіподақтар Университеті*
*Алматы филиалы*

***Аннотация.*** В статье рассматривается лингвокультурные аспекты преподавания казахского языка в русскоязычной аудитории. Анализируются лингвокультурные особенности концепта «дастархан».

***Annotation.*** The article deals with the linguocultural aspects of the teaching of the Kazakh language in the russian-speaking audience. The linguocultural features of the concept “dastarkhan” are analyzed.

Қазіргі таңда тілдің сан алуан ұғым-түсініктерге ие болып, айналасына өзара мәндес келетін сөздер мен сөз тіркестері топтасып барып, семантикалық өріс құрайтыны, олардың концептілік қасиетке ие ұғымдарға айналатыны кеңінен анықталуда. Бұған қазіргі тіл білімінде өріс алған әртүрлі осы саладағы зерттеулер дәлел. Атап айтар болсақ, лингвомәдениеттанудың шеңберінде белсенді түрде жүргізілген зерттеулер қатарына Н.Уәли, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, А.Әлметова, Г.Снасапова, А.Әмірбекова т.б. қазақ тіл білімі саласындағы көптеген ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Осымен байланысты лингвистика мен мәдениеттанудың шегінде пайда болған аралық ғылым лингвомәдениеттану саласының дамуы қазіргі таңда өзге тілді аудиторияда қазақ тілін оқытып меңгертуде өте маңызды орынға шығып отыр. Бұл ретте үйренушіге білімді инновациялық жолмен беру дейтін бағыттың өріс алып отырғаны белгілі. Ал бұл бағыт бойынша оқылатын, тыңдалатын мәтін мазмұнындағы, жазылым тапсырмалары мен айтылымға арналған жағдаяттардағы «мәдени компонентті» таныту мәселесі өзекті болып отыр. Демек, лингвокультуремаларды меңгерту оқыту ісіндегі инновациялық әдіс ретінде алға шығып отыр. Қазақ тілін үйретудің бұндай инновациялық әдістері тіл үйренушіні қазақ елінің тарихына үңілдіріп, тілде сақталған этномәдени бірліктерді, тіл-тілдегі ұлттық нақыш пен ұлттық құнарды тани білуге баулып, сөйтіп барып студенттің танымдық көзқарасын қалыптастыруды мақсат етеді.

Қазақ тілін өзге тіл ретінде оқытуда лингвомәдениеттанымдық элементтерді енгізудің кейбір мәселелері Ф.Оразбаеваның [1], Қ.Қадашеваның, У.Асановаың, Б.Ашикбаеваның [2] еңбектерінде сөз болады. Осындай еңбектердің қатарына Ә.С.Әлметованың «Лингвомәдениеттану негіздері» атты оқулығын да жатқызуға болады. Сонымен бірге қазіргі кезде «Қазақ тілінің» практикалық курсына арналып шығып жатқан деңгейлік оқу құралдары да жетерлік [3].

Шығып жатқан оқулықтардың көпшілігінің мазмұны мен әдістемелік талаптары оқыту үрдісіне танымдық-лингвомәдениеттанулық тұрғыдан келу бағытын басшылыққа алған. Әрбір оқыту аясына сәйкес келетін тақырыптар мен тақырыпшаларда үйренушінің қабылдауына жеңіл ұғынылатын мәтіндер және сол мәтін мазмұнынан туындайтын түрлі тапсырмалар мен жаттығулар, сөйлеу жағдаяттары іріктелген. Мәтіндер танымдық мазмұнға құрылған. Сондықтан мәтін мазмұнын ашуға берілген тапсырмалардың әр алуан түрі, үйренушінің монологтық және диалогтық сөйлеуін жетілдіруге бағытталған жаттығулар қатысымдық, тілдік дағдыларды тиімді қалыптастыруға ықпал ете отырып, студенттің санасында өзге ұлт мәдениетін танып түсіну мен өз ұлты мәдениетіне деген сүйіспеншілігін арттыруды көздейді. Осындай үйренушінің танымдық қабілетін дамытып шыңдайтын тапсырмалардың көп болуы – оқулықтың құндылығын арттыра түсетіні сөзсіз. Бұл өзге тілді студенттер үшін екінші

тілдік тұлға қалыптастыруға, өзге әлемнің концептуалды бейнесін танып білуге, бағамдауға, студент санасында әлем бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Мәселен, оқулықтарда берілген ұлттық мазмұнға құрылған мәтіндерден *«отан», «атамекен», «туған жер», «отбасы», «шаңырақ», «бесік», «дастарқан»* т.б. сөздерді кездестіреміз. Мұндай концептілердің астарында ұлттық мазмұнға ие үлкен ұғымдар жатыр. Ал ол тілдік бірліктердің қайсысы болсын (сөз, сөз тіркесі, фразеологиялық бірліктер, сөйлем) мәтін арқылы семантикалық өріс түрінде көрініс табады. Онсыз ол концепт деңгейіне көтеріле алмайды. Сол себепті *концепт* бір сөздің беретін ұғымы мен түсінігі емес, күрделі семантикалық бірлік болып табылады. Яғни осы концептілердің беретін ұғымы арқылы қазақ халықының өзіне тән ұлттық ділін, рухын, жан дүниесін, қазақ халқының ұлттық бейнесін түсіндіруге болады.

Мысалы, соңғы шыққан оқулықтарда «Әлеуметтік-тұрмыстық» аяда «Отбасы» тақырыбынан тарайтын бірнеше тақырыпшалар қамтылған. Әрине, бұл тақырыптар тұлғаның өз отбасы мүшелеріне мейірімді, ізетті бола білуін көздей отырып, соның негізінде отбасы мәселесін, ел мәселесін, жеке бас мәселесінен жоғары қоя білуге тәрбиелеуге бағытталған. Жас ұрпақтың тәрбиесі отбасынан басталатыны да көпке аян. Мұндай тақырыптарда отбасы мүшелеріне қазақ тіліндегі қайырылу түрлері ( ата, әже, аға, сіңілі, қарындас, бауыр, туыс, апа, жезде, аға, жеңге т.б.) де айтылмай қалмайды. Сонымен бірге жақын туыс адамдардың бір отбасы мүшелері болғандықтан, дастарқан басында жиі кездесетіні де белгілі. Сондай-ақ олардың өзара бір-біріне деген құрметі, отбасылық мәселелері дастарқан басында реттелетіні де жасырын емес. Яғни, дастарқан басы – ұрпақ тәрбиесінің бастауы, отбасы мүшелерін берекеге шақыратын орын. Сондықтан осы тақырып аясында кездесетін сөздерден қазақ халқының дүниетанымын бейнелейтін «*дастарқан*» концептісін қарастырудың маңызы зор деп санаймыз. Себебі қазақ халқының дастарқан жаюы немесе дастарқан басында отыруы - өзге ұлттардың мәдениетінде кездесе бермейтін өзіндік өзгешелігі бар, ұлттық мәдени сипаты бар мәселе. Сондықтан өзге тілді үйренушіге «*дастарқан*» сөзінің «ас қоюға арналған ақ мата, төсеніш» деген мағынасындағы жеке ұғым емес, оның астарында, тасасында қазақ халқына тән ұлттық мәдениеттің көрінісі жататынын аңғарту, осы төңіректе танымдық білім беру өте маңызды деп білеміз. Бірақ ұсынылған сөз де, ұғым да, олардың мағынасын ашуға жасалатын интерпретация да оқыту деңгейіне қарай жүретінін есте ұстауымыз қажет. Біз «дастархан» концептілік құрылымының семантикалық өрісін тереңдетілген деңгейде таратып айтуды ұсынып отырғанымызды ескерте кетуді жөн санаймыз.

Қазақ халқының «дастарқан» концептісін вербалдайтын «*дастарқан жаю, ас тарту, ас қою, ас ұсыну, ас алу, ас қайыру, асқа бата беру*, *дастарқанның басында дұшпан да дос, дастарханда наны жоқтың, тамағының сәні жоқ, асы бар аяқтан аттама»* дейтін сөздер мен сөз тіркестері және бұлардан да басқа көптеген лексикалық бірліктер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер және тыйым сөздер бар.

Концептілік жүйе қалыптастыруда санадағы ішкі құрылымдар белгілі бір когнитивтік модельге салынып жинақталады. Қазақ халқы қуанышты да, қайғыны да киелі дастарқан басында бөліскен. Осымен байланысты *дастарқан* концептісі *киелі, келісім, салт-дәстүр* микроконцептілік модельдермен өрнектеледі.

**«Дастарқан – киелі» когнитивтік моделі.** Қазақтың бұрын-соңды бар мәселелері дастарқан басында шешілуі дастарқанның киелі екендігін білдіреді. Қазақ халқында дастарқанның киелі екендігін білдіретін ырым-тыйымдар да жетерлік: *дастарқанды баспа, дастарқанды аттама, дастарқанды қима, кеспе*, т.б. Ол тыйымдарды сақтамау, орындамау әдепсіздіктің белгісі болып саналады. Осындай ата-бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарына айтып кеткен әрбір тыйымында терең мағына, мол тағылым жатыр. Мәселен, дастарқан оң жағынан жайылады, қос қабатты дастарқан болса, бүктелген тұйық жағын қонаққа қаратып, оң жағымен жаяды. *«Дастарқан оң болмай, істе жол болмайды»* деген мақал осындайда айтылса керек.

Ал *жасы үлкен адамнан бұрын тамаққа қол салмау, атасы батасын бермей дастарқаннан тұрмау,* т.б. сияқты ұлттық мәдениетті білдіретін ырым-тыйымдар әр қазақ баласының бойына жастайынан сіңген әдептіліктің белгісі болып саналады.

Қазақта *«таңертеңгі асты қалдырма, түскі асқа телмірме, кешкі асты бақпа»* – деп келетін тұрақты сөз тіркестері қазақы ортадағы дәстүрлі наным-сенімге негізделген ас қабылдаудың күнделікті тәртібін бейнелейді. «*Таңғы ас тәңірден»* деген түсінік бойынша, таңғы асты қонақтың отбасы мүшелерімен бірге қабылдауы, тіпті, кездейсоқ кіріп келген адамның үйдегілермен бірге ас ішуі немесе асығыс болса осы *астан ауыз тиюі* парыз. Ал соңғы екі ұстанымды түскі және кешкі тамақтанудың үй несібесі мен берекесіне балағандықтан, арнайы және құдайы қонақ болмаса, көрші-қолаң және басқа кездейсоқ келген адамның осы ас мәзірлеріне қатысуын шектейтін, осы арқылы көршілік байланыстарды реттейтін әлеуметтік мәнді жосын деуге болады [4].

Үйге келген адамдарға дәм таттырмай шығармайды. Дәмнен үлкен нәрсе жоқ, дәм, асты сыйлау қадірлеу, қуыс үйден құр шықпау, тағамды шайнаңдап шығу керек. Бұл жосынның негізінде дәм *бұйырған үйден тоқшылық, һәм молшылық арылмайды* деген идея жатыр. Осыған орай, қазақы ортада ас үстіне келген адамға «бізге деген көңілің ақ екен», ал астан кейін келгенге «біз туралы пікірің теріс екен» деп келетін тіркестер қалыптасқан [4].

*«Дәмге қарамады, сыйламады», «дастарқан аттады»* деп келетін фразеологиялық тіркестер адамдар арасындағы өкпе-реніш немесе тіпті, араздықты бейнелейді. Келтірілген мысалдар ас қабылдау үрдісінің аса маңызды этномәдени функция атқаратындығын көрсетеді және ас пен ас қабылдау ретінің адамдар арасындағы қарым-қатынас өлшемінің көрсеткіші бола алатын дара қасиетін айғақтайды [5].

**«Дастарқан – келісім» когнитивтік моделі.** Дастарқан басында айтылған әңгіме өнегелі, ал шешілген мәселе мен жасалған мәміле дәйекті болуға тиіс. Өсиет айту, бата беру, достасу бәрі де дастарқан басында шешілген. Дастарқаннан дәм татқандар татуласады, бір келісімге келеді. Мысалы, «*Алдыңа келсе әкеңнің құнын кеш*» ағаттық үшін сұралған кешірімдер де осы қарапайым дастарқанның құдіретімен өз шешімін тауып жатады.

Дастарқан басынан бірлесе ас қабылдауға байланысты *«дәмдес, табақтас болу», «қолынан дәм тату», «дәм тұзы жарасу»* және т.б. қатарлы ұғымдар қалыптасты. Бұл когнитивтік түзілістер көшпелі ортадағы мүдделес адамдардың арасындағы жақындықты білдіреді [5].

«**Дастарқан – салт-дәстүр» когнитивтік моделі.** Дастарқан басында қазақ халқына тән табақ тарту жоралғылары жүргізіледі. Қонақтардың атағына қарай тартылатын табақты түр-түрмен атап, әрбіріне өзінің сыйлы, кәделі жілік-мүшелерін тартатын салт бар. Олар *бас табақ, орта табақ, аяқ табақ, сый табақ, құда табақ, төре табақ*, *күйеу табақ* т.б. тілдік бірліктермен репрезенттеледі. Осындай табақ тартылған сыйлы қонақтар үй иелерінің үлкен-кішілеріне өзіне тартылған табағынан арнайы жілік ұсынуды да «сыйға сый» іззеттіліктің белгісі. Табақтағы етті тек жеу үшін деп емес, көңіл-құрмет үшін деп те түсінгенін паш етеді. Содан, «бас ұсыну», «құлақ ұсыну», «тіл ұсыну», «көз ұсыну», «таңдай ұсыну» деген дәстүрлері әлі де ұмытылған жоқ [6].

Қариялардың балаларға құлақ кесіп беруінің үлкен тәлім-тәрбиелік мәні бар. Жасынан үлкен кісілердің қолынан құлақ жеп, өсиеттерін тыңдап өскен бала сөз тыңдағыш, сөз қадірін түсінгіш, ақылды, білімді азамат болып есейеді деген түсінік бар. Ал таңдайды қыз балаға беретіні - өнерлі болсын дегені. Тілімізде осыған қатысты *таңдай қақтырарлық өз ісінің шебері*, *жезтаңдай әнші* тіркестері қалыптасқан.

Осы сияқты белгілі бір ұлттық-мәдени концептінің аясында шоғырланған мәдени мазмұнды білдіретін мақал-мәтелдер, бейнелі сөздер, афоризмдер, фразеологизмдер, метафоралар мен теңеулер, т.б көркемдегіш-бейнелегіш құралдар тілдің паремиологиялық қоры лингвомәдени бірліктердің негізгі тілдік көрінісі болып саналады. Бұл жөнінде Н.Уәлидің:

«Сөз мәдениетін коммуникативті-прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдениеттік, этикалық, лингвоэкологиялық тұрғыдан қарастырудың концептуалдық негіздерін анықтау, сөздің коммуникативтік сапаларын анықтау – сөзбен өрілген қазақ мәдениетін жаңғырту ісіндегі өзекті мәселе» [7], – деген тұжырымдары осыған дәлел.

Сондай-ақ, үйренушілерге «дастарқан» концептісінің аясында тіліміздегі ертеден қалыптасқан *ақ дастарқан, кең дастарқан, ақ бата, ас қайыру,* т.б. тілдік бірліктерге түсіндірмелер берілсе, қазақ елінің мәдениетанымдық және елтанымдық құндылықтарынан хабардар етіп отыратыны сөзсіз. Мысалы,

*Ас қайыру* – тамақтанып болғаннан кейін дастарқан басындағы ең үлкен әрі құрметті адам асқа бата береді. Мұны астан кейін айтылатын бата болғандықтан, шартты түрде *ас қайыру* деп атайды.

*Кең дастарқан* – қазақ өзінің кең пейіліне қарай дастарқанын да кең жайып ұстайды. «Дастарқаның мол болсын, пиғылың кең болсын!» деп келетін бата да халқымыздың байшүлен көңілінен туса керек. Содан да үйіне қандай қонақ келсе де дастарқанын молынан жаяды.

Осындай қазақ халықының ұлттық болмыс-тіршілігін бейнелейтін түрлі концептілердің астарында жатқан мәдени ұғым-түсініктерді үйрету арқылы үйренушілердің танымдық көзқарастарын қалыптастырып, қызығушылығын, арттырып, логикалық ойын дамытып, қатысымдық әрекеттерге тартуға болады.

Сонымен ата-бабамыздың білгірлігімен, көрегенділігімен мирас болып келе жатқан төл мәдениетімізді, ондағы орындалатын дәстүрлерімізді, жосын-жоралғыларымызды ұмыттырмай, сақтап қалу, оны сабақ үрдістерінде ұтымды пайдалану – қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесінде өзекті мәселелердің бірі болып саналмақ.

### *Әдебиет*


1. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Алматы: Ан Арыс, 2009. – 368 б.
2. Қадашева Қ., Асанова У.О., Ашикбаева Б.Г. Қ 15 Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін). – Алматы: «Кантана-пресс», 2012. – 400 б.
3. Әлметова Ә.С., Лингвомәдениеттану негіздері. - Алматы, «Кие» баспасы, 2011.
4. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. –Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002.
5. Садықов Б., Сариев И., Отарбаев А. Ақ дастарқан. –Алматы: Қайнар, 1987.
6. Бопайұлы Болат Жотақажы. Қазақ кәдесі. – Алматы: Бастау, 2003.- 192 б.
7. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл.докт. дисс.авторефераты. – Алматы, 2007. -56 б.


«Қазақ тіл білімі: жаңа ғылыми бағыттар және оқытудың заманауи әдістері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияға қатысушының

ӨТІНІМІ


| | |
|---|---|
| Аты-жөні (толық) | Сейтбекова Айнұр Аташбекқызы |
| Жұмыс орны | Санкт-Петербор Гуманитарлық Кәсіподақтар Университеті Алматы филиалы |
| Қызметі | оқытушы |
| Ғылыми дәрежесі, атағы | филол.ғыл.кандидаты, доцент |
| Мекенжайы, индексі | - |
| Байланыс телефоны | 87751032800 |
| Электронды мекенжай | Ainurseit@mail.ru |

| | |
|---|---|
| Бағыт (секция) | Әдістеме ілімінің өзекті мәселелері және жаңа технологиялары |
| Баяндаманың тақырыбы | Дастарқан» концептісінің лингвомәдени сипаты |
| Техникалық құралдардың қажеттігі | - |
| Қонақүй қажеттігі (санаты, ұйғарынды құны) | - |

# ҚАЗАҚ ТІЛІН КОММУНИКАТИВТІК ТҰРҒЫДАН МЕҢГЕРУДЕ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

***Есенова Гулшат Сериковна***
*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, филология магистрі*

Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан қатынас құралы ретінде игеру – оның қоғамдық-әлеуметтік қызметін білуді және бағалауды көздейді. Осы жағынан алғанда мемлекеттік тілді оқытуда тіл үйренушінің сөйлеу қабілетін арттыратын, танымдық көзқарасын қалыптастыратын, өз ойын еркін әрі түсінікті, жүйелі түрде жеткізуге көмектесетін білім алғаны жөн. Сөз болып отырған әдіске қатысты негізгі идея, басты өзек – қатысым болып табылады. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф. Оразбаева берген анықтамаға сүйенсек, «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынасқа құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі»[1,78].

Қазіргі таңда жеке тұлға қазақ тілін қоғамдық-әлеуметтік ортаға қатысты қарым-қатынас құралы ретінде игереді. Жеке тұлғаның мемлекеттік тілде терең сапалы оқып-үйрену мотивациясын психологиялық тұрғыдан қараған орыстың көрнекті ғалымдары П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Н.Н. Начаев, Н.Ф. Талызина, А.И. Подольский пікірлерінше, психологиялық негіздемесі терең және айқын жүйемен танылған арнайы оқыту әдістемелері ғана үлкен жетістіктерге жеткізеді – деген. Сондықтан білім алу барысында коммуниканттардың қарым-қатынасыдағы сөйлеу, тыңдау, қабылдау, түрлі ой операцияларын орындату-орындау сияқты оқу қызметтерін кеңінен пайдаланып, оқу әрекетінде тіл үйренушінің жеке тұлға болып қалыптасуына жол ашады.

Қазақ тілін үйретуде жаттығулар теория мен практика арасындағы байланысты нығайтуда маңызды рол атқарады. Тіл үйренушілердің алған білімдерін түрлі жағдайда қолдана білуге үйретеді. Мемлекеттік тілді оқытудың нәтижелі болуы – жаттығулардың тиімді таңдалуына байланысты және тілді оқыту әдістемесінің негізгі мәселесі болып табылады.

З.С. Кузекова: «Жаттығулар – нағыз оқу құралы. Дидактика мен әдістемеде оқытудың құралы – оқулықтар деп айтылып жүр, біздіңше, оқулық – оқытудың құралдарын ұйымдастыру мен жүзеге асырудың нысаны болып табылады. Ал оқытудың нағыз құралы – жаттығулар. Әсіресе тілді үйреткіңіз келсе, жаттығуларсыз нәтижеге жете алмайсыз» деп, профессор Р. Әміров оқулықтарындағы жаттығуларға назар аудара отырып, «жаттығу дегеніміз – сіздің оқыту амалдарыңыздың мазмұны, кең тұрғыда, әдістемеңіздің мазмұны»,- деп береді [2, 17].

Білік пен дағдының деңгейлі қалыптасуы идеясы жаттығулар типологиясының негізі бола тұрса да, оны жүзеге асыру жолы төмендегідей бөлінуде.

Р. Ладо, Г. Пальмер механикалық әрекеттердің игерілген әрекеттерге ұласуын айтса, Л.И.Апатова, Б.П.Следников және т.б. кішігірім тілдік белгілерден (сөз, сөз тіркестері, фразалар) ауқымды (мағыналы бөліктер, мәтіндер) және элементарлы операциялардан күрделі ойлау әрекетіне ауысуына жүйелілікті әкеп тірейді [3, 20].

Тілді оқытып – үйретудің ең басты шарты – жаттығулардың жүйелілігі. «Жаттығулар жүйесі» деген ұғым 30 жылдары кеңес дәуірі әдістемесінде Н.И. Гез, А.А. Мироцобов сияқты ғалымдардан бастау алады.

Жаттығу жұмыстарының атқаратын қызметі туралы ғалымдар арасында түрлі көзқарастар қалыптасқан. Жаттығулардың кең тараған рецептивті, репродуктивті, продуктивті бөлінуі Р. Баервальдтан бастау алады, тура әдістің (прямой метод) өкілі Г.Е. Пальмер осыны құптайды [4, 20]. Оқу түрлері (чтение) классификациясында Д.М. Шпрингфельд, М.С.Ильин аналитикалық және синтетикалық [5,29-35], И.Д. Салистра тілдік (дайындық), сөйлеу [6, 144].

Тура әдістің өнімдері тілдік материалды оқыту қиындық тудырғандықтан, тілді оқытуда оның грамматикалық құрылысын меңгертуді бірінші орынға қойды. Олар тілді меңгертудің кезеңдерін қарастырмай, ана тіліне еліктеу арқылы жаттығулар жасауды баса назарға алды. 20-30 жылдары орыс тілін шетел студенттеріне оқытуда оқытушылар тура және аударма әдістерін қолдануы, тек шетел тілін оқыту әдістемесіне емес, орыс тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістемесіне де қатысы барын көрсетеді.

Жаттығулар жүйесінің ерекшеліктерін анықтайтын оның құрастырылуы мен жаттығулар түрлерінің ұйымдастырылуы екені белгілі. Әдістемелік оқулықтарда жаттығу түрлерін екіге бөліп, дайындық және сөйлеу жаттығулары (коммуникативтік жаттығулар) деп қарастырып жүр.

Н.И. Гез оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарында сонымен қатар аспиранттармен бірлесіп жүргізген зерттеулеріне баға бере отырып, топтастыруға болатындығын көрсетеді. Жаттығуларды түрліше ұйымдастыру барысында Н.И. Гез дайындық жаттығуларын екі топқа бөледі: 1) Перцептивті – мағыналық жағы бар психологиялық қиындықтарды жоятын жаттығулар; 2) Құрылымдық –композициялық жағы ескерілген лингвистикалық қиындықтарды жоятын жаттығулар.

Дайындық жаттығулары сөйлеу (речевая деятельность) болмаса да, жалпы жүйенің негізгі түйіні (звено), оны жүзеге асырудың амалы және негізін жасаушы болып табылады. Бұл турасында Э.П. Шубин: «Дайындық жаттығуларының көмегімен тіл құбылыстарының формасы мен мағынасы, сонымен қатар лексикалық бірлік және сөйлесім әрекетінің компоненті ретінде бір-біріне әсері меңгеріледі» - деп айтқан [7,14].

Дайындық жаттығуларының жүйесіне төмендегідей талаптар қоюға болады:

1) Қарапайым операцияларды күрделі ойлау әрекетімен үйлестіру,

оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту және сол кезеңдегі мнемикалық іс-әрекетін логика ойлаумен үйлестіру;

2) Қабылдаудың тірегі мен бағыты есебімен айтылымның дайындық процесін қатаң меңгерту, «бағдарламаланған» қиындықтарды жою және т.б.

3) Төлдік (бірлестіктерді) ұғымдарды біртіндеп арттыру;

4) Бір немесе бірнеше ұқсас қиындықтарға оқушы (студент) назарын бағыттау;

5) Жаттығуларда белгілі және белгісіз материалдарды үйлестіру;

6) Тұлғаға назарын бағыттау.

Сөйлеу / Коммуникативтік жаттығулар түрлі тілдік хабарларды ешбір тірексіз, жағдаймен алдын –ала таныстырусыз, үлгісіз қабылдап, тілдік қарым-қатынасқа түсуге жағдай жасайды.

Жаттығулар орындау барысында жұмыс кешенді түрде жүргізіледі. Жаттығуды орындауда тілдік қатынасқа байланысты іске асатын әрекеттер (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім) кешенді түрде жүргізіледі, яғни жүзеге асырылады**.**

Н. Оралбаева, К. Жақсылықова: «Тілдік жаттығулардың міндеті тілдің грамматикалық материалын оқушыға меңгерту, ал сөйлеу жаттығулары қарым-қатынас жасауға бағытталады»,- деген [8, 110,111].

Сөйлеу жаттығуларының мынадай қасиеттері бар:

1) Меңгерілетін тілдік әрекеттерден меңгерілмейтін әрекеттерге біртіндеп көшу;
2) Қабылдаудан туған қиындықтарды кешенді шешу;
3) Мазмұнына немесе бір мезетте тілдік формасы мен мазмұнына назар аудару;
4) Стилі мен жанры жағынан түрлі мәтіндерді қолдану;
5) Тілдік қарым-қатынасты дағдылы қабылдау.

Ойлау қабілетінің бағытталуы белгісі кейбір түсіндірулерді қажет етеді, себебі дайындық және сөйлеу жаттығулардың жүйесіне енгізілген.

Ал ғалым Ф. Оразбаева жазылым әрекеті ұғымын түсіндіруде оның әдістемелік ерекшелігіне тоқтала кете, былайша түйіндеген: «жазылымның әдістемелік ерекшелігі – графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту. жазылым процесін тез әрі сауатты үйренудің ұтымды тәсілдерін пайдалану» [9. 112].

Сонымен бірге қазақ тілін сауатты үйрету үшін, тіл үйренушілерге берілетін жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлау маңыздылығын ерекше мән береді. ондай жазба жұмыстарына мыналарды жатқызған:

1) жазбаша жаттығулар;
2) қысқа мәтіндер;
3) жүйелі жазба жұмыстары;
4) жазбаша бақылау жұмыстары;
5) диктанттың түрлері;
6) жазбаша ойындар;
7) іс қағаздарының үлгілері.

Тілді оқытуда жатығулар табиғатын зерттеген ғалымдардың пікірін саралай, талдай келе тілді үйретуде жаттығулар атқаратын қызметі ерекше екендігі айқын көрінеді. Яғни тіл үйренуде, оның ішінде жаттығулар орындауда дидактикалық принциптер үнемі ескеріледі. Профессор Н. Оралбаева айтқандай, жаттығулар жеңілден басталып, бірте-бірте күрделенуі тиіс. Жеке тұлғаның мемлекеттік тілде терең сапалы білім алуына мол мүмкіндік береді.

Күнделікті тілдік қарым-қатынаста есту қабілеті сөйлеу арқылы хабарлама мазмұнына бағытталған, сонымен қатар тұлғасы мен мазмұны толық бірлікте, ол мазмұнға немесе тұлғаға бағытталуы мүмкіндігі тілді үйретудің шарты болуы ықтимал. Зерттеулердің нәтижесі тілдік тұлғаға назар аударуда (мысалы, сөздердің синонимдік тұлғасын іздестіруде немесе тақырыптық топтамаларды жүргізуде және т.б.) бір мезетте мазмұнын түсіну қиындық туғызады.

Жоғарыда айтылғандай түрлі материалдарға құрылған дайындық жаттығуларын орындауда баланың мнемикалық қабілеті (мнемическая деятельность) ойлау қабілетімен үйлеседі. Бұл тұрғыда дайындық жаттығуларының қандайда бір түріне жүгінуге болады. Мысалы: «Сөздер тізбегін тыңдаңыз, есіңізде сақтаңыз және күрделі сөздер жасаңыз». Бұл жаттығуды орындауда мәлімет бойынша түсінік болуы қажет.

Психологтар тыңдалғанды немесе оқылғанды дұрыс топтай білу қабілеті оқушының ішкі ойлау қатынасын түсіну деп көрсетеді. Қазақ тілін (шетел тілін) өз ана тілі дейгейінде білуі қарым-қатынас жасауда тілдік форманы бағытты түрде қолданады, субъективтен объективті мәліметті, арнайы емес тілден арнайы тілді ажыратуға мүмкіндік туғызады деген сөз. Бұны «коммуникативті компетенция» деген жөн. Ал, тілді үйретудің нәтижелі болуы – жаттығулардың дұрыс тиімді таңдалуында ғана емес, оның ұйымдастыру, жүргізу жұмысының дұрыс жүзеге асуында.

Тіл үйренушінің негізгі объектіге назар аударуы сөйлеу жаттығуларының тілдік жаттығулардан айырмашылығы. Себебі, сөйлеу жаттығулары үшін оның мазмұны маңызды болса, тілдік жаттығулар үшін ол тілдік формадан көрсетеді В.С. Цетлин.

Тілдік жаттығулар және сөйлеу жаттығулары деп қарастыру жаттығулар жүйесін жасауға жол ашты, себебі тілдік құрал арқылы жаттығуды құрастыру, қатысымдық ерекшелікті ескере отырып жасалынды.

Тілдік материалды меңгеруде білімді бекіту және сөйлеудегі жаңа тілдік форма деп,- қолдану дағдысын қалыптастыру негізінде жаттығулар жүйесі құрылады.

Шет тілі оқулықтарындағы жаттығулар жүйесінің ұйымдастырылуы жөнінде біркелкі зерттеулер жүргізген С.Утес жаттығуларды ұйымдастыру мен оны жүргізуде оқушыға жеке келу (индивидуальный подход) принципін ескере отырып, төмендегідей талаптар қояды:

1. Оқулықтарда берілген жаттығуларға толықтырулар енгізіп және тапсырмаларының қайталануын, бір-бірімен тығыз байланыста болуын қадағалау.

2. Жаттығулар оқушылардың сабақ үлгеріміне қарай барлығы дерлік қатыса алатындай құрылуы қажет және тексеру қарқыны бірізді болуы жаттығуларға қойылатын негізгі талаптың бірі.

3. Жаттығулардың мазмұндық әлеуеті (потенциал), яғни жаттығулардың мазмұн аспектісі ауқымды болуын қадағалау. Мысалы: Берілген белгілі бір тақырыпқа оқушының өз таңдауына сәйкес міндетті факультатив тақырыпшалар берген жөн.

4. Жаттығулардың қызметтік әлеуеті, яғни оқушының коммуникативті – сөйлеу әрекетіне қарамай (мысалы, аудитивті – вербальді немесе визуальді – вербальді стимум) барлығы дерлік қатынасуын қамтамасыз ететін, сөйлеу әрекетінің негізгі түрлері арқылы білік пен дағдыны қалыптастыру.

5. Жаттығуларды орындауда оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы: «Қатысымдық оқытуда барлық жаттығулар түріне қарай сөйлеу, яғни қарым-қатынастағы жаттығулар болуы керек», - дейді Е.И. Пассов [10,69]. (Мысалы, диалогтік бірлік және микродиалогтар; ситуативті –тақырыптық диалогтар; ауызша аудару және еркін түсінігін айту; жарыс элементі түріндегі жаттығулар)

Дұрыс серіктес және топтар құру жаттығуларды орындауда жеке келу әрекетін жүзеге асырады, сонымен қатар оқушылар бір-бірін қадағалап, оқу әрекетінде ынталандыруға және оны басқаруға, бір-біріне көмек беруге септігін тигізеді.

6. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда жаттығулардың әлеуетті мүмкіндігі.

Жаттығуларды орындау үшін түсіндірулер мен жауаптың жұмыс мазмұнымен қайта байланыс мүмкіндігі (мысалы, жауап кілтімен берілуі) бары анық, нақты құрылған жаттығулар. Бұндай жұмыс түрлері қатысушылардың өзі-өзін бақылауын, жіберілген қателерді түзетуге, берген жауаптарын әдебиеттер арқылы жетілдіруге жағдай туғызады [11,29-31].

Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгеруде жаттығуларды дидактикалық-әдістемелік жағынан ұйымдастыру тіл үйренушілердің белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

**Әдебиеттер тізімі**


1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000ж.-256 б.
2. Күзекова З.С. Профессор Рақыш Әміров оқулықтарындағы жаттығулар түрлері // Қаз ҰУ Хабаршысы. Филология сериясы №4 (86), 2005.
3. Гез Н.И. Типология упражнений и организация обучения аудированию в школе с преподаванием ряда предметов на иностранном языке // ИЯШ №6 с.19-24.
4. Пальмер Г.Е. Устный метод обучения иностранным языком. М., 1960-165с.
5. Ильин М.С. Оклоссификации упражнений в речевой деятельность // ИЯШ. – 1961, №5, с.29-35.

6. Салистра И.Д. Очерки методов обучения иностранным языком. Система упражнений и системе занятий. – М.: Высшая школа, 1966 – 252 с.
7. Шубин Э.П. Типология тренировочных упражнении // ИЯШ. – 1965, №1, с.13-20.
8. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996-208б.
9. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. Алматы, 2005.
10. Сабина Утес. Некоторые размышления об организации системы упражнений в учебниках иностранного языка. // ИЯШ 1988, IY 6.с. 29-31.
11. Мұратбекова А.М. Жаттығуларда топтастыру мәселесі // Қаз ҰУ хабаршысы. Филология сериясы. 2005, №4.

***Резюме***

Это статья рассматривает проблему использования видов упражнений на уроках казахского языка в школах с русским языком обучения. Сегодня использования различных видов упражнений очень важно для развития коммуникативной деятельности учеников в обучений казахскому языку. Очень важно расширить использование видов упражнений на уроках казахского языка в школах с русским языком обучения и других институтов образования.

***Resume***

This article deals the problem of using exercises in the subject of Kazakh language in secondary schools. Nowadays, the usage of exercises is very important to develop pupil' activity in teaching Kazakh language. It is very important to enlarge the usage of Kazakh language in secondary schools and other institutions and the specialists of language are working hard in this sphere.

## АВТОР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

**Тегі, аты- жөні:** Есенова Гүлшат Серікқызы
**Жұмыс орны *(мекеме, кәсіпорын, кафедраның толық атауы)* :** Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасы

**Ғылыми атағы, дәрежесі, қызметі:** аға оқытушы, филология магистрі
**Баяндама тақырыбы:** Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгеруде жаттығуларды қолданудың маңыздылығы

**Секция:** Әдістеме ілімінің өзекті мәселелері және жаңа технологиялары

**Мекен- жайы, телефон:** Ғ. Жұбанова көшесі 3Ж - 7,

**Ұялы телефон:** 8 (775) 764 03 89;
**Электронды почта:** esen_gulshat@mail.ru

# СЛОГАН В СТРУКТУРЕ СЮЖЕТА РОМАНА В. ПЕЛЕВИНА «ПОКОЛЕНИЕ «П»

***Нурбаева Аида Мухтаровна***
*Казахстан, Алматы*
*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*
*Старший преподаватель, доктор PhD*
*Nurbaeva.aida@bk.ru*
*8702 548 88 35*

***Аннотация***

В данной статье речь идет о слогане в структуре сюжета романа В.Пелевина. В романе В. Пелевина «Поколение «П» большой интерес представляет отрицательная идеология потребления. Художественная реальность романа – это продукт авторского сознания писателя, в которой встречаются наименования реально существующих в действительности торговых марок. Таким образом, слоганы в романе «Поколение «П» представлены разного контекста, и каждый из них выполняет разные функции, но они объединены одной целью, показать, как создание слогана отразилось на личности Татарского.

***Түйіндеме***

Берілген мақалада В. Пелевиннің романының сюжетінің ұраны туралы айтылған. В. Пелевиннің «Поколение «П» романында тұтынудың теріс идеологиясы үлкен қызығушылық тудырады. Романның көркемдік бейнесі – жазушының авторлық сана өнімі және шындық мәнде бар бренд атаулары кездесетін өнім болып табылады. Осылайша, «Поколение «П» романындағы ұрандар түрлі контексттерде берілген және олардың функциялары әртүрлі, дегенмен, олардың мақсаты бір - ұранды құру Татарскийге тұлға ретінде қалай әсер еткендігін көрсету.

***Annotation***

This article is summarize about the slogan in the structure of the plot of the novel by V.Pelevin. In the novel by V. Pelevin “Generation P”, a negative ideology represents great interest. The artistic reality of the novel is a product of the author’s consciousness, in which there are names of really existing trademarks. Thus, the slogans in the novel “Generation P” are presented in different contexts, and each of them performs different functions, but they are united by one goal, to show how the creation of the slogan affected Tatarsky’s personality.

Современная литература может представить авторов разных жанров, для того чтобы удовлетворить потребности всех читателей. В.О.Пелевин является одним из хороших авторов – проектировщиков. Под понятием автор – проектировщик стоит понимать наличие у автора навыков креативности и понимание «природы своей творческой лаборотории и умение управлятьсобственными ментальными состояниями» [1,6]. Это позволяет автору предугадывать того, чего хочет читатель.

Общую характеристику мотивов дает Д.Курицын, по его мнению, массовая культура и виртуальная реальность объединяются в творчестве В.О. Пелевина. Он считает, что Пелевин «удачно совмещает с компьютерно – «восточными» философическими заходами. Во-первых, речь идет о уже упомянутой виртуальности: герои Пелевина и рассказчик часто отказываются отличать «придуманный» мир от «настоящего»»[7]. Или как считает А.Гениса: «Для Пелевина окружающий мир – это череда искусственных конструкций, где мы обречены вечно блуждать в напрасных поисках «сырой», изначальной действительности. Все эти миры не являются истинными, но и ложными их назвать нельзя, во всяком случае до тех пор, пока кто– нибудь в них верит»[5].

Как и творчество, так и произведения Пелевина можно считать неоднозначными. Например, жанр «Поколение «П» можно рассматривать: и как философскую притчу, и как юмористическую повесть, и как поучительную сказку или, например, самоучитель по «Public Relations».

В романе В. Пелевина «Поколение «П» большой интерес представляет отрицательная идеология потребления. Художественная реальность романа – это продукт авторского сознания писателя, в которой встречаются наименования реально существующих в действительности торговых марок. Мотивацией людей «в торгово-политическом информационном пространстве, в котором разворачивается действие романа, устанавливает мамона – здесь символ поглощающей российское общество идеологии потребления. В романе проводится прямая параллель между идеологией потребления, превращающей человека в identity и врагом человеческим».

Идеология потребления создает классификацию создателей продукта и потребителя данной продукции, и в данной цепи середину представляют копирайтеры, то есть те, кто помогают продать продукцию. Копирайтеры создают рекламу и рекламные слоганы. Одним из таких копирайтеров является Вавилен Татарский. Он создает слоганы для торговых марок Парламент, Спрайт, Хуго Бос и так далее.

**Классификация слоганов по товарам в романе «Generation P»**

1.для кондитерского комбината:

«СПОКОЙНЫЙ СРЕДИ БУРЬ.

ЛЕФОРТОВСКИЙ КОНДИТЕРСКИЙ КОМБИНАТ [7]

2. для напитков:

1.СПРАЙТ. НЕ – КОЛА ДЛЯ НИКОЛЫ

2. ПУСТЬ НЕТУ НИ КОЛА И НИ ДВОРА.

СПРАЙТ. НЕ – КОЛА ДЛЯ НИКОЛЫ

3. «Я в весеннем лесу

Пил березовый Спрайт».

4. И Родина щедро

Поила меня

Березовым Спрайтом,

Березовым Спрайтом!

В первом варианте для напитков спрайт Татарский использует художественный прием каламбура. Этот слоган указывает, что данный продукт отличается от Колы, и русское имя Никола в слогане нацелено на национальную ментальность.

Во втором варианте Татарский охватывает большую целевую аудиторию. И вводит общеупотребительный фразеологизм «ни кола и ни двора».

Третий слоган полностью ориентирован на национальную ментальность, так как слоган построен по структуре народной песни.

Четвертый вариант слогана не был придуман Татарским, но идея соответствует предыдущему слогану. В этом слогане в основном делается упор на русскую ментальность, так как слоган включен в русскую народную песню.

3. для сигарет:

а. Парламент

1. ПАР КОСТЕЙ НЕ ЛАМЕНТ.

2. PARLIAMENT – THE UN ЯВА

3. ЧТО ДЕНЬ ГРЯДУЩИЙ НАМ ГОТОВИТ?

ПАРЛАМЕНТ. НЕЯВА

4. И ДЫМ ОТЕЧЕСТВА НАМ СЛАДОК И ПРИЯТЕН.

ПАРЛАМЕНТ

5. Парламент

Пока не начался джаз.

Первый вариант слогана основан на перестановке букв и аллюзии на пословицу «жар костей не ломит»

Второй слоган образован на антитезе Парламент не Ява, сопоставление уже существующих некачественных сигарет с новой маркой сигарет.

Третий слоган – это трансформация предыдущего слога, только теперь более распространенное, включает в себя риторический вопрос.

Четвертый слоган создан на интертексте грибоедовского текста.

Пятый слоган основывается на легенде бренда, то есть концентрированное выражение всей имиджевой политики, например, для парламента это джаз.

б. Davidoff Classic

1. Понимание приходит с опытом.

Davidoff Classic

2. Во многой мудрости много печали,

и умножающий познания умножает скорбь.

Davidoff Lights

В данном слогане присутствует прием аллитерации, что делает слоган более запоминающим. И целевая аудитория, на которую направлен слоган – это поколение, у которого есть опыт употребления курения.

Другой слоган Давидов лайтс построен как текст – рассуждения, в нем есть повторы и элемент параллелизма. Что делает слоган довольно удачным, тем самым увеличивает аудиторию не только взрослого, но и молодого поколения.

4. для рекламы кофе:

«Нескафе Голд: Взрыв вкуса!»

В данном слогане главный принцип построения основывается на апосиопезисе – внезапный обрыв высказывания, которое остается незавершенным.

5. для одеколонов

Деньги пахнут!

«Банджамин»

Новый одеколон от Хуго Босс

В этом слогане Татарский переделывает высказывание императора Веспасиана «деньги не пахнут», принцип построения слогана на апосиопезисе.

6. для чартерных рейсов и шоп– туров в Стамбул

Вернуться к истокам!

Слоган основан на знании истории отечества.

7. для рекламы презервативов

Sico. «БМВ» в мире гандонов

«Passion». Мал, да уд ал.

Первый слоган построен в сравнении одной продукции с другой. БМВ – автомобиль, который имеет характеристики как практичной, современной, дорогой машины, то есть лучшая из существующих.

Второй слоган – это пословица, которую Татарский использует в качестве рекламного текста.

8. реклама для туристической фирмы, организующей туры в Акапулько.

Вау! Акапулькопсис now!

Автором вводится англоязычный текст, таким образом, аудитория знающая иностранный язык, поймет, а незнающая заинтересуется, будет искать перевода, тем самым запомнит. Основан на апосиопезисе.

9.рекламный слоган для Бога.

Христос Спаситель

Солидный Господь для солидных господ.

вариант

Господь для солидных господ.

Слоганы, придуманные Татарским для Бога, имеют двоякий характер. С одной стороны каламбур, который используется для лучшего запоминания. С другой стороны, разделения на классовость «солидный» для «солидных», таким образом, Бог не един, как сказано в Библии, а для разных групп населения разный Бог.

10. для рекламы машин

«Мерседес– 600»

Стильный, державный.

Для слогана автомобиля Татарский использует два качественных прилагательных, которые выполняют описательную функцию. Значение прилагательного «державный» вызывает ассоциации, связанные с историей России, с ее символами, то есть, данный слоган вызывает у населения сближения и узнаваемость.

В.Пелевин использует различные символы русской культуры, но эти символы, как пишет … в работе …, «будучи вырванными из своей культурно - исторической парадигмы, лишаются своего истинного содержания, в результате чего открывается возможность толковать их на основе каких угодно ассоциаций. Так Вещий Олег, символизируя национальный характер, осмысливается как символ вещизма, и возникает слоган «Как ныне сбирается Вещий Олег в Царьград за вещами. На том стояла и стоит русская земля». Или понятие «державный» соотнесен с автомобилем.

Некоторые слоганы в романе, написанные Татарским, взяты из литературных произведений, это является свидетельством того, что в прошлом он был литератором. Например, строка из грибоедовского произведения «Горе от ума»: « И дым отечества нам сладок и приятен»[82]. В это же время Пелевин описывает постперестроечное время «точной сатирой на происходящее в обществе перемены.

Отличаются и слоганы на американские сигареты «парламент», где белый дом как пачка сигарет горит во время известных событий

ИЗВЕСТНЫХ СОБЫТИЙ НА ФОНЕ СТРОЧЕК ИЗ ГРИБОЕДОВА «И ДЫМ ОТЕЧЕСТВА

НАМ СЛАДОК И ПРИЯТЕН. ПАРЛАМЕНТ».

Образованность главного героя характеризует его обращение к афоризмам и крылатым выражениям. Слоган «деньги пахнут» появился из трансформации высказывания императора Веспесиана «деньги не пахнут». История возникновения данного выражения повествует о том, что император Веспесиан ввел налог на общественные туалеты. Вавилен Татарский переделывает данное выражение, и слоганом туалетной воды Хуго становится «деньги пахнут». Но данный слоган выражает иронию со с стороны автора, насмешка над миром, который материальность и потребительство стали культом современного поколения.

Как было сказано ранее, символы духовной культуры, оказываются, лишены той духовности которыми были наделены. Ярким примером служит слоган, который был создан В.Татарским для Бога. И в этом слогане можно отметить двоякое отношения к Богу Татарского. Для Татарского Бог для «солидных людей». Под солидностью стоит понимать власть имущих, у которых есть материальные блага и имеющие власть. Солидность становится эталоном для подражания, каким является Вовка Малой – бандит, зато солидный. И Пелевин показывает читателю, что мир теряет понимание внутреннего мира, духовности и души.

Таким образом, слоганы в романе «Поколение «П» представлены разного контекста, и каждый из них выполняет разные функции, но они объединены одной целью, показать, как

создание слогана отразилось на личности Татарского. Если рекламные слоганы создаются для того, чтобы привлекать рядового покупателя, то в романе они находятся для того, чтобы показать деградацию личности литератора с богатым внутренним миром, в копирайтера, для которого интересны слоганы не просто как коммерческий продукт, а как искусство для продажи. О чем свидетельствует выражение Татарского: «надо заканчивать с литературоведением и думать о реальном клиенте».

***Список использованных источников***


1. Пелевин, В. Миром правит явная лажа: Интервью с писателем. / В. Пелевин // Эксперт. 1999. - №11 (22 марта). - С. 58-59.
2. Курицын Диалектика Переходного Периода из Ниоткуда в Никуда: Избранные произведения / В. Пелевин. М.: Изд-во Эксмо 2003.-384с.
3. Гениса А.За новую книгу Пелевину могут поставить памятник: о книге В.Пелевина «Generation ‘П’». / Е. Деева // Московский комсомолец. 1999. - 6 марта. - С.7.
4. На провокационные вопросы не отвечаем: Фрагменты виртуальной конференции с популярным писателем Виктором Пелевиным, опубликованные в ZHURNAL.RU // Лит. газета. -1997. № 18-19 - 14 мая.
5. Фрумкин, К. Пелевин как символ эпохи // http://kulturolog.narod.ru/ pelevin.htm.
6. Чинция Фьори. Я, Путин и секс: Пелевин обнажает Россию //http:// ok.novgorod.net/ pelevin/stati/1.html
7. Современный русский язык: Социальная и функциональная дифференциация / Рос. академия наук. Ин– т русского языка им. В.В. Виноградова. – М.: Языки славянской культуры, 2003. – С. 117.


## ҮЛГІ ТҰТАР – ҰСТАЗ - ҒАЛЫМ.


***Қ.Т.Мұхамади***
*Сүлейман Демирель атындағы университеттің профессоры,*
*филология ғылымдарының кандидаты*


Қазақ халқының қадірлі ұлы, белгілі академик Зейнолла Қабдолов өзінің таңдамалы шығармаларының бірі сөз өнері жөнінде жазған кітабында «ұстаз көрмеген кісі - үлгі, өнеге көрмеген кісі. Ал үлгісіз, өнегесіз кісіде қандай қасиет болмақ? Асылы адам өзінің азаматтығы үшін, алдымен ұстазға қарыздар.

-Мықтылардың мықтысы ұстаз дер едім мен.

-Неге?

Негесі сол –ол заман да, бұл заман баладан дана өсіріп тәрбиелеп келе жатқан ұстаз: әлемге аян ұлылардың барлығын ... ұстаз жаратқан» -деп жазыпты.Бүгінгі әңгіме ұстаз туралы болғандықтан, академик ағаның ол туралы айтқандағы сөзіне қосылмасқа амал жоқ. Оның бер жағында Зейнолла Қабдоловтың өзі өте білгір, білімді де, биік таланттың иесі болғаны мәлім және өзінің де ұстаздары Мұхтар Әуезов сияқты қадірлі кісілер болған.

Ұлағатты ұстаздардың алдын көрген адамның ұстаздары туралы айтары аз емес, сондай әдемі естелікті Асқар Тоқпанов туралы сөз зергері Әбіш Кекілбаевтан кездестіреміз. Әбіш аға өз ұстазы туралы: «Аудиторияға адам емес, от кіріп кеткендей. Маздай жанған сол бір оттан шашырап шыққан бір-бір шоқ әрқайсымыздың көкірегімізге кіріп, жалпылдатып жаңа

бір алау жаға жөнелгендей» -деген екен. Әркім де әртүрлі ұстаздың алдынан өтіп, әр ұстаздың әрқилы бітім-болмысын, білім-білігін түрліше айтары сөзсіз. Әр ұстаздың адамның қалыптасуына, оның білімі мен тәрбиесіне тигізетін әсері де өзгеше. Биыл 90 жылдығы тұспа-тұс келіп отырған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бір кездегі студенті, аспиранты, докторанты ретінде өз басым талай жақсы ұстаздардың тәрбиесін, өнегесін көрдім. Серік Қирабаев, Нығмет Ғабдуллин, Нұржамал Оралбаева, Ғабдолла Қалиев, Арсен Ибатов, Бабаш Әбілқасымов, Телқожа Жанұзақов, Қайырболат Есенов, Кенжеш Бозжанова, Күлтай Бейсенбаева, Немат Келімбетов, Өжкен Тыныбаева, Серік Мақпыров, Секерхан Хасанова,Мереке Жаманов, Базаркүл Тұрғанбаева, Тұрсын Сыздықов, Темірхан Тебегенов, Балтабай Әбдіғазиев, Мереке Атабаева сияқты ұстаздардан білім алдым. Сондай ерекше қадірлейтін ұстазым әрі ғылыми жетекшім - Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, филология ғылымдарының докторы, профессор **Нұржамал Оралбайқызы**. Қазақтың танымында өмірді жолға теңеу дәстүрі бар, сол жолды дара жол, даңғыл жол ету ол адамның байламының беріктігіне, бағытының дұрыстығына байланысты болу керек. Олай дейтінім Нұржамал апай қаршадайыннан оқуға ұмтылған, оның бар арман-мақсаты оқу-білімде болған, өмірінің мәнін оқуда деп түсінген. Қазіргі психологтардың «мақсатыңыз анық болсын, барар аялдамаңызды анық көріңіз, сонда ғана сіз соған жете аласыз, сол жерде бола аласыз» дейтін берік байлам мен анық мақсат Нұржамал апайды бір биік белеске көтергені айдан анық. Ал кейінірек ұстазы Сәрсен Аманжоловтың жетекшілігімен Нұржамал апайдың ғылымдағы ғұмыры басталды. Нұржамал апайдың ұстаздығы мен ғалымдығын бөліп айту мүмкін еместігін енді байқап отырмын, апайдың ғалымдықты да, ұстаздықты тең меңгергенінен бе тіпті ойға оралатын әңгімелер бір бағытта айтуға келмейді екен.Сондықтан апайдың ұстаздығын ғалымдығынан бөле алмайды екенмін. Орыс биологы И.И.Мечников айтқан: «Ғылымға тән атап айтарлық сипат – оның табандылықпен қызмет етуді талап ететіні» деген сөзін ғылымға тән белгі дейміз бе, заңдылық дейміз бе, осында айтылған ТАБАНДЫЛЫҚпен қызмет етудің нағыз үлгісін ғалым Нұржамал Оралбайдың тіл теориясы мен әдістемесіне қосқан өлшеусіз еңбектерідәлелдей түсетін сияқты. Нұржамал апай қазақ тіл теориясы мен әдістеме ілімінің, кеңестік түркологияның келелі мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, шешімді ойларын ортаға салып отырған. Оның айқын дәлелі – әр жылдарда жарық көрген, көпшілікке кеңінен таныс оқулықтары мен монографиялық еңбектері және түрлі бағыттағы әдістемелік құралдары, оқу бағдарламалары, ғылыми мақалалары т.б. Өзім шәкірт болған кезден бастап апайды білгендегі байқағаным апайдың ерекше табандылықпен еңбек ететіні. Апай қай кезде де тапжылмастан кітап, қағазға ұзақ үңіліп отыратын, ұзақ деген сөздің алдына «өте» деген күшейткіш көмекшіні қосып айтпасақ апайдың еңбекқорлығын, табандылығын дәл айтқанымыз болып саналмайтын сияқты. Және де біз сияқты шәкірттерінің жазған «жұмыстарын» 2-3 күнде оқып, «суын» алып «нәрін әрлеп» қайтарып беретін. Сондағы жұмысымызды бергенімізден, қайта алғанымыз тез болып таңдандансып жататынбыз. Ал осындай жауапкершілік, тездік апайдың ұзақ уақыт отырып табандылықпен жұмыс жасауынан екенін біліп жүрдік. Апай өзі де осы қасиетін білетін сияқты, жәй ғана білетін сияқты емес, соны шәкіртерімнің жұмысын оқып тез қайтаруым керек деп өзіне бір заң қылып, ұстаным жасап алғандай, жұмысымызды алардағы біздің таңданысымызға: «Мен жұмыстарыңды көп ұстамаймын, ең көп болса 1 аптада қайтарамын» - деп қоятын. Бұл жағдайға кейбір өзге аспиранттар да таңданданыстарын жасырмайтын, ондайда кейбірі: «Апайларың қандай жақсы жұмыстарыңды тез оқып береді, шіркін біздің апай (ағай) сондай болса ғой» деп қалатын. Нұржамал апай бізге «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» пәнінен лекция оқыды. Апайымыздың аспай-саспай лекцияны ешбір қағазға не кітапқа қарамай байыппен айтатын. Ұстазымыздың шешен де шебер тілмен баяндап тұрған дәрісін мұқият тыңдап, әр сөзін қалдырмай жазып алуға, әр сөзіне ерекше мән беруге тырысатынбыз. Апай бізге: «Бұл ғылыми курс болғандықтан, әр тақырыпты өткенде сол тақырып туралы ғана мәліметтің болуы аздық етеді, әр мәселеге қатысты ғалымдардың

пікірін, еңбектерін біліп оған талдау жасау қажет, ол мәселенің ғылымда қалай танылып жүргенін білу керек» - дегенді жиі ескертетін. Ал өзі де ғалымдар пікірлерінен дәйектер келтіріп отыратын. Әсіресе есімде қалғаны апайымыз морфологиядан қай тақырыпты қозғамасын оған қатысты Ахмеди Ысқақовтың атын аузынан тастамайтын. Апай өзінің ұстазы Сәрсен Аманжолов туралы үнемі айтып отырады, ол кісінің тағдырына қатысты әңгімелерді айтқанда көзіне жас алғанының талай куәсі де болдым, ұстазына деген адалдығы, құрметті ерекше сезіліп тұратын.

Нұржамал апай Абай атындағы Қазақ ҰПУ-да «Қазіргі қазақ тілі теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі болып тұрған кезінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары мен Шығыстану институтының ғалымдарын Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаев, Бабаш Әбілқасымов, Арсен Ибатов, Телқожа Жанұзақов, Қайырболат Есенов т.б шақырып, студенттер үлкен ғалымдардан білім алсын деп жарты штатпен жұмысқа тіркеп қоятын. Соның арқасында сырттай аттарын естіп, есімдерін кітаптан оқып жүрген ғалымдардың алдындағы шәкірттері болып шыға келдік. Әлі есімде студент кезімізде лекция үстінде апай: «Бізде болашағынан үлкен үміт күтетін жас ғалым, ғылым докторы, өте жас күнінде докторлық диссертация қорғаған Ерден Қажыбеков деген азамат бар. Мен оны сендер көрсін, үлгі алсын деп шақырып едім, оның жұмысы өте көп екен, уақыты болмайды екен. Орнына үлкен ғалым Арсен Ибатовты ұсыныпты» - деген еді. Сол Арсен ағай сөздің морфологиялық құрылымына қатысты біз көп біле бермейтін қызықтарды байыппен ғана сабырлы үнмен, салмақты қалыппен ақырын ғана жеткізе қоятын. Апай кафедра оқытушыларының өсуін, білімдерінің терең болуын қалайтын да, қадағалайтын да. «Осы кафедрадағы оқытушылардың барлығы тезірек ғылым докторлары, профессорлары болса екен, менің арманым сол» деп жиі айтатын. Бірде Бекен Сағындықұлының кандидаттық диссертациясын талқылау болып, Фаузия (Оразбаева) апай мен Тілеулес (Әбдіғалиева) апайдың талдауларына қатты риза болған апай: «Сендердің кәдімгідей өскендеріңді көріп қуанып отырмын» деп балаша қуанып, ризашылығын жасыра алмаған еді.

Нұржамал апай Абай атындағы ҚазҰПУ-дың филология сала мамандарын даярлауда зор еңбек сіңірді, екі докторлық диссертациялық кеңес ашып, оған төрағалық етті. Өзі төраға болып тұрғанда кеңес жұмысына республикамыздың ең белді ғалымдарын жұмылдыра білді. Сол кеңеске Рәбиға Сыздық, Аққал Қалыбаева, Шора Сарыбаев, Бабаш Әбілқасымов, Арсен Ибатов, Телқожа Жанұзақов, Қайырболат Есенов, Ғабдолла Қалиев, Тұғлықжан Талипов, Валентина Исенгалиева, Бақытжан Хасанов, Эльнора Дүйсенова, Надежда Гайнуллина, Лаззат Жаналина, Зәуреш Ахметжанова т.б. ғалымдар мүше болды. Апай осылай диссертациялық кеңестің абыройын көтерді, жақсы мамандардың шығуын қадағалады.

Әлемдік деңгейдегі коуч Брайан Трейси «Ешкім сізден ақылды да емес, ешкім сізден мықты да емес, тек олар сәл ертерек бастаған» дегеніне ұқсас ойды апайдан да естіп қалатынмын. Апай үнемі: «Ешкім ғалым болып тумайды», «Біреудің жасағанын біреу жасай алады» деген сөздерді жиі айтып, бізді алға қарай ұмтылдырып, жігерлендіріп отыратын. Біздің аспирантураға түсіп, оқуымыз 90-жылдардың қиын кезімен тұспа-тұс келгендіктен бе, апай үнемі біздің аспирантураны тастап кетпеуімізді тілеп отыратын.

Ғылымда үлкен жетістікке жетіп, басқарушылық қызметтерде жүрсе де (проректор,кафедра меңгерушісі), отбасындағы, ошақ қасындағы міндетін де бір сәт ұмытпай, екеуін ұштастыра білді. Апай неше түрлі тамақты өте дәмді жасайтын, өзінің, отбасы мүшелерінің киімдерін өзі тігетін. Қызметке киетін небір әдемі көйлек, костюмдерін өзі тіккенін естігенде, көргенде қайран қалатынбыз.

Қорыта келгенде,апайдың үлгі етер адамдығындағы ерекше жағымды қасиеттері мен ғылымды дамытудағы ерен еңбегін, ғылымға деген тазалығын, табандылығын өнеге ретінде айтар едік.

# ТЕКСТОВАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ КАК ОДИН ИЗ ВАЖНЫХ КОМПОНЕНТОВ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ПЕРЕВОДЧИКА

***Сатыпалды А.А.*** **–**
*магистрант КазНПУ им. Абая*
*«6М020700» -Переводческое дело*
*e-mail: satypaldyaaa@gmail.com*
*Научный руководитель – ф.г.к.*
***Ешімбетова З.Б.*** *Алматы,Казахстан*

*Резюме*

В статье рассматривается текст одной из компетенций переводчиков. При переводе переводчик может работать с одним и тем же текстом, анализировать и анализировать текст, обеспечивая реальный, прямой перевод. Анализ текстовой компетенции с ее типами. Работа с разными стилями текста. Было показано, что исследователи анализируют мнения ученых в переводе.

В нашем понимании, текстовая компетентность является пятикомпонентной составляющей восприятия, понимания, воспроизведения, письма и интерпретационной компетенции. Современные исследования в области текстуализации и интерпретации позволяют рассматривать текстовую компетенцию как отдельную категорию, с одной стороны, и, с другой стороны, как компонент коммуникативной компетенции.

Ключевые слова: морфема, фонема, грамматика, когезия, когерентность, текст, формальный, текстоцентризм, когнитивная, парадигма.

# TEXT COMPETENCE AS ONE OF THE IMPORTANT COMPONENTS OF THE TRANSLATOR'S PROFESSIONAL COMPETENCE

***Satypaldy A.A.*** **–**
*candidate of master degree Kazakh National Pedagogical University after named Abai*
*«6М020700» -*
*e-mail: satypaldyaaa@gmail.com*
*Almaty,Kazakhstan*

*Summary*

The article considers the text of one of the competences of translators. When translating, the translator can work with the same text, analyze and analyze the text, providing a real, direct translation. Analysis of text competence with its types. Work with different styles of text. It was shown that researchers analyze the opinions of scientists in translation.

In our understanding, text competence is a five-component component of perception, understanding, reproduction, writing and interpreting competence. Modern research in textualization and interpretation of the text allow us to consider the competence as a separate category, on the one hand, and, on the other hand, as a component of communicative competence.

Key words: morpheme, phoneme, grammar, cohesion, coherence, text, formal, textcentrism, cognitive, paradigm.

# МӘТІНДІК ҚҰЗІРЕТ АУДАРМАШЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ БІРІ РЕТІНДЕ

***Сатыпалды А.А. –***
*Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты*
*«6М020700» -Аударма ісі мамандығы*
*e-mail: satypaldyaaa@gmail.com*
*Ғылыми жетекші – ф.ғ.к.*
***Ешімбетова З.Б.***
*Алматы,Қазақстан*

***Аңдатпа***

Мақалада аудармашының құзыреттілігінің бірі мәтін қарастырылады. Аударма жасау барысында аудармашы сол мәтінмен жұмыс жасай алуы, мәтінді сараптау, талдау арқылы нақты, тура аудармаға жол ашуы. Мәтін құзыреттілігін талдау оның түрлерімен таныстыру. Әр түрлі мәтін стилимен жұмыс жасауы. Аударма саласындағы ғалымдардың ой пікіріне тоқталып талдау жүргізілгендігі көрсетілген.

Біздің түсінігімізде мәтіндік құзірет дегеніміз қабылдау, түсіну, жаңғырту, жазу құзіреттері мен интерпретациялық құзіреттен тұратын бес компонентті түзіліс. Мәтінтану және аударматану саласындағы заманауи зерттеулер мәтіндік құзіретті бір жағынан жеке санат ретінде, екінші жағынан коммуникативті құзіреттілік компоненті ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: морфема, фонема, грамматика, когезия, когерент, мәтін, формалды, текстоцентризм, когнитив, парадигма.

**Аударма** – мәтінді бір тілден екінші тілге трансляциялау. Осылайша, аудармашы тілдермен жүйе ретінде жұмыс жасап, сонымен қатар бір тілден екінші тілге трансляциялауға жататын сөйлеу туындысымен, яғни мәтінмен жұмыс істейді.

Түпнұсқа мәтінін тұтастай аудару екіталай. Аудармашы оны бөліп қарастырып, әрбір бөлікті жеке аударуға тура келеді. Бұл операцияны барлық аударма теоретиктері мен практиктері біледі. Бұл операция аударма әдебиетінде аударма бірлігі деген ұғымның пайда болуына әсер етті.

Шетел ғалымдары Ж.П. Вине және Ж. Дарбильне аударма бірлігі ұғымына алғаш түсініктеме беруге тырысқан. Олардың пікірінше «аударма бірлігі – бұл аударма барысында ары қарай бөлшектеуге келмейтін бөлік» [16, 112 б.].

Л.С. Бархударов аударма бірлігін фонема, морфема, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер мен мәтіндер деңгейінде қарастырады [5, 130 б.].

Кейінірек В.Н. Комиссаров аударма бірлігіне анықтама берген. Ол аударма бірлігін «мәтіннің минималды бөлігі, оның бастапқы мәтінде болуы аударма мәтініндегі нақты сөйлеу бөлігін білдіреді» деп қарастыруды ұсынды [8, 216 б.].

И.Я. Рецкердің пікірінше, аударма процесінде сөз де, сөз тіркесі де, синтагма да, тұтас сөйлем де, абзац та және барлық аударылатын мәтін де аударма бірлігі бола алады [16, 115 б.].

Көркем немесе публицистикалық мәтінді аудару барысында әрбір сөздің, әрбір сөйлемнің аудармасы автордың идеялық-көркем ойына, оның жеке стилінің ерекшеліктеріне, кейіпкерлердің сөйлеу сипаттарына байланысты болады.Кейде тіпті жеке алынған сөздің аудармасының өзі жалпы аударылатын мәтінге байланысты болады. Сондықтан аудармаға кіріспес бұрын түпнұсқаны басынан соңына дейін бірнеше рет оқып, танысу қажет және

автор ойын нақты жеткізу үшін жұмыс барысында аударылған бөліктерді қайта қарастыру керек. Аталған шарттарды орындаған жағдайдың өзінде практикада жеке сөздерді аудару кезінде қиындықтар туындап жатады, аударма міндеттерінің көбі сөйлемді аудару аясында шешіледі. Бұл «мәселе туындатқан сөзді», сөйлемді жеке аударма бірлігі ретінде санауға негіз бермейді. Нәтижесінде, сөйлем аясында табылған шешімді жалпы аударылатын мәтінмен сәйкестендіру үшін қайта қарастыруға тура келеді.

Осылайша, текстоцентристік тұжырымдама аударма теориясы мен практикасында жетекші орынға ие болды. Текстоцентризм – аударма үдерісін мәтіндік және когнитивтік-дискурстік қызметке қосуға мүмкіндік беретін заманауи ғылыми парадигма. Аударма үдерісін коммуникативтік акт ретінде түсіну және мәтінді коммуникацияның негізгі және жоғары бірлігі ретінде мойындау аударма қызметін лингвистикалық қызмет деген ойды түбегейлі өзгертті. Өткен жүзжылдықтың 60-жылдарының соңында мәтін лингвистикалық зерттеулердің нысаны болды, оның түрлі аспектілеріне баса назар аударылды. Мәтінді лингвистикалық түсіндірудің алғашқы қадамы формалды-құрылымдық аспект болды, оның аясында мәтіннің құрылымдық (формалды-грамматикалық) сипаттамасы зерттелді. Мәтін коммуникативтік мазмұнды білдіретін көлемі бойынша аяқталған құрылымдық пікір ретінде қарастырылды.

Мәтінді зерттеудегі келесі қадам мәтіннің мағыналық, мазмұндық жағын негізге алатын құрылымдық-семантикалық аспект болды. Тіл грамматикасы мәтіндегі бір сөйлемді қамтыса, тұтас мәтіннің мағыналық, мазмұндық әлеуеті сөйлем шеңберінен шығатыны анық болды.

Мәтіннің құрылымдық және мазмұндық аспектілері ғана маңызды емес, сонымен қатар мәтін авторының коммуникативтік интенциясы да басты рөл атқарады деген пікір есепке алына бастады, өйткені коммуникативтік функция тіл табиғатына негізделеді.Осылайша мәтін прагматика тұрғысынан қарастырыла бастады, яғни сөйлеушінің коммуникативтік мақсаты, реципиенттің мәтінді қабылдауы, коммуниканттарды күтуі және т.б.

Лингвистер қарастырған жоғарыда аталған мәтін аспектілері мәтін сипаттамасының маңызынан бастау алады – коммуникативті, мағыналық және құрылымдық факторлармен құрылатын, мәтін тұтастығы ретінде түсіндірілетін оның когеренттілігі. Қарым-қатынастың мұндай түрлерін түсіндіру үшін когезия термині қолданылады, ол логикалық бірізділікті, жеке хабарламалардың, фактілердің немесе әрекеттердің өзара байланысын қамтамасыз ететін ерекше қарым-қатынас түрлерін білдіреді.

В.Н. Комиссаров мәтіннің формалды (когезия) және мағыналық (когеренттілік) орамдылығын негізге ала отырып, когезия және когеренттілік ұғымдарын бөліп қарастырады. Когезияға түрлі тіл құралдары (жалғаулықтар, қайталаулар, алмастырушы сөздер, уақыт және өзге де формалардың сәйкес келуі және т.б.) арқылы қол жеткізеді. Мәтіннің мағыналық бірлігі мазмұнның бірізділігімен және қарама-қайшы болмауымен, логикалық байланыстармен («сәйкесінше», «қорыта келе» және т.б.), стереотиптік формулалармен, аллюзиялармен және т.б. қамтамасыз етіледі.

Осылайша, мәтіндік-центристік тұжырымдама аударма теориясы мен практикасында жетекші рөлге ие болды. Мәтіндік центризм – аударма үдерісін мәтіндік және одан да кеңіре ауқымдағы когнитивтік-дискурсивті қызметке енгізуге мүмкіндік беретін заманауи ғылыми парадигма. Аударма үдерісін коммуникативтік акт ретінде түсіну және мәтінді коммуникацияның негізгі және жоғары бірлігі ретінде мойындау лингвистикалық тұрғыда аударма қызметі туралы ойды мүлде өзгертті. Өткен жүзжылдықтың 60-жылдарының соңында мәтін лингвистикалық зерттеулердің нысанына айналды, оның түрлі аспектілері назарға алына бастады. Мәтінді лингвистикалық тұрғыда ұғынудың алғашқы сатысы формалды-құрылымдық аспект болды, бұл аспект аясында мәтіннің құрылымдық (формалды-грамматикалық) сипаттамалары зерттелді. Сонымен қатар мәтін сөйлеушінің коммуникативтік мазмұнын көрсететін көлемі бойынша аяқталған құрылымдық пікір ретінде қарастырылды.

Мәтінді зерттеудің келесі сатысы мәтіннің мағыналық, мазмұндық жағын алға қоятын құрылымдық-семантикалық аспект болды. Тіл грамматикасы мәтіндегі бір сөйлемді қамтуға қабілетті болса, мәтіннің мағыналық, мазмұндық әлеуеті мәтіннен алынған сөйлемдер шеңберінен шығатыны анық болды.

Сайып келгенде, мәтіннің тек құрылымдық және мазмұндық аспектілері ғана маңызды емес, сонымен қатар мәтін авторының коммуникативтік интенциясы да маңызды рөл атқарады, себебі коммуникативтік функция тіл табиғатының астарында деген пікір назарға алына бастады.

Осылайша мәтін прагматика, яғни сөйлеушінің коммуникативтік ниеті, реципиенттің мәтінді қабылдау бейімі, коммуниканттарды күту және т.б. тұрғысынан қарастырыла басталды.

Лингвистер бөліп қарастырған жоғарыда аталған мәтін аспектілері мәтін сипаттамасының – мәтіннің тұтастығын білдіретін, коммуникативтік, мағыналық және құрылымдық факторлар негізінде құрылатын оның когеренттілігінің маңыздылығынан бастау алады.

Мұндай байланыс формаларын көрсету үшін жеке хабарламалардың, фактілердің немесе әрекеттердің логикалық жүйелілігін, өзара байланысын қамтамасыз ететін байланыстың ерекше түрлерін білдіретін когезия термині қолданылады.

В.Н. Комиссаров мәтіннің формалды (когезия) және мағыналық (когеренттілік) байланыстылығы деп бөле отырып, когезия және когеренттілік ұғымдарын ажыратып көрсетеді. Когезияға түрлі тілдік құралдар (жалғаулықтар, қайталаулар, алмастырушы сөздер, уақытша және басқа да формаларды біріктіру және т.с.с.) көмегімен қол жеткізіледі. Мәтіннің мағыналық бірлігі логикалық жүйелілікпен және мазмұнның қарама-қайшы келмеуімен, логикалық жалғаулықтармен («сәйкесінше», «қорытындылай келе» және т.б.), стереотиптік формулаларды, аллюзияларды және т.б. қолданумен қамтамасыз етіледі.

Когезия (когеренттілік) ұғымы кең ауқымды түсіндірмеге ие және формалды-грамматикалық, лексикалық-семантикалық және просодикалық сипаттама бойынша мәтінді құраушы компоненттердің қатыстылығын білдіреді.

Мәтін когеренттілігімен оның тема-ремалық құрылымы тікелей байланысты. Тема – хабарламаның негізгі пункті, не жайында хабарланатыны, не, қалай күтілетіні әңгімелесушіге белгілі, немесе оған дерек ретінде ұсынылады. Екінші мағыналық фокус – рема хабарламаның негізгі мағыналық мәтіні болып табылады, хабарлама құрылу мақсатын білдіретін жаңа ақпарат. Бөлімдерге мүшелеу реманы интонациялық, лексикалық немесе семантикалық құралдармен бөлу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Автор мәтін ұғымына келесідей анықтама береді. «Мәтін – бұл вербалды коммуникация жүзеге асатын сөйлеу туындысы. Мәтін сөйлеуші тілдік бірліктерді іріктеп, оларды өзінің коммуникативтік ниетіне сәйкес берілген тілдің грамматика ережелеріне сай біріктіре отырып құрайтын пікірлерден тұрады» [8, 215 б.]. Сонымен қатар мәтін – жеке пікірлер жиынтығы ғана емес, пікірлерді құраушының жиынтық мазмұнына қарағанда коммуникативтік әлеуеті жоғары күрделі құрылымдық және мазмұндық тұтастық екенін де ескеру қажет. Аудармашы түпнұсқа мәтінінің бұл тұтастығын қабылдап қана қоймай, өзі жасаған аударма мәтінінің тұтастығын қамтамасыз етуі тиіс. Басқаша айтқанда, аудармашы мәтіннің бүкіл мазмұнын жаңғыртуға ұмтылуы тиіс, яғни түпнұсқа мәтінін ғана емес, мәтінді және мәнмәтінді аударғаны дұрыс. Сондықтан аударманың негізгі мәселелері мәтінді талдау, түсіну және құру мәселелері болып табылады, олар өз кезегінде көптеген аударматанушылардың пікірінше аударманың негізгі бірлігі болып саналады.

Мәтінді сөйлеу бірлігі ретінде қарастыра отырып, белгілі лингвист және лексикограф И.Р. Гальперин мәтінді ұйымдасу заңдылықтарына бағынатын сөз туындатушы үдерістің танымдық ұйымдасқан нәтижесі деп анықтайды. «Мәтін – сөйлеу актісінің факті. Мәтін әдеби тілдердегі хабарлама формаларының бір абстрактілі үлгісі бойынша ұйымдасқан (функцио-

налды стиль, оның түрлері және жанрлары) және өзінің дистинктивті белгілерімен сипатталатын мазмұны бар қандай да бір аяқталған хабарламаны білдіреді»[15, 97 б.].

Мәтіннің мазмұндық құрылымы үш түрлі өлшемде қарастырылуы мүмкін: вертикалды, горизонталды және терең. Мәтіннің вертикалды құрылымын оның формалды-тақырыптық мазмұны құрайды, мәтіннің жалпы ойынан немесе мәтін тақырыбынан бастап мәтіннің кішкене фрагменттеріне дейін бөлшектенеді: тақырыпшалар, субтақырыпшалар, микротақырыптар, жеке пайымдауларға дейін. Мұндай «жоғарыдан төмен» бөлшектеуді коммуникативтік ниетіне сәйкес мәтінді құрушы сөйлеуші жүзеге асырады. Мәтінді қабылдаушы бұл иерархиялық құрылымды керісінше бағытта, кішкене бөлшектерден барлық мәтінді тұтас түсінуге дейін қалыптастырады. Бұған қоса, мәтіннің вертикалды құрылымы әрқашан анық және қисынды түрде құрыла бермейді: кейбір микротақырыптар түсіріліп қалуы, басқалары «өзге» тақырыпшаларға қосылып кетуі, бір біріне қарама-қайшы келуі және т.б. мүмкін. Мазмұнның мұндай кемшіліктері коммуниканттардың тұтас мәтіннің түпкі мазмұны туралы болжамдары негізіндегі білімі мен тәжірибесімен толықтырылады. Мәтіннің жеке фрагменттері келесі мазмұнды болжауға мүмкіндік беретін қандай да бір деңгейде алдын ала болжам жасау қасиетіне ие. Мұндай «ықтималдылық болжам» сөзді түсінуді жеңілдетеді және ауызша аударма үдерісінде маңызды рөл атқарады.

Мәтін тұтастығын жасауда пікірлер арасында формалды және мағыналық байланысын құратын оның горизонталды құрылымы маңызды рөл атқарады. Мәтіннің формалды байланыстылығына түрлі тілдік құралдар: жалғаулықтар, қайталаулар, алмастырушы сөздер, уақытша және басқа да формаларды біріктіру және т.с.с. көмегімен қол жеткізіледі. Мәтіннің мағыналық бірлігі логикалық жүйелілікпен және мазмұнның қарама-қайшы келмеуімен, логикалық жалғаулықтармен («сәйкесінше», «қорытындылай келе» және т.б.), хабарлаудың басы мен соңын білдіретін стереотиптік формулаларды, басқ бөліктерге анафоралық және катафоралық сілтемелер т.б. қолданумен қамтамасыз етіледі.

Аударма теориясы практикасы үшін сөйлеу пікірлерін құру және оны мәтінге қосу үдерісін көрсететін мәтін мазмұнының терең құрылымын бөлшектеп сипаттау ерекше маңызға ие. Сөйлеуші ойлаған хабарламасын жеткізу үшін қолданатын тілдік құралдар «мағынаны құраушы» рөлін атқарады, және әрбір пікірде олар келесідей іріктеліп, ұйымдастырылады, яғни қажетті тілдік және аялық білімі бар басқа коммуниканттар пікірлерден жеткізілетін ақпаратты ала алатын болуы керек.

Аударма теоретиктері мәтін рөлінің аудармадағы маңыздылығын ескере отырып, аудармашының жалпы стратегиясындағы ерекшеліктерді, жеке элементтерді жаңғыртудың түрлі дәрежелерін немесе түпнұсқа функциясын және аудармашының аударма мәтінін құрушы ретіндегі рөлін көрсететін мәтіндердің аудармашылық типологиясын қалыптастыруға тырысып келеді.

Лингвистика саласының маманы Эльза Таберниг де Пуккиарелли «Aspectos technicos y literarios de la traduccion»атты еңбегінде мәтіндердің үш типін бөліп көрсетеді:

1) техникалық және жаратылыстану ғылымдарының мәтіндері, бұл мәтіндерде пәнді білуі тілді білуге қарағанда маңыздырақ, ол өз кезегінде ең алдымен арнайы терминдерді білуге негізделеді;

2) философиялық мәтіндер, аудармашыдан арнайы терминологияны білумен қатар автор ойына ілесе білу қабілеті талап етіледі;

3) әдеби мәтіндер, аударма тілінде қайта қалыптасуы тиіс мазмұннан бөлек көркемдік формасы анықталуы қажет.

Алайда бұл жіктелім де қанағаттанарлық емес. «Философиялық мәтіндер» деген осымша типті бөліп қарастыру жеткілікті деңгейдегі негіздемені қажет етеді.

Бұдан ары қарай белгілі аударматанушы А. Федоровтың жіктелімін қарастыруға болады. Оның жіктелімі аударылатын материал сипатындағы ерекшеліктерге негізделеді, ол келесі мәтін түрлерін бөліп көрсетеді:

1) ақпараттық мәтіндер, құжаттық мәтіндер (сауда және іскери сипаттағы) және ғылыми мәтіндер;

2) қоғамдық-саяси мәтіндер (соның ішінде марксизм классиктерінің еңбектері, алдыңғы қатарлы мақалалар және баяндамалар);

3) (көркем) әдеби мәтіндер. Мәтіндердің бірінші тобының ортақ сипаттамасы – арнайы терминдердің және арнайы фразеологияның болуы. Аударма дұрыстылығының маңызды талабы аудармашының жазбаша сөздің мазмұнынан ауытқымайтын, қарапайым синтаксистік құрылымды таңдай білуі болып табылады.

Жалпы А.В. Федоровпен бірге стилистикалық критерийлер негізінде келесідей мәтін топтарын бөліп қарастыруға болады: көркем, публицистикалық, газеттік-ақпараттық, құжаттық, іскери, арнайы-ғылыми.

В.С. Виноградов 6 негізгі функционалдық-стилистикалық мәтін типтерін ажыратады:

1) Ауызекі (ауызекі-тұрмыстық, ауызекі-іскери) қарым-қатынас функциясын атқарады, ауызша диалогтық формада жүзеге асырылады.

2) Ресми-іскери (мемлекеттік, дипломатиялық, саяси, коммерциялық, заң). Негізгі функциясы хабарлау және реттеу\регламентация, жазбаша түрде болады.

3) Қоғамдық-ақпараттық (БАҚ түрлі ақпаратын қамтиды).

4) Ғылыми мәтіндер (өте әр түрлі: арнайы, ғылыми-әйгілі, бірізді, логикалық, объективті ғылыми білімді дәлелді мазмұндау мәтіндері. Жазбаша және ауызша түрде жүзеге асырылады).

5) Көркем мәтіндер (көркем әдебиеттер, әдеби сындар, публицистика. Функциялары – әсер ету және эстетикалық, әлемді көркем-эстетикалық тану жүзеге асады, әдеби тілдің барлық бірліктері мен стильдері қолданылады).

6) Діни шығармалар (ЕЖ, апокрифтер, өмір, уағыздар, теология. Ауызша және жазбаша формада) [46, 15-17 б.].

Біздің түсінігімізде мәтіндік құзірет дегеніміз қабылдау, түсіну, жаңғырту, жазу құзіреттері мен интерпретациялық құзіреттен тұратын бес компонентті түзіліс. Мәтінтану және аударматану саласындағы заманауи зерттеулер мәтіндік құзіретті бір жағынан жеке санат ретінде, екінші жағынан коммуникативті құзіреттілік компоненті ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ұстанымның мәтінді зерттеудің коммуникативтік тәсілімен түсіндіріледі. Біз барлық «аудармалық» құзіреттердің ішінара байланыстылығы туралы көзқарасқа сүйенеміз. Олардың қалыптасу және даму үдерісі бір уақытта жүзеге асырылады: заманауи тіл нормалары туралы білім жоқ болса, мәтін құрудің негіздерін меңгеру мүмкін емес және т.б.

Мәтіндік құзірет артықшылықтары: тілді нормативті және тезаурустық деңгейде білу, мәтін құрудың коммуникативтік икемдері, дағдылары және оларды практикада қолдануға дайын болу; мәтіндік қызмет: жаңғырту, қабылдау қызметі, түсінуге бағытталған қызмет, интерпретациялық, құрушы; кәсіби аудармашы қызметін жүзеге асыруға дайын болу; кәсіби аудармашылық құзірет; аудармашылық шеберлік.

Біз мәтіндік құзіретті кәсіби аудармашы қызметін жүзеге асыруға дайындықты қалыптастырудың сілтемелерінің және аудармашының кәсіби құзіреттілігінің бірі ретінде қарастырамыз, бұған қоса мәтіндік құзірет мәтіндік қызметте жүзеге асырылады және оның тиімділігін қамтамасыз етеді, бұл мәтіндік қызметті орындау және мәтіндік құзіретті қалыптастыру үдерістерінің бір уақытта іске асатындығын растайды. Жоғарыда көрсетілген сызба кәсіби аударма қызметі үдерісіндегі жоғарыда аталған санаттардың өзара әсер ету сипатын береді. Мәтіндік құзіретті қалыптастыру бағдарламасы бұл теориялық зерттеудің нәтижесі болып табылады. Жаңа материалды игеру мәселені қоюдан бастау алады, бұл мәселе зерттеу нысаны туралы жалпы ой мәтінін құрудың мәнмәтінінде шешіледі, яғни оны қабылдау, кейін түсіну үдерістері бір уақытта жүзеге асырылады. Бұл мәтіндік құзіретті кәсіби аудармашы

қызметін жүзеге асыруға дайындықты анықтайтын компонент ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

***Пайдалынылған әдебиеттер тізімі:***

1. Жан-Поль Вине, Жан Дарбельне. Технические способы перевода. Пер с франц Г.Туроваера М., 1990. - 112 б.

2. Комиссаров В.Н., Коралова А.Л. Практикум по переводу с английского языка на русский. М., 1990. - 216 б.

3. Бархударов Л.С. Язык и перевод: Вопрос общей и частной теории перевода. –М., 1975. – 130 б.

4. Рецкер Я.Р. Теория перевода и переводная практика. –М.: Высшая школа, -115 б.

5. Гальперин И.Р. Текст как обьект лингвистического исследования. –М., 1981. – 97 б.

6.

**МАЗМҰНЫ**
**Пленарлық мәжіліс**

**Балықбаев Т.О.** *Құттықтау сөз*..... 3
**Қажыбек Е.З.** *Ұлттық болмысты танытқан ғалым*..... 5
**Өмірзақ Айтбайұлы.** *Туған тілдің тұғырын биіктеткен*..... 7
**Әбдікәрім Т.М.** *Ғазиз ғұламаның ұлағатты ғұмыры* .....10
**Хасанұлы Б..Шаханова Р.Ә.** *Нұржамал Оралбайдың сөзжасам туралы еңбектері – қазақ үштілділігін дамытудың контрастивтік лингвистикалық қайнар көзі* ..... 13
**Салқынбай А. Б.** *Профессор Н.Оралбаева және қазақ грамматикасының дамуы*..... 17
**Құрманәлиев К.А.** *Тіл білімінің білгірі*..... 20
**Қыдыршаев.С.***Аңызұстаз*.....23

**ПРОФЕССОР Н.ОРАЛБАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ ҒЫЛЫМЫ**

**Бектемесов М.А.** *Ғылымға аянбай еңбек еткен*..... 27
**Құлсариева А.Т.** *Нұржамал Оралбай – жаңа бастамалардың қозғаушысы*..... 28
**Әбдіғазиұлы Б.Ә.** *Қазақ тіл білімінің ірі маманы*..... 29
**Шаханова Р.Ә., Балтабаева Ж.Қ., Сүлейменова Ж.Н.** *Профессор Нұржамал Оралбайқызы 90 жаста*..... 30
**Әбдіғалиева Т.** *Ғылымның қиясына ұя салған ана-қыран*..... 36
**Бейсенбайқызы З.** *Ақыл, қайрат, жүректі қатар ұстаған ғалым*..... 38
**Әбдікәрім Т.М.** *Оралбаеваның «Қазақ тілін үйренеміз» оқулығы және оның әдістемелік маңызы*..... 39
**Жақсылықова К., Бектұрғанова Ш.** *Ұлағатты ұстаз келбеті*..... 42
**Шаханова Р.Ә. Қабдыл А. Қарабаева А.Қ.** *Нұржамал Оралбай және қазақ тілі ғылымы*.. 44
**Бақбергенова Р.Қ**. *Инноватор ғалым-педагог*..... 47
**Сыздықова Г.О.** *Н.Оралбай қазақ тіліндегі көмекшілер туралы*..... 50
**Шоқабаева С.С.** *Профессор Н.Оралбай еңбектеріндегі сөзжасам мәселелері*..... 53

**ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ ЖӘНЕ ГРАММАТИКА МЕН СӨЗЖАСАМ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Ажарбекова Э.Н.** *Туынды сөздердің сөзжасамдық мағынасы*..... 57
**Амангелді А.А.** *Қазақ жазуының тарихы және латын графикасы*..... 60
**Әубәкір С.С. Жұмабекова Ж.Б.** *Түркі тілдес мемлекеттердің латын графикасына көшу тәжірибелері*..... 64
**Қамбарқызы А., Үшкемпір Ж.Н., Қорғау А.** *Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесі*... 66
**Қасым Б.Қ.** *Түркі тілдеріндегі етістіктің аналитикалық форманттарының мағынасы мен қызметі*..... 70
**Құрманәлиева З.А.** *Зат есімнің сөзжасамдық мағыналары*..... 75

**Қыдырбаева Ү.Т..Шуиншина Н.М.** *Тұрақты тіркестердің ресми хаттарда қолданылуы*.. 78
**Сарсембаева С.Б.** *Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңа белесі*..... 82

**ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТТАР**

**Аққожина Б.Қ.** *Қазақ тіліндегі басқа тілдерден енген жәндік атаулары*..... 84
**Алиханқызы Г.** *Қазіргі қолданыстағы қытай тілі мәтінінің коммуникативті сипаттамасы*..... 90

**Арыстан Г. Eshimbetova Z.B.** *Slang is a vivid word*..... 92
**Асылбекова М.Р.** *Қазақ мақал-мәтелдеріндегі архаизм сөздердің лексика-семантикалық сипаты*..... 94
**Әбеуұлы А.** *Қытайдағы қазақтар мен Қазақстан арасында терминжасамды бір арнаға келтірудің мүмкіндігі*..... 98
**Әлметова Ә.С.** *Стереотитер –лингвомәдениеттанудың өзекті мәселесі*..... 103
**Берген Н.** *Етіс формаларының сөзжасамдық қабілеті*..... 107
**Жалалова А.М.** *Риторикалық байланыстардың теориялық негіздері*..... 111
**Жұбаева О., Кегенбекова А.** *«Қазақша-орысша тілмаштың» қазақ лексикографиясындағы орны* ..... 115
**Жұбаева О., Ахмет Ә., Әлімақын Д.** *XX ғасырдың басындағы терминологиялық сөздіктердің негізгі ұстанымдары*..... 124
**Жұбантаева Ж.Қ., Әбдіразақ А.А.** *Нейролингвистика: тілдік сипат және қалыптасу*.. 131
**Әбдірахман М.** *«Ақ» сөзінің поэзия тілінде қолданысы*..... 135
**Әбілқазыұлы Ә.** *«Термин» және «терминтану» атаулары туралы*..... 138
**Жүнісова М.Ә.** *Ғылыми жұмыстың терминдік аппараты (Ә.Құрышжанұлы еңбегі туралы)*..... 143
**Елшібаева Қ.З.** *Иллокутивті актілердің классификациясы, айтылымның перлокутивті әсері*..... 146
**Ильясова Н.Ә.** *Сөз тіркесіне тән синтаксистік синтагма категориялары* ..... 149
**Иманқұлова М.А.** *Таным теориясындағы білім беру философиясы*..... 153
**Кажигалиева Г.А.** *О тексте как константе вузовского языкового образования*..... 156
**Қалыбаева Қ.С.** *Тіл тарихындағы ақтаңдақтар*..... 160
**Қайдарова Г.** *Қазақ тілі дыбыстарының зерттелуі жайында*..... 163
**Қамбарқызы А., Өмірхан Т.Ғ., Өксікбай Ж.Ж.** *Қазақ және түрік тілдеріндегі ортақ туыстық атаулардың ерекшеліктері*..... 167
**Кенжебекова Г.** *Мақал-мәтелдер құрамындағы топонимдер*..... 169
**Қондыбай К.Ә.** *Субъективтік модальдылықтың газет беттеріндегі көрінісі*..... 172
**Қосымова Г.С., Бурибаева Ж.Б.** *Дискурс (саяси дискурс): теориялық мәселелер* ..... 176
**Кушкимбаева А.С.** *М.Әуезовтің тілдік тұлғасын ашудағы поэтикалық әлеуетінің өлшемдері*..... 179
**Мәдиев С., Игиликова С.** *Тіл – ұлт танымы*..... 183
**Мұратбек Б.Қ.** *Мәтін лингвистикасы мен грамматикасы*..... 190
**З.А.Сиразитдинов, Л.А.Бускунбаева, А.Ш.Ишмухаметова, Г.Г.Шамсутдинова.** *О сборе материала для корпуса Башкирской диалектной речи*..... 193
**Саметова Ф.Т.** *Концепт «Время» в западной восточной культурах*..... 198
**Сұлтанова Б.М. Айтжанова С.** *Ф. Оңғарсынова өлеңдеріндегі құбылтулардың көркемдік қызметі*..... 205
**Тлегенова Г.Б.** *Төрт түлік малға қатысты мифонимдік атаулардың лингвомәдени сипаты*..... 208
**Тымболова А.О., Қалиева Н.Ш.** *Түркі халықтары мифологиясындағы Ата/Ана концептісінің репрезенттелуі*..... 215
**Хавдраш Ж., Жұбантаева Ж.Қ.** *Психолингвистиканың тілдік сипаты*..... 219
**Хамит А.** *Қазақ тіл біліміндегі тілдік бағыт түрлері: этнолингвистика мен социолингвистика*..... 223
**Шаһарман Г.П.** *Сан есім негізді сөздердің контекстегі қолданысы*..... 226
**Умирзакова З.А.** *Значение мотивирующей части в семантической структуре мотивированных агентивных существительных*..... 231
**Жұмабаева Г.С., Мерсадикова А.Ж.** *«Ақиқат пен аңыз» романы*..... 234

## ӘДІСТЕМЕ ІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

**Абдимомынов Е.Б.** *Студенттерге М.Әуезовтің әңгімелерін оқытудың психологиялық ерекшеліктері*..... 237
**Акашева С.С.** *Модернизация сознанияв обучении русскому языку в условиях четвертой промышленной революции ( на примере технического вуза)*..... 241
**Акбембетова А.Е.** *Обучение речи как продукту речевой деятельности*..... 245
**Акбембетова А.Е.** *О проблемах обучения образным средствам в иноязычной аудитории*... 249
**Анесова А. Ж.,Огузбаев А. Е**.*Студенттерді сыни тұрғысынан оқыту әдістемесін қолданып оқыту*..... 254
**Асанбаева С.А., Сүлейменова Г.Ж.** *Үш тілді білім беру- әлемдік білім кеңістігіндегі жаңа белес*..... 257
**Әлібаева М.С., Нұрғали С.** *Білім беру жүйесінде жаңа технологияларды пайдаланудың мәні мен маңызы*..... 260
**Бекқожанова Г. Рысбаева А.Қ.** *Основа языковой личности - владение компетенциями*... 263
**Бораш Р.Б.** *Драматургияның көркемдік болмысын таныту*..... 266
**Дәулетбекова Ж.,Қожахметова Г.** *Оқушыға сөз саптау тәсілдерін үйрету*..... 270
**Дыбысалы Б.,Арын Е.** *Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігін қалыптастырудағы критериалды бағалау технологиясының психологиялық негіздері*..... 274
**Добаев К.Д., Супатаева Э.А., Добаева А.К.,** *О развитии образования на основе компетентностноймоделив эпоху глобализации*..... 279
**Добаев К.Д., Супатаева Э.А.** *О профильном обучении в школах Кыргызстана в эпоху глобализации*..... 283
**Ермағамбетова Л.***Оқыту үрдісінде дидактикалық ұстанымдарды қолданудың маңызы*... 290
**Есенбаева А.М.** *Сұраулы сөйлемдерді оқытудың психологиялық негіздері*..... 294
**Есимбек С.І.** *Диалигвиальный анализи его применение в обучении второму языку*..... 298
**Жумагулова Б.С., Бекишева Р.И.** *Развитие профессиональной речи студентов неязыковых специальностей*..... 301
**Заурбекова З.А.** *Қазақ тілі пәнінде жаңа технологияларды пайдаланудың тиімділігін арттыру*..... 305
**Имаш А.** *Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың маңызы*..... 308
**Кенжебаева Г.М., Б.С.** «*Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы оқытудың тиімділігі*..... 312
**Карабаев А.Т.** *Қажым Басымовтың грамматиканы оқытуға байланысты әлеуметтік көзқарасының қазіргі күнмен сабақтастығы*..... 316
**Қабатай Б.Т.** *Көркем мәтінді ұғынуда таным теориясын қолдану*..... 320
**Құлабаева Р.Т., Рыскелдиева Г.Д.** *Қазақ тілін оқытуда өзге ұлтты студенттердің қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру*..... 325
**Қырықбаева Ж.М.** *Проблемалық оқыту арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту*..... 328
**Сманов Б.Ө., Құттыбаев Ш.Д.** *Қаламгер және өмір шындығы (Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы автор бейнесі)*..... 331
**Маймакова А.Д. Кадырова Г.Р.** *Учебное пособие как основное средство обучения русскому языку студентов – оралманов*..... 335
**МеркибаевТ.А., ЖанмуратовА.** *Проблемы формирования профессионально-коммуникативной компетенции при изучении категории времени*..... 340

**Мұхтарова Ә.С.** *Жоғары оқу орнында қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінде дамыта оқыту технологиясын қолдану жолдары..... 343*
**Ниятова Ш.С., Молдажанова А.Е.** *Жаңартылған бағдарламамен грамматиканы оқыту мәселелері..... 348*
**Нұрмышева Ш.А.** *Кәсіби қазақ тілін оқытудағы ойын технологиясы..... 351*
**Нурман К, Джабарова Х.У.** *Современные образовательные технологии в преподаваниишкольных дисциплин..... 355*
**Османова З.Ж.** *Өзгетілді аудиторияда құзыреттілікті қалыптастыру..... 358*
**Онгарбаева А.Т.** *Принцип самоактуализации и ответственности..... 362*
**Калкаева А.** *Өзгетілді мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы жаңашылдық сипаты..... 365*
**Карибжанова В.П., Абжаппар М., Шаханова А.Р.** *Нравственно-экологическое воспитание школьников как система..... 368*
**Отарбекова Ж.К.** *Қазіргі қазақ тілінен кешенді сөзжасамдық талдау..... 372*
**Садырмекова И.М.** *Коммуникативная деятельность в обучении иностранного языка.... 378*
**Садырмекова И.М.** *Межкультурное общение в процессе обучения иностранным языкам... 375*
**Сатбекова А.А.,Жұмабай А., Джасталапова А.** *Қазақ тілін сапалы оқып-меңгеруі үдерісін жобалай оқыту технологиясы арқылы ұйымдастыру..... 381*
**Сатемирова Д.А., Асипбек М.К.** *Тарихи шығармаларды орта мектепте оқыту..... 385*
**Сейталиева Қ.** *Студенттердің сын тұрғыдан ойлау қабілетін жетілдіру мәселесі.....388*
**Татиева С.С.,Омурзакова А.К.** *Техникалық оқу орнында қазақ тілін оқытуда электронды оқу құралдарын пайдалану жолдары..... 391*
**Тохтамова Р.К.** *О формировании профессиональной речи будущих специалистов средствами русского языка..... 395*
**Тұрғынов Е.** *Бейімбет Майлин – педагог әрі әдіскер..... 397*
**Шадман Л.Х.** *Қазақ әдебиеті сабақтарында сөздік жұмыстарды жүргізу әдістемесі..... 401*
**Шаханова Р.А.,УтегеноваА.А.,ШокановаР.Д.** *Проектирование учебно. – воспитательного процесса по инновационной модульной технологии..... 405*
**БөлекбаеваЖ.** *Тұрақтытіркестердің басқатілдіктұлғалардан айырмашылығы.....412*
**Сейтбекова А.А.** *Дастарқан» концептісінің лингвомәдени сипаты ..... 415*
**Есенова Г.С.** *Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан ..... 419*
**Нурбаева Аида Мухтаровна** *Слоган в структуре сюжета романа В. Пелевина «Поколение «П» ..... 424*
**Қ.Т.Мұхамади** *Үлгі тұтар – ҰСТАЗ - ҒАЛЫМ. ..... 428*
**Сатыпалды А.А** *Текстовая компетенция как один из важных компонентов профессиональной компетенции переводчика ..... 431*

Басуға 13.05.2018 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Офсеттік қағаз
Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 52 баспа табақ. Таралымы 120 дана.
Тапсырыс № 14

ИП «Балауса»
Байланыс тел.: 8 705 325 72 79, 8 702 1099449
E-mail. Kasim_ser@mail.ru